З.М. БАЗАРБАЕВА

СЕГМЕНТТІ ЖӘНЕ СУПЕРСЕГМЕНТТІ ФОНЕТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ



ПРОБЛЕМЫ СЕГМЕНТНОЙ И СУПЕРСЕГМЕНТНОЙ ФОНЕТИКИ

З.М. БАЗАРБАЕВА

СЕГМЕНТТІ ЖӘНЕ СУПЕРСЕГМЕНТТІ ФОНЕТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ СЕГМЕНТНОЙ И СУПЕРСЕГМЕНТНОЙ ФОНЕТИКИ

ҚР БжҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының кітапханасы
Инв.№

Алматы 2016

ӘОЖ 81'34 (035.3)
КБЖ 81.2-1
Б 16

Жауапты редактор:
К. Хұсайын – филология ғылымдарының докторы, профессор

Рецензенттер:
Т.Жанұзақов – филология ғылымдарының докторы, профессор
А.Жүнісбек – филология ғылымдарының докторы, профессор

Базарбаева З.М.
Б 16 **Сегментті және суперсегментті фонетика мәселелері-Проблемы сегментной и суперсегментной фонетики**/З.Базарбаева. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2016. – 748 б.

ISBN 978-601-7293-37-6

Бұл еңбек қазақ тіл білімінің жаңа бағыттары: интонология мен фонологияға арналған. Эксперименттік талдау негізінде алғаш рет қазақ тіл білімінде интонацияның теориясы жасалды. Интонацияның бірліктері, қызметі, компоненттері, семантика мен синтаксиске қатысы, интонемалардың сөйлемдердің құрылымдық-коммуникативтік түрлеріндегі көріністері, сөз ағымының просодикалық ерекшеліктері, мәтін интонациясының прагмалингвистикалық аспектісі, поэтикалық сөздің интонациялық өзгешеліктері және оның лингвомәдени сипаты зерттеліп анықталады. Қазақ фонологиясының негізгі ұғымдары, фонологиялық мектептер, диахрондық фонологияның типологиялық құбылыстары, еуразия кеңістігінде силлабема теориясының тарихи негіздері деген проблемалары алғаш рет қазақ тілтанымында қарастырылады. Сонымен бірге белгілі линвист-ғалымдардың ғылыми мұрасына талдау жасалған. Кітаптың соңында қазақ тілін үйреніп жүрген оқырман қауымға арналған қазақша-орысша сөздік-анықтамалық берілген. Үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жазылған монография филолог-ғалымдарға, ізденушілерге, PhD докторанттарға, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен магистранттарға арналған.

Книга посвящена новым направлениям казахского языкознания: интонологии и фонологии. На основе результатов экспериментальных данных впервые в казахском языкознании разработана теория интонации. Исследуются и выявляются единицы, функции, компоненты интонации, ее отношение к семантике и синтаксису, реализация интонем в различных структурно-коммуникативных типах высказываний, просодические характеристики речевого потока, прагмалингвистический аспект интонации текста, интонация поэтической речи с описанием лингвокультурологических особенностей. Впервые в языкознании рассматриваются основные понятия казахской фонологии, фонологические школы, типологические процессы диахронической фонологии, исторические основы теории силлабемы в евразийском пространстве.Кроме того, в монографии анализируется научное наследие известных ученых-лингвистов. В конце книги дан казахско-русский словарь-справочник для широкого круга читателей, изучающих казахский язык. Написанная на трех языках (казахском, русском и английском) монография предназначена для ученых-филологов, соискателей, PhD докторантов, преподавателей и магистрантов высших учебных заведений.

ӘОЖ 81'34 (035.3)
КБЖ 81.2-1

ISBN 978-601-7293-37-6

© Базарбаева З.М., 2016

Алғысөз

Ғылым атты әлем ауқымы кең, мағынасы терең кез келген жанның ыңғайына көне бермейтін айрықша ұғым ғой. Ол инемен құдық қазғандай еңбек ете білген адамның ғана еншісіндегі дүние десек те аз. Сол ғылым төріне шығу үшін адамға соған қоса ерекше ықылас, ынта керек болар. Мұндай ерекше ынта, ықылас кей адамда туа біткен қасиет сияқты. Ал кейбіреуді жетелейтін тәртіпті отбасы мен тәрбиелі орта болса керек. Бұл ретте бүкіл қазақ қауымы тәуетерлік қасиетке ие болған әлденше әулеттер ойға оралады. Оларға, мәселен, Сәтбаевтар әулеті, Жұбановтар әулеті, Сарыбаевтар әулетін еске алуға болады. Қазақ ғылымының қанат жайып, түлеп ұшуына аталмыш әулеттердің берген сыбағасы мен олжасы аса зор. Міне, дәл осылай ғылыми әулет дәрежесіне көтерілген шаңырақтың бірі ретінде М.Базарбаевтар отбасын да атауға болар еді.

Ғылымның ұялы бір ордасына айналған бұл шаңырақтан үлгі, өнеге тарамай тұра ма? Ең алдымен, бұл шаңырақ иелері кімдер дегенде, Мүсілім Базарбаев пен Гүлбараш Байтағаеваны елжірей әңгімеге қосамыз. Өйткені қоғам және мемлекет қайраткері Мүслім Базарбаевтың бір өзінің қазақ мәдениеті мен ғылымына қосқан үлесін өлшеп, саралап беретін таразы табу қиын. Ал бір отбасының береке, бірлігін кіргізіп, тәрбие-тәртіптің ұрығын шашып, үй ішін ұядай ұйыта жүріп, қазақ және орыс тілдерінде жас өрендерге дәріс оқып, қазақ тілі мен орыс тілінің қадір-қасиетін ұқтырып келген Гүлбараш апайдың кейін бірнеше кітапқа ұласқан тағылымды дүниелерінің құнын кім өлшеп бере алады. Міне осындай отбасында тәрбиеленген балапанның түлеп ұшпайтын жөні бар ма?

Ұшқан ұяда осындай текті тәрбие көрген Зейнеп Мүслімқызы Базарбаева әрі қарай қанат қатайтқан қасиетті орталардың тезінен өтеді. Ең әуелі Мәскеудегі М.Торез атындағы университет, Тбилисидегі ғылым ордасы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. Зейнеп Мүсілімқызын қанаттандырып, түлетіп ұшырған киелі орта деп отырғанымыз осылар.

Зейнептің ең алғаш Ғылым академиясы Тіл білімі институтының табалдырығын аттаған кезді бір сәт көзге елестетіп өткенді жөн көрдік. Ол кездегі қазақ қоғамында қала мен даланың арасындағы әлеуметтік теңсіздік о бастан әбден орныққан және үйреншікті жағдай болатын, солай болуға тиіс сияқты көрінетін. Қала тәрбиесі мен дала тәрбиесінің арасында тікелей қақтығыс болмағанымен, күнделікті тұрмыс-тіршілікте, қызмет бабында өзара сыйыспаушылық дегенге бәріміз мойынсұнып алған болатынбыз. Дала баласы үшін ол кезде орыс тілін білмеу деген үлкен кемістік болса, қала баласы үшін ана тілін білмеу деген айып болып көрінбейтін. Керісіше, орыс тілін білмеу деген аяққа тұсау, қолға бұғау болса, қазақ тілін білмеу деген «ақсүйектіктің» белгісіндей болып көрінетін. Ана тілін

білмеген айып болып саналмайтын, оған ұялып, именіп жататын ешкім жоқ еді. Орысша білгендер мен орысша сөйлегендердің шоқтығы биік, жоғарыдан мұрын шүйіріп қарайтындай дәрежеге жеткен кез. Кез-келген ресми жиын, кез-келген бейресми отырыс тек орыс тілінде өтетін де, орыс тілін білмейтіндер бұйығы отыруға мәжбүр болатын. Ойыңдағыңды айта алмай, ақиқатыңды дәлелдей алмай, талай бөлістен бармақ тістеп, құрғалып жататынбыз.

Қазақ Тіл білімі институтында Фонетика бөлімі адам басы көп емес, шағын ғана ұжым тұғын. Бұлардың арасында белгілі фамилияның қалада өскен баласы болды. Лауазым-дәреже, ғылыми атақ тең болса да, қатарлас отырып, тұрып-жүре алмайтындай жағдай қалыптасқан. Дыбыс зерттеушілер мүмкін болғанша жолын кесіп өтпеуге тырысып, ұрынып қалмаудың қамын ойлап, бетіне тік қарамай жүріп жататын. Іштей наразы болғандарымен, бетпе-бет келгенде «сенікі дұрыспен» жандары қалып жүрді.

Сөйтіп жүргенде бөлмеге жұқалтаң ғана ақ-сары қыз кіреді. Жұлқынып тұрған түрі жоқ, дауысын зорға шығарып, именіп келіп елдің бәрімен амандасты. Аузы күйіп қалған жас фонетистер оның сәлемін құлшына алып, бірден-ақ бағынышты кейпін танытуға тырысқандай болды. Марқұм, жатқан жері жайлы болсын, бөлім меңгерушісі Ж.Аралбаев та қарапайым мінезімен жалпақтап, келген қыздың әкесінің кім екенінен бастай келіп, Зейнеп Базарбаева деп таныстырып өтті. Мүсілім Базарбаев ағамызды елдің бәрі жақсы білетін. «Дұрыс екен, дұрыс екен» деп бас шұлғи жөнелді бәрі.

Сонымен фонетика бөлімінің жұмысы құралды фонетика болғандықтан, оның әртүрлі машақаты көп, әркім өзімен-өзі болып жататын. Ізденіс жолында күндер осылай өте берді, бірте-бірте Зейнептің алып-қашпа мінезі жоқ екеніне көзі жеткен әріптестердің бір-біріне еті үйрене бастады. Таңертең келгенде кәдімгідей жөн сұрасып амандасатын, жұмыс соңында оң тілекпен қош айтысатын болды. Бұлар суыртпақтап тұрмыс жағдайын, оқуы мен ғылыми тақырыбы жайлы сұрастыра бастады. Епте әзіл-қалжың тастап көрсе, оған да кет әрі емес екен. Отбасының қазақы тәрбиесін көрген, мінезі жайлы, кішіпейіл, былайша айтқанда, өздеріне жақын жайлы адам болып шықты. Міне, содан бері отыз жылдан асып барады екен. Бөлімнің есігін именіп ашқан жұқалтаң ақ-сары қыз қазір қазақ тіл білімінің белді де беделді маманына айналды.

Қазақы тәрбие дегеннен шығады, Зейнептің қос етек көйлек пен сәукеле киіп ұжым алдында мың бұралып билегеніне, ал өз қызының дала баласынан қалыспайтындай безілдетіп домбыра тартқанына бәріміз куә болғанымыз есімізде. Қалада тәрбиеленсе де, қазақы өнерді жатырқамай өсу деген екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Өткен ғасырдың 60-70-жылдары қазақ фонетикасында құралды (эксперимент) әдісінің кең тараған сәті болды. Сол кезде фонетикалық зерттеулердің бәрі дерлік эксперимент әдісіне негізделді.

Эксперимент әдісінің негізгі орталықтары Мәскеу мен Ленинград қалаларында орналасты. Мәскеуде проф.Артемовтың, ал Ленинградта проф.Л.Р.Зиндер-

дің басшылығымен әлемге әйгілі фонетикалық лабораториялар жұмыс істеп жатты.

Осы кезде қазақ фонетикасының белгілі маманы Ж.Аралбаевтың басшылығымен Тіл білімі институтының жанынан да фонетикалық лаборатория құрылды. Сол лабораторияға қажет мамандарды Мәскеу және Ленинград арқылы дайындауға тура келді. Мәскуеге С.Татубаев, А.Қошқаров, І.Кеңесбаева жіберілсе, Ленинградқа Ә.Жүнісбек, М.Райымбековалар аттандырылды. Сөйтіп айналдырған 4-5 жылдың ішінде қазақ фонетика лабораториясы арнаулы мамандармен толықты.

Осы топтың соңын ала З.Базарбаева Мәскеудегі М.Торез атындағы университетін бітіре салысымен сол жерде аспирант болып қалды. Ғылыми жетекшісі сол кездегі белгілі фонетист, қазақ тілінің дауысты дыбыстары бойынша маманданған В.М.Шварцман еді. З.Базарбаева қазақ фонетикасының интонация саласы бойынша мамандануға кірісті. Мәскеуде тіл интонациясы бойынша қалыптасқан күшті ғылыми мектеп қалыптасқан болатын. З.Базарбаева сол мектептің тәлімгерлігінен өтті. Мұның өзі жас талапкердің білікті интонолог болып шыңдалуына жол ашты, тәлімгерліктің нәтижесі өте жоғары бағаланды.

Бұл қазақ тілінің интонациясы жайлы еңбектің тапшы кезі болатын. Міне, сол олқылықтың орнын толтыруға З.Базарбаева кірісті. Оның салыстырма түрде орындаған кандидаттық диссертациясының өзі қазақ тілтанымына соны жаңалық болып енді. Кандидаттық диссертациясын Тбилисидегі ғылым ордасында қорғауының өзі көп нәрсені аңғартса керек. Бұл жас ғалымның Одақтық деңгейдегі зерттеуші болып қалыптасқанын көрсетеді. Өйткені Тбилисиде бүкіл одаққа танымал зерттеушілер шоғырланған болатын. Олардың алдында зерттеу нәтижелерін талқыға салып шығу деген кім-кімге болсын үлкен сын еді, ал қорғап шығу деген кім-кімге де үлкен абырой болатын. Мінеки, З.Базарбаева ғылым жолындағы алғашқы қадамын осылай бастады.

Жоғарыда айтылғандай, З.Базарбаева қазақ тілтанымына, фонетикалық лабораторияға дайын интонолог болып келді. Содан былай қарай қазақ тілінің интонациясын жан-жақты зерттеуге кірісті. Лаборатория құрамындағы интонацияға қатысты бірден-бір маман еді, өзінен басқа интонация маманы болған жоқ. Алдын ала айта кету керек, қазір өзі жалғыз емес, арқа сүйер шәкірттерінің басы баршылық.

Институт қабырғасындағы зерттеу жұмыстарының нәтижесі қазақ тілінің интонация жүйесін қамтыған докторлық диссертацияға ұласты. Докторлық диссертациясында қазақ тілінде сегіз интонема (орыс тілінде жеті интонема) бар деген қорытындысы бар. Қазақ тілтанымында алғаш рет «интонема» ұғымын ендіріп, оның тілдік белгілерін көрсетіп, қызметін анықтап шықты.

Ең бастысы, академиялық қазақ грамматикасына арнайы бөлім ретінде бұрын-соңды болмаған «интонация» бөлімі ендірілді. Егер бұрынғы қазақ грамматикаларында интонация көрінісі синтаксистік деңгейде ғана сөз болып келген болса, енді толық фонетикалық деңгейге көтеріліп отыр. Мұның өзі қазақ

грамматикасының құрылымындағы бір олқылықтың орны толды деген сөз. Ендігі жерде мектеп және жоғары оқу орындарына арналған қазақ грамматикаларына интонация бөлімін ендіру ғана қалып отыр. Бұл, әрине, «Оқу министрлігінің, Оқу-әдістемелік орталықтардың, сондай-ақ грамматика авторларына құлақ-қағыс» деген сөз.

Ғылыми орталықтарда Базарбаеваның еңбектері жоғары бағаланған. «Работы З.М.Базарбаевой представляют собой значительный вклад в казахское языкознание и тюркологию в целом и могут служить образцом для будущих работ по описанию тюркских фразовых просодик. Достижение автора можно с полным правом назвать научным открытием – а в гуманитарных науках приходится сталкиваться с настоящими открытиями довольно редко», деп пікірін білдірген белгілі ресейлік түрколог, Ресей Ұлттық академияның академигі А.В Дыбо.

Проф.З.Базарбаева ұсынған тілдік ұстаным кейінгі шәкірт зерттеулеріне негіз болды, жалпы айтқанда, интонация саласының бір топ шәкірт қауымы қалыптасты. Бұл жерде А.Фазылжанова, А.Аманбаева, Ж.Жұмабаева т.б. көптеген ізбасарларын атап кеткен жөн болады. Жер-жердегі шәкірт ізденушілері өз алдына.

Проф. Зейнеп Мүслімқызы соңғы кезде фонология (салыстырма, тарихи т.б.) саласына да бет бұрып келеді. Белгілі фонолог Трубецкой салған жолменен қазақ тілі дыбыстарының дифференциал белгілерін талдауға кірісті. Талдау нәтижелері жарық көріп жатыр, конференцияларда баяндалып келеді. Қазақ тілі дыбыстарының фонологиялық модельдерінің үлгісін ұсынып жатыр. Сөйтіп қазақ фонологиясы саласында да бірқатар тың зерттеу нәтижелері көпшілік қолына тие бастады.

Ғалым еңбегінің негізгі нәтижелері он шақты монография және көптеген мақала түрінде көпшілікке таныс. Зерттеу еңбегінің нәтижелері филолог-ғалымдарға, ізденушілерге, аспиранттарға, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне арналғанын да ескертеді. Бүгінгі жағдайды ескеріп, проф.З.Базарбаеваның еңбегі жаңа сападағы мамандар – бакалавр, магистр және PhD-докторларға да арналған деп қосып қойсақ артық болмайды.

Егер проф.З.Базарбаева еңбектерінің ішкі мазмұнына үңілетін болсақ, онда тілтанымның қыруар құрылымдық сәттерін қамтығанын көреміз: интонологияның қалыптасуы: интонация теориясының даму кезеңдері мен көздері; интонологияның мәселелері мен қағидалары; жай сөйлемнің құрылымдық-коммуникативтік түрлерінің интонациясы; күрделенген сөйлем мен құрмалас сөйлемнің интонациясы; қазақ фонологиясы; тарихи фонология т.б.

Қазіргі кезде латын әліпбиіне байланысты жазу реформасының мәселесі күн тәртібінде тұрғаны белгілі. Баспа беттерінде күнде болмағанымен, үзбей мақалалар жарияланып, неше түрлі әліпби жобалары ұсынылып жатыр. Әліпбиін заңдастырып, куәлік қағазын (патентін) жалаулатып, әліпбиіне өз атын беріп жүргендер де бар. Қазақ тілінде қанша дыбыс бар екенін білмей-ақ жоба ұсынып жатқандар бар, таңба мен дыбысты шатастырып алып жоба ұсынып жатқандар тағы бар, 42 кирилді 26 түймешеге қалай сыйдырам деп әлек болып жатқандар

да жоқ емес. Әлеми жазу дәстүрі мен ұстанымынан бейхабарлық көпшілігіне тән. Соның нәтижесінде таңба құрамында бірізділік пен жүйе жоқ, сөздің оқылым-жазылымында әдістемелік қайшылық көп.

Проф.З.Базарбаева осының бәрін көре отырып, жазу реформасынан бейтарап қала алмады. Тәжірибелі фонетист-маман ретінде өзінің пікірін баспа беттерінде жариялап, әртүрлі талқылауларда өз ұстанымын білдіріп жүр. Сөйтіп мәселенің өзіндік шешімін ұсынды. Ғалымның бұл бағыттағы ұсынысының екі жағы бар.

Бірінші, теоретик-маман ретінде қазақ тілінің даму үрдісін алға тартады. «Қазақ тілі жан-жақты дамып келеді, даму барысында тілдің дыбыс құрамына өзгерістер еніп жатыр, негізгі өзгеріс қазақ тілінің дыбыс құрамына еніп жатқан жаңа дыбыстар болып табылады. Ендеше тілімізге енген жаңа дыбыстарды ескермей отыра алмаймыз» дей келіп, *и, у* тәрізді дыбыстардың фонологиялық дербестігін ескеріп, міндетті түрде өз алдына таңбалауды ұсынады. Оның да өз алдына фонологиялық дәлелдемесі бар. Бұл – ғалым еңбегінің теориялық жағы.

Екінші, проф.З.Базарбаеваның пікірінше, қазіргі кездегі оқу-әдістемелік бағдарламалардың нәтижесінде көптеген жаңа дыбыстар оқушылардың артикуляциялық санасына сіңіп кетті. Бүгінгі жас ұрпақ ол дыбыстарды жатырқамай, жаттанды түрде қолдана береді. Ендеше практикалық тұрғыдан ол дыбыстарды қабылдаудың еш қиыншылығы болмайды дегендей ғалым ұсынысының осы тәрізді практикалық дәлелдемесі тағы бар. Бұл – ғалым еңбегінің қолданба тұсы.

Сонымен, проф.З.Базарбаева латын таңбасы негізінде қазақ әліпбиі қабылдана қойған күнде жоғарыдағы дыбыстарды төл дыбыс құрамына ендіріп, арнайы таңба беруді ұсынады. Ондай таңбалардың үлгісін де тауып отыр.

Проф.З.Базарбаева жоғары оқу орындарында (Абай атындығы Қазақ педагогикалық ұлттық университет, Қайнар университеті) дәріс берумен де шұғылданады және дәріс мазмұнын дайын оқулық көлемінде емес, болашақ тіл мамандарын тілтанымдағы академиялық жаңалықтармен таныстырып отырады. Сондықтан да жоғары оқу орындарының жауапты басшылары профессор дәрістеріне ынталы екендігін жыл сайын білдіріп келеді.

Проф.З.Базарбаеваның ғалым ретіндегі өсу жолына көз жүгіртсек, тек жоғары өрлеп келе жатқанын көреміз: кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, ғалым хатшы, кеңес мүшесі, ЖАК сарапшысы, бөлім меңгерушісі. Біз бұдан да әрі жоғарылай бер деген тілек қоса отырып, ісіне тындырымды, ұжымда кішіпейіл, шәкірттеріне қамқоршы проф.З.Базарбаеавға көрікті де сәнді қалпыңнан айнымай белес-белестен сүрінбей аса бер дейміз. Зейнептің көз алдымызда өтіп келе жатқан болмыс-бітіміне сүйсініп, қазіргі мәдениетті қазақ қыздарына тән жаңа бір қасиетті аңғарғандай боламыз. Ол білдім деп басынбайтындығы, жеттім деп желпінбейтіндігі. Өзі тектес қатар құрбыларының қатарында салмақты да, сабырлы, ізетті де мәдениетті қалпында ата мен ана тәрбиесіне кір жұқтырмай, қазақ тіл білімінің қарымды

қайраткерлерінің біріне айналып келе жатқанына масаттанамыз. Қазақ тіл білімінің сала-саласын дамытып, іргелендіре түсетін айтулы мамандардың жетілгенін осыдан-ақ аңғара беріңіз.

Ө.Айтбаев
ҚР ҰҒА академигі, А.Байтұрсынұлы
атындағы Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор

Ә.Жүнісбек
А.Байтұрсынұлы
атындағы Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор
Алматы қ.

1 ИНТОНОЛОГИЯ

Кіріспе

ИНТОНОЛОГИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: ИНТОНАЦИЯ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН КӨЗДЕРІ

Кез келген тілдің фонетикалық жүйесі оның сегменттік бөлшектерінен, яғни сөздердің дыбыстарынан ғана (дауысты, дауыссыз) тұрмайды, ол тілдің күрделі суперсегменттік деңгейін, яғни сөйлемдердің, мәтіннің жалпы интонациялық сипатын да қамтиды.

Әуелде **интонация** термині латынның *intonare* «қатты сөйлеу» деген сөзінен пайда болғанымен, бұл терминнің қазіргі мағынасы әрі күрделі, әрі сан қырлы. **Әуен** (мелодика), **кідіріс** (пауза), **қарқын** (темп), **үдемелік** (интенсивтілік), **ырғақ** (ритм), **реңк** (тембр) интонацияның компоненттері болып табылады.

Интонация мен сөйлеу дыбыстарының қайсысы бұрын пайда болғаны жайында әрқилы деректер бар. Интонация мен сөйлеу дыбыстарының адамдардың бір-бірімен қатынас жасауында атқаратын рөлі ерекше. Біздің байқауымызша, суперсегменттік, просодикалық тәсілдер, яғни интонация компоненттері, сегменттік бөлшектерден, яғни дыбыстардан бұрын пайда болған сияқты. Сөйлеу тілінен бұрын просодикалық тәсілдер тілсіз деп есептелетін дамуы жоғары саналатын үйірлі хайуанаттардың өзара қарым-қатынасында пайдаланылған.

Бұған дәлел ретінде дамуы жоғары саналатын үйірлі хайуанаттардың өзара қатынастарында олардың дауыс интонациясының құбылуының мәні зор. Олар сол интонация өзгерістерін аңдап, өзара қатынастарына, тіршіліктеріне сигнал қабылдайды.

Демек, сөйлеу тілінің пайда болуынан көп бұрын үйірлі хайуанаттардың қарым-қатынасына қызмет еткен интонация еді деп топшылауға болатын тәрізді. Интонацияның адамдардың қарым-қатынасындағы ең алғашқы құрал екендігін онтогенез көрсеткіштері де дәлелдей түседі. Мысалы, бесіктегі сәбилер алдымен уілдеуден бастап қана қоймай, сөз мағынасын түсінбесе де, анасының дауыс ырғағын, сөздің интонациясын ұға бастайды, соған сай әрекет жасайды. Оған біреу қатты сөйлесе, иегін кемсеңдетіп жылай бастайды да, ал енді біреу жағымды дауыспен «агу-агу», «кіш-кіш» десе де, сол сияқты анасының еркелеткен сөздерінің мағынасын ұқпаса да көздерін жаутаңдатып, езу тартып күледі.

Интонация тонының (тональность) сөйлеу сөзінде де, адамдардың қарым-қатынасында да үлкен орын алатыны бәрімізге мәлім. Бір сөздің айтылу интонациясына қарап ол сөздің қандай сезіммен айтылып тұрғанын білу адамға айдан анық. Сондықтан, интонацияның сөйлеуден, сөзден бұрын пайда болғанын мойындай отырып, оның кейінгі сөйлеу тіліндегі мәнінің зор екенін де баса айту керек.

Интонацияның сөйлеу тіліндегі күрделі құбылыс ретінде атқаратын рөлі айрықша. Ол сөйлемнің құрылуы мен жасалуына ғана қызмет атқарып қоймай,

сонымен бірге оның коммуникативтік мағынасын, эмоциялық –экспрессивтік түрлерін анықтайды. Оның үстіне интонацияның мәтіндегі сөйлем мен сөйлемнің ара жігін ажыратуда да мәні зор.

Кейбір зерттеушілер интонацияны субъективтік құбылыс деп есептейді. Мәселен, олардың айтуына қарағанда, бір мәтінді әркім әр түрлі мәнерде, әр түрлі интонациямен өзінше оқитын тәрізді. Сонда ол мәтіннің мәні де өзгереді дейді. Біздіңше, ондай өзгеріс, яғни, бір мәтінді әркімнің әр түрлі оқуы, сол мәтіннің мазмұнын жете түсінбеуінен болатын сияқты. Мұндай жағдайда ол мәтіннің мазмұны да ауытқып кетуі әбден мүмкін. Бірақ бұған қарап интонацияны субъективтік құбылыс деп айтуға ешбір болмайды. Себебі онда интонацияның тілдегі объективтік, күрделі де көп қырлы функциясын жоққа шығарған болар едік. Сөйлемнің мағынасы мен интонациясының бір-бірімен тығыз байланыста болуының өзі интонацияның коммуникативтік зор маңызының айғағы болып табылады. Интонациясыз сөйлеген сөз сөйлеу адамның түсінуіне күңгірт, әсерсіз, жансыз болатыны анық. А.М. Пешковский: «Адам сезімін сөз арқылы жеткізу мүмкін емес, оны тек интонация арқылы беруге болады»,- деп жазыпты (Пешковский, 1959, с. 179). Л.В. Щерба интонацияның жазу тіліндегі мағынасы мен көрінісіне ерекше көңіл аударады. Оқуда да, жазуда да (мәтінде) интонация компоненттерінің маңызы зор. Сондықтан, мәтінді оқушы оның интонациясын дұрыс «оқып» шығуы керек. Онсыз мәтіннің негізгі маңызын түсіну қиын (Щерба, 1957).

Интонацияның компоненттері болып саналатын пауза, қарқын, әуеннің жоғарылау, төмендеу сияқты түрлерін жазу тілінде белгілейтін - тыныс белгілері. Сөйлеу тілінде әуен, қарқын, үдемелік тағы басқа сол сияқты интонациялық компоненттер айтылатын ойды түсіндіру үшін, қандайлық үлкен қызмет атқарса, жазу тілінде тыныс белгілері сондайлық маңызды қызмет атқарады. Сондықтан, сөз түсінікті болу үшін тыныс белгілерін «жаза» да, «оқи» да білу керек. А.Б.Шапироның пікірі бойынша «...жазуда айтушының ойы, сезімі, пікірінің рең бояуы тек қана пунктуация арқылы беріледі, ал оқушы қойылған тыныс белгісін көреді де, сол айтушының ойындай етіп қабылдайды» (Шапиро, 1967, с. 65). Демек тыныс белгілері мәтінді көріктендірумен бірге тек грамматикалық құрылысының көрсеткіштері ғана емес, сөйлеу тіліндегі интонациялық компоненттерінің де көрсеткіштері бола алады. Мәтінді оқығанда тыныс белгілері әуеннің көтерілуі мен бәсеңдеуін, қарқынның өзгеруінің көрсеткіштері болып, мәтінді бөлшектерге бөліп, мүшелеп, мазмұнын түсіндіру үшін үлкен қызмет атқаратынын айтып кету керек.

Интонацияны зерттеу тарихы ертеден, көне замандардан басталады. Байырғы замандарда интонацияның ерекшеліктеріне мән берген зерттеушілер оны сахна өнерімен, шешендер сөзімен және тақпақ айтушылардың өнерімен байланысты қарастырған. Интонацияның логикалық және эмоциялық қасиеттерін зерттеудегі ең көне деректер ежелгі Греция мен Римде кездеседі. Онда сөйлеу тіліндегі әуен, пауза, қарқын, ритм туралы алғашқы түсініктер берілген.

Сөйлемнің ырғақты құрылымының ерекшеліктері мен артықшылықтары туралы пікірлерді Аристотельдің, Деметрияның, Цицеронның, Трасимахтың еңбектерінде кездестіруге болады. Ритм туралы ең толық түсінік Цицеронның «Оратор» деген еңбегінде көреміз. Онда автор ритмнің ерекшеліктеріне тоқталып қана қоймай, оны шешендердің сөзіне қалай, қай мөлшерде қолдану керектігіне де тоқталады (Античные риторики, 1978 с. 352).

Ежелгі трактаттарда «колон» және «период» деген ұғымдарға түсінік беріліп, олардың шешендер сөзінде, қалай, қай мөлшерде қолданылуы жөнінде де кепілдеме беріледі.

Қазіргі түсінікше: «колон» мөлшер жағынан «периодпен» салыстырғанда кішілеу, ықшамдау келеді де, пауза арқылы бөлінеді және оның мағына жағынан тиянақты болуы шарт емес. Ал «период» логикалық жағынан тиянақты болуымен қатар, ол құрмалас не жай сөйлемдерден тұратын бір-бірімен ыңғайласқан көп мүшелі, құрылымы келісті, күрделі құрылым (Античные риторики, 237-239 б.).

Фонетикалық жағынан қарағанда көңіл аударатын нәрсе, ол - ежелгі трактаттардағы «колон» және «периодтарды» сөйлеу тілінің жалпы интонациясымен байланысты қарап, оның әуенін, қарқынын, кідіріспен байланысты бөлшектерін сөйлеу ағысының үзінділері деп санайтындығында. Демек, ежелгі трактаттарда «колон», «период» деген терминдер күрделі сөйлемнің интонациялық жиынтықтарының сипатына қарай берілген.

Сөйлеу тіліндегі интонацияны дұрыс қолдану жайында айтарлықтай пікірлерді М.В.Ломоносовтың «Краткое руководство к риторике» деген еңбегінде кездестіреміз. Онда шешендер өз сөздерін қандай интонациямен және қандай дауыспен айтулары керектігі жөнінде ғана емес, сонымен қатар оны қандай мәнерде, оған қандай көрік беріп айтуы керектігі жөнінде де түсінік беріледі. «В вопрошениях, в восклицаниях, и в других сильных фигурах надлежит оный возносить с некоторым стремлением и отрывом. В истолковании и в нежных фигурах должно говорить равнее и несколько пониже: радостную материю веселым, печальную плачевным, просительную умильным, высокую великолепным и гордым, сердитую произносить гневным тоном» (Ломоносов, 1952, 77-78 б.).

Интонацияның сипаттамасын М.В.Ломоносов өзінің «Российская грамматика» деген кітабында береді. Онда Ломоносов интонацияның төрт қасиетін белгілейді: жоғарылық-(выходка), күш-(напряжение), ұзақтылық-(протяжение), реңк-(тембр). Осылардың әрқайсысын түсіндіріп, оларға жекежеке сипаттама береді. Интонация қасиеттерінің сөйлеу тілінде адамдардың бір-бірімен түсінісуінде мәні зор екенін айтып қана қоймай, Ломоносов осы қасиеттер арқылы адамдардың бір-бірін көрмей-ақ даусынан танитынына көңіл бөледі: «из великого множества знакомых людей каждого узнаем по голосу, в лицо не видя» (Ломоносов, 1765, 385-396 б.).

Интонацияның компоненттері болып есептелетін - қарқын, тембр, кідірістің сөздегі (речь) адамдардың ойы мен эмоциясын білдірудегі орны мен зор мәні туралы пікірді Ломоносовтың тұстасы, XVIII ғасырдағы ағылшын оқымыстысы Х.Блэр да айтқан болатын (Blair, 1785, p. 437) .

Өткен ғасырдың екінші жартысы мен біздің ғасырдың бірінші жартысында көптеген зерттеушілер шешендердің немесе сахна өнеріндегі актерлардың орындауындағы көркем сөздің интонациясын жан-жақты қарастыра бастады. Олар өз зерттеулерінде сахна өнерпаздарының, артистердің, шешендердің сөздеріне, солардың сөйлеу мәнеріне сүйенеді. Соған қарап жазбаша мәтіндерді мәнерлеп, интонацияны дұрыс, орынды етіп, сөздердің мағынасына сәйкестеп оқудың, дұрыс сөйлеудің, мәтіндерді дұрыс оқудың заңдылығын табу жөнінде көп ізденді, олардың ережелерін іздеп тауып құрастырғысы келді. Онда олар мәтіндердің, яғни жазу тілінің, өздеріне тән заңдылықтары болуы керек деген

жорамалға келеді. Сондықтан ол заңдылықтардың өзіне лайық интонациясын, оның әуенін, қарқыны мен кідірісін, синтагма шекараларын тыныс белгілері көрсететініне сенді. Ал ой екпіні (логикалық екпін) қай сөзге түсіп тұрғанын оның сөйлемдегі орнынан, қай сөз табынан жасалғанынан байқауға болады деп есептеген. Сөйлеудің заңдылық ережелері көптеген фактілерді зерттеу нәтижесінде жасалғандықтан, әрбір жазу мәтініне тән интонация да, тілдерге тән заңдылықтар да бар деп сенген. Бірақ сөйлеудің заңдылық ережелерін жасаушылардың өздері бұл заңдылықтардың универсалды болмауы мүмкін екенін де мойындайды.

Себебі кейбір көркем сөздің шеберлері мәтінді өзінше оқып, оның сөздеріне басқаша мағына беріп, тыныс белгілерін орнынан жылжытып, кідірістерді басқа жерде жасап, немесе сұраулы сөйлемді де жай хабарлы сөйлем етіп, хабарлы сөйлемді сұраулы сөйлем интонациясымен оқуы мүмкін.

Мұндай жағдайлар тілдің лексика-грамматикалық құрылысы мен интонация қатынастарының өте күрделі болып заңды қалыптарға симай тұрғанын, кейде одан әлде қайда аумақты да терең екенін білдіреді.

Интонацияда жүйелілік заңдылығы бар екенін неміс оқымыстысы Р.Бенедикс те айтқан (Benedix, 1903). Ол интонацияның шартты арқауы ретінде төрт факторды келтіреді, олар интонацияның күші, қарқыны, биіктігі мен тембрі. Бірінші үшеуі Р.Бенедикстің айтуынша, интонацияның дұрыс айтылуын қамтамасыз етеді де, төртіншісі сөзге реңк береді. Сонымен бірге сөйлемде басты екі тон (тональность) бар делінген, оның біреуі қазіргі лингвистика сөзімен айтқанда сөйлемнің әуені, екіншісі - сөздің акценттелуі, яғни сөзге ой екпінінің түсуі. Р.Бенедикстің интонациялық жүйесі қазіргі тілшілердің интонациялық жүйесіндегі негізгі тон жиілігі (частота основного тона), ұзақтылық (длительность), үдемелік, спектр деген қағидалармен барабар.

Сонымен, жоғарыда келтірілген зерттеулерді қорытындылай келгенде, интонацияның шешендер сөзіндегі көріністері жайында нақты мәліметтері бар материалдар жиналған. Бірақ ол материалдарға теориялық талдау мен лингвистикалық анализ жасау әлі де жеткіліксіз.

Егерде біз жалпы тіл білімі тұрғысынан әр түрлі тілдердегі интонацияның лингвистиклық зерттелу жайына келетін болсақ, ол жұмыстарда (грамматикаларда) интонация туралы мәліметтерді олардың әр түрлі бөлімдерінен кездестіреміз. Жаңа бір тілмен танысып, оны зерттеу, не үйрену барысында оқушы не зерттеуші интонация жайындағы мәліметтерді еңбектің не «фонетика» не «синтаксис» бөлімінде кездестіреді.

Жалпы тіл біліміндегі күрделі проблемалардың бірі - тілдің бір көрінісі ретіндегі интонацияның тіл жүйесіндегі алатын орнын анықтау болып табылады. «Интонация» деген ұғымның әр түрлі түсіндірілуі, оған ғалымдардың әр қырынан қарауына байланысты болса керек. Басқа сөзбен айтқанда, зерттеушінің көңілі не оның сыртқы формалық жағына, не мазмұнына, не функциясына ғана түскенінен болу керек. Бұлай болу себебі, интонацияның өте күрделі де құбылмалы болуына байланысты. Басқа фонетикалық құралдармен салыстырғанда интонация жалпы мазмұнмен өте тығыз байланысты да, сондайақ басқа синтаксистік тұрақты құбылыстарға қарағанда ол нақтысыз абстракт сияқты көрінеді.

Интонация туралы жарық көрген барлық еңбектерді шолғанда, оны екі дәуірге бөлуге болады. Бірінші дәуірі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың

40-шы жылдарына дейінгі уақытты қамтиды. Бұл дәуірдегі оқымыстылар зерттеу объектісін іздеп, анықтаумен қатар, оның зерттеу әдістемесін, тәсілін іздестіреді. Екінші дәуірі XX ғасырдың 40-шы жылдарынан қазіргі күндерге дейінгі уақытты қамтиды. Бұл дәуірде интонацияны зерттеу біршама дамыды. Бұны лингвистикалық теорияның және инструментальды фонетиканың пайда болып, дамуымен байланыстыруға болады.

Ағылшын оқымыстысы Д. Стилдің 1776 жылы шыққан «Prosodia Rationalis» деген еңбегінде ең алғашқы рет интонацияны ерекше символдар арқылы қағазға түсіру әрекеті жасалады. Оның әдістемесі интонацияның қарқынын, әуенінің жоғарылығын, созылыңқылығын, екпінді-екпінсіздігін, кідірісті белгілей алған. Д. Стиль интонация әуенінің жоғары-төмен өзгеруі - сөйлеу сөзін өзгертпей-ақ оның мәнін басқаша беруге мумкіндігі бар екенін дәлелдейді (Alkon, 1959, p. 154-174). Д. Стилдің жұмысы лайықты бағасын өз уақытынан көп кейін алды. Мамандар оның еңбегін жүз жылдан астам уақыт өткеннен кейін ғана түсіне бастады. Ол еңбек суперсегменттік фонетиканың дамуындағы ең алғашқы әрекеттердің бірі болып есептеледі.

Біздің ғасырымыздың басында жазылған Д. Джоунздың «Ағылшын тілінің интонациясына анализ беру және белгілеу» деген еңбегі мазмұны жағынан Д.Стилдің еңбегіне өте жақын, яғни соның жалғасы, соны ары қарай дамытқан зерттеу сияқты сезіледі (Jones, 1909).

Интонация жөнінде біздің дәуірімізге мейлінше жақындап келетін түсінікті Ш.П.Жиро-Дювивьенің кітабынан кездестіреміз. Онда интонацияның көтерілу-бәсеңдеу, күшті-әлсіз, жылдамдық-баяулық сияқты қасиеттері белгіленеді. Бұл белгілер қазіргі тілмен айтқанда әуен, үдемелік, қарқынды бейнелейді (Girault-Duvivier, 1833).

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында лингвистикада сөйлеу интонациясы әуен (мелодика) деп аталады. Себебі әуенге физикалық анализдер мен анықтаулар жасау қиынға соқпайды. Интонацияның кідіріс, үдемелік, қарқын деген компоненттері жаңағы физикалық талдаулардың сыртында қалады. Алайда зерттеушілердің әуенге көңіл қоюының себебін оның акустикалық белгілері мен өлшемдері ғана деп айтуға болмайды. Зерттеушілердің түпкі мақсаты әуеннің функциялық зор маңызды екенін ашу, соны түсіну болып табылады.

Интонацияны зерттеу тарихы екі дәуірге бөлінетін болса, соның бірінші дәуіріне өткен ғасырдың 40-жылдарына дейінгі уақыт жатады. Бұл дәуірде интонацияны зерттеуде оның ырғағының өзгеруіне, қарқынына, негізгі тон жиілігі мен созылыңқылығына т.б. көңіл аударылып, оларға лингвистикалық анализ жасау принциптері ізделген. Бұл дәуірдегі интонацияның суперсегменттік көріністерін зерттеген көрнекті оқымыстыларды атайтын болсақ, олар: H.Sweet, 1892; Д.Jones, 1909; В.А.Богородицкий, 1917; В.Н.Всеволодский-Гернгросс, 1922; H.Pernot, 1930; S.Karcevskij, 1931; M.Grammont, 1933; S.C.Boyanus, 1936; Л.В.Щерба, 1937 т.б.

Бұл дәуірдегі зерттеушілердің арасында интонацияның акустикалық өлшемдері мен оның функциялық қасиеттерін қорытындылауда үш түрлі көзқарас орын алады. Ол синтаксистік, фонетикалық және фонологиялық.

Синтаксистік көзқарасты қолдайтындар интонацияны синтаксис көлемінде ғана қарастыру керек деп санайды. Себебі олардың пікірінше, интонация - синтаксистік мағынаны, синтаксистік қатынастар мен байланыстарды қамтитын

тәсілдердің біреуі. Интонацияны синтаксистік көлемде зерттеудің ең бір көрнекті мысалы ретінде орыс оқымыстысы А.М.Пешковскийдің «Интонация и грамматика» деген еңбегін келтіруге болады (Пешковский, 1959, 181 б.). Бұл еңбекте автор интонация мен синтаксистің тығыз байланысы жөнінде терең де қызықты пікірлер айтады. Пешковскийдің **өтем заңы** (закон компенсации) деген қағидасында мынадай жәйттар бар. Егерде синтаксистік мазмұн неғұрлым мықты да таза грамматикалық тәсілдермен берілсе, онда соғұрлым оның интонация тәсілдерімен берілуі көмескі болады, егерде интонация тәсілдері мықты болса, оның грамматикалық тәсілдері көмескі болады,- дейді ол. Интонацияны синтаксистік аспектіде қараған алғашқы еңбектердің олардан кейін пайда болған бірқатар жұмыстарға әсері болмай қалмады.

Фонетикалық көзқарас интонация сөйлеу тілінің жалпы ағысын қамтып, оның сөйлемдерін, синтагма, фразаларың басқа да фонетикалық майда бөлшектерін қалыпқа түсіріп, тиянақтап, оның үстіне олардың бәрінің басын қосып, бөлшектерден тұратын әуенін шашыратпай бір күрделі интонациялық байламға келтіреді деп есептейді.

Фонологиялық көзқарас интонацияны қарама-қарсы жүйелер (система оппозиций), басқа сөзбен айтқанда, айырмашылығы бар жүйелер тұрғысынан қарау керек деп есептейді. Егер сегменттік фонологияда фонемалардың «қарама-қарсылығы» олардағы бір қасиеттің не сипаттың бар не жоқ болуына негізделсе, суперсегменттік фонологияда қарама-қарсылықтың, яғни айырмашылықтың механизмі басқаша болады. Олар: жоғарылау-төмендеу, жылдамдық-баяулық, болымды-болымсыз, тағы сондайлар болып келеді. Фонологиялық көзқарастың көрнекті уәкілдерінің бірі - С. Карцевский (Karcevskij, 1931).

Жоғарыда баяндалған славян тілдері және басқа да шетел тілдері жайындағы зерттеулер сол екі дәуірдің біріншісіне, яғни өткен ғасырдың 40-жылдарына дейінгісіне жатады.

Қазақтың төл тіл біліміндегі бірінші дәуірге жататын зерттеулер халқымыздың тұңғыш тіл маманы Ахмет Байтұрсыновтың еңбектерінен басталады. Ғалымның «Тіл тағылымы» атты еңбегі қазақ тілінің дыбыстық, грамматикалық ерекшеліктеріне құрылған тұңғыш оқулық болып табылады (Байтұрсынов, 1991). А. Байтұрсынов қазақ тілінің фонетикасын орыс, поляк, француз, чех тілдерімен салыстырып зерттепті. Екпіннің табиғатын және функциясын қарастыра келіп, ғалым тілдерді екі топқа бөлген: «екпін буыны бірыңғай келетін тілдер және екпін буыны бірыңғай келмейтін тілдер. «Екпін буыны аяғында келетін сөздерімен қазақ тілі француз тіліне ұқсас» депті А.Байтұрсынов (Байтұрсынов, 1989, 190 б.).

Бірінші дәуірге жататын, біздің мәселемізге, яғни интонацияға тікелей қатысы бар еңбек - халқымыздың екінші ірі тіл маманы Құдайберген Жұбановтың «Қазақ тілінің грамматикасы» (1936) болып табылады. Бұл еңбекте ол сөйлем сазының - интонациясының сөйлеу тіліндегі функциясын өте терең талдап, оның маңызын айта келіп: «Адам көңілінің түрлі күйіне сөздің түрлі әні сәйкес келеді. Сондықтан, сөздің әнінің арқасында хабардың өзін ғана емес, сөйлеушінің көңіліне сол хабардың қалай тигенін, немесе қалай тиген етіп көрсеткісі келетінін білеміз. Адамның көңілі қобалжуының түрі көп; тіпті ұшы қиыры жоқ десек те болады. Бұларды білдіруге арналған амалдық - дауыс сазының да түрі көп» деген (Жұбанов, 1966, 201 б.). Қ.Жұбановтың интонация,

яғни «дауыс сазы» туралы терең әрі тауып айтылған тұжырымдарын қазіргі тіл біліміндегі семантика-синтаксистік көзқарасқа жатқызуға болады. Қазақ тілінің басқа мамандарының еңбектері жоғарыда айтылған екі дәуірдің екіншісіне, яғни өткен ғасырдың 40-шы жылдарынан кейінгі дәуірге жатады.

Бұл дәуірден бастап интонацияны зерттеу проблемасы жылдам үрдіс алып, көптеген еңбектер жазылды. Жеке сөйлемдердің интонациясы неше түрлі тәсілдер бойынша зерттеле басталды. Мысалы, физикалық өлшемдер мен аудитивтік байқауларды айтуға болады. Сондай тәсілмен жиналған материалдар фонологиялық не синтаксистік әдістер арқылы қортындыланады. Мысалы, хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемдердің интонациясы оның синтаксистік функциясына жатқызылады да, ал олардан басқа мағыналы синтаксистік функцияға жатқызуға келмейтіндері фонология тұрғысынан зерттеледі.

Интонация проблемасын зерттеудегі ең ірі оқымыстылар болып саналатындар - төменде аталатын орыс және басқа шетел лингвистері: В.А. Артемов, 1962; Е.А.Брызгунова, 1963; Т.М.Николаева, 1969; Л.Г.Блохина, Г.К.Потапова, 1970; Л.К.Цеплитис, 1974; И.Г.Торсуева, 1974; Н.Г.Светозарова, 1982; D.L.Bolinger, 1964; W.Zwanenburg, 1964; K.L.Pike, 1965; P.Delattre, 1966; G.Faure, 1968; B.Malmberg, 1971 т.б.

Қазақ тіл білімінде де басқа шетел, орыс, славян тілдеріндегі сияқты интонацияны зерттеудің екінші дәуірінің басынан-ақ, интонация жайында оның қазақ тіліндегі мәні туралы тұжырымдар айтылған еңбектер шықты. 1940 жылы С.А.Аманжоловтың «Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқа курсы» жарық көрді. Онда: «қандай сөйлем болсын, мейлі ол екі сөзден, немесе бір сөзден құралған сөйлем болса да өзіне тән интонация болады» делінген (Аманжолов, 1940). 1948 жылы Н.Т.Сауранбаевтың «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер» және 1953 жылы «Қазақ тілі» деген еңбектері жарық көрді. (Сауранбаев, 1948, 1953). Бұл еңбектерде интонацияның сөйлемдегі рөлі қысқаша болса да айтылып кетеді. 1954 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілі» еңбегі, авторлар ұжымының тұңғыш ғылыми грамматикасы болып табылады. Онда грамматиканың басқа бөлімдерімен (морфология, синтаксис) қатар, фонетика да теориялық ғылыми дәрежесіне көтеріліп, интонацияның синтаксистегі рөліне көңіл аударылады.

1961 жылы М.Балақаев пен Т.Қордабаевтың бірігіп жазған «Қазіргі қазақ тілі синтаксисі» жарық көрді (студенттерге арналған). М.Балақаев аталған кітапта да, басқа еңбектерінде де интонацияны сөйлемнің басты белгілерінің бірі ретінде қарайды. Әрбір сөйлемнің өзіне тән интонациясы болатынын айтады Т.Қордабаев құрмалас сөйлемдердің құрамына енген жай сөйлемдерді құрмаластырудағы интонацияның роліне тоқтайды (Балакаев, Қордабаев, 1961, 7, 222 бб.).

1962 жылы жарық көрген І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тілі» (лексика, фонетика) деген студенттерге арналған оқулығында интонация екпінмен байланысты қарастырылады. Сөз екпінін екіге бөліп: динамикалық және тоникалық екпін деп, ал дауыс екпінін сөз тіркесіндегі фразалық немесе тіркес екпіні деп атайды (Кенесбаев, Мұсабаев, 1962, 281 б.).

1959 жылы Ш.Сарыбаевтың «Междометие в казахском языке» деген кітабы жарық көрді. Бұл жұмыста алғаш рет қазақ тілтанымында интонация мәселелері эксперименттті әдістермен зерттеледі. Автор интонацияны монологтан гөрі диалогта, аузекі тілде көрініс табатынын айтып кетеді. Интонацияның сөйлеу тіліндегі

атқаратын ролін дұрыс түсініп, оның сөйлеу процесіндегі қызметін, сөйленісте көрініс табатынына көңіл бөлген және интонацияны статикалық синтаксисінде емес динамикалық синтаксисіне қарастыратынын айқын көрінеді. Автордың бұл пікірі қазіргі таңда дамып келе жатырған коммуникативті лингвистика, прагмалингвистикамен ұштасатынын көреміз (Сарыбаев, 1959).

60-80 жылдарда жазылған қазақ тілінің синтаксисін зерттеуге арналған жұмыстардың қай-қайсысында да интонация туралы азды-көпті пікірлер айтылады. 1979 жылы жарық көрген "Қазақ тіліндегі сөйлемдердің интонациясын оқыту мәселелері" және 1982 жылғы "Қазіргі қазақ тілі" оқулығында Ә.Нұрмаханова қазақ тіліндегі интонация мәселесін көтеріп, оның маңызы мен функциясына әдейі тоқталып анықтамалар береді: "Интонация - дауыс сазының бірде көтеріңкі жоғарылап, бірде төмендеп бәсеңдеуі... іркіліс, тембр, екпін, сөзді айтуға кететін уақыт, дауыс ырғағы, күші, әуені, қарқыны, диапазоны т.б. компоненттер интонацияның физикалық құрамына кіреді" (Нұрмаханова, 1982, 138 б.).

Соңғы жылдарда интонацияны зерттеуде шетел тілдері, славян тілдері, оның ішінде орыс тіліндегі сияқты, қазақ тілінде де эксперименттік әдісті қолдана бастады. Интонацияның кейбір сөйлем түрлеріндегі, фразалардағы атқаратын ролін анықтайтын жеке зерттеулер жарық көрді. Қазақ тілінің интонациясы жөнінде жазылған және сөйлемнің коммуникативтік түрлерінің интонациясын қарайтын эксперименттік фонетикалық зерттеулер Ж.Аралбаев пен М.Каспарованың «Об изучении интонации казахского языка» деген мақаласында келтіріледі (Каспарова, Аралбаев, 1969, 83-98).

Сонымен, қазіргі уақытта интонация туралы, оған қатысты жеке мәселелер жөнінде және жеке тілдердің интонациясына қатысты біраз еңбектер жазылған. Түркі тілдерінің интонациясын салыстырып жазған және жеке тілдерді үйренуге, оған жаттығуға арналған еңбектер де бар. Жоғарыда интонацияны зерттеу тарихының бірнеше дәуірге бөлінетіні айтылды. Оның дамуы жалпы тіл білімінің дамуымен тығыз байланысты екені сөзсіз.

Интонацияның қай тілдің болса да жалпы жүйесіндегі орнын анықтау оңай мәселе емес. Француз тілші Б.Мальмбергтің айтуынша, просодияның яғни интонацияның орны - қандай тілдің болсын құрылымының нағыз өзегінде, оны аңғармау, оның маңызын дұрыс түсінбеу - тілдің жалпы табиғатын түсінбеумен барабар (Malmberg, 1971, p. 203).

Соңғы кезде интонацияны жалпы тіл жүйесінің ерекше деңгейінде тұрған құбылыс депте айтып жүр. Тіл білімінің оны зерттейтін саласын бөліп алып **интонология** деп атайды. Интонологияның өзіне тән зерттеу объектісі мен өзіне тән зерттеу әдістері бар.

Интонология дегеніміз сөйлеу тілінің интонациялық жүйесін, оның қызметін, бірліктерін, компоненттерін (әуен, қарқын, интенсивтілік, ырғақ, екпін, ұзақтылық, тембр т.б.) тілтанымның басқа салаларымен және бағыттарымен (синтаксис, семантика, прагмалингвистика, психолингвистика, когнитивті лингвистика) байланысты қарастырады. Тіл білімінің жаңа бағыттары суперсегментті фонетиканың аясын кеңейтіп және тереңдетіп, интонацияның жаңа қырлары мен қасиеттерін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

Қайткенде де кейін пайда болған лингвистикалық теориялардың интонацияның жаңа қырларын ашып, оның аясын кеңейтіп, жалпы сөйлеу тілін жан-жақты зерттеуде маңызды қызмет атқаратыны даусыз.

ИНТОНАЦИЯ ТЕОРИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ

Интонацияның бірліктері

Тілдің жүйесінде ерекше деңгейі бар тәуелсіз құбылыс ретінде интонацияның өзіне ғана тиісті өзгешелік мағынаға ие болатын бірліктері бар. Олардың саны да белгілі мөлшерден артпайды және олар кез келген тілден алынып талдауға, зерттеуге келеді. Жалпы тіл білімінде олар әр түрлі аталып жүр.

Оларды *суперсегменттік фонема, интонациялық конструкция, интонема, интонациялық морфема* т.б. деп атайды. Олардың бұлай түрлі-түрлі аталуының себебі - интонацияның өз алдына деңгейі бар тәуелсіз құбылыс болғанымен, оның әр тілде әр түрлі көрініс тауып, сол тілдердің сөйлем құрылысымен, дәлірек айтқанда, сол тілдердегі форма және мазмұн категорияларымен тығыз байланысты болуында. Жоғарыда келтіріліп кеткен атаулардың біздіңше ең қолайлысы - **интонема** секілді. Осы интонеманы сөздерді бір-бірінен ажыратуда қызмет атқаратын, бірақ өзі ешқандай мазмұнға ие болмайтын фонемамен салыстырып қарауға болады. ¤зін бөліп алғанда мазмұны жоқ фонемадан интонеманың айырмашылығы - оның өзіне тән болмысы ғана емес, сондай-ақ мағынасы мен қызметі де бар. Оның мағынасы да, қызметі де сөйлемнің барлық түрлерінде орын алады. Сөйлемнің қай-қайсысы болса да, интонемасыз сомдала алмайды, олардың әрқайсысының өзіне тән интонациясы бар. Сөйлемдердің қай түрінің болса да, сомдалып, аяқталып, коммуникативтік функцияға ие болып тұруында интонеманың мәні ерекше. Бізге мәлім бір сөзден тұратын атаулы сөйлемдерді сөйлем етіп тұрған интонация екені белгілі. Мысалы: *өрт! Көктем.*

Фонема мен интонеманың арасында принципті айырмашылық бар екенін өзінің «Основы фонологии» деген еңбегінде Н.С.Трубецкой айтып кеткен: «Отличие интонем от фонем в том, что фонемы являются не знаками, поскольку ничего не обозначают, а интонемы представляют собой самостоятельные знаки, способные выражать значение» (Трубецкой, 1960, 254 б.). Интонема туралы жоғарыда айтылған мәліметтерден кейін оны салыстыру қажет болса, фонемамен емес, сөзбен не морфемамен салыстыруға болар еді.

П.С.Кузнецов өзінің фонология жөніндегі зерттеулерінде тілдің фонологиялық жүйесін зерттеу фонеманы зерттеумен ғана шектелмей, тілдің одан күрделі фонологиялық түрлерін - интонемаларын қарастыруды қажет етеді, дейді (Кузнецов, 1966, 208 б.). Ал интонемалардың ішінде өзара просодикалық ажыратушы айырмашылықтары болатыны белгілі.

Т.М.Николаева өзінің еңбегінде интонемаға мынадай анықтама береді: «Бұл сөйлеу тілінде көрініс табатын интонация арқылы басы қосылып бір байламда тұратын, мағына жағынан бірімен-бірі тығыз байланысты просодикалық өлшем», дейді (Николаева, 1969, 113 б.).

Кез келген тілдің интонациялық жүйесін анықтауда оның **синтагма** арқылы бір байламда тұратын, өзінің просодикалық өлшемдері мен ерекшеліктері бар интонемаларының ролі ерекше. Ол интонемалардың құрылымы әр тілдерде түрлі вариацияға түсіп, түрлі көріністер тапқанмен оның негізгі сан мөлшері шексіз емес шектеулі. Сондықтан өзіне бейтаныс тілдердің сөзін түсінбегенмен, оның

интонемасын аңғарған адам ол тілдің интонациясының, әуенінің ерекшеліктерін байқай алады.

Белгілі тілде сөйлеушілердің жадында сол тілдің негізгі интонемалары сақталып, сөйлесуінде эталон болады деп есептеледі. Интонемалардың фонемалар сияқты варианттары болады. Ал ол варианттардың қайсысын қолдану, қайсысын қолданбау сөйлеушінің мақсаты мен еркіне байланысты. Интонеманың да фонема сияқты айқындау қасиеті болғандықтан оның негізгі қызметі сөйлемдерді бір-бірінен ажыратуда. Жалпы тіл білімінде ең көп таралған және ең белгілі көзқарастың бірі - ол қай тілдің болсын интонемасына сай дербестігі бар синтагмасының сөйлемдерді ажыратудағы ең шағын өлшемінің бірі болып саналатыны.

Л.В.Щерба өзінің еңбектерінде синтагманы тілдегі ең кіші синтаксистік фонетикалық өлшем деп, оның сөйлемдегі бір үзік мағынаға ие болатынын айтады (Щерба, 1948, 85 б.; 1954, 22 б.).

В.В.Виноградов синтагма ұғымының тілге сырттан еңгізілген нәрсе емес, тілдің өзіне тән құбылыс екенін айта келіп, ол туралы: «она соответствует реальным явлениям речи... отражает кусочек действительности, предствляя сводный элемент речевого целого» дейді (Виноградов, 1950, 248 б).

Синтагма қай тілдің болса да сөйлемдерінің синтаксистік құрылысы мен оның мағынасын терең зерттеп түсінуге көмектеседі. Синтагма бір-бірімен байланысты жай сөйлемде ғана емес, одан күрделі синтаксистік тұтастықта да көрініс тауып, талданып, табылып қана қоймай, олардың өзінің құрылым элементтері болып табылады. Сөйлемнің синтагмалық бөлігінде оның мағыналық қана емес, стилистикалық өзгешіліктері де көрініс табады.

Синтагманы түсіндіргенде Л.В.Щерба француздың кейбір ғалымдарының синтагманы дыхательная группа деп оның сырт көрінісін ғана қамтуын дұрыс емес деп табады. Себебі бұл термин: «совершенно скрывает смысловую природу явления» дейді (Щерба, 1948, 85 б.). Сонымен бірге Л.В. Щербаның синтагманы қарастыруда тілдегі дыбыстар арқылы оның сөздегі, сөйлемдегі мағынасын ажыратпай қарауы да көңілге қонымды.

Сонымен синтагмаларды үлкенді-кішілі паузалармен бөлінетін тілдің интонациялық-мағыналық үзіктері ретінде - жай сөйлем мен, құрмалас сөйлемнің, сондай-ақ, бір тақырыпты күрделі синтаксистік тұтастықтың әрқайсысында кейде жеке сөзді, кейде сөз тіркесін, кейде бір сөйлемді қамтып интонациялық бір байламда ұстап тұратын тәсіл деп айтуға болады. Оның үстіне сол бірнеше синтагмадан тұратын текстi түрліше мән беріп оқыса, ондағы сөздердің интонация арқылы топталуының шекарасы өзгеріп, басқаша стилистикалық мәнге ие болып кетуі де мүмкін.

Интонацияның бірліктерін, интонемалардың түрлерін анықтауда, айыруда әр ғалым әр түрлі тәсіл қолданады, әр түрлі қағидаға сүйенеді. Интонацияның бірліктерін белгілеуде ғалымдар көбінесе оның сөйлемдегі қызметі негізге алынады.

Н.С.Трубецкой өзінің еңбегінде интонацияның үш түрін көрсеткен. Олар: интонацияның сөйлемді тиянақтайтын, сөйлемнің аяғын көмкеретін түрі (завершающая), интонацияның алдын ала болжайтын, ескеретін түрі (предупредительная), интонацияның санамалау түрі (перечислительная) (Трубецкой, 1960, 248-249 бб.). С.Карцевский интонацияның сөйлемде атқаратын функ-

циясына қарай төрт түрін белгілейді. Олар: симметрия интонациясы, ассиметрия интонациясы, теңдестік, бір-біріне ұқсастық интонациясы (тождество), бірден-бірге басқыштау интонациясы (градация). (Karcevskij, 1931, p. 209, 210). Өзінің «Русский синтаксис в научном освещении» деген еңбегінде А.М.Пешковский орыс тіліндегі интонацияның он түрін көрсетеді. Олар: хабарлы, бұйрықты, лепті, сұраулы, түсіндірмелі, бағыныңқы, ескерту-болжау, санамалау, фразалық көтермелеу (фразового повышения), интонациялары болып бөлінеді (Пешковский, 1956, 393, 395, 470 бб.). В.Н.Всеволодский-Гернгросс интонацияға арналған еңбегінде орыс тіліне тән интонацияның түрлерін он алтыға жеткізеді. Оның ішінде көпке белгілі – сұраулы, лепті, санамалау, тағы сондай интонацияларға анықтау-мақұлдау, шақыру-қарату, иландыру-көндіру, салғастыру, өтіну-сұрау, таңдану, тоқталу-үзілу тағы сол сияқты интонацияның түрлерін келтіреді (Всеволодский-Гернгросс, 1922, 50-59 б.). А.Н. Гвоздев өз зерттеуінде орыс тіліндегі интонацияның тоғыз түрін көрсетеді. Олар: мақұлдау, сұраулы, лепті, бұйрықты, түсіндіру, мәнін ашу, санамалау, қыстырма сөз, сөйлем, қарсылықты, бағыныңқы интонациялары (Гвоздев, 1963, 156-182 бб.). Н.В.Черемисина орыс тіліндегі интонацияның көріністеріне арналған еңбегінде интонация әуенінің он түрін атайды. Олар: сұраулы, лепті, бұйрықты, мақұлдау, санамалау, қарсылықты, мәнін ашу, бастапқы, қыстырма сөз, анықтау деп бөлінеді (Черемисина, 1982, 104б.). Т.М.Николаева славян тілдерінің интонациясына арналған еңбегінде сұраулы интонацияның бірнеше түрін, басқа интонацияның тағы төрт түрін келтіреді. Олар: лепті, аяқтаушы-тиянақтаушы, тиянақсыз және бөлу-белгілеу интонациялары болып келеді (Николаева, 1977, 76 б.) И.Г.Торсуева сұраулы интонацияның екі түрін, хабарлы интонацияның екі түрін белгілейді де, оған қоса тағы төрт түрін көрсетеді: лепті, бұйрықты, қыстырма сөз, сөйлем (парантеза) және импликация интонациялары болып келеді (Торсуева, 1974, 121-127).

Е.А.Брызгунова өзінің шетел студенттеріне көп жыл орыс тілінен сабақ берген еңбегінің нәтижесінде орыс тілінде жеті интонациялық конструкция (ИК) бар екенін дәлелдеді (Брызгунова, 1978, 174-178 бб.). Бұл интонациялық конструкциялардың негізінде орыс тіліндегі екпіннің ерекшелігі жатыр. Орыс тіліндегі екпіннің өзіне тән сөзге, сөйлемге неше түрлі грамматикалық және семантикалық мән беретін қасиеттері мәлім. Бұл орыс тіліндегі екпіннің көпке белгілі ерекшелігі. Орыс екпінінің жылжымалылығымен байланысты оның әдетте сөздің басындағы, ортасындағы, аяғындағы буындарға түсе беретін қасиетін зерттеушілер жылжымалылық және әмбеорындық, яғни сөздің кез келген буынында (басында, ортасында, аяғында) тұратындығымен түсіндіреді. Соған байланысты сөйлемнің интонациясының негізгі тоны сөйлемдегі екпін түскен сөздерге байланысты жылжып отырады. Брызгунова орыс тілін үйренуде қолдану үшін осындай интонацияның жеті түрін көрсетіп, нөмірлеп (ИК-1, ИК-2, ИК-3, ИК-4, ИК-5, ИК-6, ИК-7) сөйлем үстінде белгілейді.

Француздың тілшісі П.Делатр француз тіліне тән интонацияны, дәлірек айтқанда, француз тілінің интонемаларын зерттеу нәтижесінде он базисты интонацияны белгілейді. Оның ішінде жетеуін негізгі интонациялық мазмұнға ие типологиялық түрі деп есептейді (Delattre, 1966, p. 13).

Неміс тілін зерттеуші О.А.Норк неміс тіліндегі интонацияның он екі түрін (моделін) атайды. Олардың әрқайсысындағы интонациялық құрылымының

ішіндегі сөзге түсетін тактың алды (предтактность), сөзге түсетін тактың соңы (затактность) және солардың ортасына келетін тонемасын белгілейді (Норк, 1964, 35 б.). Мұндағы такт екпін мағынасында берілген.

Түркі тілдерінің зерттеушілері де бұл тілдердегі интонацияның модельдерін белгілеуге әрекет жасайды. У.Ш.Байчура бұл тілдерде он түрлі интонациялық конструкциялар бар деп мәлімдеп, ол интонациялық модельдері орал-алтай тілдерінің бәріне бірдей тән болуы керек деп жорамалдайды (Baichura, 1972, p.39).

Қазақ тіл білімінде интонацияның бірліктеріне тікелей арналған еңбектер жоқтың қасы. Интонация, жоғарыда атап кеткен, кішігірім, синтаксистің ұсақ мәселелеріне байланысты біршама сөз болады. Қазақ тілінің синтаксисіне арналған көлемді еңбектерде интонация сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінген – хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдерге сәйкес түсіндіріледі. Мысалы: «хабарлы сөйлем бірсыдырғы әуенмен айтылып... сөйлемнің соңында бәсендей түсіп тынады», сұраулы сөйлем көтеріңкі дауыспен айтылады, бұйрықты сөйлем көтеріңкі екпінмен айтылады» деп, интонацияға бірер сөйлем көлемінде анықтама беріледі (Аманжолов, 1994, 63б. Балақаев, Қордабаев, 1961, 8-14бб.).

Ә.Нұрмаханова – қазақ тіл білімінде интонация проблемасын зерттеуді мақсат еткен бірінші ғалым. Ол өзінің шетел тілдері институты студенттеріне арналған оқулығында: «Интонацияның құрамына екпін, ырғақ (ритм), әуен, іркіліс (пауза), қарқын (темп), т.б. физикалық элементтер кіреді» деп келеді де, оның ағылшын, неміс, француз тілдеріндегі ролін қысқаша атап келіп: «Осыған байланысты барлық тілдерде хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдердің өзіне тән интонациясы болады», - дейді (Нұрмаханова, 1982, 12 б.).

Өткен ғасырдың 80 – жылдарында орыс тілін қазақтарда оқытуда кездесетін интерференция деген құбылыс, яғни орыс тілі мен қазақ тілінің әр саласында типологиялық салыстырмалы жұмыстар атқарылды. Ол жұмыстар орыс тілі мен қазақ тілінің барлық деңгейінде, яғни фонетика, лексика, морфология және синтаксисінде контрастивтік типологиялық салыстырмалы тәсіл негізінде жүргізілді. Осы жұмыстардың нәтижесінде, қорытындысына сүйене отырып, мүмкіндігінше орыс тілі мен қазақ тілінің әр деңгейіндегі спецификалық ерекшеліктері ашылып, соның арқасында қазақтардың орыс тіліндегі интерференция құбылысын болжау және интерференциялық қателерді жібермеу мен жою жолындағы жұмыстар жолға қойылып, тіл үйрету практикасында қолдану мақсатында орындалған. Мысалы М.М.Копыленко басшылығымен жазылған еңбектерде: «Интерференция в сфере простого предложения проявляется в ненормативном интонационном оформлении различных типов простых предложений» – деген пікір айтылған (Интерференция в русской речи казахов, 1988).

Сонымен, зерттелген тілдердің басым көбінде интонацияның бірліктерін белгілеуде көбінесе оның сөйлемдегі қызметі негізге алынатынын байқадық. Бірақ интонацияны топтастырғанда оның жеке түрлерінің саны мен сапасы әр түрлі болып келеді, соған сәйкес оларды сол түрлерге бөлудегі негізге алынған критерийлер де біркелкі болмайды.

Кейбір зерттеушілер интонацияны топтастыруда интонацияның логикалық мазмұнына сүйенеді. Онда интонацияның сұраулы, хабарлы, түсіндірмелі, са-

намалау сияқты мағыналы түрлері қамтылады. Зерттеушілердің тағы біреулері интонацияның бірліктерін классификациялауда олардың формасы мен контурына сүйенеді.

Мұндай интонациялық бірліктерде олардың әуенінің, интонациялық модельдерінің, формаларының, конструкцияларының аз-көптігі, олардың саны қамтылады. Бұл соңғылардың тәсілін алып қарасақ алғашқылармен, яғни интонацияның логикалық мазмұнына қарайтындармен салыстырғанда интонацияға формальдық жағынан қарайтыны көрінеді. Ал бірінші тәсілді алып қарасақ, ол интонацияның функциясына, мазмұнына сүйене отырып, оның формаларының қандай, қанша болуын болжап, сондай-ақ оның барлық функцияларының тізімін көрсетеді және тілді лингвистикалық талдауда ол функцияларды қалайда табуды мақсат етеді. Бірақ тілді зерттеу барысында алдын ала белгіленген тізім өзгеруі де мүмкін және олардың біразы зерттелген тілде табылмауы да ықтимал. Бұл жағдайда зерттеушілер көбінесе гипотетикалық, яғни интонация типтерінің, олардың түрлерінің, варианттарының болжаулы, жорамал классификацияларын береді де, содан соң ғана оларды көрсететін, анықтайтын фонетикалық әдістерді іздейді. Екіншісі интонацияның формасына сүйене отырып оның функциясын қарастыратын тәсіл, сөйлемдердің интонациясының түрлі контекст пен ситуацияларда өзгеру құбылысын салыстыруға негізделген. Осы тәсіл арқылы сөйлемдердің фонологиялық жүйелерінің оппозициялық түрлері, интонациялық модельдері жинақталады. Содан кейін барып жинақталған интонациялық модельдердің функциялары анықталады.

Жоғарыда келтірілген интонацияны зерттеудегі екі түрлі принципке негізделген екі тәсілдің әрқайсысының артықшылықтарымен қатар кемшіліктері де бар. Бірақ олардың бірін-бірі толықтыру мүмкіндігі бар болғандықтан, оларды, егер интонацияны зерттеуде сауатты қолданса, бұл екі тәсіл кез келген зерттелетін тілдің интонациялық жүйесін мейлінше толық анықтауға қызмет атқаратыны сөзсіз.

Интонацияның бірліктерін топтастыруда бұл проблемаға екі түрлі көзқарас бар. Оның біреуі - интонациялық бірліктерді топтастыруда сөзге түсетін екпіннің интонациялық конструкцияның қай жерінде - басында ма, ортасында ма, не аяғында ма тұруы. Бұл көзқарас О.А.Норк пен Е.А.Брызгунованың зерттеулерінде кездеседі. Ал интонацияны зерттеу мен классификациялаудағы екінші көзқарас француз оқымыстысы П.Делатр мен И.Г.Торсуеваның еңбектерінде ұшырасады. Бұл көзқарас бойынша, интонацияны классификациялау сөздердің, сөйлемдердің әр жеріне түсетін жылжымалы екпін арқылы емес, сөйлемнің әрқайсысы бірнеше сөзден тұрып, пауза арқылы бөлінетін, өз алдына интонациялық контуры тұтас (глобально) алынып бір-бірімен салыстырыла қаралатын жағдай арқылы жасалады.

Аталған әдістердің біріншісі **құрылымдық** (структуралық), екіншісі **тұтастық** (глобальдық) әдіс деп аталады. Түрлі тілдердің интонациясын зерттеудегі жоғарыда келтірілген екі көзқарас пен, оған сәйкес екі әдістің қайсысын қазақ тілінің, сондай-ақ басқа да түркі тілдерінің интонациясын зерттеуде қолдануға болады деген сұрақ туады.

Бұл сұраққа жауап беру үшін, ең алдымен қазақ тілінде сөйлемнің, сөйлемдегі сөздердің кез келген бөлігіне түсетін, жылжымалы екпіні жоқ екенін айтып кету

керек. Сондықтан қазақ тілінің интонациясын зерттеу үшін екпінге құрылған, екпіннің орнына байланысты интонациялық конструкциялардың (ИК) түрлері анықталатын бірінші тәсіл жарамайды.

Орыс тіліндегі интонациялық конструкциялардың (ИК) жеті түрін белгілеген Е.А.Брызгунованың жоғарыда аталған зерттеуі шетел студенттеріне орыс тілін үйретуде кеңінен қолданылып жүр. Орыс тілінде жылжымалы екпін сөздерді топтастыру қызметін атқаратын болса, ал қазақ және басқа да түркі тілдерінде сөздердің басын қосып тұратын тәсіл - үндестік заңы деп есептеуге болады (Джунисбеков, 1980, 63 б.). Себебі Брызгунованың «ИК»-лары сөйлемдегі сөздердің санын, орнын және функцияларын да өзгертпей-ақ сөздерге түсетін екпін және соған байланысты интонацияның қозғалысы арқылы түрлі мағынаға ие болу негізіне құрылған. Сонымен бірге «ИК»-ға тағы да негіз болатын екінші жағдай орыс тілінде кездесе беретін синтаксистік құрылымның ерекшелігі: сөздердің сөйлемдегі орны өзгерсе де, оның саны, формалары өзгермей-ақ әр түрлі актуалды мағынаға ие бола беретінін айтуға болады. Тіл құрылысына орыс тіліндегідей жылжымалы екпін тән емес. соған сай сөлемдегі интонация қозғалысының да спецификасы мүлде бөлек қазақ тіліне, Брызгунованың «ИК»-лары сәйкес келмейді.

Брызгунованың «ИК»-ларына негіз болған принцип орыс тіліндегі кез келген сөйлемнің сөздерін, олардың формаларын және функцияларын өзгертпей-ақ логикалық екпін және интонация арқылы неше түрлі коммуникативтік және модальды-эмоциялық мағынаға ие етуге болатындығы екені белгілі.

Қазіргі орыс тілінің синтаксистік ғылымында XX ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап үстемдікке ие болып келе жатқан үш синтаксистік аспекттің (семантикалық, құрылымдық, коммуникативтік) соңғысы осы жоғарыда айтып кеткен Е.А.Брызгунованың зерттеулеріне негізделген (Брызгунова, 1978). Мысалы Брызгунованың еңбегінде келтірілген ешбір өзгеріссіз интонацияның арқасында ғана түрлі коммуникативтік немесе функционалдық перспективаға ие болатын сөйлемді көрейік: *Наташа поет.* ИК-1 *және Наташа поет?* ИК-3. Бұл екі сөйлемнің біріншісі хабарлы сөйлем де, екіншісі сұраулы сөйлем. Қазақшаға аударсақ: *Наташа өлең айтады (айтып тұр)* және *Наташа өлең айтады ма? (айтып тұр ма?)* Қазақша сұраулы сөйлемді оның орысшасындай ИК-3 арқылы құруға болмайтынын айқын көрдік. Себебі қазақ тіліндегі сұраулы сөйлемнің жасалуы сұрау шылауларынсыз, жоғарыдағы мысалдай, немесе сұрау есімдіктерсіз, тек қана интонация арқылы жасалмайды деуге болады.

Бірақ қазіргі «билингвы» - *қостілділер* деп аталатындардың орыс тілділері (русскоязычные) қазақ сөйлемдерін орыс сөйлемдерінің моделімен құрып, жоғарыдағы сөйлемді шылаусыз: «Наташа өлең айтады?» ИК-3 түрінде құруы мүмкін. Бұл жерде орыстілділердің қазақ тіліндегі «интерференциясы» туралы айтуға болады.

Е.А. Брызгунованың еңбегіндегі интонациялық классификацияда сөйлемдегі сөздердің бір синтагмада топтасуы мен ондағы интонацияның басты шыңына (интонационный центр), және оның сөйлемдегі орнына үлкен мән беріледі.

Ал қазақ сөйлемдеріндегі сөздердің бір синтагмаға топтасуы және ондағы интонацияның басты шыңының орналасуының өзіне тән ерекшелігі бар екені сөзсіз. Сондықтан да «Интерференция в русской речи казахов» деген еңбектің авторлары ол туралы былай деп жазады: «Усвоение русской интонации каза-

хами осложняется в связи с сильно централизующей функцией русского словесного ударения, с невыраженностью его в казахском, а также с различием ритмических структур (чередование ударных и безударных слогов) в русском, которые отсутствуют в казахском (Проблемы казахско-русского двуязычия, 1988, 59б.).

Сонымен Е.А.Брызгунованың орыс тіліне тән интонациялық конструкцияларының орыс тілін шетелдіктерге, сондай-ақ қазақтарға да оқытуда олардың тілінің ана тілінің әсерінен туындайтын интерференцияны жоюдың методикалық маңызы зор екенін айтқан жөн. Бірақ оның интонациялық классификациясын жоғарыда ескерткеніміздей түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің интонациясын зерттеуде қолдану мүмкін деп есептемейміз. Себебі түркі тілдерінің өзінің, орыс тілінің фонетикалық жүйесіне тіпті ұқсамайтын, өзгеше фонетикалық жүйесі бар.

Біздіңше, қазақ тілінің интонациясының бірліктерін зерттеуде жоғарыда келтірілген интонацияны зерттеудің белгілі екі әдісінің екіншісі, яғни тұтастық әдіс қолайлы деп есептейміз. Себебі бұл әдіс интонацияны зерттеуде сөйлемнің екпінінің жылжымалы орнына қарамай, сегменттерін бүтіндей алып қарайды.

Француз тілінің фонетикалық жүйесін зерттеген Л.В. Щербаның еңбегіне және қазақ тілінің фонетикалық жүйесін зерттеген Ә. Жүнісбековтың еңбектеріне сүйенсек, қазақ тілінің просодикалық жүйесі орыс тіліне емес, француз тілінің просодикалық жүйесіне жақын, соған ұқсайды. Француздың сөйлеу тілін тыңдап, оның екпіні мен әуенін қазақтың сөйлеу тілімен салыстырған, осы екі тілді де білетін лингвистикалық сауатты кез келген адам, сөйлеу әуендерінің ұқсастығын ешбір техникалық аппаратсыз-ақ байқайды, оның үстіне бұл екі тілде де екпіннің өзіне тән фонологиялық мағынасы жоқ.

Л.В. Щерба айтып кеткендей, француз тілінде орыс тіліндегі сияқты сөз екпіні жоқ: «Ударением снабжается не слова, а группы слов, выражающие в процессе речи единое смысловое целое. При этом ударение становится на последнем слоге последнего слова группы». Одан әрі Щерба былай дейді: «...во французском языке мы никоим образом не можем говорить о словесном ударении, а должны говорить лишь о фразовом ударении или ритмическом ударении» (Щерба, 1948, 82-83). Л.В. Щербаның француз тілі туралы осы сөздерін бүтіндей қазақ тіліне де қолдануға болады.

Бұл жерде Л.В.Щерба француз тіліндегі екпіннің орыс, неміс, ағылшын тіліндегі екпінге ешбір ұқсамайтынын, олардың көп айырмасы бар екенін баса айтады: «...отличие французского ударения от русского, немецкого, английского, где разница между ударными и неударными слогами разительная, в том, что во французском эта разница малозаметная: все слоги кажутся примерно равноударными» (Щерба, 1948, 88).

Сонымен, түркі тілдерінен, оның ішінде қазақ тілінен орыс тіліндегі сияқты жеке сөздерге түсетін жылжымалы екпінге байланысты интонацияны, оның бірліктерін іздеу орынсыз. Оның орнына фразалық, ритмикалық-синтагматикалық екпінге байланысты **тұтастық әдіспен** интонацияны зерттеп, түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне тән сөйлеу интонациясының бірліктерін анықтап, оны сөйлемдердің түр-түрлерінен, мәтіндерден тауып, семантикалық-синтаксистік жағынан қарап, эксперимент арқылы тексеріп дәлелдеген ұтымды да дұрыс деп есептейміз.

Интонацияның компоненттері

Қай халықтың болса да, оның сөйлеу тілінің өзіне тән интонациясы бар екені анық. Ол интонацияның өзінің ішкі сипаты мен ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктер мынадай төмендегі компоненттерден тұрады: дауыс **әуені, қарқыны, ұзақтылығы, кідірісі, үдемелігі, ырғағы, реңкі.** Интонацияның компоненттері кейде просодикалық тәсілдер деп аталады. Просодикалық тәсілдер сөзді дауыстың құлпыруына, өзгеруіне қарай түрлендіріп, мәнерлеп, көріктендіріп отырады, сөйлеушінің сөзіне ажар береді және айтылған ойды жандатып, мәтіндегі сөйлемдердің мағыналары, қарым-қатынастары айқындалып, анықтала түседі. Интонациялық компоненттер мәтіндегі сөйлемдерді бөлшектеп, мүшеленген сегменттердің бір-біріне қатысын ашып, анықтайды және айтқан ойды түсіндіруде де мәні зор.

Сөйлеу тілінде интонацияның аталған компоненттері өзара тығыз байланыста болатыны сөзсіз. Бірақ олар сөйлемнің барлық түрлерінде әр уақытта бәрі бірдей орын алады және бәрі бірдей тыңдаушыға анық естіледі деп айту қиын. Себебі олар өзара түрлі қарым-қатынасқа түсіп, сөйлеуді безендіріп, сөйлемнің әр алуан түрлерін түзуде, оларды бірінен-бірін ажыратуда қызмет атқарады. Сондай-ақ интонация сөйлеу тілінің табиғатын дұрыс түсінуге жол ашады. Интонация компоненттерінің әрқашан белгілі бір ғана қызмет атқармай, көп мағыналы болатынын, өзара бірінің қызметін бірі атқара беретінін, демек, бір-бірімен қарым-қатынаста болатынын айтып кету қажет және олардың әрқайсысы негізгі қызметтерінен басқа түрлі қосымша міндеттерді де атқарады.

Барлық тілдердегі интонацияның ең басты да универсалды компоненті **ә у е н** (мелодика). Себебі қай тілдің болса да басқа тілдерден айырмашылығын білдіруде сол тілдің өзіне ғана тән әуені үлкен роль атқарады да, ол тілдің бірден-бір өзгешелік белгісі бола алады. Жалпы әуеннің сөйлемдегі атқаратын қызметі әр алуан. **Біріншіден**, сөйлеу тілінің ағысын неше түрлі бөлшектерге мүшелеп жіктейтін де, олардың басын қосатын да әуен және онымен қоса кідіріс. **Екіншіден**, сөйлемдердің коммуникативтік түрлерін анықтауда, яғни олардың айтылу мақсатына қарай (хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті) бөлінуінде үлкен қызмет атқарады. **Үшіншіден,** грамматикалық және лексикалық тәсілдермен қосылып сөйлемдердің жалпы мағынасын беруге, оның нюанстарын анықтауға қатысады. **Төртіншіден,** оның сөз тізбектерінің синтагмалық акценттелуімен қосылып, сөйлемнің логикалық және эмоциялық мазмұнын жеткізуде мәні зор.

Дауыс әуені жеке бастың сөйлеу мәнеріне қарай өзгеріп, сөйлеу ерекшеліктеріне қарай құбылып, стилистикалық бояуымен сипатталуы мүмкін. Алайда әуеннің нормаға сәйкес негізгі формасы сақталады, себебі онсыз сөйленімнің негізгі мазмұны өзгеріп, түсініксіз болып, бір ойды жеткізе алмауы мүмкін.

Әуеннің акустикалық сипаты әр уақытта өзгеріп тұратын **негізгі тонжиілігімен** (частота основного тона) сәйкес келеді. Сөйлеу тілінің негізгі тон жиілігі сөз барысында ұдайы құбылып тұруы реципиенттің қабылдауына әсер етіп, сөйленім мен мәтін мазмұнын дұрыс түсінуге көмектеседі. Тілдегі негізгі тонның абсолюттік мазмұны сөйлеушінің дауысының жоғары не төмен болуымен байланысты деп есептеледі. Бірақ дауыс аппаратының ерекшеліктерімен байланысты еркектердің жуан, яғни төмен дауысының немесе әйелдердің жіңішке, яғни жоғары дауысының интонациялық мазмұнның да өзара лингвистикалық

айырмашылығы жоқ екені анық. Мұндай интонациялық және лингвистикалық мазмұны шамалы фактордың тағы бірі - қазақ тіліндегі үндестік заңына бағынатын ашық, жуан дауыстылар мен қысаң, жіңішке дауыстылардың негізгі тонының жиілігі арасындағы айырмашылығының елеусіз болуы.

Жоғарыда айтылып кеткен факторлар сөйлеу тіліндегі интонацияның жалпы тоналды контурын айтарлықтай өзгерте алмайды. Қазақ тіліндегі интонацияның жалпы тоналды контурына әсер ететін фактордың біреуі - ол синтагманың ең соңғы логикалық маңызды сөзіне түсетін екпін, басқаша айтқанда, синтагманың соңғы сөзінің акценттелуі, екіншісі - адамның эмоциялық жағдайына, яғни қызулану, әсерленуіне байланысты сөйлемдегі негізгі тон жиілігінің өсуі.

Сөйлеу тіліндегі тоналды контурдың жалпы бағыты түрлі-түрлі болуы мүмкін. Олар **көтеріңкі, бәсең, көтеріңкі-бәсең, бәсең-көтеріңкі** немесе **бірқалыпты** болуы мүмкін. Тоналды контурдың жалпы бағытынан басқа интонацияны сипаттауда орын алатын ерекшеліктер болып, оның интервалы мен диапазоны саналады. Бұлар ең алдымен интонацияның негізгі тон жиілігімен тығыз байланыстылығының үстіне әуеннің бәсеңдеу не көтерілу мөлшерін де қамтиды. Мысалы, хабарлы сөйлемнің интонацисының негізгі тон жиілігі бұйрықты және лепті сөйлемдердің интонациясының негізгі тон жиілігімен бірдей болып басталғанымен, олардың төмендеу-жоғарылау диапазоны мен интервалының өзгешіліктері бар екені анық байқалады.

Интонацияның тоналды и н т е р в а л ы болымды және болымсыз болып екіге бөлінеді. Егерде салыстырмалы өлшемнің біріншісінің интервалы оның екіншісінің интервалынан кем болса, онда тональды интервал болымды боп есептеледі. Егерде керісінше болса, онда - болымсыз болады. Синтаксистік ең маңызды шағын өлшемдер, яғни синтагмалар және сөйлемдер өзіне тән тональды диапазондармен сипатталады.

Тоналды д и а п а з о н дегеніміз негізгі тонының жиілігінің ең үлкен және ең кішкентай мөлшерінің арасындағы айырмашылығы арқылы белгілі болады. Ол диапазондар көлемді (кең), көлемсіз (тар), орташа болып үшке бөлінеді. Эмоциялық мағыналы сөйлемдердің тональды диапазоны көбінесе көлемді сипатты болып келеді. Бұған лепті сөйлемдердің тональды диапазоны жатады. Мысал ретінде түрлі ұрандарды келтіруге болады. Синтаксистік өлшемдердің маңыздылығы немесе маңызының шамалылығы оның диапазонының мөлшеріне байланысты деуге болады. Мысалы, сөйлемнің ішіндегі қыстырма сөз болсын, сөз тіркестері болсын, тіпті үлкен қыстырма бірліктер де, бәрі бірдей өзінің диапазонының көлемсіздігімен сипатталады. Олар сөйлеу тілінде тез, бірсыдырғы айтылып, олардың мазмұнының қосымша ғана информация беріп тұрғаны айқын байқалады.

Сөйлеу тіліндегі синтаксистік сегменттер - фраза, синтагма, ритмикалық топтарды бейнелеуде жоғарыда келтірілген акустикалық ерекшеліктерден басқа оларға тән интонацияның т о н а л д ы д е ң г е й і н і ң де (тональный уровень) мәні едәуір. Мысалы, бұйрықты сөйлем мен хабарлы сөйлемнің тональды деңгейі жоғары болып келеді. Интонациялық контурдың тік не жайпақ болуы, тональды деңгейдің жоғары не төмен түсіп өзгеруінің құбылуының жылдамдығымен байланысты.

Ұ з а қ т ы л ы қ интонацияның уақытқа байланысты сипаты. Сөйлемнің не сөйлеу тіліндегі басқа да синтаксистік сегменттердің іске асуы үшін олардың

уақытпен байланысты болуы ақиқат, яғни олардың тілде орын алуы және тыңдаушының құлағына жетіп, оған түсінікті болуы үшін біршама уақыт қажет. Осы айтылу-тыңдау-түсіну процесіне керек уақытты интонацияға байланысты уақыт ұзақтылығы дейді. Әрине, сөйлемнің әр түрлі сегменттерінің өзіне ғана тән уақыт ұзақтылығы болуы және оның неше түрлі факторлармен байланысты екені анық. Синтаксистік сегменттің физикалық ұзақтылығы оның құрамына кіретін дыбыстардың артикуляциялық ерешеліктерімен байланысты екені дәлелденген. Мысалы, жақтың төмен түсуі арқылы жасалатын ашық дауыстылардың өзіне тән ұзақтылығы мол болады да, тілдің жоғары көтерілуінен пайда болатын қысаң дауыстылардың ұзақтылығы одан кем болатыны белгілі. Сол сияқты дауыссыздардың да артикуляциялық ерекшеліктеріне байланысты ұяң дауыссыздардың, әсіресе ызың дауыссыздардың қатаң дауыссыздармен салыстырғанда ұзақтылығы көбірек болады. Бұл жоғарыда келтірілген дауысты, дауыссыз дыбыстар өз ұзақтылық ерекшеліктерімен сөздерде, сөздерден құралған синтаксистік сегменттерде көрінеді де, солардың интонациялық ұзақтылығын бейнелеуге қатысады.

Интонацияның компоненттерінің бірі болып саналатын жоғарыда келтірілген ұзақтылығына әсер ететін, дәлірек айтқанда оны молайтатын факторлардың бірі ашық дауыстылардың ашық буында тұруы (ба/ма) болып табылады. Ал егер ол дауысты дыбыс жабық буында тұрса оның ұзақтылығы шұғыл кемиді (бас/пақ). Сонымен қатар сөздегі дауыстылардың ұзақтылығы сол сөздегі буынның санына кері пропорциялы болады, яғни неғұрлым буынның саны көп болса, солғұрлым олардың ұзақтылығы кемиді. Мысалы, мына екі сөздің ұзақтылығын салыстырып қарауға болады: ба/ла - ба/ла/лар/ға. Бұл екі буынды және төрт буынды сөздердің ұзақтылығы бір-бірінен көп алшақ емес деуге болады. Бір синтагманың ішіндегі сөздердің ұзақтылығына әсер ететін тағы бір фактордың бірі - сол синтагмадағы сөздердің біріне түсетін **ой екпіні**, дәлірек айтқанда сөздердің біреуінің акценттелуі. Ондай ой екпіні түскен, акценттелген сөз ең мол ұзақтылыққа ие болады.

Сөздегі, синтагмадағы, сөйлемдегі, яғни синтаксистік сегменттегі ұзақтылықтардың бәрі жиналып келіп жалпы сөйлеу тілінің **қ а р қ ы н ы н** бейнелеуге қатысады. Қарқынның өзіне тән лингвистикалық мәні бар. Олай дейтініміз, сөйлеу тілінің қарқынына қарап, ондағы мазмұнның қандай екенін, яғни мағынасы зор ма, немесе шамалы ма, соны анықтауға болады. Мысалы, мазмұны зор информацияны мазмұны болмашы информациямен салыстырғанда ол баяу да салмақты қарқынмен айтылады. Кез келген ситуациядағы мәні мен қажеттілігі шамалы нәрсемен салыстырғанда, мәні зор, өзі қажетті, жаңа нәрсе уақытты да, еңбекті де көбірек керек ететін әдеттегі универсалды жағдайды алға тартуға болады.

Хабарлы сөйлем мен бұйрықты сөйлемнің қарқынын салыстырып қарасақ, бұйрықты сөйлем баяу да салмақты айтылады. Оның себебі бұйырушы өзінің сөзінің тыңдауышыға жетуімен ғана қанағаттанбай оның орындалуында керек етеді. Лепті сөйлемдер де баяулау қарқынмен, ұзарыңқырап айтылады. Сөйлемдердің уақыт параметрі олардың коммуникативтік түрлерімен байланысты деуге болады. Сөйлемнің қарқыны эмоциалық жағдаймен де тығыз байланысты. Мысалы, қуанышты, ашулы жағдайда ол жылдамдаса, ал депрессия жағдайында және салтанатты жағдайда баяулайды. Сонымен, сөйлеу тіліндегі

интонацияның қарқыны сөйлемнің **мазмұнына** және сөйлеушінің **эмоциясына** да қатысы бар екені анық.

Интонацияның маңызды да белгілі компонентінің біреуі **к і д і р і с.** Адам сөйлегенде барлық сөздерді бір-біріне шексіз тіркестіре бермейді, кейде уақыт жағынан өте аз, кейде сәл де болса ұзақ тоқталып, кідіріс жасап отырады. Дауыс кідірісінің негізгі міндеттері мәтінді бөліп мүшелеу және сол бөлшектенген мүшелердің ара қатынастарын айқындау, мағынаны түсіндіріп, жазылған мәтінді ажыратып оқу, түсіну үшін белгілі дәнекерлік қызмет атқару. Кідіріс мағынасына қарай **физиологиялық, эмоциялық, ситуациялық, интеллектілік, күшейткіш** деген түрлерге бөлінеді (Цеплитис, 1974, 74-75 б.). Кідірістің лингвистикалық функциясы дегеніміз, оның бір бүтін мәтінді фразаларға, синтагма, ырғақты топ, сөздерге бөлуі ғана болып қоймай, сонымен бірге интонацияның басқа компоненттерімен қосылып сөйлемдердің түрлі мазмұндық, эмоциялық т.б. қарым-қатынастарын анықтауға қатысуы деп айтуға болады. Кідірістің мөлшері сөйлеу тілінің қарқынымен тығыз байланысты. Әдетте оның мөлшері сөйлеу қарқынымен тура пропорциялы болады. Фраза мен синтагманың кідірістері сөздердің арасындағы кідірістерден көлемдірек болады. Кідірістің қай тілде болса да сөйлем мүшелерін және сөздердің функцияларын анықтауда да мәні зор.

Сөйлемдегі кідірістің орнына байланысты сөздердің өзара қарым қатынасы мен функциясы өзгеріп отыратынын Ә.Жүнісбеков өзінің мына мысалдарымен дәлелдейді:

Балапан / торғай ұясында отыр. Балапан торғай / ұясында отыр.

Бірінші сөйлем (*Балапан* деген жалғыз сөздің кідіріспен бөлінуінің арқасында) *Балапан торғайдың ұясында отыр* деген мағына берсе, ал екінші сөйлем кідіріс арқылы екі ырғақты топқа бөлінген. (*Балапан торғай* және *ұясында отыр).* Бұл сөйлем *Торғайдың балапаны өз ұясында отыр* деген мағына беріп тұр.

Жоғарыда келтірілген мысалға сүйене отырып Ә.Жүнісбеков қазақ тіліндегі паузаның ролі туралы мынадай тұжырымға келеді: «Қазақтың сөйлеу тілінде сөздерді ритмикалық топтарға бөлетін паузаның болуы міндетті түрде қажет. Бірақ олардың көлемі (ұзақтығы) біркелкі болмауы мүмкін. Эксперименттің нәтижесінде сызылған статистикалық көрсеткішке сүйенетін болсақ, ритмикалық топтардың арасындағы пауза ритмикалық топтардың ішіндегі паузадан 1,5 және 2 есе артық болып шығады (Джунисбеков, 1980, 59 б.).

Сөйлеу тіліндегі интонацияның кідірісін синтаксистік сегменттердің арасында пайда болып тоналды контурды шұғыл өзгертетін, кідірістік мағынасы жоқ, **алдамшы кідіріс** делінетін кейбір акустикалық компоненттерден ажырату керек.

Сөйлеу тілінде интонацияның нағыз кідірісі мен алдамшы кідірістен де басқа **хезитациялық вокалданған** кідірістер кездеседі. Олар сөйлеушінің алдыңғы фразадан кейін келетін фразаны ойлауы үшін, немесе ол фразаның нәтижесін байқауы үшін қажет. Мұндай вокалданған кідірістердің просодиканың **семиологиялық функциясына** байланыстылығы дәлелденген. Егер вокалданған кідірістің тоны төмен болса, ол келісушілікті, ал жоғарыдан кенет төмен түссе, ол эмоциялық дәрменсіздік келісін, керісінше төменнен жоғарыласа, - сұрақ пайда болғанын білдіреді (Долгова, 1974, 116 б.).

Интонация компонентінің бірі **үдемелік**. Үдемелік басқа компоненттермен бірігіп барып біршама мазмұнға ие болады. Үдемелік көбінесе дыбыстардың негізгі тон жиілігімен бірігіп, сөйлемдегі сөздердің **акценттелуіне** қатысады. Сөйлемдегі сөз тізбектерінің бір үзігін (сегментін) акценттеу керек болса, сол жердегі үдемелікті күшейтеді. Бірақ үдемеліктің күшейтілгені құлаққа көбінесе дауыстың қатты шыққанындай болып естіледі. Дауыстың қатты шығуы тек үдемелікпен ғана емес, дауыстың негізгі тоны көтерілуімен де байланысты. Сөйлемнің үдемелігі бірдей екі сегменттің біреуінің құлаққа қаттырақ естілетіні оның негізгі тонының жоғарысы болады. Дауысты дыбыстардың үдемелігінің абсолюттік мәніне олардың артикуляциялық ерекшеліктері де әсер етеді. Қысаң дауысты дыбыстармен салыстырғанда ашық дауысты дыбыстардың үдемелігі мол екені эксперименттті әдіспен дәлелденген.

Үдемелікке әсер ететін екінші фактор - дауысты дыбыстың синтаксистік сегменттегі орны. Сөйлемнің әр түрлі синтагмаларындағы үдемелікті зерттеу барысында мынадай жағдай анықталды. Мысалы, синтагманың басындағы дауыстылардың үдемелігі оның соңындағы дауыстылардың үдемелігімен салыстырғанда мол екені байқалады. Дауыстылар неғұрлым синтагманың аяғына жақын тұрса, оның үдемелігі солғұрлым азая түседі. Бұл жағдай сөйлемдегі үдемеліктің жалпы контурының әдетте жоғарыдан төмендейтінін көрсетеді. Егерде сол жалпы контурдың сызығында акценттелген сөздер болса, олар сонымен байланысты күшейеді. Сондықтан сөздің акценттелуі мен үдемелігінің арасында тығыз байланыс бар. Әдетте логикалық акценттелген сөздің үдемелігі де мол болады. Бірақ сөздің логикалық акценттелуін үдемелік қана көрсетпейді, мұның басқа да фонетикалық тәсілдері бар. Оларға тонның көтерілуі мен ұзақтылығы да жатады.

Сонымен сөйлемдердің немесе қандай да бір синтаксистік сегменттердің интонациясының динамикалық контуры сол синтаксистік құрылымының **мазмұнды-мағыналық салмағы** жөнінде де хабар бере алатыны анық. Мысалы, сөйлемдегі қыстырма сегменттердің динамикалық деңгейі төмендеу және бірсыдырғы болуы сол сегменттің семантикалық салмағының негізгі мағынаға қосымша болуынан ғана екенін білдіреді. Мысалы: *Сол кезде, неге екенін кім білсін, оның жайдан жай жылағысы келді. (С.Мұқанов).*

Сөйлемнің үдемелігінің молаюы оның жалпы **эмоциялық бояуының** қоюлануымен тура пропорциялы болады, яғни эмоциялықтың көбеюімен байланысты үдемелік те молаяды. Адамның көңіліне жағымды әсер ететін, көңілін көтеретін эмоция әрқашан интонацияның үдемелігінің көтеріңкі және мол болуымен сипатталады да, ал көңілге жағымсыз, адамның ұнжырғасын түсіретін эмоция интонацияның үдемелігі мен жалпы деңгейінің төмендеуімен сипатталады. Әдетте, бұйрықты сөйлем мен лепті сөйлемнің интонациясының үдемелігі мен жалпы деңгейінің көтеріңкі болатыны белгілі. Әсіресе біріншісіндегі бұйыру актысы неғұрлым күшті болса, үдемелігі соғұрлым жоғары болады.

Эксперименттi-фонетикалық еңбектерде жиірек қолданылатын интонацияның динамикалық өлшемдері көбінесе *үдемеліктің деңгейі, үдемеліктің диапазоны* және *үдемеліктің ең жоғары мәні* ретінде үш жақты қарастырылады.

Интонацияның компоненттерінің бірі дауыс **р е ң к і**. Реңк дегеніміз адамның әр түрлі **көңіл күйін, эмоциясын** білдіретін интонациялық тәсіл. Реңк арқылы қуаныш пен реніш, ашу мен ирония, көңілдену мен мейірлену, сықақ пен мысқыл т.б. сезімдер беріледі. Қазақ тілінде дауыс реңкі сезімдік (эмотивтік) мазмұнымен

бірге сөйлемнің жалпы мағынасына да әсер етеді. Мысалы *Білеміз* деген сөйлемді алатын болсақ, дауыс реңкі басқа интонацияның компоненттерімен бірігіп жағымды я жағымсыз мағынаны білдіре алады. Ал акустикалық деңгейде алып қарасақ реңк спектрге сәйкес келеді.

Интонацияның компоненттері тілдердің бәрінде қолданылатын универсалды просодикалық тәсіл болып табылады. Бұл компоненттер негізінен тілдердің қай-қайсысында да сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай ажыратуға қатысады. Қай тілде болмасын үдемеліктің молаюы да, негізгі тон жиілігінің көтерілуі де адамның артикуляциялық аппаратындағы дауыс желбезегіне түсетін физиологиялық әсердің механизмімен автоматы түрде байланысты қаралатыны белгілі. Сондықтан да интонацияның жоғарыда келтірілген компоненттерінің барлық тілдерде әмбебап болуының себебі адамдардың сөйлеу аппаратының жалпы физиологиялық қасиеттерінің бірдейлігіне байланысты болса керек. Барлық тілдердегі синтагмалар арасындағы мағыналық қарым-қатынасты білдірудің әмбебап әдісі болып интонацияның, яғни просодикалық тәсілдердің әуені, қарқыны, кідірісі саналады. Мысалы, синтагманың соңғы сөзіне түсетін тонның бәсеңдеуі барлық тілдерде аяқталу, яғни тиянақтылық әуені болып табылады, ал фразаның соңындағы тонның көтерілуі аяқталмағандықты, тиянақсыздықты білдіреді. Барлық тілдерде де қарқынның баяу, байсалды болуы информацияның маңыздылығынан хабар береді, ал қарқынның жылдам, тез болуы оның маңызының, мәнінің шамалы екенін білдіреді.

Көптеген тілдерге бірдей болып келетін интонацияның қарама-қарсылықты, түсіндіру-анықтауды, санамалауды, логикалық белгілеуді, қыстырмалықты көрсететін просодикалық тәсілдер бар екені белгілі. Ал олардың қолданылуында әр тілдің өзіне тән ерекшеліктері де болуы мүмкін.

Интонацияның эмоциялық түрлерінің әуені де тілдердің көпшілігінде біркелкі не ұқсас болатыны белгілі. Бұған мысал ретінде, жағымдылық пен жағымсыздықты, қуанышпен реніштi білдіретін интонацияның әуенін алып қарауға болады. Қуанышты, жағымды эмоцияның әуені жоғары регистрлі тонды болады да, ал реніштi, жағымсыз эмоцияның тоны төмен, ызғарлы болып келеді. Бірақ, әрине, әр тілдегі просодикалық тәсілдердің көрінісі сол тілдің интонациясының жалпы ерекшелігіне байланысты болатыны анық. Мысалы, орыс тілінің интонациясының әуеніне әсер ететін, оның ерекшелігін түзетін осы тілдегі сөз екпіні екені белгілі. Орыс тілінің бұл әмбеорынды, жылжымалы сөз екпінінің сөздердің морфологиялық формаларын ажыратуда ғана емес, олардың негізгі мазмұнын анықтаудағы мәнін де айтуға болады.

Ал қазақ тілін алатын болсақ мұнда әр сөзге түсетін екпін жоқ екені белгілі. Қазақ тілінде, француз тіліндегі сияқты синтагманың соңғы сөзіне түсетін синтагмалық екпін бар екені экспериментті түрде дәлелденген.

Сонымен интонация компоненттері (әуен, қарқын, кідіріс, интенсивтілік, дауыс реңкі) синтагмалар арасындағы мағыналық қарым-қатынасты білдірудің бір әдісі ретінде қарастыруға болады. Сөйлеушінің ниетіне және прагматикалық мақсатына қарай просодикалық тәсілдер өзгеріп, құбылып тұрады. Мысалы, синтагманың соңына түсетін тонның және интенсивтіліктің бәсеңдеуі мен әуен тиянақтылығы сөздің аяқталуының белгісі болып табылады, ал фразаның соңындағы тонның көтерілуі аяқталмағандықты, тиянақсыздықты білдіреді. Сөйлемдегі қарқынның баяу, байсалды, тональды және динамикалық диапазонының кең болуы, сөз

бөліктерін ой екпінімен белгілеуі ақпараттың маңыздылығынан хабар береді, ал қарқынның жылдам, тез, диапазондарының тар болуы оның маңызының, мәнінің шамалы екенін көрсетеді. Просодикалық тәсілдер әр қилы қатынасқа түсіп, басқа лингвистикалық көрсеткіштермен бірігіп қарама-қарсылық, түсіндіру-анықтау, санамалау, логикалық белгілеу, қыстырмалық деген мазмұн-мағыналарды да анықтауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, түрлі халықтардың сөйлеу тілінде интонацияның компоненттері, басқаша айтқанда просодикалық тәсілдері әр түрлі қатынасқа түседі. Ал қандай жағдайда және қайсы тілде болсада аталған просодикалық тәсілдердің қайсысы қалай қолданылуы сол тілдің интонациясының ерекшелігіне байланысты. Қазақ тілі интонация мәселелері жайында азды-көпті эксперименттік-фонетикалық зерттеулер жүргізудің нәтижесінде сөйлем, мәтіннің мағына-мазмұнымен байланысты интонация компоненттерінің ең маңыздысы тоналды және темпоралды просодикалық тәсілдері болып табылады.

Интонацияның функциялары

Тіл ғылымындағы интонацияға қатысты басты мәселелердің бірі - оның негізгі функциялары. Себебі интонацияның тілдегі функциясын анықтап алмайынша, оның жалпы тіл жүйесінде өзіне тән ерекшеліктері бар құбылыс екенін дәлелдеу қиын.

Интонация тілдік құбылыс ретінде өзінің көп функциялылығымен ерекшеленеді. Тілдің басқа элементтерімен салыстырғанда интонацияның өзіне ғана тән қасиеттері мен ерекшеліктері бар. Интонацияның жалпы тіл білімі жүйесіндегі өзіндік айрықша сан қырлы көріністерімен сипатталады. Ол тілдің басқа компоненттерімен қосылып белгілі бір ой жеткізудегі негізгі факторлардың бірі болып табылады. Сондықтан тіл ғылымындағы интонацияға қатысты басты мәселелердің бірі оның сөйлеу тіліндегі негізгі функциялары болып саналады.

Осы күнге дейін жалпы тіл білімінде интонацияның функцияларына деген көзқарас біркелкі емес. Интонацияның функциясына қатысты неше түрлі пікірлер мен классификацияларды кездестіруге болады. Бұл мәселені әр ғалым әр қилы шешіп, оның түрлі қызметтерін сөйлеу тіліндегі көріністері негізінде саралап белгілеуге тырысқан. Осыған орай интонация функцияларына қатысты бірнеше бағыт қалыптасқаны байқалады.

Зерттеу еңбектердің кейбірінде интонацияның бірлі-жарым функциясы аталғанмен, олардың ерекшеліктері, мән-мазмұны толық ашылмайды. Қайсыбір еңбектерде интонацияны әр қырынан жеңіл-желпі қарастырып, оның әр түрлі детальдарын зерттеп, функцияларын бөлшектеп, майда схемаға айналдырып жіберген.

М.Халидей интонацияны ағылшын тілінің грамматикалық құрылысындағы ерекшеліктердің бірі деп санап, оның басқа лингвистикалық функциясын жоққа шығарып, тек грамматикалық функциясын ғана мойындайды (Halliday, 1967). Ж.Дюбуа мен О.Захер интонацияның қызметін сөйлемдегі сөздердің орнымен барабар деп біледі (Dubois, 1963, Zacher, 1963). Кейбір зерттеушілер интонацияның синтаксистік ролін қарастырғанда, сөйлемдегі сөздердің бірбірімен ара-қатынасына ғана назар аударады (Васильев, 1965). Тағы басқалары интонацияның сөйлемді актуалді мүшелерге бөлудегі қызметін ғана мойын-

дайды. Т.Рюд өз зерттеулерінде интонацияның тек синтаксистік ролін ғана қарастыратын еңбектерді қатты сынайды. Оның ойынша, интонацияның түрлі компоненттерінің жігін ашып алмай және оның әрқайсысының функцияларын анықтамай жалпы интонация жөнінде дұрыс пайымдау мен қорытындыларға қол жеткізу мүмкін емес (Потапова, 1967).

Орыс тіл білімінде сөйлемнің мағынасын анықтауда интонацияның маңызы зор екендігі туралы пікірді көптен кездестіруге болады. Мысалы, В.Н.Всеволодский-Гернгросс былай дейді: «В отношении к слову графическому интонация есть та живая вода, которая превращает его, мертвое, в живое; слово графическое начинает жить не только своей материальной телесной жизнью, но и жизнью одушевленной с того момента, когда появится интонация». (Всеволодский-Гернгросс, 1922, 8 б.).

Неміс тілін зерттейтін ғалым О.А.Норк интонацияның негізгі мыналарды: сөйлемнің тиянақталуын, яғни аяқталған-аяқталмағанын; сөйлемнің коммуникативтік түрін (хабарлы, сұраулы, бұйрықты); сөйлемнің актуалды мақсатын анықтауын жатқызады (Норк, 1962).

Чех ғалымы Ромпортлдің көзқарасы бойынша, интонацияның екі түрлі модальдық функциясы белгіленеді: бірінші модальды түрі сөйлемнің негізгі мазмұнына байланысты, яғни оның хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем болуы, ал интонацияның екінші модальды функциясы сөйлемнің экспрессивтік мағынасына байланысты (Romportl, 1972).

Француз тілшісі П.Риго болса, ол сөйлемдегі интонацияның функциясын үшке бөледі: бірінші репрезентативті функция сөйлемнің сұрақ пен жауап интонациясын және сөйлем мүшелерінің интонация арқылы бір-бірімен топтасуын не бір-бірінен ажыратылуын қамтиды, екінші презентативті функциясы сөйлеушінің психологиялық не физиологиялық жағдайын байқатса, үшіншісі оның экспрессивтік жағдайын байқатады (Rigault, 1972). Басқа француз ғалымы Г.Фордың интонацияның функциясына қатысты еңбектерін қарастырсақ, онда интонацияның функциясы мейлінше тайыздалып, екіге ғана бөлінеді: біріншісі – квантитативті, екіншісі квалификативті (Faure, 1972).

Н.С.Трубецкой өзінің еңбегінде сөйлеу тілі интонациясының үш функциясын белгілейді: оның біріншісі – түсіндірмелі дегені коммуникативтік функциямен барабар; екіншісі – шақыру тыңдаушыға әсер жасау үшін қолданылады; үшіншісі экспрессивті дегені адам факторына байланысты, сөйлеушінің кім екенін, қоғамның қай тобына жататын білдіреді (Трубецкой, 1960, 46 б.).

Интонацияға таза функциялық құбылыс деп қарайтын лингвистердің бірі – чех ғалымы Ф.Данеш өзінің еңбегінде интонацияның үш функциясын белгілейді: олардың біріншісі – сөздерді сөйлемге айналдырады; екіншісі – сөйлемді тема мен ремаға бөледі, яғни, сөйлемдегі, нақты жағдайда сөйлеуші мен тыңдаушыға бұрыннан белгілі сол сөйлемнің тақырыбы – тема мен енді білуге тиісті жаңалық ремаға бөліну мәселесі айтылады; үшіншісі – сөйлемнің коммуникативтік түрлерін, яғни сөйлемнің болымды, болымсыз; хабарлы, лепті, сұраулы секілді әр түрлі мағыналарда болып келуін айырады. Егер сұраулы сөйлем болса, ол сөйлемнің предикативтік негізгі мағынасына қойылған жалпы сұрақ па, не сөйлемнің предикатынан басқа мүшелеріне (бастауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш) қойылған сұрақ па деген мағыналарды білдіреді (Daneš, 1960, 34 p.).

Ағылшын ғалымы Д.Болинджер интонацияның төрт негізгі функциясын белгілейді: біріншісі – акценттік функциясы, екіншісі - әуенді бөлу, үшіншісі – тексеруге келетін экспрессивтік функциясы, төртіншісі – тексеруге келмейтін аффективті функциясы (Bolinger, 1970). Интонацияға жоғарыдағыдай қарау және солай бөлу Фриздің, Шубигердің, тағы басқалардың еңбектерінде де кездеседі (Fries, 1964, Scubiger, 1958). В.Пинаеваның еңбегінде француз тіліндегі функциялар белгіленеді. Ол функциялар сөйлемді әр түрлі синтаксистік бөліктерге, мысалы, фраза, синтагма, ырғақты топтарға бөледі. Сондай-ақ фразаның түрлі коммуникативтік түрлерін, яғни хабарлы, сұраулы, лепті сияқты фразаларды анықтайтынын айтады. Сонымен қатар, интонация предикативтік функция атқарып, бір немесе бірнеше сөзді грамматикалық предикатсыз-ақ сөйлемге айналдырып, бір тиянақты ойды немесе эмоциялық күй-жағдайды білдіретіні айтылады (Pinaéva, 1965, p. 12).

Латыш тілінің зерттеушісі Л.К.Цеплитис интонацияның үш функциясын белгілейді: семантикалық, синтаксистік, стилистикалық. Бірінші – семантикалық функция сөйлемнің жалпы мазмұнымен байланысты болса, интонацияның синтаксистік және стилистикалық функциялары адамдардың сөйлеу арқылы өзара қарым-қатынастарында орын табады (Цеплитис, 1974, 204 б.).

Л.Р.Зиндер өз еңбегінде интонацияның екі аспектісін белгілейді, олар – коммуникативтік және эмоциялық (Зиндер, 1979, 267 б.). Ғалымның интонацияға қатысты белгілеген екі аспектісі жоғарыдағы ғалымдар сөз еткен интонацияның барлық функцияларын қамтиды. Зиндердің еңбегінде интонацияның коммуникативтік аспектісі сөйлемнің мазмұнымен және синтаксистік құрылымен байланыста қаралады. Коммуникативтік аспектісі сөйлемдегі ойдың аяқталған-аяқталмағанын және сұрақ немесе жауап айтылып тұрғанын білдіреді. Бұл аспектіні интонацияның негізгі функцияларының бірі деп қарауға болады. И.Г.Торсуева жоғарыда Зиндер келтірген интонацияның екі функциясына (коммуникативтік, эмоциялық) үшінші – «структурирующая» функция дегенді қосады (Торсуева, 1967, 355 б.). Торсуеваның айтуынша, бұл үшінші функция сөйлемдердің бөлшектерін әрі ажыратады, әрі олардың басын қосып бір сөйлемнің құрамында ұстайды. Біздіңше, бұл үшінші функцияның қызметін жоғарыда Зиндердің келтірілген коммуникативтік функция қамтиды.

Н.В.Черемисина өз еңбегінде интонацияның алты функциясын белгілейді. Олар: коммуникативтік, фонологиялық, кульминативтік, синтездеу, делимитативтік, эмоциялық-экспрессивтік тәрізді функциялар (Черемисина, 1982, 13-15 бб.). Дегенмен Черемисина да басқа зерттеушілер сияқты интонацияның коммуникативтік функциясын ең негізгі де маңызды функция деп есептейді. А.М.Антипова интонацияның сөйлеу тілінде сан түрлі және сан қырлы роль атқаратынын айта келіп, олардың коммуникативті, эмоциялық-модальды, әлеуметтік, эстетикалық және сөйлемнің ырғағын, стилін т.б. саралайтын рольдерін белгілеп, олардың әрқайсысына сипаттама береді. Олардың бәрінің бір-бірімен тығыз байланысты екенін де айтады. Интонацияның коммуникативті және эмоциялық-модальды функциясы өзінің көрінісін фразаларда табады да, ал сөйлемдерді синтездеу, олардың басын құру, ұйымдастыру ролі үлкен мәтіндерде көрінеді дейді (Антипова, 1986, 122-129 бб.).

Қазақ тіл білімінде интонация ұғымы, қызметі туралы А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, І.Кенесбаев, М.Балақаев, Ә.Нұрмаханова т.б.

еңбектерінде интонацияның мәні және оның сөйлемдегі ролі мен көріністеріне біршама тоқталған.

Поэзия тілінің интонация ерекшеліктеріне байланысты А.Байтұрсынов қазақ өлеңдерінің құрылымын жан-жақты сипаттап, ырғақ, жорға, шумақ деген ұғымдарды енгізіп, олардың қызметін көрсетеді. «Дауыс ырғағы сөзді бірдей-бірдей буынға бөледі. Өлең сөйлемдерінде сөз ырғақтарының үстіне өлең ырғақтары қосылады. Өлең ырғағы жорға жүрісінің тайпалуы сияқты, бұл ырғақ сөйлемдердің ішіндегі буын санының бірдейлігімен, кестелерінің реттілігімен, сөздерінің әуездес ұқсастығымен келетін ырғақ» (Байтұрсынов, 1989, 189 б.).

Қ.Жұбанов өзінің еңбегінде интонация ұғымын сөздің әні, дауыс сазы деп атап, оның сөйлеу тіліндегі маңызын терең түсінгенін байқауға болады. Интонацияны сөйлеушінің өз ойын тыңдаушыға жеткізудегі мақсатына қарай қалай құбылтатыны және айтатын ойына байланысты қалай түрлі рең беретіні туралы пікір білдіреді. Сонымен бірге айтылып отырған ойға қатысты сөйлеушінің өзінің көңіл-күйін білдірудегі бірден-бір амал интонация екенін атап кеткен (Жұбанов, 1966, 360 б.).

І.Кенесбаев интонацияны оның элементі болып табылатын фразалық екпінге көңіл бөле отырып қарастырады (Кенесбаев, 1962, 88б.).

Н.Түркбенбаев өзінің жұмысында интонация ұғымын, оған қоса қызметін былайша түсіндіреді: «Интонация – сөйлеу деңгейі мен дыбысталудың негізгі белгісі. Интонациясыз сөйлеу мүмкін емес. Сөйлемнің мазмұны мен салмағы, оның айқындылығы интонацияға байланысты. Осы пікірдің дұрыстығын дәлелдеу үшін мына бір мысалды келтіре кеткенді жөн көрдік. *-Бөкен қайда? – Үйіне кетті. – Үйіне? – Иә, үйіне. Үйіне?* Деген сөз интонацияның әсерімен сұраулы сөйлем болып тұр». Түркбенбаев қазақ тілінде сұраулы сөйлемнің интонация арқылы жасалуы сирек кездесетін және бұл жағдай тек орыс тіліне ғана тән деп келіп, төмендегі мысалды келтіреді: *-Кешегіні ұмытқан жоқсың ба? – Кешегіні?* Соңғы асты сызылған сұрау мағыналы сөз тек қайталап сұраудан пайда болған сұраудың бір түрі, дейді (Түркбенбаев, 1981, 46 б.). Осы Түркбенбаевтың еңбектерінен келтірілген диалогтан алынған сұраулы сөздер (*Үйіне? Кешегіні?*) қарсы сұрақ деп аталады. Біздіңше, диалогта пайда болатын қарсы сұрақта интонациямен қоса контекст пен ситуацияның да ролін атап өту керек.

Ш.Әуелбаев пен Қ.Қабиеваның пікірлерінше, «Сөздердің интонация арқылы байланысуы қатар тұрған түбір сөздердің арасында дауыс кідірісі жасалып, соңғы сөз ерекше әуенмен айтылады» (Әуелбаев, Кабиева, 1972 65б.).

Мұндай интонация арқылы байланысқан сөздер бастауыш пен баяндауыштан құралған жеке сөйлем болады. Мысалы: *Бұл - мектеп. Ол – оқушы.* Бұлар арнайы интонациямен айтылу арқылы сөйлем болып тұр. Бастауыштан соң біршама дауыс кідірісі болып, сөйлем құраушы сөздер өзара тең салмақта айтылған (жазуда араларына сызықша қойылған). Егер аталған сөйлемдерді айтқанда бастауыш пен баяндауыштардың аралығында кідіріс сақталмаса (*бұл мектеп, ол оқушы*) алғашқы мүше соңғының анықтауышына айналып кетеді. Сондықтан да бұларды енді жеке сөлем деп қарауға болмайды.

Демек, сөздердің әр түрлі интонациямен айтылуы олардың синтаксистік қызметі мен мазмұнына да әсер етеді, яғни интонация әдеби тілдің орфоэпиялық нормасын сақтап, дұрыс сөйлеудің басты негіздерінің бірі болып табылады. Нақтырақ айтқанда, интонацияның екпінімен, кідіріспен (жазуда сызықшаның

қойылуы) байланысы тыныс белгілерін дұрыс қолдана білудің негізгі шарты. Бұдан интонацияның тыныс белгілерімен тығыз байланыстылығы келіп шығады.

Бұл тәрізді пікірді кезінде Ә.Хасенов дәлелдеген еді. «Сұраулы, лепті сөйлемді оқығанда, дауыс ырғағы көтеріңкі шығып, айрықша интонация білінеді Сөйлеу тіліндегі мұндай интонация жазуда белгілі бір тыныс белгісін қоюды қажет етеді» (Ысқақов, Хасенов, 1951, 54 б.). Ал Аханов былайша топшылайды: «Интонация – сөйлемге тән белгілердің бірі. Интонация – сөйлемнің органикалық элементі. Сөйлем жеке сөзден де, сөз тіркесінен де құрылымдық үлгісі жағынан ажыратылады. Жеке сөздер немесе сөз тіркестері кейде сөйлем түрінде жұмсалуы үшін міндетті түрде сөйлемге тән интонациямен айтылуы шарт. Сонда ғана олар сөйлем ретінде ұғынылады. Мысалы: *Түн. Вокзал. Қаптаған жүргіншілер»* (Аханов, 1972, 199 б.).

Келтірілген қазақ ғалымдарының интонация және оның сөйлемдегі функциясы жайында айтылған азды-көпті пікірлері ертеде жазылған академик А.Шахматов пен академик В.В.Виноградовтың еңбектеріндегі интонацияның сөйлем құрудағы, жалпы синтаксистегі ролі туралы айтылған пікірлермен үндесіп жатыр. А.Шахматов өзінің «Синтаксис русского языка» атты еңбегінде «интонация арқылы бүтін бір сөйлем емес, тек бір сөздің өзі де сөйлем бола алады», - дейді (Шахматов, 1941).Сонымен бірге сөздің немесе сөз тіркесінің сөйлем болуы үшін ондағы ойдың аяқталғандығы немесе аяқталмағандығы анықталуы керек. Ал ойдың аяқталуы осы интонация арқылы жүзеге асады деген пікір білдірген. В.В.Виноградов «Грамматика современного русского языка» деген кітабында интонацияны сөйлемнің сөйлем болудағы үш белгісінің бірі және олардың негізгісі дейді (Виноградов, 1952, 97 б.).

М.Балақаев та өзінің еңбегінде интонацияның функциясына едәуір көңіл бөлген. Ол былай дейді: «Айтайын деген ойымыз түсінікті болу үшін, әр сөйлемді, сөйлемдегі жеке сөздерді, сөздер түйдегін, сөздер тізбегін, сөздер шумағын тиісті әуенмен, ырғақты үнмен мәнерлі айтып сазына келтіріп сөйлеуіміз керек. Олай етпегенде сөйлемдегі сөздер, тұтас сөйлемдер басы бір жерге қосылмай өзара байланыспай тұрады» (Балақаев, 1950, 31 б.). Т.Қордабаев тек құрмалас сөйлемде кездесетін интонацияға ғана көңіл бөлген. Оларды автор тиянақты және тиянақсыз деп екіге бөледі (Балақаев, Қордабаев, 1961, 222 .б).

Жоғарыда қазақ тіл біліміндегі интонацияның функциясына байланысты айтылған азды-көпті ойларды қорытындылай келе мынадай пікір түйюге болады деп есептейміз. Қазақ тіл білімінде интонацияны синтаксистің проблемаларымен, немесе жеке мәселелерімен, я болмаса пунктуациямен байланыстыра қарағаны болмаса, интонацияның функциясына тікелей арналған еңбек бұған дейін жазылмаған.

Сонымен, біздің интонацияға, оның функциясына қатысты түрлі шетел тілдерінде және қазақ тілінде жазылған еңбектерде қарастырған жоғарыдағы қысқа шолуымызға келтірілген ғалымдардың интонацияға деген әр алуан көзқарасы, оның функциясын талдаудағы әрқилы пікір өзгешеліктері алдымызға қойған интонация проблемасының өте күрделі де қиын екенін көрсетеді. Интонацияның функциялары, олардың ара-жіктері, өзгешеліктері жеке анықталмаған, жете ашылмаған. Интонация жайында жазылған белгілі еңбектерде интонацияны әркім өз байқағаны мен тұжырымдарына сай алып қарайды. Сондықтан интонацияны функциясына қарай топтастырып жіктеудің

тұрақты, жалпыға бірдей және түсінікті теориялық, методикалық принциптері белгіленбеген және олар бір жүйеге келтірілмеген.

Аталған еңбектердің бір қатарында интонацияның ролі жалпылама қаралады. Ал интонацияның фунциясын жіктеуде әркім әр түрлі өзгешеліктер мен қасиеттерді негізге алған. Бірақ интонацияға арналған зерттеулердің басым көбінде интонацияның жалпы коммуникативтік рөлі мойындалады. Сондықтан интонацияны барлық тілдерге тән әмбебап категория деп қарауға болады. Дегенмен, интонация әр тілде өзгеше көрініс табатыны байқалады. Оны дәлелдеу үшін зерттеуші түрлі тілдерде сөйлеп тұрған әр халықтың адамдарын тыңдап көрсе жеткілікті. Олардың сөзін түсінбегенімен сөйлеу мәнеріне, интонациясына қарап, сөйлеп тұрған адамның қытай ма, әлде француз ба, орыс па, жоқ түрік пе екенін айыруға болады. Бұл жайт интонацияның барлық тілдерге тән универсалды категория екенін дәлелдеп қана қоймай, оның әр тілдегі орны мен көріністерінің өзгешеліктеріде бар екенін дәлелдейді.

Біздің ойымызша, интонацияның негізгі бес функциясын белгілеуге болады. Бұлар: **1) сөйлемнің жалпы коммуникативтік түрлерін анықтау, 2) жеке коммуникативтік типтерін ажырату, 3) сөйлем, мәтін мазмұнының өзгешеліктерін ажырату, 4) мәтіннің сөйлемдері мен синтагмаларын бір бірінен айырып, бөліп алу және олардың басын қосу, 5) түрлі эмоцияларды (көңіл-күй) белгілеу.**

Интонацияның бірінші функциясы сөйлемнің жалпы мағынасы мен оның түрлерін ажыратып, олардың не хабарлы, не сұраулы, немесе бұйрықты екенін анықтайды. Бұл функцияны орындауда интонацияның мағынасы, біздіңше, бір сөйлемнің көлемінен анағұрлым кеңейіп кетеді, басқа бір жаңа грамматикалық категория - рай категориясымен байланысып, өзгеше деңгейдегі мазмұнға ие болады. Мысалы, мына сөйлемдерді салыстырып қарайық: *Жазда балалар ауылға барады. Жазда балалар ауылға бара ма? Жазда балалар ауылға барсын! Студенттер бүгін емтихан тапсырады. Студенттер бүгін емтихан тапсыра ма? Студенттер бүгін емтихан тапсырсын!*

Бұл жерде үш мүшелі «синтаксистік индикатив» құбылысы орын алып тұр. Интонацияның бұл бірінші жалпы коммуникативтік функциясының маңызының зор екендігін барлық зерттеушілер мойындайды. Себебі интонацияның сөйлем құрылысын, оның ерекшеліктерін және сөйлемнің түрлерін анықтаушы негізгі құралдардың бірі болып табылады. Сөйлемнің сөйлем болып құралуындағы интонацияның маңызы зор, оны сөйлем түзудегі тұрақты жалпы грамматикалық құралдардың бірі деп есептейміз.

Сөйлемді түзуде, ажыратуда басқа да жалпы грамматикалық құралдардың бар екенін (мысалы сұрау есімдігі, сөйлемдегі сөздердің орны, шылау сөздер т.б.), бірақ олар барлық тілдерде біркелкі тұрақты емес екенін де ескеру керек.

Интонацияның екінші - жеке коммуникативтік типтерді ажырату функциясы - сөйлемді актуалды мүшелерге бөлуге қатысады. Интонацияның бұл функциясы сөйленім және мәтін құрамында қаралады. Мысалы, *Ерке балалар // жұмысқа шыдамсыз,* деген сөйлем *Ерке балалар қандай болады?* деген сұраққа жауап беріп тұр. Бұл функцияның мақсаты сөйлемді тема және рема деп екіге бөлуде. Ал *Жұмысқа шыдамсыз // ерке балалар,* деген сөйлем *Жұмысқа шыдамсыз кім?* деген сұраққа жауап береді. Бұл сөйлемдердегі екі синтагманың біріншісі – белгілі информацияға ие тема да, екіншісі – енді білуге тиіс жаңа информацияны

білдіруші рема болады. Реманың құрамындағы сұраққа тура жауап беретін сөз акценттеліп, мол үдемелік және ұзақтылықпен ерекшеленеді. Сөйлеудің актуалды мүшеленуінде сөздердің орын тәртібі мен интонациясы зор рөл атқарады.

Интонацияның үшінші функциясына – мазмұнның ерекшеліктерін ажыратуы жатады. Сөйлемнің жалпы коммуникативтік мағынасына интонация арқылы басқа үстеме мағына, яғни қосымша мағына берілуі мүмкін. Олар мазмұнына қарай, санамалау интонациясы, қарсылықты интонациясы, біріктіру, жалғастыру интонациясы, қыстырма сөз, сөйлем интонациясы болып бөлінеді. Мысалы: *Абай, // Біржан, // Ербол, // Әйгерімдер тысқа шығып, оларды аттандырды (Әуезов). Сол сәтте, // неге екенін қайдам, // Мендеш есіме түсті* (Иманжанов). *Өрмекші Жібек құртына: // «Жұмысты сылбыр істейсің, // - деп күлді. «Бері қара, // мен қанша ширдім! Менің өрмегім // сенің өрмегіңнен // неше мәртебе ұзын, // - деді. Жібек құрты айтты: // «Рас, // өрмегің ұзын, // оған таласпаймын. Бірақ өрмегіңді // текке де алмайды. Менің жібегіме // алтын төлейді ғой* (А.Байтұрсынов).

Интонацияның төртінші функциясы мәтіндегі сөйлемдерді бір-бірінен ажыратып, олардың жігін белгілейді. Интонацияның бұл қызметінің маңызы қазіргі замандағы өркендеген радио мен теледидардан сөйлеушілердің сөйлем түрлерін дұрыс мәнерлеп, олардың жіктерін ажыратып, және қосып, сөздерін анық айтуында мәні зор. Интонация ғана сөйлемді синтагмаларға бөліп, оның ішіндегі сөздерді мағынасына қарай әрбір сөйлем мүшелерінің айналасына топтастырады. Сөйлемдегі пауза арқылы бір бөлек топтасатын сөздердің қай синтагмаға жататындығын, яғни ол сөйлемді аяқтайтын соңғы синтагма ма, әлде олай емес пе - осының бәрін тек интонация арқылы ғана ажыратуға болады. Мысалы: *Ішін тарта, // сұрлана боран / соғып тұр. /// Кейбір үйдің терезелерінен, // кей үйдің / маңдайшасынан // жылтырап көрінген // электр шамы болмаса, // колхоз қаласы / ақ қар жамылып, // түн құшағына бұғып, // мүлгіп қапты. /// Түтеген бораннан // қыбырлаған жан, // қарайған бұта көрінбейді ///* (М.Иманжанов). *Жаңа оқу жылында // жетпіс мыңнан аса мектеп түлектері // бастауыш және орта кәсіптік білім беру орындарында // бюджеттік негізде оқуларын жалғастыра алады. // Жаңа заманға сай // мамандық алу үшін // оқу орындарына // құжаттар қабылдау // аяқталып келеді* (газеттен).

Интонацияның бесінші функциясы, әр түрлі эмоцияларды (көңіл-күй, мінез-құлқы) айқындау болып табылады. Сөйлемнің коммуникативтік мағынасымен бірге эмоциялық-экспрессивтік түрлерін анықтайды. Бұл функция адамдардың түрлі ой-сезімін, оның құбылуын, өзгеруін білдіреді. ***Апырай-ай**, бұл неден қателесті? Неге бұлай болды? Осыған дейін бұл ниет қылған істің бәрі ылғи да ойлаған жерінен шығатын да тұратыны қайда? Сірә, не қылса да, бір жерде қателесті ғой? Сонда... Тоқта... Бұл жазған неден қателесті? Неден қателесті екен? **Не-ден**?!* Бұл сөйленімдегі қоюланып берілген сөздер экспрессивтік-күйініш, шер мағынасын көрсетіп тұр. Автор оқырманның эмоциялық көңіл күйіне, мінез-құлқына әсер ету мақсатында одағай сөз (*апырай-ай*) және *неден* деген сөзді мол ұзақтылықпен және көтеріңкі әуенмен айтылуды көздейді. Үш нүктемен берілген хезитациялық паузалардың да мәні зор. Олар сөйлеушінің эмоциялық-психологиялық қалпымен қатар оның ақыл-ойынан, интеллектуалдық қабілетінен де хабар береді.

Кейде сөйлем мазмұнының рең дік бояуы ғана емес, оның негізгі мағынасы да өзгеріп кетуі мүмкін. Мысалы, *Мен сізді жақсы білемін* деген сөйлем әр түрлі

мағынаға ие болуы мүмкін. Бұл сөйлем жағымды, көтеріңкі әуенмен, қуаныш сезімді интонациямен айтылса, ол дұрыс жай-күйді білдіреді де, ал жағымсыз, төмен, созылыңқы интонациямен айтылса, ол кекесін, жағымсыз мағынаға ие болады. Келесі күрделі фразалық тұтастықтың мағынасы да интонацияға байланысты өзгеріп тұрады.

Сонан бері... Иә, сонан бері, міне, жиырма жыл. Жиырма жылда ел өзгерді. Жер өзгерді! Шіркін, сол күнгі теңіз жағасы-ай! Аспан да көк; теңіз де көк; екі арадағы ніл шайғандай көгілдер ауа тіпті көзге ілінбей күлің-күлің етеді; құлаш ұрған қыз қолы көгілдер ауада шұғыл, шалт сермеген құс қанатындай лып-лып; құлаш сермеген сайын кеудеден жоғары жағы судан суырылып шығып-шығып кетеді (Нұрпейісов).

Сондай-ақ, интонация сөйлеп тұрған адамның хал-ахуалы, әлеуметтік-психологиялық қалпы мен оның айтылып тұрған ойға, жағдайға деген көзқарасын да білдіреді және реципиенттің іс-әрекетіне, мінез-құлқына өзгеріс енгізіп, оның эмоциялық-психологиялық күйіне де әсер етеді. Сөйлеушінің айтылған сөзді немесе орын алып тұрған жағдайды қолдап-қолдамауы, оған қуаныш-ренішпен, немесе мысқыл сезіммен қарауы, сөйлеуші мен тыңдаушының бір-бірін түсіну мүмкіндері просодикалық тәсілдер арқылы анықталады. Интонацияның бұл рөлі тілдегі модальдық категориямен шектесіп жатыр.

Сонымен, интонацияның функциялары өзара тығыз байланыста болып, сөйленімнің, мәтіннің семантикалық, синтаксистік, прагматикалық қырларын ашып қана қоймай, сөйлеу коммуниканттарының көңіл-күйін, мінез-құлқын көрсетуде үлкен роль атқарады. Сөйлеушінің алдына қойған мақсаттарына қарай, сөйлемдегі интонация функциясының қолданылуы да түрленіп тұрады: кейде сөйлемдердің коммуникативтік типін білдірсе, қайбірде - берілген ақпаратқа үстеме эмоционалды мағынаны, енді бірде айтылған сөздегі деректердің бір-бірімен мағыналық сәйкестігі мен олардың өздерінен басқа қосымша түйсік сезімдер тудыратын қозғаушы күштерін (факторларын) айқындап тұрады. Жалпы сөйлемдерді белгілейтін негізгі құрал ретінде интонацияның синтездеу (басын қосу) және делимитативтік (шектеу, меже қою) функциясын сөйлеу тілінің ағысын сөйлемдерге, ал сөйлемдерді синтагмаға, синтагманы сөздерге бөлудегі және олардың бәрінің басын қосудағы рөлі өте зор.

Сонымен, интонацияны сөйлемдердің түрлерін түзуде, олардың синтагмаларын ажыратып, сөз тізбектерін синтаксистік қызметі мен мазмұнына қарай топтастырып түсінікті ететін, түйіндеп айтқанда, сөйлемдерді адам қоғамының қатынас құралына айналдырып, адамдардың бір-бірімен түсінісуін қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі деп санауға болады.

Интонацияның синтаксиске қатысы

Интонация – көп функциялы құбылыс екені белгілі. Функциялардың маңыздысының бірі – оның синтаксиске қатыстылығы, синтаксистік мазмұнға ие болуы, яғни синтаксистік функциясы. Кез келген тілдегі сөйлемнің қай түрі болса да оның құрылымының бір компоненті міндетті түрде интонация болуы шарт. Интонацияның синтаксистік функциясына қатысты идеяның түп негізі осы мәселеден туындайды.

Көп ғалымдар тілдің басқа элементтерімен салыстырғанда интонацияның өзіне тән ерекшелігі ретінде сөйлемнің интонациясыз өз алдына жеке көрініс таба алмайтындығын, тілге тиек етеді. Оның көрінісі тек сөйлем мен мәтінге байланысты болғандықтан интонация сөйлем мен мәтіннен тыс ешбір қажетке асырыла алмайды деп есептеледі.

Орыстың көрнекті ғалымы В.Н.Всеволодский-Гернгросс өзінің еңбегінде таза интонацияны тек екі жағдайда ғана байқауға болады дейді. Оның біріншісі, біз тілін түсінбейтін шетелдіктің сөзін тыңдаған уақытта көрініс табады. Оның тілін білмегендіктен, сөздерін түсінбегендіктен біз оның сөйлеген сөзінің интонациясын ғана аңдаймыз, естиміз дейді. Екіншісі, қабырғаның не терезенің аржағында сөйлеп тұрған адамның сөздерін толық естімесек, түсінбесек те, оның сөйлеген сөздерінің интонациясына, әуеніне қарап жалпы мағынасын жорамалдауға болады, дейді (Всеволодский-Гернгросс, 1922, 6 б).

Жалпы алғанда, интонацияның көрініс табатын жері сөйлем, мәтін деп табылса, онда интонация мен синтаксистің ара қатынасын анықтау проблемасы туады. Бұл проблема жайында жалпы тіл білімінде синтаксис мәселелеріне, оның ішінде сөйлемге, оның құрылуы мен құрылымына арналған жұмыстардан әр алуан пікірлер табуға болады. Бұл жұмыстардың көбінде интонацияны грамматикалық құбылыстар мен құрылымындардың дәл бет бейнесіне сәйкес келе алмайды және интонациялық құбылыстар мен синтаксистік құбылыстардың арасындағы байланыс өте күрделі де құбылмалы, делінеді. Дегенмен, қайсы тілдің болса да синтаксисін зерттеушілердің басым көпшілігі интонацияны синтаксистік мағынаны білдіруші тәсілдердің бірі деп есептейді.

Орыс тілінің синтаксисіне байланысты көптеген күрделі мәселелермен айналысып үлкен еңбектер жазған көрнекті ғалым А.М.Пешковский интонация мен синтаксистің байланысына, олардың ара - қатынасына арнайы еңбек жазған. Ол өзінің «Интонация и грамматика» деген еңбегінде былай дейді: «Интонационные средства отличаются подвижным, свободным характером. Они наслаиваются сложными прихотливыми узорами на звуковые средства... Они, так сказать, блуждают по грамматической поверхности языка» (Пешковский, 1928, 107 б.).

Кейбір экспериментші-фонетистер интонация мен синтаксистің арасындағы қатынасты, яғни интонациялық форма мен синтаксистік құрылым арасындағы қатынасты айнымайтын, тұрақты бір қалыпқа түсіретін әдіс - тәсілді іздейді.

Интонацияның сөйлем құрудағы, сөйлем қалыптастырудағы қызметін ешкім жоққа шығара алмайды, бірақ ол қызметтің біржола өзгеріске түспейтін, қатып қалған қалпы болмайды және ол қай тілде болса да сөйлем құрылысындағы жалпы категориялық мазмұнға ие. Мысалға сөйлемдегі барлық тілдерде кездесетін бірыңғай мүшелерге түгел тән интонацияны қазақ тілінен де келтіріп қарауға болады: *Көк алаңға оқушылар да, // ата-апалар да, // оқытушылар да // жайғасып отырды; Айтқан сөздерімді ол ұқты ма, // ұқпады ма, // маған беймәлім. Батырлар өлеңі // бергі заманға жақындаған сайын // жаңа өзгеріске түсіп, // өмірге жақындап, // тұр жағынан // әлсіреп бара жатқанын байқаймыз* (М.Әуезов). *Әйел оны жағасынан ұстауын ұстады; // бірақ қарын үрлеп тақырлап тастаған мұзға // табанын тірей алмай, // тайып жығылды; // дереу атып тұрды; // сонан кейін де бір тұрып, // бір жығылып жүріп // әрең-әрең дегенде сыртқа сүйреп шығарды* (Ә.Нұрпейісов). Мұнда интонация мен синтаксистің арақатынасы терең екендігін және оның сөйлем құрамындағы сөздер семантикасы мен мағынасына

байланысты болатындығын байқауға болады. Қимылдың өтуінің мезгілдестігін көрсетіп тұрған функциональды грамматиканың таксис категориясы. Демек, бір мағынаны, бірыңғай мүшелер арқылы, синтаксис көрсеткіштермен бірге интонация құралдары да білдіріп тұр.

Интонация мен синтаксистің ара-қатынасына арнаған еңбегінде педагог-ғалым О.Цахер былай дейді: «Просодия является неотъемлемым конституирующим компонентом предложения. Нет предложения без фразного ударения... и мелодического оформления. Нельзя поэтому прийти к правильным обобщениям без учета просодических средств. И наоборот, не может быть полной ясности в фонологической сущности интонационного оформления предложения без учета особенностей лексико-синтаксического его состава» (Цахер, 1968, 8 б.).

Жалпы тіл білімінде соңғы кезде өріс алған интонацияны эксперименттік зерттеумен байланысты екі бағытта жұмыстар жүргізіледі: 1. Түрлі тілдерде синтаксистің кейбір жеке конструкцияларын зерттейтін көптеген еңбектер дүниеге келді. Мысалы, сұраулы сөйлем интонациясы, лепті сөйлем интонациясы, қаратпа сөздер интонациясы секілді т.б. еңбектер. 2. Интонацияның бірліктері әрбір жеке синтаксистік құрылымдардың әр түрлі үлгілеріне тән, соларға меншікті деп тұжырымдалады. Осы тұрғыдан жасалған классификацияларда интонациялық бір модель бірнеше синтаксистік мағынаға ие бола береді, сондай-ақ керісінше, интонациялық бірнеше модель бір ғана синтаксистік мағынаға ие болуы да мүмкін.

Біріншісі синтаксистік конструкцияны негізге алып, интонацияны содан іздеп, соған тәуелді етеді де, екіншісі, түп негізге интонацияны өзін алып, оған синтаксистік конструкцияны икемдейді. Сонда зерттеудің біріншісі **синтаксистік-интонациялық** тәсіл болады да, екіншісі **интонациялық-синтаксистік** тәсіл болып шығады.

Олай болғанда да, тілдегі интонация құбылыстарын терең де түбегейлі зерттеу үшін жаңа аталған екі тәсілді біріктіре, байланыстыра қолдану қажет сияқты. Сонда ғана тілдегі синтаксистік және интонациялық құралдар қызметін, олар жасайтын мазмұн-мағыналар мен олардың байланыстарынан туындайтын өзара қарым-қатынастарды жан-жақты зерттеп, тілдің терең тұңғиығында жатқан бұл құбылыстардың тылсым қыр-сырына үңіліп-анықтау үшін жасалған іс-әрекеттер өзінің дұрыс нәтижесін берері анық.

Синтаксистік және интонациялық мағыналардың өзара байланысын анықтау үшін оларға ортақ критерийлерді табу керек. Оларға ортақ критерий болып көпшілік зерттеушілердің мойындауынша ең алдымен **тәуелділік-тәуелсіздік** және **аяқталу-аяқталмау** критерийлері саналса керек. Жалпы интонацияның жоғары көтерілетін түрі - мазмұнның тәуелділігі мен аяқталмағанын білдіреді де, ал интонацияның төмендейтін түрі - мазмұнның тәуелсіздігі мен аяқталғанын көрсетеді деген идея көңілге қонымды. Демек, бір ортақ қызмет аясында бірігіп, аталмыш мағыналар бір-бірін толықтырып, коммуникативтік қызмет атқарады. Бұл функциональды грамматиканың негізгі мәселелеріне жатады.

Интонация мен синтаксиске қатысты басты факторлардың тағы бірі деп оның сөйлемдегі сөздердің өзара қарым - қатнастары мен байланысу жолдарында көрініс табатынын айтуға болады. Жай сөйлемде болсын, құрмалас сөйлемде болсын интонацияға әсер ететін, оны түрлендіретін факторлардың көрнектілерінің бірі - синтаксистік бірліктердің бір-бірімен қатынасының

салаластығы, яғни олардың бір-біріне бағыныштылығы еместігі, немесе олардың бір-бірімен сабақтас, біріне-біріне бағыныштылы екені анық. Бұл жағдайдың біріншісінен салалас құрмалас сөйлем компоненттері мен жай сөйлемдегі бірыңғай мүшелердің интонация сызығынан, ал екіншісінен сабақтас құрмалас сөйлемдердің компоненттерінің өзара қатынастарын суреттейтін интонация сызықтарынан анық көруге болады.

Сонымен сөйлеу тіліндегі синтаксистік құрылымдардың аяқталған-аяқталмағаны олардың кідіріс арқылы бөлінулері, ол құрылымдардың интонациясының әуені, қарқыны, ұзақтылығы, тағы басқа компоненттері олардың мазмұнымен тығыз байланысуы. Синтаксиситік құрылым мен интонацияның тығыз байланыстылығын дәлелдейтін сөйлеу тіліндегі ең шағын үзінді - **синтагма**.

Жалпы тіл білімінде соңғы кезде ғалымдар бір ауыздан сөйлеу тілінде функционалды мазмұнға ие болатын ең маңызды шағын өлшем фраза емес, синтагма деп есептейді. Себебі синтагма барлық тілдерге тән синтаксистегі әмбебап құбылыс. Қай тілде болса да синтагма сөйлеу тіліндегі сөздердің мазмұны, олардың бір-бірімен логикалық қатынасы және сөйлеушінің ол қатынастарды пайымдап, тұжырымдауымен байланысты дараланады. Сол семантикалық-синтаксистік шағын үзікті жалпы тіл білімінде синтагма, дейтіні белгілі. Синтагма әр түрлі жағдайда құбылып тұрып, нақтылы мазмұнда тек коммуникативтік акт шеңберінде көрінеді.

Оның мазмұны сөйлеушінің ниетіне, мақсатына байланысты және реципиенттің тыңдауына қарай өзгеріп тұрады. Кейде сөйлеуші сөйлесімді (мәтінді) синтагмаларға мүшелегенде тұтынушы (тыңдаушы) оны басқаша түсініп, өзінің ойлау және білім қабілетіне сай, басқаша қабылдауы мүмкін. Сондықтан сөйлеуші өзінің прагматикалық бағдарына сәйкес негізгі ойды оңай қабылдауын елеп, ескеріп отырады. Синтагма қай тілдің болса да сөйлемдерінің синтаксистік құрылымы мен оның мағынасын терең зерттеп түсінуге септігін тигізеді. Синтагма жай сөйлемде ғана емес, одан күрделі синтаксистік тұтастықта да көрініс тауып, олардың құрылым элементтерінің бірі болып табылады. Сөйлемнің синтагмалық бөлігінде оның мағыналық қана емес, стилистикалық қырлары да көрініс табады.

Мазмұн мен интонацияның тығыз байланыстылығын дәлелдейтін сөйлеу тіліндегі ең шағын үзінді - синтагма мәтінде әр түрлі коммуникативті-прагматикалық, экспрессивтік эмоциялық мазмұнға ие болып және өзге де бірліктермен өзара түрлі қарым-қатынастарға түсіп, сөйлеудің жалпы мазмұны мен реңін түрлендіруде айрықша қызмет атқарады. Синтагмаларға мынандай мысалдарды келтіруге болады:

Бірін-бірі қуалап, // ай соңынан ай озды, // бірін-бірі жетелеп, // жыл соңынан жыл озды, // не керек, // Шолпанның «бала болмасын» деген ойы // бекінгеннен бекіді. Талай түндерде // мынау түйінді шешу үшін // қасіретпен сарғайған Шолпан // талай ой теңізіне кірсе де // ой түбіне жете алмады (М.Жұмабаев). «Егер, // Сүлейменнің сол киесі басына қонса, // бұ да кәзір // көз алдына өкіріп жатқан // мына кәрі теңіздің // бір қиясын бетке ұстар еді де, // әлгі сиқырлы аспанның ұшымен // көк толқындардың шекесін // тық-тық шертіп, // көз көрмеске асып кетер еді; // оған бірақ қолында киелі аса, // қасында су пайғамбары // Сүлеймен тұрған жоқ» /// (Ә.Нұрпейісов).

Сөйлеу тілінің ең кіші бөлшегі саналатын синтагмалардың қатып қалған қалпы жоқтығын, олардың түрлерінің, мазмұндық көлемінің әр түрлі болатынын байқау

қиын емес. Жоғарғы мысалмен салыстырғанда синтаксистік құрылымы мүлдем өзгеше төмендегі сөйлемнің синтагмаларға бөлінуі мынадай болып шығады: *«Таргынның өз әңгімесіне келсек, // бұның мінезі мен жүрісінде, // ел қиялы батыр өмірінің // өзгелерден бөлек // тағы бір алуанын білдіргендей болады; // ескіліктің қиялы, // батырлар әңгімесінде // бірінен-бірі айрылатын // алуан-алуан мінезбен, // айрықша болған туыстарды, // әр батырдың мінезі мен құлқынан // айқын көрсетіп білдіргесі келеді»* /// (М.Әуезов).

Келтірілген мысалдардан көргендей тілдегі ең шағын синтаксистік мазмұнның өзі синтагма көлемінде интонациялық формаға ие болады. Интонациялық формаға ие болған әр синтагма пауза арқылы бөлінеді де, бәрі қосылып бір сөйлемде күрделі интонациялық контурды сызады. Егер сөйлемдегі сөз тіркестерінің синтаксистік мазмұны жеткілікті болмаса, олар синтагма бола алмайды.

Көлемі шағын сөйлемдегі сөз тіркестері өзіне тән интонацияға ие болып, синтагма құра алмайды. Себебі мұндай сөйлем құрамындағы сөздер бір-бірімен тұлғалық және мағыналық жағынан байланыса алса да, сөйлем ішінде олар паузалармен шектелген жеке бір интонациялық пішінге ие бола алатындай синтаксистік мазмұн жасай алмайды.

Ондай синтаксистік мазмұнға ие болатын, тәуелсіздікті білдіретін сөйлемдер. Мысалы: 1) *Біз ертең ауылға кетеміз.* 2) *Бүгін қалада жамбыр жауып тұр.* Келтірілген сөйлемдердің бөлшектері кідіріссіз айтылады. Бұл сөйлемдер бір синтаксистік мазмұнға ие болып, тәуелсіздікті білдіретін, төмендеп аяқталатын интонациямен ерекшеленеді. Егерде бұл сөйлемдердегі сөздерге, оларға байланысты сөздер қосып, сөйлемдердің құрылымын кеңейтсек, бұл құрылымға қосылған сөздер өз мазмұнының да қосатын болғандықтан, сөйлемдердегі синтаксистік мазмұнның саны көбейіп, жеке синтагмаға айналады да, өздеріне тән интонациямен айтылады. Мысалы: 1) *Біз бәріміз // ертең сағат сегізде // өзіміздің ауылға // жаяу кетеміз.* 2) *Бүгін бесінші сәуірде // күні бойы // Алматы қаласында // нөсер жамбыр // қатты жауып тұр.* Жайылма сөйлемдер құрамындағы әр түрлі байланыстағы сөз тіркестерінен жасалған бөліктердің әрқайсысы жеке синтагма құрап, алдыңғылары тәуелділікті, аяқталмағандықты білдіріп, соңына қарай көтерілетін интонациямен айтылса, ал сөйлемдер аяғындағысы тәуелсіздікті көрсететін бәсеңдеген интонацияға ие болып тұр.

Сонымен *көтерілетін* интонация сөйлемнің басында, ортасында келетін синтагмаға тән болса, *бәсеңдейтін* интонация сөйлемнің соңында келетін синтагмаға тән болады. Мұндай сөйлемдегі синтаксистік мазмұнмен интонациялық мазмұнның бірдей, яғни барабар болуын синтагманың *вариантсыз* конструкциясы дейді.

Жалпы тіл біліміндегі біздің проблемамызбен айналысатын, әр түрлі тілдерді зерттейтін, мамандардың бәрі дерлік интонация мен синтаксистің арасындағы күрделі қатынас пен байланысты мойындайды. Интонациялық мағына мен грамматикалық мағына тура келіп үйлессе, онда олар бірін-бірі қуаттап, сүйеп тұрады да, бір арнаға құяды. Мұндай интонациялық мағына мен синтаксистік мағынаның бір-біріне тура сәйкес келуі көбінесе сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен қыстырма сөздерінде кездеседі.

Бұл жерде орыстың көрнекті ғалым А.М.Пешковскийдің интонация жайындағы пікірімен келіспеуге болмайды. А.М.Пешковский өзінің «Интонация и

грамматика» деген еңбегінде: «интонация является одним из средств языка, наряду с грамматикой и лексикой, а не чисто грамматическим признаком» дейді (Пешковский, 1928, 110 б.).

Осы күнге дейін әр тілде жазылған «синтаксистерде» синтаксистік мазмұнның интонациялық көріністері жөнінде бір түйінге келген пікір әлі жоқ. Бұл проблема бойынша синтаксистердің көзқарастары әр түрлі екені белгілі. Интонацияның функциясын барлық тілдерде көбінесе сөйлемнің мақсатына қарай классификациялауына сәйкес қарастыратынын көрдік. Бірақ қай тілде болса да, интонацияның сол тілдегі сөйлемнің жасалуына қатысы барлығы және оның сөйлемді құратын, факторлардың ішіндегі универсалды түрі екені анық және оны ешкім де жоққа шығара алмайды. Оның үстіне соңғы кезде қай типологиялық жүйеге жататын тіл болса да, оның сөйлем құратын факторлары біркелкі және олар сан жағынан шектеулі деп есептеліп жүр. Ол факторлардың саны 4-5 тен артпайды делінеді. Олар: 1) жұрнақтар, жалғаулар, яғни көмекші морфемалар (вспомогательные морфемы); 2) көмекші сөздер (служебные, вспомогательные слова); 3) сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі (порядок слов в предложении); 4) интонация (барлық компоненттерімен қоса).

Бұл факторлардың әрқайсысының жеке тілдерде алатын орны әр түрлі болуы мүмкін. Бұл идеяны дәлелдеу үшін интонацияның жалпы типологиялық классификация бойынша бөлінетін *флективті, агглютинативті, түбір* тілдердің сөйлем құрылысымен, құрылуындағы орнын алып қарауға болады.

Академик В.В.Виноградовтың айтуына қарағанда, орыс тіліндегі сөйлемдердің ең басты 3 белгісінің біреуі интонация болып есептеледі (Виноградов, 1938, 551 б., 1950, 9 б., 1971, 301 б.). Орыс тілінің Виноградовтан кейінгі синтаксис мәселелеріне арналған барлық еңбектерімен оқулықтарында ең басты белгілер ретінде Виноградов келтірген 3 белгіні көрсетеді: «Таким образом, основными признаками предложения являются предикативность, модальность и интонационная оформленность предложения».

Агглютиантивті тілдерде, оның ішінде қазақ тілінде сөйлем түзетін жоғарыда айтылып кеткен факторлардың ішінде ерекше орын алатындары жалғаулық, демеулік сөздермен қатар сөйлемдегі сөздердің орны мен интонациясы деуге болады.

Қазақ тілінің синтаксисінің маманы М.Балақаевтың жоғарғы оқу орындарына арналған 1961 ж. шыққан «Синтаксисінде» сөйлемге берген анықтамасы сөйлем үшін интонацияның маңызы зор екенін көрсетеді. Ол еңбектегі сөйлемнің басты белгілері мыналар: 1) сөйлем біршама аяқталған ойды білдіреді; 2) сөйлем предикаттық қатынасты білдіреді; 3) әрбір сөйлемнің айтылу интонациясы болады (Балақаев, Қордабаев, 1961, 7 б.).

Қазақ тілінің басқа авторларының синтаксис жөніндегі еңбектерінің бәрінде де сөйлем құраудағы интонацияның рөлі ерекше аталып отырады.

Типологиялық классификация бойынша түбір (корневой) тілдердің қатарына жататын, яғни сөздері түбір түрінде тұрып флексия, шылау, қоспайтын, қытай тілінде сөйлем түзуде сөздердің сөйлемдегі орын тәртібі мен көп тонды интонацияның мәні аса зор. Жоғарыда аталған екі фактор қытай тілінің сөйлеміндегі сөздердің қандай мағынаға ие болып, қай сөз табынан жасалып тұрғанын білдіріп қана қоймай, сонымен қатар олардың сөйлемнің қай мүшесі

болып тұрғанын да анықтайтыны сезіледі. Оны мына төмендегі сөйлемдердегі түрлі орында, неше түрлі мағынаға ие болып, сондай-ақ, сөйлемнің әр түрлі мүшесі болып тұрған, формалық жақтан ешбір өзгермейтін сөздерден байқауға болады: *Хао жень. Бұл адам жақсы. Жень хао. Ол мені сүйеді. Сию хао. Ол жақсылық жасады.* Бұл сөйлемдердегі түбір сөздердің (мысалы - хао деген сөзді алсақ) түрлі мағынаға ие болып, түрлі қызмет атқарып тұрғанын оның сөйлемдегі орны ғана емес, қытай тіліндегі төрт тонға бөлінетін асыңқы әуенді интонациясы да анықтайтын көрінеді (Будагов, 1953, 139 б.).

Интонация мен синтаксиске қатысты жалпы тіл біліміндегі сөйлемді актуалды, яғни тема мен ремаға бөлу проблемасына тоқталмай кете алмаймыз.

Сөйлемді актуалды яғни *тема* мен *ремаға* бөлудің негізінде *логикалық субъект* немесе *психологиялық субъект* пен *логикалық предикатқа* бөлуі жатыр.

Сөйлемді бұлай бөлу идеясы XIX ғасырда өмір сүрген немістің Г.фон дер Габеленц, Г.Пауль және орыстың Ф.Ф.Фортунатов сияқты үлкен оқымыстыларының еңбектерінен басталады (Gabelentz, 1891, Пауль, 1960, 339 б., Фортунатлв, 1957, 458 б.). Бұл проблемаға синтаксиспен байланысты еңбектерінде А.М.Пешковский, Л.В.Щерба, В.В.Виноградовтарда көңіл аударған.

Сөйлемнің ритмикасы мен интонациясына өз еңбектерінде арнайы көңіл бөлген А.М.Пешковский сөйлемді актуалды бөлуге өте жақын келген. Ол сөйлемді психологическое суждение деп, ал оның баяндауышын психологический предикат деп атайды. Сөйлемнің мазмұнын интонация мен грамматика екеуі қосақтасып анықтайтынын айтады: «У интонации мы находим ряд случаев слияния интонационных средств с собственно грамматическими для создания одного цельного значения» дейді (Пешковский, 1956, 52 б.).

Л.В.Щерба да өзінің «Фонетика французского языка» атты еңбегінде сөйлемнің ритмикалық - интонациялық құрылымын қарастыра келіп, психологиялық баяндауыштың мазмұнын айқындайтын тәсіл *фразалық екпін* деген пікір білдіреді. Бір жайылма сөйлемнің мүшелерінің екіге бөлініп айтылуын Щерба сөйлемнің бастауышы мен баяндауышының интонация арқылы дараланып тұруымен байланыстырады. Сондай-ақ Щерба сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, тек қана интонациялық емес мазмұндық та единица болып табылатыны синтагмамен байланысты деген пікір айтады (Щерба, 1949, 85-88 бб.).

Сөйлемнің актуалды мүшеленуі чех ғалымы В.Матезиустың осы проблема туралы еңбегі шыққаннан кейін басталды деуге болады (Матезиус, 1967, 240, 245 бб.). Матезиустың еңбегінің жалғасы ретінде славян тілдеріндегі осы проблемаға арналған 1960-70 жж. Ф.Данештің, Я.Фирбастың, И.Мистриктің, К.Г.Крушельницкаяның, И.П.Распоповтың еңбектері жарық көрді. Бұл еңбектерде аталған проблеманы славян тілдерінде, оның ішінде орыс тілінде, өзінің айырмашылығы, спецификасы бар сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі мен интонацияны байланыстыра қарастырады. Түркі тілдеріндегі оның ішінде қазақ тіліндегі сөздердің сөйлемдегі орын тәртібімен салыстырғанда орыс және басқа славян тілдеріндегі сөздердің сөйлемдегі орын тәртібі еркін екені белгілі. Бұл тұрғыдан қарағанда, сөйлемді актуалды бөлуде славян тілдері мен түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің өзіне тән өзгешеліктері, болатынында сөз жоқ. Қазіргі лингвистикада сөйлемді актуалды бөлу дегеннен басқа коммуникативті бөлу сөйлемнің функционалды перспективасы сөйлемнің коммуникативті перспективасы деген терминдер де бар.

Аталған проблемаға арнайы қомақты еңбек арнаған И.И.Ковтунова былай дейді: «Термин *актуальное членение* оказался удобным в применении к языкам с подвижным порядком слов. Термины *функциональная перспектива* предложения в большей степени подходят к языкам с грамматикализованным порядком слов» (Ковтунова, 1976, 29 б).

Дегенмен, кейінгі кезеңдегі тіл білімінде сөйлемнің *актуалды мүшеленуі* деген термин тұрақтап қалды. Сөйлемді актуалды мүшелерге бөлгенде пайда болатын екі мүше - *тема* мен *реманың* бұрын жарық көрген еңбектерде басқа да аттары бар. Олар *логикалық субъект* пен *логикалық предикат, психологиялық субъект* пен *психологиялық предикат, мазмұнды субъект* пен *мазмұнды предикат,* және *основа* и *ядро* деген атаулар.

Бірақ, соңғы кездегі еңбектерде тұрақтап қалған, актуальды мүшелерге бөлудің екі термині *тема* мен *рема* немістің 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басында өмір сүрген лингвистері Г.Амман мен К.Боостың еңбектерінен бас алған. Бұған қоса айта кететін жағдайдың бірі сөйлемді актуалды мүшелерге бөлу проблемасының тіл жүйесіндегі орны мен оның тілдегі деңгейі жайында болмақшы. Ол туралы осы проблемамен арнайы шұғылданған И.П.Распопов былай дейді: «В языке различаются конструктивно-синтаксический и коммуникативно-синтаксический уровни. Актуальное членение относится к последнему» (Распопов, 1964). Сонымен қазіргі кездегі лингвистикада шұғыл зерттеліп жүрген «сөйлемнің актуалды мүшеленуі» және оның екі мүшесі тема мен рема деген не, сықылды сұраққа жауап беру керек.

Сөйлемді актуалды мүшелерге, яғни тема мен ремаға бөлу мәселесі славян және орыс тіл білімінде өткен ғасырдың 60-70 жылдарында ғана басталса, орыс тілінде оқытылатын жоғарғы оқу орындарында 70-80-жылдардан ғана бастап (онда да бәрінде емес) оқытыла бастады. Ал қазақ тіл білімінде бұл мәселе Х.М.Есеновтың «Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік қатынастар» деген еңбегінде зерттеу тақырыбы ретінде сол кезден ғана сөз болды және студенттерге оқытыла бастады (Есенов, 1985, 45 б.). Аталған еңбекте тема мен реманың қазақ тілінің сөйлемдеріндегі алатын орны көрсетіліп, оның сөйлемдегі коммуникативтік мақсатына қарай қолданылуының жайы мысалдармен анықталады.

Сөйлемді актуалды мүшелеу проблемасы сөйлемнің коммуникативті мақсатына байланысты жүзеге асады. Адамдар өзара қарым - қатынасындағы нақты ситуацияда өзара сөйлесіп пікір алысу барысында алдына түрлі-түрлі коммуникативтік мақсат қоюы мүмкін. Сондықтан бір сөйлем сол мақсатқа байланысты әр түрлі коммуникативтік мазмұнға ие бола алады.

Мысалы: *Балалар жазда ауылға барады* деген сөйлемді алып қарайық. Нақты ситуацияда актуалды, білдіріуге қажетті, жағдайға байланысты сөйлем түрлі коммуникативті мазмұнға ие болып, оған мына сияқты әр түрлі сұрақтар қойылуы мүмкін.

1. Балалар жазда ауылға бара ма?

2. Балалар ауылға қашан барады?

3. Балалар жазда қайда барады?
4. Жазда ауылға кімдер барады?

Сөйлем актуалды мүшелерге бөлінгенде ондағы білдірілуге тиісті жаңа информация, оның ремасында болады. Ал темасындағы мазмұн ситуациядан, немесе контекстен сөйлесушілерге белгілі болуы керек. Сонда жоғарыда қойылған сұрақтарға сөйлемнің ремасы жауап беріп, ол логикалық предикат болып акценттік белгіге ие болады. Нақты ситуацияға байланысты жоғарыдағы сұрақтарға жауап беретін, жаңа информацияға ие ремамен теманың қарымқатынасын төмендегі схемадан көруге болады.

Сұрақтар	тема	рема
1. Балалар жазда ауылға бара ма?	*Балалар жазда*	*ауылға барады.*
2. Балалар ауылға қашан барады?	*Балалар ауылға //*	*жазда барады.*
3. Балалар жазда қайда барады?	*Балалар жазда //*	*ауылға барады.*
4. Жазда ауылға кімдер барады?	*Жазда ауылға //*	*балалар барады.*

Схемадан көргеніміздей сұраққа жауап беріп тұрған сөйлемнің әрқайсысы паузамен екіге бөлініп, екі синтагма құрап тұр. Ол екі синтагманың біріншісі - белгілі информацияға ие *тема* да, екіншісі - енді білуге тиіс жаңа информацияны білдіруші *рема* болады. Реманың құрамындағы сұраққа тура жауап беретін сөз акценттеліп, интонацияның үдемелігі мен ұзақтылығы мол болып тұр.

Бұл тема мен ремаға бөлінген сөйлемдердің жалпы интонациялық кескінін алып қарасақ, оның да өзінің айрықша ерекшеліктері бар екенін көреміз. Өзінше жеке синтагма болатын темаға жоғары көтерілетін, мазмұнның аяқталмағанын көрсететін, интонация тән болып, одан паузамен бөлініп тұрған ремаға мазмұнның аяқталғанын білдіріп баяу төмен түсетін, нық акценттелген сөзі бар, интонация тән екенін көреміз.

Қазақ тіліндегі сөйлемнің актуалды мүшеленуінің ең басты көрсеткіштерінің бірі оның интонациялық кескіні болса, екінші көрсеткіші оның сөздерінің екі синтагма тема мен ремаға бөлініп, жаңа мағына беретін ақценттелген сөздің сөйлемнің соңындағы баяндауыштың алдына барып тұруы. Сонымен, коммуникативтік мақсатқа қарай сөйлем актуалды мүшелер тема мен ремаға қалай бөлінсе де қазақ тіліндегі сөйлемнің баяндауышы тапжылмай сөйлемнің соңында, өз орнында тұратынын байқаймыз. Бұл жағынан алғанда қазақ тілі мен орыс тілін салыстырсақ сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі көп еркін орыс тілінің актуалды мүшеленуінде интонациядан гөрі сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің көбірек мәні бар екенін байқауға болады. Яғни, орыс тілінде сөйлем тема мен ремаға бөлінгенде, жаңа информацияны білдіретін рема әр уақытта сөйлемнің ең соңында тұрады. Мысал ретінде қазақша келтірілген сөйлемдердің орысшасын тема мен ремаға бөліп көрейік:

тема рема

1. Дети летом в аул // поедут.
2. Дети в аул поедут // летом.
3. Летом дети поедут // в аул.
4. Летом поедут в аул // дети.

Бұл жағдай қазақ тіліндегі сөйлем мүшелерінің өзара орналасу ерекшелігін көрсетеді. Әр түрлі тілдердегі сөйлемді актуалды мүшелерге бөлу проблемасын зерттеген ғалымдардың бәрі де сөйлемнің актуалді мүшеленуі мен синтаксистік мүшелерге бөлінуінің барлық тілдерде де бір-бірінен көп айырмашылығы бар екенін айтады. Бұған кішігірім бір мысал ретінде жоғарыда келтірілген қазақ тілі мен орыс тілінің айырмашылықтарын айтуға болады. Біріншіден, актуалды бөліну барлық тілде бірдей, екі мүшеден, тема мен ремадан тұрады, ал сөйлемнің синтаксистік мүшелері беске бөлінетіні белгілі. Олар бізге мәлім тілдердің бәрінде былай бөлінеді: бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш. Екіншіден, қазақ және орыс тілдеріндегі тема мен реманың әр қайсысына топталатын сөздер сол тілдердің синтаксисінде орын алатын бастауыш пен баяндауыштың құрамдарымен тура сәйкес келе бермейді. Бұл, әсіресе, сөздері сөйлемде еркін орналасатын орыс тілінде анық байқалады. Орыс тілінен келтірілген мысалдардың біреуінде ғана (парадигманың бірінші актуалды мүшеленуінде) рема - баяндауыш сөйлемнің соңында логикалық предикат болып тұр.

Қазақ тіліндегі мысалдарда төрт сөйлемнің үшеуінде (1, 2, 3) бастауыш құрамы тема логический субъект ал баяндауыш құрамы рема логический предикат болып тұр.

Парадигманың тек төртінші сөйлемде ғана *кім* деген сұраққа жауап бергенде логикалық предикат болып тұрған реманың құрамындағы синтаксистік баяндауыштың алдында келген синтаксистік бастауыш есептелетін акценттелген *балалар* деген сөз тұр. Бұл жерде түсінік бере кеткен жөн тәрізді. Акценттелу дегеніміз просодикалық тәсілмен фразадағы бір сөздің екпінмен ерекше белгіленуі. Бұл секілді сөзді акцентпен белгілеу барлық тілдерде де кездеседі.

Просодикалық тәсілдердің тыныс белгілеріндегі көрінісі

Пунктуация латынның punctum «нүкте» деген сөзден алынған. Тыныс белгілері тіл дыбыстарының таңбалары сияқты графикалық шартты белгі болып табылады. Тыныс белгілері түтас мәтінде қолданып, сөйлемнің қандай бөлшектерден құралғандығын көрсетеді. Сондай-ақ оларды дұрыс жазуға, жазылғанды дұрыс оқуға, дұрыс түсінуге көмектеседі. Әр тілдің өзінің пунктуациялық жүйесі бар. Ол тілдің өзінің қасиетіне, синтаксистік және интонациялық ерекшеліктеріне, құрамына байланысты.

Жалпы тіл білімінде тыныс белгілері үш зерттеу бағытында қарастырылады: логикалық, синтаксистік және интонациялық. Тыныс белгілерін тілдік логикалық

жағымен байланысты қарауға аса көңіл бөлген Ф.И.Буслаев. Тыныс белгілері сөйлемді мағына жағынан жіктелуін анықтайды және ойлардың бір-бірімен логикалық байланысын көрсетіп, әртүрлі қосымша семантикалық реңктерді саралайды. Бұл көзқарас еуропа тілдерінің ішінде неміс тілінің пунктуациясы қағидаларымен үндеседі.

Тыныс белгілерін синтаксиспен байланысты қарастырған ғалымдар Я.К.Гротт, А.Б.Шапиро және А.Н.Гвоздев. Бұлар өз еңбектерінде тыныс белгілері синтаксистік құрамына қарай сөйлемдерді жіктейді, оның қандай құрылымдық бөлшектерден құралғандығын, бөлшектердің бір-бірімен мағыналық және синтаксистік қатынастарын пайымдайды. Сондай-ақ тыныс белгілері сөйлеудегі сөздерді мағынасына қарай бір-бірінен айыруға және мығынаны түсіндіруге жеңілдік беретіндігін дәлелдейді. Бұл ғалымдар тыныс белгілерінің синтаксистік қағидаларға негізделетінін айтып кеткен. Олардың пікірінше, нүкте, нүктелі үтір, қос нүкте, үтір сөйлемнің ортасында да, соңында да, мәтіннің мазмұнын түсіндіру үшін қолданыла береді, ал сұрау белгісі мен леп белгісі сөйлемнің интонациялық ерекшеліктерін көрсетеді.

С.И.Абакумов пен Л.В.Щерба пунктуацияны зерттеуде интонациялық бағытты ұстанады. Бұл ғалымдардың пікірінше, пунктуация сөйлемнің интонациялық ерекшеліктерінде көрініс табады, дәлірек айтқанда, тыныс белгілері ой екпіні, әуен, ырғаққа негізделеді. Түрлі мәтіннің мазмұнын толық түсіну үшін дауыс ырғағының, эмоциялық реңкінің рөлі аса зор деп есептеген. С.И.Абакумов интонация мен пунктуацияның қарым–қатынасы жөнінде «Интонация и пунктуация – это как бы две сестры, дочери одного и того же отца, смысла речи», деген. Л.В.Щерба өзінің еңбегінде «Пунктуация – правила употребления дополнительных письменных знаков (знаков препинания), служащих для обозначения ритмико-мелодических фраз, иначе фразовой интонации» деген. Л.В.Щербаның пікірінше, әрбір тыныс белгісіне өзіндік интонациялық сурет лайық. Мысалы, үтір тонның көтерілуімен ерекшеленеді, бірыңғай мүшелерге негізгі тонның сегменттелуі тән, үтірлі нүкте әуеннің бәсеңдеуімен барабар, ал сызықша әуеннің бәсеңдеуімен қатар кідіріспен сипатталады, тағы осындай.

А.М.Пешковский мен М.Н.Петерсон да пунктуацияның негізгі көбінесе әуен мен кідіріске байланысты болады деген пікір айтады. Олардың ойынша, пунктуация просодикалық тәсілдердің мағыналық айырмашылықтарын білдіру үшін қызмет атқарады және тыныс белгілері интонациямен бірге мәтіннің мазмұнын толық түсінуге көмектеседі.

Сонымен, тыныс белгілерін зерттеуде логикалық, синтаксистік және интонациялық бағыттар байқалады және олардың сөйлеу тілі мен жазу тілін байланыстыратын құрал екендігін көріп отырмыз. Пунктуация арқылы жазылғанды дұрыс оқуға, әрі дұрыс түсінуге мүмкіндік туады. Демек, жазу тілінде тыныс белгілері қолданса, сөйлеу тілінде олар просодикалық тәсілдерінде, логикалық байланыстарда көрініс табады.

Түркі тілдерінің ескерткіштерінде тыныс белгілері туралы алғашқы түсініктер кездеседі. V-V11 ғасырлардың Орхон-Енисей ескерткіштерінде нүкте, қос

нүкте бір сөзді екінші сөзден айру қызметін атқарған екен және олар тармақтың соңында беріледі (Мелиоранский, 1897). Жалпы тарихи деректер бойынша, тыныс белгілерінің пайда болуы нүкте және қос нүктеден басталады және олар мәтінде сегменттеу қызметін атқарады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында баспасөз үлгілерінде, мысалы «Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаяты» газеттерінде бүгінгі кезде қолданылатын тыныс белгілері кездеспейді, олардың орнына сызықша мен жұлдызшалар қойылған. Басқа да түркі тілдері сияқты, қазақ тілінің де тыныс белгілері ұлттық жазумен тығыз байланысты.

Қазақ тіліндегі тыныс белгілері жайында жазылған алғашқы еңбектердің бірі – Ш.Х.Сарыбаевтың «Қазақ сөйлемінде үтірдің жазылатын орындары» деген мақаласы. Бұл еңбекте автор тыныс белгілерін интонациямен байланыстыра қарастырады. Ғалымның пікірінше, пунктуация интонацияға негізделген, сондықтан тыныс белгілерін дұрыс қолдану үшін ең алдымен интонация мәселелерін жете зерттеу керек екен дейді. «Осы күнгі мұғалімдердің оқушыларға дер кезінде интонацияны дұрыс жаттықтыра алмағандықтан, қазақ тіліндегі интонация қалып ел арасында ала-құла болып кеткен. Қазақ тіліндегі тыныстарды белгілеу үшін қазақ интонациясын, оның мағыналарын біліп алу керек (Сарыбаев 1936, 51 б.). С.Жиенбаев тыныс белгілер сөздердің синтаксистік байланысына сәйкес болатындығы жөнінде пікір айтады. Автор өзінің мақаласында тыныс белгілерінің маңызын көрсетіп, үтірдің қолданатын орындары туралы ережелер береді. Ғалымның айтуынша, тыныс белгісі негізінде сөздердің синтаксистік байланысына сәйкес келеді және интонацияның да ролі ерекше. «Дауыс ырғағы сөздің сөйлемде тұрғандағы мәнісіне қарай, сөйлемдегі сөздердің өзара байланысынан туатын нәрсе», деп түсіндіреді (С.Жиенбаев 1940, 3 б.). Х.Басымов тыныс белгілердің ішіндегі үтірдің құрмалас сөйлемдегі атқаратын роліне тоқталып, былай деген: «Құрмалас сөйлемдердің үтір белгілерін түсіну үшін, алдымен құрмаластың өзара бөлінісін, олардың айырмаларын білмей болмайды».

М.Балақаев кейбір тыныс белгілерінің дұрыс қолдауына аса назар аударған болатын. Әсіресе сұрау және леп белгілерінің пайдалану туралы терең пікірлер айтып кеткен. Тыныс белгілерінің дұрыс қоюдың негізі грамматикалық құрылыс және дауыс ырғағы делінген. Ғалымның пікірінше, тыныс белгілерінің қолданылуының ғылыми принциптері және нақты қағидалар болмағандықтан әр жазушы өзі қалаған тыныс белгісін пайдалануы тиіс. «Жұрттың бәріне бірдей заң болатындай тыныс белгілерінің тиянақты ережесі жоқ және қазақ тілінің грамматикасында тыныс белгілерінің мәселесі дұрыс шешілмеген соң, кімнің жазғаны дұрыс, кімнің жазғаны бұрыс екенін айту да қиын болады». Қазақ тіліндегі пунктуация жөнінде теориялық негіздерін құрған М.Балакаев, қазақ тілінің тыныс белгілері орыс тіліндегідей бола бермейді, себебі екі тілдің синтаксистік құрылысы және интонация заңдары әр түрлі, деп тұжырымдайды.

А.Ысқақов пен Ә.Хасеновтың «Тыныс белгілері» деген еңбегі қалың оқырманға қажетті көмекші құрал болды. Авторлардың пікірінше, тыныс белгілерінің негізі ретінде сөйлемдердің грамматикалық құрылысы, сөйлемдегі сөздердің мағыналық ерекшеліктері мен аузекі сөздегі интонация, әуен, ырғақ, кідірістер алынады. Авторлар тыныс белгілерінің барлық тілдерде қолданылатын және олардың универсалды қасиеті туралы айтып кетеді: «Тыныс белгілерінің

әрқайсысының атқаратын қызметтерінде де мүмкіндігінше басқа тілдердегі сияқты жалпылық жақтар ескерілгені мақұл». Авторлар тыныс белгілерінің маңызына, оның шешілмей жүрген мәселелеріне назар аударып, бір ізге салу керек екендігін, тереңірек зерттеу қажеттігін айтады.

Тыныс белгілері мәтінді жазғанда да, айтқанда да, оны бөлшектерге бөліп, мүшелеп, саналы түрде түсіндіру үшін және түсіну үшін өте керекті шарт екені күмән тудырмайды. Осыған сәйкес жазуда қолданылатын тыныс белгілерінің әрқайсысының атқаратын қызметін жақсы білу қажет.

Қазақ пунктуациясының даму және қалыптасуына Ф.Мусабековаңың еңбектері де үлес қосқан. «Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы» деген еңбегінде автор пунктуацияны сөйлеудің мағынасына, грамматикалық құрылысына және интонацияға негіздеп қарайды. Әуен мен кідіріс тыныс белгілерін қоюда қосымша қызмет атқарады. Ал бірсыпыра тыныс белгілері сөйлемнің құрылысына байланысты қойылады. Қос нүкте, нүктелі үтір, сызықша, үтір, жаңа жол синтаксистік құрылысқа сүйеніп қойылады. Жақша, сұрау белгісі, леп белгісі, нүкте, көп нүкте, тырнақша т. б. сөйлемнің мағынасын білдіру үшін қолданылады.

Тыныс белгілерінің сөйлемнің құрылысына негізделіп қойылатындығына автор бірнеше нақты мысалдарды келтіреді. Мысалы: Әр *адамның бағасына бір ғана өлшеуіш бар*: *ол - өнімді адал еңбек (Мұқанов)*. Бұл мысалда сызықша бастауышты басқа мүшелерден айра білу үшін қойылғаны. Мағынаға байланысты қойлатын тыныс белгілерге мынадай мысал берілген. *Айналасы – манағы көрген тас қорған... Сирек-сирек құбатая шыққын кең алаң... (журналдан)*. Мұндағы әр сөйлем соңына қойылған көп нүктеге қарап, тағы да айтылуға тиісті бірнеше пікірлер айтылмай қалған екен деп түсінуге болады. Пунктуацияны дұрыс қоя білудің үшінші критерийі – интонацияға мынадай мысал берілген: *Мен білетін ауылдардан «қара қасқа сорлылардың» қатарына қосылатын Балғабайдың су мұрын Нұртазасы мен жылан көз Ыбырайдың Ахметі жүр (Мұқанов)*. Осы сөйлемді оқығанда, жылан көз деген тізбектен соң пауза жасағанда, Нұртаза көзі жыланға ұқсаған адам және Ахмет үшеуі жүр деген ұғым туады, екінші ретте, яғни ол жерге пауза жасалмай оқығанда, көзі жылан сияқты Ыбырайдың баласы Ахмет және Нұртаза екеуі ғана жүр деп түсінуге болады.

Жазу тілінде тыныс белгілері сөйлемнің интонациясына әсер етіп қана қоймай оның мағынасын өзгертіп жібереді, мысалы: *Ай, қандай десеңші* деген мен *Ай қандай десеңші* – ні салыстыра көрейік. Көрсетілген мысалдардың тыныс белгілерінің қойылуына байланысты интонация да, мағынасы да әр түрлі болатыны анық. Тыныс белгілерінің дұрыс қойылуы сөйлемдерді шын мәнінде дұрыс, дәл ұғуға мүмкіндік береді (Мусабекова 1973, 50 б.).

Тыныс белгілерінің зерттелу тарихын сөз еткенде Р.Сыздықова оны сөз мәдениетіне, нормаға қатысты қарастырады. Қазақ сөздің орфоэпиялық және орфографиялық ерекшеліктерін зерттей отырып, автор былай деп жазған: «Сөйлеу мәдениеті дегеніміз – ауызша сөйлеудің жалпы тіл мәдениетіне қойылатын талаптармен қатар, өзіне тән нормаларды сақтауы болып табылады. Бұл номаларға сөйлеу үстінде сөздерді дұрыс дыбыстау, сөздің сазын келтіріп айту тәртібі жатады». Сөйтіп қазақ тілі пунктуациясының және оның сөйлеу тіліндегі көрінісі бүгінгі таңдағы өзекті мәселе екендігі аңғарылады.

Қазақ тіліндегі тыныс белгілері мен интонацияның өзара сәйкестігін табу мәселесіне Т.Кеншінбайдың эксперименталды-фонетикалық жұмысы арналған. Оның еңбегінде жалпы және орыс тілтанымындағы тыныс белгілер теориясына қатысты жұмыстар қарастырылады және олардың қазақ тіліндегі тыныс белгілер жүйесіне ықпалы анықталды. Қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің бастауы мен қалыптасуы желісі ғылыми-тарихи тұрғыдан зерттелді. Пунктуация мен интонацияның қарым-қатынасын тек қана тыныс белгілер деңгейінде ғана бір жақты сөз болып келген, ал пунктуацияның ең басты белгісі болып табылатын интонациялық рәсімделуі зерттеушілер назарынан тыс қалған. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы жазу тілінің тыныс белгілерінің дамуының нәтижесі. Қазақ пунктуациясының негізгі қызметі – тілдің ішкі заңдылықтарына сүйеніп, сөйлеуді сөйлемдерге, сөйлемдерді белгілі бөліктерге бөліп, ажыратып жазу және олардың дұрыс мәнерлеп, нақышына келтіріп оқуға, сонымен бірге жазылған ойды я оның бөлшектерін дұрыс түсінуге мүмкүндік жасау.

Т.Кеншінбай жалпы, орыс және қазақ тіл біліміндегі тыныс белгілер теориясына сүйене келіп, синтаксистік бірліктер шегарасын анықтаудың фонетикалық қисындары мен жолдарын айқындап, сөйлем деңгейінде кешенді фонетика-интонациялық сипаттама берген. Күрделі сөйлем құрамындағы фразалар қиылысындағы фонетикалық құбылыстар талданып, тыныс белгілердің сөйлем аралық кездесер-кездеспес тұстарына қатысты фонетикалық белгілер просодикалық және сегменттік деңгейде анықталды.

Сонымен, тыныс белгілерінің негізгі қызметі аузекі сөзде болатын түрлі интонациялық компоненттеріне (әуен, кідіріс, тоналды диапазон, қарқын т.б.) сәйкес айтылған ойды бөлшектеп, мағынаны түсінуге жазылған мәтінді ажыратып оқуға дәнекер болады. Сөйлеуші ойды бірнеше сегменттерге мүшелеп үлкенді-кішілі кідіріс жасап, сөйлемнің мағыналық-интонациялық қасиетіне қарап, өзіне лайық тыныс белгісін қояды.

Тыныс белгілері тек дұрыс жазудың ғана құралы емес, дұрыс оқудың да, дұрыс түсінудің де құралы екені сөзсіз. Сөйлемнің соңында келетін тыныс белгілері мәтіндегі сөйлемдерді бір-бірінен ажыратып қана қоймай, оның қандай коммуникативтік мақсатпен және соған сәйкес қандай интонациямен айтылғандығын көрсетеді. Сөйлемнің ортасында келетін тыныс белгілері просодикалық тәсілдермен тығыз байланысты: әуеннің көтерілу-бәсеңдеуі, қарқыны, тональды диапазоны, кідірістер, жазба тіліндегі тыныс белгілерінің аузекі тіліндегі көрсеткіштері. Бірақ интонацияның функциясы сан алуан, сондықтан оның барлығын таңбалауға тыныс белгілері жете бермейді. Б.Шоу айтқандай, сөйлеу тілінде ***ия*** деген сөзді интонация арқылы 50 түрлі тәсілмен беруге болады, ал жазба тілінде олардың бір-ақ көрінісі бар.

Сөйлемдердің тиянақты, тиянақсыз, сұраулы, бұйрықты т.б. интонемалары сан алуан просодемалармен ерекшеленеді, ал олардың саны интонемаларға қарағанда шегі жоқ. Бұл жағдайда интонация пунктуацияға бағынбай жалғыз өзі шешуші роль атқарады.

Интонациялық қызметіне байланысты тыныс белгілері екі топқа бөлінеді: **паузалық**, және **тоналды**. Тыныс белгілердің көбісі бірнеше функцияны атқарады, бірақ солардың ішінде бір функциясы негізгі болады. Кідірістік тыныс

белгілеріне нүкте, нүкте-үтір, үтір жатады. Ал әуендік тыныс белгілеріне – сұрақ белгі, лепті белгі, көп нүкте, қос нүкте, тырнақша, сызықша, жақша жатады.

Сонымен, тыныс белгілері сөйлемнің қандай бөлшектерден құралғандығын, оларды қандай ырғақпен, қандай мәнермен, қандай сазбен оқу керектігін, қай жерде кідіріс барлығын байқату қызметін атқарады.

Барлық тыныс белгілері өзінің атқаратын функциясына қарай тағы екі топқа бөлінеді: мәтін бөлшектерін бір бірінен айыратын және сөздерді, сөз тіркестерді көмкеріп бөлетін. Айыратын тыныс белгілерге нүкте, лепті белгісі, сұрақ белгісі, нүкте, үтір, көп нүкте жатады. Көмкеріп бөлетін тыныс белгілеріне екі тырнақша, екі жақша, қос нүкте жатады.

Бір шама аяқталған ойды білдіретін, сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілері: нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі. Сөйлемнің ортасында келетін тыныс белгілері: үтір, нүктелі үтір, қос нүкте, көп нүкте, сызықша, жақша, тырнақша. Сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілері бір сөйлемді екінші сөйлемнен ажыратып қана қоймай, оның қандай мақсатпен, қандай интонациямен айтылғандығын көрсетеді. Сонымен қатар, олардың біршама аяқталған ойды білдіретіндігін де байқауға болады. Сөйлемнің соңында қойлатын тыныс белгілері ұзын кідіріспен байланысты болады. Ал сөйлемнің ортасында келетін тыныс белгілері қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына бағынады. Олар сөйлем ішіндегі сөздерді, сөз тіркестерін мағынасына, атқаратын қызметіне қарай ажыратып отырады. Бұл жерде интонацияның негізгі компоненттері шешуші роль атқарады. Тыныс белгілері көбінесе сөйлеушінің дауыс сазының жоғары-төмендегіне, диапазонына, үдемелігіне және тағы осындай просодикалық тәсілдеріне байланысты болады. Сөйлемнің ортасында келетін тыныс белгілері интонацияның сегментация және интеграция функцияларымен байланысты.

Сөз синтездеу процесінде де олардың атқаратын қызметі зор. Сонымен интонация сөйлеу тілінде естілуімен қатар жазба тілінде (сөйлемде, мәтінде) "оқылады". Себебі жазушының өзі жазып отырғанының басқалар оқығанда қалай естілетінін, оның қандай интонациямен айтылатынын біліп, тиісті тыныс белгілерін қойып отыруының себебі сонда болса керек.

Алайда интонация мен оның компоненттерінің көрінісі барлық жағдайда да тыныс белгілерімен сәйкес келеді деу қиын шығар. Мысалы, - *«Ат бар, құс бар, ит бар, менен бақытты кім бар?» - деп қорытты ойын Нұрмағамбет* (С.Мұқанов) деген сөйлем шығармада берілген контекстен басқа бір мазмұн шеңберінде айтылса, ол әдеттегі сұрау интонациясымен айтылуы әбден мүмкін. Бірақ автор беруіндегі **пресуппозиция** (*Нұрмағамбеттің күн кешкіре болдырып, терлеген тайын аяңдатып ауылға келе жатқанда, өзі дүниедегі ең бақытты адам сияқты көрінуі: оның жеті-сегіз жасынан бергі ермегі – тұрымтай мен қырғиды баулып, бөдене мен торғай алдыру кәсібімен шұғылданып жаяу жүргендегі "әттең, бір, тай-ай?!" деген арманының орындалуы*) және белгілі бір ой мазмұнының (бұл жерде ол - күрделі синтаксистік тұтастық) соңын білдіруші *деп қорытты ойын Нұрмағамбет* сөйлесімі бұл *Ат бар, құс бар, ит бар, менен бақытты кім бар?* деген сұрау белгісімен өрнектелген сөйлемді автор сөзінде бәсеңдеп барып тынатын бірсыдырғы интонациямен айтуға негіз болады. Міне, көріп отырғанымыздай, сұрау мағынасын білдіретін тыныс белгісінің бұл жердегі интонация көріністерімен сай келмей тұрғандығы аңғарылады.

ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТҮРЛЕРІНІҢ ИНТОНАЦИЯСЫ

Сөйлемдердің құрылымдық модельдері жайында

Жалпы тіл білімінде ғалымдардың сөйлемді түзетін негізгі белгілердің бірі ретінде және сөйлемдердің құрылымдық - коммуникативтік түрлерін даралауда интонацияның маңызы зор екені туралы пікірлері айқын көрінеді. Шындығында да сөйлеу тілінде ғана емес, жазба тілде де сөйлемдегі сөздерді семантикалық-құрылымдық топтарға, яғни синтагмаларға бөлуде, оларды бір-бірімен байланыстыруда интонацияның мәні айтарлықтай. Олай дейтініміз жазба тілдегі творчестволық процесте әр автор, әр жазушы жазып отырған мәтінді яғни жазба тілін әр уақытта ырғақты топтарға, синтагмаларға бөліп қана қоймай, оның интонациясын да "естіп" отыратыны табиғи жайт.

Жазушының, яғни жазба мәтін авторының өзі жазған мәтінде тыныс белгілерін қоюы да соның айғағы болса керек. Н.В.Черемисина осы проблема туралы өз еңбегінде: «письменный текст всегда «звучит» для автора и озвучивается - реально или мысленно - читателем» дейді (Черемисина, 1982, 7 б.). Алайда интонацияның барлық компоненттерінің, ерекшеліктерін, мысалы, оның негізгі тонының жиілігін, ұзақтылығын, қарқынын, үдемелігін жазба тілінде көріп білу, оны «оқып шығу» оңай емес.

Мәтіннің күрделі түрлеріндегі интонацияның бірліктерін, компоненттерін, оның басқа да көріністерін оларға ерекше зер салып, экспериментті түрде зерттеу арқылы ғана анықтап, білуге болады.

Сөйлемдегі коммуникативтік мақсатты (коммуникативная установка) сөйлеуші не жазушы өзі қояды. Сол арқылы жазушының не сөйлеушінің айтылып отырған ойға, көзқарасы, қатысы көрінеді. Бұл сөйлем атаулының бәріне тән «интонация» және «предикативтікпен»қатар жүретін «модальдық» деген ерекшелікпен байланысты екені белгілі.

Хабарлы, сұраулы, немесе бұйрықты, лепті сөйлемнің өзіне тән құрылымдық, семантикалық, интонациялық модельдері бар. Осы модельдердің бәрінің семантикалық өзегі болады. Ол субъект пен предикаттың қатынасынан пайда болған семантикалық өзек. Лингвистикада оны көбінесе предикативті өзек дейді. Бұл предикативті өзек сөйлемнің барлық түрлерінде кездеседі. Себебі бұл ұғым белгілі бір сөйлемнің «предикативность» деген негізгі ерекшеліктерінің бірімен байланысты. Бірақ бұл ұғым сөйлемнің баяндауышы мағынасындағы «предикаттың» Р көлеміне сыймайды, себебі баяндауышы, яғни грамматикалық предикаты жоқ атаулы сөйлемдерде де предикативтік бар деп есептеледі. Мысалы: *Күз. Сарғайған жапырақтар*, деген атаулы сөйлемдер. (формуласының жазылуы S не N). Бұл сөйлемдер сөйлемдік статусқа интонация арқылы ғана ие болып тұр.

Сөйлемнің құрылымдық аспектін зерттейтін құрылымдық лингвистикада үстіміздегі ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап қана жай сөйлемдер түрлерінің формулалары, құрылымдық схемасы беріле бастады. Оған мысал 1970 жылы жарық көрген орыс тілінің Академия грамматикасында берілген Н.Ю.Шведованың формулалары (Минимальные структурные схемы двусоставных и односоставных предложений) мен 1982 ж. жарық көрген «Ака-

демическая грамматикадағы» В.А.Белошапкованың формулалары. Жалпы бұл минимальді құрылымдық схемалардың, яғни формулалардың негізінде сөйлемнің предикативтік өзегі жатыр. Бір құрамды сөйлемдердің де, екі құрамды сөйлемдердің де формуласында олардың латын әрпімен берілген тұрлаулы мүшелері - яғни бастауышы мен баяндауышы ғана жазылады. Кез келген есім сөз бастауыш ретінде **S** не **N**, деген символмен жазылады, ал баяндауыш - предикат **P** не **V** (verbum - етістік) мен белгіленеді: **S - P**, не **N - V**. Мұнда берілген формулаға **S - P** негіз болған ежелгі логикалық грамматикадан келе жатқан «суждениенің» (байыптау, ойлаудың) екі мүшесі: субъект (S) пен предикат (P). Көрсетілген формуланы **S - P** логикалық грамматикадағыдай екі мүшелі (субъект пен предикат), яғни бастауыш пен баяндауыштан тұратын жалаң хабарлы сөйлемге ғана емес, сұраулы, бұйрықты сөйлемдерге ыңғайлап кеңітіп пайдалануға болады. Себебі негізге алынған қағида - логикалық байыптау, ойлаудың құрылымы **S - P**- ойлаудың барлық түріне, оның ішінде хабарлы сөйлемге ғана емес, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдерге де тән жалпы формула деп аламыз.

Мысалы, субъект **S** ойлаудың басты тақырыбын көрсетсе, ал предикат **P** сол зат не құбылыс туралы айтылған пайымдауды білдіреді, немесе кеңірек, лингвистикалық тұрғыдан келсек, сол заттың құбылыстың жалпы сипаттамасын білдіреді. Ол субъекттің сипаттамасы предикатта хабар түрінде де, сұрау түрінде де, бұйрық мәнінде де және болымды, болымсыз сөйлемдер түрінде де бола береді. Мысалы, хабарлы сөйлемде субъект пен предикаттың ара қатынасы төмендегідей **S** болады (болмайды) **P**: Ол - студент (Ол студент емес), немесе Ол келеді (келмейді). Бұлардың жалпы формуласы біреу-ақ: **S-P**.

Сұраулы сөйлемнің құрылымдық схемасында, формуласында **S-P** бір компоненттің белгісіз екендігі, соны анықтау керек екендігі тұжырымдалады: Кім келеді (келмейді)?, Ол қайда?, формуласы **S-P**? Бұйрықты сөйлемде P-предикаттың **S**-субъектке қатысты болуын (болмауын) қалайтыны, не бұйрылатыны айтылады: Ол келсін (келмесін), формуласы **S-P**.

Бастауышы ғана бар бір құрамды атаулы сөйлем **S** не **N** болып жазылады да, бір құрамды бастауышы жоқ, баяндауыштан ғана тұратын жақсыз сөйлем **Vf** болып жазылады. Ал бір құрамды жалпылама жақты сөйлем **Vf3pl** болып; инфинитивті сөйлем **Inf** деген символмен жазылады, тағы сондайлар.

Сонымен сөйлемдердің құрылымдық-коммуникативтік түрлеріне сүйеніп, интонациялық ерекшеліктерін эксперименттті әдістер арқылы зерттеп, олардың түрлі модельдерінің просодикалық көріністерін анықтауға болады.

Қазақ тілінің сан алуан синтаксистік - коммуникативтік құрылымындарында интонация және оның бірліктері мен компоненттері орын алып, олардың өзара күрделі де әрқилы қатынастарға түсетіні анық. Қазақ тілінің конструктивті-синтаксистік, яғни статикалық - жазба түрінде де, коммуникативті-синтаксистік, яғни динамикалық - сөйлеу тілінде де интонацияның көріністері мен белгілері және олардың өзіне тән орны бар.

Оны сөйлемнің жазба түрлерінде ешбір техникалық әдіссіз-ақ көзбен көріп, құлақпен естуге болады. Мысалы бастауышы да, баяндауышы да қосымшасыз түбір сөздерден жасалған жай сөйлемдердегі, есім сөздердің бастауыштық - баяндауыштық функциялары, олардың сөйлемдегі белгілі бір орын тәртібімен (бастауыш - бірінші, баяндауыш - екінші) тұрғанымен ғана анықталмайды,

ең алдымен бұлардың сөйлем құрап тұрғанын және оның біріншісі - бастауыш, екіншісі - баяндауыш болып тұрғанын осы сөйлемге тән интонация ғана анықтайды. Мысалы: *Ол - студент* (сөйлемнің құрылымдық схемасы S-P немесе N-N) деген сөйлемді алайық. Бұл сөйлемнің бастауышы *(Ол)* мен баяндауышы *(студент)* кідіріс арқылы екіге бөлініп, жай хабарлы сөйлемге тән соңына қарай баяу төмендейтін көтеріңкі - бәсең интонациямен айтылып тұр; сондықтан да бұл екі сөзден тұратын жалаң сөйлемнің әр мүшесі бір ырғақты топқа, синтагмаға теңеліп тұрғаны анық. Осы сөйлемнің айтылу интонациясының реңкі өзгертіліп айтылса, ол сол күйінде тұрып, ешбір құрылымдық өзгеріссіз-ақ басқа эмоциялық мағынаға ие болады. Мысалы *Ол - студент* деген сөйлемнің интонациясын көтеріңкі-бәсең, жай хабарлы сөйлемнің, соңына қарай баяу төмендейтін түрінде емес, бастауышы мен баяндауышы алғашқыдағыдай кідіріспен бөлінгенмен, бірақ баяндауышы төмендемей бастауышпен бір деңгейде, жоғары; сондай-ақ баяндауышының айтылу ұзақтылығы басымырақ және жоғарырақ келетін жеңіл тонда болса, онда ол сөйлемнің эмоциялық мағынасы көтеріңкі болып, мақтанышты, қуанышты білдіреді. Яғни, ол бұрынғыдай мектеп оқушысы емес, енді оның студент екенін, есейіп, бұрынғыдан жоғары статусқа ие болғанын білдіреді. Ал егер *Ол - студент* деген сөйлем тоны төмен, бастауышы мен баяндауышының айтылуы ұзағырақ, тембрі мысқылды интонациямен айтылса, онда оның, яғни, субъекттің нақты жағдайда студент болғаны орынсыз, (студенттікке лайық емес) ерсі екенін көрсетеді.

Енді жоғарыдағы сөйлемнен өзгеше *Ол студент // сабаққа келмей жүр* (S-P не N-Vf) деген сөйлемнің айтылу интонациясының ерекшеліктерін қарап көрейік. Бұл екі ырғақты топтан, яғни екі синтагмадан құрылып, бастауышы мен баяндауышы кідіріспен бөлініп, бастауыш тобы болып тұрған сөз тіркесінің *Ол студент* (есімдік *ол* - анықтауыш, зат есім *студент* - анықталушы сөз) айтылу ұзақтылығы, жалаң сөйлемнің *Ол* деген жалғыз сөзден болған бастауышының айтылу ұзақтылығымен барабар сияқты. Бұл сөйлемнің жалпы интонациясын алып қарасақ, екі ырғақты топтың арасындағы кідірісі тым қысқа, шамалы ғана болады. Сондай-ақ баяндауыш болып тұрған екінші ырғақты топтың басы мен бастауыш болып тұрған ырғақты топтың аяғы бір тональды деңгейде айтылып, баяндауыш болып тұрған ырғақты топ аяғына қарай төмендегенмен оның бас жағы акценттеліп нық айтылып тұр. Келтірілген сөйлемнің бұл интонациялық сызығы оның жалпы коммуникативтік мағынасының кінәләушілікті білдіріп тұрғанын көрсетеді.

Ол студент // сабаққа келе алмай жүр деген сөйлемнің екі ырғақты тобының арасындағы кідірісі алдыңғы сөйлеммен салыстырғанда ұзағырақ, ал осы алдыңғы сөйлемдегідей үш сөзден тұрмай, төрт сөзден тұратын баяндауыш тобының айтылу ұзақтылығы - алдыңғы сөйлемнің баяндауышы мен бірдей және көтеріңкі айтылып акценттелген сөз сөйлемнің аяғына жақын тұр. Бұл сөйлемнің интонациясының мағынасы аяу, есіркеуді білдіреді *(келе алмай жүр)*.

Сонымен, интонацияның компоненттері әр түрлі коммуникативтік, эмоциялық мазмұнға ие болып, сөйлем ішінде өзара қатынастарға түсіп, сөйлемнің жалпы мазмұны мен эмоциялық реңін түрлендіруде айрықша қызмет атқарады.

Қазақ тілінде бастауышы мен баяндауышы сөйлемнің предикативті өзегін құратын екі құрамды сөйлемдермен қатар бір ғана тұрлаулы мүшесі бар, яғни не бастауыштан, не баяндауыштан ғана тұратын бір құрамды сөйлемдер де бар

екені белгілі. Олар баяндауыш құрамынан болатын жақсыз сөйлем жалпылама жақты сөйлем (обобщенно-личное предложение) дейтіндер және бастауыштан ғана (бастауыш құрамынан) тұратын атаулы сөйлемдер. Егерде олар жеке есім сөздерден, не есімге бағынышты сөз тіркестерінен болып айрықша сөйлемдік интонациямен айтылса, атаулы сөйлем болады. Мысалы: *Көктем. Көкорай шалғын. Сайраған құстар. Аяқталмаған ойын. Қысқы кеш. Жаз келбеті. Жайлау күні. Сүмбіле таңы. Күзгі жапырақтар. Қа-ра-ғым! Жол-дас-тар! А-за-мат!* Бұлар «S» не «N», деген формуламен жазылады. Атаулы сөйлемдер әдетте осы шақта тұрып, айналада, өмірде қазіргі ситуацияда болып жатқан объективті құбылыстарды атайды. Бұл атаулы сөйлемдерді сөйлем қатарына қосып тұрған жалпы сөйлемнің 3 белгісінің біреуі болып табылатын интонация ғана.

Алғашқы тоғыз сөйлемдер жай хабарлы сөйлемдерге тән тиянақты интонемалармен сипатталады. Соңғы үш сөйлем айрықша интонация арқылы сөйлем деңгейіне көтеріліп, олардың әр буыны темпоральды және динамикалық параметрлермен белгіленіп тұр. Олардың прагматикалық маңызы, оқырманға ықпал етудегі сезімдік әсері жоғары мәнге ие болып тұр. Бұл сөйлемдердің коммуникативтік-прагматикалық қолданысы олардың негізгі мазмұны мен сөйлеу жағдаятына қарай бір мақсатқа жұмсалуына байланысты: тыңдаушының назарын аудару, шақыру. Осындай сөйленімдер локутивті, иллокутивті және перлокутивті актілер арқылы көрінеді, басқаша айтқанда талданып отырған сөйленімдердің нәтижесінде сөйлеу актісінің жүзеге асуын байқауға болады. Сондай-ақ оларды өрнектеп тұрған просодикалық тәсілдер лепті интонемаға сәйкес келіп тұр.

Баяндауышы жоқ атаулы сөйлемнің тағы бір түрі вокативті сөйлемдер. Вокативті сөйлем деп өзіне ғана тән тоны, ұзақтылығы, акценттелуі бар айрықша интонациямен айтылатын, екі ара сөйлеушілерге ғана белгілі, ерекше предикативті маңызы бар, қаратпа сөздерді айтады. Мысалы, анасы баласына қарап, бұл істеп тұрған ісің дұрыс емес деп, қанша айтамын, деген сөйлемді жалғыз ғана ерекше интонациямен айтылған *Ба-а-ла-ам!* деген қаратпа сөзбен-ақ білдіреді. Бұл жерде *Балам!* - деген қаратпа сөз жоғарыда аталған компоненттерімен бірге айрықша интонация арқылы сөйлем деңгейіне көтеріліп, сөйлем мазмұнына ие болып тұр.

Мұндағы интонацияның компоненттерінің рөлі мен көрінісі - баса атап кететін жайттардың бірі: *Балам* деген вокативті сөйлем болып тұрған сөздің әр буынының айтылу ерекшелігінің мәні зор: бірінші буын көтеріңкі тонмен интенсивті айтылса, екінші буын нық акценттеліп созылыңқы айтылып барып тоқтайды.

Қазақ тілінде бастауышы жоқ, жалғыз баяндауыштан тұратын бір құрамды сөйлемдер де бар. Мысалға жалғыз етістіктен тұратын сөйлемді алып қарайық: *Білеміз.* (құрылымдық схемасы Vf1pl) деген сөйлем (ешбір өзгеріссіз) интонациясына қарай түрлі мағынаға ие болуы мүмкін. Мысалы, бұл сөйлем жай саябырлы орта деңгейлі тонмен айтылса, жай хабарлы сөйлем болады. Ал жоғары, жеңіл тембрлі, жарқын тонмен айтылса, қуанышты, ризашылықты білдіретін сөйлем болады. Егерде бұл сөйлем өзі созылыңқы, ұзағырақ, төмен тонды, зілді тембрмен айтылса, онда жақтырмағандықты, кекесінді, мысқылды білдіреді: *Сенің, немесе оның кім екенін білеміз*, деген сияқты мағынада қолданылады.

Сонымен, интонацияның тоны, ұзақтылығы, үдемелігі, қарқыны тағы да басқа компоненттері мен қасиеттері сөйлемнің коммуникативтік, эмоциялық мағынасына зор әсер етіп, оны өзгертіп және түрлі реңке бояп отырады.

Сайып келгенде, интонацияның және оның компоненттерінің басқа да қасиеттерінің синтаксисте, түрлі синтаксистік құрылымдарда ерекше орын алатынына ешбір күмән келтіруге болмайды.

Түркі тілдеріндегі жай сөйлемнің интонациясы жөніндегі зерттеулерді қысқаша шолу

Жалпы түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ, өзбек, қарақалпақ, әзірбайжан, түрікмен, татар, қырғыз т.б. тілдерде жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінетін коммуникативтік түрлеріне (хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты) интонациясына арналған еңбектер үстіміздегі ғасырдың 60-70-80 жылдарында шыға бастады.

Бұл еңбектердің ішінде айта кететін елеулі еңбектің бірі 1965 жылы жарық көрген Ә.Н. Нұрмаханованың қазақ, өзбек, қарақалпақ тілдерінің жай сөйлемдерінің грамматикалық және интонациялық ерекшеліктеріне арналған кітабы (Нұрмаханова, 1965).

Түркі тілдеріндегі интонацияға байланысты зерттеулердің көбісі сөйлемнің бір коммуникативтік түріне арналады. Олардың ішінде жиірек қаралатыны хабарлы сөйлем мен сұраулы сөйлемнің интонациясы.

Әзірбайжан тіліндегі хабарлы сөйлемнің интонациясына арналған С.М.Бабаевтың еңбегі 1966 жылы, қазақ тіліндегі хабарлы сөйлемнің интонациясына арналған Ж.К.Калиевтің еңбегі 1969 жылы, өзбек тіліндегі хабарлы сөйлемнің интонациясына арналған Д.М. Ниязовтың еңбегі 1969 жылы, түрікмен тіліндегі хабарлы сөйлемнің интонациясына арналған О.Д.Розыевтің еңбегі 1975 жылы, қырғыз тіліндегі хабарлы сөйлемнің интонациясына арналған Ж.Дуйшеевтің еңбегі 1980 жылы жарық көрді.

Сібір тілдеріндегі жай сөйлемдердің интонациясына арналған еңбектер 80-жылдары шыға бастады (Бурнакова, 1982, Герцог, 1988).

Түркі тілдеріндегі сұраулы сөйлемнің интонациясына арналған эксперименттi еңбектер де 60-70-80 жылдары жарық көре бастады.

Қарақалпақ тіліндегі сұраулы сөйлемнің интонациясының ерекшеліктеріне арналған П.Бекімбаевтың еңбегі 1965 жылы, қазақ тіліндегі сұраулы сөйлемнің интонациясының ерекшеліктеріне арналған Н.У.Түркбенбаевтың еңбегі 1969 жылы, өзбек тіліндегі сұраулы сөйлемнің интонациясының ерекшеліктеріне арналған А.Ахмедованың еңбегі 1965 жылы және Г.Ш.Мухитдинованың еңбегі 1971 жылдары, татар тіліндегі сұраулы сөйлемдердің интонациясының ерекшеліктеріне арналған Р.М.Балтаеваның еңбегі 1973 жылы, қырғыз тіліндегі сұраулы сөйлемнің интонациясына арналған Р.У.Чанакованың еңбегі 1980 жылы, әзірбайжан тіліндегі сұраулы сөйлемнің интонациясына арналған Ф.И.Гаджиеваның еңбегі 1982 жылы жарық көрді.

Түркі тілдеріндегі азырақ зерттелгені бұйрықты сөйлемдер. Дегенмен Н.Л.Мехтиевтің әзірбайжан тіліндегі бұйрықты сөйлемге арналған (1973 ж.) еңбегі, К.Т.Тохтоналивтың қырғыз тіліндегі бұйрықты сөйлемдерге арналған (1984 ж.) еңбектері белгілі.

Қазақ тілінде синтаксистің жеке мәселелерінің интонациясына арналған еңбектер де бар: Ш.Атеновтың қазақ тіліндегі айқындауыш мүшенің интонациясына арналған (1972 ж.), У.Бекмагамбетованың қазақ тіліндегі өкініш эмоциясын білдіретін тәсілдің бірі болып есептелетін интонацияға арналған эксперименттi-фонетикалық еңбегі (1978 ж.) Ж.М.Утесбаеваның Қазақ текстіндегі (Ә.Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романы бойынша) интонациялық конструкцияларға (ИК) арналған (1990 ж.) еңбектері белгілі.

Түркі-сібір тілдеріне арналған ең соңғы елеулі еңбектердің бірі - ол саха (якут) тілінің маманы И.Е.Алексеевтің «Типология структурно-коммуникативных и интонационных систем высказывания в якутском языке» деген 1994 жылы қорғалған диссертациясы. Алексеев онда алға қойылған мақсатының негізгісі деп, якут тіліндегі сөйлемнің коммуникативтік түрлерінің типологиялық ерекшеліктерін, олардың тілдегі орнын және интонациялық жүйесін әр жақты зерттеуді атайды.

Түркі-сібір тілдерінде әдетте «хабарлы сөйлемнен» бастайтын дәстүрден ауытқып, автор өзінің зерттеуінде алдымен сұраулы сөйлемді, оған жауап ретінде хабарлы сөйлемді, одан кейін бұйрықты сөйлемді алып қарайды (Алексеев, 1994).

Бұл еңбекте сөйлемнің интонациялық жүйесі және модельдері мен қатар түркі тілдерінде алғашқы рет көп аспектілі синтаксистік ұғым, яғни сөйлемнің құрылымдық, семантикалық, коммуникативтік аспекттері туралы ұғым еңгізілген. Алексеев якут тіліндегі хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемдердің логика-грамматикалық ерекшеліктерін зерттеудің нәтижесінде олардың құрылымдық формулаларын береді.

И.Е.Алексеев өз еңбегінде сөйлемнің мазмұнына сөйлеушінің көзқарасы, оған беретін бағасы сияқты лингвистикалық грамматикаға ғана тән категориялардың логикалық грамматикаға жат екенін дұрыс пайымдап, ол туралы былай деген: «В языкознании этот определяющий внешний фактор - говорящий и его оценка обязательно учитывается при анализе смысловой структуры предложения в виде ее коммуникативной установки» (Алексеев, 1994, 13 б.).

Жоғарыда келтірілген қысқаша шолудан көрінетін жағдай - жалпы түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде де, интонацияға қатысты проблема көбінесе жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай ерекшеленетін түрлерінде (хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті) қарастырылады.

Аталған еңбектердің көбісінде интонация синтаксиске қатысты, яғни жай сөйлемнің түрлеріне байланысты қаралғанмен соңғы кездегі көп аспектілі синтаксистік ұғым оларда қалыс қалған. Жалғыз И.Е.Алексеевтің якут тілі туралы «Типология структурно-коммуникативных и интонационных систем высказывания в якутском языке» деген 1994 жылы жазылған еңбегінде ғана көп аспектлі синтаксис ұғымы еңгізілген. Бұл жұмыста құрылымдық схема S - P формуламен қатар «ремавыражающий», «темавыражающий» член деген ұғым да бар екенін айту керек.

Жалпы түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі интонацияның синтаксиске қатысты мәселелері жөніндегі зерттеулерді қысқаша шолудан көрінетін тағы бір жағдай - қазақ тілінің синтаксисінің әр алуан да күрделі құрылымдық-семантикалық түрлерінің көбісінің интонациялық ерекшеліктерінің зерттеуден қалыс қалғандығы.

Біздің осы жұмысымызда алға қойған мақсатымыз - жалпы тіл білімінен келтірілген интонацияға қатысты теориялық мәліметтерге сүйене отырып, қазақтың әдеби тілінің түрлі жанрларынан (проза, поэзия,) алынған фактылық материалдарды, оның ішінде диалог, монолог (жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінетін, мейлінше зерттелген түрлеріне көп тоқталмай), жай сөйлемнің күрделенген түрлерін, құрмалас сөйлемнің типтерін, күрделі синтаксистік, яғни мәтіндерден келтірілген бір тақырыпқа байланысты бірнеше сөйлемдерден тұратын үлкен үзінділерді әржақты экспериментті тексеріп, қазақтың әдеби тіліндегі интонацияның көріністері мен оның орнын анықтап, мүмкіндігінше, қазақ тілінің интонациялық жүйесін зерттеп, оның ерекшеліктерін көрсету болып табылады.

Интонацияның эксперименттi-фонетикалық зерттеу әдістері

Қазақ тіліндегі интонацияны эксперименттi-фонетикалық зерттеу әдістері біздің жұмысымыздағы алға қойған мақсатымызға байланысты болады. Интонацияның сөйлеу тілінде, сөйлемнің неше алуан түрлерінде бірден-бір олардың мағынасы мен құрылымына байланысты көрініс табатыны белгілі, сондықтан оны қазақ тіліндегі сөйлемдердің тұрақталған барлық құрылымдық - семантикалық түрлерімен байланыстыра қарауды жөн көрдік.

Интонацияны эксперименттi-фонетикалық зерттеу жұмысы бірнеше кезеңнен тұрды. Ең алдымен оған қазақ тілінің әр алуан стилі мен жанрынан, прозасы мен поэзиясынан зерттеу материалын жинап, саралап алу керек болды. Ол үшін жай сөйлемнің түрлі коммуникативтік типтері, күрделенген сөйлем, құрмалас сөйлемнің түрлері және бірнеше дербес сөйлемдерден тұратын күрделі синтаксистік тұтастықтарға мысалдар алынды.

Жоғарыда айтылған, ретпен жиналған, сараланған материалдарды зерттеу жұмысы төмендегідей болды:

1. Жиналған материалды құрылымдық - семантикалық жағынан топтап талдау жасау.

2. Дикторларды тағайындап және олар оқыған материалды ферромагниттік таспаға жазу.

3. Жазылған материалды аудиторлық, электроакустикалық және статистикалық талдаудан өткізу.

Эксперименттi-фонетикалық зерттеудің материалы көркем прозадан, поэзиядан, ауыз әдебиетінің түрлерінен және публицистикадан алынды.

Экспериментке жататын мәтіндерді 12 диктор оқыды. Олардың ішінде маман дикторлар және қазақ тілін жақсы білетін, қазақша жақсы сөйлейтін сауатты ғылым қызметкерлері мен мұғалімдер бар. Даярланған материал эксперименттi фонетика лабораториясының студиясында жазылды. Дикторларға мәтіннің қандай мақсатпен оқылатыны айтылған жоқ. Дегенмен олардың мәтінді сөйлемнің коммуникативтік түрлеріне сәйкес табиғи дауыспен, табиғи қарқынмен, анық оқуы талап етілді.

Аудиторлық талдау жасайтындар, яғни жазылған мәтінді тыңдап, оны саралап, анықтайтындар - қазақ фонетикасының мамандары болды. Олардың алдына төмендегідей мақсаттар қойылды:

1) Ең алдымен тыңдалған сөйлемдердің интонациясына қарап, оның сөйлемнің қай коммуникативтік түрі екенін анықтау.

2) Одан кейін ол сөйлемдердің қанша синтагмаға (//), немесе ырғақты топқа бөлінетінін белгілеу (/).

3) Олардың синтагмалық, ырғақты және ой екпінін белгілеу.

4) Интонацияның 5 деңгейіне байланысты синтагманың тоналды контурын көрсету: көтеріңкі, бәсең, көтеріңкі-бәсең, бәсең-көтеріңкі, бірқалыпты .

5) Синтагманың қарқынын анықтау: баяу -------- орташа, - - жылдам..... –(синтагманың жол астында белгіленеді).

6) Синтагманың айтылу күшін анықтау: күшеюы < , азаюы >, тең болуы = - (синтагманың арасында белгіленеді).

Аудиторлық талдау көріністері (интонациялық транскрипция) интонографиялық деректермен салыстырмалы түрінде қарастырылып нақты және оң нәтижелерге қол жеткізді. Инструментті талдау жасау үшін автоматикалық өлшейтін және сөйлеу сигналының параметрлерін (негізгі тон жиілігі, үдемелігі, ұзақтылығы) автоматты жазатын интонограф қолданылды. Кейінірек жасалған эксперименті жұмыстар компьютерлік бағдарлама арқылы орындалды.

Интонограммаларда төмендегі акустикалық параметрлер жазылды: сөйлеу сигналының осциллограммасы, негізгі тон жиілігінің сызығы, үдемеліктін амплитудасы, уақыттың белгілері.

Ең алдымен интонограммалар сипатталып түсіндірілді, яғни барлық дыбыстар санаққа алынды, одан кейін интонограммалар сөйлеу тілінің негізгі 3 просодикалық сипаттамасы тұрғысынан қаралды: тоналды, динамикалық және темпоралды. Негізгі тон жиілігін өлшеуде *герц* қолданылды, интенсивтілікті өлшеуде *децибелл* қолданылды, ал уақыт *миллисекундта* өлшенді. Есепке интонографтың физикалық көрсеткіштерінің абсолюттік емес, қатынастық мәндері алынды.

Негізгі тон жиілігінің параметрлерінен төмендегі сипаттамалар анықталды: 1. синтагмалардың тоналды контуры; 2. тоналды контурдың басталу деңгейі; 3. тоналды контурдың аяқталу деңгейі; 4. синтагмалардың тональды диапазоны (негізгі тонның максимальды және минимальды мәндерінің арасындағы айырмашылығы); 5. синтагмалардың тоналды деңгейі. Оны анықтайтын формула:

$$\frac{\text{F екпінсіз буындар}}{\text{n}}, \text{мұнда}$$

F - барлық екпінсіз буындардың негізгі тонның жиілігінің қосындысы;
n - екпінсіз буындардың саны.

6. негізгі тонның жиілігінің максимумы (тоналды шыңның орны).

Интенсивтіліктің параметрлерінен синтагмалардың үдемелігінің диапазоны анықталды (үдемеліктің максимальды және минимальды мағынасының арасындағы айырмашылығы), және үдемеліктің деңгейі. Оны анықтайтын формула:

$$\frac{\text{I екпінсіз буындар}}{\text{n}}, \text{мұнда}$$

I - барлық екпінсіз буындардың үдемелігінің мағынасының қосындысы;
n - екпінсіз буындарының саны.

Уақыттың параметрлерінен синтагмалардың абсолюттік ұзақтылығы мен қарқыны анықталды. Қарқын сегменттердің жалпы ұзақтылығы мен барлық буындар санының арасындағы қатынасынан анықталады.

$$t = \frac{t}{n}.$$


Жүргізілген эксперименттердің барлық түрінің нәтижесінде қазақ тіліндегі интонация жайында жан-жақты объективті қорытындыларға келуге қол жетті деп есептейміз.

Хабарлы сөйлемнің интонациялық ерекшеліктері

Бір нәрсенің, істің, уақиғаның жайын баян ету мақсатымен айтылған сөйлемді хабарлы сөйлем дейтіні белгілі. Хабарлы сөйлем мазмұнына қарай әр түрлі болады. Олардың мазмұны сөйлемдегі сөздердің, сөйлем мүшелерінің, әсіресе баяндауыштардың мағыналық, тұлғалық ерекшеліктерімен байланысты. Қазақ тілінде де басқа тілдер сияқты хабарлы сөйлемдер (Л.Щербаның трактовкасына сүйенсек). бір мүшелі және екі мүшелі болып екіге бөлінеді.


Бір мүшелі хабарлы сөйлем қанша синтагмадан тұрса да, іш мазмұнында логикалық қайшылығы жоқ, бір тұтас семантикалық, интонациялық бірлік құрайды. Мысалы: ***Демалыс күн еді*** *(Ғ.Мұстафин). Қара қазан үш жерден құрылған (Ғ.Мұстафин). Бәрі орындарынан тұра бастады (М.Әуезов). Күн ұясына кіріп бара жатыр (Ғ.Мұстафин). Тары әңгімесі ұзаққа созылды (Ғ.Мұстафин).* ***Күн жаңа ғана шыға бастады*** *(Ғ.Мұстафин).*

Келтірілген мысалдардың бәрі дерлік тұрлаулы мүшелері түгел, екі құрамды бір мүшелі хабарлы сөйлемдер. Бұлардың интонациялық тоны басында аздап көтеріліп, негізгі тон жиілігі сөйлемнің мағыналық өзегінде молайып барып, содан кейін жайбарақат төмен түсіп барып тынады. Бір мүшелі хабарлы сөйлемдер көбінесе орта тоналды регистрде айтылады да, тоналды диапазоны мен интервалы шамалы болады. Тонның терминальды төмендеуі де үдемеліктің азайып минимальды мағынаға ие болуымен байланысты. Үдемелік пен негізгі тон жиілігінің сызығы да өзара бір бірімен пропорционалды болады. Бір мүшелі хабарлы сөйлемдер әдетте онша қатты емес, орташа дауыспен айтылады. Мұндай сөйлемдердің аяғына қарай қарқынның жылдамдығы мен ұзақтылықтың сәл ғана молаюы байқалады. Ой екпіні түскен сөздің басқа сөздермен салыстырғанда айтылуы ұзағырақ болады. Сонымен қатар сөйлемнің айтылу қарқыны олардың көлеміне қатысты. Сөйлем қарқынның жылдамдауы - буындар санының көбеюімен байланысты (1 сурет).



1 сурет. Бір мүшелі хабарлы сөйлемнің интонациялық сызығы.


Егерде бір мүшелі сөйлем бірнеше ырғақты топтан тұрса ырғақты топтың ішіндегі әр сөз орыс тіліндегідей екпінмен белгіленбей, ырғақты топтың соңғы буыны әдетте жоғарырақ, күштірек, ұзақтылығы да молырақ болып айтылады. Мұндай сөйлемдердің интонациясы біркелкі, жай толқынданып аяғына қарай төмендеп барып бітеді. Ырғақты топтардың арасы кідіріспен бөлінуі міндетті емес (2 сурет).



2 сурет. Бір мүшелі үш ырғақты топтан тұратын хабарлы сөйлемнің интонациялық сызығы.

Екі мүшелі хабарлы сөйлемдерде сол екі мүшелерінің арасында әдетте өзара мазмұндық тайталастық немесе қалайда теңдесуге бағытталған бір бәсекелік байқалады. Бұл жағдай мұндай сөйлемдердің интонациялық сызығынан да көрінеді. Екі мүше өз алдына бір-бір синтагма құрап, алдыңғысы соңына қарай көтеріңкі, кейінгісі соңында төмен айтылып, әрдайым кідіріспен бөлініп тұрады. Жазуда көбінесе екі мүшенің арасына сызықша қойылады. Кейде екінші, яғни соңғы мүше алдыңғы мүшеге мазмұны жағынан тайталас, бәсекелес болмай, оның мағынасына біраз түсініктеме не анықтама беруі де мүмкін. Мысалы: *Қара тақтайсыз мұғалім - тебенсіз кемпір ғой (Ж.Аймауытов).* ***Қыстай отын ала алмай - мектеп азынап тұрды*** *(Ж.Аймауытов). Бес жерде бес - жиырма бес. Оның емтиханды тапсыра алмағандығы - көп ауырғанының салдары. Абай мен Әйгерім өмірге лағнат айтқан адамдар сияқты емес, қайта күйін ұғып, қалын ойлағандай (М.Әуезов). Мал басын көбейтуге ерінбей еңбек сіңірген кісінің бірі - Жақыпбек еді (Ғ.Мұстафин). Қарағанды облысы - еліміздегі ең қуатты да құнарлы өңірдің бірі («Ана тілі» - газеті).*

Екі мүшелі хабарлы сөйлемнің ішкі мазмұнының тайталас, бәсекелестігі оның мүшелерінің өзіне тән интонациялық өзгешеліктерінен де көрініп тұрады дедік. Мұндай сөйлемнің әр мүшесі қанша синтагмадан тұрса да, олар әрдайым кідіріспен бөлініп, әрқайсының өзіне тиісті интонациялық сызығы болады. Хабарлы сөйлемнің бұл түрінің екі мүшесі кідіріспен бөлініп қана қоймай, оның ара жігі едәуір тоналды интервалмен дараланады. Алдыңғы мүше, яғни бірінші синтагма болып тұрған мүшенің интонациясы аяқталмағанды көрсетіп үдемелігі молаюмен ерекшеленсе, екінші синтагманың тоналды контуры төмендеп, аяқталғанды көрсетіп, баяу қарқынмен қатар, шамалы үдемелікпен айтылады (3 сурет).



3 сурет. Екі мүшелі, екі синтагмадан тұратын хабарлы сөйлемнің интонациялық сызығы.

Сонымен, хабарлы сөйлем бір мүшелі және екі мүшелі болып екіге бөлінеді. Оның бір мүшелісі **тиянақты интонемамен** сипатталады, ал екі мүшелісінің бірінші компоненті **тиянақсыз интонемамен** ерекшеленсе, екінші компоненті **тиянақты интонемаға** ие болады.

Сұраулы сөйлемнің интонациялық ерекшеліктері

Адамның ой-өрісі мен байыпты әрі шапшаң сөйлеу қатынасы коммуникативтік акт шеңберінде көрінеді. Сөйлеу қарым-қатынасында жауаптасудың, тілдік лексика-грамматикалық дағдылары жетіліп қалыптасқандықтан, адамның психологиясын айқындайтын, сонымен бірге сөйлеуші мен тыңдаушы жақтың арасында әр сөйленім қатынасы қандай дәрежеде өткені көрінеді. Әдетте, сөз актісі дамуы екі түрлі дәрежеге байланысты болады, оның біріншісі: сөз түзуші тыңдаушысына өз әсерін, айтылған ойдың мағынасымен, екіншісі: сөз тұтынушы өз көзқарасымен ынталандырады. Сөйлеу коммуникациясында мынадай құрылым-жүйелері болатынын байқауға болады: сұрақ-жауап, сұрақ-талап-жауап, талап-хабарлама.

Сөйлемнің коммуникативтік типтері сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы тілдік қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Солардың ішінде тілдің қоғамда атқаратын осы негізгі функциясына жұмсалымы жағынан сәйкес келетін түрі сұраулы сөйлемдер болып табылады. Олар сөйлеуші мен тыңдаушы арасын байланыстырушы қызметін атқарып, адресаттың ойлауына, реакция жасауына түрткі болады. Сонымен қатар сұраулы сөйлем қоршаған ортаны танып білуге, үздіксіз даму процесінде болатын адамның таным-білім деңгейінің молайып, дамуына ұйтқы болатын, танымды жаңа сатыға жетелейтін лингвистикалық категориялар екені белгілі. Осындай сөйлеудің қарым-қатынас құралының негізгі құрылымдық материалы болуымен байланысты, сұраулы сөйлемдердің табиғаты да сан қырлы және күрделі.

Коммуникативтік акт шеңберінде әртүрлі типті сұрақтар кездеседі: жаңғыз интонация тәсілі арқылы жасалған сұраулы сөйлемдер және лексика-грамматикалық көрсеткіштер арқылы жасалған сұрулы сөйлемдер.

Хабарлы сөйлемді, оның құрылымы мен лексикалық құрамын еш өзгертпей-ақ, сұраулы сөйлемге тек **интонация арқылы** айналдыруға болады. Олардағы айтылайын деп жатқан ойдың сұрау мағынасын жасау барысына лексика-грамматикалық көрсеткіштер қатыспайды, оны жүзеге асыруға интонация тәсілдері ғана қызмет етеді. Бұл сөйлемдердегі қойылған сұрақтың коммуникативтік жүгін толығымен өзіне артып жүретін - интонация.

Осындай тәсілмен құрылатын сұраулы сөйлемдер контекст, сөйлеу жағдаяттары, түрлі коммуникативтік акт, яғни сөйлеуші мен тыңдаушының арасында қажет сөз әрекеттерінде орын алады. Ал интонациялық ерекшеліктері олардың мазмұны мен жасалу әдістеріне байланысты болады. Интонация арқылы жасалған сұраулы сөйлемдердің просодикалық көріністерінің ерекшеліктері өтем принципін ұстанған теңелту заңына негізделеді. Бұл заң бойынша сұраулы сөйлемдегі бар коммуникативтік жүкті грамматикалық көрсеткіштер емес, интонация өзіне артатыны белгілі.

Интонация арқылы жасалатын сөйлемдерді зерттеуге арналған еңбекте олардың алты коммуникативті-семантикалық түрі анықталып, олар екі топқа

бөліп қарастырылады: а) информативті сұраулы сөйлемдер; ә) модальды сұраулы сөйлемдер (информативті емес) (Баймуратова, 2003).

1. Информативті сұраулы сөйлемдердің басты коммуникативтік мақсаты айтушының өзіне белгісіз нәрсе жөнінде жаңа ақпарат алуы болып табылады. Оларға тура және қосымша сұрақ түрлері жатады.

1) Тура сұрақ. Сұраулы сөйлемнің бұл түрінің коммуникативтік мақсаты – тыңдаушыдан міндетті түрде жауап (жаңа ақпарат) алу, бірақ мұнда айтушы жауаптың қандай болатынынан бейхабар.

- Жұмыс орныңыз? – Аудандық газетте қызмет істеймін (С.Бердіқұлов).

- Сізді мұнда жетелеп келген нәрсе? – Халқымның қамы (М.Түзенов).

- Сонымен ақыры? – Ақыры сенат Банзаровты Петербургке қалдырмауға ұйғарды (С.Мұқанов).

- Рухани қысым дегеніңіз? – Бізде ол дінге байланысты (Ә.Шәріпов).

- Жол болсын? – Сіздің ауылға мейман әкеле жатыр едік (С.Бердіқұлов).

Тура сұрақтар көбіне диалог сөздер мен ресми сауалнамаларда кездеседі, сондықтан олар қолданылу мақсатына сай құрылысы жағынан қысқа, нақты болып келеді. Сондай-ақ, сұраулы сөйлемнің аталмыш түрінде модальдік, экспрессивтік реңктер аз байқалады. Дегенмен, кей жағдайларда тура сұрақ мағынасында жұмсалған хабарлы сөйлем стилистикалық мақсатта модальды-экспрессивті көрініс береді:

- Сіздің атыңызды ұмытып қалдым? – Ердәулет (М.Түзенов).

- Соның себебі маған түсініксіз болып тұр? – Оны кейін түсіне жатарсың, қазір... (С.Жүнісов).

Келтірілген мысалдар құрылымы жағынан хабарлы сөйлем түріне жатқанмен, олардың коммуникативтік мақсаты белгісіз нәрсе жайлы хабар, жаңа ақпарат алу болып табылады. Сөйлеуші хабарлы сөйлемді сұраулы интонациямен беріп, жауап күтіп тұр.

2) Қосымша сұрақ. Сұрақтың бұл түрі арқылы сөйлеуші өзіне бұрыннан белгілі ақпаратты толықтыра түсетін қосымша мәліметтер алуды көздейді. Яғни жауап беруші сұрақ иесіне мәлім нәрсені (құбылыс, оқиға) айқындап, нақтылай түсетін хабар не дерек беруі керек.

- Мекен-жайыңыз – Қараөткел. – Бала-шағаңыз? – Екі балам бар.

- Жас шамалары? – Алды төртте, соңы екіде (Ғ.Мұстафин).

Менімен сапарлас болғанда Қажымұқан қырықты толық орталаған адам. Қырықты асқан соң, - дейді ол, шарлана бастадым. Одан кейін жуандағанмен, салмағым кеміді. – Қазір қанша тартасыз?- Айтуға да тұрмайды. – Дегенмен? – Жеңілдеп қалдым деп тұрған жоқпын ба? – Сонда да? – Қазір 214 кг тартам (С.Мұқанов).

2. Модальды сұраулы сөйлемдер астарлы мағына жеткізу мақсатында айтылатын сөйлемдер тобын құрайды. Мұндай сұрақтар айтушының өзіне белгісіз нәрсе, құбылыс жөнінде тыңдаушының ой-пікірі мен көзқарасын білу немесе өз тұжырымы, болжамының дұрыстығына көз жеткізу, соны анықтау, айғақтау, тыңдаушыға мақұлдату мақсатында қойылады. Бұл топқа жататын сұраулы сөйлемдердің келесі түрлері анықталған: болжау мағыналы, мақұлдату мағыналы, анықтау мағыналы және қайта сұрақ.

1) Болжау мағыналы сұрақ (Болжау сұрақ). Сұраулы сөйлемдердің бұл түрінде сөз түзуші кейбір деректер немесе құбылыстар туралы өзінің алдын ала жасаған

болжам, ой-пікірін дұрыс не бұрыс екендігін анықтау үшін тыңдаушыдан талап еткен жауаптан оның құптауын немесе растауын күтеді.

- Гүлнар, сен әнші болуың керек? – Неге олай ойлайсыз? (М.Иманжанов).

- Олжаларыңыз көп болу керек? – Олжасыз емеспіз (С.Ғаббасов).

- Сен елге бізге өкпелі кеттің? – Неге, сіздерге артар кінәміз жоқ (Ә.Сараев).

- Егер алдамаған болсам? – Онда өзің айтқан жаңағы жолмен лагерьге барыңыз да, Қайсарды алып келіңіз (Ә.Әлімжанов).

- Саған бұл той ұнамайтын сияқты? – Біз Нұржамал екеуміз бір-бірімізді жақсы көретін едік... (І.Есенберлин).

Берілген мысалдар құрамындағы *болу керек* модаль сөздері мен *байқату* көңілкүйін білдіруші *болсам, сияқты* сөздері сөйлемдердің сұраулық мағынасын ашуға себін тигізгенмен, шешуші қызметті интонация атқарып тұрғаны белгілі. Өйткені олар өзгеше бір контекст, сөйлеу жағдаяты немесе диалог құрамында сөйлемнің басқа да коммуникативтік түрлерінің қызметін атқаруы мүмкін.

2) Мақұлдату мағыналы сұрақ. Бұл сұрақтың мағынасы айтушының өзі жақсы білетін (не сол жағдаят, контекст, мәтін аясында анық көзі жеткен) нәрсе (құбылыс, оқиға) жөніндегі тұжырымын тыңдаушыдан құптауды, растауды, мақұлдауды талап ету мақсатына негізделеді. Сонымен бірге, сөйлеуші қабылдаушыдан өз ойын растайтын жауап күтумен қатар, ол өз болжамының дұрыстығына сенімі мол болып тұрады.

- Әрі ұйымды басқардың? – Иә, ол жұмысты да маған сеніп тапсырған (О.Бодықов).

- Демек, келістіңдер? – Иә, әзірге келістік, ал кейінгісін көре жатармыз? (З.Шашкин).

- Берлиннің өзінен қайттыңыздар? – Жоқ, Берлинге жеткеніміз жоқ, Польшадан қайттық (С.Бердіқұлов).

Жоғарыда тоқталып кеткен болжау мағыналы сұрақта айтушының өз болжамы, шамалауының дұрыстығында небір күдік, сенімсіздік басымдау көрінсе, мақұлдату (құптау) мағынасындағы сұрақта сенімі молырақ болып келеді.

3) Анықтау (нақтылау) мағыналы сұрақ. Сұрақтың бұл түрі айтушы өзіне берілген ақпаратты дұрыс, анық түсініп отырғанына көз жеткізуі мақсатында қойылады..

- Қайсарды ала кетпекші. - Өзі бірге барады да? – Иә. – Ертең?

- Иә, ертең жүрмекші (Ә.Әлімжанов).

- Кәдімгі бай Ахмет, қашқын Ахмет? – Иә, дәл өзі (Қ.Сәрсекеев).

Бұл мысалдардағы сұрақтардың алда айтылып кеткен ақпарат, деректі анықтаңқырап, сол жайында сөйлеушінің өз түсінігінің дұрыс екенін нақтылай түсуі үшін қойылып отырғандығы аңғарылады.

4) Қайта сұрақ. Бұл сұрақтың сұраулы сөйлемдердің басқа да коммуникативтік түрлерінен айырмашылығы - оның өзінен бұрын келетін фразалармен тығыз байланыста тұруы. Қайта сұрақта алдыңғы сұрақтың лексика-грамматикалық құрылымы не толық қайталанып, не эллипті болып келеді. Мысалы, айтылып кеткен фразадағы сұрақты қайталау арқылы айтушының күдік не түсініксіздіктен арылып, дұрыс тұжырымға келуі үшін қарсы сұрақ қойылады және сол себепті сұраққа сұрақпен жауап беріледі. Бұл ретте қайта сұрақ тыңдаушы емес, айтушы қоятын сұрақ болып табылады. Айтушы сұрақтың бұл түрін өзінің қойған сұрағына қандай да бір себеппен жауап ала алмаған соң, тыңдаушының на-

зарын оған қайта аударып, жауап алу мақсатында қояды. Көп жағдайларда қайта сұрақтардағы сұраулы мағынаға әр түрлі модальді-экспрессивтік реңктер үстелетіні де байқалады. Мұндай сұрақтардың жиі түзілетін ортасы – ауызша сөздің бейресми қатынастағы диалогтік формасы.

- Иә, ол менен безетін болып кетті. – Сізден безетін? Тұк түсінсем бұйырмасын? - Өзім де онша түсініп отырғаным жоқ. Мен оған басқа бір әйелді сүйетінімді сездіріп едім, сіздің атыңызды бірден атап салды (С.Жүнісов).

- Менің атымды? – Иә, сіздің атыңызды (Ә.Әлімжанов).

- Олай болса, мен Ташкентке кетемін. – Ташкентке? – Иә, ол жер әкемнің жастық шағы, ең қиын, ең қызықты кезі өткен жер (О.Бодықов).

- Шахтаға түсуге қайта шақырып жатыр. – Тағы да мені? – Бәрін (Ғ.Мұстафин).

Келтірілген мысалдардан байқап отырғанымыздай, сұраулы сөйлемдердің коммуникативтік-семантикалық түрлері контекст пен сөйлеу жағдаятына байланысты сараланады екен. Ал интонациялық ерекшеліктері олардың мазмұны мен жасалу әдістеріне байланысты болады. Интонация арқылы жасалған сұраулы сөйлемдердің просодикалық көріністерінің ерекшеліктері өтем принципін ұстанған теңелту заңына негізделеді. Бұл заң бойынша сұраулы сөйлемдегі бар коммуникативтік жүкті грамматикалық көрсеткіштер емес, интонация артатыны белгілі.


Сұраулы сөйлемдердің түр-түрлерінің интонациялық ерекшеліктері негізгі тон жиілігі, үдемелік және ұзақтылық сияқты просодикалық үш параметр негізінде қарастырылады. Тура және қосымша сұрақтар негізгі тон жиілігінің көтеріңкі бағыты, тоналды диапазонының кеңдігі мен үдемеліктің жоғары мәндерімен ерекшеленеді. Олардың интонациялық өзектері де осы параметрлердің ең жоғары шамасында көрініс табады. Болжау мағыналы сұрақтардың динамикалық және темпоральдық көрсеткіштері де жиілік параметрлері болып есептелетін негізгі тон, тоналды интервал мен диапазон сияқты сөйлемнің экспрессивті-модальдық реңктеріне байланысты өзгеріп отырады. Негізгі тон жиілігінің бағыты көтеріңкі не көтеріңкі-бәсең болып келеді де, сөйлем басы мен аяғының тоналды интервалы мен диапазондары айтылған мазмұнға сәйкес шамалары азырақ мән береді. Мақұлдату мағыналы сұрақтардың баяуырақ айтылуы негізгі тон, ұзақтылық және үдемеліктің жоғары шамалары мен жиілік диапазондарының, тоналды интервалдарының едәуір кең болуынан байқалады. Ал анықтау мақсатында айтылған сұрақтарда бұл өлшемдер орташа мәнді көрініс беріп, айтылу әуені әр түрлі бағытта болуы мүмкін. Қарсы сұрақтардың негізгі тон жиілігі көтеріңкі бағытта, үдемелігі сөз соңында молайып, айтылу ұзақтылығы жылдамырақ болады және тоналды интервал мен диапазондары үлкен мәнге ие болып, ой екпінінің синтагманың соңғы буынына түсуімен ерекшеленеді.

Интонация тәсілі арқылы жасалған сұраулы сөйлемдердің құрылымдық ерекшеліктері мен коммуникативтік-семантикалық түрлерін анықтауда интонацияның барлық функциялары қамтылуы тиіс. Сұраулы сөйлемдердің сұраулы мағынасымен қатар коммуникативтік мақсатын білдіруде де интонация шешуші роль атқарады. Мысал ретінде диалогтың құрамында кездескен просодикалық тәсілдер арқылы жасалған сұраулы сөйлемдердің интонациясын қарастырайық:

– ***Сен екенсің ғой?*** *Ал, мен... мен шатасып...*

– ***Шатасқаның қалай?***

– ***Басқа біреумен шатастырдым.***
– ***Басқа біреу?*** *Кіммен?*
– ***Өзім де түсінбеймін.*** *Көзіме...*
– ***Көзіңе не болды? Топырақ түсті ме?***
– *Жоқ... Қос көрінеді ме, білмеймін. Түсініксіз... Бір елес...*
– ***Елес?***
– *Құрсын, қайтесің... Ал, енді... Керемет жүйрік екенсің!* (Ә.Нұрпейісов).



4-сурет. Грамматикалық тәсілдерсіз жасалған сұраулы сөйлемнің интонациялық сызығы

Сұраулы сөйлемдердің түр-түрлерінің интонациялық ерекшеліктері негізгі тон жиілігі, интенсивтілік және ұзақтылық сияқты просодикалық үш параметр негізінде қарастырылады. Интонация тәсілі арқылы жасалған сұраулы сөйлемдер негізгі тон жиілігінің көтеріңкі бағыты, тональды диапазонының кеңдігі мен интенсивтілігінің жоғары мәндерімен ерекшеленеді. Олардың интонациялық өзектері де осы параметрлердің ең жоғары шамасында көрініс табады. Олардың динамикалық және темпоральдық көрсеткіштері де, жиілік параметрлері болып есептелетін негізгі тон, тональды интервал мен диапазондары сөйлемнің экспрессивті-модальдық реңктеріне байланысты өзгеріп отырады. Негізгі тон жиілігінің бағыты сөйлемнің көлеміне қарай көтеріңкі, бәсең-көтеріңкі, көтеріңкі-бәсең-көтеріңкі болып келеді де, сөйлем басы мен аяғының тональды интервалы мен диапазондары едәуір кең болып айтылған мазмұнға сәйкес түрленіп тұрады. Бұл сұрақтардың қарқыны баяуырақ келіп, интенсивтілігі сөз соңында молайып, ой екпіні сөйлемнің мазмұнына қарай акценттелген буынды белгілейді.

Сөйлеу актісінің мазмұны мен құрылымы сөйлеуші мен тыңдаушының коммуникативтік мақсатымен, сөйлеу жағдаятымен, олардың психо-эмоциялық қалпымен тығыз байланысты. Диалогтағы сөйлемдер құрамы жағынан толымды, толымсыз, эллипті болып келеді, соған сәйкес олардың интонациялық сипаты да түрленіп тұрады. Сұрау - жауап түрінде берілген сөйлемдер коммуникативті-

прагматикалық және семантикалық-құрылымдық көріністерімен бірге интонациялық - просодикалық ерекшеліктерімен де сипатталады. Әрбір сұрақтың және жауаптың коммуникативтік мақсаты, мағынасы тек мәнмәтін құрамында ғана толық ашылады. Сөйлеу коммуникациясында диалогқа қатысушылардың психологиялық қалпы, білім-танымы, мінез-құлқы, сөйлеу жағдаяты сияқты факторлар жатыр. Коммуниканттардың интенциясына байланысты бір тілектің, ниеттің әртүрлі просодикалық тәсілдер арқылы айтылуы сөйлеу жағдаяты мен сөйлеуші мен тыңдаушының көңіл-күйімен, эмоциясымен байланысты болады.

Грамматикалық тәсілдер көмегімен құрылатын сұраулы сөйлемдер сұраулық шылаулар және сұрау есімдіктері арқылы жасалатын үлкен екі топқа бөлінеді. Сұраулық шылаулар мен сұрау есімдіктері сөйлемдердің предикативтік (мағыналық) өзегіне айналады. Олардың интонациялық ерекшеліктері сөйлемнің предикативтік өзегіне айналатын сұраулық шылау сөздер және сұрау есімдіктерінің функциясы мен орнына байланысты. Олардың негізгілері: ашық сұрақ (тура сұрақ), күмәнді сұрақ, қарсы сұрақ және риторикалық сұрақ.

1. Ашық сұрақ көбінесе диалогтерде қолданылады. Олар біреудің я бірдеменің жайынан хабар алу үшін, я оның бар-жоқтығын білу үшін қойылады. Мұндайда сөйлеуші тыңдаушыдан жауап күтеді: 1. *Аман-есен оралдың ба? - Шүкір* (Ә. Нұрпейісов). 2. *Кім болып істейсің? - Ревизормын* (Т.Әлімқұлов). 3. ***Атың кім?** - Қайырғали* (Ғ. Мүсірепов). 4. *Соғыста ең қауіпті нәрсе не? - Паника, қазақшалап айтқанда, - ала үрей* («Ана тілі» газеті). 5. *Астықтың өнімі қалай? - Жаман емес* («Қазақ әдебиеті» газеті). 6. ***Жақсы хабар бар ма?- Бар*** (Ғ. Мүстафин). ***Қашан келетін еді?*** (Ғ. Мүстафин).

2. Күмәнді сұрақ белгісіз не күмәнді жағдайды анықтау үшін қойылады. Мұндай әрі сұраулы, әрі күмәнді сөйлемдердің баяндауыштарының құрамында *ма/ме, ба/бе* сияқты шылаулармен қатар *екен, шығар, ау, ә* дегендер де болады. 1. *Сол жаққа мен де барсам ба екен?* 2. *Мына мың болғыр бой бермей кетер ме екен?* (Ғ. Сланов). 3. *Ол келе алмай қалған ғой, ә?* 4. *Мүмкін, біздің тексіздігіміз де осыдан басталған шығар?* («Ана тілі» газеті). 5. *Жалғыз басты болсаңыз жан бағарсыз, ал бала-шағаңызға ол табысыңыз да жете қояр ма екен?* («Қазақ әдебиеті» газеті). 6. ***Ол бүгін келер ме екен?***

3. Қарсы сұрақ. Кейде сұраулы сөйлемдерге тура жауап берілмей, сұраққа сұрақ түрінде қарсы сұрақ қойылады. 1. *Біздің ауылға барасың ғой, қызым? - Бармағанда қайтем?* (Ә. Сәрсенбаев). 2. *Сен балаң болуын тілейсің бе? - Баланың керегі не? Біреуге өлтірткізу үшін бе?* (М.Жұмабаев). 3. *Неге ақылды ақылсыздан жеңілді? – Содан сұра?* («Қазақ әдебиеті» газеті»). 4. *Сонда ол не дейді? - Шынымен солай деді ме?* (М.Жұмабаев).


4. Риторикалық сұрақ. Кейбір сұраулы сөйлемдер жауап күту мақсатымен айтылмай, бірдеңенің жайын хабарлау мақсатымен де айтылады. Риторикалық сұраулы сөйлемдер көркем әдебиетте жиі қолданылады.

Кеш, тәңірім, болса сөзім пендешілік,
Мінекей, айқын зұлым, қайда әділдік?
Соншама кең рақметтен құр тастайтын,
Баласы алты алаштың - біз не қылдық?

Бір жауыз сөндірмек пе әлде нұрың?
Үстіне кигізбек пе қара құрым?


Жоқ әлде қазіргімен жұмысың жоқ,
Қайғыға түсіре ме өткен күнің? (М. Жұмабаев).

Шылаулар (ма/ме, ба/бе, па/пе) арқылы жасалған ашық сұраулы сөйлемдердің интонациясын экспериментті зерттеулерге сүйене отырып бақыласақ, интонацияның негізгі тоны сол шылау арқылы жасалып, мағыналық өзек болып тұрған баяндауышқа дейін көтерілумен қатар, оның тонының жиілігі мен үдемелігінің де біршама молаятыны байқалады. Сөйлемнің басы мен соңына қарағанда, оның ортасындағы сөз буындарының айтылу қарқыны жылдамырақ болады. Шылаулар арқылы жасалған сұраулы сөйлемдер көбінесе интонацияның негізгі тон жиілігінің орташа регистрінде орташа дауыс күшімен айтылады (5-сурет).




5-сурет. Шылау арқылы жасалған сұраулы сөйлемнің интонациялық сызығы

Сұрау есімдіктері арқылы жасалған сұраулы сөйлемнің интонациясы сол есімдіктердің сөйлемдегі орнына қарай құбылып тұрады. Сұрау есімдік сөйлемнің басында тұрса, сөйлемде екі мағыналық өзек болады. Оның біріншісі логикалық акценттелген сұрау есімдігінде болса, екіншісі синтагманың аяғындағы екпін түскен сөзден көрінеді. Сұрау есімдігі арқылы жасалған сөйлем интонациясының жалпы контуры аяғына қарай бәсеңдейді де, кең диапазонмен ерекшеленеді. Ой екпіні сұрау есімдігіне түсетін сөйлемде мағыналық өзек, әдетте, негізгі тонның ең жоғары мәніне ие болады. Сөйлемнің соңындағы оның екінші өзегі болатын сөз мол ұзақтылықпен беріледі. Мұндай сөйлемнің жалпы айтылу қарқыны орташа болып келеді (6-сурет).




6-сурет. Есімдік арқылы жасалған сұраулы сөйлемнің интонациялық сызығы

Сұраулы сөйлемдегі негізгі логикалық мазмұнға ие болатын сұрау есімдігінің орны өзгерсе, сөйлемнің интонациялық суреті де өзгеше болады. Сұрау есімдігі аяғында келетін сөйлемнің әуені мағыналық өзектегі терминалды буынға дейін көтеріліп барып, сол жерде шұғыл төмендейді. Мұндай сөйлем кең тоналды диапазон мен жоғары тоналды регистрде айтылады. Сөйлемнің әуені аяғына қарай шұғыл өзгереді (7-сурет).




7-сурет. Есімдік арқылы жасалған сұраулы сөйлемнің интонациялық сызығы

Күмәнді сұрақтар интонациясындағы қарқын баяу сипат алып, үдемелігі шамалы болады. Оның тоналды диапазоны едәуір болып, орташа регистрде айтылады да, жалпы кескіні көтеріңкі және көтеріңкі-бәсең тонмен ерекшеленеді. Сөйлемнің басы мен аяғының тоналды интервалы орташа болып келеді, ал сөйлемнің үдемелігі мен тоны өзара пропорционалды түрде өзгеріп отырады (8-сурет).




8-сурет. Күмәнді сұрақтың интонациялық сызығы

Қарсы сұрақтың тоналды контуры аяғына дейін көтеріліп келеді де, соңғы сөздің ақырғы буыны логикалық акцентпен белгіленеді. Мұндай сөйлемнің тоналды диапазоны мен интервалы кең болады. Қарсы сұрақ, әдетте, жылдам қарқынмен айтылады да, үдемелігі орташалау болып келеді (9-сурет).



9-сурет. Қарсы сұрақтың интонациялық сызығы

Риторикалық сұрақтардың тоналды кескіні әр түрлі болып, көбінесе көтеріңкі дауыспен айтылады. Жауап күтуді білдіретін сөздердің ой екпіні, басқа сөздерге қарағанда, молырақ болады. Әдетте, акценттелген сөз баяндауыштың қасында тұрады. Сұраулы шылаулар арқылы жасалған сөйлемдердің тоналды диапазоны және сөйлемнің басы мен аяғының интервалы шамалы мәндермен ерекшеленеді. Ал сұрау есімдіктер арқылы жасалған сөйлемдердің тоналды диапазоны және интервалы кең болатынын көрдік. Риторикалық сұрақтар жай қарқынмен айтылып, оның үдемелігі акценттелген сөздерде молаяды (10-сурет).



9-сурет. Риторикалық сұрақтың интонациялық сызығы

9-сурет. Риторикалық сұрақтың интонациялық сызығы

Түптеп келгенде, қазақ тіліндегі сұраулы сөйлемдердің жоғарыда көрсетілген екі түрінің ең басты интонациялық ерекшелігі - олардың тондарының ең жоғарғы мәндерінің әрқашан да мағыналық өзекте болуы. Сонымен бірге, үдемеліктің де негізгі тон жиілігіне байланысты молаюы байқалады. Сұраулық шылаулары соңында келетін сөйлемнің негізгі тонының көтерілуі де сол шылауларға тәуелді болады. Ал сұрау есімдіктері басында орналасқан сөйлемдердің тоны да жоғары басталып, аяғына қарай бәсеңдейді.

Жоғарыда баяндалған сөйлемдердің интонациясы қазақ тіліндегі сұрау интонациясының екі инварианты болып табылады. Сұраулық шылаулар арқылы жасалған сөйлемдерді мағынасы мен құрылымына қарай **жалпы сұрақ интонемасымен** сипатталады. Ал сұраулы есімдіктер арқылы жасалған сөйлемдерді **арнаулы сұрақ интонемасына** жатқызуға болады.

Бұйрықты сөйлемнің интонациялық ерекшеліктері

Бұйрықты сөйлем жалаң бұйрық ретінде ғана айтылмай, сонымен қатар кісінің еркін, талабын кеңесін, тілегін, жалынышын т.б. білдіретіні белгілі. Бұйрықты сөйлем көбінесе диалогта жиі ұшырайды. Бұйрықты сөйлемдер

етістіктің бұйрық және қалау райы арқылы жасалады. Бұйрықты сөйлемдердің баяндауыштары қандай сөзден болғанына қарай және сөйлемнің құрамы қандай болуына қарай, олардың мазмұны да әр түрлі болып келеді.

Бұйрықты сөйлемдердің негізгі коммуникативтік міндеті сөз түзуші мен сөз тұтынушы арасындағы қарым-қатынасты реттеп, тыңдаушыға әсер етіп, семантика-грамматикалық және интонациялық құралдар арқылы жүзеге асыру. Коммуникативтік акт вербальды және вербальды емес тәсілдер көмегімен сөйлеушінің белгілі мақсатқа жетуін көздейді: белгілі бір әрекетті жасау, жасамау, бір істі, жұмысты атқаруға, орындауға түрткі болу. Бұйрықты сөйлемдер өзінің құрылымы, семантикалық пропозициясы бойынша сөйлеуші талап еткен хабарды, тыңдаушыға танытады. Сөйлеу актісіндегі пресуппозицияға сәйкес адресант иллокутивтік мақсатын, мысалы, әрекетке итермелеуін функциональды-семантикалық, интонациялық-просодикалық құралдар арқылы адресатқа жеткізеді. Коммуникация процесіндегі қолданатын бұйрықты сөйлемдер тыңдаушыға әсер етіп, көңіл-күйін қалыптастырып, ынталандырады, ақпарат арқылы реципиенттің іс-әрекетіне, мінез-құлқына өзгеріс енгізеді.

1.Баяндауышы етістіктің бұйрық райының екінші жағында айтылған сөйлемдер көбінесе бұйрық, талап кейде үндеу мәнді болады: *Тарт тіліңді! Жоғал көзіме көрінбей! - деп Ысқақ кимелеп кетті* (С.Ерубаев). *Құлат мынау үйлерді!* (М.Әуезов). *Қалма! Апарып сал!* (М.Әуезов). *Тысқа шығайық жүр!* (М.Әуезов). *Анау шиге қарай тарт!* (Ғ.Мұстафин). *Шық үйден, кет менен! (Сәрсенге қарап.) Шығар мынаны үйден!.. (Тістеніп.)*(С.Сейфуллин).

Кейіпкер арасындағы ұрыс пен қайшылық бұйрықты сөйленімдер арқылы көрсетілген. Әрбір кейіпкердің өзіне тән сөйлеу мәнері мен көңіл-күйіне сәйкес ой-пікірі мен талас-ұрыс айқын көрінеді. Сөйлеуші мен тыңдаушының қатынасында адресаттың белсенді реакциясы көбіне ынталандырушы репликаның интенциясына бағынбайтынын көрсетеді. Кейпкерлер қатысымның мақсаты қарсы жақты белгілі бір әрекетке бағыттап, оны орындауға итермелеу. Қатысым барысындағы тыңдаушының қатал реакциясы сөйлеушіге әсер етіп коммуникативтік мақсат орындалмай, керіс реакция туындап отыр, себебі адресат та өз мақсатына жетуді көздейді. Коммуниканттардың эмоциялық күйі, экспрессиясы, ашуы вербальды және бейвербальды әрекеттер арқылы жүзеге асады. Адресант пен адресаттың мақсаты бір-біріне сәйкес келмесе, сөйлеуші итермелеген әрекет орындалмайды.


2. Баяндаушы етістіктің бұйрық райында айтылып, оған *шы/ші* қосымшасы жалғанып, тілек, жалыныш не сыпайы түрде бұйыруды білдіретін сөйлемдер жасалады. Ондай сөйлемдер қалау мағынасында да айтыла береді: *Келші, қалқам, менің қасыма отыршы! Мына жұмысты тезірек бітірші!* (Ә.Әбішев). *Әйгерім, сен бері қарашы! - деді* (М.Әуезов). *Сабыр қылыңыз! Сен шығып кетші!*(С.Сейфуллин).

Бұйрықты сөйлемді интонациялық айырмашылықтарына қарай екіге бөлуге болады. Олардың біріншісі - орындалуға тиісті, жалтаруға болмайтын қатал бұйрық болса, екіншісі - тілек, қалау не сыпайы түрде айтылған бұйрық.


Олардың біріншісіне жоғарыда келтірілген бірінші топтағы (1) мысалдар, екіншісіне - екінші топтағы (2) мысалдар жатады. Қатал бұйрықты сөйлемнің интонациялық ерекшелігі - оның көбінесе жоғары тонмен басталып, соңына қарай бәсеңдеуі. Сыпайы түрде айтылған бұйрықты сөйлемнің интонациялық

ерекшелігі оның көбінесе біркелкі, орташа тоналды деңгейде айтылуы. Бұйрықты сөйлемдердің екі түрі де баяу қарқынмен мол үдемелікпен айтылады, ал акценттелген буыны мазмұндық өзек болып максимальды тоналды мағынаға ие болады. Қатал бұйрықты сөйлемдердің тоналды диапазоны едәуір мол, тоналды интервалы да көлемді. Қалау не сыпайы түрде айтылған бұйрықты сөйлемдердің тоналды диапазоны мен интервалы орташа болып келеді.

Осы екі түрлі бұйрықты сөйлемдер қатал бұйрық интонемасы және сыпайы бұйрық интонемалары арқылы беріледі (11, 12-суреттер).



11-сурет. Қатал бұйрықты сөйлемнің интонациялық сызығы



12-сурет. Сыпайы бұйрықты сөйлемнің интонациялық сызығы

Лепті сөйлемнің интонациялық ерекшеліктері


Кісінің көңіл күйін, ашуын, ызасын, аянышын, күмәнін, таңдануын, қуанышын т.б. эмоциялық сезімін білдіретін лепті сөйлемдер екі топқа бөлінеді. Мұндай сөйлемдердің эмоциялық мағыналары олардың құрамындағы одағай, модаль сөздер, баяндауышындағы етістіктің шартты райы, не тұйық рай формаларында, немесе көмекші етістікпен бірге қолданылатын есімше, шылау, демеуліктер және мақтану, масаттану мағынасындағы сөйлемдерде қолданылатын *ғажап, неткен, қандай, пай-пай, ай, уа* деген сөздерде болады.

Интонациялық ерекшеліктеріне қарап, қазақ тіліндегі барлық лепті сөйлемдерді екі топқа бөлуге болады. Оның біріншісіне жоғарыда келтірілген лепті сөйлемді құратын грамматикалық әдістерсіз-ақ (одағай, модаль сөздер, баяндауышының ерекшеліктері т.б.), жалаң айрықша интонация арқылы болатын лепті сөйлемдер жатады. Мысалы: *Бұл түс емес! (М.Әуезов). Тамаша мұнда екен! (М.Әуезов). Дәл қаланың үйі! (М.Әуезов). Алғыс деген аз сөз! Кел! Досың сені күтіп отыр! (М.Әуезов). Ғажап жігіт екен! (Ғ.Мұстафин). Сүйінші, күйеу келеді! (Алпамыс батыр).*


Қазақ тіліндегі лепті сөйлемнің екіншісіне құрамында жоғарыда келтірілген одағай, есімдік, етістіктің грамматикалық формалары мен категориялары бар түрлері жатады. Мысалы: *Қандай ақылды адам! (Ғ.Мұстафин). Уа, салдар келеді! (Ғ.Мұстафин). Неткен айтқыш тіл! (М.Әуезов). Ойпырай, тамаша екен! (Ғ.Мұстафин). Ойбай, сен аулақ жүр! (Алпамыс батыр). Сорлы-ай, арманда кеткен екен! (Ж.Аймауытов). Па, шіркін, кеше осыны айтуың ғой! (Ж.Аймауытов).*

Жоғарыда келтірілген лепті сөйлемдердің екі түрінің экспрессивті, эмоциялық мағынасы мен интонациялық ерекшеліктері олардың лексикалық-грамматикалық айырмашылықтарына қарай әр түрлі болуы мүмкін. Бірінші топқа жататын лепті сөйлемдер бүтіндей жоғары тоналды деңгейде болып грамматикалық әдіссіз-ақ айрықша интонациямен айтылады. Олардың мағыналық өзегі сөйлемнің аяғына таман орналасады. Лепті сөйлемдердің екінші тобындағы эмоциялық мағыналы сөздер ең көтеріңкі тонмен, максимальды үдемелікпен созылыңқы айтылып, сөйлемнің бірінші мағыналық өзегі болып табылады да, екінші мағыналық өзегі сөйлемнің соңында болады.

Лепті сөйлемдердің бәрі дерлік эмоциялық-экспрессивті мағынаға ие болғандықтан, баяу қарқынмен, нық, айрықша реңкімен айтылып, лепті интонемамен беріледі. Лепті сөйлемдердің түрлері лепті интонеманың варианттарына лайық болады (13, 14 суреттер).



13-сурет. Бірінші топқа жататын лепті сөйлемнің интонациялық сызығы



14-сурет. Екінші топқа жататын лепті сөйлемнің интонациялық сызығы

Оқшау сегменттердің интонациялық ерекшеліктері

Сөйлемдегі өзге сөздермен жалпы мағыналық байланыста тұрғанмен, сөйлем мүшесі қызметін атқармай және сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік

байланысқа түспей, олардан бөлектеніп, оқшауланып айтылатын сөздерді, сөз тіркестерді, сөйлемдерді оқшау сегменттер дейтіні белгілі. Олар сөйлем ішіндегі мағынасына қарай қаратпа сегменттер, қыстырма сегменттер деп аталады.

1. Қаратпа сөз

Сөйлеу процесінде өз мақсатына жету үшін коммуникантар **қаратпа сөздерді** жиі қолданады. Адресатты бір әрекетке, іске итермелеу үшін адресант оның атын атап, коммуникативтік жағдаятына сәйкес, иллокутивтік мақсатына жетуге тырысады. Сөйлемдердің синтаксистік құрылымы, семантикалық пропозициясы, интонациялық ерекшеліктері тыңдаушыға әсер етіп, бір реакция туғызады. Сөйлеу актісінде көрініс табатын сөйлемнің пресуппозициясы жаңа ой туғызып, оны функциональды-семантикалық және интонациялық-просодикалық құралдар арқылы тыңдаушыға жеткізеді.

Қаратпа сөздер айтылған ойдың кімге арналғанын білдіру үшін, оған басқаның көңілін аудару үшін жұмсалады. Олар диалогта, шешендік сөзде, үндеуде, поэзияда және түрлі хаттар мен іс қағаздарында қолданылады. Сөйлеушінің көңіл күйі мен сезіміне байланысты қаратпа сөздердің мағынасы, тұлғасы, құрамы түрлі-түрлі болуы мүмкін. Қаратпа сөз қызметінде жұмсалатын сөздер, көбінесе кісінің аты, фамилиясы, әкесінің аты және "кім?"деген сұрақ қоюға болатын зат есімдер: шырақ, апа, балалар, т.б. сияқты. Қаратпа сөздер көбінесе сұраулы не лепті сөйлемде болады. Қаратпа сөздер басқа сөздерден кідіріс арқылы бөлініп, әрқайсысы жеке синтагма болып, өзіне тән интонациямен айтылады.

Ә.Н.Нұрмаханова қаратпа сөздерді сөйлемнің басқа мүшелерімен байланысы жоқ деп қарауға болмайды, себебі олар сөйлемдегі коммуникативтік қатынасты күшейтіп тыңдаушысын жауап беруге, соған реакция жасауға мәжбүр етеді, дейді (Нұрмаханова, 1982, 154 б.). Біздіңше, қаратпа сөзді қолданудағы интонацияның рөлі жөнінде мұнда дұрыс айтылған. Интонацияның рөлін дәлелдеу үшін лексикалық құрамы бірдей екі сөйлемді алып салыстырады:

1. Асан, сен тыныш отыр!


2. Асан, сен, тыныш отыр!

Бұл сөйлемдердің біріншісінде қаратпа сөз *Асан* болып, екіншісінде қаратпа сөз *сен* болып тұрғанын интонация арқылы білуге болады деген пікір көңілге қонымды. Қаратпа сөздерді қолдануда, олардың эмоциялық мағынасын, функциясын айыруда интонацияның және оның компоненттерінің маңызы зор екенін фонетикалық эксперименттер де дәлелдейді.

Қазақ тіліндегі қаратпа сөздердің интонациясы олардың сөйлемнің қай жерінде тұрғанымен байланысты, түрлі-түрлі болады. Олар сөйлемнің басында, ортасында, соңында тұра береді. Мысалы: ***Әке, бір тілек сұрай келдім.*** *Әйгерім, сен бері қарашы! (М.Әуезов). Шырағым, сен абыржыма, жыламашы, күнім! Апа, көріспесек, қош бол! (Ғ.Мүсірепов). Жақындадық, балақайым, жақындадық! - деп, дуана Ақбілекті тағы бір лықытып жауырынына таман шығарды (Ж.Аймауытов).*


Кейде қаратпа сөздер қайталанып не басқа сөзбен алмастырылып екі рет айтылуы мүмкін: *Бала, ай бала, қайдасың? - деді аттылы адам (С.Ерубаев). Ау, Барша, қарағым-ау, мұның қалай? Е, қызыл гүл, таң атарда шешек атып сыланасың! (С.Ерубаев).*

Сөйлемнің басындағы (препозиция) қаратпа сөз әрқашан жоғары тоналды деңгейде айтылады. Қаратпа сөздің тоналды диапазоны оның мөлшерімен тура пропорциялы болады. Сөйлемнің басындағы қаратпа сөз әр уақытта бөлек синтагма құрап, сөйлемнен кідіріс арқылы бөлініп, көтеріңкі тонмен ерекшеленеді. Сөйлем мен оған кірген қаратпа сөздің жік арасында әуеннің негізгі тоны кенет өзгереді. Қаратпа сөздердің динамикалық және уақыт параметрлері мол мәндерімен сипатталады. Сондай-ақ олар едәуір жігермен, баяулау қарқынмен айтылады. Мұндай интонация сипаты сөйлем басындағы қаратпа сөздің информативтік мазмұнының молдығын байқатады (15-сурет).




15-сурет. Сөйлем басындағы қаратпа сөздің интонациялық сызығы

Сөйлемнің ортасындағы (интерпозиция) қаратпа сөздердің интонациясы сөйлемнің ортасында тұрған қыстырма сөздердің интонациясына ұқсайды. Бұл қаратпа сөздер сөйлемде өз алдына бөлек синтагма құрап, олардың ара жігі шамалы тоналды интервалмен ерекшеленеді. Ал қаратпа сөздің өзі бәсеңдейтін бірсыдырғы әуенмен сипатталады. Сөйлемнің басында тұрған қаратпа сөздердің интонациясын ортасында тұрған қаратпа сөздердің интонациясымен салыстырсақ, соңғылардың интонациясы қай жағынан болсада солғын да кемескі болып келетіні байқалады. Сөйлемнің ортасындағы қаратпа сөздер тар тоналды және шамалы динамикалық диапазонмен, орташа тоналды деңгейде, баяулау қарқынмен айтылады. Мысалы: ***Ендеше, Қажеке, уәде қылып қоялық!*** *(Ж.Аймауытов). Ризамын, балам, ризамын! Ризамын елдің бәріне! (Жамбыл). Жүр, ағатай, сүт іш, - деп шақырмаса, Қартқожа әлде қай уақытта орнынан тұрарын - құдай білсін (Ж.Аймауытов). Біз, шырағым, қазыналық оқуға түскенбіз (Ж.Аймауытов).* (16-сурет).



16-сурет. Сөйлем ортасындағы қаратпа сөздің интонациялық сызығы

Сөйлемнің соңындағы (постпозиция) қаратпа сөз интонацияның төменгі тоналды деңгейінде тұрып тар диапазонмен жылдам қарқынмен және шамалы үдемелікпен ерекшеленеді. Ол өзінің алдындағы синтагмадан кейде кідіріс арқылы бөлінбей де айтыла беруі мүмкін. Мысалы: ***Құлағым сенде, мыстаным!*** *(Алпамыс батыр). Денің сау ма, қарағым? (Ж.Аймауытов). Мында кел, шырағым, - деді әжесі. Сен не ғып тұрсың, балам? Көзін жоғалт, шеше! - деді. Қойшы енді, қалқам (Ж.Аймауытов).* (17-сурет).



17-сурет. Сөйлем соңындағы қаратпа сөздің интонациялық сызығы

2. Қыстырма сөз, сөз тіркесі және сөйлем


Қаратпа сөздермен бірге коммуникативтік акт шеңберінде қыстырма сегменттер де жиі кездеседі. **Қыстырма бірліктердің** сөйлеу тілінде қолданылуының басты мақсаты адресанттың айтылып отырған сөйлем мағынасына өзінің көзқарасының, дәлірек айтқанда, өзінің сезімін, қуанышын, сенімін, өтінішін адресатқа молынан жеткізіп, оған психологиялық жақсы да жағымды әсер етіп, онымен жарқын эмоциялық түсіністік пен жақын пікірлестік байланыс орнату. Қыстырма элементтердің психолингвистикалық жаратылысы, сөйлесімде қолданылуының ерекшелігі оның сөйлемдердің тұтастық тізбегін ыхтиярсыз бөліп тастап, оларды адресант пен адресаттың психологиялық қатынасына жақын да пікірлестік жағынан тәуелді етуі. Қыстырма бірліктер барлық тілдерге тән психолингвистикалық универсалия болып табылады. Олардың прагматикалық қолданысы сөйлеу актісінің жүзеге асырылу орны мен жағдайы, қатысымның мақсаты мен коммуниканттардың әлеуметік-психологиялық қалпына байланысты.

Сөйлеу қолданыста жұмсалатын қыстырма бірліктер көбінесе субъективті-модальдық мазмұнды, адамның эмоциональды жай-күйін, сезімі мен еркін жеткізуге арналған. Олар өздеріне тән функциональды-коммуникативтік, эмоциональдық, бағалауыштық, семантика-прагматикалық қасиеттерімен ерекшеленеді. Қыстырма элементтердің эмоциональды-экспрессивтік қызметі сөйлеу актісіне қатысушы коммуниканттардың эмоциялық жай-күйін көрсетумен анықталады. Модальды-бағалауыштық қызметі сөз тұтынышының сөз қабылдаушыға коммуникативті жағдаяты мен контекске субъективті бағасын берумен сипатталады. Бір иллокутивті мақсатты орындауда, олар сөйленімнің басында, ортасында, соңында орналасып, кейде контекстің тұтас мазмұнына экспрессивтік реңк үстейді. Қыстырма бірліктер тоқтаусыз дамып, қолданыстық өрісін үнемі кеңейтіп, тілдік категорияларды өзіне айналдырып отыратын, сөйлеу жағдаяты мен контекстке байланысты, түрлі модальдық реңктерге және үстеме мағыналарға ие болатын прагмалингвистикалық категория.

Сөйленімдегі айтылған ойға, сөйлеушінің әр түрлі көзқарасын, дәлірек айтқанда, оның қуанышын, өкінішін, сенімін т.б. көрсететін қыстырма сегменттер кейде бір сөзден, кейде сөз тіркесінен тұрса, кейде бүтін сөйлем түрінде де бола береді. Олардың прагматикалық мағынасын лексика-грамматикалық көрсеткіштермен қатар интонациялық-просодикалық тәсілдер арқылы да байқауға болады. Контекст, мәтін, дискурс, сөйлеу жағдаятында коммуникативтік акт процесінде қыстырма сегменттердің функциональды-прагматикалық жақтары интонация тәсілдері арқылы айқын көрінеді. Мысалы:


Анығында, жүрістің себепшісі Дәрмен *(М.Әуезов). Өткірлік, мен білсем, одан табылады (М.Иманжанов).* ***Айта келгенім ол емес, әрине*** *(Ғ.Мүсрепов). Амалы бар ма, іске кірісу қажет (М.Иманжанов). Бастың ауруы, мүмкін, шайдікі шығар (Х.Есенжанов). Солар дұрыс айта ма деймін, менің ойымша (М.Әуезов). ¤зіміз ойлағандай, әскер қаладан шықты (Х.Есенжанов).* ***Мұрат, әдетте, көңілді бала болатын*** *(М.Иманжанов). Менің шамам келер ме екен, сірә (Ғ.Мүсрепов). Әлбетте, ер азаматтың бұл күнде бір-біріне бөтендігі жоқ қой...(М.Иманжанов). Орысшаға, құдай біледі, өзі судай екен (Х.Есенжанов). Сол жылдың жазы екен-ау, айтпақшы (Б.Аманшин).*

Қыстырма сөздер, сөз тіркестер сөйлемнің басында (препозиция) келсе, олар өздері бір синтагма құрап, сөйлемнің басқа сөздерінен кідіріс арқылы бөлініп, көтеріңкі тонмен айтылады. Қыстырма сөз бен, сөз тіркесі сөйлемнің басқа сөздерінің ара жігінде тұрса, онда оның тоналды интервалы теріс, болымсыз (отрицательный) болып, шұғыл өзгереді. Қыстырма сегменттер мен сол сегменттер қыстырылған сөйлемнің интонациясындағы ең басты айырмашылық - олардың тоналды диапазоны мен тоналды деңгейінің мөлшерімен, сондай-ақ, оған олардың динамикалық параметрлерінің айырмашылығымен анықталады. Негізгі сөйлемнің тоналды диапазоны мен деңгейі және үдемелігі қыстырма сегменттермен салыстырғанда молырақ және көлемді болады. Сөйлемнің басында тұрған қыстырма сегменттердің айтылу ұзақтығы мен үдемелігі - ортасында және соңында тұрған қыстырма сегменттермен салыстырғанда көлемді де басымырақ болады. Бұл жайт сөйлемнің басындағы қыстырма сөздің сөйлемдегі маңызынында молырақ екенін көрсетеді (18-сурет).




18-сурет. Сөйлем басында тұрған қыстырма сөздің интонациялық сызығы

Сөйлемнің ортасында тұрған (интерпозиция) қыстырма сегменттердің көбісі екі жағынан шамалы кідіріспен бөлініп бәсеңдеу әуенмен айтылады. Просодикалық тәсілдер сегменттердің ара қатынасын анықтауға қатысады. Сөйлем ортасындағы қыстырма сегмент пен ол сөйлемнің алдыңғы жағындағы сөздердің ара жігінің тоналды контуры теріс, болымсыз болады. Мол тоналды диапазонды, жоғары деңгейлі болып келетін сөйлемнің алдыңғы мүшелерімен салыстырғанда, оның ортасында тұрған қыстырма сегменттердің шамалы тоналды диапазонды, сондай-ақ оның төменгі тоналды регистрде тұрғаны айқын көрінеді (19-сурет).




19-сурет. Сөйлем ортасында тұрған қыстырма сөздің интонациялық сызығы

Сөйлемнің соңында тұратын (постпозиция) қыстырма сегменттер сөйлемнен кідіріс арқылы бөлінбей, негізгі тонның сәл бәсеңдеуімен ғана, төменгі регистрде жылдам айтылады. Сегменттердің ара жігі көбінесе болымсыз интервалмен ерекшеленеді. Негізгі сөйлеммен салыстырғанда, сөйлемнің соңындағы қыстырма сөз айрықша тар тоналды диапазонмен және шамалы үдемелікпен жылдамырақ айтылады. Оның себебі сөйлем соңында қыстырма сөздің қосылуы, сөйлемнің негізгі мазмұны сомдалып болғаннан кейін ғана айтылатындығында жатыр. Әдетте, сөйлемдегі жалпы мазмұн мен оған енген қыстырма сегменттердің мазмұнның арасында елеулі айырмашылық бар. Ол айырмашылық негізгі сөйлемдегі жалпы информациялық мазмұнның қыстырма сегменттердегі мазмұннан мол да, басым түсетіндігі, сондай-ақ оның интонацияның компонененттерінде айқын көрініс табатындығы - табиғи құбылыс (20-сурет).



20-сурет. Сөйлем ортасында тұрған қыстырма сөздің интонациялық сызығы

Қазіргі таңда сөйлеудің диалог, полилог формаларында қыстырма сөздер және сөз тіркестерімен қатар, сөйлем ортасына орналасып, сол сөйлемнің мазмұнына қалай да бір қатысы болатын көлемді қыстырма сөйлемдер жиі кездеседі. Коммуникативтік акт процесінде аталмыш элементтердің коммуникативтік-прагматикалық қолданысы коммуниканттардың әлеуметтік-психологиялық қалпымен байланысты. Осындай **қыстырма сөйлемдер** универсалия (әмбебап) ретінде барлық тілдерде кездеседі. Қыстырма сегменттердің интонациялық-просодикалық ерекшеліктері қызығушылық тудырады, себебі типологиялық сипаттарымен қатар олардың ұлттық мәдени ерекшеліктері мен жеке психологиялық факторлары да байқалады. Қыстырма сөйлемдер интонациясының басты өзгешелігі - олардың компоненттеріндегі интонация бірліктері көріністерінің де, басқа қыстырма сегменттердегідей, өздері орналасқан сөйлемдерге қарағанда, барлық жағынан бәсең де көмескі болуы. Оның басты себебі – қандай болмасын қыстырма бірліктер мазмұнында жолай айтылған, үстемелі, түсіндірмелі мәннің болуы. Жазуда мұндай қыстырма сөйлемдер көбінесе жақшаға алынады. Мысалы: *Шоқша сақалын ақ шалған, орта бойлы, мығым денелі, "қамыт аяқ" (атқа көп отырған ғой, - деп күлетін құрдастары) бұл пәниде ешкімді ренжітіп көрмеген қарияны ауылы Қара шал деп атайтын. Қара шал соңғы жылдары "Малқұдықта" адам басы айналар шыңыраудан су тартып, мұқым ауылды сауын маядай асырап отырған " ақ мотордың" (сыртқы түрі ақ болушы еді) ақауы кеткен тетіктерін жөндеп, іске қосып... "моторист" деген мамандықтың иесі болды* (Халық кеңесі). *Сол кезде (неге екенін кім білсін) жайдан жай жылағысы келді* (С.Мұқанов). *Мендеш, өзіңіз білесіз, жігіттің төресі ғой. Мен де, несін жасырайын, Мендешке қызыққам. Сол сәтте, неге екенін қайдам, Мендеш есіме түсті* (Б.Аманшин). *Ал, сіз білесіз бе, мен сорлыға сондай қиын. Өзі, шынын айту керек, қиын боп тұр* (М.Иванжанов). *Орысшаға, құдай біледі, Белкүллі судай* (Х.Есенжанов). *Өзіне күндес болып үлгере алмай кеткен шешесінің кегін қызынан алмақ болады ма, кім білсін, Ұлтай әйтеуір Жаңылдан өшін алды* (Т.Ахтанов) (21-сурет).



21-сурет. Қыстырма сөйлемнің интонациялық сызығы

Жоғарыда көрсетілген сөйлемнің сегменттері болып табылатын негізгі сөйлем мен қыстырма сөздердің интонациясын салыстырып қарағанда байқағанымыз - біріншіден, негізгі сөйлемнің қарқынына қарағанда оған қыстырылған қыстырма сегменттердің қарқыны жылдам да көмескі болатыны. Екіншіден, негізгі дербес сөйлемнің тоналды және динамикалық диапазоны қыстырма сегменттермен салыстырғанда біраз мол болатыны. Үшіншіден, негізгі сөйлеммен салыстырғанда қыстырма сегменттердің ұзақтылығы мен үдемелігі шамалы болатыны.

Сөйлемнің басында, ортасында, соңында келетін қыстырма сегменттердің мазмұнын өзара салыстырып қарағанда, оның басындағы, ортасындағы қыстырма сегменттерден соңындағы қыстырма сегменттердің мазмұны кемірек болатынын көрдік. Мұны сөйлем соңындағы қыстырма сегменттің негізгі сөйлемнің мазмұны сомдалып болғаннан кейін ғана айтылатындығымен түсіндіруге болады. Ал сөйлемнің басындағы, ортасындағы қыстырма сегмент болса ол сөйлеу процесінде сомдалады. Сондықтан сөйлемнің басындағы, сөйлемнің мазмұнының сомдалуынан бұрын айтылған қыстырма сөздің мазмұны, негізгі сөйлемнің мазмұнынан көп кем емес деуге де болады.

Жоғарыдағы семантикалық-коммуникативтік салмағы мол негізгі сөйлем мен оған қыстырылған семантикалық-коммуникативтік салмағы кемірек қыстырма сегменттерді өзара просодика жағынан да салыстырып, жалпы сөйлеу тілі үшін мазмұнмен қатар интонацияның маңызы зор екенін іс жүзінде мысалдарды әр жақты зерттеумен дәлелдедік деп ойлаймыз.

Сайып келгенде, қазақ тіліндегі сөйлемдердің коммуникативтік түрлеріне қатыстырыла қаралып эксперименттік-фонетикалық тексеруден өткен интонацияның компоненттерінің, дәлірек айтқанда: негізгі тон жиілігі, тоналды диапазоны, тоналды деңгейі, қарқыны, ұзақтылығы, үдемелігі, бұлардың бәрінің, сөйлемдердің мазмұнына тікелей қатысы бар екенін көрдік. Неғұрлым сөйлемдегі мазмұн мол да салмақты болса, солғұрлым интонацияның жоғарыда келтірілген компоненттері өзінің максимальды күшінде, деңгейінде айқын көрініс табады. Неғұрлым мазмұн шамалы немесе көмекші ғана роль атқарып, тұрлаусыз болса, солғұрлым интонацияның тоналды диапазоны да, қарқыны да, ұзақтылығы мен үдемелігі де шамалы, аз да көмескі болып келеді.

Бұл интонацияның компоненттері мен мазмұнның арасындағы қарым қатынасты келтірілген мысалдардан анық көруге болады. Ол оқшау сегменттер мен олар қыстырылған дербес, негізгі сөйлемдердегі интонацияны алып салыстыруға болады. Әдетте, информацияның бастысы, ең қажеттісі дербес, негізгі сөйлемде болады да, ал оған қыстырылған оқшау сегменттер сол сөйлемнің мазмұнына қатысты көмекші ғана информация береді дедік. Бұл мазмұндық қатыспен айырмашылық әдетте просодикалық параметрлердің бәрінде дерлік анық көрінеді.


Сонымен, сөйлемнің ортасында қыстырылған оқшау сөздер (қаратпа сөздер, қыстырма сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер) қыстырма интонемасының варианттарымен сипатталады, ал сөйлемнің басында және соңында тұрған оқшау сөздер тиянақсыз және тиянақты интонемалардың варианттары арқылы көрінеді.

Сөйлемдегі бірыңғай мүшелердің интонациялық ерекшеліктері

Сөйлемдегі синтаксистік қызметі бірдей, өзара салаласып байланысатын, барлығы бірдей дәрежеде бір сөзге қатысты болып тұратын сөйлем мүшелері (тұрлаулы, тұрлаусыз) бірыңғай мүшелер болатыны белгілі.

Бірыңғай мүшелерді салаластыра байланыстыратын амалдар - интонация мен жалғаулықтар. Мысалы: *1.Апталар, айлар, жылдар өтсін (Алпамыс батыр). 2.Алтынай малын сауады, отын жағады, суын әкеледі, күлін шығарады, тамағын істейді, үйін жияды, қорасын тазалайды (Ж.Аймауытов).*

Бірінші мысалдағыдай қызметтес (бірыңғай бастауыштар), бір тұлғалы жалаң сөздерден болған бірыңғай мүшелердің просодикалық белгілерінде бір-біріне ұқсастық, біркелкілік бар. Әр мүше бір синтагма болып, айырым кідіріспен көмкерілетін әуенмен айтылады. Сөйлемнің алғашқы синтагмалары тиянақсыз, соңғысы тиянақты әуенмен өрнектеледі. Негізгі тон жиілігінің және интенсивтіліктін жоғарғы мәндері аяқталмаған синтагманың соңғы буынынан көрінеді. Синтагманың соңында тонның көтерілуімен қатар оның үдемелігі мен ұзақтылығы да молаяды. Бірыңғай мүшелердің соңғы синтагмасы саябырлап төмендеп, үдемелігі азайып барып тоқтайды. Сөйлемдердің алғашқы синтагмаларының тональды дипазоны орташа болып келеді. Олардың әуен сызығы көтеріңкі болғандықтан, олардың арасындағы тональды интервалы болымсыз мәндермен ерекшеленеді. Бірыңғай мүшелердің соңғы синтагмасынан кейін пауза байқалады. Сөлемнің соңғы синтагмасы саябырлай төмендеп, интенсивтілігі азайып барып, тоқтайды. Тиянақты әуенді синтагма мағыналық дербестікті білдіріп, көлемді паузамен аяқталады (22-сурет).



21-сурет. Бірыңғай мүшелердің интонациялық сызығы

22-сурет. Бірыңғай мүшелердің интонациялық сызығы

Екінші мысалдағыдай, әрқайсысы сөз тіркесінен болып (толықтауыш пен баяндауыштан), синтагмаға тән айырым паузамен айтылған бірыңғай мүшелердің

әуенінің контуры да біркелкі көтеріңкі болып, толқынданып келеді де, ең соңғысы саябырлап төмендеп барып бітеді.

Екі екіден жалғаулықтар арқылы қосақталып тұратын бірыңғай мүшелердің де өзіне тән интонациялық ерекшеліктері бар. Қосақталған екі бірыңғай мүшенің арасында ешбір айырым пауза болмай, олар қосағымен бір синтагма құрап, өзіне тән интонациямен айтылады. Әр синтагма айырым паузамен бөлініп, акценттеліп бәсеңді-көтеріңкі тонмен айтылады. Мысалы: *Ақ пен қара, // қызыл мен көк, // күрең мен қына сары // біріне-бірі еппен тоғысып, // бәрі жымдасып тұр (Ғ.Мүсірепов).*

Бірыңғай мүшелерді байланыстыратын жалғаулықтар 3 түрлі болады:

1. Ыңғайластық жалғаулықтар: *және, мен/бен, пен), менен, тағы, да/де, та/те, әрі.* Мысалы: *Жақсылық та, // Баршагүл де, // Қайырбек те, // Мұхит та... шапшаң бұрылып төңірекке көздерін жіті жүгіртеді (Ғ.Сыланов).* Ыңғайластық жалғаулықтары бар ашық құрылымды бірыңғай мүшелердің бәрі бір-бір синтагма құрап, олардың интонациясы да біркелкі, араларында да бірдей айырым кідірістер болады. Негізгі тон жиілігі де, үдемелігі де, ұзақтылық та өздерінің максимальды мәніне ие болып әрқашан жалғаулықтарға түседі.

2. Қарсылықты жалғаулықтар: *бірақ, бірақ та, сонда да, алайда.* Мысалы: *Біз сыртқа шығайық, // бірақ // ұзап кетпейік.* Арасында қарсылықты жалғаулығы бар екі бірыңғай мүшелі сөйлем жабық структуралы болады яғни оған үшінші бірыңғай мүше қосуға болмайды. Мұндай сөйлемдер интонациясы жағынан үш синтагмаға бөлінеді. Сөйлемнің екі бірыңғай мүшелі бөлімдері екі синтагма құрып, ал қарсылықты жалғаулықтың өзі үшінші синтагма болып акценттеліп, мол үдемелік пен ұзақтылыққа ие болады.

3. Талғаулықты жалғаулықтар*: я, не, немесе, не болмаса, біресе, әлде* т.б. Мысалы: *Сазарған түсінен //не көргендігі, // не қарсылығы байқалмады (Ғ.Мұстафин). Толқын //біресе жарды сүзіп, //біресе қайтып бұрқанып жатыр екен (С.Мұқанов). Не, немесе, біресе* сияқты талғаулықты жалғаулықтар мен ыңғайластық жалғаулықтар *да/де, та/те* сияқтылар ашық құрылымды сөйлемдер түзеді. Ондай сөйлемдерде екі, үш, одан да артық бірыңғай мүшелер болып, оларды тағы да қоса беруге болады. *Сазарған түсінен не көргендігі, не қарсылығы, не тағы бірдеме* байқалмады деген талғаулықты жалғаулықтары барларды *Жақсылық та, Баршагүл де, Қайырбек те, Мұхит та, тағы басқа біреулер төңірекке көздерін жүгіртеді»*, деген ыңғайластық жалғаулықтары барымен салыстырып қарауға болады.

Жоғарыда келтірілген сөйлемдердің интонациялық сызығы да бір-біріне ұқсас болып, бәсеңді-көтеріңкі біркелкі толқынданып, біркелкі кідірістермен бөлініп, соңында ғана сөйлем әуені төмендеп барып бітеді.


Сөйлемде бірыңғай мүшелермен бірге кейде жинақтауыш тұлға мен жинақтауыш сөздер қолданылады. Бірыңғай бастауыш кісі аттары болғанда, олардың ең соңғысына көптік жалғау жалғанып жинақтаушы қызмет атқарады. Мысалы: *Абай, // Біржан, //Ербол, //Әйгерімдер тысқа шығып, // оларды аттандырды (М.Әуезов). Кейде жинақтаушы сөз болып сан есімдер қолданылады: Жұрт тарай бастағанда, //Михаил, //Айдынғали, //Жақсылық үшеуі оңаша қалған еді (Ғ.Сыланов).*

Мұндайда бірыңғай мүшелері айырым кідіріспен өзіне тән интонациямен айтылып, ал ең соңғы жинақтауыш сөз бен жинақтауыш тұлғасы бар сөзде

дауыс көтеріліп, кең тоналды және мол динамикалық диапазонмен сипатталады. Бірыңғай мүшелердің бәріне бірдей тән ерекшелікті айтатын болсақ - ол олардың біркелкі тоналды және динамикалық параметрлердің көрінісі мен біркелкі айырым кідіріспен бөлінуі. Бірыңғай мүшелер көтеріңкі-бәсеңкөтеріңкі әуен сызықтарымен өрнектеліп, бір-бірінен орта мөлшерлі пауза арқылы бөлінеді.

Сөйленімнің ортасында келген синтагмалар ойдың аяқталмағанын көрсетіп, тиянақсыз интонемалармен сипатталған. Синтагмалардың тоғысы болымсыз тональды интервалмен сипатталады. Синтагмалардың интонациялық қарқыны бірдей мәндермен сипатталып, олардың мағына жағынан бір-біріне тең екенін білдіреді. Сонымен синтагмалардың синтаксистік және семантикалық байланысын просодикалық тәсілдер арқылы көруге болады. Функциональды грамматикаға сай бірыңғай мүшелердің семантикалық қызметінің ортақтығы нәтижесінде тіл құралдары біртұтас жүйеде қарастырылды. Бірыңғай мүшелердің бәріне тән ерекшелігі ретінде олардың біркелкі әуені мен бірдей айырым паузасын атауға болады. Сөйлемнің жалпы мазмұны коммуникативті синтаксис және просодикалық тәсілдер арқылы айқын көрінеді. Демек, тілдің түрлі деңгей бірліктері арқылы сөйлемнің семантикалық қызметі жүйелі түрде берілген. Бұл функциональды грамматиканың таксис категориясымен ұштасады.

Бірыңғай мүшелердің алғашқы синтагмалары **тиянақсыз және қыстырма интонемалардың варианттарына** сай келеді, де, ең соңғысы әр қашан **тиянақты интонемаға** ие болады Сызба түрінде бірыңғай мүшелердің интонациялық сызығын төмендегідей бейнелеуге болады (23-сурет).



23-сурет. Бірыңғай мүшелердің интонациялық схемасы

Сайып келгенде, интонация және оның компоненттері функциональды-прагматикалық мақсатына қарай жай сөйлемнің (хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті) құрылымдық-коммуникативтік түрлерінің өзгешеліктерін айқындауда, оқшау сөздер мен бірыңғай мүшелердің айтылу ерекшеліктерін көрсетуде атқаратын рөлі зор екені анықталды.

Сөз ағымының мағыналық бөлшектері

Айтылып жатқан сөз ағымы көлемі мен мазмұн толықтығы жағынан әркелкі болса да, ол өзінің қабылдануы барысында фонетикалық тұрпаты жағынан тиянақталған жеке-жеке мағыналық бөлшектер – **ырғақты топтар** (ритмические группы) мен **синтагмаларға** мүшеленеді. Ырғақты топ дегеніміз өзінің соңғы буынына түскен ырғақ екпіні негізінде біріккен сөздердің ең кіші мағыналық тобы. Қазақ тіліндегі сөздердің бәрі бірдей сөйлем ішінде үнемі дербес екпінге

ие бола бермейді. Ол кейде ырғақты-синтагмалық екпінмен алмаса отырып, ырғақты топ немесе синтагманың аяқ жағына қарай орналасады.

Қазақ тілінде сөйлемнің ырғақты топтарға бөлінуі көбінесе олардың мазмұнына байланысты болады. Мысалы: 1. *Кеше кешке / қонақ / үйге келді.* 2. *Кеше кешке / қонақ үйге келді.* Бірінші сөйлем үш ырғақты топқа бөлінсе, екіншісі екі ырғақты топтан тұрады. Бірінші сөйлем - жақты, екінші - жақсыз боп шығады. Бірінші сөйлемдегі әңгіме қонақ туралы болса, ал екінші сөйлем - белгісіз біреу туралы. Сөз барысының ырғақты топтарға мүшеленуінде кідірістің орын алуы әрдайым қажет болмаса да, бұл мысалдарда әр ырғақты топ бір-бірінен кідіріспен бөлініп, **ырғақты екпінмен** жіктелген.

Эксперимент негізінде жүргізілген зерттеулер нәтижелері көрсететіндей, қазақ тілінің ырғақ екпіні өзінің болмысы жағынан француз тіліндегі ырғақ екпініне жақын. Кезінде Л.В. Щерба ырғақты екпін мәселесін француз тілінің материалдары негізінде сипаттап берген (Щерба, 1948, 83). Алайда екі тілдің аталмыш екпін түрлерінің ұқсастығын алғашқы рет сөз етіп қозғаған А. Байтұрсынов болатын. Ол тілдерді «екпін буыны бірыңғай келетін тілдер және екпін буыны бірыңғай келмейтін тілдер» деп бөліп, екпіннің сөйлем ішіндегі орнықты орны жоқ орыс тілімен салыстырғанда, қазақ тілінің сөз соңына түсетін екпінімен ерекшеленетінін тілге тиек етіп, оны француз тілімен қоса бір топ құрамында қарастырған: «Орыс тілінде екпін буыны бір сөздің басында келсе, екінші сөздің ортасында, үшінші сөздің аяғында келеді: ... ол әр жерде көшкілеп жүреді. ...Қазақ тілінде екпін буыны сөздің я аяғында, я аяғына таяу буын болып келеді. Екпін буыны аяғында келетін сөздерімен қазақ тілі француз тіліне ұқсас» (Байтұрсынов, 1989, 190 б.).

Қазақ тілінде ырғақты екпін Ж.Аралбаев, Ә.Жүнісбеков зерттеулері мен Р.Сыздықованың «Сөз сазы» еңбегінде сипатталған: «Сөйлеу актісінде айтылуы жағынан сөздердің бір-біріне ететін ықпалы, дыбыстық өзгерістері бір деммен топтасқан сөздердің ара жігінде және өн бойларында пайда болады. Сондықтан, ең алдымен, "бір деммен топтасқан сөздер" дегеніміз не, яғни сөздер қандай жағдайда бір деммен, бір ырғақпен, бір ритмикаға топтасып айтылатындығын біліп алған жөн. Өзгерістер мен фонетикалық құбылулар белгілі бір тіл заңдылығымен ғана топтасатын сөздердің аралығында пайда болады. Қазақ тілінде сөйлем ішіндегі сөздер дауыс ырғағы жағынан әрқайсысы бөлек-бөлек айтыла бермейді, көбінесе екі-екіден немесе екі-үштен бір ырғақты топ құрап, бір екпінмен, бір деммен үндесіп, үйлесіп айтылады» (Сыздыкова, 1995, 54 б.).

Әдетте, ырғақты топтар синтагмалармен үйлесіп отырады. Кейде бір синтагма бірнеше ырғақты топтардан тұрады. Ырғақты топтар ырғақты екпінмен жіктеледі. Мұндай жағдайларда жік аралығындағы негізгі тонның жиілігі, үдемелік пен ұзақтылықтың кенет өзгеруі байқалады. Сондықтан олардың арасында әрдайым кідіріс болуы міндетті емес. Ал бір ырғақты топ бір синтагманы құрса, онда міндетті түрде кідіріс орын алады. Мысалы: *Сөйлем дегеніміз - сөздердің басын құрастырып, біреу айтқан ой* сөйлемі үш акцентуациялық топқа бөлінеді: біріншісі - *сөйлем дегеніміз*, екіншісі - *сөздердің басын құрастырып*, үшіншісі - *біреу айтқан ой*. Бұл жерде мағыналық топтар әрқайсысы өз алдына бөлек деммен айтылған ырғақты топтармен сәйкес келіп тұр. Екпін арқылы ажыратылған топтардың әрқайсысының біртұтастығы ырғақты-синтагмалық екпін арқылы жасалып тұр.

Синтагма, ырғақты топпен салыстырғанда, одан едәуір жоғары деңгейдегі бірлік ретінде, сөйлеу тілі құбылыстарының ерекшеліктерін анықтауға қатысады. Синтагма айтылған сөз немесе мәтіннің мүшеленуі барысында дүниеге келетін барлық тілдерге дерлік тән әмбебап мағыналық бірлік болып саналады. Ол өзі орналасқан сөйлеу жағдаяты немесе контекске байланысты белгілі бір мағыналық тұтастық ретінде сөз, сөз тіркесі, тіпті сөйлемді де қамти алады. Семантика-интонациялық, синтаксистік бірліктер түріндегі синтагмалардың шекаралары синтагмалық екпін арқылы ажыратылады. Ырғақты мүшеленудің шекті, ең ақырғы бөлшегі ретінде, ол, сөз ағымының синтаксистік-стилистикалық және лексика-фразеологиялық мүшеленуінің нәтижесі болып танылады. Сөйлеуде синтагма шектері айтарлықтай құбылмалы, жылжымалы болып келіп, пунктуацияда көрініс тапса, көп жағдайларда тыныс белгілерінің орны синтагмааралық жіктермен сәйкес келе бермейді. Мәтінді біртұтас мағыналық бірлікте ұстап тұруда оның құрылымында көрініс табатын синтагмалар өздерінің қайталану жиілігімен қатар орналасу ретімен де ерекшеленеді. Ол сөз барысының ең кіші бөлшегі ретінде интонация құралдарының қызметі негізінде жүзеге асады.

Айтысқанда // екі күрескен балуандар сияқты, // бірін-бірі аңдиды, // бірін-бірі бағады. Күрескендегі // бірін-бірі жығу үшін // істейтін әдіс-амалдарды, // тәсілдерді мұнда да істейді. Айтысқанда // жай сөзбен айтыспай, // өлеңмен айтысады. Сондықтан // өлеңмен ғана айтысу - // айтыс деп аталады. Өлеңсіз айтыстың аты // әзіл-ерегіс болады. Бәлки өлең айтыс та // о басында әзілден, // ерегістен шыққан болар. Бірақ бұл күнде // айтыс деп // өлең түріндегісі ғана айтылады. Айтыс өлеңді сөз болған соң, // оған ақындық керек. Күрескенде // күшке әдіс серік болу сияқты, // айтысқанда // ақындыққа да әдіс серік болады. Әдісі жоқ // әйдік ақынды әдісті // анау-мынау ақын жеңіп // кетуі мүмкін (А.Байтұрсынов).

Синтагмаға мүшелену айтылған сөз мазмұны мен оның құрамындағы тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің жайылмалылығына байланысты болады. Бір айтылымның өзі түрлі сөйлеуші айтуында әр түрлі синтагмаларға мүшеленеді. А. Байтұрсынұлы шығармаларынан алынған «*Шығарма тілі екі түрлі болады*» мысалын алып қарасақ, бұл айтылым контекске байланысты бір, екі немесе үш синтагмадан тұруы мүмкін:

Шығарма тілі екі түрлі болады //
Шығарма тілі // екі түрлі болады
Шығарма тілі // екі түрлі // болады

Айтылымның осылай үш түрлі мүшеленуі сөйлеуші не тыңдаушының берілген жағдаятты әр түрлі түсінуінде. Синтагманың интонациялық өрнектелуі мелодикалық, динамикалық және темпоральдық құралдар арқылы іске асады. Бірнеше ырғақты топ бір синтагма аясына біріккенде, алдағы ырғақты екпін күштерінің әлсіреуі нәтижесінде **синтагмалық екпіннің** күшеюі байқалады.

Сөз ағымы мүшеленуінің күрделірек сипаты бір не бірнеше синтагмадан тұратын сөйлемдерде көрініс табады. Екпіннің әр түрлілігі мен айтылымның белгілі бір интонациялық кескіні сөздердің мағына жағынан осы тәрізді фонетикалық бірлікке (синтагмаға) ұйымдасуын қамтамасыз етеді. Кез келген аяқталған сөйлемнің коммуникативтілік қызметі негізінде орын алған өзінің интонациялық орталығы болады, яғни ондағы синтагмалық (ырғақты) екпін, біріншіден, айтылымның коммуникативтілігін айқындап-көрсетсе, екіншіден, айтылымдарды бір-бірінен ажыратып, жіктеуші қызметін атқарады. Синтагмалық (ырғақты) екпін бүкіл айтылымды ұйымдастыруда оның ең соңғы буынында орын тебеді. Мәселен,

Көктем.
Көктем ***келді.***
Көктем ерте ***келді.***
Көктем биыл ерте ***келді.***
Көктем биыл мүлдем ерте ***келді.***

Осы мысалдан байқап отырғанымыздай, бейтарап айтылған айтылымдарда синтагмалық (ырғақты) екпін интонациялық орталық қызметін атқара отырып, ондағы сөз саны көбейген сайын оның соңына қарай ығыса береді.

Синтагмалық (ырғақты) екпіннен басқа (бір сөз тобы мен екінші сөз тобының жігін ажырататын) сөз барысын бөлек сегменттерге мүшелеуге қатысатын **ой екпіні** деген ұғым бар. Ой екпіні сөйлемдегі бір сөздің мәніне айрықша көңіл аудара, күшейтіп, басқалардан гөрі оның мазмұн жүгінің салмақтырағын көрсетіп тұрады. Бір жақтан, ой екпіні сөйлемнің семантикасымен, мазмұнымен тығыз байланысты болса, басқа жағынан сөйлемнің мазмұны да ой екпіні арқылы өзгеріп тұрады. Мысалы: *Таңертең оқушылар мектепке кетті* деген сөйлемнің кез келген сөзі ой екпіні арқылы ерекшеленіп тұруы мүмкін. Бұл жайт айтылым орын алып тұрған қарым-қатынас жағдаятына байланысты. 1. *Таңертең мектепке // оқушылар кетті* (басқа біреу емес, тек оқушылар). 2. *Таңертең оқушылар // мектепке кетті* (мектепке, басқа мекемеге емес). 3. *Мектепке оқушылар // таңертең кетті* (кешке емес, таңертең).

Қазақ тілінде ой екпіні келесі жағдайларда көрініс табады: біріншіден, сөйлемдегі сөздер орнының өзгеруі, яғни инверсия құбылысы арқылы екпін түскен сөз баяндауыш алдына шығып, айтылымның соңына қарай орналасады, екіншіден, сөйлем ішіндегі сөздердің орны ауыспай, өзгертусіз қалдырылып, ой екпіні сөйлемдегі ең маңызды сөзге түседі. Мысалы:

Сол уақыттан былай Ақанның жанында ***үлкен*** *өзгеріс болады.* ***Бұқардан*** *оқып қайтып,* ***Көкшетауда*** *дәріс айтып тұрған белгілі* ***Науан*** *қазіретке андасанда барып сабақ алады.* ***Дінге****, сопылаққа берілді. Хақ асығы дуандай малдан, елден безіп,* ***дінменен*** *жан тазартуға кіріседі. Бұрын судай сұлу махаббатты жырлайтын Ақан* ***сопылықпен*** *жан тазарту жайын жырлай бастады. Бірақ сүйегіне біткен* ***серілік*** *серпіліп кетпейді. Бәлки,* ***сериліктері*** *жұртқа жат, ұғымсыз түрге кіреді. Ақаннан мынадай кенет ірі* ***өзгеріс*** *көрген соң, ел күңкіл қыла бастайды. Күңкілдің түбі Ақанға пері* ***иеленіпті*** *деген сөзге айналады.* ***Шынында*** *Ақанның құлқының, істерінің жай адамның құлық-істеріне үйлеспеуі мұндай сөздерді еріксіз шығаратындай (Әуезов).*

Ой екпіні, әсіресе, сөйлемнің актуалды мүшелерге бөлінуінде айрықша көрініс табады, яғни, басқа сөзбен айтқанда, ол тема және рема ұғымымен өте тығыз байланысты. Сөз барысындағы ой екпінінің негізгі қызметі - оның айтылымдағы психологиялық баяндауыш (логикалық предикат) реманы ажыратып беруінде. Ол интонацияның ең маңызды компоненттерінің бірі ретінде сөйлемнің актуалды мүшеленуін жүзеге асырудағы бірден-бір құрал болып табылады. Тема негізгі тонның жоғарылауынан туындаған кідіріс пен әуен сызығының сынуы арқылы сипатталса, ал акценттелген ремада тонның төмендеуі анық байқалады. Бұл тұста просодикалық көрсеткіштер сөз актісі барысындағы сөйлеуші ниетін білдіруші семиотикалық құралдар қызметін орындайды. Олардың кейбіреулері жасалып отырған хабардағы салмағы аздау, сол жағдаятқа алдын ала белгілі мәліметтерді ғана білдіру үшін қолданылса, енді біреулері орын алып отырған сөз актісіне ұйытқы ретіндегі жаңа ақпаратты жеткізу мақсатында қызмет етеді. Синтагманың мазмұны сөйлеушінің не

айтқысы келгеніне, оның сөйлеу компоненттерінің қайсысын актуализациялаңдыруда тәуелді түрде өзгеріп отырады.

Бейтарап стильде тема бастауыш тобымен, ал рема баяндауыш тобымен сәйкес келеді. Сөйлем мүшелерінің актуалды тема мен ремаға мүшеленуі және сөйлемнің синтаксистік мүшелерге (тұрлаулы, тұрлаусыз) бөлінуі әр уақытта бір-бірімен сәйкес келіп отыруы мүмкін емес. Себебі актуалды бөлінуде екі-ақ мүше - тема мен рема, ал сөйлемде екі тұрлаулы мүше (бастауыш, баяндауыш) және үш тұрлаусыз мүше (анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш) бар екені белгілі. Төмендегі мысалдарды қарасақ:

тема рема

Ертең біз өзіміздің ауылға // жаяу барамыз. Қалай?

Ертең өзіміздің ауылға жаяу // біз барамыз. Кім?

Біз өзіміздің ауылға жаяу // ертең барамыз. Қашан?

Осы мысалдардағы сөйлемнің бірінші парадигмасындағы рема *қалай?* деген сұраққа, екінші парадигмасындағы рема *кім?* деген сұраққа, ал үшінші парадигмасындағы рема *қашан?* деген сұраққа жауап беріп тұр. Мысалдың үш нұсқасында да тема мен рема кідіріспен бөлініп, бөлек синтагма құрап тұр және өздеріне тән көтеріңкі-бәсең интонациямен айтылып, ремадағы актуалды сөз акценттеліп тұр. Байқап отырғанымыздай, лексикалық құрамы бірдей сөйлемдер әр түрлі сөйлеу жағдаятында әр басқа айтылым түрінде көрініс береді. Сонымен бірге олардың бойындағы мазмұн да, ой екпіні арқылы ерекшеленген сөз де тұтынушы ниетіне сай қабылданады. Мәтінді адресанттың көздеген мақсатына дұрыс қабылдауда адресаттың психологиялық қалпымен, оның түсіне білу қабілеттерімен, жеке басының ерекшеліктерімен байланысты.

Сонымен контекст пен ситуацияға байланысты сөйлем тема мен ремаға бөлінгенде, олар айтылымға қойылған сұрақ арқылы анықталады. Айтылымның сұрақ бойындағы ақпарат бөлігі тема болса, айтылымның сұраққа жауап беретін ақпарат бөлігі рема қызметін атқарады. Сөйлемнің актуалды мүшеленуі динамикалық синтаксис нысаны ретінде күрделі фразалық тұтастық, контекст және **қарым-қатынас жағдаятында** мейлінше көрініс табады.

Эксперименталды-фонетикалық талдау жүргізу нәтижесінде тема мен реманың **ажыратушы просодикалық** көрсеткіштері және, сондай-ақ, ремадағы екпінмен ерекшеленетін сөз анықталды. «Ер-Төстік» халық ертегісінен таңдалып алынған айтылымдар, олардағы тема мен реманың орындарын анықтап-белгілеу үшін аудиторларға ұсынылды. Кейін бұл айтылымдарға жиілік, уақыттық және динамикалық параметрлер бойынша интонографиялық талдау жасалды.

Ерте заманда // Ерназар деген ***кісі*** *болыпты.* Бұл фраза *ерте заманда* деген тема және *Ерназар деген кісі болыпты* түріндегі ремадан тұрады. Мұндағы тема мен рема әрқайсысы бөлек синтагма құрап тұр. Темадағы әуен сызығының кескіні көтеріңкі келіп, синтагма аяғында кідіріс жасайды. Рема бәсеңдеген әуен сызығымен сипатталатын тиянақты синтагма көрінісін беріп тұр. *Кісі* сөзі айрықшаланып, ұзақтылық параметрінің ең үлкен шамасымен ерекшеленеді.

*Ерназардың өзі // **бай** болыпты* фразасындағы тема негізгі тонның көтеріңкі кескінін берсе, ремасы бәсең әуенмен айтылып, фраза соңында орналасқан. Ой екпіні түскен *бай* сөзі ұзақтылық пен үдемеліктің ең жоғарғы мәнінде тұр.

*Төрт түлік малы // **сай** болыпты* фразасындағы *Төрт түлік малы* деген тема акустикалық параметрлер мен тоналды, динамикалық және уақыттық өлшемдердің орташа шамаларын көрсетіп тұр. *Сай болыпты* ремасы уақыттық параметрлердің көрінісінен аңғарылады. Ой екпінмен белгіленген *сай* сөзі, басқа буындармен салыстырғанда, олардан екі есе үлкен мәндегі ұзақтылығымен айрықшаланады.

*Ерназардың **сегіз ұлы да** // соның ішінде кетіпті* фразасындағы *соның ішінде кетіпті* темасы, ремаға қарағанда, соңғы орынды иеленген. Бұл тәрізді құбылыс қазақ тілінде онша көп ұшыраса бермейтіні белгілі. Алдыңғы шепке орналасқан *Ерназардың сегіз ұлы да* ремасы акустикалық параметрлердің шыңына жеткен мәндерімен сипатталады. Ой екпін түскен *сегіз, ұлы да* дегендер басқалардан гөрі қаттырақ айтылып, негізгі тон, үдемелік пен ұзақтылықтың ең жоғарғы шамаларын көрсетіп тұрғаны анық байқалады.

Сонымен, ой екпіні пресуппозиция категорияларының астарлама мағынасын айрықшалап күшейту негізінде ерекше контекстік орта жасауға қызмет етеді. Ол сөйленімді біртұтастық ретінде өрнектейтін негізгі интонациялық құрал рөлін атқаратын фразалық екпінмен қабаттасып та көрініс табуы мүмкін. Келесі мысалдарды қарастырайық.


*Ерте заманда // Ерназар деген **кісі** болыпты. Ерназардың // сегіз **ұлы** болыпты. Сегіз ұлының // төрт түлік **малы** болыпты.* Мұндағы тема мен рема әрқайсысы бөлек синтагма құрап тұр. Бірінші сөйленімде *Ерте заманда* тема болып, ал қалғаны рема болады. Екінші сөйленімде бірінші сөйленімнің ремасы, тема (*Ерназардың*) болып тұр. Үшінші сөйленімдегі тема (*сегіз ұлының*) екінші сөйленімнің ремасы болған. Көріп отырғанымыздай, сөйленімдер негізгі ойдың төңірегінде топтасып, бір дәрежеде байланысып, ішінара матасып жатыр. Бірінші сөйленімдегі ақпарат екінші сөйленімде тарқатылып, тереңдеп, үшінші сөйленімде кеңейіп, көпсатылы түрінде реципиентке жеткізіліп тұр. Бұл нейтральды стилде берілген сөйленімдер бір-бірімен ілікпелі байланыста тұр. Сөйлем бөліктерінің орын тәртібі әдеттегідей сақталған. Тема-ремалардың қарым-қатынасын былай бейнелеуге болады:

$T_1 \rightarrow R_1$
$T_2 (=R_1) \rightarrow R_2$
$T_3 (=R_2) \rightarrow R_3$
$T_n (=R_{n-1}) \rightarrow R_n$

Теманың акустикалық параметрлері тональды, динамикалық және уақыттық өлшемдердің орташа шамаларын көрсетіп тұр. Оның әуен сызығының кескіні көтеріңкі келіп, синтагма аяғында пауза жасайды. Рема бәсеңдеген әуен сызығымен өрнектеліп, тиянақты синтагма көрінісін беріп тұр. *Кісі, ұлы, малы* деген сөздер фразалық екпінмен айрықшаланып, көтеріңкі әуенмен, интенсивтіліктің ең жоғары мәндерімен және ұзақтылық параметрінің ең үлкен шамасымен ерекшеленеді. Келесі сөйленімде реципиенттің назарын аудару үшін тема мен реманың орны өзгертілген. Ремаға ерекше көңіл бөлу мақсатында ол сөйленімнің алдында тұр. *Ерназардың **сегіз ұлы да** // соның ішінде кетіпті* фразасындағы *соның ішінде кетіпті* темасы, ремамен салыстырғанда, соңғы орынды иеленген. Алдыңғы шепке орналасқан *Ерназардың сегіз ұлы да* ремасы акустикалық параметрлердің шыңына жеткен мәндерін беріп тұр. Ой екпіні түскен *сегіз, ұлы да* дегендер басқалардан гөрі қаттырақ айтылып, негізгі тон, интенсивтілік пен ұзақтылықтың ең жоғарғы шамаларын көрсетіп тұрғаны анық байқалады. Қысқасы, актуальды мүшелеу - мағыналық мүшелеудің бір түрі.

Қазақ тіліндегі жай сөйлемдердің кейбір мүшелерін актуалды логикалық акценттеу (белгілеу) кейде сөйлемдегі сөздердің орны өзгертілмей, интонациялық тәсілдермен-ақ жүзеге асырылады делінген. Бұл ретте сөйлеу барысында тыңдаушы назарын белгілі бір сөзге аудару үшін оған айрықша екпін түсіріп айтады. Осындай жағдайларда логикалық белгіленген сөз акценттеліп, өте анық айтылады, ал негізгі тонының жиілігі ең жоғары мәнді көрсетіп, үдемелігі мен ұзақтылығы молая түседі. Мысалы, 1. ***Үміт*** *шіркін кеудеңде шыбын жаның барда үзілмейді, екен ғой...* 2. *Ол да* ***анадан*** *туған* (Алпамыс батыр); 3. ¤***зен!*** ¤***зен!*** *Арғы қабақта* ***жол*** *жатыр.* 4. *Ел* ***жақын*** *ғой!* 5. *Ақбілек су жиегінде* ***бірталай*** *отырды.* 6. ***Су*** *ағады да жатады, ағады да жатады, бір таусылуы жоқ, қатерді, өлімді білмейді.* 7. ***Еш*** *нәрсені сезбейді (Ж.Аймауытов).*

Логикалық акценттеу - барлық тілдерде де кездесетін құбылыс. Сондықтан оның сөз актісіндегі рөлі және интонация көріністерімен өзара қарым-қатынасын анықтап алу негізгі міндеттердің бірінен саналады. Осыған орай, ерекше құбылыс ретіндегі логикалық акценттеу мен қазақ тілі айтылымының интонациялық құрылымы арасындағы байланыстың түп-төркінін ашып көрсету де - қызықтырып отырған мәселелердің бірі. Сөз барысындағы экспрессивті айтылымдардың жеткізіліп жатқан хабар мазмұнына байланысты кез келген сөзі логикалық предикат ретінде өзектіленіп тұруы мүмкін. Сөздің логикалық тұстан ерекшеленуі оған артылған мағынамен тығыз байланысты болып, сөз ағымында ерекше артикуляциямен айтылып тұрады. Айтылымның басы мен ортасында ол, әдетте, негізгі тон, ұзақтылық пен үдемеліктің ең жоғарғы мәндерін берсе, ал фразаның аяғына таман орналасқан оның интонациялық көріністері, негізінен, уақыттық және динамикалық өлшемдердің үлкен шамалары арқасында ғана іске асады. Логикалық акценттелген сөздер айтылымның қай жерінде орналасса да, олардың басқа сөздермен жіктері аралығындағы кідірістері де біршама мәнге ие болып тұрады (24-сурет).



24-сурет. Бірыңғай мүшелердің интонациялық сызығы

Мағына жағынан бөлшектеудің айтылған сөздің маңыздылық дәрежесіне қарай мүшелеу сияқты басқа да тәсілдер болады. И. Г. Торсуеваның айтуынша, мағыналық мүшелеудің орын алуы үшін айтылым құрамында мағыналық бірліктер болып саналатын тема мен рема немесе субъект пен предикаттан басқа сөйлеушіге маңызды болып саналатын тағы да бір элементтердің болуы қажет (Торсуева, 1980). Бұл жерде айтылған сөздің мағыналық дәрежесіне қарай мүшелеу барысында бірде-бір элементтің талдау аясынан тыс қалмайтыны сияқты кейбір ұтымды жақтарын айта кеткен жөн, себебі айтылымдағы субъект пен предикатты барлық жағдайда бірдей ажырата алу мүмкін бола бермейді.

Әр түрлі тілдерде мұндай мағыналық дәрежесі тұсынан мүшеленген элементтер сан қилы ретпен орналасуы мүмкін. Қазақ тілінде ең маңызды деген элемент айтылым соңына қарай орын алады. Мысалы, *Үй салуға, мәселен, түрлі зат керек.* Мағыналық деңгейі жағынан бұл айтылымдағы элементтер V2, V3, V1 түрінде беріледі. Ондағы ең маңызды компонент V1 – *түрлі зат керек* , маңыздылық дәрежесі екінші орындағы V2 – *үй салуға,* соңғысы V3 – *мәселен* . Егер айтылымда маңыздылығы бірдей дәрежедегі екі элемент қатарынан келіп, үшіншісінің мәнділігі, оларға қарағанда, азырақ болса, онда олардың мағыналық межедегі орналасу реті келесідегідей болып шығады: V1V2V1, V1V1V2, V2V1V1. Айтылып жатқан сөз құрамындағы элементтердің мағыналық дәрежесіне қарай мүшеленуіне қатысатын просодикалық құралдарды талдай отырып, И. Г. Торсуева элементтердің мағыналық меже бойынша орналасуы барлық тілдерде де біркелкі, ұқсас келетінін айтады. Сонымен бірге, ол маңыздылық деңгейі V1 компонентімен сипатталатын әр түрлі тілдегі бір-біріне ұқсас құрылымдар әр басқа коммуникативтік топтарға жататынын да келтіреді. Мысалы, орыс тілінің лепті сөйлеміндегі V1 компоненті француз тілінің хабарлы сөйлемінің V1 компонентінде көрініс табатын просодикалық құралдармен сипатталады. Ал итальян тіліндегі хабарлы сөйлемнің аталмыш компоненті орыс тілінің жалпы сұрағының осы V1 компонентімен сәйкес келеді екен. Бұл тұста сөз барысында маңыздылық дәрежесіне қарай мағына ажыратудағы интонацияның шешуші рөл атқаратынына ерекше көңіл аударып айтқанда, лексикалық және грамматикалық құралдардың да (шылаулар, көмекші сөздер) қызметін ескере кеткен жөн.

Бір қалыпты емес сөйлеу тілінің семиотикасы мәселесімен айналысқан О.В.Долгова сөз актісі мүшеленуінің семиологиялық мағына ажыратушы (релевантты) тәсілдерін зерттеген. Автор синтаксистік талдау жасап зерттеуде мәтінді сөйлеу актісінің сөйлем мүшелері, сөйлемнің актуалды мүшеленуі, айтылымның ырғақты мүшеленуі және парентетикалық енгізулер атауларымен белгілі төрт деңгей тұрғысынан қарастыруды ұсынады. Тілші сөз ағымының күрделі фразалық тұтастықтар, сөйлемдер мен синтагмаларға мүшелену мәселесін қозғағанда, осы дәстүрлі әдіспен қоса оған үстемеленіп, қабаттаса көрініс табатын сегментацияның тағы да бір аса күрделі түрін айтады: «Мүшелеудің бұл түрі өзінің өзгелерден айрықша қасиеттері және осы күнге дейін әлі де болса жете анықталмаған просодикалық құралдардың қызметтеріне байланысты ерекше функцияларымен сипатталады. Басқа сөзбен айтқанда, сөз актісін ұйымдастыруда, әрі семантикалық, әрі просодикалық қырынан алғандағы, сегментацияның, яғни оның мазмұн межесі мен тұрпат межесінде де өзіне қосымша мән үстей отырып, мүлдем өзгеше сипатқа ие болуы» (Долгова, 1974, 10-13 бб.).

Түптеп келгенде, сөз ағымының мүшеленуі мәселесін түрлі лингвистер сан қилы қырынан қарастырып зерттеуге тырысқанымен, бүгінгі таңда ол өзінің өзектілігінен айырыла қойған жоқ. Өйткені соңғы уақытта қарқынды дамып келе жатқан тілтаным ғылымының «сөйлеу лингвистикасы» саласы табиғи сөйлеу тілі шығармаларының тылсым қыр-сырын анықтауға бағытталып, бұл проблема интонация мәселелерімен айналысатын тілші ғалымдардың ерекше назарында тұрғаны анық. Себебі сөйлеу актісінің құрылу ұстанымдарын, яғни оның қандай бөлшектерге мүшеленіп, оның бөліктерінің бір-бірімен өзара қарым-қатынасы мен оларды мүшелеудегі сегментация тәсілдерінің қайсысы семиологиялық мағына ажыратушы қызмет атқаратындығы және сөз легінің мағына жағынан бөлшектеніп қабылдануында интонацияның мелодикалық, темпоральдық, динамикалық құралдарының рөлін анықтау - қазіргі тіл лингвистикасындағы талқыға салынып жүрген көкейкесті бағыттың бірі. Интонация сөйлеу (мәтін) бірліктерін өзара ұйымдастыру мен мүшелеуге қызмет ете отырып, олардың арасындағы байланыс дәрежесін білдіреді және оларды мағыналық үзіктерге бөлуге қатысады. Сөз актісін мүшелеуде ырғақтық, синтагмалық, фразалық, логикалық және басқа да екпін түрлері үлкен рөл атқарады. Олардың орналасу орнына байланысты айтылған сөздің мағынасы да түрленіп отырады. Қазақ тілінде айтылған сөз актісінің (мәтіннің) семантика-интонациялық мүшеленуі фонетикалық және семантика-интонациялық ең кіші бірліктер болып саналатын ырғақты топтар мен синтагмалар арқылы жүзеге асады.

Интонациялық бірліктерді ажыратушы негізгі акустикалық параметрлер

Акустикалық жағынан алғанда әдетте интонацияны физикалық параметрлердің жиынтығы деп есептейді. Олар бұрын айтып кеткендей - **негізгі тон жиілігі (герц), үдемелігі (интенсивтілік) (децибел) мен ұзақтылығы (миллисекунда)**. Бұл өлшемдердің абсолюттік мәндері ең алғашқы параметрлер. Тілшінің (лингвистің) есепке алатыны абсолюттік өлшем болмай, алғашқы параметрлердің салыстырмалы өлшемдерінің өзгерістері болады. Мысалы: **көтеріңкі-бәсең, жылдам - баяу, мол (кең) - тар** сияқты өлшемдер. Мұнда тілшілердің назар аударып, белгілейтіндері, салыстыруға келетін тоналды, динамикалық және темпоралды параметрлердің компоненттері - **диапазан, интервал, деңгей** сияқтылар.

Әуен

Біздің жұмысымызда қазақ тіліндегі интонациялық бірліктерді ажыратушы (релевантты) деп саналатындар төмендегі негізгі акустикалық параметрлер. 1. Тоналды кескіннің формасы. 2. Кескіннің басталу деңгейі. 3. Кескіннің аяқталу деңгейі. 4. Кескіннің жалпы диапазоны.

Сөйлемнің құрылымдық-коммуникативтік түріне қарай оның тоналды кескінінің формасы әр түрлі болуы мүмкін. Аяқталғанды білдіретін **тиянақты** әуен арнаулы сұраулы сөйлемді, бұйрықты, лепті сөйлемдерді, құрмалас сөйлем мен бірыңғай мүшелердің соңғы компоненттерін және сөйлемнің соңында келетін оқшау сегменттерін белгілеп, синтагманың соңында бәсеңдейді.

Аяқталмағанды білдіретін **тиянақсыз** әуен жалпы сұраулы сөйлемде, қарсы сұрақта, сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы компонентінде, бірыңғай мүшелердің алдыңғы компонентінде және сөйлемнің басында келетін оқшау сегменттерде кездеседі - бұлардың бәрінің әуені соңына қарай көтеріледі.

Сөйлемнің әуенін анықтауда негізгі тон жиілігінің өзгеруімен қатар оның шыңының (максимумы) қай жерде орналасқанының да мәні зор. Мысалы, аяқталмағанды білдіретін көтеріңкі **әуеннің шыңы** сұраулы сөйлемдердің кейбір түрлерінің, құрмалас сөйлемнің бірінші компонентінің және сыпайы бұйрық сөйлемдердің соңына қарай орналасады. Ал аяқталғанды білдіретін бәсеңді әуеннің максимальды мәні бұйрықты, лепті, сұраулы сөйлемдердің кейбір түрлерінің, құрмалас сөйлемнің екінші компонетінің ортасына немесе басына таман орын алады.

Сөйлемнің құрылымдық-коммуникативтік түрлерінің бәрі өзіне тән **тоналды диапазонмен** ерекшеленеді. Хабарлы сөйлемдердің аяқталмаған және аяқталған синтагмалары және оқшау сөздердің тоналды кескінінің диапазондары көлемсіз тар болады. Ал кең, мол тоналды диапазондар бұйрықты, лепті сөйлемдерге тән. Сұраулы сөйлемдердің тоналды диапазондары көбінесе орташа болады.

Хабарлы сөйлемдердің аяқталған, аяқталмаған синтагмалары және жалпы сұраулы сөйлемдер екінші **тоналды деңгейден** басталады. Ал бұйрықты, лепті және арнаулы сұраулы сөйлемдердің **тоналды кескіні** әдетте төртінші деңгейден басталады, немесе төртінші деңгейге дейін жетеді.

Ұзақтылық

Қазақ тілінде сөйлемдегі сөздердің айтылу **ұзақтылығы** оның жалпы **қарқынымен** байланысты. Сөйлемнің құрылымдық-коммуникативтік түрлерінің айтылу қарқынын олардың буындарының айтылу ұзақтылығымен салыстыра қарастыруға болады. Мысалы, хабарлы сөйлемнің аяқталған, аяқталмаған синтагмалары немесе сұраулы сөйлемнің синтагмасы - ондағы буындардың тез айтылатындығынан, яғни ұзақтылығының аз болуының арқасында жылдам қарқынмен ерекшеленеді, ал бұйрықты және лепті сөйлемдердің буындарының созылыңқы мол ұзақтылықпен айтылуы олардың баяулау қарқынымен байланысты болады.

Әдетте, сөйлемдегі синтагмалардың ұзақтылығымен, созылыңқы айтылуы оның мазмұнының салмақтылығынан хабар береді. Мысалы, синтагманың соңына қарай орналасып, созылыңқы айтылатын сөз көбінесе ең үлкен мазмұнға ие болады. Дәлірек айтқанда, синтагманың мол ұзақтылықпен айтылып, акценттелуі - оның мазмұндық өзегінде тұрғанын көрсетеді.

Егерде әр синтагманың кідіріспен көмкерілетін семантикалық-интонациялық бөлігі екенін еске алсақ, онда мұндай синтагмалар көлемді сөйлемдерді бірнеше интонациялық бірліктерге бөліп, толқынды әуенді интонациямен ерекшеленеді.

Үдемелік

Хабарлы сөйлемдердің айтылуында оның интонациясының үдемелігі, күші әдетте сөйлемнің соңына қарай азаяды, төмендейді. Кейбір сұраулы, бұйрықты сөйлемдердің соңында үдемелігінің молаюы байқалады.

Сөйлемнің құрылымдық-коммуникативтік түрлерін үдемелігіне қарай бөлуде біршама заңдылық бар сияқты. Ең төмен үдемелік сөйлемнің ортасындағы, соңындағы оқшау сөздер мен хабарлы сөйлемдердің соңғы аяқталғанды білдіретін синтагмаларында орналасады, ал молырақ үдемелік көбінесе бұйрықты, лепті, сұраулы сөйлемдердің түрлерін даралайды. Сонымен қатар, ең мол үдемелік бұйрықты, лепті сөйлемдердің көбінесе бас жағында орналасады. Сұраулы сөйлемдерде және хабарлы сөйлемдердің аяқталмаған синтагмаларында үдемеліктің молаюы кез келген жерінде бола беруі де мүмкін.

Аудиторлық талдау негізінде келесі міндеттер қойылды:

1) Ең алдымен тыңдалған сөйлемдердің интонациясына қарап, оның сөйлемнің қай коммуникативтік түрі екенін анықтау.

2) Одан кейін ол сөйлемдердің қанша синтагмаға (//), немесе ырғақты топқа бөлінетінін белгілеу (/).

3) Олардың синтагмалық, ырғақты және ой екпінін белгілеу.

4) Интонацияның 4 деңгейіне байланысты синтагманың тоналды контурын көрсету: көтеріңкі, бәсең, көтеріңкі-бәсең, бәсең-көтеріңкі, бірқалыпты .

5) Синтагманың қарқынын анықтау: баяу -------- орташа, - - жылдам..... –(синтагманың жол астында белгіленеді).

6) Синтагманың айтылу күшін анықтау: күшеюы <, азаюы >, тең болуы = - (синтагманың арасында белгіленеді).

Аудиторлық талдау көріністері (интонациялық транскрипция) интонографиялық деректермен салыстырмалы түрінде қарастырылып компьютерлік бағдарлама арқылы анықталды.

Негізгі акустикалық параметрлердің сипаттамалары келесі кестеде берілген.

Интонациялық параметрлер	интонациялық бірліктер							
	тиянақты	тиянақсыз	жалпы сұрақ	арнаулы сұрақ	қатал бұйрық	сыпайы бұйрық	лепті	қыстырма сегменттер
тоналды диапазон	орташа	орташа	орташа	кең	кең	орташа	кең	тар
негізгі тон жиілігінің ең жоғарғы мәні	басында	соңында	соңында	басында орта-сында	басында	орта-сында соңында	кез келген жерінде	басында
қарқын	орташа	жылдам	жылдам	орташа	баяу	баяу	баяу	жылдам
интенсивтілік	төмен	орташа	орташа	орташа	жоғары	орташа	жоғары	төмен

Қазақ тілінің интонема модельдері


Синтагмада көрініс табатын интонемалардың түрлерін анықтауда, айыруда интонацияны зерттеудегі белгілі екі әдістің, құрылымдық және тұтастық

(глобальдық), соңғысын - яғни тұтастық әдісті қазақ тіліне лайық деп есептейміз. Бұл әдіс интонацияны зерттеуде жұмыстың бірінші тарауында анықталғандай, сөйлемдегі екпіннің орыс тіліндегідей жылжымалы орнына қарамай, сегменттерін бүтіндей алып қарайды. Себебі қазақ және басқа да түркі тілдеріне тән ерекшелік, олардың сөйлемдегі сөздерінің басын қосып тұратын тәсілі - үндестік заңы деп есептелінеді.


Біздің бұл еңбегімізде шешілген ең маңызды да өзекті проблема - қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің әр алуан құрылымдық-коммуникативтік түрлеріне жан-жақты эксперименттік-фонетикалық зерттеулер жүргізудің арқасында 8 түрлі интонема бар екенін анықтап, соған көз жеткізуіміз деп есептейміз. Сонымен қатар ол интонемалардың, инварианттардың әрқайсысына қатысты бірнеше варианттары бүкіл қазақ тіліндегі неше түрлі мазмұнды көрсететін, әр алуан үлкенді-кішілі, күрделі және көп компонентті құрылымдардың интонациясының барлық түрлерін қамтитынын деректі материалдармен мейлінше дәлелдеп көрсеттік деп ойлаймыз.

1. Екінші (2) тональды деңгейден басталып, ойдың аяқталмағандығын білдіретін **тиянақсыз интонема** жоғары көтерілетін тональды сызық және орташа тональды диапазонмен ерекшеленеді.

Мағына жағынан тиянақсыз интонема бірінші мүшесі екіншісіне қарсылас екі мүшелі жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдердің, сөйлемнің басында тұратын оқшау сегменттердің және бірыңғай мүшелердің аяқталмағанын білдіреді. Бұл интонеманың варианттары үшінші (3), кейде төртінші (4) деңгейге дейін көтерілетін дөңес немесе ойыс сызықты тональды кескінмен белгіленеді. Аяқталмағанды білдіретін синтагма интонемасы оның аяғындағы сөздің ең соңғы буыны ырғақты екпінмен созылыңқы айтылып, ең жоғары тональды деңгейге ие болады.




2. Ойдың аяқталғанын көрсететін **тиянақты интонеманың** дөңес сызығы төмендеп барып, бірінші (1) тональды деңгейге дейін түсетін орташа диапазонмен сипатталады. Аяқталғандықты көрсететін варианттар екінші (2) немесе үшінші (3) тональды деңгейден басталуы мүмкін. Егер де тональды кескін сызығы үшінші (3) деңгейден басталса, ол басында аздап көтерілген сияқты болғанмен, одан кейін төмен түсіп кетеді. Аяқталғандықты білдіретін интонемада синтагманың соңы баяу қарқынмен айтылып, негізгі тон жиілігі мен интенсивтілігі ең кіші мәнге ие болады. Мағына жағынан тиянақты интонема жай хабарлы сөйлемдерде, екі мүшелі жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдердің соңғы компонентінде, сонымен қатар сөйлемнің соңында орналасатын оқшау және бірыңғай сегменттерде кездеседі.




3. ***Жалпы сұрақ интонемасы*** екінші (2) тональды деңгейден төртінші (4) деңгейге дейін көтеріліп, орташа тональды диапазонмен ерекшеленеді. Сұраулы сөйлемдер интонемасына жоғары көтерілетін тональды кескін сызықтарында болатын орташа диапазонды екінші (2) және төртінші (4) тональды деңгейлер тән.

Бұл сөйлемдердің интонема вариантарының кескіні жоғары көтерілетін дөңес және ойыс сызықтар болуы мүмкін. Кейде тональды кескін сызығының соңы ақырындап төмендеуі ықтимал. Мұндай сөйлемдердің қарқыны мен интенсивтілігі сөйлемнің аяғына қарай баяулап, азаятыны байқалады.




4. **Арнаулы сұраулы сөйлем интонемасының** тональды кескін сызығы дөңестен төмендейді және оның тональды диапазоны едәуір болады. Инвариантты бұл моделінің басы үшінші (3) деңгейден басталып, төртінші (4) деңгейге дейін көтеріледі де, сонан кейін бірінші (1) деңгейге дейін түседі. Бұл модель вариантарының бір-бірінен айырмашылығы - олардың тональды басталу деңгейінде. Сөйлемнің бұл түрінің логикалық өзегі оның сұраулы есімдігінде болып, негізгі тон жиілігі, ұзақтылығы, интенсивтілігі де сол есімдікке байланысты молаяды.




5. **Қатал бұйрықтың интонемасына** дөңестен шұғыл төмендейтін тональды кескін сызығы тән болады. Ол төртінші (4) тональды деңгейден басталып, содан кейін кенет бірінші (1) тональды деңгейге дейін түседі. Бұл модельдің тональды диапазоны көбінесе кең, кейде орташа да болуы мүмкін. Бұл вариантардың өзара айырмашылығы - олардың тональды кескін сызығының басталу


деңгейінде. Қатал бұйрық райында тұрған сөз әрқашан ой екпінімен белгіленіп, оның ұзақтылығы мен интенсивтілігі ең жоғары мәнге ие болады.



6. **Сыпайы бұйрық интонемасының** инварианты екінші (2) тональды деңгейден басталып, төртінші (4) деңгейге дейін көтеріле келе, соңғы жағы сәл төмендейді. Бұл инварианттың жалпы бағытына жоғары көтерілетін дөңес сызық тән және оның тональды диапазоны орташа болады. Сыпайы бұйрық интонемасы варианттарының тональды кескін сызығы аяғына дейін көтеріңкі және көтеріңкі-бәсең болуы мүмкін. Сыпайы бұйрықты білдіретін сөз ой екпінімен белгіленіп, интенсивтілігі мен ұзақтылығының молдығымен ерекшеленеді.




7. **Лепті сөйлемдердің интонемасы** көтеріңкі-бәсең тональды сызықтармен өрнектеледі. Олардың тональды диапазоны орташа, кейде кең бола береді. Бұл модель түрлі-түрлі эмоция білдіретін болғандықтан, оның интонациясы да әр түрлі болуы мүмкін. Бұлар екінші (2) не үшінші (3) тональды деңгейден басталып, төртінші деңгейге дейін көтеріліп келіп, үшінші немесе екінші, тіпті бірінші (3, 2, 1) деңгейде аяқталуы мүмкін. Лепті сөйлемдердегі түрлі эмоцияны білдіретін сөздер акценттеліп, өздерінің мол интенсивтілігі және баяу қарқынымен ерекшеленеді. Лепті сөйлемдерде тембрдің де атқаратын рөлі зор.



8. **Қыстырма сегменттердің интонемасына** дөңестен төмендейтін тональды кескін мен тар тональды диапазон тән болады. Кейбір варианттардың тональ-

ды сызығы түзу болып келген кескінмен ерекшеленеді. Қыстырма сегменттердің интенсивтілігі шамалы болып, жылдам айтылады.

Анықталған интонемалар қазақ тіліндегі стильдердің барлығында да кездесетін мәтіндерде орын алады. Кейде сөйлемдердің құрылымдық-коммуникативтік түрлеріне үстемеленетін мазмұн мен эмоцияларға байланысты интонеманың варианттары құбылып, бірінің орнына бірі жұмсалып отыруы мүмкін. Бұл интонация мен грамматика бірліктерінің барлық жағдайларда да бір-біріне тәуелді бола бермейтінін көрсетеді.



Қазақ тілінің интонемалары ең шағын сегмент ретінде жай сөйлем түрлерінде, күрделенген және құрмалас (салалас, сабақтас) сөйлемдер мен күрделі фразалық тұтастықтарда, жалпы мәтінде орын алады.

Сонымен түрлі жанр мен стильдерден алынған мәтіндерде эксперименттік-фонетикалық талдаулар жүргізудің нәтижесінде қазақ тілі интонациясының әр алуан түрлерін беретін **жиырма жеті** варианттан тұратын **сегіз** инвариантты интонемаларының модельдері берілді. Интонема дегеніміз формасы да, мағынасы да бар екі жақты бірлік екені эксперимент арқылы дәлелденді. Сегменттік бөлшектерді - фонемаларды фонология зерттейтін болса, суперсегменттік бөлшектерді - **интонемаларды интонология зерттейді**. Фонологияда фонема ең кішкентай функционалды бірлік болса, интонологияда ең шағын бірлік деп интонеманы айтады. Дегенмен фонемаға қарағанда интонеманың деңгейі жоғары. Өйткені фонема таңба (знак) емес, оның бір-ақ қыры - формасы бар, ал мазмұны жоқ, интонема - ол таңба, оның формасы да мазмұны да бар. Сондықтан интонеманы морфема, немесе сөзбен салыстыруға болады.

Сөйлемнің барлық түрлерінде де интонеманың өзіндік орны, атқаратын қызметі бар. **Сөйлемнің қай-қайсысы болса да интонемасыз сомдала алмайды**. Қандай тілде болсын, ол тілде сөйлеушінің санасында сол тілдің негізгі интонемалары сақталып, сөйлесуінде үлгі ретінде қолданады. Интонеманың да фонема сияқты мағына ажырату қасиеті болады, оның негізгі қызметі сөйлемдерді сомдап, коммуникативтік мағынасымен эмоциялық түрлерін анықтау. Интонемалар фонемалар сияқты өзінің варианттарында өмір сүріп, солар арқылы нақтылы жүзеге асады. Сөз ағымында сөйлеу жағдаятына байланысты интонема варианттары көрініс табады. Анықталған интонемалардың варианттары сөйлеу тілінің барлық түрлерінде қолданылады. Кейде сөйлемдердің құрылымдық-коммуникативтік типтеріне үстемеленетін мазмұн мен эмоцияларға байланысты интонемалардың варианттары құбылып, бірінің орнына бірі жүруі мүмкін. **Бұл интонация мен грамматиканың бірліктерінің біріне бірі үнемі тікелей байлаулы болмайтынын көрсетеді.** Сондай-ақ интонема сөйлемді түзетін ең маңызды әмбебап факторлардың бірі деп айтуға болады. Ал интонеманың просодикалық тәсілдері барлық тілдердегі сөйлемнің әр алуан түрлерін сом-

дап қана қоймай, оларды жіктеуде және бір-бірінен ажыратуда, айыруда да зор қызмет атқарады.

Қазақ тілінің интонациялық жүйесі – интонациялық бірліктердің (интонемалардың) жиынтығынан құралып, өздеріне тән әр түрлі функциясы мен мазмұнының айырмашылығына қарай өзара бөлінетін, сонымен қатар, сан алуан сөйлемдердің коммуникативтік түрлерін ажырататын, бүтін мәтіндердің мазмұндық реңкін және ондағы синтаксистік құрылымдарының модальдық-эмоциялық мағыналарын білдіретін әр алуан фонетикалық тәсілдерімен сипатталады. **Интонемалар сөйлемді сомдаумен қатар, оны түрлі мазмұнды сегменттерге бөліп, олардың арасындағы мағыналық байланыстарының дәрежесін көрсетеді.**

Мәтіндерді интонациялық сегменттерге бөлуде **ырғақты, синтагмалық және ой екпінінің** мәні зор, олардың мәтінде орналасуына қарай, сөйлемнің, оның **сегменттерінің мазмұны** өзгеріп тұрады. Өз алдына дербес тілдік құбылыс болып саналатын қазақ тілінің интонациясын зерттеудегі жүйелік-фунциялық әдіс өзара байланысты ішкі жүйелерден тұратын тілдің фонетикалық жүйесіне қатысты басқа да интонациялық құбылыстардың ерекшеліктерін қоса қамтуы қажет.

Қазақ тілінің интонациясы семантика-интонациялық және синтаксистік бірлік болып саналатын сөйлемнің ең минимальды үзіндісі әмбебап синтагмада интонациялық, синтаксистік мағыналардың өте күрделі өзара қатынастары көрініс табады. Интонацияның ең кіші функциялық, мазмұндық өлшемі болып саналатын қазақ тілі интонемаларын, көлемді мәтіндердің үзіндісі ретінді, ол мәтіндерден бөліп алуға болады. Көлемді мәтіндердегі интонемалардың сызығы біркелкі қайталанатын толқынды болып келіпқазақтың кілемінің өрнегін көзге елестетеді.

ИНТОНЕМАЛАРДЫҢ КҮРДЕЛЕНГЕН ЖӘНЕ ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕГІ КӨРІНІСІ

Жалпы сипаттама

Қазақ тілінің синтаксисінде құрмалас сөйлемдер: салалас, сабақтас және аралас құрмалас деп бөлінеді. Жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдер аралығында тұрған үйірлі мүшелер деп аталатын күрделенген сөйлемдер қайсыбір зерттеулерде жай сөйлем құрамында қарастырылса, енді бір зерттеулерде құрмалас сөйлемдердің құрамында қарастырылады.

Ал күрделі синтаксистік тұтастықты алсақ бұлар бір тақырыпқа байланысты бірнеше дербес жай және құрмалас сөйлемдерден тұратын, көп компонентті құрылымдар болып табылады. Бұларды жалпылама кейде мәтін үзіндісі деп атағанмен, қазақ тілінде бұлардың семантикалық - құрылымдыдық ара қатынастары мен интоноциялық ерекшеліктеріне әзірше арнайы көңіл бөлінбей жүр. Бұл құрылымдар орыс тіл білімінде соңғы жылдары қаралып жүрген «сложное синтаксическое целое» (ССЦ) деп аталатын мәтін үзінділері. Осы мәселе орыс тіліндегі ССЦ деген атаумен қазір кейбір түркі тілдерінде де зерттеу объектісіне айналды. Оған мысал ретінде «Советская тюркологияда» (Баку,

1990, N6) басылған К.Н. Велиевтің «Сложное синтаксическое целое и его поэтические конституэнты в эпическом тексте» деп аталатын әзірбайжан тіліндегі осы құрылымдар жөніндегі мақаласын атауға болады. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдердің құрмалысу тәсілдері, мағыналық түрлері (салалас құрмалас, сабақтас құрмалас), олардың ара қатынастары және жалпы құрмалас сөйлемдер туралы алғашқы пікірлерді Қ. Жұбанов, С. Жиенбаев, С. Аманжолов, Н. Сауранбаевтардың ертеректе жазылған еңбектерінде кездестіреміз. С. Аманжолов пен Н. Сауранбаевтың кейінгі еңбектерінде құрмалас сөйлемдер тереңірек зерттеліп, олар жайында тұжырымдар толықтырылып отырады.

С. Аманжоловтың 1940 ж. жарық көрген «Қазақ тілінің ғылыми синтаксисінің қысқа курсы» атты еңбегінде құрмалас сөйлемдер, салалас, сабақтас, аралас және тиянақты басыңқысыз сабақтас деп төрт түрге бөлініп қаралған (Аманжолов, 1940, 141 б.).

Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдерді зерттеуде Н.Т. Сауранбаевтың қосқан үлесі зор. Н.Т. Сауранбаевтың көп жылғы ғылыми зерттеулерінің қорытындысы есебінде 1948 жылы «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі» деп аталатын еңбегі жарық көрді. Автор құрмалас сөйлемдерді іргелес, салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдер деп үш топқа бөледі. Жалғаулықсыз байланысқан құрмалас сөйлем «іргелес құрмалас» сөйлем деп аталады. Бұл сөйлемдер бұрыңғы зерттеулерде «салалас құрмаластардың» сөйлем құрамында қаралса, Н.Т. Сауранбаев оларды аталған еңбегінде салаласқа да, сабақтасқа да жатқызбай, өз алдына дербес құрмалас сөйлемнің бір түріне жатқызады. Автор салалас құрмалас сөйлемдерді компоненттерінің мағынасына байланысты: мезгілдес, себептес, қарсылықты деп үш түрге бөледі. Ал сабақтас құрмалас сөйлемдерді төрт түрге бөліп қарайды. Бұл бөлу сабақтас құрмалас сөйлем компоненттерінің бір-бірімен байланысу тәсілдеріне негізделгенін көреміз: көсемше, есімше, шартты рай, изафет арқылы құрмалысу (Сауранбаев, 1948).

1954 ж. жарық көрген академиялық грамматикадағы «құрмалас сөйлем» синтаксисі бөлімін жазған да академик Н.Т. Сауранбаев болатын. Автор құрмалас сөйлемнің негізгі критерийіне төмендегідей белгілерді жатқызады: 1) құрмалас сөйлемдегі синтаксистік компоненттерде айтылатын ойдың дербестігі; 2) компонентте бастауыш пен баяндауыштың дербес болуы; 3) құрмаластағы әрбір компоненттің интонациялық жігінің айқын болуы.

Н.Т.Сауранбаев құрмалас сөйлемдер туралы еңбегінде алғаш рет сөйлемдердің құрмалысу тәсілдерімен бірге құрмаласа байланысқан сөйлемдердегі интонацияның ролін баса айтады. Сөйлемнің құрмалысу тәсілдерінің ішінде интонациясын олардың ең негізгісі деп есептейді. 1) Интонация туралы былай делінген: «Қазақ тілінде құрмаластағы синтаксистік компоненттердің ара жігін ашудың ең елеулі бір тәсілі-интонация. Интонацияның түрленуі, бәсеңдеуі, көтерілуі арқылы құрмаластағы компоненттердің жігі бір фонацияның бірнеше ағысқа бөлінуі арқылы ажыратылып айтылады, яғни құрмаластың құрамындағы синтаксистік компоненттері интонация жағынан кесек-кесек жеке бөлініп, біріне-бірі ұласа айтылады. Құрмалас сөйлемдерді дауыстап оқығанда, не айтқанда дауыс құбылуынан оны айқын байқауға болады»; 2) компоненттердің орын тәртібі; 3) есімше, көсемшелер; 4) демеулер, олардың орнына жүретін жалғаулық сөздер. Сонымен Сауранбаев осы аталған еңбегінде құрмалас сөйлемдерді 4-ке бөледі: 1) салалас құрмалас; 2) сабақтас құрмалас; 3) аралас құрмалас; 4) үйірлі мүшелі құрмалас.

Бұл еңбекте салалас құрмалас екіге бөлінеді: 1) іргелес салалас; 2) жалғаулықты салалас. Ал іргелес салалас туралы былай делінген: «Мағына жағынан бір-бірімен тең дәрежеде ұласып әр сөйлемі тиянақты қалпын сақтап, жалғаулықсыз, интонация арқылы байланысқан салалас».

Одан әрі іргелес салалас туралы былай делінеді: «Қазақ тілінде мағыналары бір-бірімен ұласып, ешбір дәнекерсіз байланысатын жай сөйлемдер тіркесі бар. Мұндай сөйлемдердің тіркесі паратаксис деп аталады. Мысалы: *Ол сұрады, мен айттым; Айлар өтті, жылдар өтті, жас бала ер жетіп жігіт болды.* Бұл екі құрмаластағы жай сөйлемдердің арасы жалғаулықпен де, демеумен де байланыспаған, олар бір-бірімен мағына жағынан байланысып, ұласып тұр. Паратаксистегі компоненттер әдетте тиянақты қалыпта тұрады да, олар бір-бірімен интонация арқылы ұласып айтылады. Сөйтсе де, компоненттің арасы дауыс ырғағының тоналды тесситурасынан белгілі болады. Алдыңғы компонент көтеріңкі дауыспен айтылса, соңғысы төмен дауыспен айтылып, тон бәсеңдеп барып бітеді. Компоненттердің ерекше тонмен айтылуы құрмаластағы компоненттердің тесситурасы деп аталады. Мына сөйлемді алып көрейік: *Үйде кітап оқып отыр едім, // столдың үстіндегі телефон шылдыр ете қалды.»* Сауранбаев құрмалас сөйлемдегі интонация жөнінде қарсылықты салалас пен қарсылықты сабақтасқа байланысты да айтады: «Біздіңше жай сөйлемдер қарсылас болып құрмаласса, бір интонациямен айтылып, бір-бірінен ажырамай барлығы ұласып тұрады,- деп қарсылықты салаласқа мынадай мысал береді: *«Көккептер қоянды екі-үш рет шалып еді, бірақ қояны құрғыр ауызға түсе қоймады (Мұқанов С.)».* Қарсылықты сабақтас сөйлемнің интонациясы жайында былай делінген: «Қайшылас сабақтастағы сөйлемдердің үлкен қасиеттерінің бірі - олар өте тұрақты интонациямен айрылады. Олардың өзара құрмалысу тәсілдері түрліше болғанмен, интонациясы бірдей, әрқашан сабақтастағы алдыңғы сөйлем соңғы сөйлемнен бөлек айтылады, оның үстіне баяндауышқа қосылып, қайшылық мәнді білдіретін мен қосымшасы мен да қосалқысы ерекше екпінмен айтылады». Бұған мынадай мысалдар берілген: *Ол ішінен жегідей жегісі келгенмен, Шәһиза қажырлылық қылды (М.Әуезов) ¤зі құс салып, аңшылық қылып көрмесе де, Абай қаршыға салған үлкендердің қасына көп еріп еді (М.Әуезов).*

1961 ж. жарық көрген, «Қазіргі қазақ тілі грамматикасында» Т. Қордабаев құрмалас сөйлемдегі интонацияға щамалы тоқталып, құрмалас сөйлем интонациясын екі түрге бөліп қарайды. Оның біріншісі - тиянақты интонация, екіншісі - тиянақсыз интонация.

Тиянақты интонация сөйлемнің ең соңында болады да, оның аяқталғанын білдіреді. Интонацияның бұл түрінің құрмаластағы функциясы оның құрмалас сөйлем құрамындағы компоненттердің басын біріктіріп, оларды бір бүтін етіп тұруы, делінген.

Интонацияның тиянақсыз түрі құрмалас сөйлем құрамындағы компоненттер арасында келеді де... өзінің тиянақсыздығы арқылы сөйлемнің аяқталмағандығын, ой жалғасы барлығын байқатады. Мысалы: *Байжан есіктен кіре бергенде, телефон шылдыр ете қалды. Дәулет майданға аттанғалы, Айбарша бұл жөнінде тіпті сырғақсып алды (С.Мұқанов).*

Сонымен қысқаша шолып қарағанда байқағанымыз - қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдерге арналған еңбектерде олардың интонациясының ерекшеліктері жан-жақты терең қаралды деп айта алмаймыз. Н.Т.Сауранбаевтың аталған

еңбегіндегі біраз мәліметтерден басқа (Қазіргі қазақ тілі, 1954 ж.), кейініректе жарық көрген Қордабаевтың құрмалас сөйлемдер туралы еңбегінде (Қазіргі қазақ тілі грамматикасы, 1961 ж.) құрмалас сөйлемдердің интонациясына азды-көпті ғана көңіл аударылғанын көрдік.

Біз бұдан бұры айтып кеткендей, интонация барлық тілдерге қатысы бірдей, олардың бәрінің синтаксисінде өзіндік орны бар универсалды құбылыс болып табылады. Тілдердің барлық типологиялық түрлерінде сөйлем құрылымындағы, сөйлем ішіндегі интонацияның орны туралы да жоғарыда айтылған.

Зерттеушілердің тұжырымдауынша, синтагма барлық тілдердің семантикалық-құрылымдық және интонациялық кіші өлшемі болып табылады. Синтагманың қазақ тілінің жай сөйлем түрлеріндегі орны мен ерекшеліктері туралы да жоғарыдағы бірінші, екінші тарауларда айтылған.

Интонацияның көпқырлы қызметі бір-бірімен тығыз байланыста болып, бірлесе әрекет жасайтыныны белгілі және интонацияның сөйлемдегі қызметі туралы айтқанда оның адам қоғамдағы көпдеңгейлі иерархиялық қызметін баса айтып кету керек. Просодикалық тәсілдердің мәтін сөйлемдегі қызметі әмбебап екені белгілі. Интонацияның синтаксистегі синтездеу функциясын, яғни сөзді синтагмаға құрастыру, синтагманы сөйлемге құрастыру, сөйлемді күрделі фразалық тұтастыққа құрастыру ролін айта келіп, интонацияның барлық тілдерге тән универсалды құбылыс екенін мойындаймыз. Бірақ сөйлем интонациясының сөйлемнің мағынасымен, оның синтаксистік, ырғақты құрылымымен байланысты тілден тілге өзгеріп, олардың стильдерінде де көп аспектілі көрініс тауып, әралуан қырымен ерекшеленеді.

Интонацияның барлық тілдерге тән әмбебап қасиетіне сөйлемнің аяқталған және аяқталмағанын көрсететін белгісін қосуға болады. Бәсеңдейтін әуендік кескін (сөйлемнің аяқталғанының белгісі) және көтерілетін әуендік кескін (сөйлемнің аяқталмағанының белгісі) түрлі тілдердегі сөйлемдердің аяқталғанын не аяқталмағанын көрсетеді. Сонымен қатар көпшілік тілдердің сұраулы сөйлемдерінің әуендік кескіні біркелкі екені белгілі және тілдердің көбісінде адамның көңіл-күйін, эмоциясын білдіретін әуені де әмбебап, бірдей болатыны аяң, мысалы, қуаныш, реніш, мысқыл, немесе бұйрық, ерік, шақыру, қалау. Белгісіз, таныс емес жат тілде сөйлеп тұрған адамның көңіл-күйі мен эмоциясын оның сөйлеген сөздерінің әуендік кескінінен, сөз әуезінен білуге , байқауға болады.

Проза мен поэзияның түрлі құрылымдарының интонациясын зерттеу негізінде олардың интонациясы мен синтаксисінде қатаң сәйкестік жоқ екені белгілі болды. Алайда синтаксистік құрылымдар мен олардың интонациясының байланысты екенін мойындау қажет, себебі синтаксис пен интонация бірлесіп барып синтагмамен синтагманы, сөйлем мен сөйлемнің құрмалас сөйлемдердің компоненттерінің, күрделі синтаксистік тұтастықтардың элементтерінің арасындағы мазмұндық қатынастарды көрсетеді және оларды бір-бірімен байланыстыруда бірден-бір қызмет атқарады.

Сайып келгенде интонацияны жай сөйлемдермен ғана байланыстырмай, оны құрмалас сөйлемдермен, олардың компоненттерімен және мәтіндегі күрделі синтаксистік тұтастықтармен байланыстыра қарап отырмыз. Біз осы тарауда әр бөлімге бөліп қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдердің, құрмалас сөйлемдердің, күрделі синтаксистік тұтастықтың интонациясын прозада қарастырамыз. Біздің

алдымызға қойған міндетіміз, қазақ тіліндегі интонацияны экспериментті әдістер арқылы зерттеп, оның тілдегі көріністерін, оның компоненттерінің мәтіндерде, сөйлемдердің ара-қатынастарында, өзара байланысуында алатын орнын, және басқа да қыр-сырын мүмкіндігінше жіті тексеріп, анықтау.

Сонымен біздің мақсатымыз дана бабамыз Ахмет Байтұрсынов айтып кеткендей тіл әуезінің (интонациясының) сөйлемнің әр алуан түрлеріне қандай өрнек болып түсетінін, қандай айшық-ою болып сызылатынын тексеріп анықтау болып табылады. Ол үшін біз қазақ тілінің құрмалас сөйлемдеріне, күрделенген сөйлемдеріне арналып бұрынды-соңды жазылған біздің тақырыбымызға қатысты еңбектерге шолу жасап, соларда тұрақталған теорияға сүйене отырып, қазіргі қазақ тіліндегі түрлі күрделі конструкцияларды үшке бөліп қарауды жөн көрдік. Оның біріншісі - осы уақытқа дейін жете зерттелмей жүрген (кейде жай сөйлем ішінде, кейде құрмалас сөйлем қатарында), қарастырылып келген, бірақ өзіне тән синтаксистік мағынасы бар «күрделенген сөйлемдер» (Есенов, 1992). Екіншісі - жан-жақты зерттеліп, тұрақталған «құрмалас сөйлемдер». Үшіншісі - тіл білімінде соңғы кезде ғана қарастырылып жүрген бірнеше жәй және құрмалас сөйлемдерден тұратын, тақырыбы ортақ «күрделі синтаксистік тұтастықтар», деп аталатындар. Бұлардың бәрінің өзіне тән интонациалық ерекшеліктері бары сөзсіз.

Біз интонация туралы арнайы факты материал жинау кезінде, көркем әдебиеттен, публицистикадан, өзіміз жинастырған мысалдардан басқа белгілі теориялық еңбектерде, оқулықтарда берілген, сонда іріктелген, дау туғызбайтын мысалдарды да келтіруді жөн көрдік. Мұндай белгілі еңбектерден сұрыпталған мысалдарды алу тәсілі туралы славян тілдеріндегі құрмалас сөйлемдердің интонациясын зерттеген Т.М.Николаева былай дейді: «Это было сделано по соображению технического характера, т.к. сложности обработки экспериментальных данных зависят от объема сложного предложения. При отборе обратились к узаконенному списку сложных предложений как к некоторому исходному эталону» (Николаева, 1969, 18б.).

Күрделенген сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктері

Түркі тілдерінде көңіл бөліп зерттей бастаған жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің арасындағы күрделенген сөйлемдерге славян тілдері және басқа да тілдерде көптен бері көңіл бөліп, оларды бөлек қарастырып жүр.

Орыс тілінің синтаксисінде мұндай жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің арасында тұратын күрделенген сөйлемдерді орыстың көрнекті ғалымы А.М.Пешковскийден бастап егжей-тегжейіне жеткізе зерттеп, оларды «полупредикативные обороты» деп алып, жай сөйлемге де, құрмалас сөйлемге де қоспай, бөлек «Предложения, осложненные полупредикативными (причастными и деепричастными) оборотами» деп қарау көптен қалыптасқан.

Қазақ тілінің синтаксисінде де бұл күрделенген сөйлемдер көптен бері тілші ғалымдардың назарына ілігіп, олар туралы азды-көпті пікірлер айтыла бастады. Бір ғалымдар оларды «үйірлі мүшелер» деп атап жай сөйлемнің синтаксисінде қараса, екіншілер «құрмалас сөйлем» синтаксисі құрамында қарастырады.

Ал түркі тілдеріндегі күрделенген сөйлемдерге алғаш рет көңіл бөлген өзбек ғалымы Г.А.Абдурахманов. Ол 60-жылдардың басында бұл мәселені

әдейі зерттеп (бұл мәселе туралы мақаласы өзбек тілінде 1962 жылы басылды), күрделенген сөйлемдер 1966 жылы жарық көрген өзбектің академиялық грамматикасына арнайы енгізілген болатын. Бұл оқулықта сөйлемдер 3 түрге бөлініп, қарастырылыпты. Бірінші бөлім «жай сөйлемге» екіншісі «күрделенген сөйлемге» үшіншісі «құрмалас сөйлемге» арналған. 1970 жылы Абдурахманов Г.А. аталған мәселені түркі тілдерінде жеке дара арнайы зерттеу қажеттігі туралы мақала жазады (Абдурахманов, 1970, 45 б.). Осы мәселе бұдан бұрын өзбек тіліндегі күрделенген сөйлемдер жайында Х.Болтабаеваның мақаласы қарақалпақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер туралы М.Даулетовтың мақалалары жарық көрген болатын (Болтаева, 1969, Даулетов, 1976).

Қазақ тілінде күрделенген сөйлемдерге байланысты кейбір зерттеулер осы жылдары жарық көре бастады. Осындай зерттеулер қатарында К.М.Мұсаев, К.М.Есенов, Г.И.Байтоғаеваның еңбектерін айтуға болады. Г.И.Байтоғаеваның 1962 ж. жарық көрген «Сложные определительные конструкции в современном казахском языке» деген еңбегінде, осындағы күрделенген сөйлемдерді қазақша «үйірлі анықтауыш» деп атап, оның құрылымдық ерекшеліктеріне назар аудара отырып, бұлардың құрамында бастауышы мен баяндауышы және анықтауышы, толықтауышы, пысықтауышы болуы мүмкін екенін айтады. Сондай-ақ олардың мазмұндық мүмкіншіліктерінің мол екенін көрсетеді. Аталған еңбекте, үйірлі анықтауыштың анықталушы сөзбен байланысу ерекшеліктерімен қатар интонациялық ерекшеліктері туралы да айтылады. Г.И.Байтоғаева «үйірлі анықтауыштың» анықталушы сөзбен ара қатынасы туралы айта келіп, олардың арасында ешбір айырым болмайтыны туралы былай дейді: «Так, при произношении они ни малейшей паузой не отделаются от определяемого слова, а, наоборот, сливаются с ним» (Байтугаева, 1962, 11 б.).

Қазақ тіліндегі анықтауыштың барлық түрлерінің анықталаушы сөзбен байланысы мен интонациясының ерекшеліктері туралы былай делінген: «В казахском языке все виды определений стремятся создать с определяемым словом одно интонационное и смысловое единство, связываются они с определяемым словом путем примыкания, которое не допускает между определяемым и конструкцией никакого ритмического раздела. Пауза в предложениях с определительными конструкциями делается обычно после определяемого слова...» И далее... если «простейшую синтаксическую единицу-группу слов, объединенную интонационно и по значению Л.В.Щерба назвал «синтагмой», то казахская определительная конструкция с определяемым членом, объединяясь интонационно и по значению, соответствует, по нашему мнению, синтагме» (Байтугава, 1962, 18 б.).

Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдерді өзінің бұрынғы-кейінгі еңбектерінде жете зерттеп, сыр-қырларын жан-жақты айқындап ашқан, олардың жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнен құрылымдық және мазмұндық айырмашылықтарының бар екенін дәлелдеп, сондықтан оларды жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнен бөліп алып қарау керек екенін Х.М.Есенов өзінің зерттеу еңбектерінде үнемі айтып кеткен.

Біз өзіміздің сөйлем түрлерінің интонациялық ерекшеліктерін зерттеуге арналған жұмысымызда сөйлемдерді құрылымына қарай бөлуде Х.М.Есеновтың еңбектеріне сүйеніп, жай сөйлем, күрделенген сөйлем, құрмалас сөйлем деп, үшке бөліп қарастырамыз. Ол өзінің «Синтаксис осложненного предложения

в казахском языке» деген еңбегінде, бұрыңғы жазған еңбектеріндегідей қазақ тілінде сөйлемдерді үшке бөліп қарау керектігін айтады: «Синтаксическую структуру казахского языка мы предлагаем изучать в трех больших разделах: Синтаксис простого предложения, синтаксис осложненного предложения и синтаксис сложного предложения» (Есенов, 1992, 18 б.).

Біз өз еңбегімізде қалыптасқан дәстүр бойынша жай сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай бөлінетін түрлерінің интонациялық ерекшеліктерін қарастырғаннан кейін күрделенген сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктерін қарастырамыз. Алдымен есімше қабыспалы оралыммен күрделенген және соның бір түрі есім қабыспалы оралыммен күрделенген сөйлемдерді, содан соң көсемше жанаспалы оралыммен және шартты рай тұлғалы оралыммен күрделенген сөйлемдерді қарастырамыз.

Есімшелі яғни есімшеге аяқталатын оралым өзінен кейінгі негізгі сөйлемнің мүшесі болып табылатын сөзге қабыса байланысқандықтан, олардың арасында ешқандай кідірістік жік болмайды. Мысалы: *Баласы жақсы оқыған Асан//бүгін көңілді отыр.* Бірақ бұл жағдай бұл күрделенген сөйлемнің өзіне тән интонациясы жоқ дегенді білдірмейді. Мына мысалдан көргеніміздей кідіріс негізгі сөйлемнің есімшелі оралым қабыса байланысып тұрған сөзінен *Асан* кейін келіп, сөйлемді екіге бөліп тұр. Бұл есімшелі оралыммен күрделенген сөйлемдердің бәріне тән интонациялық ерекшелік, дейді Х.М.Есенов өзінің еңбегінде. Егерде есімшелі оралымды алып тастасақ, негізгі сөйлемнің интонациялық бөлінуі де болмайды. Мысалы: *Асан бүгін көңілді отыр.*

Сонымен, есімшелі оралыммен күрделенген сөйлемдердің интонациялық ерекшелігі олардың кідіріс арқылы екі синтагмаға бөлінуі болып табылады екен. Есімшелі қабыспалы оралыммен күрделенген сөйлемдердің бір түрі деп есім, қабыспалы оралыммен күрделенген сөйлемдерді айтуға болады. Бұларда да, есім қабыспалы оралым, барлық жағынан есімшелі оралыммен бірдей деуге болады. Сондықтан бұл екі күрделенген сөйлемдер есім, есімше деп екіге бөлінеді. Біз бұл күрделенген сөйлемдердің құрылымының қалай, қанша оралыммен мөлшері кеңейіп және негізгі сөйлемнің өзінің құрылымының мөлшеріне қарай, аталған сөйлемдердің түр-түрлерін алып, олардың жалпы интонациялық ерекшеліктерін қарастырдық.

1. Есім қабыспалы оралыммен күрделенген сөйлемдер

Экспериментке жататын мысалдарды іріктеуде біз олардың ең аз мөлшерлерінен бастап, содан кейін олардың кең мөлшерлі оралымдарына көшуді қолайлы көрдік.

Сондықтан алдымен көлемі ықшам есім қабыспалы оралыммен күрделенген сөйлемдерден бастадық:

1) Ішкі сыры берік Ботагөз оған жолықты (С.Мұқанов).

2) Жүзінде әжімі көп дала құтырынбай сұлық жатыр (Ғ.Мүсірепов).

3) Сыпайы жүзі бар ұстамды Еркежан бұлармен сәл салқындау амандасты (М.Әуезов).

4) Қысы суық тоңы қалың Сарыарқада суыр інді терең қазады (Ғ.Мүсрепов).

5) Биіктігі екі жарым кез, көлденеңі төрт-ақ кез тар үңгірде төрт-ақ адам сыйып жұмыс істей алады (Ғ.Мүсрепов).

б) Ой да жоқ, үміт те жоқ, ерік те жоқ, билік те жоқ Сандыбай қарғанын тұзын екі қолымен ұстап, айнаға қарағандай жымиып отыр (Ғ.Мүсрепов).

1) < Ішкі сыры берік Ботагөз↑< // <оған жолұқтұ↓> ///.
2) <Жүзүнде әжімігөп дала↑< // <құтұрұмбай сұлұғжатыр↓> ///.
3) <Сыпайы жүзү бар / ұстамд' Еркежан↑< // <бұлармен сәл салқындау аман-дасты↓> ///.
4) <Қысы сұұұқ↑< // <тоңұ ғалың Сар'арқада ↑< // <сұұұр інді терең ғазады ↓>///.
5) <Бійіктігі екіжарым гез↑< // < көлдөнеңі төрт-ақ кез↑< // < тар үңгүрде ↑< // <төрт-ағ адам сыйып ↑< // < жұмұс істей алады↓> ///.
6) <Ой да жоқ↑< // < ұмүт те жоқ↑< // < ерік те жоқ↑< // < бійлік те жоқ Сандыбай↑< // <қарғаның тұзұн екі ғолұмен ұстап↑< // < айнаға ғарағандай / жымыйыб отұр↓> ///.

Бірінші, құрылымы ықшам, есім қабыспалы оралыммен күрделенген үш (3) сөйлем, әрқайсысы кідіріс арқылы екі синтагмаға бөлініп, өзіне тән көтеріңкі - бәсең толқынды интонациямен айтылып тұр. Кідіріс бірінші синтагманы көмкеріп, көтеріңкі тонмен айтылып, есім оралымды өзіне бағындырып тұрған негізгі сөйлемнің бастауышынан (*Ботагоз, дала, Еркежан*) кейін келіп тұр. Бастауыштың алдында тұрып онымен қабысу арқылы байланысып тұрған есім оралымына сұрақ қойсақ, ол басқа анықтауыштар сияқты «қандай» деген сұраққа жауап берер еді. М.Балақаевтың айтуына қарағанда, бір-бірімен қабыса байланысқан есімдер әр уақытта өзара анықтауыштық қатынаста болады да, бір фразалық екпініне бағынып, екпін жағынан бір түйдек болып тұрады. Негізгі сөйлемнің бастауыштан кейінгі мүшелері де өздерінің мағынасына қарай өзіне тән әуенмен, кейбір сөздері акценттеліп барып (1-сөйлемде *жолықты* 2-сөйлемде - *құтырынбай*, 3-сөйлемде *сәл салқындау*), соңына қарай саябырлап барып тоқтайды.

4,5,6- мысалдарда есім қабыспалы оралым біреу ғана емес, бірнешеу, бірыңғай болып келіп негізгі сөйлемнің зат есімнен болған мүшесіне (*Сарыарқа да, үңгірде, Сандыбай*) қабыса жалғасып тұр.

Бұл мысалдардағы есім қабыспалы оралым бірнешеу және бірыңғай болғандықтан, олардың әрқайсысы жеке синтагма болып өзара кішірек кідіріспен бөлініп, соңғысы ғана негізгі сөйлемнің өзіне қатысты мүшесімен қабыса байланысып тұр. 4, 5 мысалдардағы есім қабыспалы оралымдар қатысты мүшелер *Сарыарқада, үңгірде* жатыс септігінде тұрып, «мекендік» мағынаны көрсетіп тұрғандықтан, олар негізгі сөйлемнің мекен пысықтауышы болып тұр, ал 6-мысалдағы есім оралымдар (төртеу) қатысты *Сандыбай* деген сөз негізгі сөйлемнің бастауышы болғандықтан «Кім?» деген сұраққа жауап береді.

Бұл жерде айта кететін жағдай - ол негізгі сөйлемнің зат есімнен болған қабыспалы оралымдар - түрлі септік жалғауында тұруы мүмкін. Сондықтан ол мүшенің негізгі сөйлемдегі рөлі де (сөйлем мүшесі болудағы) соған байланысты болады. Жоғарыда келтірілген мысалдарды қарайық. Бірнеше есім қабыспалы оралыммен күрделенген көп синтагмалы сөйлемдер бірнеше кідіріспен бөлініп, көтеріңкі - бәсең бірнеше толқынды интонациямен өрнектеліп, соңына қарай төмендеп тынады. Бірнеше, бірыңғай есім қабыспалы оралымдармен күрделенген сөйлемдердегі алдыңғы синтагмалардың кідірісі де айтылу тоны да біркелкі және азырақ мөлшерлі болып келіп, соңғы есім оралым қабысқан

негізгі сөйлемнің мүшесі акценттеліп, жоғары деңгейдегі тонмен айтылып, молырақ кідіріспен бөлінеді.

Келтірілген мысалдардағы алдыңғы синтагмалары, көтеріңкі тонмен айтылатын сегменттері **тиянақсыз** және **қыстырма интонемалардың варианттарымен** сипатталады, ал соңғы көтеріңкі-бәсең айтылатындары **тиянақты интонемамен** өрнектеледі.

2. Есімшелі қабыспалы оралыммен күрделенген сөйлемдер

Күрделенген сөйлемдердің қазақ тілінде ең жиі кездесетіні және ең көлемдісі де есімшелі қабыспалы оралыдармен күрделенген сөйлемдер. Мұндай күрделенген сөйлемдердегі «есімшелі қабыспалы оралым» деп аталатын құрылымдар арнайы зерттеліп, «Сложные определительные конструкции» деп те аталған (Байтугаева, 1959). «Есімшелі қабыспалы оралым» негізінен өзі қабысқан есімнің анықтауышы болады. Есімшелі қабыспалы оралымның бірінші ерекшелігі - анықтайтын сөздің сыны, қимылы, ісі көбінесе есімшенің өткен шақтағы (*-ған,-ген,-қан, -кен* жұрнақтарына біткен) кейде оның ауыспалы келер шақтағы (*а-тын, е-тін* жұрнақтарына біткен) түрлеріндегі оралымдар арқылы сипатталып, анықталатыны.

Есімшелі қабыспалы оралымның тағы бір ерекшелігі - оның құрамында атау түрінде тұрған есімшеден басқа соған қатысты "толықтауыш", "пысықтауыш" және "бастауыш" (субъект) мағыналы сөздердің болатыны. Солар арқылы "оралымның" көлемі де, мағынасы да кеңеюі. Мысалы: *Табандарына томпайып мұз қатып қалған аттар қаланың тайғақ көшесіне түскен соң, төрт аяқтан түгел сүріне бастады (Ғ.Мүсрепов).*

<Табандарына томпайыб / мұз ғатыпқалған аттар↑ < // < қаланың тайғақ көшөсүне түскөнсоң,↑< // < төрт айақтан / түгөл сүрүне бастады↓> ///

Ал интонацияға келетін болсақ біз қарастырған «есімшелі қабыспалы оралыммен күрделенген сөйлемге» берілген мысалда есімшелі қабыспалы оралым (*Табандарына томпайып мұз қатып қалған*) мен оған қатысты есім (*аттар*) интонация жағынан бірігіп бір синтагма құрап тұр, ал кідіріс содан кейін келіп оны сөйлемнің басқа мүшелерінен бөліп тұр.

Жоғарыда қаралған есім қабыспалы оралыммен күрделенген сөйлемдермен салыстырғанда есімшелі қабыспалы оралыммен күрделенген сөйлемдердің көлемі мен мазмұны молырақ болады. Себебі есімше өзінің маңына мазмұны жағынан өзіне қатысты сөздерді үйіреді. Бұған тағы да мысалдар келтіріп қарастырайық:

1) Қолына ұзын құрық ұстаған Дәрмен су бойын жағалай түсіп тереңдігін өлшеді (М.Әуезов).

2) Енді міне адам қарарлық ажары қалмаған күміс самауыр, масқара болып келіп тұр (Ғ.Мүсрепов).

3) Әдеп пен әдет дегеннің екеуі де тар қыспаққа айналып кеткен қазақ қызының беті мен қолынан басқа денесі көзге көрінген емес... (Ғ.Мүсрепов).

4) Күндізгі жас жетімдердің әлсіз саусақтары сонша қорғанып, күтіп ұстаған бидай сабақтары қазір өрттен де ауыр өштік, дұшпандық соққысына ұшырады (М.Әуезов).

5) Көзіне тіршілік үміті елестеген Амантай, жанып жатқан сарайдан сырғып түсіп, өзеңге қарай жүгірді (С.Мұқанов).

6) Кәрі әженің ащы зары құлағына жеткен Дәрмен шауып келді (М.Әуезов).

7) Қазір көмір шаңы тұрып қалған қара мен қара бүйідей түксиеді (Ғ.Мүсрепов).

1) <Қолұна ұзынғұрұғ ұстаған Дәрмен↑< // <сұу бойұн жағалайтүсүп↑< // тереңдігін өлшөду ↓>///

2) <Енді міне↑< // <адамғарарлық ажары ғалмаған күмүссамауұр↑< // <масқара болұп келіптұр ↓>///

3) <Әдеп пен әдет дегеннің екеуү де↑< // <тар ғыспаққа айналып кеткен қазақ қызының↑< // <беті мен қолұнам басқа денесі↑ < // < көзгө гөрұңген емес...↓> ///

4) <Күндүзгү жаш шетімдердің / әлсіз саусақтары сонша қорғанып↑< // < күтүб ұстаған бійдәй сабақтары↑ < // < кәзір өртгөн де ауұр өштүк↑< // < дұшпандық соққусұн'ұшырады↓> ///

5) <Көзүне тіршіліг ұмүтұ елестеген Амантай ↑< // < жаныбжатқан сарайдан сырғыптүсүп ↑< // < өзөңге ғарай жүгүрдү↓> ///

6) <Кәр'әженің ашшызары / құлағына жеткен Дәрмен↑< // < шауұп келді↓> ///

7) <Қәзір көмұршаңы тұрұп қалған қарамең↑< // < кара бүйүдей тұксүйеді↓> ///

Келтірілген барлық мысалдарда есімшелі қабыспалы оралым қанша көлемді болғанмен өзі қабысқан есімімен бірге көбінесе бір синтагма болады да, соңына қарай жоғары тонмен айтылып, кідіріс арқылы сөйлемнің басқа мүшелерінен бөлініп тұрады.

Барлық мысалдарда да есімшелі қабыспалы оралыммен күрделенген сөйлемдерде есімшелі оралым өзі қабысқан сөзін анықтап, сипаттап тұр. Сондықтан бұлар анықтауыш - анықталушы мүшелер ретінде біртұтас семантикалық - интонациялық топ құрайды. Сондықтан да белгілі фонетист-ғалымдар берген «интонационно-смысловое единство» деген анықтамасы синтагманың осы мазмұнына сәйкес келеді.

Есімшелі қабыспалы оралыммен күрделенген сөйлемдердегі осы оралым және оған қабысқан анықталушы сөзді, яғни тұтас бір синтагма құрап, мөлшерлі кідіріспен бөлініп тұрған сөздерді, сөйлемнің басқа мүшелерінен кейде үтір арқылы бөлу де кездеседі. Келтірілген мысалдардың 2-ші және 5-шілерін қарасақ, олар түпнұсқадан өзгертілмей алынған. Бұл синтагмадан кейін үтір қою пунктуацияның ережелеріне сәйкес келмесе де, синтагманың көтеріңкі интонациямен мәнерленіп мөлшерлі кідіріспен бөлінуіне кепіл бола алады.

Бұл сөйлемдердің есімшелі қабыспалы оралымы мен оған қатысты сөзі біртұтас синтагма құрап, сәл толқынды, соңына қарай көтеріңкі интонациямен айтылып көлемді кідіріс арқылы бөлініп тұрады да, сөйлемнің одан кейінгі сөздері қосылып, арасында азын-аулақ кідірістері бар синтагмалар құрайды. Ең соңғы синтагма төмендеп барып саябырлайды.

Үшінші сөйлемнің есімшелі қабыспалы оралымының ішіндегі бірыңғай мүшелер (*әдеп пен әдет дегеннің екеуі де*) синтагма құрап өздеріне тән интонациямен мәнерленіп, азғана кідіріспен бөлініп барып, басқа сөздермен ұласып, анықталушы сөз тіркесімен (*қазақ қызының*) қабысып көтеріңкі интонациямен айтылып синтагмаға тән мөлшерлі кідіріспен бөлінеді.

Есімшелі қабыспалы оралымдар да жоғарыда қаралған есім қабыспалы оралымдар сияқты тілде кейде бірыңғай мүшелер түрінде кездеседі. Мысалы:

1) Қазіргі шақта жасы қырыққа тақалған, бақдәулеті барынша шалқыған Оспанның бір үлкен арманы бар (М.Әуезов).

2) Жолаушылар қозылары жамыраған, иттері үріп шулаған, құлындары шіңгірлеп кісінеген, көп үнді, даңғаза болған ауылдың үстінен шықты (М.Әуезов).

1) <Қазіргі шақта / жасы қырыққа тақалған↑< // <бақ-дәулеті барынша шалқыған Оспанның↑< // <бір үлкен арманы бар↓> ///

2) <Жолаушылар қозылары жамыраған↑< // <іттер'үрүп шұулаған↑< // құлұндары шіңгірлеп кісінеген↑< // <көбүндү даңғаза болған ауұлдұң / үстүнен шықты↓ >///

Келтірілген мысалдардың біріншісінде екі бірыңғай оралым, ал екіншісінде төрт бірыңғай оралым бар екенін көріп отырмыз. Бірыңғай оралымдар анықталушы сөздеріне (*Оспанның, ауылдың*) өздерінің ең соңғысының атау есімше формасымен қабысып, бірыңғай мүшелерге тән біркелкі сызықты, біркелкі өрнекті интонациямен біркелкі мөлшерлі кідіріспен айтылып тұр. Бірыңғай мүше келбетіндегі есімшелі оралымдар бәрі қосылып, өздеріне қатысты есім сөзді (*Оспанның, ауылдың*) сипаттап, анықтап тұр.

Біздің байқауымызша, мұндай жоғарыда келтірілген құрылымы бірыңғай мүшелермен күрделенген, немесе құрылымы сабақтас құрмалас сөйлемдер келбетінде болатын есімшелі қабыспалы оралымдар да жоғарыда қаралып кеткен, есім қабыспалы оралымдар да, жазба тілдің әбден жетілген, кемелденген формаларында, дәлірек айтқанда біздің классик жазушыларымыздың - М. Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С. Мұқанов сияқты жазушыларымыздың барлық шығармаларында кездеседі.

Жоғарыдағы мысалдарда бірыңғай мүшелер бір-бір синтагма құрап **тиянақсыз** және **қыстырма интонемалардың вариантарымен** өрнектелсе, сөйлемнің соңғы синтагмасы **тиянақты интонемамен** сипатталады.

3. Көсемшелі жанаспалы оралыммен күрделенген сөйлемдер

Х.М.Есенов өзінің қазақ тіліндегі күрделеген сөйлемдерге арналған еңбегінде сөйлемді күрделендіретін оралымдарды екіге бөледі, біріншісі біз жоғарыда қарастырған есімшелі қабыспалы оралым, ал көсемшелі жанаспалы оралым оның екіншісіне жатады, дейді.

Х.М.Есенов көсемшелі жанаспалы оралымның есімшелі қабыспалы оралымнан айырмашылығын және оның сабақтас құрмаластың компоненттеріне ұқсастығын айтып келеді де, соңғысынан ажырату үшін олардың құрамында өзіне тәуелді жеке бастауышы бар ма немесе негізгі, басыңқы сөйлеммен бастауышы ортақ па, соған қарау керек дейді. Егерде көсемшелі жанаспалы оралымның өзіне тәуелді жеке бастауышы болмаса, ол сабақтас құрмаластың бағыныңқы сөйлеміне ұқсас болғанымен жай сөйлемді күрделендіретін оралым дәрежесінде ғана қалады дейді. «Эта сторона внешне сближает примыкающий оборот (көсемшелі жанаспалы оралым) со сложноподчиненным. - Решающим критерием при их разграничении является общие (с основным предложением З.Б.) подлежащее» делінген (Есенов, 1992, 65 б.). Мысалы: *Мұғалима шәкірттің*

сабаққа ынта қойып келе жатқанын аңғарып, іштей оған риза болып қалған (С.Мұқанов).

Күрделенген сөйлемдердегі көсемшелі жанаспалы оралымдардың мағынасын, қызметін және интонациялық көріністерін қарастырып көрейік:

1) Баласының түксиіп тұрған түрін көріп орнынан түрегелді (І.Есенберлин).

2) Біз жаңбырдан қорғанып, табалдырықтан ұзай алмадық (Қ.Әбдікадыров).

3) Он шақты кісі жолдас ертіп, Абай Қарамолаға аттанбақ (М.Әуезов).

4) Баласының қолынан етікті жұлып алып, есікке қарай лақтырып жіберді (Ә.Нұрпейісов).

5) Ол шақпағын шағып жіберіп, лап еткізіп от жақты (Қ.Әбдікадыров).

6) Мырс етіп күліп жібере жаздап, әрең отырған жайы бар (Д.Әділов).

7) Жалпы жұрт Күлзипаны Абдрахман қайтсе де алады деп, өздерінше сөзді бітіргенге ұқсайды (Б.Майлин).

1) <Баласының түксіп тұрған түрің гөрүп↓< // < орнұнан түрегелді↓> ///

2) <Біж жаңбырдаң ғорғанып ↑< // < табалдырықтан ұзай алмадық↓> ///

3) <Оншақты кісі жолдас ертіп↑< // < Абай Қарамолаға аттамбақ↓> ///

4) <Баласының қолұнан / етікті жұлұбалып↑ < // < есіккеғарай ʰлақтырыб жіберді↓> ///

5) <Ол шақпағын шағыб жіберіп↑< // < лап еткізіп отшақты↓> ///

6) <Мырс етіп / күлүб жібере жаздап↑< // < әрең отұрған жайыбар↓> ///

7) <Жалпы жұрт Күлзүйпаны Әбдірахман / қайтсе де алады деп↑< // < өздөрінше сөздү бітіргеңг' ұқсайды↓> ///

Жоғарыда келтірілген барлық мысалдардан көретініміз көсемшелі қабыспалы оралым негізгі сөйлемдегі бастауышқа (субъектке) ортақ болып, соның іс-қимылының түрлі сипатын, амалын, себеп-салдарын, мақсатын т.б. көрсетіп тұр.

Ал бұлардың интонациялық ерекшеліктерін алып қарасақ, көсемшелі оралым көбінесе өзі күрделендірген сөйлемінің басында тұрып, өз алдына интонациялық-мазмұндық топ құрап, яғни өз алдына бір синтагма болып, сөйлемнің басқа мүшелерінен кідіріс арқылы бөлініп тұр.

Келтірілген мысалдардың 2-ші, 5-ші, 7-шісінде сөйлемнің басына ортақ бастауыш қана шыққан. Ол өз алдына өзінен кейінгі синтагмадан шамалы кідіріспен бөлініп, сөйлемнің басында интонациялық бір кіші толқын қосып, сөйлемнің басқа мүшелерімен ұласады. ¤з алдына бір синтагма болатын көсемшелі қабыспалы оралымның интонациялық сызығы шамалы көтеріліп барып, ең соңында кідіріс арқылы негізгі сөйлемнің басқа мүшелерінен бөлініп тұрады.

Көсемшелі оралымдары бар мысалдарда көсемшеге аяқталған бірінші синтагма **тиянақсыз интонеманың варианттарымен** өрнектеледі, соңғы синтагмасы **тиянақты интонемаға** жатады.

Х.М.Есенов аталған еңбегінде ортақ бастауыштың көсемшелі оралымның басында болуы, яғни ортақ бастауышты көсемшелі оралымның құрамына қоюы - автордың бастауышқа әдейі көңіл аудару әдісі, дейді (Есенов 1992, 101 б.).

Жанаспалы оралымның қатарына шартты рай тұлғалы оралым да жатады. Бірақ мұнда да көсемшелі жанаспалы оралыммен күрделенген сөйлемдердегідей, шартты рай тұлғалы оралым мен негізгі сөйлемде екеуіне ортақ бастауыш болу керек. Егерде шартты рай тұлғалы оралымда өз бастауышы болса, онда ол

сабақтас құрмаластың бағыныңқы компоненты болады. Шартты рай тұлғалы оралыммен күрделенген сөйлемге мысалдар келтірейік.

1) Мектептен оқу оқысаң, білім алсаң адам боласың (С.Сейфуллин).

2) Мына таудан әрі ассаң, ағып жатқан өзеңді көресің (Қазақ ертегілері).

3) Егер ондай тойға шақырылса, Рахмет бармауға бекінді (С.Мұқанов).

4) Қызмет басыңдағы адамды көрсе, шырғалып соның маңынан шықпайды (Б.Майлин).

5) Атқан асығына тигізе алмаса, екінші балаға кезек береді (С.Мұқанов).

6) Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа; жаманмен жолдас болсаң қаларсың ұятқа (Ы.Алтынсарин).

7) Ынтымақты болсаң, ел билейсің, ынтымақсыз болсаң, неңді билейсің (М.Әуезов).

1) <Мектептен оқу оқусаң↑< // < білімалсаң↑< // адам боласың↓> ///

2) <Мына таудан әр'ассаң ↑< // < ағыбжатқан өзөңдү көрөсүң ↓>///

3) <Егер ондай тойға шақырылса ↑< // <ᵘРахмет бармауға бекінді↓> ///

4) <Қызмет басындағы адамды гөрсө ↑< // < шырғалып сонұң маңынан шықпайды↓> ///

5) <Атқан асығына тійгіз'алмаса↑< // <екінші балаға кезекпереді↓> ///

6) <Жақсымен жолдас болсаң ↑< // < жетерсің мұратқа↓> // < жамаммен жолдас болсаң↑< // <қаларсың ұйатқа↓> ///

7) <Ынтымақты болсаң↑< // < ел бійлейсің↓> // < ынтымақсыз болсаң↑< // < неңді бійлейсің↓>///

Жоғарыда келтірілген мысалдардың барлығында шартты рай тұлғалы оралым сөйлем ішіндегі істің, қимылдың, жағдайдың шартын білдіріп тұр. Осындағы іс, қимыл, жағдай бір ғана жалпылама мағыналы бастауышқа (субъектке) қатысты. Сөйлемде ол бастауыш түсіп қалып айтылса да, контекстің арқасында ол субъект белгілі болып тұрады.

Шартты рай тұлғалы оралымдар, жоғарыда қаралған көсемшелі оралым сияқты интонациялық сызығы толқынданып барып, соңына қарай көтеріліп, мөлшерлі кідіріспен негізгі сөйлемнен бөлініп, өз алдына бір синтагма құрайды.

Жалпы қабыспалы, жанаспалы оралымдармен күрделенген сөйлемдердің интонациялық модельдері бір-біріне ұқсас келеді. Көбінесе сөйлемнің басында келетін оралымдардың интонациясы толқынданып келіп синтагманың соңына қарай көтеріліп, кідіріспен негізгі сөйлемнен бөлінеді де, одан әрі сөйлемнің басқа мүшелері де өзінің толқынды интонациясымен айтылып, соңында төмендеп барып тоқтайды.


Күрделенген сөйлемдердің жалпы интонациялық сызығы, өрнегі ұқсас болғанымен, қабыспалы (есім, есімшелі) оралымдардың жанаспалы (көсемшелі, шартты рай тұлғалы) оралымдардан айырмашылығы - есім, есімшелі тіркестер өздері анықтап тұрған анықталушы сөзбен қабысып, бірігіп, сонымен ортақ синтагма құрып көтеріліп, сөйлемнің басқа мүшелерінен мөлшерлі кідіріспен бөлініп тұрады.

Тағы бір айта кететін жағдай - ол есімшелі қабыспалы оралымның өзі анықтайтын сөзбен бір синтагма құруы және есімшенің айналасына өзіне бағынышты сөздерді үйіру ерекшелігінің басқаларға қарағанда аясының кең болуы. Жоғарыда есімшелі оралымды қарастырғанда оның ұзақ синтагмаларына

мысалдар келтірілген. Сонда байқағанымыз, синтагма ұзақ болса да, қысқа болса да оның айтылуына кететін уақыт бірдей болады. Ұзақ синтагманың айтылудағы қарқыны жылдамырақ, ал қысқа синтагманың қарқыны байаулау келеді.

Күрделенген сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық түрлерінің интонациясы кейде мазмұны жоқ просодемалар арқылы да ажыратылады. Мысалы есімшелі қабыспалы оралымдары бар сөйлемдердің акценттелген сөзді қамтитын бірінші сегменті жоғары тоналды деңгейде көтеріңкі әуен мен мөлшерлі кідіріспен көмкерілсе, көсемшелі жанаспалы оралымдары бар сөйлемдердегі оралымдардың әуенінің көтерілуі мен кідірісі шамалы болады.

Мысал ретінде алып отырған күрделенген сөйлемге енген есімшелі және көсемшелі оралымдардың негізгі тон жиілігі, ұзақтылығы мен интенсивтілігінің сандық көрсеткіштерін келесі графиктен көруге болады. *Құдай оңдап // аржағында отырған Сары Иван // оны шалғайынан / бір тартып, // орнына жалп еткізеді* (Ә.Нұрпейісов).




25-сурет. Күрделенген сөйлемнің интонациялық сызығы

Күрделенген сөйлемдердің барлық түрлерінің соңғы синтагмасы **тиянақты интонемамен** сипатталса, ортасында, соңында тұрған синтагмалар **қыстырма**, және **тиянақсыз интонемалардың варианттарымен** өрнектеледі. Сайып келгенде, жоғарыда талданған, жан-жақты қарастырылған түрлі оралымдармен күрделенген сөйлемдердің жалпы интонациялық сызығын, өрнегін алып қарасақ, олар бір-біріне ұқсас, бірыңғай болып келеді. Түрлі семантика-синтаксистік құрылымдар өзіне ғана тән просодикалық өлшемдермен сипатталады деп айта алмаймыз, себебі интонация мен грамматика байланыстары бір-біріне тікелей келмейді, олардың ара-қатынасы құбылып, өзгеріп тұрады, сондықтан түрлі оралымдардың (есім, есімше қабыспалы, көсемшелі жанаспалы) дара интонемамен ерекшеленуі міндетті емес, олардың бәрі тек үш интонемамен сипатталады. Олар өзінің просодикалық өлшемдерімен және ерекшеліктерімен вариант және вариацияларында көрініс табады. Бұл жағдай интонацияның тіл жүйесінде дербес құбылыс ретінде танылатынын дәлелдейді.

Синтагмалардың акценттелген сөздері жоғары тональды деңгейде көтеріңкі әуен және мөлшерлі паузамен көмкерілсе, ырғақты топтардың әуенінің көтерілуі мен паузасы (болса) шамалы мәндермен ерекшеленеді. Интонациялық өрнектер мен синтаксистік құрылымдардың арасындағы байланыс симметриялық түрінде болмайтыны эксперимент арқылы дәлелденген. Күрделенген сөйлемдердің типтері синтаксистік құрылымы жағынан интонация компоненттерімен кейде тікелей кейде жанама түрінде байланысатынына көзіміз жетті. Бұл интонация мен синтаксистің ара-қатынасы өте күрделі және құбылмалы екенін көрсетеді. Сондықтан біз есімшелі және көсемшелі оралымдардың интонациялық ерекшеліктерін қарастырғанда, сипаттаманы бір сөйлемге байламай интонацияның жалпы тенденциясын көрсетіп отырмыз.

Эксперимент талдау негізінде интонация көрсеткіштерінің жалпы тенденциясы анықталды. Бәрінің де интонациясының сызығы көбінесе 2-ші, 3-ші деңгейде толқынданып, дөңгеленіп, синтагманың соңында ғана 3-ші деңгейден азғана асып шығып, мөлшерлі кідіріспен бөлініп, ал сөйлемнің кейінгі мүшелерінің интонациясы толқынданып барып, соңында 1-ші деңгейге төмендеп барып тынады. Бұл көбінесе біркелкі ирек-ирек болып келетін интонациялық сызық, қазақ тілінің жалпы **интонациялық өрнегінің ерекшелігі** болып, басқа тілдерден, мысалы өзіміз білетін, сөздік екпінге сүйенетін әр сөзде жоғарылы-төменді сызықтармен мәнерленетін орыс тілінің интонациясына ұқсамайтын, қазақ тілінің интонациялық өзгешелігін көрсететін модель (26-сурет).



26-сурет. Күрделенген сөйлемдердің интонациялық схемасы

Құрмалас сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктері

Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдерді қарастырғанда осы тараудың шолуында көрсеткеніміздей, бұл сөйлемдер туралы белгілі ғалымдардың құрмалас

сөйлемдерді зерттеудегі еңбектеріне сүйендік. Әсіресе Н.Сауранбаевтың, М.Балақаевтың және Т.Қордабаевтың еңбектерін басшылыққа алдық. Себебі оларда құрмалас сөйлемнің кей түрлерінің интонациясына азды-көпті көңіл аударылады. Бұдан басқа кейін жазылған еңбектерде жоғарыда аталған екі оқулықтағы құрмалас сөйлемдер туралы қағидалардан көп ауытқу жоқ, сондағы қағидалар мойындалады.

Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдерді түр-түрге топтастырғанда, оларға мысал ретінде беріліп интонациясы эксперименталды қаралатын өзіміз іріктеген сөйлемдерден басқа жоғарыда аталған синтаксис оқулықтарындағы көркем шығармалардан алынған ықшам мысалдарды келтірдік.

Құрмалас сөйлмдердің түрлерін қарастыруда да олардың бұрыннан қалыптасқан, мойындалған дәстүрлі түрлерін алып, интонациялық экспериментке соларды басшылыққа алуды жөн көрдік. Олар төмендегілер:

1) Салалас құрмалас сөйлем. Оның жалғаулықсыз "іргелес" және жалғаулықты салалас түрлерінің интонациялық көріністері.

2) Сабақтас құрмалас сөйлем. Оның түрлеріндегі бағыныңқысының басыңқымен байланысу жолдары мен интонациялық көріністері.

3) Көп бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер, олардың интонациялық көріністері.

4) Аралас құрмалас сөйлемдер, олардың интонациялық көріністері.

Салалас құрмалас сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктері

Бір-біріне бағынбай, тең дәрежеде салаласып, тиянақты түрде құрмаласқан сөйлемдер салалас құрмалас деп аталатыны белгілі. Дегенмен салалас құрмалас сөйлем құрамына енген жай сөйлемдердің баяндауышы форма жағынан тиянақты болғанмен, олар құрмалас сөйлемнің компоненті ретінде мағына жағынан да, интонация жағынан да тиянақсыз болып, бір-бірімен ұласып, байланысып тұрады. Салалас құрмалас сөйлемдер құрамына енетін жай сөйлемдердің құрмалану тәсіліне қарай екі түрге бөлінеді.

1. Құрамына енген жай сөйлемдердің жалғаулықсыз, іргелесіп құрмаласатын түрі.

2. Құрамына енген жай сөйлемдердің жалғаулықтар арқылы құрмаласатын түрі.

1. Құрамындағы жай сөйлемдер өзара бір-бірімен мағынасына және интонациясына қарай жалғаулықсыз құрмаласса, бұларды жалғаулықсыз іргелес салаластар дейді. Мысалы:

1) Құнанбай округті басқаратын приказдың бастығы, Майбасар оның орынбасары болатын (М.Әуезов).

2) Кетерде Боржабай маған амандасқан жоқ, мен оған амандасқан жоқпын (С.Мұқанов).

3) Нияз телміріп ұзақ қарады, Ляззат оның көз шарасынан бар сырын ұғып тұрғандай еді (Т.Ахтанов).

4) Күн жауып кетті, оны елеген ешкім болған жоқ (Т.Ахтанов).

1) <Құнамбай округті басқаратын / приказдың бастығы↑< // <Майбасар оның орұмбасары болатын↓> ///

2) <Кетерде / Боржабай маған амандасқан жоқ↓> // <мен оған амандасқан жоқпұн↓> ///

3) <Нійаз телміріб ұзақ карады ↑// Ләззәт онұң көш шарасынан ↑// бар сырын ұғұп тұрғандай еді >↓///

4) <Күн жауұп кетті ↓> // < он' елеген ешкім болған жоқ↓> ///

Жоғарыда келтірілген жалғаулықсыз іргелес салаластар жайында Н.Т.Сауранбаев: «Екі сөйлем ешбір дәнекерсіз, мағына жағынан құрмаласып айтылғанда, олардың арасында дауыс тынбайды, үзілмейді, екеуі бір демнің екі салалы ағысымен жалғас айтылады. Бірінші сөйлем жоғары айтылады да, екіншісі сөйлем бәсең айтылады, бірақ дем үзілмейді... паузамен бөлінбей бір фонациямен айтылады,» дейді (Сауранбаев, 1982, 81 б.).

Т.Қордабаев жалғаулықсыз салалас сөйлемдер жайында: «Жалғаулықсыз салалас сөйлемнің қалыптасқан, тек өзіне ғана тән баяндауыш формасы жоқ. Қалыпты тиянақты жай сөйлем баяндауышы қызметінде қолданылатын сөз топтарының қай-қайсылары болса да, жалғаулықсыз салалас сөйлем компоненттерінің баяндауышы қызметінде де қолданылады. Дегенмен жалғаулықсыз салаластың алдыңғы компонентінің баяндауыштары, көбінесе, еді, екен, емес етістіктерін көмекшіге алып тұрады. Бұл көмекшілер кейбір жағдайда өз құрамына еніп тұрған жай сөйлемдерге тиянақсыздық мән беріп, екі сөйлемнің арасын құрмаластырушы дәнекер тәрізденіп тұрады»... деп келіп, одан әрі: «Салалас құрмалас сөйлем компоненттерінің мағыналық жағында болатын тиянақсыздық олардың интонация жағынан да тиянақсыз болуын туғызады және онымен үштасып, сол арқылы өзінің тиянақсыздығын айқындаңқырай түседі,»деген (Қордабаев, 1961, 200-202 бб.). Мысалы:

1) Сол өзеннің екі жағында бұрын екі деревня бар екен, қазір біреуінің орнында екі үйдің мұржасы ғана тұр (Ә.Әбішев)

2) Өзімнің қамығып жүрген күнім еді, төбем көкке екі елі ғана жетпеді (С.Мұқанов).

3) Өмірдегі көп күннің бәрі бірдей емес; бір күн елеусіз өте шығады да, // кейбір күн өлгенше есіңде қалады (Х.Ерғалиев).

4) Тәңірберген бір рет тіл қатып еді, Еламан үндемеді (Ә.Нұрпейісов).

5) Ол басқа айғырға қарай ұмтылып еді, Бақы тізгінге жармаса кетті (Х.Есенжанов).

1) <Сол өзөннұң екі жағында↑< // < бұрұн екі деревня бар екен↓> // <қазір біреуұнұң орнұнда↑< // <ек' үйдұң мұржасы ғана тұр↓> ///

2) <¤зұмнұң қамығыб жұргөн күнұм еді↑> // <төбөм гөккө ек' елі ғана жетпеді↓> ///

3) <¤мұрдегі гөпкүннүң бәрі / бірдей емес↓> // <біргүн елеусіз өтө шығады да ↑< // <кейбіргүн өлгөнш'есіңде ғалады↓> ///

4) <Тәңірберген бір ¹рет тіл қатып еді↓> // <Еламан үндемеді↓> ///


5) <Ол басқ' айғырға ғарай / ұмтұлұб еді↓> // <Бақы тізгінге жармаса гетті↓ >///

Келтірілген жалғаулықсыз салалас сөйлемдердің бірінші тобы мен екінші (алдыңғы компонентінің баяндауышының көмекшілері бар) тобының айтылу интонацияларында біршама айырмашылық бар.

Бірінші топтағы жалғаулықсыз салаластардың компоненттері ара-жігі үзілмей, алдыңғысы жоғары, кейінгісі бәсең айтылса, екінші топтағы жалғаулықсыз

салаластардың бірінші компоненті интонация жағынан тиянақсыз болғанмен, оның екінші компонентпен аз да болса ара-жігі бар екені сезіледі. Ал, *екен, емес, еді* деген көмекші етістіктер ерген баяндауыштың тоналды деңгейі мен үдемелігі төмендеп, ұзақтылығы да молырақ болады. Бұл жерде интонацияның компоненті болып табылатын пауза (кідіріс) көмекші грамматикалық тәсілдермен қосыла, бір-бірін қуаттап қызмет етуі нәтижесінде интонацияның маңызын күшейте түседі. Теңдік мағыналық қатынаста құрылған мұндай сөйлемдердің просодикалық көрсеткіштері тиянақты интонема варианттарына сәйкес келеді.

Жоғарыда келтірілген салаластардың жалпы тональды деңгейлері біркелкі толқынданып, компоненттерінің ара жігінде интонациялық кескін сызығы болымсыз тональды интервалмен белгіленеді. Олардағы әр компоненттің бастауышы мен баяндауышы акценттеліп, молырақ интенсивтілікпен айтылып тұр. Көмекші етістікпен берілген сөйлемдердің бірінші компоненті бәсең тонмен өрнектелгесін олардың ара жігі болымды тональды интервалымен ерекшеленеді. Көмекші етістіктер синтагмалық екпінге ие болып, баяу қарқынмен айтылады. Коммуникативтік акт процесінде сөйлемдердің коммуникативті-прагматикалық мағынасы синтаксистік көрсеткіштермен қатар просодикалық тәсілдер арқылы да айқын көрінеді (27-сурет).



27-сурет. Жалғаулықсыз іргелес салаластардың интонациялық схемасы

Н.Т.Сауранбаев іргелес жалғаулықсыз салалас құрмаластармен қоса олардың стильдік екі түрі: жайылыңқы және сыйысыңқы іргелес түрлерін де қарастырады.

Жайылыңқы іргелесте бірнеше жай сөйлемдер ешбір жалғаулықсыз салаласып, бір-бірімен ұласып айтылады. Бұлардың баяндауышы ортақ, бірдей болады да, әр сөйлемде қайталанып отырады. Мысалы:

Жүнді су көтереді, жүйрікті ду көтереді, қайғыны ер көтереді, қорлықты дария көтереді, арысты ай көтереді, өлімді сай көтереді (фольклор).

<Жүндү сұу гөтөреді↓> // <жүйрүктү дұу гөтөреді↓> // < қайғыны ер гөтөреді↓> // <қорлұқтү дәрійә гөтөреді↓> // <арысты ай гөтөреді↓> // <өлүмдү сай гөтөреді↓> ///

Бұл дербес алты сөйлемді үйлестіріп тұрған ортақ баяндауыш. Ол әр сөйлемде бір мәнде (төзімділік қасиетті білдіретін), бір формада қайталанып «сөйлемге поэтикалық үдеме рең беріп тұр» дейді.

Бұл жайылыңқы салалас құрмаластың интонациясын алып қарасақ, олар бірыңғай мүшелерде болатын біркелкі интонация: бірдей тонмен, бірдей ырғақпен, бірдей ұзақтылықпен айтылып, шамалы кідіріспен бөлініп тұратын интонациялық модель.

Ал сыйысыңқы іргелестердің ортақ баяндауыштары әр компонентте қайталанбай, ең соңғысында бір ақ рет айтылады. Сондықтан сыйысыңқы сөйлемдер жайылыңқы сөйлемдердің ықшамдалуынан жасалған жай сөйлемдер. Мысалы:

Бір жерде күш, бір жерде өнер, бір жерде мінез көрсетіледі деген сөйлем баяндауышы ортақ сыйыспа жай сөйлем болады. Бұл сөйлемнің интонациясы да бірыңғай мүшелердің интонациясына ұқсас:

Бір жерде күш, бір жерде өнер, бір жерде мінез көрсетіледі.

<Біржерде күш↑< // < біржерде өнөр↑< // <біржерде мінез гөрсөтіледі ↓>///

2. Салалас құрмалас сөйлемдердің компоненттері бір-бірімен жалғаулық шылауларарқылыбайланысса,жалғаулықтысалалассөйлемболады.Жалғаулықты салалас құрмаластың компоненттері жалғаулықсыз салаластардағы сияқты өздерінің құрылымдық дербестігін, соның ішінде баяндауыштарының verbum finitum формасын да сақтайды. Ол компоненттердің семантика-синтаксистік қатынастарын олардың арасында болатын жалғаулықтар көрсетеді. Салалас құрмалас сөйлемдерде қолданылатын жалғаулықтар мағына жағынан бірнеше топқа бөлінеді. Қазақ тілінде салалас құрмалас сөйлемдердің қалыптасқан мынадай түрлері бар: 1) ыңғайлас салалас; 2) қарсылықты салалас; 3) себеп-салдар салалас; 4) талғаулы салалас; 5) кезектес салалас.

1. Ыңғайлас салалас сөйлемдер

Ыңғайлас салалас сөйлемдер және, *әрі, да, де, та, те* жалғаулықтары арқылы жасалады. Ыңғайлас салаластар мағына жағынан бір-бірімен мезгілдес, баяндауыш формалары жағынан ыңғайлас болып келетін жай сөйлемдер арқылы құрмаласады. Сондықтан мұндай салаластар ыңғайлас-мезгілдес мәнді болады. Мысалы:

1) Сөз осымен бітті де, Алшымбай үйіне қайтты (Ә.Әбішев).

2) Менде документ жоқ, әрі үйлердің адресі жоқ (С.Мұқанов).

3) Арада көп күн салмай-ақ ауа райы бір қалыпқа тоқырады да, аспан түйдек-түйдек салқын қоңыр бұлттан арылды (Х.Есенжанов).

4) Сіздің қолыңыз босай қоймас және босағанмен бұл жұмыс сізге ауыр тиер (С.Мұқанов).

5) Қашқын ұзап кетті және Кертөбелге жетер мұнда ат жоқ (Ғ.Мұстафин).

1) <Сөз осұмем бітті де↑< // <Алшымбай үйүне ғайтты↓> ///

2) <Менде документ жоқ↓> // <әрі үйлөрдің адресі жоқ↓ >///

3) <Арада көпкүн салмай-ақ↑< // <ауарайы бірғалыпқа тоқұрады да↑< // <аспан түйдөк-түйдөк салқынконұр бұлттан арылды ↓> ///

4) <Сіздің қолұңұз босайғоймас↓> // <және босағаммен / бұлжұмұс сізге ауұртійер ↓>///

5) <Қашқын ұзапкетті↓> // <және Кертөбөлге жетер мұнда атшоқ↓ >///

Көрсетілген мысалдарда жалғаулықтар қай жерде тұрса да акценттеледі. Олардың әуені, ұзақтылығы және үдемелігі өзінің максимальды мағыналарына ие болады. Сөйлемнің бірінші синтагмасы жалғаулықпен аяқталса оның тоны көтеріңкі әуенмен өрнектеледі, жалғаулықсыз болса, көтеріңкі-бәсең әуенмен ерекшеленеді, ал соңғы синтагмасы әрқашан бәсең және көтеріңкі бәсең әуенмен сипатталады. Синтагмалардың ара-жігі кідіріспен және болымды, болымсыз интервалдармен белгіленеді.

2. Қарсылықты салалас сөйлемдер

Қарсылықты салаластар *бірақ, дегенмен, ал, алай да, әйтсе де, сонда да, сөйтсе де, сөйткенмен* деген жалғаулықтар арқылы жасалады. Бұлар мағына жағынан бір-біріне қарсылас болып келетін жай сөйлемдерді құрмаластырады. Қарсылық мағынасын білдіретін жалғаулықтар салалас құрмаластың екі компонентінің арасында тұрғанмен әр уақытта екінші компоненттің құрамын бастап тұрады. Мысалы:

1) Құып жеткен көккептер қоянды екі-үш рет шалып еді, бірақ қояны құрғыр ауызға түсе қоймады (С.Мұқанов).

2) Біз ұзақ жолдан сонша қажып келген едік, сөйтсе де ауыл адамдарына сыр бермеуге тырыстық (М.Әуезов).

3) Бұлар асығыңқырап отыр еді, сонда да Тәрбиенің дастархан жаюына қарсы болған жоқ (С.Мұқанов).

4) Заты жуас, момын жігіт еді, сөйтсе де күйеуінің бұл жолғы ісінің түрі басқа (Ә.Нұрпейісов).

5) Мен үйіме қайтып келдім, дегенмен оның жаудыраған қара көздері есімнен кетпей қойды (І.Есенберлин).

1) <Құуұбжеткен көккептер↑< // <қойанды ек'-үш ⁱрет шалыбеді↑< // <бірақ қойаны ғұрғұр ауұзға түсе ғоймады↓> ///

2) <Біз ұзағ жолдан сонша қажып келген едік↓>// < сөйтсе де ауұл адамдарына сырбермеуге тырыстық↓>

3) <Бұлар асығыңқырап отұреді ↓> // <сондада Тәрбійенің дастархан жайұұна қарсы болғанжоқ↓> ///

4) <Заты жұуас↑< // < момұн жігітеді↓> // <сөйтсөде күйөуұнұң бұлжолғ' ісінің түрү басқа↓> ///

5) <Мен үйүме ғайтып келдім↓> // <дегеммен онұң жаудыраған карагөздөрі ↑< // <есімнең гетпей ғойдұ ↓>///

Жоғарыда келтірілген барлық жалғаулықты салалас құрмаластардың жалпы интонациясы толқынданып әр компоненті бір синтагма құрып, соңында кідіріспен бөлініп, екінші компоненттің басындағы жалғаулық акценттеліп, молырақ үдемелікпен айтылады, одан кейін толқынданып барып, аяғы төмендей тынады. Синтагмалардың тоналды интервалдары болымды және болымсыз мәндермен сипатталады.

3. Себеп-салдар салалас сөйлемдер

Себеп-салдар салалас сөйлемдер *өйткені, себебі, сол себепті, сондықтан, неге десең* деген жалғаулықтар арқылы жасалады. Бұл жалғаулықтар екі жай сөйлемнің арасында, кейінгісінің құрамында тұрып, екеуінің арасындағы себеп-салдар мағыналық қатынастарды білдіретіндіктен себеп-салдар жалғаулығы деп аталады. Мысалы:

1) Малбағар мұны көрмек түгіл естімеген еді, сондықтан ол бұған біраз таңданды (С.Мұқанов).

2) Әбіш қазіргі мінезі туралы ашылған жоқ, өйткені көп сөз етуді лайық көрмеді (М.Әуезов).

3) Бұл аранның малы қыс жұтауға тиісті емес, себебі оңдаған көлдің төңірегіне жайыла шалғын өседі (С.Мұқанов).

4) Қыс аяғы ұзаққа созылатын түрі бар, сондықтан жайылысты күтіп пайдалану керек (М.Әуезов).

1) <Малбағар мұнұ көрмөк түгүл↑< // <естімеген еді↓> // <сондұқтан ол бұғам бірәз тандынды ↓>///

2) <Әбіш қәзіргі мінезі тұуралы / ашылғанжоқ↓> // < өйткөнү көп сөз етүуд' ы лайық көрмөдү↓> ///

3) <Бұл аранын малы қышшұтауға тійіст'емес↑> // <себебі ондағаңгөлдүң төңүрегіне жайыла шалғын өсөдү↓> ///

4) <Қысайағы ұзаққа созұлатын түрүбар↓> // <сондұқтан жайылысты гүтүп пайдаланұу герек↓>///

Себеп-салдар жалғаулықты салаластардың интонациясынан байқалатын жағдай, ол екі компоненттегі сөйлемдер де синтагмларға бөлініп толқынданып барып, соңында төмендейді, ал кідірістен кейін тұратын жалғаулықтар акценттеліп шамалы көтеріңкі деңгейде айтылады және ұзақтылығы мен үдемелігі молырақ болады. Сөйлемнің басында және ортасында тұрған синтагмалар көтеріңкі, көтеріңкі-бәсең әуенмен өрнектеледі, ал соңғы синтагмасы көтеріңкі-бәсең және бәсең әуенмен сипатталады.

4. Талғаулы салалас сөйлемдер

Талғаулы салалас сөйлемдер *не, немесе, әйтпесе, болмаса, е, әлде* сияқты жалғаулықтар арқылы жасалады. Бұлар талғамалы, талғаулы мәнді салаластардың компоненттерін құрмаластырады. Мысалы:

1) Қашқалақтап жоламай жүрген өзің, әйтпесе сені де үлде мен бүлдеге орай салудан ештеңем кетпейді (С.Мұқанов).

2) Я мен барамын, әйтпесе ақсақалдың өзі келер (Ә.Әбішев).

3) Маған жолға жеткендей қаржы жіберсін, болмаса мен бара алмаймын (А.Тоқмағамбетов).

4) Не мен жатырқаған шығармын, не сен өзгерген шығарсың, рас танымай тұрмұн (С.Мұқанов).

5) Сен қазір жұмысқа кіріс, немесе мен сені бұл маңайдан қуамын (Ә.Әбішев).

1) <Қашқалақтап жоламай жүргөн өзүң↓> // <әйтпесе сені де үлдө мем бүлдөге орай салұудан ештеңем гетпейді ↓> ///

2) <Ійә мем барамын↓> // <әйтпесе ақсақалдың өзү гелер↓> ///

3) <Маған жолға жеткендей / қаржы жіберсін↓> // < болмаса мем бар' алмаймын↓> ///

4) <Не мен жатырқаған шығармын↑< // <не сен өзгөрген шығарсың↓> // <ы рас танымай тұрмұн↓> ///

5) <Сеңгәзір жұмұсқа гіріс↓> // < немесе мен сеңі / бұл маңайдан құуамын↓> ///

Жоғарыда келтірілген сөйлемдердің интонациясы біркелкі толқынданып, синтагмаларға үлкенді-кішілі кідірістермен бөлініп, соңына қарай төмендеп, екі компоненттің арасындағы жалғаулықтар акценттеліп, жоғары тонмен, молырақ үдемелікпен және ұзақтылықпен белгіленіп, оның алдындағы синтагма соңынан мөлшерлі кідіріспен бөлініп тұратыны байқалады. Сөйлемнің синтагмалары болымды және болымсыз тоналды интервалдармен сипатталады.

5. Кезектес салалас сөйлемдер

Кезектес салалас сөйлемдер *бірде, біресе, кейде* деген кезектес жалғаулықтар арқылы жасалады. Бұлар кезектес салалас сөйлемнің компоненттерінде баяндалатын әр түрлі әрекеттер мен жай күйлердің бірінен кейін бірі алмасып, кезектесіп тұратынын білдіреді. Мысалы:

1) Ел іші сапырлысып жатқан әскер: біресе қызыл келеді, біресе ақтың әскері келеді (Б.Майлин).

2) Раушан бірде ақтарыла салатындай сондайлық жақын көрінеді, бірде ол салқын тартып алыстап кетеді (Т.Ахтанов).

3) Жәутіктің ойы кейде бұлттан шыққан қырандай жарқ етіп бой тастайды, кейде ол құйылып алдына қайтып келеді (Х.Ергалиев).

1) <Еліші сапырлысыб жатқан әскер↓>// <біресе қызылгеледі ↑// <біресе ақтың әскері геледі↓> ///

2) <Раушан бірде ақтарыла салатындай↑< // <сондайлық жақынгөрүнеді↓< //<бірде ол салқынтартып алыстапкетеді↓> ///

3) <Жәутіктің ойұ / кейде бұлттан шыққаң ғырандай↑< // <жарқ етіп бой тастайды↑< // <кейд' ол құйұлұп алдына ғайтып келеді↓> ///

Келтірілген мысалдардың компоненттерінің интонациясы біркелкі жай толқынданып, синтагмалардың аралары үлкенді-кішілі кідірістермен бөлініп, жалғаулықтары акценттеліп, ең соңғы синтагмасы төмендеп барып бітеді. Салалас құрмаластағы жалғаулықтың алдында тұрған синтагманың интонациялық кескіні хабарлы жай сөйлемдердің интонациясымен сипатталады.

Қортындылай келгенде, салалас құрмалас сөйлемдердің интонациясының ерекшеліктері жөнінде мынадай тұжырымдарға келдік. Құрмалас сөйлемдердің қай түрлерінде болса да оның компоненті саналатын сөйлемдер, мағыналық жағынан өзара байланысты болып тұрады. Олар бір-бірімен не мезгілдес, не себептес, не қарсылықты (т.б.) мағынада байланысады. Ешбір мағыналық байланысы жоқ сөйлемдердің өзара салаласып тұра алмайтыны белгілі.

Салалас сөйлемдердің тональды, динамикалық және темпоральды көрсеткіштері олардың экспрессивтік-модальдық реңктеріне байланысты өзгеріп отырады және сөйлеушінің көңіл-күйін де тыңдаушыға жеткізеді. Просодикалық тәсілдер сөйлем мазмұнының маңыздылығынан хабар береді. Интонациялық параметрлерінің жоғары мәндермен берілген синтагмаларының мазмұны салмақты болатыны барлық сөйлемдерде көрінеді. Синтагмалардың әуен қозғалысы тиянақсыз және тиянақты контурлармен өрнектеледі. Бұл көрсеткіш ойдың аяқталғанын және керісінше аяқталмағанын байқатады. Әуеннің лингвистикалық мәні зор болғандықтан кейде тянақсыз синтагма өзінің дербестігімен ерекшеленіп аяқталмаған ойдың маңыздылығын және басымдылығын білдіреді.

Интонацияның уақытқа қатысты компоненті – қарқыны сөйлем мазмұнымен тығыз байланысты екені байқалады. Жылдам қарқынмен айтылған сөйлеу сегменттері ақпараттың көмескі және сөйлеушіге маңызды еместігін көрсетеді. Сөйлеу сөзінің қарқынына қарай синтагмалардың маңызыдылығын бағалауға болады. Әр интонациялық компоненттің өзіндік орны мен ерекшелігі бар екені мысалдарды талдау барысында анықталады.


Екі компоненттің арасын байланыстыратын жалғаулықтар тоналды, динамикалық, темпоральды параметрлердің ең жоғары мәндерімен сипатталып, сөйлем

компоненттерінің мағыналық қатынасын көрсетіп тұрады. Ал жалғаулықсыз іргелес салаластардың мағыналық қатынастарын көрсетуде барлық күш олардың интонациялық тәсілдеріне түседі. Бұларда интонацияның компоненті болып саналатын қарқын, үдемелік, ұзақтылық, әуен сияқтылар қозғалысқа түсіп, әр түрлі қызмет атқарады.

Бұл жерде орыстың белгілі ғалымы А.М.Пешковскийдің **өтем заңының** (закон компенсации) **теңелту принципіне** (принцип замены) сәйкес синтаксистік тәсілдері аз болғанда, интонация тәсілдері күшейіп, бірінің орнын бірі толықтырып отыратындығы байқалады, яғни жалғаулықтар арқылы жеткізілмейтін мағынаны интонация арқылы жеткізуге болады деген ойын мақұлдауға саяды.

Жалғаулықты салаластарда мағыналық қатынастарды көрсететін жалғаулықтар сөйлемнің қай жерінде болса да ой екпінімен айтылып, акценттеліп, молырақ үдемелікпен және ұзақтылықпен ерекшеленеді. Сондықтан жалғаулықтардың сөйлемнің бірінші компонентінің соңында келетіндері (*да, де, та, те*) оның соңында ацценттеліп, ал сөйлемнің екінші компонентінің басында келетіндері (*сондықтан, әйтпесе, бірақ, сөйтсе де*) оның басында акценттеліп, әр компоненттің басында қайталайтындары (*не-не*) әр қайсысы өз орынында акценттеліп тұрады. Сөйлем компоненттерінің бәрі кідіріс арқылы синтагмаларға бөлініп жеке интонемамен сипатталады. Салалас сөйлемдерде жалғаулықтарының орналасуына қарай, олардың интонациялық келбеті де құбылып тұрады.

Сөйлем компоненттерінің ара жігі болымды және болымсыз тоналды интервалдармен ерекшеленеді, ал олардың тоналды диапазоны синтагманың маңыздылығына байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Кең тоналды диапазоны синтагманың мол информациялық мазмұнының көрсеткіші болып табылады. Керісінше тар тоналды диапазоны синтагмалардың мазмұны кемірек екенін білдіреді. Келтірілген мысалдардың компоненттерінің әуені біркелкі жай толқынданып, синтагмалардың аралары үлкенді-кішілі кідірістермен бөлініп, ең соңғы синтагмасы бәсендеп барып бітеді. Мысал ретінде *Онда сауле көп, бірақ тірілерге тамақ жоқ* (Сейфуллин) деген қарсылықты жалғаулықты салалас сөйленімнің интонациялық графигін келтірейік:



27-сурет. Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемнің интонациялық сызығы

Салалас сөйлемдердің семантика-синтаксистік түрлеріне байланысты өзіндік интонация ерекшеліктері байқалмады. Басқаша айтқанда, сөйлемнің синтаксистік құрылымы мен интонациялық көріністері тікелей байланыста емес, жанамалы байланыста болады.

Соңғы уақытта интонацияны тіл жүйесінде өз алдына дербес, тәуелсіз құбылыс деп есептеп, оны зерттейтін тіл ғылымының саласын интонология дейміз. Қазақ тілінің жүйесінде өз алдына дербес деңгейі бар тәуелсіз құбылыс ретінде зерттеліп жүрген интонацияның өзіне ғана тән өзгешелік мағынаға ие болатын бірліктері, интонемалары бар екенін, олардың саны шектеулі екенін эксперимент негізінде дәлелдедік. Анықталған сегіз интонемалардың және олардың вариантарының ішінде үшеуі салалас сөйлемдердің интонациясын сипаттап бере алады.

Сонымен барлық салалас сөйлемдердің соңғы сегменті **тиянақты интонемаға** ие болады, ал сөйлемнің басында және ортасында келетін сегменттері **тиянақты, тиянақсыз** және **қыстырма интонемалардың** вариантарымен ерекшеленеді.

Сабақтас құрмалас сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктері

Сабақтас құрмалас сөйлем деп компоненттері өзара бір-біріне бағына, бірін-бірі бағындыра байланысатын құрмалас сөйлемдерді айтатыны белгілі. Сабақтас құрмаластағы оның тәуелді және сөйлемдік тиянақтылығы жоқ компонентті бағыныңқы деп аталады да, ал тәуелсіз тиянақты және бағыныңқы сөйлемдерді жетелеп тұрған компоненті, басыңқы деп аталады. Бағыныңқылар басыңқының алдында келіп, баяндауыштары тиянақсыз, яғни көсемше, есімше және шартты рай формаларында тұрып, басыңқы сөйлемдегі ойды, әрекетті, істі сипаттап, толықтап, айқындап тұрады. Сабақтас құрмаластың басыңқысы мен бағыныңқысының бір-бірімен мағыналық қарым-қатынастарына қарай олар мынадай түрлерге бөлінеді: 1) мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем; 2) себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем; 3) қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас сөйлем; 4) мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем; 5) шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем; 6) қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем; 7) салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас сөйлем.

1. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер

Бағыныңқы компоненті басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің, оқиғаның мезгілін білдіріп тұратын сабақтас құрмалас сөйлем мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем болады. Мысалы:

1) Абай есікке жақындай бергенде, оның қарсы алдынан Қазақбай шықты (М.Әуезов).

2) Абай үйге кіргенде, Әбіш конверттегі бар қағазды оқып шықты (М.Әуезов).

3) Күртік қар ығысып нығайған сайын, Хасан тынышсыздана берді (Ғ.Мүсрепов).

4) Бұл арадағы майдан біткен соң, ол топ жылқының соңынан / шаба жөнелді (М.Әуезов).

5) Құнанбай аттанып кеткенге дейін, // мұндай ауылдар құрап ұшып // қалбақ қағып жүреді (М.Әуезов).

6) Мен майданнан қайтқалы, // сен бір рет келіп // жолыққанды білмедің (Ғ.Мүсірепов).

7) Колхоз бастығы Нұртаза келе, // жиналған жұрт отыра бастады (Ғ.Мүсірепов).

1) <Абай есікке жақындай бергенде↑< // <онұң карс' алдынан Қазақбай шықты↓> ///

2) <Абай үйге гіргенде↑< // <Әбіш конверттегі / барғағазды оқұпшықты↓> ///

3) <Құртұққар / ығысып нығайғансайын↑< // <Хасан тынышшыздана берді↓ >///

4) <Бұл арадағы майдан біткенсоң↑< // <ол тобжылқының соңұнан / шабажөнөлдү↓>///

5) <Құнанбай аттанып кеткенге дейін↑< // <мұндай ауұлдар құрағұшұп↑< // <қалбақ қағыбжүрөдү↓> ///

6) <Мен майданнанғайтқалы↑< // <сем бір рет келіп↑> // <жолұққанды білмедің↓> ///

7) <Колхозбастығы Нұртаза геле↑< // < жыйналғанжұрт отұрабастады ↓>///

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмаластың бағыныңқы компонентінің баяндауышы есімшенің жатыс жалғаулы формасында (1,2 мысал), есімшенің басқа да формаларына түрлі демеулік шылаулар қосылуымен (3,4,5 мысал) және көсемше формаларында да бола береді (6,7 мысал). Жоғарыда мезгіл бағыныңқылы сабақтастарға келтірілген мысалдардың интонациясын алып қарасақ, бәрінде де баяндауыштары тиянақсыз есімше, көсемше формаларында тұрған бағыңқылар бір синтагма құрап, соңы көтеріңкі тонмен акценттеле айтылып, басыңқыларынан кідіріспен бөлініп тұр. Бұл сабақтастардың басым көпшілігі екі компоненті екі синтагма құрап, алдыңғысының интонациясы аяқталмағандықты білдіріп, соңына қарай жоғары деңгейде көтеріңкі әуенмен сипатталып, соңғысы төмендеп аяқталғандықты білдіретін интонациямен бітеді.

2. Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер

Бағыныңқы компоненті басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің себебін білдіретін сабақтас құрмалас сөйлем себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас деп аталады.

Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмаластың компоненттері өзара бағыныңқының есімшеден болған баяндауышына *-дықтан* қосымшасы, *соң* демеулігі жалғануымен және көсемшеден болған баяндауышы арқылы байланысады. Мысалы:

1) Абай өзін күлкі қып қатты тойтарып тастағандықтан, Майыр енді бәсеңдеп сөйлейтін болды (М.Әуезов).

2) Алшынбай кірісем деген соң Майырдың да ектей қоятын жері жоқ (М.Әуезов).

3) Жаңдаралдың қандай байлау жасайтыны мәлім болмағандықтан, Лосовский өз сырын аша алмайды (С.Мұқанов).

4) Ысқақтар жасы кіші болғандықтан, Абай сәлем беріп келіп аттарынан түсті (М.Әуезов).

5) Никифоров олардың тарағанын көріп, өзі де сескеніп қалды. (М.Әуезов).

6) Айтушысы жоқ болған соң, бұл сөздің Тәкежанға дарымайтынын Абай өзі де сезіп келген (М.Әуезов).

1) <Абай өзүн күлкүғып / катты тойтарып тастағандықтан ↑< // < Майыр енді / бәсеңдеп сөйлөйтүмболдұ ↓>///

2) <Алшымбай кірісем дегенсоң ↑< // <Майырдың да / ектейғойатын жеріжоқ↓> ///

3) <Жандаралдың қандай байлау жасайтыны / мәлім болмағандықтан ↑< // <Лосовский / өссырын аш' алмады↓> ///

4) <Ысқақтар жасы гіші болғандықтан↑< // <Абай сәлем беріп келіп ↑< // < аттарынан түстү↓>///

5) <Никифоров олардың тарағанынгөрүп ↑< // < өзү де сескеніп қалды↓> ///

6) <Айтұшұсұ жокполған соң ↑<//<бұлсөздүң Тәкежаңға дарымайтынын / Абай өзү де сезіпкелген↓ >///

Барлық сөйлемдердің интонациялық сызығы біркелкі: бағыныңқысы толқынданып келіп соңына қарай көтеріліп, басыңқыдан кідіріс арқылы бөлініп, соңына қарай төмендейді. Ал бағыныңқы сөйлемнің мазмұндық байланысты көрсететін баяндауыштары (*тастағандықтан, деген соң, беріп келіп*) жоғары көтеріліп, молырақ үдемелікпен және ұзақтылықпен белгіленеді. Сабақтас құрмалас сөйлемнің компоненттерінің ара жігі болымсыз тоналды интервалмен белгіленеді.

3. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер

Бағыныңқы компоненті басыңқы компонеттегі іс-әрекеттің қимыл-сынын сипаттайтын сабақтас құрмалас сөйлемдер қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас деп аталады. Мұндай сабақтастардың бағыныңқысының баяндауышы көбінесе есімшенің *-пай -май -дай* қосымшалар мен көсемшенің *-п* жұрнағы жалғану арқылы жасалады.

1) Өдек үй ішінің қамын күйеуне айтпай, өзі басқарып кетті (М.Әуезов).

2) Есептің арғы жағы айтылмай, отырғандар күлісіп кетті (Ғ.Сланов).

3) Біреу аржағында аузына сөз салып тұрғандай, бала іркілмей сөйлеп берді (М.Әуезов).

4) Мағаш Кәкітайды алға қарай итере түсіп, өзі соның артынан ала жүрді (М.Әуезов).

5) Үй төбесі кенет ашылып кетіп маңайы нұрға толған тәрізденді (Б.Майлин).

6) Дауысы ауылдың үстіндегі бар шуды басып, Базаралы алғыр қырандай саңқылдайды (М.Әуезов).

1) <Өдөк үйішінің ғамын күйөуүн' айтпай↑< // < өзү басқарыпкетті ↓>///

2) <Есептің арғы жағы айтылмай ↑< // <отұрғандар күлүсүпкетті↓ >///

3) <Біреу аржағында / аузына сөссалып тұрғандай↑< // <бала іркілмей сөйлөпперді ↓>///

4) <Мағаш Кәкітайды / алғағарай ійтеретұсүп↑< // <өзү соңұң артынан алажұрду↓> ///

5) <Үйтөбөсү кенет ашылып кетіп ↑< // <маңайы нұрға толған тәрізденді↓> ///

6) <Дауұсу ауұлдұң үстүндегі бар шұудұ басып ↑<//< Базаралы алғырғырандай саңқылдайды↓>///

Жоғарыда келтірілген мысалдардан көретініміз - қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас сөйлемдердің бағыныңқы компоненті басыңқы компоненттен кідіріс

арқылы бөлінеді. Тоналды деңгейлері толқынданып ара жігінде болымсыз тоналды интервалмен белгіленеді. Ал бағыныңқысының баяндауышы көбінесе акценттеліп, мол үдемелікпен және ұзақтылықпен сипатталады.

4. Мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер

Бағыныңқы компоненті басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің мақсатын білдіретін құрмалас сөйлем мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем деп аталады. Мысалы:

1) Жолдасы көріп қалмау үшін Өтеп басқа бөлмеге барып тасаланды (Ә.Әбішев).

2) Жолдастарының хал-жайын білейін деп, Иван көршілес вагонға бармақ болды (А.Тоқмағамбетов).

3) Күзетші сезіп қалмау үшін, біз жыраның ішімен еңбектеп кеттік (С.Көбеев).

4) Дәуіт ұшып кетпеу үшін, Қарлығаш оның қанатын қырқып қояды (С.Мұқанов).

5) Ат тұяғының дүбірі естілмесін деп, бұлар ауылдың ық жағына қарай, бұрыла жүрді (М.Әуезов).

1) <Жолдасы гөрүп қалмауушын ↑< // <¤төп басқа бөлмөге / барып тасаландыᵢ> ///

2) <Жолдастарының хал-жайын білейіндеп↑< // <Иван көршілес вагоңға / бармақполдуᵢ> ///

3) <Күзөтшү сезіп қалмауушүн↑< // <біз жыраныңішімен еңбектепкеттікᵢ> ///

4) <Дәуүт ұшып кетпеуушын ↑< // < Қарлығаш оңұң қанатын / қырқыпқойадыᵢ> ///

5) <Ат тұйағының дүбүрү естілмесіндеп↑< // < бұлар ауұлдұң ығжағына ғарай / бұрұла жұрдуᵢ> ///

1,3,4- мысалдарда бағыныңқы компонент үшін шылаулы тұйық етістікке аяқталып тұр, 2,5- мысалдарда бағыныңқы компонент баяндауышы деп көмекшісіне тіркесіп келген етістік түрлерінде тұр. Жалпы барлық мысалдардың интонациялық сызығы біркелкі. Сөйлемнің басында келетін бағыныңқылардың интонациясы жоғары көтеріліп, соңы акценттеліп, басыңқыдан кідіріс арқылы бөлініп, толқынданып барып, синтагманың соңында төмендейді.

5. Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер

Бағыныңқы компоненті басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің шартын білдіретін құрмалас сөйлем шартты бағыныңқылы сабақтас деп аталады. Шартты бағыныңқының шартты райдан болған баяндауышы бастауышымен әрқашан жақтық жағынан қиысып тұрады. Мысалы:

1) Асбасшы Хасенді алсақ, оның он екі пұт салмағы бар (Ғ.Мүсрепов).

2) Құнанбай жүрісі баяуласа, Абайдың Аймандайы жол жорғасына салады (М.Әуезов).

3) Барлық адам жабылып кетсе, бұл үй тез бітер еді (Ғ.Мұстафин).

4) Керегі белсенді болса, осы сенің өзіңді соның жанына белсенді қылып беремін (Б.Майлин).

5) Бұл әңгімені анау қайын жұрт білсе, ағайын алалығы туып кетуі де мүмкін (М.Әуезов).

6) Бірлік болмай тірлік болмас, ынтымақ болмай іс оңбас (Мақал).

7) Бастық оңбайынша, колхоз оңбайды (С.Мұқанов).

1) <Аспашшы Хасенд' алсақ↑ <// <онұң онекіпұт салмағыбар↓> ///

2) <Құнамбай жүрүсү байауласа↑< // <Абайдың Аймаңдайы / жол жорғасына салады↓>

3) <Барлығадам жабылыпкетсе↑< // <бұлүй тезбітереді ↓>///

4) <Керегі белсенді болса↑< // < осұ сенің өзүңдү / сонұң жанына белсенді ғылып перемін↓> ///

5) <Бұл әңгімені / анау қайынжұрт пілсе ↑< // <ағайын алалығы тұұып кетүү де мүмкүн↓> ///

6) <Бірлік болмай↑< // < тірлікполмас↓> // < ынтымақполмай↑< // < іс оңбас↓> ///

7) <Бастығоңбайынша ↑< // <колхоз оңбайды↓> ///

Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдердің бағыныңқы компоненттерінің баяндауышы көбінесе етістіктің шартты рай түрінде (1,2,3,4,5 мысалдарда). Сондай-ақ ішінара көсемшенің болымсыз түріндегі баяндауышпен (6-мысалда), бұйрық райдың болымсыз түріне *-ша* жұрнағы қосылу арқылы жасалады (7-мысалда).

Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмаласқа берілген барлық мысалдарда бағыныңқы бір синтагма құрап, баяндауышы акценттеліп, көтеріңкі айтылып, бағыныңқыдан кідіріспен бөлініп тұр. Басыңқы сөйлем толқынданып барып, соңына қарай төмендеп бітеді.

6. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер

Бағыныңқы компоненті басыңқыдағы іс-әрекетке мағына жағынан қайшы келетін құрмалас сөйлем қарсылықты бағыныңқылы сабақтас деп аталады. Мысалы:

1) Аяз қатты болғанмен, күн ашық, шыңылтыр еді (М.Әуезов).

2) Ол ішінен жегідей жегісі келгенмен, Шаһиза қажырлылық қылды (М.Әуезов).

3) Бұл пікірге Масақбай қарсы болғанмен, басқарманың өзге мүшелері оны қабылдайды (С.Мұқанов).

4) Өзі құс салып аңшылық қылып көрмесе де, Абай қаршыға салған үлкендердің қасына көп еріп еді (М.Әуезов).

5) Сол жылдарда Күнту басқа жаққа шығып кетсе де, Оразбай оны бір аяғынан іліп қалды (М.Әуезов).

6) Әкенің өзі айтып бермесе, Абай аналардың қуанышпен қарсы алған көңілдерін мұңайтқысы келмейді (М.Әуезов).

7) Оқушылардың біріншісі байыппен сөйлесе, екіншісі асыға сөйлейді (М.Иманжанов).

8) Бұл жұмысты сен оған тапсырғанша, өзің істеп таста (Ғ.Мүсірепов).

1) <Айаз қатты болғаммен↑< // <күн ашық ↑<//< шыңылтыр еді↑> ///

2) <Ол ішінен жегідей жегісі гелгеммен↑< // < Шәхійза қажырлылық қылды ↓>///

3) <Бұл пікірге / Масақпай қарсы болғаммен↑< // <басқарманың өзгө мүшөлері / онұ кабылдайды↓ >///

4) <Өзү құссалыб / аңшылық қылып көрмөсе де↑< // <Абай қаршығасалған үлкөндердің қасына көберібеді ↓>///

5) <Солжылдарда / Күнтүу басқажаққа шығыпкетсе де↑< // <Оразбай онұ бір айағынан іліпқалды↓ >///

6) <Әкенің өзү айтыппермесе ↑< // <Абай аналардың / құуанышпеңгарс' алған көңүлдерін / мұңайтқысы гелмейді↓> ///

7) <Оқушылардың бірінші байыппен сөйлөсе↑< // <екінші асыға сөйлейді↓> ///

8) <Бұл жұмұстұ / сен оған тапсырғанша ↑<//< өзүң істеп таста↓>///

1,2,3- мысалдардағы бірінші (бағыныңқы) сөйлемдердің мен қосымшасы жалғанған есімшеден болған баяндауыштары олардың басыңқы сөйлемдегі оқиғаларға қайшы екенін білдіріп тұр. 3,4,5 мысалдардағы бағыныңқының шартты райда тұрып (*да, де*) жалғаулығы жалғанған баяндауышы құрмаластағы оқиғалардың арасындағы ішкі қайшылықты білдіріп тұр. 6,7 мысалдарда сабақтас сөйлемдер компоненттері арасындағы қайшылықты шартты рай формасында тұрған баяндауыштары арқылы ғана емес, оларды өзара мағыналық қатынасы арқылы білуге болады. 8-мысалдағы бағыныңқы компоненті басыңқымен *-ша* жұрнақты есімшелер арқылы құрмаласқан сабақтастардың да, екі компонентінің арасында жалпы мағыналық қарсылық бар.

Қарсылықты, мағынасы қайшы сабақтастардың мағына жағынан бірі басыңқы, екіншісі бағыныңқы болмайды, екі компонент те мағына жағынан тең дәрежеде тұрады. «Қайшылас сабақтастағы сөйлемдердің үлкен қасиеттерінің бірі - олар өте тұрақты интонациямен айтылады. Олардың өзара құрмалasу тәсілдері түрліше болғанмен, интонациясы бірдей. Әрқашан сабақтастағы алдыңғы сөйлем соңғы сөйлемнен бөлек айтылады, оның үстіне баяндауышқа қосылып, қайшылық мәнді білдіретін мен қосымшасы мен -да қосалқысы ерекше екпінмен айтылады» дейді Н.Т.Сауранбаев (Сауранбаев, 1954, 547 б.).

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер көтеріңкі-бәсең толқынды интонациямен айтылып барып соңына қарай тынады. Бірінші синтагма екінші синтагмадан кідіріспен бөлінеді. Ал, қарсылықты көрсетіп тұрған баяндауыштар акценттеліп, мол үдемелікпен және ұзақтылықпен айтылады.

7. Салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер

Компоненттеріндегі баяндалатын оқиға, жай-күй бір-біріне салыстырыла, теңдестіріле көрсетілетін сабақтас құрмалас сөйлемдер салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас сөйлем деп аталады. Салыстырмалы бағыныңқы сабақтас сөйлемдер мынадай тәсілдер арқылы жасалады:

а) Бағыныңқы компоненті шартты рай формалы етістікке аяқталып, оның құрамында міндетті түрде қандай, қанша, қалай тәріздес сұрау есімдігінің бірі айтылады. Ал, басыңқы компонент құрамында алдыңғы бағыныңқы компонент-тегідей сұрау есімдіктеріне орай айтылған сондай, сонша, солай деген тәріздес сөздер арқылы екі компоненттегі оқиға, жай-күйлер салыстырылады. Мысалы:

1) Сіздің үйдегі Сәду ағай маған қандай жақын болса, Келдібай да сондай бауырым еді (Ә.Әбішев).

2) Басқалар қандай қуанса, ол да сондай қуанған еді (Ә.Әбішев).
3) Күннің ұзақтығы қанша болса, оның еңбек сағаты да сонша (М.Әуезов).
4) Өзгелер қалай жүрсе, мен де солай жүремін (С.Мұқанов).

1) <Сіздің үйдегү Сәдуағай↑< // <маған қандай жақымболса ↑<// <Келдібай да сондай бауұрұм еді ↓>///
2) <Басқалар қандай ғұуанса↑< // < ол да сондай ғұуаңған еді↓> ///
3) <Күннұң ұзақтығы қаншаболса↑ < // < оның еңбексағаты да сонша↓> ///
4) <¤згөлер қалайжүрсө ↑< // < мен де солайжүрмөмүн↓> ///

б) Салыстырмалы сабақтастағы бағыныңқы компоненттің баяндауышы есімшенің өткен шақ түріне *-дай, -дей* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.

1) Осы қуаныш қуатын арттыра түскендей, Сырбай кетпенің жылдамырақ сілтеді, нығырақ ұрды (С.Мұқашев).
2) Қамыс құрақ басын ақырын жел желпіп, судыратын, кеткендей, қысқа сыбыр қазақ тобын түгел айналып шықты (М.Әуезов).
3) Кең бөлменің ауасы жетпегендей, оның демі тарылып кетті (С.Мұқанов).
4) Сондай өмір өзіне еліктіргендей, Дәулет ауылдағыдан әлдеқайда сауықшыл боп кеткен сияқты (С.Мұқанов).

1) <Осұ ғұуаныш / құуатын арттыра түскөндей ↑< // <Сырбай кетпенін жылдамырақ сілтеді ↑< // < нығырағ ұрдұ↓> ///
2) <Қамысқұракпасын / ақырын желжелпіп ↑< // < сұудұратып кеткендей↑< // <қысқа сыбыр қазақтобұн / түгөл айналып шықты↓> ///
3) <Кең бөлмөнүң ауасы жетпегендей↑< // < онұң демі тарылыпкетті↓> ///
4) <Сондай өмұр өзүн' еліктіргендей↑< // < Дәулет ауылдағыдан әлдеқайда сауықшыл боп кеткен сыйақты↓> ///

Жоғарыда келтірілген сабақтас құрмаластың барлық түрлерінің де интонациясы біркелкі болады, басыңқысында бірыңғай мүшелер болмаса, бір синтагма құрап, толқынданған интонациямен айтылып, соңында көтеріліп барып, басыңқы сөйлемнен кідіріс арқылы бөлініп, соңғысы толқынданып барып сөйлем соңына қарай бәсеңдейді. Ал, түскендей, кеткендей, сияқты салыстырма мағынаны көрсететін сөздер акценттеліп, үдемелік, ұзақтылық пен негізгі тон жиілігі өзінің ең жоғары мәндеріне ие болады.

Көп бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер

Құрамында бір басыңқы, екі немесе одан да көп бағыныңқылары бар құрмаластар көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас деп аталады. Мұндай құрмалас сөйлемдер компоненттерінің мағыналық қатынастарына қарай, әсіресе бағыныңқы компоненттерінің басыңқы компонентпен байланысу жолдарына қарай сатылы бағыныңқылы сабақтас және жарыспалы бағыныңқылы сабақтас болып екі түрге бөлінеді.

Сатылы бағыныңқылы сабақтаста әр бағыныңқы компонент басыңқы компонентпен тікелей байланыспай, өзінен кейінгі бағыныңқы компоненттер арқылы сатылап барып байланысады. Мысалы:

1) Саяхатшылар тақалған сайын, Көкшенің сұлулығы айқындалып, Оқжетпес көзге еркін шалына бастады (М.Иманжанов).

2) Қолы демеу алғандықтан, аяғы басқан жеріне шегедей қадалып, Жарқын ілгерілеп келеді (М.Иманжанов).

3) Қыстың қысқа күні түс жағына келгенде, барлық жылқышы түсіріліп, ат атаулы алынып, Абылғазының айтқаны түгелдей орындалады (М.Иманжанов).

1) <Сайахатшылар тақалғансайын↑< // <Көкшенің сұлуұлұғ' айқындалып↑< // <Оғжетпес көзгө еркін шалына бастады↓> ///

2) <Қолұ демеу алғандықтан↑< // <айағы басқан жеріне шегедейғадалып↑< // <Жарқын ілгерілеп келеді↓> ///

3) <Қыстың қысқа гүнү / түшшағына гелгенде ↑< // <барлығ жылқышы тұсүрүліп↑< // <ат атаулы алынып ↑<// Абылғазының айтқаны түгөлдей орындалды ↓>///

Бұл сатылы бағыныңқылы сабақтастардың компоненттері де әр қайсысы бір синтагма құрап, аз ғана кідіріспен бөлініп, синтагма соңы көтеріңкі айтылып, интонациялық ерекшеліктері біркелкі болып келеді.

Көп бағыныңқылы сабақтас сөйлемнің әр бағыныңқы компоненті тікелей барып басыңқымен байланысса, көп бағыныңқылының ондай түрі жарыспалы бағыныңқылы сабақтас сөйлем болады. Мысалы:

1) Самайына ақ кіріп, шеңбері кеңіп, Ушаков толысуға айналған (Ғ.Мүсірепов).

2) Шашының ағы көбейіп, бет-ауызындағы әжімдері де тереңдеп, бір түннің ішінде ол босап кетіпті (Ғ.Мүсірепов).

3) Байжан әбден ұзап кеткен соң, әйелдер шаруаларына кірісуге үйге қарай бет-тегенде, Ақмола жолының үстінде қарайған жалғыз адам көрінеді (Ғ.Мүсірепов).

1) <Самайына аққіріп↑ <// < шеңбері геңіп↑< // <Ушаков толұсұуғ' айналған↓> ///

2) <Шашының ағы көбөйүп ↑< // < бет-аузындағы әжімдері де тереңдеп ↑< // <бір түннүң ішінде / ол босапкетіпті↓> ///

3) <Байжан әбден ұзап кеткенсоң↑< // <әйелдер шаруаларына гірісүүгө ұйгөғарай беттегенде ↑< // <Ағмола жолұнұң үстүнде қарайған жалғыз адам гөрүнеді↓> ///

Жарыспалы бағыныңқылы сабақтас сөйлемнің әр бағыныңқы компоненті - бір синтагма құрап, соңына қарай көтеріліп, баяндауышы акценттеліп, басыңқысынан кідіріс арқылы бөлінеді. Сөйлемнің басында тұрған бағыныңқы синтагма тиянақсыз интонема көрсеткіштермен ерекшеленеді, ортасында тұрған бағыныңқы синтагма қыстырма интонемалардың интонация қасиеттерін алады, ал соңғы басыңқы синтагмасы тиянақты интонемаға ие болады.

Аралас құрмалас сөйлемдер

Құрамына енген жай сөйлемдер бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысатын құрмалас сөйлем аралас құрмалас сөйлем деп аталады. Мысалы:

Ол әйелден бала көп туған да, бірақ олар өле беріп, жалғыз бала қалған (С.Мұқанов).

<Ол әйелден бала көптұуған да↑< // < бірағ олар өлөберіп < // <жалғызбала ғалған↓> ///

Бұл мысалда бірінші мен екінші сөйлем салаласып құрмаласса, екінші мен үшінші сөйлем сабақтасып құрмаласып тұр.

Бұларалас құрмалас сөйлемнің интонациялық ерекшеліктерін алып қарасақ, үш компоненттің әрқайсысы бір-бір синтагма құрап, аралары кідіріс арқылы бөлініп тұрғанын көреміз. Синтагмалардың ара жігі болымды және болымсыз интервалдармен сипатталады. Бірінші және екінші синтагмалар салаласып құрмаласып, үлкенірек кідіріс арқылы, ал екінші мен үшінші сабақтасып құрмаласып, кішірек кідіріспен бөлініп тұрғаны айқын көрінеді. Басқаша айтқанда, кідірістің көлемі сөйлемнің синтаксистік құрылымымен байланысты екені байқалды. Сабақтасып құрмаласып тұрған бағыныңқы синтагманың әуен кескіні тиянақсыз интонемамен ерекшеленіп, басыңқысына тәуелді екенін интонация көрсеткіштері дәлелдеп тұр. Бірінші компонент - ыңғайлас салаластың соңындағы жалғаулық та да, екінші - қарсылықты, салаластың басындағы жалғаулық та акценттеліп, жоғары деңгейде молырақ үдемелікпен және ұзақтылықпен айтылып тұр. Аралас құрмалас сөйлемнің компоненттерінің интонациясы кәдімгі екі компоненттен тұратын салалас құрмалас пен сабақтас құрмалас сөйлемдердегідей болады. Олардан айырмашылығы - синтагмаларының санының екеу емес, үшеу болып, мұнда салаластық та, сабақтастық та қатынастың болуы. Мәтіннің элементі ретінде құрмалас сөйлемнің интонациялық ерекшелігі сөйлеу жағдаяты мен мәнмәтінге байланысты болады. Сөйлеушінің функциональды-прагматикалық мақсатына байланысты сөйлемнің просодикалық тәсілдердің көрсеткіштері де құбылып тұрады. Аралас құрмалас сөйлемге тағы бір мысал:


Шөптің бойы биік болады да, қашқан ақ қоян мен түлкі болса, шөптер көрсетпейді, аңдар қалай қашқанын иттің жобасынан ғана байқаймыз (С.Мұқанов).

<Шөптүң бойұ бійік болады да↑< // <қашқан аққойам мен түлкү болса↑< // <шөптөр көрсөтпейді↑> // <аңдар қалайғашқанын / ійттің жобасынаңғана байқаймыз↓> ///

Осы мысалда өзара салаласып та, сабақтасып та құрмаласқан төрт компонент бар. Бұл мысалдың да жалпы интонациялық ерекшеліктері өзара салаласқан және сабақтасқан құрмаластардың интонациясын қайталайды.

Әдетте барлық сабақтас құрмалас сөйлемдердің интонациялық сызығы біркелкі келеді: бағыныңқысы толқынданып келіп, синтагмаларға бөлініп, соңғы синтагманың аяғында көтеріліп, баяндауышы акценттеліп, басыңқыдан кідіріспен бөлінеді. Басыңқы компонент көлемді болса ол да синтагмаларға бөлініп, толқынданып, соңғы синтагманың аяғында төмендеп барып тынады. Сөйлемнің ара жігін белгілеуші интонациялық құрал болып табылатын тоналды интервал болымсыз мәндермен сипатталады, ал бағыныңқы компоненттің соңғы сөзі көбінесе акценттеліп, молырақ үдемелікпен және ұзақтылықпен айтылады. Бағыныңқы компоненттері көтеріңкі, көтеріңкі-бәсең-көтеріңкі тональды өрнектерімен ерекшеленіп, тиянақсыз әуен контурымен сипатталады. Интенсивтіліктің көрсеткіштері көбінесе тональды параметрлерге параллель келеді. Сабақтас сөйлемдер компоненттерінің тоналды диапазондары тәуелді-тәуелсіз мағынамен байланысты болатыны эксперимент арқылы дәлелденді: сөйлемдердің басыңқы компоненттерінің тоналды диапазондары бағыныңқылармен салыстырғанда көбінесе молырақ болатыны көрінеді,

ойткені басыңқы компоненттер көбінесе негізгі ойды білдіреді. Мысал ретінде *Өзеңде мұз жарылып, сең жүре бастайды* (Дулатов) деген мезгілдес сабақтас сөйленімнің интонациялық графигін келтірейік (28-сурет).



28-сурет. Сабақтас құрмалас сөйлемнің интонациялық сызығы

Сабақтас сөйлемдердің бағыныңқылары **тиянақсыз, қыстырма интонемалардың варианттарымен** өрнектеледі, ал басыңқысы **тиянақты интонемамен** сипатталады.

Салалас құрмалас сөйлемдердің қай түрлерін алсақ та оның компоненті болатын сөйлемдер, өзара мағыналық жағынан міндетті түрде байланысты болуы тиіс. Компоненттің арасын байланыстыратын жалғаулықтар да олардың мағыналық қатынасын көрсетеді. Жалғаулықты салаластардың мағыналық қатынастарын көрсететін жалғаулықтар сөйлемнің қай жерінде тұрса да акценттеліп, молырақ үдемелікпен және ұзақтылықпен айтылады, ал оның компоненттері кідіріс арқылы синтагмаларға бөлінеді. Ал жалғаулықсыз іргелес салаластардың мағыналық қатынастарын көрсетуде барлық күш олардың просодикалық тәсілдеріне түседі. Сонымен сөйлем түрлерінің бәрінде интонацияның компоненттері болып саналатын қарқын, үдемелік, ұзақтылық, әуен т.б. сөйлем мағынасына, құрылымына қарай өздеріне қатысты неше түрлі қызмет атқарады.

Жоғарыда келтірілген түрлі құрмалас сөйлемдердің интонациялық көріністері көбінесе біркелкі болып келеді. Негізгі тон жиілігінің кескіні әдетте үдемелік көрсеткіштермен жарыспалы түрде өрнектеледі. Әсіресе сөйлемнің соңғы синтагмасы бәсең және көтеріңкі-бәсең әуенмен ерекшеленіп, үдемелігі де сөйлем соңына қарай тынады. Дегенмен синтагманың акценттелген сөздері болса, олар мол үдемелікпен ерекшеленеді, себебі ой екпіні түскен сөздердің үдемелігі әдетте күшейеді. Ой екпіні түскен сөздер басқа да просодикалық тәсілдермен белгіленеді: тонның көтерілуі мен бәсеңдеуімен және дауыс қарқынымен. Қарқынның лингвистикалық мәні бар екені белгілі. Мысалы сала-

лас сөйлем синтагмаларының қарқыны шамамен бірдей болады, себебі салалас сөйлемдердің компоненттері мазмұнының информациялық жағынан өзара тең. Сабақтас **сөйлемнің қарқыны синтагманың мазмұнымен тығыз байланысты**: мол мазмұнды басыңқы синтагманың қарқыны, кемірек болып келетін бағыныңқы синтагманың қарқынымен салыстырғанда баяу да салмақты болатыны анықталды.

Интонациялық **кідіріс те сөйлем мазмұнынымен байланысты** екені байқа-лады: сабақтас сөйлемдердің синтагма аралық кідірісінің көлемі теңдік мағыналық қатынаста құрылған салалас сөйлемдер компоненттерін бөлетін кідіріске қарағанда шамалы болып келеді. Кідірістің мағына ажыратушы қасиеті сөйлемдердің тәуелсіз (салалас), тәуелділігінің (сабақтас) көрсеткіші бола алады.

Сөйлеу тіліндегі синтаксистік құрылымдардың аяқталған - аяқталмағаны, тәуелді-тәуелсіздігі, олардың кідіріс арқылы бөлінуі, ол құрылымдардың интонациясының әуені, қарқыны, ұзақтылығы, үдемелігі, тоналды диапазоны мен деңгейі сөйлемнің мазмұнына қатысты екенін байқау қиын емес: **сөйлемдегі мазмұн мол да салмақты болса, просодикалық тәсілдер өзінің жоғары мәнінде сипатталады.** Сөйлем мазмұны шамалы да аз болса, просодикалық тәсілдердің көрсеткіштері де төмен мәндермен ерекшеленеді. Семантика мен интонацияның тығыз байланыстылығын дәлелдейтін сөйлеу тіліндегі ең шағын үзінді - синтагма.

Сонымен интонация сөйлемдердің семантика-синтаксистік түрлерімен байланысып, кейде тікелей кейде жанама түрінде көрініс табады. Құрмалас сөйлемдердің барлық типтерінің құрылымында ажыратылмай, интонация компоненттері **жалпы тенденцияны** көрсете алады, мысалы, **тәуелді-тәуелсіз** және **аяқталған-аяқталмаған мағыналарды**. Демек синтаксисте ажыратылатын түрлі күрделі мазмұнның интонацияда әрқашанда ажыратылуы міндетті емес. **Синтаксистік бірліктері интонациялық мағына ажырататын бірліктеріне қарағанда көбірек болады.** Сондықтан көбінесе құрмалас сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық түрлерін интонемалардың просодемалары ажыратады. Бұл жағдайда интонемалардың варианттарымен бірге вариациялары да көрініс табады.

Интонациялық құбылыстар мен грамматикалық құбылыстардың арасындағы байланыс өте күрделі және құбылмалы болып келетіні анықталды. Күрделі мәтіндердегі интонацияның компоненттерін, оның көріністерін оған мейлінше үңіліп, экспериментті зерттеу арқылы ғана анықтауға болады. Қазақ тілінің **сан алуан синтаксистік - коммуникативтік құрылымдарында интонация және оның бірліктері мен компоненттері орын алып, өзара әрқилы күрделі қатынастарға түсіп отырады.** Түрлі синтаксистік құрылымдарда интонациялық компоненттердің алатын орны ерекше. Оның сөйлемдегі сөздерді семантикалық-құрылымдық топтарға бөлуде, оларды бір-бірімен байланыстыруда мәні зор. Мәтінде интонация әр түрлі коммуникативті, эмоциялық мазмұнға ие болып және өзара түрлі қарым-қатынастарға түсіп, сөйлемнің жалпы мазмұны мен эмоциялық реңін түрлендіруде айрықша қызмет атқарады. Сонымен А.Байтұрсынов айтқандай, «тіл әуезі» (интонациясы) сөйлемнің әр алуан түрлеріне «өрнек» «айшық-ою» болып түсетінін көріп отырмыз.

МӘТІН МҮШЕЛЕУІНДЕГІ ПРОСОДИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Қазіргі тіл біліміндегі фунциональдық, антропоцентристік бағыттарға сәйкес әр деңгейге жататын тілдік бірліктердің тұтас жүйесін зерттеуге мүмкіндік туып отыр. Тілдің коммуникативтік, когнитивтік, прагматикалық қызметтерін жан-жақты зерделеуге бағытталған салалары қарқынды даму үстінде. Ол салалардың әрқайсысының өзіне тән ғылыми ұстанымдары мен зерттеу әдіснамалары да негізделіп, қалыптасуда. Сондай бағыттардың бірі - бастауын құрылымдық лингвистикадан алатын функционалды грамматика ілімі. Бұл бағыт-бағдар тіл құралдарының біртұтас жүйесінде қарастырып, олардың сан қилы функционалды-семантикалық қырларын айқындап, сөйлеу әрекеттеріндегі түрлі қызметтерін ашып көрсетеді және соңғы кездегі тіл білімінің грамматиканы кең мағынада қарастыруымен байланысты. Тілтанымындағы бұл үрдіс бүгінгі күні грамматика ауқымы тек морфология және синтаксиспен шектеліп қана қоймай, оның аясы жеке деңгейлік категориялардан шеңбері анағұрлым кең, жалпытілдік категориялар деңгейінде қалыптасып келеді. Тіл бірліктерінің функциональды негіздерін анықтау қазіргі тілтанымдағы көкейтесті мәселелердің бірі, себебі функциональды грамматика тілдің прагматикалық, семантикалық аспектілерін кешенді түрде зерттейді. Тілдің әртүрлі деңгейіндегі құралдардың функциональды-семантикалық ерекшеліктері, сөйлеудің коммуникативтік түрлері мен прагматикалық мақсаты, сөйлеу актілері мен дискурс теориясы қызығушылық тудырып отыр. Прагмалингвистика мен сөйлеу әрекеті теориясының әсерімен ауызша қатысымның мәселелеріне айрықша назар аударылады.

Осындай жаңа бағыттардың нағыз өзегінде тұрған тіл білімінің интонология саласы да белгілі бір семантикалық ұғымды тілдің барлық деңгейлерінің тығыз қарым-қатынасы арқылы жүйелі түрде бере алатын жалпытілдік категорияларды зерделеуге жол салады. Қазіргі таңда интонология интонацияны көп функциялы құбылыс ретінде қарастырады және оны тілдің басқа құралдарынан (лексика-грамматикалық) тәуелсіз деп есептейді. Интонация – сөйлеу ырғағы мен әуен өзгеруіне қатысты болып, сөйлемде семантика-синтаксистік мағына білдіруші және мәтінге эмоционалды-эспрессивті реңк беруші құралдардың бастысы. Сөйлеудің әуені мен ырғағы, шапшаң немесе баяу айтылуы және ондағы синтагмалық екпінге байланысты туындаған әуен, кідіріс, қарқын, интенсивтілік, ырғақ, тембр сияқты ұғымдар интонация компоненттерін құрайтыны анық.

Соңғы кезде тіл білімінде сөйлем шеңберінен тысқары жатқан сөз үзіктері, оларға синтаксистік және лексикалық талдау жасаумен қатар, фонетикалық тұрғыдан да жан-жақты қарастырылып, лингвистикалық зерттеу нысаны ретінде жиірек көзге түсе бастады. Осы орайда жеке дара алынған сөйлемнен біртұтас көлемді мәтіндерді зерттеуге қарай ауысу үрдісі интонология саласында да кеңінен орын ала бастағаны байқалады. Тілтанымдағы қарқынды дамып келе жатқан бұл бағыт интонация құбылысының функционалды мүмкіншіліктерін тереңінен зерделеп, оның болмысын мазмұн межесінде айқындап-анықтауға жол ашады. Сондай-ақ интонацияның да мағыналық жағын ашатын, оның атқаратын қызмет потенциалын айқындайтын интонациялық зерттеулерде мәтінді бүтін объект ретінде қарастырады. Себебі жеке сөйлемді талдаудан мәтінді талдауға көшу просодикалық тәсілдердің қызметтік дәрежесін зерттеу мүмкіншіліктерін

кеңейтеді. Мәтін деген ұғым қазіргі ғылыми зерттеулерде кең әрі алуан түрлі мағынада қолданылады. Қазақ тіл білімінде мәтін мәселесі көкейтесті мәселенің бірі болып табылады. Мәтін дегеніміз жалпы тіл білімінде белгілі бір мазмұнды белгілейтін сөйлем тізбегі және сыртқы тұлғасы мен ішкі мазмұны жағынан ерекше ұйымдасқан біртұтас күрделі құбылыс. Сөйлеу тілінде (мәтінде) бір ойды жеткізу үшін тілдік құралдармен бірге басқа да амал-тәсілдер орын алады. Бұлар кез келген тіл жүйесінің сегменттік деңгейінің үстінен келіп, сонымен қатарлас іске асатын және автономды түрде қарастырылатын суперсегменттік деңгей. Өз бетінше дербес құбылыс ретінде есептелетін, синтагмада, сөйлемде, көрініс табатын интонация туралы жұмыстың алғашқы тарауларында сөз болды.

Мәтіннің мүшелену нәтижесінде оның сегментті және суперсегментті бірліктері анықталады. Интонацияның мәтінді сегменттерге мүшелеуінің маңызы зор. Мәтінді сегментке мүшелеуде оның қандай бірліктерге бөлінетінін, олардың өзара қалай байланысатынын, мәтін құрамында орналасу ретін, просодикалық тәсілдердің қайсысы айырықша қызмет атқаратынын байқауға болады. Интонация қызметін айқындау жолында мәтін интонациясын зерттеу нәтижелі болуы ықтимал. Интонациялық құралдарды талдай келе, мәтін мағынасын көрсететін просодикалық тәсілдердің келесі қызметтерін белгілеуге болады: интонация мәтінді бүтін объект ретінде біріктіреді, оны белгілі стиль мен жанрдағы мәтіндермен салыстыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар басқа мәтіндерден ерекшелендіреді, оны мағыналық бөлшектерге бөліп, мәтін бөлігін маңыздылығына және информациялық сапасына қарай қарастырады; интонация ғана сөйлемді синтагмаларға бөліп, оның ішіндегі сөздерді мағынасына қарай әрбір сөйлем мүшелерінің айналасына топтастырады.

Сөйлеу тілінде функциональды мазмұнға ие болатын ең маңызды шағын өлшем синтагма екені белгілі. Ең шағын синтаксистік мазмұнды сөз, сөз тіркесі және сөйлем синтагма түрінде интонациялық формаға ие болады. Синтагмалар - үлкенді-кішілі паузалармен бөлінетін тілдің интонациялық мазмұндық үзінділері ретінде жай сөйлемде, жайылма сөйлемде, құрмалас сөйлемде, сондай-ақ бір тақырыпты күрделі синтаксистік тұтастықтарда да бір сөзді де, сөйлем немесе сөз тіркестерін де қамтып интонациялық жүйеге бағындырып ұстап тұратын тәсіл деп айтуға болады. Сол бірнеше синтагмадан тұратын мәтін интонациясын құбылтып, түрліше мән беріп оқыса, ондағы сөздер интонация арқылы түрліше топталуының арқасында шекарасы өзгеріп, басқаша стилистикалық мағынаға да ие болып кетуі мүмкін.

Ең шағын семантикалық-интонациялық үзік болып саналатын синтагмалардың қатып қалған қалпы жоқ. Олардың түрлері, мазмұны, көлемі әр түрлі болады. Әдетте бір синтагма бір ырғақты топпен үйлесіп отырады, кейде бірнеше ырғақты топтардан тұрады. Ырғақты топтарға кірген сөздер бір интонациялық құрылым түзеді де, ондағы ырғақты екпін осы топтағы бір сөзге түсіп тұрақты орынға ие болады. Ырғақты екпіннен басқа (бір сөз тобы мен екінші сөз тобының жігін ажырататын) мәтін ішінде ой екпінінің мәні зор. Ой екпіні сөйлемдегі бір сөздің мәніне айрықша көңіл аударып, оны күшейтіп тұрады. Ой екпіні сөйлемнің мазмұнымен және сөйлемді актуалды мүшелерге (тема-рема) бөлінуімен тығыз байланысты. Қазақ тіліндегі сөйлемнің актуалды мүшеленуінің ең басты көрсеткіштерінің бірі оның интонациялық сызығы, интонациялық сипаты болса, екінші көрсеткіші оның сөздерінің кідіріспен екі синтагмаға, яғни тема

мен ремаға бөлінуі. Сөйлемнің актуалды мүшеленуімен байланысты аса көңіл аударатын жағдай, оның жаңа, яғни актуалды информациясы ремасындағы ой екпіні түсетін сөзінде болып, ал ол сөздің әрқашан баяндауышқа қарай жылжып барып, тікелей соның алдына орналасуы.

Сөйлемдегі кідіріс арқылы бір бөлек топтасатын сөздердің қай синтагмаға жататындығын, яғни ол сөйлемді аяқтайтын соңғы синтагма ма, әлде олай емес пе – осының бәрін мәтіндегі интонация арқылы білуге болады. Сөз актісінің тоқтауын, ой тынысын уақытқа қатысты интонациялық параметрлермен бірге әуеннің кенет өзгеруі (сынуы) де көрсете алады. Сондай-ақ мәтін сегменттерге мүшеленгенде интонацияның компоненттері бір-бірімен күрделі қатынасқа түсіп, алынған бірліктердің мазмұны мен тұрпатымен қатар, олардың ара-қатысын да сипаттап бере алады. Сонымен тілдің басқа элементтерімен салыстырғанда интонацияның өзіне ғана тән қасиеттері мен ерекшеліктері бар. Сөйлеу тіліндегі сөйлемдердің мағынасына байланысты интонацияның адамдардың қарым-қатынасындағы алатын орны да ерекше екені белгілі.

Мәтін интонациясының тағы бір қызметі – фраза арасында байланыс құралы болып, тыңдаушыға әсер береді. Бұнда адамдардың түрлі ой-сезімін, оның құбылуын, өзгеруін білдіреді. Сөйлеу тіліндегі интонацияның жазба мәтіндерде көрініс табуы табиғи нәрсе және жазылған мәтінді мазмұнына қарай дұрыстап, мәнерлеп оқу да тек қана оның интонациясына байланысты болады. Егерде мәтіннің интонациясын өзгертіп, яғни қатар тұрған сөздердің ырғақтық топтасуын, сонымен байланысты кідірісін жылжытса, оның стилистикалық реңкі ғана емес сөздерінің грамматикалық мағынасы мен жалпы мазмұны да өзгеріп кетеді. Сондықтан итонацияны біз көп функциялы, көп қырлы, күрделі құбылыс дейміз.

Мәтін аумағында интонациялық құралдың қызметін талдау, оның интонациялық және семантикалық сипаттамаларының ара қатынасын белгілеу, мәтіннің семантикалық дәрежесін көрсетуде интонацияның ролі ерекше, себебі ол интонациялық өлшемдер мен басқа тіл өлшемдері арасында өзара әсер түрінің терендігін анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ интонациялық бірліктер басқа да тіл бірліктерінің байланысын, бір-біріне қатысын жеткілікті түрде көрсетіп бере алады. Сөйлеу барысында лексика-грамматикалық тәсілдермен бірге, ал кейде жаңғыз өзі-ақ сөз мазмұнын, тіл бірліктерінің мағыналық ара-қатынасын жеткізе алады. Мәтін деңгейінде просодикалық тәсілдерді талдау барысында жаңа нәтижелерге жетуге болады.

Қазіргі тіл білімінің антропоцентристік бағытына сәйкес мәтінді адамдар қарым-қатынасындағы коммуникативтік құралы, адресант пен адресаттың сөйлеу қызметінің нәтижесі ретінде қарастыруы құнды болмақ. Осы орайда, сөйлеушінің алдында қойған коммуникативтік ниеті, сөйлемнің мазмұны, сөз түзуші пен тұтушы туралы мәліметтері просодикалық құралдар арқылы көрінеді. Сөйлеу процесінде тілдік бірліктері интонация компоненттер көмегімен бір-бірімен әрі мағыналық, әрі синтаксистік байланысқа түсіп, сөйлеушінің ой-пікірін жеткізеді. Сөйлеу процесінің жемісі ретінде мәтін ниет білдіруші мен қабылдаушының қарым-қатынасын көрсетіп, белгілі бір оқырман қауымға бағытталады.

Ғылыми еңбектерде мәтін лингвистикасын «қолданыстағы тілді» (Language in use) зерттеу арқылы мәтіннің әр түрлі көлем мен күрделілік деңгейіндегі мазмұндық және тұрпаттық бірліктерінің грамматикалық категориялар жүйесін құру мақсатындағы оның жалпы заңдылықтарын іздестіретін ғылым ретінде

қарастырады. В. Дресслер мәтінді кез келген біртұтас, толық аяқталған, өз алдына дербес, грамматикалық тұсынан дұрыс құрылған жазба түрдегі мәтін немесе эмикалық деңгейдегі ауызша айтылым және оның этикалық тұрғыдан өзектіленіп жүзеге асуы деп түсіндіреді (Дресслер, 1978, 114 б.) Сондай-ақ, мәтінді рәсімдеу кезіндегі интонацияның әмбебабтық рөлін ғалым былай анықтайды: «Жазба мәтіндерді қарастырғанда, жазушы не оқушының іштей айтып-оқуына сүйенуге болады, өйткені мәтіннің одан әрі тағы да жалғасы бар екендігіне сілтеуші интонацияның болуы әмбебабтық сипат алуы мүмкін. Осы ретте жазбаша немесе ауызша мәтіндер үшін оның басы немесе аяғындағы күрделі фразалық байланыстардың суперсегменттік емес, сегменттік құралдарының жоқтығы уәж бола алады. Мәтіннің бастапқы және ақырғы сөйлемдерінде оның ортасында орналасқан күрделі фразалық байланыстарға қатысы жоқ құралдар көрініс таппайды. Сонымен қатар, негізгі тонның мәтін соңына таман бәсеңдеуі айқын байқалса да, оның белгілері тым мардымсыз болады. Керісінше, мәтіннің әрі қарайғы ұластығы барлығын мегзейтін интонациядағы суперсегменттік байланыстар, сегменттік коннекторлар сияқты анық аңғарылып тұрады».

Интонолог Т.М. Николаева мәтін лингвистикасының дамуына ерекше септігін тигізетін фразалық-просодикалық құрылымдардың зерттелуі деп, әсіресе, **сөз актісін** зерделеудегі аса құнды болып келетін келесі жағдайларды атайды:

1. Фразалық просодия айтылымның коммуникативтілігін білдіреді.

2. Фразалық просодия айтылым құрамы ішіндегі қайсыбір сөздің айрықшаланып айтылуын бейтарап түрде айтылған элементтерден ажыратып көрсетеді.

3. Фразалық просодия ішкі екшелеу түрлерін де жіктейді (*Маша / кетіп қалды* дегеннің айтылуы *Маша емес, Саша кетіп қалыпты* немесе *Керемет адам бұл!* айтылымдарымен тепе-тең емес).

4. Фразалық просодия айтылымды одан әрі ұсақ бөшектерге мүшелейді.

5. Фразалық просодия мүшеленген осы бірліктер арасындағы қарым-қатынастарды анықтайды.

Автордың пікірінше, мәтін лингвистикасы үшін аталған тұжырымдар, әсіресе, соңғысы айтылымдар аралығындағы байланыс түрлерінің тізімін емес, олардың бір-бірімен қарым-қатынасын айқындауда аса маңызды рөл атқарады. Оған қоса, тілші ауызша айтылымның оның негізгі бірліктері – синтагмалар болып табылатын ең қысқа бөлшектерін ажыратуға болады деп санайды (Николаева, 1978, 83 б.).

Ілгеріде семантика-интонациялық және синтаксистік әмбебап бірлік – синтагма жөнінде біршама сөз қозғалған еді. Сөйлеудің просодикалық құралдары синтагма бойынан, оған семантикалық мазмұн үстей отырып, барынша көрініс табады. Интонация, синтаксис және семантика аралығындағы өзара күрделі қарым-қатынастар да синтагма арқасында айқындалып-ажыратылады. Ол сөйлеудің (мәтіннің) ең кіші бөлшегі бола тұрып, қазіргі ғылымның әр алуан салалары - **коммуникация теориясы**, сөйлеу әрекеті, **психолингвистика, прагмалингвистика** бағыттарының бел ортасын иемденген. Синтагманың просодикалық көрсеткіштерінің параметрлері өздерінің мазмұндық дербестілігімен сипатталады. Олар сөйлеу әрекеттерінің тылсым қыр-сырын анықтап, сөз ағымының (мәтіннің) семантикасын тереңінен зерттеуге мүмкіндік береді. Сондықтан тілдік құбылыстарды мәтін, контекст, сөйлеу жағдаятында зерттеу өзекті мәселе

болып отыр. Олар өз құрылымымен, мағынасымен адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қызмет етеді. Тіл бірліктерінің коммуникативтік акт процесінде, контекст, ситуация, сөйлеудің диалогтік формасында қарастыру маңызды болып саналады.

Интонациялық құралдардың функционалдық мүмкіншіліктері лингвистикалық талдау жұмыстарының оқшау түрде алынған айтылымнан біртұтас байланысты мәтінге көшуі барысында кеңейе түседі. Просодикалық құралдар қызметінің мәтін лингвистикасы аясында қарастырылуы мәтіннің немесе жеке бір айтылымның интонациялық құрылымының оларды құрайтын элементтердің интонациялық көріністеріне тигізетін әсері мен мәтіннің семантикалық және прагматикалық ұйымдасуындағы просодикалық тәсілдердің ажыратушы қызметін анықтауда, интонация ерекшеліктерінің фразааралық байланыстардың іске асуындағы қызметі мен сөз үзіктерінің ақпарат жеткізудегі маңыздылық дәрежесін жіктеп сипаттауда, сондай-ақ адамға эстетикалық тұрғыдан әсер ету функцияларын саралап көрсетуде септігін тигізеді.

Мәтінге тән оның сан алуан қырларын зерделеуде мәтіннің коммуникативтілік аспектісі мен прагматикасы ерекше қызығушылық тудырады. Мәтінді **(дискурсты)** жеке тұлғаның әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерін **интонология** тұрғысынан қарастыра отырып зерттеу адамның кәдімгі үйреншікті жағдайлардағы коммуникативтік және сөйлеу әрекеттері барысын бақылауға мүмкіндік береді. Мәтін бірліктерін жан-жақты қарастыруға негізделген осы прагматикалық бағыт интонацияның нақтылы коммуникативтік жағдаяттағы қызметтерінің терең де және толық зерттелуіне арқау болары анық.

Интонация компоненттері мазмұнының семантикалық қыры сөз актісі орындалуының прагматикалық себепкер шарттары болып табылатын қозғаушы күштер, яғни **пресуппозициялар** теориясына жүгінуге мүмкіндік береді. Пресуппозиция жайында лигвистикалық әдебиеттерде жеткілікті дәрежеде айтылып жазылған. Пресуппозиция құбылысының семантикалық та, прагматикалық та түрлері бар. Олар қарым-қатынас актісі орын алар алдындағы сөйлеу жағдаяты мен ол туралы алдын ала қозғалған сөз және айтылайын деп отырған сөз барысы өрбитін сөйлеу контексі жөніндегі коммуниканттардың білім қоры болып түсіндіріледі. Пресуппозициялар сөйлеу барысынан көп бұрын ондағы коммуниканттар арасында орын алатын қарым-қатынастарды ретке келтіріп, белгілі бір жөнге салып отырады. Қарым-қатынасқа түсушінің екеуі де олардың коммуникация барысында өздеріне мәлім бағыт-бағдар мен шектерді ұстануына мүмкіндік беретін «қоршаған орта туралы» небір жалпы мәліметтердің бар екеніне сенімді болады.

Мәтін (дискурс) құруға қатысатын просодикалық құралдар әр түрлі семантикалық мазмұн жеткізе отырып, сан алуан пресуппозициялардың көрсеткіштері бола алады. Айтылымның просодикалық элементтер арқылы мүшеленуі пресуппозициялардың бар екендігі мен олардың орын алған жерін алдын ала нұсқап отырады. Мәселен, *Қарлығаш биыл емтиханды «беске» тапсырды* айтылымындағы пресуппозицияларды ондағы сөздердің акценттеліп берілуіне қарай былау жіктеп көрсетуге болады:

Қарлығаш // биыл емтиханды «беске» тапсырды.

Пресуппозиция: *Қарлығаштан басқа биыл емтиханды ешкім «беске» тапсырған жоқ.*

Қарлығаш биыл // емтиханды «беске» тапсырды.

Пресуппозиция: *Өткен жылы Қарлығаштың үлгіруі онша жақсы болған жоқ.*

Қарлығаш биыл емтиханды // «беске» тапсырды.

Пресуппозиция: *Бұрын Қарлығаш басқа бағалар алатын.*

Пресуппозиция әрдайым тыңдаушыны оған белгілі деректерге сілтеп отырады. Бірақ ол әлі де болса иллокуциялық акт болып табылмай, тек оның орын алуына түпнегіз тірек болар мәнбірлер қызметін ғана атқарады. Айтылымның мүшелену тәртібінің өзгеруіне сай оның пресуппозициясы да бұрынғы қалпынан жаңа күйге ауысып, ауытқып отырады. Айтылымның мүшеленуі, өз бойындағы бірліктердің екшелену імен қоса, пресуппозицияны анықтап отырады. Ал **иллокуциялық акт** болса, ол, мысалдардан байқағанымыздай, айтылым мазмұнын растаушы ретінде просодикалық құралдар арқылы айқындалады екен.

Сөйлеу коммуникациясы теориясының белді тұлғаларының бірі Дж.Сирль екпін мен интонация сөз актісін жасаушы иллокутивті күштердің көрсеткіштері қызметін атқарады деп есептейді (Searle, 1969, p. 40). Сирль коммуниканттар арасындағы қарым-қатынастарды реттеп отыратын талап ету, растау, кеңес айту, алғыс білдіру, ескерту, сұрақ қою, сәлем беру, құттықтау сынды сөйлеу әрекеттерінің бірқатар түрлерін бөліп көрсетеді. Сонымен бірге, **пропозициядағы** растауды білдіретін сөйлеу әрекеті сол пропозицияға шынайылық мән үстеуші сөз актісі болып табылады. Осы ретте актуалды мүшелеу теориясына жүгінер болсақ, онда оның рема, яғни сөз тізбегінің расталатын (assertion) бөлшегі екені аңғарылады және де оның әрқашан да сөйлеудегі акустикалық параметрлер арқылы жіктелетіні мәлім. Сирльдің пікірінше, "уәде ету" сөз әрекетінің коммуникативтік пресуппозициясы сөйлеушінің қалауына қарай қабылдаушы тарапынан оның алдағы әрекеті белгіленген пропозициясын білдіреді.

Сирль ұсынуындағы «айтылған сөздің әлем бейнесімен үндесіп келуі» және «әлемнің айтылған сөзді ақтауы» пайымдауларына көзделген сөйлеу актілері жүйесін Е.В. Клюев былайша түсіндіреді: әлемнің сөз арқылы көрініс табуы сөйлеуші тарапынан жүзеге асса, қабылдаушының міндеті – оның меншігіне берілген сөздерді өз қалауы мен қажетінше қоршаған әлемге бейімдеу арқасында сөз түзушіні сол сөзді айтуға мәжбүр еткен референтке қайта оралу (Клюев, 1998, 85 б.).

Сөйлеу актілері теорияларының зерделенуі айтылып жатқан сөз легін **суперсегменттік деңгейдегі** интра- және экстралингвистикалық қырлары тұсынан жан-жақты зерттеуге негізделген қазіргі тілтаным бағыттарының дамуына септігін тигізері анық. **Сөйлеу жағдаятына** байланысты сөз актілерінің түр-түрін ажыратуда просодикалық құралдардың орны ерекше. Түрлі тілдер үшін әмбебап болып келетін сөз актілері бір-бірінен просодикалық айырым белгілері арқылы ажыратылуы мүмкін. Бұл жерде кейбір сөз актілері (талап ету, кеңес беру, растау, сұрақ қою) өздерінің акустикалық параметрлерінің айырым белгілері жағынан қазақ тілі материалдарын зерттеу барысында анықталған интонемаларға сәйкес келетінін айтып кеткен жөн.

Мәтіннің просодикалық бірліктерін функционалды аспектіде зерттеу, мәтіннің ерекшелігіне қарай оның интонациясының қызметін белгілеу, мәтіннің иерархиялық құрастырылған семантика-интонациялық және синтаксистік құрылымының өзара әсерін анықтау, интонация мен прагматиканың қарым-қатынасын айқындауға негіз болады.

Сонымен, просодикалық құралдарды прагматикалық тұрғыдан талдау сөйлеу бірліктерінің семантикалық және интонациялық ерекшеліктерінің ара қатысы мен интонациялық бірліктердің басқа бір коммуникативтік бірліктермен өзара байланысының тұңғиығында жатқан көріністерін сипаттауға мүмкіндік береді.

Мәтін мүшелеудің фонетика-фонологиялық негіздерін анықтау үшін ең алдымен оның құрамдас бөліктерін іріктеп, олардың өзара байланысу қағидаларын саралап алудан бастау керек. Мәтіннің мағыналық жіктері мен семантика-грамматикалық байланыстарын әуеннің құбылуы, қарқынның баяндауы мен жылдамдауы, үдемелігінің күшеуі, тоналды дипазондар мен интервалдардың өзгеруі және басқа да интонациялық компоненттерінің көрсеткіштерінен байқауға болады. Сондай-ақ мәтін бөлшектері біріне-бірі ұласып, бірінен-бірі өрбіп, бірімен-бірі үндесе үйлесіп бір ойды просодикалық құралдар арқылы жүзеге асырады.

Біздің зерттеуімізде жүйелі құрылым болып табылатын мәтін бүтіннен бөлшекке қарай деген әдіснамалық негізде қаралды. Мәтін бір тақырыпта өрбитін күрделі синтаксистік тұтастықтарға бөлінетіні белгілі. Мәтін мүшелеуіндегі бірліктерінің интонациялық ерекшеліктерін анықтап, синтаксистік мүшелену мен интонациялық мүшеленудің ара қатынасы, бір-бірімен байланысын анықтауға болады.

Мәтіннің күрделі фразалық тұтастықтарға мүшелеуінің просодикалық көріністері

Өзара байланысты күрделі ойды кейде күрделенген сөйлемдерде де, құрмалас сөйлемдерде де айтып жеткізу мүмкін болмайды. Мұндай жағдайда өзіне тән құрылымы мен интонациялық ерекшеліктері бар **күрделі фразалық (синтаксистік) тұтастықтар** қолданылады. Бірнеше сөйлемнен тұратын мәтіндер күрделі фразалық тұтастықты құрайды. Күрделі фразалық тұтастықтар бір тақырыпқа байланысты дербес жай және құрмалас сөйлемдерден тұрып, белгілі бір мазмұн мен логикалық ойды білдіреді. Күрделі фразалық тұтастық түрлі мөлшерлі мәтіндерде және олардың үзінділерінің құрамында болады. Олар предикативтік дербестігі мен синтаксистік аяқталғандығымен бірге белгілі бір оқиғаны баяндау, сипаттау арқылы қалыптасып, сөйлеушінің прагматикалық мақсатын білдіреді. Күрделі фразалық тұтастықтың жеке сөйлемдері мазмұн мен құрылым жағынан байланысып бір микротақырып көлемінде көрінеді. Қай тақырыптың болса да шегіне жетіп дамуы бірнеше сөйлемнің біртұтас бірлік шеңберінде ұйымдасуы жағдайында ғана іске асады.

Күрделі фразалық тұтастықтың бірліктері өзара байланысқа түсіп, сегменттеу ережелері бойынша топтасып, белгілі бір ойдың нәтижесі болып табылады. Сөйлеу барысында ой білдірушінің мақсатын түсіндіруі, дәлелдеуі арқылы сөйлеу актісі өрбіп дамиды. Сондай-ақ күрделі фразалық тұтастықтың көлеміне кірген әр алуан сөйлемдер бір-бірімен семантика-грамматикалық және интонациялық байланыста болып, коммуникативтік мақсатты орындауға меңзейді. Мәтін сегменттеудің күрделі синтаксистік тұтастық деңгейінде мүшеленуі сөз түзуші мен қабылдаушының ара қатынасын, олардың прагматикалық бағдарын, көңіл-күйін интонация компоненттерінің құбылуынан байқауға болады. Күрделі фразалық тұтастық **адресант пен адресаттың** арасындағы қарым-қатынастың көрінісі, ой дамуының нәтижесі болғандықтан, ол өзіндік мазмұны мен құры-

лымдық моделімен ерекшеленіп, сөйлеу тілінде просодикалық тәсілдер арқылы жүзеге асады.

Интонация, мағына және мазмұндық құрылымның біртұтастығы негізінде, жеке дара сөйлеммен салыстырғанда, ойдың анағұрлым толық өрістеуін қамтамасыз етуші құралдарға мағыналық және синтаксистік тұстарынан өзара тығыз байланыстағы сөйлемдер тізбегінен құралған күрделі фразалық тұтастықтар интонациялық көріністері жатады. Оқшау түрде тұрған жеке дара сөйлем шеңберінде жеткізуге мүмкін болмайтын ой өрбуі күрделі фразалық тұтастықтарда орын алады. Мұндай күрделі тұтастықтар әр түрлі тілдер материалдарында зерттеліп сараланған. Әзірбайжан тіліндегі күрделі синтаксистік құрылымдарды зерттеген К.Н. Велиев: «Тұрпат пен мазмұн межелеріндегі айтылған ой мен интонацияның аяқталуы сөйлемнен жоғары деңгейде тұрған тілдік бірлік аясында ғана мүмкін болады. Құрамына мазмұн ұйымдастырушы сөйлемдер енетін мәтіннің құрылымдық және семантикалық өзіндік ерекшеліктерін мәтін лингвистикасы зерделейді» (Велиев, 1990, 17 б.).

Сөйлемдердің күрделі фразалық тұтастықтарға бірігуі лексикалық, грамматикалық және интонациялық тәсілдер арқылы жүзеге асады. Осыған орай, күрделі фразалық тұтастықтағы сөйлемдердің өзара мағыналық байланысы олардың лексикалық құрамынан да, өзара грамматикалық байланысынан да, интонациясынан да байқалады. Сондықтан да ортақ тақырып туралы ойдың өрбуін мәтін көлеміндегі контекстен ғана байқап көруге болады. Күрделі фразалық тұтастықтар белгілі бір үлгі - **бастама-тақырып өрбуі-аяқтау** бойынша құрылады. Бастама – күрделі фразалық тұтастықты бастайтын оның бірінші сөйлемі. Бастамада күрделі фразалық тұтастықтың келесі сөйлемдерінде өрбіп, дамитын тақырып жарияланады. Бастамадан кейін бір-бірімен тығыз мағыналық байланыста тұрған бірнеше сөйлем бойында ойдың дамып-өрістеуі орын алады. Күрделі фразалық тұтастық соңында ойдың аяқталғанын білдіретін сөйлемдер орналасады.

Сонымен, күрделі фразалық тұтастықтарға енген дербес сөйлемдердің арасындағы тақырыптық-мағыналық қатысты лексика-грамматикалық және интонациялық ерекшеліктер мен тәсілдер көрсетеді екен. Осы тәсілдер мен ерекшеліктерге қарай күрделі синтаксистік тұтастықтарды құрайтын сөйлемдердің байланысу түрлерін үш топқа бөлуге болады:

1) Ілікпелі байланыс; 2) қатарластық, жарыспалы байланыс; 3) жалғаспалы байланыс.

1. Күрделі фразалық тұтастықтағы ***ілікпелі байланыста*** тұрған сөйлемдердің мағыналық қатынасын сөйлем ішінде қайталанып тұратын сөздер немесе сол сөздердің баламасы болатын есімдіктер көрсетеді. Байланыстың бұл түрі сөз барысындағы ойдың біртіндеп дамуын қамтамасыз етеді. Күрделі фразалық тұтастықта берілген тақырып бірінен соң бірі орналасқан сөйлемдер бойында белгілі бір желіste бірізділікпен дамып отырады. Ілікпелі байланыс көбінесе сөйлеудің пікір білдіру, сипаттау түрлерінде кездеседі. Мысалы:

1. Қыстаудың қасында үлкен ***тоғай*** *болатын. 2. Ол* ***тоғайда*** *тораңғыл,* ***жыңғыл****, жиде ағашы және нар қамыстар өсетін. 3. Көп жылдық* ***жыңғылдар*** *үлкен терек ағаштар сияқты жуан, бұтақтары көп тармақты, көлемді болады. 4.* ***Жыңғылды*** *қыста сексеуіл сияқты отын есебінде пайдаланады. 5.* ***Оның*** *жылуы сексеуілден кем түспейді. 6.****Тоғайда*** *түрлі жабайы аңдар жүреді. 7.*

***Оның** ішінде жабайы шошқа, қасқыр, қарсақ, қояндар болатын. 8. Құстардан **онда** қырғауыл көп болатын. 9. Қыстың күні **тоғайға** аңшылар шығатын.*

1.↑< Қыстаудыңғасында // үлкөн тоғай болатын↓>///. 2. <Ол тоғайда тораңғыл↑< // <жыңғыл ↑< // <жійд' ағашы ↑< // <және нарғамыстар өсөтүн↓>///. 3. ↑<Көбжылдық жыңғылдар < // <үлкөн терегағаштар сыйақты жұуан↑< // <бұтақтары көптармақты↑< // < көлөмдү болады↑>///. 4. ↑<Жыңғылды ғыста < // <сексеуүлсыйақты↑ < // <отұн есебінде пайдаланады↓>///. 5. ↑<Онұң жылұуұ < // <сексеуүлдеңгемтүспөйдұ↓>///. 6.↑<Тоғайда тұрлү жабай' аңдар жүрөдұ↓>///. 7. ↑<Онұң ішінде жабайышошқа↑< // <қасқыр ↑< // <қарсақ↑< // <қойандар болатын↓> ///. 8. ↑<Құстардан онда қырғауұлгөпполатын↓ >///. 9. ↑<Қыстыңгүнұ тоғайға аңшыларшығатын↓> ///.

Бұл күрделі фразалық тұтастықты құрап тұрған дербес сөйлемдердің бәрі де ***тоғай*** деген ортақ тақырыпқа байланысты болып, әрқайсысы сол тақырыпты жан-жақты өрбітіп тұр. Мұндағы сөйлемдер өзара ілікпелі байланыс арқылы байланысқан. Тұтастықтағы ілікпелі байланыс сөйлемдер арасындағы мағыналық қатынастарға негіз ретіндегі оларға ортақ сөздердің немесе сол сөздердің орнына айтылып тұрған есімдіктердің қайталанып айтылуынан көрінеді. Келтірілген мысалдағы 9 дербес сөйлемді бір синтаксистік тұтастықта ұстап тұрған - олардағы қайталанып тұрған сөздер (қара шрифтпен берілген) және интонациялық бірліктердің қызметі.

Бір абзац құрап тұрған бұл күрделі синтаксистік тұтастықтың тақырыбы оның бастамасы қызметіндегі бірінші сөйлемде (*үлкен тоғай)* жарияланған. Кейінгі сөйлемдерде (2, 3, 4, 5, 6, 7, 8) тақырып жан-жақты біртіндеп өрбіп, соңғы 9-сөйлемде (*қыстың күні тоғайға аңшылар шығатын)* күрделі синтаксистік тұтастықтың қорытындысы (соңы) жасалған.

Келтірілген мысалдың интонациялық ерекшелігіне келсек, тұтастыққа енген дербес сөйлемдер жай хабарлы сөйлемдердің интонациялық үлгісімен айтылып, тиянақты интонемаларға ие болып тұр. Әр сөйлем бәсеңдеп барып төмендейтін әуен қозғалысымен сипатталады. Ақырғы сөйлемде негізгі тон жиілігінің бағыты біртіндеп барып бәсеңдейтін көрініс беріп, соңына қарай толық тынған. Тұтастыққа енген жеке сөйлемдердің арасындағы кідірістері мағына жіктеуші қызмет атқарып, онша үлкен болмай, тек абзацты көмкеріп тұрған соңғы сөйлемнің аяғындағы кідіріс ғана көлемді болып тұр. Бұл кідіріс сөйлемнің төмендейтін интонациясымен бірге тұтастықтың аяқталғанын білдіреді. Күрделі фразалық тұтастық сөйлемдеріндегі ортақ семантикалық мазмұн аясында өздері қайталануы арқылы бір-бірімен ілікпелі байланыста тұрған сөздер сөйлеудің барлық үш акустикалық параметрі - негізгі тон жиілігі, үдемелік және ұзақтылық арқасында айрықша акценттеліп тұр.

Сонымен, берілген күрделі фразалық тұтастық құрамындағы дербес сөйлемдердің өзара бірігуі өзінің толық аяқталғандығымен ерекшеленетін мүшеленген мәтін түріндегі көрініс беріп тұр. Мәтіннің сегменттелуіне, кідіріске қоса, қызмет жасап тұрғандар - әуен кескінінің өзгеруі және басқа да просодикалық параметрлер. Бұл ретте сөз түзушінің мақсаты мен ниетіне орай, мәтін мүшеленуі барысында оның әуелгідегі қалпынан басқа бір кейіптегі түрлі өзгерушіліктері болуы әбден мүмкін. Күрделі фразалық тұтастықтың аталмыш түрі, стилистикалық тұрғыдан алып қарағанда, мәтін бірліктерінің синтаксистік және просодикалық ұйымдасуының мейлінше бейтарап және кең таралғаны болып табылады.

2. Күрделі фразалық тұтастықтың екінші ***қатарластық, жарыспалы*** түрінде де, ілікпелідегі сияқты, бір тақырып айналасында біріккен бірнеше дербес сөйлемдердің жалпы мағыналық байланысы олардың өзара құрылымдық ара қатысымен сипатталады. Бірақ олардың ішінде ортақ лексикалық элементтердің әр сөйлемде қайталанып тұруы шарт емес. Олардың өзара мағыналық байланысы сөйлемдердің жалпы желісі және олардың ортақ немесе жақын грамматикалық тұлғаларынан білініп тұрады. Сөйлемдер бір-біріне ұласып, бір іздегі тізбек жасамайды. Олардың бойында көріністері бір уақытта орын тауып немесе бір-бірімен алмасып жатқан құбылыстар біртіндеп аталып, түгенделіп немесе салыстырмалы түрде баяндалып жатады. Бұл тәрізді синтаксистік тұтастықтардың бірінші сөйлемі, әдетте, ондағы бүкіл мазмұнды жалпылап тұрса, кейінгілері сол ортақ мазмұнның жеке бір қырларын ғана ашатын, құрылымы біркелкі жасалған бірліктер болады. Мысалы:

1. *Жаз шықты. 2. Күн әбден жылынып, малшылар жайлауға кетті. 3. Малдарды өріске шығарып, ауылдан алыс айдап салады. 4. Бақташылар өрістегі малды күні-бойы бағып, суғарып, кешке ауылға айдап келеді. 5. Сол уақытта бұзауын көрген сиырлары мөңіреп, қозысына телінген қойлары маңырап, ауыл даңғаза болады.*

1. <Жашшықты ↑>///. 2. <Күн әбден жылынып ↑<// <малшылар жайлауға гетті↓> ///. 3.< Малдарды өрүскешығарып↑ < // < ауұлдан алыс айдап салады↓> ///. 4.< Бақташылар өрүстегі малды↑< // <күнү-бойұ бағып ↑< // < сұуғарып↑< // <кешке ауұлға айдап келеді↓> ///. 5.↑< Сол уақытта / бұзауұңгөргөн сыйырлары мөңүреп↑< // <қозұсұна телiңген қойлары маңырап ↑< // <ауұл даңғаза болды↓> ///.

Байланыстың қатарластық, жарыспалы түріне берілген бұл мысалда да тұтастықтың үш мүшелі үлгісін байқауға болады (1-сөйлем - бастама; 2, 3, 4-сөйлемдерде - тақырып өрбуі; 5-сөйлем - соңы). Мәтін жай және құрмалас сөйлемдерден құрылып, олардың кейбіреуі бірыңғай мүшелер арқылы жасалған. Ондағы сөйлемдер бір-бірімен іліктеспей, дербес құрылымды болып келген. Бірақ мұндағы сөйлемдердің баяндауыш тұлғалары біркелкі болып (көсемше, есімше, етістік), жарыспалы, қатарластық түрде тұр. Олар шақтық-модальдық жағынан байланысып, сөйлемдері бірінен кейін бірі келетін оқиғаларды баяндап тұр. Бұл бірлестіктің айтылу интонациясы да жай хабарлы сөйлемдер интонациясының үлгісіндей: араларындағы кідірістері біркелкі болып, көлемді кідіріс соңғы сөйлемнен кейін келіп тұр. Тұтастықтағы құрмалас сөйлемдердің алғашқы компоненттері мен бірыңғай мүшелер - тиянақсыз, жай сөйлемдер мен құрмаластардың соңғы компоненттері тиянақты интонемалармен сипатталған. Күрделі фразалық тұтастықтың басы мен аяғы баяу шықса, ортаңғы бөлігінің сөйлемдері жылдам қарқынмен айтылып, әуен қозғалысының тізбектеліп келген көтеріңкі және бәсең түрдегі кескін сызықтарын береді. Әр сөйлемнің соңы негізгі тон мен үдемеліктің бір қалыпты, баяулап барып төмендейтін көрінісімен сипатталады. Кідірістер бірыңғай сөйлем мүшелері мен құрмалас сөйлемдердің компоненттері арасында байланыстырушы қызмет атқарып тұр. Мәтіннің аяғына таман, баяу қарқынмен қоса, негізгі тон мен үдемеліктің біршама бәсеңдеуі байқалса, мәтін аяқталғандығын оның ақырындағы шекті кідіріс көрсетіп тұр.

3. Күрделі фразалық тұтастықтың үшінші ***жалғаспалы*** байланысты түрі ауызекі сөйлеу барысында, көбінесе құрамындағы айтылымдардың мағыналық өзара байланысы просодикалық тәсілдер арқылы жасалатын диалогтерде кездеседі. Диалог

лингвистикалық құбылыс ретінде көп жағдайларда ауызша түрдегі спонтандық сөйлеу барысында орын алады. Ол берілген сөйлеу әрекеті жағдаятындағы сөз актісіне небір коммуникативтік мақсатпен қатысқан сөйлеушілер арасында туындайды.

Сөйлеудің бұл түріндегі пікір алмасу оның семантикалық, құрылымдық және **прагматикалық** тұстарынан да біртұтас бірлік құруына бағытталады. Диалогтің прагматикалық қыры ондағы айтылымдардың тиянақсыз, эллиптік түрде көрініс беретін құрылымдық-грамматикалық ерекшеліктерін ажыратып береді. Оның алда айтылып кеткен ілікпелі және жарыспалы (қатарластық) түрлерінен айырмашылығы - күрделі фразалық тұтастық құрамындағы сөйлемдердің бір-бірімен өзара байланысында арнайы лексика-грамматикалық құралдар мен құрылымдық қатынастардың болмауы.

Онда сөйлемдердің мақсатына қарай бөлінетін түрлерінің (хабарлы, сұраулы, лепті) бәрі кездесе береді. Бірақ олардың басым көпшілігі толымсыз сөйлемдер болып келеді. Мысалы, автор сөзінсіз, он жеті тармақты сұрақ-жауап түрінде келген диалог:

- Я, мұғалім жолдас, жұмыс қалай болып жатыр?

- Мәз емес!

- Неге мәз емес?

- Жас буынға бүгінгі өміріміз тілеген дәрежеде білім беруге біздің қазіргі мектептің қабілеті жетпей отырған сияқты.

- Мүмкін, ал қабілеті қайтсе жетеді?

- Барлық оқу-тәрбие жұмысын бүтіндей қайта құру қажет.

- Атап айтқанда?

- Уақыт ауыл өмірінің жұмысын жаңа арнаға салуды тілейді.

- Ол қандай арна?

- Мектеп оқушыларына біз беретін білімнің негізгі тіршілікпен қабысуын көздейтініне көз жеткендігін өмірдің өзі-ақ аңғартып отыр.

- Кітаптан, мұғалімдердің айтқанынан ғана біліп, нағыз өмірді көзбен көрмеген болар?

- Дұрыс айтасыз.

- Демек, бірінші міндет мектепті колхоз тіршілігімен ұштастыру қажет дейсіз ғой? Жақсы. Ал сонда мектепте оқу-тәрбие жұмысын бұл жаңа арнаға қалай салу керек?

- Міне, өзіңізбен осыны ақылдасуға келдім.

- Нақты ойың, ұсынысың бар ма?

- Жақыпбек ауыл тіршілігін көруден туған алғашқы пікірлерін айта бастады (М.Иманжанов).

- Я, мұғәлім жолдас, // жұмыс қалай боп жатыр?

- Мәз емес!

- Неге мәз емес?

- Жас буынға // бүгүнгі өмүріміз тілеген дәрежеде // білім беруге // біздің ғазіргі мектептің ғабілеті // жетпей отырған сияхты.

- Мүмкүн, // ал қабілеті ғайтсе жетет?

- Барлық оқу-тәрбие жұмысын // бүтүндей қайта ғұру ғажет.

- Атаб айтқанда?

- Уахыт // ауыл өмүрінің жұмысын // жаңа арнаға салуды тілейт.

- Ол ғандай арна?
- Мектеп оқушыларына // біз беретін білімнің // негізгі тіршілікпен ғабысуын көздейтініне // гөз жеткендігін // өмірдің өзі-ақ аңғартып отұр.
- Кітәптан, // мұғәлімдердің айтханынан ғана біліп, // нағыз өмүрді // гөзбен гөрмеген болар?
- Дұрыс айтасыс.
- Демек, // бірінші міндет // мектепті калхоз тіршілігімен ұштастұру ғажет // демексіз ғой? // Жахсы. // Ал сонда мектепте // оқу-тәрбие жұмұсын // бұл жана арнаға ғалай салу герек?
- Міне, // өзүңізбен осыны ахылдасуға гелдім.
- Нахты ойұң, // ұсұнысың бар ма?
- Жақыппек ауыл тіршілігін гөруден туған // алғашхы пікірлерін айта бастат.///

Сөйлеушілер арасындағы диалог көңілдегідей болып шығуы үшін алдын ала жасалған жағдайлар орындалуы шарт. Басқа сөзбен айтқанда, өзара қарым-қатынасқа түсетін сөз түзуші мен қабылдаушы екеуі үшін де олардың арасында айтылатын сөзге ортақ бір тақырыптың болуы міндет. Бұл жерде мысалға келтірілген диалогтегі мазмұн мектепте *білім беру* тақырыбы аясында өрбіп тұр. Сөйлеу әрекетінің мазмұны мен мағыналық ерекшелігі қарым-қатынас тудырып тұрған сөз түзуші мен жалпы сөз барысының пресуппозицияларына байланысты болады. Коммуникативтік акт орын алатын **сөйлеу жағдаяттары, фреймдер** осы жалпы пресуппозициялармен тығыз байланысты болып келеді. Күрделі фразалық тұтастықтың бұл түрінде де жалпы тұтастыққа тән үш мүшелі үлгіні аңғаруға болады. «Бастамасы» - бірінші сөйлемде: (*Я, мұғалім жолдас, жұмыс қалай болып жатыр?)*, «соңы», яғни қорытындысы - 17-ші сөйленімде: (*Жақыпбек ауыл тіршілігін көруден туған алғашқы пікірлерін айта бастады*). 2-шісінен 16-шісіне дейінгі сұраулы, хабарлы болып келген сөйленімдерде тақырыптың өрбуі орын алып тұр.

Диалог сөйлемнің хабарлы, сұраулы коммуникативтік типтерінен құралған. Ондағы біртұтастық сұрақ-жауап түріндегі қақпа (ілікпе) сөздердің (реплика) өзара байланысы негізінде жасалған. Мұндай сөздердің көлемі сөйлеушілердің жеке басының тұлғалық ерекшеліктері мен олардың коммуникативтік қарым-қатынас жасаудағы нақты сөйлеу мақсат-ниеттеріне байланысты болады. Диалогке қатысушылар нақтылы берілген жағдаятта ауызша (вербальды) түрде қолданылатын тәсілдерді мейлінше аз пайдаланып, сөз арқылы жеткізілетін ақпараттың орны интонация, ым, бет және дене қимылы сияқты қарым-қатынас құралдарымен (вербальды емес) толысады.

Келтірілген мысалдан интонемалардың жалпы сұрақ, арнайы сұрақ, қыстырма, қаратпа, лепті сөйленімдер түрлерінің көріністерін байқауға болады. Ондағы кейбір *я, мәз, неге, мүмкін, демек, міне* сөздері негізгі тон жиілігі, үдемелік пен ұзақтылықтың ең жоғары деген мәндері арқасында акценттеліп тұр. Сөйленімдердің айтылу қарқыны олардың түріне байланысты болып келеді. Мәселен, тиянақты интонемасы баяу қарқынмен сипатталса, жалпы сұрақ интонемасы орташа қарқынмен айтылатын сөйленімнің көрінісін береді. Ал интенсивтіліктің амплитудасына келсек, ол барлық интонемалар үшін орташа мән беріп тұр. Лексика-грамматикалық көрсеткіштерсіз тек интонация тәсілі арқылы жасалған сұраулы сөйленімнің (*атап айтқанда?*) әуен кескін сызығы жоғары шамаларды көрсетеді. Бірнеше синтагмадан тұратын жай сөйленімдер

бірнеше рет толқынданып келіп, аяқталмаған синтагмалар тиянақсыз, соңғысы тиянақты интонемалармен сипатталады. Мұндағы негізгі тон жиілігінің бәсеңдеп, интенсивтіліктің төмендеуі мен ақырғы синтагманың жай, ақырын айтылуы үлкен шамадағы ұзақ жасалған паузамен қосарланып келуі толық аяқталған просодикалық құбылыс ретіндегі осы күрделі фразалық тұтастықтың соңын білдіретін белгі қызметін атқарып тұр.

Қарастырылып отырған диалогта (дискурста) әдеттегі прагмалингвистикалық жағдаят айқын аңғарылады. Бұл жерде сөз түзуші мектепте *сапалы білім беру* қажеттілігін барынша жеткізгісі келіп, білім беру сапасын қалай көтеру керектігін көрсетіп отыр. Мәнмәтін (контекст) пен қарым-қатынас жағдаятына байланысты орын алған бұл дискурстың мүшеленуі кідіріс және басқа да просодикалық компоненттер арқасында іске асады. Берілген мәтінде, кәдімгі кідірістерден басқа, оның дыбысталған және спонтанды сөйлеу көрсеткіштері болып табылатын хезитация түрлері де кездесуі ықтимал. Тұтастықтағы біріне-бірі жалғаса айтылған сөйленімдердің әрқайсысы бір синтагма құрап, тұтастық арасында келсе де, олардың аралықтарында, айтылу мақсатына қарай, бір деңгейдегі ықшам мөлшерлі жалғаспалы кідірістер бар екені көрініп тұр. Ал көлемді және соңына қарай төмендеп барып тынатын үлкен кідірісі сөйленімдердің ең соңғысынан кейін келіп, сөйлеушіге тоқтап, дем алуға мұрша беріп тұр. Оның алдындағы (тақырып өрбуі) сөйлемдердің әуен өрнегі, желді күні толқынданып, бірінің үстіне бірі келіп килігіп, қайырылып қайтып жатқан көлдің толқындарын көзге елестетеді.

Міне, интонация құбылысының барлық тілдер синтаксисіне, онда қарастырылатын сөйлемдерге, олардың коммуникативтік-құрылымдық түрлеріне тығыз байланысты екені және оның сөйлеу тіліндегі сөйленімдер мен мәтіндерде барынша көрініс табатыны анықталды. Сондықтан қай тілдің болса да интонациясының ерекшеліктерін танып-білу сол тілдердегі сөйленімдердің алуан түрлерін жан-жақты зерттеу арқылы ғана жүзеге асады. Сөйлеу интонациясының жалпы көрінісі, ең алдымен, оның компоненттері болып саналатын қарқын, интенсивтілік, тонның көтерілуі, бәсеңдеуі мен деңгейі және тағы басқаларының сөйлем түрлеріндегі орны мен қызметіне, басқаша айтқанда, олардың «мінез-құлқына» байланысты. Интонация ерекшеліктерін барлық тілдерге тән универсалды семантика-синтаксистік құбылыс болып табылатын синтагмамен де байланыстыра қарастырған жөн. Сөйлеу интонациясының жалпы келбетін, өрнегін зерттеуде синтагмамен қатар, оларды көмкеріп тұратын әмбебап (универсалды) кідірістердің (пауза) де орны ерекше.

Кез келген мәтіндегі оған енетін күрделі фразалық тұтастық өзінің мазмұны және құрылымымен, оның ішінде тема-ремасымен қандайда бір коммуникативтік мақсатқа қызмет ететіні айқын. Ол коммуникативтік қызметтің мазмұны да, көлемі де тұтастыққа еңбеген сөйленімдердің қай жағынан болса да қомақты да терең екені белгілі. Әр сөйленім өзінің тема-ремасымен болмыстың бір жағын, бір деталін ғана суреттей алса, күрделі фразалық тұтастық бүтіндей алмаса да, оны әр жағынан суреттей алады. Ол тағы да коммуникативтік мақсатқа байланысты, яғни суреттеудің, анықтаудың аз болуы, көп болуы сияқты.

Мәтінді зерттеушілер тема-рема дегендерге әртүрлі қарайды: тема мен ремаңы бір-біріне қарсы қойып, айқын бөліп тастайды; тема – объект, ал рема – сол объект туралы айтылған сөз. Мәтінді зерттеушілердің кейбіреулері КФТ-ның те-

масы оған енген бөлек-бөлек сөйленімдердің, яғни КФТ-ның компоненттерінің темаларанының жай қосындысы емес дейді, ремасы туралы да соны айтуға болады, дейді. КФТ-ның темасын қарастырғанда, бұрын айта беретін тема деген бұрыннан белгілі нәрсе дегенге кейбіреулер келісе бермейді, себебі тема белгілі емес жаңа нәрсе де болуы мүмкін, оны ары қарай айқындап, суреттеуді керек ететін нәрсе болуы мүмкін. Мәтіндегі сөйленімдер КФТ-ға еніп, бір құбылысты суреттеуі тегіс болып өтуі де мүмкін, кейде тұтастыққа қабаттасып қосымша хабарлар енуі мүмкін. Егер ешқандай қабаттасу болмай, тұтастыққа енген сөйленімдер өз ретімен, жөнімен жүрсе, онда тема мен рема қатынастарды төмендегідей бейнелеуге болады: *Ат қорада тай тұр. Бұл тай немеренікі. Немеренің папасы баласын тайға мінгізді. Асау тай баланы құлатты.*

Жоғарыда көріп отырғанымыздай бұл КФТ-дағы хабардың жүрісінде бірінші сөйлемнің ремасы, екіншісінің темасы, ал екіншісінің ремасы үшіншісінің темасы болып тұр. Онша күрделі емес бұл хабарлама осымен бітетін болса, КФТ-ның ортақ темасы *тай* болады да, ал ремасы оның баланы *құлатып алғаны* болады. Ф.Данештың ойынша, тема (данное) белгілі дегенді контекст пен ситуацияға байланысты белгілі болатын нәрсе деп түсіну керек (бұрыннан қатып қалған бір нәрсе демей) және мәтіннің түзілуінде қалайда теманың орны бөлек. Оның мәтінде көрініс табуы әруақытта міндтті түрде реманың пайда болуына әкеліп соқтырады [46.128]. Ф.Данеш мәтіндегі мағыналық тақырыптардың (темалардың) бірінен кейін бірі ауытқымай, дұрыс түзілуіне аса көңіл бөледі.

1) Мәтіндегі сөйлемдердің темасының дұрыс түзілуінің бейнеленуі:

$T_1 - R_1$

↓

$T_2 (=R_1) - R_2$

↓

$T_3 (=R_2) - R_3$

Мұнда әр тема келесі сөйлемнің ремасы болып тұр.

2) Мәтіндегі темаларға константты теманың қосылуы:

$T_1 - R_1$

↓

$T_2 (=R_1) - R_2$

↓

$T_2 (=R_2) - R_3$

↓

$T_2 (=R_3) - R_4$

Мұнда тема өзгерген жоқ, бірінші ремадан келеді.

3) Темалар өзгермей, бірінен кейін бірі, өздеріне қатысты ремаларымен жүреді.

T

↓ ↓ ↓

$T_1 - R_1$ $T_2 - R_2$ $T_3 - R_3$

Мұнда жеке темалар ортақ темадан (гипертема) бөлініп шығады.

Кез келген мәтінде күрделі фразалық тұтастықтарға жоғарыда келтірілген түзу (идеальный) модельдер неше түрлі комбинацияға түсуі мүмкін. Ол модельдерде берілген тема-ремаларды мәтіндерде КФТ орнында таба алмай, немесе біреуі (тема) табылып, ремасы тұтастықтағы келесі сөйлемдерде болуы мүмкін, немесе келтірілген түзу, өте оңды (идеальный) моделге басқа бір қыстырма сөздер, немесе өз ішінде тема-ремасы бар сөз тіркестері килігуі мүмкін. Мәтіндегі ондай сөздер КФТ-тардың мазмұнын байытып, оның детальдарын анықтап, сюжетке қатысушыларды суреттеп, хабарламаға субъективті-модальды сымбат-мағыналар қосып, оқушы мен тыңдаушыны қызықтыра түседі. Сонда біз әруақытта мәтіндегі күрделі фразалық тұтастықтың өзінің, тема-ремаларымен бірге белгілі бір коммуникативтік-мазмұндық мақсатқа қызмет еткенін ұмытпауымыз керек. Интонацияның сөйленімнің актуальды мүшеленуіндегі рөлі айрықша, ол сөйленімнің коммуникативтік типін ажыратады, сөйленімнің ішіндегі кейбір сөздердің айрықша просодикалық тәсілдермен белгіленгенін білдіреді, белгіленген сөздердің мазмұнына қарай маңыздылығын көрсетеді, мүшеленген бірліктердің қарым-қатынасын просодикалық тәсілдер арқылы сипаттайды, сөйленімнің прагматикалық мәнін білдіреді.

Просодикалық тәсілдер мәтіннің (дискурстың) прагматикалық аспектісін күшейтіп, семиологиялық тұстан релевантты болып, мағына ажыратушы қызмет атқаратыны байқалады. Сөйлеу тілінде көрініс табатын интонация мен прагматика бір бірімен тығыз байланыста болып, адамның ойын, ниетін сыртқа шығарады. Интонация прагмалингвистиканың нақ өзегінде тұрып, оның негізгі көрсеткіші болып табылады.

Мәтіннің (күрделі фразалық тұтастықтың) суперсегменттік деңгейінде зерттелуі оның прагматикалық қырларын ашып беруге және спонтанды (дайындықсыз) сөйлеу үлгісіндегі дискурстың психолингвистикалық, социолингвистикалық қырларын зерттеуге жол ашады. Тілтанымдағы қарқынды дамып келе жатқан бұл бағыт интонация құбылысының функционалды мүмкіншіліктерін тереңінен зерделеп, оның болмысын мазмұн межесінде айқындап-анықтауға мүмкіндік береді.

ПОЭТИКАЛЫҚ МӘТІННІҢ ИНТОНАЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жалпы сипаттама

Қазақ тіліндегі ырғақты (ритмикалық) ыңғайластыққа рифмалық ұқсастыққа, яғни буын үйлесіміне құрылған поэзияның үлкенді-кішілі түрлерінің (формаларының) өзіне тән семантикалық - синтаксистік ерекшеліктерімен қатар интонациялық ерекшеліктері де бар екені сөзсіз. Алдыңғы тарауларда көркем прозадан, публицистикадан сұрыптап алынып қаралған жай сөйлем, құрмалас сөйлем және күрделі синтаксистік тұтастықтың семантикалық-құрылымдық түрлерін поэзияның кіші және көлемді формаларында да кездестіруге болады. Сөйлемдегі интонациялық кіші өлшем болып табылатын ырғақты топтар және жалпы тіл білімінде барлық тілдерге қатысты синтаксистік-интонациялық ең кіші универсалды өлшем деп саналып жүрген синтагма туралы жоғарыда айтқанбыз. Сол синтагма мен ырғақты топ поэзияның кіші формалары болып

табылатын мақал-мәтел, нақыл сөздерде және оның көлемді формалары - көп шумақты өлеңдерде де, жырлар, толғауларда да орын алып, өзінің интонациялық ерекшеліктерімен сарапануы ақиқат. Оның үстіне, поэзиядағы ырғақты топтардың түзілуінде, қайталауында, үйлесуінде белгілі тәртіп, жүйе болады деп саналады, соның бәрі интонацияда көрініс табуы сөзсіз. Сонда өлеңдегі ырғақты топтың ұйытқысы болатын ырғақ дегеніміз не?, алдымен соны пайымдап көру керек. Ырғақты топтың ұйытқысы болатын оны өзіне үйіретін ырғақ туралы бір жерде:»Ритм явление сложное... будет правильным назвать ритмом систематическую повторность одинаковых противоположностей» делінсе (Всеволодский-Гернгросс, 1922, 104 б.), екінші жерде: «Ритм в поэтической речи в самом общем смысле означает соразмерность, периодичность в течение стихотворной речи,» одан әрі:»В этом непрерывном течении ритма, тесно связанном и перекликающемся со смысловым движением стиха, приобретают значение параллели, контрасты и переходы, а также самые различные звуковые повторы» делінген (Ахметов, 1964, 12 б.). «Ритмді» қазақша «ырғақ» десек, ол белгілі өлшемге негізделіп белгілі ретпенен системалық қайталанып тұрумен байланысты екен.

З.А.Ахметов қазақ өлең құрылысын жан-жақты зерттеп, ол туралы терең ғылыми пайымдаулар айтады. Өзінің «Абайдың ақындық әлемі» деген кейінгі еңбегінде: «Қазақ поэзиясында өлең ырғағының тірегі- буын, яғни, ырғақ буын санымен өлшенеді. Мұндай буын санына негізделген силлабикалық өлең жүйесі қазақ поэзиясынан басқа барлық түркі тілдес қырғыз, өзбек, татар, түрікмен, әзірбайжан, башқұрт секілді халықтардың тілінде, сонымен бірге француз, чех, итальян сияқты халықтардың тілінде де қолданылады», дейді (Ахметов, 1995, 205 б.). В.В. Радловтың айтуынша, үндіеуропа тілдеріндегі сөздерді топтастыратын екпіннің қызметін түркі тілдерінде үндестік заңы мен силлабикалық жүйе атқарады:»Задача резко выделяемого ударения в индоевропейских языках, в тюрских языках выпадает на долю гармонии гласных, которая здесь имеет задачу еще резче обозначить связь аглютинирующих слов» делінген (Radloff, 1883, p. 97-98).

Сонымен, түркі тілдерінің агглютинативтік құрылымы және үндестік заңы өздерінің қасиеттеріне лайық, сөздердің буындарын бір-бірімен жымдастырып, ешбір шашырауға жол бермейді және буындардың дыбыстарын бірыңғай түсіріп үндестіріп, үйлестіріп тұрады. Сонда, сайып келгенде, ырғағы «буын санына негізделген силлабикалық өлең жүйесі» бар қазақ поэзиясындағы ритмикалық топтардың түзілуінің заңдылығы жоғарыда айтылған қазақ тілінің біріншіден, агглютинативтік құрылымына, яғни сөз құрамының жалғаспалы болып, бір-бірімен жымдасып тұруына, екіншіден, үндестік заңына, үшіншіден, белгілі мөлшерлі сөздер тобының қайталанып тұратын ырғағына негізделенетінін көріп отырмыз. Л.В.Щербаның айтуына қарағанда «француз тілінде де силлабикалық тақпақтың рифмасы оның ұйқастық тәсілі ғана емес, оны тақпақ жасап тұрған фактордың ең бастысы» екен (Щерба, 1949, 169 б.). Жоғарыда келтірілген сөздерден байқайтынымыз, біріншіден, француз тіліндегі тақпақ жолдарының ұйқастығы да қазақ тіліндегі сияқты силлабикалық тәсілге, яғни сөз буындарына сүйенсе, екіншіден, француз тілінің сөз ырғағына негізделген жалпы интонациялық жүйесінің қазақ тілінің интонациялық жүйесіне «әуезділігіне» ұқсас екендігі. Бұл жөнінде интонация мәселесіне ең алғаш көңіл аударған

ұлы бабамыз Ахмет Байтұрсыновтың айтып кеткенін еңбегіміздің алғашқы тарауларында баяндадық.

З.А.Ахметов өлең ырғағының буын санымен ғана өлшенбей, буындардың белгілі мөлшерде, белгілі ретпенен топтасып «бунақ» құрап қайталанып, сондай-ақ белгілі орындағы бунақтар тұрақты сөз жігімен бөлініп тұруымен белгіленетінін айтады. Мысалы, жеті буынды өлеңде оның сөз жігі үнемі төртінші буыннан кейін орналасып, өлең кестесі 4 буын 3 буын болып келеді,- дейді. З.А. Ахметовтың айтуынша, бунақтарды бөліп тұрған сөз жігінде әрдайым кідіріс бола бермейді. Бірақ та сол сөз жігінде пауза болмағанмен, сол жерде тақпақтың ырғағының, тонының кенет өзгеруі байқалады. Ал сөз жігіне кідіріс тура келсе, онда ол жік айрықша бедерленіп белгіленіп тұрады, дейді (Ахметов, 1964, 61-64 бб.).

Қазақ поэзиясындағы ырғақты топтарды «бунақ» деп, ал өлең жолдарына «тармақ» деген атауларды берген XX ғасырдың 20-шы жылдары қазақтың тіл жүйесін алғаш зерттеп, оның ішінде өлең жүйесін де, өлең өрнектерін де зерттеп, төл еңбектер жазған Ахмет Байтұрсынов болатын. Ахаң шығармаларында өлеңнің кестесі, айшығы оның шумақ, тармақ, бунақ құрылыстары жіті тексеріліп, ондағы ырғақ, интонация ерекшеліктері де әңгіме етіледі. «¤рнекті сөйлемді айтқанда, дауыс көтеріліп, әнше оралып, қайрылып отырады», деп интонацияны өте дәл бейнелеген (Байтұрсынов, 1989, 180 б.). Қазақ тіліндегі буын екпінінің француз тіліндегі сияқты сөздердің аяғында келетінін айтып келіп, Байтұрсынов өлеңдегі сөз ырғақтарының үстіне өлеңнің өз ырғақтары қосылады,- дейді. ¤леңнің өз ырғақтарын «жорғақ» деп атауды ұсынады. Жорғақ буын ұқсастығы мен буынның белгілі ретпенен, белгілі мөлшерде топтасуымен түзілетін өлшем екенін айтады. Дауыс ырғағы сөзді бірдей-бірдей буынға яғни бунаққа бөледі. «Сондықтан сөз табиғи негізінде қамыс сияқты бунақ-бунақ буыны бар нәрсе болып шығады» (189 б.), деп бунаққа бөлінген сөздің бунақтарының ара «жігінде» кідіріске орын қалдырмайтын сияқты. Бірақ, ол кідіріс әрдайым өлең жолының, яғни тармағының соңында келеді. Егерде бунақ тармақтың ең соңында болса, одан кейін, әрине, кідіріс болады.

А.Байтұрсынов өлең кестесінің, өлең айшықтарының түрлі-түрлі болып келетінін, олардың бір шумақты, екі шумақты, үш шумақты, төрт шумақты, одан да көп шумақты болатынын айта келіп, оларға Мағжаннан, Абайдан мысалдар келтіреді. Шумақтың бірнеше тармақтан тұратынын, әр тармақта бірнеше «бунақ» болатынын, бунақтың бірнеше буыннан тұратынын айтады. «Бунақ дегеніміз өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы», дейді (Байтұрсынов, 1989, 190, 192, 198 бб).

Сонымен «бунақ,» кейін «ырғақты топ» деп аталып жүрген өлеңдегі бірнеше буыннан тұратын өлшем.

Поэзия тілінде көбінесе сөйлем мүшелерінің орны ауысып, кейде олардың біреулері айтылмай, толымды сөйлемдердің орнына толымсыз сөйлем, жалаң сөйлем, не жақсыз сөйлемдер пайда болып ықшамдалады. Мұндай өлеңде болатын құрылымдық өзгерістер, әрине, сөйлемдердің интонациясының түр-әлпетін де өзгертіп отырады.

Сонымен силлабикалық жүйелі ырғақты топтар поэзия тілінің ұқсастық заңдылықтарына икемделіп, сөздерінің буындарының санына дейін реттеліп, гармониялық көркемдікпен ерекше түзіледі. Ырғақты топтардың, бунақтардың

арасында дауыс толқынының ырғағымен белгіленген сөз жігі болады. Олар өз ретімен тармақтардың ішінде, аяғында қайталанып отырады. Соның арқасында, шумақтардың, оның ішіндегі тармақтардың өзіне лайық ырғақтық және интонациялық келбеті түзілсе керек. Енді ырғақты топ немесе «бунақ» деп аталатын қазақ өлеңінің ең шағын өлшемі мен жалпы тіл білімінде универсалды семантикалық-синтаксистік, интонациялық ең шағын өлшем болып саналатын синтагманың арасын айырып, қандай жағдайда олар бір-біріне тура келеді, қандай жағдайда тура келмейтінін ашып алуымыз керек. Бұл екі өлшем әрдайым бір-біріне тура келе бермесе де, оларды кейде бірінің орнына бірі жүретін, бірдей өлшем деп те санайды.

Ырғақты топ болып табылатын «бунақты» алып қарасақ, ол буыннан тұрады да, ол буынның саны поэзияда төрттен аспайды. Бірақ, ол-төрт буынды бір сөз де болуы, екі-екі буыннан тұратын екі сөз де болуы немесе, бір буынды және үш буынды екі сөзден тұруы да мүмкін. Ол бунақтардың арасында жоғарыда айтқандай кідіріс болуы да, болмауы да мүмкін.

Ал, «синтагманы» алатын болсақ, ол семантикалық-синтаксистік, интонациялық өлшем болғандықтан, ол әр уақытта сөз тіркесінен, сөйлем бөлшектерінен тұрады және оның үстіне олар бір-бірінен интонациялық меже болып табылатын кідіріспен бөлініп тұрады.

Біздің байқауымызша, «бунақ» деп аталатын ырғақты топ та, «синтагма» да қазақ өлеңінің барлық түрлерінде кездесе береді.

Қазақ поэзиясында көп қолданылатыны жеті-сегіз буынды және он бір буынды өлеңдер мен тақпақтар. Ал төрт-бес-алты буынды тақпақтар сиректеу кездеседі деп саналады. Біздің байқауымызша, төрт-бес-алты буынды тақпақтар өлеңнің кіші формасына жататын мақал-мәтел, нақыл сөз, жұмбақтарда жиірек кездеседі. Бұларда екі тармақтан тұратын жарты шумақты, төрт тармақтан тұратын бір шумақты тармақтар және үш тармақтылар кездеседі.

Енді тармақ саны аз, кіші формалы тақпақтар мен көп тармақты, көп шумақты өлең, толғау, жырдардағы интонация көріністерін бөлек-бөлек қарастырамыз.

Кіші формалы тақпақтардың интонациялық ерекшеліктері

Кіші формалы тақпақтар түріне қазақ ауыз әдебиетінде ежелден орны бар, буын ыңғайластығына, үндесуіне құрылып шебер айтылған ақыл, нақыл, шешендік, насихат сөздер болып табылатын мақал-мәтел, тақпақ сөздері жатады.

Олардың өзіне тән мағынасы және формасымен қатар интонациялық көріністері де бар. Мақал-мәтел, нақыл сөздер жаратылыста, қоғам өмірінде болған өзгеріс, құбылыстар, халықтың тұрмыс-салтына, тіршілік-тілегіне, ұғым-сеніміне, ел-жұрт, батырлық, ақыл-ой, еңбек-кәсіп сияқты түрлі-түрлі тақырыптарға байланысты айтылған, халық даналығынан шыққан ықшам формалы, буын ұйқастығына құрылған сөздер.

М.Әуезов айтып кеткендей:»Ауызша әдебиеттің ішінде елдің белгілі ұғымын білдіретін, түсінігін көрсететін сөздің барлығы - жалпақ елдің сыбағасына тиеді» (Әуезов, 1927) .

Сөйтіп мақал-мәтел, нақыл сөздер көркем тілмен ұйқасымды айтылған, сөйлемдік құрамы қалыптасқан, біреуден біреуге көшіп, өңделіп, халық санасында өмір сүретін, халықтың ортақ рухани қазынасы болып табылады.

Енді мақал-мәтелдің формасына, сөйлемдік құрылымына келсек, олардың көбісі ықшам, үйлесімді құрылған екі, төрт тармақты, санаулы буыннан тұратын ықшам сөйлемдер. Екі тармақтылардың ішінде де, төрт тармақтылардың ішінде де төрт-бес буыннан және жеті-сегіз буыннан тұратындары кездеседі. Олар хабарлы, бұйрықты, сұраулы, толымды, толымсыз, жақсыз, жалаң, жайылма жай сөйлемдер түрінде келе береді. Айтылуына қарай, мақалдарда хабарлы, бұйрықты, сұраулы, лепті сөйлемдердің интонемалары кездеседі.

1. Әр тармағы бір-екі бунақ болып, әр бунағы төрт-бес буыннан тұратын мақалдарға мысал:

1) Ақыл жастан
Асыл тастан.

<Ақыл // жастан<//
<Асыл // тастан>///

2) Ел көркі мал
Өзен көркі тал.

<Елгөркү // мал<//
<Өзөң гөркү // тал>///

3) Әрекет көп
Берекет жоқ.

< Әрекет көп> //
< Берекет жоқ> ///

4) Атадан ақыл
Ағадан нақыл.

<Атадан // ақыл<//
<Ағадан // нақыл>///

5) Ынтымақты ел
Сарқылмас көл

<Ынтымақт' ел< //
<Сарқылмас көл >///

6) Нарды сөкпе //
Нанды теппе.

/<Нарды сөкпе >//
<Нанды теппе> //

7) Көбікті төкпе //
Көпті сөкпе.

<Көбүктү төкпө<
< Көптү сөкпө>///

Жоғарыда келтірілген екі тармақты мақалдардың әр тармағы синтаксистік-құрылымы жағынан бір-бір жалаң жай сөйлемнен тұратын іргелес сала-лас сөйлемдер. Алдыңғы бесеуінің тармақтары хабарлы сөйлем де, соңғы екеуінің тармақтары бұйрықты сөйлем түрінде келіп тұр. Бұл мысалдардағы әрбір тармақ бір-бір бунақ болып, яғни бір-бір ритмикалық топ құрып, соңғы буындары ғана емес, алғашқы, ішкі буындары да бір-бірімен ыңғайласып, үйлесіп тұр. Келтірілген мақалдардың әр тармағы бір бунақты болып, ал әр бунағы екі буынды екі сөзден тұрса да, құрылымдық жағынан әр тармағы бір жалаң жай сөйлем түрінде келіп, өзара интонациялық меже болып саналатын паузамен бөлініп тұр. Бұл жердегі ырғақты топ болып тұрған бунақтар, синтаксистік-интонациялық өлшем болатын синтагмаға тура келіп тұрғаны анық көрінеді.

Бұл екі тармақты мақалдардың өзіне тән интонациялық сызығы бар. Екі тармақтың алдыңғысының соңғы буыны жоғары көтеріліп, үдемелікпен сәл созылыңқы айтылады да, ал екіншісінің соңғы буыны төмендеп келіп, жай үдемелікпен сәл созылыңқы айтылады. Әр тармақтың соңында оларды бөліп тұрған кідіріс бар. Бұлар тиянақсыз және тиянақты интонемалардың варианттарымен сипатталады.

Соңғы бұйрықты сөйлемдер түрінде келген екі мақалдың интонациялық келбетіндегі айырмашылығы - табыс жалғауындағы сөздердің *(нарды - нанды, көбікті - көпті)* сол жалғауына ой екпінінің түсіп, оның акценттелуі. Осы ой екпіні мен тармақтың соңындағы бұйрық райда тұрған етістіктердің де *(сөкпе-теппе, төкпе-сөкпе)* соңғы буыны акценттеліп, бұйрықты білдіріп тұр. Ал бұлардың интонациялық сызығын алып қарасақ, басқа тақпақтардан айырмашылығы шамалы. Мұнда да сол көтеріңкі - бәсең әуен кескіні, бірақ бұлар кей сөздердің акценттеліп, кей буындардың созылыңқы, молырақ үдемелікпен айтылуымен ерекшеленеді.

Сонымен әрбір мақалдың буын үйлестігіне сүйенген өзіне тән ырғағы - интонациясы бар. Оның сызығы алдыңғы бес мақалдың бәріне де - бірінші тармақтың аяғына қарай екінші (2) тоналды деңгейден үшінші (3) тоналды деңгейге көтеріліп кідіріспен бөлінсе, екінші тармақтың аяғына қарай екінші (2) тоналды деңгейден бірінші (1) тоналды деңгейге түсіп барып аяқталады. Ал тармақтары бұйрықты сөйлем болып келген соңғы екі мақалдың интонациялық сызығы алдыңғы тармақтары хабарлы сөйлем болып келгендерінен аздап өзгешелеу. Бұлардың бұйрықты райда тұрған баяндауыштары *(сөкпе, төкпе)* молырақ ұзақтылық және үдемелікпен салмақты айтылады. Бұларға бұйрықты сөйлем интонемасы тән.

2. Төрт тармақты, бір бунақты мақал-мәтелдерге мысал:

1) Жалғыз ағаш
Орман болмас,
Жалғыз кірпіш
Қорған болмас.

<Жалғыз ағаш< /
<Орман болмас> //
< Жалғыз гірпіш< /
<Қорған болмас >///

2) Сөйлей білмеген
Сөзді қор етер,
Тіге білмеген
Бөзді қор етер.

<Сөйлей білмеген </
<Сөзді қоретер<//
<Тіге білмеген</
<Бөзді қоретер>///

3) Жүрместен бұрын
Жолыңды байқа,
Киместен бұрын
Тоныңды байқа.

<Жүрместем бұрын< /
<Жолыңды байқа>///
<Кійместем бұрын< /
<Тоныңды байқа>///

4) Малы жоқ деп
Ерден түңілме,
Егіні жоқ деп
Жерден түңілме.

<Малы жоқ теп< //
<Ерден түңілме> ///
<Егіні жоқ теп< //
<Жерден түңілме>///

Келтірілген төрт тармақты, бір бунақты мақал-мәтелдердің әр тармағы төрт-бес буыннан тұрады. Бұл мысалдардағы буын үйлесуі былайша келеді: бұлардың бірінші тармағының соңғы сөзімен үшінші тармағының соңғы сөзі, екінші тармағы мен төртінші тармағының соңғы сөзі (*болмас - болмас, білмеген - білмеген, көр етер - көр етер, бұрын - бұрын, байқа - байқа, түңілме - түңілме)* бірдей болып, және бір сөз қайталанып тұрады. Сондай-ақ бұл сөздердің алғашқы да буындары үйлесіп қана қоймай, олардың буын сандары да бірдей болып келеді.

Бұл мысалдардағы буын үйлесуі және олардың буын сандарының бірдей болуы, әр мақалды бір шеңберде біркелкі ырғақта ұстап, олардың біркелкі көтеріңкі-бәсең толқынды интонациясын сызады. Бұл жерде Ахаңның өлең ырғағын «жорғақ» деп атап, ол туралы айтқан сөздері көңілге оралады: «¤лең ырғағы жорға жүрісінің тайпалуы, теңселуі сияқты екінші өңді ырғақ болады. Бұл ырғақ сөйлемдердің ішіндегі буын санының бірдейлігімен, кестелерінің реттілігімен, сөздердің әуездес ұқсастығымен келетін ырғақ»(Байтұрсынов, 1989, 189 б).

Синтаксистік құрылымы жағынан алып қарағанда, төрт тармақты әр мысал төрт сөйлем емес, екі жай сөйлемнен тұрады: *Жалғыз ағаш // орман болмас; жалғыз кірпіш // қорған болмас, немесе Сөйлей білмеген // сөзді қор етер; тіге білмеген // бөзді қор етер,* деген екі жай сөйлем.

Келтірілген бір, екі мақалда бірінші тармақ пен үшінші тармақта бастауыш тобы *(жалғыз ағаш, жалғыз кірпіш, сөйлей білмеген, тіге білмеген)* бір ырғақты топ болып, арасында шағын кідірісі бар дара синтагма болып тұр. Екінші, төртінші тармақтар - баяндауыш тобы *(орман болмас, қорған болмас, сөзді қор етер, бөзді қор етер)*, бұлардың да әр қайсысы бір ырғақты топ болып, дара синтагмаға тең болып тұр. Бұл жерде келтірілген топтардың бәрі бірдей дара сөз тіркесінен болған сөйлем мүшелері. Бұлардың бәріне тиянақсыз және тиянақты интонемалар тән.

Үш, төрт мақалда жалпылама жақты бастауышсыз екі сөйлем. Олардың бірінші, үшінші тармақтары *(жүрместен бұрын, кіместен бұрын, малы жоқ деп, егіні жоқ деп)* пысықтауыш мүшелер тобы, ал екінші, төртінші тармағы - баяндауыш тобы *(жолыңды байқа, тоныңды байқа, ерден түңілме, жерден түңілме)* болып тұр. Бұл үш, төртінші мақалдардың да сөйлемнің синтаксистік мүшелері болып табылатын ырғақты топтары бір синтагма құрайды.

Ырғақтық-интонациялық жағынан алып қарасақ, бұл төрт тармақты-төрт синтагмалы төрт мақалдың интонациясы бірдей, не ұқсас деуге болады. Бұлардағы төрт синтагма - екі-екіден жалғасып өздеріне тән толқынды интонациямен «жорға жүрісінің тайпалуы» сияқты болып келіп, бірінші екеуінің аяғы сәл көтеріңкі тиянақсыз әуенмен айтылады да, ал үшінші, төртінші синтагма бір-бірімен жалғасып, толқынды интонациямен өрнектеліп, тиянақты интонемамен төмендеп барып, көлемді кідіріспен аяқталады.

Төрт тармақты тақпақ болып келетін бұл мақалдардың интонациялық жалпы келбетін алып қарасақ, бірінші, үшінші тармақтары екінші тоналды (2) деңгейден басталып, үшінші (3) деңгейге көтеріледі. Ал екінші және төртінші тармақтар сәл бәсеңдейді. Екінші тармақ үшінші тоналды деңгейден (3) екінші тоналды деңгейге (2) дейін, ал төртінші тармақ екінші тоналды деңгейден (2) бірінші тоналды деңгейге (1) дейін төмендейді. Мақалдың мағынасына қарай тармақтың

басындағы, аяғындағы сөздердің кейбір буындары молырақ үдемелікпен, созылыңқы айтылады. Әр мақалда қанша тармақты болғанына қарамай (екі тармақты болса да, төрт тармақты болса да) бір ғана ой айтылады, сондықтан оның ең көлемді кідірісі біреу-ақ болады. Ол мақалдың ең соңындағы, төртінші тармақтың аяғында төмен деңгейде (1) тұр.

3. Мақалдың сирегірек кездесетіні бір тармақтан тұратындары. Олар бір тармақтан тұратын болған соң, олардың аяғында басқа тармақпен буын үйлесімі деген болмайды. Бірақ бір тармақты, бір жолдан тұрып, бір сөйлем болып тұрған мақалдың өз ішіндегі сөздерінде буын, дыбыс үйлесімі және сөздердің қайталануы бар. Сондықтан, мұндай мақалдарда да үйлесім және ырғақты топ табылады. Мысалы:

1) Ауылы бірдің – ауызы бір. <Ауылы бірдің< // ауызбір>///
2) Өз елім - өлең төсегім. <өз елім< // өлең төсегім> ///
3) Ырыс алды - ынтымақ. <Ырыс алды <// ынтымақ> ///
4) Бірлік болмай - тірлік болмас. <Бірлік полмай <// тірлік полмас> ///

Әр мақал жеті-сегіз буыннан тұратын бір ғана тармақ болып, әр тармақ қос ырғақты топ және қос синтагма құрап тұр. Синтаксистік құрылымы жағынан бірінші, екінші, үшінші мақалдар бастауыш тобы *(Ауылы бірдің, өз елім, ырыс алды)* мен баяндауыш тобынан *(ауызы бір, өлең төсегім, ынтымақ)* тұратын жай хабарлы сөйлемдер. Ал, төртінші мақал - себеп-салдарлы сабақтас-құрмалас сөйлем; бірлік болмай - бағыныңқы сөйлем де, тірлік болмас - басыңқы сөйлем. Келтірілген қос синтагмадан тұратын төрт мысалдың да интонациясы бір-біріне ұқсас көтеріңкі-бәсең, толқынды болып келіп аяғында төмендеп тиянақты тынады. Қос синтагманың алдыңғысы тиянақсыз, соңғысы тиянақты интонемаға жатады.

Жеті, сегіз буынды мақалдардың да екі тармақтысы (жарты шумақты) мен төрт тармақтысы (бір шумақты) жиі кездеседі. Ал үш тармақтылар сиректеу кездеседі екен.

4. Екі тармақтыларға мысал:

1) Елдің іші - береке,
Көптің іші - мереке.
<Елдің іші<// < береке>//
< Көптүң іші<// < мереке>///

2) Аз да бітер, көп те бітер,
Татулыққа не жетер?
<Аз да бітер> //< көп те бітер >//
<Татулыққа / не жетер>///?

3) Ерді – намыс өлтірер,
Қоянды – қамыс өлтірер.
<Ерді / намыс өлтүрер< //
< Қойанды / қамыс өлтүрер>///

4) Жұрт көргендей, қалаң болсын,
Жұрт білгендей, балаң болсың.
<Жұрт көргөндей / қалаң болсұн >//
< Жұрт пілгендей / балаң болсұн>///.

Бірінші, екінші және төртінші мақалдың әр тармағы қос ырғақты топтан, бір-екі синтагмадан тұрады да, ол ырғақты топтардың төртінші буыннан кейін келетін ара жігінде шағын кідірісі бар. Кідірістер жазуда тыныс белгілерімен (тире мен үтір) белгіленген. Үшінші мақалдың тармақтары да қос ырғақты топтан тұрады, бірақ олардың ара жігі төртінші буыннан кейін емес, бірінші тармақтың басындағы акценттелген сөздің *(ерді)* екінші буынынан кейін келеді, ал екінші тармақта акценттелген сөздің үшінші буынынан кейін *(қоянды)* келіп, арасы шағын кідіріспен бөлініп тұр.

Синтаксистік жағынан - бірінші, үшінші, төртінші мақалдардың әр тармағы дара сөйлем, ал екінші мақалдың бірінші тармағы құрмалас сөйлем де, екінші тармағы сұраулы сөйлем. Бұл мақалдардың әр қайсысы үйлесімді сөздерден, буындардан тұратын қос тармақтан тұрып, олар құрылымы жағынан дара бөлек сөйлем болғанмен, мағына жағынан өзара байланысты екі ойды білдіреді. Ол өзара байланысты ойлар мақалдың екі тармағы болып тұрған екі іргелес салалас құрмалас сөйлемдерде айтылып тұр. Келтірілген мақалдардың бәрінің интонациялық сызығы біркелкі. Бірінші тармағы толқынданып барып аяғы жоғары көтеріліп барып шағын кідіріпен бөлінсе, екінші тармағы толқынданып келіп, аяғы төмендеп барып сөйлемнің соңында келіп, ойдың аяқталғанын білдіретін, төмен (1) тоналды деңгейдегі көлемді кідіріспен бітеді. Бұлардың да алдыңғы синтагмасы тиянақсыз интонемаға, соңғысы тиянақты интонемаға жатады. Екінші мақалдың соңғы сұраулы сөйлемін арнаулы сұрақ интонемасына сай келеді.

Екі тармақты мақалдың екі тармағын жазып, бір-біріне жалғастырып, сонан соң оның интонациялық сызығын қарастырсақ, ол бірыңғай толқынды (2, 3 тоналды деңгейде) ұзын, кейбір буындары молырақ үдемелікпен және ұзақтылықпен айтылып, аяғында (1 деңгейде) бір-ақ төмендейтін бір сызық болар еді. Мысалы:

Жұрт көргендей // қалаң болсын, // Жұрт білгендей // балаң болсын.

Мұнда тиянақсыз және тиянақты интонемалар толқынды әуенмен ерекшеленеді.

5. Жеті-сегіз буынды төрт тармақты мақалдарға мысал:

1) Болмас елдің баласы <Болмас елдің баласы< //
Бірін-бірі табалар. <Бірім-бірі табалар> ///
Болар елдің баласы < Болар елдің баласы< //
Бірін-бірі ағалар. < Бірім-бірі ағалар> ///

2) Көрген сайын сіз десіп < Көргөн сайын < / сіз десіп <//
Сыйласқанға не жетсін. <Сыйласқанға </ не жетсін>///
Шашылғанды бірлесіп <Шашылғанды< / бірлесіп< //
Жинасқанға не жетсін. <Жыйнасқанға< / не жетсін> ///

3) Жақсылық қылсаң халыққа <Жахсылық қылсаң / халыққа< //
Бір қайырымын аларсың. <Бір ғайрымын / аларсың> ///
Жамандық қылсаң халыққа <Жамандық қылсаң / халыққа <//
Жапанда жалғыз қаларсың. < Жапанда жалғыз / ғаларсың> ///

Ырғақты, буындық ұқсастыққа, рифмалық үндесуге құрылған жеті-сегіз буынды төрт тармақтан тұратын мақалдардың әр тармағы бір-бір синтагма болады. Ол синтагмалар екі-екіден қосылып жеке сөйлем құрап тұр. Мұндағы төрт тармақтан тұратын тақпақтардың ырғақ, рифма үйлесуі олардағы сөздердің буын санының бірдейлігімен ғана емес, олардың дыбыстарының ұқсас, кейде бірдей болуымен, кейде сөздерінің қайталануымен болып тұрғанын байқау қиын емес: *табалар, ағалар, елдің-елдің, баласы-баласы, десіп-бірлесіп, сыйласқанға-жинасқанға, не жетсін-не жетсін, аларсың-қаларсың, жақсылық-жамандық, халыққа-халыққа* деген сияқты.

Келтірілген мақалдардағы қос тармақтан-синтагмалардан тұратын екі сөйлем бір ойды білдіретін болғандықтан оның соңғы (1 тоналды деңгейдегі) интонациясы мақалдың (төртінші тармақтың) ең соңында болады.

Бұл мақалдардың интонациясының жалпы сызығы «жорғаның тайпалуындай» біркелкі толқынданып келіп, екі-екіден қосылған синтагманың алдыңғысының соңында сәл көтеріліп, шағын кідіріспен бөлініп (тиянақсыз интонемаға сай), мақалдың соңғы синтагмасының аяғына қарай төмендеп барып көлемді кідіріспен аяқталады (тиянақты интонемаға сай). Мұндай жеті-сегіз буынды төрт тармақты тақпақ түрінде келген мақалдардың интонациялық сызығының толқындарының деңгейлері бір-біріне өте жақын екінші, үшінші тоналды деңгейде болып, оның үстіне, сөздерінің буын мөлшерлері бірдей болған соң, толқын аралары да біркелкі болып келеді де, көлемді «дем алыс» кідірісі мақалдың аяғында әр уақытта бірінші тоналды деңгейде болады.

6. Үш тармақтыларға мысал:

1) Ел жасымен көрікті
Тау тасымен көрікті
Аяқ асымен көрікті.
<Ел / жасымең гөрүкті> //
<Тау / тасымең гөрікті> //
<Аяқ / асымең гөрікті>///

2) Батыр болсаң – жауды қайтар
Шаруа болсаң – малды қайтар
Шешен болсаң – дауды қайтар.
<Батыр болсаң< // жауды ғайтар> //
<Шаруа болсаң <// малды ғайтар >//
<Шешем болсаң< // дауды ғайтар>///

Келтірілген бірінші мақалдағы жеті буынды тармақтың үшеуі де біркелкі құрылымды жай сөйлемдер. Әр қайсысы ара жігінде кідірісі бар екі-екі ырғақты топтан тұрады. Мұндағы сөздердің ырғақты топқа бөлінуі, бұрын келтірілген жеті буынды тақпақтардың бөлінуінен (төрт буын + үш буын) тіпті басқаша:

буындардың алтауы баяндауыш тобына жататын екінші ырғақты топта тұр да, *(жасымен көрікті, басымен көрікті, асымен көрікті)* ал бастауыш болатын жалғыз буынды *ел, тау* деген сөздер бірінші ырғақты топтың ролін атқарып, басқаларынан кідіріс арқылы бөлініп тұр. Біздің бұдан көретініміз - мақал тармақтарының ырғақты топқа бөлінуі кейде оның мағынасына қарай икемделіп өзгеше болуы. Бірінші мақалдағы үш тармақтың интонациялық сызығы бір-біріне ұқсас: екеуінің соңы екінші тоналды деңгейден төменірек келіп шағын кідіріспен бөлініп, үшінші соңғысының аяғы бірінші деңгейге дейін төмендеп көлемді кідіріспен бітеді.

Екінші үш тармақты мақалдың әр тармағы құрылымы жағынан шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер. Әр қайсысы біркелкі мөлшерлі, үйлесімді буындардан болып, екі-екі ырғақты топтан, синтагмадан тұрып, шағын кідіріспен бөлініп тұр. Оның біріншісі бағыныңқы сөйлем де, екіншісі басыңқы сөйлем. Бұл үш сөйлем күрделі ойды білдіріп тұрғандықтан, ол бұлардың интонациялық сызығында да көрініс табады. Бұлардың интонациясы толқынды біртұтас болады: бастапқы синтагмасының аяғы біркелкі көтеріңкі болып тиянақсыз интонемамен бітсе, кейінгі синтагмаларының басыңқы сөйлемдерінің екеуінің соңы екінші және бірінші тоналды деңгейдің арасында тоқтайды да, үшіншісі ғана бірінші деңгейге дейін төмендеп, тиянақты интонемамен және көлемді кідіріспен бітеді.

7. Мақалдың он бір-он екі буындылары көбінесе екі тармақты болады. Мұндай мақалдар сиректеу кездеседі. Себебі мұндай мақалдардың жеті-сегіз буынды мақалдарға қарағанда буын саны көп болып, тармақтары ұзынырақ болғандықтан оларды есте сақтап, айтуға қиынырақ болуында болса керек. Мақал-мәтелдерге тән есте сақтауға қолайлы «лаконичность» деген қасиет төрт-бес буынды мақалдар мен жеті-сегіз буынды мақалдарда жиірек кездеседі. Сондықтан олар ел аузында көбірек тараған. Дегенмен он бір буынды мақалдардың мол көлеміне сай, олардың мағынасы да терең болып келеді. Мысалы:

1) Шеберді шебер қолынан таниды
Батырды батыр жонынан таниды.
<Шеберді шебер / қолынан танийды> //
<Батырды батыр / жонұнан танийды>///

2) Хас сұлуды қаралысында сынама
Хас батырды жараласында сынама.
<Хас сұлұуды / қаралысында сынама >//
< Хас патырды / жаралысында сынама>///

Бірінші мысалда он бір буыннан тұратын мақалдың екі тармағы да екі-екі синтагмадан тұратын екі жай хабарлы сөйлем. Бұлардың интонациясын алып қарасақ, ол - екеуінде біркелкі. Бес - буынды бірінші синтагмалар өз-ара жақын деңгейде толқынданып келіп аяқ жағында көтеріліп, тиянақсыз интонемаға ие болса, екінші алты буыннан тұратын синтагмалар да солай толқынданып барып, төмен түсіп, тиянақты интонемамен сипатталады. Бірақ бұл екінші алты буынды синтагмалардың алдыңғысынан соңғысының жалпы деңгейі біраз төмендеу болады да, көлемді кідіріс осы соңғысында, яғни мақалдың соңына келеді.

Екінші он екі буыннан тұратын мақалдың екі тармағы да екі-екі синтагмадан тұратын екі жай бұйрықты сөйлемдер. Бұлардың интонациясының жалпы сызығы бір-біріне ұқсас. Бірінші төрт буыннан тұратын синтагмалар толқынданып келіп, аяғындағы буын *(ды)* акценттеліп үшінші тоналды деңгейде, молырақ үдемелікпен, ұзақтылықпен ерекшеленіп, тиянақсыз интонемаға ие болады. Екінші сегіз буыннан тұратын синтагмалар да толқынданып келіп, бұйрық райда тұрған баяндауыштарының соңғы буыны *(ма)* акценттеліп айтылады. Екінші сөйлемнің тоналды деңгейі біріншісінен төменірек болады да, ал оның соңғы синтагмасы тиянақты интонемамен сипатталып, бірінші деңгейде көлемді паузамен бітеді.

Көлемді формалы өлеңдердің, толғаулардың, жырлардың интонациялық ерекшеліктері

Көлемді формалы тақпақтарға қазақ поэзиясының көп шумақты (екі шумақтан артық) өлеңдерін және көп тармақты толғауларын, жырларын жатқызамыз.

Көп шумақты өлеңдер жеті-сегіз буынды немесе, он бір буынды да болып келе береді. Көлемді формалы толғаулар мен жырлар көбінесе, тақпақтың көне түрі болып саналатын жеті-сегіз буындысынан тұрады. Ал қазіргі көркем әдебиеттегі көп тармақты поэмалар мен толғау, жырлар жеті-сегіз буынды да он бір буындыда болып, көп шумақты өлеңдер түрінде де кездесе береді. Бұл көп шумақты өлеңдер мен көп тармақты толғаулар, жырлар синтаксистік құрылымы жағынан жай хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер түрінде де, құрмалас сөйлемдер түрлерінде де, (оның ішінде көп компонентті, көп бағыныңқылы түрлерінде), сондай-ақ бір тақырыпты дербес сөйлемдерден тұратын күрделі синтаксистік тұтастықтар түрінде де кездеседі. Сөйлемнің жоғарыда аталған құрылымдық түрлерінің бәрінің өзіне тән интонациялық ерекшеліктері бар екені анық. Себебі сөйлемдердің интонациясы олардың құрылымымен де мағынасымен де тығыз байланысты. Сондықтан поэзияда кездесетін түрлі сөйлемдер өзінің, құрылымына, мағынасына, мақсатына қарай, интонацияның барлық компоненттерін (әуен, қарқын, үдемелік, ұзақтылық, кідіріс сияқтыларды) бір-бірімен байланыстырып қозғалысқа түсіреді де, олар сол сөйлемдердің интонемасын сызады.

1. 7 буынды бірнеше шумақты өлеңге мысал:

Дала мен қала

Дала менен қалаға
Ортақ өскен баламын
Менің үшін бәрібір
Шарабың мен шалабың.

Дала болып тыныстап,
Маужырап дем аламын
Қала болып жұмыстан
Қалжырап бір қаламын.

Қала кезде басшымын
Жұмыстымын дер едім

Дала кезде ащының
Дәмін татып көремін.

Қарыз алсам біреуден
Қала құсап аламын
Қарыз берсем біреуге
Дала құсап беремін.

Етек-жеңім ашылып
Дала құсап жатам да
Ертеменен асығып
Қала құсап оянам (Қадыр Мырзалиев).

<Дала меңең / ғалаға <//
<Ортағ өскем / баламын >///
<Менің үшүм / бәрібір< //
<Шарабың мен / шалабың> ///

<Дала болұп / тыныстап <//
<Маужырап дем / аламын >///
<Қала болұб / жұмұстан< //
<Қалжырап бір / қаламын >///

<Қала кезде / башшымын< //
<Жұмұстамын / деребім> ///
<Дала гезде / ашшының< //
<Дәмін татып / көрөмүн>///

<Қарыз алсам / біреуден< //
<Қала ғұсаб / аламың> ///
<Қарыз берсем / біреуге <//
<Дала ғұсап / перемін> ///

<Етег-жеңім / ашылып <//
<Дала ғұсаб / жатам да< //
<Ертеменен / асығып <//
<Қала ғұсаб / ойанам >///

Синтаксистік құрылымы жағынан қарастырсақ, келтірілген бес шумақты өлеңнің төрт шумағының екі-екі тармағы қосылып бір-бір жай хабарлы сөйлем болып тұр. Ал бесінші шумағы салалас құрмалас сөйлем түрінде келіп, алдыңғы екі тармағы оның бір компоненті болып, соңғы екі тармағы екінші компоненті қызметін атқарып тұр.


Интонациялық, ырғақ жағынан алып қарасақ, бұл жеті буынды бес шумақты өлеңнің әр тармағы жеке-жеке синтагма болып, бәрі бірдей қос ырғақты топтан, яғни екі-екі бунақтан тұрады. Олардың дауыс ырғағының өзгеруімен белгіленетін жігі төртінші буыннан кейін келіп, жырлардағы сияқты төрт+үш

буын болып бөлініп тұр. Олардың ара жігінде кідіріс жоқ. Ал әр шумақтағы әрбір төрт тармақтың әр қайсысы бір-бір синтагма болғандықтан кідіріспен бөлініп тұр. З.Ахметов айтқандай «... ырғағы буын санымен өлшенетін» (Ахметов, 1995, 205 б.). Қазақтың жеті буынды өлеңінің шумақтарындағы әр тармағының соңғы үшінші буыны ғана сан жағынан, дыбыс жағынан үйлесіп *(тыныстан - жұмыстан, ағамын - қаламын сияқты сөздер)* қоймай, олардың алдыңғы сөздері де *(дала-қала)*, ортасындағы сөздері де *(болып-болып, алсам-берсем)*, көбінесе буын жағынан бірдей болып, бір-бірімен ұйқасып, үйлесіп тұрады. ¤леңді өлең қылып, оның интонациясын «жорғаның тайпалуындай» қылып тұрған, әрине, осы ұйқастар мен үйлесімдер.

Сонымен, келтірілген бес шумақты өлеңнің жай сөйлемі болса да, құрмалас сөйлемі болса да, төрт синтагмадан тұратын, әр шумағының жалпы интонациялық келбетін алып қарасақ, оның әрбір синтагмасы оз алдына интонема - алдыңғысы тиянақсыз, соңғысы тиянақты интонема болып, екі-екіден жұптасып, көтеріңкі-бәсең толқынданып, мағынасына қарай кейбір буындары акценттеліп келіп, алдыңғы үшеуі шамалы паузамен бөлініп, ең соңғысы көлемді кідіріспен төменгі деңгейде аяқталады. Сонымен екі-екіден қосылған синтагмалардың алдыңғысының аяғы көтеріліп соңғылары төмендеп барып бітеді.

Бұл суреттелген өлеңнің интонациялық келбеті оның барлық шумақтарында біркелкі болып қайталанып отырады да, жеті буынды көп шумақты өлеңнің жалпы интонациялық өрнегін сызады.

Төмендегі схеманы қараңыз:



2. 7-8 буынды өлеңге мысал:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол
Адам болам десеңіз.

Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ
Бес дұшпаның білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой
Қанағат, рақым, ойлап қой
Бес асыл іс көңсеңіз (Абай).

<Ғылым таппай / мақтамба> //
<Орұн таппай / баптамба >//
<Құмарланып / шаттамба <//
<Ойнап поска / куулүүгө>///

<Бес нәрседен / қашықпол>//
<Бес нәрсеге / асықпол <//
<Адам болам / десеңіз>///

<Тілеуұң< //< өмұрұң алдында< //
<Оған ғайғы / жесеңіз>///

<Өсөк< //< өтұрүк< //< мақтаншақ< //
<Бес тұшпаның / білсеңіз>///

<Талап< //< еңбек< //< тереңой< //
<Қанағат< //< рақым< // <ойлапқой <//
<Бес асыліс< //< көнсөңүз>///

Жоғарыда Абайдан келтірілген жеті-сегіз буынды он төрт тармақ мағынасына қарай, бес сөйлемге бөлінеді. Оның біріншісінде төрт тармақ қосылып, бір сөйлем құрап, бір ойды білдіріп тұр, екіншісінде үш тармақ қосылып, бір ойды білдіріп тұр, үшіншісінде екі тармақ қосылып, бір сөйлем құрап, бір ойды білдіріп тұр, төртіншісінде де екі тармақ бір сөйлем, бір ойды білдіреді, бесіншісінде үш тармақ бір сөйлем болып бір ойды білдіреді. Бұл сөйлемдердің бәрі бұйрықты, хабарлы сөйлем түрінде, келіп, тармақтың әр қайсысы бір-бір синтагма құрап, өз алдына интонема болады. Хабарлы сөйлемнің алдыңғы синтагмалары бірыңғай мүшелер түрінде тиянақсыз интонемаға жатады да, ал соңғысы тиянақты интонемамен сипатталып, мөлшерлі кідіріспен тынады.

Бұл жерде синтагмалардың бірде сөйлем компоненттеріне тең (бірінші, екінші шумақта), бірде сөйлем мүшелеріне (бірыңғай мүшелері) тең екенін байқау қиын емес (төртінші, бесінші шумақта).

Келтірілген өлеңнің әр шумағының синтагмалары көтеріңкі-бәсең толқынды әуенмен айтылып, шағын кідіріспен бөлініп, ең соңғы көлемді кідіріс тиянақты деп аталатын сөйлемнің аяғында келетін интонемадан кейін келіп, шумақты көмкеріп тұр.

Бұл шумақтарда да сөздердің, буындардың акценттелуі олардың мағынасымен тығыз байланысты. Мысалы бірінші шумақтағы бұйрық райдағы етістіктен болып тұрған баяндауыштардың *(мақтанба, баптанба, шаттанба)* ортаншы буынына ой екпіні түсіп, молырақ үдемелікпен созылыңқы да нық айтылып тұр. Шумақтардың тармағының саны да түрлі-түрлі (төрт, үш, екі) болуы ойдың біту-бітпеуімен байланысты екенін байқау қиын емес.

Кейде өлеңнің мағынасына қарай тармақтары шумаққа бөлінбейтіні де кездеседі. Оны ендігі жеті-сегіз буынды он тармақты мысалдан көреміз:

Балалық өлді білдің бе ?
Жігіттікке келдің бе?

Жігіттік өтті көрдің бе?
Кәрілікке көндің бе?
Кім біледі, сен кәпір
Баяндыдан сөндің бе?
Баянсызға төндің бе?
Әлде айналып, кім білер,
Боталы түйе секілді
Қорадан шықпай өлдің бе?

<Балалығ өлдұ >// <білдің бе> ///
<Жігіттікке / гелдің бе >///
<Жігіттіг өттұ> // <гөрдұң бе> ///
<Кәрілікке / гөндұң бе>///
<Кім біледі <//< сеңгәпір< //
<Байандыдан / сөндұң бе >///
<Байансызға / төндұң бе> ///
<Әлд' айналып< //< кімбілер< //
<Боталы түйө / секілді< //
<Қорадан шықпай / өлдұң бе>///

Бұл өлеңде де жоғарыда келтірілген жеті буынды өлең сияқты әр тармағы екі-екі бунақтан тұратын, біркелкі жеке-жеке синтагма құрап, синтагмасының бәрі дерлік бір-бір сұраулы сөйлем болып тұр. Тек қана бесінші тармақта қаратпа сөз бар *(сен кәпір)* және сегізінші, оныншы сұраулы сөйлем болып тұрған тармақтар екі синтагмаға бөлінеді. Бір-бір синтагмаға тең сұраулы сөйлемдер жалпы сұрақ интонемасымен, ал бесінші, сегізінші кім есімдігі бар сөйлем арнаулы сұрақ интонемасымен ерекшеленеді. Сұраулы сөйлемдердің баяндауыштары *(білдің, келдің, көрдің, көндің...)* және *кім* деген сұраулы есімдік акценттеліп айтылады. Өлеңнің көлемді кідірісі ең соңындағы сұраулы сөйлемнен кейін келіп тұр.

Көп тармақты жеті буынды жырға мысал ғып төмендегі Төле бидің Қазыбек биге берген батасын келтіруге болады. Бұдан бұрынғы мысалда барлық сөйлем сұраулы болып келсе, бұл мысалда сөйлемдердің бәрі бірдей бұйрықты болып тұр:

Атасызға ата бол!
Батасызға бата бол!
Арып-ашқан каріптің
Жел жағына жота бол!
Панасызға пана бол!
Кек сақтамас бала бол!
Дос сүйініп қас сыйлар
Асу бермес дана бол!

<Атасызға / ата бол> ///
<Батасызға / бата бол> ///
<Арыб-ашқан / кәріптің< //
<Жел жағына / жота бол> ///

<Панасызға / пана бол> ///
<Кек сақтамас / бала бол> ///
<Дос сүйініп< // қас сыйлар< //
<Асу бермес / дана бол> ///

Бұл жырдағы сегіз тармақ алты бұйрықты сөйлем болады. Әр бұйрықты сөйлемнің аяғы *бол* деген бұйрық райдағы етістіктен болған баяндауышпен бітеді. Мұндағы тармақтардың буын үйлесуі *бол* деген сөздің қайталауымен ғана емес, тармақтың басындағы *атасызға, батасызға, панасызға*, ортасындағы *ата, бата, жота, пана, бала, дана* деген сөздердің өзара ұйқасымен үйлесіп тұрғанын байқау қиын емес. Бұл мысалдағы тармақтың әр қайсысы бір-бір синтагма болып тұр. Тек, жетінші тармақ екі синтагма құрап тұр. Бұл синтагмалардың әр қайсысы жеке сөйлем болса (бірінші, екінші; бесінші, алтыншы тармақтар), екеуі қосылып бір сөйлем болатындары да бар (үшінші, төртінші; жетінші, сегізінші тармақтар). Бұйрықты сөйлемдердің (1,2,5,6) интонациясы біркелкі бұйрық интонемасымен ерекшеленеді. Бұлардың әуені үшінші тоналды деңгейден бастап көтеріліп төртінші деңгейге дейін келеді. Ал, сөйлемдердің соңы үшінші және бірінші тоналды деңгейге дейін түседі. Бұйрық раймен *(бол)* байланысты акценттелу *ата, бата, жота, пана, бала, дана* деген сөздерге тікелей қатысты болып тұр. Үшінші-төртінші, жетінші-сегізінші тармақтар қосылып екі сөйлем құрайды. Бірінші компоненттері екінші тоналды деңгейден үшінші деңгейге көтеріледі де, екінші компоненттері бұйрықты сөйлем моделіне сай келеді. Ал соңғы деңгейдегі көлемді кідірістің жырдың ең аяғында бір-ақ келуі, ол мұндағы сөйлемдердің барлығы бірімен-бірі тығыз байланысты бір ғана күрделі ойды білдіретіндігін көрсетеді.

3. Интонациясы біркелкі толқынды болып, оның сызығы қайталанып, Ахаң айтқандай, нағыз «кілемнің басына түсетін өрнек сияқты» болып келетіні, ол төрт тармақты бірнеше шумақты өлеңдер. Мысалы:

Әсемпаз болма әрнеге
Өнерпаз болсаң, арқалан
Сен де бір кірпіш дүниеге
Тетігін тап та, бар қалаң!

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да қуғанға,
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға

Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса қазаққа
Алдың-жалын артың – мұз,
Барар едің қай жаққа?

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға,
Ұстаздық қылған жалықпас
Үйретуге балаға.

<Әсемпаз болма / әрнеге> ///
<Өнөрпаз болсаң< //< арқалан> ///
<Сен де біргірпіш / дүнүйөге< //
<Тетігін тап та< //< бар / қалан> ///!

<Қайрат пен ақыл / жолтабар< //
<Қашқаңға да< //< қуғаңға> ///
<Әділет<// < шапқат / кімде бар< //
<Сол жарасар / туғаңға> ///


<Бастапқы екеу / соңғысыз< //
<Біте ғалса / қазаққа <//
<Алдың< //< жалын< //< артың <// < мұз< //
<Барар едің / қайжаққа?> //

<Ақырын жүрүп <//< аныкпас> //
<Еңбегің гетпес / далаға> //
<Істаздық қылған / жалықпас< //
<Үйрөтүүдем балаға>///

Абайдың бұл төрт тармақты төрт шумақты өлеңінде сөз, буын үйлесімі, яғни «жорғағы» өте келісті келіп, барлық төрт тармақты шумақтарының интонациялық өрнегі біркелкі толқынданып қайталанып отырады. Осы өлеңдегі әр тармақ екі-екі бунақтан тұрып, жеке-жеке синтагма болып аралары шағын кідіріспен бөлініп тұр. Әр шумақ дербес ойды білдіретін болғасын, көлемді кідіріс әр шумақтың соңында, төртінші тармақтан кейін келіп тұр.

Синтаксистік құрылымын алып қарасақ, әр шумақта мағына жағынан байланысты екі-екі сөйлем қосылып, бір күрделі ойды білдіріп тұр. Сондықтан екі-екі синтагмадан тұратын сөйлемдердің интонациясы толқынданып келіп біріншісінің аяғы көтеріліп қайрылып, үшінші деңгейге жетеді, екінші синтагманың аяғы бірінші деңгейге жетпей төмендеп, екінші және бірінші деңгейлердің ортасында (1, 5) орналасады, ал ең төмен бірінші деңгейдегі (1) көлемді кідіріс төртінші синтагмадан кейін шумақтың ең соңында келіп тұр.

Соңғы екі шумақты жазып қарасақ, төмендегідей өрнекті көрер едік:



4. Жеті-сегіз буынды ескі жырлар әдетте шумаққа бөлінбейді. Бірақ сөйлемдердің шекарасы көрініп тұрады да, онда тыныс белгілері болады. Мұндай көптармақты жырлар кейде құрмалас сөйлемдер түрінде де келе береді. Оның ішінде көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер көбірек кездеседі.

Бірнеше дербес жай және құрмалас сөйлемдерден болған бір тақырып айналасында өрбитін сөйлемдері бар жырларды күрделі синтаксистік тұтастықтарға жатқызуға болады. Синаксистік құрылымына қарай осындай жырлардың өзіне лайықты интонациялық өрнегі болатыны сөзсіз. Көп тармақты күрделі синтаксистік тұтастыққа жататын жырға мысал:

1) Асыл туған Ақжүніс
2) Күнді бұлт құрсайды.
3) Күнді байқап қарасам,
4) Күн жауарға ұқсайды.
5) Айды бұлт құрсайды.
6) Айды байқап қарасам,
7) Түн туарға ұқсайды.
8) Көңілдерін еріткен
9) Көлдегі қулар шулайды.
10) Шулағанға қарасам,
11) Көктен сұңқар суылдап,
12) Соғылғанға ұқсайды.
13) Бойды байқап қарасам,
14) Қол-аяғым созылып,
15) Ауызы-мұрным суынып,
16) Қақтың маған бұйрығы
17) Таянғанға ұқсайды (Ер Таргын).

1) <Асыл тұуған / Ағжүнүс <//
2) <Күндү бұлт / құрсайды>///
3) <Күндү байқап / қарасам <//
4) <Күн жауарға / ұқсайды>///
5) <Айды бұлт / құрсайды>///
6) <Айды байқап / қарасам< //
7) <Түн тұуарға / ұқсайды>///
8) <Көңүлдерін / еріткен< //
9) <Көлдөгү құулар / шұулайды>///
10) < Шұулағаңға / ғарасам <//
11) <Көктөн сұңқар / сұұлдап< //
12) <Соғұлғаңға / ұқсайды>///
13) <Бойдұ байқап / қарасам< //
14) <Қол-айағым / созұлұп< //
15) <Ауызы-мұрнұм / сұұнұп <//
16) <Қақтың маған / бұйрұғұ <//
17) <Тайаңғаңға / ұқсайды>///


Келтірілген он жеті тармақтан тұратын жырдың әр тармағы екі-екі бунақтарға (төртінші+үшінші буын) бөлініп, жеке-жеке синтагма құрайды. Бұл жырдың ырғағы мен интонациясының сызығы буындардың, сөздердің ұйқасымен және кей сөздердің қайталануымен өрнектеліп тұр. Мысалы: *ұқсайды, байқап қарасам, күн-түн, күнді-түнді-айды* деген сөздер жырдың басынан аяғына дейін қайталанып тұр.

Бұл жеті дербес сөйлемнен тұратын күрделі синтаксистік тұтастыққа жататын жырдың синтагмаларының интонациясы толқынданып келіп, соңы көтеріліп, кейбір сөздер мағынасына қарай акценттеліп, кейбір синтагмалар төмендеп барып кідіріспен бөлінеді. Бір-біріне ұқсас интонация өрнегі жырдың аяғына дейін бірнеше рет қайталанып, оның жалпы интонациялық келбетін сызады.

Осындай жырлар немесе жалпы өлеңдердің интонациясын қарастырғанда айта кететін жағдай - жыр не өлеңдерді артистер сахнадан, немесе дикторлар радиодан мәнерлеп оқығанда, бұлардағы сөздер, бунақтар, олардың әр буыны айқын, қатты, созылыңқы айтылатын болғандықтан, ондағы әр сөз тыңдаушыға анық естіліп, өте әсерлі болады.

Мәнерлеп, созып оқығанда, жай кезде дауыс әуенінің көтеріңкі-бәсең өзгеруімен белгіленетін бунақтардың аралық жігінде синтагмалардың араларындағыдай шамалы кідірістер пайда болатыны байқалады. Ол кідірістердің ерекшелігі - олар кез келген сөздер арасында емес, тек қана бунақтардың арасында пайда болатындығы анықталды. Бұл бунақтардың құрылымының «өзара тығыз» бүтіндік заңдылығын көрсетіп тұр.

Келтірілген жырдың интонациялық сызығын жазып жіберсек, біркелкі жоғарылы-төменді он жеті-иінді өрнек болар еді:



Көп бағыныңқылы сабақтас сөйлем түріндегі жырға Махамбеттің белгілі өлеңін келтіруге болады:


1) Ереуіл атқа ер салмай
2) Егеулі найза қолға алмай
3) Еңку-еңку жер шалмай
4) Қоңыр салқын төске алмай
5) Тебінді терге шірімей
6) Терлігі майдай ірімей
7) Алты малта ас болмай
8) Өзіңнен туған жас бала
9) Сақалы шығып жат болмай
10) Ат үстінде күн көрмей
11) Арып-ашып шөл көрмей
12) Ер төсектен безінбей
13) Ұлы төске ұрынбай
14) Түн қатып жүріп, түс қашпай
15) Тебінгі теріс тағынбай
16) Темір жастық жастанбай
17) Қу толағай бастанбай
18) Ерлердің ісі / бітер ме?!

1) <Ереуұл атқа / ерсалмай< //
2) <Егеулі найза / қолғ'алмай< //
3) <Еңкүу-еңкүу / жершалмай <//
4) <Қоңұр салқын / төск' алмай< //
5) <Тебінді терге / шірімей <//
6) <Терлігі майдай / ірімей <//
7) <Алты малта / асполмай <//

8) <<зүннен тұуған / жаспала< //
9) <Сақалы шығып / жатполмай< //
10)< Ат үстүнде / күнгөрмөй< //
11)< Арыб-ашып / шөлгөрмөй <//
12)< Ер төсөктем / безімбей< //
13)< ¦лұ төскө / ұрұмбай <//
14)< Түнғатыб жұрұп // түскашпай <//
15)< Тебінгі теріс / тағымбай <//
16)< Темір жастық / жастамбай< //
17)< Құу толағай / бастамбай <//
18)< Ерлердің / ісі бітер ме> ///?!

Осы Махамбеттің жеті-сегіз буынды тамаша жыры буын саны, сөзінің біркелкі үндесуі, бунағының біркелкі «жорғағы» жағынан да, көркемдік, мазмұн, бейнелеу жағынан да жыр біткеннің асқақтаған үлгісі.

Әр қайсысы жеке-жеке синтагма болатын он сегіз тармақтан тұратын жырдың өзіне лайық ерекше интонациялық өрнегі бар. Он сегіз тармақтың он жеті тармағы бірыңғай шартты бағыныңқы сөйлем болса, ал ең соңғы он сегізінші тармақ басыңқы сөйлем болып тұр. Сондықтан он жеті синтагманың бәрі біркелкі динамикамен толқынданып, соңғы жағы көтеріліп қайрылып, бірыңғай мөлшерсіз кідіріспен бөлінеді де, ең соңғы синтагманың аяқ жағы мөлшерлі кідіріспен бітеді. Бұл сұраулы сөйлем жырдың аяғындағы «Ерлердің ісі бітер ме?!» деген көп компонентті құрмаластың басыңқысының соңына қойылған тыныс белгілері (?!) семантикалық-синтаксистік мағынаны дұрыс көрсетіп тұр. Бұл жырдың интонациялық сызығын жазып жіберсек, төмендегідей біркелкі өрнек болар еді:



5. Жеті-сегіз буынды жырдың көп тармақты болып, бір тақырыпқа байланысты өрбитін бірнеше жай және құрмалас сөйлемдерден тұратын, бірнеше күрделі синтаксистік тұтастыққа тағы да мысал келтіріп, ондағы дербес сөйлемдердің және олар енген күрделі синтаксистік тұтастықтардың (КСТ) жігін айырып қарастырайық:

Мұны көріп Қамбардың
Жоқшылық кірді есіне.
Қымызы бар деп ақ үйдің
Түсемін барып несіне?
Қырындап өтіп барады
Сұңқарың тұтып бетіне.
Қара қасқа тұлпары,
Жерді тартып табаны
Алшаңдап басып асықпай,
Ауылдың шықты шетіне.
Бұлттан шыққан айға ұқсап

Тұр еді Назым нұрланып
Атлас көйлек үстінде
Көк арбаға сүйеніп,
Шыбықтай белі бұралып.
Сүйретіп алтын шашпауын
Ордаға барып кіреді,
Боз жорға аттай ырғалып.
Аһ ұрғанда ауызынан
Түтіні шығып сұлудың
Жүрегі кетті от жанып.
«Қара атты Қамбар қарамай,
Не себептен кетті? – деп
Ашуы келді долданып.
«Ақша бетім қарайып
Қалды ма, деп, - апырмай?»
Шар айнасын қолға алып,
Сұңқардай көзі сүзіліп,
Жыламай көңілі бұзылып,
Айнаға көзін тұр салып (Қамбар батыр).

<Мұнұ гөрұп / Қамбардың< //
<Жоқшұлұқ / кірді есіне>///
<Қымызы бар деп / ағұйдұң< //
<Түсөмім барып / несіне>///?
<Қырындаб өтұп / парады< //
<Сұңқарын тұтұп / петіне>///
<Қара ғасқа / тұлпары< //
<Жерді тарпып / табаны <//
<Алшандап пасыб / асықпай< //
<Ауұлдұң шықты / шетіне>///
<Бұлттан шыққан / айғ' ұқсап <//
<Тұр еді Назым / нұрланып< //
<Атлас көйлөг / үстүнде< //
<Көгарбаға / сүйөніп< //
<Шыбықтай белі / бұралып>///
<Сүйретіп алтын / шашпауұн< //
<Ордаға барып / кіреді< //
<Божжорға аттай / ырғалып>///
<Ah ұрғанда / ауызынан <//
<Түтүнұ шығып / сұлұудұң< //
<Жүрөгү гетті / отшанып>///
<"Қар' атты Қамбар / қарамай<//
<Не себептең / гетті"- деп <//
<Ашұуұ гелді / долданып>///
<"Ақша бетім / қарайып< //
<Қалды ма деб <// <апырмай< // ?"
<Шар айнасын / қолға алып <//

<Сұңқардай гөзұ /сұзұлұп <//
<Жыламай көңұлұ /бұзұлұп<//
<Айнаға гөзұн /тұр салып>///

Мысалға алынып отырған осы отыз тармақты жырда бір тақырыпқа байланысты бірнеше сөйлемнен тұратын екі күрделі синтаксистік тұтастық бар. Оның біріншісі (он тармақтан тұратын) Қамбар батыр туралысы да, екіншісі (жиырма тармақтан тұратын) Назым сұлу жайында.


Келтірілген жырдағы әр тармақ екі-екі бунақтан тұрып, жеке-жеке синтагма болып келеді. Тармақтар екіден, үштен, кейде төрттен қосылып бір ғана ойды білдіретін, бір жай не құрмалас сөйлем түрінде келген.

Бірінші күрделі систаксистік тұтастық бір тақырыпты өрбітетін (Қамбар батыр туралы) төрт сөйлемге бөлінген он тармақтан тұрады. Екінші күрделі синтаксистік тұтастық (Назым сұлу туралы) жиырма тармақтан тұрып, алты сөйлемге бөлініп тұр. Бұл екі күрделі синтаксистік тұтастықтан тұратын жыр қанша көлемді болғанымен сөйлемдердің құрылымы мен мағынасына байланысты өзінің интанациалық келбеті бар. Бұл жырдың интанациясын мәнерлейтін ырғағы мен «жорғағы» буындардың, сөздердің ұйқасымен, әсіресе тармақтың соңындағы үш буынды сөздердің, мысалы бірінші (I) КСТ-ағы *есіне, несіне, бетіне, шетіне, барады, табаны, тұлпары* сияқты сөздердің үйлесуімен болып тұр.


Ал екінші (II) КСТ-ағы сондай роль атқаратындар; *нұрланын, бұралып, ырғалып, от жанып, долданып, тұр салып* дегендер. Бұлар күрделі синтаксистік тұтастықтың басынан аяғына дейін тармақтарын бір-бірімен ұйқастырып байланыстырып үйлестіріп тұр. Бірнеше синтагмадан тұратын сөйлемдердің соңғы, төменгі деңгейдегі кідіріспен бөлінетінен басқасының бәрі соңына қарай көтеріліп үшінші (3) деңгейге дейін келеді.

Алайда ең төмен (1) бірінші деңгейдегі кідіріс әрбір күрделі синтаксистік тұтастықтың ең соңында, яғни 10-тармақ пен 20-шы тармақтан кейін келеді.

Он тармақтан-синтагмадан құрылған тұтастықтың үш сөйлемі екі синтагма және төрт сөйлемі төрт синтагма болып бөлінетін I КСТ-ың интонациялық сызығы төмендегідей болады:



Сөйлемдердің соңғы төмендейтін синтагмасынан басқа алдыңғы синтагмалары бірнешеу болса, олардың мағынасы мен сөйлемдегі функциясына қарай өрнектерінде аздап айырмашылықтар кезеседі. Жиырма тармақтан-синтагмадан құрылған тұтастықтың бірінші сөйлемі бес синтагма, екінші, үшінші, төртінші сөйлемі үш синтагма, бесінші сөйлемі екі синтагма, алтыншы сөйлемі төрт синтагмадан тұратын II КСТ-ың өрнегі төмендегідей болып келеді:



Жоғарыда келтірілген өрнекте әр синтагма бір сызық болып тұр. Әрбір сөйлемдегі ең соңғысынан басқа алдыңғы мағынасы жағынан жақын неме-

се бірыңғай синтагмалардың сызығы ұқсас болып түсіп тұрғанын көруге болады. Өлеңдердің күрделі синтаксистік тұтастық келетіндерінде интонемала түрлерінің көбісі кездеседі.

6. Он бір буынды бірнеше шумақты өлеңдер мен көп тармақты поэмаларға мысал:

1) Келіп қалдым тағы да Жидебайға,
Жидебайда жүргем жоқ тіпті жайға
Қарауылдың басынан қарап тұрған,
Сәлем бердім иіліп ұлы Абайға.

2) Абай көзін тастап тұр алыстарға,
Шырайында бояу бар намыстанған.
Қатқыл сөйлеп қазір де ұрысқалы тұр,
Екеуара жұлысып алысқанға.

3) Мен қайсар боп өзімше өскен едім,
Сонда-дағы Абайдан сескенемін.
Бұл не қылған өлмейтін ғажайып жан,
Бастап отыр әлі өзі өскен елін.

4) Мен деймін-ау кім едім, мен дейтұғын?
Айта саппын бір сөзді сенбейтұғын.
Әуезовтің өзі де қымсынады,
Тірі жанның ырқына көнбейтұғын.

5) Қарауылдың басында ұлы ақын тұр,
Күнге бізден ол ақын тым жақын тұр.
Жиырмасыншы ғасырдың жас ұрпағы
Аяғының астына төгілген гүл (Ә.Тәжібаев).

1) <Келіп қалдым / тағы да / Жидебайға<//
<Жидебайда / жүргем жоқ / тіпті жәйға> //
<Қарауылдың / басынан / қарап тұрған<//
<Сәлем бердім / иіліп / ұл' Абайға>///

2)< Абай көзін / тастап тұр / алыстарға<//
<Шырайында / бояу бар / намыстанған>///
<Қатқыл сөйлеп / қазір де / ұрысқалы тұр<//
<Екеуара / жұлысып / алысқанға>///
3) <Мен қайсарбоп / өзімше / өскен едім>//
<Сонда-дағы / Абайдан / сескенемін>///
<Бұл неғылған / өлмейтін / ғажайыб жан<//
<Бастап отыр / әлі өзі / өскен елін>///

4) <Мен деймін-ау> // <кімедім / мен дейтұғын>//?
<Айта саппын / бірсөзі / сембейтұғын>///

<Әуөзовтің /өзү де / қымсынады> //
<Тірі жанның / ырқына / көмбөйтұғын>///


5) <Қарауұлдың /басында / ұл' ақын тұр>//
< Күңге бізден / олақын / тым жақынтұр>///
<Жыйырмасыншы /ғасырдың / жасұрпағы< //
< Айағының /астына / төгүптү гүл >///

Ә.Тәжібаевтың он бір буынды бес шумақты бұл өлеңі бір ғана тақырыпқа, яғни « ¦лы Абайға сәлем» беруге арналған соң, бұл өлеңді бүтіндей бір күрделі синтаксистік тұтастыққа жатқыздық.

Мұндағы бес шумақтың әр тармағының буын саны бірдей, біркелкі үйлесімді сөздерден тұрып, жеке-жеке синтагма болып тұр. Әр шумақ үш сөйлемнен тұрады; алғашқы екеуі салаласқан екі сөйлем болып, үшінші, төртінші тармақтар бір сөйлемнен құрылған.

Жалпы өлеңге көркем келбет « жорғақ» беретін жағдай, өлеңдегі әрбір тармақтың соңғы сөздерінің бастан аяқ өзара үйлесіп, ұйқасып тұруы; *Жидебайға, ұлы Абайға, тіпті жайға; алыстарға, алысқанға, намыстанған; өскен едім, сескенемін, өскен елім*, сияқты сөздер. Бұл өлеңнің жалпы интонациялық өрнегін алып қарастырсақ, әр шумақтағы, синтаксистік-интонациялық өлшем болып табылатын, төрт синтагма екі-екіден қосылып, алғашқысы көтеріліп, тиянақсыз интонемамен сипатталса, соңғысы төмендеп, тиянақты интонемаға лайықты болып, мөлшерлі кідіріспен бітеді. Бес шумақтың бәрінің интонациялық келбеті біркелкі болып, қайталанып, Ахаңның айтқанындай «кілемнің басына түсетін өрнекті» сызады.

Мысалға келтіріп отырған жиырма тармақ пен бес шумақтан тұрып бір КСТ болатын он бір буынды өлеңнің интонациялық өрнегі төмендегідей болып келеді:



Жоғарыда келтірілген сызықтардан көріп отырғанымыздай он бір буынды төрт тармақты шумақтардың өрнегі, егерде тармақтардың ішінде бөгде қаратпа сөз, қыстырма сөз, бірыңғай мүшелер болмаса, бәрі біркелкі симметриялы өрнектер түрінде келеді.

Күрделі синтаксистік тұтастыққа жататын өлеңдердің тармақтарының ішінде қаратпа сөз, қыстырма сөз не бірыңғай мүшелер болса, олар синтагмаларға бөлініп, оқшауланып не бірыңғайланып, тыныс белгілерімен бөлініп тұрады

да, соларға сәйкес интонемалармен сипатталып, барлық тармақтардың интонациялық келбетінде де көрініп тұрады. Мысалы:

Әке, сенің жасыңнан асып барам,
Кезі-кезі келгенде тасып та алам,
Кезі-кезі келгенде жасып та алам,
Мына өмірге, бәрібір, ғашық балаң.

Құр алақан емеспін қуаныштан,
Қуаныштар алдымда құрақ ұшқан
Бір арыстан өмірден өткенімен,
Өмір сүріп келеді тірі арыстан.

Өкінбе, әке, отың бар сөнбейтұғын,
Ол мәңгілік жанады көрмей тыным
Ұрпағың бар, ел менен ер намысын,
Тірі тұрса, қолынан бермейтұғын.
(М.Мақатаев).

<Әке<// <сенің жасыңнан / асып парам>///
<Кезі-кезі /гелгенде/ тасып т' алам <//
<Кезі-кезі /гелгенде/ жасып т' алам< //
<Мың' өмүрге /бәрібір//ғашық палаң>///
<Құр алақан / емеспін / құуаныштан<//
<Қуаныштар /алдымда/ құрағ ұшқан> ///
<Бір арыстан /өмұрден / өткөнімен<//
<Өмүр сүрүп /келеді/ тір' арыстан>///
<Өкүмб' әке<//< отұң бар / сөмбөйтұғұн >///
<Ол мәңгілік /жанады/ көрмөй тыным>///
<Ұрпағың бар< //<ел менен / ер намысын <//
<Тірі тұрса <//<колұнам/ бермейтұғұн>///

Келтірілген үш шумақты өлеңдегі бірінші шумақтың алдыңғы үш тармағы - бірыңғай іргелес сөйлемдер. Олардың үшеуінің де соңы біркелкі жоғары көтерілетін тиянақсыз интонемаға лайық шамалы кідіріспен бөлінеді де, төртіншісі ғана төмендеп, тиянақты интонемамен ерекшеленіп, көлемді кідіріспен бітеді. Бұл шумақтың бірінші тармағының басындағы *әке* деген қаратпа сөз синтагманы бөліп, өзі жеке синтагма құрап тұр. Төртінші тармақта дауыс ырғағының кенет төмендеуі *бәрі бір* деген қыстырма сөзге байланысты.

Екінші шумақтағы төрт тармақ - синтагма екі-екіден қосылып, оның бірінші тармағының соңы көтеріліп, екіншісінің соңы төмендеп, кідіріспен тынады.

Үшінші шумақтағы бірінші, үшінші және төртінші тармақтар екі синтагмаға бөлініп тұр, ал екінші тармақ бір синтагма құрайды. Бірінші тармақтың *әке* деген қаратпа сөзі кідіріспен бөлініп өзіне тән қыстырма интонемамен сипатталады.

Он бір буынды төрт тармақты көп шумақты өлеңдер тарихи жырлар мен поэмаларда жиі қолданылады. Мысалға С. Сейфуллиннің аса көлемді де көркем

«Көкшетау» поэмасындағы «Оқжетпес» бөлімін келтіруге болады. Бұл С. Сефуллиннің бестомдық шығармалар жинағының екінші томында, сегізінші беттен сексен алты бетке дейін жетпіс сегіз бетті алатын он бір буынды төрт тармақты көп шумақты поэмасы, шумағының саны алты жүз тоқсан алты екен. Бұл поэма елуден аса тараулардан тұрады екен. Олар: Оқжетпес, Қалмақ қызы, Жұмбақ тас, Кептер, Қарақұс, Лашын, Бұркіт пен аққу, Қыз жұмбағы, Адақ мерген, Бурабай; әнші ақындар: Ыбырай, Балуан Шолақ, Қажымұқан, Біржан, Ахан сері болып кете береді.

Біз мысалға он бір буынды, төрт тармақты поэманың «Оқжетпес» деген жетпіс үш шумақтан тұратын тарауын келтіріп отырмыз:

Көк торғын Көкшетауды мұнар басқан,
Бастары көкке бойлап бұлттан асқан
Бір шың бар етегінде тіп-тік найза
Адамзат жасағандай құйған тастан».

Сүп-сүйір бейне найза шың, құз, биік
Төбесі кейде тұрад бұлтқа тиіп.
Қарасаң етегінен шың басына,
Тақияң жерге түсед түрған киіп.

Тік-тік шың көкке қарай кеткен бойлап,
Тұрғандай таусылмайтын бір ой ойлап.
Жалғыз-ақ шың басында ноқаттай боп,
Құйқылжып қалықтайды бүркіт ойнап.

Басына атсаң-дағы оғың жетпес,
Иіліп ешбір тауға тәжім етпес,
Сол шыңға жан шықпаған ұя салып,
Шаңқылдап қаршыға мен бүркіт кетпес.

<Көкторғұн / Көкшөтауды /мұнар басқан< //
<Бастары / көккө бойлап / бұлттан асқан>///
<Біршың бар / етегінде / тіп-тік найза<//
<Адамзат жасағандай / құйған тастан>///

<Сүп-сүйүр / бейне найза / шың/ құз/ бійік< //
<Төбөсі / кейде тұрат / бұлтқа тійіп> ///
<Қарасаң / етегінен / шың басына<//
<Тақыйаң / жерге түсөт / тұрған гійіп>///
<Тік-тік шың / көккө ғарай / кеткем бойлап<//
<Тұрғандай / таусылмайтын / бірой ойлап>///
<Жалғыз-ақ / шың басында / ноқаттай боп<//
<Құйқылжып / қалықтайды / бүркіт ойнап>///

<Басына / атсаң-дағы / оғұң жетпес<//
<Ійіліп / ешбір тауға / тәжім етпес >///

<Сол шыңға / жан шықпаған / ұйа салып< //
<Шаңқылдап / қаршыға мен / бүркүт кетпес>///

Бұл поэманың басынан келтірілген он бір буынды бес шумақтың бәрі біркелкі көрікті сөздерден тұрып, буындары мінсіз үйлесімін тапқан. Енді тараудың соңғы шумақтарынан мысал келтірейік:

Атқан оқ тасқа тиіп жарқылдайды,
Шыңда ойнап бала бүркіт шаңқылдайды.
Оқтарын орамалға жеткізе алмай,
Батырла біраздан соң «қарқындайды».

Шіреніп садақтарын шыңға кезеп,
Сығалап орамалға оғын безеп.
Дағдарды оғын ешкім жеткізе алмай,
Ысқыртып садақтарын кезек-кезек.


Ешқайсы сыннан сөйтіп өтпеген соң,
Қыз қайтсын «өзің таңдау ет» деген соң,
«Оқ жетпес» деген атақ алыпты шың,
Атқан оқ нақ басына жетпеген соң.

<Атқаноқ / тасқа тійіп / жарқылдайды<//
<Шынд' ойнап / бала бүркүт / шаңқылдайды>///
<Оқтарын / орамалға / жеткіз' алмай<//
<Батырлар / біраздан соң «қарқындайды»>///

<Шіреніп / садақтарын / шыңға гезеп<//
<Сығалап / орамалға / оғұм безеп<//
<Дағдарды / оғұн ешкім / жеткіз' алмай<//
<Ысқыртып / садақтарын / кезек-кезек>///

<Ешқайсы / сыннан сөйтүп / өтпөген соң<//
<Қызғайтсін / «өзүң таңдау ет»/ деген соң<//
<"Оғжетпес" / деген атақ / алыпты шың<//
<Атқаноқ / нақ басына / жетпеген соң>///

Атқан оқ нақ басына жетпеген соң, - деп бітетін «Оқжетпес» деген тараудың да, оның барлық жетпіс үш шумағының да, тіпті жоғарыда шумақ санын атап кеткен С. Сейфуллиннің бастан аяқ он бір буынды өте көлемді аса көркем жазылған «Көкшетау» поэмасының жалпы интонациялық келбетін алып қарасақ, әр шумағы екі-екі синтагмадан көтеріңкі-бәсең біркелкі симметриялы болып «тайпалып», мұндай интонацияны ұлы бабамыз Ахмет Байтұрсынов аса бейнелеп айтқан «кілемнің басына қайталап түсіп отыратын өрнек» сияқты деген сөздерін мақұлдайды:



Қазақ поэзиясындағы ритмикалық ыңғайластыққа, рифмалық ұқсастыққа, буын үйлесіміне құрылған үлкенді-кішілі тақпақ, өлеңдер, жырлардың өзіне тән семантикалық-синтаксистік ерекшеліктерімен қатар интонациялық ерекшеліктері бары ақиқат. Поэзия тілінде дауыс ырғағы буын санымен өлшенеді. Мұндай буын санына негізделген силлабикалық өлең жүйесі қазақ және басқа түркі тілдерінде қолданылады. Үндіеуропа тілдерінде сөздерді топтастыратын екпіннің қызметін қазақ және басқа да түркі тілдерінде үндестік заңы атқарады. Үндестік заңы сөздердің буындарын бір-бірімен жымдастырып, ешбір шашырауға жол бермей, буындардың дыбыстарын бірыңғай түсіріп үндестіріп, үйлестіріп тұрады. ¦лы бабамыз А.Байтұрсынов айтқандай, өлеңнің буындары белгілі мөлшерде топтасып «бунақ» (ырғақты топ) құрап, қайталанып, тұрақты сөз жігімен бөлініп тұрады. Силлабикалық жүйелі бунақтар поэзия тілінің ұқсастық заңдылықтарына икемделіп, сөздерінің буындарының санына дейін реттеліп, гармониялық көркемдікпен ерекше түзіледі. Бунақ қазақ өлеңінің ең шағын өлшемі болса, жалпы тіл білімінде универсалды семантикалық-синтаксистік, интонациялық ең шағын өлшем болып табылатын синтагма бір бунақтан да бірнеше бунақтан да тұруы мүмкін. Ондай жағдайда олар бірінің орнына бірі жүретін, бірдей өлшем де бола береді.

Кіші формалы мақал, мәтелдерді алатын болсақ, ойымызға Ахаңның өлең ырғағын «жорғақ» дегені түседі. Мақал, мәтелдердің буын үйлесуі және олардың мөлшерлерінің бірдей болуы, әр мақалды бір шеңбердегі біркелкі ырғақта ұстап, олардың біркелкі, көтеріңкі - бәсең «жорға жүрісінің тайпалуы» сияқты толқынды интонациясын сызады.

Көп шумақты өлеңдер мен көп тармақты толғаулар, жырлар синтаксистік құрылымы жағынан жай хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер түрінде де, құрмалас сөйлемдер түрлерінде де, күрделі синтаксистік тұтастықтар түрінде де кездеседі. Поэзияда кездесетін сөйлемнің жоғарыда аталған құрылымдық түрлерінде бұрын көрсеткеніміздей, интонациялық модельдердің (интонемалар) бәрі көрініс табады. Сөйлемдердің интонациясы әрқашан олардың құрылымы мен мағынасына тығыз байланысты болады. Сондықтан поэзияда кездесетін, сөздерінің буындарының санына дейін реттеліп, дыбыстары үйлесіп, ерекше түзілетін сөйлемдерде олардың мағынасына қарай интонациясы да барлық компоненттерін (әуен, қарқын, интенсивтілік, ұзақтылық, пауза) өзгеше әсемдікпен реттеп, өлеңнін ырғақты кестесін сызады. ¤леңдердің шумақтарының жалпы интонациялық келбетін алып қарасақ, синтагмаларының әуені біркелкі толқынданып келіп, көтеріңкі-бәсең тонмен сипатталып, кейбір сөздер мағынасына қарай акценттеліп, соңы төмендеп барып кідіріспен бітеді. Кейде тармақтарының ішінде қаратпа сөз, қыстырма сөз, не бірыңғай мүшелер болса, олар синтагмалардан оқшауланып, не бірыңғайланып, тыныс белгілерімен

бөлінеді. Шумақтардың бір-біріне ұқсас интонация өрнегі өлеңнің аяғына дейін бірнеше рет қайталанып, оның жалпы интонациялық келбетін сызады.

ПОЭТИКАЛЫҚ МӘТІНДІ БЕЗЕНДІРЕТІН ПРОСОДИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЖӘНЕ КОГНИТИВТІК АСПЕКТІЛЕРІ

Қазіргі қазақ тіл білімінің гуманитарлық, адам факторына бағытталған, ұлттың мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін, менталитетін тіл арқылы зерттеуге мүмкіндік туып отыр. Тілдік бірліктерді адам санасымен бірге қарастырғанда жаңа когнитивті модельдер пайда болады. Ұлттық мәдениет пен әлеуметтік психология тек тіл арқылы танылады. Поэтикалық мәтін арқылы халықтың философиялық-дүниетанымы, мінездемесі, этноұлттық ерекшеліктері айқындалады. Әр ұлттың мәдениеті, салт-дәстүрі, заңдылықтары ұлттың санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасып, мәдени мұра ретінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырады. Тілде көрініс табатын ұлттық менталитті тану мақсатында мәтіннің когнитивті-прагматикалық жақтарын анықтауға болады. Тіл тұтынушы дүниенің тілдік бейнесі арқылы және оның тілдік жүйеде таңбалануы арқылы ұлттық менталитет жайында құнды ақпарат ала алады. Тілдің құралдары көмегімен ұлттың мәдениетімен, психологиясымен танысуға мүмкіндік туады.

Адамзат қоғамы өз білімін әртүрлі мәтіндер арқылы жинақтап, атадан балаға жеткізетіні белгілі. Поэтикалық мәтін тек автордың тілдік құзіреті, әлемді тілдік бейнелеуі, ниеті, мүмкіндігі тұрғысынан ғана емес, оқырманның қабылдауы позициясымен бірлікте қарастырылуы қажет. Мәтінді (дискурсты) адамдар қарым-қатынасындағы коммуникативтік құрал, адресант пен адресаттың сөйлеу қызметінің нәтижесі ретінде қарастыру құнды болмақ. Осы орайда сөйлеушінің алдына қойған коммуникативтік ниеті, поэтикалық дискурстың мазмұны, сөз түзуші мен тұтынушы және ұлттық менталитеті туралы мәліметтері просодикалық құралдар арқылы көрінеді. Сөйлеу процесінде тілдік бірліктер просодикалық тәсілдер көмегімен бір-бірімен әрі мағыналық, әрі синтаксистік байланысқа түсіп, сөйлеушінің ой-пікірін, эмоциясын жеткізеді. Сөйлеу процесінің жемісі ретінде поэтикалық дискурс ниет білдіруші мен қабылдаушының қарым-қатынасын көрсетіп, экстралингвистикалық факторлармен бірге белгілі бір оқырман қауымына бағытталады.

Поэтикалық мәтін - тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жинап, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде жеткізіп отыратын игілікті қасиетімен ерекшеленеді. Ғасырлар бойы қалыптасып, қорланып, рухани-мәдени мұра ретінде ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жетіп, өлеңдер, мақал-мәтелдер, жыр-толғаулар арқылы адамның ұлттық психологиясын, мінез-құлқын, эмоциялық жай-күйін елестетеді. Қазақ тіліндегі ырғақты рифмалық ұқсастыққа, буын үйлесіміне құрылған поэзияның үлкенді-кішілі түрлерінің өзіне тән семантикалық-синтаксистік ерекшеліктерімен қатар интонация-просодикалық ерекшеліктері де бар екені сөзсіз. Сондықтан көп шумақты өлеңдердің, жыр - толғаулардың да әуен өрнектері просодикалық тәсілдер арқылы тексерілуі тиіс.

Өлеңдер сан алуан тақырыпты қамтуымен қатар, адам өмірінде, оның тұрмыс-тіршілігінде, қоғамдағы кездесетін жағдайларды, құбылыстарды оқырманға

таныстырады. Халық өміріндегі қарым-қатынас пен қоғамдық құбылыстарды бейнелей сипаттай отырып, адамның тағлым-тәлімін және эстетикалық танымын поэтикалық мәтін арқылы байқауға болады. Оның суперсегментті фонетика деңгейіндегі когнитивті-прагматикалық қырлары қызықты да өзекті проблемалардың бірі болып есептеледі. Жырлар, өлеңдер, нақыл сөздер көркем тілмен ұйқасымды айтылған, сөйлемдік құрамы қалыптасқан, ауыздан ауызға көшіп, өңделіп, халық санасында өмір сүретін, халықтың ортақ рухани қазынасы болып табылады. Олар лексика-семантика жағынан жеткілікті зерттелген, бірақ олардың әуен өрнектері, просодикалық ерекшеліктері когнитивті-прагматика аспектісінде әлі талданған жоқ. Поэзияда кездесетін, сөздерінің буындарының санына дейін реттеліп, дыбыстары үйлесіп, ерекше түзілетін сөйлемдерде олардың мағынасына қарай просодикалық тәсілдері өзгеше әсемдікпен реттеліп, өлеңнің ырғақты кестесін сызады. Міне, поэтикалық мәтінді әр қырынан зерттегенде, әсіресе суперсегментті фонетика деңгейінде, жаңа нәтижелерге жетуге болады.

Поэтикалық мәтін аса күрделі семантикалық-құрылымдық жүйе ретінде өзіндік ерекшеліктерімен, заңдылықтарымен сипатталады. Поэтикалық мәтіннің талдануы арқылы түрлі әдіснамалық бағыттар, мектептер қалыптасқан, бір ойды жеткізу үшін дәстүрлі тілдік құралдармен бірге басқа да амал-тәсілдер орын алады. Бұлар кез келген тіл жүйесінің сегменттік деңгейінің үстінен келіп, сонымен қатарлас іске асатын және автономды түрде қарастырылатын суперсегменттік деңгей. Өз бетінше дербес құбылыс ретінде есептелетін сөйлемде, мәтінде көрініс табатын просодикалық тәсілдердің орны ерекше. Мәтін-дискурсқа синтаксистік және лексикалық талдау жасаумен қатар суперсегментті фонетика тұрғысынан да жан-жақты зерттеу жүргізуге болатыны анық. Поэтикалық мәтіндегі просодикалық тәсілдерге талдау жасап, олардың көгнитивті-прагматикалық, лингвомәдениеттану және стильжасамдық қызметін анықтауға болады. Өлеңдердің просодикалық-интонациялық көріністері оның құрылымдық және коммуникативтік-прагматикалық мағынасымен байланысты. Қазақ поэтикалық мәтіннің сөз сазы, ырғағы, рифмасы қарастырылып, болашақ ұрпаққа өлең, жырлар, толғауларды талдау арқылы жететіні белгілі.

Халықтың сүйіп тыңдайтын жырларының бірі Қобыланды батыр жыры. Біз осы жерде батырлар жырынан (эпостан) «Қобланды батырдан» бір үзіндісін қарастырмақпыз. Бұл жыр Қобланды батырға арналған соң ол бір үлкен тақырыпқа, үлкен күрделі фразалық тұтастыққа жатады деп саналады. Бірақ бұл бір Қобландыға арналғанмен оған байланысты уақиғаларға, кейіпкерлерге бөлек-бөлек КФТ-ар арналады. Мысалы, аса жүйрік, аты аңызға айналған Тайбурылға арналған бірнеше көлемді КФТ-ардан тұратын жырлар бар. Тайбұрырылды құлын күнінен алып өсірген сүйікті қалыңдығы Құртқа қызға арналған КФТ-арда осы жырға енеді. Сөйтіп бұл жырдың көлемі неше жүздеген КФТ-лардан тұратын үлкен мәтін. Бұл жыр халықтың аузында ерте заманнан сақталған «Қобланды батыр», ұрпақтан ұрпаққа ауызша ауысып, одан әрі әрленіп, халықтың арман-қиялымен суарылып, нағыз халық сүйіп тыңдайтын жыр, аңыз болады.

Батырлар жырларын орындаушы жыршылар оны көбінесе домбыраға қосып, речитативпен (тақпақтың бір түрі) орындаса да, олардың әрқайсысының өз әуені, өз орындау манері болады. Мұндай өте көлемді жырларды күні-түні отырып жырлаушы да тыңдаушы да табылады. Олар жырлардың қызығына

батып күні-түні отыруға даяр. Оның қызығы жыршыны шақыратын адамдар оларға жағдай жасап, дастархан жайып, дем алдырып, тамағын беріп, сусынын ішкізіп отырады.

Қобланды батырды сүйетін Құртқа қыз сымбатына қоса аса мықты, жастайынан ат құлағында ойнап әкесінің жылқысын баққан қыз екен. Ол Тайбұрылды құлын күнінен танып, нағыз тұлпар болатынын болжап «жөргегінен алып» өсіреді. Оны Құртқа қыз нағыз шабандоз-бапкер, бағбандарша бағып-қағып өсірді. Ол оны бағып-өсірудің жөнін де, мәнін де мезгілін де біледі. Уақыт келгенде оған өзі бас білдіреді. Қалай, қанша шабуды, қанша дем алуды өзі тексереді. Суға түсіріп, жалдарын күмістей жалтылдатып, ешкімді қасына жолатпай (көз тимесіндеп) оңаша бағады. Ол құлын өсіп, тай болып, Тайбұрыл атанғанша оны ешкімге көрсетпейді. Тайбұрылды Қобланды батыр өзі көріп, оның батырға лайық тұлғасын, тұрпатын көріп, шабысын байқап, көңілі толып, Тайбұрылды енді жарысқа қосуға болатын шығар дейді. Сонда Құртқа сұлу жарысқа қосуға болғанмен жорыққа шығуға әлі ертерек, уақыты жеткен жоқ деп, тағы да біраз уақытқа алып қалып, бұлақтың мөлдір суын ішкізіп, сібірдің бармақтай сұлысымен бағып қала береді. Сонда Құртқаның Қобыландыға айтқан, Қобыландының Құртқаға айтқан сөзі:

Қош, сұлтаным, аман бол!
Әлдеқандай боларсың?
Асқар төбе бел дерсін,
Тайбұрыл атпен желерсің.
Жақсы-жаман қадірін
Құртқаның сонда білерсің,
Құртқаға сонда сенерсің...
Үйдемісін, қыз Құртқа,
Түздемісің, қыз Құртқа?!
Әйел болдың, амал жоқ,
Егер еркек болғанда
Болар ең жұртқа сен тұтқа!

<Қош, / сұлтаным,↑//<аман бол!↑//
<↑Әлдеқандай / боларсың?↓//>
<Асқар төбе / бел дерсін, //
<Тайбұрыл атпен / желерсің.↑//
<Жақсы-жаман / қадірін ↑//
<Құртқаны сонда / білерсің,↓//>
<Құртқаға сонда / сенерсің...↓//>
<Үйдемісің, / қыз Құртқа,↑//
<Түздемісің, / қыз Құртқа?!↑//
<Әйел болдың, / амал жоқ,↓//
<Егер еркек / болғанда↑//
<Болар ең жұртқа / сен тұтқа!↑//

Қобланды мен Құртқаның арасындағы әңгіме Тайбұрыл жайында өрбіп тұр. Сөз түзуші мен қабылдаушының қарым-қатынасы сөз барысындағы пресуппозицияларына байланысты. Сөйлеу актілері тұрғысынан қарастырсақ (Surl) бұнда сөйлеушінің ойы директивалар (аман бол) бұйрықты интонема арқылы, интер-

рогативтер (әлдекандай боларсың) сұраулы интонема арқылы көрінеді. Сөйлеу актісінде адресант иллокутивтік мақсатын семантика-интонациялық құралдар арқылы адресатқа жеткізеді. Қобланды батыр өзінің Құртқаға арналған сөзінде коммуникативтік жағдаятына сәйкес, тыңдаушыға (Құртқаға) әсер ету үшін, реакция туғызу үшін эмоциялық-экспрессивтік мағынасында қаратпа сөздерді (қыз Құртқа) қайталайды. Қобландының ой-ниеті функциональды-семантикалық және интонациялық-просодикалық құралдар арқылы тыңдаушыға жеткізіледі. Интонема вариантарының қолдануы жырда сөз иелерінің қарым-қатынасы мен көңіл-күйіне, олардың дүниетанымы мен көзқарастарының ерекшелігіне байланысты.

Жеті-сегіз буынды жырдың әр тармағы екі-екі бунақтарға (төрт+үш) бөлініп, жеке синтагма құрайды. Жырдың ырғағы әуен өрнектері сөздердің, буындардың ұйқасымен ерекшеленіп тұр. Бірінші жеті тармағы бір ойды білдіріп, бұйрықты, қыстырма, сұраулы интонемалармен сипатталады. Тональды, динамикалық, темпоральды параметрлері қозғалысқа түсіп интонемалардың өрнектерін сызады. Жырдың соңғы бес тармағы қыстырма, сұраулы, лепті интонемалармен өрнектеліп, дербес ойды білдіретін болғасын көлемді паузамен бітеді. Жырдың интонациялық келбеті толқынданып, кейбір сөздері ой екпінімен белгіленіп, интонациялық компоненттері қозғалысқа түсіп, бірнеше рет қайталанатын өрнектерін сызады. Сонымен сөйлеу түзуші мен сөйлеу тұтынушы арасындағы қарым-қатынас просодикалық тәсілдер арқылы анықталып, сипатталады. Сөйлеушінің прагматикасына, эмоциясына қарай оның дауыс реңкісі де құбылып тұрады.

Біздің тағы қарастыратынымыз жырдың бір бөлігі, бірнеше КФТ-тардан тұратын Қобландының Тайбұрылының шабысы. Ол халық ауыз әдебиетінің аса көркем үлгісі болып табылады. Батырлар жырларын халықтың талантты ақын-шайырлары шығарып, ол ауыздан ауызға ауызша ілгерідегілерден кейінге ауысып, көркемдігін жоғалтпай осы күнге жеткен. Онда керемет көркем теңеулер, теңдессіз қайрат пен сұлулық, эпитет, метафораның шыңы мен гиперболалар орнын табады. Мысалға Тайбурылдың шабысын суреттейтін жерін келтіріп, поэтикалық мәтіннің құрылымдық-интонациялық ерекшеліктерін қарастырайық.

Құбылып бұрыл гүледі,
Аяғы жерге тимеді.
Тау мен тасты өрледі,
Төрт аяқты сермеді,
Құлақтың түбі терледі,
Тер шыққан соң өрледі,
Адырды көзі көрмеді,
Көлденең жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі.
Қараша емес қауысты,
Қоңыраулатып дауысты,
Жақын қылды алысты
Берсін кімге намысты,
Күн төбеден аумақ-ай


Түзеді Бұрыл шабысты
Қос құлағы тігілді
Қайырға біткен қамыстай,
Түс ауған соң бүгілді
Илеуі жеткен қайыстай
Байлаулы малдай шешілді,
Төрт аяғын көсілді,
Әрбір сымдай есілді.
Кешегі кеткен қосынға
Жетемін деген Қобыланның
Жоқ еді тіпті есінде.
Бұландаған Бурылмен
Артық туған Қобыланды
Аңқып жетті бесінде.

<Құбұлып бурыл / гуледі,↑//
<Аяғы жерге / тимеді.//↓>
<Тау мен тасты / өрледі,↑//
<Төрт аяқты /сермеді,↑//
<Құлақтың түбү / терледі,↑//
<Тер шыққан соң / өрледі,↑//
<Адырды көзі / көрмеді,↑//
< Көлденең жатқан / көк тасты↑//
<Тіктеп тиген / тұяғы↑//
<Саз балшықтай / иледі.↓//
<Қараша емес / қауысты,↑//
<Қоңраулатып / дауысты,↑//
<Жақын ғылды / алысты↑//
< Берсін кімге / намысты,↑//
<Күн төбеден / аумақ-ай↑//
<Түзеді Бұрыл / шабысты↑//
<Қос құлағы / тігілді↑//
<Қайырға біткен / қамыстай,↑//
<Түс ауған соң /бүгүлді ↑//
<Илеуі жеткен / қайыстай ↑//
<Байлаулы малдай / шешілді,↑//
<Төрт аяғын / көсілді,↑//
<Әрбір сымдай / есілді.↓>//
<Кешегі геткен / қосынға↑//
<Жетемін деген / Қобыланның↑//
< Жоқ еді тіпті / есінде.↓>//
<Бұландаған / Бурылмен↑//
<Артық туған / Қобыланды↑//
<Аңқып жетті / бесінде.↓>//

Келтіріп отырған жеті-сегіз буынды жырдан алған үзінді (КФТ) орындау барысында жырдағы ырғақты топтар мен синтагмалар, тиянақты тиянақсыз ин-

тонемалармен өрнектеліп, өздеріне лайықты кідіріс-паузалармен белгіленіп, көтеріңкі-бәсең иректелген әуенді сызып өрнектейді. Ал жырдың бір үзіндісіндегі КФТ-ның басталуы мен аяқталуы интонациялық әуеннің төрт деңгейіне салса, онда КФТ-ның көтеріңкі, созылыңқы басталуы төрт деңгейлі схеманың бас жағынан төбесінде жоғарыда қалықтап тұрып барып, содан төмен түсіп, кәдімгі жеті-сегіз буынды жырдың ирелеңдеген сызығын сызар еді. Осы арада жыршы домбрасын тыңқылдатып, біраз дем алар еді. Келесі КФТ-ны бастауда тағы да даусын, көтеріп, мәнерлеп, сөзып барып, паузадан кейін речитативпен өз мәнеріне салып жырын бастайды. Сөйлеуші маңызды деп тапқан сөз бөліктеріне ой екпіні түсіп отырады. Жырдағы тармақтардың соңғы буындары бір-бірімен үйқасып, үйлесіп, (*гүледі, тимеді, өрледі, сермеді, терледі, көрмеді, иледі*) көркемдік, бейнелеу жағынан жырдың ырғағы мен «жорғағына» сәйкес толқынданып, қайырылып, «кілем кестесін» сызады. Просодикалық тәсілдер арқылы сөйлеушінің прагматикасын, эмоциясын, тыңдаушысына деген көзқарасы мен ниетін білуге болады. Жырды безендіріп отыратын просодикалық тәсілдер сөзді дауыстың құлпыруына, өзгеруіне қарай түрлендіріп, мәнерлеп, көріктендіріп, сөйлеушінің сөзіне ажар береді және айтылған ойды жандандырып, мәтіндегі сөйлемдердің мағыналары, қарым-қатынастары айқындалып, анықтала түседі. Интонациялық компоненттер поэтикалық мәтіндегі сөйлемдерді бөлшектеп, мүшеленген сегменттердің бір-біріне қатысын ашып, анықтап, айтқан ойды түсіндіруде де үлкен рөл атқарады. Интонацияның құбылуы тыңдаушының есту, қабылдауына әсер етіп, мәтін мазмұнын дұрыс түсінуге көмектеседі.

Бұл жырдың бірінші он тармағының интонациялық сызығын жазып жіберсек, төмендегідей біркелкі өрнек болар еді:



Сонымен атадан балаға асыл мұра ретінде өтіп отыратын жырлардың әуен өрнектері көрнекі түрде көрсетілді. Ұлттың тарихынан, өмірінен, мәдениетінен келе жатқан жырлар интонология тұрғысынан қарастырылды. Қазақ этносына тән дүниетаным мен сананың айқын айғағы болып табылатын жырлардың интонациялық ерекшеліктері жан-жақты талданды. Халықтың өркениеті мен мәдениетінің қайнар бұлағы ретінде танылатын поэтикалық мәтіннің айшықтаю өрнектері просодикалық тәсілдер арқылы сипатталды. Халқымыздың көне асыл мұралары, ауыз әдебиетінің көркем үлгілері – батырлар жырларының құрылымдық-интонациялық ерекшеліктері талданып, көлемді жырлардағы синтагма, ырғақты топ, шумақ, тармақ, бунақтары белгіленіп, Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «кілемнің басына түсетін өрнегі» түрінде көрсетілді. Поэтикалық дискурстың әуен өрнектері, интонема модельдері, буындардың акценттелуі мен синтагма арасындағы кідірістері когнитивті-прагматика аспектісінде талданды.

8.6 Поэтикалық мәтінде кездесетін «Отан» концептісінің просодикалық тәсілдер арқылы көрінісі

Тілтанымындағы «**концепт**» ұғымы адамның қоршаған ортаны бейнелеу мақсатында пайда болған. Соңғы кезде «концепт» теориясы әр қырынан зерттеліп жүр. Концептілер арқылы ұлттың мәдени, тарихи ерекшеліктерін сипаттауға болады және олар тілдік біріліктер арқылы сипатталады. Поэтикалық мәтінде түрлі-түрлі концептілер кездеседі, олар көбінесе лексика, фразеология аясында зерттеліп келеді, ал олардың просодикалық көрсеткіштері әлі ешкім зерттеген жоқ. Поэтикалық мәтіннің концептілері - тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жинап, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде жеткізіп отыратын игілікті қасиетімен ерекшеленеді.

Поэтикалық мәтінде орын алатын **концептілер** арқылы халықтың философиялық-дүниетанымы, мінездемесі, этноұлттық ерекшеліктері айқындалады. Әр ұлттың мәдениеті, салт-дәстүрі, өмірлік заңдылықтары ұлттың санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасып, мәдени мұра ретінде ұрпақтан ұрпаққа **концептілер** арқылы жеткізіліп отырады. Тілде көрініс табатын ұлттық менталитті тану мақсатында мәтіннің когнитивті-прагматикалық жақтарын анықтауға болады. Тіл тұтынушы дүниенің тілдік бейнесі арқылы және оның тілдік жүйеде таңбалануы арқылы ұлттық менталитет жайында құнды ақпарат ала алады. Тілдің құралдары көмегімен ұлттың мәдениетімен, психологиясымен танысуға мүмкіндік туады.

Жырларда, өлеңдерде, кездесетін **концептілер** көркем тілмен ұйқасымды айтылған, сөйлемдік құрамы қалыптасқан, ауыздан ауызға көшіп, өңделіп, халық санасында өмір сүретін, халықтың ортақ рухани қазынасы болып табылады. Олар лексика-семантика жағынан жеткілікті зерттелген, бірақ олардың әуен өрнектері, просодикалық ерекшеліктері когнитивті-дискурстік бағытта әлі талданған жоқ.

«Отан» концептісі әлемнің тілдік бейнесінің көрінісі ретінде түрлі халықтардың поэзиясында орын алады. Ақынның мәдениеті және эмоциональды тәжірибесі мол болса, олардың концептілері де терең және кең мағыналы болатыны белгілі. Поэтикалық мәтін аса күрделі семантикалық-құрылымдық жүйе ретінде өзіндік ерекшеліктерімен, заңдылықтарымен сипатталады. Көркемсөздік мәтіндер халықтың рухани байлығының негізгі қоймасы болып табылады. Әлемнің поэтикалық бейнесі автордың ішкі психологиясына сәйкес көркем сөзде көрінеді. Әлемнің тілдік бейнесі халыққа әмбебаб болса, ал бір автордың поэтикалық дискурсі бір көркем шығармада көрініс табады. Автордың поэтикалық шығармасы ұлттық мәдениеттің көркем сөзіне іспеттес. Оның когнитивтік құрылымына әлемнің ұлттық бейнесі үстемеленеді және тілдің көркем тәсілдері (мысалы, просодикалық) арқылы бейнеленеді. Мәтін-дискурста кездесетін «отан» концептісін синтаксистік және лексикалық талдау жасаумен қатар суперсегментті фонетика тұрғысынан да жан-жақты зерттеуге болатыны анық. Поэтикалық мәтіннің просодикалық-интонациялық көріністері оның когнитивтік және коммуникативтік-прагматикалық мағынасымен байланысты. Қазақ поэтикалық мәтіннің сөз сазы, ырғағы, рифмасы қарастырылып, болашақ ұрпаққа өлең, жырлар, толғауларды талдау арқылы жететіні белгілі. Бұл жағдай әлем тілдерінің бәріне тән деуге болады.

Мысалы, «Отан» концептісінің поэтикалық мәтіндегі интонациялық көрінісін күрделі фразалық тұтастыққа жататын «Жетеді енді!» деген венгрдің ұлы ақыны Шандор Петефидің Қадыр Мырзалиев аудармасында берілген он бір буынды бірнеше шумақты өлеңде қарастырайық.

Енді КФТ-ға жататын «Жетеді енді!» деген венгрдің ұлы ақыны Шандор Петефидің Қадыр Мырзалиев аудармасында берілген он бір буынды бірнеше шумақты өлеңді қарастырайық.

Қашаңғы біз қуыршақ боп қаламыз!?
Жетеді енді! Сарбаз болсын баламыз!
Сыбызғылар қоя тұрсын сызылмай,
Керней үнін күтіп жатыр даламыз!

Кез келген жау алды бізді басынып,
Отан, оян! Шық қаруды асынып.
Тутандыру үшін сені керек пе
Жаратқанның жарк-жұрқ еткен жасыны?!

Шығасың ба? Шықпайсың ба майданға?
Қол жинасаң, құйыламыз қайдан да!
Қумайсың ба қазыларды без бүйрек
Жұрдай болған жүректен де, мидан да!

Қайда кеткен мадьярдың қуаты?!
Қас дұспанын өз қанына жуатын?!
Әлде біздер жасықпыз ба? Аналар –
Таусылған ба қайсар ұлдар туатын?!

Ей желөкпе, айта көрме асырып!
Біздің халық көрген емес бас ұрып.
Мадьярдың шарабындай бір отты
Елім менің отыр, сірә, жасырып!

Өте шығар ә дегенше ай ұзын
Кәне, керней, қандыр жұрттың айызын!
Жіберейік бәрін өле мас қылып,
Көмейлерге бір тамшы қан тамызып!

Отан! Отан! Жалтақтама, жасқан ба!
Ыңырсысып дұшпан тұяқ басқанда.
Немістердің табанынан босанып,
Жұлдыз даңқың қайта шықсын аспанға!

Алға! Алға! Жүрексінбе! Тартынба!
Қайыспайтын қайсарлар бар артыңда.
Ағып түссің жаудың жауыз көздері
Алдаспаның шыққан кезде жарқылдап!

Қашанғы біз қуыршақ боп қаламыз?!
Жетеді енде! Сарбаз болсын балаңыз!
Сыбызғы үні тура тұрсын сызылмай
Керней үнін күтіп жатыр даламыз!

<↑Қашаңғы біз / қуыршақ боп / қаламыз!?//↓>
<Жетеденді! / Сарбаз болсын / баламыз!//↓>
<Сыбызғылар / қоя тұрсұн / сызылмай,//↑
<Керней үнұн / күтүп жатыр / даламыз!//↓>
<Кез гелген жау / алды бізді / басынып,//↑
<Отан, / оян! / Шық қаруды / асынып.//↓>
<Тұтандыру / ұшұн / сені керек пе//↑
<Жаратқанның / жарқ-жұрқ еткен / жасыны?!//↑

<Шығасың ба? / Шықпайсың ба / майданға?//↑
<Қол жинасаң, / құйұламыз қайдан да!//↑
<Кумайсың ба / казыларды / без бүйрек//↑
<Жұрдай болған / жүректен де, // мидан да!↓>

<Қайда геткен / мадьярдың куаты?!//↓>
<Қас дұспанын / өз қанына / жуатын?!//
<Әлде біздер / жасықпыз ба? / Аналар –//↑
<Таусылған ба / қайсар ұлдар / туатын?!//↓>

<Ей желөкпе, / айта гөрме / асырып!//↑
<Біздің халық / көрген емес / бас ұрып.//↓>
<Мадьярдың шарабындай / бір отты //↑
<Елім менің отыр, / сірә, / жасырып! //↓>

<Өте шығар / ә дегенше / ай ұзын //↑
<Кәне, / керней, / қандыр жұрттың айызын!//↑
<Жіберейік / бәрін өле / мас қылып.//↑
<Көмейлерге / бір тамшы қан / тамызып!//↓>

<Отан! / Отан! / Жалтақтама, / жасқанба!↑//
<Ыңырсысып / дұшпан тұяқ / басқанда.//↓>
<Немістердің / табанынан / босанып, ↑//
<Жұлдыз даңқың / қайта шықсын / аспанға!↓>

<Алға! / Алға! / Жүрексінбе! / Тартынба!↑//
<Қайыспайтын / қайсарлар бар / артында.↓>//
<Ағыбтүссін / жаудың жауыз / гөздері↑//
<Алдаспаның / шыққан гезде / жарқылдап!↑//


<Қашаңғы біз / қуыршақ боп / қаламыз?!↑//
<Жетілгенде! / Сарбаз болсын / балаңыз!↑//
<Сыбызғы үні / тура тұрсұн / сызылмай↑//
<Керней үнұн / күтүп жатыр / даламыз!↓>//

Бұл оттай өткір ұран болып келетін тоғыз шумақтан тұратын күрделі фразалық тұтастық құрайтын бір ыңғай лепті, бұйрықты, сұрақты сөйленімдер өте жоғары деңгейде пафоспен жігерлі интонациямен қарқынды біркелкі биіктікте айтылатын каһармандық, патриоттық, мазмұнды халқын жауға қарсы майданға шақыратын жырлары таңқалдырмай қоймайды. Венгрдің ұлы ақыны Шандор Петефи отанының намысын қорғап, қан майданның өтінде жүріп не бары 26 жасында «аққан жұлдыздай жарқ етіп» мерт болады.

Барлық ұрандап айтатын сөйленімдерден кейін леп белгісі мен сұрақ белгісі қосарлап қойылған. Бұл жерде біз интонацияның негізгі компоненттерінің (жігерлі қарқын, мол интенсивтілік, кең тональды, динамикалық диапазон) шарықтап тұрған жерінде оның тыныс белгілерімен тығыз байланысы туралы айтпай кете алмаймыз.

Қарастырылып отырған көп шумақты он бір буынды өлеңде күрделі фразалық тұтастық көлемінде, хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйленімдердің интонемалары кездеседі. Тоғыз шумақты, бес тармақты өлеңнің буын саны бірдей болып, үйлесіп (*қаламыз, баламыз, даламыз; басынып, асынып*), бір тармағы бір синтагма құрып, ырғақты топтарға бөлініп тұр. Үйлескен сөздер бір-бірімен ұйқасып «жорғақ» түрінде көркем интонациялық келбетімен ерекшеленеді. Өлеңде эмоциялық-экспрессивтік бояумен сипатталған интонемалар баршылық. Тиянақсыз, тиянақты, сұраулы, бұйрықты, лепті, қаратпа интонемалар өзгеше әсемдікпен реттеліп, өлеңнің ырғақты кестесін сызады. Интонациялық компоненттер өлеңнің құрылымы мен мазмұнына сайкес бір-бірімен байланысқа түсіп, қазақ тіліне тән «сырмақ өрнектерін» елестетеді. Бұл шығармада ой екпіні ерекше орын алады, себебі оқырманды ынталандыруға арналған өлеңнің экспрессивтік мәні зор. Алайда мұнда тек адамның көңіл-күйі емес, оның ақиқатқа, айтылған ойға, оқырманға деген қатынасы түгел қамтылып, оқиғаның мазмұнын үстемелейді. Ой екпіні түскен сөздер тональды, динамикалық, темпоральды параметрлердің жоғары көрсеткіштерімен белгіленіп, сөйлеушінің баса көңіл бөлген ақпаратын білдіреді.

Поэтикалық мәтіннің түрлі құрылымдарының интонациясын зерттеу негізінде интонация компоненттері бірлесіп барып синтагма мен синтагманы, сөйлем мен сөйлемнің, құрмалас сөйлемдердің компоненттерінің, күрделі синтаксистік тұтастықтардың элементтерінің арасындағы мазмұндық қатынастарды көрсетеді және оларды бір-бірімен байланыстыруда да зор қызмет атқарады. Өлеңнің тармақтарының ішінде қаратпа сөз, қыстырма сөз не бірыңғай мүшелер болса, олар ырғақты топтарға бөлініп, оқшауланып не бірыңғайланып, тыныс белгілерімен бөлініп, соларға сәйкес интонемалармен сипатталып, тармақтардың интонациялық келбетінде де көрініп тұрады. Тармақтың ішіндегі ырғақты топтардың ара жігі бір-бірінен екпін түскен буын арқылы немесе әуеннің сынуы, көтеріліп күрт бәсеңдеуі немесе керісінше бәсеңдеп күрт көтерілуі арқылы ажыратылады. Өлеңдегі кідірістің рөлі сөз бөліктерінің ара жігін ажыратумен бірге сөйлеушінің көңіл-күйін, тыңдарманға деген ниетін білдіру қызметі де бар. Осындай паузалар поэтикалық мәтінде жиі кездеседі. Өлеңнің екі басты шумағының интонациялық өрнектерінің суретін келтірейік:



Мұндай күшті эмоциялық-экспрессивтік баяулы, ұран ретінде келетін лепті, бұйрықты, сұраулы сөйлемдер интонемалары шұғыл көтеріңкі-бәсеңді сызықтар сызады.

Келесі К.Ахметованың «Сен – қазақсың!» деген КСТ-қа жататын өлеңін қарастырайық.

Сен – қазақсың!
Қазақ деген ел бөлек.
Қазақ салған соқпақ бөлек, жол бөлек.
Киіз үйі жер сыяқты жұп жұмыр,
Шаңырағы күн сияқты дөңгелек.

Сен – қазақсың!
Бір Алланың құлысың!
Адамға адам құл болғаны құрысың!
Жойқын соғыс, зұлматтарда жойылмай,
Қалған ұлтсың! Қаһармансың! Ұлысың!

Сен – қазақсың!
Ұлы дала тұғыры.
Күмбір-күмбір күрескерлік ғұмыры.
Тіресеннің дірілдеткен тізесін
Тұлпарының тұяғының дүбірі!

Сен – қазақсың!
Алғызбайтын барыссың!
Ар-Ожданның асқағысың, намыссың!
Тағдырыңды танығысы келгендер
Тасқа басқан тарихыңмен таныссың!

Сен – қазақсың!
Қазынаға толы жер асты,
Ғаламатқа толы жер үсті.
Жерің суың, тауың сұлу соншалық!
Көрген кісі қалатындай тамсанып!

Сен – қазақсың!
Отаншылсың, тектісің!
Досыңа адал, дұшпаныңа кектісің.
Бұл далаға мұрагерлік, иелік –
Ұрпақтарға ұлы аманат деп түсін.

Сен – қазақсың!
Рухы еркін, өзі еркін!
Мұзбалақсын, сорғалаған сөзі еркін!
Қайталанбас күйшісін сен құя алған
Домбыраның өзегіне өз өртін!

Сен – қазақсың!
Қазақ едің туғанда!
Онда дүние тағылымынан үлгі ал да,
Ата жұрттан, Ана тілден айырылма!
Төбеңде Күн, төменде Жер тұрған да!

<Сең – ғазақсың!↑//
<Қазақ деген / ел бөлек.↓>//
<Қазақ салған / соқпақ бөлек, / жол бөлек.↓>//
<Киіз үйі / жер сияқты / жұб жұмұр,↑//
<Шаңырағы / күн сияқты / дөңгелек.↓>//

<Сең – ғазақсың!↑//
<Бір Алланың / құлұсың!↑//
<Адамға адам / құл болғаны / құрұсын!↑//
<Жойқын соғұс, / зұлматтар да / жойылмай,↑//
<Қалған ұлтсың! / Қаһармансың! / Ұлұсың!↑//

<Сең – ғазақсың!↑//
<Ұлы дала / тұғұры.↓>//
<Күмбұр-күмбұр / күрескерлік / ғұмұры.↓>//
<Тіреске ннің / дірілдеткен / тізесін↑//
<Тұлпарының / тұяғының / дүбүрі!↑//

<Сең – ғазақсың!↑//
<Алғызбайтын / барыссың!↑//
<Ар-Ожданның / асқағысың, / намыссың!↑//
<Тағдырынды / танығысы / гелгендер↑//
<Тасқа басқан / тарихыңмен / таныссың!↑//

<Сең – ғазақсың!↑//
<Қазынаға / толы жер асты,↑//
<Ғаламатқа / толы жер үсті.↓>//
<Жерің суық, / тауұң сұлу / соншалық!↑//
<Көрген гісі / қалатындай / тамсанып!↑//

<Сең – ғазақсың!↑//
<Отаншылсың, / тектісің!↑//
<Досына адал, / дұшпанына / кектісің.↓>//
<Бұл далаға / мұрагерлік, / иелік –↑//
<Ұрпақтарға / ұлы аманат деп / түсінік.↓>//

<Сен – ғазақсың!↑//
<Рухы еркін, / өзі еркін!↑//
<Мұзбалақсың, / сорғалаған / сөзі еркін!↑//
<Қайталанбас / күйшісің сен / құя алған↑//
<Домбыраның / өзегіне / өз өртін!↑//

<Сен – ғазақсың!↑//
<Қазақ едің / туғанда!↑//
<Онда дүние / тағылымынан / үлгі алда,↑//
<Ата жұрттан, / Ана тілден / айырылма!↑//
<Төбеңде Күн, / төменде Жер / тұрғанда!↑//


Сен қазақсың! Деген сегіз шумақты күрделі фразалық тұтастық құрайтын өлеңде қазақтың тарихынан – «жойқын соғыс, зұлматтарда жойылмай», «аман қалған» каһарман бабалардан дерек беретін шумақтар. Асты «қазынаға толы», үсті «ғаламатқа толы», ата-бабадан қалған байтақ жұртымыз туралы баяндайтын шумақтар одан әрі жалғастырады. Ал 5 тармақтың әр қайсысының басында «Сен – қазақсың!» деген қазақтарды қайрайтын жігерлендіретін лепті сөйлем қайталап тұр. Соңғы сегізінші тармақ – *«Ата жұрттан, Ана тілден айырылма! Төбеде Күн, төменде Жер тұрған да!»* деген бабалар бұйрық өсиетті сөздерімен аяқталады. Бұл патриоттық өлеңде автордың негізгі идеясына, прагматикасына назар аударған жөн. Просодикалық тәсілдер арқылы тыңдаушыларға арналған өлеңнің мазмұндық-функциональдық, коммуникативті-прагматикалық жақтары көрінеді.

Бұл сегіз шумақтан тұратын өлеңнің сазы байырғы жырларға ұқсап желдірмелеп қайталап, қайырылып айтылады. Әр шумақ симметрия түрінде бірінші тармақ төрт буынды, екінші тармақ жеті-сегіз буынды, үшінші, төртінші, бесінші тармақ он бір буынды болып келеді. Әр тармақ бір синтагмаға тең болып, екінші тармақ екі ырғақты топтан, үшінші, төртінші, бесінші тармақ үш ырғақты топтан тұрады.

Мәнерлеп, созып оқығанда, жай кезде дауыс әуенінің көтеріңкі-бәсең өзгеруімен белгіленетін ырғақты топтардың аралық жігінде синтагмалардың араларындағыдай шамалы кідірістер пайда болатыны байқалады. Ол кідірістердің ерекшелігі - олар кез келген сөздер арасында емес, тек қана бунақтардың арасында пайда болатындығы анықталды. Бұл бунақтардың құрылымының өзара бүтіндік тығыз екенін көрсетіп тұр. Кідіріспен бөлінген сегменттер ырғақты және синтагмалық екпіндермен белгіленіп тұр. Акценттелген сөздер тональды, динамикалық және темпоральды параметрлердің жоғары мәндерімен беріледі. Талданып отырған өлеңнің ерекшелігі – сөздердің буындары нақты айтылып, біркелкі қарқынмен және интенсивтілікпен сипатталуы. Тармақтардың әуен қозғалысы көтеріңкі, көтеріңкі-бәсең өрнектерімен сипатталып, тиянақсыз, тиянақты интонемалар арқылы көрінеді.

Бұл тамаша өлеңнің буын саны, сөзінің біркелкі үндесуі, бунағының біркелкі «жорғағы» жағынан да, көркемдік, мазмұн, бейнелеу жағынан да өлеңнің асқақтаған үлгісі болып табылады. Өлеңге көркем келбет беретін жағдай, өлеңдегі әрбір тармақтың соңғы сөздерінің бастан аяқ өзара үйлесіп, ұйқасып тұруы *ел бөлек, жол бөлек, дөңгелек, құлысың, ұлысың, құрысың, тұғыры, ғұмыры, дүбірі т.б.*

Интонациясының иірімдері әр шумақтың төрт тармағының аяғында бәрі бірдей тиянақсыз, аяқталмайтын интонемамен сипатталып, ал әр шумақтың соңғы бесінші тармағы бәрі бірдей төмендеп аяқталатын интонемамен өрнектеледі. Өлеңнің тармақтары көтеріңкі-бәсең, бәсең-көтеріңкі біркелкі симметриялы болып «тайпалып», мұндай интонацияны ұлы бабамыз Ахмет Байтұрсынов аса бейнелеп айтқан «кілемнің басына қайталап түсіп отыратын өрнек» сияқты деген сөздерін мақұлдайды.



Поэтикалық мәтіннің көп шумақты жырлары, өлеңдері көбінесе жеті-сегіз, он бір буынды болып келеді және құрылымы жағынан жай сөйлем, күрделенген, құрмалас сөйлемдер және күрделі фразалық тұтастық түрінде кездеседі. Кейбір сөйлем мүшелері актульданылып, орындары ауысып, құрылымы жағынан жалаң, толымсыз, эллипті болып келеді. Синтаксистік бірліктердің өзіне тән интонациялық ерекшеліктері бар екені белгілі. Олардың бір-бірімен байланысы симметриялық емес кейде ассиметриялық түрінде болады. Синтаксистік құрылымдар қазақ тіліндегі анықталған интонема варианттарымен сипатталады. Интонацияның компоненттері қозғалысқа түсіп, тональды, динамикалық, темпоральды параметрлердің өрнектерін сызады.

Осындай жырлар немесе жалпы өлеңдердің интонациясын қарастырғанда айта кететін жағдай - жыр не өлеңдерді артистер сахнадан, немесе дикторлар радиодан мәнерлеп оқығанда, бұлардағы сөздер, бунақтар, олардың әр буыны айқын, қатты, созылыңқы айтылатын болғандықтан, ондағы әр сөз тыңдаушыға (адресатқа) анық естіліп, өте әсерлі болады.

Сонымен, интонация тілдік бірліктерді бір-бірімен тығыз байланыста, мағыналық тұтастықта, жүйелі түрде талдай отырып, олардың коммуникативтік, когнитивтік, прагматикалық қызметін просодикалық тәсілдер арқылы көрсетеді

Әдебиет

Абдурахманов Г.А. Изучение синтаксиса тюркских языков // Советская тюркология, 1970, N 1.

Алексеев И.Е. Типология структурно-коммуникативных и интонационных систем высказывания в якутском языке. Автореф. дис. ... докт. филол. наук. Алма-Ата, 1994.

Аманжолов С.А. Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқа курсы. Алматы, 1940.

Антипова А.М. Направления исследований по интонации в современной лингвистике // Вопросы языкознания, 1986, N 1. С.122-129.

Античные риторики // Под ред. А. Тахо-Годи. М., 1978. 352 с.

Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. Алматы, 1988.

Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. Алматы, 1972.

Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. Алматы, 1995.

Ахметов З. Казахское стихосложение. Алма-Ата, 1964.

Базарбаева З.М. Типологическое исследование интонации вводных единиц. Алма-Ата, 1991.

БазарбаеваЗ.М. Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. Алматы, 1996.

Базарбаева З.М. Қазіргі қазақ тілі интонациясының негіздері. Алматы, 2002.

Баймуратова И.А. Қазақ тіліндегі интонация тәсілі арқылы жасалған сұраулы сөйлемдер. Канд. дисс. автореф. Алматы, 2003.

Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992.

Байтұрсынов А. Шығармалары (өлеңдер, аудармалар, зерттеулер). Алматы, 1989.

Байтугаева Г.И. Сложные определительные конструкции в современном казахском языке. Алма-Ата: Мектеп, 1962.

Балақаев М. Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем синтаксисінің негізгі мәселелері. Докт. дис. автореф. Алма-Ата, 1950.

Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. Алматы, 1961.

Бодуэн де Куртенэ И.А. Резья и резьяне // Славянский сборник. Т. 3. Спг., 1876. С.322. Строй казахского языка. Фонетика. Алма-Ата: Наука, 1991.

Болтабаева Х. Узбек тилида мураккаблашган содда гаплар. Тошкент: Фан, 1969. *Брызгунова Е.А.* Фонологический метод в интонации.//Интонация. Киев, 1978.

Будагов Р.А. Очерки по языкознанию. М: Изд-во АН СССР, 1953.

Бурнакова К.Н. Ритмомелодемы хакасских простых нераспространенных предложений. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1982.

Васильев D.A. Синтаксическая роль интонации (в английском и русском языках) // Phonetica. 1965. V. 12, N 3/4.

Велиев К.Н. Сложное синтаксическое целое и его поэтические конституэнты в эпическом тексте // Советская тюркология 1990, N 6.

Виноградов В.В. Грамматика современного русского языка. М. , 1952.

Виноградов В.В. Понятие синтагмы в синтаксисе русского языка // Вопросы синтаксиса современного русского языка. М., 1950.

Виноградов В.В. Современный русский язык. кн. 2. М-Л., 1938.

Всеволодский - Гернгросс В.Н. Теория русской речевой интонации. Петербург, 1922.

Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. М., 1981.

Гвоздев А.Н. К вопросу о фонологических средствах русского языка // Избранные работы по орфографии и фонетике М., 1963.

Герцог О.Ф. Ритмомелодика простого предложения теленгитского диалекта алтайского языка. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1988.

Даулетов М. Хәзирги қарақалпақ тилинде коспаланган жай гаплар. Нокис, 1976.

Джунисбеков А. Гласные казахского языка. Алма-Ата: Наука, 1972.

Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. Алма-Ата: Наука, 1980.

Долгова О.В. Семиотика неплавной речи. М.: Высшая школа, 1978.

Дресслер В. Синтаксис текста // Новое в зарубежной лингвистике. Москва, 1978.

Есенов Х.М. Қазіргі қазақ тілінің синтаксистік қатынастары, Алматы, 1985.

Есенов Х.М. Синтаксис осложненного предложения в казахском языке. Алма-Ата: Ғылым, 1992.

Есиркепов Е. Структурно-семантические особенности встречного вопроса в казахском языке. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1991.

Әуезов М. Әдебиет тарихы. Қызылорда-Ташкент, 1927.

Әуелбаев Ш., Қабиева Қ. Қазақ тілі. Алматы, 1972.

Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1966.

Жиенбаев С. Сөйлемнің үйірлі мүшелері. Алматы, 1935.

Зиндер Л.Р. Общая фонетика М.: Высшая школа, 1979.

Интерференция в русской речи казахов // Проблемы казахско-русского двуязычия. Алма-Ата, 1988.

Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954.

Канышева Т.А. К вопросу об интонации и грамматике // Законы семантического развития в языке. М., 1961.

Каспарова М.Г., Аралбаев Ж.А. Об изучении интонации казахского языка // Фонетика казахского языка. Алма-Ата: Наука, 1969. С. 83-98.

Кенесбаев С. К. Современный казахский язык. Фонетика. Алма-Ата: Изд-во АНКазССР, 1962.

Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). Алматы: Мектеп, 1962.

Кеншинбаев Т. К вопросу о соотношении казахской интонации и пунктуации // Вопросы казахской фонетики и фонологии. Алма-Ата: Наука, 1979. - С.190-198.

Кеншинбаев Т. Фонетические характеристики и пунктуационное оформление стыка фонетико-синтаксических единиц. Автореф. канд. диссер. Алматы, 2002.

Клюев Е.В. Речевая коммуникация. М., 1998.

Ковтунова И.И. Порядок слов и актуальное членение предложения. М.: Просвещение. 1976.

Кузнецов П.С. Проблемы дифференциальных признаков в фонологии и разграничение различных типов их исследования по фонологии. М., 1966.

Ломоносов М.В. Краткое руководство к риторике на пользу любителей сладкоречия. 1743 //Полное собрание сочинений. М-Л., 1952. Т. 7.

Ломоносов М.В. Российская грамматика. 1765 //Полное собрание сочинений. М.-Л., 1952. Т. 7.

Матезиус В. О так называемом актуальном членении предложения. пер. с чеш // Пражский лингвистический кружок. М., 1967.

Матусевич. М.И. Современный русский язык. Фонетика. М.: Просвещение, 1976.

Мусаев К.М. О глагольно-именных конструкциях в современном казахском языке. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. М., 1956.

Николаева Т.М. Интонация сложного предложения в славянских языках. Москва, 1969.

Николаева Т.М. Семантика акцентного выделения. Москва: Наука, 1982.

Николаева Т.М. Лингвистика текста: Современное состояние и перспективы // Новое в зарубежной лингвистике. Москва, 1978.

Норк О.А. К вопросу о синтаксической функции интонации // Phonetica 1965. V 12, N 3/4.

Норк О. А. Основные интонационные модели немецкого языка. Иностранные языки в школе. М. 1964. n 3.

Нурмаханова А.Н. Типы простого предложения в тюркских языках (грамматические и интонационные особенности на материале узбекского, каракалпакского и казахского языков). Ташкент: ФАН. 1965.

Нұрмаханова Ә.Н. Қазіргі қазақ тілі. Алматы: Мектеп, 1982.

Пешковский А.М. Интонация и грамматика // Избранные труды. М., 1959.

Пешковский А.М. Русский синтаксис в научном освещении. М., 1956.

Потапова Р.К. Аннотация работы М.Рюда. Метод мелодематического анализа современного руского языка // Изв. АН СССР, Т. XXYI, вып. 6, 1967.

Распопов И.П. Актуальное членение и коммуникативно-синтаксические типы повествовательного предложения в русском языке. Автореф. дис. ... докт. филол. наук. М., 1964.

Сарыбаев Ш. Междометие в казахском языке. Алма-Ата, 1959.

Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. Алматы, 1948.

Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары. (таңдамалы еңбектерінің жинағы). Алматы, 1982.

Солганик Г.Я. Синтаксическая стилистика. (сложное синтаксическое целое). М., 1973.

Сыздықова Р.Г. Сөз сазы. Алматы: Санат, 1995.

Трубецкой Н.С. Основы фонологии. М.1960.

Торсуева И.Г. Интонация и смысл высказывания. М., 1974.

Туркбенбаев Н.У. Сравнительная фонетика казахского и русского языков. Алма-Ата: Мектеп, 1978.

Утесбаева Ж.М. Интонационные конструкции казахского текста (на материале романа А.Нурпеисова «Қан мен тер»). Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1990.

Фортунатов Ф.Ф. Лекции по сравнительному языковедению СПб., 1899 // Избранные труды. т.2. М., 1957.

Цахер О.Х. Фонология и синтаксис // Вопросы германо-романского языкознания и методика преподавания иностранных языков. т. 1. Иркутск, 1968.

Цеплитис Л.К. Анализ речевой интонации. Рига, 1974.

Черемисина Н.В. Русская интонация: поэзия, проза, разговорная речь. М.: Русский язык, 1982.

Шапиро А.Б. Основы русской пунктуации. М., 1967.

Шахматов А. Синтаксис русского языка. Л., 1941.

Щерба Л.В. Фонетика французского языка М., 1948.

Щерба Л.В. О частях речи в русском языке //Избранные работы по русскому языку. М., 1957.

Ысқақов А., Хасенов Ә. Тыныс белгілері. Алматы, 1951.

Alkon P.K. J. Stelle and the melody of speech // Language and Speech. 1959. v. 2.

Baichura U. Инструментально-фонетические данные относительно интонации и словесного ударения в тюркских языках // Phonetica pragensia N 3. Praha, 1972.

Benedix R. Katechismus der Redekunst. 6. Aufl. Leipzig, 1903.

Blair H. Lectures on rhétoric and belles lettres. 1785. v. 2. London.

Bolinger D. Relative height Prosodic Feature Analysis // Analyse des faits prosodiques. Studie Phonetica. 1970/3

Daneš F. Sentense intonation from a functional point of view // Word. 1960. N16.

Delattre P. Les dix intonations de base du français. // The French Review. Paris, 1966.

Dubois J. Recherches sur l´intonation française // Etudes des linguistiques appliquées. 1963. V.2.

Faure G. Aspects et fonctions linguistiques des variations mélodiques dans la chaîne parlée // Proceedigs of the International congress of linguists. N 9.

Fries C. On the intonation of "Yes-No" question in English // In honor of Daniel Jones. London, 1964.

Gabelentz G. Die sprachwissenschaft, ihre Aufgabe, Methoden und bisherigen Ergebnisse. Leipzig, 1891.

Girault-Duvivier Ch. Grammaire des grammaires ou Analyse raisonnée des meilleurs traités sur la langue française. Bruxelles, 1833.

Halliday M. Intonation and grammar in British English. Paris, the Hague, 1967.

Jones D. Intonation curves. Leipzig-Berlin, 1909.

Karcevskij S. Sur la phonologie de la phrase // Travaux du cercle linguistique de Prague. 1931.

Malmberg B. Les domaines de la phonétique. Paris, 1971.

Pinaéva V. Aperçu de sur l´intonation française. Moscou, 1965.

Radloff W. Phonetik der nordlichen Turksprachen. Leipzig, 1883.

Rigault A. Réfléxions sur le statut phonologique de l´intonation // Proceedigs of the International congress of linguists. N 9.

Romportl M. Zum Wesen der Intonation // Proceedings of the International congress of phonetic sciences. N 4.

Schubiger M. English intonation, its form and function. Tubingen, 1958.

Searle J. Speech acts. Cambridge, 1969.

Zacher O. Zur Intonation syntaktischer Grundmodelle. 1963.-zph, Bd.16.

Практикалық бөлім

«Қазақ тілі интонациясының негіздері» деген кітаптің практикалық бөлімінде алдымен интонацияның теориялық мәселелерінен сұрақтар беріліп отыр. Сол сұрақтарды ұғып-түсініп, түсінгеннен, оған жауап тапқаннан кейін ғана интонацияға байланысты түрлі практикалық тапсырмалар, жаттығулар беріледі. Ол тапсырмаларға қазақ тілінің түрлі жанрларынан (проза, драматургия, поэзия, ғылыми тіл, баспасөз тілі) келтірілген мысалдар - көлемді үзінділерден жай сөйлемнің коммуникативтік түрлерін, олардағы интонация көріністерін, интонацияның компоненттерін, олардың функцияларының көріністерін анықтап, белгілеп, схемасын, сызығын, өрнегін сызу сияқты жаттығулар беріледі. Интонацияның синтаксиске, грамматикаға қатыстылығын дәлелдейтін функцияларын анықтау және оның сөйлем сомдаудағы, олардың коммуникативтік түрлерін даралаудағы ролін анықтауға арналған мысалдар, сондай-ақ синтагма, ырғақты топтардың сөйлемдегі орнын көрсетуге, тағы сондай-сондайларға арналған тапсырмалар беріледі. Оқулықтың теориялық бөліміндегідей интонацияның көріністері алдымен прозада, содан кейін поэзияда қаралады.

ЖАУАП БЕРЕТІН СҰРАҚТАР

1. Интонацияға көңіл аудару қашан, қайда басталды? Ол туралы ежелгі грек оқымыстыларынан, онан кейін орыс оқымыстыларынан кімдерді, олардың қандай еңбектерін атауға болады?
2. Сөйлеу тілі мен интонацияның қайсысы бұрын пайда болғаны жөнінде қандай пікірлер бар?
3. Жалпы тіл білімінде интонацияны зерттеуде белгілі қандай екі тәсіл бар?
4. Тұтастық (глобалдық) тәсілдің қандай ерекшеліктері бар? Қазақ тілінің интонациясын тұтастық тәсілмен зерттеу барысында оны қандай тілдермен салыстыруға болады?
5. Интонацияның қандай компоненттері бар?
6. Барлық тілдердегі интонацияның ең басты да универсалды компоненті әуен (мелодика) сөйлем тілінде қандай қызмет атқарады?
7. Кідіріс (пауза) деген не, ол қандай қызмет атқарады?
8. Кідірістің қандай түрлерін білесіз?
9. Хезитациялық кідіріс деген не, ол қандай жағдайда пайда болады?
10. Вокалданған, эмоциялық, күшейткіш, психологиялық кідірістердің айырмашылығы неде және олар мәтінде қалай көрінеді?
11. Интонацияның компоненттері болып саналатын қарқын, ұзақтылық, үдемелік (интенсивтілік), реңк (тембр) дегендер сөйлеу тілінде қандай қызмет атқарады?
12. Сөйлеу тілінің қарқыны қалай өлшенеді?
13. Интонацияның негізгі функциялары қандай?
14. Интонацияның сөйлемдердің коммуникативтік түрлерін айырудағы ролі қандай?
15. Интонацияның эмоциялық функциясын қалай түсіндіруге болады?
16. Интонацияның сөйлемді актуалды мүшелеудегі, яғни тема мен ремаға бөлудегі ролі қандай?

17. Интонацияның ең маңызды функциясының бірі - оның синтаксиске қатыстығы және синтаксистік мазмұнға ие болуы дегенді қалай түсіндіруге болады?

18. Интонациядан басқа сөйлемді сомдауда тағы қандай факторлар бар? Мысалы атаулы сөйлемдер қалай сомдалады?

19. Синтагма деген не; әуен мен паузаның сөйлемдегі сөздерді синтагмаға бөлудегі ролі қандай?

20. Барлық тілдердегі сөйлемнің ең шағын синтаксистік интонациялық мазмұнды бөлшегі, үзігі синтагма болып есептеледі. Ол сөйлемдерде паузамен бөлінеді. Мына төменде келтірілген мысалдардағы синтагмаға бөлу, олардың мағынасына қалай әсер еткен? Олардың әрқайсысында әңгіме не туралы?

Ат // қора маңында жүр

Ат қора маңында // жүр.

21. Синтагманың соңғы сөзінің акценттелуі қазақ тіліндегі көп синтагмалы сөйлемнің интонациялық сызығына қандай әсер етеді?

22. Сөйлемнің басындағы, ортасындағы синтагманың интонациялық сызығы мен сөйлемнің соңындағы синтагманың интонациялық сызығында қандай айырмашылық бар?

23. Барлық тілдерге ортақ синтагмаларда көрініс табатын интонацияның тәуелділік және тәуелсіздікті немесе аяқталмау менен аяқталғанды білдіретін сызығының айырмасы неде?

24. Сөйлем мүшелерінің салаластығы мен сабақтастығы олардың интонациясында қандай көрініс табады? Мысалы бірыңғай мүшелердің интонациясының қандай ерекшелігі болады?

25. Синтагмаға байланысты қазақ тіліндегі интонацияның жалпы кескініне әсер ететін басты факторы неде?

26. Ой екпіні сөйлемді актуалды мүшелеуде (тема мен ремаға бөлуде) логикалық субъект және логикалық предикат деген ұғымдармен қалай байланысты болады?

27. Интонема деген не? Оның негізгі қызметі неде?


28. Қазақ тілінде қанша интонема бар? Мазмұн және тұрпат жағынан олар бір-біріне қалай қарама-қарсы қойылады?

29. Неге біз интонеманы екі жақты таңбалы бірлік дейміз?

30. Интонемалар мағына ажыратушы қызметін қалай атқарады?

31. Қазақ тіліндегі неше түрлі мазмұнды көрсететін әр алуан үлкенді-кішілі, күрделі және көп компонентті құрылымдардың барлық түрінің интонациясының схемасын көрсететін сегіз (8) интонема бар. Мағына ажыратушы ретінде олар интонация тонының контурлық кескінін, кескіннің басталу, аяқталу деңгейін және жалпы тоналды диапазонын қамтиды. Динамикалық және темпоралдық параметрлердің көрсеткіштері интонемалардың сипаттамасында беріледі.

Қазақ тіліндегі интонацияның 8 интонемасын анықтағанда, оларға сөйлеу тілінің тоналды контурының деңгейін сипаттайтын төрт (4) өлшем қолданылды:



Бірінші (1). Аяқталмағанды, синтаксистік-мазмұндық құрылымдарының тәуелділігін білдіретін **тиянақсыз интонема** мағына жағынан қандай сөйлемдерді өрнектейді?

Екінші (2). Аяқталғанды көрсететін **тиянақты интонемаға** сөйлемнің қандай түрлері жатады? Оның тоналды деңгейі мен диапазонын қалай сипаттауға болады?

Үшінші (3). **Жалпы сұрақ интонемасының** тоналды контуры, деңгейі, диапазоны қалай ерекшеленеді?

Төртінші (4). **Арнаулы сұрақ интонемасының** тоналды контуры, деңгейі, диапазоны және үдемелігі қалай сипатталады? Бұл интонеманың логикалық өзегі қайда орналасады?

Бесінші (5). **Қатал бұйрық интонемасының** тоналды контуры, деңгейі, диапазонының және қарқын, үдемелігінің қандай ерекшеліктері бар?


Алтыншы (6). **Сыпайы бұйрық интонемасының** сызығы қай деңгейден басталып, қай деңгейге көтеріледі? Оның формасы қандай?

Жетінші (7). **Лепті сөйлем интонемасының** неше варианты бар? Дауыс реңкінің атқаратын ролі қандай?

Сегізінші (8). **Қыстырма сегменттердің интонемасын** сипаттайтын просодикалық тәсілдердің ерекшелігі неде?


32. **Хабарлы сөйлемдердің** бір мүшелісі қандай интонемаға ие болады, ал екі мүшесінің компоненттері қандай интонемаға жатады және оның қандай ерекшеліктері бар?

Мысалға **бір мүшелі** хабарлы сөйлемнің интонациялық схемасын келтірейік:



Демалыс күні еді.


Мысалға **екі мүшелі**, екі синтагмалы хабарлы сөйлемнің интонациялық схемасы:



Қыстай отын ала алмай, мектеп азынап тұрды.

33. **Сұраулы сөйлемдердің** шылаулар арқылы жасалған түрлері қай интонемаға жатады, ал сұраулы есімдіктер арқылы жасалғандары қай интонемамен сипатталады? Олардың интонемасының контуры, деңгейі, диапазонының ерекшеліктері неде?

Мысалға есімдік арқылы жасалған сұраулы сөйлемнің интонациялық схемасы:



Қашан келетін еді?

34. **Бұйрықты сөйлем** түрлерінің интонемаларының ерекшеліктері неде? Бұйрықты сөйлемнің мазмұнды өзегі болатын, акценттелген буыны қандай тоналды мағынаға ие болады?


35. **Қатал бұйрықты** сөйлем мен **сыпайы бұйрықты** сөйлемнің интонациялық кескінінде қандай айырмашылық бар?

36. Грамматикалық формалар арқылы жасалған **лепті сөйлем** мен жалғыз интонация арқылы жасалған лепті сөйлемнің интонациялық сызығында қандай айырмашылық бар?

37. Сөйлемнің басындағы, ортасындағы, соңындағы **қаратпа сөздердің** интонациялық ерекшеліктері қандай? Олардың синтагмаға бөлінуі, олардың тоналды деңгейі, контуры, диапазоны, қарқыны, үдемелігі қандай болады?

38. Сөйлемнің басындағы, ортасындағы, аяғындағы қыстырма **сөз, сөз тіркестерінің** интонациялық ерекшеліктері қандай? Не себепті сөйлемнің басындағы қыстырма сөздердің интонациялық көріністері сөйлемнің соңындағы қыстырма сөздерден айрықша мол болады? Бұл айырмашылық мазмұнмен қалай байланысты және интонациялық сызықта қандай көрініс табады?

Қаратпа сөз, қыстырма сөз және қыстырма сөз тіркестері сөйлемдегі орнына қарамай, әр уақытта бөлек бір синтагма құрап, паузамен бөлінеді. Олардың сөйлемдегі тоналды деңгейін үстінен сызып нөмірлеуге болады. Мысалы:




Әке, бір тілек сұрап келдім.

39. Интонация мен мазмұнның ара-қатынасын қыстырма интонема арқылы қалай түсіндіруге болады?

40. **Бірыңғай мүшелерді** салыстыра байланыстыратын амалдар интонацияда қандай көрініс табады? Бірыңғай мүшелердің әрқайсысы бір синтагма болып, олардың аралық кідірісі, контуры, деңгейі қосылып, қандай интонациялық өрнек сызады?

Бірыңғай мүшелердің интонациялық схемасы:




Қой, ешкі, сиыр — үй жануарлары.

41. Бірыңғай мүшелердің алдыңғы компоненттерімен соңғы компонетті қандай интонемалармен ерекшеленеді?

Бірыңғай мүшелерге **қарсылықты** жалғаулықтар жалғаса, сол жалғаулықтар акценттеліп, олардың интонациялық сызығын өзгертіп жібереді.

Мысалы:




Біз // сыртқа шығайық, // бірақ //ұзап кетпейік

42. **Күрделенген сөйлемдер** қандай интонемалармен өрнектеледі? Күрделенген **есім қабыспалы** оралым мен **есімше қабыспалы** оралымдар өздері қатысты анықталушы сөзбен қосылып бір синтагма құрайды.

Мысалы:




Жүзінде әжімі көпдала // құтырынбай сұлық жатыр.




Қолына құрық ұстаған Дәрмен // су жағалап келеді.

Көсемшелі оралым мен шартты рай тұлғалы оралыммен күрделенген сөйлемдердің интонациялық сызығы ұқсас деуге болады.




Оншақты кісі жолдас е р т іп // Абай Қарамолаға аттанбақ.



Жақсымен жолдас б о л с а ң // жетерсің мұратқа.


43. **Құрмалас сөйлемдердің** компоненттері қандай интонемалармен ерекшеленеді?

Жалғаулықсыз салалас құрмалас:



Тәңірберген тіл қатып еді, // Еламан үндемеді


Жалғаулықты іргелес салалас:



Соз осымен бітті де, // Алшынбай үйіне қайтты


Сабақтас құрмалас сөйлемдердің түрлерінің жалпы интонациялық схемалары біркелкі болады.

Мақсат бағыныңқылы сабақтасқа мысал:



Күзетші сезіп қалмау үшін, // біз саймен кеттік.

Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас:



Барлық Адам жабылып кетсе, // бұл үй тез бітеді.

44. Грамматикалық құбылыстар мен интонациялық құбылыстардың байланысы күрделі және құбылмалы болатынын қалай түсіндіресіз?

45. Интонация мен грамматиканың бірліктері біріне бірі үнемі тікелей байлаулы болмайтынын қандай мысалдармен көрсетуге болады?

46. Құрмалас сөйлемдерде интонация мен синтаксистің ара-қатынасында өтем заңы қандай көрініс табады?

47. Күрделі синтаксистік тұтастықтың қандай үш түрі бар?

Күрделі синтаксистік тұтастыққа енген дербес сөйлемдердің 1) ілікпелі байланысты, 2) жарыспалы байланысты, 3) жалғаспалы байланысты деген қатынастарының интонациялық көріністері қандай?

48. Дайындықсыз сөйлеудің (спонтанная речь) интонациялық ерекшеліктері неде?

49. Просодикалық тәсілдердің дайындықсыз сөйлеу коммуникациясында қалай көрініс табады?

50. Интонация арқылы жүзеге асатын пресуппозияның прагматикалық қызметі неде?

51. Өлеңдегі ырғақты топтың ұйытқысы болатын ырғақ (ритм) дегеніміз не?

52. Қазақша ритмді ырғақ десек, ол белгілі өлшемге негізделіп белгілі ретпенен системалық қайталанып тұрумен байланысты екен. Сонда қазақ поэзиясында өлең ырғағының тірегі болып саналатын не?

53. Қазақ поэзиясындағы ырғақты топ буын санымен өлшенсе, ол қазақ және басқа да түркі тілдерінің поэзиясындағы силлабикалық жүйеде бұл тілдердің фонетикасына тән тағы да қандай құбылыспен байланысты?

54. Ғалымдар қазақ және басқа да түркі тілдерінде осы тілдерге тән үндестік заңының ролін қалай түсіндіреді?

55. Қазақ поэзиясының буын санына негізделген силлабикалық жүйесі, оның агллютинативтік құрылымымен қалай байланысты болады?

56. Қазақ поэзиясындағы ырғақты топтарды бунақ, ал өлең жолдарын тармақ деп алғаш атаған кім? Кім алғаш өлең өрнектерін, өлеңнің кестесін айшық, шумақ деп олардың интонациялық ерекшеліктерін зерттеген?

57. Ахмет Байтұрсынов қазақ тіліндегі буын екпінінің соңғы сөзге түсетінін қандай тілдермен салыстырады?

58. Жеті буынды өлеңде оның сөз жігі қай буыннан кейін келеді?

59. Мақал-мәтел, нақыл сөздерде кездесетін кіші формалы екі тармақты, төрт тармақты тақпақтардың интонациялық ерекшеліктерін қалай түсіндіресіз?

60. Көп шумақты өлеңдерде, жырларда, поэмаларда кездесетін күрделі синтаксистік тұтастықтың интонациясы қалай өрнектеледі?

61. Поэтикалық мәтіннің интонациялық ерекшеліктері грамматикалық құрылымдармен қандай байланыста болады?

62. Интонацияның компоненттері (әуен, қарқын, үдемелік) поэтикалық мәтінде қандай қызмет атқарады?

Жаттығулар. Тапсырмалар

1. Төменде берілген үзіндіні мүмкіндігінше өзіне тән интонациясымен оқып шығып, ондағы сөйлемдердің құрылымдық түрлерін (жай сөйлем, құрмалас сөйлем) анықтау керек. Мәтінде қандай интонемалар көрініс табады? Үзіндіден 2-3 сөйлемді көшіріп, олардың әрқайсысын синтагмаларға кідіріспен // (паузамен) бөліп, шекарасын белгілеу керек:

Таңертеңгі шайдан соң үй іші де, қонақ атаулы да тысқа шығып кетті. Қыстың осындай бір ашық күнінде Абай өзінің үлкен үйінде, оңаша отырып қап еді. Алдында үлкен дөңгелек үстел тұр. Оң жағында Абайдың қайда отырса қасынан үзілмейтін көршісі - үлкен жастық жатыр. Абай біресе аласа үстелге шынтақтап, біресе үлкен алақанымен мықынын таянып, үнсіз отыр. Ойда отыр.

Ішінде ой шырағы жанғандай боп, салмақпен қараған көздері анда-санда қарсыдағы терезеге қадалады. Күн түсіп тұрған қарлы адырға ұзақ-ұзақ қарай түседі. Абайдың осындай боп, үндемей ойланып қалған кездерін қабағынан танитын жігіт бар. Ол мұндай шақтарда үндемей, көп қозғалмай отыратын Қарасақау. Қазір де тіпті қарап отырмас үшін ол Абайдың тобылғы сапты сарбас қамшысына бүлдіргі тығып отыр. Анда-санда Абайға қарай түсіп, өз жұмысын істейді.

Бір кезде жұмыс арасында көз тастап еді, Абайдың ерні күбірлеп, қолы да әлдекіммен сөйлескендей қозғалақтаған сияқтанды. Бұрын мұндай машығы болмаушы еді. Биылғы қыс жалғыз отырған шақтарында, анда-санда осылай ететін бір әдет пайда болды. Қарасақау біледі. Осындай күйдің артынан Абай көбінесе қағаз, қарындаш алғызады.

Сондай бірнәрсені бұйырар деп күтіп отырғанда Абай бұған шұғыл бұрылып, жалт етіп, салқын қарады да, үйдің сол жақ бұрышына қарай сол қолын көтеріп, үн қатпастан бір нәрсені әкел дегендей белгі етті.

Қарасақау нені керек қылғанын түсінді де, шапшаң тұрып барып, үстелдің үстіне көнелеу боп қалған екі үлкен кітапты әкеп қойды.

Абай бір кітаптың бетіп ашып, өзіне керек жерін тапты да, оқымай, сол беттерге қарап шалқиыңқырап, біраз бөгеліп отырып қалды. Көзі бұл беттерден ана жатқан екінші кітапқа да түсе береді. (М.Әуезов)

2. Төмендегі тыныс белгілерінсіз (көбінесе үтірсіз) берілген сөйлемдерге керекті тыныс белгілерін қойып, синтагмаларының паузаларын белгілеп (///), олардың ішіндегі қандай синтагманың паузамен бөлінуі тыныс белгісіне сәйкес келетінін байқау керек. Содан кейін берілген сөйлемдердің бесінші (5) және алтыншы (6) сөйлемдердің үстінен интонациялық сызығын сызу керек.

1) Кен өндірісіне төселіп қалғандары да аз емес еді (Ғ.Мүсірепов).

2) Содан бері шамасы келген жерде ол жұмыскерлердің мұң-мұқтаждарын жоқтауға ылғы өз кеудесін бұрын тосып келеді (Сонда).

3) Әйелдер араласа алмайтын күтімнің бәрін өзі атқарысып қасындағы жігіттерді де бұлтартпай қойды (Сонда).

4) Бұл - шын атын бүкіл ел ұмытып болған іркілдеген семіздігінен Қолбаң атанып кеткен жігіт еді (Сонда).

5) Астыңғы ерні әлі шиедей қызарып тұратын жас әйел қазірдің өзінде бәйбішедей сыйланатын болды (Сонда).

6) Күн көрісі қысылшаң ауылдар көмірге өздері де кеткелі отыр (Сонда).

3. Сөйлемдердің құрылымдық түрін анықтап, қойылмаған тыныс белгілерін қойып, синтагмаға бөліп, ой екпіні түскен сөздерді және кідірістерді белгілеу керек.Содан кейін бірінші (I) және бесінші (5) сөйлемдердің үстінен әуен өзгерістерін сызу керек.

1) Қолында жүгі жоқ Асқар Невский проспектіні бойлап «Европейская» гостиницаға жаяу тартты (С.Мұқанов).

2) Ішкі сыры берік Ботагөз бір кезде жолықсам қайтеді деп ойлады (Сонда).

3) Саяси мәселеден басына таяқ тиіп көрмеген Асқар Кузнецовтың сақ бол деген сөзін ұмытып кетті (Сонда).

4) Жүзінде әжімі көп ақ дала құтырынбай желікпей сұлық жатыр (Сонда).

5) Жақсы табиғи жайылымдарды судан шөбі көк зығыры көп жерлерді қозылы қойларға бөлеміз (газеттен).

4. Бірыңғай мүшелі сөйлемдерді оқып шығып, оның құрылымдық-интонациялық ерекшеліктерін пайымдап, қойылмаған тыныс белгілерін қойып, синтагмаға бөліп шығу керек. Қай мүше бірыңғай екенін де анықтап, ой екпіні түскен сөздерді белгілеу керек. Содан кейін бірыңғай мүшелерге тән аяқталмағанды білдіретін тиянақсыз интонеманы, сөйлемнің ортасында кездесетін қыстырма интонеманы және ең соңғы синтагмаға тән аяқталғанды білдіретін тиянақты интонеманы еске түсіріп, екінші (2) және бесінші (5) сөйлемдердің әуен өрнегін сызу керек.

1) Қазіргі шақта жасы қырыққа тақалған бақ-дәулеті барынша шалқыған Оспанның бір үлкен арманы бар (М.Әуезов).

2) Жолаушылар қозылары жамыраған иттері үріп шулаған құлындары шіңгірлеп кісінеген көп үнді даңғаза болған ауылдың үстінен шықты (Сонда).

3) Жасы он жетіне келген мұсылманша жақсы оқуы бар аса биязы асыл тәрбиелі Мағрипа бұл өңірде жоқ сұлу нәзік бойжеткен екен (Сонда)

4) Биіктігі екі жарым кез көлденеңі төрт-ақ кез тар үңгірде төрт-ақ адам сыйып жұмыс істей алады (Ғ.Мүсірепов).

5) Есігі бар терезесі бар әйелі бала-шағасы бар қайнаған самауыры бар үй бараста тұратын жұмыскерлерге ерекше бір жайлы мекен сияқты көрінетін (Сонда).

6) Ой да жоқ үміт те жоқ ерік те жоқ билік те жоқ Сандыбай қартаның тұзын екі қолымен ұстап айнаға қарағандай жымыйып отыр (Сонда).

7) Қысы суық тоңы қалың Сарыарқада суыр інді терең қазады да кейде көмір ұнтақтарын кейде мыстың нәлі шапқан көк ала тастарды шығарып тастайды (Сонда).

5. Мұхтар Әуезовтың «Бәйбіше, тоқал» деген драмасынан сөйлемдердің түрлі коммуникативтік түрлеріне мысалдар тауып, оны көшіріп, синтагмаларын кідіріспен бөліп, әуен өрнектерін сызып немесе төрт деңгейлі схемасын салып, қай интонемаға жататынын анықтау керек. Хезитациялық, эмоциялық кідірістерді белгілеп, мәнерлеп оқып шығу керек.

Күләш. Уу-уһ, апам өткенге неше күн болды, Еркем? есім шығып кеткен ғой деймін, қара басып ұмытам да қалам.

Дәмеш. Жиырма күн болды ғой бүгін. (Тым-тырыс). Уһ, Күләш-ай, осы жүрегі құрғыр бірдеңені сезе ме, жоқ па? Көңіліме апам өлмеген секілденеді де тұрады.

Күләш. Көңлің ғой, қалқам, көңіл қимайды ғой. Апам жарықтық өлімге қиярлық кісі ме еді? (Аз тым-тырыс).

Дәмеш. Маған апамның өлгенінен де жүрегіме қатты бататын бір нәрсе бар.

Күләш. Ол не, қалқам?

Дәмеш. Әншейін, апамның соншама алақанына салып еркелеткен қадірін білмеппіз ғой. Сөзі болса, ылғи күндесіңді жамандайсың деп тыңдамаушы едік. Іс тапсырса, жүз айтқызбай істемеуші едік. Бір құрбы қылыппыз да жүріппіз ғой.

Күләш. Еркем-ау, менің де күндіз-түні ойлайтыным осы. Неге отымен кіріп, күлімен шықпадым екен? Неге батасын ала бермедім?- деп бір түрлі өкінем.

Дәмеш. Біз үшін Қайшамен не деспеді. Енді мұның жайлауы жарасып, жері кеңіп отырғаны мынау (Аз отырып) апамды осының қайғысы алып жеді ғой. Ұрыспайтын күні болушы ма еді? Апам тыныш отырса да, сөйлесе де соқтығып жағаласудан көз ашты ма? Біздің бәріміз сонда да апамның сөзіне құлақ салдық па?

Күләш. Апам жарықтық кісіге жаманшылық ойлауды білуші ме еді? Бүгін тасталқан болып отырса да, ертең кіші апамның бар мінезін ұмытып, кешіре беруші еді. «Бұл байғұсқа қылмағаным бар ма еді? Төркініне апартып тастамақшы да болдым. Бүгін теңессе, құдай көз жасын иген шығар»,- деп тоқалды шақыртып татуласып қалатын. Өмірі ішінен кегі кетпейтін - мына кісі ғой.

Дәмеш. Тоқалдың қулығын кісі сезе ме? Апамды әсіресе күйдіргені - екі-үш жылдан бергі сатылған малдың бар ақшасы тоқалдың қолына жиылғандығы ғой. «Бәйбішенің балалары енші алғанда, малды көп алып кетеді. Осы күннен өз бетіме мал жиям» деп, базаршылар әкелген ақшаны ағамның қолынан жұлып алып сандығына салыпты ғой!..

Күләш. Оны білем ғой. (Тоқтап). Еркем, есіңде бар ма, апамның тағы бір қатты ашуланғаны? Бір күні қалаға мал айдамақшы болып, ылғи Төлеш пен Кенженің тақымына басқан аттарын сатпақшы болды ғой.

Дәмеш. Ұмытып қаппын... Ол күнде апамды ұрса береді деп сөккеннен басқаны білуші ме едік?

Күләш. Апам сонда Атекеме (Есендікке) бірталай сөз айтты.

Дәмеш. Не деді?

Күләш. Менің балаларым момын. Тоқалдың қылығына қарай қылық қылмайды. Бұл үйде тоқал мен баласының алдынан шығатын - жалғыз мен, менің көзім тірі отырғанда балаларымды қақпайлағысы келеді, еш нәрсеге ие қылғысы келмейді. Кешегі есепке алынбайтын тоқал бұл күнде дүниенің бәрін бауырына басып әкетіп барады. Оған сен болыспасаң, тегінде осының балалардың көңіліне түйін болып байланып жүрмесін. «Біз құмадан туып па едік? Неге еске алып, есепке тұтпайды? Бізді күннен-күнге тоқалға құл ғылып барадың деп, өз басыңа өкпе салып жүрмесін»,- деді.

Дәмеш. Ағам не деді соған?

Күләш. Атекем басында құлақ қойған жоқ. «Қолында дәнемесі жоқ тоқалмен неменесіне арпалыса бересің? Кешегі күндікте жүрген тоқал емес пе, неменені билеп-төстеп кетті?»- деді де қойды. Ылғи сөйдеп алдаушы еді ғой.

Дәмеш. Иә, сөйтіп алдайтынын да біліп отырушы едік қой. Тағы не айтты апам?

Күләш. Апам әлгі сөзге ашуланып: «Тоқалды өтірік бейшара қылғаныңды қойшы осы. Тоқал бұрынғы тоқал ма? Осы күнде сен ауған соң, есеге қолы жетіп, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып отырғанын кім білмей отыр? Енді ол қатындікі өз бетіне. Жастығынан қорықтың ба, абыройымды ашар деп қаймықтың ба, әйтеуір жалынышты, жалпыетек болдың. Оның өзі бір төбе. Енді баласын баламнан артық ұстағың келіп отыр ғой. Осының да білгендік пе? Тоқалдың баласына қай уақытта есе тиіп еді?»- деді.

Дәмеш. Мұнысына не жауап берді? Тағы бірдеме деп алдай салды ма? Жоқ, тоқалдың дауын айтты ма?

Күләш. Оған айтқан жауабы толып жатыр. Апаммен ұзақ сөйлескенін көргенім сол. Ондағы айтқаны: «Қуатжан тоқалдан туған бала болса, менен де туған. Алды-артында толып отырған інісі жоқ, басы жалғыз. Ертеден қара кешке жетім баладай көзге түрткі ғып отырғанымыз лайық па? Жас күнінде шешесін қуып, бір жетімсіреттік. Ержеткенде өнер үйретіп, оқу оқытып еркін жүріс жүргіздік пе? Керек десе бір тайды тақымына басқыздық па? малшының баласы қандай болса, сондай болған жоқ па? Сенің балаларың көрген жақсылықтың, еркеліктің ширегін көрді ме? Енді малға ие болып, дүниені басқарып отырса, пысықтығынан отыр. Сенің балаларыңда ол өнер жоқ, не қыл дейсің?»-деді. Сөйтіп, көрнеу тоқалдың сөзін айтты.

Дәмеш. Байғұс, бұл сөзді естігенде қайтты екен? Соңғы жылда Қуатжанды сүйеп жүргенде айтатын сөзі осы ғой.

Күләш. Апам ашуланып, ешбір сөз айтпай отырып қалды.

Дәмеш. Әйтеуір апамның айтқан сөзі күннен-күнге болып келеді ғой. Аузына құдай салды ма, немене? «Әй дер әже, қой дер қожа жоқ, бәріңе жетімдікті көрсетер» (жылап) деп еді ғой.

Күләш. Өлім аузында жатқанда табалаған бұл дұшпан, не қылмайды дейсің (күрсініп). Мен тұрғанда үлкен үйде кім отырады деп, үйге кіріп алып, дүниенің бәрін бауырына тығып бара жатқанын көрмеймісің?

6. Бірыңғай мүшелі сөйлемдерді оқып шығып, оның құрылымдық-интонациялық ерекшеліктерін пайымдап, қойылмаған тыныс белгілерін қойып, кідіріспен синтагмаға бөліп, сөйлемнің қай мүшесі бірыңғай екенін анықтау керек. Әртүрлі бірыңғай мүшелері бар сөйлемдерді көшіріп, олардың үстінен тоналды деңгейінің өрнектерін сызып шығу керек. Синтагмалық екпінмен ой екпіні түскен сөздерді белгілеу керек.

1) Осылай отырғанда үйге екі көзі қызарған ұзын бойлы жуан денелі бір шал кіріп келіп Ғайшаның қасына отырды (Ы.Көбеев).

2) Бұл қызым десе, ол папа деп кеткен Елизавета көз алдына келгенде, Байжан тұла бойы түгел өртеніп бара жатқандай жамылып жатқан көрпені аяғымен серпіп жіберді (Ғ.Мүсірепов).

3) Алды арғы қырқалардан асқан арты әлдеқайда келе жатқан жаяулар жіңішке жолдың бойында қыбыр-қыбыр етеді (Сонда).

4) Өзін Итбайға қосақты тай көретін Бүркітбай осы бүгін таңда ноқтасының бауын Итбайдан біржола үзді (С.Мұқанов).

5) Бұл уақыт соғыстың қызу қарқыны бәсеңдеген екі жақтың да әскері окопта аңдысумен жатқан кез еді (Сонда).

6) Апрельдің аяғында Мадияр осылай іштен қапа болып жүрген кезде Омбыдан Сарыбас келді (Сонда).

7) Әлжан албанның ішіндегі саны көп рудың бірі болса да, баяғы күннен: ңАлбан емес, туысы көмескің дейтін бір жала болатын. Осы әңгімеге қарап, Албан атаулы әрі көптігіне, әрі күштілігіне сүйеніп, Әлжанды әрқашан кемсіте, қорсына, шетке қаға жүретін (М.Әуезов).

8) Осындай істе Ақбейіт, Жел Қарқара, Таңбалы тас елі де топ-топ жігіттер аттандырып, әр жерде әралуан қылық істеп, желпініп алған (Сонда).

9) Кеткенде кекті жүрек, томсарған жүз, түйілген қабақпен кетпек; Артта қалып бара жатқан зорлық, реніш, қиянат дәурені мен соның бәрін туғызған жат мінезді, жау ниетті ұрыққа айықпайтын араздық, арылмайтын нәлет, қарғыс айтып кетпекші (Сонда).

7. М.Әуезовтың «Қилы заман» деген повесінен берілген үзінділерінен ой екпіні түскен сөзден кейін тұрған психологиялық кідіріске назар аударыңыз. Мәтіннен 5-6 сөйлем көшіріп алып, ой екпінімен бірге синтагмалық, фразалық екпіндерді белгілеп, кездескен интонемаларға сай мәнерлеп оқып шығу керек.

Шалқыған, көрнекті, мол дүниенің тірі пішінді белгісі сияқтанып Қарқара жәрмеңкесі қайнап жатқан.

Жәрмеңке ашылғалы айдан артық болса да, қызуы мен желісі әлі басылып солғындаған жоқ. Қайта, күннен-күнге етек алып, өршіп, дәуірлеп келе жатқан. Жәрмеңке - тоғыз жолдың түйіскен жері. Бір шеті: үлгілі орыс қалалары болса, екінші жағы: Құлжа, Қашқар, Хиуа, Бұхар, Самарқан, Ташкет. Бәр-бәрінен неша алуан қазына шүмектеп құйғандай болып, Қарқара жазығына ақтарылып жатыр. Жауын артынан Алатаудан аққан селдей болып, сауда пұлы іркілмей төгіліп жатқан. Талай сан қостармен келген мың-мыңдаған қойлар Қарқара жазығын бықынаған ақ құрттай басқанына бірталай замандар болған.

Сондай қалың қос-қос жылқы, табын-табын сиырлар да Албан жайлауларын оңды-солды шиырлап қаптаған. Аясы аз ғана Қарқара жазығы иін тірескен малдан беті-жүзін көрсетпейді. Қаптай басқан тұяқтан қабырғасы қайысып тұншыққандай. Ауыр күрсініп ыңыранғандай.

Тоқтаусыз ағын ертелі-кеш қарлы таудың арасындағы қырғыздан, төскейдегі қазақтан, жәрмеңке қазанына төрт тараптың барлығынан шүмектеп құйғандай болып, мал баласын тізіп әкеліп жатыр.

Өзі бай, өзі сауда істеп, көп керегін алатын қалың ел болғандықтан, саудагердің иісшіл тұмсығы бұл елдің ортасын ерте күннен таңдап алған.

Өріске шыққан қойдың иісін сезіп, желге қарсы тұмсығын төсеп, ішін тартып, жер тарпып, бет түзеп, жота-жотадан қарауыл қарап, торуылға шыққан қасқырдай - аш пейілді жалаңқая саудагер боркемікті, батпан құйрықты Албанды бекерге таңдаған жоқ. Сауырынан басып жүріп, семізі, момыны, тәттісі осы болатынын жақсы білген, әдемі таныған.

Қазір де құмырсқаның илеуіндей болып бықынап, жыбыр-жыбыр қағып бүлкілдеп, қызара бөртіп, ажарланып, күннен-күнге қарнын қампитып келе жатқан жәрмеңке - сол қазақ даласын торуға шыққан жайындай болатын.

Саудагер сомасы қазақ даласына құда түсіп, құйрық, бауырды асап, аузы қанданып, қолы майланып, жонданып тұр.

Сібір, Түркістан, Қашқар, Қытайдың атырабындағы талай-талай үлкен қалаларда жарқыраған үлкен магазин, қатарланған мол сома, шалқыған қалың байлық иесі болған саудагер байлар болса - бәрінің бұл мырза құйрықтан ауыз тимегені жоқ. Мол емшекті бір сорып кеткенінің өзінде де, жерден алтын тапқандай көп қазынаны күреп әкететін.

8. Келесі үзінділерден құрмалас сөйлемдердің түрлерін тауып, үш-төртеуін көшіріп жазып, олардың құрылымдық-интонациялық ерекшеліктерін анықтап, ой екпіні түскен сөздерді және кідірістерді белгілеп, орташа қарқынмен оқып шығу керек.

Түнгі жорықта болған жігіттер жайлау-жайлауларына қайтып, астарындағы аттарын ауыстырып, шала-пұла тамақтанып тыным алған соң, барлығы да жәрмеңкеге қарай қаптасын, тайлы-таяғы қалмай, соның айналасына жиылсын; барлық қару-аспап қолда болсын. Бүгін бар қайратты салатын күн. Бүгін іркіліп, бой бағып келмей қалатын кісі болса, ол елдің тілеуінен қалған, шетке шыққан, көпке бөтен кісі болғаны. Келетіндер тез қамданып, бөгелмей келсін. Дәмелі жігіт, сенімді қару, жүйрік ат бүгін үшін. «Бүгіннен қалған жан - жан, мал – мал» деген бұйрық хабар жан-жақтың барлығына ұшып, шашылып тарап жатты.

Бұйрық қандайлық тәртіпті, тығыз, күшті болса, сонымен бірге қамданған елдің жиыны, шабуылы да соншалық тығыз екпінді еді.

Мезгіл шаңқай түске жақындаған уақытта жәрмеңкенің күн батыс жағындағы көк жота қара бөрікті Албанның құртша қайнаған қалың тобына сіресіп, лық толғандай болды. Ұзын көк белдің Шырғанақтыға қараған беті жіңішкеленіп аққан мөлдір бұлақ, кішкене аттар болса, сол арадан аз ғана сулап, ер-тоқымдарын желпітіп, айылдарын қайта тартқызып, қазір болатын жорыққа тығыз әзірленіп жатты. Қалың қолдың әр жерге екшеліп үйіріліп жиылған қара нөпірлерінің ортасында кей-кейде ұзын найзаға байланған қызыл ала тулары да көрінеді.

Әр жердегі топтың ара-арасында бірінен біріне қарай мезгіл-мезгіл шапқылап шыққан тілшілер, хабаршылар көрінеді.

Соңғы бір аз уақыттан бері ғана келушілер саябырлай бастады, енді жиылар күш жиылып болып қалған сияқты. Мынау етекте жалпайып, кішірейіп бүрісіп тұрған жәрмеңкеге осы қолдың өзі де қаптай шапса, тамтығын қалдырмайтын сияқты.

Бүгінгі жиындардың ортасында көпке нұсқа беріп, айғайлап басшылық етіп жүрген кісі аз емес, көп, бірақ сол көбінің әрқайсысының айналасында кем болса бірнеше жүзден әскері бар. Қол-қолдың барлығында жоғары көтеріліп тікейіп шаншылған шоқпар, сойыл, істік найза, жарқылдаған айбалта, ел қолы түгелімен істікті, шанышқылы қол сияқты. Мол денелі қалың елдің ашумен үрпиген жүні, айбынмен тікірейген қайратты төбе шашы сияқты. Үдірейген тік тұрған ашу, қайрат белгісі бар.

Жалғыз-ақ жәрмеңке күші қаншалық, қандайлық екені белгісіз. Сол белгісіздің ішінде ең алдымен үн шығаратын мылтық болу керек, соған жауап беретін отты қару қазақ қолында қанша қамданғанмен аз ғана болып шықты. Бесатар атаулы тіпті жоққа жақын, бәрінде азынаулақ бердеңке ғана бар.

9. Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» деген кітабынан «Баласын ізден, анасын тапқан Айша» деген үзіндіден жай сөйлемдердің коммуникативтік түрлерін, күрделенген және құрмалас сөйлемдердің түрлерін тауып, солардан бір-екеуден көшіріп жазып, сөйлемдердің үстінен мүмкіндігінше интонациялық өрнектерін көрсетіп, эмоциялық, вокалданған кідірістерді белгілеп, мәнерлеп оқып шығу керек. Дайындықсыз сөйлеуге (спонтанная речь) тән просодикалық тәсілдердің көрінісін байқаңыз.

Ініне су кеткен суырдай сүмірейіп, үйге кіре берсем, қарындасым мен інім боздап қоя берді.

Жүрегім су-у-у ете қалды. Айшаға бірдеңе болған екен дедім. Қаным басыма шапшып, шеке тамырларым шытынап, шынықдай шарт-шарт сына жаздады.

- Не болды-ей?!

Бұл менің оспадар сұрағым.

- Сен өліп қалды...екен...деп...- Қарындасым солығын баса алмай солқылдады.

- Е, мен келдім ғой. Соған да жылай ма екен, Айша қайда?

- Сені...ізден кетті.

- Қайда?

- Білмейміз. Молотов жаққа...

Өзім де бір сұмдықтың боларын сезіп едім. Бір күнге деп, бір апта жоғалып кету...еш қисынға келмейді. Жөнсіз, жорықсыз қылық.

Бірақ болары - болды, бояуы сіңді.

Ал, Айша қайда?

Қуан екеуміз сол кеткеннен бір күн өтеді, екі күн өтеді.

- Ау, Айша, әлгілерден хабар бар ма?- деп Уәйда қайта-қайта келеді. Абыржу басталады.

Айша Қали нағашысына барып, осылай да осылай, екі бала жоғалып кетті, үш күн болды, хабар-ошар жоқ дейді. Жаны қиналғанда барар жері, басар тауы - Қали. Басқалардан не қайыр. Бас көтерері -Қали.

Қали бір көзін қысып алып, аппақ дөңгелек сақалын ары-бері сипалап:

- Е, бала неме, Молотовтағы жолдастарын көріп, ойнап кетті ме... Әлде Байтанадағы нағашыларына барды ма...Жүрген шығар, шыда, - дейді.

- Қайдам, нағашы-ау, өзі безгектен әрең тұрған...Қасындағы Қуан есі бар, ересектеу еді, не болды?

- Е, құдай сақтар, оның жасында әкесі Мұртаза Жаңабай Байзақ датқаның немере қызын алған. Есі кіріп қалды ғой.

- Сол датқаның немере қызымен-ақ отасып тұра бергенде ғой Мұртаза...Мен бүйтіп азап аранына түспес едім-ау, - деп Айша аһылайды.

- Қой, өйтіп асылық сөз айтпа - дейді нағашысы. - Құдай пешенеңе не жазды - сол болады. Мұртазадай ер қайда. Есіл ер қиянат құрығына ілінді ғой.

Күйеуінің жақсы қасиетін айтқанда, Айша кәдімгідей еңселеніп, рухтанып қалады.

- Жарықтық, жаның жұмақта болғыр, осы баласын шымшықтай шырылдап қорғаушы еді. Ой, бұл бұзық болатын. Мен ұрсам, әкесі ара түсіп, соның жолында құрбан болғысы кеп тұратын...Ал енді сөйткен баласынан мен бейбақ айрылып қалсам, о дүниеге барғанда Мұртазаға не деймін, не бетіммен көрінем, нағашы-ау?!

- Қой енді, уайымдай берме. Жарайды, мен қалаға барып Сейтжанға айтайын. Милицияның қолы ұзын ғой. Іздесе, тез табылар.

Сонымен үш күн өтеді, төрт күн өтеді. Енді екі әйел қосыла күңіренеді. Осы уақытқа дейін сабыр сақтап келген Уәйда:

- Айша-ау, енді қайттік?- дейді.

- Қали нағашым қалаға барып, милицияға хабарлаған екен, бір дерегі болып қалар,- дейді Айша.

Айша кінәлі адамдай. Уәйданың үйіне кіріп алғанымен тұрмай, жалғыз ұлына жамандығы тимесе неғылсын. Бәлені бастаған Барсхан ғой. Әйтпесе, Қуанның Молотов жаққа бару қаперінде де жоқ қой.

Енді екеуі барып Гүлсімге бал аштырады.

Гүлсім - Қали, Сәли, Бөпетай, Сатайлардың аталас ағайыны Қауғаның қатыны. Қауға деп жеңгелері атап кеткен. Әйтпесе әжептәуір аты бар екен. Оны жұрт ұмытқан. Жарықтық, екі көзі қасқыр көрген ешкінің көзіндей шарасынан шыға шақшиып, жасаурап тұрар еді. Сақалы да ешкі сақал. Ашаң, бүкіштеу кісі еді. Алғаны Әулие-Атадағы Мама-Шәріп саудагердің қарындасы Гүлсім. Шешесі тәжік, әкесі өзбек. Тәжікше, өзбекше, қазақшасы аралас ерекше, будан тілде сөйлейтін. Дауысы шәңкілдектеу, тілі сақауға ұқсас, қызық кісі еді. Қауға мен екеуінде бала жоқ.

Содан да болар, тауықтың ұясындай кішкене құжырасында Гүлсім балаларды көшеден шақырып алып, жүгері нан, құрт, елде жоқ науат, кәмпит үлестіретін. Сірә, қаладағы саудагер төркінінен әкелетін шығар. Жұма сайын құдайы шелпек пісіріп, көшеге шығып, балаларды іздеп жүріп үлестірер еді, жарықтық.

- Дәметкен аруақтарға тие берсін, деп жеңдер.

- Дәметкен аруақтарға тие берсін!- деп шулайды балалар.

Соғыстан соңғы ашаршылық. Соның өзінде мұндай қайырымды адамды Құдай неге ғана бір балаға зар етіп қояды екен, түсініксіз.

Әне, сол Гүлсімге барып Айша мен Уәйда құмалақ аштырған ғой. Гүлсім басқалар сияқты қойдың құмалағымен бал ашпайды. Гүлсімдікі лобия. Лобия - сыртына Жаратушының өзі жазу жазып қойғандай, әдемі өрнегі бар. Ақ лобия, көк лобия, қызғылтым, қырмызы лобия.

- Балаларың аман-есен. Аяқтары үзеңгіде. Құдай қаласа, келіп қалады. Қанжығасы тоқ. Соған қарағанда олжалы-ау деймін, - дейді.

- Айтқаның келсін, Гүлсім жеңеше-ау, - деп Айша қуанып қалды.

- Аузыңа май,- деді Уәйда.

Екеуі үйлеріне қайтып, ңсары биенің сауып, бір самаурынды ортаға алып, көңілдері жайланады.

Бірақ бесінші күн өтеді...

Алтыншы күн дегенде Айша шыдамай жолға шығады. Құрмаш пен Батырханға:

- Ал, мен кеттім, Барсхан тірі болса - өзін, өлі болса - өлігін алып қайтамын, енді сендер қаңғырып кетпей, тырп етпей үйде отырыңдар,- дейді.

Басқа бағыттан адасса да, Бурылтаудан адаспайды. Айша терістік-батысты бетке алып, Молотов осы жақ қой деп, жолсызбен төтесінен тартады. Молотовқа баратын тас жолға түссе де болар еді. Бірақ ол алыс, орама жол. Алдымен қалаға бару керек. Одан Атшабар айналып, Ойық көшесіне түсу керек. Зибасы жоқ Ойық көше...

Оған зауқы соқпады. Бурылды тіке бетке алса, Асаның ар жағы - Байтана, Байтананың астында - Молотов. Бірақ Байтана мен Молотовтың арасында баяғы-баяғыда Шыңғысхан бүкіл дүниежүзінен жинаған алтынын көміп кеткен екен деуші еді. Талайлар сол зындандағы жинаған алтынды аламыз деп, қырық құлаш қыл арқан тастап, әуелі алдына келгенді тістеп, артына келгенді теуіп жан баласын жолатпайтын жымық құлақ қара айғырдың жанынан амалдап өтсе, енді аузынан от шашқан айдаһар тап болады екен. Жан-жағы шашырап жатқан адамдардың қаңқа сүйектері дер еді.

Бурылдың ең биік шоқысы жанартаудай жалындайды. Бәлкім, алтынның буы шығар. Алтынның буы болады дейді ғой. Әлгі Барсхан мен Қуан әлдекімнен естіп, осы алтынды аламыз деп, зынданға түсіп кетіп жүрмесін...

Алды жарқабақтанып бара жатқанын байқады. Сөйтсе Асыға да келіп жеткен екен. Жарқабақтан сырғанай-сырғанай амалдап, жағаға да жетті. Ернеуі мұз қабыршақтанып жатыр. Тебеген аттай жымқырылып, арқырамай, жымысқыланып, жыланша иреленděп жылжып бара жатыр. Судың беті ирек-ирек, қап-қара. Сірә, иірім. Сірә, терең.

Бұлкілдейді, бүктетіледі, сылқ-сылқ етеді. Қабыршақ мұзды жалап сылп-сылп етеді. Өзінің әуені. Өзенде де әуен бар. Бір қарасаң - думан дүниенің шалқымасы сияқты. Бір қарасаң - таусылмас арман ағысы.

Арман таусылмаушы ма еді. Бәрі де таусылады. Сайқалдана сылаң қаққан мына Аса да таусылады. Бурылдан шыға бере теріскейді бетке алып алыстағы құмға барып, құрдымға кетеді. Әуен де жоқ, ән де жоқ. Тек құмға сіңген судан нәр алған шеңгел ғана күзге қарай әлденені сағынып, сыңғыр қағады.

Бәрі солай. Көкірегі үнсіз күмбірлемейтін жан болмайды. Болса - ол сезімнен ада, жұрттың жадауы.

Айша қолындағы алша таяқты суға салды. Бойлатып көрді. Таяқ су түбінен таяныш таппады. Дәлірек айтқанда, түбіне жетпеді. Су серпіні таяқты Айшаның қолынан тартып алып, ағызып әкете жаздады.

Айша қабыршақ мұзды етігімен теуіп, еңкейіп, суға қолын салып көріп еді, онша суық та емес сияқты. Ызғарсыз. Тереңдігі болмаса, суықтығы түк те емес.

Айша суық судың талайын көрген. Тәңіртаудың Ақсайынан аққан зәрдей суды қызыл сирақтан кешіп, талай-талай жылдар бойы қызылша суарған.

Бүгінгі күн жылымық. Әуелі қалың жауған қар жентектеліп, жібіп жатыр.

О баста ет қызуымен едәуір жерді еңсеріп-ақ тастап еді, енді қансорпа боп терледі. Жентек қар аяққа оралғы бола берді. Бақа бас ескі етік те сыр бере бастады. Еріген қардан ылжырап, ішіндегі шұлғауға дейін су өтті.

Айша оны елең қылған жоқ, қыстың күні қысқа, жарық барда жол өндіріп алайын деп, аршындай түсті.

Жауыр дейтін жоннан асты. Алдынан Бурылтау буалдырсыз анық көрінді. «Жақын қалды» деді. Бурылға жақындаған сайын кеудесі әлденеге өрекпіп, дүниедегі ең аяулысын, Анасын көргендей, алдынан анасы құшағын айқара ашып, аймалайтындай бола берді. Көптен бері көкірегіне шемен боп қатып қалған, сарғайып сартап болған Сағыныш деген қу сезім жібіп сала бергені ме, бұл жаққа не мақсатпен келе жатқаны да есінен шыққандай. Бурылдан көз алмай алға қарай алқынды.

Аяғына басы күрдек күлтелі жусан орала берді. Бұл беткейде жусан қалың екен. Барсхан мен Қуан келіп шапса, қып-қызыл олжаға батқандай екен. Бурыл

да мұны аңсарлана, зарыға күткендей, тіпті тау басымен бұған қарай өзі жылжып келе жатқандай көрінді.

10. Ахмет Байтұрсыновтың «Шығармаларынан» алынған «Толғау» деген бір тақырып айналасында өрбитін күрделі синтаксистік тұтастыққа (КСТ) қанша дербес сөйлем енгеннін және КСТ –ің қай түріне жататынын анықтау керек. КСТ-тағы сөйлемдердің синтагмаларға бөлінуін, олардың ара жігі кідірістерін, сөздердің акценттелуі мен әуен өрнектерін және кездескен интонема моделдерін сипаттап көрсету керек.

Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін-мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды. Екінші ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халын түсіндіру мақсатпен толғайды. Толғау қысқасынан айтқанда іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі, ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып, толғай алуда.

11. *Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Соңғы парыз» деген романынан келтірілген үзінділерде қанша күрделі синтаксистік тұтастық бар? Олар қандай дербес сөйлемдерден құралған? Ол сөйлемдердің өзара мазмұндық байланысы просодикалық тәсілдер арқылы қандай көрініс тапқан? КСТ-тарға енген сөйлемдердің синтагмаға бөлінуі, олардың деңгейі, сөздерінің акценттелуі, олардың арасындағы кідірістер КСТ-тың жалпы интонациялық келбетінде қалай сызылады?*

Сықырлаған сары аяз. Күн шырадай тымық. Бірақ соқтыра жөнелген ат екпінінен бет алды кәпелімде желденіп, көңіл шіркін ұшатын құстай қанаттанып жүре беретін. Жақында жауған қарды сары аяз сыға-сыға, кәзір тіпті сығымдалып сіңірленіп қалған. Ала-бөле борасын үрген тұста қар бел алып, құдды қанатын жайған керегедей бөріжалданып күдірейіп жатқан күртікті, бұл кезде тақымы астында төрт аяғы денесін ауырламай құп-қунақ басқан тор төбелдің тағалы тұяғы күтір-күтір ойып, қайсы бір омбылаған-омбылаған жерде тізесі дірілдеп тұрып қалмай, қайта өршеленіп, алдына қарай омыраулай ұмтылып, тағы бір белеңге алып шығар еді де, балықшылар ауылының бет алдындағы қара жардың құлауына қарай іліккенін білмей қалар еді-ау!

Шіркін, сол күндер-ай! Бұл қара жарға қалай ілікті, солай дереу ат басын тартар еді. Ер үстінде бойын тіктеп көтеріліп отырар еді. Сонда қыран ұшар биіктен етекке көз жібергенде осынау жарық дүниені алып жатқан теңізді алқап аспан астына симай далиып кетер еді ғой! Жағалаудан бастап ұстасқан мұз көз ұшына барып қалған. Соны көргенде сен де жымың етіп, көзің күлімдеп қоя беретінсің. Жүзің сәтте нұрланып, көкірегі құрғыр кеудеге симай, кәзір-ақ құс боп ұшатындай, ат аяғы басып тұрған қара жер тап кәзір табан астында бар ма, жоқ па, сезбеуші еді-ау! О, дүние! Опасыз сұм жалған! Асылы, айналайын, ата-баба мал соңында қоңын күн тесіп жүріп те көкірегі көп нәрсені сезген ғой. Солар еді ғой ңөткен күнде белгі жоқң деген. Белгі болса, ал, кәне, тірлік кәзіргідей тұйыққа тіреліп,

тарығып та торығып тұрғанда баяғы күндердің бірі болмаса, бірі көзге көрініп, тым құрыса, көңіл делбеуге жарамас па еді?

Асылы, пәтуасыз өмір жұмыр басты пенденің басынан өтпегей...Ал бастан дәурен өткесін-ақ пәни дүниенің айы да, күні де, жылы да түз қашағаны түлкіге айналып, бұлталаққа сап ізінен адастырып бағады. Міне, бұ да осы өңірдің теңізі мен даласында өзі шарлап тастаған сонша іздің бірі болмаса бірінен қолға ілігер тиянақ таба алмай, торығып тұр.

Ұзын қара кісі еңсесін тіктеді. Бүгінгі күннің бұнан бұрынғы күндерден айырмасы қандай екенін білгісі келгендей, әуелі айнала төңірекке көз салды. Сосын соңындағы шұбалаң ізге назар аударды. Көзі қайта түскенде, жүрегі дір ете шошып қалды. Мына із не дейді, әй? Мынау құдды жарым жолға жеткенде тақым астында титықтап зорыққан көліктей сүлдерін сүйретіп кеп, аяғындағы қара етікке басын сүйей жығылған ба, қалай? Жүрімі бітіп, жолы таусылып титықтап тоқтаған жері осы болғаны ма? Жәдігер: ңЖоқ! Жоқ!ң- деп, жаны ышқына айқайлап жібере жаздап, ерні дірілдеп, өзін әзер ұстап қалды.

Жә, кісіден көретін не бар. Бұның басына қара бұлт үйірілген бақытсыздыққа кінәлі біреу болса, ол басқа емес, бұның өзі еді ғой. Өзі кінәлі еді ғой! Бәкизат?.. Жоқ, онда кінә жоқ. Қайта ол бір пәленің боларын сезгендей, бұған: ңдемалысқа бірге барайық!ң деді; ңерлі-зайыпты боп, тым құрыса биылғы демалысты бірге өткізейік. Астанаға баралық. Баяғыда бірге оқыған қыздар мен жігіттерге кездесейікң,-деп, алдынан өтпеді ме? Астанаға жалғыз барса, Әзімге кездесетінін ол біледі. Оны сен де білдің. Көрінген еркектен қаралай қызғанып, күйіп-пісіп жүріп, сол арада не қара басқанын қайдам. ңӨзің бара бер, дем алып қайт. Мен кетсем балық ауланбай қалады. Онсыз да үкіметке тапсыратын жоспарлы балық бұл айда тағы да орындалмай, бастықтар жанымды алып жатырң-деп... О, сорлы!

Сорлы-ау, біле білсең, Әзімнің қойнына өзің апарып салып берген жоқсың ба?

* *
*

Енді поэзия тіліндегі интонациялық ерекшеліктерге әдейі тоқталып, қазақ тіліндегі ритмикалық ыңғайластыққа, яғни буын үйлесіміне құрылған, поэзияның үлкенді-кішілі түрлерінің (формаларының) өзіне тән семантикалық-синтаксистік ерекшеліктерін де ескере отырып, олардың интонациялық көріністерін қарастырып көрейік.

Алдыңғы тарауда алдымен проза тілінен жай сөйлемдердің түрлеріне, күрделенген сөйлемдер, құрмалас сөйлемдерге, мәтіннен әдейі теріп алынған мысалдарды келтіріп, солардың интонациялық ерекшеліктерін, олардың жазба тілдегі тыныс белгілеріне сәйкестігін және олардың тоналды деңгейін, ұзақтылығын, кідіріс-паузаларын, синтагмаға бөлінуін, интонациялық сызығын, интонемасын, тағы басқа да қасиеттерін сол мысалдардан анықтап қарастырып алып, содан кейін ғана көркем проза, драматургия, әдеби тілдің басқа да стильдерінен келтірілген көлемді үзінділерден, мәтіннен берілген тапсырма, жаттығуларға мысалдарды студенттердің өздері іздестіріп тауып, орындауын дұрыс деп есептедік.

Поэзия тілінің де интонациялық ерекшеліктерін қарастыруды ол тілдегі реттелген ырғақтың үйлесімге түсіп ықшамдалған өлең кестесінің құрылымдық жағынан ең кіші формаларынан бастағанды жөн көрдік. Поэзияның кіші формаларына қазақ ауыз әдебиетінде ежелден орны бар, буын ыңғайластығына, үндесуіне құрылып, қысқа да шебер айтылған ақыл, нақыл, шешендік насихат сөздер болып

табылатын мақал-мәтелдер жатады. Олар жаратылыста, қоғам өмірінде болатын түрлі өзгерістер, құбылыстар, халықтың тіршілік-тілегі, тұрмыс-салты, ақыл-ойы, ұғым-сенімі, достық, адалдық, батырлық хақында және елге, халыққа қызмет етуге байланысты айтылған халық даналығынан шыққан ықшам формалы сөздер.

Енді мақал-мәтел, нақыл сөздердің формасына келсек, олардың көбісі өте ықшам, үйлесімді және санаулы буыннан тұратын сөздерден түзілген сөйлемдер болып келеді. Олардың ішінде бір тармақтылары да, екі тармақтылары да, үш тармақтылары да, төрт тармақтылары да кездесе береді. Олардың 4-5 буыннан тұратындары да, 7-8 буыннан тұратындары да кездеседі, ал 11-12 буыннан тұратындары сирегірек кездеседі.

Құрылым жағынан қарасақ, олар ықшамдалған хабарлы, бұйрықты, сұраулы, толымды-толымсыз, жақсыз, жалаң сөйлемдер түрінде келеді. Олардың, әрине, өзіне тән интонациялық ерекшеліктері бар. Ал поэзияның үлкен формалы, төрт тармақты, көп шумақты, кейде шумаққа бөлінбей тұтас та өте көлемді болып келетін 7-8 немесе 11-12 буынды түрлерінде құрылымдық жағынан жай сөйлем, күрделенген сөйлем, құрмалас сөйлемдердің түрлері және күрделі синтаксистік тұтастықтың түрлері де жиі кездеседі.

Поэзияның кіші формалы, көлемді формаларынан келтірілген мысалдарды қарастырғанда байқалатыны, олардың құрамындағы сөйлемдердің құрылымдық түрлерінің өздеріне тән интонемаларын қайталайтыны анық.

12. Төменде берілген 7-8 буынды 10 тармақты Абайдың өлеңінің ырғақты топ, синтагмаға бөлінуін белгілеп, сөйлемдердің қай коммуникативтік түрге жататынын және интонемаларын анықтау керек.

Балалық өлді білдің бе?
Жігіттікке келдің бе?
Жігіттік өтті көрдің бе?
Кәрілікке көндің бе?
Кім біледі, сен кәпір,
Баяндыдан сөндің бе?
Баянсызға төндің бе?
Әлде айналып, кім біледі,
Боталы түйе секілді
Қорадан шықпай өлдің бе?

13. Төменде келтірілген 7 буынды 8 тармақты жыр, Төле бидің Қазыбек биге берген батасының ырқақты топ (I), синтагмасын (II) белгілеп, тыныс белгілерін қойып, интонациялық кескінін, деңгейін көрсетіп сызып, сонсын мұндағы тармақтар сөйлемнің қай коммуникативтік түрі екенін және интонемасын анықтау керек.

Атасызға ата бол!
Батасызға бата бол!
Арып-ашқан қаріптің
Жел жағына жота бол!
Панасызға пана бол!

Кек сақтамас бала бол!
Дос сүйсініп, қас силар
Асу бермес дана бол!

14. Абайдан келтірілген төмендегі төрт тармақты екі шумақты үзіндінің әр тармағындағы ырғақты топ, синтагмаларының барлық интонациялық ерекшеліктерін анықтап, тармақтарын жазып жіберіп, деңгейлерін көрсетіп, жалпы интонациялық схемасын сызып, бабамыз Ахмет Байтұрсыновтың өлең туралы айтқан ңкілемнің басына түсетін өрнегінң сызып көрсетіңдер.

Әсемпаз болма әрнеге
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге
Кетігін тап та, бар қалан!
Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға.

15. Поэзияның кіші формаларынан келтірілген мысалдардан бір тармақты, екі тармақты мақал-мәтелдердің құрылымдық-интонациялық ерекшеліктерін анықтау керек: олардың буын санын (бунағын), ырғақтық топқа бөлінуін, сөйлемнің қандай коммуникативтік түріне жататынын, интонемасын анықтау керек.

а) Өз елім - өлең төсегім.
Ырыс алды - ынтымақ.
Тірлік түбі - бірлік.
Опасызда отан жоқ.
Ата қоныс - алтын мекен.
Ауылы бірдің - ауызы бір.
Ұйымдасқан ұтады.
Ер шекіспей, бекіспейді.
Айлалы батыр алдырмас.
Ер қанаты - ат.
Ердің сыншысы - елі.
Болған іске болаттай бол.
Өзі саққа, құдай жақ.
Көргені мол көш бастар.
Көпті сөккен - көгермес.

б) Отан елдің анасы,
Ел ердің анасы.

Отансыз адам –
Ормансыз бұлбұл.

Арша өскен жерінде
Адамзат өскен елінде.

Аз да бітер, көп те бітер,
Татулыққа не жетер?

Қосылғанның - қолы ұзын,
Қос керуеннің - жолы ұзын.

Ұрыстың арты - реніш,
Татулықтың арты - кеніш.

Ер үмітін ер ақтар,
Ер атағын ел сақтар.

Ерді намыс өлтіреді,
Қоянды қамыс өлтіреді.

Бақ келді деп таспа,
Жау келді деп саспа.

Даудың жолына түспе,
Жаудың қолына түспе.

Ел басына күн туса,
Ерлер атқа ер салар.

Дұшпанға тастай қатты бол,
Досыңа балдай тәтті бол.

Оқ қадалса денеңнен суырарсың,
Кек қадалса жүрекке не қыларсың?!

Кісі елінде сұлтан болғанша,
Өз еліңде ұлтан бол!

Батылдықты айт, ерлікті айт,
Батырлықты айт, бірлікті айт!

16. Келтірілген үш тармақты мақал-мәтелдердің құрылымдық-интонациялық, яғни сөйлемнің қандай коммуникативтік түріне жататынын, жай сөйлем бе, құрмалас сөйлем бе және буын санын, ырғақтық топқа бөлінуін, акценттелген сөздерін, интонемасын анықтау керек.

Бақа көлін сүйеді,
Бұлдырық шөлін сүйеді,
Ер жігіт елін сүйеді.

Алтын алма, алғыс ал,
Алтын деген - жер сыйы,
Алғыс деген - ел сыйы.

Ерегісте ер өлер,
Екі батыр егессе,
Екеуінің бірі өлер.

Ел күйінгенде күйінген батыр
Ел сүйінгенде сүйінген батыр
Ерегісте мыңға татыр.

Батыр қол бастар,
Көсем жол бастар,
Шешен сөз бастар.

Қалы кілем төрге керек,
Қызғалдақ гүл жерге керек,
Алмас қылыш елге керек.

Батыр болсаң, жауды қайтар,
Шаруа болсаң - малды қайтар
Шешен болсаң - дауды қайтар.

Елге ерсі іс істеме,
Елге ерсі іс істеп,
Бармағыңды тістеме.

17. Келтірілген төрт тармақты мақал-мәтелдердің құрылымдық-интонациялық ерекшеліктерінің бәрін анықтап шығу керек, тармақтардың бунаққа, синтагмаға бөлінуін, олардың ара жігін, кідірісін белгілеп, акценттелген сөздерін көрсету керек.

Малы жоқ деп
Ерден түңілме.
Егіні жоқ деп
Жерден түңілме.

Ат басына күн туса,
Ауыздығымен су ішер.
Ер басына күн туса,
Етігімен су кешер.

Жау жеңетін жігіттің
Жарағынан танимын.
Дау жеңетін жігіттің
Талабынан танимын.

Тауды биік демеңдер
Талаптансаң шығарсың.
Жауды мықты демеңдер
Жарақтансаң жығарсың.

Батырлығың не керек?
Байсалдығың болмаса.
Ақындығың не керек?
Айтарлығың болмаса.

Жора, жолдас не керек?
Жауға бірге шаппаса.
Арғымақ мініп не керек?
Жабыдан озып артпаса.

Жақсылық қылсаң халқыңа,
Бір қайырымын аларсың.
Жамандық қылсаң халқыңа
Жапанда жалғыз қаларсың.

Ел-жұртыңның қадірін
Іс түскенде білерсің.
Сары тонның қадірін
Қыс түскенде білерсің.

Өзіңді өзің тыймасаң,
Өзгені қалай тыярсың?
Құлы болсаң құлқынның
Дүниеге қайтып сиярсың?!

Ақылсыз адам айқай келеді,
Жан-жағын жайпай келеді.
Ақылды адам жай-жай келеді,
Жан жағын байқай келеді.

Заман қамын ойлаған -
Саналықтың белгісі.
Адам қамын ойлаған -
Даналықтың белгісі.

Жаманға еткен жақсылығың
Жатқа кеткен малмен тең.
Адамға қылған жақсылығың
Арнап бір берген нармен тең.

Жабағы тайды қорлама,
Жазға шықса, ат болар.

Жас жігітті қорлама,
Жұртына ертең бас болар.

Көрген сайын ңсізң десіп,
Сыйласқанға не жетсін.
Шашылғанды бірлесіп,
Жинасқанға не жетсін!

Жалғыз жүрсең, жолмен жүр,
Жолдан жолдас қосылар.
Жолдан жолдас қосылса,
Жолың болмас несі бар?!

18. Мақал-мәтел, нақыл сөздер халықтың тұрмыс-салты, ұғым-сеніміне, батырлық, еліне еңбек ету, ақыл-ой, еңбек-кәсіп сияқты түрлі-түрлі тақырыптарға байланысты айтылған, халық даналығынан шыққан сөздер. Олар көбінесе екі тармақты, үш-төрт тармақты тақпақтарға сыйғызылып айтылады. Кейде ғана олар 6-7-8 тармақты болып келеді. Соған келтірілген мысалдардың да құрылымдық-интонациялық ерекшеліктерін, коммуникативтік типтерін тексеріп, анықтау керек. Тақпақтардың бунаққа, синтагмаға бөлінуін, акценттелген сөздерін, деңгейін белгілеу керек.

1) Атыңнан айрылсаң да,
Ер-тоқымыңнан айрылма.
Қатыныңнан айрылсаң да,
Қазан-ошағыңнан айрылма.
Қазан-ошағыңнан айрылсаң да,
Халқыңнан айрылма!

2) Берекесі кеткен ауылдың
Айтқаны өсек болар,
Аңдығаны төсек болар.
Берекесі кірген ауылдың
Айналдырғаны шаруа болар,
Еккені тары болар, жегені жарма болар.

3) Жаңа туған айды көрген
Бір мұрат.
Жаңа шыққан күнді көрген
Бір мұрат.
Жаңа ашылған гүлді көрген
Бір мұрат!

4) Бағбан жемістің ағашын айтар,
Мұрап суының сағасын айтар.
Шопан өсірген қойын айтар,
Өлеңші өлең айтқан тойын айтар.

Ұста соққан тамын айтар,
Диқан шығымды егіннің бабын айтар.

5) Күнің шуақты болсын,
Көлің суатты болсын.
Қонысың өрісті болсын,
Еккенің жемісті болсын,
Еңбегің келісті болсын!

6) Түйеден жығылсаң,
Түйе шудасын төсейді.
Аттан жығылсаң,
Ат жалын төсейді.
Есектен жығылсаң,
Есек тұяғын төсейді.

7) Көл жайлаған үйрек-қаз
Шөл қадірін білмейді.
Шөлде өскен бұлдырық
Көл қадірін білмейді.
Тауда туып, таста өскен,
Ағайыннан басқа өскен
Ел қадірін білмейді.

8) Ақ бидайдың қадірін
Ашыққанда білерсің.
Ағарғанның қадірін
Қыс шыққанда білерсің.
Сары қазыны кертіп жеп,
Сараңдар отыр жоқпыз деп.
Сары қауынның қағын жеп,
Сақылар отыр тоқпыз деп.

19. 7-8 буынды, 11(12) буынды өлеңдер, жырлар, поэмалардың құрылымдық-интонациялық ерекшеліктерін (сөйлемнің қай коммуникативтік түрі, жай сөйлем бе, құрмалас сөйлем бе, олар қанша бунақ, синтагмадан тұрады, қандай сөздер акценттелген, қай интонемаға жатады т.с.с.) қарастырғанда, көңілде сақтайтын нәрсе - ол қандай өлең, поэма, жыр болсын, олардың бір, белгілі тақырыпқа арналатыны. Ол тақырыбы өлеңнің басында әрқашан жазылып, көрсетіледі де. Сондықтан өлең, поэма, жырларда бір тақырып айналасында өрбитін, өзінің құрылымдық ерекшеліктері бар, жай және құрмалас сөйлемдерден тұратын күрделі синтаксистік тұтастықтар (КСТ) жиі кездеседі. Ақын Қуандық Шаңғытбаевтың «Ана тілі» деген өлеңі сол күрделі синтаксистік тұтастық (КСТ) дегенге мысал болады.

Сенде анам сүтінің күн исі бар,
Маң даланың мамыр гүл тынысы бар.

Сенің кербез ырғалған мақамыңнан
Қоңыр-салқын пейіштің үні шығар.

Кер жусанның шық жуған кермегі бар,
Түрен түскен самалжай жер лебі бар,
Сәбилердің саф таза күлкісі бар,
Гөй-гөйлеген әжемнің ермегі бар.

Абай-жырдың сен айдын арнасысың,
Жарқ-жарқ еткен Махамбет алмасысың.
Аякөзде Қозымен кездескенде
Жас Баянның сен мөлдір базынасысың.

Бәйге атының сен байтақ дүбірісің,
Бұла бұлақ еркінің күбірісің.
Қалай ғана сәтімен жаралдың сен
Ұрпағыңның ұлан-мол ғұмыры үшін!

Дөнен қымыз-шәрбәттың дәмісің сен,
Бас қосқанда ауылдың сәнісің сен,
Айыл мойын арудың әнісің сен,
Қазақ үшін бақыттың бәрісің сен.

20. Ақын Тұманбай Молдағалиевтың 11 буынды, тармаққа, шумаққа бөлінбеген арнау өлеңінің құрылымдық-интонациялық ерекшеліктерін қарастырып, күрделі синтаксистік тұтастыққа жататын бұл өлең қандай сөйлемдерден тұратынын, олардың синтагмаға бөлінуін, сөздерінің акценттелуін, мұнда қандай интонемалардың орын алатынын анықтаңдар.

Қазақтың маңдайына біткен ғалым,
Барыңды елге беріп, түк те алмадың.
Шықты көп абыройың аспанға да,
Мықты боп жүргеніңмен мақтанбадың.
Жігіт пе жастайынан шарқ ұрмаған,
Бір түрлі жақын сенің атың маған.
Сұсың бар сұмырайларды жасқайтұғын.
Сыйлаған туған елге еңбегің көп,
Жанды ғой маңдай терге өнген еңбек.
Министр болсаңдағы талай заман
Менменсіп жүргеніңді көргенім жоқ.
Жақсылық жазулы тұр көзіңде де,
От қоя аласың сен сезімге де
Халықтай кеменгерсің өзің және.
Жігіттің сұлтанысың, нұрлы ағам-ай,
Тұлпарың күнде шапты қырға қарай.
Халықтың сұлулары келбетіңе

Өтпейді әлі күнге бір қарамай.
Сүйкімді болғаныңмен сүйікті ердей
Жүрген жан сен емессің құрық көрмей.
Мәртебем пәс болса да саған, аға,
Ерке өлең алып келді ырық бермей.

21. Ақын Жұбан Молдағалиевтың «Суырылмай қалған қылыш туралы» деген төрт тармақты, 14 шумақты өлеңінің әрбір шумағының құрылымдық-интонациялық ерекшеліктерін анықтап, алдыңғы төрт шумағын көшіріп жазып, оның әр тармағының синтагмаға бөлінуін белгілеп, акценттелген сөздерін, деңгейін көрсетіп, интонациялық схемасын сызу керек.

Табытта оның иесі,
Оралда музей үйінде.
Қалпында дене жүйесі,
Қаусаған сүлдер күйінде.

Басында болат дулыға,
Үстінде сауыт баттасқан.
Жанында сан жыл булыға,
Қылышы жатыр тат басқан.

Көмілген солай сол адам,
Мен өскен жаугер өңірде.
Алынған солай моладан,
Айғақтай өткен өмірге.

О да бір тарих бетіндей
Жаңарып дәурен сүретін.
Қараймын оған жетімдей
Іздеген әке суретін.

Қараймын жесір арудай,
Жан жарын жырдай жоқтаған.
Қараймын ескі қаруға
Қай кезде, қалай соқты адам?

Қараймын бейне басырдай,
Жанары жаңа нұр көрген.
Сүлдерде көне ғасырдай
Қойнына небір сыр көмген.

Мерт болды деуге құн үшін,
Қорғады деуге халықты,
Суырыла түсіп қылышы
Қынаптан шықпай қалыпты.

Сүйе алмай қалған еріннен
Үзілген оқыс өлеңдей.
«Әттең!ң деп өткен өр үндей,
Қапыда қапқан өремдей.

Жер құрттай жылжып, білдіртпей,
Опасыз біреу шықты да,
Семсерін суырып үлгертпей,
Ту сырттан қанжар сұқты ма?

Не сыр бар осы құрышта
Отына қанның құрылған?
Адыра қалсын қылыштар
Орталай ғана суырылған!

Әлде бұл салт па әріде
Ант еткен «қылыш қолды» деп,
Тынған жоқ күрес әлі де,
Қалмайды орта жолда деп.

Қайтсе де кәрі құрышқа
Қараймын сыймен, сезіммен.
Жарқылдап жойқын ұрыста,
Жүргендей бірге өзіммен.

Енді мен оған ортақпын,
Абыройсыз қару алмас ер.
Опасыз бенен қорқақтың
Көріне қылыш салмас ел.

Ақырғы жырын айта алмай,
ңҚош!ң дей де алмай шабытқа,
Семсердей сол бір майталман
Қалам да түсер табытқа...

22. Ақын жарасқан Әбдірашұлының «Құлпытас» кітабынан келтірілген «Арыстар аманаты» деген өлеңнің (оның 8-і төрт тармақты, 11 буынды, 2-уі алты тармақты) өлеңінің құрылымдық-интонациялық ерекшеліктерін қарастырып, бұл өлеңнен сұраулы сөйлемдердің, лепті сөйлемдердің түрлерін көшіріп жазып, интонациялық схемасын сызып, олардың қай интонемаға жататынын анықтап, эмоциялық, күшейткіш кідірістерді белгілеу керек.

Кім едік?
Кім болдық біз?
Халық таныр?
Әйтеуір ұмтылғанбыз жарыққа бір!
марқұмбыз - бәріміз де болашаққа,
Жер деген - Адамзатқа Алып қабір!

Еттік пе екі келмес тірлікті мәз?
Сағымдай басымыздан сырғыды жаз!
Алданып алғы күнге аландаумен,
Үстінде сол Қабірдің жүрдік біраз!..

Жо-жо-жоқ!
Кеткен жоқпыз ңБазарған кеп!..
Күрестік,
көніп бейнет - азарға көп!
Тұрлаусыз өткен өмір турасында
тас ұрпақ кесіп-пішіп жазар не деп!

Жазар ма ңЕңіреген ер!ң деп бізді,
Жазар ма ңКөкірегі көр!ң деп бізді?..
Жоқ әлде отырар ма ойға шомып,
Жанары терезедей терлеп күзгі?!.
Тағдырдан тумай жатып сұрап алған,
бізде тек болған еді бір-ақ арман!
Тал түсте тура жолдан адастырар
Сан қилы соқпақ шықты, бірақ, алдан.

Түстік те шайғанына жолдың түрлі,
білмедік боз өкпеше болдыртуды!
Аңсадық сол арманды, сол үмітті,
аңсадық сол бір таңды, сол бір күнді!

Қалай деп атаса да қазақ мұны,
еңсесін езіп ауыр азап-мұңы,
бабалар бізден бұрын арман еткен -
«Алаштың мәңгі бақи Азат күні!..»
Көргенде сол бір күнді көзін ілер,
даланың, бәлкім, иттей төзімі дер.
Құлпытас қояр-қоймас басымызға,
Ол жағын Уақыттың өзі білер!..

Біздің де кетеріміз мұра қылып,
Сол арман, сол баяғы бір-ақ үміт.
Жапанда жараланып жалғыз қалған
Бөрідей...басымызда тұрады ұлып!..

Жанына маза бермей жырақ тылсым,
Жас ұрпақ мына бізше жылап-күлсін...
Жанында жалғыз...жалғыз...ұлып тұрған
Бөріге...жиі-жиі құлақ түрсін!..

23. Ақын Жарасқан Әбдірашұлының Ахмет Байтұрсыновқа арнаған тармағының саны әртүрлі, жеті шумақтан тұратын өлеңінде келетін

сөйлемдердің құрылымдық-интонациялық ерекшеліктерін қарастыру керек, яғни мұнда жай сөйлемнің қандай коммуникативтік түрлері бар, сөйлемнің қай мүшесі бірыңғай болып келеді, қандай оқшау сөздер бар екенін анықтау керек және олардың қай интонемаға жататынын да көрсету керек. Эмоциялық кідірістерді де белгілеу керек.

Ей-һей, жастар!
Ей, жас тіл, бір шыбық боп қалай өндің?
Бірауық білші діттеп!
Айдалаға қарайсың...
Айналаға алаңдауды қойыпсың ңТіршілікң деп.
ңТіршілігіңң - тәубесіз...
Қай тіршілік?
Бас иіп тұр Күн жылап,
Ай күрсініп!..
Бұл арада ұлы атаң - ақын атаң:
жатыр (Ақаң!) Ахмет Байтұрсынов!

Қаратқан аузына аталы ұлтты,
қастерлеп қатары да бата алыпты!
Алланың бұл да болса рахметі,
болғанмен Байтұрсынның Ахметі,
«Ақаңы алты алаштың» атаныпты!
Қастерлеп қатары да бата алыпты!

Алаштың белін буып «Ақ жолына»,
Жиғанда жайсаңдарды жан-жағына
Бас иген жазушысы, күллі ақыны:
Бас иер Жүсіпбегі, Міржақыбы,
бас иген Мұхтары да, Мағжаны да!
Ал, енді бас имей көр, әруағына!

Уақыттың ұмытылмас ұранындай,
ұл туар...Ұлы тумас, сірә, мұндай!
Бүгінгі бар қазақтың «Тіл құралы» -
(Тексіздер тәрк етсе де бұл мұраны)
түбі бір түркі елінің құранындай!
Ұл туар...Ұлы тумас, сірә, мұндай!

Пайымын пайғамбарша салмақтаса,
парқына жетпегендер болмапты аса.
Еске алып кейбір сұмның ақыретін,
ардақтар Байтұрсынның Ахметін...
Ата жұрт Ана тілін ардақтаса!
Ешқашан ер өлмейді - ел жоқтаса!

24. Махамбет Өтемісұлының «Соғыс» деген өлеңі ескі жырлар кескінінде 7-8 буынды тақпақ түрінде жазылған. Ол 54 тармақтан тұратын тұтас өлең. Мұның құрылымдық-интонациялық ерекшеліктерін қарастырып, алдыңғы 18 тармағының интонациялық өрнегін сызу керек.

Әскер жиып аттандық,
Бекетай еді тұрағым,
Айқайлап жауға тигенде,
Ағатай-Беріш ұраным.
Байбақты Жүніс аттанды,
Қосылуға дем болып.
Қудалайды хан ұлы,
Іздеген жауы біз болып.
Жау қарасы көрінді,
Жиылған әскер бүлінді.
Исатай басшы, мен қосшы.
Исатайдың сол күнде
Ақтабан аты астында,
Дулығасы басында,
Зығырданы қайнайды.
Астына мінген Ақтабан
Қасына ерген көп әскер
маңыраған қойдай шулайды.

Артымыздан келіп қол жетті,
Аз жетпеді мол жетті.
Жеткен жерін айтайын:
Беке құмның басында,
Ағаш үйдің қасында,
Түніменен түйіндік,
Таң атқанша тарандық.
Таң ағарып атқан соң,
Төңірек жаққа қарандық.
Қарап тұрсақ әр жерден:
Жау бір өрттей қайнайды,
Қайнағанмен қоймайды,
Мылтығын қардай боратып,
Жетіп келді қамалға,
Қамалды бұзып аларға.
Толғай-толғай оқ атқан,
Он екі тұтам жай тартқан
Қабырғасын қақыратқан
тебінгісін тесе атқан,
Тізгінінен кесе атқан,
Біздің қайсар батырдың
Жүрегін сүйтіп оятқан.
Әскердің алды бөгелді,

Қырдан ойға төгілді.
Ханның тобы үш атты.
Топтың үні шыққанда...
Сонда батыр жөнелді...
Жөнелмей батыр не қылсын,
Ерсары менен Қалдыбай -
Екі арыстан тең өлді.
Жетім-жесір көп қалды,
Хан әскері кенелді...
Қызғыштай болған есіл ер
Қайран да жұрттан не көрді?!

25. Поэзия тілінде өте көлемді болып келетін «Батырлар жырлары» көбінесе 8 буынды өлең түрінде кездеседі. Поэзияның көлемді түрлеріне халқымыздың көне асыл мұралары, ауыз әдебиетінің көркем үлгілері - батырлар жырлары жатады. Батырлар жырларын халықтың талантты ақын-шайырлары шығарып, ол ауыздан ауызға, ілгерідегілерден кейінге ауысып, көркемдігін жоғалтпай осы күнге жеткен. Олар көбінесе 8 буынды өте көлемді, жүздеген, мыңдаған өлең жолдарынан тұрады. Мысалға халыққа көп таралған «Қобыланды батыр» жырын келтіруге болады. Онда Қобыланды батырды суреттейтін, оның аты Тайбурылды суреттейтін көркемдігі өте биік, тамаша өлең жолдары бар. Содан мысалға Тайбурылдың шабысын суреттейтін жерлерінен келтіріп, оның сөйлемдерінің құрылымдық-интонациялық ерекшеліктерін қарастырып бір үзік өрнегін сызу керек.

Құбылып бурыл гуледі,
Аяғы жерге тимеді.
Тау мен тасты өрледі,
Төрт аяқты сермеді,
Құлақтың түбі терледі,
Тер шыққан соң өрледі,
Адырды көзі көрмеді,
Көлденең жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
саз балшықтай иледі.
Қараша емес қауысты,
Қоңыраулатып дауысты,
Жақын қылды алысты
Берсін кімге намысты,
Күн төбеден аумай-ақ
Түзеді Бурыл шабысты.
Қос құлағы тігілді
Қайырға біткен қамыстай,

Түс ауған соң бүгілді
Илеуі жеткен қайыстай
Байлаулы малдай шешілді,
Төрт аяғын көсілді,
Әрбір сымдай есілді.
Кешегі кеткен қосынға
Жетемін деген Қобыланның
Жоқ еді тіпті есінде.
Бұлаңдаған Бурылмен
Артық туған Қобыланды
Аңқып жетті бесінде.
Қоғалының қулы көл,
Шегендінің желді көл,
Шағалалы шалқар көл,
Қызғыштының Қызды көл,
Құмра қотан Қос көлден,
Айналасы бес көлден,
Бәрінен өтіп жөнелді.
Күдердің қара дөңінен,
Бесін де өтті деңінен,
Барлы-барлы, барлы тау.
Басы биік, қарлы тау,
Хан жайлаған Қаратау,
Би жайлаған Алатау,
Онан да өтіп жол шекті-ау.
Түйе мойнақ иір тау,
Қыз емшекті сүйір тау.
Атасу мен Манашы
Мал оттауға оты ащы,
Ішейін десе суы ащы,
Мұнан-дағы жол шекті.
Қампай-құмпай қасынан.
Жем, Темірдің басынан,
Қолбағайлы шөлдерден,
Қасқалдақты көлдерден,
Асқар-асқар белдерден,
Айдын шалқар көлдерден,
Қан сасыған жерлерден,
Тобылғылы нұрадан,
Сексеуілді жырадан,
Баялышты құмайттан,
Бүлдіргенді шыңайттан
Жалғыз шауып жол шекті.

Астына мінген Бурыл ат
Жауатын күндей күркіреп,
Жаңбырдай тері сіркіреп,
Құбылып ойнап жер басты.
Алдыңғыдан артқысын
Сынық сүйем кем басты.
Жалғаса ұшқан қоңыр қаз.
Тозаңынан адасты.
Асқар төбе бел еді,
Бір шауып, бір желеді,
Құбылып ойнап жер басып,
Дөңгеленіп келеді,
Садақтың бауы сартылдап,
Масатыдан шалбардың,
Сала құлаш балағы,
Алтынды зермен көмкерген,
Жел соққандай жалпылдап,
Белеңнен асты былқылдап
Тозаңы шықты бұрқылдап,
Аттың жолы қазылды,
Ұмтылғанда қысылып,
Бес жүз құлаш жазылды,
Бурыл көкке секірді,
Омырауда тері көпірді,
Шаба-шаба шатылды,
Табаны тиіп ұшқан тас.
Қызылбас мылтық оғындай,
Аспан көкке атылды.
Тақиядай көрмеді
Үстіндегі батырды.
Бұланғаған Бурылдың,
Маңдайында масаты бар,
Марал ішсе таусылмас.
Құйрығында құдық бар,
Құлан ішсе таусылмас.
Арандай аузын ашады,
Аяғын топ-топ басады.
Бір төбенің тозаңын
бір төбеге қосады.
Кешке таман Тайбурыл
Жын қаққанға ұқсады,
Құлан менен құлжаның,
Ұзатпай алдын тосады.

Көл жағалай отырған,
Көккұтан мен қарабай
Көтеріліп ұшқанша,
Белінен басып асады.
Дуадақ пен жек қалды,
Әлде өтірік, әлде шын
Ақ сұңқар мен лашын,
Өлген құсты жеп қалды.
Ебелек ұшпас елсізден,
Көбелек ұшпас көлсізден,
Құла мидай шөлдерден,
Адам жүрмес жерлерден,
Батпақ лай көлдерден.
Асқар-асқар белдерден
Жалғыз шауып жол шекті.
Үмітін үзіп келеді,
Қараспан тауды жайлаған.
Қалың қыпшақ елдерден
Намаздыгер өтті енді,
Мезгілі шамның жетті енді,
Қобыланды мен Бурылдың
Уәдесі бітті енді.
Көріне ме шаһар деп
Ілгері қарап күткен-ді.
Сол уақыттар болғанда,
Белес-белес бел көрді,
Бел астында ел көрді,
Бидайықты ақтатыр
Ақты, бозды, қой жатыр.
Тіктеп шауып қалаға
Қобылекем келе бұл жатыр.
Құланнан атты қодықты,
Көлден тартты борықты,
Жетемін деп торықты.
Намазшамның кезінде.
Бес ағаштың түбінде,
Қазанның салған жылқыға
Ағыны қатты Бурылмен
Аңқытып келіп жолықты.

26. Орхон-Енисей бойында сегізінші ғасырдан қалған «Күлтегін» ескерткіштің ақын Қадыр Мырза Әли жасап шыққан (мұны ол қырық-отыз жыл бұрын бастаған екен) әдеби көркем нұсқасынан («Таң-Шолпан», 2-2001 басылған)

үзінділер беріп отырмыз. Қадыр Мырза Әлидің бұл «Күлтегіні» де ескі жырлар сияқты 7 буынды өлеңмен жазылған. Осы үзінділерден күрделі синтаксистік тұтастықтарды тауып, олар қандай сөйлемдерден тұратынын, олардың интонациялық өрнектерін анықтау керек.

Қас батырлар қаһарман
Ер жастанып жатарда,
Төліс пенен Тардұшты
Қосты қайта қатарға.
Айнала жау, оғы бір
болмай жүрген атарға.
Көз тігеді Боз-қаһан,
Тоғыз-оғыз, татар да.
Қытай, қырғыз тағы бар,
Олар қарап жатар ма?!
Қаһан-әкем сан рет
Шықты жорық-сапарға.
Жау килләсы қиылды,
Қан нөсер боп құйылды.
Қаһан өстіп, жауына
Қырық жеті рет шүйілді.
Табғаштардың сүйегі
Тау-тау болып үйілді.
Күннен күнге көріне
Жау қатары сұйылды.
Жорық сайын әкеміз
Көк аспанға сыйынды.
Тізесі бар бүгіліп,
Басы барлар иілді.
Қырау қонып шашына,
Жетіп ұлы жасына,
Әкем өлді бір күні,
жасыма, жұрт, жасыма!
Боз-қаһанның бейнесін
Балбал қылдық басына.

Орнын басты көкеміз
Еріп жүрген қасына.
Жүргізді ол билігін
Жасамыс пен жасыңа.
Көкем қаһан болғанда
Бал қосты жұрт асына!
Көкем қаһан болғанда

Аз халықты көп қылды,
Аш халықты тоқ қылды.
Кедейіңді бай қылды,
Бір-біріне сай қылды.
Көкем қаһан болғанда
мен Тардұшқа шад болдым,
Қайғы бізге жат болды.
Көк Өзеннен өттік біз,
Шантұғыңа жеттік біз.
Кері - Темір қақпасын
Тебудейін тептік біз.
Масайрадық, мақтадық.
Қырғыздарға аттандық.
Дария боп тоғыстық,
Он үш мәрте соғыстық.
Босаттық та белдігін,
Әлсіреттік елдігін.
Қаһандығы қансырап,
Жалбарынды жан сұрап.
Бордай болып үгілді,
Тізелері бүгілді.
Тәкаббар бас иілді,
Тәңіріне сыйынды.

Түргеш ханы түркі еді,
кеткен елдің бір кегі.
Жасап бізге қастандық,
Оның да жер жастанды.
Бек, әмірші жырынды
Шеттерінен қырылды.
Он оқ - кіші халық-ты,
Солар әбден қамықты.
Басын құрап Аздардың,
Оларда өкпе, уәж бар-ды.
Тапсырылды Барысқа,
Азуы алты қарысқа.
Бүкіл түркі халқы үшін
Түн ұйқымды төрт бөлдім,
Жанып-күйіп өрт болдым.
Күлтегінім қасымда,
Екі шад та Осында,
Аттап барлық кесірді,
Мен халқымды өсірдім.

Дауыл өшті, жел қайтты,
Өрісімді ұлғайттым.
Тынышталды ит-құсы,
Болдым елдің ұйтқысы.

Терістікте - оғыздар
Өз билігін уағыздар,
Шығысымда құқайлар
Татабы мен қытай бар.
Қоқаңдаған алғашта
Түстігімде тағбаштар.
Қорғау үшін қонысты,
Он екі рет соғыстым.
Он екі рет ұрыстым,
Тұрар жерде тұрыстым.
Сөйтіп жолым болды да,
Келді бәрі орнына.
Жарылқады Тәңірім,
Жайнады ел, өңірім.
Дұшпандарым күйінді,
Жалаңашым киінді.
Жарлыларды бай қылдым,
Төрт түлігін сай қылдым.
Аз халықты көп қылдым,
Көңілдерін тоқ қылдым.
Жинап байды, жарлыны,
Тату қылдым барлығын.
Бәрі маған бағынды,
Тәңіріндей табынды.
Еңбек етіп елі үшін,
Көрдім соның жемісін.

2 ФОНОЛОГИЯ

Алғы сөз

Ұсынылып отырған еңбекте қазақ фонологиясының (функционалды фонетика) негізгі ұғымдары мен түсініктері қарастырылады. XX ғасырдың басында пайда болған тіл білімінің бұл саласы еуропа тілдерінің материалында жеткілікті зерттелінген. Ал қазақ (түркі) тілтанымында бұл проблемаға фонетистер онша бара бермеген. Қазақ тілінде көбінесе фонетиканың акустика-артикуляторлық ерекшеліктері анықталған, әсіресе дыбыстардың жіктелуі, олардың түрлері, сандық, сапалық жағы, өз ішінде біріне-бірі ықпал етуі, үйлесіп тіркесіп тұруының тетігі т. б.

Өткен ғасырдың 60-жылдарында Н.С.Трубецкойдың «Основы фонологии» деген жұмысы неміс тілінен орыс тіліне аударылғаны белгілі. Бұл жұмыста Еуропа, Азия, Африка тілдерінің материалдары негізінде алғаш рет фонологияның басты ұстанымдары айқындалған, ал осы еңбектің негізгі ұғымдары мен қағидалары универсалды (әмбебап) болып табылады. Біз жұмысымызда Н.С.Трубецкойдың, Бодуэн де Куртенэнің еңбектеріне сүйендік. Сонымен қатар қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынов және Қ.Жұбановтың еңбектерінде фонологияның кейбір заңдылықтары қарастырылған. Осы екі ірі қазақ тілшілерінің ой-пікірлері бізге мұрындық болып, қазақ фонологиясын зерттеуге жол ашып, шабыт берген.

Жұмыста қазақ фонологиясының негізгі проблемалары, фонема теориясы сөз болады. Атап айтқанда, фонеманың тілдегі негізгі қызметі, оның комбинаторлық және позициялық аллофондары: әлді және әлсіз позицияда фонемалардың көрініс табуы. Ең шағын функционалды бірлік болып табылатын фонеманың ерекшеліктері. Айырым белгілер теориясының қазақ материалында жүзеге асуы. Сигнификативті (мағына ажыратушы) және перцептивті әлсіз позицияларда фонемалардың вариант, вариациялары. Фонологияның оппозиция және корреляция ұғымдары, оның түрлері, фонемалардың бейтараптануы, дихотомиялық классификацияның принциптері т.б. Сондай-ақ әлемдегі фонология мектептерінің негізгі ұстанымдары қысқаша сипатталады.

Диахрондық фонологияға арналған тарауда оның негізгі типологиялық құбылыстары қарастырылады. Мысалы, тілдің ішкі заңдылықтарына байланысты және кірме сөздердің әсерімен фонема аллофондарының дербес фонемаларға айналуы. Дыбыстардың әмбебап фонологизациялану құбылысының нәтижесінде фонема (функционалды бірлік) деңгейіне көтерілуі. Конвергентті-дивергентті процестердің тарихи сипаты және олардың жалпы формуласына негізделген көріністері. Диахрондық фонологияның жүйелілік, себептілік принциптерге негізделіп, синхрондық кесікке және тарихи кезеңдерге сәйкес жіктелуі.

Фонологиялық реконструкцияның негізгі қағидалары. Вокализм және консонантизм жүйелерінің эволюциясы. Фонологиялық құрылымдардың дамуындағы фонемалардың түрлі өзгерістерге түсуі (фонемалардың қысқаруы және созылуы, монофтонгизациясы және дифтонгизациясы) т.б.

Үшінші тарауда еуразиялық кеңістіктегі силлабема ұғымының тарихи негіздері ностратикалық теория тұрғысынан қарастырылады. Салыстырмалы-тарихи және салғастырмалы-типологиялық ізденістердің нәтижесінде фонологиялық құбылыстардың типологиялық ерекшеліктері мен универсалиялары анықталады. Силлабема теориясын зерттеу үшін туыстас және туыстас емес тілдердің фактілері алынады. Азия мен Африканың кейбір буын тілдерінде силлабеманың парадигматикалық фонологиялық бірлік болып табылатыны ескеріле отырып, В.К.Журавлевтың славян тілдерінің тарихында көрініс табатын топталған фонемасымен байланысты қарастырылады. Буын дауысты мен дауыссыздар болжалды болғандықтан, олардың тембрінің біркелкі болып, түркі тілдеріндегі сингармонизм заңдылығымен үндесіп келетініне назар аударылады. Типологиялық зерттеудің негізінде, силлабема ұғымы, оның алғашқы тарихи түрлері мен заңдылықтары универсалды болып табылатыны тілдік фактілер негізінде айқындалады.

Дыбыстарды латын графикасымен белгілеу әйгілі түркологтардың еңбектеріне негізделген.

ФОНОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ

Фонема туралы түсінік

Фонема (грек сөзінен *phōnēma* – дыбыс, дауыс) дегеніміз қазіргі теориялық тіл білімінің негізгі ұғымдарының бірі. Фонема теориясы қалыптаспас бұрын тілтаным дамуында бірнеше кезең өтті. Әлемдік тіл білімінде дыбыс пен әріп ажыратылмағандықтан, тілдің дыбысталу жағы зерттеуді қажет етті. Осымен байланысты XIX ғасырдың ортасына таман тілтанымның дамуы нәтижесінде, дыбыс пен әріп өзара ажыратыла бастады; тіл дыбыстары физиологиялық және акустикалық ұғым ретінде антропофоникалық тұрғыдан зерттелді. Осы ретте тіл жүйесіндегі дыбыс элементін атау үшін фонема деген ұғым енгізілді. Бұл ұғым алғаш рет француз тіл білімінде қалыптасты, дәлірек айтқанда, бұл терминді француз тілшілері Дюфрише-Десигне (1873) және Л.Хаве (1877) енгізді, кейін оны Ф. де Соссюр қолданып, одан Қазан лингвистері дамытты.

XIX ғасырдың 80-ж. Қазанда лингвистикалық мектеп қалыптасып, фонема ілімі орын ала бастады. Қазан мектебінің қайнар көзінде Бодуэн де Куртенэ тұрғаны белгілі. Ғалымның зерттеуінде фонема морфемаға қатысты қарастырылды және психологиялық тұрғыдан зерттеліп, адам санасында қалыптасатын дыбыс туралы түсінік ретінде бағаланды. Бодуэн де Куртенэ дыбыс пен фонеманы синтагматикалық бірліктің физиологиялық және психологиялық қыры деп түсіндіріп, фонеманы тұрақты, өзгермейтін, ал дыбысты түрленіп тұратын ұғым деп анықтады. Ғалымның фонема туралы ілімі қазіргі фонология теориясына негіз болды. Одан әрі фонема теориясын Бодуэннің петербургтік шәкірті Л.В.Щерба жалғастырады. Щерба да фонеманы сөз ажырататын, оның мағынасын білдіретін фонетикалық бейне деп біледі. Кейінірек Щерба өзінің «Фонетика французского языка» атты еңбегінде «психологиялық» дегеннен бас тартып, фонеманы сөздерді және олардың формаларын ажырататын дыбыс типі ретінде, оны адамдардың өзара қарым-қатынасына пайдаланатын тетік деп бағалады.

Бодуэн мен Щербаның идеялары олардан кейінгі ғалымдардың дамытуымен және тереңдетуімен Мәскеу және Ленинград фонологиялық мектептерінің қалыптасуына негіз болды. Сонымен, фонема теориясы XIX ғасырдың аяғынан бастап дамыды және тіл білімінде фонеманы функционалды жағынан зерттейтін **фонология** дейтін жаңа сала пайда болды. Сол кезде басқа да ғылым салалары жедел өркендеді, мысалы: ядролық физика, квантитативті механика, микробиология, цитология, генетика. Бұл ғылым салаларында да фонологияның фонемасы сияқты ең шағын бөлшектер анықталып, оларға атау қойылып зерттеле бастады: ядролық физикада – атом, ядро; микробиологияда, цитологияда – жасуша; генетикада – хромосома.

Қазіргі кезде бұл процестің қай ғылым саласында ертерек пайда болғаны белгісіз, бірақ фонологияның тіл білімінің басқа салаларына әсер еткені күмән тудырмайды. Фонологияда ең шағын бірлік фонема болса, бұған сәйкес тіл білімінің басқа да салаларында осы реттегі ұғымдар қалыптасып зерттеле бастады. Айталық: морфологияда – морфема, лексикологияда – лексема, синтаксисте – синтаксема; сондай-ақ граммема, графема, тонема, тема, ремалар пайда болды. Фонема проблемасына қатысты негізгі ұғымдар, түсініктер тіл білімінің басқа

да салаларында пайдаланыла бастады, мысалы, қарама-қарсы қою (оппозиция) теориясы, айырым белгілер теориясы, корреляция теориясы, инвариант-вариант теориясы, компоненттік анализ т.б. Фонологияны тіл білімінің үлкен жетістігі және оның базасы, негізгі тірегі деп бағалауға болады.

Сонымен, әлемдік тіл білімінде бірнеше фонологиялық мектептер пайда болды. Прага структурализм мектебі, оның өкілдері Н.С.Трубецкой мен Р.О.Якобсон; француз фонологиялық мектебі, өкілдері – В.Малмберг, А.Мартине; ағылшын фонологиялық мектебі, өкілдері – Д.Джоунз, Н.Суит; американ фонологиялық мектебі, өкілдері – Л.Блумфильд, М.Суодеш; Копенгаген фонологиялық мектебі, өкілдері – Л.Ельмслев т.б. Барлық фонологиялық мектептердің өкілдері өздерінің теориялық принциптеріне сәйкес фонетикалық құбылыстардың функционалды жағын қарастырды.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі жөнінде алғашқы мәліметтерді XIX ғасырдың екінші жартысында орыс миссионерлері: Н.И.Ильминский, П.М.Мелиоранский, В.В.Радловтардың еңбектерінен кездестіре аламыз. Бұл авторлардың еңбектерінде қазақ фонетикасының едәуір мәселелері, атап айтқанда: дыбыс құрамы, дыбыстардың сөзде қолдану ерекшеліктері, олардың өзгеру заңдылықтары, сингармонизм құбылысы, екпін категориясы сияқты өзекті мәселелер қарастырылғаны белгілі.

Қазақ тіл білімінде фонема туралы алғашқы түсінік А.Байтұрсыновтың еңбектерінде кездеседі. Ғалым фонема терминін қолданбаған, бірақ қазақ тілінің фонетикалық жүйесін фонологиялық тұрғыдан қарастырады. А.Байтұрсынов фонемаларды әріпке қатысты зерттеді. Сингармонизм (үндестік) заңы бойынша, қазақ тілінің барлық фонемаларын (дауысты, дауыссыз) екі топқа бөлді. Жуан фонемалар әріп таңбаларымен белгіленді, ал жіңішкелерге әдейі әріптерді арнамады. Сөздерді бірыңғай жіңішке айту үшін сөздің алдында *дәйекші* деген таңбаны қолданды. Қазіргі фонема теориясы тұрғысынан келсек, А.Байтұрсыновтың ілімі позиция, инвариант, дыбыс типі, вариация деген ұғымдармен сабақтасып жатыр. Инвариант фонемалардың (әріптердің) жіңішке реңктері олардың вариациялары болып есептелсе, ал адамның ой-санасында сақталған графеманың бейнесі фонемаларға сәйкес келді.

Фонема теориясын әрі қарай дамытқан – Қ.Жұбанов. Ғалым фонеманың сырын дұрыс түсінген: оның айтуынша, бір сөздің басқа екінші сөзден өзгеше болуы үшін оның бір-ақ фонемасы басқа болуы керек. Ғалым фонеманың ең негізгі ерекшелігі – оның мағына айқындау қасиеті деп білген. Қ.Жұбанов фонеманың мағына ажырату қызметін дұрыс түсіндіріп, қазақ тілтанымындағы фонема теориясының дамуына біраз құнды ой-пікірлер айтты. Ғалым фонеманы дыбысқа қарағанда өзінің әртүрлі фонетикалық ортада байқалатын реңктері және қасиеттерімен ерекшеленетін, яғни сөздер мен тұлғаларды ажырата алатын абстрактілі бірлік ретінде, ал фонеманың реңкін сол фонема өзі іске асатын жеке бір дербес бөлік болып табылатын шынайы айтылатын дыбыс ретінде түсінген. Қ.Жұбанов қазақ тілі фонетикасының тарихын зерттеуде салыстырмалы-тарихи, типологиялық әдістерді кеңінен пайдаланып, дыбыстардың шығуына, фонетика-фонологиялық құбылыстар арқылы дамуына ерекше көңіл бөлген. Сонымен, А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбановтың ілімдерін қазіргі фонема теориясы тұрғысынан қарастырғанда Мәскеу және Ленинград фонологиялық мектептерінің теориялық принциптерімен ұштасып жатыр.

60-80-ж. қазақ тілінің фонетикалық жүйесі І.Кеңесбаев пен Ж.Аралбаевтардың еңбектерінде біраз зерттелді. Бұл ғалымдар фонетика мәселелерін талдаумен байланысты қазақ тілінің сөйлеу және жазу нормаларына көңіл аударды.

І.Кеңесбаев қазақ фонетикасының негізгі проблемаларын, яғни фонемалардың құрамы мен жіктелуін, буынның жасалуы мен алмасуы, дыбыстардың үндесуін, сингармонизм, акцентуация мәселелерін сөз еткен. «Сөз мағынасы мен сөз тұлғасын ажыратуға себі бар тілдегі ең кішкене дыбыстық единицаны фонема» - дей отырып, орыс тіліндегі дауыссыздардың жуан-жіңішкелігі жеке фонема болатынын, ал қазақ тілінде дауыссыздың жуан-жіңішкелігі бір фонемаға қатысты екенін айтады. Сондай-ақ ғалым жеке фонемалардың сыры, тілдегі атқаратын қызметі өзара бірлікте, қарым-қатынаста анық байқалады және фонемаларды зерттегенде, оларды сөзбен, сөйлеммен, жалпы сөйлеу процесімен ұластыра зерттеген мақұл дейді [*Кеңесбаев*, 1962, 227 б.].

Қазақ тілі фонетикасының өзекті проблемаларын, нақты айтқанда, фонемалар құрамын және олардың айтылу ерекшеліктерін, сингармонизм заңдылығы мен буын жігін, сондай-ақ кейбір просодикалық мәселелерді қарастырған Ж.Аралбаев фонема теориясының дамуына үлес қосты. Оның мәні мен жаңалығы, біріншіден, фонемалар бір-біріне қарсы қойылып айқындалатындығын, екіншіден, олар тек өзінің комбинаторлық не позициялық варианттарында көрініс табатындығын ғалым нақты мысалдармен дәлелдейді. Ғалым фонетиканың тарихи мәселелеріне де назар аударған, «қазақ тілінің көне заңдарын, тарихын жақсы білмейінше, оның қазіргі заңдарын, дамуын жақсы білуге болмайды» деп қазақ тіліне байланысты ламбдаизм, ротацизм құбылыстарын және дыбыстарының ілгерілеу процестері жайында сөз қозғаған [*Аралбаев*, 1988, 76 б.].

90-шы жылдардан бастап, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері қазақ тілінің фонетикалық жүйесі үндестік заңы (сингармонизм) тұрғысынан қарастырыла бастады. Сингармониялық бағытты қолға алып, оның ұғымдары мен терминологиясын жасап, теория деңгейіне көтерген – Ә.Жүнісбеков. Аталған бағыттың ұстанған өзіндік принциптері бар: сингармонизм теориясы бойынша фонема мен екпін есепке алынбайды. Сингармонизмнің ең кіші функционалды бірлігі сингема деп танылады және ол төрт түрлі сингармониялық тембрмен сипатталады: езу жуан, езу жіңішке, ерін жуан, ерін жіңішке. Бұл бағыт бойынша қазақ фонологиясын үндесім фонология деп біледі. Сонымен, қазақ тіліндегі үндесім дыбыстардың құрамы анықталып, жүйе ретінде берілген: барлық дыбыстардың жасалым, айтылым және естілім белгілері анықталған [*Жүнісбек*, 2009, 13 б.].

Қазіргі таңда қазақ тілінің дыбыс жүйесі екі теориялық бағыттың принциптері бойынша зерттеліп келеді. Бірінші бағыт дәстүрлі фонологиялық теория негізінде қалыптасқан (І.Кеңесбаев, Ж.Аралбаев). Екінші – сингармониялық теория негізінде қалыптасқан (Ә.Жүнісбек, Ж.Абуов). Дәстүрлі теорияны ұстанатын ғалымдардың пікірінше, фонема - тілдегі шағын, сөз мағынасын ажырататын функционалды бірлік. Ал сингармониялық теория бойынша, фонеманың қызметін сингема деген просодикалық бірлік атқарады. Осы екі бағыттың (мектептің) ұстанған өзіндік принциптері бар. Сондай-ақ аталған дәстүрлі фонологиялық және сингармониялық бағыттармен бірге - сингармофонология деген де бағыт дамып келе жатыр. Бұл бағыттың өкілі М.Жүсіпов пен оның шәкірттері. Бұл теория «сингармонизм фонологиясының ұғымдары мен Москва фонология мектебінің кейбір ұғымдарының синтездендірілуі арқылы жасалған теория». Сингармофоно-

логия теориясы бойынша, сингармонизм мен екпін бейсегментті құралдар ретінде «жеке, сөз құрамынан тыс дыбысталмайды, фонға, сөзге еріп, қосылып жүріп айтылады, қызмет атқарады». Сингармофонема сегментті бірлік ретінде мағына өзгертушілік қызмет атқарады. Аталған мектептердің негізгі ұстанымдарын дұрыс қолданса, фонема проблемасының талас мәселелерін зерттеуде тиімді нәтижелерге келуіміз ықтимал.

Дәстүрлі фонология бойынша, фонема термині мен оның ұғымы бүгінгі фонологиялық концепцияларда көрінеді, сондай-ақ дискреттілік лингвистикалық бірлік ретінде әріп пен дыбысқа сәйкес келмейтіндігі тілдің дыбыс құрылымдары туралы алғашқы мәліметтерден кейін белгілі болды. Оның үстіне бұл терминнің алғашқы мағынасы кейінгі кеңейтілген мағынасына сәйкес келмей нақты тұрақталған. Фонема теориясының концептуалдық модификациялары материалды-субстантты ақиқаттың қызметі мен орнын анықтауда фонеманың фонологиялық мәні терминологиялық болмысына тіреледі. Дегенмен әртүрлі көзқарастың негізінде, фонемада тіл мен сөйлеу, парадигматика мен синтагматика, тілдік функция, дискреттілік, қарама-қарсылық, оппозиция т. б. жалпы тіл білімінің эксплициттік және имплициттік ұғымдары жатыр. Көптеген тілшілер фонеманы дыбыс және материалдық-субстантты бірлік ретінде таниды, бірақ фонема дыбыстан функционалды қасиетімен ерекшеленеді, себебі фонология классикалық фонетикадан антропоцентрикалық ұғыммен қатар функционалды элементтің қосылуымен ажыратылады. Фонема мен дыбыс өзара функционалды жағынан ажыратылады: дыбыс бір мағыналы материалдық тұрғыдан ерекшеленсе, фонема көп мағыналы материалдық қасиетімен белгіленеді. Фонеманың дискредитациясы лингвистикалық бірлік ретінде **парадигматика деңгейінде** жүзеге асады, ал дыбысты бөлшектеу, сөз ағымынан бөліп алынуы синтагматикалық деңгейде қарастырылады.

Ішкі материалдық байланыстың нәтижесінде фонемалар парадигматикада көптеген оппозиция мүшелері ретінде бір жүйені құрайды, ал дыбыстардың жиынтығы бір тілдің аллофондары ретінде бір фонемаға тән жүйені құрай алмайды, себебі олар тілдің басқа межесінде табылып, өзінің ішкі материалдық байланыстар негізінде тек кіші жүйелерде бола алады. Шағын бірліктердің сөз мағынасын түрлендіру, сөз өзгерту қызметі тіл білімінің функционалды бағытын әрі қарай дамытуға үлес қосты. Фонемалардың үйлесуі мен реттелуі (дистрибуциясы) буынның құрылымдық ерекшеліктерімен, сөздің басы мен аяғының дыбысталу қасиеттерімен және басқа да әр тілдің өзіндік факторларымен байланысты болады.

Фонемалардың бір-бірімен тіркесуі сөз бен морфемалардың құрамында қарастырылады. Фонема дистрибуциясын зерттеу барысында, оның қай позицияда кездесетіні, қандай фонемалар бір-бірімен үйлесетіні және олардың өзара орын тәртібі мен санына байланыстылығы анықталады. Фонеманың іске асуына байланысты басым қызмет ететін дистрибуциясы мен әлсіз дистрибуциялары айқындалады.

Фонемалардың бір-бірімен үйлесуі сапасы және саны жағынан әртүрлі болып келеді. Мысалы, бірман тілінде тек дауыссыз + дауысты тіркестері орын алады. Бірман тіліндегі сөздерде бір буынды дауысты-дифтонгтардың алдына дауыссыз дыбыстар қосылып, монофонемалық мағынаны түзеді. Сондай-ақ бірман тілінің бір буынды сөздерінде дауысты дыбыстардың алдында дауыссыздар орналасып, дыбыстардың осы орын тәртібі сақталады.

Вьетнам тілі морфема аясында «дауысты-дауыссыз» және «дауыссыз-дауысты» тіркестерімен ерекшеленеді. Онда екі және үш дауысты тіркестер де бар, ал екі дауыссыз дыбыстан тұратын тіркестер вьетнам тілінде кездеспейді.

Қазақ тіліне дауыссыз-дауысты, дауысты-дауыссыз, дауыссыз-дауысты-дауыссыз тіркесімдер тән, ал дауысты-дауыссыз-дауыссыз, дауыссыз-дауысты-дауыссыз-дауыссыз сирек ұшырасады. Сөйтіп фонема тіркестерінің универсалды типін және олардың кейбір ерекшеліктерін анықтауға болады. Мысалы, «дауыссыз-дауысты» тіркесімі барлық тілдерде орын алады. Бірнеше тілдердің фонемалар тіркесімдерінің типтерін анықтауда және оларды салыстыруда әлемдік фонологиялық жүйелер типологиясының маңызы зор екені көрінеді.

Сөз ағымындағы айтылатын және қабылданатын дыбыс мағына ажыратушы қызметімен қатар фонологиялық мәні жоқ қасиеттерімен ерекшеленеді. Әр дыбысты фонема деңгейінде қарастыруға болмайтынын айттық. Себебі, әрбір дыбыс бір функционалды ерекшеліктерімен сипатталып, сол фонеманың көрінісі болып табылады. Фонемалар сөз ағымындағы дыбыстарда көрінетіні белгілі, бірақ сол дыбыстардың өзі фонема бола алмайды, себебі фонема тек мағына ажыратушы қасиеттерімен ерекшеленеді. Сөз легінде естілетін нақты дыбыстар фонемалардың материалдық символы ретінде көрінеді.

Тілдің фонологиялық қатары үздіксіз сөз ағымында кездесетін дыбыстарда көрінеді. Үздіксіз сөз ағымының кейбір орнында фонологиялық мәнге ие болатын дыбыстар ұшырасады. Олар фонологиялық қатарларының жеке фонемаларына сәйкес келеді. Сөйлеу тілінде мағына түрлендіру қызметтерімен бірге фонологиялық мәні жоқ дыбыстарды да табуға болады. Сондай-ақ сөз ағымының әр дыбысы фонологиялық және фонологиялық емес қасиеттерінің жиынтығы ретінде көрінеді. Демек, әрбір дыбыс фонологиялық қасиеттерімен ерекшеленіп, бір фонемаға сәйкес келеді, ал бір фонема бірнеше дыбыстарда көрініс табады.

Сонымен, фонема деген не, оның дыбыстан айырмашылығы неде? Сөз ағымында әртүрлі дыбыстар айтылады, олардың айтылу түрі көп, шегі жоқ, бірақ олар орайласып, бір дыбыс типін құрайды, оны біз фонема дейміз. Фонемаға мынадай анықтама беруге болады: **тілдің ең шағын функционалды бірлігі, сөз мағынасы мен сөз тұлғасын ажырататын және оның құрамында болатын дыбыс типі.** Фонемалар мағына айқындау жағынан жұп-жұбымен қосарланып, бір-біріне **қарама-қарсы** қойылады, сонда оның негізгі қасиеті, ерекшелігі анықталады. Бір сөзде фонемалардың саны аз да, көп те болуы мүмкін, бір сөз екінші бір сөзден өзгеше болуы үшін барлық фонемалардың өзге болуы шарт емес. Бір сөз басқа сөздерден фонемасының саны жағынан, сапасы жағынан және сөздегі орын тәртібі жағынан өзгешеленуі мүмкін. Мысалға Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өлеңдерінің бірнеше жолын келтірейік:

*Қыран құс – көңіл ашар – жүйрік **тазы**,*
*Жігітті мұңайтады малдың **азы**.*
Әркім-ақ жамандыққа көңіл берді,
*Тыятын болмаған соң мүфти **қазы**.*

*Білімге жабысайық көңіл **қойып**,*
*Ерлердің жұмысына жүрмін **тойып**.*

Болмаса бір Құдайдан медет, қуат,
Залымдар көзімізді алар ***ойып.***

Осындағы *tazy* деген сөз **<t>** фонемасынан басталып тұрса, *qazy* деген сөз **<q>** фонемасынан басталып тұр; сол сияқты *qojyp* деген **<q>**-дан, *tojyp* - **<t>**-дан басталып тұр. Бұл мысалда сөз мағынасының ерекшелігіне ұйытқы болып тұрған басқы фонемалар, яғни сөздердің бірінші дыбыстары мағына ажыратушы қызметін атқарып тұр. Ал екі сөздің өзге фонемалары – ортақ (өзінің сапасы мен саны жағынан да, ол фонемалардың орын тәртібі жағынан да айырма жоқ). Сөз ішіндегі фонемалардың саны өзгерілсе, оның мағынасы да өзгереді. Өлеңде *azy* мен [^{w}o] *jyp* деген сөздерді жоғарыда келтірілген сөздермен салыстырсақ бір фонема кем: *tazy – qazy – azy; qojyp – tojyp* – [^{w}o] *jyp*.

Демек сөздің дыбыс жамылғышы бірқатар фонемалардан тұрады. Әр сөздің дыбыс жамылғышы жартылай немесе толық ажыратылады, мысалы: *qudiret* және *samal* деген сөздерде олардың дыбыс жамылғышы мүлде сәйкес келмейді, ал *samal* және *saqal* деген сөздердің дыбыс жамылғышы жартылай сәйкес келеді, нақтылап айтқанда, бір ғана фонемасы өзгеше болып тұр.

Келесі өлең үзіндісінде *öleŋimdi, ölerimdi, önerimdi* деген үш сөз бір-бірінен бір фонема **<ŋ>**, **<r>**, **<n>** арқылы ажыратылып тұр:

Сөкпеңіз, ау, жамағат, ***өлеңімді,***
Білемін ақыр бір күн ***өлерімді!***
«Сары алтын қап түбінде жайға жатпас,
Құрбылар, көрсетейін ***өнерімді*** (М.-Ж. Көпейұлы).

Сөздердің жартылай дыбыс ұқсастығы төмендегідей болып келеді: 1) бір сөзде бір фонеманың болуы, екінші сөзде оның болмауы, мысалы: *berik* –[^{j}e]*rik, kisi – isi, laq – aq, bet – et, bilem – ilem, tegis* –[^{j}e]*gis;* 2) сөздердегі фонемалардың орын тәртібі, мысалы: *qas – saq, laq – qal, qara – araq, arys – syra, sal – las, ket – tek;* 3) сөздердегі бір фонеманың өзгешелігі, мысалы: *kemir – semir, qalaq – salaq, sebep – sebet, tilek – bilek, taraq – tamaq, kilem – bilem, žetpejdi – ketpejdi.*

Сонымен, фонемалар тілде оңаша қолданылмайды, олар әр уақытта басқа фонемалармен бірге қолданылады. Әртүрлі фонетикалық жағдайға (басқа фонемалармен көршілес болуынан, сөздердегі фонемалардың орын тәртібінен, екпіннен) байланысты фонемалар әртүрлі қатарларды құрап, түрленіп тұрады. Осыған байланысты әр тілдің өзіне тән дыбыс жүйесі болады.


Фонеманы үш аспекті бойынша қарастыруға болады: **физикалық аспекті, физиологиялық аспекті** және **лингвистикалық** аспекті. Фонеманың физиологиялық және физикалық аспектілері оның акустика-артикуляторлық сипатын қамтиды, ал лингвистикалық аспекті оның функционалды жағын қарастырады. Енді қазақ тілінің фонемаларын аталған үш аспекті бойынша қарастырып, мысалдар келтірейік.


Алдымен *tas – tes – tos – tös* деген төрт сөздің бірінші дыбыстарын акустика-артикуляторлық жағынан қарастырайық. Бұл сөздердегі **[t]** -дыбыстары акустика - артикуляциялық жағынан бір-біріне тең емес: бірінші *mac* деген сөздегі **[t]** тілдің кейін қарай тартылуы арқылы жасалған жуан, езулік дыбыс, екінші *mec* деген сөздегі **[t']** бірінші дыбыс сияқты езулік болғанымен, тілдің ілгері қарай

жылжуы арқылы жасалып жіңішкеріп тұр, үшінші *tos* деген сөздегі **[t°]** дыбысы екінші сөздегі **[t']** дыбысымен салыстырғанда тіл арты, жуан, еріндік дыбыс болып табылады, төртінші *tös* деген сөздегі **[t'°]** -ны бірінші сөздегі **[t]** -мен салыстырсақ, тіл алды, жіңішке, еріндік дыбыс. Аталған төрт сөздің екінші дауыстылары да акустика-артикуляциялық жағынан бір-біріне тең емес. Бірінші сөздегі **[a]** жуан, езулік дыбыс; екінші сөздегі **[e]** жіңішке, езулік дыбыс; үшінші сөздегі **[o]** жуан, еріндік дыбыс; төртінші сөздегі **[ö]** жіңішке еріндік дыбыс. Сонымен, аталған сөздердегі екінші дыбыстар да акустика-артикуляторлық жағынан әртүрлі дыбыстар. Лингвистика-функционалды жағынан бірінші **[t]** - дыбыстары орайласып, бір дыбыс типін құрайды және төрт сөздегі **[t, t,' t,° t'°]** дауыссыздары инвариант фонемасының вариацияларына жатады. Ал екінші дауысты дыбыстар жеке-жеке фонема құрап, бір-біріне қарама-қарсы қойылады **<a>** ~ **<e>** ~ **<o>** ~ **<ö>** және әр дыбыс типі сөздердің мағынасын ажыратып тұр. Сонымен, фонологиялық тұлғада төрт сөздің мағынасы дауысты дыбыстар арқылы ажырытылып тұрғанын көреміз.

Кейбір дауысты дыбыстардың фонематикалық қасиетін анықтау оңай емес, олардың ерекшеліктерін мына үш мысалдан қарастырайық: *eŋbek, erke, egew* [ʲeŋbek, ʲerke, ʲegew] деген сөздерде **<e>** фонемасы үш позицияда кездеседі. Анлаут позициясында **[e]** дыбысының алдында әнтек **[j]** естіледі, сондықтан екі дыбыс дифтонг түрінде айтылады, ал инлаут және ауслаут позицияларында **[e]** дыбысы монофтонг түрінде айтылады. **Дифтонг** және **монофтонг** түрінде айтылатын дыбыстар бір **<e>** дыбыс типінің көріністері болып табылады, олардың жеке-жеке фонематикалық қасиетін атқаратын мүмкіндігі жоқ. Сондықтан **<e>** дыбыс типі басқа дауыстыларға қарама- қарсы қойылып, мағына айқындайтын қасиетімен инвариант фонемаға жатады. Аталған мысалдарда фонеманың екі реңкте айтылуы олардың сөздегі алатын позициясына байланысты.

Белгілі бір тілдегі дыбыстың фонемалық қасиеті екінші бір тілде өзгеше түрде кездесуі мүмкін, басқаша айтқанда, фонема деңгейінде жұмсалмайтын дәрежеде. Дауыссыз дыбыстар қазақ және орыс тілінде жуан, жіңішке болып екі топқа бөлінеді. Бірақ олардың жуан-жіңішкелігі функционалды жағынан бірдей емес. Орыс тілінде жуан дауыссыз бір фонема, жіңішке дауыссыз екінші фонема болып қызмет атқарады. Мысалы: *мел - мель; мол - моль* сөздерінде **[л]** - дыбысының жуан-жіңішкелігі сөздердің мағынасын ажыратып тұр. Қазақ тілінде **<l>** дауыссызының жуан-жіңішкелігі сөздердің мағынасын ажырата алмайды, себебі бұл дыбыстардың фонематикалық қасиеті жоқ, олар орайласып, бір дыбыс типін құрайды да, басқа фонемаларға өзара қарама-қарсы қойылады. Мысалы, [bol – b'öl'°]; [tol –t'öl'°] деген сөздер дауыссыздардың жуан - жіңішке айтылуы арқылы ажыратылмайды, олар сөз ыңғайына қарай, бірде жуан, бірде жіңішке болып, қасында тұрған дауысты дыбыстар әсерімен ажыратылады. Сонымен **<l>** дауыссызының екі вариацияда көрініс табуы көршілес дауыстыларға байланысты. Дауыссыздардың жуан – жіңішкелігінің фонологиялық мәні жоқ болғанымен, олар ұяң – қатаң және тоғысыңқы – жуысыңқы белгісі арқылы фонологиялық оппозицияларды құрайды, мысалы: *dän – tän, dana – tana, žaq – šaq, žek – šek, mas – žas, tal – sal, tez – sez* т. б. Төмендегі схеманы қараңыз:





Келесі *qyzyl, myltyq, mysyq, kisi, tiri, kiltim* деген мысалдарда **[ы]** мен **[і]** дауыстылары бірінші және екінші буындарда әртүрлі айтылады. Бірінші буында аталмыш дауыстылар көмескіленіп редукцияланады, ал екінші буында олар анық айтылады. Бұл дыбыстардың екі түрлі болып айтылуы екпіннің түскен орнына байланысты. Екпін түсетін буынға қарағанда екпінсіз буындағы дауыстылар әлсіреп, редукцияға ұшырайды. Бұл мысалдарды фонетикалық экспериментке салып, осциллограммаларды талдағанда бірінші позицияда тұрған дауыстылардың ұзақтылығы екінші позициядағы дауыстылармен салыстырғанда кем болады. Сонымен, қарастырылған дыбыстардың әртүрлі реңкте, вариацияда айтылуы бірнеше себептерге байланысты, атап айтқанда, дыбыстардың сөздегі позициясына, көршілес дыбыстарға және екпіннің түсетін орнына.

Сонымен, фонема дегеніміз – өте күрделі абстрактілі дыбыстық бірлік және түрлі акустика-артикуляциялық қасиеттердің жиынтығы. Олар сөз ағымында көрініс тауып, **сигнификативтік (мағына ажыратушы) қызмет** атқарады. Сонымен қатар фонема тілдің фонетикалық жүйесінің компоненті болуымен бірге дыбыс тізбектерінде түрленіп, әр алуан өзгерістерге түседі.

Фонеманың айырым белгілері. Әлді және әлсіз позиция

Фонемаларды белгілеудің бірнеше ережелері бар. Егер бір тілде екі дыбыс бір позицияда кездессе және бірінің орнын бірі басып, сөз мағынасын өзгертпесе, бұл дыбыстар бір фонеманың факультативті варианты болып табылады. Тілдің нормаға сәйкес факультативті варианттары нормадан ауытқымайды және қате болып есептелмейді. Мысалы, сөз басындағы дауыссыз дыбыстың созылуы қате болмайды, себебі қазақ тілін еркін меңгерген қазақтар бұл сөзді қысқа және созылыңқы дыбыспен айта алады.

Бір фонеманың факультативті варианттары стилистикалық бояумен ерекшеленуі мүмкін. Стилистикалық варианттар арқылы эмоционалды стильдер мен социалды стильдер белгіленеді, мысалы, бір тілдің өзінде бір фонеманың ауызекі, ғылыми және стилистикалық нейтралды варианттары қатар өмір сүреді. Сол варианттар арқылы сөйлеушінің қай әлеуметтік топқа жататыны және оның білім дәрежесі айқындалады.

Егер бір позицияда, бір дыбыстың орнына басқасы жүрмей, сөздің мағынасын өзгертіп жіберсе, бұл дыбыстар екі фонеманың көрінісі ретінде танылады. Осындай қасиет **[а]** мен **[ы]** дауыстысына дыбыстарының арасында байқалады: *qar* деген сөзде **[а]** дыбысын **[ы]** ауыстырса *qyr* деген жаңа сөз пайда болады.

Егер екі туыстас дыбыс бір позицияда кездеспесе, олар бір фонеманың комбинаторлы варианты болып есептеледі. Мысалы, **[t']**, **[ž']**, **[m']** деген жіңішке дауыссыздар үндестік заңы бойынша тек жіңішке дауыстылармен бірге қолданылады. Комбинаторлық варианттар қосалқы құралдар болып табылады. Олар көршілес фонема туралы мәлімет береді. Сөз ағымында фонемаларды тез және түсініксіз

түрде айтқанда, олар өзіндік қасиетін жоғалтады, сондықтан фонемалардың ерекшеліктері көршілес дыбыстармен расталады.

Сөйлеу тіліндегі әр дыбысты анықтау оның айтылуымен (естілуімен) ғана байланысты емес. Ұлтына қарай әр тілде сөйлейтін адамдар бірдей айтылған сөздердегі біркелкі дыбыстарды әрқайсысы әртүрлі, яғни өзінше қабылдайды. Мысалы, кәрістер **[r]** дыбысы мен **[l]** дыбысының айырмасын байқамайды; арабтар **[o]** мен **[u]**-дың айырмасын байқамайды; француздар *керек* деген сөздегі бірінші және екінші буындағы **[e]** дауысты дыбысын екі түрлі естиді, кейбір ұлттардың өкілдері сөздің соңындағы жуан және жіңішке дауыссыз дыбыстардың айырмашылығын естімейді, айырмасын байқамайды. Сонымен, әр ұлттың өкілдері сөздегі дыбыстардың санын да, оның өзгешеліктерін де әртүрлі қабылдайды.

Белгілі бір тілде қандай деңгейде және құрамы жағынан қанша дыбыстар бірлігі қолданылатынын анықтау үшін алдымен екі мәселені шешіп алу керек: 1) сөйлеу сөзін минималды дыбыстық кесіктерге, яғни жеке дыбыстарға бөлу; 2) қандай дыбыстар бірдей, ал қандай дыбыстар бірдей емес, бөлек деп қарастыруды анықтау. Тілдердің мұндай механизмін, яғни бір сызықтағы, бір желідегі сөйлеу сөзінің сегменттерін теңдестіріп бөліп қарауды алғаш рет 1912 жылы Л.В.Щерба ашқан болатын.

Тіл дыбыстары естумен қабылданатындықтан, ол адам санасының фактісіне айналады. Әр адамның санасында, жадында дыбыстардың үлгілері мен көріністері сақталатындығы белгілі. Тілдің фонологиялық жүйесі **фонологиялық «электен»** өтіп, бір фонеманың айрықша белгісі сақталады. Басқа бір тілдің сөздерін естігенде, біз өз тіліміздің фонологиялық қорына сүйенеміз. Біздің фонологиялық елегіміз басқа тілдердің дыбыс қорына жарамайтын болғандықтан, көптеген қателер, олқылықтар кездеседі. Осындай жағдайда **фонологиялық интерференция** деген құбылыс орын алады. Интерференциялық қателерді жібермеу үшін оларды алдын ала болжап, реттеп, тілдің дыбыстық ерекшеліктерін сақтап, тіл үйретуде оның артикуляциялық базасын дұрыс меңгеру керек.

Қазақ тілінде дауыстылар жуан-жіңішке болып, екі топқа бөлінетіні белгілі. Дауыстылардың осындай бөлінуінің фонологиялық мәні бар. Қазақ тілінде еркін сөйлей алатын қазақтар, үндестік заңы бойынша, дауыстылардың қай сөзде жуан, ал қай сөзде жіңішке екендігін бірден ажыратады. Дауыстылардың жуан-жіңішке оппозициясының дауыссыз дыбыстардың комбинаторлық вариантарында болуы қоршап тұрған дауыстыларға байланысты. Айталық, дауыссыз фонемалар жіңішке дауыстылардың қасында палатализацияланады, мысалы: [žon - ž'ön'], [syz – s'iz'], [tan – t'än']. Орыс тілін жетік білмейтін қазақтар жуан және жіңішке дыбыстар бар сөздерді айтқанда олардың акценті (интерференция қателер) білініп тұрады. Мысалы: *слушать, дышать, падать, ходить* деген сөздерде соңындағы жіңішке дауыссыздар жуан болып естіледі, себебі қазақ тілінде үндестік заңы бойынша, барлық сөздер я жуан, я жіңішке болып айтылатыны белгілі.

Морфологиялық, яғни лингвистикалық мазмұн сипаттамасы, біріншіден, ең маңызды мәселені шешуге мүмкіндік береді. Ол сөйлеудегі сөздердің толассыз тасқынының жалаң (жалғыз) сөздерін де, оның тізбек кескіндерін (отрезки) де, әртүрлі байланыста тұрған құрылымдарын да ажыратып бөліп алуға мүмкіндік береді. Ал сол бөлініп алынған сөздердің өзара айырмашылығын білу үшін оларды салыстырып қарастыру керек. Мысалы ***ап, әп, ип, үп*** деген сөздердің соңындағы дауыссыз фонема <**п**> сөйлемдерде әртүрлі дыбысталатынын, яғни

әртүрлі естілетінін анықтау қиын емес: бұл дауыссыз дауыстылардың ықпалымен жуан-езулік, жіңішке-езулік, жуан-еріндік, жіңішке-еріндік болып тұрады. Әдетте мұндай айырмашылықтар «байқалмайды». Себебі ол айырмашылықтар <**n**>-ның қасында тұрған түрлі дауыстылардың ерекшеліктерінің әсерінен болғандықтан. Көрші дыбыстар өзара бір-біріне әсер етеді десек, дауыссыздардың ықпалымен дауыстылардың да өздерінің сапасы мен бейнесі өзгереді: *bal - šaj*. Дыбыстың сапасы оның фонетикалық жағдайына ғана байланысты емес, ол бір морфемада тұрып, фонетикалық жағдайы өзгергенімен, автоматты түрде (автоматически) бірінің орнына бірі жүре береді, мысалы, *kel, ket, keldim* деген сөздердің бәрінде фонема <**e**> түбірге қатысты (бір түбірлі, туысты сөздер), немесе *Ermek, kutkenše, qajtkende* деген сөздерде фонема <**e**> сөздің басында, ортасында, соңында орналасып тұр.

Сондықтан сөйлеушілер келтірілген сөздерге қарап, оларды абстрактыландырып, <**e**> дауысты дыбысты бірлік, бір фонема деп қарайды.

Бірақ төмендегі сөздердегі: *tas-tys, tis-tes, kün-kön, qul-qol, sän-sen* деген сөздердегі дауыстылар көрші дыбыстарға тәуелді емес, бұл жердегі дауысты дыбыстардың сапасы автономды болғандықтан, бұлар әртүрлі дыбыстар, яғни әртүрлі фонемалар.

Сонымен, тілдерде екі типті дыбыстық айырмашылық бар, оның біреуі – фонетикалық жағдайға тәуелді емес, автономды айырмашылық, бұл айырмашылық фонемаларға тән. Екінші айырмашылық фонетикалық жағдайға байланысты (қасындағы дауыссыздардың ықпалы – жоғарыда келтірілген мысалдардай) – бұл айырмашылықтар бір фонеманың вариациялары, міндетті түрде болатын аллофондары, олар барлық сол тілде сөйлейтіндерге белгілі. Фонемаға тәуелсіз дыбыстық бірлік болғандықтан, оған потенциалды мазмұнмен байланысты болуы қажет және ешбір фонетикалық жағдайларға кіріптар болмауы керек. Сөйлеу тіліндегі сөздердің дара дыбыстарға бөлінуі ең алдымен олардың тізбегінде морфологиялық шекараның болуында, ал фонеманың морфемадан айырмашылығы ерекше тәуелсіз болуының арқасында оның сөз тізбектерінде белгілі шекарасы жоқ жағдайларда көрінеді. Таңба теориясы тұрғысынан алғанда таңбаның екі жағы бар таңбалаушы (signifiant) – бірліктің дыбысталу формасы және таңбаланушы (signifié) – бірліктің мағыналық мазмұны [*Saussure*, 1977]. Морфема – таңба, оның екі жағы, формасы мен мазмұны бар, ал фонема таңба емес, оның формасы бар, мазмұны жоқ. Сонымен, фонема дегеніміз (бір сызықта тұрғандықтан бөлінбейтін) – потенциалды мазмұнмен байланысты, минималды дыбыстық мазмұндық бірлік.

Дыбыс ерекшеліктерінің көбісі арнаулы аспаптар арқылы танылады. Ал дыбыстардың ішінде тек перцептивті қабілеті бар фонемалар, басқаша айтқанда, адамның санасына жететіні ғана қабылданады. Мысалы, *sary, segiz, sonaw, söjlem* деген сөздерде <**s**> фонемасының әртүрлі дыбысталып түрленетінін қазақ тілін жақсы білетіндердің өзі де ажырата алмайды. Себебі олар үшін келтірілген әртүрлі сөздердегі <**s**> фонемасы біреу-ақ.

Фонемалар бір-бірінен тек жасалым-айтылым ерекшеліктерімен ғана ажыратылмайды, олар морфемалар мен сөздерді белгілей отырып, сигнификативтік (мағына ажыратушы) қызмет атқарады, мысалы, *qal* мен *mal* сөздері тек бірінші дауыссыздар арқылы ажыратылып тұрса, *qal* мен *qol* деген сөздерде мағынаны екінші дауыстылар айырып тұр. Сондай-ақ сигнификативтік қызмет атқаратындықтан, фонемалар сөздердің дыбыс жамылғышы болғанда ғана олардың мазмұн ажыра-

тушы функциясы көрінеді. Дегенмен сөздер әртүрлі дыбыс жамылғыштарынан тұрғандықтан емес, олар әр алуан мағыналарға ие болғандықтан ажыратылады. Сондықтан *lun, däz, ryt* деген дыбыс тізбектері қазақ фонемасынан түзілгенімен, қазақ тілінің сөздеріне жатпайды.


Мағына мен дыбыс жамылғышының бір-біріне сәйкес келмейтіні полисимия, омонимия, синонимия деген құбылыстарда көрініс табады. Фонеманың акустика-артикуляциялық ерекшеліктері сөз ағымында бірдей тұрақты бола бермей фонемалардың өзара қатысында да білінеді. Мысалы, қазақ тіліндегі **<a>** және **<o>** фонемалары созылыңқылығы жағынан өзара ажыратылмайды, себебі қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар созылыңқы және қысқа болып бөлінбейді, яғни бұл қасиеттердің фонологиялық мәні жоқ, олардың бәрі біркелкі болып келеді. Осындай сөздерді мағына жағынан ажыратуға келмейтін жалпы фонологиялық ерекшеліктерді интегралды (ортақ) белгілер дейді. Фонемаларды сипаттауда бұл интегралды белгілермен бірге дифференциалды, яғни ажыратқыш белгілер де болады. Бір фонеманың екінші фонемаға ұқсамайтын өзгеше сипаты **айырым белгілер** деп аталады. Тілдегі дыбыстардың айырым белгілері олардың акустикалық және артикуляциялық сипаттамасымен тығыз байланысты. Әр фонема инвариант ретінде оның айырым белгілерінің жиынтығы болып табылады. Оның айырым белгілері әр фонеманың қолдануында қайталанып, кең диапазонда құбылып тұрады. Фонологиялық айырым белгілер жиынтығының бір-біріне сәйкес келмеуі, олардың бірнеше фонеманың көрінісі болғандығынан. Айырым белгілердің жиынтығы фонемалардың фонологиялық мазмұнын құрайды. Мысалы, **<d>** фонемасының фонологиялық мазмұны мынадай: 1) ұяң, 2) тоғысыңқы, 3) тіл алды. Фонемалардың айырым белгілері олардың акустика-артикуляциялық ерекшеліктерінен көрінеді. Олар сөйлеушілердің қабылдауымен фонемаларды бір-бірінен ажыратып, сөз бен морфемаларды түсінуге жол ашады. Қазақ тіліндегі **<a> ~ <ä>, <o> ~ <ö>, <u> ~ <ü>, <y> ~ <i>** дауыстыларының жуан-жіңішкелігі олардың айырым белгісі болып табылады.

Француз тіліндегі *près* [prɛ] (жанында, қасында), *prés* [pre] (көгал жер) сөздері **[ɛ]** ашық және **[e]** жабық дауыстыларымен ажыратылып тұрса, *dot* [do] (қыздың жасауы), *dos* [do] (арқа) сөздері **[ə]** ашық және **[o]** жабық дауыстыларымен айқындалып тұр. Сондай-ақ **<a>**, **<o>** фонемаларының мұрын арқылы шығуы да дыбыстардың айырым белгісі болып табылады, себебі оған қарама-қарсы ауыз арқылы шығатындары да бар.

Қырғыз, якут, түрікмен және венгр тілдерін алсақ, мұнда дауыстылардың созылыңқылығы мен қысқалығы сөздердің мағынасын ажырататыны белгілі. Мысалы, қырғыз тілінде: [mal] сөзі «мал» мағынасында айтылса, [ma:l] «мезгіл», «уақыт» мағынасында қолданылады. Якут тілінде: [ta:s] «тас» деген мағынаны білдірсе, [tas] – «сырт», «тыс» деген мағынаны көрсетеді. Түрікмен тілінде [at] «жылқы» деген мағынаны көрсетсе, [a:t] біреудің аты деген сөз; [ot] «шөп» дегенді білдірсе, [o:t] «от» дегенге сәйкес келеді; [bil] дегені «білу» мағынасында қолданса, [bi:l] сөзі «бел» деген мағынаны көрсетеді. Венгр тілінде [to:r] «сындыру» деген мағынаға сәйкес келсе, [tor] «қанжар» деген мағынаға сәйкес келеді, [fu:zet] «дәптер» деген мағынаны көрсетсе, [fuzet] «қызыл тал» деген мағынаны білдіреді. Сондай-ақ туыстас және туыстас емес тілдердегі дауыстылардың созылыңқы және қысқа деп бөлінетін айырым белгілері жалпы құбылыс емес, тек кейбір тілдердің ерекшелігі болып табылады.

Орыс тілінде де дауыссыздардың жуан-жіңішкелігі сөздердің мағынасын ажыратып, айырым белгі болып саналады, мысалы: [кон] (бір жол ойын), [кон'] (жылқы); және [тест], [тест'] деген сөздердің де мағыналары жуан және жіңішке дауыссыздар арқылы ажыратылады.

Фонемалардың позицияға байланысты ажыратылуы олардың айырым белгілеріне негізделген. Оппозиция құрайтын фонемалардың біркелкілігі олардың синонимиясында көрінеді. Бұл ерекшеліктер фонологиялық оппозицияның негізін қаласа, олардың қарсы өзгешеліктері антонимия негізін құрайды. Мысалы, қазақ тілінде **<b> ~ <p>** дауыссыздардың ортақ белгілері: 1) ерін-ерінді, 2) тоғысыңқы, ал олардың айырым белгілері **<b>** – ұяң, **<p>** – қатаң болуы. Тағы да: **<a> ~ <y>** дауыстыларының ортақ белгілері: 1) жуан 2) езу, ал айырым белгілері: **<a>** – ашық, **<y>** – қысаң. Бұл оппозицияларды схемамен былай беруге болады:



Схемадағы **<b>** мен **<p>** және **<a>** мен **<y>** - ны қосатын сызықтар олардың қарама-қарсылығын көрсетеді. Бұл баспалдақты сызық ұяң мен ашық нүктелердің негізінде бірнеше баспалдақтан өтіп, қатаң мен қысаң нүктелеріне барып орналасады. Бұл жердегі бір қасиеттің бірнеше сатысына негізделетін ерекшелігін **баспалдақты** *(градуальная)* оппозиция деп білеміз. Төмендегі төрт тармақты Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өлеңіндегі дауыстылар **ашық** және **жартылай ашық** айырым белгілеріне негізделген сөздер *qözin - qezin* **<ö> ~ <e>** баспалдақты оппозиция құрған.

Кедей сорлы бір ашты сонда ***көзін****,*
Танығандай боп қалды әркім өзін.
Мыңнан біреу қалмақшы танып зорға
Дүниенің бір ретінде келген ***кезін****.*

Келтірілген оппозицияларды басқа да фонемалар құрайды, мысалы, ұяң - қатаң айырым белгі бойынша: **<d> ~ <t>, <z> ~ <s>, <ž> ~ <š>, <γ> ~ <q>**. Ашық – қысаң айырым белгі бойынша: **<y> ~ <u>; <ä> ~ <i>; <ö> ~ <ü>.** Келтірілген фонемалар қарама-қарсы қойылып, бір айырым белгіге негізделеді және бір-бірімен қосылып, **привативтік** оппозицияларды құрайды. Сонда оппозицияны құрайтын мүшелердің, мысалы, дауыссыздардың ұяң және дауыстылардың

ашық болуы **таңбаланған** *(маркированный)* делінеді, ал бұл қасиеттердің жоғы – **таңбаланбаған** *(немаркированный)* делінеді.

Келесі Мағжан Жұмабаев пен Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өлең үзінділерінде дауыссыздардың **қатаң-ұяң** айырым белгіліріне негізделген *šeti – žeti* (**<š> ~ <ž>**) және *taudyŋ-daudyŋ* (**<t> ~ <d>**), **тоғысыңқы-жуысыңқы** айырым белгілеріне негізделген сөздер *beti - žeti* (**<b> ~ <ž>**) және **жуысыңқы-тоғысыңқы** айырым белгілер арқылы ажыратылған сөздер *žaudyŋ-daudyŋ* (**<ž> ~ <d>**), привативтік оппозицияны құрап тұр.

Өмір – теңіз, жоқ оның түбі, ***шеті****,*
Сылқ-сылқ күлген сықырлы толқын ***беті****.*
Осы өмірге кіргелі көп күн болды,
Енді бір ай – толады жиырма ***жеті****.*

Аспаннан жаңбыр болып ***жаудың-жаудың***
Сарқырап сай-сайынан тас пен ***таудың****.*
Құрғатып кептіретін күншуақ жоқ,
Болған соң ортасында қалдың ***даудың****.*

Оппозиция мүшелері бір-біріне бірнеше айырым белгілерімен де қарсы қойылады: **<a>** – ашық, жуан; **<i>** – қысаң, жіңішке. Бұлардың ортақ белгілері де екеу (езу, жалаң). Келесі: **<ä>** мен **<ü>** сыңарлары екі-екіден айырым (ашық – қысаң, езу – ерін) және ортақ (жіңішке, жалаң) белгілерімен ерекшеленеді. Мысалда келтірілген өлең үзіндісінде *ketti*, *kütti* деген сөздерде **<e>** мен **<ü>** сыңарлары екі-екіден айырым (жартылай ашық – қысаң, езу – ерін) және ортақ (жіңішке, жалаң) белгілерімен сипатталады.

Үш кісі алты атпен мұнан ***кетті****,*
Жолдағы ел бет қайтармай, сыйлап ***күтті*** (М.-Ж. Көпейұлы).

Дауыссыз фонемалар **<g>** мен **<p>** екі – екіден айырым (ұяң – қатаң, тіл арты – ерін) және ортақ (үнсіз, тоғысыңқы) белгілерімен ерекшеленеді. Келесі дауыссыздардың да **<z>** мен **<š>** екі – екіден айырым (ұяң - қатаң, бір фокусты – екі фокусты) және ортақ (тіл алды, жуысыңқы) белгілері байқалады. Келесі мысалда *basymyzya, qasymyzya* деген сөздердің **<b>** мен **<q>** сыңарлары екі – екіден айырым (ұяң – қатаң, ерін – тіл) және ортақ (тоғысыңқы, үнсіз) белгілерімен сипатталады.

Бақ құсы маңайласпай ***басымызға****,*
Шаршадық жатқыза алмай ***қасымызға*** (М.-Ж. Көпейұлы).

Келтірілген оппозиция сыңарларында айырым және ортақ белгілер бірімен-бірі тең келіп, олар **теңбе-тең** *(эквиполенттік)* оппозициялар құрайды, дәлірек айтқанда, олар теңбе-тең болып, бір қасиеттің баспалдағы да болмайды және қасиеттің болымды немесе болымсыздығын да көрсетпей, теңбе-теңдікті көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген оппозиция жүйесін алатын болсақ, олар үш деңгейге бөлінеді: біріншісі – бір айырым белгіге негізделген: **<ö> ~ <ü>** (ашық – қысаң); **<y> ~ <i>** (жуан – жіңішке) – **бірөлшемді** *(одномерная)*; екіншісі – бірнеше айырым


белгілерге негізделген: **<a> ~ <u>** (ашық – қысаң, еріндік – езулік) – **көпөлшемді** *(многомерная)* оппозиция; үшіншісі – **оңашаланған** *(изолированная)*, яғни басқа осындай айырым белгіге негізделген сыңары жоқ оппозиция: **<b> ~ <š>** (ұяң – тоғысыңқы, қатаң – жуысыңқы).

Келесі төрт тармақты Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өлеңіне назар аударсақ, әр тармақтың соңында тұрған сөздер бір фонема арқылы ажыратылады, бірінші және екінші сөздерді ажырататын дауыссыз фонемалар, екінші және үшінші сөздерді ажырататын дауысты фонемалар. Дауыссыз фонемалар көпөлшемді оппозицияны құрайды: **<d> ~ <q>** (ұяң-қатаң, тіл алды-тіл арты). Дауыстылар бірөлшемді оппозицияға тән: **<o> ~ <u>** (ашық-қысаң).

Дүние, мен бола алмадым сенімен ***дос,***
Өзіңнің досың тап та, басыңды ***қос!***
Уыстап уысыма тұра алмадым,
Астыңнан ит жүгіртіп, үстіңнен – ***құс!***

Егер де бір оппозицияның фонемалары екінші оппозицияның фонемаларындай қатынаста тұрса, олар бір-бірмен **корреляция** дегенді түзеді. Бұнда фонемалардың оппозициялары математикадағы пропорциялар сияқты қатынаста болады. Мысалы, ұяң – қатаң айырым белгісіне негізделген корреляция: **<b> ~ <p>, <d> ~ <t>, <γ> ~ <q>, <g> ~ <k>, <ž> ~ <š>, <z> ~ <s>.** Бұл оппозиция барлық тілдерге тән әмбебап болып табылады.

Мағына ажыратушы көлеміне қарай оппозициялар **тұрақты** *(постоянный)* және **бейтараптанған** *(нейтрализуемые)* деп бөлінеді. Фонемалар барлық позицияларда ажыратылатын болса, олар тұрақты оппозицияны құрайды. Екі фонеманың бір позицияда ерекше айырым белгісі жойылып, бірақ кейбір ортақ белгісі сақталса, олар бейтараптанған оппозиция болып келеді, мысалы: *žazsa* [žassa] - *žas* [žas] деген сөздерде **<z>** мен **<s>** фонемалары қосылып, бір **<s>** деген дауыссыз фонемада көрініс табады:



Фонемалардың сөз мағынасын айқындайтын қызметін мына мысалдардан көруге болады: *1) saz-syz; taŋ-tyŋ; qaz-qyz; 2) qos-qus; qol-qul; bol-bul; 3) süz-söz; küz-köz; tüs-tös; 4) sän-sen; män-men; däm-dem; 5) kim-kem; tik-tek; bir-ber.* Аталған мысалдарда сөздердің мағынасы дауысты фонемалар арқылы ажыратылып тұр. Бірінші үш коррелятивтік жұптағы сөздер жуан және езулік болып айтылады да, олардың сөз мағыналары ашық **<a>** және қысаң **<y>** фонемалары арқылы ажыратылады. Екінші үш коррелятивтік жұптағы сөздердің бәрі жуан және еріндік вариацияда айтылып, сөз мағыналары ашық **<o>** және қысаң **<u>** арқылы ажыратылып тұр. Үшінші үш коррелятивтік жұптағы сөздердің әрқайсысы жіңішке және еріндік реңкте айтылып, сөз мағынасын айқындайтын қызметін қысаң **<ü>** мен ашық **<ö>** фонемалары атқарып тұр. Төртінші үш коррелятивтік жұптағы барлық сөздер жіңішке және езулік реңкте айтылады да, ашық **<ä>** және біршама ашық **<e>** фонемалары арқылы ажыратылады. Бесінші үш коррелятивтік жұптағы

сөздердің бәрі жіңішке және езулік болып табылады, олардың мағынасы қысаң <i> және біршама ашық <e> фонемалары арқылы айқындалады.

Келтірілген мысалдардағы сөздер фонологиялық оппозиция құрайды, сингармонизм жағынан (жуан ~ жіңішке ~ езулік ~ еріндік) олар бір-біріне қарама-қарсы қойыла алмайды, дәлірек айтқанда, сөз мағынасы дауысты фонеманың ашық және қысаң айырым белгілері арқылы ажыратылады. Сондай-ақ дауысты фонемалар привативтік және баспалдақты (градуалдық) фонологиялық оппозицияны құрап тұр.

Сонымен, қазақ тілінде фонемалардың сөздердің мағынасын ажырататын қасиеті бар екенін көрдік. Дауысты <a> ~ <y> ~ <o> ~ <u> ~ <ü> ~ <ö> ~ <ä> ~ <e> ~ <i> фонемалардың бәрі бір-біріне қарама-қарсы қойылады да мағына айқындау қызметін атқарады. Ал дауыссыздар бірде жуан, бірде жіңішке, бірде еріндік, бірде езулік болып, дауысты фонемалардың әсерімен бірнеше вариацияларда түрленіп тұрады. Дауыссыз фонемалардың мағына айқындау қасиеті бөлек, олар өздерінің дауыссыз фонемаларға тән (тоғысыңқы-жуысыңқы; ұяң-қатаң; тіл алды-тіл арты т.б.) айырым белгілері арқылы ажыратылады, мысалы: *bol-qol; sat-qat; mal-sal; qys-tys; top-dop; tas-tal; til-tis; kim-kir; kör-köl; qus-tus; tek-ter; sän-tän; süz- küz* т.б. Келтірілген мысалдардың дауыссыз фонемалары привативтік, баспалдақты (градуалдық) оппозициямен бірге теңбе-тең (эквиполенттік) оппозицияны құрап тұрғанын көруге болады. Дауыссыз фонемалардың жуан-жіңішке, езулік-еріндік деп бөлінуінің фонематикалық маңызы жоқ, дауыссыздардың төрт түрлі реңкте айтылуы негізгі инвариант фонеманың вариацияларына жатады. Сөйтіп, инвариант фонемалар өздерінің вариант, вариацияларында көрініс табады, вариантсыз фонема болмайды, әр сөздің ішінде кездесетін дыбыстар белгілі бір фонеманың реңкі болып табылады.


Фонема реңктерінің пайда болуының ең басты себептері фонетикалық жағдайлар: буындардың түрлері, екпіннің орны мен табиғаты, сөз ағымындағы фонемалардың өзара қарым-қатынасы және сөздің басы мен аяғы. Фонема түрленімінің заңдылықтары әр тілдің өзіне тән ерекшеліктерімен байланысты болады. Бір тілде сөйлейтіндердің жадында фонемалары сақталып, фонетикалық құбылыстардың нәтижесінде пайда болатын фонеманың реңктері сол тілде сөйлейтіндердің сөздерінде көрініс табады. Түрлі позицияға байланысты бір фонема бірнеше реңктерде көрінеді.

Шағын дыбыстық бірліктің жүзеге асуы (сөз бен морфеманың құрамында) бір тілдің даму кезеңінде **комбинаторлық** және **позициялық алмасуларға** негізделген. Әр тілдің өзінің даму кезеңінде байқалатын алмасулары түрленіп, бірнеше қасиетімен ерекшеленеді.


Р.И.Аванесов екі түрлі позициялық алмасуларды белгілеген: 1) **жарыспалы,** қиылыспайтын қатарлар, бұнда ортақ мүшелер болмайды және 2) **қиылыспалы** қатарлар, бұнда бірнеше ортақ мүшелер кездеседі [*Аванесов,* 1956]. Кейбір тілдердің фонетикалық жүйесі бірінші тип алмасуларымен ерекшеленеді. Тілдердің көбісінде позициялық алмасу типтерінің екеуі де орын алып, күрделі фонетикалық жүйені құрайды.

Бірінші типтегі алмасуды формула ретінде былай беруге болады: бірінші, екінші, үшінші позицияларда a // a // a; b // b // b; c // c // c дыбыстық алмасулар орын алады. Позициялық алмасулардың қатарларының функционалды теңдестігі бір фонеманы құрайды. Алмасулардың жарыспалылы, яғни <a> фонемасының

[a] болып дыбысталуы, <b> фонемасының [b] болып дыбысталуы және <c> фонемасының [c] болып дыбысталуын көрсетеді. Оны схема түрінде былай беруге болады.




Қазақ тілі консонантизм жүйесінің позициялық алмасуларының қиылыспайтын жарыспалы түрін былай көрсетуге болады.




Қазақ тілінде дауыссыздардың жуан-жіңішкелігі дауысты дыбыстардың ықпалымен жасалады. Мысалы: [žyl-ž'el']; [san-s'en']; [tos-t'ös']. Жеке дыбыстардың қатар жүруінде әр позицияда дыбыстар бір-бірінен өзгешеленеді. Осындай жағдайда дыбыстық бірлік әр позицияда сөзтұлғалардың дыбыс жамылғышын ажыратады.

Дегенмен, қазақ тілінде басқа тілдердегідей жарыспалы алмасумен бірге қиылыспалы алмасулар оның фонетикалық жүйесін күрделендіреді. Бірінші позицияда ажыратылатын фонемаларға екінші позицияда бір дыбыстық бірлік сәйкес келеді және сапасы жағынан ол бірінші позицияда ажыратылатын дыбыс бірлігімен бірігіп кетеді. Дыбыстық алмасудың позицияларына нөлдік қатар сәйкес келеді, сонда дыбыстық бірлік бірінші (**a**-дан ажыратылатын) және екінші позицияда (**a**-қолданылмайтын жағдайда) орын алады. Келесі схеманы көріңіз:



Қиылыспалы қатарлардан тұратын алмасулар жарыспалы қатысатын қатарларды құруы мүмкін. Бұл жағдайда әр қатардың сыңары жарыспалы болып, басқа қатарлармен қиылыспайды. Оны схемамен былай көрсетуге болады.



Қиылысқан позициялық алмасулар бірнеше дыбыстық бірлікпен ерекшеленеді және алмасудың кейбір қатарлары ортақ мүшелермен сипатталады. Бұл алмасулардың дыбыстық бірліктері бір позицияда ажыратылады, басқа позицияда ажыратылмайды. Алмасулардың осындай түрінде берілген шағын дыбыс бірлігі позицияға байланысты сөзтұлғасының дыбыс жамылғышын ажыратады: бір позицияда бұл қасиет өзінің толық дәрежесінде білінсе (әлді позиция), екінші позицияда – жартылай дәрежесінде (әлсіз позиция) білінеді. Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі жарыспалы және қиылыспалы алмасулардың негізінде құрылған.

Сонымен, дыбыс алмасуының сипатталған екі типі бір-біріне ұқсамайтын фонетикалық жүйелерді құрайды. Жарыспалы алмасулар бір жүйені құрайды, сонда барлық позицияларда дыбыстық бірліктер ажыратылады. Ал қиылыспалы алмасулардың әлді позициясында дыбыстық бірліктердің ажыратылу қасиеті басымырақ болса, әлсіз позициясында - азырақ болады. Әлді және әлсіз позициялар фонеманы қоршаған әртүрлі дыбыстардың жағдайына байланысты. Әлді позиция қолайлы, жайлы орналасқан орын. Әлді позицияда фонемалар өзінің тәуелсіздігімен ерекшеленіп, тілдің мағыналық бірліктерін ажыратады. Әлсіз позицияда фонемалардың сапасы тәуелденіп, кейбір фонетикалық себептермен өзгеріп тұрады. Осыған байланысты **перцептивтік** және **сигнификативтік** әлсіз позициялар орын алады. Сондайақ дыбыстардың жиынтығы орайласып келіп, фонемалардың бір белгілі санын құрайды. Мысалы, [žon-ž'ön']; [tus-t'üs']; [syz-s'iz'] деген сыңарлы сөздерді салыстырып көрейік. Бұлар дауыссыз және дауысты дыбыстардың жуан-жіңішкелігімен ажыратылады, дегенмен қазақ тіліндегі олардың жуан және жіңішке фонологиялық маңызы дауыстылар арқылы ажыратылып тұр. Себебі, дауыссыз дыбыстардың жуан–жіңішкелігі олардың айналасындағы көршілес дауыстылардың ықпалымен пайда болған, дәлірек айтқанда, қазақ тіліндегі дауыссыздардың жуан – жіңішкелігінің фонологиялық мәні жоқ. Сондықтан **[ž]** мен **[ž']**, **[n]** мен **[n']**, бірінші жұпта, **[t]** мен **[t']**, **[s]** мен **[s']** екінші жұпта және **[s]** мен **[s']**, **[z]** мен **[z']** үшінші жұптағы дауыссыздар өзінің акустика-артикуляциялық айырмашылығына қарамастан бір ғана фонологиялық бірлікті құрайды. Көршілес дыбыстардың ықпалына бағынатын фонемалар перцептивтік әлсіз позицияда тұрып, өзінің дыбысталуын өзгертіп, вариация түрінде көрініс табады. Олар фонологиялық айырым қызметін атқармай, акустика-артикуляциялық жағынан ажыратылады. Абайдан алынған төрт тармақты келесі өлең үзіндісінде *ajtsam* деген сөзде **<s>** фонемасының **[ts]** (ц) вариациясы қолданылады:

*Батырды **айтсам** ел шауып алған талап,*
*Қызды **айтсам**, қызықты **айтсам** қыздырмалап,*
Әншейін күн өткізбек әңгімені
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап.

Мағжан Жұмабаевтың және Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының төмендегі өлеңдерінің үзінділерінде әр тармақ *qajtsam* [qajttsam], *ajtsam* [ajttsam], *žatsam* [žattsam], *žatsa* [žattsa], *qatsa* [qattsa], *atsa*[attsa] деген сөздермен аяқталады. Бұл сөздерде **<s>** фонемасының **[ts]** (ц) вариациясы көрініс табады:

Солқылдап, жігіт болып кейін ***қайтсам,***
Жаңғыртып ен даланы өлең ***айтсам!***
«Қартайғанда кет!» - деген бұраң белмен,
Бұрынғыдай айқасып бірге ***жатсам!***

Түн қараңғы, жан біткен ұйықтап ***жатса,***
Үйде отырып, тырп етпей бұл түн ***қатса!***
Түн намазын оқумен дамыл көрмей,
Түн өткенін білмей қап, таңдар ***атса!***

Дауыссыз фонемалардың әлсіз позициядағы вариацияларын Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлының мына мысалынан көруге болады:

Бойыңа зор жақсылық келді, - дейді,
Көңіліңе қонды ма, ***айтшы*** енді?!

Мұнда *ajtšy* [ajtčy] деген сөзде **[č]** (ч) дыбысы **<š>** фонемасының вариациясы болып тұр.

Дауысты фонемалар да перцептивтік әлсіз позицияда өзінің вариациялары арқылы көрінеді, мысалы:

Және бір ***есегі*** *бар жетектеген,*
Ежелден *сарт қой сорды* ***етектеген.***
Табаны талқыдай боп жалаң аяқ,
Мініп ап ***есегіне*** *тепектеген.*
Жүрмеді жалғыз ***ешкі*** *айдауына,*
Сорының ***енді*** *қара, қайнауына.*
Ешкінің *мойнында бар ұзын жібі*
Есектің *құйрығына байлауына* (М.-Ж. Көпейұлы).

[ʲEsegi], [ʲeželden], [ʲetektegen], [ʲertegi], [ʲeški], [ʲendi], [ʲeškiniŋ], [ʲesektiŋ] деген сөздерде анлаут позициясында **<e>** фонемасы **[ʲe]** вариациясымен ерекшеленеді, инлаут позициясында **[e]**-нің алдында әнтек **[j]** қосылмайды. Сондай-ақ *<e>tik–k<e>tik, <e>sik–k<e>sik* деген сөздерде **<e>** фонемасы өзінің **[ʲe, e]** вариацияларында көрінеді.

Анлаут позициясында **<o>** фонемасы да өзінің вариациясында жүзеге асады, мысалға, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өлеңдерінің төрт тармақты үзіндісін келтірейік:

Онан *соңғы бір қасың –* ***қожа, молда***
Олармен *елдеспедің бұрын-соң да*
Жамандап бас-басына ***өлең*** *жазып,*
Жазған ***сөзің*** *әр жерде жүрді қолда.*

[ʷO]*nan*, [ʷo]*larmen*, [ʷö]*löŋ* деген сөздерде, анлаут позициясында **<o>**, **<ö>** фонемалары өзінің **[ʷo]**, **[ʷö]** вариацияларында қолданылады. *Qoža, molda, qolda* деген сөздерде, инлаут позициясында **<o>** фонемасы монофтонг түрінде

қолданылады. Сондай-ақ [ʷot], [sot], [ʷoq], [soq] деген сөздерде **<о>** фонемасы **[о]**, **[ʷо]** вариацияларында және [ʷö]*züŋ – sözüŋ*, [ʷö]*kpe – sökpe* деген сөздерде де **<ö>** фонемасы **[ö, ʷö]** вариацияларында тұр. Демек, кейбір дауысты фонемалар, атап айтқанда, **<е>**, **<о>**, **<ö>** ішінара модификацияға түсіп, әлсіз позицияда **[ʲе]**, **[ʷо]**, **[ʷö]** дыбыстар түрінде айтыла береді, мысалы *<е>lek, <о>tan, <ö>mir* деген сөздер [ʲelek, ʷotan, ʷömür] деп естіледі.

Кейде **<š>** және **<ž>** жуысыңқы фонемаларының соңынан келетін **<а>** фонемасы **<ä>**-ге жуық түрде айтылады *šaj* **[šäj]**, *žaj* **[žäj]**:

Бір табақ ет пенен ***шай*** *беріп пара,*
Үміті сонда қылған бір-бір қара (М.-Ж. Көпейұлы).

Сөйлеу дыбыстарының жасалуы, артикуляциясы тұрақты болады. Сүйтседе де жеке адамның сөйлеу ерекшеліктеріне байланысты жеке дыбыстар сөйлеуде ылғи бір қалыпта айтылмайды. Негізгі түрінен ауытқып, айнып та айтылады (Сауранбаев). Осы ойды дәлелдеу үшін Сауранбаев **жігіт, құндыз, кел** деген сөздерді мысал ретінде келтіріп, **<ж>** дыбысы кейде африкат **[дж]** ұқсап, **<ы>** дыбысы еріндік қысаң **[ұ]** мен **[ы]**-ның арасындағы бір дыбысқа ұқсап, ал **<л>** дыбысы қасында тұрған жіңішке дауысты ықпалымен жіңішке айтылатынын байқайды. Сөйлеу дыбысының тұрақты және айнымалы түрі бар, ал тілдің дыбыстық жүйесі тек тұрақты дыбыстардан тұрады, дейді ғалым.

Сауранбаевтың тұрақты дыбысы дегені фонема теориясы тұрғысынан келсек инвариант фонемаға сәйкес келеді, ал олардың айнымалы түрлері фонеманың вариациялары болып табылады. Өз сөзін келтірсек, «сөйлеу дыбыстарының айныма түрлері сөздің мағынасын түрлендірмейді, оның сөз мағынасын ажыратуға септігі жоқ». Сондай-ақ ғалым қазақ тілінің фонетикалық жүйесін фонология аспектіде қарастырғанын көреміз.

Анлаут позициясында ғалымның мысалға алған **жігіт** сөзіндегі **<ж>** фонемасы кейде **[дж]** болып естіледі, ал инлаут және ауслаут позицияларында (қа**<ж>**ы, а**<ж>**ал) сол күйінде қалады. Осы екі түрінде айтылатын дыбыстар бір **<ж>** дыбыс типінің көріністері болып табылады, олардың жеке-жеке фонематикалық қасиетін атқаратын мүмкіндігі жоқ. Сондықтан **<ж>** дыбыс типі басқа дауыстыларға қарама- қарсы қойылып, мағына айқындайтын қасиетімен инвариант фонемаға жатады. Аталған мысалдарда фонеманың екі реңкте айтылуы олардың сөздегі алатын позициясына байланысты.

Қазақ тілінде **<і>** дауыссызының жуан-жіңішкелігі сөздердің мағынасын ажырата алмайды, себебі бұл дыбыстардың фонематикалық қасиеті жоқ, олар орайласып, бір дыбыс типін құрайды да, басқа фонемаларға өзара қарама-қарсы қойылады. Сауранбаевтың **кел** деген келтірілген мысалы соған дәлел. Бұнда **<і>** инвариант фонемасының жіңішке вариацияда көрініс табуы қасындағы жіңішке дауыстыға байланысты.

Дауысты фонемалардың да кейбіреуі әлсіз позицияда өзінің қасиетін жоғалтып, басқа фонемалардың ерекшеліктерін қабылдайды. Сауранбаевтың **құнд<ы>з** деген мысалын қарастырайық. Әлсіз позицияда **<ы>** фонемасы **[ұ]** мен **[ы]**-ның арасында айтылады дейді ғалым. Бұнда **[ұ]** мен **[ы]** дыбыстары **<ы>** фонемасының вариациялары болып табылады. Келесі өлеңде дауысты фонемалардың әлсіз позицияда модификацияға ұшырағаннын көреміз:

Басыңнан әрбір түрлі ***күндер өтті,***
Құр жылап екі ***көзге*** *әлің жетті.*
Өзіңді өзіңменен ұстастырып,
Тоздырып, *иттей* ***қорқып****, быт-шыт етті.*

Иманды адам тауапқа ***бұрын көнген,***
Бұл ***сөзім*** *қырық хадистен баян берген.*
Сабырлығы болмаса әр пақырдың,
Майы жоқ шам сықылды жанып ***сөнген*** (М.-Ж. Көпейұлы).

Әлсіз позицияда *künd<e>r, ött<i>, közg<e>, tozd<y>r<y>p, qorq<y>p, bur<y>n, köŋg<e>n, söz<i>m, söŋg<e>n* деген сөздердің **<e>**, **<i>** және **<y>** фонемалары өзінің **[ö]**, **[ü]** және **[u]** вариацияларында көрінеді. Сондай-ақ, әлсіз позицияда *qolyŋ* [qoluŋ], *momyn* [momun], *žolyŋ* [žoluŋ], *sözіŋ* [sözüŋ], *közіŋ* [közüŋ], *tösіŋ* [tösüŋ], *köjlek* [köjlök], *öngen* [öngön], *köngen* [köngön] деген сөздерде **<y>**, **<i>**, **<e>** фонемалары **[u]**, **[ü]**, **[ö]** дыбыстарына ұқсас айтылады. Сонда **[u]**, **[ü]**, **[ö]** дыбыстары **<y>**, **<i>**, **<e>** фонемаларының вариациялары болып табылады.

Соңғы кезде орта және жас буынның сөйлеу тілінде көрсетілген дауысты фонемалардың вариациялары кейде көрінбейді. Бұл – қоғамның және оның тілінің даму процесіне байланысты заңды құбылыс. Себебі сөздердің жазылуы айтылуына да әсер етуі мүмкін, ол кейде сөйлеу тілінің «бұзылғаны» деп бағаланады. Алайда сөйлеу тілі жазба тіліне және керісінше жазба тілі сөйлеу тіліне ықпал етеді, яғни бұл орфография мен орфоэпияның бір-бірімен байланысын көрсетеді. Көрсетілген мысалдарда қысаң **<y>**, **<i>** және жартылай қысаң **<e>** дауыстылар ерін үндестігі негізінде өзінің вариацияларында жүзеге асады, бірақ бірінші буындағы еріндік дауыстылардың екінші буындағы дауыстыларға әсері аздау. Ал жас ұрпақ, мысалы, студенттер оны мүлде сезбейді. Бұл – заманның бір көрінісі.

Сонымен, фонема вариациялары оның біршама әлсіз позицияда ішінара модификациясы нәтижесінде пайда болатын құбылыс.

Фонемалардың позициялық алмасуы сөз көлемінде де не сөз тіркесі аралығында да болады. Сигнификативтік әлсіз позицияда қарама-қарсы қойылған фонемалар өздерінің дыбысталуында бірыңғай шығады да тілдік мазмұнды бірліктерін ажыратпайды, мысалы:

Болып тұр мұсылманға Қазан ***басшы***
Сен де соған жейтұғын асыңды ***асшы.***
Дін исламның бір болып ынтымағы
Патшаның қол астында бір ***жарасшы.***
Сол жерде жолдастары бұған келген,
Mahрасар емес-ау! – деп ***танып білген****.*
Ұстап алып байғұсты қатты қинап:
Қайда, – деп,-Mahрасар?! – сұрай берген (М.-Ж. Көпейұлы).

Келтірілген өлеңнің әр тармағындағы соңғы сөздерде **<s>** фонемасының варианттары көрінеді: *bassy* [baššy], *assy* [aššy], *žarassy* [žaraššy]; *tanyp bilgen* [tanyppilgen] деген сөз тіркесінде **<b>** фонемасының варианты жүзеге асады.

М.-Ж.Көпейұлы, Ю.Баласағұни және М.Жұмабаевтың келесі өлең үзінділерінде <z> фонемасының вариванттары көрініс табады: *köz žasy* [köžžasy], *namazšamdy* [namaššamdy], *közžiti* [köžžiti], *qyz suluwyn* [qyssuluwyn], *söz žarasy* [söžžarasy], *köz žetpejtin* [köžžetpejtin], *söz žoq* [söžžoq], *biraz sybyr* [birassybyr], *biraz žybyr* [biražžybyr]. Келтірілген сөздерде <z> фонемасы өзінің үш вариантында жүзеге асады: **<z> = [š] [s] [ž]**. Ал *žaŋbyrdaj* [žambyrdaj] деген сөзде <ŋ> фонемасының [m] варианты көрінеді, *tap bergende* [tappergende] деген сөз тіркесінде <b> фонемасының [p] варианты көрініс табады. Кейде сөздің соңғы фонемасы ұяң не үнді болса, кейінгі дыбыстың басқы қатаң дыбысы ұяңдайды. Мысалы: *kez keledi* [kezgeledi], mynaw kör [mynawkgör] деген сөз тіркестерінде <k> фонемасы [g] вариантында көрініс табады. *Künbatys* деген сөзде <n> фонемасы [m] вариантында көрінеді.

***Жаңбырдай** болып **көз жасы**,*
Бетінен саулап құйылған (М.-Ж. Көпейұлы).

Тырт етпей, намаздыгер оқыған соң,
*Сарғайып **намазшамды** алса күтіп!*

Мың жасап, бар атақты ап көргенде –
*Хал бөтен бір күн өлім **тап бергенде***
***Көз – жіті**, құлақ – сақ, көңіл – кең болу керек.*

Құр тоздырып нұрлы жүздің жылуын,
*Іздей көрме көрікті **қыз сұлуын**.*

Қамшы жарасы тез бітер,
***Сөз жарасы** бітпес (*Ю.Баласағұни*).*

*Ол күндер **көз жетпейтін** ерте күн ғой*
Ерте күн – ертегідей ерке күн ғой.

***Сөз жоқ**, енді ол намыстанып, арланып,*
Кетті ыза боп: «Қап, бәлем!...» деп қарғанып.

***Біраз сыбыр**. **Біраз жыбыр**. Дыбыс жоқ.*
Көк айықты, жел де енді басылды.

*Алдынан **кез келеді** бір көр қазған,*
Басына тақтай қағып, жазу жазған:
«Өлімнен құтылмайсың қашқанменен,
***Мынау көр** – сенің көрің, Қорқыт жазған!»*

*Әй, сен, кесел **Күнбатыс**!*
Бұл жатуың қай жатыс? (М.Жұмабаев).

Сондай-ақ *tazšy* [taššy], *qažšy* [qaššy], *sönbedi* [sömbedi], *išši* [išši], *sawap boldy* [sawappoldu], *keyingi* [keyiŋgi] сөздерінде <z>, <ž>, <s>, <p>, <n> фонемаларының

варианттары орын алады. *Qaz* бен *qas* деген сөздер <z>, <s> дауыссыз фонемаларымен ажыратылады. Егерде бірінші сөзді *qazsa* [qassa] деп өзгертсек, дауыссыздар *бейтараптанып* (нейтрализацияланып) бір дыбыстың қасиетін алып отырады. Дыбыстардың бейтараптанған позициясы сигнификативті түрде әлсізденеді, егерде кейбір позицияларда дыбыстардың бейтараптануы болмаса, ол сигнификативті әлді позиция болады.

Сонымен, сигнификативтік әлсіз позицияда фонеманың варианттары орын алады. Мысалы: *künbayys* [kümbaγys] деген сөзде <n> фонемасы <m> фонемасы секілді айтылады, басқаша айтқанда, <n> фонемасы өзінің қасиетін жоғалтып, <m> фонемасының қасиетін алып отыр. Сонда **[m]** дыбысы <n> фонемасының варианты болып, <n> фонемасының **[m]** варианты *mal* деген сөздегі <m> фонемасымен бірдей айтылады, демек, <n> мен <m> фонемалары **[m]** дыбысында бейтараптанады. *Qobyzšy* [qobyššy], *sezse* [sesse], *qyz žibek* [qyžžibek] деген сөздерде <z> фонемасы үш вариантпен сипатталады. Бірінші сөзде <z> фонемасының варианты **[š]** дыбысы болып табылады және <z> фонемасының **[š]** варианты *šal* деген сөздегі <š> фонемасына сәйкес келеді де, <z> фонемасы мен <š> фонемасы **[š]** дыбысында бейтараптанады. Екінші сөздегі **[s]** дыбысы <z> фонемасының қорына кіреді және *saq* деген сөздегі **[s]** дыбысына тең болып келеді, демек, <z> фонемасы мен <s> фонемасы **[s]** дыбысымен қосылып, ұяң, қатаң дыбыстардың қарама-қарсылығымен нейтрализацияға ұшырайды. Ал үшінші сөздегі <z> фонемасы <ž> вариантымен айтылады және *žaz* деген сөздегі **[ž]** дыбысына сәйкес келеді. Сондай-ақ <ž> мен <z> фонемалары **[ž]** дыбысында бейтараптанады. Сөйтіп, кейбір дауыссыз фонемалардың бірнеше вариантта көрініс табатынын көрдік.

Сайып келгенде, **вариация** деген ұғым бір фонемаға қатысты болса, **вариант** дегеніміз екі фонемаға байланысты. Фонема әлді позицияда өзінің негізгі қасиетін, ерекшелігін сақтайды, ал әлсіз позицияда әртүрлі өзгеріске түседі. Әлсіз позицияда фонеманың вариациясы және варианты жүзеге асады. Перцептивтік әлсіз позицияда көрінетін инвариант фонемалардың вариациялары бір фонеманың көлемінде олардың синонимі болып табылады, ал екі фонемаға қатысты фонеманың варианттары олардың омонимі болып, сигнификативті әлсіз позицияда көрініс табады.

Сонымен, 1) сигнификативтік әлді позицияда фонемалар өзінің мағына ажыратушы қызметін атқарады; 2) перцептивтік әлсіз позицияда қоршаған дыбыстардың әсерінен фонемалар өзінің вариацияларында көрініс табады; 3) сигнификативтік әлсіз позицияларда фонемалар бейтараптанып, өзінің варианттарында қолданылады. Қандай тілдің болса да, негізгі фонема құрамын сипаттау үшін оның сигнификативтік және перцептивтік әлді-әлсіз позицияларын қарастыру қажет. Сонда ғана сигнификативтік әлді позициялардағы және сигнификативтік, перцептивтік әлсіз позициялардағы фонеманың вариациялар мен варианттарын анықтауға болады.

Қазақ фонемаларын дихотомиялық классификация тұрғысынан қарастыру

1. XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап тілтанымда әлемдегі сөйлеу дыбыстарының бәрін қамтитын универсалды (әмбебап) классификацияның жаңа әдіс-тәсілдерін табуға мейлінше күш салынып, әрекет жасалды. Бұл мақсатқа жету үшін дыбыстық артикуляциялық және акустикалық классификацияларының тал-

дау жасау әдістері біріктіріліп, одан да басқа жаңа тиімді жол, әдістер іздестірілді. Мұндай универсалды, әмбебап классификациялық әдістің алғашқысын Р.Якобсон, Г.Фант, М.Халлелер ұсынды [*Jakobson, Fant, Halle*, 1955]. Бұл классификацияның негізінде 12 өзгешелік немесе дифференциалдық айырым белгілер жатыр. Дыбыстардың дифференциалды айырым белгілері әр уақытта жұптасып келеді, оның бірі – жағымды (+), ал екіншісі – жағымсыз (-) белгілерімен сипатталады. Бұл классификацияның негізінде 12 жұп айырым белгілер жатыр. Олар әлемдегі барлық тілдердің дыбыстарын бейнелеп жазып шығуға жеткілікті, сондықтан да бұл жүйелік процестің өзі мынадай әрекеттерден тұрады: дыбыстардың бәрі алдымен бірінші айырым белгісіне қарай екі топқа бөлінеді: *дауысты-дауысты емес* белгілер. Сондықтан бір топтың мінездемелері, яғни айырым белгілері *дауысты емес* дегендер. Одан кейін жаңағы екі топ тағы да екі топқа жіктеледі, енді олар екінші айырым белгілерге икемделе бөлінеді (ал екінші айырым белгі қызметін *дауыссыз-дауыссыз емес* дегендер атқарады). Бұл талдаудың екінші кезеңінің нәтижесінде *дауысты дыбыстар* тобында екі кіші топ пайда болады: 1) *дауысты* дыбыстар – олар бір мезгілде *дауыссыз* дыбыстардың айырым белгілерін де иеленеді (оларға [**r**], [**l**] деген үнді дауыссыздар жатады); 2) *дауысты* дыбыстар – бір мезгілде *дауыссыз емес* дыбыстардың айырым белгілеріне де ие болатындар (оларға жататындар: [**a**], [**o**], [**e**] т.б.).

Нақ сондай болып *дауысты еместер* де екі топқа бөлінеді: 1) *дауысты еместер* – бір мезгілде *дауыссыз* дыбыстардың айырым белгілеріне де ие болғандар (олар мыналар: **[t]**, **[d]**, **[n]**, **[m]**, **[s]**, **[z]** т.б). 2) *дауысты еместер* - бір мезгілде *дауыссыз да еместер*, ондай болатын дыбыс «йот» **[j]**.

Сонымен талдаудың екінші кезеңінде екі, жұп айырым белгілерді пайдалану нәтижесінде төрт топ бойынша дыбыстар пайда болды. Кезекті кезеңде жаңағы төрт топтағы дыбыстар енді үшінші айырым белгілерге қарап, тағы да екі топқа бөлінеді, осы әдіс негізінде, осылайша жұптасып, барлық 12 айырым белгілер біткенше пайдаланыла береді. Осылайша талдаудың әр кезеңінде дыбыстық топтар тапжылмай екіге бөліне беретін болғандықтан, бұл классификацияның өзі дихотомиялық (грек сөзі ***διχοτομία***–ортасынан екіге бөлу) деген атқа ие болды.

Бұл жіктеудің негізінде сөздердің антоним-синоним ұғымдары жатыр: талдаудың бұл кезеңінде сарапталған әр топтағы сөздер қасындағы, көршілес сөздермен антонимдес болады, ал бұл топтың өз ішіндегі сөздер бір-бірімен синонимдес болады. Сарапталып отырған айырым белгілер дыбыстың спектрінде айқын акустикалық сәйкестігімен ерекшеленіп, артикуляторлық үйлесімін тауып отыр.

Дихотомиялық классификацияның мінездемесі ұзақ уақытқа созылған айтысқа, талқыға әкеліп соқтырды. Дихотомиялық қарсыластағы реалды сөйлеу тілінде барлық дыбыстар бірдей не «былай», не «олай» деп екіге бөліну принципіне жол берілмейді деген. Ал қазіргі уақытта дихотомия туралы айтыстар бітті деуге болады. Универсалды, дихотомиялық жіктеудің айырым белгілері екі жақты функциямен ерекшеленеді. Бұл екі жақты функцияларда сөйлеу тіліндегі дыбыстардың таза фонетикалық сипаттамасындағы айырым белгілер баспалдақты (градуалды) түсініктемеге ие болады. Онда: «дауысты» - «азырақ дауысты», «одан да азырақ дауысты», тағы сондайлар; «компактты» - «компактырақ» - одан да «компакты», солай кете береді. Бірақ бұл екі жақты

функцияда дәл универсалды лингвистикалық классификация үшін жұппен келетін дихотомиялық сипаттама болуы керек. Айырым белгілердің мұндай қолданымдағы сипаттамасына тек қана қорытынды, жинақталған типтік дыбыстар (звукотипы) сәйкес келеді.

Дихотомиялық классификацияның барлық (12) айырым белгілері төмендегідей:

1) Дауысты – дауысты емес (вокальность – невокальность);
2) Дауыссыз – дауыссыз емес (консонантность – неконсонантность);
3) Компакты – диффузды;
4) Қауырттылық – қауырттылық емес (напряженность – ненапряжен.);
5) Ұяң – қатаң;
6) Мұрын жолды – ауыз жолды;
7) Үзілген – үзілмеген (прерванность - непрерванность);
8) Кенеттілік – кенеттілік емес (резкость – нерезкость);
9) Глоттолизациялы – глоттолизациялы емес;
10) Төмен – жоғары;
11) Бемольды – бемольды емес;
12) Диезді – диезді емес.

Көрсетілген дихотомиялық айырым белгілер дауысты және дауыссыз дыбыстарды бөлмей бір жүйе ретінде қарастырады. Кейбір айырым белгілеріне түсініктеме берейік. Мысалы, **дауысты - дауысты емес** деген айырым белгісін қарастырсақ, дауысты дегенге дауысты дыбыстармен бірге үнді дауыссыз дыбыстар да жатады.

Компакты – диффузды айырым белгілер дауыстылардың ашық – қысаң болып бөлінуіне қатысты.

Ұяң – қатаң айырым белгісінің ұяң деген ерекшелігі барлық дауыстыларға, үнді дауыссыздарға және кейбір ұяң, соның ішінде жуысыңқы (ызың) дауыссыздарға тән.

Мұрын жолды – ауыз жолды айырым белгілер үнді (сонант) дауыссыздардың жұмсақ таңдайдың қалпына қарай жіктеледі.

Жоғары – төмен айырым белгісінің жоғары ерекшелігі тілдің алдыңғы базасымен жасалатын жіңішке дауысты дыбыстар, сонымен қатар тіс және тіл алды дауыссыз дыбыстарды сипаттайды. Бұл жұптың төменгі белгісі тілдің артқы базасымен жасалатын жуан дауыстылар және ерін, тіл арты, тіл ортасы дауыссыздарға сәйкес келеді.

Үзілген – үзілмеген айырым белгілер тоғысыңқы (шұғыл) және жуысыңқы (ызың) дауыссыз дыбыстарды сипаттап бере алады.

Кенеттілік – кенеттілік емес айырым белгілердің кенеттілік дегені тек аффрикаттар мен діріл **r** (р)-ны сипаттайды. Кенеттілік еместерге басқа барлық дыбыстар жатады.

Бемольды – бемольды емес айырым белгілері дауысты және дауыссыз дыбыстардың еріндік және езулік белгілеріне тән.

Диезді – диезді емес айырым белгілер дауысты және дауыссыз дыбыстардың жіңішке және жуан белгілеріне сәйкес келеді.

Осы универсалды дихотомиялық жіктеуге сүйеніп, **а** дыбысының дихотомиялық акустикалық айырым белгілерін қарастырып көрейік. Дихотомиялық классификацияда таңбаланған айырым белгілері (+) - пен беріледі, ал таңбаланбаған айырым белгілері (-) - қа сәйкес келеді.

а

Дауысты	+
Дауыссыз	-
Жоғары	-
Төмен	+
Компакты	+
Диффузды	-
Бемольды	-
Диезді	-
Үзілген	-
Кенеттілік	-
Ұяң	-

Акустикалық айырым белгілер артикуляторлық айырым белгілермен тығыз байланысты екенін көрдік. Бұл классификация бинарлық айырым белгілеріне негізделіп, дыбыстардың акустикалық ерекшеліктерін анықтайды және артикуляторлық сипаттаманы да ескереді. Сонымен, Якобсон, Фант, Халленің универсалды (әмбебап) дихотомиялық жіктеуінің кейбір элементтерін пайдалана отырып, қазақ тілі дыбыс жүйесін сипаттауға болады.

Қазақ тілінде 26 (28) дыбыс дауысты және дауыссыз болып екі үлкен топқа бөлінетіні белгілі. Оның ішінде дауысты – 9 дыбыс-фонема, дауыссыз – 17 (19) дыбыс-фонема бар. Фонемалардың саны олардың әлді позициясында ғана анықталады.

Қазақ тіліне тән **дауысты дыбыс** жүйесі мына фонемалардан тұрады: **а, ä, о, ö, е, u, ü, у, і**. Олардың айырым белгілер негізінде мынадай оппозициялар құрайтыны белгілі: ашық/қысаң, жуан/жіңішке, езулік/еріндік. Дыбыстардың бинарлық оппозициялық айырым белгілері төмендегі кестелерде ұсынылған.

Жақтың қатысына қарай оппозициялық айырым белгілер

Дауысты фонемалар	**а**	**ä**	**о**	**ö**	**е**	**u**	**ü**	**у**	**і**
Ашық *компакты*	+	+	+	+	+ -	-	-	-	-
Қысаң *диффузды*	-	-	-	-	+ -	+	+	+	+

Тілдің қатысына қарай оппозициялық айырым белгілер

Дауысты фонемалар	**а**	**ä**	**о**	**ö**	**е**	**u**	**ü**	**у**	**і**
Жуан *диездік емес*	+	-	+	-	-	+	-	+	-
Жіңішке *диездік*	-	+	-	+	+	-	+	-	+

Еріннің қатысына қарай оппозициялық айырым белгілер

Дауысты фонемалар	**a**	**ä**	**o**	**ö**	**e**	**u**	**ü**	**y**	**i**
Езулік *бемольды емес*	+	+	-	-	+	-	-	+	+
Еріндік *бемольды*	-	-	+	+	-	+	+	-	-

Қазақ тіліне тән дауыссыз дыбыс жүйесі мына фонемалардан тұрады: **b, g (γ), d, ž, z, j, k (q), l, m, n, ŋ, p, r, s, t, w, š.** Олар сигнификативті әлді позицияда негізінен мынадай оппозициялық айырым белгілерімен сипатталады: ұяң/қатаң, тоғысыңқы/жуысыңқы, ерін/тіл.

Келесі кестеде дауыссыз фонемалардың сигнификативтік әлді позициядағы үн мен салдырдың қатысына қарай (ұяң-қатаң) оппозициялық айырым белгілері берілген.

Дауыссыз дыбыстар	**b**	**g (γ)**	**d**	**ž**	**z**	**j**	**k (q)**	**l**	**m**	**n**	**ŋ**	**p**	**r**	**s**	**t**	**w**	**š**
ұяң	+	+	+	+	+	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
қатаң	-	-	-	-	-	-	+	-	-	-	-	+	-	+	+	-	+

Төмендегі кестеде дауыссыз фонемалардың сигнификативтік әлді позициядағы айтылу жолына қарай (шұғыл, тоғысыңқы-ызың, жуысыңқы) оппозициялық айырым белгілері берілген.

Дауыссыз дыбыстар	**b**	**g (γ)**	**d**	**ž**	**z**	**j**	**k (q)**	**l**	**m**	**n**	**ŋ**	**p**	**r**	**s**	**t**	**w**	**š**
Шұғыл (тоғысыңқы) *үзілген*	+	+	+	-	-	-	+	-	+	+	+	+	-	-	+	-	-
Ызың (жуысыңқы) *үзілмеген*	-	-	-	+	+	+	-	+	-	-	-	-	-	+	-	+	+

Төмендегі кестеде дауыссыз фонемалардың сигнификативтік әлді позициядағы жасалу жолына қарай (ерін-тіл) оппозициялық айырым белгісі берілген.

Дауыссыз дыбыстар	**b**	**g (γ)**	**d**	**ž**	**z**	**j**	**k (q)**	**l**	**m**	**n**	**ŋ**	**p**	**r**	**s**	**t**	**w**	**š**
ерін	+	-	-	-	-	-	-	-	+	-	-	+	-	-	-	+	-
тіл	-	+	+	+	+	+	+	+	-	+	+	-	+	+	+		+

Келесі кестеде үнді дауыссыз фонемалардың сигнификативтік әлді позициядағы жұмсақ таңдайдың қалпына қарай (ауыз жолды және мұрын жолды) оппозициялық айырым белгісі берілген.

Дауыссыз дыбыстар	j	l	m	n	ŋ	r	w
Ауыз жолды	+	+	-	-	-	+	+
Мұрын жолды	-	-	+	+	+	-	-

Сонымен, қазақ тілінің фонологиялық жүйесі өзінің функционалды және акустика-артикуляторлық ерекшеліктерімен сипатталады. Фонема теориясының негізгі ұғымдары қазақ тілі материалында қарастырылды.

Фонологиялық мектептер

Фонология XX ғасырдың бірінші жартысында тіл білімінің жеке саласы ретінде қалыптасқанымен, алғашқы стихиялық фонологиялық сипаттамалар **көне мәдениет орталықтарында** туған, ал фонеманың алғашқы концепциялары XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында пайда болғаны мәлім. Сөз ағымының дискретизация проблемасы ең көне ескерткіштермен қатар өмірге келді.

Дыбыс пен әріптің бөлінуі тілдің дыбыс жүйесінің фонематикалық принципіне негізделген. Олар көне филологиялық зерттеулерде орын алған және тілдің фонетикалық болмысы ретінде лингвистика және лингвистика емес тұрғыдан ажыратылып қарастырылған.

Дыбыс пен әріптің ажыратылуы **көне араб** филологиясында қарастырылған және сол уақыттағы ғылымның үлкен жетістігі ретінде бағаланған. Араб ғалымдары жеке дыбыстардың артикуляция сипаттамасын жан - жақты және нақты көрсете алған.

Осымен байланысты назар аударатын нәрсе: **көне қытай** филологиясы үлкен жетістіктерімен ерекшеленеді, бірақ «дыбыс», «дыбысталу» иероглифтері қытай тілінің морфосиллабикалық спецификасын көрсетеді және олардың графикалық таңбаларға қатысы жоқ.

Үнді грамматика концепцияларында тұрақты инвариантық бірліктер ажыратылады. Олар бүгінгі күнгі фонема ұғымы мен оның вариантарына сәйкес келеді. Дыбыс бірліктерінің лингвистикалық дискреттілігінің қолданылуы санскриттік жазбаша формасында орын алады. **Көне үнді** тілші ғалымдары санскритті фонология тұрғысынан сипаттаған, ал кейінгі зерттеушілер бұл фонологиялық талдауды негізге алып, оның детальдарын нақтылап зерттеген. Көне үнді грамматикаларында төрт дыбыс белгіленген, оның екеуі дауысты, ал екеуі дауыссыз. Олар дистрибутивтік критерий негізінде түрлі позицияға байланысты екі-екіден жұпталған. Үнді тілшілерінен бөлек **грек ғалымдары** өзінің өзгеше концепциясын ұсынған, олардың пікірлері бойынша, тілде дискреттік бірліктердің саны әліпби әріптеріне сәйкес келіп, жеке дыбыс жүйесін құрайды. Әріп талдауының фонематикалық схемасының ең қарапайым түрін грек оқымыстысы Аристотельдің еңбектерінен табуға болады. Оның айтуынша, сөз бөлшектенбейтін дыбыстардан құралса, ал буындар мазмұны болмауымен ерекшеленеді.

Әріппен аталатын дыбыстардың мағына ажыратушы қызметі туралы мәліметтерді Исландияда XII ғасырдың ортасында жазылған белгісіз автордың алғашқы грамматикалық трактаттарынан кездестіруге болады. Мұрынды-ауыз және ұзын-қысқа дауыстылардың ерекшеліктері диакритикалық белгілер арқылы

ажыратылады. Дауыссыздар ұзын және қысқа болып бөлінеді. Сонымен, көне **исландия тілінің** вокализм мен консонантизм жүйесінде ұзын және қысқа дыбыстардың функционалды қызметі ажыратылғандығы байқалады.

Көне тілтанымдық еңбектердің авторлары әліпбиді құруда фонеманы дыбыстан ажыратып қарастырғаны байқалады. Әріп таңбалаудың негізінде болатын лингвистикалық ақиқатты олар материалдық ақиқаттан бөліп алған.

Тілдің даму барысында байқалатын өзгерістер жазу тілінде белгіленбеген. Жазу тілі қалыптасқан елдердегі әр кезеңде өтетін орфографиялық реформалар тілдің сол уақыттағы фонемалық құрамын жаңа әліпби арқылы көрсетуді көздеген. Жазу реформасын дайындауда лингвистикалық талдаулар негізге алынған. Сондай-ақ фонемалардың релеванттық сипаттамалары фонема-графикалық өзгерістеріне сүйенеді. Фонемалардың сегментация мен идентификациясы қазіргі фонологияда ана тілінің орфографиясымен байланыстылығын көрсетеді.

Енді фонологиялық мектептердің негізгі ұстанымдарымен танысайық.

Қазан ғылыми мектебінің фонемаға байланысты негізгі мәселелерінің бірі – ол фонеманың лингвистикалық маңызы мен материалдық маңызының өзара қатысы деуге болады. Фонеманың материалдық субстанциясы мен оның лингвистикалық болмысының айырмасы туралы алғашқы эксплициттік пікірді Бодуэн де Куртенэнің еңбектерінде кездестіреміз. Ол дыбысты фонация немесе ауызекі айтылатын бірлік ретінде тілдік, яғни лингвистикалық бірліктен мүлдем бөліп алып, оны дыбыстың психологиялық эквиваленті деп санаған. Бодуэннің бұл дыбыс пен фонеманы бөліп алып, бір синтагматикалық бірліктің екі параллельдік (физиологиялық және психологиялық) даму кезеңі ретінде қарауының ең маңызды сәті оның дыбысты үздіксіз өзгеріп тұратын, ал фонеманы өзгермейтін, тұрақты құбылыс ретінде беруі. Фонологияның жүйелік құрылымының бірінші факторы дыбыстардың сөздегі орны, яғни позициясы және дыбыстың лингвистикалық мағынасының бір-біріне қарсы қойылуы, лингвистикалық оппозиция.

Сонымен, «психология-физиология» антиномиясын «тұрақты, өзгермейтін - өзгеріп тұратын» дейтін «фонетикалық лингвистикалық – фонетикалық лингвистикалық емес» дихотомиясы үшін психологиялық негіз жасаған Бодуэннің өзі үшін фонема дыбыстық сөйлеу тіліндегі үздіксіз әрекетімен салыстырғанда қандайда бір өзгермейтін статистикалық құбылыс. Мұны қазіргі кездегі лингвистикадағы тіл мен сөйлеу сөз (язык и речь) арасындағы өзгешелікпен, яғни тұрақты статистикалық болмыс пен динамикалық болмыстың арасындағы айырмашылықпен барабар құбылыс деуге болады деп білеміз.

Прагалық структурализм мектебі XX ғасырдың 20-30 - жылдарында туып қалыптасқан. Бұл мектептің концепциялары лингвистика ғылымындағы түрлі бағыттардың структуралық және структуралық емес ағымдарына жан-жақты зор ықпал етті. Прага структурализм мектебінде ең алдымен парадигматикалық оппозиция әдістері басшылыққа алынды. Бұл мектеп фонема қасиеттерін анықтауға, фонеманың қағида-ережелерін айқындауға, мазмұн ажыратушы оппозициялардың логикалық классификациясын көрсетуге, фонологиялық дыбыс ажыратушы қарама-қарсылықтарды бір жүйеге келтіруге, фонема мен аллофондардың функцияларын зерттеу іліміне, бейтараптану (нейтрализация) және архифонема теориясына негізделген. Сондай-ақ Прага лингвистикалық мектебінің ғалымдары фонологияның жүйелілік оппозицияның, корреляцияның, нейтрализацияның

және басқа да фундаменталды ұғымдарын одан ары қарай түсіндіріп, фонология іліміне айқын сипаттама берген.

Прага мектебінің қабырғасын қалаған, оның басты өкілі Н.С.Трубецкойдың ғылыми табысы елеулі болды. Жалпы фонология ілімінің негізін салған Н.С.Трубецкой қазіргі уақытқа дейін маңызын жоғалтпаған «Фонология негіздері» деген үлкен еңбек жазды. Ғалым еңбегінде фонологиялық зерттеулердің әдіснамасының шеңбері жан-жақты айқындалып, осы күрделі теориялық проблема алғаш рет өзекті мәселе ретінде қойылды. Көлемді де бай Еуропа, Азия, Африка тілдерінің фактілік деректері зерттелді. Н.С.Трубецкой фонеманың негізгі мәнін көрсетуде, ең алдымен оның мағына ажыратушы қасиетін алға тартады. Фонема тілдің ең шағын фонологиялық бірлігі ретінде танылып, оппозиция теориясы ұсынылды. Фонологиялық оппозициялардың классификациялану негіздері төмендегідей берілді: 1) Белгіленген оппозицияның барлық оппозиция жүйесіне қатысты болуы. 2) Оппозиция мүшелерінің өзара қарым-қатынасы. 3) Олардың мазмұн ажыратушы күшінің көлемі. 4) Архифонема деген ұғым енгізілді (екі фонеманың бейтараптану позициясындағы мазмұн ажыратушы жиынтық). Н.С.Трубецкойдың фонологиялық ілімін прагалық лингвистикалық мектептің басқа да өкілдері дамытты, нақты айтқанда, Р.О.Якобсонның дихотомиялық фонологияға арналған еңбектерінде көрінді. Якобсонның фонеманы артикуляциялық жағынан емес, акустикалық тұрғыдан қарастыруы оның Трубецкойдан ерекшелігін көрсетті. Прагалық лингвистикалық мектептің өкілдері тарихи фонологияның жалпы принциптерін де зерттеген. Олар фонологиялық мәселелерге шетелдік, халықаралық ғалымдардың назарын аударып, фонологияға байланысты қызығушылығын қозғап, 1930 жылы халықаралық конференция өткізді. Онда белгілі ғалымдар (Ельмслев, Халле, Блумфильд) қатысты.

Американдық структурализм мектебі (дескриптивтік лингвистика) XX ғасырдың 40–50-жылдарында Блумфильд, Суодеш, Пайк, Хокетт еңбектерінде өрбіді. Дескриптивтік мектептің өкілдері фонемиканы фонологиядан бөліп алады. Олардың пікірінше, фонология фонемалардың функционалды жағын қарастырса, фонемика олардың тек топтастырылуын, классификациясын, инвентаризациясын зерттейді. Фонема сөз мағынасын түрлендіруші функционалды дыбыс ретінде түсіндіріледі. Дегенмен, американдық структурализмдегі фонологиялық талдаудың мазмұндық қатынастарын ескерсек, ол таза синтагматикаға негізделеді, басқаша айтқанда, фонема дыбыс ретінде танылып, синтагматика аясында ғана қарастырылады. Себебі тілдің материясы мазмұннан айырылып, формалды сипаттаудың қажеттілігі алға тартылады. Сөйлеу процесінің мағынамен байланыстылығы онша ескерілмейді. Сондықтан олардың ілімінде фонема мен дыбыс түбегейлі ажыратылмайды. Дескриптивтік ілімнің ерекшелігі, олар фонема мен дыбысты бөлмей бірге алып, олардың функционалды қасиетін материалдық қасиеттерінен ажыратпайды. Бұл мектептің іліміне байланысты бірнеше сұрақ туады: фонема синтагматикалық бірлік пе, әлде парадигматикалық бірлік пе? Фонеманың аллофонға қатысы қандай? Фонеманың фонологиялық мәні, сонымен бірге аллофонның тілдік фонологиялық жүйесіндегі рөлі неде?

Американдық структурализм мектебінің фонологиялық жетістіктері ретінде төмендегілерді айтуға болады: субституция әдісі, компоненттік талдау, тікелей құрамдық талдау (анализ по непосредственно составляющим).

Копенгагендік структурализм мектебі (глоссематика) XX ғасырдың 40-жылдарында Луи Ельмслевтің еңбектерінде көрініс тапқан. Бұл мектеп өкілдері гректің «глосса» (тіл) деген сөзі негізінде «глоссематиктер» деп аталды. Олар «фонология» терминімен бірге «фонематика» деген терминді де қолданады. Фонематика Ельмслевтің айтуынша, фонеманы тілдік элементтер ретінде қарастырады. Копенгагендік структурализм глоссематикасы бойынша, лингвистикалық талдау мәтіннен басталып, дедуктивтік (жалпыдан жалқыға қарай) тәсіл арқылы мәтіннің бөлшектеріне өтеді де әрі қарай бөлшектенбейтін элементтер «кенема» деген фонемаға бара-бар элементтермен бітеді. Олардың түсіндіруінше, глоссематикалық талдау - мәтін элементтерінің, «фигураларының» өзара формалдық қатынастарын ғана анықтап, мағыналық байланыстарын есепке алмау. «Кенема» деген глоссематикалық термин «фонема» деген белгілі терминге жартылай ғана сәйкес келеді. Себебі фонема материалдық субстанция болса, ал «кенема» деген одан тыс болып, тек глоссематикалық фигура дегендердің өзара қатынастарын ғана көрсетеді. Ал кенемаға материалдық субстанция үстелсе ғана ол «фонеманема» делінеді. Жалпы алғанда, глоссематиктер тіл элементтерін талдағанда оның құрылымдық формаларына ғана мән береді және тілдің құрылымын таза қарым-қатынастардың схемасы, кестесі деп түсінеді.

Генеративтік фонология трансформациялық грамматика аясында Н.Хомскийдің еңбектерінде XX ғасырдың 60-жылдарында туып қалыптасты. Генеративистердің жалпы тіл жүйесіндегі фонологиялық компоненті синтаксиспен тығыз байланысты. Генеративтік фонологияның басты қағидалары лингвистикалық талдаудың синтаксистік құрамын алға тартады, басқаша айтқанда, фонематикалық құрылымды түзуде сөйлемнен бастап, морфемаға ауысып, содан кейін барып фонемаға көшеді. Генеративтік фонология трансформациялық грамматикадан алынып, синтаксистік құрылымның тереңінен адамның санасында сақталатын тілдік ақиқат пен шындыққа сәйкес келеді.

Генеративтік фонология бойынша, фонология мен фонетиканың дихотомиясында тереңдік (глубинность) және тайыздық (поверхность) деген ұғымдар алға шығады. Соның нәтижесінде тереңде жататын фонологиялық құрылымның ерекшелігі ретінде фонемалар адам санасында сақталғандықтан көрінбейді. Адам санасында жатқан фонологиялық құрылымдар жарыққа шығып көріну үшін, яғни конкретті дыбыстарға айналу үшін олар ерекше транформациялық қағидаларға түсіп, солар арқылы ғана көрініс табуы қажет.

Мәскеу фонологиялық мектебі (МФМ) XX ғасырдың 20-жылдарының аяғында пайда болған. Бұл мектептің қабырғасын қалаушылар Р.И.Аванесов, П.С.Кузнецов, А.А.Реформатский, В.Н.Сидоровтар И.А.Бодуэн де Куртенэ мен Н.Ф.Яковлевтің идеяларын басшылыққа алған. МФМ өкілдері фонеманы морфологиялық тұрғыдан қарастырады. Түрлі дыбыстарды бір фонемаға жатқызу үшін дыбыстар үстеме бөліну жағдайында болып, фонетикалық позицияларға байланысты морфеманың бір жерінде орнығуы керек. Фонемада екі функция болады: перцептивтік – тілдің мазмұнды бірліктерінің сөз және морфеманың мағынасын ұқсастыруы және сигнификативтік – оларды ажыратуы. Морфологиялық критерийдің қолданылуы фонеманың перцептивтік функциясына негізделеді: ол сөйлеушілердің сөздерді және морфемаларды тануы, ұқсатуы. Сонымен

қатар әр контексте қолданылатын морфемалардың көрініс табуы фонемалық құрылымға негізделеді. Сигнификативтік функцияның морфологиялық критерийге негізделуі позициялық түрленіп тұрған дыбыстарды бір фонемаға жатқызуға болатындығында жатыр. МФМ өкілдері фонемалық позиция теориясын жете зерттеп, сөйлемде фонемалардың көрінісі мен қолданылуын анықтаған. Позициялар әлді және әлсіз болуы мүмкін. Әлді позицияда фонемалар өздерінің қызметін толық аңғартады да, әлсіз позицияда олардың қызметі бәсеңдейді. МФМ өкілдері гиперфонема деген ұғымды енгізген. Оған әлді позицияда кездеспейтін, тексерілмейтін фонемалар жатады. Мысалы: *с<о>бака, к<о>рова* деген сөздердегі **<а/о>** гиперфонема болып табылады. МФМ идеялары орфография, графика, алфавит, тарихи фонетика, транскрипцияларда орын алады. Фонемалардың позицияға байланысты түрленуі, олардың варианттарға жатуы және жоғары деңгейдегі мазмұндық бірліктерде көрініс табуы – тек фонологияда ғана емес, сөзжасамда, морфологияда, лексикада, синтаксисте, поэтикада қолданылады.

Ленинград фонологиялық мектебінің (ЛФМ) ғылыми негізін салған Л.В.Щерба және оның шәкірттері С.И.Бернштейн, Л.Р.Зиндер, М.И.Матусевич, Л.В.Бондарко. Ленинград фонологтары әлсіз позициядағы фонемалардың модификациялануын фонемалардың алмасуы деп есептейді. Сондықтан орыс тіліндегі фонемалардың саны ЛФМ-бі бойынша көбірек. МФМ-бі бойынша дауысты фонемалардың саны 5 болса (**[ы]** дыбысы **<и>** фонемасының вариациясы), ал Ленинград фонологтары **[ы]**-ны фонема жүйесіне қосып, дауысты фонемалардың санын 6-ға жеткізеді. Дауыссыз фонемалардың саны ЛФМ-бі бойынша 3 фонемаға көбірек, себебі Ленинград фонологтары тіл арты **<г>, <к>, <х>** дауыссыздарының жіңішке вариацияларын жеке фонемаларға жатқызады.

Сондай-ақ *žazsa* [žassa], *qobyzšy* [qobyššy], *közžasy* [köžžasy] деген сөздердегі **<z>** фонемасының **[s]**, **[š]**, **[ž]** варианттарын ЛФМ-нің принциптерін ұстанатын қазақ тілшілері жеке фонемалар деп есептейді де, ал олардың әртүрлі айтылуын дербес фонемалардың алмасуы деп біледі. Сонда *ža<z>u* деген сөзде бір фонема, ал [žassa], [saq] деген сөздерде басқа бір фонема, *qoby<z>dy* деген сөзде бір фонема, [qobyssy], [šal] деген сөздерде екінші фонема және [köžžasy] мен [žaz] деген сөздерде бір фонема *kö<z>di* деген сөзде басқа бір фонема деп есептейді. Орыс тіліндегі *во<д> [вот]* (ілік септігі, көптік жалғау) деген сөздердегі **[т]** дыбысы *во<т> [вот]* (мынау) деген сөздегі **[т]** дыбысымен дербес фонеманы құрайды да, ал *во<д>а* деген сөздегі **<д>** фонемасының орны бөлек.

Міне, МФМ-нің және ЛФМ-нің ұстанатын негізгі теориялық принциптерінің айырмашылықтары осында. Қазақ тіл білімінде Ә.Жүнісбеков ЛФМ-нің өкілі ретінде әлсіз позициядағы фонемалардың варианттарын жеке фонемалардың алмасуы деп біледі. Сонымен, әлсіз позицияны есепке алмай, әлді позициядағы 17 дауыссыз фонемалардың 66 үндесім дыбыстар құрамын көрсетеді. Сондықтан 66 дауыссыздарға 9 дауыстыны қосқанда 75 дыбыс болып шығады. Н.Уәлиевтің шәкірті З.Баданбекқызы МФМ-нің өкілі ретінде әлсіз позициядағы вариант, вариацияларды есептегенде, 26 фонеманың дыбыс қоры 150 айтылым бірліктерінен тұрады дейді. Сөйтіп, МФМ және ЛФМ-нің өкілдерінің бәрі фонемаларды өзінің реңктерінде өмір сүреді және адамның жадында болатын дыбыстың бейнесі – инвариант, негізгі реңк ретінде сақталып, аллофон, оттенок, вариант, вариацияларда көрініс табады.

Мәскеу және Ленинград фонологиялық мектептерінің ұстанымдары ортақ идеяларға негізделген. Айталық, фонеманың социалдық табиғаты, фонетика мен фонологияның байланысы, тілдік бірлік ретінде фонеманың функционалды қасиеті, әрбір тілдің өзіндік фонемалық жүйесі, оның тарихи өзгеріп тұратындығы т.б. Көтерілген мәселелердің бәрі екі мектептің де жалпы принциптеріне жатады. Бұл фонологиялық екі мектептің ұстанатын идеялары әмбебапты болып, түрлі тілдердің материалында дәлелденіп келеді.

ДИАХРОНДЫҚ ФОНОЛОГИЯНЫҢ ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

Ғасырлар өткен сайын тіл жүйесінде бірсыпыра өзгерістер байқалады. Сөз бен морфемалардың құрамындағы өгерістер (бір фонеманың орнына басқасын қолдану) жиірек ұшырайды. Ал дыбыс жүйесі ғасырлар түгіл мыңжылдарда да өзінің қалпын сақтайды. Фонологиялық жүйелердің қайта құру (реконструкция) үдерісінің нәтижесі ұзақ мерзім уақытында көрінеді. Алайда кейбір кейдейсоқ әсерлермен байланысты өзгерістер болса, олар фонетикалық заңдылықтарға қосылып отырады. Тіл тарихында кездескен дыбыс өзгерістері туыстас тілдердегі көне ескерткіштердің әр кезеңінен алынып, бір-бірімен салыстырылып қарастырылады.

Түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи зерттеуде бірінші болған полиглот көп тіл білетін, энциклопедист-ғалым Махмут Қашқари. Ол өз еңбегінің материалдарын өзі елді жаяу аралап жүріп жинаған. «Елмен сөйлесу үшін ғалым біраз тілдерді үйреніп алған. Елдің адамдары менің олардың тілін білетінімді көріп, ашылып, менің сұрақтарыма жауап беріп, білетін мақал-мәтелдерін, басқа да қызық әңгімелерін іркілмей айтатын болды» дейді. Ол өзінің «Дивани лұғат ат-түрк» деген түркі тілдерінің сөздігіне арнаған еңбегін XI ғасырда жазып шыққан. М.Қашқари жалпы түркі халықтары 20 шақты тайпадан тұрады және ол тайпалардың біреуі қыпшақ қауымы дейді. Қыпшақ тайпасының құрамына сіңісіп кеткен адамды «қыпшақланды» депті. М.Қашқари өз сөздігінде ата-тегі бір туысқан тілдерден алынған сөздердің генетикалық жақындықтарын және түркі халықтарының туыстығын білдіретін белгілі дыбыстардың алмасуын салыстырмалы түрде береді. Туысқан деп қыпшақтарға хақан түркілері – ұйғыр тілділерді, қыпшақ, оғыз тілдерінің тағы да соларға туыстығы бар тілдердің сөздерін жинап салыстырады. Оларға жақын туысқан деп қырғыз, оғыз, тухса, ягма, чығыл, чарук, татар, башқұрт т.б. келтіреді. Түркі тілдерінің ішіндегі ең оңайы оғыз тілі дейді. Әдеби тілі деп М.Қашқари ұйғыр тілін, яғни оның айтуынша, ол хакан түріктерінің тілі. Туысқан тілдерді жіктеудегі олардың жақындығын да, айырмашылығын да көрсететін белгісі деп бірінің орнына бірі жүретін төмендегі дыбыстарды келтіреді.

М.Қашқаридің түркі тайпаларының тіліндегі дыбыстық алмасулар туралы пікірлері бүгінгі түркі тілдерін зерттеуде, фонетикалық заңдылықтарды түсіндіруде атқаратын рөлі ерекше. Оның айтуынша, сөздегі **[t]** дыбысты оғыздар **[d]**-ға айналдырады, сондықтан түйені *tevej* десе, оғыздар *devej* дейді. Қыпшақтар тесікті *öt* десе, оғыздар *öd* дейді. Кейбір есім сөздерде қыпшақтар **[č]** (ч) дыбысын түсіріп айтады: *čumčuk – čumuk* (көк қарға). Сөздің қай позициясында келсе де

қыпшақтар [γ] дыбысын түсіріп айтады: *tamγaq- tama*, *bušyan- bušan* (ішек-қарын). М.Қашқаридың пікірі бойынша, сөйлеуге қолайсыз қосақталған дыбыстарды қысқартып тастау керек. Мысалы: үккіні үкі деп бір дыбысты қалдырып тастайды. Қазақтың *batyr* деген сөзі ескі түркі тіліндегі *bahadur* деген сөзден өзгеріп, қысқарып келген. Қыпшақ тілдерінде мынадай дыбыс алмасулар кездеседі: **[j]** || **[z]** - қарын *tozdy* – қарын *tojdy*; *qazyn*|| *qajyn* (ағаш); **[j]** || **[ž]** - *joq* || *žoq*; **[b]** || **[m]** – *ben* || *men*. Қыпшақ тілдеріндегі **[q]** дыбысы оғыз тілдерінде **[g]** дыбысына сәйкес келеді: *qap-qara, gap-gara, qaraul-garavul, qarayaš-garagatš, qaryndas-garyndaš, qatty-gatty, kezek-gezek, kerek-gerek* т.б.

Фонетикалық құбылыстар фонологиялық жүйеге терең әсер ететіні белгілі. Соның нәтижесінде фонемалардың саны өзгеріп, не көбейіп, не азайып тұрады. Тілдің дыбыс жүйесінде бір фонемадан екі фонема бөлінеді, екі фонема бір фонемаға айналады, фонемалық тіркес монофтонгизацияның арқасында монофонемаға ауысады. Бір фонеманың екіге бөлінуі – фонема аллофондарының фонологизациялануымен байланысты. Басқаша айтқанда аллофондардың айырмашылығы фонеманың қасиетін алып, оның айырым белгілерінің негізінде фонологиялық оппозиция құрап, бір-біріне қарама-қарсы қойылады. Бұл үдерістің бірнеше фонемаға қатысы болса, фонологиялық корреляция орын алады.

Түбі бір түркі тілдерінің сегментті және суперсегментті фонологиясында айырмашылықтарынан гөрі ұқсастықтары көп. Олардың даму, қалыптасу заңдылықтары да ортақ, сондықтан қазіргі қазақ тілі фонологиялық жүйесінің даму жолдарын туыс түркі тілдерінен бөлек қарастыруға болмайды. Фонология тіл білімінің негізгі саласы, оның базасы болғандықтан, тіл білімінің басты ұғымдары: қарама-қарсы қою (оппозиция) теориясы, айырым белгілер теориясы, корреляция теориясы, инвариант-вариант теориясы, компоненттік анализ т.б. фонологиядан тараған. Түркі фонологиясының жалпы құбылыстарын, ортақ заңдылықтарын, толық концепциясын білу үшін тарихи ізденістер жүргізу қажет. Тілдің дыбыстық үздіксіз өзгерістерінің заңдылықтарын ашу үшін және оның адамның еңбегінің, қоғамдық үздіксіз әрекетінің нәтижесіне тығыз байланыстылығын айқындау үшін оның фонематикалық құрылымының дамуын зерттеу маңызды болып табылады.

Қазақ және түркі тілдеріндегі дыбыстық өзгерістер тілдің жалғамалық құрылысымен, үндестік заңы, дыбыстардың дивергенция мен конвергенция, фонологизация тағы басқа да дыбыстық құбылыстарымен қарастырылуы тиіс. Құнды нәтижелерге жету үшін туыстас түркі тілдерінің генеологиялық классификациясының негізінде олардың фонологиялық жүйелерін синхрондық және диахрондық аспектіде зерттеу керек. Салыстырмалы тарихи және типологиялық әдістердің негізінде туыстас түркі тілдерінің жақындық дәрежесі мен айырмашылықтары, ортақ белгілері мен айырым белгілері анықталады.

Ең алдымен түркі тілдерінің генеологиялық жақындығы ескеріліп, қазақ тілінің фонологиялық жүйесі қыпшақ тобына кіретін қарақалпақ, татар, башқұрт тілдерінің фонема жүйелерімен қатар зерттелгенде, фонема теориясының түркі тілдеріндегі көрінісі, фонемалардың бір-бірімен тіркесуі, сөз бен морфемалардың құрамына енуі, олардың үйлесуі мен реттелуі анықталады. Вокализм мен консонантизм жүйелеріне енетін фонемалардың айырым белгілері түркі тілдерінің материалында салыстырмалы түрде қарастырылғанда, туыстас түркі тілдерінің фонологиялық жүйелерін бір-бірімен салыстырудың негізінде, олардың ұқсастығы мен ерекшеліктері анықталады, соның нәтижесінде фонетикалық жүйелердің

тарихи даму кезеңдері белгіленіп, фонемалардың пайда болу және қалыптасу жолдары сипатталады. Фонемалардың позицияға байланысты ажыратылуы олардың айырым белгілеріне негізделген. Оппозиция құрайтын фонемалардың біркелкілігі олардың синонимиясында көрінеді. Кейбір ерекшеліктер фонологиялық оппозициясының негізін қаласа, олардың қарсы өзгешеліктері антонимия негізін құрайды.

Сонымен, туыстас түркі тілдерінің вокализм мен консонантизм жүйелерін бірбірімен салыстырыла отырып, олардың ұқсастығы мен ерекшеліктері анықталады және соның нәтижесінде фонетикалық жүйелердің тарихи даму кезеңдерін белгілеуге болады. Туыстас тілдердің фонетика-фонологиялық заңдылықтарын, құбылыстарын анықтау үшін жазба ескерткіштерімен бірге олардың синхрондық кезеңі де зерттелуі тиіс. Фонемалар морфемалардың, сөздердің, грамматикалық тұлғалардың материалдық негізі болып саналатынын ескеріп, түркі тілдерінің фонетика-фонологиялық процестерін, құбылыстарын сипаттап, тіл білімінің әлі қарастырылмаған күрделі проблемаларымен шұғылдануға болады. Тарихи фонология, тарихи грамматика, лексикология, этимология мәселелерімен айналысуға жол ашылады.

Түркі тілдерінің фонологиялық құрылымын тарихи-салыстырмалы, типологиялық зерттеу ең алғаш В.Радловтың, оның шәкірттерінің – Москва, Ленинградтағы В.А.Богородицкий, Н.К.Дмитриев, А.М.Щербактардың еңбектерінен басталған. Түркі тілдерінің фонологиясын оның сөздерінің агглютинативтік құрылымымен байланыстыра зерттелуі керектігін И.А.Бодуэн де Куртенэ мен Е.Д.Поливановтар өз еңбектерінде айтады және фонологияның жүйелік құрылымының, ярустарын, фонеманың ол жүйедегі орнын анықтау қолға алынады.

Қазақ тілі тарихи фонетикасының дыбыс құбылыстарын анықтау үшін ең алдымен туыстас түркі тілдерінің және қосымша туыстас емес тілдердің материалдарын ұқыптылықпен қарастыру керек. Түркі тілдерін зерттеген салыстырмалы-тарихи әдістің негізгі шарты оны сол тілде сөйлеушілердің өмірі мен тарихи дамуына байланыстыра қарастыру. Салыстырмалы-тарихи әдістің басқа әдістерден тағы бір артықшылығы оның генеологиялық не тарихи туыстығы бар тілдердің материалдарын салыстыруы. Түркі халықтары туралы алғашқы деректер біздің заманнан бұрынғы III ғасырларда басталып, біздің заманның XI-XV-XVII ғасырларында орныға бастаған. Ертедегі түркі тайпаларының тілінің дамуы, өзгеруі ол тілдерде сөйлейтін топтардың тарихымен байланысты болса, ол тайпалар туыс түркі тілінде сөйлемейтін бөтен тайпалармен де араласуы, қатынасуы мүмкін, кейін олардан ажырауы мүмкін.

Ғалымдар түркі тілдерін зерттеуде екі түрлі әдіс – индуктивтік және дедуктивтік әдістерді қатар қолданудың нәтижелі болатынын байқаған. Сондықтан индуктивтік, яғни туысқан түркі тілдерінен мұқиятпен жиналған деректерін сараптан өткізіп, ол материалдарды дедуктивтік әдіс, яғни синтез арқылы өткізіп, жаңағы тілдік деректердің дамуының бағытын, бет алысын аңдап байқаған. Демек, салыстырмалы-тарихи әдіс туыстық қарым-қатынасы бар бір топ, бір семья құрамына енетін тілдердің материалдарына негізделгенде нәтиже беретіндігіне көздері жеткен.

Тілдерді салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы зерттеуде оның міндетті түрде орындалатын шарттары болған. Олар тілдердің туыстық жақындығының хронологиясын сақтау керек, ең жақын тілдерден сатылап, алыстап, ертедегі тілдерге

қарай жылжып, шартты түрде ол тілде сөйлеушілердің тарихи дамуымен, олардың кейде жақындарымен, кейде өзгелермен араласу, айырылысу процестерін түсініп, оны да ескеру сияқты жағдайлармен санасуға тура келген.

Түркі тілдеріндегі фонологиялық жүйелердің дамуы мен қалыптасуының себептері, сондай-ақ фонемалардың интеграция мен дифференциация процестері, дыбыстардың дербес фонемаларға ауысу жолдарын, диахрондық фонология тұрғысынан қарастырғанда құнды нәтижелерге жетуге болады. Барлық тілдерге тән жалпы фонологияның әмбебап құбылыстарын, дивергенция-конвергенция үдерістерін, түркі тілдерінде көрінетін үндестік заңымен, тілдің жалғамалы қасиетін қыпшақ, оғыз, қарлұқ топтарына кіретін тілдердің материалы бойынша сипаттауға болады. XX ғасырдың 30-жылдарында диахрондық фонология пайда болды. Оның фонологиялық принциптері тарихи фонетикада жүйелі талдау тұрғысынан қарастырылды. Диахрондық фонологияның дамуына Р.Якобсонның, Е.Д.Поливановтың және А.Мартиненың жұмыстары ықпалын тигізді. Диахрондық фонология салыстырмалы-тарихи тіл білімінің фонетикалық құбылыстар концепциясына сүйене отырып дамыған. Оның нәтижелері классикалық фонетикалық заңдылықтардың құбылыстары мен процестеріне негізделген. 1818 жылы дат тілшісі Расмуск Раск дыбыс өзгерістерінің құбылыстарын зерттеп, сипаттап берген болатын. Расктың бұл сипаттаған дыбыс құбылыстары кейін дауыссыздардың *алға ілгерілеу заңы* деп аталды. Ал неміс тілшісі Якоб Гримм герман тілдерінің материалдарына негізделген Расктың дауыссыздардың алға ілгерілеу үрдісі туралы қағидасын құптай отырып, ежелгі шұғыл [**bh, dh, gh**]-лар герман [**в, d, g**]-сына ауысқанын және [**p, t, k**]-лер [**f, th, h**]-ларға ауысқанын көрсетіп дәлелдейді. Кез келген тілдің қазіргі тарихы Раск -Гриммның фонетикалық заңдылығына сүйенеді деген болжам бар. Себебі дыбыс құбылыстарының тұрақты жүйелілігі мен олардың өзгеруі сол тілдердегі сөздердің дыбыстарының орнының өзгеруіне тәуелді болатын сияқты.

1820 жылы А.Х.Востоков славян тілдерінің дыбыстарына арналған мақаласын жариялады. Бұл жұмыста мұрынды дауыстылары сақталған поляк тілінің түбірлері мен грамматикалық формалары ескі славян тілдеріндегі фактілермен салыстырыла қарастырылған. Ескі славян тілдеріне сипаттама бере отырып, олардағы көмескіленген, әлсіреген мұрынды, үлкен және кішкене юс деп аталатын дыбыстарының маңызын түсіндіреді. Сонымен байланысты тіл арты [**г, к, х**] дауыссыздары тіл алды дауыстыларымен қолданбайтыны және аффрикаттардың да тіл арты дауыстыларымен үйлеспейтіні дәлелденеді. Востоковтың реконструкция әдісі жазба ескерткіштерде сақталмаған ескі дыбыстар туралы пайымдамалары кейіннен әлемдік тіл біліміне ықпалын тигізген.

Қазіргі қазақ тіл білімі тұрғысынан қарасақ, <**q**>, <**ɣ**> дауыссыз фонемаларының [**k**], [**g**] варианттары тілдің кейін қарай тартылуы арқылы жасалған жуан дауыстылармен бірге қолданбайтынын көреміз. Сингармонизм заңы бойынша, <**q**>, <**ɣ**>-лар ғана тіл арты дауыстыларымен қолданылады. Қазақ тілінде Ахмет Байтұрсыновтың [**k**], [**g**] жіңішке дыбыстармен келген сөздердің бірыңғай жіңішке айту керектігін көрсететін *дәйекші* деген таңбаны қолданғаны бекер емес.

XIX ғасырдың аяғында пайда болған аспапты фонетиканың алғашқы жетістіктері фонологияның тууына себепші болды. Әртүрлі вариантта іске асырылатын дербес бірлік ретінде фонема деген ұғым туды. Фонеманың мазмұны фонетика жүйесіндегі алатын орны мен атқаратын рөлі басқа тіл элементтеріне

қатыстылығымен айқындалады. XIX ғасырдың тарихи фонетикасы жеке дыбыстардың өзгеруін сипаттаумен ғана шектелген. Тарихи фонетиканың орнына келген диахрондық фонология әр дыбыстың өзгеру құбылыстарын бөлек-бөлек алмай, оларды басқа дыбыстармен байланыстыра отырып, олардың бүкіл фонетикалық жүйесін бірге зерттеген. Фонологтардың назарларында фонологияның ең өзегі тілдің жүйелілігі мен оның бір тілдің белгілі бір уақыттағы жағдайымен байланыстылығы.

Диахрондық фонологияның басты ұстанымы тілді зерттеуде дыбыстардың өзгерісін жүйелілік, салыстырмалы, ішкі себеп-салдар, құрылымдық факторларға негізделген. Сондай-ақ зерттеушілердің назарын сыртқы белгілерден, яғни жеке-жеке дыбыстардың өзгеруінен, дамуынан олардың бүкіл жүйенің ішінде, басқа элементтермен тығыз себеп-салдар байланысында, өзара динамикалық әрекеттікті, құрылымдық, комплекстік диахронияны енгізу аясына аударады. Тілдің барлық объектілерін өзара себеп-салдар арқылы байланысты бір жүйе ішінде қарастырып, әр уақытта олардың өзгеруінің эволюциясының ішкі қозғаушысын, оның себебін ашуға тырысады. Фонологиялық жүйенің эволюциясы жайындағы ғылым – тарихи ғылым. Эволюция процесіне түсетін кез келген объектінің күмәнсіз шарты – ол бұлжымайтын, тоқтамай алға жылжитын қозғалыста болатын уақыт. Ол уақыт жалпыға ортақ әлемдік өзгерістің, өсудің қозғаушысы; кез келген объектінің өсіп-өзгеріп, бір жағдайдан екінші жағдайға көшуінің, яғни оның эволюциясының серігі, себеп-салдары. Негізінде диахрондық фонологияның мақсаты дыбыстардың фонема деңгейіне дейін көтерілген жолы мен даму кезеңдерін анықтап, фонетикалық жүйелердің даму себептерін түсіндіру болып табылады, басқаша айтқанда, дыбысты бүтін жүйемен бірге, сол жүйенің ішіндегі эволюциялық құбылысқа ортақ, соның бір бөлінбейтін элементі ретінде қарастыруы. Сондай-ақ тілдегі өзгерістер фонологиялық жүйелердің бір-біріне байланысты элементтерінің жиынтығы ретінде зерттелуі керек.

Демек, диахрондық фонологияның негізгі ұстанымдары жүйелілікпен, тарихи себеп-салдарды түсіндіруімен ерекшеленеді және дыбыстардың қалыптасу жолын бірнеше кезең аралығында қарастырылуы, олардың даму тарихын көрсетеді. Диахрондық фонологияда туыстас тілдердің бір синхронды кесік (срез) уақытта алынған фактілері салыстырыла қарастырылады.

Танымал түркітанушы С.Е.Маловтың зерттеуінде түркі тілдері төрт топқа жіктеледі:

1) ең ескі түркі тілдері (бұлғар, сары ұйғыр, чуваш, якут тілдері);

2) ескі түркі тілдері (орхон-енисей жазба нұсқаларының тілі, ескі ұйғыр тілі, хакас, шор және тувин тілдері);

3) жаңа түркі тілдері (әзірбайжан, гагауз, өзбек, түркмен т.б. тілдер);

4) ең жаңа түркі тілдері (қазақ, қарақалпақ, ноғай, құмық, татар, башқұрт, қырғыз, алтай т.б.)

Соңғы кезде қазақ түркітанушылары қазақ тілін ең жаңа түркі тілдеріне қосқанына күмәнданады. Алайда өте көне болып табылатын тілдердің «көнелілігі олардың жаңалығы арқылы анықталады» дейді Малов. Қалай болса да бұл классификация тілдің әр тобын бір синхрондық кесік ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, жаңа түркі (3) тілдерінің фактілерін бір синхрондық кесік деп алсақ, онымен алысырақ дәуірдегі туыстас тілдердің фактілері салыстырылады. Осы жолмен тектес, туыс тілдердің шежіресіне сүйенген деректер негізінде ататілін

(праязык) реконструкциялап, қайта түзуге болады. Әсіресе, жазба ескерткіштері сақталмаған тілдердің фонетикалық құбылыстарының тарихын сипаттаудың бірден-бір мүмкіндігі олардың синхрондық кесігін зерттеп талдау. Тарихи фонологияда бұл концепцияның құндылығы – оның фонетикалық құбылыстарды зерттеудегі **жүйелілік принципке** сүйенуі. Жазба ескерткіштері сақталмаған тілдерде реконструкция тәсілдерін кеңінен қолдану, көне түркі тіліндегі вокализм мен консонантизмнің қалпын анықтауға мүмкіндік береді. Фонема жүйесінің эволюциясын сипаттап беру – дыбыстардың қалыптасу процесін кезең-кезеңге бөліп, фонетика-фонологиялық құбылыстардың негізінде қалыптасқан аллофондардың фонема деңгейіне дейін көтерілген жолдарын көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен, қазіргі қазақ тілінің материалын жан-жақты зерттеу үшін, түркі тілдерінің тарихи деректерімен реттеп, әр қырынан қарастырып, салыстырмалы-тарихи әдістің табысын толық түрде пайдалануға болады. Түркі ататілінен келе жатқан дыбыстардың **фонологизациялану процесі** интеграция-дифференциация құбылыстарының негізінде көрініс табатыны белгілі. Ататілінің фонетикалық жүйесін түзу үшін – бір тілдің **синхронды кесігін** немесе бірнеше туыстас, тектес тілдердің әртүрлі синхрондық кесіктерін зерттеп сипаттау керек. Осы жолмен қазіргі түркі тілдерінің белгілі фонологиялық құрылымдарына сүйене отырып, ретроспекция арқылы жалпы түркі тілдерінің ататілдік моделін құруға болар еді.

Мұндай зерттеулерде **салыстырмалы, типологиялық** және **ареалды** әдістер қолданылады. Диахрондық фонологияда тек туыстас тілдердің деректері ғана емес, сонымен бірге туыстас емес тілдердің де фактілері алынып, әр тілдің типологиялық ерекшеліктеріне және әмбебап қасиеттеріне сүйене отырып, тілдердің тарихын және ататілін түзуге болатын сияқты.

Диахрондық фонология салыстырмалы-тарихи тіл білімінің фонетикалық құбылыстар концепциясына сүйене отырып дамыған. Диахрондық фонологияның мәселелері тарихи фонетиканың заңдылықтарына байланысты жүзеге асып, фонетикалық өзгерістер фонологиялық өзгерістерді тудырып қана қоймай оның негізгі шарты болуы мүмкін. Тарихи фонологияның қалыптасуы Р.О.Якобсонның атымен байланысты екендігі мәлім. Р.О.Якобсон 1927 жылы синхронды және диахронды лингвистика зерттеулерінің басын қосып, тілдің тарихи фонологиясы мен оның фонетикалық жүйесінің тарихын бірге қарастыра бастады.

Р.О.Якобсон младограмматиктердің жеке атомарлық (бөлшектенген) әдісін қолдамай, тілдің құбылыстарын жүйелі түрде интеграциялы тәсілмен зерттеуді басшылыққа алады. Ғалым дыбыс құбылыстарының жалпы формуласын ұсынады: **А : В > А1 : В2**, сонда **А : В** – алдыңғы фонетикалық жүйенің фонологиялық оппозициясы, ал **А1 : В2** – фонетикалық жүйенің кейінгі фонологиялық оппозициясы. Егерде тілдің алдыңғы қалпындағы фонологиялық оппозициясы болмаса, онда фонологизация деген құбылыс орын алады: **А = В > А1 : В2**. Егерде тілдің алдыңғы қалпында фонологиялық оппозициясы болса, онда дефонологизация құбылысы орын алады: **А : В > А1 = В2.**

Р.О.Якобсонның теориясы түркітанушы Е.Д.Поливановтың конвергентті-дивергентті теориясымен үйлеседі. Дыбыстардың өзгеріп дамуына байланысты, Е.Д.Поливанов өзінің дивергентті теориясын ұсынады: **а < в -- : -- с**, сонда **а**, **в** мен **с** - ға бөлінеді. Бұл жерде ол дивергенция конвергенцияға қарама-қарсы құбылыс ретінде қарастырылды: **а -- : -- в < с**, сонда **а** мен **в**, **с** - ға айналады. Сонымен, әр тілдің фонетикалық жүйесінің тарихы конвергентті-дивергентті құбылыстарға

тіреледі және дыбыстардың фонологизация процесі тілдің дамуында орын алатын ежелгі құбылыс екендігі дәлелденеді.

Белгілі француз тілшісі Андре Мартине дыбыстардың жүйелілік өзгерістеріне үлкен мән береді [*Martinet*, 1955]. Ғалым «Фонетикалық құбылыстардың үнемдеу принципі» деген еңбегінде сөз ағымында тілдегі жеке элементтің тағдыры қасындағы дыбысқа ғана тәуелді емес, бүкіл тіл жүйесіндегі барлық элементтерге тәуелді болады деп есептейді. Нақтырақ айтқанда, тілдің жалпы парадигматикалық жүйесін алға тартады: тілдің фонемаларын коррелятивтік сериялар мен реттерге біріктіреді. Мұнда фонемалардың айырым белгілерінің **үнемдеу принципі** ескеріледі. Барлық тілдердің де фонологиялық жүйесіндегі элементтері бір-бірімен байланыста болады. Қандай фонема болса да, ол басқа фонемалармен тығыз байланысты болуы керек, себебі өздері жеке өмір сүре алмайды. Әр уақытта екі фонема бір-бірімен фонологиялық оппозицияда тұрады. Бір айырым белгіге негізделген оппозиция жеке коррелятивтік кіші жүйені (подсистеманы) құрайды. Корреляцияға теңдік және айырымдық қатынаста тұратын элементтер кіреді. Айырым белгілерге негізделген фонологиялық оппозициялар олардың элементтерінің қасиеттерімен бір корреляцияға бірігеді.

Мысалы, қазақ тіліндегі **<d>**, **<t>** фонемаларын біріктіретін қасиеттер – екеуі де тіл алды болуы. Олар ұяң-қатаң болып бір оппозицияға кіреді. Осы айырым белгісіне негізделген фонологиялық оппозициялар: **<b>** ~ **<p>**; **<ž>** ~ **<š>** және **<z>** ~ **<s>** тағы да осындай коррелятивтік жұптарды құрап тұр. Оппозиция мүшелерінің ұқсастығы – басқа мүшелердің айырмашылығы болып табылады. Аталған фонологиялық коррелятивтік жұптардың жалпы қасиеті фонемалардың ұяң-қатаң болуында.

Ескі түркі тілдерінде сөз ортасында ұяң дыбыстарға қарағанда көбінесе қатаң дыбыстар жиі қолданылған, яғни ұяң **<d>** фонемасының орнына қатаң **<t>**, ал ұяң **<γ>** фонемасының орнына қатаң **<q>** қолданылған. Мысалы: ескі түрікше – *alty,* қазақша – *aldy; barty - bardy; jolta – žolda; wonta – wonda; bertim – berdim; jirinte – žerinde; körtim – kördim; müräntük – murundyq; toquz – toyyz; saqyntym – saγyndym; kelti - keldi* т.б.

Түркітанушылардың айтуынша, ататүрік тілінде дыбыстардың ұяң-қатаң қасиеттеріне негізделген фонологиялық корреляция болмаған. Оның пайда болуы қатаң дыбыстардың позициялық ұяңдауымен байланыстырылады. Консонантизмнің күрделенуі негізгі фонемалардың ұяң аллофондарының фонологизациялануына және туыстас емес көршілес тілдерден келген кірме лексика, терминология жүйесінің дамуына қатысты болады. Қазақ тілінде анлаут позициясында **<t>** фонемасы басқа түркі тілдерінде **<d>** фонемасына сәйкес келеді. Мысалы, қазақша *tal*, түрікше *dal*, қазақша *talaq*, түрікменше *dalaq*, қазақша *tagy*, түрікменше *dahi* т.б.

Қатаң дыбыстардың ұяңдау процесі сөздің барлық позицияларында кездесетін құбылыс. Сөздің басында қатаң дыбыстардың айтылуы түркі тілдері тарихындағы өте ескі, ежелгі құбылыс және ұяң-қатаң дауыссыздар бір ғана **<r>** – архифонемасына ие болып, оның әр кезеңдегі көріністері болып саналған. Түркітанушылардың пікірлеріне сүйенсек, **[j] (й)** дыбысы ертеден қолданылып келе жатқан дыбыс.

Ғ.Мұсабаев түркі тілдерінің көпшілігінде **[j]** (й)-ден басталатын сөздер қазақ тілінде **[ž]** (ж) дыбысына сәйкес келеді, **[d]** (д), **[j]** (й), **[ž]** (ж) дыбыстарының тарихы арыдан басталатын көрінеді деп, мына кестені ұсынады [*Мұсабаев*, 1988]:

қазақша	татарша	башқұртша	өзбекше	қырғызша	қарақалпақша	ойратша
жұмсақ	йомшақ	йомшақ	юмшоқ	жұмсақ	жұмсақ	дыымжақ
жүк	йоқ	йек	юк	жүк	жүк	дьүк
жас	йәш	йәш	еш	жаш	жас	дьаш
жіп	еп	еп	ип	жип	жип	дьип
жайлау	жәйләу	йөйлеу	яйлоу	жайлоо	жайлау	дьайлау

Түркітанушылардың тұжырымдары бойынша, сөздің басында мынадай сәйкестік болған: **[j] - [dž] - [ž] - [t] - [d] - [th] - [š] - [s] - [z]**, яғни көрсетілген дыбыстардың архетипі **[j]** (й) дыбысы болған. Алайда қазіргі қазақ тіліндегі сөз ортасында, соңында айтылатын дауыссыз **[j]** дыбысының тағы бір ізін көруге болады. Ескі түркі тіліндегі **[d]** дыбысымен айтылған *edguw, adyy, idi* сөздері қазақ тілінде *ijgi, ajuw, ije* түрінде айтылып дыбысталады. Сөздің инлаут позициясындағы қатаң дауыссыздардың ұяңдану процесімен бірге ауслаут позициясында да дауыссыз ұяңдардың қатаңдану процесі кездеседі. Түркі тілдерін классификациялаудың тарихи кезеңдеріне жүгінсек, ұяңдардың қатаңдау процесі басқа синхрондық кезеңде орын алған. Орхон-енисей тілдерінің сөз аяғында келетін **[γ, g]** ұяңдары қазақ тілінде **[q, k]** дыбыстарына ауысқан. Мысалы: орхон-енисейде – *ajlug*; қазақша – *ajlyq*. Сондай-ақ, *bašluγ – bastyq; topraγ – topyraq; salug – salyq; qorluγ – qorlyq; quduγ – qudyq; tileg – tilek; ölüg – ölik; keg – kek* т.б.

Еуропа тілдерінде де ұяң дауыссыздардың қатаңдау процесі байқалады. Неміс және дат тілдерінде эволюция процесінің негізінде ұяң дауыссыздардың қатаң дауыссыздарға ауысып отырғанын көруге болады. Айталық, ұяң **[b, d, g]** дыбыстары қатаң **[p, t, k]**-ларға ауысқан.

Сөздің анлаут позициясында ұяң дауыссыздардың қатаң дауыссыздарға ауысқаны да заңды фонетикалық құбылыс. Сондай-ақ тіл жүйесінде фонемааралық алмасулар бола береді **[d/t]**. Ал **[g]** (друга) фонемасының **[ž]** (дружить, дружба) және **[z]** (друзья) ауысқаны тарихи дәстүрлі фонетикалық заңдылықтарға жатады.

Алайда қолданылу ерекшелігіне қарай орын таңдайтын дыбыстар бар да, орын таңдамайтын дыбыстар бар. Ә.Құрышжановтың пікірінше, соңғы топқа **[j, k, q, m, s, t, č]** дыбыстары жатады. Орын таңдайтын дыбыстардың жиі қолданылатын жері, сирек қолданылатын жері және тіпті, қолданылмайтын жері де болады. Сөз басында жиі қолданылатын дыбыс **[b]**; сирек қолданылатындар – **[g, z, l, ŋ]**. Сөз ортасында жиі айтылатын дыбыстар – **[γ, g, d, z, l, n, r, š]**; сирек айтылатын дыбыс – **ŋ**; айтылмайтын дыбыс – **[ž]**. Сөз соңында жиі кездесетін дыбыстар – **[z, l, n, ŋ, r, š]**; сирек ұшырайтын дыбыс – **[γ]**; кездеспейтін дыбыстар – **[g, d, ž]**. Дауыссыз дыбыстардың өзара тигізетін әсеріне байланысты мынаны айтуға болады: ең көп алмасатын дыбыстар – **[γ, g, v, j, w, h (x), k, q; h (x) / q, γ, g; k/g, h(x); γ, v/j, w]**. Сирек алмасатын дыбыстар – **[b/p, d/m, n/ŋ, ŋ/γ]**. Бұлардың тарихи тұрғыдан (яғни диахрондық заңдылық негізінде) алмасуы бар да **[γ, g/v, j, w; v/j, w, ŋ/γ]**, өзара қатар келгенде әрқайсысының заңдылықтарына байланысты (яғни тілдің синхрондық заңдылығына орай) алмасу бар **[γ, g/h; h/q]** [*Құрышжанұлы*, 2011, 183 б.]

Көне түркі тілдеріндегі фонетикалық ерекшеліктердің бірі – сөздің аяғы мен ішінде көбіне тіл арты **[γ]** дыбысының келуі. Көне түркі тілдеріндегі сөз ішінде келетін **[γ]** дыбысының орнына қазақ тілінде көбіне **[w]** дыбысы қолданылады.

Мысалы: орхон-енисейде – *jalaγ*, қазақ тілінде – *žajlaw*. Сондай-ақ, *aduγ – ajuw; azuγ – azuw; otaγ – otaw; bozaγ – buzaw; baγ – baw; saγ – saw; taγ - taw; ayruγ – awruw; aylaq – awlaq; sayysqan – sawysqan* т.б. Бұл көне түркі тілінің тіл арты **[γ]** ұяң дауыссызының қазақ тіліндегі ілгерінді артикуляциялы дыбыстарына ауысқанын көрсетеді.

Мұндай құбылыстар еуропа тілдерінде де кездеседі. Нақты айтқанда, жоғарыда келтірілген Расмуск Расктың герман тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың ілгерілеу процесі деген белгілі заңына сәйкес келеді.

«Кодек куманикус» қолжазбаларын зерттеген түркітанушы Ә.Құрышжановтың пікірі бойынша, қыпшақ тіліндегі дауыссыз дыбыстарды қолтума дыбыстар және ауысып келген дыбыстар деп екі топқа бөлуге болады. Соңғы топқа **[f]** мен **[h]** дыбысы жатады, басқалары бірінші топқа кіреді. Тарихи жасалу тегіне қарай кейбір дыбыстар (мысалы, **[v], [w], [d], [j], [ž]**) «екінші қатардағы» («вторичные») дауыссыздар, яғни жасалу тегі жағынан бұрынғы бір ескі дыбыстар негізінде пайда болған дауыссыздар болып танылады. Мысалы, ескі жазу нұсқаларында **[γ], [g]** – қыпшақ тілінде **[v, w, j]**; немесе, орхон-енисей ескерткіштерінде **[t]** қыпшақ тілінде **[d]**, ескі тілдердегі **[d]** қыпшақ тілінде **[j]**, сол сияқты көне **[j]** мұнда **[ž]** болып өзгерген: *sag-saw||sav (cay)*, *tegin-dejin (дейін)*, *küdegü-küjeü (күйеу)*, *jyltyryn-žyltyryn* (*шыны*). Ескі жазбаларда *ben, baryb* формалары қыпшақ нұсқаларында *men, baryp*. Демек, қыпшақ тіліндегі **[m]** мен **[p]** дыбыстары бұрынғы тілдерде қолданылған **[b]** дыбысының орнында жұмсалып тұр. Сондай-ақ ескі түркі тілдеріндегі **[d]** қыпшақ тілінде j дыбысына айналған: *odaq-ajaq (аяқ), küdegü-küjegü-küjevü (күйеуі)*. Қыпшақ тілінде **[d]** дыбысының орнына **[j]** қолдануы тұрақты фонетикалық заңдылыққа айналғандықтан, ол бөтен тілден енген сөздерді де қамтитын болған: парсыша *badam* – қыпшақша *bajam* (жеміс аты), парсыша *kethoda* – қыпшақша *kethoja* (староста) [*Құрышжанұлы*, 2011, 182 б.].

Әр тілдің даму тарихында өзіне тән фонетикалық заңдылықтары бар. Алайда дыбыстардың бір-біріне ауысуы типологиялық дыбыс өзгерістеріне жатады. Орыс тіліндегі **<к>** мен **<ч>**; **<г>** мен **<ж>**; **<х>** мен **<ш>** жеке фонемалар, бірақ бұл фонемалар өзара алмаса алады: *лук-луч; гнет-жнет; храм-шрам*; және салыстырыңыз: *рука-ручка; нога-ножка; муха-мушка; мука-мучить; много-множить; сухой-сушить; влеку-влечет; могу-может т.б.*

Бұл жерде байқалғандай, фонемалардың өзара алмасуында тіл арты ызың дауыссыздардан кейін тіл алды дауысты **[и]** *мучить, множить, сушить*, **[е]** *может* немесе тіл алды екпінді дауыстыдан пайда болатынын **о** *влечет, стрижет* келеді. Ал **[к, г, х]** - лар тіл арты дауыстылардың алдында жүреді: *муха, влеку, много*, т.б. Сонымен тіларты дыбыстар мен ызың дауыссыздардың өзара бөлінуін көрдік. Қазақ тілінде **[q, γ]** дауыссыз фонемаларының **[k, g]** варианттары тілдің кейін қарай тартылуы арқылы жасалған жуан дауыстылармен бірге қолданбайтыны белгілі, себебі үндестік заңы бойынша, **[q, γ]**-лар тек тіл арты дауыстыларымен қолданылады.

Орыс тілінің тарихында дауыссыз фонемалардың позицияға байланысты, комбинаторлық варианттары ретінде жуан-жіңішкелікке бөлінуі кейін коррелятивтік қатарларды құрғанын көреміз: **[p - p'], [b - b'], [t - t'], [d - d'], [k - k'], [g - g'], [m - m'], [n - n'], [f - f'], [v - v'], [s - s'], [z - z'], [x - x'], [r - r'], [l - l']**. Бұл дауыссыз дыбыстар позицияға байланысты тәуелділігінен құтылып, жеке

дербес фонемаларға айналып, орыс консонантизм жүйесін байытқан. Славян тілдері дамуының көне замандарында палатализациялану құбылысы үш рет орын алған. Бірінші палатализацияда **[k, g, x]** дауыссыз дыбыстарының аллофондары дербес фонемаға айналған **[k', g', x']**. Екінші палатализациялану нәтижесінде тіл арты фонемаларының палатальды аллофондары жуысыңқы дауыссыз дыбыстарға **[c'//t's'], [z'], [s']** айналған. Кейін депалатализацияның нәтижесінде **[t's'] > [ts]** тіл алды фонемалары тіл арты фонемаларына ауысты. Депалатализация құбылысы түркі тілдерінің фонологиялық жүйесінің дамуында да кездеседі. Ескі түрік тілінде *til ~ dil, jasyl* якут тілінде *dyl*, түрік тілінде *jeny*. Алайда қазақ тілінде *til* ескі түрік тілінің қалпында сақталғаны байқалады.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің мақсаттарының бірі – қазіргі белгілі тілдердің ататілінің өзгерістерін зерттеу, яғни **қайта құру** (реконструкция) деген құбылыстың негізгі қағидаларын анықтау. Реконструкция дегеніміз – ататілдің белгісіз қалған тілдік тұлғаларын, элементтерін, олардың мәнін, қасиет-белгілерін тарихи-салыстырмалы әдістердің жиынтығының бар мүмкіндіктерін қолданып, бүгінгі туыстас тілдерден іздестіру. Реконструкцияның іздестіруіне жататын фонема, морфема, лексема, синтаксема, просодема сияқты тілдік бірліктер.

Ататілдің кейінгі ұрпақтарының формалары рефлексияға жатады. Тілдерді зерттеу тарихында ғалымдардың ататілді қайта қалпына келтіру үшін әрекет еткендері де мәлім. Ататіл ұзақ уақыт даму нәтижесінде түрлі өзгерістерге ұшырауы ықтимал. Көне дәуірде бір ататілге барып саятын туыс тілдер осы өзгерістер салдарынан ыдырап, өз алдына бірнеше дербес жеке-жеке топтардың тегін құруы да мүмкін. Тілдердің бәріне ортақ жалғыз ататілді табу деген оңай болмас. Ататіл жүйесіндегі фонетикалық және фонологиялық реконструкция (қайта құру) сол ататілде қанша және қандай фонемалар болғанын болжайды. Кез келген тілдің фонемалары тек өзіне ғана тән қасиеттерімен ерекшеленеді. Олардың таза фонетика-фонологиялық белгілері (мағына ажырататын және мағына ажыратпайтын) олардың түрлі позицияларда (сөздің басында, аяғында, басқа фонемалармен қосақтасып) тұру қасиеттері болуы ықтимал. Олардың әртүрлі жағдайдағы мінез-құлқы және қасындағы фонемаларға жасайтын ықпалы да соған жатады. Фонемалардың бұл өзгерістері тілдің даму процесінде бір уақытта біркелкі болып өтпейді.

Славянистердің пікірлері бойынша, славян тілдерінде бұрынғы бір уақыттарда **[к]** мен **[ч]**; **[г]** мен **[ж]**; **[х]** мен **[ш]** орындарында бір ғана фонема болған. Жоғарыда келтірілген фонемалардың қайсысы алдымен келген, қайсысы кейін келгенін білу үшін дистрибуция әдісімен олардың қайсысы көп, жиі контекске түсіп, көп қолданылғанын жинақтап, анықтап алып, оны қолданылған уақытына, заманына қарай жүйелеп қарастыруға болады екен. Сонда айналымға көбірек түсіп, контекстерде көбірек көзге түсетіні тіл арты дыбыстар сияқты, себебі олар тіл арты дыбыстармен бірге қолданыла береді. Ескі жазуларға қарағанда олардың ең алғашқы рефлекстері **[к]**, **[х]** болған сияқты: *кровь, сохнуть-снег*. Ал ызың дауыссыздар дауыстылардың алдында ғана кездеседі: *снежинка, волчица*. Сонымен, ішкі реконструкцияда ататілден қалған, ататілден таралған тілдік элементтер көбінесе ататілдің бір ұрпағынан ғана қарастырылады. Онда ататілден сақталған элементтердің қайсысы өзіне тән, көнелеу, яғни бұрынырақта болған деген сұраққа зерттеушілердің жауабына қарағанда, ататілдің қай элементі оның ұрпақтарының көбінде сақталса, сонысы ататілдің өзіне тән ең көне элементі

болуы керек. Мысалға жаңа келтірілген сөздерде кездескен ататіл фонемалары мен элементтері.

Ататілдің ұрпақтарының тілінде ең сирек кездесетіні басқа тілдерден келген сөздер және сол тілмен бірге келген олардың элементтері. Мысалы, орыс тіліне түркі тілдерінен келген дейтін *казначей, домбрачей* деген сөздер бар. Бұл қазақтың сөздері: *казначей* қазнаны ұстайтын адам (қазнашы); *домрачей* деп отырғаны қазақтың домбырасына ұқсайтын музыкалық аспапта ойнайтын адам, қазақтың *домбырашысы* дегені. Бұл сөздер әрине орыс тіліне кейін келген, сондықтан олардың ежелгі сөздері емес. Әрине бұларды орыс тілінің кейінгі ұрпақ тілдерінде жиі кездестіру мүмкін емес. Ішкі реконструкцияда ататілдің түрлі тілдік элементтерін оның бір ұрпағының ғана айналасында қарастыратын болса, сыртқы реконструкция ежелгі ататілден ертеректе бөлініп кеткен бірнеше ұрпақтарының тілдік рефлекстерін өзара салыстырып зерттейді.

Мысалға төменде берілген орыс тілі мен латын тілінің дауыссыз дыбыстарын салыстырып қарайық. Орыс сөздері: *бер(у), полн(ый), дым, дв(а), тр(и), кровь*. Латын сөздері: *fer(o)* – алып келемін, *plen(us)* – толық, *fumus* – түтін, *du(o)* – екі, *tr(es)* – үш, *cru(or)* – қан.

Сөздердің жақшаға алынған бөліктерінің мағынасы бірдей емес: латын сөздерінің мағынасы орыс сөздерінен өзгеше болғанда ғана оның аударма мағынасы көрсетіледі. Сөз басындағы мына дауыссыз дыбыстардың: **[b-f]**, **[p-p]**, **[d-f]**, **[d-d]**, **[t-t]** мен **[k-k]**-лардың өзара үйлесімдері белгіленді.

Әрбір ашылған фонетикалық үйлесімдердің жүйесін ататіл фонемасының рефлексі деп жорамалдауға болады. Мына салыстырудан көргеніміздей, жұп-жұппен қосақталып тұрған **[b-f]** мен **[d-f]** ататілдің әртүрлі ұрпақтарының фонемалары болса да, бұл жерде орыс тілі мен латын тілінің рефлекстері бірдей болғанымен, ежелгі аталас басқа тілдерден, мысалы санскрит пен ескі грек тілімен бірдей бола алмайды. Себебі олардан әртүрлі тарихи өзгерістер әсерінен алыстап кеткен.

Түркі тілінің фонологиялық құрылымын зерттеп білу үшін алдымен сөздің құрылымын, оның негізгі элементтерін, олардың мағынасын, олардың арасындағы байланыс механизмін, яғни олардың элементтерінің агглютинативтік жалғасуының принципін түсіну керек. Егерде тарихи-салыстырмалы зерттеу әдісін қолданушы зерттеуші түркі тілдерінің қазіргі жағдайына талдау жасауда ататілдің реконструкцияланған архетипінің көне формасына жүгінсе, ал тілдің құрылымын ретроспективті-типологиялық әдіспен зерттегенде көне жүйе мен кіші жүйелердің құрылымдарының фактілері мен құбылыстарын саралап, түсіндіруде қазіргі тілдердің құрылымдарының ішкі заңдылықтарының реконструкциясына жүгінеді.

Ә.Қайдаров түбірлі морфемаларды талдау негізінде дыбыстардың дистрибуциясын анықтап, олардың ішінде ең жиі кездесетін **[t] > [s] > [ž] > [d] > [š]** дауыссыздарды көрсеткен. Түбірлі морфемалардың көбінесе қатаң дауыссыздардан басталатынына назар аударып, **ж** дауыссыз фонемасы **й** сонанттың этимологиялық рефлексі болып табылады және басқа түркі тілдеріне қарағанда, қазақ тілінде **[p]**-дан гөрі **[b]** ұяң фонемасы жиі қолданады деп, мысалдар келтіреді (хак. *pol*, каз. *bol*; хак. *pir*, каз. *bir*; чув. pyl, каз. *bal*; чув. *pyr*, каз. *bar* и др.). Сондай-ақ төрт басты дауыссыздардың **[j, d, z, v]** айналасында түркі тілдерінде мынадай сәйкестіктер кездеседі **[b ~ m, g ~ k, g ~ q, d ~ t, z ~ j, q ~ h, č ~ š, m ~ n, n ~ ŋ]**. [*Кайдаров*, 2005, с. 79].

М.Қашқаридің «Диванында» түркітанушы М.Оразов мынадай дыбыстық өзгерістерді байқаған [*Оразов*, 2004, 92 б]:

1. [**z**] және [**j**] дыбыстарының алмасуы: *qajyn- qazyn, ajaq-azaq*;
2. [**k**], [**g**] және [**q**], [**ɣ**] дыбыстарының алмасуы: *bükte-bügde, byšyq-byšyɣ*
3. [**j**] және [**ž**] дыбыстарының алмасуы: *žinžu-jinžu, juɣdy-žuɣdy*;
4. [**š**] және [**č**] дыбыстарының алмасуы: *šubik- čubik, šašur-čačyr*;
5. [**u**] және [**a**] дыбыстарының алмасуы: *sagun-sagan, tamar-tamur*;
6. [**m**] және [**b**] дыбыстарының алмасуы: *mun-bun, men-ben*;
7. [**š**] және [**s**] дыбыстарының алмасуы: *sudeša-sudesa*;
8. [**n**] және [**j**] дыбыстарының алмасуы: *qon-qoj, tšyɣan-tšyɣaj*;
9. Кейбір дыбыстардың түсіп қалуы: *čumguk- čumuk, tamɣaq-tamaq* т. б.

Б.Сағындықұлының пікірі бойынша, түркі тілдеріндегі ең көне дауыссыз дыбыстар аффрикаттар. Дыбыс тіркестері архетип ретінде оғыз тілдерінде [**tj**], [**dj**], қыпшақ тілдерінде [**dž**], қарлұқ тілдерінде [**tj**], [**dj**], [**dž**], чуваш, якут, хакас, алтай тілдерінде [**ts**] (ц), [**č**] (ч), [**ts'**] [**dz'**] танылады [*Сағындықулы,* 2009, с. 287].

Реконструкция кейде ата тілде бұрын болып, бірақ кейін зерттеле бастаған уақытқа таман жоғалып кеткен тілдің кейбір элементтерін тауып берумен қатар, ататілде кейінгі уақытта пайда болса да, қазір жоғалған элементтерді де табуға мүмкіндік береді. Мысалы, қазіргі түркі тілдерінде [**m**] үнді дауыссыз сөздің басында кездеседі: қазақ тілінде *mojyn*, қырғыз тілінде *mojun*, түрікмен тілінде *meŋiz* тағы сондайлар. Алайда түркітанушылардың пайымдауларына сүйенсек, ескі түркі тілдерінде сөз басында [**m**] дыбысы кездеспеген. Ескі түркі тілдерінде сөз басында [**m**]-ның орнына [**b**] дыбысы сәйкес келіп қолданылған. Мысалы, түрікмен тілінде «ми» [myj] деген сөзге бұрын *bejni* деген сөз сәйкес келген, әзірбайжан тілінде «бет» деген сөзге *bäniz* деген сөз сәйкес келеді. Құмық тілінде «мойын» деген сөзге *bojun* деген сөз сәйкес келген. Кейін ескі түркі тіліндегі [**b**] дыбысының [**m**]-ға ауысуы туралы болжамға сүйеніп, оның заңдылығын табу қиын емес сияқты болғанымен, оған қарсы гипотеза төмендегідей заңдылық туралы айтуға мүмкіндік беретін сияқты. Мысалы, әзірбайжан тілінде [**b**] > [**m**]-ға көшуі, ауысуы үшін сөздің сол буыны синхрондық деңгейде мұрындық дыбыстан басталады: *män* – «мен», *min* – «мың» болуы керек, бірақ *bäniz* – «бет», *bejin* – «ми» болып тұр. Ал қазіргі қазақ тілінде ескі түркі тіліндегі *bojun* > *mojyn* болып өзгерген. Түрікмен тілінде [**b**] > [**m**]-ға көшуі үшін түбірде дәл сол дауысты дыбыстан кейін ескі (бұрынғы) мұрындық дыбыстың рефлексі *men* (мен), *meniz* – бет, *maj* (ban) болуы қажет, бірақ *bejni* (ми); *moger* < *moner* < *byjŋuz* (мүйіз). Қазіргі қазақ тілінде *mujiz* (мүйіз) *byjŋuz*-дан ауысқан болар.

Татар тіліндегі фонологиялық заңдылық жоғарыда айтылған түрікмен тіліндегідей, бірақ ол заңның түрікмендегіден айырмасы, ол ауысу процестерінің арасында оған қосылған аралық өзгерістер болуы мүмкін. Сондықтан атасы бір, туысқан тілдердің бәрінде деуге болады: сөздерінің басында [**m**] дыбысы болмаған, ол [**b**]-дан басталып, реконструкция арқылы тарихи процесте бір не бірнеше өзгеріс кезеңдерден өтіп барып қазіргі түркі тілдерінде жоғарыда келтірілген [**b**] > [**m**]-ға келіп тоқтаған сияқты. Татар тілінде «ми» [myj] деген сөз *bejni*-ден басталған < *my* < *mi* – қазіргі татар тілінде, қазақ тілінде де *mi* [myj]. Татар тілінде *byjŋuz* < *möŋez* < *moger* – *рог;* қазіргі қазақ тілінде *mujiz* болып келеді.

Сондай-ақ түркі ататілінде [**b**]-дан басталатын сөздер тарихи реконструкция өзгерістері арқылы туыстас түркі тілдерінде [**m**]-дан басталатын сөздерге

айналған. Мысалы, *bojun* < *mojun,* ескі түркі тілінен реконструкция арқылы қазіргі қазақ тіліне ауысқан мына сөздерді де келтіруге болады: *buŋ* > *muŋ*, *bän* > *men, biŋ* > *miŋ* т.б. Тағы да айта кететін жағдай, бұл тарихи процестің үзілмеген іздерін қазіргі қазақ тілінде көруге болады. Қазақ тілінде бір мағыналы екі сөз қатар қолданылады: *buny* > *muny.*

Жоғарыда қарастырылған ескі түркі жазуларынан туыстас түркі тілдерінде **[b]** > **[m]**-ға ауысуының уақыты да, жағдайы да әртүрлі болғанын байқап отырмыз. Түріктің арғы ататілінен оның кейінгі ұрпақтары да әртүрлі уақытта, яғни біреуі бұрынырақ, біреуі кейінірек бөлініп шыққан болуы керек. Оны біз **[b]** > **[m]**-ға реконструкция арқылы ауысуының туыстас тілдердегі түрлі айырмашылығынан көріп отырмыз. Ол процестің әлі үзілмеген іздерін біз қазақ жерінен табылған бір уақытта, яғни біздің заманның V-VIII ғасырларында белгілі тарихи тұлғалар туралы қазіргі қазақ тілінен ешбір айырмашылығы жоқ толып жатқан сөздерімен жақын, тасқа жазылған әйгілі әскери қолбасы Күл-Тегін туралы Билге-Қағанның орхон-енисейлік ескерткішінен көруге мүмкіндік алып отырмыз. Тастағы ескерткіште **[b]**-дан басталатын сөздер де *buŋ,* **[m]**-нан басталатын сөздер де *men, miŋ* кездеседі. Ал бұлар қазақ тілінде *muŋ*, *men, miŋ* болып кездеседі. Тағы да айта кететін жағдай қазіргі қазақ тілінде бір мағыналы қатарлас қолданылатын, біреуі **[b]** – дан, екіншісі **[m]**-нан басталатын сөздер бар: *bunda* > *munda.* Сонымен реконструкцияға дейін ескі түркі ататілінде сөз басында **[b]**-ның орнына көп өзгерістен кейін арасына уақыт салып, **[m]**-ның келгені анық болды.

Н.А.Баскаковтың классификациясындағы «алтай дәуірі» деген кезеңінен жазбаша ешбір ескерткіш (мұралар) табылмаған. Бірақ Б.Я.Владимирцев, Г.Д.Санжеев деген академиктер өздерінің еңбектерінде тұңғыс-манжұр тілдерімен моңғол-түркі тілдерінің ата-тегі бір болу керек деп жазады. Бұл туыстыққа осы тілдердің дифференциялауындағы фонетикалық белгілер, яғни белгілі дыбыстардың алмасуы көрсетеді [*Владимирцев*, 1929; *Санжеев*, 1930]. Мысалы, тұңғыс тілінің **[t]** дауыссызы мен манжұр тілінің **[s]** дауыссызының дауысты **[i]** –дің алдына келгенде түркі-монгол тілдерінің **[č]** (ч), **[š], [s]** дауыссыздарымен ауысып кетуі. Тұңғыс тілінің *гутин* деген сөзі мен манжұр тілінің *гусин* деген сөзі моңғол тілінің *гучин* (отыз) деген сөзіне барабар келеді. Алтай тілінде *куч-куш* деген сөз башқұрт тіліндегі *көс-куш* деген сөзіне сәйкес келеді. Қазақ тілінде *куш* деген сөз мықтылық дегенді білдіреді. Соңғы мысалдағы: **[t]** || **[s]** || **[č]** || **[š]** дыбыстарының алмасуы өте көне замандағы тұңғыс-манжұр тілдеріндегі дыбыс алмасулары сол көне замандардағы башқұрт, қазақ тілдерімен генетикалық байланыстарын көрсетіп тұр.

Ғұн дәуіріндегі түркі тілдері мен моңғол тілдерінің ата-тегі бір екенін көрсететін Баскаков мынадай ортақ сөздерді келтірді [*Баскаков*, 2007, с. 35]:

	Алтай тілі	моңғол тілі
1.	кудук	худаг
2.	булуң	булунг
3.	дьыл	джыл
4.	қадын	катун
5.	қара	қара
6.	таны	тани

Қазақ тілінде де бұл сөздерді тануға болады: 1. ***құдық, 2. бұрыш, 3. жыл, 4. қатын, 5. қара, 6. тану.***

Қазіргі түркі тілдерінен келтірілген фонетикалық материалдар мен қазіргі моңғол тілдерінен келтірілген фонетикалық материалдарды салыстырғанда байқалған ерекшеліктер – ол моңғол тілдеріндегі *ротацизм* мен *ламбдаизм*, яғни моңғол тіліндегі дауыссыз **[r]** мен **[l]** дыбыстарының түркі тілдеріндегі **[z]** мен **[š] || [s]** дауыссыздармен алмасуы, бірақ олардың кейбір сирек кездесетін көне түркі тіліндегі мысалы бұлғар тілі және қазіргі түркі тілдерінің ішіндегі чуваш тілінде ғана сақталған [*Баскаков*, 2007, с. 31]. Баскаков мысалдарды чуваш және басқа түркі тілдерінен келтіреді, біз төмендегі кестелерде қазақ тілін қосып отырмыз.

Чуваш тіліндегі **[r]** (р)	Басқа түркі тілдерінде **[z]** (з)	Қазақ тілінде [z] (з)
варам	узун	ұзын
варах	узақ	ұзақ
йер	из	із
кер	күз	күз
пар	буз	мұз
тир	диз	тіз
хер	қыз	қыз
хур	қаз	қаз
куран	қазан	қазан
чер	диз	тізе
сер	сүз	сүз
шур	саз	саз
сер	йүз	жүз

Чуваш тіліндегі **[l]** (л)	Басқа түркі тілдерінде **[š] || [s]**	Қазақ тілінде **[s]** (с)
сул	йаш/жас	жас
пилек	беш/бес	бес
тел	түш/түс	түс
телек	түш/түс	тұс
хел	қыш/қыс	қыс
чул	таш/тас	тас
шал	тиш/тис	тіс
алақ	ешик/есик	есік
илт	ешит/есит	есіт

Кестеде көрсеткендей, чуваш тіліндегі **[r]** (р) мен басқа түркі тілдеріндегі **[z]** (з)-ның және чуваш тіліндегі **[l]** (л) мен басқа түркі тілдеріндегі **[š]** (ш) **||** **[s]** (с) - лардың ауысуымен қатар, басқа түркі тілдерінің ішінде қазақ тіліндегі мысалдар да қосылды. Чуваш тілінен берілген сөздерге басқа түркі тілдерінен алған балама-сөздер қазақ тілінің сөздеріне жақын және түсінікті. Қазіргі түркі тілдерінен алыстап кеткен тілдерде іздері ғана қалса, ескі сөздерге қатысты қазақ тілінде сөз тізбектері сақталған. Мысалы, чуваш тіліндегі *хёр* деген

сөз қазіргі түркі тілінде *қыз* деген сөздегі **[r]** (р) || **[z]** (з) болып, **[r]** дауыссыз дыбысы **[z]** дауыссызына алмасса, *хёр* деген ескі сөзбен байланысты қазіргі қазақ тілінде *қордың қызындай* деген сөз тізбегі *өте сұлу қыз* деген мағынаны білдіреді. Чуваш тіліндегі *хур* деген сөз қазіргі түркі тіліндегі *қаз* дегенді білдірсе, қазіргі қазақ тіліндегі *құрдай жорғалады* деген сөз тізбегі *құстың жорғалауына* қатысты.

Бұл құбылыстардың ізін М.Томанов та қазақ тілінде байқаған. «Қазіргі қазақ тілінің сөздік қорында осы екі сәйкестіктің де ежелгі варианттары ұштасады. *Көр, семір, тура, тер* (*көз, семіз, түзу, тіз* сөздерімен салыстырыңыз) тәрізді **з**-мен келген сөздердің түбірлес туындылары (тіпті варианттары) көп кездеседі. Сондайақ қазақ тіліндегі *жас* (басқа тілдерде *йаш*), *жыл, бес* (басқа тілдерде *иыл*, *беш*) және *білек* сөздерін өзара салыстырғанда **[l] – [š/s]** сәйкестігінің ізі байқалады. Кейбір тұрақты тіркестер құрамында ғана қолданылатын сөздерде протоалтайлық **[l]** дыбысы ұшырасады (мысалы: *талма түс*, чуваш тілінде *тел – уақыт, елтіп тыңдау*, *елік* – чуваш тілінде *есім*)» [*Томанов,* 1981, 7 б.].

Ә.Қайдаровтың тұжырымы бойынша, ротацизм мен ламбдаизм құбылыстары қазіргі түркі тілдерінде реликтілік фактілер ретінде сақталған. Оларды тек этимологиялық реконструкция арқылы анықтауға болады. Мысалы, қазақ тіліндегі *қырқын* деген сөз *қыз-қырқын* деп жұпты қолданады, чуваш тіліндегі *хер* оның рефлексі болып табылады [*Кайдаров*, 2005, с. 80].

Түркітанушылардың пікірінше, түбірлі морфемалардың ішіндегі **[r]** || **[z]** алмасуы сөз таптарын ажыратады, дауыссыз дыбысы **[r]** етістіктерге тән, дауыссыз **[z]** зат есімді және сын есімді сипаттайды, мысалы, *kör* «көру» деген етістіктің мағынасын көрсетсе, *köz* «көз» деген зат есімге сәйкес келеді, *semir* «семіру» деген етістікке сәйкес, ал *semiz* «семіз» деген сын есімнің мағынасын ашады. Дегенмен, бұл мәселені әдейі зерттеген Е.Қажыбектің айтуынша, бұны тұрақты заңдылық деп айтуға қиын, себебі мұндай сәйкестіктер өте сирек кездеседі [*Кажибеков*, 1986, с. 105].

Сонымен, типологиялық туыстас және туыстас емес тілдерде жоғарыда айтылған консонантизмдегі универсалды құбылыстармен бірге фонемалардың интеграция және дифференциация деген процестері мен олардың аллофондарының да мағына айқындау қасиеті дамиды.

Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі бірден фонологиялық сипатқа ие болмағаны белгілі, ол тілдің даму кезеңіне сәйкес толығып, функциясы кеңейіп, фонемалық қызметке көтерілді. Кез келген тілдің фонематикалық жүйесінің дамуы – ол сол тілдің дыбыстық қорының үздіксіз дамуының белгісі. Фонеманың бөлінуі және қосылуы әсерінен, тілдің өркендеп дамуының арқасында аллофондар өзінің дара мағынасына ие болады. Бұл процесс адамның тілі мен ойлау процесінің байланысына қатысты тілдің жаңа мазмұнды лексикасымен толығады деп білеміз. Алғашында дыбыстар бір фонеманың аллофондары, лексиканың баюымен байланысты пайда болған жаңа мағыналы сөз белгілі бір айырым сапа, белгі үшін бөлініп, жаңа сапалы екі жеке сөзді туғызады немесе қосылып, конвергенция әдісімен екі фонемадан жаңа бір фонеманы түзеді. Сонымен, фонема ең алдымен үздіксіз өзгеріп отыратын тарихи категория. Қазіргі белгілі түркі тілдерінің фонологиялық модельдеріне қарап, ретроспективтік әдіспен барлық көне түркі тілдеріне тән қайта құрылған фонологиялық модельдерінің ерекшеліктерін анықтауға болады.

Кейбір түркі тілдерінде бұрынғы фонемалардың бір айырым белгілерінің кеңеюіне байланысты жаңа фонемалардың пайда болуын байқауға болады. Мысалы, түркітанушылардың пікірлеріне сүенсек, қазіргі алтай (ойрот) тілінде жақында ғана орыс тілінен кірме сөздер көптен келмей тұрғанда, алтай әдеби тіліндегі барлық ерін-ерінді, ерін-тісті **[p] ~ [b] ~ [f] ~ [v] ~ [w]** дыбыстарының бәрі бір ғана фонеманың аллофондары болған, яғни, олар бір фонеманың вариациялары ретінде қарапайым халықтың ауызекі тілінде осы күнге дейін сақталған. Нақ сондай жағдайды мына фонемалардың аллофондары туралы да айтуға болады: **[s (z)], [t (d)], [k (g)], [š (ž)]**. Бұлар да алтай тілінде жақын уақытқа дейін өз алдына мағынасы бар фонема емес еді, тек соңғы кезде ғана олар қатаң және ұяң айырым белгілер негізінде дербес фонемаға айналған.

Алтай тілінде орыс тілінен көптеген кірме сөздер орныққанда ғана аллофондардың қызметі өзгерген. Консонантизмнің эволюциясына сәйкес **[p ~ b], [f ~ v], [s ~ z], [t ~ d], [k ~ g], [š ~ ž]** сияқты дауыссыздар қатаң~ұяң айырым белгілер бойынша мағына ажыратушы бірліктерге көтерілген, бұрын бұлар позицияға байланысты (интервокалды) жалғыз фонемаға байланысты қолданылған. Мысалы, *köp – köbi, kök – kögi* тағы сондайлар.

Дыбыстар дифференциялды және интеграциялды процестердің нәтижесінде мағына ажыратушы бірлік ретінде жүзеге асады. Дауысты дыбыстар ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріндік-езулік айырым белгілері негізінде қалыптасса, дауыссыздар ұяңдану, спирантизация құбылыстар арқылы қатаң – ұяң, жуысыңқы – тоғысыңққы дифференциялды айырым белгілерімен ерекшеленеді. Сондай-ақ сөздердің семантикалық айырмашылығын көрсететін фонологиялық өзгерістер қалыптасып, бекітіліп, тілдің және оның лексикасының дамып жетілгенін көрсетеді

Сонымен бірге дифференцияция, кейде дыбыстың интеграциясы және жаңа фонеманың пайда болуы сөздің басында және аяғында, түбір сөзде және аффиксте біркелкі болмайды. Қазіргі түркі тілдерінің көбісінде түбір морфема әдетте дауысты фонеманың саны сегіз-он бір арасында құбылып тұрса, бұл тілдердің аффикстерінде екі-үш-ақ фонема пайдаланады.

Сонымен, фонема дегеніміз – тарихи категория, оған ылғи өсу, өзгеріп тұру тән. Сондықтан фонеманың тарихи өзгеруін, өсуін грамматикалық формалардың өсуімен, өзгеруінен кем қарамауымыз керек, яғни фонеманың қалыптасуын, оның дифференциясы мен интеграциясын, оның аллофоннан дербес мағына ажыратушы фонемаға айналу процесін ыждағатпен зерттеу қажет. Фонологизация процесін тарихи дәйектілік пен логикалық жүйелілікпен зерттеу қажет. Н.А.Баскаковтың тұжырымы бойынша, қазіргі қарақалпақ тілінде дифференциаланған тіл арты дауыссыз дыбыстар **[k], [g], [q], [γ], [h]** бар, ал ертеде **[k (g, q, γ)]** және **[h]**, оның алдында жалғыз **[k (g, q, γ, h)]** ғана болған.

Түркі тілдеріндегі жан-жақтан келген кірме сөздердің және өзінің ішкі өсу заңдылықтарының ықпалымен вокализм жақ, тіл және еріннің қатысуымен жасалған дыбыстар фонематикалық оппозициялар құрып өскен. Консонантизм ең алдымен тілдердің өзінде бар басты фонемалардың аллофондары арқылы өзгеріп, өсіп баиды, яғни спирантизацияның нәтижесінде, коррелятивті қатаң-ұяңдардың фонологизациясы арқылы: **[p ~ b], [k ~ g], [t ~ d], [s ~ z], [š ~ ž], [č ~ dž]** пайда болған.

Типологиялық өзгерістер көбінесе жүйелі түрде бір уақытта, барлық түркі тілдерінде көрініс табу себебі, олардың құрылымдық өзара тығыз, жақын

туыстығында. Белгілі француз тюркологі Л.Базэннің пікірі бойынша, құрылымдық статикалық жақындық, қосақтасып ере жүру, түркі тілдерінің бүкіл диахрондық өркендеуінде бірге жүрген өте айқын тенденциямен түсіндіріледі және барлық түркі тілдеріне ортақ маңызды түйін табылса, ол түркі тілдерін зерттеуді оңайлатар еді [*Bazin*, 1961, 13 б.].

Н.А.Баскаков, Журавлевтің ретроспективтік әдісіне сүйене отырып, қазіргі заман түркі тілдерінің фонетикалық заңдылықтарының негізінде түркі тілдерінің фонологиялық құрылымының тарихи өсу, өзгеруінде болған негізгі үш нұсқаушы типін белгіледі. Олар қазіргі уақытқа қарай өздерінің имманентті ілгерілеуін, өсуін сонымен бірге, түркі субстратты, адстратты тілдерінің әсерінің арқасында әртүрлі типтер мен модельдерді қалыптастырып, жетілдіріп алды.

Бірінші тип түркі тілдерінің ең ежелгі, ертедегі (моновокалдық) жалғыздауысты оқшауланған (изолиорующий) құрылымына тән үшдыбысты түбір морфемасы, яғни бір дауысты екі дауыссыздан тұратын бір морфонемасын сақтаған тип. Бұл үшдыбысты түбір морфонемасындағы дауысты фонеманың рөлі буын құруда ғана, ал түрлі мағына ажырату функцияларын дауыссыз элементтер атқарады, олардың да құрамы шектеулі, әрбір дауыссыз элемент өзінің айырым белгілері бар сегіз модификациядан тұрады; мысалы олардың айырым белгілері: жақтың (ашық ~ қысаң), еріннің (езулік ~ еріндік) және тілдің (жуан ~ жіңішке) қатысымен ерекшеленеді. Бұл фонологиялық типтің дауысты элементтерінің құрамы сол өзінің буын құру рөліне байланысты болып келеді: **[a/e ~ y/i ~ o/ö ~ u/ü]**.

Түркі тілдерінің бірінші ең ежелгі дауыссыздарының фонологиялық құрамы төмендегідей: әр қайсысы сегіз түрленім фонемалармен бейнеленеді. Басында: алдыңғы **[p (~ b ~ m ~ w)]**; **[m]**, ортаңғы **[t (~ d)]**, **[j (~ dj/tj ~ nj/rj ~ dž/č ~ ž/č ~ z/s ~ dz/c ~ s′)]**, **[č (~ š ~ s)]**; артқы **[k (~ g ~ q ~ h ~ γ)]**. Аяғында: алдыңғы **[p (~ b ~ m ~ w)]**; ортаңғы **[t (~ d)]**, **[j (~ d/t ~ z/s ~ r)]**, **[č (~ š ~ s)]**, **[š (~ l)]**, **[r]**, **[l]**, **[n]**; артқы **[k (~ g ~ q ~ h ~ γ)]**, **[ŋ]**.

Кейінірек пайда болған екінші типтің айырым белгілері ары қарай морфологизациялану процестерімен ерекшеленеді. Дәлірек айтқанда, күрделі құрамдардағы анықталушы түбір морфемалардың грамматикализациялануы, оған қосыла, олардың күрделі сөздерде пайда болған фонетикалық редукциясымен фузиясы. Бұл типтегі вокализм тембрлермен өзгешеленетін екі басты дауысты фонема **[a]** және **[y]** жақтың қатысуына қарай ажыратылады және палатализация мен лабиализацияға байланысты айырым белгілер сингармонизм заңы бойынша сөзді тұтас сипаттайды. Екі басты дауысты фонемалар түркі тілдерінде аффиксті морфемаларда сақталған, **<a>** фонемасы өзінің **[e], [o], [ö]** аллофондарында көрініс табады, **<y>** фонемасы **[i], [u], [ü]** аллофондарымен сипатталады.

Дауыссыз морфемалардың элементтері сегіз модификация емес, төрт модификацияға ғана ие, өз ара айырым белгілері екеу-ақ (палатализация мен лабиализация). Бұл фонологиялық типтің дауысты дыбыстарының құрылымы жоғарыда айтылғандай, екі фонемадан **<a> [e ~ o ~ ö]**, **<y> [i ~ u ~ ü]** тұрады. Дауыссыздардың құрамы төмендегі басты фонемалардан тұрады, олардың әрқайсысының төрт түрленімі бар.

Басында: алдыңғылары **[p (~ b ~ m ~ w)]**, **[m]**; ортасындағы **[t (~ d)]**, **[j (~ d/t ~ z/s ~ r)]**, **[č (~ š ~ s)]**, **[s]**, **[n]**; артқы **[k (~ g ~ q ~ h ~ γ)]**. Аяғында: алдыңғылары **[p (~ b ~ m ~ w)]**, **[m]**; ортасындағы **[t (~ d)]**, **[j (~ d/t ~ z/s ~ r)]**, **[č (~ š ~ s)]**, **[š (~ l)]**, **[r]**, **[l]**, **[z]**; артқы **[k (~ g ~ q ~ h ~ γ)]**, **[γ]**, **[ŋ]**.

Үшінші фонологиялық типі сегіз дауысты фонема және өскен, жетілген консонантизм, дауыссыз дыбыстарымен сипатталады. Бұл дауыссыздар іске асу, жетілу жолында түрлі имманенттік, сонымен бірге түркі тілдерінің ішкі өсуінің, өркендеуінің әсерінен және адстратты, субстратты факторлардың кездесуінен болатын инновациялық ауытқулар мен қабыл алмау сияқты түрлі құбылыстар болса да, бір негізгі фонологиялық модельдері оғыз, қарлұқ, қыпшақ тілдерінде өздерінің тиісті модификацияларымен тұлғаланып, орнын тауып қалыптасты.

Өзінің құрамында сегіз дауыстылар бар бұл фонологиялық тип дауыссыздардың барлық айырым белгілерінің бәрі бірдей дауыстыларға көшуімен сипатталады. Сонымен дауыссыздардың айырым белгілері бүтіндей дауыстыларға көшкенімен бейнеленеді. Бұл фонологиялық типте дауысты фонемалардың құрамы симметриялық қарсыластығы бар сегіз дауысты дыбыстан **[а], [е], [о], [ö], [ы], [і], [u], [ü]**, яғни басқа тілдердегі соған сәйкес **[ы], [і], [u], [ü], [ы], [і], [u], [ü]**-лардан тұрады.

Дауыссыздардың құрамы төмендегі дыбыстардан тұрады. Басында: алдыңғылары **[p (~ b ~ m ~ w)]**, **[m (~ b)]**; ортасындағы **[t (~ d)]**, **[j (~ dj/tj ~ nj/ rj ~ dž/č ~ ž/š ~ dz/c ~ z/s ~ s´)]**, артқы **[k (~ g ~ q ~ h ~ γ)]**. Аяғында: алдыңғылары **[p(~ b ~ m ~ w)]**, **[m]**; ортасындағы **[t (~ d ~ s/z ~ r]**, **[č (~ š ~ s)]**, **[š (~ l)]**, **[s (~ z ~ r)]**, **[r]**, **[l]**, **[n]**; артқы **[k (~ g ~ q ~ h ~ γ)]**, **[γ]**, **[ŋ]**.

Соңғы үшінші фонологиялық тип, тарихи өркендеп өскен, өзінің кейбір ерекшеліктерін кейінгі түркі тілдерінде сақтаған, тіпті кейбір қазіргі заманғы түркі тілдерінде де, оларда өзгере, өсе келіп өздеріне тән белгілер пайда бола бастаған. Кейбір түркі тілдері араб, парсы, орыс тілдерінен кірме сөздерін алып, анлаутта да, ауслауттада өздеріне сіңіріп алған фонемалар бар.

Дыбыстардың фонема деңгейінде жұмсалуы, яғни фонологизациялануы тілдің даму барысында конвергентті-дивергентті құбылыстар арқылы жүзеге асып, оның жалғамалық (агглютинативтік) құрылысымен, үндестік заңымен тығыз байланысты. Қазақ тілінің фонемалары ұзақ жылдар бойы қалыптасып, айырым белгілері сұрыпталып, әртүрлі аллофондарда іске асырылатын функционалдық ең шағын лингвистикалық бірлікке айналған. Тілдегі жаңа фонемалардың пайда болуы адамның ойлау процесінің дамуы мен тілдің жаңа ұғымдарымен және кірме лексикасының баюымен байланысты.

Қазақ тілінің төл фонетикалық жүйесіне кірмейтін орыс тілі арқылы грек, латын тілдерінен келген халықаралық сөздерде кездесетін **<ф>** фонемасы сол орыс тілінің өзінде де көпке дейін қабылданбай, бөтен, жат дыбыс болып келген. Сондықтан **<ф>** фонемасынан басталатын сөздер орыс тілінде мүлде аз, бірнеше сөздер *фабрика, фирма, фильм* дегендер еуропа тілдерінен келген. Орыстың кейбір деревнялық говорларында **[ц, ч]** аффрикаттардың орнына **[с, ш]** дауыссыздары айтылады: *птица, курица, конец* деудің орнына *птиса, куриса, конес* десе, *чай, чисто, ночь* дегенді *шай, шисто, ношь* дейді, себебі аффрикаттар төл славян тілінде қолданылмаған және **<в> ~ <ф>**; **<с> ~ <ц>**; **<ч> ~ <ш>** деген фонологиялық оппозициялар болмаған, олар фонологизация құбылысының нәтижесінде орыс тілінің фонетикалық жүйесіне кейінірек енген.

Негізгі фонемалардың сөйлеуде көрініс табатын дыбыс түрленімдері синтагматикалық осьте қарастырылады. Мысалы, *atsa* [attsa], *qajtšy* [qajtčy], *qabaq* [qavaq], *tapšy* [tafšy] деген сөздерде тілдің парадигмасында, нақты айтқанда, қазақ тілінің фонетикалық жүйесінде кездеспейтін **[ts]** (ц), **[č]** (ч), **[v]**, **[f]** дыбыстар

айтылады: **[Ts]** дыбысы *цирк* деген сөздегі **[ts]** (ц) мен бірдей естіледі, **[č]** дыбысы *часовня* деген сөздің **[č]** (ч) дыбысына тең, ал **[v]** (в), **[f]** (ф) дыбыстарының артикуляторлық сипаты нақ орыс тіліндегідей болмағанымен, бірақ соларға жуық айтылады. Келтірілген дыбыстар қазақ тілінің төл дыбыстарына жатпаса да күнделікті өмірде позицияға байланысты қолданылады. Қазақ тілінің төл фонетикалық жүйесінде, парадигмасында **<ts>** (ц), **<č>** (ч) аффрикат фонемалары жоқ болса да сөз ағымындағы синтагматикасында негізгі фонемалардың вариациясы ретінде олар жиі кездеседі. Мысалы: *ketse* [kettse]; *ötse* [ʷöttse]; *satsa* [sattsa]; *ketši* [ketči]; *ötši* [ʷötči]; *satšy* [satčy] т.б. Аталған сөздердегі **<s>**, **<š>** фонемаларының **[ts]** (ц), **[č]** (ч) вариацияларда айтылуы олардың сөздегі алатын орнына байланысты, басқаша айтқанда, көршілес дыбыстардың әсерімен осылай түрленіп тұр. **[Ts, č]** дыбыстарының дербес фонемаларға айналуы үшін олар сөздердегі алатын позициясына тәуелді болмау керек. Позиция тәуелділігінен құтылып, басқа фонемалармен фонологиялық оппозиция құрған кезде ғана бұл дыбыстар дербес фонемаларға айналуы мүмкін.

Егер жалпы түрік және еуропа тілдеріндегі вокализм туралы айтатын болсақ, ғалымдардың пікірінше, типологиялық универсалды вокализм өте кедей, екі-үш дауыстылардан ғана тұрған. Француз түркітанушысы Л.Базен көне түркі тілдерінің құрылымында тек екі ғана дауысты фонеманы атап көрсетеді. Олар: **<a>** мен **<y>** дауысты дыбыстар. Ашық- қысаң деп бөлініп, олардың варианттары дивергенция құбылысының нәтижесінде жеке фонемаларға айналып, саны сегізге дейін өскен. Тілдің даму барысында **<a>** фонеманың аллофондары **<o>**, **<ö>**, **<e>** қатарларын құрса, **<y>** фонемасының аллофондары **<i>**, **<u>**, **<ü>** фонемаларына айналды. Біздің байқауымызша, фонеманы сипаттайтын ажыратушы белгілердің ішінде ашық-қысаң айырым белгілерінің орны бөлек. Бұл айырым белгісінің ең ежелгі және тұрақты екені көрінеді. Үндестік заңына бағынатын фонеманың жуан-жіңішке, езулік-еріндік айырым белгілері кейбір жағдайда мағына ажыратушы қызметке қатыспайды, мысалы, *tas – tys, qal – qyl, qas – qys, qar – qyr, qon – qun, bol – bul, kün – kön, däm – dem, bil – bel.* Бұл жағдайда тек ашық-қысаң айырым белгісі мағына айқындаушы қызмет атқаратынын көруге болады. Хронология жағынан қарағанда, ең алдымен ашық-қысаң айырым белгісі бөлініп шығып, фонемалардың оппозиция құруына себеп болған. Содан кейін консонантизмнің дамуына байланысты жуан-жіңішке, езулік-еріндік айырым белгілері қалыптасқаны ақиқат.

Н.А.Баскаковтың пікірінше, түркі тілдеріндегі фонологиялық құрылым моновокалды типпен ерекшеленіп, басқаша айтқанда, барлық дауыстылар бір ғана дауысты фонеманың варианттары болып, буын құрушы қызметін атқарған. Ғалым зерттеуінде дыбыстар жүйесінің эволюциясы бес кезең аралығында қарастырылды (алтай дәуіріне дейінгі уақыт, алтай дәуірі, ғұн дәуірі, көне түркі дәуірі, жаңа түркі дәуірі) және әр кезеңге сай дыбыстардың даму жолдары көрсетілді. Алтай дәуіріне дейінгі уақытта дауысты дыбыстар буын түзуші қызметінде ғана жұмсалып, морфонемаға сәйкес келсе, алтай дәуірінде түркі тілдері морфема және қосымшамен бірге агглютинативтік құрылысына жеткен [*Баскаков*, 1988].

Базен мен Баскаковтың пайымдаулары бір-бірімен үндеседі және барлық тілдерге тән фонологизация құбылыстарының механизмін, аллофондардың фонемаларға айналуының негізінде фонология заңдылықтарын ашып беруге көмектеседі.

Қайсыбір түркі тілдерінің фонологиялық заңдылықтарын ашу үшін сөздің фонологиялық талдауы ең алдымен түбір морфеманың фонологиялық процестерін ашудан басталу керек, содан кейін ғана аффикстік-морфемалардағы құбылыстарын қарастыруға болады. Басқаша айтқанда, қайсыбір түркі тілдерінің фонологиялық заңдылықтарының типін анықтау үшін, ең алдымен басы мен аяғында дауыссыз дыбыстар мен ортасында дауысты дыбыстың элементі бар түбірлі морфеманың қасиетін білдіретін фонологиялық құбылыстарды зерттеу керек, содан кейін ғана аффикстік морфемалар мен түбірлік морфемалардың қосындысының фонологиялық мүмкіндіктерін қарастыруға болады.

Бір буынды түбірлі морфемаларды зерттеген Ә.Қайдаровтың пікірі бойынша, бір дауыстыдан тұратын буын ертеде одағайлардың қызметінде қолданған. **[А]** дауыстысы сегіз одағайдың мазмұнын көрсеткен. **[Ә]** дауыстысы он бір одағайдың мазмұнына сәйкес келген. **[Е]** дауыстысы алты одағайдың мазмұнымен сипатталған. **[О]** дауыстысы одағай мазмұнымен қатар, өзі есімдіктің қысқарған түрі [*Кайдаров*, 2005, с.44].

Типологиялық туыстас және туыстас емес тілдерді зерттеу нәтижесінде, түркі және еуропа ғалымдарының айтуына қарағанда, барлық тілдердің көне құрылымы бірдей және түбір тілдермен біркелкі болған. Өзінің ежелгі даму тарихында еуропа тілдерінің ататілі түбір тілдерге жатқан, содан кейін агглютинативті және флективті тілдерге ауысқан. Агглютинативтік тілдердің түбір тілдерге сәйкес келген кезеңінде сөздердің моновокалдық құрамында көрінетін айырым белгілері қазіргі Онтүстік-Шығыс Азияның тілдеріне сай әуеннің көтерілу-бәсеңдеуімен ерекшеленген. Герман тілдерінің фонологиялық жүйелерінің эволюциясын зерттеген ғалымдардың айтуынша, еуропалық тілдердің ататілін қазіргі қытай тілімен салыстырғанда, олардың фонетикалық жүйесінде вокализмнің кедейлігімен қатар дауыссыздардың түрленім реңктерінің байлығы байқалады.

Фонологиялық жүйелердің тарихында фонемалардың түрлі өзгерістерге түсуі орын алады. Бір фонемаға я фонема тіркесіне қатысты тұрақты дыбыс өзгерістері барлық фонетикалық позицияда да және бір позицияда да кездесе береді. Мысалы, орыс және басқа да славян тілдерінде дауыстылардың мұрынды түрлері жойылған. Неміс тіліндегі дифтонгтар **[io/ia] > [ie, uo/ua]** созылыңқы дауыстыларға **[i:]**, **[u:]** ауысқан. Ескі француз тіліндегі қысқа және созылыңқы дауыссыздардың да қарама-қарсылығы жойылды.

Фонологиялық жүйелердің даму процесінде **созылыңқы дауыстылардың қысқаруы** орын алған. Мысалы, ескі түрік тілінде *ta:m*, қазақ тілінде *tam*, ескі түрік тілінде *qa:r*, қазақ тілінде *qar.* Сондай-ақ ескі түрік тіліндегі басқа да созылыңқы дауыстылар (**[a:] > [a], [u:] > [u], [o:] > [o], [e:] > [e]**) қысқартылған. Бұл үдеріс еуропа тілінде де орын тапқан. Латын тіліндегі кейбір созылыңқы дауыстылар қысқарған. Мысалы, **[a:] > [a] l, m, r, t** дауыссыздардың алдында *laudat* «мақтайды». **Қысқа дауыстының созылуы** да тілдердің тарихи кезеңдерінде кездескен (**[i] > [i:]**, **[ö] > [ö:]**, **[o] > [o:]**), ескі түркі тілінде *bigiz*, түрікмен тілінде *bi:z*, ескі түркі тілінде *söŋük* алтай тілінде *sö:k*, ескі түркі тілінде soγuq алтай тілінде *so:q*. Кейбір түркі тілдерінде (қырғыз, түрікмен, хакас) дауыстылардың созылыңқы/қысқа айырым белгілері сақталған, мысалы, түрікмен тілінде *zha:z* (жаз), *a:q* (ақ), хакас тілінде *ha:s* (белбеу). Басқа түркі тілдерінде көбінесе созылыңқы дауыстылар жойылған.

Қысқа және созылыңқы дауыстылардың фонологиялық мәнін ескеру керек, басқаша айтқанда, бұл айырым белгі арқылы сөздердің мағынасы ажыратылады, мысалы, түрікмен тілінде *to:z* – шаң және *toz* – «тозу» деген мағынаны білдіреді, a:rt біреудің «арты» және *art* «жүк арту» деген мағынаға сәйкес келеді. Дауысты дыбыстың созылыңқылығы дауыссыздардың редукциясы, түсіп қалуы, тартылуы процестердің нәтижесінде орын алған құбылыстар, мысалы, хакас тілінде *seŋek > se:k, aγys > a:s, oγyl > o:l*, шор тілінде *paγyr > pa:r, pügün > pün*. Сөз ішінде дауыссыз дыбыс түсіп, элизияның нәтижесінде, одан кейінгі дауысты дыбыс алдыңғы буынның қатарына келіп тұрғаны байқалады. Ә.Кайдаровтың айтуынша, дауысты дыбыстардың *бірінші дәрежедегі* созылыңқылығының фонологиялық, мағына ажыратушы қызметі бар, мысалы, түрікмен тіліндегі *at* пен *a:t*. Тұрақсыз дауыссыздардың **[g]** (г), **[γ]** (ғ), **[w]** (у), **[j]** (й), **[h]** түсіп қалу нәтижесінде екі бір буынды түбір пайда болады: оғул *oγul* (оғул) > *o:l* және *ul* (ұл). Бұл дауысты дыбыстың *екінші дәрежедегі* созылыңқылығын көрсетеді [*Кайдаров*, 2005, с. 96.].

Созылыңқы дауыстының **дифтонгизациясы** барлық тілде кездесетін әмбебап құбылыс. Якут тіліндегі **[уа], [іе], [іо], [üö]** дифтонгтары дауыстылар мен дауыссыздардың бірінің біріне тартылуының нәтижесі болып табылады. Ескі неміс тіліндегі **[i]** неміс тілінде **[ei]** - ге ауысады, мысалы, *min > mein*. Дифтонгтың **монофтонгизациясы** да әмбебап құбылысқа жатады. Ескі түркі тілдеріндегі **[уа], [іе], [іо], [üö]** осы құбылыстың нәтижесінде **[а], [е], [о], [ö]** монофтонгтарына ауысқан. Еуропа тілдерінде де бұл процесс байқалған. Латын тіліндегі **[ае], [uo]** дифтонгтар ескі неміс тілінде **[е]** және **[u]** монофтонгтарына ауысқан, мысалы, *guot > gut* «жақсы». Ескі неміс тіліндегі дауыстыдан тұратын тіркестен монофтонгизацияның нәтижесінде бір жуысыңқы фонема пайда болды **[s] + [x] > <S>**.

Түркі тілдерінде ашық дауыстылар екпінсіз позицияда **редукцияланып**, қысаң дауыстыға айналды. Мысалы, ескі түркі тілдеріндегі **[а]** мен **[ä]** ұйғыр тілінде **[і]** мен **[u]**-ге ауысты, *kema > kemilär, harva > harvular, bala > balysy*. Ескі неміс тілінде де бұл құбылыс байқалған: *zunga*, қазіргі неміс тілінде *zunge* «тіл». Қыпшақ тобына жататын түркі тілдерінің көпшілігінде, оның ішінде қазақ тілінде жеке сөздердің айтылуында қысаң дауыстылар буын тоғысында түсіріліп айтылады. Мысалы: *auyla > aulym, ojyn > ojna, auyz > auzym, erni > ernim*. Екпін түспеген буындардың көмескіленуі оның соңына қарай жылжуына, сөз құрамының күрделенуіне байланысты. Алдыңғы еріндік **дауыстылардың делабиализациясы** түркі тілдерінің қыпшақ және оғыз топтарында кездеседі, мысалы, қазақ тіліндегі *eški, tyrna* ескі түркі тілінде *öcki, turna,* түрікмен тілінде *tepe,* ескі түркі тілінде *töbe*, жалпықыпшақ тілінде *jüz, jük* қараим тілінде *jiz, jik*. Делабиализация құбылысы қарлұқ тобының өзбек тілінде екі буынды сөздердің екінші буынында кездеседі: *uzun>uzin, učun>učin*. Еріндік дауыстылардың делабиализациясы еуропа тілдерінде де ұшырасады, ескі ағылшын тілінде *fyllen*, қазіргі ағылшын тілінде *fil* «толтыру».

Қазіргі қазақ тілінде көне түркі тіліндегі **[ү]** делабиализацияға ұшырап, **[і]**-ге айналады. Мысалы: көне түркі тілінде *kumuš*, қазақ тілінде *kumis*, сондай-ақ *ökünüč > ökünіš, tügünčük > tüjinšik, üčün > üšin* т. б.

Тарихи **лабиализация** ұйғыр тілінде орын алған: *qasyq> qosuq, tany>tonu, asyq>osuq, tämir>tömür, mamaj > momaj, bavaq > bovaq*. Өзбек тілінде де лабиализация құбылысы кездеседі: *qatik>qatuw, keldik>keldиw, borarmiz>borarwuz*.

Әзірбайжан тілінде: *baš > boš, davan > dovan, tava >tova.* Түрікмен тілінде: *jabaš > jybaš, min > mün.*

Европа (француз, неміс) тілдерінде де кейінді (регрессивтік) ассимиляция орын алып, лабиализация құбылысының нәтижесінде еріндік дауыстылар пайда болған.

Сөз тұлғаларының тарихи дамуында із қалдырған құбылыстардың бірі **метатеза** құбылысы, дыбыстардың өзара орын ауыстырып келуі. Ескі түркі тілдерінде *jaγmur || jamyur, sarymsaq || samyrsaq, orta || otra, talas || tasal, äpke || äkpe, bayla || balγa.* Метатезаға ұшырайтын дыбыстар: ***γl || lγ, rt || tr, pk || kp*** тағы басқалар. Бұл құбылысты айқындау үшін ескі жазбалар тілін бүгінгі тіліміздегі фактілермен салыстырып қарастыру қажет. Метатеза құбылысын ғалымдар көбінесе М.Қашқаридің еңбегінен алып зерттеді.

Метатеза құбылысы еліктеуіш сөздер шеңберінде К.Хұсайыновтың еңбегінде қарастырылды [*Хусаинов*, 1988, с. 49]. Автор метатезаның типологиялық заңдылықтарын көрсетіп, дыбыс алмасуында жұппен келетін дауыссыздарды мысалға келтіреді: **[s – q], [q – s]; [t – p], [p – t]; [q – č], [č – q]; [q – š], [š – q]; [t – q], [q – t]; [t – s], [s – t]; [p – š], [š – p]; [s – p], [p – s].**

Ататілдегі фонологияның ішкі реконструкциясын қарастырып көрейік. Ішкі реконструкция дегеніміз көп жағдайда бір тілдің синхрондық морфонологиялық зерттелуіне сәйкес келеді. Себебі тілдің фонетикалық өзгерістерінің арқасында тіл тарихының кейбір кезеңдерінде фонологиялық болып келген өзгешеліктер морфонологиялық деңгейге көтеріледі. Мысалы, орыстың қазіргі әдеби тілінде екі түрлі **[е]** бар екені белгілі. Екпінсіз сөздегі **[е]**-лер бірімен-бірі бірдей болады. Жіңішке дауыссыздың алдындағы **[е]**-нің де ешбір айырмашылығы жоқ сияқты. Ал жуан дауыссыздың алдындағы **[е] [о]**-ға айналып кетеді. Мысалы, *плеть-плетка* деген сөздерде **[е] [о]**-ға ауысып кетті, ал *сеть-сетка* деген сөздерде жіңішке дауыссыздың алдындағы **[е]** өзгермей қалды. Бұл жердегі **[е]** мен **[о]** - ның алмасуын түсіндіретін заң жоқ болғандықтан, ғалымдар *плеть* және *сеть* деген сөздердегі **[е]** - лерді бұрын бір-біріне ұқсамайтын екі түрлі фонемадан пайда болған деп болжайды.

Ескі ескерткіштердегі жазуларда да оларды екі түрлі белгілейді: **е** және **Ѣ** (ять) деп. Бұл екеуі екі түрлі фонема болған деген болжамды нақтылайтын сияқты. Ішкі реконструкция ататілде ертеректе қолданылған бір фонеманың екі фонемаға сәйкес келгенін ғана анықтап қоймай, одан да бұрынғы тарихи процесте бір фонеманың бірнеше және әртүрлі фонемаға сәйкес келетінін де ашып бере алады.

Фонологиялық жүйелердің даму процесіне байланысты буынның негізгі қызметі өзгерген. Буынның морфемаға сәйкес келуі бірте-бірте жойыла бастайды. Дауысты дыбыстар өзінің тәуелділігінен құтылып, өздері жеке буын құрайтын болды. Сонымен, дауысты дыбыстардың кіші жүйесі пайда болды. Жаңадан пайда болған вокализмнің кіші жүйесі алдымен екі-үш дауыстылардан тұрған. Тілдің даму процесімен бірге, дивергенция құбылысының нәтижесінде дауыстылардың позицияға байланысты аллофондары жеке фонемаларға ауыса бастады. Сөйтіп барлық тілдерге тән универсалды фонологизация құбылыстарының негізінде фонемалардың саны өсті. Көне славян тілдерінің алғашқы фонологиялық талдау негізінде праславян тілінің буын сингармонизмі туралы болжам жасалған. Сингармонизм (үндестік заңы) туралы идея кез келген тілдің фонологиялық жүйесіндегі тарихи фундаменталды концепцияға жатады. Бұл туралы қағида Бодуэн де Куртенэ, Р.О.Якобсон, Р.И.Аванесов, В.Н.Сидоровтардың еңбектерінде

кездеседі. Сингармонизм, яғни үндестік заңы, А.А.Шахматовтың айтуынша, бір-біріне жақын тұрған дыбыстардың бір тембрмен үндес айтылуы. Р.И.Аванесов тілдегі силлабема (буын) кезеңі туралы өзінің ғылыми пікірін ұсынған. Орыс ғалымдарының сингармонизм туралы жоғарыда айтқан идеялары түркі тілшілері зерттеулерінің ғылыми ұстанымдарымен үндеседі. Жоғарыда көргендей, қазіргі түркі тілдеріне тән сингармонизм заңы бұрын славян тілдерінде де болған екен. Бұл сингармонизм заңы барлық тілдердің даму процесінде орын алған құбылыс деп болжауға болады.

Сонымен, әр тілдің фонематикалық құрылымының өзгеруі - оның дыбыс жүйесінің үздіксіз дамуының нәтижесі болып табылады. Фонемалардың дифференциялану негізінде, олардың аллофондары, тілдің дамуына сәйкес, мағына айқындау қасиетіне ие болады. Типологиялық туыстас және туыстас емес тілдердің дербес фонемалары жаңа ұғымдарды таңбалау үшін басқа тілдерден келген кірме лексикамен және тілдің ішкі заңдылықтарына байланысты конвергенция, дивергенция процестерінен өтіп пайда болады.

Тілдің ішкі заңдылықтарына байланысты және кірме сөздердің әсерімен ондай дыбыстар дербес фонемаларға айналады. **Фонологизациялану процесі – барлық тілдерге тән әмбебап құбылыс.** Әртүрлі деректерге сүйенсек, еуропа тілдерінде де, түркі тілдерінде де байырғы заманда фонемалардың саны аз болған. Тілдің даму процесіне байланысты фонемалардың вариациялары позицияға тәуелді болмай фонологизацияланады. Қазіргі кезде дамыған еуропа тілдерінде фонемалардың саны аз емес, мысалы, латын алфавитінде 26 әріп бар, ал фонемалардың саны оған қарағанда әжептәуір көп: ағылшын тілінде 44, француз тілінде 35, неміс тілінде 42, итальян тілінде 32. Себебі латын әліпбиі көне замандардан келе жатыр, содан бері фонологизациялану процесіне байланысты барлық тілдердегі фонемалар саны өскен.

Қазіргі қазақ тілі фонетикалық жүйесінің даму процесінде оған ішкі және сыртқы фактілер әсер етеді. Бір жағынан, орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген сөздердің дыбыстары, екінші жағынан, қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына сәйкес, фонема вариацияларының синтагматикалық осьтен тілдің парадигмасына, оның фонологиялық жүйесіне енген дыбыстары. Адамның сөйлеу процесінде кейбір дыбыстар позицияға тәуелділігінен құтылып, басқа дыбыстармен оппозиция жасауға мүмкіндік алады. Бір оппозицияның мүшесі болуымен ғана дыбыс дербес фонеманың статусын алады. Қазақ тіліндегі фонемалардың вариациялары фонологизацияланып, өзінің негізгі фонемаларымен оппозиция құрса, сонда ғана олар тәуелсіз жеке фонемаға айналады, мысалы, *satsa* **<s>** ~ **<ts>**, *qajtšy* **<š>** ~ **<č>**, *obal* **<b>** ~ **<v>**, *qypšaq* **<p>** ~ **<f>** деген сөздерде **[ts]**, **[č]**, **[v]**, **[f]** дыбыстары болашақта қазақ тілінің төл дыбыстарынан айырмашылығы болмас деп болжауға себеп бар. Орыс тілінен келген сөздерді есепке алмасақ та, қазақ тілінің өзінің фонетикалық құбылыстарына сәйкес аталған дыбыстар күнделікті өмірімізде жиі кездеседі де, қолдану, айту процесінің нәтижесінде қазақтардың артикуляторлық аппаратына сіңісіп, икемделіп, тілдің артикуляциялық базасына өзгерістер енгізеді.

Қазіргі таңда қазақ тілінің фонемаларының саны өсу барысында, фонологизациялану процесі жүріп жатыр. Сөйтіп, қазақ тіліндегі фонологизация процесі фонема теориясының әрі қарай дамуына, кейбір күрделі проблемаларын анықтауына мүмкіндік береді және фонологияның теориялық принциптері кейбір орфография мен орфоэпияның талас мәселелерін шешуге үлес қосады. Фонетика-фонология

құбылыстарының даму тарихын жүйелі түрде зерттейтін диахрондық фонология тілдердің барлық құрылымдық типтерінің тарихи өзгеріс нәтижелерін, әмбебапты фактілерін пайдаланып, тілдің тарихын, ататілін түзіп, ежелгі қалпында зерттеуге мүмкіндік береді.

ЕУРАЗИЯЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ СИЛЛАБЕМА ТЕОРИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

Қазіргі таңда Еуразияны мекендеуші түркі халықтарының тарихын, рухани және материалдық мәдениетін, әдебиетін, тілін, ділін жан-жақты, тереңдетіп зерттеуі айрықша жанданып отырғаны байқалады. Тәуелсіздікке қол жеткен қазақ халқы ұлттық мәдениет құндылықтарын жаңғыртып, ұлттық тілінің тарихын, қайнаркөздерін іздестіруде. Әлемдегі жаһандану процесіне сәйкес түркі елдері де өздерінің ұлттық тарихын зерттеу елегінен өткізіп, олардың бірігу үрдісі де күшейе түсуде. Түркі халықтарын тұрмыс-салты мен әдет-ғұрыптары, салт-сана ортақтығы, мәдени, ділдік ұқсастықтар да біріктіріп отырғаны күмән тудырмайды. Халықаралық мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастар әлемдік қоғамдастықтың гүлденуіне әкелетіні сөзсіз. Сондай-ақ түркі әлемінің жалпы адамзат әлемінен ерекшеліктері, ұлттық құндылықтар өзгешеліктерінің табиғаты, әлемдік өркениетке қосқан үлесі ғылыми шешімдерін күтеді.

Түркі тайпалары, олардың ірі этностық бірліктері Еуразиялық кеңістікте, батыста Дон, Еділ, Жайық өзендерінен, шығыста Орхон-Енисей өзендерін қамти өтіп, Оңтүстікте Тянь-Шань тауларына дейінгі байтақ ұлы даланы жайлап, малын өсіріп, той-думандатып, ат жарыстырып, көшіп-қонып жүрген бабаларымыз жан-жағындағы елдерге ықпал жасағандары ақиқат. Олардың өмір-салтына, шаруашылығына әдет-ғұрпына түрлі алыс елдерден келген саяхатшылар мен зерттеуші ғалымдар қызығушылық танытқандары анық. Түркі тайпаларының байтақ жатқан сулы-нулы жерлеріне Ресейдің 1 Петр патшасының көңілі ауып, өзінің ғалымдарына қосып миссионерлерін жіберіп отырған. Олардан да бұрын түрлі зерттеуші, қызығушы ғалымдар Еуропадан да келе бастаған. Мысалы, Англиядан профессор Дж.Клоусон, Польшадан профессор П.Цыма, Германиядан проф. Э.Триярский, Швециядан профессор Г.Ярринг, Франциядан Л.Базен т.б. Белгілі түрколог Н.А.Баскаков өзінің «Тюркские языки» деген кітабында ертеден бастаған түрколотардың еңбектерінің елеулілеріне көңіл аударып, өз кітабында оларға шолу жасаған.

Егер де біз негізгі қоғамы ретінде қазақ қоғамын алсақ, оған тарихи және хронологиялық ең жақын ноғай қоғамы еді. XV ғасырда одан өзінің қазақ тілімен қазақтар қоғамы бөлініп шықты деуге болады. Бұл ноғай қоғамынан қазақтар ғана емес, қарақалпақтар, ноғайлар, башқұрт, татарлар да шыққан. Қазіргі уақытта да өзара ең жақын, туысқан тілдер – қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдері. Бұлар бір уақытта Ноғай ордасы атанған белгілі қоғамға қараған. Ол қоғам XIV-XV ғасырлардан бұрын белгілі болып, Дешті-Қыпшақ деп аталған көлемді аумақты алып жатқан қыпшақтар тайпалары жайлаған байтақ жер. Бұл байтақ жерді алып жатқан мықты ұйымдасқан түркі тайпалары қыпшақ тайпаларымен бірігіп, XIII ғасырда басып кірген моңғолдарға тойтарыс беріп қана қоймай, оларды өздеріне сіңіріп жіберген. Одан да бұрын хунну империясында Батыс түрік, Шығыс түрік

қағанатының ішіне кірген түркі тайпалары хунну империясымен бірге ыдыраған.

Түркі әлеміндегі қоғам дамуында түрлі тарихи әлеуметтік және мәдени өзгерістер, жаңғыртулар ұлттық тілде көрініс табады. Қазақ тілін генетикалық және типологиялық жағынан туыстас тілдермен салыстыра-салғастыра зерттеу мәселесі кеңінен өріс алып келеді. Түркі тілдерінің жалпы фонологиялық заңдылықтарын зерттеу барысында түркітанушылардың назар аударып отырған басты мәселесі – көне ескерткіштерде тілдік ерекшеліктерін оның жазылған дәуіріндегі, одан бұрынғы және кейінгі дәуірлердегі ескерткіштермен салыстыру арқылы тілдің фонетикалық құрамын барынша дәл айқындау. Ұлттық тілдің жалпы халықтың өмір тіршілігінің көрінісі болғандықтан, оның даму, қалыптасу кезеңдерін анықтау, өзгеру механизмдерін білу тілдің қазіргі күйін айқындай түсуге жол ашады. Түркі әлемінің мәдениетаралық кеңістікке ену барысында ұлттардың, қоғамдардың, тілдердің, ұлт өкілдерінің өзара байланысы, әлеуметтік мәдени білімі мен тілде көрініс табатын мәдени-рухани ерекшеліктерді білуі субъектілердің өзара түсінісуінің алғышарты болып табылады.

Қазақстан халықаралық аренаға шығып, шетелдермен терезесі тең түрде жан-жақты қарым-қатынас орнатып жатқан шақта, халықаралық қатынасты заман талабына бейімдеу үшін қазақ тілін туыстас түркі тілдерімен және туыстас емес тілдермен салыстыра зерттеудің қажеттілігі туындап отыр.

Әртүрлі семья тілдерін тарихи-салыстырмалы зерттеу барысында олардың туыстық шеңберін әр уақытта одан әрі ұлғайтуға тырысып, тілдердің бір семьясының туыстық байланысын оның екінші семьясына созып жеткізіп, олардың ерте замандардағы генетикалық туыстығын дәлелдеу әрекетін жасау орын алады. Лингвистикалық ғылымның тарихында үндіеуропалық тілдерді семит тілдерімен, угрофинн тілдерін алтай тілдерімен үндіеуропалық тілдерді түркі және орал-алтай тілдерімен жақындастыруға әрекет жасалған. Тағы да түркі тілдерін орал тілдерімен, моңғол тілдерімен, угрофин тілдерін үндіеуропа тілдерімен, орал тілдерін тағы басқа тілдермен туыстастыруға тырысты. Егер бұрынырақта көбінесе жеке семьялы тілдерді басқа семьядағы тілдермен, мысалы, семит тілдерін үндіеуропа тілдерімен, түркі тілдерін угрофин тілдерімен жақындастыруға тырысса, ал мұндай процесті қазіргі жағдайдағы зерттеулерде қарастырсақ, онда арасында туысқандық қатысы бар тілдерге өте алыс көп тілдерді қосады.

Ескі дүние (старый свет) мен жаңа дүниенің тілдерін генетикалық жақындату үшін М.Суодеш жер жүзінде өте үлкен аумақты алып жатқан тілдердің барлығы туралы бір қорытындыға келеді. Оларды ол дене-финдік (finnodennean) деп арасы ең алшақ екі кеңістіктегі тілдер тобын – біреуі Америкадағы атапақтық (атапакских) дене тілінің, екіншісі Еуразиядағы финн-угор тілдерінің атымен атайды.

В.М.Иллич-Свитыч та туысқан тілдердің үлкен тобын бөлектеп алып, оны **ностратикалық тілдер** деп атайды. Ол ностратикалық тілдерге Ескі дүниеден (Старый свет) алты тілдік топ жатады дейді: үндіеуропалық, алтайлық, оралдық, дравидиялық, картвел және семито-хамиттық [*Иллич-Свитыч,* 1968].

Ғалымдардың белгісіз тілдерді іздеп-табу талабы әрине құптайтын жағдай. Тілтаным ізденіс тарихында кейде ұтымды жағдайлар да болып тұрған. Бір уақыттарда самодий тілдерінің финн-угор тілдерімен туысқан екені белгісіз болған. 1915 ж. Финнің белгілі тілшісі Е.Сетелланың «Zur Frage nach der Verwandschaft der finnisch-ugrischen und samojedischen Sprachen» деген еңбегі

шыққаннан кейін самодий тілдерінің финн-угор тілдерімен туыстығы белгілі болды. Содан кейін самодий тілінің материалдарын финн-угорлықтар кеңінен қолдана бастады. Бұл жағдай барлық тілдердің генетикалық байланыстары әлі түгелімен зерттеліп болмағанын, әлі де болса белгісіз тілдердің табылып, олардың бізге бұрыннан таныс тілдердің топтарымен генетикалық байланысы анықталуы мүмкіндігін көрсетеді.

Жоғарыда айтылып кеткендей, қазіргі заманғы ғалымдар тілдердің туыстық семьяларына мөлшері, саны өте көп болып шығатын тілдерді қосуға тырысады. Бұл үрдіс кездейсоқ емес. Бұл үрдістің өзіне пайдалы себептері де бар. Олар мыналар: 1) Бір туыстық топқа қосылатын семьялардың саны неғұрлым көлемді де көп болса, бұл тілдерді зерттейтін тарихи келешек аумағын да әрине кеңейтеді. Егер Орал ататілі 10-15 мың жыл бұрын өмір сүрсе, ностратикалық тіл одан тарихи көп ертедегі терең кеңістікте болған болуы керек. Онда ол тілдердің өмір сүрген кезеңі бізден 30 мың, тіпті 40 мың жыл бұрын болған сияқты. 2) Қандай бір тілдік семьяда туысқан тілдердің саны неғұрлым көп болса, соғұрлым ол тілдердің кейбір түрлерінде нақилы сирек ескі архаизмдер кездесуі мүмкін. Ол ескіден қалған архаизмдерді зерттеу нәтижесінде біз қазіргі тілдердің кейбір тарихи түсініксіз мәселелерін анықтап алуға мүмкіншілік алар ма едік. Жаңа табылған деректердің арқасында фонетикалық жаңа заңдар мен көне грамматикалық құрылымдардың элементтері бізге туысқан тілдердің даму жолы туралы дәлірек түсінік берер еді. 3) Көп тіл топтарының туыстығын дұрыс көрсету, олардың көне замандарда қандай географиялық кеңістіктерде орныққанын дәл анықтауға көмектесер еді.

Ұлттың тілі, тарихы, мәдениетін, рухани қазынасы, дүниетанымы тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырған жағдайда ғана түркі әлемін шынайы танып білуге жол ашылады, сонымен қатар ұлттық тілдің қазіргі өркениетіміздің, ұлтымыздың қалыптасуына ұйытқы болғандығы белгілі. Түркі әлемінің рухани құндылықтары, ғасырлар бойы қалыптасқан өмір тәжірибесі, мәдениеті, салт-дәстүрі оның тілінде сақталады. Тілдің дыбыс жүйесін функционалды жағын зерттейтін лингвистиканың негізгі саласы - фонологияның жалпы тілтанымының қалыптасуына зор үлес қосқаны белгілі. Фонологияның жалпы заңдылықтары, құбылыстары мен ұғымдары тіл білімінің аясын кеңейтіп, тереңдетіп дамытты. Тіл білімінде өзінің даму барысында түрлі өзгерістерге түсіп, жаңарып немесе қайта қалыптасып жататын дыбыстардың табиғатының даму жолдарын анықтайтын салыстырмалы фонологияның маңызы зор. Оның ішінде дыбыстар жүйесіндегі дауысты, дауыссыздарды синхрондық және диахрондық аспектіде қарастырудың мәні ерекше. Туыстас түркі тілдерінің вокализм мен консонантизм жүйелерінің даму тарихы мен кезеңдерін салыстырмалы-тарихи әдістер арқылы сипаттау қазақ тіл білімінде өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Түркі тілдерін өзара топтастыру және генеологиялық классификацияға сүйене отырып, олардың тарихи фонологиясы мен фонетикалық жүйесінің қазіргі қалпы кешенді түрде бірге қарастырылады. Салыстырмалы фонологияда тек туыстас тілдердің деректері ғана емес, сонымен бірге туыстас емес тілдердің де фактілері алынады. Әр тілдің өзінің типологиялық ерекшеліктері мен универсалиялары (әмбебаптылығы) ескеріліп, олардың тарихын және ататілі фонологиялық жүйесін түзуге болады. Барлық тілдерге тән универсалды фонологизация құбылыстарының негізінде дыбыстардың фонематикалық мәртебеге көтерілуі, дыбыстардың позицияға байланысты аллофондарының жеке фонемаларға ауысуы, мағына

айқындау қасиетіне ие болуы туыстас және туыстас емес тілдерінің материалында көрінеді. Тілдердің **буындары** да, даму үдерісіне байланысты морфемалармен сәйкес келуінің бірте-бірте жойыла бастағанын да, олардың негізгі қызметі өзгергенін де деректер арқылы дәлелдеу қажет.

Н.А.Баскаковтың пікірінше, біріншіден, көне және қазіргі түркі тілдерінің фонологиялық құрылымдарының модельдерін ретроспективтік әдіспен қарастыру үшін түркі сөздерінің сингармонизм заңын жан-жақты да тереңірек зерттеп білу керек, екіншіден, түркі тілдеріндегі дауысты дауыссыз дыбыстардың жүйесінің дамуын зерттей отырып, оның көне тілдер мен кейінгі конкретті тілдердің фонологиялық құрылымына тигізетін әсерін қадағалау, үшіншіден, фонологиялық деңгейдің морфологиялық және синтаксистік деңгеймен өзара қатысын зерттей келіп, олардың қазіргі түркі тілдерінің түбірлік жүйеден агглютинативтік жүйеге көшудегі заңдылықтарының ұқсастығы мен айырмашылығын байқау, төртіншіден, диахрониямен байланысты вокализм мен консонантизмнің дамуының арқасында пайда болған фонологиялық құрылымның көне және жаңа түрлерін белгілеу және олардың дамуына әсер еткен әртүрлі субстратты және адстратты тілдердің вокализмі мен консонантизмінің де әсерін ашып анықтау.

Түркі тілдерінің барлық деңгейі бір-бірімен тығыз байланысты, бұның өзі түркі тілінің жалғамалы типологиясына байланысты болса керек және түркі тілдерінің фонологиялық құрылымына әсер етеді. Егер сөйлем мен сөз тіркесі сөздің морфологиялық құрылымын анықтайтын болса, ал сөз болса, ол сөздің фонематикалық құрылымын анықтайды, ал фонеманың құрылымына талдау жасалса, ол сөздің морфологиялық құрылымымен тығыз байланысты болады. Тілдің морфологиялық құрылымын анықтайтын синтаксистік деңгейі болса, ол морфологиялық құрылымның өзі тілдегі ерекше фонологиялық құрылымдарды түзеді. Егер де морфологиялық деңгейде сөздің, сөз тіркесінің, сөйлемнің құрылымының өзгеруі қарастырылса, фонологиялық деңгейде сөздің түбір-морфемасының фонологиясы мен оның аффиксінің фонологиясына арнайы көңіл аударылады. Сонымен, сөздің фонологиясы өзінің құрылымы бойынша сөздің морфологиясымен анықталады.

Н.А.Баскаков сөз бен сөз тіркесінің толық изоморфизміне көңіл бөлген. Оның пікірінше, сөз бен сөз тіркесінің бір құрылымдығы, ол бір түбірден тұруы мүмкін, немесе: 1) бір түбір морфемадан және оған қосылған, сөздің жалпы мағынасын көрсететін бірнеше аффикстен және 2) түбірден кейінгі бірнеше аффикстерден абстракті түбірдің мағынасын анықтайтыны. Мысалы, қазақша ***žaz-uw-šy***. Сөз бен сөз тіркесінің изоморфизмі (барабарлығы) сол жалғыз сөздің өзі екі құрамнан тұрады деп санауға мүмкіндік береді: 1) түбір морфемадан немесе түбір морфеманың бір аффикспен немесе бірнеше аффикстің қосындысынан тұратын анықтауыштан және 2) анықталушы құрамнан тұратын, бірнеше аффикстік морфемалардан құрылған абстракті ұғымды білдіретін тұлға.

Қазіргі түркі тілдерінің көбінің байырғы лексикасының түбір морфемаларындағы дауыстыларды алып қарасақ, онда сегіз (басты) негізгі дауысты фонемалар – яғни төрт ашық **<а>, <е>, <о>, <ö>** және төрт қысаң **<у>, <і>, <u>, <ü>**, аффикстік морфемалар – сол дауыссыз дыбыстардың жүйесінде екі негізгі фонемалар **<а>** – ашық және **<у>** – қысаң, ал сингармонизмге тәуелді өзіне үйлесетін варианттарымен сипатталады. Түркі тілдеріндегі түбір морфемалардың құрылымының ерекшелігі оның қазіргі палаталдық және лабиалдық аттракцияда ғана үндестік

заңына бағынуында емес, оның үстіне жақтың қатысына ашық-қысаң болып, дауысты немесе дауыссыз қосындысынан тұрады да, оның өзі не палаталды не лабиалды аттракциямен өзгешеленеді.

Сонымен, сөз бен сөз тіркесінің барабарлығы туралы гипотеза бойынша және әрбір аффикстік морфеманың лексикалық мағынасының тарихи объективтік шындық (нақтылық) екендігі мойындалса, онда сөз бен сөз тіркесіне байланысты жалпы мағыналық, грамматикалық категориялардың заңдылығын да мойындау керек: 1) біріншіден, түбір және аффикстік морфема мен сөз тіркесінің синтаксистік арақатынасының біркелкілігі, яғни морфосинтаксиспен біркелкілігі; 2) екіншіден, әртүрлі сөз таптары мен оларға тән морфологиялық категориялардың біркелкілігі, яғни морфологиялық біркелкілік; 3) үшіншіден, семантикалық дамудың тарихи процесінде абстракцияланған сөздердің мағынасы мен қазіргі лексикалық нақты маңызы бар сөздердің маңызының, яғни морфосемасиологияның біркелкілігі; 4) фонологиялық мазмұнды морфемалардың біркелкілігі. Фонеманың құрылымын зерттеуде оның адамның сөйлеу тіліндегі сөздің мазмұнына енетін лингвистикалық функцияға қатысты ең кіші элементі болса да, оның тілдің бүкіл құрылымына қатысы бар. Белгілі бір тілдің фонематикалық құрылымын фонеманың жиынтығы ретінде қарастырғанда оны басқа тілдің бірліктерімен (буын, сөз) қарастыру керек.

Азия және Африканың кейбір буын тілдерінде «силлабема» буын фонологиялық бірлік болып табылады. Буынның ішіндегі дауысты мен дауыссыздар болжалды болғандықтан, олардың тембрі біркелкі болып келеді. Тығыз қабысқан буындағы силлабема жалғыз сегменттік фонологиялық бірлік болып есептеледі және ол (силлабема) дауысты мен дауыссыздың диффуздығын, яғни олардың өзара бір-біріне кірігіп, тығыз қатынаста болуын қамтамасыз етеді. Егерде еуропалық тілдерде буын синтагматикалық бірлік болса, буындық тілдерде ол парагматикалық бірлік болады.

Ежелгі славян тілдерінде жасалған алғашқы фонологиялық талдау онда буындық үндесу, сингармонизм гипотезасын көтеруге мүмкіндік берді, яғни соған әкеліп соқтырды. Сингармонизмнің біріне-бірі жақын тұрған дыбыстардың тембрінің үндесуі деген идеясы силлабема дәуіріне жатады. Орыс ғалымдарының ежелгі славян тілдеріне қатысты сингармонизм туралы болжаулары сингармонизмді түркі тілдерінде зерттеп, түркі тілдеріне тән құбылыс деген түркологтардың пікірлерімен үндесіп жатыр. Бұл сингармонизм деген қазіргі түркі тілдеріне және ежелгі славян тілдерінің бір дәуірлеріне тән құбылыстары типологиялық мәні бар құбылыс болу керек. Осы құбылысты барлық тілдердің дамуында орын алатын өтпелі, ауыспалы кезең деп айтуға болады. Славян ататілінің фонологиялық жүйесін зерттеген белгілі славист В.К.Журавлев кезінде топталған фонема теориясын дүниеге келтірді. Бұл теория бойынша, топталған фонема (силлабема) құрамында біртоналды біріне-бірі ілескен дауыссыз бен буын құрайтын дауысты дыбысы бар фонемамен барабар бөлінбейтін, ажырамайтын бір буын тәріздес бірлік. Ал топталған сингармонизм құбылысы, яғни вокализм мен консонантизм жүйесінің түйіскен жерінде пайда болған дыбыстардың тембрінің жақындасуы – жалпы бұл процесті фонологиялық жүйені вокализм мен консонантизмге бөлмей-ақ бірлікте қарауға мүмкіндік береді [*Журавлев*, 2007].

В.Журавлев көтеріп ұсынған топталған фонема (группофонема) ұғымы славян ататіліндегі сөздердің бірәуезді (однотональных) дауыссызбен одан кейінгі оған жанасып бір буын құрап, сол буынға еніп тұрған дауысты дыбыстарының

арасындағы ерекше байланыс болып табылады. Сонымен қатар бұл жерде топталған фонема ұғымы бір-біріне жанасып бір буын құрап тұрған дауыссыз бен дауыстының сол буынның көлеміне тәуелді емес екені, ол буынды бүтіндей де немесе оның бір бөлігін де қамтуы мүмкін делінген. В.Журавлевтің топталған фонемасы Р.И.Аванесов зерттеген силлабема ұғымынан өзгеше. Ол өзгешелік Аванесов бойынша, **CV** дауыссыз бен дауысты дыбыс тіркесі, яғни оның силлабемасы, сол тіркесті ғана бүтіндей қамтуы қажет. Топталған фонема мен силлабема ұғымының пайда болу уақыты туралы славян тілдерінің тарихи фонологиясының және Журавлевтің еңбектерінің зерттеушісі Ю.Я.Бурмистровичтің пікірі бойынша, В.К.Журавлевтің топталған фонема ұғымы славян ататілі тарихының алғашқы кезеңіне қатысты болса, Р.И.Аванесовтың силлабемасы славян ататілі тарихының орта дәуірінің соңғы кезеңімен байланысты.

Топталған фонема мен силлабема ұғымдары ең басында Ф.Ф.Фортунатов пен А.А.Шахматовтың идеяларынан бастау алатыны байқалады. Ф.Ф.Фортунатов өз уақытында славян ататіліндегі тіл арты дауыссыздарымен оған жанасып тұрған алдыңғы қатардағы буын құрайтын дауысты дыбыстың өзара ерекше қатынасына көңіл аударған. Сол тығыз байланыстың арқасында тіл арты дауыссыз дыбыстар көшпелі палатализацияға (переходной палатализации) ұшырағанына көңіл аударған. Ал А.А.Шахматов езулік дауыссыздар мен одан кейін тұрып буын құрайтын жуан еріндік дауысты дыбыстардың ерекше арақатынасына көңіл аударған, әсіресе сол қатынастың арқасында езулік дауыссыздар жуан еріндік дыбыстарға айналуына көңіл аударады. Фортунатов пен Шахматовтың уақытында славян ататілінің фонологиясына арналған ілім әлі зерттелмеген, яғни сөйлеу ағысындағы қатар тұрған дауыссыз бен дауысты дыбыстардың фонология мәселесі болып табылатын арақатынасы арнайы зерттелмеген болған соң, ол уақытта ғалымдар топталған фонема, силлабема деген ұғымдарды қолданбаған. Алайда тілдердің дамуының бір кезеңінде дауыссыз-дауыстылардың тығыз бірігуінің арқасында бірәуезді қосынды квазифонема (нағыз фонема емес, шартты фонема) пайда болады. Фонематикалық бірліктегі топталған фонема мен силлабеманың негізгі қызметі олардың мағына айыруы, ажыратуы болып табылады.

Сөз ағымындағы мағына ажырату морфема деңгейінде емес, сөзтұлға деңгейінде өтеді, сондықтан осы жерде топталған фонеманың дауыссызы мен дауыстысының бір морфемаға да, қатар тұрған екі морфемаға да енуі мүмкін. Топталған фонема ұғымы славян ататілі тарихында түсініксіз болып келген біраз фонологиялық және фонетикалық құбылыстардың өзара себеп-салдарлы байланыстарын түсіндіруге жол ашты. Топталған фонема құбылысы туралы теорияның рөлін славян ататілі фонематикалық жүйесі тарихының кез келген кезеңінде көруге болады. Ол әсіресе славян ататілінде ашық буындар мен дифтонгтардың монофтонгіге айналу процесінің пайда болуында айқын көрініс табады. Славян ататілінде ашық буындар заңы кең орын алған деген қағида жоғары оқу орындарына арналған кез келген оқулықта айтылады. Бірақ бұл заңдардың қашан, қалай, неге пайда болғаны туралы ешнәрсе айтылмайды. Славян ататілінде қалай, қашан пайда болғанын былай түсіндіруге болады.

Славян ататілінің дамуының ең алғашқы кезеңінде көрініс тапқан фонологиялық қайшылықтарды шешу үшін топталған фонемалар пайда болған. Олардың пайда болуы кейбір фонемалардың қасиеттеріне негізделген. Сол уақытта барлық фонемалар басқа кез келген фонемалармен қосыла бермеген. Мысалы, *pǎntĭs* – «жол»

деген сөздегі барлық фонемалар топталған фонема құра алмайды. Мұнда тек қана бірінші фонема мен екінші фонема және төртінші мен бесінші фонема қосылып топталған фонема құра алады, үшінші мен алтыншы фонемалар оңаша қалады. Оны былай көрсетуге болады: *(ра) п (ti) s*. Мұндай жағдай славян ататілі тарихы дамуының алғашқы кезеңінде болған. Сол тарихи кезеңде топталған фонема мен жалғыз фонема қатар өмір сүрген. Бірақ мұндай бірліктер көп уақыт қатар өмір сүре алмайды. Әдеттегідей маңызы тең келмейтін екі түрлі құбылыстың арасында басталатын тайталастан маңызы мықтырағы жеңетіні белгілі. Сонда бұл топталған фонема мен жалғыз бос фонеманың арасындағы тайталаста топталған фонема жалғыз фонеманы өзіне тартып сіңіріп *генерализация* деген процесс арқылы жеңеді. Оны жалғыз фонемадан сөздің бүкіл фонологиялық кеңістігіне таратып, сонда өріс алуы арқылы орнықтырады. Дәлірек айтқанда, топталған фонема жалғыз қалған фонеманы сіңіріп алады. Бұл сіңіру процесі алдымен сөздің басындағы жалғыз қалған фонемадан басталса, кейінірек сөздің аяғындағы бос қалған фонемаға ауысады екен. Ол фонема қажетсіздіктен өзі түсіп қала беруі де мүмкін.

Ғалымдардың пікірінше, бұл процесс славян ататілі тарихының орта дәуірінің екі кезеңіне созылады. Орта дәуірдің бірінші кезеңіндегі топталған фонемаға оның алдындағы жалғыз фонеманың тартылуы фонологиялық заңдылықтың қатаң жүйелілігіне байланысты болған. Ол жүйелілік топталған фонема компоненттерінің (квазифонемалардың) былай орналасуын тілейді: **С** ызың + **С** шұғыл + **С** үнді + **V**. Бірінші үшеуі – буын жасамайды, соңғысы ғана буын құрайды. Сонымен қатар тұрған екі шұғыл дауыссыз екеуі қатаңдық не ұяндық жағынан бірдей, яғни не қатаң, не ұяң болуы керек. Бұл заңдылық топталған фонема ішінде ғана болатын буынға емес, оның фонемасының қасиетіне ғана қатысты. Бұл жерде айта кететін жағдай – славян ататілі тарихының осы кезеңіндегі топталған фонема мен буынның ара-қатынасы сол алғашқы тарихи кезеңдегідей болған, яғни топталған фонеманың көлемі бір буынмен бірдей немесе кейде одан кем де болған.

Славян ататілі тарихының орта дәуірінің бірінші кезеңіндегі топталған фонеманың өзі жаратылысынан бірәуезді фонемалардың (квазифонемалардың) қосындысы болғандықтан, сөздің басында жалғыз қалған фонема топталған фонемаға тартылу процесінің нәтижесінде ол да сол бірәуездікке енеді, олай болмаса, ол фонема қажетсіздіктен түсіп қалар еді. Славян ататілі тарихы орта дәуірінің екінші кезеңінде топталған фонемаға тартылған сөздің соңында жалғыз қалған фонема сөзді тұйықтап жауып тұрады. Себебі ол буын құра алмайтын шұғыл дауыссыз, не буын құра алмайтын үнді дауыссыз, немесе буын құра алмайтын дауысты болуы мүмкін. Аталған соңғы жалғыз фонема топталған фонемаға тартылғанда (сіңірілгенде) жоғарыда көрсетілген квазифонемалардың топталған фонема ішіндегі белгілі реті және жоғарылайтын дыбыс жүйесінің заңдылығы сақталу керек. Бұл жерде топталған фонемадан кейін тұрған квазифонема оған тартылғанда, бұл бірліктердің ішінде болатын белгілі жоғарылайтын дыбыс жүйесінің заңдылығы бұзылмай сақталса, олар қосылып бір буынға теңеседі.

Сонда топталған фонема мен оған тартылған квазифонеманың ішіндегі жоғарылайтын дыбыс жүйесінің заңдылығы олардың ғана заңдылығы емес буындар ішіндегі заңдылыққа айналар еді. Топталған фонема мен оған тартылған квазифонеманың арасындағы генерализация деген құбылысының тенденциясының арқасында бір заңның екінші заңға ауысу процесі орын алды. Сонда кез келген

топталған фонема дауысты дыбысқа аяқталады екен. Ал топталған фонемадағы дауысты дыбыс әр уақытта ең айқын дауысты ашық буынға аяқталады. Сондықтан буын ішіндегі жоғарылайтын дыбыс заңдылығы ашық буын заңдылығына айналды. Бұл ашық буын заңдылығы славян ататілінің бір фонемалық тілден топталған фонемалар тіліне айналуына себеп болды және де топталған фонемадан кейін тұрып оған тартылған жалғыз фонеманың дыбыстық күшін ең шегіне дейін жоғары көтеріп, оған көнбеген жағдайда оның түсіп қалуына әкеліп соқтырады. Ол топталған фонемадан сол буынды тұйықтан жауып, оған тартылған фонема түспеген жағдайда, ол дифтонгтар, дифтонг тіркестерінің бірәуезділік монофтонгизация құбылысына әкеледі екен. Себебі дифтонгтар мен дифтонг тіркестерінің бірәуезділік деген құбылысқа ұшырауы ашық буын заңдылығының әсерінен болған. Бұл дифтонг пен дифтонг тіркестерінің монофтонгизация деген процеске өтуіне себепші болған ашық буындар заңдылығы екені славян ататілінің кез келген оқулығында айтылады.

Дифтонгтың монофтонгқа тартылуы деген құбылыс дифтонгтың бірінші емес, екінші элементінің пайдасына қызмет еткен. Себебі монофтонгизация деген құбылыстың мәнінің өзі топталған фонеманың артында тұрып, жалғыз қалған фонеманың сол топталған фонемаға дифтонгтың немесе дифтонг тіркесінің екінші буын құра алмайтын элементі түрінде болып қана ашық буындар заңына сәйкестігі және осы екінші элемент өз дыбысын буынмен барабар күшейтіп барып топталған фонемаға енеді. Бұл жағдайдың іске асуының себебі топталған фонеманың соңғы дауысты буыннан тұратын элементі, оның үстіне ол элемент дифтонгтың бірінші дауысты буыны бола тұрып, өзінің буындық қасиетін топталған фонеманың ішіндегі бұрын буын құра алмаған дифтонгтың екінші элементіне береді. Дифтонгтың бірінші элементі өзінің буын құрайтын қасиетін дифтонгтың екінші элементіне беріп, сонымен қатар топталған фонеманың құрамындағы және буын мен сөздегі өзінің басты функциясы болып табылатын буын құру қабілетінен айырылған соң бұл жерде ол қажетсіз болып қалады.

Сонымен монофтонгизация деген құбылыс, дәлірек айтқанда, дифтонгтың екі элементінің біріне-бірі тартылып, біреу құрылуы ғана емес, топталған фонемадағы дифтонгтың бұрынғы бірінші буын құрайтын элементін оның бұрынғы екінші буын құра алмайтын элементіне алмастыру, сөйтіп ол өзіне біріншінің буын құру қабілетін де, басқа да қасиеттерін көшіреді, бірақ оларды көбінесе өзгерген, дифтонгтың екінші элементіне қажетті, қолайлы түрде алады. Мұның бәрі топталған фонемада болған құбылыстардағы дифтонгтың екінші элементіне қажет оппозициялардың санын сақтап қалу үшін керек болды. Топталған фонема теориясы тұрғысынан қарағанда, топталған фонемада, яғни сөз ішінде тұрған дауыссыздардың **[au]** мен **[eu]** дифтонгтарының алдында әртүрлі рефлекс беретінін оңай түсіндіруге болады. Топталған фонемалардағы **[au]** дифтонгісінің алдында тұрған дауыссыз әуезділік жағынан сол топталған фонемаға енген дифтонгтың бірінші элементі **[a]** мен бірдей болған, яғни диезсіз (жуан) болған. Дифтонгтың бірінші элементі **[a]**-ның орнына топталған фонемаға дифтонгтың екінші элементі **[u]** енгенде әрине ұзындығы жағынан өзгеріп, икемделіп, оның әуезділігі еріндік болып келген – бұл топталған фонема ыдырамау, сақталу үшін, диезсіз дауыссыз, өзінің әуезділігін сөздегі өзінен кейін тұрған бемолды дауысты дыбыстан алып, соның ықпалынан өзі де бемолды (еріндік), яғни азырақ лабиалды болып, соның арқасында бүкіл топталған фонема бемолділікке айналған. Бұл жерде дауыссыз

әрине өзгерді, бірақ ол өзгеру түбегейлі емес, оны бірінші қадам деп бағалауға болады.

Былайша айтқанда, диезділіксіз деген мен диезділік дегеннің ара қашықтығын да бір қадам деп бағалауға болады. Сондықтан өзінен кейінгі диезділік (жіңішке) дауыстының ықпалының арқасында диездіксіз дауыссыз, көбінесе жіңішке болып шығады, яғни палатализацияланады.

Топталған фонемадағы **[eu]** дифтонгісінің алдында тұрған дауыссыз әуезділік жағынан сол топталған фонемаға енген дифтонгтың бірінші элементі **[e]**-мен бірдей болған, яғни диезді болған. Топталған фонемада бұл **[e]**-нің орнына дифтонгтың екінші элементі **[u]** енгенде, әрине, ұзындық жағынан өзгеріп, әуезділік жағынан топталған фонема ыдырамай сақталу үшін бемолды болған. Ал өзінің әуезділік дегенін өзінен кейін тұрған диезді дауыстыдан алған диезді дауыссыз жоғарыда айтылған бемолды дауыстының ықпалынан өзгеруі керек еді. Бірақ бұл жерде диезділік пен бемолділіктің арасындағы қашықтық әжептәуір болғандықтан, оны екі қадам деп бағалауға болады. Ең бастысы, диезділік пен бемолділік екеуі бір-біріне қарсы, екі жаққа беталғанда, мұндай тіркестердің артикуляциясы йотқа жақын болады. Бірақ жағдай мұнда ғана емес. Палатал-сыз-палаталды (жуан-жіңішке) категорияларының пайда болуына дейін барлық ызың дауыссыздардың жіңішкелігі өтпелі болған. Сондықтан дифтонгтар **[eu]** мен **[eu]**-лердің монофтонгизациялануының арқасында пайда болған жіңішке дауыссыздардың әсері оларға ертеректен йоттың берген әсерімен бірдей болды, яғни палаталды деген бұрын да, кейін де өтпелі (переходный) болған. Ертеде өткен процесс *(na) s'(j'a)n'→(na)'(s'a)n* «алып келу» мен кейінгі процесс *(se)u (ta)s → (s'u) (ta)* «сайқымазақ» дегенді салыстырып көрейік. Көріп отырғанымыздай, йоттың әсерімен де және дифтонг **[eu]**-нің монофтонгизациялануы әсерімен де алдытілді (переднеязычный) ызың дыбыс **[s]** ешбір қалтқысыз бірдей өзгерді: әуезділік жағынан ол жіңішке болып, сөзде ең басынан болмаған йоттың күтпеген жерден пайда болуының да қажеттілігі жоқ болып шықты. Сонымен, топталған фонема теориясы бойынша бұл жерде топталған фонеманың екі элементі әуезділік жағынан екеуі бірдей болу керек деген пікірді ерінді дыбыс **[u]**-нің жіңішке-ызың немесе ызың-жіңішке ықпалын өзінен кейінгі диезді дауыссызға жасағанының нәтижесімен түсіндіруге болатын сияқты.

Бұл теория неге біркелкі дифтонгтар **[ēi]** мен **[ĕi]**-дің монофтонгизация процесінде бір рефлексмонофтонг **[i_2]** беретінін, ал біркелкі емес **[āi]** мен **[ăi]** дифтонгтары – бірнеше рефлекс – монофтонгтар **[i_2]**, **[e_2]** және **[y_2]** береді дегенге дұрыс жауап береді. Бұлар келешекте славян ататілі мен көне орыс тілінде **и**, **Ѣ**, **ы** болып жазылды. Бұл жағдайдың болуының себебі – дифтонгтардың біркелкі немесе әртүрлі болуында жатыр және топталған фонемадағы дауысты мен дауыссыз компоненттерінің арақатынасының монофтонгизациядан бұрын қандай болғаны және одан кейін қандай болғандығында жатыр деуге болады. Сондай-ақ **[ēi]** мен **[ĕi]** дифтонгтарының монофтонгизациялауынан бұрын олардың бірінші элементі **[ē]** мен **[ĕ]** диезді топталған фонеманың құрамында тұрған, олардың өзі басынан диезді болған. Демек мұндай топталған фонеманың құрамындағы дауыссыз компоненттері де диезді болған. Аталған дифтонгтардың монофтонгизациялануынан кейін оның біріншісі **[ē]** мен **[ĕ]**-нің орнына оның екінші дауыссыз элементі басты, бірақ ол өзгеріп икемделіп буындық және созылыңқы қасиеттерге ие болып, дифтногтың бірінші элементі сияқты диезді болып **[i_2]** дыбысына айналған.

Сондай-ақ диезді дауысты дыбыс **[i$_2$]**-нің топталған фонеманың ішінде тұрып, алдында пайда болған диезді дауыссыз дыбыстың біріншіге қосылуы жеңіл болды. Себебі ол екеуінің әуезділігі бірдей болатын. Сондықтан **[ēi]** мен **[ĕi]** монофтонгизацияланғанда **[i$_2$]** ешбір өзгеріссіз қалды. Ал **[āi]** мен **[ăi]** дифтонгтарының монофтонгизациялануына дейін олардың бірінші элементтері **[ā]** мен **[ă]** диезсіз топталған фонемалардың ішінде еді, себебі ол элементтердің өзі диезсіз болатын. Демек, топталған фонеманың дауыссыз компоненттері диезсіз еді. Бұл дифтонгтардың монофтонгизациялануынан кейін диезсіз **[ā]** мен **[ă]**-ның орнына олардың екінші элементі келді. Бірақ олар өзгеріп, икемделіп буындылық созылыңқы қасиет иеленіп **[i$_2$]** дыбысына айналған.

Бұл жерде **[i$_2$]** дыбысы өзі бірінші диезсіз элементпен салыстырғанда ең басынан диезді болатын. Ал диезді дауыстының топталған фонема ішінде бола тұра өзінің алдына келіп тұрған диезсіз дауыссызбен қосылуы оңай болмайды. Себебі олардың әуезділігі біркелкі болмайтын. Сондықтан топталған фонеманы сақтап қалу үшін бұл жерде дауысты мен дауыссыздың әуезділігі бірдей болуы үшін оларды өзгерту қажет еді. Алайда дыбыс жүйесінің тарихи дамуы дауысты мен дауыссыздардың әуезділігінің өзгеруіне әртүрлі мүмкіндік береді: 1) диезді дауысты диезсіз дауыссызға әсерін тигізіп, оны да диезді етуі мүмкін еді; онда топталған фонеманың барлығы диездіге айналып, **[āi]** мен **[ăi]** дифтонгтарының монофтонгизациялануының рефлексі **[i$_2$]** дауысты болар еді; 2) диезсіз дауыссыз диезді дауыстыға әсерін тигізіп, оны да диезсіз етуі мүмкін еді; онда топталған фонеманың барлығы диезсізге айналып, **[āi]** мен **[ăi]** дифтонгтарының монофтонгизациялануының рефлексі **[y$_2$]** диезсізі болар еді; 3) дауысты да, дауыссыз да бір-бірінің әсеріне көнбей қойып; онда дауыссыз диезсіз болып, ал дауысты диезді болып қалуы мүмкін, сондықтан топталған фонема біржола бұзылып, ешбір жағдайда топталған фонемаға айналмауы мүмкін еді. Мұндай жағдайда **[āi]** мен **[ăi]** дифтонгтарының монофтонгизациялануынан рефлекс болып диезді **[e$_2$]** пайда болады. Ал бұл **[i$_1$]**-ге тура сәйкес келетін **[i$_2$]**-ден тіпті басқа, өзгеше болып тұр.

Жоғарыда келтірілген мүмкіндіктердің бәрі славян ататілінде пайдаланылған болатын және олар тарихи дамуының көрсеткіштері болып табылады. Алайда бұл жағдаяттар мен процестер морфологияның мақсаттарына сәйкес келеді: даралап айтсақ, зат есімнің граммемдерінің түрлі флексиялары **[āi]** мен **[ăi]** дифтонгтарының монофтонгизациялануынан кейін жалғыз **[i$_2$]** дыбысында бірігіп тоғысты, ал граммемика мақсатына сәйкес, бұл флексиялар өзінің дыбыстық сипатын сақтап, бұрынғыша бір-бірінен бөлек өзгеше болуы керек еді. Ондай өзгешелік болуы үшін, орыс ғалымдарының пікірлері бойынша, бұл флексиялардың біреуіндегі **[i$_2$]** дыбысын басқа дыбыспен алмастыру керек еді. Ал **[āi]** мен **[ăi]** дифтонгтарының монофтонгизациялануындағы рефлексация процестерінің түрлі мүмкіншіліктерін пайдалану нәтижесі **[i$_2$]** дыбысын басқа дыбыстарға алмастыруға оңай мүмкіндік берді. Бұл алмастырулардың нәтижесін славян ататілі мен көне орыс тілінен көруге болады. Белгілі болғандай, **[āi]** мен **[ăi]** дифтонгтарының монофтонгизациялануының түрлі рефлекстері, дәлірек айтқанда, мына **[i$_2$]** мен **[e$_2$]**-лер славян ататілі мен орыс тілінің жазуында **и** және **Ѣ** әріптерімен белгіленуінің себебі көбінесе дифтонгтардың просодикасының әртүрлі болуымен түсіндіріледі, сонымен, көбінесе бір дифтонгтың өзінде түрлі просодикалық сипатпен ерекшеленетіні түсіндірілмейді.

Славян ататіліндегі топталған сингармонизм құбылысының пайда болуы дамуында алғашқы және кейінгі кезеңнің орын алғанын айтып кету керек. Алғашқы кезеңде топталған сингармониялық **C+V** (consonne + voyelle; дауыссыз + дауысты) тембрдің біркелкілігімен (тональдықтың біркелкілігі көтеріңкі, бәсең) құралған, мұндайды фонологиялық жағынан қарағанда біртұтас, бөлінбейтін фонологиялық бірлік топталған фонема деп санауға болады. Олар бір-бірінен қарсы айырым белгілерімен: диезді-диезсіз, ашық-жабық, ұзын-қысқа болып, өзгешеленеді. Топталған фонеманың фонологиялық жасалу процесінің үлгілері, формулары төмендегідей болады:

C + °V----------C° + V----------°CV
C + ‘V----------C’ + V----------’CV

Славян ататілінің дамуының екінші кезеңіндегі топталған фонема мен жеке фонеманың қатынасының формуласы мынадай болған:

$$C_1 + C_2 + CV_1 + C_3 + \ldots\ldots\ldots\ldots + CV_n + C_n$$
$$Ф_1 + Ф_2 + ГФ_1 + Ф_3 + \ldots\ldots\ldots\ldots + ГФ_n + Ф_n$$

Славян ататілінің дамуындағы фонологиялық процестің екінші кезеңінде жалғыз соңғы фонеманың жойылуы оның топталған фонемаға тартылуының себебінен туындады. Бұл соңғы дауыссыздың жойылуынан бұрын славян ататіліндегі сөздер әрқашан дауыссыз дыбыстарға аяқталатын болған. Онда көбінесе дауыссыз **[s]** дыбысына, сиректеу **[t]** дыбысына, одан да сирек **[d]** дыбысына аяқталған. Силлабема пайда болған кезеңде сөз соңындағы дауыссыз дыбысы топталған фонеманың құрамында алдымен дауысты болуы керек. Сонда ғана **C+V** топталған фонемасы түзіледі. Бұнда соңғы жалғыз дауыссыз дыбыстар топталған фонемаға енбей, сыртында қалған: *sunus → su + nu + (s); reket → re + ke + (t); mater → ma + te + (r).*

Жоғарыда берілген әртүрлі келбеттегі сөз тұлғаларына талдау жасай отырып, Журавлев мынадай қорытындыға келеді: бұл құрылым әртүрлі болып келіп, әртүрлі фонологиялық бірліктерден (топталған фонема + фонема) тұратын фонологиялық жүйені екі түрлі әрекетпен біркелкі бір келбетті етуге болады: әртүрлі фонологиялық бөліктердің, яғни топталған фонема мен жеке фонеманың біреуінен құтылу керек. Славян ататілінің фонологиялық жүйесінің өзгеру, даму процестері көрсеткендей, сонымен бірге біркелкі емес бірліктердің екіншісі, соңғы, жақшаның сыртында қалған жалғыз фонемасы, дауыссыз дыбысы бірте-бірте түсіп қалып отырды. Флективті типті тілдердің фонологиялық жүйесінде әжептәуір маңызы бар славян ататіліндегі сөздің соңғы дауыссыз дыбысының түсіп қалуы ондағы топталған фонеманың ерекше маңыздылығын көрсетеді. Бұл процесті Журавлев топталған фонеманың «генерализациясы» деп атайды. Бұдан кейін славян ататілінің фонологиялық жүйесінің одан әрі өзгеруі, дамуының нәтижесінде бұл топталған фонеманың өзінің ыдырауына жол ашылды. Бұны Журавлев дифтонгтардың монофтонгизациясы процесімен байланыстырады.

Журавлевтің топталған фонема туралы теориясы тек қана славян тілдері мен түркі тілдерінің диахрондық фонологиясының кейбір мәселелеріне ғана жауап бермей, бұл тұста Оңтүстік-Шығыс Азия тілдерінің кейбірінің диахрондық

фонологиясының мәселелерін де қамтиды. Силлабемалар славян ататілінің дамуының алғашқы кезеңінде тұлғалана бастаған. Тілдің ұзақ фонетикалық дамуының бір кезеңдерінде топталған фонемалар ыдырап, бөлек-бөлек фонемаларға айналады. Славян ататіліндегі буындық сингармонизм болжамын ең алдымен Бодуэн де Куртенэ мен Якобсон көтерген. Одан кейін Шахматовтың еңбектерінде дамып, оны Аванесов, Сидоровтар қолдаған.

Фонологиялық бірлік, силлабема, басқаша айтқанда, топталған фонема өзінің айырым белгілері арқылы суреттеледі, баяндалады. Ал айырым белгілер оның бүкіл сегментіне, яғни консонанттық және вокалдық бөліктеріне қатысты болады. Мысалы, ол диездік деген топталған фонеманың барлық элементтерін сипаттайды: (**C'** + **C'** + **'V**).

Жоғарыда келтірілгендей славян ататілінің фонологиялық жүйесінің үздіксіз дамуының аясында сөздің соңғы дауыссыз дыбысының түсіп қалуы орын алған. Сол себептен топталған фонема славян ататілінің сөзінің құрамында ең басты, яғни маңызды фонологиялық бірлік ретінде орныққан. Славян ататіліндегі бұл құбылыс орыс тіліндегі сөздердің соңындағы ашық буынға әкеліп соқтырды.

Сондықтан да славян ататілінің фонологиялық жүйесінің алғашқы кезеңіндегі сөздердің алдыңғы дауыссыз дыбыстары өзінен кейінгі дауыстылармен тығыз байланыста болса, соңғы дауыссыздың алдындағы дауыстымен байланысы тығыз болмай, босаңқы болып, ол түсіп қалуға дейін барады. Сонда бұл құбылыс славян ататіліндегі ашық буын жүйесінің дамуына жол ашқан. Айналасындағы дауыссыздармен тіркескен кез келген дауысты тілдегі тәуелсіз бірлік бола алмайды. Бұл тұрғыдан қарағанда тілдердегі екі топқа бөлуге болады: ішінде ашық буынды бірлігі бар тілдер, яғни буын дауысты дыбысқа аяқталатын тілдер. Бұлардың қатарына орыс және басқа да славян тілдері жатады. Екінші топқа жататын тілдер – ашық буынды единицалар мен бірге жабық буынды, яғни дауыссыздарға аяқталатын тілдер. Бұл тілдерге түркі тілдері де және кейбір герман тілдері де жатады.

CV сияқты ашық буындар тілдің ең кіші минималды единицасы болып табылады. Тіл артикуляциясында буыннан кіші элемент жоқ дегенді білдіреді. Тілдегі әр дыбысты бөлек-бөлек айтуға болады, бірақ олар бөлек-бөлек дыбысталғанда қасына басқа дыбыстар қосылып кетеді де оларды **CV**-ға жақындатады. Әдейі жасалған эксперимент көрсеткендей, ең алғаш адам баласы сөйлеуге талпыныс жасағанда, ол сол **CV** буынның айналасында ғана дыбыс шығара алған. Мысалы, сәбилердің бірінші дыбысшығарған сөздеріне қарауға болады: *ma-ma* (**CV-CV**), *pa-pa* (**CV- CV**), *a-pa* (**V- CV**), *a-ta* (**V- CV**). Бір буынға еніп айтылатын элементтердің барлығының басын қосып, ол дыбыстардың айтылуына әмір етіп басқаратын артикуляциялық қимылдарға берілетін бір бүйрық, бір бағдарлама: бұның бәрі дауысты, дауыссыздардың фонологиялық негізгі белгілері бір уақытта, бір мезгілде болуы қажет. Мысалы, қазақ және орыс тілінде **[su]** буынында ерін дөңгеленіп, ал тілдің ұшы буын басталғаннан бастап жоғары көтеріліп, артқа қарай тартылады. Мұның бәрі дауыссыз [**s**]-ың артикуляциясына даярлық болып, сонымен дыбыс мүшелері буын **[su]**-ның бүтіндей айтылуына алдын ала даяр, бірақ мұнда әуелі алдында тұрған дауыссыз, одан кейін дауысты артикуляцияланбайды. Біздің ұғымымызша, бұл бірінен кейін бірі жүретін дыбыс тізбегінен тұратын болғандықтан осылай болып тұр. Бірақ бұның бәрі фонема жүйесіне маңызды уақытпен байланысты нышандар болып табылатын дыбыстың қатаңдығы, тіл

артылығы, ызың дауыссыздарының бәрінің буынның басында келуімен, ал бұл буынның аяғына қарай, дауыстың тіл арты жоғарылау артикуляциясымен бітуімен байланысты.

Орыс тілінде бұл құбылыс ашық буындарға ғана тән. Бұған көз жеткізу үшін жоғарыда келтірілген **[su]** буынындағы ерін дөңгеленетін артикуляциямен **[us]** буынындағы ерін дөңгеленуі дауыссыз **[s]**-ге қатысы жоқ. Мұндағы **[s]** бірінші **[su]**-дегі **[s]**-пен салыстырғанда ешбір дыбысқа тәуелді емес, еркін. Ашық буынмен қатар жабық буыны бар тілдердегі, мысалы, түркі тілдеріндегі **[us]** сияқты буындардағы **[s]** өзіндік еріндік дөңгеленетін артикуляцияның аяғына дейін сақтайды; **CVC, CV** буындарындағы дауыссыздар **[i]** дауыстының қасында өте жіңішкеріп кетеді.

Жеке айтылатын бірлік болып есептелетін **CV** не **CVC** буындарындағы фонологиялық оңаша дыбыстар артикуляциялық жағынан тәуелсіз болып келеді. Бұл жерде дауыстылар да, дауыссыздар да өзінен көлемді де мәндірек дыбыстың қосындысының, яғни буынның бір бөлігі болып табылады.

Буынды минималды дыбыстық бірлік деп қарағаннан кейін, оның барлық аспектілерін жіті зерттеп шығуымыз керек. Оны минималды дейтініміз, себебі сөзді немесе сөйлемді айтқандағы дыбысталу қимылдарын буыннан майда комплекстерге бөле алмаймыз. Оны сөйлеу, дыбыстық бірлік дейтініміз, ол сөйлеу артикуляциясында көрінеді. Әрине, бұл буынды құрылым акустикалық немесе перцептивтік деңгейде көрінбейді деу емес. Буынның сөйлеуге қатысты бірлік екені оның сөздің акустикалық бейнесінде көрініс табуы және буынның сөйлеу процесіндегі ерекше рөлі – оның сөйлеудегі мәнді түсінудегі ерекше рөліне әкеліп соғады.

Сонымен, біз бірлік дегенімізде – ол жай ғана бірінен соң бірі келетін дыбыс тізбегінен тұратын бірлік емес, бұл тізбек жалпы ортақ белгілерді, ортақ артикуляциялық бағдарламаны қосатын, буынның құрылуына себеп болатын, сөйлесу қимылдарын ұйымдастыратын ерекше тізбек – буын. Басқаша айтқанда, **CV** буындағы бірінші дауыссыз дыбысты айтқанда, біздің артикуляциялық мүшелеріміз ең басынан дауыссыздан кейін қандай дауыстының келетінін болжайды, ал дауыстыны айтқанда, алдында қандай дауыссыз болғанын есте сақтап тұрады.

Буын дегенді осылай түсінген соң, жоғарыда келтірілген буындардың типін әрбір тілде бөлек-бөлек қарастырып бағалау керек. Алайда буын туралы ашық, жабық деген түсініктер барлық буындар үшін фонетикалық жағынан бірдей болғандықтан, олардың әр тілдегі айырмашылығын білу үшін, ол конкретті тілдердің буындарын бөлек-бөлек зерттеп қарастыру керек. Мысалы, орыс тілі үшін **CV, CCV, CCCV** сияқты тіркестер ақиқат буын болып оқылатын бірліктер, ал **VC, CVC, CVCC** тізбектерін олай оқылатын бірліктер деп айтуға келмейді, себебі дауыстылардан кейін жүретін дауыссыздардың айтылатын дербестік күші молырақ, *тут* деген орыс сөзіндегі екі **[т]** дауыссыздардың дыбыстану қуатын салыстырып көрейік: онда бірінші дауыссыз **[т]** (буынның шыңы болып табылатын **[у]** дауыстының әсерінен) алға дөңгелене созылған ерінмен артикуляцияланады, екінші **[т]** тіпті басқаша артикуляцияланады – оған еріндік дөңгелену тән емес, екінші **[т]**-дан кейін күңгірт дауысты сияқты дыбыс естіліп *тут* деген бір буынды сөз емес – екі буынды: *т°ут – т* естіліп, екінші т бірінші дауысты **у**-ға ешбір тәуелді емес, басы бос дыбыс болып шығады. Ал қазақ тілінде керісінше

буын-сөз толығымен бір әуезбен айтылады: **[s'°üt'°], [t'°üs'°], [t°os°], [k'°ül'°], [q°ol°], [q°ul°], [t'°ös'°]** т.б.

Тілдің қоғамдағы функциясы әр уақытта оның сол қоғамда түрлі мағынадағы мәліметтерді беруімен байланысты. Дыбыстық бірліктерді анықтау, белгілеу де оның үн шығаруы мен мағынасына байланысты болады.

Тілдің дыбыстық бірліктерінің түрлі аспектілерін, олардың құрылысын, мазмұнын, мазмұн құрайтын мүмкіндігін ажырататын, яғни бүтін дыбыстық құрылымын зерттейтін ерекше сарапшы бар. Оны лингвистикада фонология дейді. Барлық тілдерде олардың сөйлеу ағымын дыбыстық бірліктерге бөлуде сүйенетін бір ғана жағдай бар, ол жағдай тілдердің бәріндегі бөлуге келетін ең кіші, минималды мағыналы бөлігі – морфеманың болуы. Бірақ барлық тілдерде морфема мен дыбыстың арақатынасы бірдей емес, осыған қатысты әлем тілдері екі топқа бөлінеді: фонемалық тілдер және буындық тілдер деп. Біріншісінде негізгі дыбыстық бірлік болып сөйлеуде жеке дыбыс ретінде жүретін – ол фонема, ал екіншісінде (екінші топта) фонеманың орнына жүретін – белгілі схемада құрылған буын. Бүкіл еуропалық тілдер фонемалық тілдерге жатады деп айтуға болады. Бұл тілдерде дыбыстар бір-бірінен ажыратылады. Себебі олардың арасында морфеманың шекарасы бар. Буынды бөлу шекарасын анықтағанда ұстанатын критерийлердің өзі сол буынды бөліп анықтағандағы өлшемге келіп соғады. Бұл жердегі қиын соғатын нәрсе – ол буынның шекарасының фонема, морфема сияқты тілдік бірліктердің шекараларымен байланысы жоқтығы.

Ж.Аралбаев айтқандай, «сөздің жіктелуі оның морфологиялық жіктелуіне сәйкес келмей, акустика-артикуляциялық жіктелуімен үйлеседі. <...> Буын дегеніміздің өзі – сөз ағымындағы кілт бөлініп айтылатын дыбыс тобы, тұтасы» - дейді ғалым [*Аралбаев*, 1988, 96 б.].

Ж.Аралбаевтың тұжырымы бойынша, қазақ тілінің буын құрылысы мен буынға жіктелу жағдайы дауыссыздардың өзара қатыстарына және сөз ішінде орналасуына табиғи байланысты. Буынға буын қосылғанда жіктелу сызығының өзгеру, өзгермеуінің едәуір маңызы бар. Әуелгі буында дауысты мен дауыссыз бірге келіп, одан кейінгі буын дауыстыдан басталса, онда әуелгі буынның алдындағы дауыссыз екі дауыстының аралығында қалып, буынға жіктелгенде соңғысы буынға жылысады. Мысалы: *kün-im – kü-nim, at-ym – a-tym, žaz-yl – ža-zyl* т.б. Буынның жасалуына мұндайда морфемалар мен сөздер арасындағы шекаралар да ешбір бөгет бола алмайды. Нақты фонеманың орнына жүретін дыбыстар буынның бір бөлігі ғана, ал морфема буыннан ұзынырақ та, қысқарақ та болуы мүмкін. Буын мен буынды бөлудің барлық акустикалық және артикуляциялық теорияларының айырмасына қарамастан оларда бәріне ортақ жағдайлар бар. Зерттеушілердің көбісінің айтуына қарағанда, **CV - CV** типтес буын тізбектеріндегі буынның шекарасы ашық буыннан басталады, солай жалғасуы барлық тілдер үшін әмбебап болады. Қазақша: *qa – la (қала), ma – sa (маса), ba – la (бала), me – re – ke (мереке), qa – ra – ša (қараша)*; орысша: *бу - ма-га, ка - ли-на, ку – пи - ла, ку – ри - ца;* французша: *Il a mal à la main [I – la – ma – la – la - mẽ]. Elle est arrivée [E – le – ta – ri - ve].*

Ашық буын мен жабық буындарды салыстырып қарасақ, жасалған эксперименттер көрсеткендей, ашық буынды орыс тілінің ауызекі сөз тізбектерінің кіші паузамен бөлінетін ырғақты топтары әр уақытта үздіксіз біркелкі ашық буындардан тұрады, мысалы, вьетнам тілінде мұндай үздіксіз тізбектер әруақытта жабық буындардан ғана тұрады. Егерде орыс тіліне мына **CVC** буынының **CV** мен **C** - ға

бөлінуі тән болса, вьетнам тіліне бұл **CVC** буынының **C** және **VC** - ға бөлінуі тән, себебі вьетнам тілінде соңғы дауыссыз **C** ешуақытта буын құрай алмайды. Ашық буынды тілдердің буындары жабық буынды тілдердің буындарымен салыстырғанда тұрақтырақ және орнықтырақ. Себебі ол дербес парадигматикалық жүйенің бірлігі болып табылады. Ашық буынды тілдердің фонемаларының айырым белгілері бүкіл буынға тән. Буындық фонология моновокализм проблемасымен тығыз байланысты. Ф.де Соссюр өзінің үндіеуропалық ататілінің реконструкциясы (қайта құру) туралы еңбектерінде ол тілдегі бірнеше варианттары бар жалғыз дауысты фонемасы туралы жазған. Осыған байланысты Л.В.Щербаның оған қатысты көзқарасы қызық көрінеді. Оның ойынша, кейбір кавказ тілдерінде, оның ішінде абхаз тілінде дауысты дыбыс емес, қайта дауыссыз дыбыстардың жүйесі дамыған, ал дауысты дыбыстардың өздерінің тәуелсіз фонологиялық мағынасы болмаған, ал ертеде онда фонеманың рөлін буын атқарған. Бұл жерде Журавлевтің еуразиялық фонологиялық одақтастары туралы пікірін келтіруді жөн көрдік: «**Еуразиялық фонологиялық одақтастықты** қамтитын топталған сингармонизм (групповой сингармонизм), яғни қатар тұрған дыбыстардың тембрінің жақындасуы біркелкіленуі құбылысы бірсыпыра тілдердің: **славян, балтық, германдық және романдық, финдық және түркі тілдерінің, жапон** тілінің елеулі бөлігін қамтитыны, бірақ ешбір тілдік топты бүтіндей қамтымайтын құбылыс. Бұл құбылыстың жағрапиялық, не лингвистикалық орталығын тауып айту қиын. Бұл мәселенің (групповой сингармонизм) ең алғашқы қалпынан келе жатқан мұра ма, әлде кейін, интерференцияның нәтижесінде пайда болған құбылыс па, айту қиын. Бұл проблеманың генезисі ешбір туыстас тілдік топқа қатысты шешілген жоқ деуге болады. Ал славян ататіліне қатысты қарастырсақ, бұл құбылыс оның дамуының ең алғашқы кезеңіне қатысты болуы керек. Әдістемелік көзқарас аясында қарастырғанда бұл құбылыстың (сингармонизм) пайда болуы ертеде славян ататілінің бір топтың топырағында, спонтандық пайда болған немесе соған сүйеніп пайда болған деп айтуға болады. Сонымен қатар интерференцияны да бүтіндей қабылдамай қоюға болмайды» [*Журавлев*, 2007, с. 86].

Қазақ тілінің тарихын зерттеген Ғ.Мұсабаев «Түркі тілдері негізінен бір буынды, әрі ашық буынды болғаны анық» деп мынадай кестені ұсынады [*Мұсабаев*, 1988, 88 б.]:

түбір	жұрнақ	құрамы	түсінік
Жа –	з	Жа + з	Жа + з – дым
Жа –	й	Жа + й	Жа + й – дым!
Қо –	й	Қо + й	(қой малы)
Қо –	и	Қо + н	(қой сөзінің көне түрі)
Қо –	ч/с	Қо + ч (ш)	(қошақан, қошқар дегендегі)
Қо –	з	Қо + з	Қо + з – ы
Қо –	з	Қо + з	Қо + з – дады
Сө –	й	Сө + й (ле)	Сө + й – леді
Кө –	р	Кө + р	Көру
Кө –	з	Кө + з	Көздеу

В.В.Шеворошкин мәтіндердің құрылымының типологиялық заңдылықтарын тексере келіп, мынандай қорытындыларға келеді: тілдердің бұл үндіеуропалық қалпының алдындағы жалпыеуропалық және басқа да ностратикалық тілдердің ататілінің дауыссыз дыбыстары тізбектерінің түрлі комбинация жасаудағы мүмкіншіліктері өте төмен болып келген. Бұл үндіеуропалық тілдің алдындағы тілдің типі **CVCVCV** болатын тілден қашық екені айдан анық. Мұның себебі, басқа тілдермен салыстырғанда дыбыстар тізбегінің құрылымы өте күрделі болып келетін тілдер дәл сол сібір-еуропалық тілдерге жататын: үндіеуропалық, чукот-камчаттық, эскимос-алеуіттік, картвельдік, уралдық, алтайлық, семит-хамиттық тілдер болып келеді [*Шеворошкин*, 2004, 77 б.]. Тілдердің фонологиялық жүйесінің ұзақ уақыт дамуының нәтижесінде ашық буындардың пайда болу тенденциясы анықталады. Мына **CV** сегмент құрылымы тілге, айтуға өте қолайлы болып келеді. Оны біз тілі жаңа шыққан нәрестелердің тілін зерттеу процесінде көреміз. Олардың алғашқы сөздерінің құрамы **CVCV** болып келеді. Түрлі типтегі тілдердің дамуының нәтижесінде дифтонгтардың монофтонгизация деген құбылысы орын алады. Роман тілдерінде жабық буында субстраттық тілдердің дамуының әсерінен дифтонгтары монофтонгизацияланып отырды. Көбінесе ашық буыны басым тілдерде жабық буындар бағыныңқы жағдайда болатыны мәлім, сондықтан төмендегідей **CVC-CV** болып түйіскен **CV-CCV** дыбыстарымен барабар деп қарастырылады, яғни мұнда дауыссыз дыбыстардың бас қосып түйісуі өте тығыз фонетикалық кешендерді құрайды.

Түркітанушы Н.А.Баскаковтың пікірі бойынша, агглютинативтік түрік тілдерінен бұрын, солардың алдында болған түбірлік типті тілдердің сөздерінің құрылымы моновокалды болып келетін; олардың айырым белгілері, палатализациясы мен лабиализациясы кейбір қазіргі Оңтүстік-шығыс Азияның тілдеріне тән тондармен көрініс тапқан. Баскаков қазіргі түркі тілдеріне тән фонетикалық құрылымдарға сүйене отырып, тарихи қазіргі түркі тілдерінен бұрын, оның алдында болып кеткен түркі құрылымдардан үш бірдей фонологиялық типті тексеріп белгілеген. Бірінші тип – моновокалды – бұл түркі тілдерінің ең ежелгі түбірлі қалпына тән болып, олардың құрылымы үшдыбысты түбірлі негізді бір морфемадан тұратын морфема болып, бір дауысты мен екі дауыссыз элементтерден тұратын **CVC** болса, ондағы дауысты элемент бір ғана сөз құратын рөлді орындап, ал мағыналық рөлдерді құрамы тежеулі дауыссыз элементтер атқаратын болған. Оның үстіне әр дауыссыз элемент тембр, лабиализация және палатализация сияқты сегіз түрлі модификациялық айырым белгілерді анықтаған. Екінші тип – бұл кейінірек орын алған морфологиялық дамудың одан ары үдеу процесімен байланысты, анықталушы түбір күрделі құрамдардың грамматикализациялануымен ерекшеленетін, фонетикалық редукция және фузиямен, яғни күрделі сөздердің құрылуымен ерекшеленеді. Бұл типтік вокализмі тембр жағынан айырмашылығы бар, ал лабиализация және палатализация сияқты басқа айырым белгілер сингармонизм заңдарына сәйкес бүтін сөзге қатысты болады. Үшінші тип – түркі тілдерінің фонологиялық құрылымының бұл типінде сегіз дауысты фонема мен дамыған консонантизмі

бар екенін айтуға болады. Бұлар түркі тілдерінің имманентті ішкі әсерінен, басқа да қазіргі түркі тілдерінің дамуына қатысты адстрактік, субстрактік факторларының әсерімен кейбір ауытқулармен инновацияларға қарамай жоғарыда келтірілген сегіз дауысты, өркендеген консонантизмнің арқасында негізгі бір фонологиялық моделдері жақын қазіргі оғыз, қарлұқ, қыпшақ тағы да сондай түркі тілдерінде орын тапқан.

Сондай-ақ зерттеулер көрсеткендей, көне түркі тілінің құрылымы түбір тілдердің типіне жақын тұра осындай фонологиялық құрылым моновокалды тілге тән, себебі ол уақытта грамматикалық қатынастар агглютинативтік аффикстермен емес, әлі грамматикализациядан өтпеген, моновокалды морфемалардан тұрған. Моновокалдық-морфонеманың үстіне түрлі тембрлік (палатальдық, лабиальдық) белгілер арқылы сөздердің мағынасы өзгеріп тұрады: [**tyk**, **ʻtik**, **°toq**, **ʻ°tök**]. Түбір тілге тән бір түбірдегі морфеманың екі сөз табының мағынасын (зат есім мен етістік) беріп, барабар (синкретично) болуы қазіргі түркі тілдерінде сақталған. Мысалы ***üj*** деген сөз *үй* және *үйу* деген мағыналарды білдіреді, ***sal*** деген сөз *сал* және *салу* деген мағыналарды білдіреді, ***art*** деген сөз *арт* және *арту* деген мағыналарды көрсетеді, ***toz*** *тозу* және *шаң*, *тозаң* деген мағыналарға сәйкес келеді, ***qari*** деген сөз *қартаю* және *шал* деген мағыналарды білдіреді, ***iš*** деген сөз *ішу (су)* және *іш жақ* (бір нәрсенің ішкі жағы) деген мағыналарды көрсетеді, ***tat*** деген сөз *дәм, татым* және *дәмін татып көру* деген мағыналарға сәйкес келеді, ***žan*** деген сөз *бет*, *жақ* және *қайту*, *қайтып келу* деген мағыналарды білдіреді, ***baj*** деген сөз зат есім және етістік мағынасында қолданылады. Мұндай мысалдарды тағы да кездестіруге болады [*Кажибеков*, 1986]. Түбір морфеманың екі сөз табына сәйкес келуі көне заманнан сақталып қалған белгі бұйым, тілдің даму барысында, грамматикализация процесінің арқасында мұндай жұптар азаяды.

Дегенмен, қазіргі қазақ тіліндегі синкретизм құбылысы кездеседі: етістіктің көне түбірлерінің зат есіммен әрі түбірлес, әрі мағыналас келетіндері бар. Ғ.Мұсабаев мынадай мысалдарды келтіреді:

Қыс – бір нәрсені, адамды қысу. *Қыс* – ауа райына қарай жыл маусымы.

Жаз – жазу, қырыс-тырысты, бүктелгенді, бүгілгенді жазу. *Жаз* – бұл да жыл маусымының бір мерзімі.

Көш – көшу. *Көш* – көшкен елдің жүгі.

Жар – жару, бөлу. *Жар* – ортасын су жырған, терең сайдың қабағы.

Құр – бір нәрсені құру. *Құр* – бау, байлайтын бау, киіз үйдің жалпақ бауы.

Сөк – сөгу, ыдырату. *Сөк* – қабығы сетілген тары.

Шек – шегу, аздап қана кесу. *Шек* – шекіп танауға салынған ен.

Құй – құю етістігі түбірі. *Құй* – құдық, салыстырыңыз: төбеңе құй қазды ма?

Оп – обу, обыр обу. *Оп* – обаған жер, қар, құм тағы басқалар.

Тоң – тоңу. *Тоң* – қатқан жер.

«Бұлар етістіктің көне түбірінен жасалады десек, осылардың барлығы – әрі етістік, әрі есім. Олардың бас-басына талдау айтып жатпай тізіммен ұсындық. Мұндайлар тілімізде жеткілікті», - дейді ғалым [*Мұсабаев*, 1988,

117 б.]. Ә.Қайдаров түркі тілдеріндегі бір буынды түбір-негіздерін зерттеп, моносиллабтардағы омонимизация процестерін сипаттап беріп, мынадай мысалдарды келтіреді: ***šal*** деген сөз *шал* және *кесу* деген мағыналарды білдіреді. Бұл процестің қарама-қарсы процесі де (деомонимизация) түркі тілдеріне тән екен [*Кайдаров*, 2005, 95-97 бб.].

Н.А.Баскаков түркі тілдеріндегі түбір морфемалардың фонетикалық құрылымын зерттеп, **CVC**-ты негізгі алғашқы құрылым деп біледі және ол ең байырғысы, басқалары осы түрдің модификациялары. Алайда А.Н.Кононов, Э.В.Севортян, А.М.Щербак т.б. соңғы дауыссызды тілдің даму барысында кейін қосылған аффикс ретінде қарастырған, ал түркі тілдерінің алғашқы тұлғалары **CV, V, VC** моделдері болған дейді.

А.М.Щербак CVC тұлғасы тарихи жағынан алғашқы бола алмайды деп, мынадай мысалдар келтіреді: әзірбайжан тілінде: *sy+n* > *syn*, өзбек тілінде *pa+ y* > *bay*, қырғыз тілінде *su+n* > *sun.* Анлаут позициясында **[j], [b], [h]** дауыссыздары **VC** тұлғасына протеза ретінде қосылып, **CVC** моделін құрастыруға себеп болған дейді [*Щербак*, 1970, 109 б.].

Қазақ тіліндегі бір буынды түбірлердің құрылымын (**V, CV, VC, VCC, CVC, CVCC**) қарастырған Ә.Қайдаровтың пікірінше, бұлардың бәрі түркі тілдерінің даму тарихында кездескен тұлғалар. Бірақ солардың ішінде **V** мен **CV** түркі тілдерінің ең алғашқы тұлғалары болып табылады, қалғандары тілдің агглютинативтік дамуына сәйкес пайда болған модельдер дейді. Ә.Қайдаровтың шәкірті М.Ескеева Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері және қазіргі қыпшақ тілдеріндегі моносиллабтардың құрылымдық ерекшеліктерін зерттеп, **VC, VCC, CVC, CVCC** модельді моносиллабтар құрамындағы соңғы дауыссыздар мағынаны нақтылаушы, даралаушы қызмет атқаратын идео-сема-фондар, ал **V, CV** модельді моносиллабтардың архитұлғасы мен архисемасы бірнеше вариантты қамтитын полифонды, полисемалы болып келеді, олардың тұлғалық өзгерістері о бастағы көп мағыналы архитұлғаның варианттары ретінде семасиологиялық-онтологиялық даму барысында дербес мағыналық реңктерге ие болған дейді [*Ескеева*, 2007, 4 б.].

Дауысты буыннан тұратын сөздер ескі болуы керек дейтін де болжам бар. Мұндай болжам мынадай фактілерге сүйенеді: *qo+(j), qo+(zy), qo+(šaqan), kö+(z)* т. б. Сондай-ақ сөздің грамматикалық тұлғасының өзгеруін, дамуын дыбыстардың тарихы тұрғысынан қарастырғанда ғана айқын түсінуге болады. Сондықтан сөз тұлғасы, оның буындық құрамы жайын әңгімелегенде дыбыстардың тарихи ауысу, өзгеру жолын да еске алу керек. Сонда ғана сөздің байырғы түбірі мен кірігіп кеткен қосымша, не түбірді айыруға болады. Әрі, бері, кері сөздері құрамындағы байырғы түбірлер ***ä, be, ke*** және ***ri*** (гі ескі барыс тұлғасы) дегенде, *ашудас* сөзі о баста *ащы тас* тіркесі (фразалық екпін әсері) дегенде де сол фонетика заңдылықтарының тарихи өзгеру жолдарын ескеру керек [*Томанов*, 1981].

Ғалымдардың пікірінше, көне түркі тілдерінің екпіні түбір тілдерге тән түбір морфемада орналасқан. Кейін ол сөздің соңғы буынына ауысқан. Тілдің

морфологиялық дамуымен анықталушы морфеманың фонетикалық редукция мен фузиясының арқасында пайда болып, бір түбірлі морфема және грамматикализациямен байланысты морфеманың аффиксіне айналған. Қазіргі уақытқа дейін түркі тілдерінің көбісінде аффиксті морфемалар үшін екі-ақ фонема <**a**> [**o, e, ö**] мен <**y**> [**i, u, ü**] сақталған. Бұлардың варианттары: [**o**], [**e**], [**ö**] (<**a**> үшін) және [**i**], [**u**], [**ü**] (<**y**> үшін) барлық сөздер сингармонизм заңына бағынатын болғандықтан ешбір фонематикалық мағынаға ие емес.

Түбір морфемалардың дауысты морфемаларын алып қарасақ, олардың да мәні екі дауысты фонемаға ғана қатысты, себебі қазіргі түркі тілдерінде палатализация мен лабиализацияның айырым белгілері жалғыз түбірлі морфемаға ғана емес, сөйлемдегі барлық сөздерге қатысты. Осы жағдайды өз уақытында А.Байтұрсынов байқап, барлық сөздерге қатысты графикалық дәйекше деген белгімен сөздің алдында белгілеуді ұсынған, мысалы, *taqty* (тақты) және *ʻteqty* (текті). Ал сөздің лабиалды аттракциясын көрсету үшін графикалық domalaqsy деген белгіні қолданған болса керек, мысалы, *°toqtu* және *ʻ°töktü*.

Қазіргі түркі тілдерінде сингармонизм фонологияның негізгі заңдылықтарының бірі деп есептеледі. Сингармонизм құбылысын қазақ тілінде зерттеген Ә.Жүнісбектің тұжырымы бойынша, сингармонизмнің ең басты фонологиялық функциясы – ол түркі сөзінің барлық келбетінде біркелкі тембрді сақтауы, яғни сөздің буындарындағы барлық дауысты мен дауыссыздар бір тембрдің аясында бірігеді. Сонымен қатар түркі сөзіндегі ең кіші функционалды фонологиялық бірлік- ол фонема емес, сингема болады. Көріп отырғанымыздай, Жүнісбектің бұл пікірі силлабема теориясымен үндеседі. Сондықтан топталған фонема, силлабема теориясы сингармонизм теориясымен тығыз байланысты екен.

Түркі тілдеріндегі буын құрамын зерттеген Ә.Құрышжанов қазақ тіліне тән буынның үш түрі қыпшақ тілінде де кездеседі дейді. Мысалы: а) ашық буын (***de, la, ki, ly, da***) құрала береді. Ол бірінші буында да (***de, a, y, e, ba***), екінші буында да (***la, ki, ly, da***) тұра береді. Жалаң дыбыстардан тұратын ашық буын сөздің бас шенінде келетін болса, екі дыбыстан құралған ашық буын позиция таңдамайды. Ашық буынның екі түрі де кейде бір сөз құрамында тұрып, өзіне тиесілі қызметін атқара береді (***a-la, e-ki***). Тұйық буын екі дыбыстан құралады да, сөздің бас позициясында да, соңғы позициясында да кездеседі, кейде тіпті екі буынды бір сөздің өзі тек қана тұйық буыннан құралады: ***ай-аз***. Өз алдына жеке сөз болып та келеді: ***et (ет), er (ер) , ек (ек)***. Бітеу буын үш дыбыстан тұрады. Жеке сөз ретінде де, сөздің әрқилы бөлшегі түрінде де кез келген позицияда кездесе береді. Екі бітеу буын қосылып, кейде бір бүтін сөз де жасайды: ***ker-tek*** (кер-тек), ***qaj-tur*** (қай-тұр). Жалғау-жұрнақсыз жеке тұрған түбір сөз (морфема) қыпшақ тілінде буын құрамы жағынан үш түрлі: бір буынды, екі буынды және үш буынды. Әр буындағы сөздер ашық, тұйық және бітеу буын да болып келе береді:

Бір буынды
- ашық буын (***de, o***)
- бітеу буын (***al, el***)
- тұйық буын (***sal, jal, jel***)

Екі буынды — ашық буын (***al-ma***), бітеу буын (***et-ek***), тұйық буын (***sal-maq***)

Үш буынды — ашық буын (***a-ɣy-ryq*** «ауру»), бітеу буын (***al-dar-man***), тұйық буын (***a-ɣyz-lyq*** «ауыздық»)

Демек, бір буынды сөз кем дегенде бір, көп дегенде үш дыбыстан құралса, екі буынды сөз кем дегенде төрт, көп дегенде алты дыбыстан, ал үш буынды сөз одан да көп (6-8) дыбыстардан құралады [*Құрышжанұлы*, 2011, 184 б.].

Туыстас және генетикалық туыстығы жоқ тілдердің материалдарын типологиялық зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, олардың фонологиялық құрылымдары барлық тілдерге қатысты универсалды болып табылады. Олардағы функционалды бірліктердің интеграция мен дифференциация процестері олардың айырым белгілерінің диезділігі, диезсіздігі, бемолділігі, бемолсіздігі, ашықтығы, жабықтығымен сәйкес іске қосылады. Еуразиялық кеңістіктегі ежелгі және қазіргі жаңа типтегі түрлі тілдердің фонологиялық құрылымдарының, модельдерінің даму, кемелдену процестерін ретроспекцияда диахрондық фонологияның тәсілдердің көмегімен көруге, байқауға болатын сияқты.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жұмыста қазақ фонологиясының негізгі принциптері, теориялық ұстанымдары қарастырылды. Жалпы фонологияның универсалды қағидаларына сүйене отырып, қазақ тіліндегі фонема ұғымы, олардың фонологиялық оппозицияда көрініс табуы, әртүрлі позицияда болуы, фонемалардың бейтараптануы (нейтрализация) мысалдар арқылы анықталды. Фонемалардың коррелятивтік сериялар мен реттерге біріктірілу жолдары айқындалды. Фонемалардың айырым белгілері универсалды дихотомиялық классификация тұрғысынан қарастырылды. Силлабема теориясының типологиялық заңдылықтары сипатталды.

Қазақ фонологиясының құбылыстары, заңдылықтары, жалпы концепциясы салыстырмалы және салғастырмалы-типологиялық ізденістер арқылы анықталды. Фонологияда тек туыстас тілдердің деректері ғана емес, сонымен бірге туыстас емес тілдердің де фактілері алынып, әр тілдің типологиялық ерекшеліктеріне және универсалияға сүйене отырып, дыбыстардың қысқаруы мен созылуы, монофтонгизациясы мен дифтонгизациясы, лабиализациясы мен делабиализация құбылыстары сипатталды.

Барлық тілдерге тән фонологизация құбылыстарының негізінде қазақ тілінің фонетика жүйесі толығып, дыбыстардың функциясы кеңейіп, фонематикалық статусқа көтерілгені диахрондық фонология тұрғысынан зерттеліп анықталды. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі (вокализм мен консонантизм) өзінің даму процесіне сәйкес конвергентті-дивергентті заңдылықтардың нәтижесінде олардың аллофондары жеке фонемаларға ауысуы салыстырмалы-тарихи және салғастырмалы-типологиялық әдістер арқылы зерттелді.

Қазақ және түркі тілдеріндегі дыбыстық өзгерістер тілдің жалғамалық құрылысымен, үндестік заңы, дыбыстардың дивиргенция мен конвергенция, фонологизация тағы басқа да дыбыстық құбылыстармен байланысты қарастырылды. Салыстырмалы тарихи және типологиялық әдістердің негізінде фонологиялық жүйелердің жақындық дәрежесі мен айырмашылықтары, ортақ белгілері мен айырым белгілері сипатталып, қазақ дыбыстары функционалды аспектіде қарастырылды.

Фонологияның негізгі принциптері, ұғымдары, әдіс-тәсілдері тіл білімінің басқа салаларында да пайдаланылып жүр. Фонологияның ең шағын функционалды бірлігі – фонеманың морфема мен сөз құрамында болуын және олардың мағына өзгертетін қасиетін ескерсек, оның морфология мен лексикология және семантикаға қатысы бар екені айқын көрінеді. Сондықтан фонологияның заңдылықтарына, факторларына сүйене отырып, тіл білімінің өзекті, тың проблемаларымен шұғылдануға болады. Салыстырмалы фонология тіл білімінің салыстырмалы лексикология, салыстырмалы грамматикасының дамуына әсер ететіні күмән тудырмайды және түркі тілдерінің фонологиясын диахронды аспектіде зерттегенде қазақ тілінің тарихи этимологиясына шығуға болады. Бұл салада да қарастырылмаған, зерттелмеген, дау тудыратын мәселелер баршылық

Жұмыста пайдаланылған терминдер

Интонология терминдері

абсолютті мәндер – абсолютные значения
актуалды мүшелену – актуальное членение
акустикалық параметрлер – акустические параметры
аудиторлық талдау – аудиторский анализ
әуен – мелодика
әуен өрнектері – мелодические узоры
- бәсең әуен – нисходящая мелодика
- бәсең-көтеріңкі әуен – нисходяще-восходящая мелодика
- бірқалыпты әуен – ровная мелодика
- көтеріңкі-бәсең әуен – восходяще-нисходящая мелодика (тон)
- көтеріңкі әуен – восходящая мелодика

бөлшек – сегмент
бірлік - единица
- интонациялық бірлік – интонационная единица
- грамматикалық бірлік- грамматическая единица
- семантика - синтаксистік бірлік – семантико-синтаксическое единство
- синтаксистік бірлік – синтаксическая единица

бір мүшелі сөйлем – одночленное предложение

дауыс реңкі – тембр (окраска) голоса
дөңес сызық – выпуклая кривая
екі жақты таңба – двусторонний знак
екі мүшелі сөйлем – двучленное предложение
екпін – ударение
- жылжымалы екпін – подвижное разноместное ударение
- ой екпіні – логическое ударение
- синтагмалық екпін – синтагматическое ударение
- сөз екпіні – словесное ударение
- фразалық екпін- фразовое ударение
- ырғақты екпін – ритмическое ударение

жалғаспалы байланыс – присоединительная связь
жарыспалы байланыс – параллельная связь
интонациялық компоненттер – компоненты интонации
интонациялық өзек – интонационный центр
интонациялық кескін – интонационный контур
интонациялық конструкция – интонационная конструкция
интонациялық құрылым – интонационная структура
интонациялық транскрипция – интонационная транскрипция
интонациялық-синтаксистік тәсіл-интонационно-синтаксический способ
интонема- интонема
- арнаулы сұрақ интонемасы – интонема специального вопроса
- жалпы сұрақ интонемасы – интонема общего вопроса
- қатал бұйрық интонемасы – интонема категоричного побуждения

қыстырма интонемасы - интонема вставки
лепті интонемасы – интонема восклицания
сыпайы бұйрық интонемасы – интонема вежливой просьбы
тиянақсыз интонема – незавершенная интонема
тиянақты интонема – завершенная интонема
интонация – интонация
аяқталу-аяқталмау интонациясы–интонация законченности и незаконченности
бағыныңқы интонациясы – подчинительная интонация
ескерту-болжау интонациясы – предупредительная интонация
жалғаспалы интонациясы – интонация присоединения
қарсылықты интонациясы – противопоставительная интонация
мақұлдау интонациясы – утвердительная интонация
өтіну-сұрау интонациясы – просительная интонация
санамалау интонациясы – перечислительная интонация
салғастыру интонация – сопоставительная интонация
таңдану интонациясы – интонация удивления
түсіндірмелі интонациясы – разъяснительная интонация
фразалық көтермелеу интонациясы- фразового повышения
шақыру-қарату интонациясы – звательная интонация
интонология – интонология
күрделі құбылыс – сложное явление
күрделі синтаксистік тұтастық – сложное синтаксическое целое
күрделі фразалық тұтастық – сверхфразовое единство
кідіріс – пауза
алдамшы кідіріс – мнимая пауза
вокалданған кідіріс – вокализованная пауза
интеллектік кідіріс – интеллектуальная пауза
күшейткіш кідіріс - усилительная пауза
физиологиялық кідіріс – физиологическая пауза
хезитациялық кідіріс – хезитационная пауза
эмоциялық кідіріс – эмоциональная пауза
қатынастық мәндер – относительные величины
қарқын – темп
құбылмалы байланыс – изменчивая связь
құрылымдық әдіс – структурный метод
құрылымдық-мазмұндық түрлері– структурно-семантические виды
мағыналық бөлшектер – смысловые сегменты
негізгі тон жиілігі – частота основного тона
негізгі тонның шыңы – пик частоты основного тона
ойыс сызық – вогнутая кривая
өтем заңы – закон компенсации
просодия – просодия
просодема – просодема
просодикалық тәсілдер – просодические средства
просодикалық айырым белгілер – просодические дифференциальные признаки
предикативтік өзек – предикативное ядро

синтагма – синтагма
тәуелді синтагма – зависимая синтагма
тәуелсіз синтагма – независимая синтагма
семантика-интонациялық бірлік – семантико-интонационное единство
сөз ағымы – речевой поток
сөз легі – речевой поток
сөйлемнің аражігі – стык предложения
суперсегменттік фонетика – суперсегментная фонетика
суперсегменттік бірліктер – суперсегментные единицы
суперсегментті деңгей – суперсегментный уровень
тармақ – строка
теңелту принципі – принцип замены
тема-ремалық қатынастар – тема-рематические отношения
тональды деңгей – тональный уровень
тональды дипазон – тональный диапазон
кең тональды диапазон – широкий тональный диапазон
тар тональды диапазон – узкий тональный диапазон
тональды кескін – тональный контур
тональды интервал – тональный интервал
болымды тональды интервал – положительный тональный интервал
болымсыз тональды интервал- отрицательный тональный интервал
тональды регистр – тональный регистр
теңелту принципі – принцип замены
тұтастық әдіс – глобальный метод
ұзақтылық – длительность
үдемелік – интенсивность
шумақ – куплет
ырғақ – ритм
ырғақты топ, бунақ – ритмическая группа
ілікпелі байланыс – цепная связь
электроакустикалық талдау – электроакустический анализ

Фонология терминдері

айырым белгілер теориясы – теория дифференциальных признаков
акустикалық ұғым – акустическое понятие
акустика-артикуляциялық қасиет – акустика-артикуляционная особенность
анлаут (басты) позициясы – начальная позиция
атаtіл – праязык
ауслаут позициясы – конечная позиция
арнаулы аспаптар – специальные приборы
әлді позиция – сильная позиция
әлсіз позиция – слабая позиция
графема бейнесі – графический образ
дербес фонема – самостоятельная фонема
дискретті бірліктер – дискретные единицы

дыбыс типі – звукотип
дыбыстар үлгілері – образцы звуков
дыбыстардың ілгерілеу процесі – процесс опереднения звуков
дыбыстық бірлік – звуковая единица
еріндік реңк – губной оттенок
жарыспалы қатарлар – параллельные ряды
жүйе – система
инлаут позициясы – серединная позиция
инвариант-вариант теориясы – теория инвариантов и вариантов
кіші жүйе – подсистема
комбинаторлық алмасулар – комбинаторные чередования
коррелятивтік жұп – коррелятивная пара
корреляциялық реттер – корреляционные ряды
коррелятивтік сериялар – коррелятивные серии
қиылыспалы қатарлар – пересекающиеся ряды
қарама-қарсы қою теориясы – теория оппозиций
конвергентті-дивергентті теориясы – конвергентно-дивергентная теория
лингвистикалық аспект – лингвистический аспект
мағына айқындау қасиеті – смыслоразличительное свойство
оппозиция – оппозиция
баспалдақты оппозиция – градуальная оппозиция
бейтараптанған оппозиция – нейтрализуемая оппозиция
бірөлшемді оппозиция – одномерная оппозиция
оңашаланған оппозиция – изолированная оппозиция
көпмөлшерлі оппозиция – многомерная оппозиция
привативтік оппозиция – привативная оппозиция
теңбе-тең оппозиция –эквиполентная оппозиция
тұрақты оппозиция – постоянная оппозиция
перцептивтік әлсіз позиция – перцептивная слабая позиция
позициялық алмасулар – позиционные чередования
сигнификативтік (мағына ажыратушы) позиция – сигнификативная (смыслоразличительная) позиция
синхрондық кесік – синхронный срез
сөзтұлға – словоформа
таңбаланбаған мүше – немаркированный член
таңбаланған мүше – маркированный член
физикалық аспект – физический аспект
физиологиялық аспект – физиологический аспект
фонема – фонема
фонеманың варианты – вариант фонемы
фонеманың вариациясы - вариация фонемы
фонема реңктері – оттенки фонем
фонеманың сигнификативтік (мағына ажыратушы) қызметі – сигнификативная (смыслоразличительная) функция фонемы
фонеманың түрленімі – модификация фонемы
фонеманың комбинаторлы варианты – комбинаторный вариант фонемы
фонеманың факультативті варианты – факультативный вариант фонемы

фонеманың синонимі – синоним фонемы
фонеманың омонимі – омоним фонемы
фонетикалық бейне – фонетический образ
фонетикалық құбылыс – фонетическое явление
фонематикалық қасиет – фонематическое свойство
фонология – фонология
фонологиялық концепциялар – фонологические концепции
фонологиялық елек – фонологическое сито
фонологиялық интерференция – фонологическая интерференция
фонологиялық мәні – фонологическое значение
фонологиялық оппозиция – фонологическая оппозиция
фонологиялық тұлға – фонологическая форма
функционалды бірлік – функциональная единица
үнемдеу принципі – принцип экономии

3 МАҚАЛАЛАР

ИССЛЕДОВАНИЕ ИНТОНАЦИИ В ПРАГМАЛИНГВИСТИЧЕСКОМ АСПЕКТЕ

Проведен анализ интонационных компонентов в прагмалингвистическом аспекте, изучающий язык в действии вместе с интонацией, которые играют важную роль в речевой коммуникации. Посредством компонентов интонации в зависимости от речевой ситуации можно передавать различные смысловые оттенки, цели, намерения. Между адресантом и адресатом в речевом акте происходит обмен сведениями, информацией, при этом просодические средства выполняют существенную роль в выражении различных коммуникативных функций. Являясь основным средством оформления высказывания, интонация выполняет функцию организации текста (дискурса), разделяя и соединяя ее части, а также придает ей определенное семантико-смысловое содержание.

Ключевые слова: прагмалингвистика, просодические средства, интонационное членение, дискурс.

THE RESEARCH OF INTONATION IN PRAGMALINGUISTIC ASPECT

An analysis of intonation components in pragmalinguistic aspect studying language in practice along with intonation, which are playing an important role in verbal communication, has been carried out. Through the components of intonation depending on speech situation it is possible to express different tinges, purposes and intentions of meaning. Between sender and receiver in the speech event there takes place an exchange of information, in which prosody devices play an essential part in expressing different communicative functions. Being the main device of shaping expression, intonation fulfills a function of structuring a text (discourse), splitting and joining its parts, as well as gives it certain semantic and meaning contents.

Key words: pragmalinguistics, prosody devices, intonational segmentation, discourse.

Введение

В последнее время в языкознании с развитием антропоцентрической парадигмы единицы различных ярусов языка исследуются в семантико-функциональном аспекте. Интенсивно развиваются научные изыскания, в которых рассматриваются коммуникативные, когнитивные, лингвокультурологические функции языка [1]. В каждом из этих направлений развиваются свои научные принципы и подходы. На основе традиционной грамматики произошло становление функциональной грамматики казахского языка, которая изучает языковые средства во взаимодействии и взаимосвязи с выявлением функционально-семантических особенностей в речепроизводстве. Данное направление не ограничивается рамками морфологии и синтаксиса, оно распространяется и на другие общеязыковые категории лингвистики. Выявление функциональных характеристик языковых

единиц является одной из актуальных проблем современного языкознания, кроме того в функциональной грамматике обеспечивается комплексное изучение языковых фактов в прагматическом и семантическом аспектах [2]. Функционально-семантические особенности лингвистических средств различных языковых уровней, коммуникативные типы высказываний, их прагматическая цель, речевые акты и теория дискурса представляют научный интерес. Особое внимание уделяется исследованию устной речи в области теории речевой коммуникации и прагмалингвистики.

Наука об интонации – интонология как раз находится на пересечении новых направлений языкознания и изучает определенное семантическое явление во взаимосвязи со всеми языковыми уровнями, обеспечивая комплексное исследование общеязыковых категорий. В настоящее время интонология рассматривает интонацию как независимое от других (лексико-грамматических) языковых средств автономное комплексное многофункциональное явление.

Целью данной статьи является изучение интонации в прагмалингвистическом аспекте, с выявлением роли просодических средств в смысловом членении речевого потока.

Методика. На основе структурного и функционального анализа интонации, разработанного российскими учеными в работе использовались аудиторские и экспериментальные методы исследования, а также была произведена компьютерная обработка данных.

Материалом исследования послужили отрывки из казахских текстов, подвергшиеся экспериментально-аудиторскому анализу на уровне суперсегментной фонетики.

Основная часть. Интонация имеет достаточно сложное строение и выполняет весьма многообразные функции [3]. Посредством интонации не только организуется и оформляется устная речь, но вместе с тем определяется коммуникативно-прагматическое и эмоционально-экспрессивное значение высказывания. Кроме того, интонация играет большую роль в дифференциации высказываний в речевом акте и в расчленении текста на семантико-структурные части. Интонация является важнейшей приметой устной, звучащей речи, это сложное лингвистическое целое, состоящее из нескольких компонентов: мелодики, темпа, паузы, ударения, ритма, интенсивности, тембра. На акустическом уровне эти компоненты соответствуют тональным, динамическим и временным параметрам. Звуки речи и интонация выполняя коммуникативную функцию, описываются одними и теми же акустическими параметрами: частотой основного тона, длительностью, интенсивностью и спектром.

Интонационные компоненты (повышение и понижение мелодики, темп, пауза) являются средством выражения знаков препинания в устной речи [5]. Знаки препинания фиксируют интонационное смысловое членение высказывания и на письме передают смысловые оттенки, которые в живой устной речи эксплицируются в виде определенного интонационного оформления предложения. Речевая интонация служит для связи частей фразы в одно целое и является смыслоразличительным средством, помогающим правильно и однозначно расставить знаки препинания. Интонационный анализ различных текстов современных языков свидетельствует о том, что просодические элементы являются средством выражения знаков препинания в устной речи. Учитывая то, что интонация находится

в тесной взаимосвязи с семантикой и синтаксисом, можно судить о ее важной роли в передаче знаков препинания в устной речи. Безусловно надо иметь в виду, что письменная форма речи не имеет прямых соответствий в устной. Основное назначение знаков препинания заключается в разграничении в тексте предложений и их частей и установлению смысловых взаимоотношений между ними. Пунктуация, используемая в письменной речи, взаимодействует с интонационным членением текста в устной речи, другими словами, членение устной формы речи посредством просодических средств находит отражение на письме в знаках препинания. Не случайно чтение характеризуется как процесс в известном смысле обратный письму, где интонация играет важную роль и читающий должен вычитать ту интонацию, которая соответствует замыслу автора.

Членение речевого потока на сегменты может передаваться с помощью семантико-интонационных и синтаксических единиц – синтагм, а также ритмических групп. Ритмические группы часто совпадают с синтагмами, иногда синтагма может состоять из нескольких ритмических групп, тогда пограничные сигналы между ритмическими группами оформляются изменением мелодического контура, интенсивности и длительности. Если же ритмическая группа соответствует синтагме кроме перепадов интервала тона и других параметров интонации на стыках нередко отмечается пауза.

Универсальная семантико-интонационная единица синтагма играет важную роль в интонационных изысканиях, поскольку именно в ней реализуются различные интонемы. По сравнению с ритмической группой, она являясь единицей более высокого порядка, шире определяет характеристики предметов и явлений, о которых говорится в речи. Под синтагмой понимается универсальная, характерная для всех языков, смысловая единица, возникающая при сегментации высказывания, текста. В зависимости от речевой ситуации и контекста она может оформляться словом, словосочетанием и предложением, выражая сложное смысловое единство. Минимальные фонетические и семантико-интонационные единицы, каковыми являются ритмические группы и синтагмы, определяют семантико-интонационное деление казахской речи (текста). Границы семантико-интонационных, синтаксических единиц синтагм передаются посредством синтагматических ударений. Являясь предельным элементом фразировки, она является результатом синтактико-стилистического и лексико-фразеологического членения речевого потока. Границы синтагмы в речи достаточно подвижны и часто находят отражение в пунктуации, однако знаки препинания не всегда совпадают с ее границей. Будучи наименьшаей знаменательной частью высказывания, синтагма оформляется посредством интонационных средств.

Айтысқанда // екі күрескен балуандар сияқты, // бірін-бірі аңдиды, // бірін-бірі бағады. Күрескендегі // бірін-бірі жығу үшін // істейтін әдіс-амалдарды, // тәсілдерді мұнда да істейді. Айтысқанда // жай сөзбен айтыспай, // өлеңмен айтысады. Сондықтан // өлеңмен ғана айтысу – // айтыс деп аталады. Өлеңсіз айтыстың аты // әзіл-ерегіс болады. Бәлки өлең айтыс та // о басында әзілден, // ерегістен шыққан болар. Бірақ бұл күнде // айтыс деп // өлең түріндегісі ғана айтылады. Айтыс- өленді сөз болған соң // оған ақындық керек. Күрескенде // күшке әдіс серік болу сияқты // айтысқанда // ақындыққа да // әдіс серік болу сияқты // айтысқанда // ақықындыққа да әдіс серік болады. Әдісі жоқ // әйдік ақынды / әдісті // анау-мынау ақын жеңіп // кетуі мүмкін.

Паузы, а также изменения мелодических параметров на стыке слов в звучащей речи указывают на границы периодов и колон. Знаки препинания ставятся там, где в звучащей речи слышится пауза. Исследования, проведенные с целью создания универсальных законов интонирования письменных текстов, часто себя не оправдывают. Закономерности, выявленные по формальным признакам, не отражают реальную картину, например отсутствие знака препинания на месте паузы и наоборот наличие паузы там, где их нет, произношение вопросительного предложения с завершенной интонацией и т. д. Такие несоответствия решаются только с лингвистических позиций: интонационные значения не всегда совпадают с грамматическими, также как и интонационные единицы не могут быть прямым отражением грамматических.

Являясь средством делимитации текста и выражая семантико-синтаксическое и структурно-смысловое членение устной речи, интонация позволяет описать прагматическую организацию текста, поскольку функциональный потенциал интонационных средств расширяется при переходе от анализа изолированного высказывания к анализу связного текста [6]. Анализ функционирования просодических средств в рамках лингвистики текста дает возможность описать свойства интонации в реализации межфразовой связи, в выделении информативных отрезков по степени важности, а также в выполнении функции эстетического воздействия на человека. При изучении различных свойств текста наибольший интерес вызывает коммуникативный аспект текста и его прагматика. Исследование текстов (дискурсов) с привлечением в зону интересов интонологии социальных и психологических свойств индивида дает возможность оценить процесс коммуникации и речевое поведение человека в естественных условиях. При прагмалингвистическом, основанном на разностороннем подходе к элементам текста, при конкретной коммуникативной ситуации, полнее и глубже реализуется анализ интонационных данных.

Интонация в отличие от других элементов языка не может существовать в изолированном виде, она существует только в предложении, тексте и не может быть оторвана от них. Когда мы слышим иностранца, говорящего на своем языке, мы воспринимаем только одну интонацию, ибо слова и предложения в его устах не содержат для нас никакого смысла. Когда речь звучит через стенку, то слово как таковое исчезает и воспринимается одна интонация. Поскольку интонация проявляется в высказывании, тексте, то встает вопрос о связи интонации и синтаксиса [4].

Подчеркивая соотносительный, но не симметричный характер связи между интонацией и синтаксисом (интонационных моделей меньше, чем синтаксических), следует все же вспомнить функции интонации в рамках синтаксиса: дифференциация предложений по цели высказывания, выделение однородных членов предложения, вводных единиц, обращения и т.д.

Возросший интерес к инструментальному анализу интонации способствовал появлению работ, посвященных интонации некоторых синтаксических конструк-

ций (вопросительные, восклицательные предложения, обращение, перечисление и т.д.). Другое направление представляют работы, в которых предлагается классификация интонационных единиц на основе их закрепленности за определенными синтаксическими образованиями, причем одна интонационная модель может выражать несколько синтаксических значений и несколько интонационных моделей могут передавать одно и то же значение.

Ограничиться одним лишь синтаксическо-интонационным или интонационно-синтаксическим путем исследования означало бы значительно сузить рамки исследования. Для того, чтобы выявить природу интонации в системе языка следовало бы объединить синтаксическо-интонационные и интонационно-синтаксические методы исследования.

Чтобы выяснить взаимосвязь синтаксических и интонационных значений надо найти их общие критерии. Такими общими критериями, которые подходят и для синтаксиса и интонации, по мнению лингвистов, являются критерии зависимости – независимости и законченности – незаконченности. Восходящий тип интонации выражает значение зависимости и незаконченности, а нисходящий – значение независимости и законченности. Существенным фактором для интонации является характер синтаксической связи: сочинительной и подчинительной, как в простом, так и сложном предложении. При сочинительной связи выражается идея независимости объединяемых членов предложения или самих предложений; при подчинительной связи осуществляется идея их зависимости. Фактор законченности и незаконченности в синтаксических конструкциях, обусловливающий деление речевого потока на сегменты, тоже непосредственно связан с выбором определенного типа интонации.

Минимальным объемом речевого отрезка, в котором проявляется синтаксическое и интонационное значение является синтагма. Синтагма универсальна и встречается во всех языках, формирование синтагм в потоке речи определяется не жесткими правилами, а обусловлено разнообразными смысловыми связями внутри текста, а также зависит от хода мысли говорящего, от его видения и понимания ситуации. Нетрудно заметить, что различные синтагмы обладают большей или меньшей смысловой целостностью. Фонетическая целостность синтагмы в речи создается отсутствием паузы внутри синтагмы и общим мелодическим контуром. Как показывают экспериментальные исследования на материале разных языков, любое синтаксическое значение может получить интонационное выражение только в объеме синтагмы.

Следовательно, если в объеме синтагмы происходит полное совпадение синтаксических и интонационных значений на основании двух значимых критериев, то интонация в этих конструкциях безвариантна, т.е. может быть использован только один интонационный тип – восходящий или нисходящий. В данном случае под типом понимается движение основного тона, и под вариантом – возможность использования в одной синтагме фонологически противоположного интонационного типа.

Одна из функций интонации состоит в том, чтобы определить исходный момент сообщения (тему) и новый момент сообщения (рему). Эта функция связана

с речевой установкой говорящего, контекстом, ситуацией общения. Например: *Студенттер кеше емтихан тапсырды. Студенты вчера сдавали экзамен.* В этих высказываниях в зависимости от коммуникативной цели можно выделить любую мысль, что зависит от актуального членения. Тема выражается известной информацией, рема – новой. При этом тема содержит пресуппозицию, а рема – ассерцию (утверждение). В зависимости от коммуникативной цели высказывания пресуппозиция может переводиться в ассерцию и наоборот, причем наиболее яркие интонационные характеристики будут реализовываться в ассерции (динамические и темпоральные максимумы, расширенные тональные и динамические диапазоны, локализация фразового и логического ударений).

Теория актуального членения, лежащая в истоках лингвистики текста, предваряющая выявление коммуникативно-текстовых категорий связана с теорией речевых актов. Просодические средства, реализуя иллокутивную характеристику высказывания, выполняют функцию маркировки ремы. В зависимости от коммуникативной цели может актуализироваться любое слово высказывания. Актуальное членение предложения, являясь объектом динамического синтаксиса, определяется функциональной перспективой сверхфразового единства, контекстом и ситуацией общения.

В казахском языке при актуальном делении предложения на смысловые единицы в синтагме, образующей рему, акцентируется отдельное слово, которое всегда локализуется перед сказуемым, сказуемое же по закону порядка слов в казахском языке занимает постпозиционное место в предложении. В этом заключается основное отличие в передаче актуального членения в казахском языке от русского, которому, как известно, присущ свободный порядок слов. Таким образом, выделение элементов смыслового членения и изучение способов актуализации частей высказывания представляют собой не только теоретический интерес. Типологические вопросы актуального членения имеют непосредственное отношение к практике, например, к овладению разговорными навыками в процессе изучения иностранного языка.

Членение на синтагмы определяется смысловым содержанием высказывания, степенью распространенности главных и второстепенных членов. Одно и то же высказывание в зависимости от интенции говорящего может быть произнесено с различным синтагматическим членением. Соотношение частей высказывания обусловлено определенным осмыслением ситуации говорящим или слушающим. Интонационное оформление синтагмы обеспечивается мелодическими, динамическими и темпоральными средствами. Когда несколько ритмических групп объединяются в синтагму, происходит усиление синтагматического ударения за счет ослабления предшествующих ритмических ударений.

Более сложную ступень членения речевого потока представляют предложения, которые могут состоять из нескольких синтагм. Определенный интонационный контур и существование различных видов ударений обеспечивает объединение слов по смыслу в такое фонетическое единство. В любом законченном предложении бывает коммуникативно оформленный интонационный центр, иначе говоря

фразовое ударение, которое выполняет две главные функции: 1) дифференцирует коммуникативный тип высказывания, 2) отделяет высказывания друг от друга, выполняя делимитативную функцию. Фразовое ударение, организуя высказвание в целом, локализуется на последнем слове фразы. В нижеследующих примерах показано, как в нейтрально произнесенных высказываниях фразовое ударение по мере увеличения слов перемещается на его конец, являясь интонационным центром.

Жаңбыр. (Дождь).
Жаңбыр жауды. (Пошел дождь).
Жаңбыр қатты жауды. (Пошел сильный дождь).
Жаңбыр түнде қатты жауды.(Ночью пошел сильный дождь).

Функцию членения высказывания на речевые сегменты выполняет также логическое ударение, выделяя отдельные слова в высказывании. Логическое ударение тесно связано с семантикой: от места локализации логического ударения могут меняться смысловые оттенки высказывания. Рассмотрим следующее высказывание: *Бүгін көршілер бақшада картоп терді. Сегодня в огороде соседи собирали картофель.* В данном высказывании может быть выделено любое слово в зависимости от ситуации общения. *1. Бүгін* ***көршілер*** *бақшада картоп терді. Сегодня* ***соседи*** *(не кто-нибудь другой) собирали в огороде картофель. 2. Бүгін көршілер* ***бақшада*** *картоп терді. Сегодня* ***в огороде*** *(а не в другом месте) соседи собирали картофель 3.* ***Бүгін*** *көршілер бақшада картоп терді.* ***Сегодня*** *(не вчера) в огороде соседи собирали картофель.*

В определенной контекстной ауре, логическое ударение являясь акцентным воплощением скрытой пресуппозитивной категории, часто наслаивается на фразовое ударение – основное просодическое средство, организующее высказывание в целом.

В научной литературе лингвистику текста часто определяют как науку, изучающую «язык в действии» (language in use), занимающуюся поиском общих закономерностей, с целью построения системы грамматических категорий текста с содержательными и формальными единицами разного объема и сложности (Новое в зарубежной лингвистике, 1978, с. 10). По В.Дресслеру, текст понимается как структура любого законченного и связного, независимого и грамматически правильного письменного текста или устного высказывания на эмическом уровне и как актуальная реализация этого высказывания на этическом уровне. Ученый отмечает универсальную роль интонации при оформлении текста: «В отношении письменных текстов можно опираться на внутреннее проговаривание или чтение пишущего или читающего, тем более что существование интонации, указывающей на продолжение текста, может считаться универсалией. При этом для письменных и устных текстов является доказуемым отсутствие сегментных, а не суперсегментных средств (коннекторов) сверхфразовой связи в начале или в конце текстов. {...} Начальное и конечное предложения не маркированы в отношении коннекторов, которые не соотносятся с серединой текста. Немаркированным является также более отчетливое понижение тона в конце текста. Напротив, маркированной, как и сегментные коннекторы, является супрасегментная связь, которая состоит в интонации продолжения текста» (Новое в зарубежной лингвистике, 1978, с. 114).

Интонолог Т.М.Николаева считает, что развитию лингвистики текста способствовало изучение фразово-просодических структур, при этом отмечается, что в устном высказывании возможно установить набор единиц минимальной протяженности, каковыми являются синтагмы - первичные единицы устного высказывания (Новое в зарубежной лингвистике, 1978, с. 13). Функциональный потенциал интонационных средств расширяется при переходе от анализа изолированного высказывания к анализу связного текста. Анализ функционирования просодических средств в рамках лингвистики текста позволяет обнаружить влияние интонационной структуры текста, высказывания на интонационные контуры составляющих его элементов, выявить **когнитивную роль** просодических параметров в семантической и прагматической организации текста, описать свойства интонации в реализации межфразовой связи, в выделении информативных отрезков по степени важности, а также в выполнении функции эстетического воздействия на человека.

При изучении различных свойств текста наибольший интерес вызывает **когнитивный аспект** текста и его прагматика. Исследование текстов (дискурсов) с привлечением в зону интересов интонологии социальных, **ментальных и психологических** свойств индивида дает возможность оценить процесс комму-

никации и речевое поведение человека в естественных условиях. При когнитивном, основанном на разностороннем подходе к элементам текста, и к субъекту, воспринимающего и продуцирующего информацию и руководствующегося в своей мыслительной деятельности определенными стратегиями в зависимости от речевой действительности при конкретной коммуникативной ситуации, полнее и глубже реализуется анализ интонационных данных.

Семантическо-когнитивный анализ интонационных компонентов позволяет обратиться к прагматическому фактору, к теории пресуппозиции. В лингвистической литературе о пресуппозициях написано достаточно. Различают семантические, прагматические пресуппозиции. Определяют их как наличие у коммуникантов предварительных знаний о ситуации общения, о предыдущих речевых высказываниях, речевом контексте, в котором развертывается общение, предшествующих акту коммуникации. Пресуппозиции регулируют отношения между коммуникантами задолго до момента начала коммуникативного акта. Вступая в коммуникативный акт, оба партнера ожидают, что у них имеются некоторые общие «сведения о мире», которые дадут им возможность держаться в процессе коммуникации известных обоим ориентиров и границ (Клюев, 1998, с. 60).

Просодические средства, участвующие в оформлении текстов (**дискурсов**), передавая различные семантические значения, могут быть показателями различных типов **пресуппозиций**. Членение высказывания посредством просодических элементов предопределяет наличие и место локализации пресуппозиции. Например, в зависимости от акцентной выделенности слов можно описать пресуппозицию следующего высказывания:

Алибек *// биыл емтиханды «беске» тапсырды.*

Алибек *// в этом году экзамен сдал на «пять»*

Пресуппозиция: *Кроме Алибека экзамен на «пять» в этом году никто не сдал.*

Алибек ***биыл*** *// емтиханды «беске» тапсырды.*

Алибек ***в этом году*** *// сдал на «пять» экзамен.*

Пресуппозиция: *В прошлом году он был не так успешен.*

Алибек биыл емтиханды // ***«беске»*** *тапсырды.*

Алибек в этом году // ***на «пять»*** *сдал экзамен.*

Пресуппозиция: *Раньше у него были другие оценки.*

Пресуппозиция отсылает к фактам, известным слушающим, это еще не иллокуционный акт, а лишь база для него. Пресуппозиция высказывания меняется при изменении его членения. Членение высказывания вкупе с акцентным выделением определяют пресуппозицию. Иллокуционный акт, представляя собой утверждение высказывания, как свидетельствуют примеры, выделяется посредством просодических средств.

Авторитет в области теории речевой коммуникации Дж. Сирль считает, что ударение и интонация служат индикаторами иллокутивных сил, создающих речевой акт (Searle, 1959, с. 40, 70). Сирль различает несколько типов речевых актов, как требование, утверждение, совет, благодарность, предупреждение, вопрос, приветствие, поздравление, регулирующие отношения между коммуникантами. При этом утверждение в пропозиции представляет собой речевой акт, заключающийся в том, чтобы придать пропозиции истинностное значение.

Если обратиться к теории актуального членения, то можно заметить, что это, не что иное, как рема, т.е. то, что утверждается (assertion), а она, как известно,

всегда акцентируется акустическими параметрами речи. Коммуникативной пресуппозицией обещания, по мнению Сирля, является то, что адресант выражает соответствующую пропозицию, обозначив в ней свое будущее действие, желательное для адресата.

Комментируя предложенную Сирлем систематизацию речевых актов, нацеленных на то, чтобы «слова соответствовали миру» и чтобы «мир соответствовал словам», Е.В.Клюев замечает, что приспособление мира к словам, осуществляется адресантом, а задача адресата состоит в том, чтобы приспособить предоставляемые в его распоряжения слова к миру, вернуться к тому же самому референту, который спровоцировал адресанта на произнесение слов (Клюев, 1998).

Изучение теории речевых актов может явиться стимулом в развитии современных направлений языкознания, связанных с разносторонним исследованием звучащей речи на суперсегментном уровне со всеми его интра – и экстралингвистическими характеристиками. В выражении различных типов речевых актов в зависимости от ситуации речи значительная роль отводится просодическим средствам. Представляется, что универсальные для всех языков речевые акты могут различаться посредством дифференциальных просодических признаков, следует отметить, что на основе экспериментальных данных было выявлено, что некоторые речевые акты (требование, совет, утверждение, вопрос) по своим различительным акустическим параметрам соответствуют интонемам, выявленным на материале казахского языка. Анализ просодических средств с **когнитивной** и прагматической точки зрения позволяет определить соотношение семантических и интонационных характеристик, описать глубинный характер взаимодействия интонационных единиц с другими коммуникативными единицами. Интонационные характеристики текста, представляющие собой сочетание нескольких тесно взаимосвязанных по смыслу предложений, выражают более полное по сравнению с отдельным предложением развитие мысли, создающих единую интонацию, смысл и структуру. Сверхфразовые единицы выражают такую сложную мысль, которую невозможно выразить в рамках изолированных простых и сложных предложений, поэтому они представляют собой расчлененный текст, в котором относительно самостоятельные предложения находят свое полное завершение в конце всего единства. Текст сегментируется посредством пауз, сопровождающихся изменениями мелодического контура, темпа, интенсивности, высказывания объединяются по смыслу с помощью просодических средств. При этом членение такого текста допускает видоизменения и модификации в зависимости от целей и желания говорящего.

Рассмотрим спонтанную устную речь, представленную в виде диалога, в котором собеседники вступают в разговор для достижения коммуникативных целей в условиях ситуации речевого общения. Обмен высказываниями происходит в единстве семантического, структурного, **прагматического и когнитивного аспектов**. Прагматическая направленность диалога определяет структурно-грамматическую специфику высказываний, для которых характерна эллиптичность, незавершенность:

1. – Бүгін киноға барамыз.
Сегодня пойдем в кино.
2. – Қай уақытта барамыз?
Во сколько пойдем?

3. – Екі сағаттан кейін.
Через два часа.
4. – Қалай барамыз? Троллейбуспен бе?
На чем поедем на троллейбусе?
5. – Жоқ, ертерек шығып, жаяу барамыз.
Нет, пораньше выйдем, пойдем пешком.
6. – Сен Айгүлді шақыршы!
Позови-ка Айгуль!
7. – Қандай фильмді көреміз?
Какой фильм будем смотреть?
8. – «Көшпенділер» деген жаңа фильмді тамашалаймыз.
Новый фильм «Кочевники».
9. – Бас рөлін кім ойнайды?
Кто будет играть главную роль?
10. – Бас рөлін шетелдік актер ойнайды екен.
Главную роль играет зарубежный актер.
11. – Өзіміздің актерларымыз жоқ болғаны ма?
Что, у нас нет своих актеров?
12. – Ә-ә, кім біледі?...
А-а, кто знает?

1. - <Бүгүн киноға барамыз↓> ///.
2. - ↑<Қай уақытта барамыз↓> ///?
3. - <Екі сағаттаңгейін↓> ///.
4. - ↑<Қалай барамыз> ///? <Автобуспем бе↑< ///?
5. - <Жоқ↓> //< ертерек шығып жаяу барамыз ↓>///.
6. - < Сен Айгүлдү шақыршы ↓< ///!
7. - ↑< Қандай фильмді көреміз ↓>///?
8. - <Көшпенділер↑< // <деген жаңа фильмді тамашалаймыз↓> ///.
9. - <Бас рөлін кім ойнайды↑< ///?
10. - < Бас рөлін < // < шетелдік актер ойнайдекен↓> ///.
11. - <Өзіміздің актерларымыз < // < жоқ болғаны ма↑< ///?
12. - <Ә-ә ↑< // <кім біледі↓> ///.

Для успешного диалога между собеседниками должны быть необходимые условия и предпосылки. Иначе говоря, у адресанта и адресата, вступающих в коммуникативный акт должна быть общая тема для разговора. Содержание и тональность общения обычно зависят от адресанта, инициирующего речевую коммуникацию и от общих речевых пресуппозиций. С общими пресуппозициями тесно связаны так называемые **фреймы**, речевые ситуации, на фоне которых происходят коммуникативные акты. В данном диалоге тема развивается вокруг похода в кино. Зачин реализуется в первом высказывании, а концовка в последнем, тринадцатом. Развитие темы происходит со второго по двенадцатое высказывание. В диалоге представлены разные коммуникативные типы (повествовательные, вопросительные, побудительные). Диалогическое единство обеспечивается связью вопросно-ответных реплик, объем которых зависит от личности собеседников с их конкретной **коммуникативно-речевой стратегии и тактики**. Участники диа-

лога в данной конкретной ситуации используют минимум вербальных средств, восполняя словесную информацию за счет невербальных средств общения – интонации, мимики, жестов.

В данном примере реализуются многие интонемы: интонема специального вопроса, интонемы категоричного и вежливого побуждения. Некоторые слова *(қай, қалай, кім, жоқ)* акцентируются с помощью максимальных значений частоты основного тона, интенсивности и длительности. Темп произнесения предложений зависит от их типа. Так, интонема побуждения реализуется в замедленном темпе, интонема общего вопроса – в среднем темпе произнесения. Что касается амплитуды интенсивности, то она средняя для всех интонем, кроме интонемы категоричного побуждения, характеризующейся высокой амплитудой интенсивности и интонемы завершенности, имеющей затухающую амплитуду интенсивности и представляющей собой концовку текста. Нисходящий тон низкого уровня завершения, понижение интенсивности и громкости конечного предложения в сочетании с длительной паузой является сигналом окончательного завершения сверхфразового единства как законченного просодического явления.

В анализируемом диалоге (**дискурсе**) мы имеем типичную прагмалингвистическую ситуацию, когда адресант пытается показать необходимость похода в кино, при этом у него в голове имеется полная картина того, как это будет осуществляться. Прагматика, изучающая язык в действии вместе с интонацией, играет важную роль в речевом акте. Посредством компонентов интонации в зависимости от речевой ситуации можно передавать различные смысловые оттенки, цели, намерения. Между адресантом и адресатом в коммуникации происходит обмен сведениями, информацией, совершаемых коммуникантами навстречу друг другу, при этом просодические средства выполняют существенную роль в выражении различных коммуникативных функций.

Являясь приметой устной речи, интонация реализуется в речевой коммуникации, выполняя различные **когнитивные и смыслоразличительные функции.** Особенно ярко суперсегментные средства проявляются в спонтанной неподготовленной диалогической речи, где адресант и адресат ведут беседу на свободную тему. Спонтанная речь имеет свои специфические черты, например, при порождении высказывания, часто происходит перебивание одного собеседника другим, в результате чего обычное синтагматическое членение переплетается с хезитационным. Сегментация данного дискурса, зависящая от контекста и ситуации общения, осуществляется посредством психологических пауз и других просодических компонентов. В данном тексте встречаются вокализованные паузы *(ә-ә)* и паузы хезитации, являющиеся показателями спонтанной речи.

Интонационные средства являются одним из основных показателей **когнитивной деятельности** и прагмалингвистических отношений в речевой коммуникации. В неподготовленной речи из-за вариативности дифференциальных различительных признаков часто наблюдается нейтрализация интонем. Прагматическая пресуппозиция на уровне суперсегментной фонетики выступает как предусловие удачной коммуникации. Функции компонентов интонации в реализации универсальных общелингвистических законов экономии и компенсации особенно ярко проявляются на материале казахской спонтанной речи. Универсальный принцип экономии французского лингвиста Андре Мартине, конкретизируется на темпо-

ральных параметрах, а закон компенсации А.М.Пешковского подтверждается тональными характеристиками спонтанной речи.

Как показало наше исследование, интонация обеспечивает наиболее естественный доступ к **сознанию, мыслительным и познавательным процессам** и находится в тесной взаимосвязи с **семантикой**. В результате эксперимента удалось выявить, что просодические средства могут «говорить» о большем или меньшем смысловом весе высказываний. Причем, как правило, акустические параметры (тональные уровни, уровень интенсивности, среднеслоговая длительность) наиболее ярко проявляются в коммуникативных актах, несущих более весомую информацию, так как содержательная информация, полученная в ходе познавательной деятельности человека и ставшая продуктом его обработки, находит свое выражение в речевых формах, способствуя в полной мере реализации своего содержания. При передаче менее значимых для реципиента информационных данных интонационные характеристики высказываний в силу их второстепенности нивелируются. Интонация играет значительную роль в передаче тех или иных **смысловых оттенков**, являясь формой выражения содержания, и прямо пропорциональна семантической наполненности и как показали данные просодических параметров речи, чем больше смысловая нагрузка, тем ярче интонация.

Таким образом, анализ небольшого отрывка, представляющего собой образец спонтанной речи, показывает, что дискурсное описание текстов на суперсегментном уровне с учетом **семантико-когнитивных факторов** является перспективным и расширяет горизонты новых направлений языкознания.

Библиографический список:

Дресслер В. Синтаксис текста // Новое в зарубежной лингвистике. М., 1978.

Николаева Т.М. Лингвитика текста: Современное состояние и перспективы // Новое в зарубежной лингвистике. Москва, 1978.

Клюев Е.В. Речевая коммуникация. Москва, 1998.

Searle J. Speech acts. Cambridge, 1959.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ ФОНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Қазіргі Қазақстан қоғамының жаңаруы мен жақсаруы, болашақ мақсаттарға жетуі – ең алдымен елдің бірлігіне және сол елдің бірлігін қалыптастыратын елдің рухани мәдениетіне байланысты. Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Жауапкершілікті тіл саясаты қазақ ұлтын біріктіруші басты факторлардың бірі болып табылады. Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет. Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ

тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек деген.

Қазіргі таңда Қазақстан қуатты да табысты мемлекет болғандықтан мемлекеттік тілдің биік тұғырға көтерілуі маңызды болып отыр. Өйткені қазақ тілі қазақ халқының ұлттық рухани байлығын көтеріп, қоғамдағы ұлттық сананың орнын белгілейді. Тіл – адамдардың ісі мен әрекетінің барлық саласында, өндіріс пен экономикалық қатынастар саласында, қоғамдық өмір мен күнделікті тұрмыста, саясат пен мәдени салада бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік беретін негізгі құрал екені белгілі. Ана тілі арқылы ұлттық руханиятымызды, мәдени мұраларымызды, материалдық құндылықтарымызды келешек ұрпаққа жеткізу – қазіргі қоғамның басты міндеті. Демек, бірлігі бар елдің тіршілігі жалғасып, сөйлеген сөзі, мәдениеті, салт-дәстүрі, тілі арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады. Тіл халықтардың өзара түсіністігін, достығын қамтамасыз ететін факторлардың бірі. Онда моральдік, адамгершілік және рухани құндылықтар көрінеді. Қандай ұлт, ел болмасын, оның тілі, жазуы дамымаса, ол халық ретінде де алға шыға алмайды. Елдің рухани байлығы мен бірлігін сақтаудың аса маңызды факторларының бірі – әлеуметтік лингвистикалық ғылыми зерттеулер, практикалық іс-шаралар жасау.

Қазақстан халқына жолдауында елбасымыз: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», деп нақты айтқан. Осыған байланысты соңғы кезде баспасөз беттерінде қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру туралы амал-тәсілдерді жиі кездестіреміз.

Осы мәселенің тарихына келетін болсақ, 1992 жылы Түркияда халық-аралық конгресс өткен болатын. Оған ыдыраған Кеңес мемелекетінің түркі тілдес халықтарды шақырылған. Күн тәртібінде бірнеше мәселелердің ішінде ең басты және негізгі мәселе түркі халықтарының жазуын латын графикасына көшіру болды. Бұл конгресске А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтынан академик Әбдуали Қайдар қатысып, елге оралғаннан кейін өзінің алғашқы қазақ жазуы латын қарпіне көшіру жобасын ұсынды. Сонан бері 20 жыл өтіпті. Бұл проблеманы 1995 және 2006 жылдары Қазақстан халық ассамблеясының сессияларында елбасымыз қайтадан көтерген.

Қазақстандықтар бұл ойға үйренгенше біздің көрші-ағайындар: өзбек, әзірбайжан, түрікмендер латын жазуына көшіп алды. Кәзіргі кезде біздің жас мемлекетіміз өсіп, нығайып, әлеуметтік және нарықты реформалардың өркендеуі арқасында тұрақты және дамыған мемлекетке айналды. Енді латын жазуына көшу проблемасы қайтадан өмірдің күн тәртібіне енді. Латиницаға көшу мәселесі көпәспектілі және тарихи маңызды проблема. Бұл мәселені ойдағыдай шешу үшін елдегі экономикалық, саяси, әлеуметтік, тарихи-мәдениеттік, жағдайларды да ескеру керек.

Қоғамдағы саяси-әлеуметтік, экономикалық жетістіктер халықтың санасын, намысын оятып, жаңа табыстарға жетелейді. Соңғы кезде қазақ тілінің мәртебесі мемлекеттік тіл ретінде көтеріліп, оның ықпалы өзіміздің отанымызда да, шетелдерде де өсті. Шетелдік қазақтар өздерінің Қазақстанда тұратын отандастарымен қатынасқанда, қазірдің өзінде латын жазуына негізделген ақпараттық

жүйелерді қолданады. Жастардың көбісі латын әліпбиін қолданатын шет тілдерін білуге ынталы, қоғамның компьютеризациясы, интернеттің қолданылуы, батыс мәдениетінің теледидар, кино арқылы ықпалы, еуропалық сапа, талап - осының бәрі біздің қоғамымызды латын әліпбиіне итермелейді.

Өзінің әдет, машық және өмір сүру дағдысына байланысты, әр қоғам мүшесі латын әліпбиін өзінше үйрене алмайды. Сондықтан, адамдарды қайтадан оқыту, бұрынғы стереотиптерді бұзып, оларға жаңа әліпбиді меңгеру әрине оңай емес. Бұл жағдайда қоғамның ең саналы бөлігі, өзінің рухани байлығына, азаматтық борышына және әрқырлы біліміне байланысты қазақ интеллигенциясы осы идеяны алға тартып, латын әліпбиіне негізделген жазуға көшу проблемасын насихаттау керек. Қазақстан халқына Жолдауында «Рухани дамуда негізгі рөлге әрқашан интеллигенция ие. Біздің қоғамымыздың қазіргі көзқарастарының негізін дәл осы интеллигенция беруі керек. Интеллигенция менің пайымдауындағы Қазақстан -2050 Жаңа саяси бағыты негізінде ел болашағының ментальді, дүниетанымдық үлгісін жобалауда негізгі рөлді қолға ала алады және алуға тиіс» делінген. Латын графикасына көшкенде жаһаңдану процесіне және озат технологияға сәйкес біздің қоғамымызға әлемдік ақпараттық кеңістікке кіруге мүмкіндік ашылар еді. Кейбіреулердің пікірлері бойынша, әліпбиді өзгерткенде Ресейден және ресейлік мәдениеттен алшақтап кетеміз және кириллицаға негізделген рухани байлықтарымызды жоғалтамыз дейді. Біздің ойымызша, Қазақстан мен Ресейдің арасындағы кең мемлекеттік шекара және біздің ағайындық, достық байланыстар терең де тығыз болғандықтан ондай қауіп жоқ деп айтуға болады. Болашақта орыс тілін оқып, жақсы білетіндер, кириллицаны меңгергендер білімді, оқыған адамдардың қатарына қосылады. Олар орыс тілінде кирилицаға негізделген әлем ғылымының, мәдениетінің барлық салалары бойынша жарық көрген дүниелермен қатар кириллицада жазылған өзіміздің рухани, әдебиет байлығымыздан еш уақытта қол үзбей, оны оқи алатынында ешбір күмән жоқ. Сондықтан, өзіміздің ұлттық-мәдениеттік байлығымыздан біз ешқашан бас тартпаймыз. Елбасымыз айтқандай, «Орыс тіліне және кириллицаға біз қазақ тіліне қандай қамқорлықпен қарасақ, сондай қамқорлықпен қарауымыз керек. Орыс тілін білу ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі. Дәл осы орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымдары мен араласатын ортасын кеңейтіп келе жатқанын жоққа шығармауға тиіспіз». Кәзіргі кезде шет тілдерді білу қажеттілігі өскенде және жалпы компьютеризацияға байланысты Ресейдің өзінде де кейбір лингвистикалық орталықтарда кириллицадан латиницаға көшу мәселесі қарастырылып жатыр.

Осы замандағы жас ұрпағымыз үш тілді болса (президентіміздің талабы) сонда ғана олар біздің мемлекетімізді әлемдік аренада ұтымды көрсетеді және Жолдауда айтқандай «еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады». Біздің жастарымыздың потенциалы өте жоғары, сондықтан да біздің студенттер мен мектеп оқушылары әр уақытта әлемдік олимпиада, байқауларда жүлделі орын алып келеді. Өмірдің жаңа жетістіктерін жастар бірден қабылдайды және әлемдік кеңістікте болып жатқан өзгерістерді тез меңгеріп алады. Қазірдің өзінде ұялы телефон, компьютер, интернетпен жұмыс істегенде латын алфавитін кеңінен қолданады. Сондықтан латын графикасына көшу мәселесі өте орынды және өзекті болып отырғанын көреміз.

Латын графикасына көшу мәселесін бірінші болып бір ауыздан қолдаған ғалым-тілшілер, өздерінің мамандығына байланысты бұл идеяның қажеттілігін жақсы түсінеді. Қазақ тілінің мемлекеттік статусына лайық қолдануы, жаһандану процесі мен өмірдің компьютеризациясы және ақпараттық технологиялары – осының бәрі латын графикасына көшу мәселесінің маңыздылығын арттырады. Қазіргі таңда жаңа әліпбидің оншақты жобалары ұсынылған. Қазақ әліпбиін кирил графикасынан латын графикасына сәтті және ойдағыдай көшіру үшін жазу-оқудың сабақтастылығын, сәйкестілігін, оңайлығын, жеңілдігін, пара-парлығын ескеру қажет. Барлық жобаларды талқылау және сараптау нәтижесінде қорытындысын фонетика мен фонологиядан және орфография мен орфоэпиядан хабардар тілшілер айту керек.

Әліпби реформаның практикалық мәні зор. Қазіргі қазақ әліпбинің 42 әрпінен гөрі мектептегі оқушыларға 26 латын әріптерін меңгеру оңайырақ. Еуропа тілдерінде олардың фонологиялық жүйелерінің даму нәтижесінде фонемалардың саны әріптермен салыстырғанда көбейген. Мысалы, француз тілінің фонетикалық жүйесінде 35 фонема, ағылшын тілінің құрамында 44 фонема бар. Осы көптеген фонемалар тек 26 латын әріпімен беріледі. Ал қазақ тілінің фонетикалық жүйесінде 28 төл фонема 42 әріппен беріліп жүр. Сондықтан біздің кішкентай отандастарымызға еуропалық балалармен салыстырғанда өзінің ана тілін үйреніп алу оңайға соқпайды. Француз тілінде **а** әрпі үш фонема арқылы беріледі: **а** – тілалды, **а** – тіларты және **а** – мұрынды. **О** әрпі үш фонемаға сәйкес келеді: **о** – ашық, **о** – жабық және **о** – мұрынды. Е әрпі де үш фонемада көрініс табады: **е** – ашық, **е** – жабық және **е** – мұрынды.

Ең жақсы әліпбиде бір әріпке бір фонема сәйкес келеді деген пікір таралған, дегенмен фонемаларды осылай таңбалаған үнемдеу принципіне қарсы шығады. Тілші-ғалымдар үнемді әліпби құрудың амалын іздеп, фонемалар мен графемаларды сәйкестендіру үшін математикалық формулаларды ұсынған болатын. Орыс тілінде әліпбиді үнемдеу үшін дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішке айырым белгілері қасында тұрған дауысты дыбыстар арқылы беріледі. Бұндай орыс жазуының орфографиясы силлабикалық жазу деп аталады. Орыс тіліне сәйкес дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішкелігі силлабикалық принципімен берілуі өте қолайлы, әйтпесе жіңішке дауыссыздарды көрсету үшін тағы біраз жаңа әріптер енгізу керек болар еді. Дауыссыздардың жіңішкелігін белгілеу үшін бес жіңішке дауыстыларды (я, ю, е, е, и) пайдалану графикалық тәсілдерді үнемдеу принципіне сәйкес келеді, бұл тек жазуда ғана емес, компьютерлік теруде де қолайлы. Орыс тілінде жуан және жіңішке дауыссыздар бір сөздің құрамында алмасып отыратыны белгілі.

Қазақ тілінде дауыссыздардың жуан-жіңішкелігінің фонологиялық мәні жоқ. Салыстырыңыз: орыс тілінде *кон-кон', мол-мол'* сөздерінде жіңішке белгі дауыссыз фонемалар сөздердің мағынасын ажыратып тұр. Қазақ тілінде *тан, тән, тыс, тіс* деген сөздерде олардың мағынасы дауыссыздардың қасында тұрған жуан-жіңішке дауыстылар арқылы ажыратылып тұр.

Қазақ тілінде үнемдеу жазуды алғаш рет ұсынған қазақ тіл білімінің қабырғасын қалаушы Ахмет Байтұрсынов еді. Сингармонизм заңы бойынша, қазақ сөздері бірыңғай жуан я бірыңғай жіңішке айтылатыны белгілі. Сөздерді бірыңғай жіңішке айту үшін олардың алдында ғалым *дәйекше* деген таңбаны (белгіні) қолданған. Қазақ әліпбиін үнемдеу жайында қазақ филологиясының алғашқы

профессоры Құдайберген Жұбанов та жазған. 1935 жылы ғалым қазақ әліпбиін және орфографиясын өзгерту жайында жоба ұсынған болатын, жазуды үнемдеу мақсатында дауыстылар мен дауыссыздарды азайттып, бірнеше фонеманы бір әріппен таңбалауды көздеген.

Әр тілдің әліпбисі дыбыстарды шартты түрде таңбалайды. Оның жетіспеушіліктері мен кемшіліктері орфография қағидаларымен өтеледі. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін жасағанда фонологиялық және орфографиялық заңдылықтарды ескеру керек. Графемаларды үнемдеу мақсатында қазақ тіліндегі төл фонемалардың үстінде диакритикалық таңбаларды пайдалануға болады: **ə, ү, ө** фонемалары **ä, ü, ö** деген латын әріптерімен беріледі. **Ғ, ң** дауыссыздарына **ğ, ŋ** деген әріптер сәйкес келеді. Кейде дауыссыздардың жіңішкелігін апостроф арқылы беруді ұсынады. Дегенмен, апостроф арқылы таңбаланған дауыссыздар артық ақпарат беріп, қолайсыз жағдайларды тудырады. Жіңішке дауысты дыбыстар алдын ала дауыссыздарды жіңішке айтуға итермелейтін болғандықтан апострофтың жөні келмейді. Апостроф арқылы берілген сөздерге мысал: к'іс'і, т'іл'ек't'ер' қолайсыз көрінеді.

Ұсынылған жобалардың ішінде қазақ тіліндегі төл дауыстылар әріптердің қосындысымен берілгендері де бар: мысалы, **ə** таңбасы **әе** әрпімен, **ө** таңбасы **ое** әрпімен, **ү** таңбасы **ue**әрпімен, **қ** таңбасы **kh** әрпімен, **ғ** таңбасы **gh** әрпімен белгіленеді. Дегенмен аталмыш фонемаларды қосынды әріптермен бергенде мәтіндердің көлемі көбейіп, тілдің негізгі үнемдеу принципіне қарсы шығады. Сондықтан қосынды таңбаларды, диграфтарды алмау керек. Диакритикалық таңбалар да мейілінше аз болу керек.

Қазақ тіліндегі орфографиялық, фонетика-фонологиялық заңдылықтарға сәйкес жаңа жобаны ұсынғанда, тілдің тарихын, оның диалектикалық дамуын ескеру қажет. Әр тілдің фонетикалық құрылымының дамуы оның үнемі жетілген дыбыс жүесінің нәтижесі болып табылады. Барлық тілдерге тән әмбебап фонологизация құбылысының нәтижесінде фонемалардың аллофондары дербес фонемаға айналады. Қазіргі қазақ тілінің фонетикалық жүйесі даму үстінде, оған ішкі (лингвистикалық) және сыртқы факторлар да әсер етеді. Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі бір жағынан орыс тілінен келген фонемалар арқылы, екінші жағынан фонетикалық жүйенің өзінің ішкі заңдылықтары арқылы байыды: фонемалардың вариациялары синтагматикалық осьтен парадигматикалық оське айналады. Фонемалардың қалыптасуы тіл мен ойдың дамуымен байланысты, тілдің жаңа ұғымымен және лексикасымен толығып, және көршілес мәдениет пен өркениеттің ықпалымен байиді.

Батыс еуропа тілдерінің әліпбиіндегі әріптердің саны 26 – ның о жақ бұл жағында. Мысалы, ағылшын және француз тілінде 26 әріп. Бұл тілдер фонологиялық жүйелері дамыған тілдерге жатады: бір әріптің өзі бірнеше фонеманы қамтиды. Итальян тілінің алфавиті 21-ақ әріп. Бұл еуропа тілдерінің ішіндегі ең шағын әліпби. Қалған әріптер тек кірме сөздерде пайдаланады. Испан тілінің әліпбиі 27 әріптен тұрады. Негізгі әріптеріне **Ñ** дауыссызы қосылған.

Неміс тілінің орны бөлек, картаға қарасақ, Алмания (Германия) батыс еуропа мен шығыс еуропаның аралығында орналасқан. Неміс әліпбиінің негізгі әріптеріне 3 умлаут және 1 лигатура қосылған. Сонымен әріптердің саны 30-ға жеткен. Фонемалардың умлаут аллофондары өзінің позициялық тәуелділігінен құтылып, дербес фонемаларға айналып, фонологизацияланып, графемаға сәйкес келген.

Тілдің даму барысында фонологизация құбылысының нәтижесінде фонемалардың саны өскен.Батыс еуропа тілдерінің жазу ескерткіштері 7-9 ғасырларда, ал шығыс еуропа тілдерінің ескерткіштері 15-16 ғасырларда пайда болған. Негізгі **26** латын әріптері батыс еуропа тілдерінің жазуында қолданылды.

Латын графикасына негізделген шығыс еуропа тілдерінің жазуы модификацияланып, өздерінің спецификалық дыбыстарына сәйкес жаңа графемалармен толықты. Жаңа графемалар көбінесе диакритикалық таңбалар арқылы жасалды. Сондықтан шығыс еуропа тілдерінің әліпбиінде әріптердің саны көбірек. Демек, батыстан шығысқа қарай әріптердің саны көбейгені байқалады. Шығыс еуропа тілдерінің әліпбилері шамамен **30-40** әріпті қамтиды. Румын, молдован тілдерінің әліпбилерінде **31** әріп; поляк, литва, эстон тілдерінің әліпбиі **32** әріптен тұрады; латыш тілінің әліпбиі **33** әріпті қамтиды; венгр, чех тілдерінің әліпби құрамында **40, 42** әріп бар.

Мысалы, латыш тілінде негізгі латын әліпбиінен**4** әріп (**Q, W, X, Y**)алынбаған, оның орнына өздерінің спецификалық дыбыстарын белгілеу үшін **11**диакритикалық таңбалар арқылы берілген әріптер (**Āā, Čč, Ēē, Ģ ģ, Īī, Ķķ, Ļļ, Ņņ, Šš, Ūū, Žž**) қосылған. Соның нәтижесінде әріптердің саны **33**-ге жеткен. Дауыстылардың созылыңқы жұптарын көрсету үшін *макрон* деген әріпүсті диакритикалық таңба қолданылған. Дауыссыздар әріпүсті және әріпасты диакритикалық *седиль* және *бревис* таңбалары арқылы берілген.

Түрік тілінің әліпбиі **29** әріпті қамтиды. Соның ішінде тек түрік тіліне тән **6** әріп(**Çç, Ğğ, Iı, Öö, Şş, Üü**) диакритикалық таңбалары арқылы берілген, негізгі латын әліпбиінен **3** графема (**Q, W, X**)алынбаған. Дауыстылардың жіңішке жұптары әріпүсті *умлаут*диакритикалық таңбамен берілген, дауыссыздарды әріпүсті және әріпасты диакритикалық *седиль* және *бревис* таңбалары көрсетеді.

Әзірбайжан тілінің әліпбиі **32** әріптен тұрады. Негізгі латын әріптерінен бірақ **W** әрпі алынбаған, 7 графема қосылған. Әзірбайжан тілінің фонологиялық жүйесіне тән төл фонемалар диакритикалық таңбалар (**Çç, Ğğ, Iı, Öö, Şş, Üü**) арқылы және кеңейтілген латын әліпбиінде қолданатын **Ə** әрпімен берілген. Дауыстылардың жіңішке жұптары *умлаут* диакритикалық таңбамен көрсетілген, дауыссыз дыбыстар кеңінен қолданатын *седиль* және *бревис*диакритикалық таңбаларменбелгіленген.

Келтірілген шығыс еуропа (латыш) және түркі (түрік, әзірбайжан) тілдеріндегі әліпбилерінің тәжрибесі ескеріліп, қазақ әліпбиінің **31** әріптен тұратын жобасы ұсынылады. Негізгі латын әріптерінен **3** таңба (**C,W, X**) алынбай, өзіміздің **7** спецификалық фонемалар диакритикалық таңбалар (**Ää Ğğ, Iı, Öö, Şş, Üü, Ûû**) арқылы белгіленіп қосылады. Дауыстылардың жіңішке сыңарылары умлаут диакритикалық таңбалар арқылы беріледі. **Ü**-ның жуан сыңарын **Û** (**ұ**) көрсету үшін әріпүсті *циркумфлекс* диакритикалық таңба ұсынылады. Дауыссыздар еуропа және түркі тілдерінде кеңінен қолданатын *седиль* және *бревис* таңбаларымен көрсетіледі.

Қазақ тілінің төл фонетикалық жүйесіне кірмейтін орыс тілі арқылы грек, латын тілдерінен келген халықаралық сөздерде кездесетін **<ф>** фонемасы сол орыс тілінің өзінде де көпке дейін қабылданбай, бөтен, жат дыбыс болып келген. Сондықтан **<ф>** фонемасынан басталатын сөздер орыс тілінде мүлде аз, бірнеше сөздер *фабрика, фирма, фильм* дегендер еуропа тілдерінен келген. Орыстың кейбір деревнялық говорларында **[ц, ч]** аффрикаттарының орнына **[с, ш]** дауыссыздары

айтылады: *птица, курица, конец* деудің орнына *птиса, куриса, конес* десе, *чай, чисто, ночь* дегенді *шай, шисто, ношь* дейді, себебі аффрикаттар төл славян тілінде қолданылмаған және **<в>~<ф>;<с>~<ц>;<ч>~<ш>** деген фонологиялық оппозициялар болмаған, олар фонологизация құбылысының нәтижесінде орыс тілінің фонетикалық жүйесіне кейінірек енген.

Сонымен, фонема тарихи дамып, өзгеріп тұратын бірлік. Қазақ тілінде оның парадигматикасында **ц, ч** және **ф, в** фонемалары жоқ, олар **с, ш** және **п, б** фонемаларының вариациялары ретінде физикалық дыбыс болғандықтан тілдің синтагматикасында кездеседі. Қарастырылған аллофондар жиі қолданыста болғандықтан фонетикалық заңдылықтарға бағынып, адамдардың артикуляторлық аппаратына икемделген. Сонымен, **в** және **ф** дауыссыздарды дәстүрлі **v**және **f**латын әріптерімен, **ц** және **ч** аффрикаттарды **ts**және**th**дыбыс тіркестерімен таңбалауға болады.

Қазіргі кезде дау тудырып жүрген **и** мен **у** кірме әріп-дыбыстар. Бұл дифтонгоид дыбыстар **ый, ій, ұу, үу**дыбыс тіркестерінен тұрады. Кирил әліпбиіне көшкенде аталмыш дифтонгоид дыбыстар әріптерді үнемдеу принципіне сәйкес оларды **и** мен **у** таңбаларымен белгілейтін болды.

Тіл иелері бұл дыбыстарды дифтонгоид фонема ретінде қабылдайды, ал жазуда олар бір әріппен белгіленіп, адамның санасына еніп, фонологизация құбылысына бағынған.

Сөздердің құрамында осы әріптер болғанда біз ойланбай-ақ **игілік,инабат, иман, институт, университет, кино** деп жазамыз, транскрипцияда олар былай жазылады **ійгілік, ыйнабат, ыйман, ійнстійтүут,ұунійверсійтет, кійно.** Латын әліпбиіне көшкенде, біздің ойымызша, жазуда сабақтастылықты, оңайлықты және жеңілдікті сақтау қажет.

Жас және орта ұрпақ дәстүрлі кирил әліпбиінде өсіп қалыптасқандар осындай жазуды қолдайды, ал жетпістен асқан ақсақалдар бұрынғы латын әліпбиін пайдаланғандар транскрипциялық жазуды, яғни дыбыстардың бәрін белгілеуді алға тартады.

Бұл әлеуметтік лингвистиканың факторы дау тудырып, қорытынды жобаны таңдауға кедергі жасайды. Бірнеше ұрпақ тұратын бір отбасының өзінде де кейде бірізділік болмайды. Сондықтан латын әліпбиіне көшкенде ғылыми-лингвистикалық негіздемелермен қатар экстралингвистикалық, әлеуметтік факторларды да ескеру қажет.

Қ мен **Ғ** төл қазақ дыбыстарын таңбалауда әртүрлі көзқарас бар. Бұл **к** және **г** дыбыстарының жуан сыңарлары. **Ғ** мен **г**-ні **ğ**және**g**әріптерімен таңбалаймыз. Сонда бір жүйе болу үшін **к** мен **к**-ні ұқсас таңбалармен белгілеу керек сияқты.

Кеңейтілген латын әліпбиінде **ķ** деген таңба бар. Бұл әріп европа тілдерінде де қолданылады, мысалы, латыш тілінде. **Қ**-ны таңбалау үшін **ķ**әрпін алғанда мемлекеттік рәміздерде, төл құжаттарда және басқа да ресми қағаздарда **қазақ** және **Қазақстан**қазақ, орыс, ағылшын және басқа да европа тілдерінде ұқсас жазылар еді. Салыстырыңыз: қазақ тілінде **ķazaķ, Ķazaķstan,** ағылшын тілінде **kazakh Kazakhstan,** орыс тілінде **казах, Казахстан.**

Кейбір жобаларда **к** дыбысын **q** графемасымен таңбалауды ұсынады (**qazaq, Qazaqstan, Qaidar,Qazbek**).Біздің ойымызша, бұл өте қолайлы емес, себебі сөздерді жазуда бірнеше критерийді ескеру қажет: сабақтастылық, сәйкестілік, ұқсастық, пара-парлық. Сонымен қатар қазақ тілін басқа ұлт өкілдері үйренгенде

бөгет, кедергі, қиыншылық, түсінбестік, білместік болмау керек, мысалы ағылшын, француз және басқа да еуропа тілдерінде **q**таңбасы**u** әрпімен бірге қолданылады: **quality, quarry**(ағыл.), **quelque, quartier** (франц.). Осындай латын графикасына негізделген тұрақты қағидалар қазақ орфографиясын меңгеруде теріс әсер ететін сияқты.

Алайда бұл қатал проблема емес, осы әріп бойынша бір шешімге келуге болады. Сондықтан жобада 2 вариант берілген.

Латын әліпбиіндегі **h**әрпі habar *(хабар)*,hat *(хат)*,kaharman (*кahарман*), және Mûhtar *(Мұхтар)*, Dınmûhamed *(Дінмұхамед)*, Hüsni *(Хұсни)* деген жалқы есімдерде қолданылады.

Жуан дауыстыларды белгілеу үшін латын графикасынан дәстүрлі әріптер алынады, жіңішке дауыстылардың үстінде қоснүкте қойылады: **ä,ö, ü**.Ортақ түркілік әліпбиде **ä**әрпі **ə** таңбасымен берілген. Бұл әріп кеңейтілген латын әліпбиінде бар. Сондықтан жобада екі вариант бар.

Жіңішке төл **і** дыбысы **ı** графемасымен беріледі. Қысқа **й** мен ұзын **и** латын **i**әрпімен белгіленеді. Қазақ тілінің жуан төл **ы** дауыстысын белгілеу үшін түркологиялық транскрипцияда осы әріп үшін қолданатын **ɣ** таңба ұсынылады.

Ғ дауыссызының жуан сыңарын (**Ғ**) белгілеу үшін **g** үстінде төңкерілген жарты ай сияқты диакритикалық белгі қолданылады - **ğ. К** дауыссызының жуан сыңарын белгілеу үшін, жоғарыда көрсетілген, кеңейтілген латын әліпбиінегі **ķ**белгісі ұсынылады.

Жазуды үнемдеу үшін **ұ, ү**түріркестерінен тұратын **y** әрпі жалғыз **u**таңбасымен белгіленеді. Ал жуан **ұ** дауыстыны белгілеу үшін **u**әрпінің үстіне диакритикалық таңба қоямыз – **û**.

Ң дауыссызын белгілеуде өткен ғасырдың отызыншы жылдарында қолданылған **ŋ**графемасы ұсынылады.

Ш дауыссызын белгілеу үшін түрік тілінде қолданылатын **ş**деген латын графемасы ұсынылады.

Кірме сөздерде кездесетін **ц** мен **ч** дауыссыздарын **ts** мен**th**тіркестерімен белгілеу ұсынылады.

Astana, Almaty, Қazaқstan (Qazaqstan), Sauranbaev, Masimov, Қaidar (Qaidar), Köbei, ine, ikemdeu, kino, institut, universitet, tau, kelu, baru, säuır (səuır), su, siyr,ayu, himia, fizika, Mahmet, Uali, halyķ (halyq), kün, ķûn (qûn), ķağaz(qağaz), şapan, alaş, tsirĸ, Thili.

Оқытушылар, оқушылар, студенттердің арасында жүргізілген әлеуметтік сұрау негізінде, олардың әліпби реформасына тілектері мен талаптары бойынша, ұсынылатын жаңа әліпбиді жеңіл меңгеретін және қолайлы болу үшін келесі латын әліпбиінің жобасы ұсынылады:

НЕГІЗГІ ЛАТЫН ӘРІПТЕРІ																								
Әліпби	**A**	**B**	**C**	**D**	**E**	**F**	**G**	**H**	**I**	**J**	**K**	**L**	**M**	**N**	**O**	**P**	**Q**	**R**	**S**	**T**	**U**	**V**	**W**	**X**	**Y**	**Z**
Ағылшын	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Француз	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Итальян	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	-	-	+
Испан	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Неміс	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Латыш	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	+	+	+	+	+	-	-	-	+

Түрік	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	+	+	+	+	+	-	-	+	+
Әзірбайж.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	+	+	+
Қазақ	+	+	-	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	-	+	+

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ЛАТЫШ ӘЛІПБИІ			
A a	**Āā**	**B b**	**Cc**
Čč	**Dd**	**Ee**	**Ē ē**
F f	**G g**	**Ģ ģ**	**H h**
I i	**Īī**	**J j**	**K k**
Ķ ķ	**L l**	**Ļ ļ**	**Mm**
N n	**Ņ ņ**	**O o**	**P p**
R r	**S s**	**Š š**	**T t**
U u	**Ūū**	**V v**	**Z z**
Ž ž			

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ТҮРІК ӘЛІПБИІ			
A a	**B b**	**Cc**	**Ç ç**
Dd	**Ee**	**F f**	**G g**
Ğ ğ	**H h**	**I ı**	**İ i**
J j	**K k**	**L l**	**Mm**
N n	**O o**	**Ö ö**	**P p**
R r	**S s**	**Ş ş**	**T t**
U u	**Ü ü**	**V v**	**Y y**
Z z			

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ӘЗІРБАЙЖАН ӘЛІПБИІ			
A a	**B b**	**Cc**	**Ç ç**
Dd	**Ee**	**Ə ə**	**F f**
G g	**Ğ ğ**	**H h**	**X x**
I ı	**İ i**	**J j**	**K k**
Q q	**L l**	**Mm**	**N n**
O o	**Ö ö**	**P p**	**R r**
S s	**Ş ş**	**T t**	**U u**
Ü ü	**V v**	**Y y**	**Z z**

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ ЖОБАСЫ					
№	Латын.	Кирил.	№	Латын.	Кирил.
1	A a	А а	17	N n	Н н
2	Ä ä(Əə)	Ә ə	18	ŋ	ң
3	B b	Б б	19	O o	О о
4	D d	Д д	20	Ö ö	Ө ө
5	E e	Е е	21	P p	П п
6	F f	Ф ф	22	R r	Р р
7	G g	Г г	23	S s	С с
8	Ğ ğ	Ғ ғ	24	Ş ş	Ш ш
9	H h	Hh (Xx)	25	T t	Т т
10	I i	Ии (Йй)	26	U u	У у
11	I ı	І і	27	Û û	Ұ ұ
12	J j	Ж ж	28	Ü ü	Ү ү
13	K k	К к	29	V v	В в
14	Ķ ķ (Qq)	Қ қ	30	Y y	Ы ы
15	L l	Л л	31	Z z	З з
16	M m	М м			

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОЙ ФОНЕТИКИ

Фонетика казахского языка прошла несколько этапов развития вместе с самой лингвистической наукой. Первые сведения по фонетике казахского языка можно встретить в работах русских лингвистов Н.И.Ильминского, П.М.Мелиоранского, В.В.Радлова, которые установили ряд фонетических закономерностей тюркских языков. Всесторонне изучение фонетической системы казахского языка на сегментном и суперсегментном уровне начинается с работ отечественных лингвистов А.Байтурсынова и К.Жубанова. Эти ученые заложили теоретические основы изучения фонетики, фонологии и интонологии казахского языка. Обладая широким диапазоном знаний в области филологических наук, владея несколькими иностранными языками, они имели возможность изучить фонетико-фонологическую систему казахского языка в сравнении с другими языками.

Исследуя функции и природу одного из самых важных компонентов интонации, ударения в разноструктурных и неродственных языках, **А.Байтурсынов** поделил рассматриваемые языки на два типа: языки с фиксированным и разноместным ударением, отметив при этом схожесть данного просодического явления в казахском и французском языках: «Орыс тілінде екпін буыны бір сөздің басында келсе, екінші сөздің ортасында, үшінші сөздің аяғында келеді, ол әр жерде көшкілеп жүреді, француз тілінде екпін буыны аяғына келеді, екпін буыны аяғына келетін сөздер қазақ тілі француз тіліне ұқсас» (Алматы, 1989, 190.).

Этот тезис А.Байтурсынова и некоторые другие замечания по поводу основных свойств оформления устной речи, подтвержденные экспериментальными (инструментальными) методами исследования способствовали развитию фонологии и теории интонации казахского языка. При разработке интонационной теории

положения, высказанные А.Байтурсыновым, явились базой для выявления интонационных единиц казахского языка. Определение и описание минимального объекта исследования представляет интерес не только для языкознания, но и для любой другой науки. Атом в физике, клетка в цитологии, хромосома в генетике, слово в языкознании, как наименьшие функциональные единицы стали предметом пристального внимания в начале XX столетия, как раз в самый расцвет творческой деятельности А.Байтурсынова. В сегментной фонологии наименьшей функциональной единицей, имеющей свойство различать слова, морфемы, словоформы, была признана фонема.

К.Жубанов известен своими фундаментальными трудами, в которых концептуально разрабатываются вопросы сегментной и суперсегментной фонетики, орфографии, графики, орфоэпии др. К.Жубанов впервые в тюркском языкознании заложил основы учения о фонеме. Ученый понимал фонему как единицу, отличающуюся от звука своими различительными оттенками, свойствами, проявляющимися в различном фонетическом окружении, т.е. как звуковой тип, способный дифференцировать слова и формы, а оттенок фонемы как реально произносимые различные звуки, являющиеся тем частным, в котором реализуется фонема.

Одним из первых в тюркской лингвистике К.Жубанов обратил внимание на явление интонации, как одного из существенных признаков предикативности и предложения. Интонация по Жубанову квалифицируется как важнейший фактор образования предложения, его ритмико-мелодического строя. Интонация понимается как один из способов выражения коммуникативного типа предложения, синтаксических отношений, иногда она может быть единственным средством выражения значения и эмоционально-экспрессивных оттенков, т. е. ученый указывает на семантико-синтаксические и эмоциональные функции интонации.

В 50 годы прошлого столетия в развитие сегментной и суперсегментной фонетики определенный вклад внес **Н.Т.Сауранбаев** (Қазақ тілі, педучилищелерге арналған, Алматы, 1953.). В учебнике казахского языка для педагогических училищ в разделе «Фонетика» рассматривается система вокализма и консонантизма, вопросы артикуляторной фонетики, соотношение звуков и букв, вопросы ассимиляции, сингармонизма, ударения и др. В работах по синтаксису значительное место уделяется вопросам интонации, ее роли в оформлении сложного предложения. Описываются интонационные характеристики сложносочиненного и сложноподчиненного предложения, выявляются интонационные различия союзного и бессоюзного предложения.

В 60-80 годы вопросы фонетики и фонологии казахского языка исследуются в работах С.Кенесбаева и Ж.Аралбаева. В трудах **С.Кенесбаева** рассматриваются вопросы сингармонизма, ассимиляции, акцентуации, состав и классификация гласных и согласных фонем, виды и способы образования слога и др. (Қазіргі қазақ тілі, Алматы, 1962.). Ученый придерживается традиционной точки зрения относительно теории фонемы: «Сөз мағынасы мен сөз тұлғасын ажыратуға себі бар тілдегі ең кішкене дыбыстық единицаны фонема деп атаймыз». По мнению Кенесбаева, словесное ударение в казахском, как и в других тюркских языках в отличие от интенсивного силового ударения в русском языке, носит неинтенсивный (слабый) характер, при этом оно является связанным, так как падает на последний слог. Кроме словесного ударения существует и фразовое (ритмическое) «из двух или нескольких слов, подчиненных одному ударению, создается единый

акцентуационный комплекс». Особое внимание ученый уделял орфоэпическим нормам казахского языка, впервые создав фонетическую транскрипцию.

Ж.Аралбаев исследовал такие актуальные вопросы казахской фонетики как произносительные нормы и система фонем, закон сингармонизма и слогоделения, некоторые вопросы просодики (Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер, Алматы, 1988.). Ж.Аралбаев внес определенный вклад в развитие теории фонемы: показал пути выявления фонем способом противопоставления, их позиционные и комбинаторные варианты, дифференциальные признаки фонем. В круг его интересов входили также вопросы исторической фонетики: «қазақ тілінің көне заңдарын, тарихын жақсы білмейінше, оның қазіргі заңдарын, дамуын жақсы білуге болмайды», в этой связи рассматривались процессы ламбдаизма, ротацизма, опереднения звуков в протюркских языках. Кроме того, в трудах Ж.Аралбаева исследовались проблемы ритмического и логического ударения, фразовой мелодики, семантико-синтаксических функций интонации.

В этот период интенсивно проводились инструментально-фонетические работы в лаборатории экспериментальной фонетики Института языкознания. Лаборатория была оснащена современными для того времени инструментами и приборами (осциллограф, спектограф, интонограф и др.). Это была единственная фонолаборатория не только в Казахстане, но и во всей Средней Азии и Сибири. С этих регионов приезжали молодые ученые, аспиранты, соискатели, вели исследовательские работы, защищали кандидатские и докторские диссертации. Были экспериментально исследованы многие спорные теоретические вопросы тюркской и казахской фонетики.

Начиная с 90-х годов с приобретением **Казахстаном независимости** фонетическая система казахского языка стала исследоваться с позиции **сингармонизма**. Наряду с экспериментальными работами научные сотрудники отдела стали заниматься теоретическими проблемами. Сингармоническое направление, его основные понятия, лингвистический аппарат, терминология получили теоретическое осмысление в работах **А.Жунисбекова**. Теория сингармонизма имеет свои принципы исследования: фонема и ударение в счет не берутся. Наименьшей функциональной единицей сингармонизма является сингема, имеющая четыре типа тембра: твердый негубной, мягкий негубной, твердый губной, мягкий губной. Согласно этому направлению, казахская фонология тождественна сингармонической фонологии. Был выявлен состав сингармонических звуков, системно описаны их акустические, артикуляторные и перцептивные характеристики (А.Жүнісбек Қазақ фонетикасы, Алматы, 2009, 17 б.т.; Введение в сингармоническую фонетику, Алматы, 2008, 108 б.).

В настоящее время сегментная фонетика казахского языка исследуется в двух теоретических направлениях. Первое направление сформировалось на основе традиционной фонологической теории (С.Кенесбаев, Ж.Аралбаев). Второе – на основе сингармонической теории (А.Жунисбеков, Ж.Абуов). С точки зрения традиционной фонологии, фонема – наименьшая смыслоразличительная функциональная единица. По сингармонической теории эту функцию выполняет просодическая единица сингема.

Во всех языках знаки препинания делятся в соответствии со своей функцией на две группы: знаки, *отделяющие* различные отрезки текста друг от друга, и знаки, *выделяющие* отдельные слова, словосочетания и части текста. К отделяющим знакам относят точку, восклицательный знак, вопросительный знак, точку с запятой, многоточие и двоеточие. Выделяющими знаками являются парные скобки, кавычки и запятые. Запятая и тире могут быть и отделяющими и выделяющими знаками.

Знаки, которые обычно служат сигналами конца предложения – это точка, восклицательный знак, вопросительный знак.

Точка фиксирует конец повествовательного предложения, как полного, так и неполного, как простого, так и сложного. Точка соотносится с более длительной паузой, чем все остальные знаки препинания, так как стоит обычно в конце предложения, являющегося грамматически завершенной единицей высказывания. Длительность паузы зависит от характера синтаксической и смысловой связи, следующих друг за другом предложений. Точка интонационно соответствует **интонеме завершенности** с нисходящим и восходяще-нисходящим направлением движения основного тона. Интенсивность изменяется прямо пропорционально мелодике. Наблюдается также замедление конечных слогов фразы. *Жазу-сызу / жоқ жұртта // көсе сөзді / шығармалар болмайды. /// Тарихи әңгіме. /// Ғылым жоқ болса, // дүниені тану / дұрыс болмайды /// (А.Байтұрсынов).* Во французском языке: *Il rentra. /// Madame Cazenave, // s'étant dressée / sur ses jambes gourdes, // le rejoignit / dans le vestibule. /// Elle voulut essuyer // avec un mouchoir // sa face suante /// (F.Mauriac).* В русском языке: *Он замолчал. /// Люлька продолжала скрипеть // монотонно / и жалобно. /// Сердюков сидел расстроенный, // недоумевающий, / удрученный всем, // что он видел / и слышал сегодня /// (А.Куприн).*

Восклицательный знак ставится на письме в конце побудительных и восклицательных предложений, заканчивающихся длительной паузой конца. Такие предложения характеризуются самыми различными направлениями движения основного тона, характерными для **интонемы восклицания** и **интонемы побуждения**: восходящими, восходяще-нисходящими, нисходяще-восходящими и различными тембральными оттенками. Логически выделенные слова акцентируются максимальными значениями тональных, динамических и временных параметров. *Қара балуан Жәнібек! /// Қаз дауысты Қазыбек! /// Алда сорлы, // мүсәпір балалар-ай! /// Жасынан өлген екен // аналары-ай! /// Құлақ сал, // Емен батыр, // тоқта азырақ! /// (А.Байтұрсынов).* Во французском языке: *Mais quelle terreur // qu'il en ait! /// Que n'aurait-elle tenté // pour interrompre / ce tête-à-tête! /// Vous n'aurez pas // mon fils! /// Vous ne me le prendrez / jamais! /// (F.Mauriac).* В русском языке: *Дедушка, // глянь-ка, // в фонтане золотые рыбки! /// Ну сделай это / для меня, //*

моя радость! // Ах боже мой, // они еще больше расстроят // бедного Трилли! /// Прогоните же их, // прогоните скорее / этих собак! /// (А.Куприн).

Вопросительный знак сигнализирует конец предложения, сопровождаемый длительной паузой. В зависимости от типа вопроса они характеризуются восходящими, нисходящими завершениями тона, что соответствует **интонемам общего** и **специального вопроса**. Темпоральные и динамические параметры интонации также участвуют в оформлении вопросительных предложений. Пиковые значения просодических параметров локализуются на логически выделенных словах. *Ескерді бір мезгілде // атын Алик, // сұрайды: // «Есен сау ма // һәм қайда? /// – деп / жүрістен, // жүйріктіктен / таңған жоқ па, // жабығып қалмады ма, // жадап-жүдеп?» /// (А.Байтұрсынов).* Во французском языке: *Est-ce que tu l'aimais // autant que moi? /// Rêvait-il / que quelqu'un marchait // dans le jardin? /// Que voulait-il // qu'elle risquât? /// Quelle femme // aurait trouvé // grâce devant toi? /// (F.Mauriac).* В русском языке: *Что же, / Павел Аркадьевич? /// Отец Мелитий // велит по третьей? /// Кому принадлежат // сахарные заводы? /// Кто орудует // с нашей нефтью? /// Жиды, // армяшки, // американцы /// (А.Куприн).*

Многоточие относится к тем знакам препинания, которые играют смыслоразличительную роль, что в устной речи передается соответствующей интонацией. Многоточие используется в незаконченных высказываниях, где происходит обрыв мысли, зависящей от контекста и ситуации. Поэтому таким предложениям присуща незаконченная мысль, выражаемая **интонемой незавершенности.** *Хан оларға // ылғи тәтті тамақ / пісіруші еді, // һәм оларға // тілген уақытта ойнауға, // билеуге рұқсат беріп / қойып еді... /// Жасаған-ау, // өзің кеше гөр, // бір өзің... /// Әй, жеңге-ау, // мені жақсы көргенімді // білмейсің ғой... /// (М.Жұмабаев).* Во французском языке: *Les dents claquent, // claquent / et une plainte enfin monte... /// Tentation de ne pas entrer, // de laisser // ce qui doit être / s'accomplir... /// Elle voulut // voir de près // et ne vit plus // ses ongles bleus déjà... /// (F.Mauriac).* В русском языке: *Вот, например, // господину Воздвиженскому // кажется смешным... /// Тут у вас // и море слышится, // и степь видится, // и какая-то / беспредельная удаль... /// Поймите меня // и не сердитесь... /// (А.Куприн).*

Точка с запятой являясь разделительным знаком, отделяет друг от друга части предложения, более или менее законченные в смысловом и структурном отношении. В зависимости от ситуации точка с запятой по своей функции приближается иногда к точке, а иногда к запятой, что проявляется в различной величине межсинтагменных пауз. Интонационное оформление таких предложений соответствует **интонемам завершенности, незавершенности** и **вставки** с их характерными просодическими признаками. Этот знак препинания часто встречается в бессоюзных сложных предложениях, а также для соединения однородных членов. *Екпей / егін шықпас; // үйренбей / білім жұқпас. Ашу келсе, / ақыл кетер; // ашудан / ақыл көп болса, // ашу не етер. Екі аяғы бар; // талдан таяғы бар; // арқасында құйрығы бар; // төреден бұйрығы бар (А.Байтұрсынов).* Во французском языке: *Mathilde guettait / l'approche du frisson; // elle en épiait / les signes. Pendant le repas même // on eût dit // qu'elle éteignait // ses cheveux blonds; // ses yeux / ne regardaient rien; // sa robe avait / la couleur des boiseries (F.Mauriac).* В русском языке: *Воздух в комнате стал знойным; // во рту у него / сразу пересохло; // и стало трудно дышать. Я уже не слышал за стеной // его мелодичного мурлыканья; // он уже*

/ не влетал ко мне бомбой // в комнату по утрам; // пропала / его обычная разговорчивость (А.Куприн).

Двоеточие является средством оформления пояснительных отношений между частями сложного или простого предложения. В сложных бессоюзных предложениях вторая часть перед двоеточием раскрывает содержание первой части. В предложениях с однородными членами двоеточие ставится после обобщающего слова. Первая часть, находящаяся перед двоеточием, отделяясь небольшой паузой, характеризуется восходящим иногда восходяще-нисходящим мелодическим контуром, в зависимости от ситуации и контекста выражаясь **интонемой незавершенности и интонемой завершенности** с их динамическими и темпоральными показателями. *Сөйлем жүйесі екіге бөлінеді: // бірі – / сөйлем ішіндегі // сөздер турасындағы білім. /// Біздің үйдің адамы / бесеу: // әкем, // әжем, // бір апа, // бір қарындасым бар, // аға інім жоқ /// (А.Байтұрсынов).* Во французском языке: *Il y avait / dans le bois: // des oiseaux, // de grands arbres, // des violettes // et des ruisseaux. /// Le misérable / en avait détaché // l'image de Mathilde: // sans doute / la portait-il serrée // dans un portefeuille // contre son coeur /// (F.Mauriac).* В русском языке: *Идти домой // им поздно и далеко: // они заночуют сегодня // у знакомого лесника. /// Высокий / и худой землемер // идет размашистым шагом, // каким ходят // привычные к длинным дорогам / люди: // мужики, // охотники // и землемеры /// (А.Куприн).*

Запятая выполняет разделительную и выделительную функции. В сложных предложениях, а также в простых с однородными членами она играет разделительную роль, в остальных случаях выделительную (при обособлении, вводных единицах, обращении и т. д.). Запятая расчленяет высказывание на смысловые части с незначительными паузами. Выделенные сегменты произносятся с восходящим и восходяще-нисходящим мелодическим контуром при участии временных и динамических параметров, представляя собой **интонему незавершеннсти** и **интонему вставки**. *Сөз кестесі келсе, // құлаққа жағымды болады. /// Кейде қайта адам // өз ойы, // өз қиялы, // өз көңілінің / күйімен болып, // айналасындағы / болып жатқан істерді; // тамашалы тысқарғы ғаламды // байқамай қалады /// (А.Байтұрсынов).* Во французском языке: *Elle se disait que, // soucieux / surtout de nourriture, // ils en étaient au même // point d'engraissement, // que la graisse // leur mangeait les yeux, // que ce mari // et cette femme avaient // les mêmes bajoues luisantes // d'une sauce éternelle /// (F.Mauriac).* В русском языке: *Теперь / была очередь Арто, // почем знать, // может быть, // умный пудель // хотел этим сказать, // что, / по его мнению, // безрассудно заниматься // акробатическими упражнениями, // когда / двадцать два градуса в тени /// (А.Куприн).*

Тире и *круглые скобки* используются для смыслового и грамматического выделения частей предложения: как правило, это дополнительные замечания и пояснения, авторские разъяснения и толкования. Эти знаки препинания употребляются также для разделения бессоюзно сочиненных предложений. Тире и скобки соотносятся с паузой и сменой интонационного контура предложения. Выделенные части предложения соответствуют **интонемам незавершенности и вставки,** характеризуясь восходящими, ровными и низкими тонами, сопровождаясь ускорением темпа произнесения и понижением интенсивности. *Ауыз шығарманы // (анайы әдебиетті) // ауыз сөз / деп қана атап; // жазба шығарманы // сыпайы әдебиетті ғана // әдебиет деп / танушылар бар. /// Сөздің өзін / танытатын*

белгі – // тіл / яки лұғат белгісі болады. /// Нәрсені / тиіс жағынан сөйлегенде // түйіс керегі жоқ / дегеніміз // – тиіс туралы сөйлейтін сөзге // көрік керегі жоқ // деген болып шығады. /// Пәленшеден жазған // (әкесін айтады), // пәленшеден туған // (шешесін айтады), // пәленше қызды // (қызды айтады) (А.Байтұрсынов). Во французском языке: *Elle descendit // (ses genoux malades flechissaient), // suivit le corridor, // l'escalier. /// Le père / rentrait le soir – // garonais / de l'espèce énorme, // taillé en force – // mais l'estomac balonné // d'un pantalon bleu // qu'une ceinture / ne retenait pas, - // hercule détruit, // rongé au-dedans // par la mortelle douceur / du sauternes. /// Ses doigts agités // cherchèrent dans son portefeuille // un billet de cent francs // qu'il jeta à Marie // (Ce fut la fille / qui le ramassa). /// (F.Mauriac).* В русском языке: *Прошел год, // и вот они стоят / длинной, // мертвой шеренгой //– серые, // обезличенные, // деревянные – // солдаты. /// Многие из них решались // – и чаще всего // по настоянию своих жен // – заимствовать деньги // из ротных сумм // или из платы, // приходившейся солдатам // за волные работы. /// Сергей быстро скинул с ног // парусиновые панталоны // (они были сшиты / из старого мешка), // сбросил с себя // старую куртку // и остался / в стареньком / нитяном трико. /// Василь вернулся домой // усталый / и встревоженный // (Козел уже лежал / на печке) ///. (А.Куприн).*

Таким образом, современная пунктуация в казахском языке, фонетичная в своей основе, является средством делимитации текста и выражает семантико-синтаксическое и интонационно-смысловое членение письменной речи. В одних случаях семантико-синтаксические показатели совпадают с просодическимии пунктуационными средствами, в других же случаях единственным средством выражения синтаксического значения становится ритмико-мелодическая организация предложения в устной речи.

Являясь семиотическим средством, пунктуационные знаки избираются пишущим в соответствии с его интенцией, теми оттенками мысли, которые он хочет выразить. При этом устанавливается взаимосвязь между устной и письменной речью, проявляющаяся в соответствии между содержанием и формой выражения мысли в рамках выбранного пунктуационного знака. Приведем текст, в котором пишущий, употребляя те или иные семиотические средства на письме, фиксируя их во внутренней речи, «диктует» соответствующие просодические средства при чтении вслух:

Ертеңінде бірінші болып // Асанов сөйледі. /// Осынау мол денелі, // сабырлы келген, // Абайдың көзі сияқты // томпақ көзді адамға // Елеутаев әрқашан да // қызыға да қарайтын... // Неге мен / комсомол активі алдында // Асановтай / беделді емеспін? /// Неге мен / жастарды үйіріп // әкете алмаймын? /// Әлде Асановтың қолында // адамдардың жүрегін // аша білетін / өзгеше бір кілт / бар ма, // болса ондай кілт // менде / неге жоқ?.. /// Осы «негелерге» / оның тапқан жауабы // біреу-ақ болды: // партияның аты / партия ғой. /// Бұл жауабына / ол толық жүгініп, // тек жүгініп қана емес, // іштей қанаттанып қалды, // оның басқаша сырының // болмағанына қуанды. /// Елеутаев Асановты // осы аудандағы // өзінің ең жақыны, // ұстазы ретінде санайтын. /// Сондықтан / одан үйренуге ұмтылып, // соған ұқсауға тырысатын. /// Асановтың бюро мәжілісін // басқаруынан бастап, // ең аяғы / жеке адамдармен сөйлесу, // ұғынысу мәнеріне дейін // зер салатын. /// Бір ғажабы, // қанша үңілсе де // ол Асановтың сөзінен // төтенше / бір өзгешелік // таба

алмайтын. /// Оның сөздері: // кім де болса, // тіпті Тілеубек Елеутаевтың / өзі де // айта алатын / кәдуескі қарапайым сөздер // болып шыға беретін. /// Бірақ, / неге екені белгісіз, // оның сол қарапайым сөзінің әсері // басқалардікінен күштірек болатын. ///

Міне, / Асанов бұл жолы да // сол қалыбында. /// Жалпақ алақанымен / трибунаның сол жақ / кемерін ұстап, // оң алақанымен / алдыңғы қатарда отырғандардың біріне // сәлемдесуге ұсынып тұрғандай // алға қарай созып, // мол денесімен / трибуна үстіне асылса, // сәл еңкіш күйде / сөйлеп тұр. /// Асанов сөзі, // кейбір шешендердің сөзіндей, // төбеңнен бұршақ жауғандай // тасыр-тұсыр болып, // үйрейіңді алып, // құтынды қашыра келмейді; // адамның ішкі сезіміне // діріл қаққан жас қанат // сізді енді / жоғары көтеріп, // шарықтатып әкететіндей / болып келеді. ///

Выбор знаков препинания в данном отрывке, взятом из книги Ә.Нұршайыкова, основывается на интонационно-смысловом и синтаксическом признаках. Передавая нужные семантико-интонационные особенности на письме, пунктуационные знаки, воспринимаются в живой устной речи в виде определенного интонационного оформления высказывания. Тот или иной пунктуационный знак задает читающему определенную интонацию, и наоборот, интонация читающего служит сигналом определенного типа смысловых отношений и мотивирует выбор знака. Смысл и интонация, обусловливающие знак, соотносительны, но не симметричны. Семантика всегда определяет интонацию: интонирование фразы, предопределенное смыслом, требует от пишущего постановки конкретного знака: этот знак в свою очередь предопределяет смысловое прочтение, а значит, и интонирование фразы при чтении. Показателем семантико-синтаксических отношений синтагм, а также ритмических групп является интонация.

Проблемы пунктуации казахского языка и ее связи с интонацией представляют интерес как в теоретическом, так и в практическом плане. Специального исследования требуют стилистические особенности использования знаков препинания и их передачи в устной речи посредством интонационных компонентов. Индивидуально-авторское применение и комбинирование пунктуационных знаков осуществляется в целях передачи тончайших смысловых и эмоциональных оттенков высказывания, что успешно передается в устной речи с помощью различных просодических средств. Работы в этом аспекте были бы полезны для выявления функциональных возможностей пунктуационных знаков на письме в соответствии с их устной формой выражения, передаваемая различными компонентами интонации в их взаимосвязи и взаимовлиянии.

КАЗАХСКАЯ ЛАТИНИЦА: ОПЫТ И ПЕРСПЕКТИВЫ

К настоящему времени накопилось множество проектов по переходу казахского алфавита на латинскую графику. Авторы одних проектов, это в основном математики, считают, что казахский алфавит надо приспособить к компьютерной технике, т.е. ограничится 26 буквами латинского алфавита. Сторонники других проектов (филологи) за основу берут фонетический состав казахского языка и ищут пути обозначения «лишних» фонем с помощью дополнительных знаков из системы латиницы, т.е. 26-буквенный состав латинского алфавита пополняют несколькими буквами, необходимыми для передачи исконных звуков казахского языка.

Если придерживаться первой точки зрения, то казахский алфавит будет идентичен английскому и французскому алфавитам, который формировался в 9, 12 веках со всеми его недостатками, которые они сами не могут преодолеть в течение нескольких столетий из-за разницы в орфографии и орфоэпии. В европейских языках, несмотря на различный звуковой состав, за основу был взят латинско-римский алфавит. В результате заимствования алфавита классической латыни возникло несоответствие между фонемным и буквенным составом языков народов Западной Европы. Так в современных европейских языках фонем намного больше, чем графем: во французском языке насчитывается 35 фонем, в английском 45. Для передачи всего этого фонемного многообразия современный латинский алфавит представлен всего лишь 26 буквами (6 гласных и 20 согласных). Такой разрыв между звуковой системой и письмом объясняется тем, что фонетическая система языков находится в постоянном развитии. Звуковой состав различных языков обогащается под влиянием внешних (смежная культура, новые понятия, заимствованные слова) и внутренних факторов (процессы фонологизации, дивергенции и конвергенции фонем). Кроме того системы письма этих народов подолгу не переживали крупных орфографических реформ. Многие буквы пишутся, но не произносятся (например «немое е» в конце французских слов); другие произносятся по-разному, в зависимости от их места в слове; для передачи одних и тех же звуков применяются разные буквы и буквосочетания.

Историко-традиционное письмо на латинской основе отстает от развивающейся звуковой системы, требует реформирования с целью приближения к современным литературным языкам. Такое отстающее от современного языка развитие письма многих европейских народов обусловлено несколькими обстоятельствами. Во-первых, параллельно с национальными языками и системами письма у этих народов в продолжение всего средневековья продолжали применяться мертвый латинский язык и письмо, оказывавшие тормозящее влияние на развитие национальных письменных систем. Во-вторых, в течение всего средневековья, а частично и в более позднее время здесь сильно сказывалось воздействие католицизма, не признававшего другого письменного языка, кроме латинского, а также влияние консервативных научных кругов, воспитанных на классической литературе, гордившихся своей античной образованностью и считавших приближение письма к народному языку вульгаризацией; это, в свою очередь, обусловливало консервативную государственную политику в отношении письма, особенно характерную для Франции и Англии. В-третьих, разрыв между письмом и языком постепенно настолько усилился, что для его ликвидации потребовались бы уже не отдельные реформы, а коренная, перестройка письма, которая была предпринята Яном Гусаком в реформировании чешского письма.

Следует заметить, что не все 26 латинских букв сохранились в европейских алфавитах, например в восточноевропейских языках (польском, латышском, литовском, эстонском, венгерском, чешском и др.) некоторые латинские буквы (w, x или y) отсутствуют. Поэтому основной буквенный состав этих алфавитов еще более ограничен.

Все это обусловило необходимость широкого применения в европейских системах письма надстроечных и подстроечных диакритических знаков, а также двух-трехбуквенных сочетаний. Диакритические знаки обычно применяются для уточнения или изменения основного звукового значения латинских букв (например

ö, ü, ä в немецком, турецком, азербайджанском, письме). Двух-многобуквенные сочетания служат для передачи звуков, не передаваемых латинскими буквами (например sch, ch, sh для обозначения ш в немецком, французском и английском языках.

Диакритические знаки наибольшее применение получили во французском, португальском, голландском, чешском, польском, венгерском и латышском письме. Многобуквенные сочетания, передающие один звук наиболее часто встречаются в польском, венгерском, английском и французском письме.

В языках с ранним становлением письма на латинской основе (в английской, французской, итальянской), ни многобуквенные сочетания, ни диакритированные буквы в состав алфавитов не включаются и рассматриваются лишь в правилах орфографии; в большинстве восточноевропейских языков (например, в датской, норвежской, шведской, испанской, чешской, польской, венгерской, финской, румынской) диакритированные буквы и важнейшие двухбуквенные сочетания входят в алфавиты наряду с основными латинскими буквами. В связи с этим количество букв в разных европейских алфавитах различно.

Применение диакритики и многобуквенных сочетаний (при недостаточности алфавитно-буквенного состава) создает возможность точнее передавать звуковой состав языка. В то же время слишком широкое использование этих приемов (в особенности многобуквенных сочетаний) очень затрудняет как обучение письму, так и самый процесс письма. Положение усугубляется тем, что одни и те же диакритические знаки (например «трема» во французском и немецком письме), многобуквенные сочетания и даже некоторые основные буквы латинского алфавита (например, буквы C, V, U) получили в различных системах письма неодинаковое значение.

Ближе к современному литературному языку орфография немецкой, чешской, польской, литовской, венгерской, шведской, норвежской и некоторых других европейских систем письма, переживших крупные реформы, связанные с религиозно-реформатским и национально-освободительным движением. Орфография этих народов построена применительно к их современным литратурным языкам и вследствие ограниченности латинского алфавита для обозначения национальных специфических звуков были добавлены дополнительные буквы, образованные в большинстве случаев посредством диакритических знаков, поэтому их алфавиты насчитывают от 30 до 40-42 графем. В немецком языке 30 букв, румынском и молдавском языках 31 буква, польском, литовском и эстонском – 32 буквы, в латышском 33 буквы, в венгерском и чешском 40, 42 буквы. Например современный алфавит немецкого языка, состоит из 26 букв основного латинского алфавита с добавлением 3 умлаутных знаков (**Ää, Öö, Üü**) и одной лигатуры. Умлаутные аллофоны основных фонем избавившись от позиционной зависимости под воздействием универсального процесса фонологизации превратились в самостоятельные фонемы, получив свое буквенное обозначение.

Из восточноевропейских языков для примера можно взять латышский язык. В латышском языке из основного состава латинского алфавита отсутствуют 4 буквы (**Q, W, X, Y**), зато для передачи своих звуков добавлено еще 11 букв (**Āā, Čč, Ēē, Ģ ģ, Īī, Ķķ, Ļļ, Ņņ, Šš, Ūū, Žž**), образованных с помощью надстрочных и подстрочных диакритических знаков. Длительные гласные передаются посредством надбуквенного диакритического знака *макрон*, согласные надбуквенным диакри-

тическим знаками *бревис* и подбуквенным – *седиль*. Таким образом, латышский алфавит насчитывает 33 буквы.

Турецкий алфавит состоит из 29 букв. Из основного состава латинского алфавита изъяты 3 буквы (**Q, W, X**), но добавлено 6 букв (**Çç, Ğğ, Iı, Öö, Şş, Üü**). Исконно турецкие звуки образованы с помощью надбуквенных и подбуквенных диакритических знаков. Мягкость гласных также как в немецком языке передается с помощью диакритического знака *умлаут,* дополнительные согласные звуки образованы посредством надбуквенных (*бревис)* и подбуквенных (*седиль)* диакритических знаков.

Из тюркоязычных стран СНГ наиболее успешно на латинскую графику перешел азербайджанский язык. Его алфавит состоит из 32 букв. К основному латинскому алфавиту добавлено 7 национальных букв (**Çç, Ğğ, Iı, Öö, Şş, Üü**), с изъятием только одной буквы **W.** Мягкие парные гласные традиционно передаются с помощью *умлаутных* диакритических знаков, согласные по опыту других языков посредством надбуквенных и подбуквенных диакритических знаков *бревис* и *седиль*.

Учитывая опыт перехода на латиницу некоторых европейских и тюркских языков предлагается казахский алфавит на основе латинской графики, состоящий из 31 буквы. К основным 26 буквам латинского алфавита добавлено 5 букв (**Ää, Öö, Üü, Ğğ, Şş,**), образованных посредством диакритических знаков, передающих национальные фонемы казахского языка. Мягкие парные гласные традиционно обозначаются посредством диакритических надбуквенных *умлаутных* знаков, согласные также как и в других языках передаются с помощью надбуквенных и подбуквенных диакритических знаков *бревис* и *седиль*.

Сторонники другой версии (филологи) за основу берут фонетический состав казахского языка и ищут пути обозначения «лишних» фонем с помощью дополнительных знаков из системы латиницы, т.е. 26-буквенный состав латинского алфавита пополняют несколькими буквами, необходимыми для передачи исконных звуков казахского языка. При этом некоторые лингвисты ратуют за то, чтобы в новом алфавите обозначались только исконно казахские фонемы, которых всего 28. Заимствованные слова предлагают преломлять через призму национальной артикуляции: *филология – пійләлөгүйе,* латинским шрифтом *piylälögüye*; *биология – бійәлөгүйе - biylälögüye*; *университет – үүнійверсіитет – iwniyversiytet; институт – ійнстійтүүт – iynstiytuwt*; *автор – аптор – aptor; академик – әкәдемійк – äkädemiyk; магистратура – магыйстратүура - magyistratuwra* и т.д.

Другая часть лингвистов, а их большинство, за то, чтобы наряду с исконно казахскими звуками в новом алфавите обозначались некоторые заимствованные звуки, например, в, ф, х, и, у. Тем более, что эти буквы имеют свои эквиваленты в латинском алфавите (v, f, h, и, у). Как показывает история развития языков, их звуковой фонд совершенствовался, пополнялся новыми фонемами и в силу частого употребления приспосабливался к артикуляционному аппарату его носителей. Становление новых фонем, универсальный процесс фонологизации, свойственный всем мировым языкам, связан с развитием языка и мышления, обогащением его новыми понятиями, новой лексикой, влиянием смежных культур и мировоззрений. Это прогрессивное явление обогащает язык, а не «портит», как считают некоторые лингвисты.

В наше время глобализации и межкультурного сотрудничества, воспитания подрастающего поколения в традициях трехязычия не приемлем «пуристский»

подход к реформированию алфавита, который может породить множество дополнительных проблем. Молодое поколение, стремящееся к западным стандартам, к усвоению мировых технологий и систем знаний в информационном пространстве за разумный и правильный выбор казахского алфавита на основе латинской графики.

Таким образом, при переходе казахского алфавита с кириллицы на латинскую графику необходимо учитывать национальную специфику казахского языка, опыт перехода на латиницу тюркских и некоторых европейских языков, следует соблюдать общетюркскую идентичность и преемственность, простоту в написании и чтении, доступность и легкость в усвоении. Все это будет способствовать, на наш взгляд, успешному осуществлению национальной реформы.

ФОНЕТИКА БӨЛІМІНІҢ ТАРИХЫ

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында (1961) Тіл білімі институтында **экспериментті фонетика лабораториясы** құрылып, оның алғашқы меңгерушісі **Ж.Аралбаев** болған. Сөйлеу тілін зерттейтін жаңа аспаптармен (осциллограф, спектограф, интонограф т.б.) қамтамасыз еткен лаборатория бүкіл Орта Азия мен Сібірде танымал болды. Сол региондардан біраз аспиранттар мен ізденушілер өздерінің экспериментті жұмыстарын осы лабораторияда жүргізіп, кандидаттық және докторлық диссертацияларын қорғады. Қазақ тілі фонетикасының кейбір талас тудыратын теориялық мәселелері экспериментті түрде дәлелденді.

60-80 жылдарда қазақ тілінің фонетикалық жүйесі І.Кеңесбаев пен Ж.Аралбаевтардың еңбектерінде біраз зерттелген. Бұл ғалымдар фонетика мәселелерін талдаумен байланысты қазақ тілінің сөйлеу және жазу нормаларына көңіл аударған.

Академик І.Кеңесбаев – Қ.Жұбановтың кейінгі қазақ фонетикасының тіл ғылымының жеке пәні, саласы ретіндегі негізгі проблемаларын, яғни фонемалардың құрамы мен жіктелуі, буынның жасалуы мен алмасуы, дыбыстардың үндесуі, сингармонизм, акцентуация мәселелерін сөз еткен (Қазіргі қазақ тілі, Алматы, 1954, 1962.). Фонема теориясына келгенде І.Кеңесбаев дәстүрлі фонология мектебінің принциптерін ұстанады. «Сөз мағынасы мен сөз тұлғасын ажыратуға себі бар тілдегі ең кішкене дыбыстық единицаны фонема деп атаймыз» дейді ғалым. Екпін категориясы сөз болғанда, І.Кеңесбаев оның үш түрін көрсете келіп: лебізді (динамикалық), үнді (тоникалық), квантитатив, яғни қазақ және басқа түркі тілдерінде лебізді екпіннің үстіне квантитатив екпін қосылады дейді. Қазақ тілінде сөз екпінінен басқа фразалық (ритмикалық) екпін де болады, себебі «сөйлем ішіндегі сөздердің бәрі бірдей үнемі дербес екпінге ие болуы шарт емес». Сондай-ақ ғалым тұңғыш рет қазақ тілінің фонетикалық транскрипциясын да жасаған.

Қазақ тіл білімінің қалыптасуында өзіндік орны бар ғалымның бірі - **Ж.Аралбаев.** Ғалым қазақ тілі фонетикасының мынадай өзекті мәселелерін зерттеген: фонемалар құрамы және олардың айтылу ерекшеліктері, сингармонизм заңдылығы, буын жігі және кейбір просодикалық мәселелер. Сонымен бірге Ж.Аралбаев өз еңбектерінде қазақ фонетикасының тарихына ракурс жасап отырған, алғаш рет қазақ фонетикасының пән ретіндегі терминдерінің ықшам

сөздігін жасаған ғалым (Вокализм казахского языка, Алматы, 1970), Вопросы казахской фонетики и фонологии, 1971, (авт.бірі), Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер, Алматы, 1988.). Ж.Аралбаев қазақ тілінің фонема теориясының дамуына қосқан үлесінің мәні мен жаңалығы, біріншіден, фонемалар бір-біріне қарсы қойылып айқындауында, екіншіден, олар тек өзінің комбинаторлық не позициялық варианттарында көрініс табады деп ғалым нақты мысалдармен дәлелдейуінді. Ғалым фонетиканың тарихи мәселелеріне де назар аударып, қазақ тіліне байланысты ламбдаизм, ротацизм құбылыстарын және дыбыстарының ілгерілеу процестері жайында сөз қозғаған, ритмикалық және ой екпіні, фразалық мелодика, интонацияның семантика-синтаксистік функциялары жөнінде де құнды пікірлер айтқан.

Бұл ғалымдардың тұсында қазақ тілінің дыбыс құрылысын өмірдің сұранысына сәйкес экспериментті түрде зерттеу қажеттілігі туындады. Сол уақытта бөлім қызметкерлері **эксперименттік жұмыстарды** жүргізіп, кандидаттық диссертацияларын қорғап шыққан (Ә.Жүнісбеков, С.Татубаев, Н.Түркпенбаев, М.Райымбекова, А.Қошқаров, С.Кеңесбаева, З.Базарбаева). 1986 жылы эксперименттік фонетика лабораторияның аясында фонетика бөлімі ашылып, **Ә.Жүнісбеков** бөлім меңгерушісі болып тағайындалды. 2001 жылдан бері **З.Базарбаева** бөлім меңгерушісі қызметін атқарып келеді.

90-шы жылдардан бастап, қазақ тілінің фонетикалық жүйесі экспериментті жұмыстармен қатар теориялық проблемаларды зерттеуді де қолға ала бастады. Сондай тілдік заңдылықтың бірі ретінде қазақ тілінің фонетикалық жүйесіндегі үндестік заңы (сингармонизм) мәселесіне ерекше назар аударылды.

Сингармониялық бағытты қолға алып, оның ұғымдары мен терминологиясын жасап, теория деңгейіне көтеру зерттеуші Ә.Жүнісбеков есімімен байланысты. Аталған бағыттың ұстанған өзіндік принциптері бар: сингармонизм теориясы бойынша фонема мен екпін есепке алынбайды. Сингармонизмнің ең кіші функциональды бірлігі сингема деп танылады және ол төрт түрлі сингармониялық тембрмен сипатталады: езу жуан, езу жіңішке, ерін жуан, ерін жіңішке. Бұл бағыт бойынша қазақ фонологиясын үндесім фонология деп біледі. Сонымен қазақ тіліндегі үндесім дыбыстардың құрамы анықталып, жүйе ретінде берілген: барлық дыбыстардың жасалым, айтылым және естілім белгілері анықталған (А.Жүнісбек Қазақ фонетикасы, Алматы, 2009, 17 б.т.; Введение в сингармоническую фонетику, Алматы, 2008, 108 б.). Профессор Ә.Жүнісбектің айналысатын негізгі проблемалары: Жалпы, түркі және қазақ тілтанымындағы сөзқұрауыш (просодика слова) мәселесі, Қазақ тіліндегі сингармонизм (үндесім түрленім). Қазақ тілінің артикуляциялық базасы (моделі) құрамындағы артикуляциялық үлгілер.

Ғалымның пікірінше, тілдердің айырым белгілері олардың жіктеліміне негіз болып қана қоймай, кейбір пікір-талас тудырып жүрген мәселелерді шешуге де септігін тигізеді. Бұл ең бастысы қазақ тілтанымында орнығып қалған «европацентристік» ұстанымдардан арылуға мүмкіндік береді. Оны таратып айтсақ, сөздік екпін акцент тілдерді жіктеудің айырым белгісі болғандықтан, ол тек бір тілдің ғана, яғни орыс тілінің құрылымына ғана тән болғандықтан, сөздік екпінді, мысалы, қазақ не қытай тілінің құрылымынан іздемеу керек. Әуен немесе тон тілдерді жіктеудің айырым белгісі болғандықтан, ол тек бір тілдің ғана, яғни қытай тілінің құрылымына ғана тән. Ендеше тонды, мысалы, қазақ не орыс

тілінің құрылымынан іздемеу керек. Үндесім немесе сингармонизм тілдерді жіктеудің айырым белгісі болғандықтан, ол тек бір тілдің ғана, яғни қазақ тілінің құрылымына ғана тән. Ендеше сингармонизмді, мысалы, қытай не орыс тілінің құрылымынан іздемеу керек.

Олай болса: сөздік екпін бар жерде тон мен сингармонизм болмайды; тон бар жерде сөздік екпін мен сингармонизм болмайды; сингармонизм бар жерде сөздік екпін мен тон болмайды.

Теориялық тілтаным (фонетика) мен қолданбалы лингвистика (оның ішінде әдістеме де бар) үшін әліпби дыбыстардың санымен шектелу жеткіліксіз болып отыр. Себебі дыбыстардың әліпби тізбегі тілдегі ақиқат дыбыстардың бір тобын ғана қамтиды. Мысалы, қазақ тілінде **Т, С** (әліпби атауы – *ты, сы)* дауыссыз дыбыстары бар. Ал осы дыбыстар тек *тыс* сөзінің құрамында ғана кездеседі де, дәл сол **Ты, Сы** айтылым үлгілері *міс, мұс, тұс* сөздерінің құрамында кездеспейді. Өйткені, **Ті, Тұ, Ту, Сі, Сұ, Су** дыбыстарының жасалымы да (артикуляциясы), естілімі де (перцепциясы) басқа екені эксперимент арқылы анықталып отыр. Ендеше, теориялық фонетика дыбыс түрленімінің мүмкін болған үлгілерін түгел анықтауға тиіс, онсыз ғылыми нәтиже толық болмайды; бұны қолданбалы лингвистика қолғанат қондырғылар құрастырғанда ескерілуі керек, онсыз ақпарат (байланыс) желісінде ақау болады; әдістеме өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйреткенде пайдалану керек, онсыз акцент жойылмайды.

Қазақ тілінде (түркі тілдерінде) үнді-еуропа тілдеріне тән *фонема* жоқ. Ендеше сол тілдерге тән *аллофон да* жоқ. Себебі үнді-еуропа тілдері екпінді (акцентті) тілдер, ал қазақ (түркі) тілі үндесім (сингармониялық) тіл. Түркі (қазақ) тілдерінің үнді-еуропа тілдерінің ізімен талданып жүргендігі бұған дейінгі тілтанымдағы *европа-өзімшіл (европацентристік)* ұстанымның басымдылығынан болып отыр. Өкінішке орай, қазақ (түркі) фонетистері әзірге *европацентризмнен* арыла алмай келеді. Қазақ тілі үндесім (сингармониялық) тіл болғандықтан, оның дыбыс құрамына тән ұғымдар мен атаулардың өз ерекшелігі болады. Қазақ сөзінің мағынасын түрлендіретіңең кішкене дыбыс бөлшегі үндесім дыбыс болғандықтан, оны *үндесім фонема* немесе *сингармофонема* деп атауға тура келеді. Осыған орай, үндесім фонеманың варианттары *үндесім аллофон* немесе *аллосингармофонема* деп аталады. Тағы да еуропацентризмге ұрынбас үшін *үндесім фонема (үндесім аллофон)* немесе *сингармофонема (аллосингармофонема)* атауларының орнына ықшам әрі сингармонизмнен туындайтын *сингема* және *аллосингема* атауларын енгізген жөн болады.

Қазақ тілінің жасалым негізіне «Қазақ тілі дыбыстарын жасауға қатысатын сөйлеу мүшелері мен олардың қозғалысының жиынтығы» деген анықтама берілген. Ендеше қазақ тілі дыбыстарының жасалымына қатысатын сөйлеу мүшелері мен олардың қозғалысының өзіндік ерекшеліктері бар.

Қазақ тілінің төл дыбыс құрамын дәл анықтап, оның жүйесін (айырым белгілерін) дұрыс сипаттап шығу үшін ең алдымен қазақ тілінің жасалым негізін анықтап алу қажеттілігі туындайды. Олай болмаған жағдайда қазақ тілінің дыбыс құрамы дәл анықталмайды, дыбыс жүйесі дұрыс сипатталмайды. Өкінішке орай, ондай жаңсақтықтар қазіргі қазақ фонетикасында баршылық. Жаңсақтықтардан арылудың жолы тек қазақ тілінің жасалым негізіне сүйенгенде ғана табылады (А.Қаршығаева «Қазақ жасалым артикуляциялық фонетикасының дамуы мен қалыптасуы», канд. дисс., 2010»).

Қазіргі таңда қазақ тілінің дыбыс жүйесі екі теориялық бағыттың принциптері бойынша зерттеліп келеді. Бірінші бағыт **дәстүрлі фонологиялық теория** негізінде қалыптасқан (І.Кеңесбаев, Ж.Аралбаев). Екінші - **сингармониялық теория** негізінде қалыптасқан (А.Жүнісбеков, Ж.Абуов). Дәстүрлі теорияны ұстанатын ғалымдар фонема - тілдегі шағын, сөз мағынасын ажырататын функциональды бірлік деп есептейді. Ал сингармониялық теория бойынша, фонеманың қызметін сингема деген просодикалық бірлік орындайды.

Сонымен бірге, қазақ тіл білімі саласында ұлттық дыбыстық жүйені зерттеудің жаңа ғылымы деңгейге көтерілгенін атап өту орынды. Нақты айтқанда, қазақ тілінің дыбыс жүйесі тек сегментті фонетиканың аясында емес суперсегментті фонетика тұрғысынан да зерттеліп жатыр. Себебі тілдің фонетикалық жүйесі оның сегменттік бөлшектерінен, сөздердің дыбыстарынан ғана тұрмайды, ол тілдің күрделі суперсегментті деңгейін, яғни сөйлемдердің, мәтіннің жалпы интонациялық сипатын да қамтиды. **Суперсегментті фонетика** дегеніміз сөйлеу тілінің интонациялық жүйесін, оның қызметін, бірліктерін, компоненттерін (әуен, қарқын, интенсивтілік, ырғақ, екпін, ұзақтылық, дауыс реңкі т.б.) тіл білімінің басқа салаларымен (синтаксис, семантика) байланысты қарастырады. Осы орайда ғалым З.Базарбаеваның бастамасымен **интонология** өз алдына жеке білім саласы ретінде қалыптасып (З.Базарбаева «Қазақ тілінің интонациялық жүйесі», Алматы, 1996, 11б.т.; «Қазақ тілі: интонология, фонология», Алматы, 2008, 20 б.т.), осы сала бойынша ғалымның жетекшілігімен бөлімнің жас ғылыми қызметкерлерінің кандидаттық диссертациялары қорғалды (А.Фазылжанова, А.Аманбаева). З.Базарбаеваның ғылыми еңбектерінде қазақ интонациясын зерттеудің тиімді әдістері, интонацияның инвариант бірліктері, оларың сөз ағымындағы түрленімі алғаш рет жүйелі түрде зерттелді. Осындай зерттеулердің нәтижесінде сегментті бөлшектер – фонемалар **фонологияда**, сингемалар – **сингармонологияда**, ал суперсегментті бөлшектер – интонемалар – **интонологияда** зерттеу үрдісі қалыптасты.

Интонологияның өзіне тән зерттеу объектісі мен әдістері бар. Тіл жүйесінде дербес бір құбылыс ретінде интонацияның өзіндік мағынаға ие болатын бірліктері бар, олар интонема деп аталады. Қай тілде де интонемалардың саны белгілі бір мөлшерден аспайды.

Жоғарыда аталған жұмыстар мен бөлімінің ғылыми өндірістік жоспарлары бойынша орындалған зерттеулердің нәтижесінде қазіргі уақытта қазақ тілінің **интонемалары** және олардың вариантты анықталып, экспериментті түрде сипатталған. Сөйлемнің барлық түрлерінде де интонеманың өзіндік орны, атқаратын қызметі анықталды. Қазақ тіліндегі анықталған интонемалар тұңғыш рет сөйлемді ажырататын ең кіші функциялық бірлік ретінде қарастырылды. Сөйлемнің қай – қайсысы да интонемасыз сомдала алмайды, олардың әрқайсысының өзіне тән интонациясы бар. Сөйлемнің сомдалып, аяқталып, коммуникативтік функцияға ие болып тұруы үшін интонеманың мәні ерекше. Қай тілде де сөйлеушінің жадында сол тілдің негізгі интонемалары сақталады және бұл интонемалар сөйлесудің эталоны болып табылады. Интонемалар фонемалар сияқты өзінің просодикалық өлшемдерімен және ерекшеліктерімен вариантарында көрініс табады. Ал ол варианттардың қайсысын қолдану-қолданбау сөйлеушінің мақсаты мен еркіне байланысты. Интонеманың да фонема сияқты дифференциялау қасиеті болғандықтан, негізгі қызметі сөйлемдерді ажырату болып табылады.

Осы саладағы жұмыстарда күрделі мәтіндердегі интонацияның компоненттері эксперименттi зерттеу арқылы айқындалды. Әуен, қарқын, ұзақтылық, пауза, интенсивтілік, тембр интонацияның негізгі компоненттері болып табылады. Сөйлеу тілінде интонацияның аталған компоненттері бірімен-бірі тығыз байланысты болады. Бірақ олар сөйлемнің барлық түрлерінде әр уақытта бәрі бірдей орын алады және бәрі бірдей тыңдаушыға анық естіледі деп айту қиын. Олар өзара түрлі қарым - қатынасқа түсіп, сөйлемнің әр алуан түрлерін түзуші, оларды бір-бірінен ажыратушы қызмет атқарады. **Интонацияның компоненттері** тілдердің бәрінде қолданылатын универсалды просодикалық тәсіл болып табылады. Барлық тілдердегі синтагмалар арасындағы мағыналық қарым-қатынасты білдірудің универсалды әдісі болып, просодикалық тәсілдердің әуені, қарқыны, паузасы саналады. Мысалы, синтагманың соңғы сөзіне түсетін тонның бәсеңдеуі, тиянақты әуені барлық тілдерде сөздің аяқталуының белгісі болып табылады, ал фразаның соңындағы тонның көтерілуі аяқталмағандықты, тиянақсыздықты білдіреді. Барлық тілдерде қарқынның баяу, байсалды болуы информацияның маңыздылығынан хабар береді, ал қарқынның жылдам, тез болуы оның маңызы, мәнінің шамалы екенін білдіреді. Әр тілдегі просодикалық тәсілдердің көрінісі сол тілдің интонациясының жалпы ерекшелігіне байланысты болатыны анық. Мысалы, орыс тілі интонациясының әуеніне әсер ететін, оның ерекшелігін түзетін осы тілдегі сөз екпіні екені белгілі. Орыс тілінің бұл әмбеорынды жылжымалы сөз екпінінің сөздердің морфологиялық формаларын ажыратуда ғана емес, олардың негізгі мазмұнын анықтаудағы мәнін айтуға болады. Ал қазақ тілін алатын болсақ, мұнда әр сөзге түсетін екпін жоқ екені белгілі. Қазақ тілінде, француз тіліндегі сияқты синтагманың соңғы сөзіне түсетін синтагмалық екпін бар екені эксперименттi түрде дәлелденген.

Зерттеу барысында интонацияның қызметіне қатысты әртүрлі өзгешеліктер мен қасиеттер негізге алынған неше түрлі пікірлер, таптастырулар мен интонацияның негізгі бес функциясы көрсетілген: 1) сөйлемнің жалпы коммуникативтік түрлерін анықтау, 2) жеке коммуникативтік типтерін ажырату, 3) мазмұнның өзгешеліктерін ажырату, 4) сөйлемдерді, синтагмаларды мәтінде бір-бірінен айырып, бөліп алу және қосу, 5) әр түрлі эмоцияларды дифференциялау. Өзара тығыз байланысты болып келетін интонацияның функцияларын ешқашан бір-бірінен ажыратып, бөлек қарауға болмайды. Сөйлеушінің алдына қойған мақсаттарына қарай, сөйлемдегі интонация функциясының қолданылуы да түрленіп тұрады. Ол кейде жай хабарлы коммуникативті мағынаны білдірсе, кейде хабарға үстеме эмоциональды мағынаны, ал кейде фактылар туралы айтылған ойлардың мағыналық ақиқаттығының бір-бірімен сәйкестігін, тағы да басқа сезімге, түйсікке байланысты факторларын айқындап тұрады. Осы тектес тұжырымдардың негізінде интонация сөйлемдердің түрлерін түзуде олардың синтагмаларын ажыратып, сөз тізбектерін синтаксистік қызметі мен мазмұнына қарай топтастырып түсінікті ететін, түйіндеп айтқанда, сөйлемдерді адам қоғамының қатынас құралына айналдырып, адамдардың бір-бірімен түсінісуін қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі анықталады.

Қазақ интонологиясының дамуында тілдегі грамматикалық құралдар мен интонологиялық құралдардың мағынаны жеткізудегі ара қатынасы мен үйлесімі, грамматикалық формалардың интонациялық безендірілуінде бөлімнің қызметкері А.Фазылжанованың диссертациялық жұмысында тәжірибелік жолмен анықталды

(А.Фазылжанова «Қазақ тіліндегі қос құрамды құрмалас сөйлемдердің интонациясы, канд. дис. 2000ж.). Бөлім қызметкері А.Аманбаеваның зерттеуі бұған дейінгі интонациялық ізденістердің ішіндегі прагматикалық аспектіге қарай ойысқан жұмыстардың бастамасы болды. Оның диссертациялық жұмысы қазақ интонациясының прагмалингвистикалық аспектісінде арналып, дайындықсыз сөйлеудегі интонация бірліктерінің грамматикалық, жалпы категориялық мағыналардан бөлек, сөз иесінің сөйлеу дискурсына тәуелді эмоциясынан, сөзге, тыңдаушыға қатысынан ақпарат беретін құрал ретінде жан-жақты тәжірибелі түрде арнайы зерттелді. Осындай ізденістер нәтижесінде қазақ тілінің интонациялық жүйесі егжей-тегжейлі зерттеліп, олардың қортындылары ғылыми айналымға түсіп, интонациялық деңгейдің тілдегі орны, рөлі мен маңызы анықталып, интонология қазақ тіл білімінде, түркітануда тұңғыш рет жаңа сала ретінде танылды.

Бөлім қызметкерлері «Ұлттық және мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің қызметі мен дамуының ғылыми негіздерін зерттеу» атты іргелі зерттеу бағдарламасының **«Қазақ мәтінін (сөйленімін) сегментке мүшелеудің фонетика-фонологиялық негіздері»** атты тапсырмасы бойынша 2000-2002жж. ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді (жоба жетекшісі З.Базарбаева, Ә.Жүнісбек, А.Фазылжанова).

Сөз болып отырған кезең аралығында жүргізілген зерттеулерде жүйелі құрылым болып табылатын мәтін бүтіннен бөлшекке қарай деген методологиялық негізде қаралады. Сөз ағымындағы негізгі жетекші ой өзара мағыналық қатынасқа түсетін жеке-дара ойлар тізбегінен құралады, сондықтан олардағы просодикалық тәсілдер де белгілі бір байламда тұрады. Қазақ мәтінін (сөйленімін) сегментке мүшелеудің фонетика-фонологиялық негіздері интонация межесінде арнайы эксперименттік-инструментті әдісті қолдану арқылы алғаш рет зерттелді.

Зерттеудің мақсаты қазақ мәтінін сұрыптап алып, оларды алдымен күрделі фразалық тұтастыққа, құрмалас сөйлемге, күрделенген сөйлемге, жай сөйлем түрлеріне, синтагмаларға жіктеп, мәтіннің мазмұндық мүшеленуінің интонациялық көрсеткіштерін, мазмұн мен интонация және синтаксис ара қатынасын ашып көрсету болатын. Мәтіннің мүшелену нәтижесінде оның сегментті және суперсегментті бірліктері анықталады. Интонацияның мәтінді сегменттерге мүшелеуінің маңызы зор. Мәтінді сегментке мүшелеуде оның қандай бірліктерге бөлінетінін, олардың өзара қалай байланысатынын, мәтін құрамында орналасу ретін, просодикалық тәсілдердің қайсысы айырықша қызмет атқаратынын байқауға болады. Мәтін аумағында интонациялық құралдың қызметін талдау, оның интонациялық және семантикалық сипаттамаларының ара қатынасын белгілеу, мәтіннің семантикалық дәрежесін көрсетуде интонацияның рөлі ерекше, себебі ол интонациялық өлшемдер мен басқа тіл өлшемдері арасында өзара әсер түрінің тереңдігін анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ интонациялық бірліктер басқа да тіл бірліктерінің байланысын, бір-біріне қатысын жеткілікті түрде көрсетіп бере алады. Сөйлеу барысында лексика-грамматикалық тәсілдермен бірге, ал кейде жалғыз өзі-ақ сөз мазмұнын, тіл бірліктерінің мағыналық ара-қатынасын жеткізе алады. Мәтін деңгейінде просодикалық тәсілдерді талдау барысында жаңа нәтижелерге жетуге болады.

Мәтін мүшелеудің фонетика-фонологиялық негіздерін анықтау үшін ең алдымен оның құрамдас бөліктерін іріктеп, олардың өзара байланысу қағидаларын саралап алудан бастау керек. Мәтіннің мағыналық жіктері мен семантика-грамматикалық байланыстарын, әуеннің құбылуы, қарқынның баяулауы мен

жылдамдауы, үдемелігінің күшеуі, тоналды дипазондар мен интервалдардың өзгеруі және басқа да интонациялық компоненттерінің көрсеткіштерінен байқауға болады. Сондай-ақ мәтін бөлшектері біріне-бірі ұласып, бірінен-бірі өрбіп, бірімен-бірі үндесе үйлесіп бір ойды просодикалық құралдар арқылы жүзеге асырылады. Зерттеуде мәтіннің күрделі фразалық тұтастық деңгейінде мүшеленуін, кешенді түрде, яғни функциональды-семантикалық (дискурстық бағыт) және прагматикалық (пресуппозиция тұсынан) қырларынан қарастырудың тиімділігі айқындалып, дәлелденді. Қазақ тілі мәтінінің мағыналық-тұлғалық ұстаным негізінде мүшеленген бірліктеріндегі интонация көріністері сипатталып, олардың мәтін құрамында орналасу реті айқындалды. Қазақ мәтінінің семантика-интонациялық мүшеленуіндегі просодикалық құралдар қызметі олардың әрқайсысының сөз семантикасына тәуелді түрде өзіндік көрініс тауып бірігуі нәтижесіндегі кешенді құбылыс ретінде қарастырылды. Интонацияның сөйлеу тіліндегі көріністері, оның компоненттерінің мәтін бөлшектерінде арақатынасы мен өзара байланысуында алатын орны және басқа да қасиеттері мүмкіндігінше жан-жақты тексеріліп, анықталды.

Мәтіннің құрылымы мен жасалуына қызмет атқарып, әрі ондағы айтылған сөздің коммуникативтік мағынасын, эмоциялық-экспрессивтік қырларын анықтауда сөз **әуенінің** көтерілуі мен бәсеңдеуі, сөз бөлшектерінің белгілі бір уақыт аралығындағы **ұзақтылығы**, сөз ағымындағы **кідіріс**, айтылымның қайсыбір бірлігін ерекшелеп тұлғаландырудағы **қарқын мен үдемелік** және адамның көңіл-күй ахуалын жеткізудегі дауыс **реңкінің** рөлі эксперименттті әдістер арқылы сипатталды. Интонация және оның бірліктері мен компоненттерінің қазақ тілінің түрлі синтаксистік құрылымдарында өзара әрқилы күрделі қатынастарға түсіп, мәтін сегменттеуде, мәтін бөлшектерін семантикалық-құрылымдық топтарға бөлуде, оларды бір-бірімен байланыстыруда мәні зор екені эксперимент арқылы дәлелденді. Сөйлеу тіліндегі синтаксистік құрылымдардың аяқталған-аяқталмағандығы, олардың кідіріс арқылы бөлінуі, ол құрылымдардың интонациясының әуені, қарқыны, ұзақтылығы, үдемелігі, тональды диапазоны мен деңгейі ондағы айтылған ойдың мазмұнына тікелей қатысып, мәтіннің сегменттерге мүшеленуінде зор қызмет атқаратыны дәлелденді.

Қазақ тілі фонетика саласында әлі де болса да түпкілікті шешілмеген мәселелердің бірі - қазақ тілінің **тарихи фонологиясы** кенжелеп жатыр. Сондықтан Институттың фонетика бөлімі мемлекеттік тапсырыс бойынша тарихи фонетикасы мен диахрондық фонология проблемаларымен шұғылданып, мынадай мақсат қойып отыр: қазіргі қазақ және туыстас түркі тілдерінің фонетика-фонологиялық құрылымдарына сүйене отырып, салыстырмалы-тарихи әдістер арқылы олардың дыбыс жүйелеріне диахрондық аспектіде фонологиялық талдау жүргізу.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша 2009-2011 жылдарға жоспарланған іргелі зерттеу бағдарламасының **«Қазақ тілі фонологиялық жүйесін диахрондық аспектіде зерттеу»** (жет. З.М.Базарбаева) деген тақырып бойынша жұмыс істелініп жатыр. Бұл тақырып 2006-2008 ж. орындалған жұмыстың жалғасы болып табылады. Сонда қазақ тілінің фонетика-фонология жүйесіндегі дыбыстың дивергенция процесі мен фонологизация құбылысының тарихи негізі тілдің дыбыстық құрылымы дамуының шешуші факторы ретінде ретроспекциялық тұрғыдан зерттелген. Фонологизация құбылыстары негізінде дыбыстардың

4. Articulation of sintagmas is determined by the meaning content of a phrase and a degree of the occurrence of the principal and subordinate parts. Subject to the intent of the speaker, one and the same phrase may be pronounced with a various syntagmatic articulation. Correlation of parts of the phrase is conditioned by a certain understanding of the situation by the speaker or the hearer. An intonational composition of a sintagma is provided by melodic, dynamic and temporal means. When several rythmic groups unite into a sintagma, a syntagmatic emphasis enhances due to the weakening of the antecedent rythmic emphases. A more complex step of articulation of the speech flow is represented by those sentences, which may consist of several sintagmas, or one sintagma. A certain intonation contour and the existence of different kinds of emphases allow words to unite by sense into such phonetic unity. Accenting is the act of making a word acoustically prominent from its surroundings. Phrasing is defined as a perceived disjuncture between words (Rosenberg, 2009). Any finished sentence may have a communicatorily composed intonational centre, to put it otherwise, a phrase emphasis, which performs the two main functions: 1) it differentiates a communicative type of a phrase; 2) it separates phrases from each other performing a delimitative function. A phrase emphasis organizing a phrase generally is localized on the last word of the phrase. The examples given below show how **a phrase emphasis** is moved to its end with an increase of words in neutrally pronounced phrases this phrase being the intonational centre.

Көктем.	*Spring.*
Көктем келді.	*Spring comes.*
Көктем ерте келді.	*Spring came early.*
Көктем биыл ерте келді.	*This year spring came early.*

4.1. A function of articulating a phrase into speech segments is also performed by the logical emphasis singling out separate words in the phrase. Here, two levels of prosodic phrasing are defined: the intermediate phrase and the intonational phrase. The presence of a prosodic phrase boundary is indicated by perceived disjuncture between two words. Intonational phrases boundaries are defined by the highest degree of disjuncture, and are often associated with silence. Each intonational phrase is comprised of one or more intermediate phrases (Rosenberg, 2009). The logical emphasis is closely connected with semantics: the shades of meaning of the phrase may change from the localization of the logical emphasis. If we compare the following sentences we can notice close correlations between prosody and semantics. *Таңертең оқушылар мектепке кетті* (*Early in the morning students went to school*). In this phrase, any word may be emphasized subject to the communicative situation. *1. Таңертең мектепке* ***оқушылар*** *кетті* (***Students*** *went to school early in the morning*). *2. Таңертең оқушылар* ***мектепке*** *кетті* (*Early*

in the morning students went to ***school****). 3. Мектепке оқушылар* ***таңертең*** *кетті* (***Early in the morning*** *students went to school*).

4.2. In a certain context, **the logical emphasis** being the accentual embodiment of a latent presuppositional category overlaps the phrase emphasis – the basic prosodic means organizing the phrase in general. Chomsky (2006) says that the situation changes considerably when we shift from the normal intonation to an intonation contour that contains a contrastive or expressive stress.

4.2.1. In the Kazakh language, a logical emphasis is conveyed by the following two methods: firstly, by changing the word order, i. e., by the inversion where the logically emphasized word is at the end of a phrase next to predicate, secondly, by changing no word order where the speaker, or the reader emphasizes a word important by sense. It has also been stated in research of Fushs et al. (2015), as in order to investigate which information listeners use to identify turn ends, several researchers have presented participants with speech fragments, asking them to predict whether the speaker would continue after the fragment or stop speaking. Being one of the main components of intonation, the logical emphasis is, along with the word order, a mouthpiece of the actual articulation. The basic function of the logical emphasis is to emphasize a rheme, which is a psychological predicate (logical predicate) of the phrase. Theme and rheme intonational relations show themselves as follows: theme shall be characterized by the increase in the tone, after which there is a pause and a break of the intonation contour while rheme, being emphasized is singled out by the reduction of the tone. Prosodic features act here as semiotic means used by the speaker in compliance with his intention to represent some elements of the phrase as initial ones, which are less important, and the others, as a purpose of communication as such, like that new one, for which the communication act has occurred. In case of a neutral style, the topic coincides with a group of the subject, and the rheme – with a group of the predicate.

Ертең біз өзіміздің ауылға // жаяу барамыз. Қалай?
(Tomorrow we go to our aul // on foot. How?)
Ертең өзіміздің ауылға жаяу // біз барамыз. Кім?
(We go // to our aul tomorrow. Who?)
Біз өзіміздің ауылға жаяу // ертең барамыз. Қашан?
(We go to our aul // tomorrow. When?)

In the aforesaid examples, in the first paradigm the rheme answers the question: *Қалай? (How?).* In the second paradigm – the question *Кім? (Who?).* In the third paradigm – the question *Қашан? (When?).* Sentences with one and the same lexical filling in different speech situations may act as different phrases and be understood in a different way by logically singling out one of the words, with which the interest of the interlocutor is associated, who wishes to obtain some information (Bazarbayeva, 2008). It is the question put to this phrase that helps to determine theme and rheme. That part of the information of the phrase, which is in the question, is related to the topic, and the part of the information, which answers the question, is related to the rheme. Chomsky (2006) analyzes and illustrates an importance of that in the very similar way. He says that the effect of such intonation on presupposition is fairly complex. In the sentence *"The Yankees played the Red Sox in Boston"* with normal intonation, the point of main

stress and highest pitch is the word "*Boston*" and the sentence might be an answer to such questions as *"where did the Yankees play the Red Sox?" ("in Boston"); "what did the Yankees do?" ("they played the Red Sox in Boston")*; "what happened?" (*"the Yankees played the Red Sox in Boston"*). But suppose that contrastive stress is placed on *"Red Sox,"* so that we have *"The Yankees played the red sox in Boston."* Now, the sentence can be the answer only to *"Who did the Yankees play in Boston?"* Note that the sentence presupposes that the Yankees played someone in Boston; if there was no game at all, it is improper, not just false, to say *"The Yankees played the red sox in Boston."* In contrast, if there was no game at all, it is false, but not improper, to say *"The Yankees played the Red Sox in Boston,"* with normal intonation. Thus contrastive stress carries a presupposition in a sense in which normal intonation does not, though normal intonation also carries a presupposition in another sense; thus it would be improper to answer the question *"Who played the Red Sox in Boston?"* with *"The Yankees played the Red Sox in Boston"* (normal intonation). The same property of contrastive stress is shown by the so-called cleft sentence construction. Thus the sentence *"It was the Yankees who played the Red Sox in Boston"* has primary stress on *"Yankees,"* and presupposes that someone played the Red Sox in Boston. The sentence is improper, not just false, if there was no game at all. These phenomena have generally been overlooked when the semantic role of contrastive stress has been noted.

4.2.2. As it is seen from the examples, the logical emphasizing constantly accompanies the actual articulation. Nikolayeva (1982) associates the actual articulation with the accentual emphasis and prosodiacally emphasizing any element, proposes a number of statements as follows. 1. There is a basic accented element in any phrase. 2. As usual, this element is at the end of the sounding time span. 3. Generally, there is a rheme at the end of a phrase. 4. Therefore, this emphasized element is associated with the rheme, and it's possible that it cannot be separated from the rheme. 5. Thus: where there is a rheme in the phrase, there must be a strong stress. 6. And vice versa: where there is a strong stress – there is a rheme. 7. There are some words (for example, particles) entailing there is an actual exphasis of the words associated with them. 8. Thus, they are emphasizers of rhemes (where it is loud, there is a rheme). 9. Rheme is a new, known and important thing. 10. So: the new thing is stressed, and the old thing is unstressed. 11. The basic stressed word is an intonational centre. 12. Therefore, where it is loud, there is Rheme, and there is an intonational centre in the same place. 13. The stressed element may have a contrastive meaning. 14. The contrast is a foregrounding, and an expressive alternant of the same compulsory stressed component – Rheme. As it is seen from the statements, the integral link between the accentual amplification and the rheme is one of the keystones of the actual articulation theory of general purpose for all languages, but having its specific laws for each language.

4.2.3. Let's give some more examples where the correlates of the logical emphasis are informative in conveying words, which are the most important by sense: 1. *Ерте заманда // Ерназар деген кісі болыпты (Not so long before, // a man, called Yernazar, became a noble man).* 2. *Ерназардың өзі // бай болыпты (Yernazar himself // became a rich man).* 3. *Төрт түлік малы // сай болыпты (Now, he has a lot // of domestic animals).* 4. *Ерназардың сегіз ұлы да // соның ішінде кетпті (His eight sons // also became rich).*

In the first three examples, the logical emphasis is localized on the emphasized

words ***кісі, бай, сай*** being in the composition of a rheme. The logically emphasized words are characterized by the maximum (peak) values of the frequency of the basic tone, intensity and duration. In the fourth phrase, the topic is in the postposition towards the rheme that proves the stylistic colouring of the phrase. The rheme *Ерназардың сегіз ұлы да (His eight sons also)* being in the preposition is characterized by the more powerful acoustic features. The accentualy emphasized words ***сегіз ұлы да (eight sons also)*** are characterized by the maximum values of acoustical, dynamic and temporal features. Thus, accents and stresses are of a great importance in the division of the speech flow in phonetics and phonology (Gussenhoven, 2002, 2004), and what is more in contextual distribution and interpretation of prosody (House, 2006, 2009).

4.2.4. Thus, the logical emphasis is an all-purpose way of expressing the actualization, which may actualize any component of the phrase subject to the communicative situation. The actual articulation is one of the kinds of the notional articulation. On a fundamental level, the research paradigm is aligned with the conversation analytic premise that meaning – prosodic or otherwise – is socially constructed, and continuously negotiated and shared by participants. This notion is in stark contrast to other approaches which treat prosodic meaning as cognitively pre-existing in the form of an intonational lexicon (Reed, 2011). There are also other ways of the notional articulation, for example, articulation by a degree of importance (Torsuyeva, 1979).

4.2.5. The notional articulation by a degree of importance supposes the availability of such element in phrases, which is the most important for the speaker, that is to say, in addition to the two notional elements: the current and the new ones, theme and rheme, the subject and the predicate, such elements can be seen, which do not suit these definitions. But, to better understand what is theme and rheme in conversation Wells (2010) says that it is hard to find robust evidence from studies of naturally occurring talk that speakers and listeners actually make use of tonal contrast to convey meanings.

4.2.6. Based on the other different principles, the division by a degree of importance has some advantages since one cannot always identify the subject and the predicate in a phrase, besides, in case of such an approach, no element remains beyond the scope of the analysis.

4.3. In different languages, elements of the scale may be placed in a different order. For the Kazakh language, the most important element, as a rule, will be placed at the end of a phrase. Let's give as an example the following phrase: *Үй салуға, мәселен, түрлі зат керек (To build a house, for instance, it is necessary to have different materials)*. The gradation by a degree of importance will, according to Torsuyeva (1979), be as follows – V2,V3,V1 where the most important component will be - V1 – *түрлі зат керек (it is necessary to have different materials)*, and the second by a degree of importance will be the element V2 - *үй салуға (to build a house),* and the third one – V3 - *мәселен (for instance)*. If there are two elements equal by importance in a phrase where the third one is available, which is less important, the scales will acquire the following structure: V1V2V1, V1V1V2, V2V1V1. Analyzing the prosodic means participating in the gradation by a degree of importance, Torsuyeva (1979) thinks that the scale of elements by a degree of importance is typological in spite of the fact that «in different languages one and the same combination may characterize V1 in different communicative types». For example, in exclamation, V1 in the Russian language is characterized by the same prosodic means as V1 in narration

in the French language. V1 of the Italian narrative phrase corresponds to V1 of the Russian general question etc. In addition to the intonation, which plays a pivotal role in expressing a meaning by a degree of importance, lexical and grammatical means (particles, repeats).

4.3.1. Ways of the notional articulation of speech are also considered in the works of Dolgova (1974). Studying semiologically relevant ways of speech segmentation, the author recommends to rely upon the following four levels of the syntactical study of a text that correspond to the four objective tiers in the composition of the actual product of speech: a tier of sentence parts, a tier of the actual sentence articulation, a tier of phrase declamation, and a tier of parenthetic inclusions.

4.3.2. Considering the problem of articulation of the speech flow into the larger-than-thesentence unities, sentences and syntagms, the author pays attention to the fact that they are superposed by the more complex type of segmentation having specific features and functions not sufficiently discovered yet, associated with special means of realization thereof – in particular, with the prosodic means. To put it otherwise, such segmentation takes an optional form and is distinguished by quite peculiar properties both on the semantic level and the prosodic one, i.e., both in terms of the content and the expression (Dolgova, 1974).

4.4. Thus, the intonation, performing functions of organization and articulation of elements of speech (text), and of expression of a degree of link between them, segments them into the notional elements. In the segmentation of speech, rythmic, syntagmatic, phrase, logical and other kinds of emphases are prominent having an influence upon the meaning of phrases.

4.4.1. The phenomenon of **the accentual emphasis** is of interest to us in terms of its link with the intonational structure of a phrase. Various types of the accentual emphasis in combination with other prosodic means play a key role in the process of communication. The accentual emphasis marking a word, which is important by sense, may take up any position in the phrase. Having an effect on the phrase, it is used to attract attention to a particular word: *Өзең! Өзең! Арғы қабақта* ***жол*** *жатыр. Ел* ***жақын*** *ғой! (Zh.Aimauytov);(River! River! There is a road on the opposite bank.* ***Near*** *are people! (Zh.Aimautov).*

In the speech flow, any word may be emphasized by sense in evocative phrases. The logical emphasis is closely connected with the meaning of the word, on which it is localized. The logically emphasized word usually has a clear articulation in the speech flow. At the beginning or in the middle of a phrase, it is characterized by the maximum values of frequency of the basic tone, duration and intensity. But if the emphasized word is at the end of the phrase, its intonational characteristics are only realized due to the time and dynamic maxima. Irrespective of the position held, emphasized words are characterized by substantial intervals at the junction with the other words in the phrase.

Conclusion

5. Thus, the problem of articulation of the speech flow may be considered from different positions and in different aspects, being of a keen interest to such scientists-linguists as engaged in solving problems of **the science of speech**. As related to the so-called pragmatic turn in linguistics, the attention of linguists is focused on a detailed study of the real products of speech with all their complexity and variety: what the role of the communicative situation is, what principles of the composition of speech are, into what parts it is divided, how these parts connect with each other, and which

of different ways of its segmentation are semiologically relevant ones. Formation of a new paradigm in studying voice communication is associated with a theory of speech communication and psycholinguistic research. The task of intonologs is to ascertain, accumulating new trends in the linguistics, what function is performed by the melodic, temporal and dynamic means of intonation not only in the notional articulation of the speech flow, but also in the speech activity, in the broad sense of the word, in interrelation with extratextual factors.

5.1. Problems and methods of studying the Kazakh intonation, which is an independent level of the language structure, were considered from the position of a system and functional approach, which proposes to study a variety of internal properties and meanings conveyed by the intonation, and its links and relations with other phenomena of the language system, the part of which it is. The language system consisting of a number of interrelated subsystems takes on new properties and features in the integration of new elements. A complex system and functional approach to the prosodic phenomena provides, to our opinion, a comprehensive and all-around study of speech properties in the field of the superfix phonetics and formation of a linguistic view, which enables to value the language in all variety of its manifestation.

5.1.1. It seems that the results of this work may substantially deepen, supplement and in particular cases adjust the already known rules for the role and the meaning of an intonational level attracting data of the Kazakh intonational system not studied yet, and will allow us to interpret some aspects of the general theory of intonation in a new way. In our work, we've made an effort to cover facts and phenomena as many as possible, which regard problems of the superfix phonetics, however, some interesting, to our opinion, aspects are considered just fragmentarily, having been not covered in detail; the detailed study is a task of the future.

5.1.2. A further research in the field of the intonology may be conducted in view of a typological research of the intonation of kindred and non-kindred languages to find out typological rand all-purpose features in their intonational structure. It should be noted that the problems associated with the study of language universals have always been held a prominent place in the linguistics and have been studied at all levels of the language system. Universals in the field of intonation are studied the least of all, though some linguists offer an opinion that the intonational level must be of general purpose at its core. Some general features of the intonation of different languages can be explained, apparently, by the international character of the thinking of all people, and the intonation, as compared to other linguistic phenomena, associated with the meaning to a greater degree. That can also be said that semantic prosodies demonstrate some relationship with transitivity and in the case of build up, at least, this relationship is demonstrably consistent computationally within large corpora (Louw, 2000), relationship between prosodic variables and communicative functions Flax et al. (1991).

5.1.3. As it is seen from our research, according to the formal matter, the Kazakh intonation has its own specific features which differ it from other languages. Typological works in the field of intonation is, undoubtedly, of value both on the theoretical level – in the development of the universality and intonology, and on the practical level: in the teaching and the instruction of an intonation belonging to another language.

References

Bazarbayeva, Z. (2008). *Kazakh Intonation*. Daik-Press.

Chomsky, N. (2006). *Language and Mind. Third Edition. Massachusetts Institute of Technology.* Cambridge University Press.

Dolgova O.V. (1974). *Halting Speech Semiotics*. Moscow.

Flax, J., Lahey, M., Harris, K., & Boothroyd, A. (1991). Relations between prosodic variables and communicative functions. *Journal of Child Language*, *18*, 3–19.

Fuchs, S., Petrone, C., Rochet-Capellan, A., Reichel, U. D. & Koenig, L. L. (2015). Assessing respiratory contributions tof0 declination in German across varying speech tasks and respiratory demands. *Journal of Phonetics 52* 35–45. Elsevier.

Gussenhoven, C. (2002). Intonation and interpretation: Phonetics and phonology. In B. Bel & I. Marlien (Eds.), *Proceedings of Speech Prosody 2002* (pp. 47–57). Aix-en-Provence.

Gussenhoven, C. (2004). *The Phonology of Tone and Intonation*. Cambridge: Cambridge University.

House, J. (2006). Constructing a context with intonation. *Journal of Pragmatics, 38(10)*, 1542–1558.

House, J. (2009). Prosody and context selection: A procedural approach. In D.

Louw, B. (2000). Contextual prosodic theory: bringing semantic prosodies to life. Texte paru dans *Words in Context, A tribute to John Sinclair On his Retirement*, Edited by Chris Heffer and Helen Sauntson, December 2000 Cédérom, ISBN 0 70 442 1666.

Nikolayeva T.M. (1982). *Accentuation Semantics.M.,* «Science»

Rosenberg, A. (2009). *Automatic Detection and Classification of Prosodic Events.* Columbia University.

Szczepek Reed, B. (2011). Beyond the Particular: Prosody and the Coordination of Actions. *Language and Speech, 55(1,)* 13 –34, University of York, UK.

Torsuyeva I.G.(1979). *Intonation and meaning of an utterance*. Moscow.

Wells, B. (2010). Tonal repetition and tonal contrast in English carer-child interaction. In D. Barth-Weingarten, E. Reber, & M. Selting (Eds.), *Prosody in interaction* (pp. 243–262). Amsterdam: John Benjamins.

4 ТҰЛҒАЛАР

ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМИ КӨЗҚАРАС

Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасының маңызды бір саласы оның ақын поэзиялық ізденістерінен танылады. «Әдебиет танытқыш» деген еңбегінде Ахан қазақ өлеңінің құрылысын жан-жақты зерттеп, оның буын, ағым, толқын, жорғақ заңдылықтарын ашып, терең пайымдаулар айтып кеткен. А.Байтұрсынұлының шығармаларында өлеңнің кестесі, айшығы, оның шумақ, тармақ, бунақ құрылыстары жіті тексеріліп, ондағы ырғақ, сөз әуезі (интонация) ерекшеліктері де әңгіме етіледі.

Әуезділік деп нені айтамыз? деген сұрақ қойып, ғалым өз сұрағына жауап береді: «Әуезділік деп сөз турасында айтсақ, сөздің ішіндегі дыбыстардың үндері құлаққа жағымды болып естілуін айтамыз. Сөйлеу турасында айтсақ, сөйлеу ішіндегі сөйлемдерінің үндері құлаққа жағымды болып естілуін айтамыз. Сөздің үні құлаққа жағымды болуы – дыбыстарының тізілу түрінен, сөйлеудің үні құлаққа жағымды болуы - сөйлемдерінің тізілуі түрінен. Сондықтан сөз әуезділігі де болады, сөйлеу әуезділігі де болады. Бірақ сөздің де, сөйлеудің де әуезді болуының негізі мәнісі бар. Екеуі де дауыс ағымына қарайды» (*Байтұрсынов*, 1989, 177 б.).

А.Байтұрсынұлы сөз әуезділігі, сөйлеу әуезділігі жайында өз пікірін білдіреді. «Сөйлеу әуезділігі буын екпіні мен сөз екпіні қолайлы орналасуынан болады. Әуелі буын екпіндерінің арасы тым жақын келсе, я алыс келсе әуезділігіне кемшілік болады. Тым жақын болып келу өңшең қысқа сөздер бір өңкей келгенде болады да, тым алыс болып келу өңшең ұзын сөздер бір өңкей келгенде болады. Сөйлеу әуезділігі түрлі сөздердің үндері орайласып ұнамды құралуынан болады. Олай құрастыру сөйлеушінің, жазушының шеберлігін талғайды. Сөздің кестесін келтіріп айту деген сөз Абайдың «тілге жеңіл» деген сөзі. Бұлардың бәрі сөйлеу әуезділігіне тиісті сипат туралы айтылған сөздер. Сөз кестесі келсе, құлаққа жағымды болады, құлаққа жағымды болуы әуезділік болады. Сондықтан да ондай сөздердің сөйлемдері өрнекті сөйлемдер деп аталады. Өрнекті сөйлемдердің өлеңдісі де, өлеңсізі де болады. Өлең біткеннің бәрі әуезді сөйлеу тобына жатады», - деп түсіндіреді (*Байтұрсынов*, 1989, 179 б.).

Ұлы зерттеуші поэзия тілінің екпін табиғатын талдай отырып, басқа еуропа тілдерімен салыстыра зерттеп, қазақ тіліндегі буын екпінінің француз тіліндегі сияқты сөздердің аяғына келетінін анықтайды және поэтикалық тілде дауыс ырғағы буын санымен өлшенетінін дәлелдейді. Мұндай буын санына негізделген силлабикалық өлең жүйесі басқа да түркі тілдерінде, ал еуропа тілдерінің ішінде, француз тілінде қолданылады.

А.Байтұрсынұлы пікірі бойынша, сөздің өлең болып, көңілге ұнап, реттілігінен туатын қасиет сөзді айтқан кезде сағаттың жүргені сияқты, тамырдың соққаны сияқты, дауыстың бір түрлі ырғақ-ырғағы болады. Сағат және тамыр соққанының арасы қандай бірдей болса, сөз сөйлегендегі дауыс ырғақтың арасы да сондай болады, ырғақ сөзді бірдей буынға бөледі. Сөз қамыс сияқты бунақ буыны

бар нәрсе болып шығады және сөздің буындары бір қалыпта болады. Басқаша айтқанда, өлеңнің буындары бір мөлшерде топтасып, қайталанып, сөз жігімен бөлініп бунақ құрайды. Поэтикалық тілдің бунақтары буын санымен реттеліп, гармониялық көркемділікпен сипатталады. Бунақ қазақ өлеңінің ең шағын өлшемі болып табылады және олар қосылып, универсалды семантикалық-синтаксистік, интонациялық бірлікке кіреді.

А.Байтұрсынұлы өлең құрылысын мұқият талдап, ол буыннан, ырғақтан, сөзден тұратынын және сөз ырғақтарының үстіне өлең ырғақтары қосылатынын айтады. «Өлең ырғағы жорға жүрісінің тайпалуы, теңселуі сияқты екінші өнді ырғақ болады, бунақ дегеніміз өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы», - дейді (*Байтұрсынов*, 1989, 192 б.). Қазіргі кезде бірнеше буыннан тұратын өлшем-бунақ көбінесе ырғақты топ делінеді. Ғалым өлең ырғағын жорғақ деп атайды.

Ғалым поэтикалық тілдің заңдылықтарын, үлгілерін қарастырып, айқындап берген. Ол сөзден өлең жасап шығару жағынан тілдерді үшке бөледі: дауысты дыбыстарда ұзын-қысқалық бар тілдер; екпін буыны бірыңғай келетін тілдер; екпін буыны бірыңғай келмейтін тілдер. Осы жөнінде: «Қазақ тілінде екпін буыны сөздің я аяғына келеді, я аяғына таяу буын болып келеді. Екпін буыны аяғына келетін сөздерімен қазақ тілі француз тіліне ұқсас. Солай болған соң француз я поляк тіліндегі сөздерден өлең жасап шығаратын табиғи жол біздің қазақ тілінде өлең шығарудың да негізгі шарты буын санын бірдей орнына келтірумен орындалады», - дейді.

А.Байтұрсынұлы өлең кестесін айшық деп атайды, айшық шумақтардан тұрады, әр шумақта бірнеше тармақ болады, тармақ (өлеңнің жолы) бірнеше бунақтан тұрады, бунақ араларында қос сызық тұрған жерге кеклетін дауыс толқынының жіктері кезек деп аталады, деп Абайдан мысалдар келтіреді.

1. Мен келдім // Мырзалардың // ордасына
   Сөз айттым // қасындағы // молдасына
   Әркімдер // жүйрік қазақ // дегенменен
   Көңілім // тоқтамады // бармасыма

2. Білімдіден // шыққан сөз
   Талаптыға // болсын кез
   Нұрын сырын // көруге
   Көкірегінде // болсын көз

3. Бойы бұлған //
   Сөзі жылмаң //
   Кімді көрсем // мен сонан
   Бетті бастым //
   Қатты састым //
   Тұра қаштым // жалмажан.

А.Байтұрсынұлы Абайдың үш түрлі өлеңін келтіріп, олардың айшығы әртүрлі болатынын көрсетіп отыр. Бірінші өлеңнің кестесі үш бунақтан құрылған, бірінші бунақ үш буыннан, екінші және үшінші бунақтар төрт буыннан тұрады.

Тармақтың өзіне он бір буын кіреді. Екінші өлеңнің айшығы мүлдем басқа. Ол жеті буынды өлең, екі бунақтан құрылған, біріншісі төрт буыннан, екіншісі үш буыннан тұрады. Үшінші өлеңнің кестесі алғашқы екі өлеңдерге ұқсамайтынын байқауға қиын емес. Бірінші, екінші, төртінші, бесінші тармақ бір бунақтан, ал үшінші, алтыншы тармақ екі бунақтан: біріншісі төрт буыннан, екіншісі үш буыннан тұрады.

Бунақтардың арасы толқын ырғағымен сипатталып сөз жігімен белгіленеді, дауыс толқыны тармақтардың ішінде қайталанып отырады. Өлең ырғағы буын санымен өлшенеді. Ғалым айтқандай, «бір бунақтың азы біреу, көбі төртеуден аспайды. Бір шумақтың ішіндегі бунақтар бірыңғай орналасу керек. Мәселең, үш буынды бунақ қалыптас тармақтың бірінің басында келсе, өзгелерінің де солай басында келуі тиіс, бір бунақтағы буынның азы екеу, көбі төртеу болады». Қазақ өлеңдерінің тармақтары көбісіне жеті-сегіз және он бір буынды болалды. Олардың тармақтары, әдетте, семантика-синтаксистік өлшемге – синтагмаға сәйкес келеді. Синтагмалар әртүрлі сөйлемдердің құрамында (жай сөйлем, құрмалас сөйлем) көрінеді және қазақ тілінде анықталған интонемалардың көбісі кездеседі.

А.Байтұрсынұлы өлеңдермен қатар мақал- мәтелдерді талдаған. Сөздің көркі – мақал дейді. Тарихи-әлеуметтік өмір тәжірибелерінен алып, мақал-мәтелдерді халық көп шығарған. Мақал-мәтелдер халықпен біте қайнасып, бірге жасалады. Олар ел-жұрт өмірінің айнасы, халық творчествосының төл жемісі болып табылады. Халық өз өмірін, табиғат пен өз ортасын жан-жақты сипаттап отырған. Табиғат көріністері мен тарихи оқиғалар, тұрмыстық жағдайлар (еңбек, оқу, өнер, от басы, тәрбие, моральдық қасиеттер тағы басқа да толып жатқан тақырыптар туралы лайықты мақал-мәтелдер шығарылған. Ахаң айтқандай, «салт-санасына сәйкес пікірлерді келтесінен келтіріп, өлең түрде ұйқастырып айту – тақпақ болады. Тақпақ қысқара-қысқара маңызданып барып мақалға айналып кеткен де жері бар. Мақалдарды құрастырып қосып айтқанда, мақалдар тақпаққа айналып кететін де жері бар» деп мынадай мысалдар келтіреді (*Байтұрсынов*, 1989, 248 б.).

Ата- ананың // қадірін
Балалы // болсаң // білерсің,
Ағайынның // қадірін
Жалалы // болсаң // білерсің.

Ақ дененің // қадірін
Сырқаулы // болсаң // білерсің,
Дәулетіңнің // қадірін
Мал кеткенде // білерсің.

Тіршіліктің // қадырын
Жан кеткенде // білерсің,
Аңдып жүрген // дұшпанды
Тап жеткенде // білерсің.

Ырғақты, буындық ұқсастыққа, рифмалық үндесуге құрылған жеті-сегіз буынды төрт тармақтан тұратын мақалдардың әр тармағы бір-бір синтагма, екі

бунақ құрап тұр. Ол синтагмалар екі-екіден қосылып жеке сөйлем құрап тұр. Мұндағы төрт тармақтан тұратын тақпақтардың ырғақ, рифма үйлесуі олардағы сөздердің буын санының бірдейлігімен ғана емес, олардың дыбыстарының ұқсас, кейде бірдей болуымен, кейде сөздерінің қайталануымен болып тұрғанын байқау қиын емес: *қадірін-қадірін, білерсің-білерсің, болсаң-болсаң, кеткенде-кеткенде,кеткенде-жеткенде* деген сияқты.

Келтірілген мақалдардағы қос тармақтан-синтагмалардан тұратын екі сөйлем бір ойды білдіретін болғандықтан оның соңғы (1 тоналды деңгейдегі) интонациясы мақалдың (төртінші тармағының) ең соңында болады.

Бұл мақалдардың интонациясының жалпы сызығы Ахаң байқағандай, «жорғаның тайпалуындай» біркелкі толқынданып келіп, екі-екіден қосылған синтагманың алдыңғысының соңында сәл көтеріліп, шағын кідіріспен бөлініп (тиянақсыз интонемаға сай), мақалдың соңғы синтагмасының аяғына қарай төмендеп барып көлемді кідіріспен аяқталады (тиянақты интонемаға сай). Мұндай жеті-сегіз буынды төрт тармақты тақпақ түрінде келген мақалдардың интонациялық сызығының толқындарының деңгейлері бір-біріне өте жақын екінші, үшінші тоналды деңгейде болып, оның үстіне, сөздерінің буын мөлшерлері бірдей болған соң, толқын аралары да біркелкі болып келеді де, көлемді «дем алыс» кідірісі мақалдың аяғында әр уақытта бірінші тоналды деңгейде болады.

Мақалға Байтұрсынұлы мынадай сипаттама береді: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан көрі мақал маңызды, шыни келеді» деп, төмендегі мысалдарды келтіреді(*Байтұрсынов,* 1989, 249).

Дауыл болмай // жауын болмас,
Жауын болмай // қауын болмас.

Екі дау адағы // ауыл болмас,
Ауыл болса да // тәуір болмас.

Өзіңнен тумай // ұл болмас,
Сатып алмай // құл болмас.

Келтірілген екі тармақты, екі бунақты мақалдың әр тармағы сегіз-тоғыз буыннан тұрады. Сөйлеу әуезділігі жайында айтылған А.Байтұрсынұлының сөзін келтірейік: «Сөйлеу әуезділігі буын екпіні мен сөз екпіні қолайлы орналасуынан болады. Буын екпіндерінің арасы тым жақын келсе, я алыс келсе әуезділігіне кемшілік болады. Тым жақын болып келу өңшең қысқа сөздер бір өңкей келгенде болады да, тым алыс болып келу өңшең ұзын сөздер бір өңкей келгенде болады».

Бұл мысалдардағы буын үйлесуі былайша келеді: бұлардың бірінші тармағының соңғы сөзімен үшінші тармағының соңғы сөзі, екінші тармағы мен төртінші тармағының соңғы сөзі (*болмас - болмас, болмай - болмай, тумай - алмай)* бір-бірімен ұйқасып және бір сөз қайталанып тұрады. Сондай-ақ бұл сөздердің алғашқы буындары дауілесіп қана қоймай, олардың буын сандары да бірдей болып келеді.

Мысалдардағы буын үйлесуі және олардың буын сандарының бірдей болуы, әр мақалды бір шеңберде, біркелкі ырғақта ұстап, олардың біркелкі көтеріңкі-

бәсең толқынды интонациясын сызады. Бұл жерде Ахаңның өлең ырғағын «жорғақ» деп атап, ол туралы айтқан сөздері көңілге оралады: «өлең ырғағы жорға жүрісінің тайпалуы, теңселуі сияқты екінші өңді ырғақ болады. Бұл ырғақ сөйлемдердің ішіндегі буын санының бірдейлігімен, кестелерінің реттілігімен, сөздердіңәуездес ұқсастығымен келетін ырғақ» (*Байтұрсынов*, 1989, 189 б).

Синтаксистік құрылымы жағынан алып қарағанда, екі тармақты әр мысал шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнен тұрады: *Дауыл болмай, жауын болмас, жауын болмай, қауын болмас. Екі дау адағы ауыл болмас, ауыл болса да тәуір болмас.Өзіңнен тумай ұл болмас, сатып алмай, құл болмас.*

Келтірілген мысалдарда бірінші бунақта бастауыш тобы *(дауыл болмай, жауын болмай, ит баласы, екі дау адағы,ауыл болса да өзіңнен тумай, сатып алмай)* бір ырғақты топ болып, арасында шағын кідірісі бар дара синтагма болып тұр. Екінші бунақ - баяндауыш тобы *(жауын болмас, қауын болмас, ауыл болмас, тәуір болмас, ұл болмас, құл болмас)*, бұлардың да әр қайсысы бір ырғақты топ болып, дара синтагмаға тең болып тұр. Келтірілген топтардың бәрі бірдей дара сөз тіркесінен болған сөйлем мүшелері. Бұлардың бәріне тиянақсыз және тиянақты интонемалар тән.

Ырғақтық-интонациялық жағынан алып қарасақ, бұл екі тармақты-төрт синтагмалы төрт мақалдың интонациясы бірдей, не ұқсас деуге болады. Бұлардағы синтагмалар - екі-екіден жалғасып өздеріне тән толқынды интонациямен «жорға жүрісінің тайпалуы» сияқты болып келіп, бірінші тармақтың аяғы сәл көтеріңкі тиянақсыз әуенмен айтылады да, ал екінші тармақтағы бунақтар бірбірімен жалғасып, толқынды интонациямен өрнектеліп, тиянақты интонемамен төмендеп барып, көлемді кідіріспен аяқталады.

Екі тармақты тақпақ болып келетін бұл мақалдардың интонациялық жалпы келбетін алып қарасақ, бірінші тармақтары екінші тоналды (2) деңгейден басталып, үшінші (3) деңгейге көтеріледі. Ал екінші тармақтары сәл бәсеңдеп,үшінші тоналды деңгейден (3) екінші тоналды деңгейге (2) дейін, ал мақалдың соңғы тармағы екінші тоналды деңгейден (2) бірінші тоналды деңгейге (1) дейін төмендейді. Мақалдың мағынасына қарай тармақтың басындағы, аяғындағы сөздердің кейбір буындары молырақ үдемелікпен, созылыңқы айтылады. Әр мақалда бір ғана ой айтылады, сондықтан оның ең көлемді кідірісі біреу-ақ болып, мақалдың ең соңғы тармағының аяғында төмен деңгейде (1) тұр.

Мәтелді мақалмен салыстыра отырып, ғалым оның ерекшелігіне назар аударады. «Мәтел дегеніміз кезіне келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетте сөз есебінде айтылады» деп, келесі мысалдарды келтіреді (*Байтұрсынов*, 1989, 250 б.).

Адасқан // қаздай,
Рудан // аздай.

Қызым // үйде,
Қылығы // түзде.

Қызым, // саған айтам,
Келінім, // сен тыңда!

Жоғарыда келтірілген екі тармақты мақалдардың әр тармағы синтаксистік-құрылымы жағынан бір-бір жалаң жай сөйлемнен тұрып, іргелес салалас сөйлемдердің компоненттерін құрайды. Алдыңғы екеуінің тармақтары хабарлы сөйлем де, соңғы тармағы бұйрықты сөйлем түрінде келіп тұр. Бұл мысалдардағы әрбір тармақ бір-бір бунақ болып, яғни бір-бір ритмикалық топ құрып, соңғы буындары ғана емес, алғашқы, ішкі буындары да бір-бірімен ыңғайласып, үйлесіп тұр. Келтірілген мақалдардың әр тармағы бір бунақты болып, ал әр бунағы екі-үш буынды екі сөзден тұрса да, құрылымдық жағынан әр тармағы бір жалаң жай сөйлем түрінде келіп, өзара интонациялық меже болып саналатын паузамен бөлініп тұр. Мақалдағы ырғақты топ болып тұрған бунақтар, синтаксистік-интонациялық өлшем болатын синтагмаға сәйкес келіп тұрғаны анық көрінеді.

Бұл жерде Ахмет Байтұрсынұлының сөзін келтіргеніміз жөн: «Сөйлем сөзден құралатын нәрсе болғандықтан, сөз ішіндегі буындар, ырғақтар, сөзбен бірге түгелімен сөйлемге кіреді. Сағат шық-шық еткенінің, тамыр бұлқ-бұлқ соққанының арасы қандай бірдей болса, сөз сөйлегендегі дауыс ырғақ-ырғағының арасы да сондай бірдей болады» (*Байтұрсынов*, 1989, 189 б). Екі тармақты мақалдар өзіне тән интонациялық сызығымен «әуезділігімен» ерекшеленеді. Екі тармақтың алдыңғысының соңғы буыны жоғары көтеріліп, үдемелікпен сәл созылыңқы айтылады да, ал екіншісінің соңғы буыны төмендеп келіп, жай үдемелікпен сәл созылыңқы айтылады. Әр тармақтың соңында оларды бөліп тұрған кідіріс бар. Мақал тармақтары көтеріңкі - бәсең әуен кескінімен, кей сөздері акценттеліп, кей буындары созылыңқы, молырақ үдемелікпен ерекшеленеді.

Бұларға тиянақсыз және тиянақты интонемалардың варианттары тән. Сөздердің соңғы буындары акценттеліп, интонация компоненттерінің максималді көрсеткіштерімен ерекшеленеді (*қаздай – аздай, үйде – түзде*). Соңғы тармақтың етістігі бұйрық райда тұрып, тональды, темпоральды, динамикалық параметрлердің ең жоғары мәндерімен анықталады(*сен тыңда*).Соңғы мақал қаратпа және қатал бұйрық интонемалалардың варианттарымен сипатталады.

Сонымен әрбір мақалдың буын үйлестігіне сүйенген, Ахаңның сөзі бойынша, өзіне тән «құлаққа жағымды, сөйлеу әуезділігі» - интонациясы бар. Оның сызығы алдыңғы бес мақалдың бәріне де - бірінші тармақтың аяғына қарай екінші (2) тоналды деңгейден үшінші (3) тоналды деңгейге көтеріліп кідіріспен бөлінсе, екінші тармақтың аяғына қарай екінші (2) тоналды деңгейден бірінші (1) тоналды деңгейге түсіп барып аяқталады. Ал тармақтары бұйрықты сөйлем болып келген соңғы мақалдың интонациялық сызығы алдыңғы тармақтары хабарлы сөйлем болып келгендерінен аздап өзгешелеу. Бұлардың бұйрықты райда тұрған баяндауышы*(тыңда)* молырақ ұзақтылық және үдемелікпен салмақты айтылады.

Ахмет Байтұрсынұлы өлең шығарудың заңдылықтарын, шарттарын айта кетіп, түрлі өлең айшықтарына мысалдар келтіреді. «Өлең кестесі айшық деп аталады. Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады. Әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ боладыдеп, Ахаң Мағжанның өлеңін мысал ретінде береді (*Байтұрсынов*, 1989, 199 б.).

Сар дала // бейне өлік // сұлап жатқан –
Кебіндей // ақ селеулер // басын жапқан.
Тау да жоқ, // орман да жоқ, // өзен де жоқ,
Сәуле емес, // қан шашып тұр // күні батқан.

Жаралы // бір жан жатыр // құба жонда,
Бір қисық // жалғыз аяқ // сүрлеу жолда.
Бейнесі, // нұры кеткен // көзіменен,
Қарайды // бишара жан // оңға-солға.

Күнбатысты // қараңғылық // қаптаған,
Күні батып, // жаңа таңы // атпаған.
Түнеріп жүр // күннен туған // перілер.
Тәңірісін // табанында // таптаған.

Күнбатысты // қараңғылық // қаптаған,
Көгінде жоқ // жалғыз жұлдыз // батпаған.
Түн баласы // тәңірісін // өлтіріп,
Табынатын // басқа тәңірі // таппаған.

Интонациясы біркелкі толқынды болып, оның сызығы қайталанып, Ахаң айтқандай, нағыз «кілемнің басына түсетін өрнек сияқты» болып келетіні, ол төрт тармақты төрт шумақты өлеңдер. Мағжанның бұл төрт тармақты төрт шумақты өлеңінде сөз, буын үйлесімі, яғни жорғағы өте келісті келіп, барлық төрт тармақты шумақтарының интонациялық өрнегі біркелкі толқынданып қайталанып отырады. Осы өлеңдегі әр тармақ үш бунақтан тұрып, жеке-жеке синтагма болып аралары шағын кідіріспен бөлініп тұр. Әр шумақ дербес ойды білдіретін болғасын, көлемді кідіріс әр шумақтың соңында, төртінші тармақтан кейін келіп тұр.

Ахмет Байтұрсынұлы байқағандай «бастапқы екі шумақ өлең мен соңғы екі шумақ өлең екеуінің арасында еш айырмасы жоқ сияқты көрінеді: бунақ саны да, буын саны да бірдей, бірақ оқи бастағанда, оқи келе бірінен біріне түскенде дауыс ағыны өзгеріп, екеуі бірдей болмай шығады». Шынында да, буын және бунақ саны бірдей болғанымен, олардың реттелуі әртүрлі. Бірінші екі шумақтың кестесі 3+4+4 болып, тармақтың аяғында төрт буынды бунақ келіп отырса, соңғы екі шумақтың өлең кестесі 4+4+3 болып келеді. Тармақтардың соңғы буындары үйқасып, үндесіп келеді (*жатқан, жапқан, батқан; жонда, жолда, оңға-солға; қаптаған, атпаған, таптаған; қаптаған, батпаған, таппаған*) және синтагматикалық екпінмен белгіленіп, созылыңқы айтылады.

Синтаксистік құрылымын алып қарасақ, әр шумақта мағына жағынан байланысты екі-екі сөйлем қосылып, бір күрделі ойды білдіріп тұр. Сондықтан екі-екі синтагмадан тұратын сөйлемдердің интонациясы толқынданып келіп біріншісінің аяғы көтеріліп қайрылып, үшінші деңгейге жетеді, екінші синтагманың аяғы бірінші деңгейге жетпей төмендеп, екінші және бірінші деңгейлердің ортасында (1, 5) орналасады, ал ең төмен бірінші деңгейдегі (1) көлемді кідіріс төртінші синтагмадан кейін шумақтың ең соңында келіп тұр.

Ахмет Байтұрсынұлы көрсеткендей, поэтикалық мәтінде дауыс ырғағы буын санымен өлшенеді. Өлең жүйесі қазақ және басқа да түркі тілдерінде буын санына негізделеді және үндестік заңы үлкен рөл атқарады. Үндестік заңның арқасында сөздердің буындары бірыңғай үндесіп, үйлесіп тұрады. Өлең айшықтарының ерекшеліктерін айта отырып, Ахаң жалғыз шумақты, екі шумақты, үш шумақты, төрт шумақты өлеңдерді талдап «олар бес шумақты, он шумақты, жүз шумақты, онан да көп шумақты болуы ықтимал» дейді. Ғалым екі шумақты айшыққа Мағжанның өлеңін келтіреді (*Байтұрсынов,* 1989,193 б.).

Бота көз, // сықырлы сөз, // Гүлсім ханым,
Әр жерде // өткізсең де // өмір таңын.
Кей уақыт // көзіңізге // көзім түссе,
Ойнайды // аласұрып // неге жаным?

Бота көз, // сықырлы сөз, // ханым Гүлсім,
Көктегі // күн күлмесін, // Гүлсім күлсін.
Гүлсім күн, // көкте ақырын // жүзе білед,
Сүйдіріп // күйдіргенін // қайдан білсін?

Мағжан Жұмабаевтың он бір буынды екі шумақты өлеңі бір ғана тақырыпқа, яғни Гүлсім ханымға арналған соң, бұл өлеңді бүтіндей бір күрделі синтаксистік тұтастыққа жатқыздық.

Мұндағы екі шумақтың әр тармағының буын саны бірдей, біркелкі үйлесімді сөздерден тұрып, жеке-жеке синтагма болып тұр. Әр шумақ екі сөйлемнен тұрады; алғашқы екеуі хабарлы сөйлем болып, соңғы тармақтары сұраулы сабақтас сөйлемнен құрылған.

Жалпы өлеңге көркем келбет « жорғақ» беретін жағдай, өлеңдегі әрбір тармақтың соңғы сөздерінің бастан аяқ өзара үйлесіп, ұйқасып тұруы:*ханым, жаным; Гүлсім, күлсін* сияқты сөздер. Бұл өлеңнің жалпы интонациялық өрнегін алып қарастырсақ, әр шумақтағы, синтаксистік-интонациялық өлшем болып табылатын, төрт синтагма екі-екіден қосылып, алғашқысы көтеріліп, тиянақсыз интонемамен сипатталса, соңғысы төмендеп, тиянақты интонемаға лайықты болып, мөлшерлі кідіріспен бітеді. Екі шумақтың бәрінің интонациялық келбеті біркелкі болып, «қайырылып, оралып, өрнектерді» сызады.Ұлы бабамыз А.Байтұрсынов айтқандай, өлеңнің буындары белгілі мөлшерде топтасып бунақ (ырғақты топ) құрап, қайталанып, тұрақты сөз жігімен бөлініп тұрады. Ахаң келтірген бұл өлеңде қазақ интонемаларының көбісі кездеседі: тиянақты, тиянақсыз интонемаларман қатар арнаулы сұрақ интонемасы, қыстырма интонемасы бар.

Ахмет Байтұрсынұлы шумақ айшықтардың ішінде екі тармақты, төрт тармақты, алты тармақты, жеті тармақты, сегіз тармақты, он тармақты шумақтарға мысалдар келтіріп, олардың ішкі құрылысының заңдылықтарын анықтаған. Ғалым өлең шығарудың ғылыми өнер екендігіне назар аударады, оның өлшеуін, тұрпатын, тармақтардың көлемін, бунақтардың орнын ескермесе, өлеңнің әуезділігі жойылады дейді.

Бір өлеңнің шумағы көбінесе бірдей болады, бір шумақтағы тармақтың азы екеу, көбі онға шейін барады деп, Ахаң он тармақты шумақ ретінде «Маса» жинағынан мысал ұсынады (*Байтұрсынов*, 1989, 196 б.).

Жайылған // көз жасымен // жердің бетін,
Өткізіп // тым өлшеусіз // үкіметін,
Жауыздық // жалғандықпен // қаптағанда,
Адал жоқ, // ақ ниетті // арам жеңіп,
Жазықсыз // жанды қинап, // қанды төгіп,
Бұзықтық // түзіктікті // таптағанға,
Қиналып // кім болсаң да // талыққандар,
Түңіліп // үміт үзіп // жабықпаңдар!
Қайтадан // жақындық кеп, // қастық қашып,
Жарқырап // жақсылыққа // атар таң бар.

Бұл он буынды өлеңнің әр тармағы үш бунақтан тұрады (3+4+4) және бұнда «дауыс ағыны» Ахаң байқағандай, бір қалыпта тұр.Сөйлем ішіндегі буын саны бірдей болып, тармақ кестелері реттеліп, сөз ішіндегі дыбыстардың үндері «құлаққа жағымды» естіліп, буын екпіні қолайлы орналасып, сөйлеу әуезділігін, өрнекті сөйлемдердің кестелерін жасайды. Әр тармақтың соңғы сөзі үйлесіп, біркелкі ырғақпен ерекшеленеді және акценттеліп, тональды, темпоральды, динамикалық көрсеткіштермен сипатталады.

Өлеңнің тармақтары бір-екі синтагмаларға тең болып, әуен өрнектері көтеріңкі, тиянақсыз интонемалармен сипатталады. Тек қана сегізінші тармақ бүйрықты интонемаға сай болып тұр (*Түңіліп үміт үзіп жабықпаңдар*!) және өлеңнің соңғы тармағы тиянақты интонемамен сипатталып, ойдың аяқталғанын білдіретін, төмен бірінші (1) тональды деңгейдегі көлемді кідіріспен бітеді.

Ахмет Байтұрсынұлы «тармақ тұлғалары» деген бөлімде жалғыз бунақты тармақ, екі бунақты тармақ, үш бунақты тармақ, төрт бунақты тармақтан тұратын өлеңдерді келтіріп, талдайды.Қазақтың жыр деп ат қойған ескі өлеңдерінің көбі-ақ екі бунақты тармақ болады деп, Ахаң екі бунақты тармаққа мысал ретінде «Маса» жинағы бойынша үзіндіні келтіреді (*Байтұрсынов*, 1989, 197 б.).

Мінсіз таза// меруерт,
Су түбінде // жатады.
Мінсіз таза // асыл сөз,
Ой түбінде //жатады.

Су түбінде // жатқан зат,
Жел толқытса // шығады.
Ой түбінде // жатқан сөз,
Шер толқытса// шығады.

Синтаксистік құрылымы жағынан қарастырсақ, келтірілген екі бунақты өлеңнің екі-екі тармағы қосылып бір-бір жай хабарлы сөйлем болып тұр. Интонациялық, ырғақ жағынан алып қарасақ, өлеңнің әр тармағы жеке-жеке синтагма болып, бәрі бірдей қос ырғақты топтан, яғни екі-екі бунақтан тұрады. Олардың дауыс ырғағының өзгеруімен белгіленетін жігі төртінші буыннан кейін келіп, жырлардағы сияқты төрт+үш буын болып бөлініп тұр. Олардың ара жігінде кідіріс жоқ. Ахаңның пікірі бойынша, бунақтар араларында қос сызық тұрған жерге келетін дауыс толқынының жіктері *кезек* деп аталады. Ал

әр шумақтағы әрбір төрт тармақтың әр қайсысы бір-бір синтагма болғандықтан кідіріспен бөлініп тұр. Жеті буынды өлеңінің шумақтарындағы әр тармағының екінші бунағы ғана сан жағынан, дыбыс жағынан үйлесіп *(жатады -жатады, шығады - шығады)* қоймай, олардың алдыңғы бунақтарының сөздері де *(таза – таза, түбінде – түбінде, толқытса – толқытса)*, көбінесе буын жағынан бірдей болып, бір-бірімен ұйқасып, үйлесіп тұрады. Өленді өлең қылып, оның интонациясын «жорғаның тайпалуындай» қылып тұрған, әрине, осы ұйқастар мен үйлесімдер.

Сонымен, келтірілген екі бунақты тармақ өленінің төрт синтагмадан тұратын жалпы интонациялық келбетін алып қарасақ, оның әрбір синтагмасы оз алдына интонема - алдыңғысы тиянақсыз, соңғысы тиянақты интонема болып, екі-екіден жұптасып, көтеріңкі-бәсең толқынданып, мағынасына қарай кейбір буындары акценттеліп келіп, алдыңғы үшеуі шамалы паузамен бөлініп, ең соңғысы көлемді кідіріспен төменгі деңгейде аяқталады. Сондай-ақ екі-екіден қосылған синтагмалардың алдыңғысының аяғы көтеріліп соңғылары төмендеп барып бітеді.

Бұл суреттелген өленнін интонациялық келбеті оның барлық шумақтарында біркелкі болып қайталанып отырады да, жеті буынды өленнің жалпы интонациялық өрнегін сызады.

Бірнеше дербес жай және құрмалас сөйлемдерден болған бір тақырып айналасында өрбитін сөйлемдері бар өленderді күрделі синтаксистік тұтастықтарға жатқызуға болады. Бұларды Ахаң «өрнекті сөйлемдер» деп атайды. «Өрнекті сөйлемдер деп құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құралуын айтамыз. Ондай сөйлемдер нақ текеметке яки кілемге салған түр сияқты болмағанымен өрнек-өрнегімен айтылады<...>. Өрнекті сөйлемді иіріп-жиырып жай сөйлемге айналдыруға болады. Жай сөйлемді жайып, далитып, өрнекті сөйлемге айналдыруға болады. Өйткені өрнекті сөйлем қанша үлкен болғанмен, яғни ішіне кіретін сөйлемдер қанша көп болғанымен, бәріне қазық болатын бас пікір жалғыз-ақ болады. Ол пікірді көп сөйлеммен ұлғайтып айтуға болады. Ол пікірді шағындап, аз сөйлеммен айтуға да болады» дейді Ахмет Байтұрсынұлы. Ахаңнің бұл айтқан сөзідері соңғы кезде ғана зерттеле бастаған күрделі синтаксистік (фразалық) тұтастықтың мазмұны мен формасын анықтайды.

Күрделі фразалық тұтастық бір тақырыпқа байланысты ойды білдіріп, бірнеше сөйлемнен тұрады. Оның құрамына жай және құрмалас сөйлемдер, толымсыз фразалар да кіреді. Күрделі фразалық тұтастық арқылы бір тақырыптың көлемінде белгілі оғиғаны баяндап беруге болады. Тұтастыққа кіретін сөйлемдер мазмұн мен құрылым жағынан бір-бірімен байланысып сөйлеушінің прагматикалық мақсатын білдіреді. Интонация компоненттері коммуникативтік мақсатқа байланысты күрделі тұтастықты безендіруде шешуші рөл атқарады. Адресант пен адресаттың ара-қатынасы, олардың прагматикалық бағдары, көңіл-күйі, просодикалық тәсілдердің құбылуынан байқауға болады.

Күрделі синтаксистік тұтастықтың бірліктері өзара байланысқа түсіп, сегменттеу ережелері бойынша топтасып, белгілі бір ойдың, Ахаң айтқандай, «бас пікірдің» нәтижесі болып табылады. Өткен ғасырдың 20-жылдарында-ақ А.Байтұрсынұлы күрделі синтаксистік тұтастық категориясына баға беріп, мынадай мысал келтіреді (*Байтұрсынов*, 1989, 180 б.).

Қисапсыз // бай болсаң да // Қарынбайдай,
Сақи боп // мал шашсаң да // Атымтайдай.
Патшадай // Әмір-Темір // дін түзетіп,
Болсаң да // әйдік батыр // Арыстандай,
Болсаң да // Жиреншедей // тілге шешен,
Ақырда // жатар орның // тар лақат жай.

Бұл өлеңнің негізгі ойын Ахаң «шағындап» былай береді: «Бай да, сақи да, патша да, батыр да, шешен де – бәрі де ақырында бір өлмек».(*Байтұрсынов*, 1989, 180 б).

Тағы да таңғалатын жағдай, Ахмет Байтұрсынұлы соңғы уақытта дамып келе жатқан функциональды грамматикаға қатысты актульды мүшеленудің тема мен ремасы жайында да өз пікірін айтып кеткен. «Оралым екі мүшелі болады. Бір мүшесінде пікір тақырыбы болады да, екіншісінде пікір баяны болады.Сондықтан бастапқы тақырыпшы мүше делініп, екіншісі баяншы мүше делініп айтылады» дейді Ахаң. Сөйлемді актуалды мүшелеу проблемасы сөйлемнің коммуникативтік мақсатына байланысты жүзеге асады.Ғалым лингвистикалық заңдылықтарды жаза отырып, қазіргі арнайы қарастырылып жүрген осы мәселені сол кездің өзінде-ақ танып білгенін көреміз. Адамдар өзара қарым-қатынасындағы нақты ситуацияда өзара сөйлесіп пікір алысу барысында алдына түрлі-түрлі коммуникативтік мақсат қоюы мүмкін. Сондықтан бір сөйлем сол мақсатқа байланысты әр түрлі коммуникативтік мазмұнға ие бола алады. Сөйлем актуалды мүшелерге бөлінгенде ондағы білдірілуге тиісті жаңа информация, оның ремасында болады да, ал темасындағы мазмұн ситуациядан, немесе контекстен сөйлесушілерге белгілі болуы керек, бұғанА.Байтұрсынұлының берген мысалын қарастырайық:*«Көлден ұшқан қалбаймын, // жаманның тілін алмаймын».*Қазақ тіліндегі сөйлемнің актуалды мүшеленуінің ең басты көрсеткіштерінің бірі оның интонациялық кескіні болса, екінші көрсеткіші оның сөздерінің екі синтагма тема мен ремаға бөлініп, жаңа мағына беретін акценттелген сөздің (*тілін*) сөйлемнің соңындағы баяндауыштың алдына барып тұруы.

«Өрнекті сөйлемдерге» анықтама бере отырып, А.Байтұрсынұлы олардың мақсатына қарай, себепті оралым, мақсатты оралым, ұқсатпалы оралым, қайшы оралым, шартты оралым,жалғасыңқы оралым, серіппелі оралым деп бөледі. Ахмет Байтұрсынұлы өрнекті сөйлемдердің шеңберінде қазіргі тіл білімінің категорияларын (мәтін, абзац, дискурс) шебер қолданады. Бұл ғалымның интуициясы мен әмбебаптылығын көрсетеді.Қазақ тіліндегі көп тармақты толғаулар, жырлар синтаксистік құрылымы жағынан жай хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер түрінде де, құрмалас сөйлемдер түрлерінде де, күрделі синтаксистік тұтастықтар түрінде де кездеседі. Сөйлемдердің интонациясы әрқашан олардың құрылымы мен мағынасымен тығыз байланысты болғандықтан, интонациялық модельдердің (интонемалар) көбісі көрінеді.

Поэтикалық мәтіндегі сөздердің буындары санына дейін реттеліп, дыбыстары бір-бірімен реттеліп, үйлесіп отырады. Сөйлемдерді мазмұнына қарай түзетін интонация компоненттері байланыққа түсіп, өзгеше әсемдікпен өрнектеледі. "Өрнекті сөйлемді айтқанда, дауыс көтеріліп, әнше оралып, қайрылып отырады", деп ғалым интонацияны өте дәл бейнелеген (*Байтұрсынов*, 1989, 180 б.).

Шумақтардың ішіндегі синтагмалардың интонациясы бір өлшемде толқынданып, көтеріңкі-бәсең әуенмен ерекшеленіп, кейбір буындар ой екпінімен белгіленіп, бәсеңдеп барып тынады. Кейде тармақтарының ішінде оқшауланған сөздер, бірыңғай мүшелер болса, олар ырғақты топтармен сипатталып, тыныс белгілер арқылы бөлінеді. Өлеңдердің интонация сызығы басынан аяғына дейін бірнеше рет қайталанып, А.Байтұрсынов айтқандай, кілемнің, сырмақтың басына қайталап түсіп отыратын өрнегі сияқты болады.

«Өрнекті сөйлемнің тақырыпшы мүшесіндегі пікір баяншы мүшесіндегі пікірге тіркес мағынада болғанда, жалғасыңқы оралым деп аталады» деп Ахаң Абайдан бірыңғай жалғасыңқы оралымдардан мысал келтіреді (*Байтұрсынов*, 1989, 185 б.).

Жазды күн // шілде болғанда,
Көкорай // шалғын бәйшешек,
Ұзарып // өсіп толғанда,
Күркіреп // жатқан өзенге
Көшіп ауыл // қонғанда.
Шұрқырып // жатқан жылқының
Шалғыннан // жүні қылтылдап,
Ат-айғырлар, // биелер
Бүйірі шығып // ыңқылдап.
Суда тұрып // шыбындап,
Құйрығымен // шылпылдап,
Арасында // құлын-тай
Айнала шауып // бұлтылдап.
Жоғары-төмен // үйрек-қаз
Ұшып тұрса // сымпылдап.
Қыз-келіншек // үй тігер,
Бұрала басып // былқылдап,
Ақ білегін // сыбанып,
Әзілдесіп // сыңқылдап.

Осы Абайдың жалғасыңқы оралымды жеті-сегіз буынды тамаша суреттей жыры буын саны, сөзінің біркелкі үндесуі, бунағының біркелкі «жорғағы» жағынан да, көркемдік, мазмұн, бейнелеу жағынан да жыр біткеннің асқақтаған үлгісі. Бұл жерде жыр туралы ғалымның сөзін келтіру жөн болады: «Мәні мол ажарлы өлеңге жыр деп ат қойған».

Өрнекті сөйлемдерден тұратын өлең күрделі синтаксистік тұтастыққа жатады. Бұнда тұтастықтың жеке сөйлемдері мазмұн мен құрылым жағынан байланысып, бір тақырып (*жазды күннің шілдесі*) көлемінде көрінеді. Әр қайсысы жеке-жеке синтагма болатын он тоғыз тармақтан тұратын жырдың өзіне лайық ерекше интонациялық өрнегі бар.Жеті-сегіз буынды тармақтар мағынасына қарай, бес сөйлемге бөлінеді. Оның біріншісінде бес тармақ қосылып, бір сөйлем құрап, бір ойды білдіріп тұр, екіншісінде төрт тармақ қосылып, бір ойды білдіріп тұр, үшіншісінде төрт тармақ қосылып, бір сөйлем құрап, бір ойды білдіріп тұр, төртіншісінде де екі тармақ бір сөйлем, бір ойды білдіреді, бесіншісінде төрт тармақ бір сөйлем болып бір ойды білдіреді. Бұл сөйлемдердің бәрі хабарлы

сөйлем түрінде, келіп, тармақтың әр қайсысы бір-бір синтагма құрап, өз алдына интонема болады.Ахаң байқағандай, «дауыс ырғақ-ырғағы сөзді бірдей-бірдей буынға бөледі», ал буындары бір-бірімен үйлесіп, қайталанып тұрады.

Хабарлы сөйлемнің алдыңғы синтагмалары бірыңғай мүшелер түрінде тиянақсыз интонемаға жатады да, ал соңғысы тиянақты интонемамен сипатталып, біркелкі динамикамен толқынданып, мөлшерлі кідіріспен тынады. Оралымдардың синтагмалары көтеріңкі-бәсең толқынды әуенмен айтылып, шағын кідіріспен бөлініп, ең соңғы көлемді кідіріс тиянақты деп аталатын сөйлемнің аяғында келетін интонемадан кейін келіп, шумақты көмкеріп тұр.

А.Байтұрсынұлы өрнекті сөйлемдердің құрылымдық өлшемдерін, өрнек, схема арқылы көрсетеді. «Өрнекті сөйлемнің тақырыпшы мүшесі мен баяншы мүшесіндегі пікір бір-біріне қарсы мағынада болса, қайшы оралым болады» деп, оралымға «Ер тарғыннан» мысал келтіреді (*Байтұрсынов*, 1989, 183 б.).

Мен Қырымның // ішінде,
Ақша ханның // қызы едім,
Атам менен // анамның
Асыраңды // қазы едім,
Қойда бағлан // қозы едім,
Қырым менен // Қытайдан
Тамам жақсы // жиылса,
Аузындағы // сөзі едім.
Бұ заманның // шағында
Жылап тұрған // көзім бар,
Төгіп тұрған // жасым бар.
Әуре болған // басым бар.

Бірнеше құрмалас сөйлемдерден құрылған бір тақырып айналасында өрбитін сөйлемдері бар жырларды күрделі фразалық тұтастықтарға жатқызуға болады. Жырдың синаксистік құрылымына қарай өзіне лайықты интонациялық өрнегімен ерекшеленеді. Келтірілген он үш тармақтан тұратын өлеңнің әр тармағы екі-екі бунақтарға (төртінші+үшінші буын) бөлініп, жеке-жеке синтагма құрайды. А.Байтұрсынұлы айтқандай, жырлар кесте кескіні жағынан қарағанда нағыз өлең сөйлемдермен жай сөйлемдердің аралығындағы жорға мен жортақының арасындағы жүріс сияқты, сөйлемнің дүрегей күлдібадам түрі. Жырдың ырғағы мен әуенінің пішіні буындардың, сөздердің ұйқасымен және кей сөздердің қайталануымен өрнектеліп тұр. Мысалы: *едім, бар* деген сөздер өлеңнің басынан аяғына дейін қайталанып тұр. А.Байтұрснұлының сөзімен айтқанда, «Өлең түріне қарай әр бунақтың шумақ ішінде таңдамалы да, талғамалы да орны бар. Таңдамалы орны берілмесе, өлең өлең болмай шығады. Талғамалы орнына назар салынбаса, өлең жорғағынан жаңылады».

Бұл жерде өлеңнің рифма, ритмге бағынатыны сөз болып отыр, себебі өлеңнің негізгі ұйытқысы ритм-ырғақ, басқаша айтқанда ырғақ бір өлшемге негізделіп, белгілі ретпен қайталанып тұрады. Тармақтардың сөздер, бунақтары, олардың әр буыны айқын, қатты, созылыңқы айтылатын болғандықтан, ондағы әр сөз тыңдаушыға анық естіліп, өте әсерлі, ғалым айтпақшы, «құлаққа жағымды» болады.

Күрделі фразалық тұтастыққа жататын жырдың синтагмаларының интонациясы толқынданып келіп, бунақтың соңы көтеріліп, бәсеңдеп, кейбір сөздер мағынасына қарай белгіленіп, тармақтарды безендіріп тұрған синтагмалар көтеріңкі-бәсең әуенмен сипатталып, кідіріспен бөлінеді. Қайталанып тұрған интонация өрнегі жырдың аяғына дейін «әнше оралып», оның жалпы интонациялық келбетін сызады. Шумақтардың тармақтары тиянақты және тиянақсыз интонемалармен сипатталады.

Жырлар немесе жалпы өлеңдердің «сөйлеу әуезділігі» мәнерлеп, созып оқығанда, әуенінің көтеріңкі-бәсең өзгеруімен қатар тармақтардың аралық жігінде шамалы кідірістер пайда болатыны байқалады. Кідірістер келген сөздер арасында емес, тек қана синтагмалардың арасында пайда болатындығы анықталды. Бұл бунақтардың құрылымында өзара тығыз бүтіндік сақталатынын көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынұлы өрнекті сөйлемдердің ішінде мақсатты оралымға мынадай анықтама береді: «Өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесін мақсаттай баяндаса, оралым мақсатты деп аталады». Мысалға «Қобланды батырдан» үзінді келтіреді (*Байтұрсынов*, 1989, 181 б.).

Тобыршақ атқа // зор салды,
Ақ алмасқа // қол салды,
Қамшы басты // сауырға,
Екпіні ұсап // дауылға,
Тобығы менді // торы атпен,
Қобланды шапты // ауылға.
Қатуланып // қаттанып.
Буырқанып // бұрсанып,
Қабағынан // қар жауып,
Кірпігінен // мұз тамып,
Ар жақ пенен // бер жаққа
Найзасын ұстап // бармаққа,
Аттанбаққа // қалмаққа
Құдай жолы // шалмаққа,
Сөзге сынық // қылды деп,
Батыр кейіп // келеді.
Егер шықса // алдынан
Бұландаған // Құртқаның
Басын кесіп // алмаққа.

Мысалға алынып отырған он тоғыз тармақты жырда бір тақырыпқа байланысты бірнеше сөйлемнен тұратын күрделі синтаксистік тұтастық Қобланды батыр жайында.

Келтірілген жырдағы әр тармақ екі-екі бунақтан тұрып, жеке-жеке синтагма болып келеді. Тармақтар екіден, үштен, кейде төрттен қосылып бір ғана ойды білдіретін, бір жай не құрмалас сөйлем түрінде келген. Жалпы өлеңге эстетикалық келбет «жорғақ» беретін жағдай, өлеңдегі әрбір тармақтың соңғы сөздерінің бастан аяқ өзара мәнерлеп тұруы. Бұл жырдың интонациясын көркемдейтін ырғағы мен жорғағы буындардың, сөздердің ұйқасымен, әсіресе

тармақтың соңындағы үш буынды сөздердің (*салды-салды, сауырға-дауылға-ауылға, қаттанып-бұрсанып-құрсанып, жауып-тамып*) үйлесуімен болып тұр. Соның арақасында Ахаңнің сөзімен айтқанда «сөздің ішіндегі дыбыстардың үндері құлаққа жағымды» болып естіледі.

Бірнеше синтагмадан тұратын сөйлемдердің соңғы, төменгі деңгейдегі кідіріспен бөлінеді, ал басқасының бәрі соңына қарай көтеріліп үшінші (3) деңгейге дейін келеді. Алайда ең төмен (1) бірінші деңгейдегі кідіріс әрбір күрделі синтаксистік тұтастықтың ең соңында, яғни 19-тармақтан кейін келеді.

Бұл өлеңнің жалпы интонациялық өрнегін алып қарастырсақ, әр шумақтағы, синтаксистік-интонациялық өлшем болып табылатын, төрт синтагма екі-екіден қосылып, алғашқысы көтеріліп, тиянақсыз интонемамен сипатталса, соңғысы төмендеп, тиянақты интонемаға лайықты болып, мөлшерлі кідіріспен бітеді. Шумақтың интонациялық келбеті біркелкі болып, қайталанып, Ахаңның сөзімен айтқанда, «сөйлеу әуезділігі түрлі сөздердің үндері орайласып ұнамды құралуынан болады».

Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ өлең құрылысын жан-жақты зерттеп, терең ғылыми пайымдаулар айтады. Қазақ поэзиясында өлең жүйесі буын санына негізделеді. Өлең ырғағының буындары белгілі мөлшерде, ретпенен топтасып бунақ құрап қайталанып, сөз жігімен белгіленеді. Өленддердің сөйлем әуезділігі әнше қайырылып, толқынданып, қазақ және басқа түркі тілдерінің агглютинативтік құрылымы және үндестік заңына бағынады. Белгілі себептермен «жабулы» болып, қол жетпеген Ахаңның тіл мәселелері туралы өткен ғасырдың 20-жылдарында айтып кеткен ой-тұжырымдамасы қазіргі кезде өз бағасын жоғалтпай, қайта тілтанымның жаңа бағыттарының дамуына өз үлесін қосары сөзсіз.

Әдебиет

Байтұрсынов А. Шығармалары (өлеңдер, аудармалар, зерттеулер). Алматы, 1989.

БазарбаеваЗ.М. Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. Алматы, 1996.

СУПЕРСЕГМЕНТНАЯ ФОНОЛОГИЯ В СВЕТЕ УЧЕНИЯ А.БАЙТУРСЫНОВА

С приобретением Казахстаном независимости, после реабилитации А.Байтурсынова и публикации его трудов специалисты в области казахской филологии и широкий круг читателей имели возможность ознакомиться с творчеством выдающегося ученого-языковеда. А.Байтурсынов, многогранный, талантливый ученый, оставил после себя огромное лингвистическое наследие. Основоположник казахского языкознания, он работал в различных его областях: сегментной и суперсегментной фонологии, грамматике, орфографии, орфоэпии, алфавита, терминологии, лексикографии.

В настоящее время, рассыпанные в различных отраслях филологических наук, глубокие и оригинальные идеи ученого, собираются по крупицам и дают пищу для размышления, способствуя дальнейшему развитию лингвистической науки. Его новаторский, смелый подход к объяснению языковых фактов и основные

принципы их изучения содействовали развитию современных лингвистических теорий. А.Байтурсынов был не только всесторонне одаренным теоретиком, разбирающимся в тонких нюансах лингвистической науки, но он также владел несколькими европейскими языками, об этом свидетельствуют его высказывания об особенностях их фонетического строя. При исследовании просодической системы казахского языка через призму иностранных языков ученый увидел то, что без типологического сопоставления оно оставалось бы в тени. Обладая широким диапазоном знаний в области филологических наук, владея несколькими иностранными языками, он имел возможность изучить фонетико-фонологическую систему казахского языка в сравнении с русским, французским, польским, чешским языками. Особое внимание он уделял суперсегментным средствам речи.

Исследуя функции и природу одного из самых важных компонентов интонации, ударения в разноструктурных и неродственных языках, ученый поделил рассматриваемые языки на два типа: языки с фиксированным и разноместным ударением, отметив при этом схожесть данного просодического явления в казахском и французском языках: «Орыс тілінде екпін буыны бір сөздің басында келсе, екінші сөздің ортасында, үшінші сөздің аяғында келеді, ол әр жерде көшкілеп жүреді, француз тілінде екпін буыны аяғына келеді, екпін буыны аяғына келетін сөздер қазақ тілі француз тіліне ұқсас» [1. 190].

В результате экспериментально-фонетических исследований было доказано, что для казахского языка как и для французского характерно не словесное ударение, а ритмическое. Л.В.Щерба, всесторонне исследовавший фонетическую систему французского языка, отмечает: «переход от одной ритмической группы к последующей происходит не путем резкого падения тона, а путем более или менее постепенного изменения повышения ударенного слога в понижение по направлению к низкому тону первого слога следующей группы» /2. 123/. Это утверждение ученого целиком и полностью подходит и для казахского языка.

А.Байтурсынов в своих трудах также отмечает плавность и мелодичность казахской речи, в которой нет резких переломов контура «Өрнекті сөйлемді айтқанда дауыс көтеріліп, төмендеп, әнше оралып, қайырылып отырады» /1. 179/.

Сходство интонационно-мелодического оформления речи в казахском и французском языках объясняется слабой выраженностью словесного ударения в казахском языке, не имеющего фонологического смыслоразличительного значения, как в русском языке. В казахском и французском языках в потоке речи знаменательные и служебные слова объединяются в укрупненные фонетические единства с ритмическим ударением, маркирующим конец ритмической группы. Ритмические группы, выделяющиеся из потока речи при помощи просодических, интонационных средств, не совпадают в казахском и русском языках. В русском языке каждое слово несет на себе ударение на том или ином определенном слоге, что позволяет выделять в звучащей речи отдельные слова. Поэтому не случайно говорят о подвижном, разноместном словесном ударении в русском языке, сопровождающееся контрастными модуляциями голоса, расширенными диапазонами тона. Казахской речи свойственно ритмико-синтагматическое ударение, характеризующееся плавными волнообразными симметричными рисунками, которые А.Байтурсынов образно сравнивал с узорами на национальном казахском ковре. «Өрнекті сөйлемдер нақ текеметке яки кілемге салған түр сияқты болмағанмен, өрнек-өрнегімен айтылады» /1. 179/.

Казахскую интонацию, которой свойственны плавные, волнообразно повторяющиеся симметричные рисунки, ученый сравнивает с казахским национальным орнаментом. В казахском языке, как и в других тюркских языках, словесное ударение не имеет функциональной значимости, поэтому слоги в речевом потоке резко не выделяются за исключением слога под ритмико- синтагматическим ударением. В казахском языке, так же как и во французском, слова, слоги образуют одно фонетическое слово с единым ритмическим ударением. Об этом в своих трудах писал Л.В.Щерба: «Во французском мы никоим образом не можем говорить о словесном ударении, а должны говорить лишь о фразовом ударении, которое в дальнейшем мы будем называть ритмическим ударением» [2.83]

Не случайно существует выражение «мелодика языка», когда представителя иной национальности только по манере разговора, по интонационно-мелодическому оформлению речи, не зная языка, можно определить носителем какой типологической группы языков он является: итальянец он или китаец, немец или турок, араб или японец. А.Байтурсынов в своих трудах часто говорит о том, что произнесенная речь должна быть приятна на слух, мелодична и соответствовать орфоэпическим нормам речи, что зависит от построения текста, от его структуры, последовательности фраз: «Әуезділік деп сөз турасында айтсақ, сөздің ішіндегі дыбыстардың үндері құлаққа жағымды болып естілуін айтамыз. Сөйлемнің үні құлаққа жағымды болуы, сөйлемдердің тізілуі түрінен» [1.177].

Исследуя интонационно-звуковые характеристики казахской речи, А.Байтурсынов заложил основы казахской просодической системы, об этом свидетельствуют его глубокие высказывания о природе казахского ударения, а также о специфике мелодического оформления речи, отличающегося от мелодико-интонационных характеристик русского языка, основанного на словесном ударении.

Замечания А.Байтурсынова по поводу основных свойств интонационного оформления казахской речи, подтвержденные экспериментальными (инструментальными) методами исследования легли в основу создания теории интонации казахского языка, дав дальнейший импульс развитию интонологии, которая признается самостоятельной областью современного языкознания со своим объектом и методами исследования и решению основных ее вопросов как функции интонации, отношения интонации к синтаксису и семантике, компоненты интонации и т.д. При разработке фонологических теорий положения, высказанные А.Байтурсыновым, явились базой для выявления сегментных и суперсегментных единиц казахского языка.

Определение и описание минимального объекта исследования представляет интерес не только для языкознания, но и для любой другой науки. Атом в физике, клетка в цитологии, хромосома в генетике, слово в языкознании, как наименьшие функциональные единицы стали предметом пристального внимания в начале XX столетия, как раз в самый расцвет творческой деятельности А.Байтурсынова. В сегментной фонологии наименьшей функциональной единицей, имеющей свойство различать слова, морфемы, словоформы, была признана фонема.

В это же время в казахском языке наряду с европейскими языками фонемы были описаны в качественном и количественном отношении. А.Байтурсынов на основе арабской графики выделяет 17 согласных, 2 полугласных, 5 гласных фонем и один диакритический знак (дәйекші), обозначающий мягкость фонем. Ученый ратовал за фонемографический подход в создании казахского

алфавита, когда одной букве соответствует одна фонема, в отличие от нашего современного письма, когда одним графическим знаком обозначается несколько разных звуков. Фонемографический принцип исследования звуковой системы казахского языка был оценен лингвистами и явился основой в создании фонологических теорий уже после реабилитации ученого в 90-х годах XX столетия. Теория фонемы, заложенная в трудах А.Байтурсынова, получила свое дальнейшее развитие. Фонемы, минимальные единицы сегментной фонологии, как известно, являются незнаковыми односторонними единицами, имеющими только план выражения, поскольку они будучи элементами значимых структур сами по себе никаких значений не выражают. Интонационные единицы, интонемы – знаковые двусторонние единицы – могут описываться и по форме и по значению, так как они имеют не только план выражения, но и план содержания. Являясь необходимым компонентом структуры предложения, они выполняют в нем определенные семантические функции и даже могут выступать как самостоятельные структуры, выражающие значения. С функциональной точки зрения интонему целесообразней сравнивать со словом или морфемой, а не с фонемой.

Таким образом, описание фонологической системы любого языка будет не полной без определения более крупных по сравнению с фонемой значимых суперсегментных единиц, различающихся между собой пучком дистинктивных признаков. При этом противопоставления дифференциальных признаков описываются как градуальные, что в сегментной фонологии встречается довольно редко. Интонемы, инварианты языка, также как и фонемы существуют в своих вариантах и через них представлены в речи. Выбор того или иного варианта зависит от говорящего, который руководствуется общепринятой нормой языка. Интонема в отличие от фонемы, выполняющей функцию дифференциации словоформ, дифференцирует высказывания.

По имеющимся классификациям интонационных единиц в различных языках можно заметить, что ряд интонационных классификаций, основанный на структурированном методе строится на противопоставлении интонационных характеристик на предударной, ударной и заударной частях интонационных конструкций. В других классификациях интонационные структуры противопоставляются друг другу целиком глобально. Специфика каждого языка определяет свои методы и способы выделения интонационных единиц. В связи с этим возникает вопрос, какое описание приемлемо для тюркских языков, в частности для казахского языка. Глобальный метод выделения интонационных единиц, разработанный известным французским лингвистом Пьером Делатром, был положен в основу выделения интонем казахского языка и его можно считать универсальным для всех тюркских языков, так как здесь не учитывается разноместное, подвижное ударение с предударной и заударной частями слова, характерное для русского, немецкого и других европейских языков.

В свете учения А.Байтурсынова о просодических свойствах казахской речи в результате экспериментально-фонетического анализа казахских текстов разных жанров и стилей с помощью глобального метода по стабильности релевантных акустических признаков были выявлены интонемы казахского языка, представляющих собой 8 инвариантов с несколькими вариантами. Выявленные интонемы реализуются в синтагме – универсальной, семантико-интонационной и синтак-

сической единице, в которой реализуется сложный характер взаимоотношений между интонацией и синтаксисом.

Интонемы, выполняя функцию организации и членения элементов текста, выражают степень связи между ними, сегментируют их на смысловые отрезки. В сегментации текстов большую роль играют ритмические, синтагматические, логические ударения, от места локализации которых меняется смысл высказывания. Минимальные фонетические и семантические единицы, каковыми являются ритмические группы и синтагмы, определяют семантико-интонационное деление казахского текста. Только в объеме синтагмы реализуется семантико-грамматическое значение высказывания. При недостаточности объема семантико-грамматическое значение остается интонационно не выраженным. Например, незавершенность в простом односинтагменном высказывании не имеет интонационного выражения, зато интонационно реализуется в высказывании, состоящем из нескольких синтагм. Нижеследующее предложение, состоящее из одной синтагмы, передает значение завершенности и независимости. Оба эти значения передает нисходящая интонема завершенности.

Күз келді. Интонационная зависимость слов в высказывании передается при их распространенности:

Алтын күз / ерте келді.

Во втором примере отношение зависимости между словами внутри высказывания становится интонационно выраженным и передается с помощью восходящей интонемой незавершенности.

Таким образом, интонация вступает в сложные взаимоотношения с грамматикой. Когда интонационные и грамматические значения совпадают, то они «взаимно поддерживая друг друга» выражают одно и то же значение. Но следует отметить, что интонационные и грамматические значения не всегда совпадают. Взаимоотношения между грамматикой и интонацией носят относительный характер, поскольку грамматических единиц намного больше, чем интонационных. Будет неправильным говорить об интонации сложных предложении с дополнительным и временным придаточными или об интонации предложений с обособленным определением или обстоятельством, поскольку их интонация может передаваться с помощью одного инварианта интонемы, который в зависимости от контекста и ситуации, экстралингвистических и психолингвистических факторов может реализовываться в различных вариантах.

Одним из основных вопросов интонологии является вопрос о ее функциях, поскольку его решение определяет место интонации в общей системе языка. До настоящего времени в общем языкознании нет единой точки зрения относительно функций интонации, существует несколько классификаций и мнений на этот счет, так как при определении функций интонации за основу берутся различные подходы и критерии. Из всего многообразия функций интонации можно выделить наиболее важные из них, исходя из теории представленной в нашей работе: 1) определяет общий коммуникативный тип высказывания; 2) выявляет частный коммуникативный тип высказывания; 3) выражает семантическое значение высказывания; 4) сегментирует текст на фразы, синтагмы, ритмические группы и синтезирует сегменты в одно целое; 5) определяет различные эмоции.

Назначение первой функции интонации состоит в определении общей целеустановки высказываний, как повествовательного, вопросительного, побудительного. Например:

Ертең студенттер емтихан тапсырады.
Ертең студенттер емтихан тапсыра ма?
Ертең студенттер емтихан тапсырсын!

Эта функция интонации выходит за рамки одного высказывания и осуществляется в сопоставлении с другими коммуникативными типами. Не отрицая того, что есть и другие выражения данной функции (порядок слов, вопросительные слова и частицы) следует отметить, что они не всегда постоянны и устойчивы.

Назначение второй функции интонации состоит в том, чтобы определить исходный момент сообщения (тему) и новый момент сообщения (рему). Эта функция связана с речевой установкой говорящего, контекстом, ситуацией общения.

тема рема

Например*: Ертең студенттер/ емтихан тапсырады.*

В данном высказывании тема выражается известной информацией, рема - новой. В зависимости от цели высказывания можно выделить любую мысль, что зависит от актуального членения. Актуальное членение предложения связано с теорией речевых актов. Если рассматривать пропозициональное содержание вышеприведенного высказывания, то можно заметить, что в теме содержится пресуппозиция, тогда как рема несет в себе ассерцию (утверждение). В зависимости от коммуникативной цели высказывания пресуппозиция может переводиться в ассерцию и наоборот, причем наиболее яркие интонационные характеристики будут реализовываться в ассерции (динамические и темпоральные максимумы, расширенный тональный диапазон, локализация фразового и логического ударений). Рема высказывания выявляется вопросом, заданным к определенному слову. Меняя коммуникативный пафос высказывания можно актуализировать любое слово во фразе.

Третья семантическая функция интонации наслаивается на коммуникативное значение. Независимо от коммуникативного типа высказывания интонация может выражать также значения перечисления, противопоставления, вводности, присоединения, дополнения и т.д.

Например: *Ақ пен қара, / қызыл мен көк,/ күрең мен қына сары/ біріне-бірі еппен тоғысып,/ бәрі жымдасып тұр.*//(Ғ.Мүсірепов).

Четвертая функция интонации проявляется в объединении слов в синтагмы, синтагм в предложения, предложений в сверхфразовые единства, а также в членении речевого потока на сегменты. Например, *Өнер/ түрлі болады. //Біреулер үй салады,/ арық қазады,/ етік тігеді,/ арба істейді,/ киіз басады,/ ыдыс істейді.// Біреулер көрікті мешіт,/ көрікті там,/ көркем сүгерет салады* //(А.Байтұрсынов).

Пятая функция интонации используется для определения различных человеческих эмоций, дифференциации оттенков смысла высказывания. В зависимости от произнесенной интонации высказывание может приобрести разное значение. Например, *Біз оны әлі көреміз!* Произнесенное восторженно-одобрительно, это высказывание имеет положительное значение, а произнесенное с оттенком неприязни, иронически-неодобрительно имеет отрицательное значение. Этот далеко не полный перечень функций интонации свидетельствует о ее многогранности и важной роли в речевой коммуникации.

В выражении различных функций интонации просодические средства выступают в различном сочетании. Специфика каждого языка проявляется в определенном наборе интонационных компонентов. Например, для русского языка, в котором свободное подвижное словесное ударение выполняет словоорганизующую и словоопознавательную функцию, характерны одни просодические средства, а для казахского языка, в котором те же функции выполняет сингармонизм - другие.

Релевантными акустическими параметрами в определении интонационной системы казахского языка явилось сочетание тональных, темпоральных и динамических свойств. По мелодическим характеристикам значимыми в выявлении различных интонационных типов оказались направление движения основного тона, уровень начала и конца мелодической кривой, общий диапазон контура. В определении семантико-синтаксических отношений между синтагмами существенную роль играют мелодические интервалы, которые в зависимости от смысловых связей могут быть положительными или отрицательными. Перелом тона на стыке семантико-интонационных единиц в сочетании с просодической паузой свидетельствует об их смысловой целостности.

Восходящим мелодическим контурам, встречающимся в незавершенных синтагмах, двучленных высказываниях, грамматически выраженных сложным предложением или простым предложением с придаточными или вводными единицами соответствует интонема незавершенности. Интонема завершенности с нисходящим направлением движения основного тона, характерное для одночленных фраз, конечным синтагмам двучленных фраз, грамматически оформляется в виде простого повествовательного предложения или конечной синтагмы сложного предложения.

Вопросительным высказываниям в зависимости от типа вопроса (с вопросительной частицей или вопросительным словом) соответствуют интонемы общего вопроса и специального вопроса, которые дифференцируются по направлению движения основного тона, по величине тональных диапазонов, местом локализации интонационного центра.

Побудительные высказывания представляют собой две интонемы -вежливого и категоричного побуждения, дифференцирующимся по форме мелодической кривой, местом локализации логического ударения, размером тональных диапазонов и уровней, а также максимальными значениями основного тона. В этих типах высказываний интонационные и грамматические значения совпадают, выражая одно и то же значение побуждения.

Многообразие различных мелодических контуров характерно для восклицательных высказываний, которые, как правило, имеют эмоционально-экспрессивную окрашенность. Инвариант интонемы восклицания реализуется в нескольких вариантах, произносимых на высоких тональных уровнях. Значительную роль здесь играют тембровые характеристики.

Примером соответствия семантических, грамматических и интонационных значений могут выступать всевозможные вставочные конструкции, которые выражаются интонемой вставки. Выражая сопутствующие, дополнительные значения, они характеризуются менее яркими интонационными характеристиками по сравнению с другими интонемами. Данные интонемы характеризуются суженными тональными диапазонами, невысокими тональными уровнями, реализующимися в нижней половине диапазона голоса.

По темпоральным показателям релевантными в определении интонационной специфики казахской речи оказались временные акустические параметры (среднеслоговая длительность, пауза). Анализируемые сегменты речи дифференцировались значениями средней длительности слога, при этом наибольшей слоговой наполненности слова свойственен более быстрый темп произнесения. Была выявлена закономерность более медленного произнесения конечных слогов фраз, сверхфразового единства, текстов. Всякого рода вставкам, будь то вводные единицы, обособленные члены, характерно ускоренное произнесение. Межфразовые паузы по объему превосходят межсинтагменные, самые длительные паузы отмечаются в конце сверхфразовых единств. Иногда переломы мелодического контура на стыках синтагм воспринимаются на слух как паузы, это так называемые мнимые паузы. Кроме фактических и мнимых пауз встречаются паузы хезитации и вокализованные паузы, которые вместе с другими просодическими средствами расчленяя поток речи, являются пограничными сигналами в текстах.

По динамическим характеристикам релевантными в выявлении просодических свойств речи явились формы динамического контура, локализация силовых пиков в зависимости от типа фразы. Выявлена общая тенденция снижения произносительной энергии к финалу звучания высказывания и некоторая зависимость коммуникативных типов от общего уровня силового компонента. Максимум интенсивности в подавляющем большинстве случаев локализуется в начале анализируемого сегмента.

Таким образом, просодические средства выступают в тесной взаимосвязи друг с другом, а также с семантико-синтаксическими показателями. Значительная смысловая нагрузка семантико-интонационных единиц выражается более яркими интонационными характеристиками и наоборот. Совокупность просодических средств может служить также для передачи смысловых отношений между синтагмами указывать более или менее важную информацию и т.д., т.е. интонационные, семантические и грамматические значения тесно переплетаясь друг с другом, играют важную роль в речевом общении.

Особенно ярко интонемы казахского языка проявляются в поэтической речи. А.Байтурсынов внес неоценимый вклад в развитие теории стиха. Исследуя ритмический строй казахской стихотворной речи, ученый ввел такие понятия как «тармақ», «шумақ», «айшық», «бунақ», «жорғақ» и всесторонне описал их. Поскольку стихосложение тесным образом связано с фонетическим строем языка, то в ней отражается его просодическая специфика. Изучая систему казахского стихосложения в сопоставлении с французским и польским, А. Байтурсынов обращает внимание на силлабический строй стиха, который основывается на числе слогов в строке «француз я поляк тіліндегі сөздерден өлең жасап шығаратын табиғи жол біздің қазақ тілінің де табиғи жолы болып шығады. Олай болса біздің қазақ тілінде өлең шығарудың да негізгі шарты буын санын бірдей орнына келтірумен орындалады». Такое стихосложение относится к языкам со слабо выделенным словесным ударением, когда все слоги воспринимаются на слух примерно одинаково, ясно и четко, и только слог под ритмическим ударением характеризуется некоторой протяженностью во времени.

Особенности казахского стихосложения, по своей сущности отличающиеся от русского, коренятся в структуре языка, в его просодической системе. В казах-

ском языке, как и в других тюркских языках просодической доминантой является сингармонизм, а не словесное ударение, поэтому в казахском стихосложении определенное количество слогов в строке является необходимым условием существования ритма.

А.Байтурсынов с особой проницательностью заметил закономерности, упорядочивающие внутреннюю структуру стихов. «Тармақ», по А.Байтурсынову, обозначает строку, «шумақ» соответствует куплету песни, а «бунақ» - это не что иное, как ритмическая группа. «Тармақ» представляет собой семантико-интонационное целое, соответствующее универсальной лингвистической единице – синтагме.

Синтагма иногда соответствует ритмической группе, но чаще всего в больших поэтических формах она состоит из нескольких «бунақ». Относительная самостоятельность строки «тармақ» достигается за счет его интонационного рисунка, когда она соответствует определенным интонемам, в которых сочетаются не только фонетико-фонологические свойства, но и семантико-синтаксические. Реализуясь в различных вариантах интонемы,, строка несет определенное смысловое значение в зависимости от контекста и ситуации завершенность, незавершенность, вопрос, побуждение и т.д. Самостоятельность строки, ее границы определяются не только изменением направления движения основного тона, мелодической кривой, но также просодической паузой и переломом мелодического контура на стыке строк.

Изучая ритмическое построение речи в казахской поэзии на примере произведений Абая и Магжана Жумабаева, А.Байтурсынов говорит о симметричном чередовании трех-и четырехсложных ритмических групп в строке: «Бір тармақтың басында үш буында бунақ келсе, басқа тармақтарда да солай келу тиіс». Оно передается с помощью ритмического ударения.

Учение А.Байтурсынова о ритмической группе, которую он называл «бунақ», а иногда и «жорғақ», были развиты в теории стихосложения казахского языка. «Буын ырғағынан өлең ырғағын айыру үшін бұл ырғақты жорғақ деп атаймыз» /1. 189/. Ценные замечания ученого о ритмической организации казахского стиха, которые явились базой для развития просодической системы казахского стихосложения. «Бунақ дегеніміз өленді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпасының арасы» /1. 192/.

Ритмическое членение казахской речи, которое передается с помощью ритмического ударения, играет важную роль в передаче смысла высказывания и от правильной его расстановки зависит значение передаваемой информации. Основными просодическими компонентами выделенности в казахском языке, как показывают экспериментальные фонетические данные, служат длительность и частично мелодика. Таким образом, изучая просодические характеристики прозаической и поэтической речи, А.Байтурсынов заложил основы интонационной системы казахского языка.

Использованная литература

1. Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. Алматы. 1989. – 318.
2. Л.В. Щерба. Фонетика французского языка М., 1948. – 288.

БІРДЕ БӘСЕҢ, БІРДЕ ҚАТАҢ

Көрнекті лингвист-ғалым, қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі, 1938 жылы сталиндік репрессияның құрбаны болған Құдайберген Қуанұлы Жұбанов қысқа ғұмырында артына аса бай ғылыми мұра қалдырды. Оның айта алмаған көптеген соны ойлары, әлбетте, өзімен кетті. Қазіргі заманымыздың лингвистері оның өзінен кейінгі ізбасарларына қалдырған жазбалары мен аманаты төңірегінде әлі талай ой туындатар. Қазіргі сәтте қазақ филологиясы саласындағы алғашқы профессордың ғылыми мұрасын зерделеуде едәуір тәжірибе жинақталған, бірақ оның шығармашылығы бұрынғысынша ғылыми қызығушылық пен көкейкестілігін жоя қойған жоқ.

Ғалымның табиғи дарындылығы, тамаша таланты оның ғылыми және қоғамдық қызметінің барлық салаларында байқалды. Оның ғылымға бет алған жолы алдымен Ленинград шығыс тілдер институтының аспирантурасында, КСРО Ғылым академиясының Яфетический институтында тіл білімінің негіздерін меңгеру арқылы басталды. Жас ғалым ғылыми-зерттеу жұмыстарымен бірге шығыс және батыс тілдерін үйренуді қатар алып жүреді. Қ.Жұбанов екі тілді зерттеуші бола тұрып, қажеттілігіне орай кейбір шығыс (қытай, түркі тобындағы тілдер) және батыс (ағылшын, француз, неміс), сондай-ақ классикалық (грек, латын) тілдерін қолданып, өз еңбектерін қазақ және орыс тілдерінде жазған.

Ғылыми салада өрісі кең Қ.Жұбанов қазақ лингвистикасы іргетасының негізін қалады, оның еңбектері қазақ (түркі) тіл білімінің көкейтесті мәселелерін шешуде аса маңызды дүние бола алды. Оның еңбектерінде қазақ тілі грамматикасының, сегментті және суперсегментті фонетикасы, орфография, графика, орфоэпия, терминология мәселелері, сөйлеу мәдениетінің және т.б. мәселелері тұжырымдалған.

Аса білімді ғалым ретінде Қ. Жұбанов жалпы және орыс тіл білімінің де тарихын жақсы білген. Өз дәрістерінде ол Швейцар ғалымы Ф. Де Соссюрдің лингвистикалық тұжырымдамасын ұғынықты түрде жеткізген. Жұбанов сол кездегі лингвистикалық бағыттағы озық мектептер бағдарын жақсы біліп, тіл біліміндегі логикалық ағымдарға, психологизм, формализм т.б. сипаттама жасай отырып, оқырманды белгілі лингвистердің негізгі теориялық ережелерімен таныстырады, сондай-ақ олардың қызметтеріне баға береді. Мысалы ол орыстың А.В. Богородицкий, А.М. Пешковский, Ф.Ф. Фортунатов, А.Б. Шапиро, М.Н. Петерсон, С.О.Карцевский, Н.Я.Марр сынды т.б. ғалымдарының еңбектеріне жүгінеді.

Профессор Құдайберген Жұбановтың «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» деген еңбегі әр тілші-ғалымның ұстелдік кітабы болып табылады. Бұл кітапта тіл білімінің барлық салалары қамтылған және қазіргі кезде қарқынды дамып келе жатқан жаңа бағыттардың негіздері де көрініс табады. Осы еңбекті оқығанда ғалымның таланты мен интуициясы таңғалдырады және оқыған сайын жаңа идеялар ашылып отыратынын көреміз.

Қ.Жұбановтың қазақ фонетикасына арналған тұжырымдамалары (дыбыстардың жіктелуі, олардың акустика-артикуляторлық сипаттамасы, буын мәселесі, үндестің заңы) тілші-мамандарға белгілі. Ғалым қазақ фонологиясының ғылыми-теориялық негізін қалаушылардың бірі болғанымен, оның фонология жөніндегі көзқарастары әлі кеңінен сипатталған жоқ. Тіл білімінің фонология саласы ең күрделі де қызықты проблемалардың бірі. Кез келген ғалым бұл салаға бара алмайды, себебі фонология бұл бір жағынан нақты (математика сияқты), екінші жағынан абстракты

ілім. Қазіргі кездің өзінде де фонологиядан хабардар ғалымдар жеткіліксіз. Себебі қазақ фонологиясы әлі пән ретінде қалыптаспаған және жоғары оқу орындарына енгізілмеген. Қазақ фонологиясының алғашқы зерттеулері профессор Құдайберген Жұбановтың есімімен тығыз байланысты.

Ғалым қазақ фонологиясының негіздерін салып, келесі ұрпақтарға өз пайымдауларын танытып кеткен. Қазақ фонетикасы мен фонологиясын зерттеуде бұл тілші ғылыми бағалы үлес қосты. Түркі тіл білімінде фонема туралы түсініктерді алғаш енгізген Қ.Жұбанов болды. Ғалым фонеманы дыбысқа қарағанда өзінің әр түрлі фонетикалық ортада байқалатын әр түрлі реңктері және қасиеттерімен ерекшеленетінін, яғни сөздер мен тұлғаларды ажырата алатын дыбыстық тип бірлігі ретінде танып, ал фонеманың реңкін сол фонема өзі іске асатын жеке бір дербес бөлік болып табылатын шынайы айтылатын дыбыс ретінде түсінген. Қ.Жұбанов фонеманың сырын, оның дыбыстан айырмашылығын дұрыс түсінген. Ғалымның айтуынша, «фонема бір сөз бен екінші сөзді айыруға жарайды (бал, бас). Демек, фонема – бұйым». Қазақ тілінің дыбыс құрамын, дыбыстау мүшелерін, дыбыстардың саны мен сапасын жете зерттеп, ғалым фонологиялық заңдылықтарын да ескерген. Фонемаға түсінік бере отырып, ғалым қазақ тілінің дыбыс жүйесін фонология тұрғысынанқарастырған. Бір сөздің екінші сөзден өзгеше болуы үшін оның бір-ақ фонемасы басқа болуы керек, фонеманың ең негізгі ерекшелігі – оның мағына айқындау қасиеті деп білген. «Сөз ішіндегі дыбыстардың бәрін өзгерту шарт емес, біреуі өзгерсе де өзге сөз болады. Мысалы, *мал, шал* деген екі сөздің ұйқастығы **м**, **ш** дыбыстардан басқаларының бірдей болғандығынан. **М**, **ш** бөлек дыбыс дейміз. Олар сөздің мағынасын өзгертті, басқа дыбыстарды өзгерткен жоқ. Сөз бөлшектерінің дыбыстары бірдей болса, мағынасы да бірдей болмақ», дейді ғалым. Ғалымның дыбыстардың мағына ажыратушылық қасиеті туралы бұл ойлары қазақ фонетикасы үшін маңызын жоймақ емес.

Қ. Жұбановтың бұл тұжырымдамалары еуропалық тілші-фонологтардың пікірлерімен сабақтасып жатыр. Фонема мен дыбыс өзара функционалды жағынан ажыратылады: дыбыс бір мағыналы материалдық тұрғыдан ерекшеленсе, фонема көп мағыналы материалдық қасиетімен белгіленеді. Фонеманың дискредитациясы лингвистикалық бірлік ретінде парадигматика деңгейінде жүзеге асады, ал дыбысты бөлшектеу, оны сөз ағымынан бөлініп алынуы синтагматикалық деңгейде қарастырылады. Фонологияның негізгі заңдылықтары, дыбыс пен фонеманың байланысы және олардың ара қатынасы жайындағы жалпы мәселелері Қ.Жұбановтың еңбектерінен көрінеді: «Әр сөзде бірнеше дыбыстан болғасын, сөйлеген сайын бірнеше дыбыстан шығара беру керек болғасын, дыбыстың жалпы санының ұшы-қиыры болмайды. Бірақ, сөзде кездесетін дыбыстың бәрінің бірдей сапасы әр түрлі бола бермейді. Бір дыбыстың өзі әлденеше рет оралып соғып отырады. Кім сөйлесе де, не сөйлесе де, қанша сөйлесе де, бір сөйленген сөз болса, ондағы сапасы әр түрлі дыбыстар белгілі мөлшерден аспайды», – дейді ғалым. Сондай-ақ ғалым фонологиялық бірліктің ерекшелігін дұрыс түсініп, оның тоналды тілдерінде тонема (ән) атқаратынын айтады: «Ән Қытайда фонема орнына жүреді. *Ма* қытайша – ағаш, шиша, жылқы деген үш сөзді білдіреді. Ол мағыналарды *ма* сөзінің үш түрлі әнмен айтылуына қарап айырамыз. Олардың айтылулары: коңыр+ашшы; қоңыр+қоңыр; ашшы+қоңыр; ашшы+ашшы болып келеді. Біз *ал*деген сөзді сыбырлап айтсақ та, дауыстап айтсақ та бәрібір бір мағынада қолданамыз. Африкада Боспен (Бушмен) деген

халықта составы (құрамы), дыбыстарының тәртібі де бірдей бір лебізді сыбырлап айтса бір мағынаны білдіреді; дауыстап айтса, екінші мағына береді. Демек, біз бұдан әр тілдің әнді пайдалануы да түрліше болатынын аңғарамыз». Ғалымның келтірілген сөздері оның биік эрудициясын көрсетеді.

Белгілі бір тілдегі дыбыстың фонемалық қасиеті екінші бір тілде өзгеше түрде кездесуі мүмкін, басқаша айтқанда, фонема бола алмайтын дәрежеде. Дауыссыз дыбыстар қазақ және орыс тілінде жуан жіңішке болып екі топқа бөлінетіні белгілі. Бірақ олардың жуан-жіңішкелігі функционалды жағынан бірдей емес. Орыс тілінде жуан дауыссыз бір фонема, жіңішке дауыссыз екінші фонема. Мысалы: *кол - коль* сөздерінде **л** - дыбыстарының жуан-жіңішкелігі сөздердің мағынасын ажыратып тұр. Қазақ тілінде дауыссыздардың жуан-жіңішкелігі солардың қасында тұрған дауыстылар арқылы ажыратылады, мысалы, *тан – тән.* Дауыссыздардың аталған қасиеттері Қ.Жұбановтың назарынан тыс қалмаған, осыған байланысты ғалымның пікірін келтірейік. «Жуан-жіңішкелікті пайдалану да түрлі-түрлі болады. Мысалы, бірде жуан, бірде жіңішке болып келетін дыбыстар орыста да, бізде де, шуашта да бар, бірақ солардың өзі әр түрлі: орыстың жуан **л** дыбысынан біздің жуан **л**-мыз жуанырақ, орыстың жіңішке **л** дыбысынан біздің жіңішке **л**-мыз жіңішкерек. Біз жуан-жіңішкелікті былай белгілеп отырмыз: жуан естілетін **л**, жіңішке естілетін **л**».

Кейбір түрік тілдерінде дауыстылардың созылыңқылығы мен қысқалығы сөздердің мағынасын ажырататыны белгілі. Мысалы қырғыз тілінде: [mal] сөзі «мал» мағынасында айтылса, [ma:l] «мезгіл», «уақыт» мағынасында қолданылады. Қазақ тілінде созылыңқы мен қысқалықтың фонологиялық мәні жоқ. Қ.Жұбановтың бұл жөнінде де өз пікірі бар және ұзын-қысқа деген фонологиялық оппозиция жоқ екенін, оның фонеманы ажырата алмайтынын да ғалым баса айтқан: «Біз дауыстының да, дауыссыздың да ұзындығын фонема ретінде пайдаланбаймыз. Бір дыбыстың бір жерде ұзын, екінші жерде қысқа айтылуы кездесе берсе, екі сөзді бір-бірінен айырса фонема дер едік».

Жан-жақты ғалым ретінде Құдайберген Жұбанов фонема теориясын, оның негізгі мәселелерін жақсы білген, себебі ол Санкт-Петербург университетінде оқып, Ленинград фонологиялық мектебінің принциптері мен қағидаларын ұстанған. Оны біз ғалымныңкелесі келтірілген мысалдарынан және теориялық тұжырымдарынан көреміз: «Сөйлегенде дыбыстаймыз. Сөзді естігенде сол дыбыстарды есітеміз. Сөз көп. Бірақ, әр сөздің дыбысталуы әр түрлі. Сондықтан, сөз қаншама көп бола тұрса да, бірін-бірінен айыру қиын болмайды. Бір сөзді екінші сөзден айырғанда, екеуінің дыбысталуында бір айырмашылық болғаннан айырамыз.

Быж-тыж қып бай-жуанды осы маңда,
Кенеледі-ау кедей біткен бүгін таңда!-

Дегендегі *маңда* деген мен *таңда* деген бір емес, екеуі екі басқа сөз. Үйткені, екеуінің дыбысталуы екі басқа, сондықтан, естілуі де екі басқа болып тұр»–дейді ғалым.

Құдайберген Жұбанов фонеманың функциональды қасиетін, оның айырым белгілерінің қызметін, дыбыстан айырмашылығы мен таңбалануын терең түсінген. Фонеманың сипаттамасы, оның атқаратын қызметі жөнінде ғалым өз пікірін анық білдірген: «Фонема бір сөз бен екінші сөзді айыруға жарайды. Бір сөз екінші сөзден өзге болу үшін біреуінің бір-ақ бөлшегінің өзгеше дыбысталуы

жеткілікті, түгелімен өзгеше дыбысталуы шарт емес. Жоғарғы *таңда* деген сөз бен *маңда* деген сөздің бір-бірінен өзгешелігі бір-ақ бөлшегінде: біреуінің басқы бөлшегі **т**, біреуінікі **м**. Қалған жағынан дыбысталуы екуінде де бірдей (бұл екі сөздің біріне-бірі ұйқасып тұрғаны да ішіндегі бөлшектерінің көбінің дыбысталуы бірдей болғаннан)», – дейді ғалым. Ғалым фонеманың тек сапасы ғана емес саны жайында да өз пікірін білдіріп, мысал келтірген. «Дыбыстың саны бар да, сапасы бар. Дыбыстың сапасы бірдей бола тұрып, саны әлденешеу бола береді. Баба деген сөзде 4 дыбыс бар, бөле деген сөзде де 4 дыбыс бар. Бұл екі сөздің дыбыстарының жалпы саны бірдей. Бірақ, сүйте тұрып, бөле деген сөздегі 4 дыбыстың сапасы да 4 түрлі, мұндағы 4 дыбыс б, ө, л, е біріне-бірі ұқсамайды; ал баба деген сөздегі 4 дыбыстың сапасы 4 түрлі емес, екі-ақ түрлі. Мұнда а мен б-ның әрқайсысы екі-екіден келіп төртеу болып тұр».

Құдайберген Жұбанов фонема дыбыстың жоғары сатысы екенін және әр дыбысты фонема деңгейінде қарастыруға болмайтынын дұрыс түсінген,себебі фонема тек мағына ажыратушы қасиеттерімен ерекшеленеді. Сөз ағымындағы кездесетін дыбыстардың көбісі фонологиялық мәні жоқ қасиеттерімен ерекшеленеді және фонема бола алмайды, солардың ішінде тек мағына ажыратушы дыбыстар дербес фонема бола алады. Фонеманың негізгі ерекшелігін ғалым баса білдіріп кеткен және фонеманың варианттары, вариациялары жайында да жазып кеткен: «Баба сөзіндегі соңғы **б** басқаша естіледі, сонда да бұндағы **б** – бір фонема. Сондай-ақ қайыр-хайыр дегендегі қ мен х екі дыбыс болғанымен бір фонема. Файзолла мен Пайзолла да солай. **П** мен **Ф** бір сөзді екінші сөзден айыру үшін тұрмағандықтан оларды дербес фонема демейміз». Ғалымның келтірген мысалдарында фонеманың вариациялары жөнінде сөз болып тұр. Көршілес дыбыстардың ықпалына бағынатын фонемалар перцептивтік әлсіз позицияда тұрып, өзінің дыбысталуын өзгертіп, вариация түрінде көрініс табады. Олар фонологиялық айырым қызметін атқармай, акустика-артикуляциялық жағынан ажыратылады. Сөз легінде естілетін нақты дыбыстар фонемалардың материалдық символы ретінде көрінеді. Тілдің фонологиялық қатары үздіксіз сөз ағымында кездесетін дыбыстарда көрінеді. Үздіксіз сөз ағымының кейбір орнында фонологиялық мәнге ие болатын дыбыстар ұшырасады. Олар фонологиялық қатарлардың жеке фонемаларына сәйкес келеді.

Дегенмен сөйлеу тілінде мағына түрлендіру қызметтерімен бірге фонологиялық мәні жоқ дыбыстарды да табуға болады. Сондай-ақ сөз ағымының әр дыбысы фонологиялық және фонологиялық емес қасиеттердің жиынтығы ретінде көрінеді. Демек, әрбір дыбыс фонологиялық қасиеттерімен ерекшеленіп, бір фонемаға сәйкес келеді, ал бір фонема бірнеше дыбыстарда көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда, профессор Қ. Жұбановтың фонема туралы тұжырымдамалары тіл біліміндегі фонема теориясымен сабақтасып жатыр деуге толық негіз бар.

Профессор Қ.Жұбанов – қандай мәселені сөз етсе де, табиғатта бар нәрселермен шендестіре түсіндірудің шебері. Фонемалардың сырын дұрыс түсіндіру үшін ғалым оларды атоммен салыстырады және грек оқымыстыларының пікірлерін келтіреді. Олардың көз қарасы бойынша, «дүниедегі барлық нәрселер бөлшектене алады, бөліне-бөліне келіп, ақырында, ең кішкене кесегі атомға келіп тіреледі». XIX ғасырдың басында әлемдегі техникалық және жаратылыстану ғылымдары қарқынды дамығаны белгілі. Ғалымның айтуынша, «оларды зерттеуге түрлі метод қолданылады. Объектив әдісімен іс істеу тілшілерге де жұқты». Зерттеу

барысында ғалымдар өз пәндерінде ең кіші бірліктерді іздеп, әрекет жасағаны мәлім. Құдайберген Жұбанов өз заманындағы өзгерістерді сезіп, сол уақыттың сұранысына сәйкес тілдің ең кішкене бөлігін танытып, сипаттап берген ғалым. «Дыбыс – тілдің атомы болып саналады, атом – заттың бөлінбейтін, өзгермейтін, ең кішкене бөлшегі», – дейді ғалым.

Сондай-ақ Құдайберген Жұбанов сөйленімнің мүшелену теориясына да үлес қосқан. Сөйленімнің мүшелену нәтижесінде оның сегментті бірліктері анықталады. Сегменттерге мүшелеуде оның қандай бірліктерге бөлінетінін, олардың өзара қалай байланысатынын, сөз құрамында орналасу ретін, дыбыс бірліктерінің қайсысы айрықша қызмет атқаратынын байқауға болады. Фонемалардың дистрибуциясы мен сөздің мүшелену іне ғалым тарихи аспектіде қарайды «дыбыс, буын, сөз, сөйлем дегендер тіл тарихында дүниеге келген»... және оны бейнелеп сипаттайды: «Кірпіштерден құрап үй саламыз, талдардан құрап шетен тоқимыз... осыған қарай әр нәрсені тек құрастырудан, ұластырудан барып жарыққа шыққандай көреміз. Дыбыстар да қаланып барып, сөз жарын (қабырғасын) қаңқитқандай көрінеді», – дейді ғалым.

Қ.Жұбановтың фонемаларды сипаттауында физикалық, физиологиялық және лингвистикалық аспектілер қамтылған. Фонеманың физиологиялық және физикалық аспектілері оның акустика-артикуляторлық сипатына қатысты, ал лингвистикалық аспект оның функционалды жағын қамтиды. «Қазақ тілінің қазіргі физиологиясын сөз қылмастан бұрын, физика жағынан қарағанда, дыбыстың қозғалудан, толқыннан болатынын еске алу керек және толқын мен қозғалудың да белгілі бір шекте болуының, белгілі бір мөлшерде болуының шарты екендігін ұмытпау керек. Қозғалу үшін қозғау керектігін, ол қозғаушы күштің де түрлі дәрежеде болатындығын ескеру керек», – дейді ғалым. Бұл пікірден қазақ тілінің фонемалық жүйесін сипаттау барысында, ғалым фонемалардың дыбыстау мүшелерінің физикалық және физиологиялық ерекшеліктері мен жасалу жолдарын анықтап бергендігі айқын көрінеді. Артикуляторлық-акустикалық сипаттаулармен қатар фонеманың функциональды ерекшеліктері де көрсетілген. Демек, бұндай ғылыми тұжырымдар қазақ фонологиясын зерттеуде Қ.Жұбановтың елеулі жетістіктерге жеткендігінің бұлтарпас дәлелі деп есептейміз.

Н.Сәдуақас профессор Қ.Жұбановтың қазақ фонетикасы мен оның терминологиясына қатысты ғылыми мұраларына жан-жақты талдау жасаған. Сондай-ақ ғалымның қазақ тілі дыбыстарының саны мен сапасы, олардың жіктелуі, буын, сингармонизм, фонетика терминдері жөнінде тұжырымдары мен пайымдауларын қарастырды. Н.Сәдуақас ғалымның ғылыми мұрасына баға бере отырып,Қ.Жұбанов бұрынғы тілші ғалымдар фонетиканы дыбыс жайындағы ғылым деп түсінетінін, бірақ табиғаттағы (күн күркіреуі, арба сылдыры, т.б.) адамнан тысқары, қоғамдық қажеттіліктен тумаған (түшкіру, қырылдау т.б.), қоғамдық (музыка т.б.) және бір тілде сөйлеушілерге түсінікті (малды шақыру, жел шақырғандағы ысқыру, т.б.) дыбыстарды фонетика тексермейтінін айтып, адамның пікір алысып, сөйлеуге қызмет ететін тіл дыбыстарын ғана фонетика өзінің зерттеу объектісі ететінін ескертеді дейді. Ол: "Фонетика – дыбыс тілі дыбыстарының тілдік қасиеттерін тексеретін ғылым",– деп, қазақлингвистикасында алғаш рет фонетиканың зерттеу объектісін көрсетіп берді." Қ.Жұбанов дыбыстау аппараттары *өкпе, ауыз, мұрын және кедергі*

*мүшелер*деп, "өкпе, сырнайдың көрігінше, ісініп-басылып, ауаны біресе сыртқа теуіп, біресе ішке тартып тұратынын", ал ауыз, мұрын қуыстары дыбысты зорайтып тұрса, ауа ағыны бірде еріннен, бірде тіс түбі, не таңдай, не көмейден бөгеліп, кедергіленеді де, дыбыс та кедергісіне байланысты әртүрлі шығатынын айтады. Дауысты дыбыстарды шығаруда дыбыстау мүшелеріне, ал дауыссыздарды шығарған кезде ауыз ішіндегі кедергі мүшелерге күш түсетінін дұрыс көрсетіп, олардың қызметін де дәл тани білген.

Қ.Жұбанов дауыстыларда үн басым, дауыссыздарда салдыр басым, бірақ екеуіне де үн мен салдырдың қатысты екендігін айтып қана қоймай, осы ерекшеліктеріне қарай екі топқа жіктесе, бұлардан басқа, "үні мен салдыры тең" дыбыстарды сонорлар деп, олардың "дауыстылардай өнделмейтінін, дауыссыздардай егізделмейтінін" айтып, топтастыруында осы басты ерекшеліктерін көрсетеді. Қ.Жұбанов "дыбыстау түріне қарай" дауыстыларды *толық дауыстылар* **а, э, е, о, ө**, *келте дауыстылар* **ы, і. у,** және *қосынды дауыстылар* **ұу/үу, ый/ій**деп үш топқа бөлген. Қазақ тіліндегі дауыстылар жуан-жіңішкелігінің фонологиялық кезеңі болатынын дұрыс аңғарған ғалым жазуда олардың әрбіреуі бір-бір таңбамен белгіленетінін айтып, ал қосынды дауыстыларда мұндай қасиет жоқ деп есептеп, **ұу/үу**– бір ғана **у, ый/ій**қосындылары **й**әріптерімен таңбалануын ұсынған. Жасалу түріне қарай *ерін дауыстылары* **о, ө, ұ, ү**және *езу дауыстылары* **а, э, е, ы, і**деп топтастырған. Қазақ тілі дауысты дыбыстарын алғаш рет үш оппозициялық топқа бөліп жіктеген В.Радлов болса, оның ісі Қ.Жұбановтың ана тіліміздегі зерттеу еңбегінде жалғасын тапты. Қазақ тілі дыбыстарының жуан-жіңішке, еріндік-езулік, ашық-қысаң болып қарама-қарсы қойылуының фонематикалық мәні зор (Сәдуақас). «Дауысты дыбыстардың түріне қарай, жіктелуі мен жасалу түріне қарай жіктелуінің екеуін қосып, таблицаға салсақ, мынадай болады» деп Қ.Жұбанов келесі кестені ұсынады:

	Ашық дауыстылар		Келте дауыстылар		Қосынды дауыстылар	
	ерін	езу	ерін	езу	ерін	езу
Жуаны	о	а	ұ	ы	ұу	ый
Жіңішкесі	ө	ә,е	ү	і	үу	ій
Барлығы	2	3	2	2	2	2

Қ.Жұбанов салдыр болып, я салдыры басым болып шығатын дыбыстарды дауыссыз дыбыстар деп, оларға**п, б, с, з, ш, ж, т, д, к, қ, ғ, г**дыбыстарды жатқызады да оларды үнділер, үнсіздер, үздіксіздер, көмей, тіс, ерін дауыссыздары, жабысыңқы-жуысыңқы, сыбыр-сыбыс дауыссыздар деп бөледі. "Жабысыңқы дыбыстардың салдыры есікті жауып қалғандағы, я ашып қалғандағы секілді болады да, бір жауып, бір ашып тұрмасаң дыбыс шықпайды. Бір жауып, бір ашып түрғаннан шыққан дыбыс болғасын үздік-үздік болып шығады. Жуысыңқы дыбыстардың салдыры үздіксіз болатыны – мұнда сыбызғының түтігінен өткендей, ауа тар қуыстан сүзіліп өтеді де, жолы бекітілмейді. Сондықтан соза беруге келеді", - дейді ғалым.

Дауыссыз дыбыстардың жалпы кестесі төмендегідей болды:

Жасалу түріне қарай		Жабысыңқы	Жуысыңқы	
Созымдылығына қарай		Үздікті	Үздіксіз	
Дауысталуына қарай			Сыбыр	Сыбыс
Үн түріне қарай	Үнсіз Үнді	Қ К П Ғ Г Б	Т С Д З	Ш Ж
Шығатын орнына қарай		Көмей Ерін	Тіс	

Сол сияқты сонор дауыссыздарда да тура жолды: **у, й,** айналма жолды: **р, л, м, н, ң** деп бөледі де соңғыларына мұрын жолды айналма: **м, н,ң,** ауыз жолды айналма: **р, л**дыбыстарын жатқызады. Сонорлардың шығатын орнына, жасалу түріне, шығатын жолына қарай жіктелуінің бәрін бір жерге жиып, таблицаға салсақ, мынандай болады дейді Қ.Жұбанов:

		Шығатын орындары									
		ерін		тіс				таңдай		көмей	
				Күрек тіс		азу					
Шығатын жолы	ауыз	у	-	-	-	-	л	й	р	-	-
	мұрын	-	м	-	н	-	-	-	-	-	ң
		тура	айналма	тура	айналма	тура	айналма	тура	айналма	тура	айналма

Құдайберген Жұбанов дыбыстардың физикалық ерекшеліктері жөнінде де өз пікірін білдіреді:«дыбыс болғанда (шыққанда) ауа бірде қоюлана, бірде сирекси жан-жаққа толқиды. Бұдан келіп құлақ пердесі әрі-бері қалтырайды. Ауа қоюланса, құлақ пердесі тартылады, ауа сиресе, құлақ пердесі сыртқа тебеді» дейді ғалым». Сондай-ақ дыбыстың күші, амплитудасы, жиілігі жайында да сөз болады. Демек, ғалым дыбыстардың артикуляциялық сипаттамасымен қатар, олардың акустикалық жағын да қарастырған.

Қ.Жұбановтың екпін мен үндестік заң туралы ілімдерінің ғылыми тұрғыдағы маңызы өте зор. Лингвистиканың бұл салалары қай кезеңде болмасын ғалымдардың назарынан тыс қалмаған және сан қилы көзқарастар тұрғысынан түсіндіріліп жүрген нысан болып есептеледі. Жұбанов оларды айтылатын сөзге негіз болып, оның құрамындағы бірліктерді бір-бірімен біріктіріп, туыстас просодикалық құралдар ретіндегі орнын қарастырады. Жұбанов еңбектерінде буын туралы ілімдері ерекше орын алған.

Қазақ тіл білімі тарихында буын типологиясына сипаттама жасап, оның құрылымы жөнінде жан-жақты зерттеу жүргізген Қ.Жұбанов болып табылады. Ғалым қазақ тіліндегі бар буындарды нақты талдап, буын құрылысының бірігу, орын ауысу және т.с.с. өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, олардың сипат-

тамасын анық береді. Ол буын теориясын жасап, буынға анықтама беріп қана қоймай, *«Буын жігін қалай табуға болады?»* деген мақаласы арқылы ғылыми қауым әлі күнге бір шешімге келе алмай жүрген буын жігін анықтау мәселесі жөнінен де батыл пікір айта білген. Ғалым буынның төмендегі белгілерін атап көрсетеді: 1) дауысты дыбыссыз буын болмайды; 2) бір буында бірден артық дауысты дыбыс болмайды; 3) Дауысты дыбыс жалғыз өзі де буын бола алады; 4) Бір буында үштен артық дауыссыз дыбыс болмайды; 5) Екі дауыссыз бір буында қатар келетін болса, дауыстының соңынан ғана келеді. Еш уақытта алдында екі дауыссыз қатар келмейді; 6/ Сөз ішінде дауыстыдан басталатын буын болмайды. Әр уақытта ортадағы, аяқтағы буын дауыссыздан басталады.

Профессор Қ.Жұбанов буынның осы белгілерін ескере отырып, «буын жігін оңай механик түрде» табуға болатынын да айтады. Ол үшін жазылған сөздің дыбыстарын аяғынан бастап, дауысты дыбыстан соң келген дауыссызды елемей өте шығып, әрбір дауыстының алдыңғы жағына бір дауыссыз тастап бөле береміз, сонда неше бөлік шықса, сонша буын болады дейді. Оның пікірлері сингармонизмге арқа сүйеп, буын жігін ажырату жөніндегі пікірлермен ұштасып жатқанын байқаймыз.

Ғалым «жеке дыбыс жеке бөліп айтуға келе бермейтінін», дауыссыздар мен сонорлар алдынан не артынан бір дауысты дыбыс қоспай, бөлек айтылмайтынын және «дауысты дыбыс өзіне ерген дауыссыздары сонорларымен бірігіп, бір үйір болып, өзге үйірлерден бөлініп тұратынын» айтады. Буын фонологиялық бірлік десек, ал жекелеген фонемаларды бөліп айтуымыз лингвистикалық талдаудың талабынан туындаған. Осы тұрғыдан алғанда, ғалым пікірі буын теориясы заңдылықтарын дұрыс көрсете білгендігін танытады (Сәдуакас). Ғалым: «Сөзді бөліп-бөліп айту керек болғанда үйірі-үйіріменен бөлсе, дыбыстары өзгермейді, үйірін бұзып бөлсе, омыртқаны буынсыз жерден бөлгендегідей болып, сөздің дыбыстарының бірі үзіліп, біріне артық дыбыс қосылып, қалпы бұзылады <…>,сөзді дыбыстарының қалпын бұзбай, бөлшектегенде пайда болатын дыбыс үйірлерін буын дейміз", - деп, фонетикалық бірлік ретінде буын категориясына анықтама берген.

Ғалым қазақ тілінде буынды құраған дыбыс санына қарай *бір дыбысты, екі дыбысты, үш дыбысты, төрт дыбысты* буындар болатынын, дауысты дыбыстың бір өзінен тұратын буында дауыссыз да, сонор да болмайтынын, бұл екі дыбыс бір буын құрамында бір-бірден болуы да, екі сонор, бір дауыссыз болуы да мүмкін екендігін айтқан.

Қ.Жұбанов алғаш буын ішіндегі дыбыстардың тізілу тәртібіне қарай қазақ тілінде буынның алты түрі бар екендігін көрсетті:

1. Жалаң буын /Д-ы/;
2. Ашық буын /Дз/Ср + Ды/;
3. Жеңіл тұйық буын /Ды+Дз/Ср/;
4. Жеңіл бітеу буын /Дз/Ср + Ды + Дз/Ср/;
5. Ауыр бітеу буын /Ды + Ср + Дз/;
6. Ауыр бітеу буын /Дз/Ср + Ды+Ср + Дз/.";'

Ғалым қазақ тіліндегі буынды ішіндегі дыбыстарының тізілу тәртібіне қарай топтастырушы алғашқы тұлға болса, бұл бағыттағы зерттеулер кейінгі ғалымдар еңбектерінде жалғасын тапты. Түркі тілдеріндегі буын бір буынды түбір сөздердің құрылысымен сәйкес келеді десек, академик Ә.Т.Қайдаров қазақ тілінде 1352 бір

буынды түбір барын анықтады [22.181]. Ол қазақ тіліндегі бір буынды сөздердің алты түрлі құрылымын /Г, СГ, ГС, ГСС, СГС, СГСС/ көрсетеді.

Қазақ тіліндегі буын жүйесі тіліміздің негізгі заңдылықтарының бірі – сингармонизммен тығыз байланысты екендігін ешкім де жоққа шығара алмайды. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы сингармонизм заңдылығы деп атап айтпасада да: «Қазақта сөз екі түрлі: бір түрі – жуан, екінші түрі – жіңішке. Жуан сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрі жуан болады, жіңішке болады», - деп (Байтұрсынов), тіліміздің өзіндік ерекшелігін атап көрсетсе, Х.Досмұхамедұлы қазақ-қырғыз тіліндегі сөздің түбірі сингармонизм заңына бағынатыны анық, деп оған жалғанатын қосымшалар да түбірдің ыңғайына бейім жалғанатынын айтқан болатын.

А.Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі сингармонизмге бағынбайтын қосымшаларды алғаш атап өтсе, Қ.Жұбанов оларды жан-жақты талдап, жуан-жіңішке түрлерін айырып, жазылу ерекшеліктерін анықтап көрсеткен. Түбір дыбыстары мен қосымша дыбыстарының үндесу бағыты екі түрлі: бірінде – түбірдің соңғы дыбысының, не соңғы буынының ауанына қарай, қосымша дыбыстары өзгереді; екіншісінде – қосымша дыбыстарының ықпалымен түбір дыбыстары өзгереді. Алдыңғысын ұмтыла үндесу дейміз де, соңғысын тартына үндесу дейміз дейді Қ.Жұбанов.

Жалғамалы түркі тілдер үшін сингармонизм тіліміздің тарихи дамуы нәтижесінде қалыптасқан ең басты заңдылығы болып табылады. Қ.Жұбанов: «Сөз мүшелерін матастырып ұстайтын ыарқанның ең күштісі түбір мүше мен қосымша мүшелердің үндесуі. Бұл заңды *сингармонизм* дейміз», - дейді. Ол сингармонизм деп түбір мен қосымша аралығындағы дыбыстардың үндесуін қарастырған. Сондықтан түбір сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай қосымшаның да жуан, жіңішке келуін және екі аралықтағы көрші дыбыстардың үндесуін сөз еткен. Жалпы айтқанда, ғалым түбір мен қосымша аралағындағы барлық дыбыстардың да үндесуіне көңіл бөлген. Атап айтқанда, ғалым түбір мен қосымша аралығындағы үндесу түрлері деп төмендегі мәселелерге назар аударған: 1) түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай; 2) түбірдің соңғы дыбысының үнді-үнсіз болуына қарай; 3) түбірдің соңғы дыбысы дауысты болғанда; 4) түбірдің соңғы дыбысы л-дан басқа ауыз жолды сонор болып, қосымшаның бас дыбысы л ман м-ның бірі болғанда; 5) түбірдің соңғы дыбысы л болып, қосымшаның бас дыбысы л мен м-ның бірі болғанда; 6) түбірдің соңғы дыбысы мұрын жолды сонор болып, қосымшаның бас дыбысы да, аяқ дыбысы да мұрын жолды сонор болғанда; 7) түбірдің соңғы дыбысы **к, қ, п** дыбыстарының бірі болып, қосымшаның бас дыбысы дауысты болғанда; 8) түбірдің соңғы дауыссызы сыбыр дыбыстары мен сыбыс дыбыстарының үндісі болып, қосымшаның бас дыбысы үнсіз болғанда; 9) түбірдің соңғы дыбысы сыбыр болып, қосымшаның бас дыбысы сыбыс болғанда; 10) түбірдің соңғы дыбысы мұрын жолды езушіл сонор болып, қосымшаның бас дыбысы еріншіл дауыссыз болғанда; 11) түбірдің соңғы дыбысы **н** болып, қосымшаның бас дыбысы **қ, к, ғ, г** дыбыстарының бірі болғанда пайда болатын өзгерістер деп түсіндіреді ғалым.

Мұның өзі сингармонизм сөздің бүкіл өн бойында бірдей тембрдің сақталуын қамтамасыз етіп, сөз құрамындағы дауыстының да, дауыссыздың да бір сазбен айтылып, өзара үндесіп тұруы туралы Ә.Жүнісбеков тұжырымдарымен ұштасып жатқандығын танытады.

Қ.Жұбановтың екпін мен үндестік заң туралы ілімдерінің ғылыми тұрғыдағы маңызы өте зор. Лингвистиканың бұл салалары қай кезеңде болмасын ғалымдардың назарынан тыс қалмаған және сан қилы көзқарастар тұрғысынан түсіндіріліп жүрген нысан болып есептеледі. Жұбанов оларды айтылатын сөзге негіз болып, оның құрамындағы бірліктерді бір-бірімен біріктіріп, туыстас просодикалық құралдар ретіндегі орнын қарастырады. Жұбанов еңбектерінде буын туралы ілімдер ерекше орын алған. Ғалым қазақ тіліндегі бар буындарды нақты талдап, буын құрылысының бірігу, орын ауысу және т.с.с. өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, олардың сипаттамасын анық береді (Сәдуақас).

Қ. Жұбанов қазақ тілін, тек оның қазіргі заманғы жай-күйі тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар, тілдің пайда болу және бірте-бірте дамуы тұрғысынан, оның да, табиғат сияқты, өмір сүріп, үздіксіз қозғалыс пен өзгерісте болатындығына сілтей отырып, қарастырады. Тілдің қазіргі заманғы жай-күйі оның ұзақ уақыт даму нәтижесі болып табылады. Тілдің әрбір дамуы кезеңіне қандай да бір жаңалық тән, ол, өз кезегінде, дамудың келесі деңгейіне өтуі кезеңінде аңғарыла бермейтін одан әрі қалыптасып-жетілудің негізін қалайды. Сонымен, Қ.Жұбанов қазақ тілін басқа тілдермен өзара байланысып-әрекеттесу тұрғысынан дамып-қарқындауын «қазақ тілі туралы барлық уақытта да бір сарында айтуға болмайтындығын, ол жөнінде тек белгілі бір кезеңдегі қазақ тілі туралы сөйлеп, сипаттау тиіс екендігіне» сүйене отырып қарастырған.

Құдайберген Жұбанов дыбыстардың пайда болуына, фонетика-фонологиялық құбылыстар арқылы дамуына ерекше көңіл бөлген. Ғалымның пікірі бойынша, «бір замандарда түркі тілдерінің дауыстыдан басталатын сөдерінің бәрінде де дауыстының алдында дауыссыз, сонор дыбыстардың бірі болған; әр сөзінің басындағы **а** дыбысы **е** болып та айтыла беруі мүмкін. Өйткені бұрынғы замандарда дауыстылар бірінің орнына екіншісі қолданыла берген». Ғалымның бұл тұжырымдамалары тілші-ғалымдардың пікірлерімен сабақтасып келетінін көреміз, олардың айтуынша, жалпы түрік тілінде вокализм өте кедей болған және дауыстылар тек буынқұрушы қызметін атқарған. Түркітанушылардың пікірлері бойынша, түркі тілдеріндегі фонологиялық құрылым моновокалды типпен ерекшеленіп, басқаша айтқанда, барлық дауыстылар бір-ақ дауысты фонеманың варианттары болған. Алтай дәуріне дейінгі уақытта дауысты дыбыстар буын түзуші қызметінде ғана жұмсалып, морфонемаға сәйкес келсе, алтай дәуірінде түркі тілдері морфема және қосымшамен бірге агглютинативтік құрылысына жеткен.

Түркітанушылардың айтуынша, ататүрік тілінде дыбыстардың ұяң-қатаң (ғалымның пікірі бойынша, үнді-үнсіз) қасиеттеріне негізделген фонологиялық корреляция болмаған. Оның пайда болуы қатаң дыбыстардың позициялық ұяңдауымен байланыстырылады. Қ.Жұбанов бұл жөнінде: «Үнділерді сыбырлап айтсаң, үнсізге айналады. Үнді-үнсізпарлары бұрын бір болып жүрген. Тіпті алғашқыда **қ, к, т** дыбыстары бір-бірінен ажыратылмаған. Қазір бізде – үнді бір фонема, үнсіз – бір фонема. Осы күнге шейін осы екеуінің ауыса беретін жерлері де бар, алтайда: пұс-пұзы, кес-кезеді (кеседі)». Консонантизмнің күрделенуі негізгі фонемалардың ұяң аллофондарының фонологизациялануына және туыстас емес көршілес тілдерден келген кірме лексика, терминология жүйесінің дамуына қатысты болады. Қатаң дыбыстардың ұяңдау процесі сөздің барлық позицияларында кездесетін құбылыс. Сөздің басында қатаң дыбыстардың айтылуы түркі

тілдері тарихындағы өте ескі, ежелгі құбылыс және ұяң-қатаң дауыссыздар бір ғана **<r> (р)** – архифонемасына ие болып, оның әр кезеңдегі көріністері болып саналған. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз ортасында, соңында айтылатын дауыссыз **[j] (й)** дыбысының тағы бір ізін көруге болады Ескі түркі тіліндегі **[d](д)**дыбысымен айтылған *edguw, adyy, idi* сөздері қазақ тілінде [ijgi], [ajuw], [ije] түрінде айтылып дыбысталады.

Дауыссыздардың ұяң-қатаң айырым белгілері жайында Құдайберген Жұбановтың пікірін келтірейік: «Наши алтайские языки в древности не имели, вероятно, дифференциации по принципу звонкости и глухости звуков, как это имело свое отражение в уйгурской письменности, где **п** и **б**, а также **к** и **г** обозначаются одной и той же буквой. Это все нам показывает, что в сознании тогдашних тюрков, которые писали на этом алфавите, эти буквы не отличались так друг от друга. В одном из наиболее отдаленных тюркских языков мы и теперь видим это. Сейчас чувашский язык, например, не знает различия глухих и звонких. Глухие звуки в открытом слоге превращаются в звонкие, а в закрытом – в глухие; слово лошадь *ут* в дательном падеже будет *уда*. Не могут они улавливать отличия глухого звука от звонкого: по ним не дифференцируются слова. В дальнейшем на основе общего развития языка начинается дифференциация по признаку глухости и звонкости. Считать один из звуков архетипом совершенно неправильно. Здесь они равноправны и должны иметь равноправие в нашей орфографии».

Қазақ тілінің дыбыстары бірден фонологиялық статусын алмағаны белгілі, олар тілдің даму кезеңіне сәйкес өзгеріп, толығып, функциялары кеңейіп, фонемалар деңгейіне көтерілген. Дыбыстардың фонема деңгейінде жұмсалуы, яғни фонологизациялануы тілдің даму барысында конвергентті-дивергентті құбылыстар арқылы жүзеге асады. Қазақ дыбыстарының дамуытілдің жалғамалық (агглютинативтік) құрылысына және үндестік заңына негізделеді. Тілдегі жаңа фонемалардың пайда болуы адамның ойлау процесінің дамуы мен тілдің жаңа ұғымдармен және кірме лексикасының баюымен байланысты. Ғалымның пікірі бойынша, «дыбыс өзгерістерін білу үшін бізбен тілдес елдердің дыбыс заңдарын білу қажет. Қазақша *бас, аяқ, әділет*; чувашша *бӳус, атак, еділ*. Бас дегендегі **а** дыбысы, чувашта *ӳ; бас–пус, басы–пузи, қаз–қас*. Дауыстыдан бұрын **с**өзгеріп **з** болады. Қазақтағы кесер дегенді алтайда кезер дейді. Демек, оларда үнді мен үнсіз дыбыстар осы күнге дейін бір фонема болғанын көреміз». Қазақ арасында әлі күнге дейін жұмысты бітір деудің орнына жұмысты пітір деушілер бар. Бұл да **б–п** дыбыстарының бір фонема екендігін білдіреді»,– дейді ғалым. Ғалымның бұл көз қарасы еуропа тілшілерінің және түркітанушылардың тұжырымдарымен үндеседі.

Тілдегі бұл тарихи процестерді лингвист-ғалым терең аңғарған және тілдің даму барысындағы фонологизация құбылыстарын, яғни дыбыстардың функциональдық ең шағын лингвистикалық бірлікке айналғанын ескерген. Қазақ тілінің фонемалары ұзақ жылдар бойы қалыптасқанына, айырым белгілері сұрыпталып, әртүрлі аллофондарда іске асырылатынына ғалым өз еңбектерінде көңіл бөлген. Тарихи фонетикалық өзгерістер жайында ғалымның келесі пікірін келтіруге болады: «Қатаң **қ** мен **к** әрпінен **ң** пайда болған; *жаздық > йаздығыз // йаздыныз; жалбақта > жалбаңда*; қаз. *қақпа*; тат. *қапқа*; жалпы түрік. *қапаг – қапуг – қапық*; қаз. *жап – жасыл*; тат. *йәм – йәсия*. Қазақ тілінде өкпе-өпке болып айтыла береді. Демек, **к-п, п-к**, болып кездеседі». Бұл мысалдарда метатеза

құбылысын да байқауға болады. «Еріндік дауыссыз дыбыстардың бірін-бірі ауыстыра беретіндігін *жап, жабыл, жамыл, жауып* деген мысалдардан да көреміз» дейді ғалым. Түркітанушылардың пікірлеріне сүйенсек, ескі түркі тілдерінде сөз басында **[m] (м)**-ның орнына **[b] (б)** дыбысы сәйкес келіп қолданылған. Мысалы, түрікмен тілінде «ми» [myj]деген сөзге бұрын *bejni* деген сөз сәйкес келген, әзірбайжан тілінде «бет» деген сөзге *bäniz* деген сөз сәйкес келеді. Құмық тілінде «мойын» деген сөзге *bojun* деген сөз сәйкес келген. Кейін ескі түркі тіліндегі **[b]** дыбысының **[m]**-ға ауысуы туралы болжамға сүйеніп, оның заңдылығын табу қиын емес сияқты болғанымен, оған қарсы гипотеза төмендегідей заңдылық туралы айтуға мүмкіндік беретін сияқты. Мысалы, әзірбайжан тілінде **[b] > [m]**-ға көшуі, ауысуы үшін сөздің сол буыны синхрондық деңгейде мұрындық дыбыстан басталады: *män* – «мен», *min* – «мың» болуы керек, бірақ *bäniz* – «бет», *bejin* – «ми» болып тұр. Ал қазіргі қазақ тілінде ескі түркі тіліндегі *bojun* > *mojyn* болып өзгерген. Түрікмен тілінде **[b] > [m]**-ға көшуі үшін түбірде дәл сол дауысты дыбыстан кейін ескі (бұрынғы) мұрындық дыбыстың рефлексі *men* (мен), *meniz* – бет, *maj* (ban) болуы қажет, бірақ *bejni* (ми); *moger* < *moner* < *byjŋuz* (мүйіз). Қазіргі қазақ тілінде *mujiz* (мүйіз) *byjŋuz*-дан ауысқан болар.

Көне түркі тілінің құрылымы түбір тілдердің типіне жақын тұрғандықтан сондай фонологиялық құрылым моновокалды тілге тән, себебі ол уақытта грамматикалық қатынастар агглютинативтік аффикстермен емес, әлі грамматикализациядан өтпеген, моновокалды морфемалардан тұрған. Осыған орай ғалым-зерттеуші өзінің пікірін де білдірген. «Бір кезде қосымша деген болмай, тілде өнкей түбір сөздер ғана болғандығы байқалады. Қосымша қолданбайтын, өңкей түбір сөз ғана жұмсайтын тілдер осы күнде де бар».Құдайберген Жұбанов салыстырмалы-тарихи әдістерден де хабардар болған және XIX ғасырда өмір сүрген Франц Бопптың еңбегімен таныс болған. «1816 жылы немістің Франц Бопп деген адамы Европа тілі мен үнді тілінің дыбыстарын салыстырып барып, екеуін бір тіл деп білген. Бұл – европа-үнді тіл іліміне негіз салушы адам», – дейді ғалым.

Бұл жерде айтып кететін жайт - тарихи фонетика салыстырмалы-тарихи тіл білімінің фонетикалық құбылыстар концепциясына сүйене отырып дамығаны белгілі. Расмуск Раск пен Якоб Гримм герман тілдерінің материалындары негізінде дауыссыздардың алға ілгерілеу үрдісі туралы қағиданы дәлелдеген.

Құдайберген Жұбанов дыбыс пен әріптің ажыратылуы экспериментті фонетиканың туғанына байланысты екенін айтып кеткен ғалым. Ғалым: Әрбір жеке дыбыстың қай жерде қандай болып ұшырайтынын анықтау үшін бүгінде ғылым түрлі аппараттар қолданып, эксперимент жолымен мәселенің түйінін шешіп отырады. Бірақ біздің қазақ тілідыбыстары мұндай эксперимент зерттеу көрген емес», деп, қазақ тіл білімі тарихында экспериментік фонетика туралы алғашқы болып пікір қозғады. Рас, XIX ғасырдың аяғында пайда болған аспапты фонетиканың алғашқы жетістіктерінің негізінде фонология деген сала пайда болды. Сол уақытта өздерінің түрлі вариантарында көрініс табатын дербес бірлік ретінде фонема деген ұғым анықталды. Фонеманың мазмұны фонетика жүйесіндегі алатын орны мен атқаратын рөлі басқа тіл элементтеріне қатыстылығымен айқындалатын болды.

Ғалым-тілші ретінде Құдайберген Жұбановты дыбыстардың алғаш рет шығуы, пайда болу мәселелері де қызықтырған. Бұл жөнінде кәзіргі тіл білімінде әртүрлі көз қарастар бар. «Әнді дыбыстар бір нәрсені атау үшін, сөйлеу, сөйлесу үшін емес,

табиғатқа әсер ету үшін қажет. Біз адам болмастан бұрын да дыбысымыз болған. Ол кезде тіл дыбысын шығарайын дегендіктен емес, қорыққанда, шақырғанда шығарғанбыз. Бұрындағы **л** мен **р** дыбыстарының бірлігі белгілі. Мысалы, корей *ат* дегенді *мал* дейді, *малдың* дегенді – *мари*. Ол заманда сөйлеу аппараттары еңбек бөліспеген. Тегінде ауыз – тамақ жеу үшін жасалған ғой. Құрайдың сыбызғы болуы үшін өспейтіні секілді, ауыз да сөйлеу үшін жаратылмаған. Тіл өзіне арналмаған материалды да пайдаланған (Кейбір құстың әзір ұяны пайдаланатындығы сияқты). Ауыздың қазіргі дәрежеге жетуі табиғаттан емес, адамның өзі үшін еңбек етуінен. Тіл дыбыстарының да қазіргі дәрежеге жетуі үшін көп себептер керек болған. Арбау, айқайлау, құс шақыру, аң үркіту, қырман басында жел шақыру, табиғатты балталау», - деген пікір айтады. Дыбыстардың пайда болу мәселесі жөнінде қазіргі тіл білімінде әртүрлі көзқарастар бар. Әйтсе де профессор өзінің ішкі түйсігі арқылы жарыққа шыққан пікірін бүкпесіз айта білген.

Демек, Құдайберген Жұбанов дыбыстардың пайда болуын тек тарихи фонетика-фонологиялық құбылыстардың өзгеруімен ғана емес, әлеуметтік-қоғамдық және физиологиялық-артикуляторлық себептермен байланыстырады. Байырғы замандарда сөз, сөйлеу әлі қалыптаспаған кезде адамдар бір-бірімен бейвербальды (сигнал, просодикалық тәсілдер) әдістер арқылы қарым-қатынаста болған және фонемалардың пайда болуынан бұрын бірнеше кезең өткен. Қазақ тілі дыбыстарының айырым белгілері ұзақ жылдар бойы қалыптасып, сұрыпталып, түрлі аллофондарда іске асырылатын фонема деген шағын лингвистикалық бірліктің тууына себепші болды.

Құдайберген Жұбанов қазақ тілі фонетикасының тарихын зерттеуде салыстырмалы-тарихи, типологиялық әдістерді кеңінен пайдаланады және көне ескерткіштермен бірге тілдің синхрондық кесігін зерттеу жолын көрсетеді, себебі құнды ақпаратты тек жазба деректерден емес, тілдің қазіргі қалпынан да алуға болады. Басқаша айтқанда, ататілінің фонетикалық жүйесін түзу үшін – бір тілдің синхронды кесігін, немесе бірнеше туыстас, тектес тілдердің әртүрлі синхрондық кесіктерін зерттеп сипаттау керек. Осы жолмен қазіргі түркі тілдерінің белгілі фонологиялық құрылымдарына сүйене отырып, ретроспекция арқылы жалпы түркі тілдерінің ататілдік моделін құруға болады. Осы жөнінде ғалым: «Изучение языка в движении, развитии делает необходимым условием принцип историзма. Поскольку история языка не постигается одним тем, что в состоянии дать письменные памятники, то не остается иного пути, кроме использования материалов, которые поставляет нам сам живой язык, в силу своей природы представляющий собой накопление всей предшествующей историей человечества», - деген пікірі кейінгі зерттеушілер үшін «темірқазық» іспетті.

Қазіргі және көне түркі тілдеріндегі фонетикалық материалдарды салыстырғанда байқалған ерекшелік – ол **р**және **з** дауыссыздарының алмасуы. Бұл ротацизм деген құбылыс қазіргі түркі тілдерінде реликтілік фактілер ретінде сақталған. Қ.Жұбановтың назарынан бұл құбылыс та тыс қалмаған: «Давно известное в турецких языках чередование **р-з**, наличное и в казахском в таких родственных образованиях, как *көр-көз*, семір-*семіз, сір-сіз* показывает нам, что некогда наш язык, собственно известный его слой, не знал фонетического различия звуков **р-з**, хотя эти различия существовали в языке». Ғалымның тілдегі дыбыс алмасу құбылысы туралы бұл пікірлерін кейінгі морфонологиялық құбылыстарды тану

мен танытуға ой тастаған тұжырым деп қабылдамауға құқымыз жоқ.

Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі бірден фонологиялық сипатқа ие болмағаны белгілі. Тілдің даму кезеңіне сәйкес дыбыстардың саны толығып, қызметі кеңейіп, фонемалық статусқа көтерілді. Тілдің фонематикалық жүйесінің қалыптасуы сол тілдің дыбыстық қорының үздіксіз дамуының нәтижесі. Тілдің өркендеп дамуының арқасында фонемалар бөлінеді, қосылады, фонемалардың аллофондары өзінің дара мағынасына ие болады.

Ғалым-зерттеушінің тұжырымдамасы бойынша, «каждый отдельный язык, каким бы он ни казался монолитным, представляет собой накопление, состоящее из вкладов множества языков, вкладов, вложенных на разных ступенях развития каждым отдельным «пайщиком» и в различной дозе, с различным правовым положением использованных слов, поэтому они, попадая в общую племенную или национальную мельницу, перемалываясь здесь, стираются, теряют свой первоначальный лингвистический облик, все больше и больше приближаясь к господствующему, так называемому общенациональному стандарту». Сонымен, фонема ең алдымен үздіксіз өзгеріп отыратын тарихи категория.

Құдайберген Жұбанов фонемалар морфемалардың, сөздердің, грамматикалық тұлғалардың материалдық негізі болып саналатынын ескергенін көреміз: «Для нас является верным то положение, что звуки существуют не вне слова, а в слове: следовательно, историю отдельных конкретных видов звуков следует изучать в истории изменения отдельных конкретных слов. Это неизбежно увеличит «этимологическую дозу» в нашей работе», - деп, фонологиялық зерттеулердің негізінде тарихи грамматика, лексикология, тимология мәселелерімен айналысуға болатынына сенген.

Демек, қазақ тарихи фонетикасының ғылыми-теориялық негізін салушы ретінде Құдайберген Жұбанов құнды ғылыми мұра қалдырған. Ғалымның ой-толғамдары мен тұжырымдамалары қазақ тіліндегі тарихи фонологияның дамуына ерекше үлес қосқан. Қазақ тілі дыбыс құрылысын фонологиялық аспектіде зерттегені ғалымның терең теориялық білімдері мен эрудициясын көрсетеді.

Қазақ лингвистикасы шеңберінен шығып, еуропа тілдерін білген соң Құдайберген Жұбанов Бодуэн, Соссюр, Трубецкойлардың еңбектерімен танысып, жалпы фонологияның қағидаларын меңгеріп, түркі (қазақ) тілдерінің фонетика-фонологиялық заңдылықтарын зерттеп, қазақ тарихи фонетикасының теориялық негізін салып, оны әрі қарай зерттеуге бағыт-бағдар берген. Ғалымның өз сөзімен айтқанда, «тілдің тарихын білу деген сөз – оның өніп-өскен жолын білу деген. Демек, тіліміздің сонау ұзақ жолда қандай өзгерістерге ұшырағанын, оған неге ұшырағанын білу керек. Бұрынғыны білу жай әшейін мақсат емес, тіліді меңгерудің бір амалы».

Қ.Жұбановтың ғылыми эрудициясы және өз пікірін оригинал түрінде беруі фонемаларды жіктелуінде, топтастыруында жақсы көрінеді. Дауыстыларды сипаттағанда ғалым қандай дыбыс дауысты болады деп өз сұрағына жауап береді: «Сөздің дыбысталуының түрлі болатыны әр сөздің ішіндегі дыбыстардың түрлілігінен деп едік. Осы әр түрлі дыбыстың әрқайсысы тек бір-ақ түрде дыбысталып қоймайды. Бір дыбыстың өзі әр орында әр түрлі – бірде бәсең, бірде қатаң, бірде ұзын, бірде қысқа, бірде ашы, бірде солғын, бірде тегіс, бірде көтеріңкі – басылыңқы түрде дыбысталуы мүмкін. Сөздің, осындай, өзінше әні болады. Мысалы: *жазба (кітап), (кітапты) жазба! (қыс*

па?) жаз ба?, деген үш сөздің дыбыстарының түрі де, тізілу тәртібі де бірдей. Сөз мүшелерінің саны мен реті де бірыңғай: үшеуінде де түбірдің дыбыстары **ж, а, з** үшеуінде де бір-бір жамау мүше бар, оның дыбыстары да бірдей. Солай бола тұрса да, бұл үш сөздің дыбысталуында айырма бар: үшеуінің әні үш түрлі. Сондықтан, дыбыстарының түрі бір болса да, әні түрлі болғасын, бұл үш сөздің үш түрлі екенін сеземіз». Адамның көңілінің қобалжуының түрі көп, тіпті ұшы-қиыры жоқ десек те болады. Бұларды білдіруге арналған амалдың – дауыс сазының да түрі көп. Сондықтан оларды топтастырып қана көрсету керек дейді ғалым.

Қ.Жұбановтың бұл пайымдаулары интонация теориясымен ұштасып жатыр. Ғалымның келтірген бір сөзден тұратын сөйлем хабарлы, лепті, сұраулы интонемалармен сипатталып тұр және интонемалар сөйлем ажыратушы қызметін атқаратынын көреміз.

Бұл жерде қазіргі тіл білімінің жаңа бағыты **интонологияның** ең шағын бірлігі интонема жайында түсінік бермей кете алмаймыз. Сөйлемнің барлық түрлерінде де интонеманыңөзіндік орны, атқаратын қызметі бар. Сөйлемніңқайқайсысы болса да (бір сөзден тұрса да, мыс.: *жазда*) интонемасыз сомдала алмайды, себебі ғалымның айтуынша, «бір сөздің өзі түрліше әнделе береді». Қандай тілде болсын, ол тілде сөйлеушінің санасында сол тілдің негізгі интонемалары сақталып, сөйлесуінде үлгі ретінде қолданылады. Интонеманың да фонема сияқты мағына ажырату қасиеті болады, оның негізгі қызметі сөйлемдерді сомдап, коммуникативтік мағынасымен эмоциялық түрлерін анықтау. Интонемалар фонемалар сияқты өзінің варианттарында өмір сүріп, солар арқылы нақтылы жүзеге асады. Қ.Жұбановтың «дауыс сазына» қатысты пікірлері интонема теориясымен сабақтасып жатыр: «Дауыс сазы деген – қосалқы, қосымша қосып білдіретініміз сияқты, сөз мағынасының түрленгенін білдіретін бір амал болып шығады. Сөйлемді хабар сазды, леп сазды, сұрау сазды деп таптастыру, сөйтіп берген хабарына айтушының өзі қалай қарайтындығын өзінің көңілін қандай сазбен білдіргеніне қарай, қысқасы, сөйлемді дауыс сазына қарай таптастыру болады», – дейді.

Сондай-ақ ғалым дауыс сазының үш түрін көрсетіп отыр, олар хабар сазы (тиянақты интонема), леп сазы (лепті интонема), сұрау сазы (сұраулы интонема), оларға сипаттама береді. «Дауыс тыныш бір қалыппен, әр сөз сөйлемнің қай мүшесі екеніне, қай орында тұрғанына, хабарда қандай орын ұсталғанына қарай, бұл әнінің өзі тағы өзгеріп (әнделіп) отырады деп», ғалым хабар сазды сөйлемді бейнелеп, келесі мысалдарды келтірген:

Жаз шықты. Күн жылы. Жуырда құс келіп болады.

Профессор Қ.Жұбановтың сонау XX ғасырдың 30-жылдары айтып кеткен ойларын кейінгі кспериментгік-фонетикалық зерттеулердің нәтижелері дәлелдеп отыр. Хабарлы сөйлемнің интонациялық сипаттамасы тиянақты интонемаға сай келетінін көреміз.

Ғалымның леп сазы жайында айтқан сөзі: «Сөйлеген сөздің тек хабар болу жағына ғана көздеп қоймай, оның үстіне, бұл хабар сөйлеушінің өзіне белгілі бір түрде әсер еткенін – қуантқанын, мұңайтқанын, таңдандырғанын, опындырғанын тағыда қоса білдіргісі келсе, сөйлеуші сөзін осы леп сазымен айтады. Мұнда дауыс, анағыдай тыныш әнделмей не көтеріңкі, не басыңқы, шұбалыңқы, не жиылыңқы түрде, әйтеуір, бір есеппен айтылады» деп, мысалдар келтіреді.

Апырай, мынау бір қызық екен!
Қап, кеше келмеген екенмін!
Жасасын, Кеңес елі!

Лепті сөйлемдердің эмоциялық мағынасы мен интонациялық ерекшеліктері олардың лексикалық-грамматикалық айырмашылықтарына қарай әр түрлі болуы мүмкін. Лепті сөйлемдер эмоциялық-экспрессивті мағынаға ие болады, олардың түрлері **лепті интонеманың** варианттарымен сипатталады.

«Бір нәрсе жайынан сұрала сөйленген болса, сөйлем сұрау сазды болады. Сұрау есімдік, сұрау қосалқыларды сөзге қосып айтсақ та, қоспасақ та, бәрібір, сұрай сөйленсе, сөз осы әнмен айтылмақ», деп ғалым мынадай мысал келтіреді:

Каспийдің сұлулығы сұрғылт құм ба?
Кавказдың сұлулығы зәулім шың ба?

Шылаулар арқылы жасалған ашық сұраулы сөйлемдердің интонациясын экспериментті зерттеулерге сүйене отырып бақыласақ, оның ерекшеліктері жалпы сұрақ интонемасымен сипатталады.

Хабарлы сөйлемді, оның құрылымы мен лексикалық құрамын еш өзгертпей-ақ, сұраулы сөйлемге тек интонация арқылы айналдыруға болатыны белгілі. Бұндай сөйлемдер ауызекі тілінде, диалогтарда жиі кездеседі және олар контекст пен сөйлеу жағдаятымен тығыс байланысты.

Қ.Жұбанов бұл құрылымдарды дәстүрлі сұраулы сөйлемдердің бір типі ретінде жеке қарастырған. «Бірде сөз мағынасын түрлендіру үшін жаңа сөз де, қосалқы да, қосымша да қоспай, сөздің тек әнін (сазын) құбылтамыз: *Менің кітабымның түсі көк.* – ***Көк?*** *Қой қайдан көк болсын, қара шығар.* Міне, мұндағы екі сөйлемде де *көк* деген сөз бар. Бірақ алдыңғы сөйлемдегі көк пен соңғысының басындағы көктің айтылуында айырма бар. Үйткені алдыңғы сөйлемдегі *көк* мойындай айтылған, соңғы сөйлемдегі бірінші *көк* сұрай, күмәндана айтылған. Сондықтан екеуінің әні екі түрлі болып тұр. Сұрау мағынасын білдіру үшін кейде, осылай, сөзді сұрауға арналған әнмен айтамыз да қоямыз».

Ғалым-зерттеуші келтірген мысалдардан байқап отырғанымыздай, сұраулы сөйлемдердің коммуникативтік-семантикалық түрлері адресант пен адресатқа байланысты сараланады. Сөйлемдердің мазмұны мен жасалу әдістері олардың интонациялық ерекшеліктеріне әсер етеді.

Қазіргі кезде антропоцентристік бағытқа қатысты сұраулы сөйлемнің бұл типі коммуникативтік синтаксис, функциональды грамматика аясында қарастырылады. XX ғасырдың бірінші жартысы үшін Қ.Жұбановтың сөйлеуші мен тыңдаушы, яғни ақпарат беруші мен қабылдаушыны ескеріп отыратын сөйлеу актісі ерекшеліктері туралы ой-пікірі жаңашылдық сарында болатын. Оның сөйлеу тілі туралы көзқарастары сөйлеу коммуникациясы теориясының қазіргі заманғы ережелерімен үндесіп жатыр. Ғалым тіл мен ойлаудың байланысы туралы тіл біздің ойымыздың нәтижесі екендігіне сілтей отырып айтады.

Қ.Жұбанов түркі лингвистикасында сөйлемнің предикативтілік белгілерінің ең маңыздыларының бірі ретіндегі интонация құбылыстарына алғашқылардың бірі болып көңіл бөлді. Жұбановтың айтуы бойынша, интонация сөйлем құрудың ең басты себепкер шарты, оның айтылу әуені мен ырғақты құрылымы және сөйлем коммуникативтілігі мен ондағы синтаксистік қатынастарды білдіру тәсілдерінің бірі ретінде түсіндіріледі; кейде оның айтылған сөз мағынасы мен эмоционалды-

экспрессивтік қырын жеткізудің бірден-бір құралы болуы мүмкіндігіне, яғни ғалым интонацияның семантика-синтаксистік және эмоционалды қызметтеріне нұсқайды.

Қ. Жұбанов интонацияның эмоциялық функциясы жайында біраз мәліметтер берген. Интонацияның бұл қызметі адамдардың түрлі ой-сезімін, оның құбылуын, өзгеруін білдіреді. Ғалымның өз сөзімен айтқанда: «Адамның көңілінің түрлі күйіне сөздің түрлі әні сәйкес келеді. Сондықтан сөздің әнінің арқасында хабардың өзін ғана емес, сөйлеушінің көңіліне сол хабардың қалай немесе қалай тиген қылып көрсеткісі келетінін білеміз. <...> Бұйырғанды, жалынғанды, опынғанды, мақтанғанды, зекіргенді т.т. осындайларды бәрін көбіне сөздің сазымен (әнімен) білдіреміз. Дыбыс сазы болмаса, сөздер көп нәрсені білдіре алмай қалар еді». Сондай-ақ интонация сөйлеп тұрған адамның хал-ахуалы мен оның айтылып тұрған ойға, жағдайға қалай қарайтынын да білдіреді. Сөйлемнің коммуникативтік мағынасымен бірге эмоциялық-экспрессивтік түрлерін анықтайды. Бұл функция адамдардың түрлі ой-сезімін, оның құбылуын, өзгеруін білдіреді. Мысалы, сөйлеушінің айтылған ойды, жағдайды қолдайтын - қолдамайтыны, оған қуаныш-ренішпен, не мысқыл сезіммен қарайтыны интонация арқылы анықталады. Интонацияның бұл рөлі тілдегі модалдық категориямен шектесіп жатыр.

Интонация күрделі құбылыс және бірнеше компоненттерден тұрады. Интонациялық компоненттердің ішіндегі ең маңыздысы әуен екені белгілі. Себебі қай тілдің болса да басқа тілдерден айырмашылығын білдіруде сол тілдің өзіне ғана тән әуені үлкен роль атқарады да, ол тілдің бірден-бір өзгешелік белгісі бола алады.

Құдайберген.Жұбанов әуенге ерекше көңіл бөлген, оның айтуынша, «тілдің музыкалық оформлениесі (әуені) ортақ. Сондықтан басқа халықтың тіліне түсінбесек те, сөз әуенінің қайғылылығын, не қуаныштылығын сезінеміз. Тіл-тілге ортақ ән де бар, әр тілдің өзіне меншікті басыбайлы әні де болады». Демек, ғалым интонацияны барлық тілдерге тән әмбебап категория және оның әр тілдегі орны мен көріністеріңөзгешеліктері де бар екенін дәлелдейді. Интонацияның компоненттері тілдердің бәрінде қолданылатын универсалды просодикалық тәсіл болып табылады. Бұл компоненттер негізінен тілдердің қай-қайсысында да сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай ажыратуға қатысады.

Интонацияның негізгі компоненті әуен мен бірге Қ.Жұбанов екпін мәселесіне де біраз тоқталады. «Сөз-сөздің жігіне дауыс тоқтай бермейді. Сондықтан, жалғыз тұрған буындар бір сөздікі ме, жоқ әр сөдікі ме? – Оны сөз екпінінен айырамыз. Бір сөздің буындары бір-ақ екпінге қарайды», дейді ғалым. Осыны дәлелдеу үшін ғалым фонетистерге белгілі классикалық мысал болған *Суалмаған сиыр* және *Су ал, маған* деген сөйлемдерді келтіреді. Екпіннің сөйлемде атқаратын қызметі жайында «**екпін** – бір сөздегі буындарды тарқатпай матастырып ұстау үшін керек болып шығады», – дейді ғалым. Мұнда екпіннің қызметі сегменттерді қосып тұруымен және олардың ара жігін бөлуімен де ерекшеленеді. Ғалымның келесі мысалдары да екпіннің қызметін нақты көрсетеді. «*Жас+ат* деген екі буын тұр. Екеуінің басын қосып айтпақ болсақ, алдымен, бұл екі буын бір сөздікі ме, жоқ екеуі екі сөз бе? – соны ашып алуымыз керек. Екеуі екі сөз болса, осы тұрған жапсарын аша сөйлейміз. Онда *жас ат* (жас жылқы деген мағынада) болады. Ал, бұл екі буын бір сөздікі болса, осы тұрған жігін жаба сөйлейміз.

Онда *жасат* (бір нәрсені істет) деген болады. Сөйтіп, бір сөздің буындарын жылыстырып байланыстырамыз да, сөз-сөздің жігіне тура келгенде жылыстырмай тоқтап, буын жігін аша сөйлейміз».

Сөз ағымы мүшеленгенде бірнеше синтагмадан тұратын сөйлемдерде **фразалық (синтагмалық) екпін** көрініс табады. Екпіннің әр түрлілігі мен айтылымның белгілі бір интонациялық кескіні сөздердің мағына жағынан осы тәрізді фонетикалық бірлікке (синтагмаға) ұйымдасуын қамтамасыз етеді. Кез келген аяқталған сөйлемнің коммуникативтілік қызметі негізінде орын алған өзінің интонациялық орталығы болады, яғни ондағы синтагмалық (ырғақты) екпін, біріншіден, айтылымның коммуникативтілігін айқындап-көрсетсе, екіншіден, айтылымдарды бір-бірінен ажыратып, жіктеуші қызметін атқарады. Синтагмалық екпін бүкіл айтылымды ұйымдастыруда оның ең соңғы буынында орын тебеді. Синтагмалық (ырғақты) екпіннен басқа (бір сөз тобы мен екінші сөз тобының жігін ажырататын) сөз барысын бөлек **сегменттерге мүшелеуге** қатысатын **ой екпіні** деген ұғым бар. Ой екпіні сөйлемдегі бір сөздің мәніне айрықша көңіл аудара, күшейтіп, басқалардан гөрі оның мазмұн жүгінің салмақтырағын көрсетіп тұрады. Бір жақтан, ой екпіні сөйлемнің семантикасымен, мазмұнымен тығыз байланысты болса, басқа жағынан сөйлемнің мазмұны да ой екпіні арқылы өзгеріп тұрады. Ой екпінінің мағынасын ғалымның келесі мысалынан көруге болады.

Бүгін мен Жанғазыдан /**хат** алдым.

Мен бүгін / **Жанғазыдан** хат алдым.

Мен Жанғазыданбүгін/ **хат** алдым.

Мен Жаңғазыдан хатты/ **бүгін** алдым.

Бұнда Қ.Жұбанов орны еркін болатын мезгіл-мекен есім (үстеу) туралы сөз етеді. Жылжып тұрған үстеу (бүгін) сөйлемнің *актуалды мүшеленуіне* қатысады. Бірінші екі сөйлемде ол *тема* құрамында болады. Соңғы екі сөйлемде үстеу *рема* құрамында табылады.Қазақ тіліндегі сөйлемнің актуалды мүшеленуінің ең басты көрсеткіштерінің бірі оның интонациялық кескіні болса, екінші көрсеткіші оның сөздерінің екі синтагма тема мен ремаға бөлініп, жаңа мағына беретін сөз ой екпінімен белгіленіп, сөйлемнің соңындағы баяндауыштың алдына барып тұруы. Сонымен, коммуникативтік мақсатқа қарай сөйлем актуалды мүшелер тема мен ремаға қалай бөлінсе де қазақ тіліндегі сөйлемнің баяндауышы тапжылмай сөйлемнің соңында, өз орнында тұратынын байқаймыз.

Сондай-ақ Қ.Жұбанов интонацияның сегменттерді қосу және бөлу қызметіне де назар аударғанын көреміз: «Бір сөздің буындарының ара-арасын қоса сөйлейміз де, сөз сөздің жігіне тура келгенде буын жігін де аша сөйлейміз». Бұл интонация қызметінің радио мен теледидардан сөйлеушілердің дұрыс мәнерлеп, сөздерін анық айтуында мәні зор. Сөйлемді синтагмаларға бөлгенде, оның ішіндегі сөздерді мағынасына қарай әрбір сөйлем мүшелерінің айналасына топтастырғанда интонацияның компоненттері, әсіресе кідіріс үлкен роль атқарады. Дауыс кідірісі арқылы мәтін мүшеленеді және сол бөлшектенген мүшелердің (синтагма, ырғақты топ, фонетикалық сөз) ара қатынастары анықталады. Сөйлеу тілінде интонацияның нағыз кідірісі мен *хезитациялық* вокалданған*кідірістер* кездеседі. Олар сөйлеушінің алдыңғы фразадан кейін келетін фразаны ойлауы үшін, немесе ол фразаның нәтижесін байқауы үшін қажет. Осы орайда ғалымның пікірін келтіруге жөн санадық. «Дыбыстап

сөйленген сөздің олқысы, көбінесе, ыммен толады. Тіпті бірінің бір білмеген, я болмаса, бірінің тілі мүлде жоқ болған уақытта да, ыммен (хезитациялық кідіріс Б.З.) ылаждап түсінісуге болады. Оның үстіне, сөз-сөздің жігін дыбыс сазымен бірде айырып, бірде қосып айтқасын, сөздің орны жылжып кеткені де онша байқалмайды. Сөздің әні де басқа жағынан ұқсас сөздерді айырып тұрады. Дұрыс айтылмағанын сезсе, сөйлеушінің өзі де сөзін қайта түзеп айтып, түсінікті қылады»..

Сөйлеу тілінде әуен, қарқын, үдемелік тағы басқа сол сияқты интонациялық компоненттер айтылатын ойды түсіндіру үшін, қандайлық үлкен қызмет атқарса, жазу тілінде тыныс белгілері сондайлық маңызды қызмет атқарады. Тыныс белгілері мәтінді көріктендірумен бірге тек синтаксистік құрылысының көрсеткіштері ғана емес, сөйлеу тіліндегі интонациялық компоненттерінің де көріністерін байқатады. Мәтінді оқығанда тыныс белгілері интонация компоненттерінің көрсеткіштері болып, мәтінді бөлшектерге бөліп, мүшелеп, және олардың бөліктерін қосып, мазмұнын түсіндіру үшін үлкен қызмет атқарады. Қ.Жұбанов айтқандай, «жазылған сөздің бөлшек-бөлшегін және тыныс белгілерін өте сақтықпен өз орнына қоймасаң, мұнда оның олқысын толтыратын ым да, дыбыс әні де жоқ».

Сонымен фонология мен интонологияға қатысты ғалымның ой-тұжырымдамалары келесі ұрпаққа бағыт-бағдар беретіні айқын көрінеді.Қ.Жұбанов сегментті және суперсегментті фонологияның басында тұрған. XX ғасырдың бірінші ширегінде әлемдік тіл білімінде фонетика мен фонологияның ара жігі ажыратылып, дыбыстардың функциональдық ерекшеліктері зерттеле басталды. Фонема теориясының және интонация ілімінің негіздерін салған Соссюр, Бодуэн, Трубецкой, Пешковский, Богородицкий, Щербалармен бірге Қ.Жұбанов қазақ тілтанымында да фонология мен интонология ілімдерінің ғылыми-теориялық негіздерін анықтап, А.Байтұрсыновпен бірге қазақ тіл білімінің деңгейін әлемдік тіл білімінің деңгейіне көтерді. К.Жұбановтың фонетика-фонологиялық зерттеулері лингвист ғалымдардың арасында жоғары бағаланып, қазақ тілтанымының сегментті және суперсегментті фонологиясы дамуында ерекше роль атқарды және қазіргі заманғы фонетикалық еңбектерден жалғасын тапты.

Қ.Жұбанов құрылымы әр түрлі, туыс емес басқа тілдердің материалдарын қатар меңгерген кең бейінді лингвист еді. Осы орайда күрделі атау сөз синтаксисіне арналған еңбегіне тоқталып кеткен жөн. Осы мақаланы жазу барысында автор грузин, қытай, түрік, монғол, татар, ұйғар, тува, шағатай және орыс тілдеріне сүйенеді. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер құрылымын тарихи тұрғыдан зерттей отырып, автор қазақ тіліндегі анықтауыш анықталатын сөз, толықтауыш өзі толықтыратын сөз және барлық сөйлем мүшелері баяндауыш алдынан келуі қажет деген сөйлем ішіндегі сөздердің орын тәртібі туралы ереженің барлық жағдайда да қатаң түрде сақталуы шарт емес деп айтады. «Синтаксистік құрылымнан морфологиялық сөзжасамға ауысқан ежелгі тіркес формалары қазіргі заман синтаксисінің орнын басқан кезде оның өзінен кейін бастауышты ілестіре қоймайтын «қатып қалған» бұлжымас тәртібі бұзылады» - дейді ғалым. Өз ойларын автор әр түрлі типті тілдердің көптеген мысалдарымен дәлелдей келіп, қазақ тілі өзінің дамуы барысында аморфты-синтетикалық қабаттан агглютинативті деңгейге ауысты деген тұжырымға тоқталады.

Қ. Жұбанов түркі тіл білімі саласында конверсия идеясы мен аффиксті сөзжасам тәсілдерін дамыта отырып, сөз құрудағы құрылымды-қызметтік және жүйелі зерделеуді алғашқылардың бірі болып жүргізеді. Ғалым «осы уақытқа дейін өте аз зерттелген бөлік ретінде қалған» сөз құрылымы мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Сөз құрылымы, ғалымның пікірінше, грек және герман тілдерінде айрықша, ал латын және роман тілдерінде сирек дамыған. Жұбанов қазақ тіліндегі сөз құрылымы түрлерін олардың типологиялық және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, неміс, француз, ағылшын, орыс тілдерімен салыстыру арқылы қарастырады.

Қ. Жұбанов өз еңбектерінде жалпы түркі тіл білімі, сондай-ақ жалпы лингвистика мәселелерін де көтереді. Сонымен, қазақ тілінде, ғалымның пікірінше, агглютинация, флективті тілдердің жаңа түр-тұлға жасауда тек флексия негіздерін пайдаланып қана қоймай, сөз өзгерімі және сөзжасамның басқа да тәсілдеріне дәл солай бой ұсынатыны сияқты, форма тудырудың жалғыз тәсілі болып табылмайды.

Жұбанов «негізгі» мүшелері баяндауышқа, «туындылары» сол негізгіге тәуелді бола отырып, тағы бір «үшінші» мүшемен басқарылатын қазақ сөйлемінің құрылымдық сызбасын құрылым қағидалары тұсынан ұсына отырып, қазақ тіліндегі сөйлеу тілі құрылымына жеке мақала арнаған. Ғалым «бірнеше сөздер сол бір сөзге (баяндауышқа немесе қандай да бір негізгі мүшеге) бірдей тәуелді түрде» бір-бірімен қатар (параллель) жүретін және «одан әрі, бір сөз өзінен кейінгі басқа бір сөзге, ол, өз кезегінде, тағы бір үшіншіге тәуелді т.с.с.» тізбекті (последовательное) сөйлем мүшелері тіркесін суреттейді. Өзінің ой түйіндерін ғалым дәлелді мысалдармен бекітіп отырады.

Автор өзінің бір мақаласында көмекші есім сөздердің тұжырымдамасын олардың сипаты мен қолданылу аясын мысалдармен дәлелдей отырып берген, сондай-ақ оларды орыс тіліне аудару тәсілдеріне тоқталып кеткен.

Жалпы Жұбанов қазақ және түркі тіл біліміндегі бірқатар қызықты құбылыстарға алғаш көңіл бөлген. Мәселен, ғалым көмекші етістіктерге жеке бір мақаласын арнады. Қазақ және грузин тілдерінің етістік категориясын салыстыра отырып, ғалым «қазақ тілі етістік категорияларының бір-бірімен шиеленісіп-шатасып кетуі тұсынан грузин тілінен кем түспейтін морфологиялық шыңдану кезеңінен өтіп жатыр» деп жазған. «Ерекше әмбебап жан-жақтылығы және айрықша өнімділігімен ажыратылып отыратын» *отыр, жүр, тұр, жатыр* етістіктерін талдай келе, автор «көмекші етістіктер тұлғаларының қайсысы негізгі етістіктердің қай түрлерімен тіркесе байланысуы мен әрі олардың қандай мағына беретіндігін» көрсетуді мақсат етіп қойған. Бұл тұрғыдан, Жұбанов, осы етістіктердің, сөйлем бойындағы күрделі етістік құрамында лексикалық мағынасы ескерілмей, олардың тек грамматикалық қызмет атқарушы өзіндік лексика-морфологиялық ерекшеліктерін анықтайды.

XX ғасырдың бірінші жартысы үшін Қ.Жұбановтың сөйлеуші мен тыңдаушы, яғни ақпарат беруші мен қабылдаушыны ескеріп отыратын сөйлеу актісі ерекшеліктері туралы ой-пікірі жаңашылдық сарында болатын. Оның сөйлеу тілі туралы көзқарастары сөйлеу коммуникациясы теориясының қазіргі заманғы ережелерімен үндесіп жатыр. Ғалым тіл мен ойлаудың байланысы туралы тіл біздің ойымыздың нәтижесі екендігіне сілтей отырып айтады.

Аса білімді ғалым ретінде Қ. Жұбанов жалпы және орыс тіл білімінің де тарихын жақсы білетін. Өз дәрістерінде ол Швейцар ғалымы Ф. Де Соссюрдің лингвистикалық тұжырымдамасын ұғынықты түрде жеткізген. Жұбанов сол кездегі лингвистикалық бағыттағы озық мектептер бағдарын жақсы біліп, тіл

біліміндегі логикалық ағымдарға, психологизм, формализм т.б. сипаттама жасай отырып, оқырманды белгілі лингвистердің негізгі теориялық ережелерімен таныстырады, сондай-ақ олардың қызметтеріне баға береді. Онымен бірге ол орыс және батыстың А.В. Богородицкий, А.М. Пешковский, Ф.Ф. Фортунатов, А.Б. Шапиро, М.Н. Петерсон, С.О.Карцевский, Н.Я.Марра сынды т.б. ғалымдардың еңбектеріне жүгінеді.

Сонымен, Қ.Жұбановтың тілдің жалпы мәселелерін дыбыс жүйесімен байланыстыра айтқан пікірлерін төмендегіше топтап көрсетуге болады:

- тілдді тарихи диалектикалық даму тұрғысынан зерттеуді ұсынады;
- әрбір тілді сол тілді иеленуші халықтың тарихымен тығыз байланыста қарастыруды міндеттейді;
- сөздің этимологиялық жағын тексеруде фонетика заңдылықтарын білуді талап етеді;
- тілді зерттеуде сол тілдің ішкі заңдылықтарын ескеру керектігін айтады;
- фонетика тарихын тілдің жалпы тарихымен байланысты қарастырады;
- тілдің фонетика, морфология, синтаксис сияқты т.б. салалары бір-бірінен бөлінбей, тығыз бірлікте зерттелуі қажеттігін ескертеді;
- қазақ тілінің өзін қолдана отырып зерттеудің тиімділігін айтады.

Ғалымның ғылыми-зерттеу қызметінде қолданбалы лингвистика мәселелері: орфография, орфоэпия, терминология, қазақ тілін оқыту әдістемесі елеулі орын алады. Жұбанов кезінде Республикамыздың үкіметі жанындағы терминология мен орфографияны ретке келтіру жөніндегі үйлестіруші комитет ұйымдастырушыларының бірі болып табылған. Ғалымның қазақ тілінің терминология жүйесінің дамуы мен қалыптасуы туралы ойлары қазіргі күнге дейін құнын жойған жоқ: «Қазақ тілі дамуының алғы шарттары, осы тілдің шет тілдерден (көбіне орыс тілінен) техниканың және қазіргі заманғы мәдениеттің іс-әрекеттерін білдіретін терминдермен және сөздермен баю үрдісі оларды жай ғана елемей қоя салуға мүмкіндік бермейді. (...) Қазақ терминологиясы, бір жағынан, ұлтаралық ортақ (интернационально-единый) атаулардан, екінші жағынан, қазақ сөздері негізінде жасалатын терминдерден тұратын болады» - деп жазды ғалым XX жүзжылдықтың басында. Өзінің еңбектерінде дыбыстарға сипаттама бергенде Қ.Жұбанов төл терминдерімен қатар халықаралық терминдерді де қолданған:*үнді, үнсіз, жабысыңқы, жуысыңқы дыбыстар, ауыр тұйық буын, жеңіл тұйық буын, ерін дауыстылары, езу дауыстылары, тіс дауыссызы, ерін дауыссызы, ұмтыла үндесу, тартыла үндесу, буын жылысуы, тура жолды сонор, айналма жолды сонор, ауыз жолды айналма сонор, мұрын жолды айналма сонор, буын кірігуі, жалаң буын, ауыр бітеу буын, жеңіл бітеу буын, жалаң буын, екпінді ұмтыла үндесу, тартына үндесу, кішкене тіл, қосынды дауысты, келте дауысты, үнді дауыссыз, үнсіз дауыссыз, үздікті дауыссыз, көмей дауыссызы, дыбыссазы,вокализм, консонантизм, аффрикат, дифтонг, трифтонг, резонатор, палатализация, детерминатив, ритм, темп, фальцет, гармония, амплитуда* т.б.

Түптеп келгенде, Қ.Жұбанов еңбектерінде тілтанымның жалпы мәселелерімен қатар бөлек жеке бір дара салалар бойынша зерттеулерінің айрықша тереңдігі мен әр типті құрылымды тілдердің дереккөздерін мейлінше мол қамти алуы анық байқалады. Ғалымның осындай терең де мол біліктілігі тілдік құбылыстарды жан-жақты және ауқымды түрде зерттеуге септігін тигізген. Ғалымның алуан қырлы шығармашылық қызметі, ұлан-ғайыр білімі мен жан-жақты ғылыми

ойсаналылығы өзінен кейінгі болашақ тілші-ғалымдар бойында шығармашылық шабыт қалыптастыруға сарқылмас қайнар көз болар аса бай ғылыми мұра қалдыруға мүмкіндік бергені сөзсіз.

Аса көрнекті ғалымның адами қасиеттері туралы оның замандастары М.Балақаев және І.Кеңесбаев сынды көрнекті лингвистердің естеліктеріне сүйене отырып сөз қозғауға болады.

І.Кеңесбаев былай жазған: «Оның адамдарға деген ықыласы шексіз болатын. Ең алдымен ол адам бойындағы дарыны мен білімге деген талпынысын бағалаған. Жас адам бойынан ғылым немесе өнер түрінің қандай да бір саласына бейімділігін байқаса болды, ол сол кісі үшін өзінің барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оны қамқорына алып отырған. (...) Қ. Жұбанов өзінің студенттері арасынан қабілеттілерін іріктеп алып, оларға еліміздің ірі ғылыми орталықтарында білімін жалғастыруына қамқорлық жасаған».

Ленинград қаласына аспирантураға жолдама алған жас ғалымдардың бірі М. Балақаев болды. Ленинград университетінде өткізген аспиранттық жылдарын еске түсіре отырып, ол Қ.Жұбанов жомарт және көпшіл адам болғандығы және оның кіші әріптестерін өзіне бейімдей білетін тартымды қасиеті болғандығын жазады. Ленинград қаласына келген кездерінің бірінде ғалым Нева даңғылындағы қонақ үйлердің біріндегі «Люкс» нөміріне орналасады. Аспиранттардың өз үйлерінен шалғайда жүрген жағдайларын ескеріп, Жұбанов оларды өзі тоқтаған қонақ үйге шақырады, өзінің аспиранттық жылдарын есіне алып, оларға мол дастарқан ұйымдастырады. Өте жақсы әңгімеші бола білген ол жалпы тіл білімі бойынша дәрістерге қатыса жүріп лингвистика пәндерін терең меңгеруі жөнінде өзінен кіші әріптестеріне кеңес бере келіп, ғылым және күнделікті тұрмыс туралы да көп сөйлесетін. Педагогикалық дарын иесі болғандықтан, Жұбанов жастар бойына білімге, ғылымға деген қызығушылықты дарыта білді. М.Балақаевтың сөзіне қарағанда, көрнекті тұлғамен болған осы кездесуден кейін жас ғалымдар рухани азық пен мол шабытқа толы болып кетті.

Өзіне және басқа адамдарға талапшыл, барлық жағдайларда да пайымды және табанды Қ. Жұбанов өзін қоршаған адамдардың алдында жоғары беделге және сыйластыққа ие болды. Оның қысқа да жарқын өмірі ғылым мен қоғамға қызмет етудің айқын үлгісі болып табылады. Қазақ филологиясының алғашқы профессорының шексіз таланты мен жоғары адамгершілік қасиеттері келешек ұрпақтың қашанда таңданып және жан-жақты зерттеліп жүретін нысаны болып қала бермек.

Түптеп келгенде, Қ.Жұбанов еңбектерінде тілтанымның жалпы мәселелерімен қатар бөлек жеке бір дара салалар бойынша зерттеулерінің айрықша тереңдігі мен әр типі құрылымды тілдердің дереккөздерін мейлінше мол қамти алуы анық байқалады. Ғалымның осындай терең де мол біліктілігі тілдік құбылыстарды жан-жақты және ауқымды түрде зерттеуге септігін тигізген. Ғалымның алуан қырлы шығармашылық қызметі, ұлан-ғайыр білімі мен жан-жақты ғылыми ойсаналылығы өзінен кейінгі болашақ тілші-ғалымдар бойында шығармашылық шабыт қалыптастыруға сарқылмас қайнар көз болар аса бай ғылыми мұра қалдыруға мүмкіндік бергені сөзсіз.

Әдебиет:

Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, «Ғылым», 1999.

КУДАЙБЕРГЕН ЖУБАНОВ – ПЕРВЫЙ ПРОФЕССОР В ОБЛАСТИ КАЗАХСКОЙ ФИЛОЛОГИИ

На днях исполняется 105 лет со дня рождения выдающегося ученого-лингвиста, одного из основоположников казахского языкознания Кудайбергена Куановича Жубанова, павшего жертвой сталинских репрессий в 1938 году. Ученый прожил короткую жизнь, но оставил после себя богатое научное наследие. Многие его замыслы, конечно, ушли вместе с ним. Современным лингвистам еще предстоит вдуматься в то, что он написал и завещал своим последователям. В настоящее время накоплен определенный опыт в изучении научного наследия первого казахского профессора в области казахской филологии, но его творчество по-прежнему вызывает научный интерес и актуально по сей день.

Природная одаренность, исключительный талант ученого проявились во всех областях его научной и общественной деятельности. Его путь в науку начинался через освоение основ языкознания сначала в аспирантуре Ленинградского института живых восточных языков, затем Яфетического института Академии наук СССР. С научно-исследовательской деятельностью молодой ученый совмещает изучение восточных и западных языков. Будучи двуязычным исследователем, К.Жубанов писал свои труды на казахском и русском языках, прибегая по необходимости к некоторым современным восточным (китайский, языки тюркской группы) и западным (английский, французский, немецкий), а также к классическим (греческий, латинский) языкам.

Ученый широкого диапазона, К.Жубанов заложил основы казахской лингвистики, его фундаментальные труды оказались чрезвычайно важными, для решения кардинальных вопросов казахского (тюркского) языкознания. В его трудах концептуально разрабатываются вопросы грамматики казахского языка, сегментной и суперсегментной фонетики, орфографии, графики, орфоэпии, терминологии, вопросы культуры речи и др.

Неоценимый вклад внес ученый в развитие казахской фонетики и фонологии. К.Жубанов впервые в тюркском языкознании заложил основы учения о фонеме. Ученый понимал фонему как единицу, отличающуюся от звука своими различительными оттенками, свойствами, проявляющимися в различном фонетическом окружении, т.е. как звуковой тип, способный дифференцировать слова и формы, а оттенок фонемы как реально произносимые различные звуки, являющиеся тем частным, в котором реализуется фонема. Одним из первых в тюркской лингвистике К.Жубанов обратил внимание на явление интонации, как одного из существенных признаков предикативности предложения. Интонация, по Жубанову, квалифицируется как важнейший фактор образования предложения, его ритмико-мелодического строя и понимается как один из способов выражения коммуникативного типа предложения, синтаксических отношений; иногда она может быть единственным средством выражения значения и эмоционально-экспрессивных оттенков, т. е. ученый указывает на семантико-синтаксические и эмоциональные функции интонации.

Большой научный интерес представляет учение К.Жубанова об ударении и сингармонизме. Эти лингвистические явления во все времена были объектом пристального внимания ученых и имели различную лингвистическую трактовку. Жубанов справедливо рассматривает их как родственные просодические средства,

объединяющие и цементирующие слова. Особое место в трудах К.Жубанова занимает учение о слоге. Ученый подробно анализирует существующие слоги казахского языка и дает их описание, учитывая специфичные признаки слоговой структуры, как слияние, смещение и т.д.

Фонетико-фонологические исследования Жубанова получили высокую оценку ученых-лингвистов, сыграв большую роль в развитии отечественной сегментной и суперсегментной фонологии и нашли продолжение в современных фонетических трудах.

К.Жубанов был лингвистом широкого профиля в равной мере владевшим материалами из других разноструктурных, неродственных языков. В этой связи уместно вспомнить его работу, посвященную синтаксису сложных личных имен. При написании этой статьи автор аппелирует к грузинскому, китайскому, турецкому, монгольскому, татарскому уйгурскому, тувинскому, чагатайскому и русскому языкам. Исследуя структуру собственных имен в казахском языке в историческом аспекте, автор приходит к выводу, что порядок слов в казахском языке не всегда был строгий, когда определение предшествует определяемому, дополнение – дополняемому и все члены предложения сказуемому. «Железный закон современного синтаксиса, ни в коей мере не допускающий подлежащего, следующего за своим сказуемым, разбивается, когда вместо современного синтаксиса выступает древняя форма сочетаний, отложившаяся в слившихся и превратившихся из синтаксических в морфологические образования», - пишет ученый. Свои доводы автор подкрепляет многочисленными примерами из различных типов языков и заключает, что казахский язык в свем развитии перешел от аморфно-синтетического строя в агглютинативный.

К.Жубанов одним из первых в тюркологии проводит структурно-функциональное и системное изучение словообразования, развивая идею конверсии как способа словообразования, а также аффиксального словообразования. Особое внимание ученый уделяет проблеме словосложения, «которая до сего времени оставалась как бы наименее разработанным участком». Словосложение, по мнению ученого, особенно развито в греческом и германских языках, редко в латыни и романских языках. Жубанов рассматривает типы словосложений в казахском языке в сравнении с немецким, французским, английским, русским, выявляя их типологические и специфические черты.

В своих трудах К.Жубанов поднимает общетюркологические, а также общелингвистические вопросы. Так, в казахском языке, по мнению ученого, агглютинация не является единственным способом образования формы, точно так же как флективные языки пользуются для этой цели не только флексией основы, но и прибегают к другим способам словоизменения и словообразования.

Отдельную статью Жубанов посвящает построению речи на казахском языке, предлагая принципы построения, структурные схемы казахского предложения, в которых «первичные» члены предложения зависят от сказуемого, «вторичные» члены зависят от первичного члена и управляются «третичными». Ученый описывает параллельное сочетание членов предложения, когда «несколько слов одинаково зависят от одного и того же слова (сказуемого или какого-нибудь первичного члена), и последовательное, когда одно слово зависит от другого, последнее от третьего и т. д.». Свои аргументы ученый подкрепляет яркими примерами.

Концепция служебных слов изложена в его одноименной статье, где автор дает характеристику и случаи употребления служебных слов, подкрепляя примерами, а также дает способы их перевода на русский язык.

Вообще Жубанов впервые в казахском и тюркском языкознании обратил внимание на ряд интересных явлений. Так, ученый посвятил отдельную статью вспомогательным глаголам. Сравнивая категорию глагола казахского языка с грузинским языком, ученый пишет, что «казахский язык переживет ту стадию морфологической зрелости, которая делает категорию его глаголов запутанной не менее, чем в грузинском языке». Анализируя четыре глагола *отыр, жүр, тұр и жатыр,* «которые выделяются наибольшей универсальностью и необычной продуктивностью» автор ставит целью показать «какие формы вспомогательных глаголов сочетаются с какими формами основных и какое при этом они придают значение». Таким образом, Жубанов выявляет лексико-морфологическое своеобразие этих глаголов, которое заключается в том, что в предложении они могут выполнять только грамматические функции, когда лексическое значение в составе сложного глагола не учитывается.

Для первой половины XX в. новаторской была мысль Х.Жубанова о свойствах речевого акта, которое предусматривает говоряшего и слушающего т. е. адресанта и адресата. Его высказывания о речи (сөйлеу) перекликаются с современными положениями теории речевой коммуникации Ученый также говорит о связи языка и мышления, указывая, что язык есть форма нашей мысли.

Будучи эрудированным ученым, К.Жубанов хорошо разбирался в истории общего и русского языкознания. В своих лекциях он очень доходчиво изложил лингвистическую концепцию швейцарского ученого Ф. де Соссюра. Жубанов легко оперирует существующими в то время лингвистическими направлениями и школами, дает характеристику логическому направлению в языкознании, психологизму, формализму, знакомит читателя с основными теоретическими положениями известных лингвистов и дает оценку их деятельности. При этом он обращается к трудам русских и европейских ученых: А.В.Богородицкого, А.М.Пешковского, Ф.Ф.Фортунатова, А.Б.Шапиро, М.Н.Петерсона, С.О.Карцевского, Н.Я.Марра и др.

К.Жубанов рассматривал казахский язык не только с точки зрения его современного состояния, но и с точки зрения его образования и постепенного развития, указывая, что в языке, как и вообще в природе, все живет, все движется, все изменяется. Современное состояние языка представляет собой результат длительного развития. Каждый период развития языка создает что-нибудь новое, что при незаметном переходе в следующий составляет основу для дальнейшего развития. Таким образом, казахский язык К.Жубанов рассматривал в динамике, развитии во взаимодействии и взаимосвязи с другими языками, указывая, что «нельзя говорить о казахском языке, одинаковом для всех времен, а можно и должно говорить лишь о казахском языке определенного времени».

Значительное место в научно-исследовательской деятельности ученого занимают вопросы прикладной лингвистики: орфографии, орфоэпии, терминологии, методики преподавания казахского языка. Жубанов являлся одним из организаторов координирующего при правительстве республики комитета по упорядочению терминологии и орфографии. Высказывания ученого о развитии и становлении терминологической системы казахского языка представляют ценность и в наши дни: «Перспектива развития казахского языка, тенденция обогащения этого языка терминами и словами, обозначающими технику и действия современной культуры,

из иностранных языков (преимущественно из русского) не дадут возможности так просто их игнорировать. (…) Казахская терминология будет состоять с одной стороны, из интернационально-единых обозначений, с другой, из терминов, создаваемых на базе казахских слов», писал ученый в начале XX столетия.

Таким образом, в трудах Х.Жубанова сочетается необычайная глубина исследования, как частных, так и общих проблем языкознания со столь же широтой охвата фактического материала по языкам разного типологического строя. Такое сочетание глубины и широты познания ученого обеспечили всестороннее и всеобъемлющее изучение языковых явлений. Многогранная творческая деятельность, обширные знания, разносторонняя научная эрудиция ученого позволили оставить после себя богатое научное наследие, которое будет неисчерпаемым источником творческого вдохновления для последующих поколений ученых-лингвистов.

О человеческих качествах этого выдающегося ученого можно судить по воспоминаниям его современников, видных лингвистов М.Балакаева и С.Кенесбаева.

Вот, что пишет о нем С.Кенесбаев: «Его отношение к людям всегда было бескорыстным. Прежде всего он ценил в человеке талант, стремление к знаниям. Обнаружив склонность у молодого человека к какой-либо отрасли науки или виду искусства, он начинал заботиться о них, используя для этого все свои возможности. (...) Х.Жубанов отбирал из числа своих студентов наиболее способных и заботился о продолжении их образования в крупных научных центрах страны».

Одним из молодых ученых, направленных в аспирантуру в г. Ленинград был М.Балакаев. Вспоминая свои аспирантские годы, проведенные в Ленинградском университете, он пишет, что К.Жубанов был щедрым и общительным человеком, у него было притягательное свойство располагать к себе своих младших коллег. В один из своих приездов в Ленинград, ученый остановился в большой гостинице на Невском проспекте в номере «Люкс». Понимая материальное положение аспирантов и учитывая то, что они находятся вдали от своего дома, Жубанов пригласил их к себе в гостиницу, организовал им обильное угощение, вспоминая свои аспирантские годы. Будучи интересным собеседником, он с душевной теплотой беседовал на научные и житейские темы, давая советы своим младшим коллегам, чтобы они осваивали лингвистические дисциплины, посещая лекции по общему языкознанию. Имея педагогический дар, Жубанов прививал молодежи интерес к знаниям, к наукам. После этой встречи с выдающейся личностью молодые ученые, по словам Балакаева, ушли духовно обогащенными и вдохновленными.

Требовательный к себе и другим, чуткий и принципиальный во всем, Х.Жубанов снискал высокий авторитет и глубокое уважение окружающих его людей. Его короткая, но яркая жизнь является примером беззаветного служения науке и обществу. Щедрый талант и высокие человеческие качества первого профессора казахской филологии всегда будут объектом восхищения и всестороннего исследования будущих поколений.

СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СИНТАКСИСТІК ФОНЕТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сәрсен Аманжоловтың «Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы» деген еңбегі өткен ғасырдың 50 жылдары жарық көрген тұңғыш оқулық. Бұнда

автордың студенттерге оқыған лекциялары, жарияланған мақалалары мен мектеп оқулығының жыл сайынғы басылымдары енгізілген. С.Аманжоловтың синтаксис саласындағы бағытының құндылығы бүгінге дейін сақталып, даму үстінде. Аталған еңбегінде қазақ тіліндегі синтаксистік фонетика, яғни интонация жөнінде біраз мәліметтер берілген.

Интонация деген ұғымға С.Аманжолов мынадай анықтама береді: «Интонация дегеніміз жеке сөздің я бір топ сөздің, не сөйлемнің көтеріңкі екпінмен, дауыстың ерекше мәнге лайық басым айтылуы». Өзінің еңбегінде автор қазіргі таңдағы өзекті проблемаларға байланысты мәселелерді айтып кеткен. Нақты айтқанда: интонацияның тіл жүйесіндегі алатын орны, оның коммуникативтік синтаксиске және семантикаға қатысы, негізгі функциялары және басқа да осындай интонация теориясына қатысты жағдайлар.

С.Аманжолов интонацияны әрі фонетикалық, әрі морфологиялық, әрі синтаксистік категория деп біледі және оның сөз мағынасына да әсер ететінін алға тартады. Ғалым сөзінің жаны бар. Көптен бері интонация жөнінде мәліметтер тіл білімінің әртүрлі салаларында көрінеді, себебі ол сан қырлы құбылыс, оның мазмұны да бар, формасы да бар. Дегенмен, С.Аманжоловтың айтуынша, «біздің қазақ тілі сияқты агглютинативтік тілдерде интонацияның синтаксистік жағы басым болуы керек». Интонацияның өзі, дұрысында, сөздің, сөйлемнің неше алуан құбыла айтылуын қамтитын категория болғандықтан, оның жазба сөздегі құбылыстарын грамматикада толық беру мүмкін емес», - деп жазады.

Рас, интонация мен синтаксистің ара-қатынасы өте күрделі және құбылмалы. Олар бір-бірімен пропорциялы түрде бола алмайды. Интонацияның көтерілуі мен бәсеңдеуі бірнеше грамматикалық мағынаға ие бола алады. Себебі грамматикалық бірліктер мен интонациялық бірліктер бір-біріне үнемі тікелей байлаулы болмайды.

Ғалым интонация мен тыныс белгілерінің байланысына назар аударады. «Интонация барлық түрін айқындап, дәлелдеп бере алмайды, алайда сұраулы, лепті сөйлемдерді біз негізінде тек тыныс белгісі арқылы айқындай аламыз», - деп түсіндіреді. Тыныс белгілері сөйлеу тіліндегі интонация компоненттерінің көрінісі болып табылатыны белгілі. Олардың негізгі қызметі мәтінді бөлшектеу, сөйлемдерді бір-бірімен қосу, сөйлемдерлің коммуникативті түрлерін анықтау. Сөйлеу тілінде аталған функцияларды просодикалық тәсілдер (әуен, кідіріс, қарқын, үдемелік) атқарады. Тыныс белгілері жазуда, интонация компоненттері айтуда айтқан сөзді, мәтінді дұрыс оқу, дұрыс жазу, дұрыс түсіну үшін қолданылады. Тыныс белгілері мәтіннің қай жерінде кідіріс бар екенін, оны қандай әуенмен, ырғақпен, қандай қарқынмен оқу керектігін көрсетеді. Қай жерде дауыс ырғағы көтеріледі, қай жерде ол бәсеңдейді және қай жерде тынады. Мұның бәрі интонация компоненттерінің тек айтуда емес, жазуда да ролі ерекше екенін дәлелдейді. С.Аманжоловтың интонацияға қатысты қағидаларды қазіргі тіл білімінің интонология саласының теориялық проблемалармен ұштасып жатыр.

Ғалымның эрудициясы интонацияның қасиетін басқа тілдердің материалдарымен қарастыруға мүмкіндік береді. «Аморфты тілдерде (қытай т.б.) бұл жағы тіпті басым. Қытай тілінде тональность деген нәрсе осы интонацияның бір түрі. Қытай тілінде дауыстың көтеріңкі я төмен айтылуына қарап, сөз мағынасы ажыратылады. Мысалы: **чжун** бір қалыпта салмақпен айтылса «бірдеменің ортасы» деген мағынада, ал **чжун**-ды айтқанда, екпін сөздің аяғына (**ң**-ға) бейім айтылса, «ортасына түсу» деген мәнге ие болады. Судан халқының бірі эве тілінде **субо**

(«қызмет ету») деген сөздің қосақталып – **субо-субо** болып айтылуы екі мәнге ие. Алдыңғы екі буыны басыңқы, соңғы екі буыны көтеріңкі болып айтылса – тұйық етістік («қызмет ету») болады да, барлық буыны көтеріңкі тонмен айтылса, «қызметкер» мағынасында болады. Сонда бір шиллук дегендердің тілінде көптік мәннің өзі қосымша арқылы берілмей, интонация арқылы беріледі екен. Мысалы: **уіт** («құлақ») басыңқы тонмен айтылса; жекеше мәнде, көтеріңкі тонмен айтылса, «құлақтар» деген мәнде болады», деп түсіндіреді. Ғалымның бұл тұжырымы типология жіктеудің түбір тілдерінде болатын лингвистикалық ерекшеліктер. Қытай тілінде және басқада түбір тілдерінің төрт тонда көрінетін әуенінің мәні зор, себебі оның мағына ажыратушы қасиеті бар. Түбір тілдерінің бұл қасиеті ғалымның назарынан тыс қалмағанын көреміз.

Аманжолов интонацияны тарихи өзгеріп отыратын категория деп таниды. Ғалымның пікірі бойынша, интонация қол (ым) тілі кезінде дене қимылы арқылы берілген болу керек. Бұл күнде ол жіңішкеріп, дауысқа байланысты психологиялық, физиологиялық моменттермен қабаттаса көрінетін, сезілетін деректі нәрсе екенін байқамауға болмайды. Интонацияның қашан және қалай пайда болу жайында әртүрлі пікірлер бар. Оның үйірлі хайуанаттардың бір-бірімен қарым-қатынасында үлкен рөл атқаратыны мәлім. Қарым-қатынас тілдік қатынасқа қоса хабарға немесе сөйлесімге көмекші қызмет атқаратын бейвербалды амалдары қажет етеді. Себебі дауыстың құбылмалы реңктерінен, тембрінен, қарқындылығынан, қимыл-әрекеттерінен, дене қимылдарынан, бет әлпеттегі өзгерістерден де құралады. Бейвербалды сигналдарға қарым-қатынастағы адамдардың эмоциялық жағдайын білдіретін ым-ишара, жест басқа да тілдік бірліктерге жатпайтын амалдар жатады.

Интонацияның сөйлемге қатысы жөнінде ғалым оның бес түрін береді:

1. Басымдылық екпініне байланысты интонация. Бұл кәдімгі жай, хабарлы сөйлем ішіндегі бір сөздің басым айтылуына, ой екпініне байланысты пайда болатын интонация. Басымдылық екпін түскен сөз я сөз тобы басқа сөзден нығыз, көтеріңкі, салмақты айтылудың арқасында сөйлемнің аяғына келіп, баяндауыштың не алдынан, не артынан орын алады, деп мысалдар келтіреді. *Өзі Ақылбайды шын достық бейілмен жақсы көреді.*

Ғалымның түсіндіру бойынша, баяндауышқа жақын сөздер басым айтылады, ал басқа сөздер көмескіленеді. Оны ғалым сөйлемнің құрылымымен және оның мазмұнымен байланыстырады. Аманжоловтың бұл тұжырымы эксперименттті әдістер арқылы дәлелденген. Сөйлемдердегі кейбір сөздердің мазмұны басым болса, оларды сипаттайтын просодикалық тәсілдер жоғары мәндермен ерекшеленеді. Сөздердің мазмұны шамалы болса, олар төмен просодикалық тәсілдермен сипатталады.

Ғалым тағы мысал келтіреді: *Мұның бәрі әрдайым дұрыс болып жүр, әрине.* Мұнда *екпін дұрыс болып жүр* деген күрделі баяндауышқа түседі. *Әрине* деген қыстырма сөз, бөлініп ерекше интонациямен айтылып тұр. Экспериментті жұмыстарға сүйенсек, сөйлемнің соңында орналасқан қыстырма сөздер кейде кідіріс арқылы жалғасады, кейде әуеннің бәсеңдеуімен ғана төменгі регистрде айтылады. Сөйлемнің негізгі ақпараты күрделі баяндауышқа түседі, сондықтан ол кең тональды диапазонмен және фразалық екпінмен ерешеленеді. Қыстырма сөз негізгі ой айтқаннан кейін жалғасады, оның тональды диапазоны тар болғанымен, ой екпінімен ерекшеленеді. Ой екпіні жайында айтатын болсақ ол сөйлемді актуальды мүшелерге бөлінудің негізінде жатыр.

автордың студенттерге оқыған лекциялары, жарияланған мақалалары мен мектеп оқулығының жыл сайынғы басылымдары енгізілген. С.Аманжоловтың синтаксис саласындағы бағытының құндылығы бүгінге дейін сақталып, даму үстінде. Аталған еңбегінде қазақ тіліндегі синтаксистік фонетика, яғни интонация жөнінде біраз мәліметтер берілген.

Интонация деген ұғымға С.Аманжолов мынадай анықтама береді: «Интонация дегеніміз жеке сөздің я бір топ сөздің, не сөйлемнің көтеріңкі екпінмен, дауыстың ерекше мәнге лайық басым айтылуы». Өзінің еңбегінде автор қазіргі таңдағы өзекті проблемаларға байланысты мәселелерді айтып кеткен. Нақты айтқанда: интонацияның тіл жүйесіндегі алатын орны, оның коммуникативтік синтаксиске және семантикаға қатысы, негізгі функциялары және басқа да осындай интонация теориясына қатысты жағдайлар.

С.Аманжолов интонацияны әрі фонетикалық, әрі морфологиялық, әрі синтаксистік категория деп біледі және оның сөз мағынасына да әсер ететінін алға тартады. Ғалым сөзінің жаны бар. Көптен бері интонация жөнінде мәліметтер тіл білімінің әртүрлі салаларында көрінеді, себебі ол сан қырлы құбылыс, оның мазмұны да бар, формасы да бар. Дегенмен, С.Аманжоловтың айтуынша, «біздің қазақ тілі сияқты агглютинативтік тілдерде интонацияның синтаксистік жағы басым болуы керек». Интонацияның өзі, дұрысында, сөздің, сөйлемнің неше алуан құбыла айтылуын қамтитын категория болғандықтан, оның жазба сөздегі құбылыстарын грамматикада толық беру мүмкін емес», - деп жазады.

Рас, интонация мен синтаксистің ара-қатынасы өте күрделі және құбылмалы. Олар бір-бірімен пропорциялы түрде бола алмайды. Интонацияның көтерілуі мен бәсеңдеуі бірнеше грамматикалық мағынаға ие бола алады. Себебі грамматикалық бірліктер мен интонациялық бірліктер бір-біріне үнемі тікелей байлаулы болмайды.

Ғалым интонация мен тыныс белгілерінің байланысына назар аударады. «Интонация барлық түрін айқындап, дәлелдеп бере алмайды, алайда сұраулы, лепті сөйлемдерді біз негізінде тек тыныс белгісі арқылы айқындай аламыз», - деп түсіндіреді. Тыныс белгілері сөйлеу тіліндегі интонация компоненттерінің көрінісі болып табылатыны белгілі. Олардың негізгі қызметі мәтінді бөлшектеу, сөйлемдерді бір-бірімен қосу, сөйлемдерлің коммуникативті түрлерін анықтау. Сөйлеу тілінде аталған функцияларды просодикалық тәсілдер (әуен, кідіріс, қарқын, үдемелік) атқарады. Тыныс белгілері жазуда, интонация компоненттері айтуда айтқан сөзді, мәтінді дұрыс оқу, дұрыс жазу, дұрыс түсіну үшін қолданылады. Тыныс белгілері мәтіннің қай жерінде кідіріс бар екенін, оны қандай әуенмен, ырғақпен, қандай қарқынмен оқу керектігін көрсетеді. Қай жерде дауыс ырғағы көтеріледі, қай жерде ол бәсеңдейді және қай жерде тынады. Мұның бәрі интонация компоненттерінің тек айтуда емес, жазуда да ролі ерекше екенін дәлелдейді. С.Аманжоловтың интонацияға қатысты қағидаларды қазіргі тіл білімінің интонология саласының теориялық проблемалармен ұштасып жатыр.

Ғалымның эрудициясы интонацияның қасиетін басқа тілдердің материалдарымен қарастыруға мүмкіндік береді. «Аморфты тілдерде (қытай т.б.) бұл жағы тіпті басым. Қытай тілінде тональность деген нәрсе осы интонацияның бір түрі. Қытай тілінде дауыстың көтеріңкі я төмен айтылуына қарап, сөз мағынасы ажыратылады. Мысалы: **чжун** бір қалыпта салмақпен айтылса «бірдеменің ортасы» деген мағынада, ал **чжун**-ды айтқанда, екпін сөздің аяғына (**н**-ға) бейім айтылса, «ортасына түсу» деген мәнге ие болады. Судан халқының бірі эве тілінде **субо**

(«қызмет ету») деген сөздің қосақталып – **субо-субо** болып айтылуы екі мәнге ие. Алдыңғы екі буыны басыңқы, соңғы екі буыны көтеріңкі болып айтылса – тұйық етістік («қызмет ету») болады да, барлық буыны көтеріңкі тонмен айтылса, «қызметкер» мағынасында болады. Сонда бір шиллук дегендердің тілінде көптік мәннің өзі қосымша арқылы берілмей, интонация арқылы беріледі екен. Мысалы: **уіт** («құлақ») басыңқы тонмен айтылса; жекеше мәнде, көтеріңкі тонмен айтылса, «құлақтар» деген мәнде болады», деп түсіндіреді. Ғалымның бұл тұжырымы типология жіктеудің түбір тілдерінде болатын лингвистикалық ерекшеліктер. Қытай тілінде және басқада түбір тілдерінің төрт тонда көрінетін әуенінің мәні зор, себебі оның мағына ажыратушы қасиеті бар. Түбір тілдерінің бұл қасиеті ғалымның назарынан тыс қалмағанын көреміз.

Аманжолов интонацияны тарихи өзгеріп отыратын категория деп таниды. Ғалымның пікірі бойынша, интонация қол (ым) тілі кезінде дене қимылы арқылы берілген болу керек. Бұл күнде ол жіңішкеріп, дауысқа байланысты психологиялық, физиологиялық моменттермен қабаттаса көрінетін, сезілетін деректі нәрсе екенін байқамауға болмайды. Интонацияның қашан және қалай пайда болу жайында әртүрлі пікірлер бар. Оның үйірлі хайуанаттардың бір-бірімен қарым-қатынасында үлкен рөл атқаратыны мәлім. Қарым-қатынас тілдік қатынасқа қоса хабарға немесе сөйлесімге көмекші қызмет атқаратын бейвербалды амалдары қажет етеді. Себебі дауыстың құбылмалы реңктерінен, тембрінен, қарқындылығынан, қимыл-әрекеттерінен, дене қимылдарынан, бет әлпеттегі өзгерістерден де құралады. Бейвербалды сигналдарға қарым-қатынастағы адамдардың эмоциялық жағдайын білдіретін ым-ишара, жест басқа да тілдік бірліктерге жатпайтын амалдар жатады.

Интонацияның сөйлемге қатысы жөнінде ғалым оның бес түрін береді:

1. Басымдылық екпініне байланысты интонация. Бұл кәдімгі жай, хабарлы сөйлем ішіндегі бір сөздің басым айтылуына, ой екпініне байланысты пайда болатын интонация. Басымдылық екпін түскен сөз я сөз тобы басқа сөзден нығыз, көтеріңкі, салмақты айтылудың арқасында сөйлемнің аяғына келіп, баяндауыштың не алдынан, не артынан орын алады, деп мысалдар келтіреді. *Өзі Ақылбайды шын достық бейілмен жақсы көреді.*

Ғалымның түсіндіру бойынша, баяндауышқа жақын сөздер басым айтылады, ал басқа сөздер көмескіленеді. Оны ғалым сөйлемнің құрылымымен және оның мазмұнымен байланыстырады. Аманжоловтың бұл тұжырымы эксперименттті әдістер арқылы дәлелденген. Сөйлемдердегі кейбір сөздердің мазмұны басым болса, оларды сипаттайтын просодикалық тәсілдер жоғары мәндермен ерекшеленеді. Сөздердің мазмұны шамалы болса, олар төмен просодикалық тәсілдермен сипатталады.

Ғалым тағы мысал келтіреді: *Мұның бәрі әрдайым дұрыс болып жүр, әрине.* Мұнда *екпін дұрыс болып жүр* деген күрделі баяндауышқа түседі. *Әрине* деген қыстырма сөз, бөлініп ерекше интонациямен айтылып тұр. Экспериментті жұмыстарға сүйенсек, сөйлемнің соңында орналасқан қыстырма сөздер кейде кідіріс арқылы жалғасады, кейде әуеннің бәсеңдеуімен ғана төменгі регистрде айтылады. Сөйлемнің негізгі ақпараты күрделі баяндауышқа түседі, сондықтан ол кең тональды диапазонмен және фразалық екпінмен ерешеленеді. Қыстырма сөз негізгі ой айтқаннан кейін жалғасады, оның тональды диапазоны тар болғанымен, ой екпінімен ерекшеленеді. Ой екпіні жайында айтатын болсақ ол сөйлемді актуальды мүшелерге бөлінудің негізінде жатыр.

С.Аманжолов «ой екпіні түскен сөз сезімге, ұғымға әсер етіп, сөйлем мүшесінің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) мүшелерінен де бұрын көңіл тартады. Тек көзге, жазу жүзінде ғана тұрлаулы мүшелер күшті саналады», - деп мысал арқылы өз сөзін дәлелдейді: «*Біз кеше жақсы киноға бардық*. Мұнда **біз** – бастауыш, **кеше** – пысықтауыш, **жақсы** – анықтауыш, **киноға** – толықтауыш, **бардық** – баяндауыш. Бұл сөйлемде екпін түскен, басым сөз *жақсы киноға* деген екі сөз. Мұнда айтушы көңілді *жақсы киноға* дегенге аударып тұр. Осы сөйлемді *біз жақсы киноға* дегенге аударып тұр. Осы сөйлемді *біз жақсы киноға кеше бардық* деп өзгертсек, екпін *кеше* -ге түсіп тұрғанын байқау қиын емес. Соның сияқты *кеше жақсы киноға біз бардық* десек, екпін *біз* деген сөзге көшіп кетеді», - деп түсіндіреді.

С.Аманжолов интонацияны ой екпінімен бірге қарастырады. Ғалымның пікірі бойынша, ой екпіні интонациямен тығыз байланысты. Ой екпіні түскен сөз ойды өткірлейді, сөз қырланады. Интонацияның қисынын, қырын келтіріп оқу дауысты құбылтады, гүлдендіреді. Драмалар, қырына келтіріп, жақсы оқу арқасында, айтайын деген ой жанданып кетеді. Ой екпіні бір сөйлемде бір я қатар тұрған екі-ақ сөзге түседі. Соны айырып оқытудың өзі-ақ монотондықтан, сылбырлықтан құтқарады.

Нақты ситуацияға байланысты сөйлем әртүрлі коммуникативтік мазмұнға ие бола алады. Мысалы: *Кеше қалада жаңбыр жауды* - деген сөйлемді алып қарайық. Бұл сөйлемге бірнеше сұрақтар қойылуы мүмкін.

1. Кеше қалада жаңбыр жауды ма?
2. Қалада жаңбыр қашан жауды?
3. Кеше қайда жаңбыр жауды?
4. Кеше қалада не жауды?

Сөйлем актуальды мүшелерге бөлінгенде, жаңа ақпарат, оның ремасында болады. Сонда жоғарыда қойылған сұрақтарға сөйлемнің ремасы жауап беріп, ой екпініне ие болады. Тема-реманың қарым-қатынасын төмендегі мысалдардан көруге болады.

1. Кеше қалада жаңбыр жауды ма?
--Кеше қалада жаңбыр жауды.

2. Қалада жаңбыр қашан жауды?
--Қалада жаңбыр// кеше жауды.

3. Кеше қайда жаңбыр жауды?
--Кеше жаңбыр // қалада жауды.

4. Кеше қалада не жауды?
--Кеше қалада // жаңбыр жауды (қар жауған жоқ).

Сұраққа жауап беріп тұрған сөйлем екі синтагмадан тұрады. Біріншісі белгілі ақпаратты беретін тема, екіншісі жаңа ақпаратты беретін рема. Реманың құрамындағы сұраққа тура жауап беретін сөз ой екпінімен белгіленіп, мол үдемелікпен және ұзақтылықпен ерекшеленеді.

Сонымен коммуникативтік мақсатқа қарай сөйлем актуальды мүшелер тема мен ремаға қарай бөлінсе де қазақ тіліндегі сөйлемнің баяндауышы тапжылмай сөйлемнің соңында, өз орнында тұратынын байқаймыз. Аманжоловтың «басымдылық екпініне байланысты интонация» осы жерде айқын көрініп тұр. Қазіргі лингвистикада сөйлемді актуальды бөлу деген проблема прагмалингви-

стика теориясымен байланыстыра қарастырылғаны жөн. Актуальды мүшелерге бөлінгенде тема белгілі информацияның көрінісі болып, пресуппозицияға сәйкес келеді, яғни сөйлем мазмұнының перифериясында орналасып жаңадан беретін информациясының негізі болып табылады.

Сөйлемнің перспективасы, фокусы оның ремасында көрініс табады. Ремадағы берілген жаңа информация логикалық, функциональды предикаты болып, айтылған ойды, сөзді нақтылайды және иллокутивті актінің ішіндегі сөйлеудің негізгі ойын мақұлдайды. Сондай-ақ тема мен реманы пресуппозициямен ассерцияға барабар деуге болады.

Сонымен сөйлемді актуальды мүшелерге бөлу проблемасы прагмалингвистика мәселелеріне қатысты екенін көріп отырмыз. Себебі бұнда сөйлем тілінің қатып қалған құрылымдық бірлік ретінде емес контекст, ситуация тілді қолданатын адамдарға байланысты қарастырылады. Прагмалингвистика құбылыстарын фразалық просодия арқылы түсіндіруге болады. Сөйлемдерді актуальды мүшелерге бөлуде орын тәртібімен просодикалық тәсілдердің маңызы зор деп айтып кеттік (екпін, әуеннің көтерілуі және бәсеңдеуі т.б.) және олар сөйлемнің мазмұнымен тығыз байланысты екенін көрдік. Жоғарыда айтып кеткендей ой екпіні әдетте баяндауыштың алдындағы сөзге түседі, сөйлеуші ең маңызды сөзді белгілейді. Кейде сөйлемдердің кейбір мүшелерін актуальды логикалық белгілеуі сөйлемдегі сөздердің орнын өзгертпей-ақ, интонациялық тәсілдермен жүзеге асырылады. Ондай жағдайда логикалық белгіленген сөз өте анық акценттеліп, максимальды интенсивтілікпен, ұзақтылықпен және ең жоғары негізгі тонның жиілігімен ерекшеленеді. Сонымен, қазақ тілінде ой екпіні екі түрлі амалмен белгіленеді: біріншіден, сөйлемдегі сөздердің дағдылы орнын ауыстырумен, яғни инверсиямен, екіншіден, сөйлемдегі сөздердің орнын ауыстырмай, сол қалпында қалдырумен жасалады.

2. С.Аманжоловтың интонацияға байланысты екінші қағидасы оның «сұраулы сөйлемді жасауға дәнекер болуы».

Сұраулы сөйлемнің интонациясы 50-ші жылдардан бастап, экспериментті фонетиканың дамуына байланысты жан-жақты зерттеліп келеді. Сұраулы сөйлемдер оған қойылатын сұрақтардың мазмұнына қарай әртүрлі болатыны белгілі. Семантика-грамматикалық және экспериментті-фонетикалық талдаулардың нәтижесінде сұраулы сөйлемдерді екі үлкен топқа бөлуге болады: Сұраулы шылаулар және сұраулы есімдіктер арқылы жасалатын сұраулы сөйлемдер. Сұраулы сөйлемдердің шылаулары мен есімдіктері сөйлемдердің предикативті мағыналық өзегіне айналады. Сұраулы сөйлемдердің интонациялық-просодикалық ерекшеліктері сөйлемнің предикативті өзегіне айналатын шылаулы сөздер мен есімдіктердің фунциясы мен орнына байланысты. Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлемдердің екі түрінің ең негізгі интонациялық ерекшелігі—олардың максимальды тонының әрқашан мағыналық өзегінде болуы. Интенсивтіліктің де негізгі тонның жиілігімен байланысты молаюы байқалады.

Сұраулы сөйлемдердің сұрау шылаулары сөйлемнің соңында болған кезде, негізгі тонның көтерілуі де сол шылаулармен байланысты. Сұраулы есімдіктері басында тұратын сұраулы сөйлемдердің тоны да жоғары басталып, аяғына қарай бәсеңдейді.

Жоғарыда баяндалған сөйлемдердің интонациясы қазақ тіліндегі сұраулы интонацияның екі инварианты болып табылады. Сұраулы шылаулар арқылы

жасалған сөйлемдерді мағынасы мен құрылымына қарай, жалпы сұрақ интонемасына жатқызамыз. Ал сұраулы есімдіктер арқылы жасалған сөйлемдер арнаулы сұрақ интонемасына сәйкес болады.

Қазіргі қазақ тілінде шылаулар және есімдіктер арқылы жасалған сұраулы сөйлемдермен бірге лексика-грамматикалық тәсілдерсіз жасалған сұраулы сөйлемдер де кездеседі.

Бұндай сұрақтар жайында С.Аманжолов: «Бұл сөйлемдерде сөйлеуші я оқушы адам қабағын көтеріп, өзінің жүзімен, пішінімен жауап тілегендікті білдіре, сөйлейді, олар диалогта кездеседі.

--Ремонт бітті ғой?

--Бітті

--Тұқым шы?».

Мысалдардан көргендей, келтірілген сұрақтарды шылаусыз-ақ қоюға болады, сонда сөйлемнің сұраулы мәнін интонация мен ситуация атқарады.

Соңғы кезде интонация арқылы жасалған сұраулы сөйлемдер жиі кездесетін болды, себебі қазіргі өмірдегі көптеген өзгерістерге байланысты аз уақытта көп мәлімет алуға, аз сөзбен көп информация беру қажет. «Шылаусыз кездесетін сұраулы сөйлемдер әдебиет тілінің нормасына кіріп бола қойған жоқ», - деп ғалым мынадай мысал келтіреді: *Аман жақсы келдіңіздер? Ал сонан соң?*

Адамдардың қарым-қатынасында осындай тілдік формалары сөйлеу актісінде, сөйлесімде жиі қолданылады. Осындай сұраулы сөйлемдердің функциональдық ерекшелігі тілдік коммуникативтік және прагмалингвистика аспектісінде зерттелуі қажет.

Лексика-грамматикалық көрсеткіштерсіз жасалған сұраулы сөйлемдер белгілі бір контекст, сөйлеу жағдаятында, сөйлеудің диалогтік формасында, коммуникативтік акт процесінде түзіледі және мәтін мен контекстке бағынышты болып, солардың құрамында олардың мағынасы толық анықталады. Интонация тәсілімен жасалған сұраулы сөйлемдер құрылымы жағынан жай, жалаң, толымсыз, эллипті болып келеді. Кейде олар құрамы жағынан сөйлемнің жекелеген мүшелерінен, кейде бір ғана көмекші сөздерден тұруы мүмкін, сонда просодикалық тәсілдер сұраулық мағынаны толықтырады.

Экспериментті–фонетика жүргізудің нәтижесінде сұраулы сөйлемдердің типтерін просодикалық айырым белгілері ажыратады. Сондай-ақ интонация тәсілімен жасалған сұраулы сөйлемдер қазақ тілінің интонациялық жүйесіндегі сегіз инвариант интонемалардың екеуіне сай келеді: жалпы сұраулы және арнаулы сұраулы сөйлемдердің интонемаларына.

«Сабақтас құрмалас сөйлем проблемасы» деген бөлімде С.Аманжолов интонацияны предикативтік қасиеттің басты критерийі деп бағалайды. «Қандай болса да әрбір сөйлемнің, мейлі ол екі сөзден не бір сөзден құралған сөйлем болсын. Өз интонациясы болады. Егер сіз желдіртіп, тез оқысаңыз, онда, әрине, интонация аңғарылмайды да, сезілмейді де. Интонация – салалас құрмалас сөйлемнің де, сондай-ақ, сабақтас сөйлемнің де ара жігін айыратын белгілердің бірі. Интонация – құрмалас сөйлем құрамының ара жігін айырудағы өлшеуштің бірі»,-дейді.

3. С.Аманжоловтың интонация туралы үшінші қағидасы лепті сөйлемдерге арналған. Ғалымның айтуынша, хабарлы сөйлемді асыға басып, ентіге-ментіге келіп, өзі шошығандай, үрейленгендей болып айтса, ол сөйлем лептік мәнге ие болады. Интонацияны автор лепті сөйлемнің қандайының болсын мәнін келтіріп,

мағынасын айқындай түсетін өте жанды категория деп бағалайды.

«Кейбір лепті сөйлемнің жасалауына одағай, қаратпа қатысатын болса, көбірек жағдайда лепті сөйлем оларсыз-ақ жасалады. Мұндайда лептілік мән интонация арқылы пайда болады. Қаратпа, одағай сөз қатысқан сөйлемдер де интонацияның ықпалымен түрліше айтыла береді», - деп келесі мысалдар келтірілген: *Айдарды өлтіріп кетсе керек! Ойбай, ауданға кетті!*

Қазіргі қазақ тіл білімінде барлық лепті сөйлемдер екі топқа бөлінеді. Оның біріншісіне жоғарыда келтірілген лепті сөйлемді құрайтын грамматикалық әдістерсіз-ақ (одағай, модаль сөздер, баяндауышының ерекшеліктері т.б.), жалаң айрықша интонация арқылы ғана болатын лепті сөйлемдер жатады. Лепті сөйлемнің екіншісіне құрамында қаратпа, одағай, есімдік, етістіктің грамматикалық формалары мен категориялары бар түрлері жатады. Ғалымның айтуынша, интонация лепті сөйлемнің қандайының болсын мәнін келтіріп, яғни мағынасын айқындай түсетін, өте жанды категория.

Эксперименттi-фонетикалық жұмыстардың нәтижесінде лепті сөйлемдердің екі түрінің интонациялық ерекшеліктері әртүрлі болуы анықталды. Бірінші топқа жататын лепті сөйлемдер бүтіндей жоғары тональды деңгейде болып грамматикалық тәсілдерсіз–ақ айрықша интонациямен айтылады. Олардың мағыналық өзегі сөйлемнің аяғына таман орналасқандықтан интонация көрсеткіштері өзінің жоғары мәндермен сипатталады. Екінші топтағы лепті сөйлемдердің интонациясы екі мағыналық өзегімен сипатталып, интонация компоненттері едәуір көрсеткіштермен ерекшеленеді. Лепті сөйлемдердің түрлері лепті интонеманың варианттарына ие болады.

4. С.Аманжоловтың интонацияға байланысты төртінші түрі қаратпа, қыстырма, одағай сөз қатысқан сөйлемдер. Ғалым: «Сөйлемде тұрлаулы, басты мүшелер мен тұрлаусыз айқындауыш мүшелерден басқа, сөйлем мүшелерімен грамматикалық байланысы жоқ, бірақ сөйлем ішінде айтылатын сөздер болады. Олар: қаратпа сөз, қыстырма сөз, кейбір одағайлар». Ол сөйлемдерде қаратпа, одағай сөз өзінен кейінгі сөздермен бірігіп, интонациясы ілесіп айтылады, дейді. Оқшау сөздердің түрлерін айта кетіп, ғалым олардың тыныс белгілері жайында сөз еткен. «Қаратпа сөз сөйлемнің басында тұрса, одан кейін я үтір, я леп белгісі қойылады. Қаратпа сөз көтеріңкі дауыспен айтылса, леп белгісі қойылады», - дейді. Бұл жерде айтып кететін жөн. Тыныс белгілерінің екі түрі бар, тональды және паузалық. Леп белгісі тональды тыныс белгілеріне жатады. Сондықтан леп белгісі болған жерде қаратпа сөз жоғарылайтын әуен кескінімен ерекшеленеді және тиянақсыз интонемамен сипатталады.

С.Аманжоловтың пікірі бойынша, қысытырма сөздер, сөйлемдер кейде үтірмен бөлінеді, кейде жақшамен не сызықшамен қоршалады және бәсең әуенмен айтылады. Тыныс белгілері арқылы сөйлемнің қандай бөлшектерден тұрғанын, қалай мүшеленгенін көруге болады. Сөйлемнің ортасында келетін қыстырма сегменттердің интонациясы көмескіленіп, бәсең айтылатыны байқалады.

Ғалымның одағай сөз жайында айтқан сөзі: «Одағайлар, сезімге, көңіл күйіне байланысты айтылуы арқасында басқа сөз таптарынан өзгеше жасалған. Бұлардың ішінен кейбіреуі басқа сөз табына айналдырмайынша, сөйлем мүшесі бола алмайды. Жалпы одағайдың екпінге, лепке байланысты, көтеріңкі дауыспен айтылатынын ескермей болмайды. Сол көтеріңкі айтылудың өзі-ақ олардың басқа сөзден бөлек тұратынын көрсетеді. Сондықтан да, олар сөйлемде оқшауланып

қалады. Қысқасы, одағай оқшаулар қаратпа сөздер сияқты ерекше интонация арқылы айтылады».

Оқшау сөздерді қолдануда, олардың эмоциялық мағынасын, функциясын айтуда интонацияның және оның компоненттерінің маңызы зор екенін фонетикалық эксперименттер де көрсетеді. Экспериментті – фонетика талдаудың нәтижесінде оқшау сегменттердің интонациялық ерекшеліктері анықталған және ғалымның ой-пікірлері дәлелденген. Интонацияның компонеттері бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп оқшау сегменттердің ерекшеліктерін сипаттап, коммуникативті қызмет атқарады. Интонация арқылы сөйлемдер мағынасына қарай бөлшектеніп, мүшеленген сегменттердің ара-қатынасы анықталып түсіндіріледі.

5. С.Аманжоловтың айтуынша интонацияның бесінші түрі «өлеңді сөйлемде интонация ритм (ырғақ), ұйқас (рифма), буын... сияқты сөз кестелерін жетектеп отыратыны. Соның арқасында не алуан сөз тізбектері, шумақтары жеңіл оқылып, түсінікті болып отырады». Ғалым көп бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерді талдағанда бірыңғай жарыспалы бағыныңқыларға мысал келтіреді:

Бекініп садақ // асынбай,
Біртіндеп жауды // қашырмай,
Білтеліге // доп салмай,
Қорамсаққа // қол салмай,
Қозы жауырын // оқ алмай,
Атқан оғы // жоғалмай,
Балдағы алтын // құрыш болат,
Балдағынан қанға // боялмай,
Қасарысқан // жауына,
Қанды көбік // жауғызбай,
Халыққа тентек // атанбай,
Ерлердің ісі // бітер ме?!

Мұнда бір шумақты, жеті-сегіз буынды, он екі тармақты Махамбеттің өлеңі бір тақырыптың көлемінде өрбиді. Өлеңнің сөздері бір-бірімен үйқасып, үйлесіп, ырғақ жағынан бір өлшемге негізделіп тұр. Өлеңнің тармақтары екі синтагмадан тұрып, төрт+үш буын болып, көтеріңкі-бәсең толқынды әуенмен сипатталады. Сондай-ақ, поэзия тілінде де интонация компоненттері өлеңнің мазмұнымен, оның эмоциялық реңкімен тығыз байланысты.

Сонымен С.Аманжоловтың интонация туралы мәліметтері қазіргі уақытта да өзекті мәселелердің бірі болып табылады және қазіргі тіл білімінің жаңа саласының—интонологияның аясында дамып өзінің жалғасын тауып жатыр.

ДЫБЫСТАР СӨЗ БЕН СӨЙЛЕУДІҢ НЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі, ғылым ұйымдастырушы, академик Н. Сауранбаев қазақ тіл білімі болашағы үшін көп еңбек сіңірген. Мәскеу, Ленинградта білім алған, сауатты да дарынды ғалымды отандық және шетелдік ғалымдар жоғары бағалаған, себебі екі тілді ғалым өз еңбектерін қазақ және орыс тілдерінде қатар жазып, лингвистикалық проблемаларды әлемдік деңгейге көтерген. 1953 ж. Н.Сауранбаевтың «Қазақ тілі» деген педучилищелерге арналған

оқулық жарық көрді. Тіл білімінің басқа салаларымен бірге онда әлі көп айтылмай, еленбей жүрген «Фонетика» деген бөлім бар. Онда студенттерге түсінікті болу үшін қарапайым тілмен дыбыс, фонема, әріп, дыбыс заңдары, буын және екпін туралы мәліметтер берілген.

«Сөздердің мағынасын бір-бірінен ажырататын, түрлендіретін артикуляциялық тұрақты дыбыстарды **фонема** деп атайды, ал тілде естілетін, айтылатын жалпы дыбыстарды **сөйлеу дыбыстары»,** деп жазады өз оқулығында. Ғалымның бұл пікірі көңілге қонымды. Н.Сауранбаев фонеманың сырын, оның қасиетін «жеке сөздердің мағыналарын бір-бірінен ажырататынын» дұрыс түсінген. Осы ойды дәлелдеу үшін ғалым мысалдар келтірген: *ал – әл* деген екі ұғымды ажыратып тұрған **<а>** мен **<ә>** дыбыстары. Сол сияқты *бос – боз* деген ұғымдарды **<с>** пен **<з>** дыбыстары ажыратып тұр. Яғни ғалымның бұл жердегі айтпағы бір дыбыстың орын ауыстырынан сөз мағынасының мүлде өзгеріп кетуі. Сондай-ақ Н.Сауранбаев жеке-дара тұрған дыбыстардың тұрақты тіркесуі арқылы белгілі бір мағынасы бар сөз жасалатынын айтады. «*Әл, бос, боз* деген ұғымдар сол жеке дыбыстардың тұрақты тіркесі арқылы ғана құлаққа естіліп, ұғынылады. Сол себептен сөйлеу дыбыстары мәнді болады».

Ғалым аталмыш оқулығында дыбыс дегеніміз не, фонема дегеніміз не және әріп дегеніміз не, олардың бір-бірінен айырмашылығы қандай деген сұрақтардың нақты жауабын ғылыми тұрғыдан негіздеп көрсетіп, оларды мысалдар арқылы дәлелдеп шыққан. Оқушылардың терең түсініп, меңгеруі үшін қосымша тапсырмалар мен арнайы жаттығулар берген.

Ғалымның бұл оқулығында қазақ тілінің дыбыс қоры толығымен түгенделіп, сипатталған. Онда: «Тұрақты фонемалар қазақ тілінің негізгі сөздік қорындағы барлық сөздерде қолданылады, олар қазақ тілінің негізгі сөздік қорымен бірге ерте шығып қалыптасқан фонемалар және олар негізгі сөздік қордың дыбыстарының көрінісі, сол себепті қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктерінің бірі болып саналады», - дейді. Ал кірме дыбыстар тілімізге халықаралық сөздер арқылы енді деп көрсетеді және сол халықаралық сөздерде, терминдерде қолданылатын **в, ф, ч, ц** дыбыстарының жазылуына да назар аударып, мысалдар береді: *вагон, совет, ферма, философия, чемпион, цилиндр.* Осы дыбыстарды ғалым бөлек алмай, қазақ тілінің дыбыс жүйесіне кіргізген, себебі олар қолданыста бар. Біздің ойымызша, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін ұсынғанда, ғалымның пікірін ескеріп, **в, ф** дыбыстарын жаңа қазақ тілінің әліпбиіне қосу керек және бұл дыбыстардың негізгі латын әліпбиінде баламалары бар: **в - v, ф - f.** Кезінде еуропа тілдерінен келген бұл дыбыстар орыс тілінің өзінде де үйреніп кеткенше біраз уақытқа дейін жат, бөтен дыбыстар болып көрінетін. Ал **ч** мен **ц** дыбыстарын жазуда **ts** мен **th** тіркестерімен беруге болады.

Н.Сауранбаев артикуляторлық фонетика туралы да өз ой-пікірлерін айтып кеткен. Яғни тіліміздегі дыбыстардың сөйлеу мүшелері арқылы жасалу ерекшеліктеріне тоқтала отырып, олардың тыныс жолы, ауыз қуысы (таңдай, тіл, тіс, ерін), жақ және мұрын қуысы арқылы жасалатынын айтады. Мәселең, ғалым *тоң* деген сөздегі **<т>, <о>, <ң>** дыбыстары өкпеден шыққан ауаның тіл мен тіске қақтығып, еріннің сүйірленген қалпында мұрын қуысы арқылы айтылатынын ескертеді.

Сөйлеу дыбыстарын жасаудағы сөйлеу мүшелерінің қызметін ғалым артикуляциямен байланыстырады. «Сөйлеу дыбыстарының жасалуы, артикуляциясы

тұрақты болады. Сүйтседе де жеке адамның сөйлеу ерекшеліктеріне байланысты жеке дыбыстар сөйлеуде ылғи бір қалыпта айтылмайды. Негізгі түрінен ауытқып, айнып та айтылады», - дейді ғалым. Осы ойды дәлелдеу үшін Сауранбаев **жігіт, құндыз, кел** деген сөздерді мысал ретінде келтіріп, **<ж>** дыбысы кейде африкат **[дж]**-ға ұқсап, **<ы>** дыбысы еріндік қысаң **[ұ]** мен **[ы]**-ның арасындағы бір дыбысқа ұқсап, ал **<л>** дыбысы қасында тұрған жіңішке дауыстының ықпалымен жіңішке айтылатынын байқайды. Сөйлеу дыбысының тұрақты және айнымалы түрі бар, ал тілдің дыбыстық жүйесі тек тұрақты дыбыстардан тұрады, дейді ғалым.

Сауранбаевтың тұрақты дыбыс дегені фонема теориясы тұрғысынан келсек инвариант фонемаға сәйкес келеді, ал олардың өзгермелі түрлері фонеманың вариациялары болып табылады. Ғалымның сөзімен айтсақ: «сөйлеу дыбыстарының айныма түрлері сөздің мағынасын түрлендірмейді, оның сөз мағынасын ажыратуға септігі жоқ». Сондай-ақ ғалым қазақ тілінің фонетикалық жүйесін фонология аспектісінде қарастырғанын көреміз.

Анлаут позициясында ғалымның мысалға алған **жігіт** сөзіндегі **<ж>** фонемасы кейде **[дж]** болып естіледі, ал инлаут және ауслаут позицияларында (қа**<ж>**ы, а**<ж>**ал) сол күйінде қалады. Осы екі түрінде айтылатын дыбыстар бір **<ж>** дыбыс типінің көріністері болып табылады, олардың жеке-жеке фонематикалық қасиетін атқаратын мүмкіндігі жоқ. Сондықтан **<ж>** дыбыс типі басқа дауыстыларға қарама-қарсы қойылып, мағына айқындайтын қасиетімен инвариант фонемаға жатады. Аталған мысалдарда фонеманың екі реңкте айтылуы олардың сөздегі алатын позициясына байланысты.

Дауыссыз дыбыстар қазақ және орыс тілінде жуан, жіңішке болып екі топқа бөлінетіні белгілі. Бірақ олардың жуан-жіңішкелігі функционалды (қызметі, қолданысы) жағынан бірдей емес. Орыс тілінде жуан дауыссыз бір фонема, жіңішке дауыссыз екінші фонема болып қызмет атқарады. Мысалы: *мел – мель* сөздерінде **[л]** - дыбысының жуан-жіңішкелігі сөздердің мағынасын ажыратып тұр. Қазақ тілінде олай емес. Ғалым бұған кел деген сөзді мысалға келтіреді. Бұнда **<л>** инвариант фонемасының жіңішке вариацияда көрініс табуы қасындағы жіңішке дауысты **<е>**-ге байланысты болып тұр. Жалпы қазақ тілінде **<л>** дауыссызының жуан-жіңішкелігі сөздердің мағынасын ажырата алмайды, себебі бұл дыбыстардың фонематикалық қасиеті жоқ.

Сондай-ақ ғалым Сауранбаев әлсіз позицияда дыбыстардың өзгеріске ұшырайтынын да айтады. Бұған ғалымның *құнд<ы>з* деген мысалын қарастырайық. Бұл жерде әлсіз позицияда **<ы>** фонемасы **[ұ]** мен **[ы]**-ның арасында айтылады дейді ғалым. Бұнда **[ұ]** мен **[ы]** дыбыстары **<ы>** фонемасының вариациялары болып табылады. Сондай-ақ, әлсіз позицияда *қолың* [қолұң], *момын* [момұн], *сөзің* [сөзүң], *көзің* [көзүң], *көйлек* [көйлөк], *көнген* [көнгөн] деген сөздерде **<ы>**, **<і>**, **<е>** фонемалары **[ұ]**, **[ү]**, **[ө]** дыбыстарына ұқсас айтылады. Сонда **[ұ]**, **[ү]**, **[ө]** дыбыстары **<ы>**, **<і>**, **<е>** фонемаларының вариациялары болып табылады.

Соңғы кезде орта және жас буынның сөйлеу тілінде көрсетілген дауысты фонемалардың вариациялары кейде байқалмайды. Бұл – қоғамның және оның тілінің даму процесіне байланысты заңды құбылыс. Себебі сөздердің жазылуы айтылуына да әсер етуі мүмкін, ол кейде сөйлеу тілінің «бұзылғаны» деп бағаланады. Алайда сөйлеу тілі жазба тіліне және керісінше жазба тілі сөйлеу тіліне ықпал

етеді, яғни бұл орфография мен орфоэпияның бір-бірімен байланысын көрсетеді. Көрсетілген мысалдарда қысаң <ы>, <і> және жартылай қысаң <е> дауыстылары ерін үндестігі негізінде өзінің вариацияларында жүзеге асады, бірақ бірінші буындағы еріндік дауыстылардың екінші буындағы дауыстыларға әсері аздау. Ал жас ұрпақ, мысалы, студенттер оны мүлде сезбейді. Бұл – заманның бір көрінісі.

Сонымен, жоғарыдағы ғалымның талдауларынан көретініміз, фонема деген – өте күрделі абстрактілі дыбыстық бірлік және түрлі акустика-артикуляциялық қасиеттердің жиынтығы. Олар сөз ағымында көрініс тауып, сигнификативтік (мағына ажыратушы) қызмет атқарады. Фонема тілдің фонетикалық жүйесінің компоненті болуымен қатар дыбыс тізбектерінде түрленіп, әр алуан өзгерістерге түседі.

Академик Н. Сауранбаев дыбыс пен фонеманың айырмашылығын да көрсетіп, оны мысалдар арқылы дәлелдеген. Ғалымның дыбыс және әріп деген ұғымдарын түсіндіруі кейінірек жарық көрген фонетикалық еңбектерге де арқау болды. Ғалым әріп пен дыбысқа қатысты мынадай тұжырым жасаған: «Әріп пен дыбыс екеуі екі нәрсе. Дыбыс құлаққа естіледі, бірақ көзге көрінбейді. Дыбыс көзге көріну үшін оны таңбалаймыз. Дыбыстың осы таңбасын әріп дейміз. Қандай таңба болмасын қолдан жасалады. Ал дыбыс қолдан жасалмайды. Дыбыс – тұрақты табиғи нәрсе. Ал таңба (әріп) – шартты, жасанды нәрсе. Мысалы, тіліміздегі **п** дыбысын мүлдем өзгертіп, қайта жасауға болмайды, үйткені ол тұрақты табиғи нәрсе. Ал әріп қолдан жасалатын шартты нәрсе болғандықтан, өзгертуге де, оның орнына басқа таңба алуға да болады. Кейінгі 30 жыл ішінде **п** дыбысының таңбасы талай өзгерді; 1929 жылға дейін **п** дыбысы арабша таңбаланды. 1929 жылдан 1941 жылға дейін **р** таңбасымен таңбаланды. Ол қазір **п** әрпімен таңбаланып отыр». Н. Сауранбаевтың бұл пікір-ойлары жазу теориясымен үндеседі және одан әріп пен дыбыстың арақатынасы қандай деген сұрақ туады. Бұл сұраққа ғалым былай деп жауап береді: «Әріп дыбыстың таңбасы болғанымен, оның саны тілдегі дыбыстардың санымен бірдей болуы шарт емес. Бұл мәселе әріп таңба жасау әдісімен байланысты, яғни әр тілдің ерекшелігіне, қалауына байланысты». Шынында да Европа тілдерінде латын әлпбиінде әріптердің саны 26, ал дыбыстардың (фонемалардың) саны француз тілінде 35, ағылшын тілінде 45. Мысалы, француз тілінде **а** әрпі үш фонема арқылы беріледі: **а** – тілалды, **а** – тіларты және **а** – мұрынды. **О** әрпі үш фонемаға сәйкес келеді: **о** – ашық, **о** – жабық және **о** – мұрынды. Е әрпі де үш фонемада көрініс табады: **е** – ашық, **е** – жабық және **е** – мұрынды. Бұл сөйлеу мен жазудың арасындағы үлкен алшақтық батыс европа халықтарының жазу жүйелерінде көптеген замандар бойы елеулі реформаның жасалмауынан болып отыр.

Ертерек қабылданып, елеулі өзгеріске түспеген жазу жүйелері сөйлеу тілінің ғасырлар бойы дамуын, ондағы өзгерістерді көрсете алмайды. Айтылуына жазылуы жақынырақ келетін тілдердің қатарына шығыс европа тілдері жатады. Латын графикасына негізделген шығыс еуропа тілдерінің жазуы модификацияланып, өздерінің спецификалық дыбыстарына сәйкес жаңа графемалармен толықты. Жаңа графемалар көбінесе диакритикалық таңбалар арқылы жасалады. Сондықтан шығыс еуропа тілдерінің әліпбиінде әріптердің саны көбірек. Бұған байланысты Сауранбаев: «Кейде әріптің саны дыбыс санынан көп болуы мүмкін. Мәселең, қазіргі қазақ тілінде 37 дыбыс (фонема) бар да, 42 әріп бар. Бұл әріптердің ішінде мына таңбалар дербес фонема емес, кейбір дыбыстардың қосылып қолданылатын түрінің таңбасы: ю (й+у), я (й+а), ал ъ – жуандық белгісі мен ь – жіңішкелік

белгілерінің мүлдем дыбыстық мәні жоқ. Бұл екі белгі өз жанында тұрған дауыссыз дыбыстың жуан-жіңішкелігін я қосымша мен түбірдің жігін көрсету үшін қолданылады» дейді ғалым.

Ең жақсы әліпбиде бір әріпке бір фонема сәйкес келеді деген пікір таралған, дегенмен фонемаларды осылай таңбалаған үнемдеу принципіне қарсы шығады. Тілші-ғалымдар үнемді әліпби құрудың амалын іздеп, фонемалар мен графемаларды сәйкестендіру үшін математикалық формулаларды ұсынған болатын. Орыс тілінде әліпбиді үнемдеу үшін дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішке айырым белгілері қасында тұрған дауысты дыбыстар арқылы беріледі. Бұндай орыс жазуының орфографиясы силлабикалық жазу деп аталады. Орыс тіліне сәйкес дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішкелігі силлабикалық принципімен берілуі өте қолайлы, әйтпесе жіңішке дауыссыздарды көрсету үшін тағы біраз жаңа әріптер енгізу керек болар еді. Дауыссыздардың жіңішкелігін белгілеу үшін бес жіңішке дауыстыларды (я, ю, е, е, и) пайдалану графикалық тәсілдерді үнемдеу принципіне сәйкес келеді, бұл тек жазуда ғана емес, компьютерлік теруде де қолайлы. Сонымен ғалымның әріп пен фонеманың ара-қатынасы туралы тұжырымдамалары өзекті болып табылады. Себебі қазіргі таңда қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселесі барлық лингвистерді және бүкіл қоғамды қызықтырып отыр. Ал латынға көшудің негізгі проблемасы әріп пен дыбыстың сәйкестігін көрсету, басқаша айтқанда, қазақ дыбыстарын латын әріптерімен таңбалау жолдарын тауып ұсыну.

Н.Сауранбаев өз оқулығында дыбыстарды екі топқа (дауыстылар, дауыссыздар) бөліп, олардың жасалуын, айтылуын, естілуін талдап көрсеткен. «Сөйлеу дыбыстары *жасалуына, айтылуына, естілуіне* қарай түрлі-түрлі болады», дейді ғалым. Әр дауысты дыбыстың артикуляторлық ерекшеліктерін талдап, Сауранбаев олардың өзара айырмашылықтарын сипаттап береді. «Дауыстылар тілдің, жақтың, еріннің қызметіне қарай жуан-жіңішке, ашық-қысаң, еріндік-езулік болып жіктеледі, бірақ әр жікке жататын дыбыстардың сапасы бірдей деп түсінуге болмайды. Әр жікке жататын дыбыстардың да өзіне тән ерекшеліктері болады» деп ғалым 12 дауыстының жіктеуін келесі кестеде көрсетеді:

	езулік		еріндік	
	ашық	қысаң	ашық	қысаң
жуан	**а**	**ы**	**о**	**у, ұ**
жіңішке	**ә, е, э**	**і, и**	**ө**	**ү**

Н.Сауранбаев дауысты дыбыстардың емлесіне, жазылу ережісіне де назар аударған. «Қазақ тілінің байырғы сөздерінде бас буындағы жіңішке **ө, ү** дыбыстарының әсерімен соңғы буындағы жіңішке езулік **е** дыбысы **ө** болып айтылады, ал сөздің бас буынындағы **о, ө, ұ, ү, у** еріндіктерінің ыңғайымен соңғы буындағы **ы, і** езулік қысаңдары еріндік **ұ, ү** болып естіледі» деп, мынадай мысалдар келтіреді: *өлең-өлөң, көркем-көркөм, жүрек-жүрөк, бөтен-бөтөн, көмей-көмөй, сөйле-сөйлө, түбек-түбөк, құндыз-құндұз, жұлдыз-жұлдұз, күбі-күбү, түбіт-түбүт, қобыз-қобұз, күміс- күмүс, күздік- күздүк, көңіл-көңүл* т.б. Екінші буындағы дауыстылар түрленіп, бас буында тұрған фонемалардың әсерімен өзгеріп, соларға жуық айтылып тұр, дейді. Фонемалардың вариацияла-

ры модификацияланып, сөздегі алған орнына байланысты және фонемалардың ықпалымен өзгеріп, еріндік реңкте айтылады. Ғалым **ы** мен **і** дауыстыларының **л** мен **р** дауыссыздарының алдында ілесетінін, бірақ жазуда ескерілмейтінін айтады (рас-ырас, лақ-ылақ). Ғалымның бұл пікірлері жалпы тіл білімінде қолдау тапқаны белгілі. Сөздің алдынан артық дыбыстың қосылуы **протеза** деп аталады. Қазақ тілінде протеза болатын көбінесе қысаң дауыстылар.

Ғалым **у** және **и** дыбыстарының да айтылу, жазылу, естілу ерекшеліктеріне байланысты өз тұжырымын жасаған: «**У, и** дыбыстары дауыссыздармен қатар келгенде, толық дауысты дыбыс болып қолданылады: *ту, жу, ит, ти* т. б. Ашық дауыстылардан кейін бұлар дауыссызға айналады да, буын құрай алмайды. Мысалы, *бау, жау, бай*, телегей т.б. Сөйлеу тілінде **у** дыбысының алдында қысаң **ы, і** естіледі, бірақ жазуда ескерілмейді: *бару, туу, көру, білу*. Ғалымның бұл пікірін латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін ұсынғанда ескеру қажет. Себебі қазіргі кезде бұл дыбыс дау тудырып отыр. Кирил әліпбиіне көшкенде аталмыш дифтонгоид дыбыс әріптерді үнемдеу принципіне сәйкес оны **у** таңбасымен белгілеген жөн. Тіл иелері бұл дыбысты дифтонгоид фонема ретінде қабылдайды, ал жазуда олар бір әріппен белгіленіп, адамның санасына еніп, фонологизация құбылысына бағынған. Осыған байланысты бірнеше қағидаларды ескеру керек. Біріншіден, алфавит өзінің құрамындағы әріптердің молдығымен емес, ықшамдығымен бағалануы керек.

Сондықтан дыбыс тіркестерін кейде бір ғана әріппен таңбалауға болады. Жалпы графика сөйлеу тілінің дыбыстық жағын, оның ерекшеліктерінің барлығын түгелдей қамтып бере алмайды. Оны фонетикалық транскрипция атқара алады. Сөздердің жазылуы мен айтылуының бір-біріне әрқашан сайма-сай келе беруі шарт емес. Тілдердің әрқайсысында жазылуы мен айтылуының арасында айырмашылықтар болады. Орфография сөздердің дыбысталуын дәлме-дәл көрсете бермейді, ал орфоэпияның ең негізгі қызметі – сөздің дыбыстық құрамын дәлме-дәл көрсету. Орфография мен орфоэпияның айырмашылығы осында.

Академик Н.Сауранбаев қазақ тіліндегі 24 дауыссыз дыбыстардың «үннің қатысына, жасалу тәсіліне және жасалу орнына қарай түрленетінін» ұсынған. Дауыссыздарды үннің қатысына қарай үш түрге бөлген: қатаң дауыссыздар, ұяң дауыссыздар, сонорлар. Қатаң және ұяң дауыссыздар үнсіз дыбыстар, сонорларды, үнділерді міңгір я ызың деп бөледі. Дауыссыздарды жасалу тәсіліне қарай шұғыл (үзілмелі), ызың (сүзілмелі) болып түрленуін көрсеткен. Дауыссыз дыбыстардың жасалу орнына қарай тіл арты, тіл ортасы, тіл алды, қос еріндіктер, тіс еріндіктер деп бөледі. Дауыссыздардың (сонорларсыз) осы айтылған жіктерін Н.Сауранбаев кесте арқылы былай талдайды:

	Тіл арты		Тіл ортасы		Тіл алды		Еріндіктер			
							Қос еріндік		Ерін мен тіс	
	Қатаң	Ұяң	Қатаң	Ұяң	Қатаң	Ұяң	Қатаң	Ұяң	Қатаң	Ұяң
Үзілмелілер (шұғылдар)	**қ**	**ғ**	**к**	**г**	**т**	**д**	**п**	**б**	-	-
Сүзілмелілер (ызыңдар)	**х**	**h**	-	-	**с, ш**	**з, ж**	-	-	**ф**	**в**

Сонорларды жасалу орнына қарай Н.Сауранбаев ауыз жолды, мұрын жолды деп екіге бөлген және үнге (дауыс) қатысты ашық үнді сонорлар және міңгір үнді сонорлар деп бұларға жеке кестені ұсынған:

	Мұрын жолды	Ауыз жолды
Ашық үнділер	-	**р, л**
Міңгір үнділер	**м, н, ң**	-

Сонымен қатар Н.Сауранбаев дауыссыз дыбыстардың емлесі мен олардың дұрыс жазылу ережелерін де көрсетеді. Қазақ тіліндегі дыбыс заңдарын дауысты дыбыс заңдары және дауыссыз дыбыс заңдары деп екі топқа бөледі. Дауысты дыбыс заңдарына ғалым сингармонизмді (үндестік заңы) жатқызады. «Сөздердің не жуан, не жіңішке болуын және көп буынды сөздердегі (түбір мен қосымшалардағы) дауыстылардың не жуан, не жіңішке боп үндесуін дауыстылардың үндестік заңы я сингармонизм» дейді ғалым. Дегенмен қазақ тіліндегі барлық сөз барлық жерде бұл үндестік заңына бағына бермейді, деп ғалым халықаралық терминдерді, екі түбірден құралған адам аттарын, жер-су, қала аттарын және басқа да сөздерді мысалдар арқылы келтіреді: *театр, экономика, Серкебай, Ақтөбе, шекара, күйкентай, қате, кітап, қызмет.* Ерін үндестігі жайында ғалым «қазақ тілінде ескеріп қалған заң. Басқы буыны еріндік дауыстылардан құралған сөздердің соңғы буынында еріндік дыбыс естілсе де, ол грамматика да, емледе де еленбейді» дейді. Ғалымның бұл пікірі жалпы тіл білімінде қолдау тапқан.

Сингармонизм (үндестік заңы) қазіргі түркі тілдеріне және ежелгі славян тілдерінің бір дәуірлеріне тән типологиялық құбылыс. Осы құбылысты барлық тілдердің дамуында орын алатын өтпелі, ауыспалы кезең деп айтуға болады. Славян ататілінің фонологиялық жүйесін зерттеген белгілі славист В.К.Журавлев кезінде топталған фонема теориясын дүниеге келтірді. Бұл теория бойынша, топталған фонема (силлабема) құрамында біртоналды біріне-бірі ілескен дауыссыз бен буын құрайтын дауысты дыбысы бір тембрмен, сингармонизм заңына сәйкес, жуан я жіңішке айтылатын фонологиялық бірлік болып табылады.

Дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ықпалын тигізіп өзгеруін, Н.Сауранбаев үшке бөліп қарастырады: ілгерінді ықпал (прогрессивтік ассимиляция), кейінді ықпал (регрессивтік ассимиляция), тоғыспалы ықпал (ассимиляция). Бұлардың өзара айырмашылықтары мен ерекшеліктерін мысал арқылы талдай отырып «ықпал заңы жазуда есепке алынбайды» деп көрсетеді. Ғалымның пікірі бойынша, «кейінді ықпалдастық заңы қазақ тілінде аз кездеседі. Бұлай ықпалдасатын **с, з, ш, ж** дыбыстары ғана».

Фонемалардың позициялық алмасуы сөз көлемінде болады. Сигнификативтік әлсіз позицияда қарама-қарсы қойылған фонемалар өздерінің дыбысталуында бірыңғай шығады да тілдік мазмұнды бірліктерін ажыратпайды. Әлсіз позицияда фонеманың варианттары орын алады. Сауранбаевтың келтірген мысалдары соған дәлел: *қос+шы* [қошшы], *сөз+шең* [сөшшең], *саз+жер* [сажжер]. *Қосшы* деген сөзде <**с**> фонемасы өзінің қасиетін жоғалтып, <**ш**> фонемасының қасиетін алып отыр, *сөзшең* деген сөзде <**з**> фонемасы <**ш**> фонемасының қасиетін алып отыр, *сазжер* деген сөзде <**з**> фонемасы <**ж**> фонемасының қасиетін алып отыр. Басқаша

айтқанда, көрсетілген сөздерде <з> фонемасы екі вариантта **[ш], [ж]** көрінеді, ал <с> фонемасы **[ш]** вариантында көрініс табады. Яғни дауыссыздар әлсіз позицияда келгенде бейтараптанып, өзіне басқа бір дыбыстың қасиетін алады. Сондықтан ғалымның келтірген мысалдары фонема теориясының ұғымдарымен сабақтасып жатыр.

Н.Сауранбаев қазақ тіліндегі буын мәселесіне де ерекше назар аударып, оған мынадай анықтама береді: «Сөздегі бір дауыстының я дауысты мен дауыссыздардың дауыс толқынымен бөлшектеніп айтылатын тобын буын деп атайды». Буындардың түрлерін көрсетіп (жалаң буын, ашық буын, тұйық буын, бітеу буын) ғалым олардың ерекшеліктерін мысалдар арқылы көрсетеді. Буынның соңында екі дауыссыздың қатар келуі қазақтың байырғы сөздерінде кездесе береді деп *бұлт, қант, жент, дерт, серт, жұрт, ұлт* деген сөздерді келтіреді. Қазақ тіліндегі бір буынды түбірлердің құрылымын (V, CV, VC, VCC, CVC, CVCC) қарастырған Ә.Қайдаровтың пікірінше, бұлардың бәрі түркі тілдерінің даму тарихында кездескен тұлғалар. Бірақ солардың ішінде V мен CV түркі тілдерінің ең алғашқы тұлғалары болып табылады, қалғандары тілдің агглютинативтік дамуына сәйкес пайда болған модельдер дейді. Қазіргі қазақ тілінде буын құрайтын дыбыс тіркестерінің түрлері көп. Олар дауыссыз-дауысты, дауысты-дауыссыз, дауыссыз-дауысты-дауыссыз болып келе береді, ал дауысты-дауыссыз-дауыссыз, дауыссыз-дауысты-дауыссыз-дауыссыз сирек ұшырасады. Сөйтіп фонема тіркестерінің универсалды типін және олардың кейбір ерекшеліктерін анықтауға болады. Мысалы, «дауыссыз-дауысты» тіркесімі барлық тілдерде орын алады. Бірнеше тілдердің фонемалар тіркесімдерінің типтерін анықтауда және оларды салыстыруда әлемдік фонологиялық жүйелер типологиясының маңызы зор екені көрінеді.

Н.Сауранбаевтың еңбегінде екпін мәселесі де жете қарастырылған. «Қазақ тіліндегі екпін екі түрлі болады: басым екпін, бәсең екпін. Басым екпін демнің күшімен айтылады да, көбінесе соңғы буынға түседі. Ал бәсең екпін демнің күші соңғы буынға көшкендіктен, бәсең айтылады. Бұл, көбінесе, бас буында болады. Басқа славян, герман тілдерімен салыстырғанда, қазақ тіліндегі, сол сияқты жалпы түрік тілдеріндегі екпін музыкалы емес, демдік (экспираторлық) екпін, яғни дауыстың не жоғары, я төмен құбылуы арқылы емес, демнің (экспирация) күші арқылы айтылады. Сонымен бірге қазақ тіліндегі екпін басқа түрік тілдеріндегідей ауыспалы емес, сөздің қосымшасыз түрінде мейлінше тұрақты, яғни басым екпін сөздің соңғы буынына түседі» дейді ғалым. Экспираторлық күшімен жасалатын екпінді фонетика ғылымында динамикалық екпін дейді, себебі акустикалық сипаты бойынша екпін түскен дыбыстың интенсивтілігі молырақ болады, яғни динамикалық параметрлердің мәндері ұлғаяды. Сөйлемдегі сөз тізбектерінің бір бөлігін акценттеу керек болса, сол жердегі дауыс интенсивтілігі күшейеді. Қазақ тіл білімінде бұл екпін «лебізді» және «тегеурінді» деп те аталады.

Н.Сауранбаев қазақ тіліндегі екпіннің тұрақтылық қасиетін айта кете, оның «ауысатын, жылжыйтын» жерлеріне де көңіл бөлген. «Сөздің қосымшасызтүрінде екпін тұрақты болса, етістіктердің қосымшаларында екпін жылжымалы келеді. Сөзге жалғанатын кейбір қосымшаларға бәсең екпін түседі. Олар етістіктің болымсыздық қосымшасы (*барма, келме, айтпа, сөйлеме, тынымсызданба*), жіктік жалғауы (*аламын, алады, аласың*)» дейді ғалым. Екпіннің үнемі сөздің соңында болмауы грамматикалық формаларды ажырату қызметіне және эмоциялық-

экспрессивтік мағынаға ие болуымен байланысты. Екпіннің грамматикалық формаларын, мағынасын ажырату қабілетін ғылыми әдебиетте сигнификативтік қызмет деп атайды. Ғалымның өз сөзін келтірейік: «басым екпіннің басқы буынында я соңғы жалғауда болуы бұйырудың мәніне байланысты. Мәселең, әмір ете айтсақ, *бермеңіз*, жай айтсақ, *бермеңіз*. Бірінші жағдайда басқы буынға түседі, екінші жағдайда болымсыз ме-ге түседі. Сол сыяқты: **а**лмаңыз, алма**ң**ыз». Екпіннің басқы буынға түсуі етістіктің экспрессиялық реңкпен айтылғанын көрсетеді. Бұл жерде айта кететін жайт: екпін жағынан қазақ тіліне ұқсайтын француз тілінде осындай екпінді екінші қатарлы екпін дейді (accent secondaire, вторичное ударение).

Н.Сауранбаев логикалық екпін туралы да өз пікірін білдірген. «Бір сөзге көңіл аудару үшін сөйлемдегі бір сөздің басқа сөздерден әдейі басым айтылуын логикалық (мағына) екпін деп атайды. Логикалық екпін тұрақты болмайды, көңіл аударылатын сөзге түседі. Қай сөзге көңіл аударылса, сол сөз ерекше басым айтылады. Мұндағы екпін сөздің құрамындағы дыбысқа, буынға байланысты емес, сөйлемдегі тұтас бір сөзге ерекше мән беруге байланысты» дейді ғалым. Осы ойын дәлеледу үшін Сауранбаев мынадай мысалдар келтіреді: ***Бала*** *сабағын оқыды* (екпін *бала*-ға түскен). *Бала* ***сабағын*** *оқыды* (екпін *сабақ*-қа түскен). *Бала сабағын* ***оқыды*** (екпін *оқыды*-ға түскен). Қазіргі фонетика ғылымында логикалық екпінді ой екпіні деп жүр.

Ой екпіні сөйлемдегі бір сөздің мәніне айрықша көңіл аудара, күшейтіп, басқалардан гөрі оның мазмұн жүгінің салмақтырағын көрсетіп тұрады. Бір жақтан, ой екпіні сөйлемнің семантикасымен, мазмұнымен тығыз байланысты болса, басқа жағынан сөйлемнің мазмұны да ой екпіні арқылы өзгеріп тұрады. Ой екпіні, функциональды грамматика аясында қарастырылатын, сөйлемнің актуалды мүшелерге бөлінуінде айрықша көрініс табады, яғни, басқа сөзбен айтқанда, ол тема және рема ұғымымен тығыз байланысты. Сөз барысындағы ой екпінінің негізгі қызметі - оның айтылымдағы психологиялық баяндауыш (логикалық предикат) реманы ажыратып беруінде. Ол интонацияның ең маңызды компоненттерінің бірі ретінде сөйлемнің актуалды мүшеленуін жүзеге асырудағы бірден-бір құрал болып табылады. Тема негізгі тонның жоғарылауынан туындаған кідіріс пен әуен сызығының сынуы арқылы сипатталса, ал акценттелген ремада тонның төмендеуі анық байқалады. Бұл тұста просодикалық көрсеткіштер сөз актісі барысындағы сөйлеуші ниетін білдіруші семиотикалық құралдар қызметін орындайды. Олардың кейбіреулері жасалып отырған хабардағы салмағы аздау, сол жағдаятқа алдын ала белгілі мәліметтерді ғана білдіру үшін қолданылса, енді біреулері орын алып отырған сөз актісіне ұйытқы ретіндегі жаңа ақпаратты жеткізу мақсатында қызмет етеді. Синтагманың мазмұны сөйлеушінің не айтқысы келгеніне, оның сөйлеу компоненттерінің қайсысын актуализацияландыруда тәуелді түрде өзгеріп отырады. Н.Сауранбаевтың мысалын тема мен ремаға бөліп көрейік:

тема	рема
Бала сабағын	***оқыды*** *Не істеді?*
Сабағын //	***бала*** *оқыды. Кім?*
Бала //	***сабағын*** *оқыды. Нені?*

Осы мысалдардағы сөйлемнің бірінші парадигмасындағы рема *не істеді?* деген сұраққа, екінші парадигмасындағы рема *кім?* деген сұраққа, ал үшінші парадигмасындағы рема *нені?* деген сұраққа жауап беріп тұр. Мысалдың екі

нұсқасында да тема мен рема кідіріспен бөлініп, бөлек синтагма құрап тұр және өздеріне тән көтеріңкі-бәсең интонациямен айтылып, ремадағы актуалды сөз акценттеліп тұр. Байқап отырғанымыздай, лексикалық құрамы бірдей сөйлемдер әр түрлі сөйлеу жағдаятында әр басқа айтылым түрінде көрініс береді. Сонымен бірге олардың бойындағы мазмұн да, ой екпіні арқылы ерекшеленген сөз де тұтынушы ниетіне сай қабылданады. Мәтінді адресанттың көздеген мақсатына дұрыс қабылдауда адресаттың психологиялық қалпымен, оның түсіне білу қабілеттерімен, жеке басының ерекшеліктерімен байланысты.

Контекст пен ситуацияға байланысты сөйлем тема мен ремаға бөлінгенде, олар айтылымға қойылған сұрақ арқылы анықталады. Айтылымның сұрақ бойындағы ақпарат бөлігі тема болса, айтылымның сұраққа жауап беретін ақпарат бөлігі рема қызметін атқарады. Ой екпіні пресуппозиция категорияларының астарлама мағынасын айрықшалап күшейту негізінде ерекше контекстік орта жасауға қызмет етеді. Бірақ ол фразалық екпінмен қабаттасып та көрініс табуы мүмкін. Онсыз фразалық екпін айтылымды біртұтастық ретінде өрнектейтін негізгі интонациялық құрал рөлін атқарып тұрады.

Сонымен, академик Н.Сауранбаевтың қазақ тіл білімінің фонетика саласына қосқан үлесі зор да, әрқырлы. Ғалым қазақ фонетикасының дыбыс, фонема, әріп, артикуляторлық фонетика, дауысты және дауыссыз дыбыстардың жіктелуі, дыбыс заңдылықтары, буын, екпін сияқты барлық бөліктерін талдау елегінен өткізіп, тнориялық тұжырымдар жасап кетті.

Әдебиет

Сауранбаев Н. Қазақ тілі (педучилищелерге арналған). Алматы, 1953.

Резюме

В статье впервые рассматриваются фонетико-фонологические проблемы в работах Н.Сауранбаева. Показывается весомый вклад ученого в различные аспекты сегментной и суперсегментной фонетики. Анализируются взаимоотношения буквы-фонемы-звука, вопросы артикуляторной фонетики, ударения, классификации гласных, согласных и т.д.

The paper first discusses the phonetic-phonological problems N.Sauranbaeva works. Shows a significant contribution of the scientist in various aspects of the segment and supersegmentnoy phonetics. Analyzed the relationship of the letter-phoneme-sound questions articulatory phonetics, stress, vowel classification, consonants, etc.

ӘУЕЗДЕР ӘЛЕМІ

Н.Т.Сауранбаевтың қазақ грамматикасындағы баса назар аударған саласы синтаксис, оның ішінде құрмалас сөйлем жүйесі. Ғалым құрмалас сөйлемдерді жан-жақты саралап, топтастырып, олардың құрылысы мен мазмұнын сипаттап, анықтап берген болатын. Н.Т.Сауранбаев құрмалас сөйлемдердің табиғатын ашып, олар бір-бірімен қалай құрмаласатынын, грамматикалық тәсілдер арқылы қандай логикалық байланыста болатынын анықтап берген.

Ғалым: «Құрмалас сөйлемнің құрамындағы негізгі синтаксистік компоненттер жеке сөздер ғана емес, сол сөздерден құралған дербес сөйлемдер болады; яғни құрмалас сөйлемдер бірнеше жай сөйлемдерден құралады. Сондықтан құрмалас сөйлемнің құрамы жай сөйлемнің құрамынан әлдеқайда кең, ірі, көлемді. Бұл айырмашылықты дұрыс тану үшін жай сөйлемнің құрамындағы негізгі бөлшектерді сөйлем мүшелері деп, ал құрмалас сөйлемнің құрамындағы негізгі бөлшектерді синтаксистік компонент деп, атаймыз, екінші сөзбен айтқанда, сөйлем мүшелері сөз, я сөз тіркестерімен шендес болады да, синтаксистік компоненттер жай сөйлемдермен шендес болады», - деп мысал келтіреді. *Егер құс етекке келіп түлкіге түссе, мен қайта оралып келгенше, сен қасына таянба.* Бұл бір тұтас сөйлем, бірақ жай сөйлем емес, бірнеше жай сөйлемдерден құралған құрмалас сөйлем. Ол үш жай сөйлемнен құралған: 1) *Егер құс етекке келіп түлкіге түссе* (құс – бастауыш, түссе – баяндауыш); 2) *Мен қайта оралып келгенше* (мен – бастауыш, келгенше – баяндауыш); 3) Сен қасына таянба (сен – бастауыш, таянба – баяндауыш). Бұл үш сөйлем тұтасып бір құрмаластың жеке-компоненттері болып тұр. Олардың әрқайсысының өзіне тән дербес бастауышы, баяндауышы және тұрлаусыз мүшелері бар, әр сөйлем бөлек тұрған қалпында бөлек-бөлек ойды білдіре алады деп түсіндіреді.

Н.Сауранбаев синтаксистің семантикамен қатынасын баса айтады. Жай сөйлемдер бір-бірімен байланысып құрмалас болу үшін олардың құрамындағы синтаксистік компоненттер бір-бірімен мағыналық байланыста болу керек дейді. «Жай сөйлемдегі ой белгілі бір оқиға, бір құбылыс көлемінде ғана құралады. Ал, бірнеше жай сөйлемдердің байланысуы арқылы айтылған ой бірнеше оқиға, бірнеше құбылыстар көлемінде құралады. Адам ойланыуның нәтижесінде ол жеке құбылыс, оқиға туралы ойлар құрмаласта бір-бірімен ұштасып, логикалық жағынан бір-біріне ұлғасып айтылады», - деп, мына мысалдарды талдайды: *Соныменен не керек, кешке дейін үйректерді қызығып қыра беріппін ғой кеше. Тіпті көп қырған екенмін, жағаға үйрек сыймай, жылқы сол күні уркіп су іше алмағаны ғой.* Мұнда бірінші сөйлем – жай сөйлем. Онда сөйлеушінің кешке дейін үйректерді қыра бергені туралы бір ғана ой айтылған. Ал екінші сөйлемде олай емес, сөйлеушінің үйректерді көп қырғандығы, үйректердің жағаға сыймағандығы, сол күні сол жағадан жылқының уркіп су ішпегендігі туралы үш түрлі ой бір-бірімен ұласып айтылған. Олар ұласып айтылғанмен, әр компоненттегі түрлі құбылыс, оқиға туралы ойдың дербестігі айқын сезіліп тұр дейді ғалым. Сауранбаевтың бұл тұжырымы мәтін лингвистикамен сабақтасып жатыр. Бірнеше сөйлем бір тақырыпқа байланысты, бір мазмұнды білдіріп, күрделі фразалық тұтастықтарды құрайды. Олар бір оқиғаны сипаттап, ішіндегі сөйлемдер арқылы дербес ойды білдіреді.

Қазақ және орыс тіліндегі құрмалас сөйлемдерді салыстырып, ғалым түрік тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, құрмаластағы компоненттердің бастауыштары мен баяндауыштарының байланысуында, соңғының тұлғалануында ерекшеліктер бар. Құрмаластың синтаксистік компоненттерінде бастауыш пен баяндауыш айтылғанымен, олар әрқашан жақтасып, тиянақты қалыпта тұра бермейді. Қазақ тілінде салалас құрмаластарда копоненттер өзінің формалық грамматикалық дербестігін, тиянақтылық қалпын сақтай алады. Ал сабақтастарда бағыныңқы компоненттер тиянақсыз қалыпта тұрады. Тіпті, бастауышы мен баяндауышы жақтасып тұратын шартты бағыныңқыда да тиянақты болмайды

деген тұжырымға келіп, келесі мысалдар арқылы оны дәлелелдейді. *Сенде қыранның жүрегіндей жүрек бар, бірақ сен жассың.* Мұнда әр компонент дара айтылғандағыдай тиянақты қалыпта тұр, сонымен бірге екінші сөйлемнің бастауышы мен баяндауышы жақтасып тұр (сен жассың). *Омбының тұрғын қазақтарынан балаларын үйінде оқытатын адамдар табылып, Асқар пристаньға баруды қойды.* Мұнда алдыңғы сөйлемнің баяндауышы (*табылып*) өз бастауышымен (*адамдар*), біріншіден, жақтасып тұрған жоқ, екіншіден, тиянақты емес: алдыңғы сөйлем соңғы сөйлеммен жалғаулық арқылы байланыспай, көсемше арқылы құрмаласқан деп түсіндіреді.

Сауранбаев әр тілдің өзіне тән ерекшелігі болатынына көңіл бөлген. «Әр тілдің грамматикалық құрылысын, сөздік қорын және басқа мәселелерін зерттегенде, сондай ерекшеліктерді ескермей болмайды. Қазақ тілінің және басқа түрік тілдерінің құрмалас сөйлем жүйесіндегі үлкен ерекшеліктерінің бірі – сабақтас құрмаластағы синтаксистік компоненттер көпшілігінің баяндауыштары бастауыштармен жақтасып қайысып, тиянақсыз қалыпта тұратындығы. Сабақтас құрмаластағы синтаксистік компоненттерде (бағыныңқыларды) баяндауыш бастауышпен жақтасып, тиянақты қалыпта тұруы қазақ тілі үшін де, жалпы түрік тілдері үшін де шарт емес, компоненттегі баяндауыш бастауышпен жақтасып та, жақтаспай да тұра береді», - дейді. Сауранбаев құрмалас сөйлемдегі синтаксистік компоненттердің айқын жігі болуы керек деген. Ол жік мынадай тәсілдермен ажыратылады: 1. Интонация; 2. Баяндауштың тиянақты формасы. 3. Жалғаулық сөздер. Қазақ тілінде құрмаластағы синтаксистік компоненттердің ара жігін ашудың ең елеулі бір тісілі интонация екенін ғалым баса айтады. «Интонацияның түрленуі, бәсеңдеуі, көтерілуі, құрмаластағы компоненттердің жігі бір фонацияның бірнеше ағысқа бөлінуі арқылы ажыратылады, яғни құрмаластың құрамындағы синтаксистік компоненттері интонация жағынан кесек-кесек жеке бөлініп бірінебірі ұласа айтылады. Құрмалас сөйлемдерді дауыстап оқығанда, я айтқанда дауыс құбылуынан айқын байқауға болады», - деп мысалдар келтіреді. *Менің қасымда алты-ақ жауынгер бар, // жұмыскерлер төртеу, // баламен бесеу. Дәрігерлер деген бір қызық қауым болады. Ауруның қатты болған сайын, // сен оған көбірек ұнайтындай, // айналып, // үйіріліп қасыңнан кетпейді. Күн таудың төбесіне еңкейіп қалғанмен, // ауа райы күндізгіден әлі өзгерген жоқ еді. Жұрт пікірі бір арнаға құйылып, // ауыл мектебі жұмысына өзгеріс енгізу керек деген ой даусыз, // ақыйқатқа айналды.* Құрмалстағы компоненттердің жігі әсіресе баяндауыштың тиянақты қалпынан және жалғаулықтар мен демеулер арқылы өте айқын ажыратылады. Тіпті әр компоненттің интонациялық ажырамдылығының өзі осы екі нәрседен айқындалады. Баяндауышы тиянақты қалыпта тұрған компоненттен соң, үн тынғандай болады. Ал, демеуліктен, жалғаулықтан басталатын компоненттер фонацияның бөлек ағысымен ажырап айтылатынын дәлелдеп береді.

Н.Сауранбаев құрмалас сөйлемдердің күрделі ойды білдіретінін айта келіп, олардың қоғамдағы мәдениеттің, өнер-білімінің, көркем әдебиеттің, ғылымның дамуымен байланысты екенін алға тартады. «Құрмалас сөйлемдердің шығуы, оның ішкі даму заңы адам ойының толық, айқын, кең және орамды түрде білдіруін, көрсету қажеттілігіне байланысты. Мұның өзінде адам ойлауының абстракциялау нәтижесі жоқ емес. Құрмалас сөйлемдердің пайда болуы ойлаудың абстракциялы жұмысының нәтижесі, олардың неше алуан түрлері, периодтар, обороттар көбінесе әдеби, әсіресе көркем әдебиет, ғылыми шығармалардың стилімен бай-

ланысты. Осыған сәйкес дербес сөйлемдердің өзара құрмаласуы – әдеби тілдің экспрессивтенуінің, көркемденуінің, жетілуінің бір жолы, тәсілі болып табылады», - дейді.

Н.Сауранбаев дербес сөйлемдер, сөз тіркестері, сөйлемшелер қазақ тілінде орныққан грамматикалық тәсілдер арқылы құрмаласатынын айта келіп, әр тілдің ішкі даму заңына байланысты шығып қалыптасқан грамматикалық тәсілдердің ролін кеңінен көрсетеді. Ғалымның пікірінше, қазақ тілінде сөйлемдердің өзара тіркесіп құрмаласу тәсілдері, негізінде, мыналар: 1) интонация, 2) компоненттердің орын тәртібі, 3) есімше, көсемшелер, 4) демеулер, олардың орнына жүретін жалғаулық сөздер. Көріп отырғанымыздай, ғалым интонацияны бірінші қатарда айтады. «Қазақ тілінде де интонацияның құрмалас сөйлем жүйесінде атқаратын қызметі ерекше (басқа түрік тілдерінде де солай). Басқа түрік тілдерінде сияқты, қазақ тілінде де ешбір жалғаулықсыз, демеусіз іргелесіп құрмаласатын паратаксистер бар. Мысалы, *ол сұрады, мен айттым* дегенде екі сөйлем бар. 1. *Ол сұрады*. 2. *Мен айттым. Айлар өтті, жылдар өтті, жас бала ержетіп жігіт болды дегенде үш сөйлем бар*. Бұл екі құрмаластағы жай сөйлемдердің арасы жалғаулықпен де демеумен де байланыспаған, сөйтсе де олардағы дербес компонент сөйлемдер бір-бірімен мағына жағынан байланысып, ұласып тұр» дейді ғалым. Интонацияның мағынамен тығыз байланысты екені соңғы жылдары жарық көрген еңбектерде эксперименттті түрде дәлелденген. Интонацияның компоненттері сөйлем, мәтіндердің мазмұнына қатысты: салмақты мазмұн интонация тәсілдерінің жоғары көрсеткіштері арқылы көрінеді, ал сөйлемнің шамалы мазмұны, яғни көмекші ақпарат просодикалық параметрлердің төмен көрсеткіштері көрсетеді.


Сауранбаевтың ой өрісі кең, білімі терең болғандықтан, ол жалпы тіл білімінің ұғымдарын орынды қолданады. Ғалымның пікірі бойынша, мағыналары бір-бірімен ұласып, ешбір дәнекерсіз байланысатын жай сөйлемдердің тіркесі паратаксис деп аталады. Паратаксистің құрамындағы жай сөйлемдер паратаксистің компоненттері деп аталады. Паратаксистегі компоненттер әдетте тиянақты қалыпта тұрады. Паратаксистегі компоненттер мағына жағынан байланысты болады да, компоненттер арасы бір-бірінен интонация арқылы ұласып, үзілмей тұтас бір фонациямен айтылады. Сөйтсе де, компоненттің арасы дауыс ырғағының тональдық тесситурасынан белгілі болады. Алдыңғы компоненті көтеріңкі дауыспен айтылса, паратаксистің қалған соңғы компоненттері төмен дауыспен айтылып, үн бәсеңдеп барып бітеді. Компоненттердің ерекше үнмен айтылуы құрмаластағы компоненттердің тесситурасы деп аталады деп, келесі мысалмен өз ойын дәлелдейді: *Үйде кітап оқып отыр едім, столдың үстінде тұрған телефон шылдыр ете қалды.*

Ғалым интонацияның эмоциялық қызметіне аса назар аударады. Себебі ол коммуникативтік, синтаксистік функциямен қатар сөйлемнің экспрессивтік түрлерін де айқындайды. «Интонация тесситурасының қызметі тек паратаксистегі компоненттердің байланыстылығын көрсету ғана емес, олар сөзге эмоциялық рең береді, стильдік жағынан әсірелеудің бір тәсілі болып саналады. Бұл – стилистиканың, риториканың мәселесі. Олар әсіресе мақал, мәтелдерге, болмаса, сол сияқты, шешендік сөздерге көркемдік әр беретін, шешендік сөздердің, мақал, мәтелдердің қандай мағынада айтылуына сәйкес олардың интонациясы да, тесситурасы да құбылып отырады», деп шағын өлеңді келтіреді:

Арғымақ аттың құйрығы – әрі жібек, әрі қыл,
Қас жақсының белгісі – әрі сыншыл, әрі ісшіл.

Н.Сауранбаев қазақ тілінен алған лингвистикалық факторларды басқа туыстас және туыстас емес тілдермен салыстырып отырады. Орыс тілінде жай сөйлем мүшесінің, құрмалас сөйлем компоненттерінің орын тәртібі тұрақты емес, ауыспалы, жылжымалы болады. Ал қазақ тілінде сөйлем мүшелерінің, синтаксистік компоненттердің орын тәртібі ауыспалы емес, негізінен, орнықты, олар көбінесе грамматикалық, синтаксистік қызмет атқарады дейді.

Н.Сауранбаев салалас құрмалас сөйлемдер бір-бірімен жалғаулықтар, көмекші сөздер арқылы құрмаласады деп, мысалдар арқылы көрсетеді. Сабақтас құрмалас сөйлемдер жөнінде өз пікірін білдіріп, олардың қарым-қатынас жолдарын, байланысу тәсілдерін анықтап береді. Құрмалас сөйлемдерді құрмалау тәсіліне қарай негізгі төрт салаға бөледі: 1) салалас құрмалас, 2) сабақтас құрмалас, 3) аралас құрмалас, 4) үйірлі мүшелі құрмалас. Олардың жіктелуін, сөйлем түрлерін, қолдану себептерін көрсете отырып, салалас сөйлемдерді екіге бөледі: іргелес салалас және жалғаулықты салалас. Құрамындағы жай сөйлемдер өзара жалғаулықсыз, интонация арқылы байланысқан салаластарды іргелес салалас деп мысал келтіреді: *Құнанбай округті басқаратын приказдың бастығы, Майбасар оның орынбасары болатын.* Бұл екі сөйлем бір-бірімен мағына жағынан екі күрделі ойды білдіреді. «Бұл екі сөйлем ешбір дәнекерсіз, мағына жағынан құрмаласып айтылғанда, олардың арасында дауыс тынбайды, үзілмейді, екеуі де бір демнің екі салалы ағысымен жалғас айтылады. Бірінші сөйлем жоғары айтылады да, екінші сөйлем бәсең айтылады, бірақ дем үзілмейді. Ешбір дәнекерсіз, тек интонация арқылы құрмаласқан бірнеше жай сөйлемнің тіркесі іргелес құрмалас деп аталады. Ғалым айтылғанды келесі сызықпен көрсетеді.



Құнанбай округті басқаратын Майбасар оның орынбасары
Приказдың бастығы

Кейде іргелес құрмалас сөйлемді жай сөйлемдердің тізбегінен ажырату шартты болады деп, ғалым мысалдар келтіреді. *Асан даладағы егінге барсын, сен мұндағы малды қара.* Бұл сөйлем – құрмалас, ондағы бір мезгілде болған екі оқиғаны білдіретін сөйлемдер бірімен-бірі ұласып, тығыз байланыста айтылған. Сондықтан ол екі сөйлемнің арасы тыныспен бөлінбей, үздіксіз бір фонациямен айтылған дейді.

Байқағанымыздай, Сауранбаев тілдің интонациясы мәселесіне көбірек көңіл бөледі. Шынында да құрмалас сөйлемдерді сипаттағанда просодикалық тәсілдердің мәні зор. Ғалымның бұл ой-пікірлері эксперименттік әдістер арқылы дәлелденген. Өзінің терең білімі және интуициясы осындай тиімді тұжырымдарға әкелген. Қазіргі таңда қазақ тіл білімінің жаңа бағыты – интонология қарқын дамып келеді. Н.Сауранбаевтың еңбектері оның дамуына зор үлес қосқаны күмән тудырмайды.

Н.Сауранбаев құрмалас сөйлемдер жайында сөз еткенде, олардың даму процесіне де назар аударып, тіл тарихына барады. «Тілдің көне замандағы дәуірінде қазіргі жалғаулықтар, демеулер болмағандығы белгілі нәрсе. Көне дәуірде сөйлемдер қазіргідей грамматикалық тәсілдермен құрмаласып, дербес айтылатындығы айқын. Мұны мынадан байқауға болады. Ескі замандағы жазу нұсқаларында қазіргі жалғаулықты салаластар тіпті аз кездеседі. Сөйтсе де, жалғаулықсыз паратаксистер кездесіп отырады. Тілдің мұндай көне замандағы ерекшелігіжалпы халық тілінде көп сақталған. Мысалы, қарапайым халық тілінде сөйлемдерді, әдеби тілдегідей күрделендіріп, құрмаластырып айту сирек кездеседі. Халық тілінде, ауыз әдебиетінде іргелес салаластар жиі кездеседі де, жалғаулықты салаластар көбіне ғылыми және басқа әдеби шығармалар тілінде көп қолданылады. Сөйтіп, іргелес құрмаластарда қазіргі салаластың да, сабақтастың да қасиеті болуы, олардың көбіне сөйлеу тіліне, ауыз әдебиетіне тәндігі – бұлардың қазіргі жалғаулықты салаластар мен сабақтастардың, жалпы құрмаластардың алғашқы түрі екенін аңғартады».

Н.Сауранбаев жалғаулықты салалас құрмалас жайында: «Сөйлемдерді салаластырып құрмаластыратын жалғаулықтар және олардың қызметін атқаратын сөздер – салаластар арасындағы синтаксистік қатынастың көрінісі. Сонымен қатар, әрбір жалғаулықтың белгілі синтаксистік мәні болады», - дейді. Ғалым салалас құрмаластарды төртке жіктейді. 1) ыңғайлас (мезгілдес) салалас, 2) қарсылықты салалас, 3) себеп-салдар салалас, 4) талғамалы салалас.

Ғалым жай сөйлемдерді ыңғайластырып құрмаластыруға *еді, екен* көмекші етістіктерінің де әсері болады дейді. Бірақ бұл екеуінің дәнекер болатын жері де, болмайтын жері де бар. Ыңғайлас салалас сөйлемге енген алдыңғы жай сөйлемнің баяндауышы негізгі етістіктен болып, *еді, екен* оның көмекші сыңары болып айтылады. *Еді, екен* көмекшілері осы жағдайда ғана дәнекер бола алады. Ыңғайлас салаласқа енген алдыңғы сөйлемнің негізгі баяндауышы есім сөзден, есімдіктен болып, *еді, екен*-дер олардың көмекші сыңары болып келетіні де болады. Мұндайда *еді, екен* ондағы сөйлемдерді құрмаластыруға дәнекер бола алмайды деп мысалдар арқылы дәлелдейді. 1. *Баласынан хат келіп еді, ата-анасы қатты қуанды. Баласынан хат келген екен, ата-анасы қатты қуанып отыр* (мұндағы **еді** дәнекер). 2. *Балалары әлі жас еді, Айбас пен Айша соны ойлайтын көрінеді. Балалары әлі жас екен, Айбас пен Айша соны ойлайтын көрінеді* (мұндағы **еді**, екен дәнекер емес). Бірінші екі мысал құрмаласқан екі сөйлемнің алдыңғысының негізгі баяндауышы – етістік (кел), ондағы **екен, еді** дәнекер. Сондықтан біріншідегі екі сөйлемнің тіркесі мезгілдес салалас болады. Ал екінші мысалда олай емес. Құрмаласқан екі сөйлемнің алдыңғысының негізгі баяндауышы есім сөзден **жас, - болып еді, екен** оның көмекші сыңары болып тұр. Мұның екеуінде де дәнекерлік мағына жоқ. Сондықтан екінші мысалдағы екі сөйлемнің тіркесі салалас емес, іргелес құрмалас дейді ғалым.

Салалас құрмаластың екінші түрі – қарсылықты салалас. Қарсылықты салалас сөйлем дегеніміз мағыналары бір-біріне қарсылас болып құрмаласқан бірнеше жай сөйлемдердің тобы деп, Сауранбаев оны келесі мысалдар арқылы дәлеледейді. *Қолындағы бар етін асып, жылы жұмсағын осыларға тосып, түнерген ашуды бір тарқатып жіберуге бәйек болып жүр, бірақ кебежесі құрғырда еті құрғырдың етегі ашылып жатыр, әйтсе де төртеуінің жырылып кетпеуіне кәрі шеше өзін едәуір дәнекер көреді.* Мұнда үш жай сөйлем құрмаласқан. Бірінші сөйлемдегі

ойға екінші сөйлемдегі ой қарсы айтылған, ал үшінші сөйлемдегі ой екінші сөйлемдегі ойға қарсы келгені айтылған. «Біздіңше жай сөйлемдер қарсылас болып құрмаласса, бір интонация, бір-бірінен ажырамай барлығы ұласып тұрады. Ал, олар құрмаласпай, әр сөйлем дербес мағынада айтылса, әр сөйлем бөлек деммен, бөлек интонациямен дараланып айтылады». Ғалым мына екі сөйлемді мысал ретінде келтіреді: *1) Бұл үй ауыз үй ретінде салған бөлме екен. Бірақ ауыздағы бөлме, қазіргі қалпында үйіктен шығып әрі шошала, әрі қораның міндетін атқарып тұр; 2) Шөпті алып қайтқанда молаға соғып, мешітке кіріп еді, бірақ ешнәрсенің ізін таба алмады.* Бұл жерде интонацияның қызметіне назар аударылады, оның мағына ажыратушы функциясы туралы сөз болады. Ірі ғалым-синтаксист ретінде Сауранбаев интонация мен синтаксистің ара-қатынасын жақсы сезген. Интонация мен синтаксис құбылыстарының арасындағы байланыс өте күрделі және құбылмалы. Просодикалық тәсілдер сөйлемнің құрылуында, оның коммуникативті, экспрессивті түрлерін ажыратуда мәні зор екенін ғалым баса айтқан.

Салалас құрмаластардың келесі түрі – себеп-салдар салалас. Н.Сауранбаев бұған бірнеше жай сөйлемдердің бір-бірімен себептес болып құрмаласқан және ондағы жай сөйлемдердің бірі салдар, бірі себеп боп ұласуын жатқызады. Мысалы: *Оның бәрін айтсам табандатқан бір жұма керек, сондықтан әңгімені осымен доғарсақ қайтеді.* Ғалым өз тұжырымдамаларын ұсынғанда, нақты мәліметтерді басқа тілдермен салыстырады және тілдің тарихына барады. «Жалғаулықпен байланысқан салалас сөйлем басқа түрік тілдерінде сирек. Себеп салдардың бұрын айтылып, сондықтан жалғаулығы арқылы құрмаласу орыс тілінен алынған синтаксистік құбылыс. Басқа түрік тілдерінде қазақ тіліндегі сияқты себепті білдіретін сөйлем дағды бойынша салдарды білдіретін сөйлемнен соң тұрады. Бұл ескі түрік тілдерінің нұсқаларында да солай.

Қазақ тіліндегі салалас құрмаластың тағы бір түрі талғаулы салалас. «Кейбір жай сөйлемдер біркелкі оқиғаның ыңғайластығына сәйкес құрмаласады. Бұлай құрмаласқан сөйлемдерде олардың әрқайсысында талғану көрсетіледі» деп Сауранбаев мысалдар келтіреді. *Іші пысып жүрген шақта жолықтым ба, немесе білген кеңестерін білдіргісі келді ме, Жәкең өте үлкен әңгімелер қозғады. Атыға тез келсін, әйтпесе мен күтпей кетіп қаламын. Мен барамын, әйтпесе ақсақалдың өзі келер.* Ғалымның айтуынша, салаластың тағы басқа түрлері бар, бірақ олар әлі де қалыптасып жатыр.

Н.Сауранбаев сабақтас құрмалас сөйлемдерді жүйелі түрде зерттеп, олар жайында да өз пікірін білдірген. «Сабақтасып құрмаласқан жай сөйлемдердің бірі тиянақты, қалғандары тиянақсыз болады, оның тиянақты бөлігін басыңқы, тиянақсыз бөлігін бағыныңқы дейміз. Семантикалық жағынан сабақтаста айтылатын негізгі ой басыңқыда болады. Қалған бағыныңқылар, сол басыңқыдағы негізгі ойды сипаттап, толықтырып тұрады» дейді. Ғалым қазақ тілінің өзгешелігін көрсету үшін алынған деректерді басқа тілдермен салыстыра зерттейді.

Үндіеуропа тілдерінде бағыныңқы сөйлем мен жай мүше қызмет жағынан тектес болғанмен, олардың сыртқы грамматикалық тұлғасы, көрініу тәсілі түрік тілдеріндегідей емес. Ол тілдерде құрмаласқа енген жай сөйлемдер салаласта да, сабақтаста да өздерінің негізгі қалпын, өзгешеліктерін сақтайды. Түрік, монгол тілдерінде қызметі бірдей екі түрлі грамматикалық шаманың (бағыныңқы сөйлем

мен жай мүшенің) көріну тәсілдері, грамматикалық формалары бірдей бола бермейді. Сабақтастардағы бағыныңқылырдың бастауышы мен баяндауышы жай сөйлемдердегідей әрқашан жақтасып тұрмайды, деп түсіндіреді.

Н.Сауранбаев бағыныңқы сөйлемнің басыңқымен байланысу жолдары жайында да өз пікірін білдірген. Ғалымның пікірі бойынша, қазақ тілінде, сол сияқты бұған жақын басқа түрік тілдерінде де бағыныңқы сөйлемдер басыңқы сөйлеммен етістіктің мына формалары арқылы байланысады: 1) көсемшелер, 2) есімшелер, 3) шартты рай.

Бағыныңқы сөйлемдердің қызметіне қарай сабақтас құрмаластар мынадай түрге жіктеледі: 1) мезгіл пысықтауыш бағыныңқы; 2) себеп пысықтауыш бағыныңқы; 3) амал пысықтауыш бағыныңқы сабақтас; 4) мақсат пысықтауыш бағыныңқы сабақтас; 5) шарт бағыныңқылы сабақтас; 6) қарсылықты сабақтас құрмалас; 7) салыстырмалы сабақтас. Сабақтас құрмаластардың әр түріне тоқталып, ғалым оларды мысалдар арқылы сипаттайды. Бізді көбірек қызықтыратын интонация мәселесі. Қарсылықты сабақтастар жөнінде сөз болғанда, Сауранбаев олардың интонация ерекшеліктерін айтады. «Қайшылас сабақтастағы сөйлемдердің үлкен қасиеттерінің бірі – олар өте тұрақты интонациямен айрылады. Олпардың өзара құрмаласу тәсілдері түрліше болғанмен, интонациясы бірдей». Ғалымның тұжырымынша, құрмалас сөйлемнің синтаксистік компоненттерінің аражігін ашудағы ең елеулі тәсіл –интонация. Сауранбаев – сөйлемдердің құрмаласу тәсілдерін талдап, құрмалас сөйлемдердегі интонацияның роліне алғаш назар аударған ғалым. Интонацияны – сөйлемнің құрмаласу тәсілдерінің ішіндегі ең негізгісі деп санайды.

Н.Т.Сауранбаев өз еңбегінде «аралас құрмалас сөйлем» жайында өз пікірін айтып кеткен болатын. Сөйлемдер салаласып та, сабақтасып та құрмаласуы мүмкін, құрмаластағы бір-екі компонент салаласып құрмаласса, қалғандары сабақтасып құрмаласады деп, мысалдар келтіреді. *Ол әйелден бала көп туған да (1), // бірақ олар өле беріп (2), // жалғыз бала қалған (3).* Мұнда үш сөйлем құрмаласқан. Бірінші мен екінші сөйлем салаласып құрмаласқан да, екінші мен үшінші сөйлем сабақтасып құрмаласқан. Бұл аралас құрмалас сөйлемнің компоненттері бір синтагма құрап, аралары пауза арқылы бөлініп тұрғанын байқаймыз. Бірінші мен екінші сөйлем тиянақсыз интонемаға ие болып тұрса, үшінші сөйлем тиянақты интонемамен сипатталады.

Н.Сауранбаев мәтін интонациясы жөнінде де өз пікірін білдірген. Кейде бір күрделі ойды құрмалас сөйлем арқылы түсүндіру қиынға соғады. Сонда күрделі фразалық тұтастық көлемінде ойды жеткізуге болады. Күрделі фразалық тұтастық логика жағынан байланысатын бірнеше сөйлемнен тұрады, олар бәрі бір тақырыптың ішінде бірігіп, бір ойды білдіреді. Н.Сауранбаев педучилищеге арналған «Қазақ тілі» оқулығының «синтаксис» бөлімінде бір үзіндіні беріп, оған семантика-интонациялық талдау жасайды. Келесі мәтінге назар аударыңыздар: «*1) Сәдібек асыққан жоқ. 2) Жұмысы біткен. 3) Қазір кетпеннің жүзіне жабысқан балшықты тазалап отыр. 4) Біздің алдымызда бір дәннен тараған жүз тал күріш тұр. 5) Оның тамыры біреу, тармағы жүз. 6) Тамаша!* Бұл сөйлеуде бірнеше сөйлем бар. Олардың әрқайсысы дауыс ырғағымен (интонация) бөлініп айтылады да, тиянақты жеке-жеке ойды білдіреді. Бірінші сөйлемде Сәдібектің асықпауы, екіншіде оның жұмысы біткендігі, үшінші кетпен жүзіне жабысқан балшықты Сәдібектің тазалуы

айтылған. Ал төртінші, бесінші сөйлемдерде күріш туралы, оның тамыры, тармағы туралы, алтыншыда сөйлеушінің таңғалуы туралы айтылған. Әр сөйлемнен кейін дауыс тынады да, одан кейінгі сөйлемнен қайта басталып отырады. Сондықтан бұл сөйлеудегі сөйлемдердің іргесі кейбіреулері (3, 4, 5) көп сөздерден, кейбіреулері (1, 2) екі я үш сөзден құралған. *Тамаша* деген бір сөз жеке бір сөйлем болып тұр. Аяқталған ойды білдіретін бір сөзді я бірнеше сөздің шумағын сөйлем дейді. Әр сөйлем өзіне тиісті дауыс ырғағымен айтылады» дейді ғалым. Бірнеше сөйлемнен тұратын шағын мәтін семантика-грамматикалық және интонациялық жағынан да байланысып тұр. Н.Т.Сауранбаевтың бұл мәтін (дискурс) интонациясының талдауын қазіргі таңда да үлгі ретінде пайдалануға болады.

Сонымен, академик Н.Т.Сауранбаевтың еңбектеріндегі құрмалас сөйлемдерге қатысты идеялары мен тұжырымдары бүгінгі грамматикаларда көрініп, жалғастырылып жатыр. Сондықтан да ғалым еңбектерін жан-жақты және тереңірек зерттеп, насихаттау қажет.

Әдебиет:

Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. Алматы, 1948.
Сауранбаев Н.Т. «Қазақ тілі» (педучилищеге арналған). Алматы, 1953.

І.КЕНЕСБАЕВ АКАДЕМИЯЛЫҚ ФОНЕТИКАНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ ҒАЛЫМ

Академик І.Кенесбаев қазақ тілінің фонетикасын зерттеп, бір жүйеге салып, ғылыми тұрғыда баяндаған алғашқы ғалымдардың бірі. Ғалымның фонема туралы пайымдаулары, вокализм мен консонантизмнің классификациясы, буын жайындағы ой-пікірлері, екпін мен сингармонизм, транскрипция жөніндегі тұжырымдары бүгінгі таңға дейін өз құндылығын жоғалтқан емес. Кенесбаевтың «Фонетикасы» көптеген ғылыми ізденістерге жол ашты.

І.Кенесбаев фонемаға мынадай анықтама береді: «Сөз мағынасы мен сөз тұлғасын ажыратуға себі бар тілдегі ең кішкене дыбыстық единицаны (көрнекі дыбысты) фонема деп айтамыз». Қазақ тіл біліміндегі фонема теориясын қалыптастыруда академик Кенесбаевтың ролі айрықша. Академик І.Кенесбаев айтқандай «Фонема қай тілде болмасын, сөздер мен морфемаларды ажырату үшін жұмсалады, мағынамен ұштасады». Ғалым Жамбылдың «Алатау» атты өлеңін мысалға келтіріп сөздердегі фонемаларды талдайды.

Тізілген таулары бар Жетісудың,
Ішінде орман, тоғай біткен нудың
Дариядай тулап аққан сол таулардың
Көресің тамашасын аққан судың.
Есепсіз тау суреті көз жетпейтін,
Жырлауға қазынасы көп тіл жетпейтін,
Өрік, алма, алмұрт, жиде жемістер көп,
Бір татсаң ауызыңнан дәм кетпейтін.

Өлеңдегі *нудың* деген сөз **н** дыбысынан басталып тұр да, *судың* деген сөз **с** дыбысынан басталып тұр, сол сияқты *жетпейтін* деген **ж**-дан, *кетпейтін* деген сөз **к**-ден басталып тұр. Мағына ажыратып тұрған – осы сөздердің басқы дыбыстары, әр екі сөздің өзге дыбыстары – ортақ. Басқы дыбыстардың фонематикалық қасиеті бар деп түсіндіреді ғалым. Фонеманың негізгі қызметі мағына айқындайтын қасиеті жөнінде ғалым баса айтады «фонеманың сапасы өзгерілсе де (нудың – судың, жетпейтін – кетпейтін), саны өзгерілсе де (тегіс – егіс), орын тәртібі өзгерілсе де (кетпес – кептес) сөз мағынасы, тиісінше құлпырып отырады.

І.Кенесбаевтың айтуынша, «жеке фонемалардың сыры, тілдегі атқаратын қызметі өзара бірлікте, қарым-қатынаста анық байқалады және фонемаларды зерттегенде, оларды сөзбен, сөйлеммен, жалпы сөйлеу процесімен ұластыра зерттеген мақұл». Фонема туралы Кенесбаевтың тұжырымдамалары қазақ тіліндегі фонема теориясына, түркі фонологияның қалыптасуына үлкен септігін тигізді.

Дыбыстарға жалпы сипаттама бере отырып, тілдегі дыбыстардың түрлерін, кейбір қасиеттерін олардың ырғағы, күші, әуеніне қарай білуге болады дейді. Дыбыстау мүшелері үш топқа бөлінеді: тыныс мүшелері, тамақ және қуыс мүшелері. Қазақ тілі дыбыстарының құрамы мен түрлері жайында сөз болғанда Кенесбаев оларды басқа түркі тілдерімен салыстырып әр тілдің өзгешеліктеріне тоқтайды. Мысалы, қазақ тіліндегі **а** қырғыз тілінің **а** фонемасына қарағанда айқынырақ естіледі. Мұның себебі – қырғыз тілінде **а** фонемасының қазақ тіліндегі ашық дауысты жіңішке **а** фонемасындай корреляциясы жоқ. Қазақ тілі вокализміндегі мынадай ірі өзгешеліктерді атауға болады. Қырғыз, түрікмен т.б. тілдерде дауысты дыбыстың қысқа және созылыңқы айтылуы мағынамен байланысты болып келеді, ал қазақ тілінде дауысты дыбыстардың созылыңқылығы фонологиялық қасиетке ие емес, сөз мағынасын ажыратуға да өз септігін тигізе алмайды. Қазақ тілі вокализмнің кейбір түркі тілдерінен, мысалы алтайлық тілдерден тағы бір жеке өзгешелігі мынау: қазақ тілінде ерін дыбыстары сирек ұшырау салдарынан дауыстылардың еріндік комбинаторлық түрлері де сирек ұшырайды, **а** фонемасы қосымшада **е**-ге де, **о, ө**-лерге де ауысып отырады.

Дауысты фонемалардың иек пен тіл қатысы бойынша жіктелу схемасы төмендегідей берілген:

а ә о ө е (э) ы і ұ ү и у

Мұндағы **а** дыбысы ауыздың кең ашылуынан (яғни иек пен тілдің төмен түсуінен) пайда болатын мейлінше ашық дауысты, ал **у** – ауыздың келте ашылуынан (яғни иек пен тілдің жоғары көтерілуінен) пайда болатын мейлінше қысаң дауысты. Ғалым **о, ө, е** дыбыстарының сөз басында (анлаут) дифтонг түрінде қолданылуына назар аударған.

Кенесбаев дауыстыларды жуан-жіңішкеге бөліп оның үндестік заңы үшін маңызы зор екенін айтады. Дауыстылардың жуан-жіңішке болып келуін тілмен байланыстырады. Егерде тіл таңдайдың артқы шеніне қарай жиырылып, бүктеліңкіреп жатса, жуан дауысты (гуттураль) фонемалар пайда болады да, ал тіл таңдайдың алғы шеніне қарай жуықтаудан жіңішке дауысты (палаталь) фонемалар пайда болады. Сөйтіп, қазақ тілінде, қорыта келгенде, мынадай жуан-жіңішкелі параллель (корреляция) бар: **а/ә, ы/і, о/ө, ұ/ү.** Ғалым қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды жинақтап мына түрде топтастырып береді

Ерін қатысына қарай	Езу дыбыстары		Ерін дыбыстары	
Жасалу жолына қарай / жасалу орнына қарай	Ашық даустылар	Қысаң дауыстылар	Ашық даустылар	Қысаң дауыстылар
Жуан дауыстылар	а	ы (и)	о	ұ (у)
Жіңішке дауыстылар	ә,е (э)	і (и)	ө	ү (у)

Бұл кестедегі **и, у** әріптерімен таңбаланып тұрған дыбыстар буын ыңғайына қарай бірде жуан, бірде жіңішке болып айтылатыны көрсетілген.

І.Кенесбаев дауыссыз дыбыстарды дауыс қатысына қарай, айтылу жолына қарай, жасалу орнына қарай жіктейді. Дауыс қатысына қарай дауыссыздарды үш топқа бөледі: үнді, ұяң, қатаң. Ұяңдар мен қатаңдар үнсіздер делінеді. Айтылу жолына қарай үнсіздердің бір тобы шұғыл, бір тобы ызың болып, екіге бөлінеді. Жасалу орнына қарай дауыссыздар 8 топқа бөлінеді: ерін (билабиаль), тіс пен ерін (лабиаденталь), тіс (денталь), тіл ұшы (альвеоляр), тіл алды (палаталь), тіл ортасы (препалаталь), тіл арты (веляр), көмей (фарингаль). Дауыссыздарға сипаттама бере отырып, ғалым олардың басты өзгешеліктеріне көңіл бөледі.

Мысалы, қазақ тіліндегі әрбір дауыссыз фонема буын ішіндегі дауыстының ыңғайына қарай жуан болып та, жіңішке болып та кездесе береді. Орыс тілінде жуан-жіңішкелікке дауыссыз фонема ұйтқы болса, түркі тілдерінде дауысты дыбыс болып есептеледі деп ойын мысалдар арқылы дәлелдейді: *сан, сат* – жуан сөздер, *сән, сәт* – жіңішке сөздер. Жуан сөздердегі (сан, сат) **с, н, т** фонемаларының жуан болуы сол сөздердегі жуан фонема **а**-мен байланысты да, жіңішке сөздердегі (сән, сәт) **с, н, т** фонемаларының жіңішке болуы сол сөздердегі жіңішке фонема **ә**-мен байланысты. Сондықтан сөз мағынасына дауыссыз фонеманың жуанды-жіңішкелігінен гөрі дауысты фонеманың жуанды-жіңішкелігінің ықпалы (**қ – к, ғ – г**-ларды қоспағанда) әлдеқайда күшті. Ал орыс тіліндегі *кон* сөзі мен *конь* сөзінің, *плот* сөзі мен *плоть* сөзінің өзара айырмашылығы осындағы **н, т** фонемаларының жуан болып, **нь, ть** фонемаларының жіңішке болып келуімен байланысты. Орыс тілі сөздеріндегі дауысты **о** фонемасы жуан дауыссыздың алдында да, жіңішке дауыссыздың алдында да біркелкі жуан естіліп тұр дейді ғалым.

Талдау барысында автор П.М.Мелиоранский, И.А.Батманов, С.Е.Маловтың еңбектерін келтіріп, басқа да түркі тілдерінің материалдарынан мысалдар береді. Қырғыз, өзбек және басқа өзге тілдерімен салыстырып қазақ тіліндегі дауыссыздарды тарихи аспектіде де қарастырады. Мысалы, көп түркі тілдерінде **ұ/й**-ден басталатын сөздер қазақ тілінде **ж**-дан басталады: *яман-жаман, яқшы-жақсы, йылан-жылан*, және **ш**-ға аяқталатын едәуір сөздер қазақ тілінде **с**-мен бітеді: *таш-тас, баш-бас, қаш-қас*. Дыбыс өзгерістерімен байланысты мынадай ой-пікірлер айтылады. Қазақ тілі және басқа күн батыс хун саласына жататын өзге түркі тілдерінің фонетикалық ерекшеліктерінің бірі – бұларда **й** келсе, күн шығыс хун тілдерінде **д, т** келіп отырады: *аяқ, адақ, атақ*. Батыс түркі тілдерінде дауыссыздардың қатаң-ұяң болып корреляциялануы айқын байқалады да, шығыс түркі тілдерінде бұлай дифференциялануның үлкен ролі болмайды дейді ғалым.

Дауыссыз дыбыстардың барлық аспектісін көрсететін төмендегідей кесте берілген.

	Жасалу орнына қарай / Жасалу жолына қарай	Ерін дауыссыздары	Тіл мен ерін дауыссыздары	Тіс дауыссыздары	Тіл ұшы дауыссыздары	Тіл алды дауыссыздары	Тіл ортасы дауыссыздары	Тіл арты дауыссыздары	Комей дауыссыздары
Жабысыңқы Үнсіз	Қатаң	п		т			к	қ	
	Ұяң	б/в		д			г		
	Африкат қатаң			ц	ч				
	Африкат ұяң				ж				
	Мұрын Жолды үнді	м			н			ң	
Жуысыңқы Үнсіз	Қатаң		ф	с		ш		х	h
	Ұяң		в	з		ж		ғ	
	Ауыз Жолды үнді	у			л		р, й		

Академик І.Кенесбаев буынға қатысты көптеген ғылыми тұжырымдар жасаған. Буын экспирация арқылы жасалады. Буын ішіндегі дауыссыздарды экспирациялық күшіне қарай, айтылуына қарай күшті бас дыбыс, күшті соңғы дыбыс деп, негізінде, екі топқа бөлуге болады деп, ғалым қазақ тілі сөздерінде бір буынның ішінде әрі жуан, әрі жіңішке дыбыстардың болуы мүмкін емес, буын ішіндегі дыбыстар не біркелкі жуан, не біркелкі жіңішке болады делінген. Буынның жуан, жіңішкелігі дауысты дыбыстармен байланысты екенін баса айтып келесі мысалдар келтірілген. *Сал, он* деген сөздердің әрқайсысы бір-бір буын (екеуі де жуан буын). Осы сөздердегі **а, о** фонемаларының ауанымен дауыссыз **с, л, н** фонемалары да жуандап тұр, *сәл, өң* деген сөздердің әрқайсысы бір-бір буын (екеуі де жіңішке буын); бұл сөздердегі **ә, ө** фонемаларының ауанымен **с, л, н** фонемалары да жіңішкеріп тұр. Буынның түрлерін Кенесбаев үш топқа жіктейді: ашық буын, тұйық буын және бітеу буын. Бір дауысты фонеманың өзінен болған немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға келіп біткен буынды ашық буын делінеді. Дауыстыдан басталып, дауыссызға келіп біткен буынды тұйық буын делінеді. Ортасы дауысты болып, екі жағы дауыссыз болған буынды бітеу буын дейміз. Кенесбаев ұсынған осы ережелер күні бүгінге дейін өзгеріссіз барлық оқулықтарда жүр.

Кенесбаев буын жүйесіне, дыбыстар тіркесіне байланысты өзінің ғылыми тұжырымдарын ұсынған. Ғалымның пікірі бойынша, тілімізге бұрыннан икемделіп енген кірме сөздерді сол күйінше қалдыру керек, себебі олар қазақ тілінде қолданылып, белгілі формада қалыптасты. Сондай-ақ орыс тілінің қазақ тіліне аса бір елеулі ықпалы силлабизм категориясының саны жағынан да, сапасы жағынан да байқалады.

Тілдің өзгеруіне, оның тарихи категория екенін айтып, ғалым фонетикалық жүйенің даму ерекшелігіне назар аударады: «Фонетикалық заңдардың даму жолдары – ішкі заңдары бар. Фонетикалық қағидалардың тысқы ықпалдар арқылы (соның ішінде өзге тілдің әсері арқылы) құбылып тұруы да түсінікті. Бұл құбылыс, әрине, сынапша сырғитын құбылыс екен: қысқа мерзімнің ішінде, бірден қалай болса солай, бір сападан екінші сапаға көше аларлықтай өзгеріс деуге болмайды. Біртіндеп, баяу өзгеру салдарынан орыс тілі фонетикалық нормасының қазақ тілі фонетикасына (соның буын саласына) тигізген әсері игілікті тенденция түрінде танылуы керек. Халқымыздың жаппай сауаттылығымен, интеллигенция саны қарыштап өсуімен байланысты орыс тілінен келген сөздерді сол орысша қалпынша айтуға дағдылану бар. Сондықтан қазіргі қазақ тілінің нормасына: *шербешнай* (чрезвычайный), *бедіміс* (ведомость), *партбел* (портфель), *ышылап* (шляпа), *жалуан* (жалованье), *шербен* (червонец), *сөлкебай* (целковый), *әшмушкә, әшмұңке* (восьмушка) сияқты курсивпен жазылған сөздер ешбір сәйкес келмейді; осындағы жақшаға алынып жазылған сөздерді сол орыс тілінің өз нормасын сақтап отырып айтуға дағдыланып келе жатқанымызды естен шығармауымыз мақұл».

Кенесбаевтың осы ұсынысынан кейін ғалымдар тарапынан әртүрлі сыни пікірлер айтылды. Мысалы «пуристер» кірме сөздердің бәрін қазақшалау керек деген. Бұл әрине сын көтермейтін пікір. Біздің ойымызша, бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Кірме сөздерді жаппай қазақшалағаны, я болмаса ылғи орысшалағаны да сәтсіз болады.

І.Кенесбаев екпін мәселесіне ерекше назар аударып, мынадай анықтама берген: «Сөз ішіндегі арнаулы бір буынның оқшауланып күшті айтылуын екпін дейміз». Екпіннің екі түрі көрсетілген: 1) Фонациялық ауаның қарқынымен (күшімен) байланысты лебізді (немесе динамикалық)екпін және 2) дауыс ырғағымен (дауыс тонымен) байланысты үнді (музыкалық немесе тоникалық екпін. Квантитатив (мөлшер) екпін жайында лебізді екпінге қосымша болады, өйткені лебізді екпінге ие дауысты дыбыс екпіні түспеген дауыстыларға қарағанда сәл созылыңқы айтылады делінген.

Қазақ және басқа түркі тілдеріне тән екпіннің ерекшелігін айта отырып, ғалым қазақ тіліндегі қосымшалардың көпшілігі екпінді өз бойына тартып тұрады. Көптік, септік, тәуелдік жалғаулары екпінді болып келеді де, жіктік жалғауы екпінсіз болып келеді деген. Кенесбаев қазақ тілі екпінінің функциясын қарастырып, оның грамматикалық мағына ажыратушы функциясы бар екенін келесі мысалдар арқылы (бұл мысалдар кітаптан кітапқа көшіп жүр) дәлелдеген: *Ағашты жарма* (мұндағы ***ма*** – болымсыз етістіктің жұрнағы), *тәтті жарма* (***ма*** – зат есімнің жұрнағы); *сен мынаны көрші* (***ші*** – волунтатив мағынадағы етістік жұрнағы), *ол бізге көрші* (***ші*** – агентив мағынадағы зат есім жұрнағы); *сіз баласыз* (***сыз*** – екінші жақ, жіктік жалғау), *ол кісі баласыз* (***сыз*** – болымсызесімнің жұрнағы); *сіздің қалыңыз* (***ыңыз*** – екінші жақ, тәуелдік жалғау), *сіз қалыңыз* (***ыңыз*** – екінші жақ, бұйрық рай жұрнағы); *ол үйде* (***де*** – жатыс жалғау), *үй де*

(*де* – шылау); *атты кісі* (***ты*** – сын есім жұрнағы), *ол мылтық атты* (мұндағы ***ты*** – етістіктің өткен шақ қосымшасы); біз осында қалалық (***лық*** – қалау рай жұрнағы), *қалалық совет* (***лық*** – сын есім жұрнағы) т.б.

Кенесбаев екпіннің табиғатына көңіл бөліп, оның энклитика қызметін атқаратынын, және күшейткіш үстеулерге түсетінін мысалдар арқылы көрсеткен. *Колхоздың малы семіз-ақ екен! Оның аты ат-ақ екен* деген сөйлемдегі ***семіз, ат*** сөздерінің екпіні ***ақ*** сөзіне көшіп тұр. ***Семіз, ат*** деген сөздер екпінсіз айтылады. Ал үнемі екпінге ие болып тұрған келесі үстеулер: ***өте, тым, ең, тіпті, аса, орасан, жүдә*** т.б.

Сөз екпінімен қатар ғалым тіркес екпіні, немесе ритмикалы (фразалық) епіннің қызметі жайында сөз еткен. «Сөйлем мүшелерінің грамматикалық қызметіне қарай, олардың акцентуациялық өзгешеліктері де айқындалып тұрады. Сөйтіп, тілімізде, кей уақыт, белгілі сөз тіркесі немесе түгел сөз шумағы бір-ақ екпінге ие болуы мүмкін. Басқаша айтқанда, акцентуациялық комплекс жасалады. Мұндай екпін фразалық (ритмикалық) немесе тіркес екпіні деп аталады», делінген. Екпін жағынан айрықша комплекс бола алатын сөз топтарына мысалдар келтіріп: «*биік үй, торы ат, алыс жер* дегендер жеке сөз есебінде бір-ақ екпінге ие болып, ол екпін ***үй, ат, жер*** сөздеріне түсіп тұр. Бұл тізбектер акцентуация жағынан да, ассимиляция жағынан да ішінара үйлесіп, тұтас бір кесек дыбыстық единица болып тұр, -деп түйіндейді ғалым.

Үндестік (сингармонизм) заңы жалпы түркологияда XIX ғасырдың орта шенінен бастап зерттеліп, ғалымдар назарына ерте ілінді. І.Кенесбаев В.В.Радлов, М.П.Мелиоранский, В.А.Богородицкийдің пікірлерін ескере отырып, өзінің ой-тұжырымдарын ұсынған. «Бірінші буындағы дауыстының ауанына қарай қалған буындардағы дауыстылардың бірөңкей жуан, не бірөңкей жіңішке болып және алғашқы буыннан басқа буындарда ерін дауыстылары келмей, езу дауыстылары келуін езу үндестігі (палатальдық аттракция немесе лингвистикалық сингармонизм) дейміз. Қырғыз, алтайлық т.б. тілдерде бас буындағы ерін дауыстысынан кейін сол ерін дауыстылары өте жиі келе береді (мысалы: *тоолорго, төөнү, түлкүнү*). Мүндай үндесулерін үндестігі (лабиальдық аттракция немесе лабиальдық сингармонизм) дейміз».

Ерін үндестігі қазіргі қазақ әдеби тілі үшін айтарлықтай үлкен мәні бар деуге болмайды, бірақ қазақтың ауызекі тілінде аздап болса да ерін үндестігі байқалады дейді. Дауысты дыбыстардың өз қасиетін өзгеруін І.Кенесбаев ерін үндестігімен байланыстырады. Ерін үндестігі қазақ тілінде: а) тек қосалқы роль атқарады; ерін үндестігі бойынша сөздің жуан я жіңішке болып келуі – тілімізде – басты қағида; ә) буындардың саны жағынан ерін үндестігінің күші үш буыннан аспайды: әсіресе екі буынды сөзде ерін дауыстысымен келген алғашқы буынның еріндік ықпалы анық сезіліп тұрады; үшінші буында солғындау сезіледі», - деп, мысалдар келтіреді: *орын* [орұн], *құлын* [құлұн], *орынды* [орұнды/ұ], *құлыны* [құлұны/ұ], *көрік* [көрүк], *күдік* [күдүк], *көріктің* [көрүкті/ү], *күдікті* [күдүкті/ү] т.б.

Алғашқы буындағы **о** немесе **ұ** дыбыстары екінші буындағы **ы** дыбысын **ұ**-ға айналдырады, үшінші буындағы **ы**-ға лабиализация ықпалы толық емес, жартылай тиеді: *құлыны*, *орынды* дегендегі соңғы **ны, ды** буындары айқын **ну, ду** түрінде келмей, езу дауысты **ы** араласып, көмескі түрде келеді деп түсіндіреді ғалым. Келтірілген мысалдарда дауысты фонемалардың әлсіз позицияда өзінің қасиетін жоғалтып басқа фонемалардың ерекшеліктерін қабылдағанын көреміз. Екінші

буындағы дауысты фонемалар өзінің варианттарында көрініс табады, себебі бірінші буындағы дауысты фонемалар екінші буындағы дауыты фонемаларды езу ден ерінге толық айналдырады. Ал үшінші буындағы дауыстылар ішінара модификациялып, көмескі түрде өзгеріп вариация ретінде қолданылады.

Дыбыстардың бір-біріне ықпал етуін І.Кенесбаев прогрессивтік және регрессивтік ассимиляция көлемінде қарастырған. «Бір сөз көлемінде немесе бірнеше сөз аралығында алғашқы дыбыстың кейінгі дыбысқа артикуляция жағынан өзіне ұқсата ықпал етуін прогрессивтік ассимиляция дейміз. Бір сөз көлемінде немесе бірнеше сөз аралығында кейінгі дыбыстың алғашқы дыбысқа артикуляция жағынан өзіне ұқсата ықпал етуін регрессивтік ассимиляция дейміз». Ілгері ықпал мен кейінді ықпалдың ерекшеліктерін жан-жақты зерттеп, ғалым дыбыстардың өзгеруіне көптеген мысалдар келтірген: *жас гүл* [жаскүл], *қара қой* [қарағой]; *сөзшең* [сөшшең], *сенбе* [сембе] т. б.

Қорыта келгенде, қазақ тіл біліміндегі фонема теориясының дамуына І.Кенесбаевтың қосқан үлесі зор. Ол қазақ тілінің дыбыс жүйесін фонетика және фонология тұрғысынан жан-жақты қарастырып кең және терең пайымдаулар жасаған. І.Кенесбаевтың ғылыми мұрасы кейінгі зерттеушілердің еңбектерінде өз жалғасын тауып жатыр. Ғалымның жазған ой-пікірлері қазақ тілтанымымен бірге жалпы түркітану ілімінде де маңызды орын алады.

Әдебиет

Кенесбаев І. Фонетика // Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1962.

СӨЗ САЗЫНЫҢ СЫРЫ КӨП

М.Балақаевтың қазақ тілі синтаксисіне қосқан үлесі елеулі, әсіресе сөз тіркестері мен, жай сөйлемдерді жан-жақты қарастырған. Ғалымның бұл грамматикалық бірліктерге арналған еңбектері әр қырынан талданып, уақытында өз бағасын алған. Ал синтаксистік фонетика жайында жазған ой-пікірлері, тұжырымдары тыста қалып, әлі жөнді қарастырылған жоқ.

1961 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілі» оқулығының «жай сөйлем синтаксисіне» көңіл бөлсек, интонация туралы мәліметтер баршылық. Интонацияның маңыздылығын айта отырып, автор оны сойлем сомдайтын негізгі белгілердің бірі ретінде таниды: «1) сөйлем біршама аяқталған ойды білдіреді; 2) сөйлем бастауыш пен баяндауштың байланысынан туған предикаттық қатынасты білдіреді; 3) әрбір сөйлемнің айтылу **интонациясы** (сазы) болады».

М.Балақаев сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті деп бөліп, олардың грамматикалық ерекшеліктерімен бірге интонациялық қасиеттерін де қарастырады және интонацияның жеке компоненттеріне назар аударады. «Хабарлы сөйлемдер, жалпы алғанда, бірсыдырғы баяу әуенмен айтыла келіп, дауыс сөйлемнің соңында бәсеңдей түсіп тынады <...>. Бір сөйлемнен екінші сөйлемнің межелі жігі пауза арқылы айырылып тұрады. Бірақ хабарлы сөлемдегі жеке сөздердің айтылу әуені әр уақытта бірқалыпты бола бермейді. Көп құрамды хабарлы сөйлемнің ішіндегі бастауыштың не толықтауыштың маңына топтанған сөздердің саны неғұрлым мол болса, солғұрлым ондай бастауыш пен толықтауыш оқшауланып, көтерінкі дауыспен айтылады да, одан кейін

дауыс бәсеңдей береді». Ғалымның осы айтылған тұжырымдары кейінгі кезде эксперименттi түрде дәлелденді.

Бір құрамды және көп құрамды хабарлы сөйлемдердің әуенімен қатар интонацияның динамикалық және уақытқа байланысты параметрлері инструментальды әдістермен қарастырылды. Сонда бір құрамды сөйлемдер көбінесе орта тональды регистрде айтылып, тональды диапазоны мен интервалы шамалы болатыны, үдемелігі мен негізгі тон жиілігінің сызығы да бір-біріне пропорциональды болатыны анықталды. Ал көп құрамды сөйлемдердің мүшелері паузамен бөлініп қана қоймай, олардың ара жігі тональды интервалмен дараланады, алдыңғы синтагмалардың интонациясы аяқталмағанды көрсетіп, үдемелігі молаюымен ерекшеленсе, соңғы синтагманың тональды контуры төмендеп, аяқталғанды көрсетіп, баяу қарқынмен қатар шамалы үдемелікпен ерекшеленеді. Бір құрамды хабарлы сөйлемдер тиянақты интонемаға сай келсе, көп құрамды сөйлемнің алғашқы синтагмалары тиянақсыз интонемамен, ал соңғы синтагмалары тиянақты интонемамен ерекшеленеді.

Сұраулы сөйлемдерді М.Балақаев сұрақтардың мазмұнына қарай 5 типке бөледі: ашық сұрақ, қарсы сұрақ, күмәнді сұрақ, таңырқаулы сұрақ, риторикалық сұрақ. Олар сұрау есімдіктері, шылаулар арқылы жасалады деп, сұраулы сөйлемдердің интонациясы туралы былай жазған: «Сұраулы сөйлем әдетте түгелімен көтеріңкі дауыспен айтылады. Сонымен қатар көп құрамды сұраулы сөйлемдерде жауап күтуді білдіретін сөздер (әсіресе сұрау есімдіктері) басқа сөздерден гөрі басым әуенмен айтылады».

Сұраулы сөйлемнің интонациясын эксперимент арқылы тексергенде әр типтің өзіндік ерекшелігі болғанымен грамматикалық тәсілдер көмегімен құрылатын сұраулы сөйлемдердің интонациялық көріністері сөйлемнің предикативтік өзегіне айналатын сұраулық шылау сөздер және сұрау есімдіктерінің функциясы мен орнына байланысты болады. Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлемдердің ең басты интонациялық ерекшелігі – олардың тондарының ең жоғарғы деңгейі әрқашан мағыналық өзекте болуы. Сонымен қатар үдемеліктің де негізгі тон жиілігіне байланысты молаюы байқалады. Сұраулық шылаулары соңында келетін сөйлемнің негізгі тонының көтерілуі де сол шылауларға тәуелді болады. Ал сұрау есімдіктері басында орналасқан сөйлемдердің тоны да жоғары басталып, аяғына қарай бәсеңдейді.

Грамматикалық тәсілдер арқылы құралған сұраулы сөйлемдермен қатар тек интонация арқылы жасалатын сөйлемдерде бар. Басқаша айтқанда, хабарлы сөйлемді, оның құрылымы мен лексикалық құрамын еш өзгертпей-ақ, сұраулы сөйлемге тек интонация арқылы айналдыруға болады. Олардағы айтылайын деп жатқан ойдың сұрау мағынасын жасау барысында лексика-грамматикалық көрсеткіштер қатыспайды, оны жүзеге асыруға интонация тәсілдері ғана қызмет етеді, мысалы: *Көкке ұшудың қызығы мынау екен гой! Қызығы құлау екен гой!... Әй, есер құстар?* Бұл сөйлемдердегі қойылған сұрақтың коммуникативтік жүгін толығымен өзіне артатын интонация. Осындай тәсілмен құрылатын сұраулы сөйлемдер **контекст, сөйлеу жағдаяттары, түрлі коммуникативті акт,** яғни **сөйлеуші мен тыңдаушының** болғанын қажет ететін **сөз әрекеттерінде** орын алады. Осындай сұраулы сөйлемдердің коммуникативті-семантикалық түрлері контекст пен сөйлеу жағдаятына байланысты. Интонация арқылы жасалған сұраулы сөйлемдердің просодикалық көріністерінің ерекшеліктері өтем принципін

ұстанған *теңелту заңына* негізделеді. Бұл заң бойынша сұраулы сөйлемдегі бар коммуникативтік жүкті грамматикалық көрсеткіштер емес, интонация атқаратыны белгілі. Ауызекі тілде кездесетін осындай сөйлемдерді **прагмалингвистика** аясында зерттеген жөн. Сұраулы сөйлемдер семантика-грамматикалық ерекшеліктеріне байланысты жалпы сұрақ және арнаулы сұрақ интонемалары болатыны анықталды.

Бұйрықты сөйлемдердің интонациясы жайында М.Балақаев: «Бұйрықты сөйлем түгелімен асқақ әуенмен айтылады. Бұйрықты сөйлемдердің айтылу әуені олардың қандай мазмұнда жұмсалуына қарай түрліше болады. Егер бұйрықты сөйлем бұйыру, қатал талап мағынасында жұмсалса, ол көтеріңкі екпінмен айтылады; егер кеңес, жалыныш, тілек мағыналарында жұмсалса, олар бәсең дауыспен айтылады».

Көріп отырғанымыздай, ғалымның еңбегінде сөйлемнің екі типінің интонациясы жайында сөз болады. Экспериментті зерттеу нәтижесінде осы екі типтің: қатал бұйрықты сөйлемдер мен сыпайы бұйрықты сөйлемдердің интонациясы екі инвариант интонемаларға сай келетіні анықталды. Қатал бұйрықты сөйлемнің интонациялық ерекшелігі – оның көбінесе жоғары тонмен басталып, соңына қарай бәсеңдеуі. Сыпайы түрде айтылған бұйрықты сөйлемнің интонациялық ерекшілігі – біркелкі, орташа тональды деңгейде айтылуы. Бұйрықты сөйлемдердің екі түрі де қарқыны баяу мол интенсивтілікпен айтылады, ал акценттелген буыны мазмұндық өзек болып, ең жоғары тональды мәнге ие болады. Қатал бұйрықты сөйлемдердің тональды диапазоны едәуір мол, тональды интервалы да көлемді. Қалау не сыпайы түрде айтылған бұйрықты сөйлемдердің тональды диапазоны мен интервалы орташа болып келеді.

Лепті сөйлемдердің грамматикалық ерекшеліктерін айта келіп, М.Балақаев «сөйлем көтеріңкі дауыспен – лептілік интонациямен айтылады» дейді. Инструментальды талдау нәтижесінде лепті сөйлемдердің интонациясына қарай олардың екі тобы анықталды: грамматикалық әдістерсіз-ақ жалаң, айрықша интонация арқылы жасалатын лепті сөйлемдер және грамматикалық әдістер (одағай, модаль сөздер) арқылы жасалатын лепті сөйлемдер. Лепті сөйлемдердің екі түрінің экспрессивті, эмоциялық мағынасы мен интонациялық ерекшеліктері олардың лексикалық-грамматикалық айырмашылықтарына қарай әр түрлі болуы мүмкін. Бірінші топқа жататын лепті сөйлемдер бүтіндей жоғары тональды деңгейде болып, грамматикалық әдіссіз-ақ айрықша интонациямен айтылады. Олардың мағыналық өзегі сөйлемнің аяғына таман орналасады. Лепті сөйлемдердің екінші тобындағы эмоциялық мағыналы сөздер ең көтеріңкі тон және қуатты үдемелікпен созылыңқы айтылып, сөйлемнің бірінші мағыналық өзегі болып табылады да, ал екінші мағыналық өзегі сөйлемнің соңында келеді. Лепті сөйлемдердің бәрі дерлік экспрессивті-эмоциялық мағынаға ие болғандықтан, баяу қарқынмен және нық айрықша тембрмен айтылып, лепті интонемаға жататыны анықталды. Лепті сөйлемдердің түрлері интонеманың варианттарына сай болады.

Жай сөйлемдердің әртүрлі коммуникативтік типтерімен бірге М.Балақаев оқшау сөздердің интонациясы жайында айтып кеткен. «Қыстырма сөздер сөйлемдегі басқа сөздерден оқшауланып, ерекше интонациямен айтылады». Қыстырма бірліктердің *ерекше* интонациясы инструментальды тұрғысынан тексерілді. Қыстырма сөздер, сөз тіркестері сөйлемнің басында келсе, олар өздері бір синтагма құрап және сөйлемнің басқа сөздерінен пауза арқылы бөлініп, көтеріңкі

тонмен айтылыды да,, болымсыз тональды интервалымен ерекшеленеді. Сөйлем ортасында тұрған қыстырма сегменттердің көбі екі жағынан шамалы паузамен бөлініп, бәсеңдеу тонмен айтылады. Тональды диапазоны мол, жоғары деңгейлі болып келетін сөйлемнің алдыңғы мүшелерімен салыстырғанда, оның ортасында тұрған қыстырма сегменттердің тональды диапазоны шамалы болып және төменгі тональды регистрде тұрғаны айқын сезіледі. Сөйлем соңында тұратын қыстырма сегменттер сөйлемнен пауза арқылы бөлінбей, негізгі тонның сәл бәсеңдеуімен ғана, төменгі регистрде, жылдам айтылады. Сондай-ақ қыстырма сегменттердің интонемасына дөңестен төмендейтін тональды кескін мен тар тональды диапазон тән болады. Кейбір варианттардың тональды сызығы түзу болып келген кескінмен ерекшеленеді.

М.Балақаевтың еңбегінде интонация туралы мәліметтерді әрі қарай іздейтін болсақ, бірыңғай мүшелер жайында сөз болғанда табамыз. «Бірыңғай мүшелері салаластыра байланыстыратын амалдар – интонация мен жалғаулықтар, кейбір жалғаулықтардың көмегімен байланысқан бірыңғай мүшелер интонацияның да қатысымен, яғни кесек-кесек айырым әуенмен айтылады», делінген. «Кесек-кесек айырым әуенмен» дегені бірыңғай мүшелердің интонациясын дәл сипаттайды және әуенмен бірге басқа да интонацияның компоненттері бірігіп, жүзеге асады. Әр мүше бір синтагма болып, әуенмен бірге оның үдемелігі мен ұзақтылығы да молая түседі. Бірыңғай мүшелердің «әрқайсысы бірсыдырғы әуенмен, айырым логикалық екпінмен, айырым паузамен айтылады» деген ғалымның тұжырымы эксперименттi әдістер арқылы дәлелденді. Сөйлемдердің бірыңғай мүшелері акценттеліп, бәсең-көтеріңкі тонмен ерекшеленіп, біркелкі толқынданып, айырым паузамен бірге болымсыз тональды интервалдармен сипатталады. Сондай-ақ бірыңғай мүшелердің алғашқы синтагмалары тиянақсыз және қыстырма интонемалармен сипатталса, ең соңғысы тиянақты интонемаға ие болады.

М.Балақаев сөйлемдердің құрылу принциптерін, құрамын қарастырып, оларды жалаң және жайылма сөйлемдерге бөледі. «Жалаң сөйлемді құрайтын мүшелер бастауыш пен баяндауыш қана болса, ал жайылма сөйлемді жасауға бастауыш, баяндауыштан басқа тұрлаусыз мүшелер де қатысса, сөйлемнің іргесі кеңіп, ол жайылмаға айналады», -дейді. Мысалға мынадай сөйлемдер келтіреді: *«Кеме тіліп келеді.* – жалаң сөйлем. *Шығысқа беттеген // үлкен кеме // толқынды теңізді // тіліп келеді.*- жайылма сөйлем. Осы екі сөйлемнің интонациясын қарастырып көрейік. Бірінші жалаң сөйлем бір синтагманы құрса, екінші сөйлем төрт синтагмадан тұрады. Көріп отырғанымыздай, синтагмаға мүшелену айтылған сөйлем мазмұны мен оның құрамындағы тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің жайылмалылығына байланысты болады. Синтагманың интонациялық өрнектелуі тональды, динамикалық және темпоральдық құралдар арқылы жүзеге асады, әр синтагманың соңғы буыны синтагмалық екпінмен белгіленеді. Бірінші сөйлем тиянақты интонемаға сай келеді, екінші сөйлемнің басындағы және ортасындағы синтагмалары тиянақсыз интонемамен ерекшеленсе, оның соңғы синтагмасы тиянақты интонемаға ие болады. Сөйтіп, сөйлеу тіліндегі синтаксистік құрылымдардың аяқталған-аяқталмағанын олардың кідіріс арқылы межеленуі білдірсе, ал интонацияның әуені, қарқыны, ұзақтылығы және тағы басқа компоненттері олардың мазмұнымен тығыз байланыста екені көрінеді.

Аталған еңбекте М.Балақаев «жақты сөйлем», «жақсыз сөйлем», «жалпылама сөйлемдер» мен бірге «атаулы сөйлемдерге» де көңіл бөледі. Ғалымның айтуынша,

«атаулы сөйлемдер, жеке сөзді не сөз тіркесін айырықша сөйлемдік интонациямен айту арқылы жасалады». Атаулы сөйлемдер неге бізді ерекше қызықтырады, себебі оларды сөйлем қатарына қосып тұрған жалпы сөйлемнің үш белгісінің біреуі болып табылатын тек интонация ғана. Осындай сөйлемдер ауызекі тілде, диалогтарда жиі кездесіп, олардың мазмұны контекст пен сөйлеу жағдаятына, тілдің прагматикасына байланысты болады, мысалы *«Қа-ра-ғым!»* деген қаратпа сөз интонация арқылы сөлем болғаны анық. Белгілі сөйлеу жағдаятына байланысты бұл сөйлемді сомдау үшін интонацияның тональды, динамикалық және темпоральды параметлері қатысады. Сөйлемнің әр буынының айтылу ерекшелігінің мәні зор: бірінші, және екінші буындары көтеріңкі тонмен, мол үдемелікпен, созылыңқы аытылса, соңғы буыны нық акценттеліп, бәсең тонмен тынады. Тон, қарқын, үдемелік, ой екпіні интонацияның компонеттері ретінде сөйлем ішінде өзара түрлі қатынастарға түсіп, сөйлемнің мазмұны мен эмоциялық реңкін түрлендіріп тұрады.

Сонымен М.Балақаевтың «Қазіргі қазақ тілі» (1961) оқулығының «Жай сөйлемнің синтаксисі» тарауында сөйлемдердің құрамы мен түрлерімен бірге олардың интонациясы жайында біраз мағлұмат берілген. Ғалымның жазған еңбектері қазіргі күндері өзінің жалғасын тауып жатыр. Қазақ тілінің интонациясы жүйелі түрде зерттелген, оның қызметі, компоненттері, интонемалары анықталған. Қазақ тілінің интонациясын зерттейтін ілім жеке сала ретінде алынып, интонология деп аталады. Интонология – қазіргі қазақ тіл білімінің жаңа бағыты, оның үстіне қарқын дамып келе жатқан **прагмалингвистика, когнитивтік лингвистика, теория коммуникацисыямен** ұштасады. Осындай жаңа бағыттардың нағыз өзегінде тұрған тіл білімінің интонология саласы - белгілі бір семантикалық ұғымды тілдің барлық деңгейлерінің тығыз қарым-қатынасы арқылы жүйелі түрде бере алатын жалпытілдік категорияларды зерделеуге жол салады. Прагмалингвистика сөйлеу әрекетімен байланысты болса, интонология да сөйлеуде көрінеді. Сондықтан **интонология** саласында орындалған жұмыстардың бәрі **прагмалингвистикаға** қатысы бар деуге болады. Интонация сөйлемнің құрылуы мен жасалуына ғана қызмет атқарып қоймай, сонымен қатар оның коммуникативтік мағынасын, эмоциялық-экспрессивтік түрлерін де анықтайды. Оның үстіне интонацияның сөз актісінде сөйлем мен сөйлемнің ара жігін ажыратуда да мәні зор.

Интонация компоненттері болып саналатын пауза, қарқын, әуеннің жоғарылау, төмендеу сияқты түрлері жазба тілінде тыныс белгілері арқылы көрініс табады. Сондықтан сөз түсінікті болу үшін тыныс белгілерін «жаза» да, «оқи» да білу керек. Сөйлеу тілінде ырғақ әуен, қарқын тағы басқа да интонациялық компоненттер айтылатын ойды мейлінше дұрыс жеткізуде қандайлық қызмет атқарса, жазу тілінде де тыныс белгілері сондайлық маңызды рөл атқарады. Демек, тыныс белгілері сөйлеуді көркіндеумен бірге, оның грамматикалық құрылысының көрсеткіші ғана емес, сөз барысындағы интонациялық компоненттердің де көрсеткіші бола алады. Мәтінді оқығанда, тыныс белгілері пауза және қарқын өзгеруі, әуен көтерілуі мен бәсеңдеуінің көрсеткіштері ретінде мәтінді бөлшектерге мүшелеп, оның мазмұнын түсіндіруде үлкен қызмет атқарады.

Интонация компоненттерінің көріністерін, мысалы, оның негізгі тон жиілігін, ұзақтылығын, қарқын мен үдемелігін жазба тілде көріп білу, оны «оқып шығу» оңай емес, себебі тыныс белгілері мен просодикалық тәсілдер үнемі бір-біріне сәйкес келе бермейді. Мысалы: *Біз екінші адамда болып тұрған жан*

көрінісін өзімізді өзіміз сынаумен ғана білеміз. Ұялу деген жан көрінісін алайық, қасымызда бір кісі бір орасан істі істеді де, қызарып кетті, біз осы кісіде ұялу жан көрінісінің болғанын біле қоямыз. Мұны қалай білдік. Ұят деген бір зат болып көзімізге көрінді ме? Яки иіс болып мұрнымызға келді ме? Жоқ, бірі де болған жоқ. Келтірілген контексте сұраулы сөйлемдер бәсеңдеп барып тынатын бірсыдырғы интонациямен айтуға негіз болды. Бұл сөйлемдер басқа бір мазмұн шеңберінде айтылса, ол сұрау интонациямен өрнектелуі әбден мүмкін. Міне, көріп отырғанымыздай, сұрау мағынасын білдіретін тыныс белгісігің бұл жердегі интонация көріністерімен сай келмей тұрғандығы аңғарылады.

Мәтіндегі интонацияның функциясы жөнінде М. Балақаев былай дейді: «Айтайын деген ойымыз түсінікті болу үшін, әр сөйлемді, сөлемдегі жеке сөздерді, сөздер түйдегін, сөздер тізбегін, сөздер шумағын тиісті әуенмен, ырғақты үнмен, мәнерлі айтып, сазына келтіріп, сөйлеуміз керек. Олай етпегенде, сөйлемдегі сөздер, тұтас сөйлемдер... басы бір жерге қосылмай өзара байланыспай тұрады». Интонация қызметінің бұл түрінің қазіргі заманда қарқындап өркендеген радио мен теледидар арналарындағы сөйлеушілердің сөйлем түрлерін дұрыс мәнерде, олардың жіктерін ажыратып, сөздерін анық айтуда мәні зор. Интонация компоненттері ғана сөйлемді синтагмаларға бөліп, оның ішіндегі сөздерді мағынасына қарай сөйлем мүшелері айналасына топтастырады. Сөйлемдегі кідіріс арқылы бір бөлек топтасатын сөздер қай синтагмаға орналасқандығын, яғни олардың қайсысы сөйлемді бастап не аяқтайтын синтагма болатындығын, қайсысы оларға жатпайтындығын тек интонация арқасында ғана білуге болады. Мысалға М.Әуезовтың «Қарагөз» пьесасының полилог үзіндісін алайық. *Той күні. Бір топ әйел оқшау тігілген отауды көріп жүр.*

1 - әйел. Қыздың отауы // осы ғой. Анау дөдегелерінінен // танып тұрмын. Ұзынтыра қайнағаның // бәйбішесі істеген. Іші қандай екен, // кірсек қайтеді? (Үйге кіріседі.)

111 - әйел. Алған малын // түгел жұмсайым // деп отыр десіп еді // семіз бәйбішені.

11 -әйел. Түгел // жұмсап құтырып па? Онда қыздан // олжа қылғаны қайсы?

1 - әйел. Бәсе, // «бұл ауыл // қыз сатумен байыған ауыл» деп сөйлейтін // қауесет бар ғой.

111 - әйел. Бәсе, // тегін болмас // сол сөз. Пәлен-батыр // мол жасауы // көрінбейді ғой.

1 - әйел. «Бұл жолы бермеймін, // жасау-жабдығы дайын емес» // дескен екен. Қарагөздың наразы // боп жүргенін сезіп, // тоқтатпай беретін болыпты ғой.

11 - әйел. Қарагөзді // жолдан аздырып жүрген // кім екен, ей?

1 - әйел. Досы кім екенін білген // жан жоқ дейді. Әйтеуір мына күйеуге // ырза емес деседі.

111 - әйел. Көрейікші күйеуін! Бұл үйді // «жар-жарға» дайындап қойған-ау, // тегі.

11 - әйел. Қыздың «жар-жарын» // кім айтар екен?

1 - әйел. Жүр ғой осында салдар. Сырым да жүр екен. Бұл жолы // қайтер екен? Өзгенің қызын ұзатарда // «күйеуіне ырза емес» деп, // қайдағыны айтушы еді. Айтқыш болса, // Қарагөздің наразылығын айтсыншы, // көрейік!

Сөйлеушілер арасындағы полилог көңілдегідей болып шығуы үшін алдын ала жасалған жағдайлар орындалуы шарт. Басқа сөзбен айтқанда, өзара қарым-

қатынасқа түсетін сөз түзуші мен қабылдаушылар үшін де олардың арасында айтылатын сөзге ортақ бір тақырыптың болуы міндет. Бұл жерде мысалға келтірілген полилогтағы мазмұн Қарагөзді тұрмысқа беру тақырыбы аясында өрбіп тұр. Сөйлеу әрекетінің мазмұны мен мағыналық ерекшелігі қарым-қатынас тудырып тұрған сөз түзуші мен жалпы сөз барысының пресуппозицияларына байланысты болады. **Коммуникативтік акт** орын алатын **сөйлеу жағдаяттары**, **фреймдер** осы жалпы **пресуппозициялармен** тығыз байланысты болып келеді. Қарастырылып отырған полилогта (дискурста) әдеттегі прагмалингвистикалық жағдаят айқын аңғарылады. Контекст пен қарым қатынас жағдаятына байланысты орын алған **дискурстың** мүшеленуі кідіріс және басқа да просодикалық компоненттер арқылы іске асады. Берілген дискурста, кәдімгі кідірістер мен басқа да, оның күшейтуші, дайындықсыз сөйлеу көрсеткіштері болып табылатын **хезитация** түрлері де кездеседі. Мәтіндегі біріне-бір жалғаса айтылған сөйлемдер синтагмаларға бөлініп, олардың аралықтарында, айтылу мақсатына қарай, ықшам мөлшерлі жалғаспалы кідірістер бар екені көрініп тұр. Полилог сөйлемнің әртүрлі коммуникативтік типтерінен (хабарлы, сұраулы, бұйрықты) құралған. Бұнда біртұтастық сұрақ-жауап та бар, реплика түрінде берілген сөйлемдер де баршылық. Сөйлемдердің безендірілуі сөйлеушілердің жеке басының тұлғалық ерекшеліктері мен олардың коммуникативтік қарым-қатынас жасаудағы нақты сөйлеу мақсат-ниеттеріне байланысты болады. Полилогке қатысушылар нақтылы берілген жағдаятта вербальды түрде қолданылатын тәсілдермен бірге **бейвербальды** (тон, ым, бет және дене қимылы сияқты) қарым-қатынас құралдары да орын алады. Келтірілген мысалдан интонемалардың жалпы сұрақ, арнаулы сұрақ, сыпайы бұйрық, лепті, қыстырма сегменттер вариантарының көріністерін байқауға болады.

Сонымен М.Балақаевтың еңбегі синтаксистік фонетиканың әрі қарай дамуына ұйытқы болғаны күмән тудырмайды. Автордың «жай сөйлемнің синтаксисі» көптен бері жоғару оқу орындарының филология факультетінде пайдаланып жүр. Ғалымның интонация жайында айтқан ой-пікірлері келесі ғылыми жұмыстарға шабыт, талпыныс беріп, қазақ тіл білімінің жаңа бағыттарын зерделеуге жол ашады.

Әдебиет

1. *Балақаев М.* Жай сөйлемнің синтаксисі // Қазіргі қазақ тілі грамматикасы. Алматы, 1961.

2. *Базарбаева З.М.* Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. Алматы, 1996.

ВОПРОСЫ ИСТОРИЧЕСКОЙ ФОНЕТИКИ В ТРУДАХ АКАДЕМИКА А.Т.КАЙДАРОВА

Труды академика А.Кайдарова известны широкому кругу ученых в Казахстане и за ее пределами. В сферу его интересов входят проблемы лексикологии, фразеологии, этнолингвистки, лингвокультурологии, истории языка и культуры, общие воросы тюркологии и др. Нас интересуют его взгляды и суждения в области исторической фонетики и фонологии. Хотя ученый специально не занимался вопро-

сами исторической фонетики, но в его работах можно найти достаточно сведений и высказываний, которые могут быть полезны специалистам в этой области.

В его фундаментальном труде «Структура односложных корней и основ в казахском языке (2004)», который был переиздан через восемнадцать лет (первое издание вышло в 1986 году), была выявлена фоно-морфо-семантическая структура моносиллабов на обширном материале казахского языка с привлечением аналогичных фактов других родственных языков. В результате всестороннего анализа односложных корней и основ, составляющих базисную часть лексического богатства казахского языка, определяются структурные типы моносиллабов, их модификации в диахроническом аспекте.

В предисловии к переизданию ученый говорит о формировании языка наших далеких предков, которое «происходило прежде всего с образования наипростейших по своей структуре, осмысленных по своей семантике, членораздельных по произношению и восприятию лексических элементов вербальной коммуникации, что и явилось основой исторического процесса образования звуковой речи человека». <...> Самым важным и решающим фактором сотворения первых членораздельных, смыслоразличительных элементов человеческой речи происходило в силу необходимости сопровождения невербальных сигналов вербальными (языковыми) средствами. Именно так пришли в человеческое общество наипростейшие элементы вербального средства коммуникации. Однако, чтобы свершилось это «чудо» понадобилось человеку преодолеть не только огромное временное пространство, но и звуковой барьер, т.е. ему предстояло не только правильно имитировать (подражать), воспринять, воспроизводить самые различные звуки окружающей его природных явлений, но и уметь их различать и придавать каждому из них конкретные предметные значения.

Эта мысль А.Кайдарова перекликается с высказываниями ученых, которые специально занимались проблемой происхождения языка. По мнению В.А.Богородицкого, зародышем языка были инстинктивные крики, вызываемые различными аффектами. Эти крики постепенно превращались в артикуляционно-слуховые символы для обозначения тех или иных предметов или явлений действительности. К восклицаниям как аффективным реакциям присоединялись и звукоподражания. Все это могло сопровождаться жестами и мимическими движениями. Жесты по мере развития звуковой речи все более и более отступали на задний план, а сама мысль, выражавшаяся звуками, в первое время была до того примитивной, что даже представления предмета и действия смешивались в ней в одно неопределенное целое. При анализе природы языка Богородицкий обращает внимание на его изменчивость во времени и в пространстве. Причину этой изменчивости Богородицкий видит в смене генераций, или поколений (Богородицкий, 1935). Д.Н.Кудрявский считает, что язык возникает в процессе анализа представлений при помощи звуковых символов, которые постепенно превращаются в слова. В этом процессе выделяются следующие этапы: 1) звуки являются непосредственным отражением впечатлений внешнего мира, 2) звуки становятся символами воспринятых впечатлений и 3) сопоставление звуковых символов и соответствующих сложных представлений ведет к обоюдному анализу и вырабатывает слово с его значением (Кудрявский, 1913). Таким образом, как подчеркивает Кайдаров, «на определенном этапе своего эволюционного развития человеческий разум упорно преодолевал процесс словотворчества, а различные

явления окружающей природы и их своеобразные восприятия органами чувства, зрения, слуха, осязаний человека (рефлексы, реакции, ассоциации, образное представление и т.д.) становится не только объектом, но и источником образования первичных смыслоразличительных лексических единиц – односложных корней».

Отдельная глава работы посвящена фонологической структуре односложных корней и основ в казахском языке. Здесь ученый прослеживает фонологическую картину односложных корней и основ на всем протяжении исторического развития тюркских языков, начиная с древнейших орхоно-енисейских, таласских, древне-уйгурских, а затем средневековых арабописьменных памятников и кончая современными тюркскими языками. На основе анализа фонологических структур на материале разных тюркских языков, автор приходит к выводу, что «все тюркские языки имеют почти одинаковую возможность создания односложных корней и основ при наличии в обиходе равных по количеству гласных и согласных фонем. Комбинированные сочетания имеющихся в каждом языке гласных (одинарных и долгих) и согласных фонем в заданном ключе структурных типов односложных корней и основ (Г, СГ, ГС, ГСС, СГС, СГСС), по существу, представляют собой эту теоретическую возможность каждого из них в образовании односложных корней и основ различной структуры. Однако из того большого количества звукосочетаний, получаемых путем арифметической комбинации гласных и согласных звуков, лишь незначительная часть становится для данного языка реальной. Иначе говоря, реальными языковыми единицами они становятся только тогда, когда наполняются семантическим содержанием и выражают определенные лексические значения, понятные для носителей этого языка».

Ученый рассматривает все типы односложных корней и основ в казахском языке. При этом он замечает, что анализируемые единицы, состоящие из одной гласной фонемы представлены в незначительном количестве. Если брать все девять гласных, то из них только четыре имеют самостоятельное семантическое значение. Гласная **а** – обозначает восемь междометных значений. Гласная **ə** – представлена одиннадцатью междометными значениями. Гласная **е** – обозначает шесть междометных значений. Гласная **о** кроме междометных значений является стяженной формой местоимения *ол* (тот).

Анализируя структурные типы односложных корней и основ типа СГ и ГС Кайдаров приходит к выводу, что СГ представляет собой самый древний тип, а структурный тип ГС «служит довольно солидной базой для образования сотен и сотен производных основ».

Обилие структурного типа СГС ученый объясняет «во-первых, возможностью получения огромного количества звукокомплексов путем комбинированного сочетания трех фонологических (одной гласной и двух согласных фонем) единиц в различном наборе, а во-вторых, присущей строю тюркских языков звуковой дистрибуции, согласно которой преобладает тенденция перемежать согласный, гласный, согласный звуки. Тюркские языки, избегая стечения двух согласных в начальной позиции, все же допускают это явление в конечной позиции». <...> Причина многочисленности СГС в тюркских языках объясняется тем, что именно этот тип односложных корней основ больше всего отражает на себе сложный исторический процесс агглютинативного развития».

На основании проведенного анализа о возможных звукосочетаниях в структуре СГС, Кайдаров представил полную картину дистрибуции согласных и гласных фо-

нем в разных позициях и частоты их употребления. Наиболее употребительными по частоте оказались следующие фонемы: **т** > **с** > **ж** > **д** > **ш**. Ученый обращает внимание на тот факт, что древнему состоянию тюркских языков было свойственно глухое начало корневых слов. «Согласная фонема **ж**, вошедшая в первую пятерку, т о он, по существу, является этимологическим рефлексом в казахском языке общетюркского согласного сонанта **й**, отличающегося индифферентностью своей природы в системе звуковой дистрибуции. Отличие казахского языка от других тюркских языков заключается, по мнению ученого, в частоте употребления звонкой фонемы **б** по сравнению с глухой **п** (хак. *пол*, каз. *бол-быть*; хак. *пір*, каз. *бір*-один; чув. *пыл*, каз. *бал*-мед; чув. *пыр*, каз. *бар*-пойти и др.).

Тілдің жазбаша түрі әр қырынан жете зерттелген, және соған байланысты оқулықтар жарық көрген. Ал ауызша тілді алар болсақ, сөйлеу мәдениетінің білімдерін, танымын кеңейтуге арналған оқулықтар, оқу құралдары әлі жеткіліксіз. Адамды дұрыс мәнерлеп сөйлету үшін ауызша тілдің заңдылықтарын білдіру қажет. Ал ауызша тілдің бірден-бір көрсеткіші – интонация. Тұтынушылардың қатынас құралы ретіндегі интонация туралы білімдерін қалың жұртшылыққа таныстыру негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Сөйлеуге үйретуде материал ретінде лексикалық және грамматикалық бірліктер жете қолданылса, просодикалық тәсілдерге ерекше назар аударылмаған. Сөйлеу барысында көрініс табатын просодикалық тәсілдердің қызметі, интонация компоненттерінің сөз ағымында жүзеге асуы ауызша сөздің әуезділігінде, әсерлілігінде көрінеді.

Р.Сыздық өзінің еңбегінде: «сөзді дыбыстау, яғни дұрыс айту нормалары барлық сәттерде бірдей, ешбір бұлжымайтын нәрсе емес»,–дейді. <...> «Сөйлесу мәнерінің өзі де біркелкі емес. Оның көтеріңкі, салтанатты үнмен және жай үнмен айтылуы бар. Салтанатты үнде кейбір сөздерді әдейі бөліп айту немесе созып айту, кейде тіпті толық әуенмен айтқандай, әрбір сөзді нақпа-нақтап дыбыстау орын алады. Мысалы, радио мен теледидардан берілетін мемлекеттік, халықаралық маңызы аса зор ресми хабарлар көбінесе салтанатты әуенмен айтылады. Пьесаларда да белгілі бір жағдайға (ситуацияға) орай кейбір монологтер немесе тіпті бір-екі ауыз сөз де көтеріңкі үнмен айтылуы мүмкін. Бірақ қай-қайсысында да тыңдаушыға түсінікті болып шығатын айқындықпен қатар, сөздердің сөйлеу актісіндегі бір-біріне ететін әсері, дыбыстардың бір-бірінің ыңғайына қарай үндесіп, үйлесіп айтылуы қатаң сақталуға тиіс. Бұл талап әншілер мен актерлерге, дикторлар мен комментаторларға, мұғалімдер мен лекторларға және жиынжиналыстарда сөйлеушілерге, баяндамашыларға қойылады». Автордың құнды тұжырымдамалары сөйлеу интонациясының қағидаларымен сәйкес келуі керек.

Қазіргі орта және жоғары білім беретін оқу орындарындағы қазақ интонациясының негіздерін пән ретінде оқытқанда, интонациялық орфоэпия туралы қағидалар ақпарат құралдарында, теледидар мен радиода сөйлейтін адамдардың сөйлеу мәдениетін жақсартар еді.

Түсініп тыңдау біліктерін қалыптастыруда оның коммуникативтік-танымдық қырларына ерекше назар аударылса, тіл үйренушінің сөйлей білу қабілетін дамытуда бұл біліктің жағдаяттылық негізі мен сөйлеушілер арасындағы сөйлеу актісінің уәжділігі алғы орын алады. Сөйлеу дағдылары қазақ тілін үйренушінің ана тіліндегі оқи білу біліктеріне негізделеді. Сөйлеу әрекетінің бір түрі ретінде оқуға ұсынылған ақпарат мазмұнын мағыналық жағынан дұрыс қабылдай білуге бағытталады. Тіл үйретудегі ұтымды жолдардың бірі – дұрыс сөйлей білу дағдыларын дамытуға да аса көңіл бөліну керек.

Бұл тұста тіл үйренушінің сөйлеу актісін түсінуін дәлелдейтін просодикалық тәсілдердің (интонацияның) орны ерекше. Тіл үйренушінің сөйлей білу қабілетін дамытуда интонация заңдылықтарын меңгерудің маңызы зор. Басқа ұлт өкілдеріне тіл үйретуде интонацияның тұтастық әдісі қолданылады. Бұл әдіс интонацияны сөйлемдегі екпіннің орыс тіліндегідей жылжымалы орнына қарамай,

сегменттерін бүтіндей алып қарайды. Себебі қазақ және басқа да түркі тілдеріне тән ерекшелік, олардың сөйлемдегі сөздерінің басын қосып тұратын тәсілі - үндестік заңы деп есептелінеді. Өзге тілді ұлт өкілдеріне қазақ интонациясын оқытуда эксперименттік-фонетикалық зерттеу жүргізілген. Соның арқасында 8 түрлі интонема бар екені анықталды. Сонымен қатар ол интонемалардың, инварианттардың әрқайсысына қатысты бірнеше варианттары бүкіл қазақ тіліндегі неше түрлі мазмұнды көрсететін, әр алуан үлкенді-кішілі, күрделі және көп компонентті құрылымдардың интонациясының барлық түрлерін қамтиды.

Сөйлеу тілінде интонацияның компоненттері өзара тығыз байланыста болатыны анық. Бірақ олар сөйлемнің барлық түрлерінде әр уақытта бәрі бірдей орын алады және бірдей тыңдаушыға анық естіледі деп айту қиын. Олар өзара түрлі қарым-қатынасқа түсіп, сөйлемнің әр алуан түрлерін түзуде, оларды бірінен-бірін ажыратуда және олардың басын қосуда да қызмет атқарады.

Осы орайда Р.Сыздықтың пікірін келтірсек орынды болар: «Қазақ тілінде сөйлем ішіндегі сөздер дауыс ырғағы жағынан әрқайсысы бөлек-бөлек айтыла бермейді, көбінесе екі-екіден немесе екі-үштен бір ырғақты топ құрап, бір екпінмен, бір деммен үндесіп, үйлесіп, айтылады». «Бір деммен, бір екпінмен» айтылғанда сөз ағымы (мәтін) мүшеленіп, айтылған ойды дұрыс қабылдауға көмектеседі.

Интонацияның сөз легін сегменттерге мүшелеудің маңызы зор. Сөйлеу ағымын мүшелеу нәтижесінде оның сегментті және суперсегментті бірліктері анықталады. Мәтіннің орналасу ретін, просодикалық тәсілдердің қайсысы айырықша қызмет атқаратынын, оның қандай бірліктерге бөлінетінін, олардың өзара қалай байланысатынын байқауға болады. Интонация компоненттерінің қызметін айқындау жолында мәтін құрылысын зерттеу нәтижелі болуы ықтимал.

Мәтін мүшелеудің фонетика-фонологиялық негіздерін анықтау үшін ең алдымен оның құрамдас бөліктерін іріктеп, олардың өзара байланысу қағидаларын саралап алудан бастау керек. Мәтіннің мағыналық жіктері мен семантика-грамматикалық байланыстарын, әуеннің құбылуы, қарқынның баяндауы мен жылдамдауы, үдемелігінің күшейуі, тоналды дипазондар мен интервалдардың өзгеруі және басқа да интонациялық компоненттердің көрсеткіштерінен байқауға болады. Сондай-ақ мәтін бөлшектері біріне-бірі ұласып, бірінен-бірі өрбіп, бірімен-бірі үндесе үйлесіп бір ойды просодикалық құралдар арқылы жүзеге асырады. Мәтіннің күрделі фразалық тұтастық деңгейінде мүшеленуін, кешенді түрде, яғни функциональды-семантикалық және прагматикалық қырларынан қарастырудың тиімділігі айқындалды.

Қазақ тілі мәтінінің мағыналық-тұлғалық ұстаным негізінде мүшеленген бірліктеріндегі интонация көріністерінің мәні зор. Просодикалық тәсілдер арқылы мәтін құрамының орналасу ретін белгілеуге болады. Семантика-интонациялық мүшеленудегі просодикалық құралдардың қызметі анықталады, олардың әрқайсысының сөз семантикасына тәуелді екені көрінеді. Интонацияның сөйлеу тіліндегі көріністері, оның компоненттерінің мәтін бөлшектерінде ара-қатынасы мен өзара байланысуында алатын орны және басқа да қасиеттері мүмкіндігінше жан-жақты тексеріліп, анықталды.

Мәтіннің құрылымы мен жасалуына қызмет атқарып, әрі ондағы айтылған сөздің коммуникативтік мағынасын, эмоциялық-экспрессивтік қырларын анықтауда сөз **әуенінің** көтерілуі мен бәсеңдеуі, сөз бөлшектерінің белгілі бір

уақыт аралығындағы **ұзақтылығы**, сөз ағымындағы **кідіріс**, айтылымның қайсыбір бірлігін ерекшелеп тұлғаландырудағы **қарқын мен үдемелік** және адамның көңіл-күй ахуалын жеткізудегі дауыс **реңкінің** рөлі эксперименттік әдістер арқылы сипатталды.

Қазақ тілінің түрлі синтаксистік құрылымдарында интонация және оның бірліктері мен компоненттері өзара әрқилы күрделі қатынастарға түсіп, мәтін сегменттеуде, мәтін бөлшектерін семантикалық-құрылымдық топтарға бөлуде, оларды бір-бірімен байланыстыруда мәні зор екені эксперимент арқылы дәлелденді. Сөйлеу тіліндегі синтаксистік құрылымдардың аяқталған-аяқталмағанылығы, олардың кідіріс арқылы бөлінуі, ол құрылымдардың интонациясының әуені, қарқыны, ұзақтылығы, үдемелігі, тональды диапазоны мен деңгейі ондағы айтылған ойдың мазмұнына тікелей қатыстып, мәтіннің сегменттерге мүшеленуінде үлкен қызмет атқаратыны анықталды.

Р.Сыздық сөйлеу үстінде сөздердің екіден-үштен топтасып, бір деммен айтылуына назар аударады. «Сөйлеу актісінде айтылуы жағынан сөздердің бір-біріне ететін ықпалы, дыбыстық өзгерістері бір деммен топтасқан сөздердің ара жігінде және өн бойларында пайда болады. Сондықтан ең алдымен «бір деммен топтасқан сөздер» дегеніміз не, яғни сөздер қандай жағдайда бір деммен, бір ырғақпен, бір ритмикаға топтасып айтылатындығын біліп алған жөн», - деп, мысал келтіреді.

Құйрығы жоқ, жалы жоқ
Құлан қайтіп күн көрер.
Аяғы жоқ, қолы жоқ
Жылан қайтіп күн көрер.

Өленнің транскрипциясын бергенде «топ құрайтын сөздер шартты түрде қосылып жазылады»:

Құйрұғұжоқ / жалыжоқ /
Құлаңғайтып / күңгөрөр //
Аяғыжоқ / қолұжоқ /
Жыланғайтып күңгөрөр //

Ғалым ұсынған мысалды талдап көрейік. Төрт тармақты шағын өленнің әр тармағы екі бунақтан және жеті буыннан тұрады. Соңғы буындары бір-бірімен ыңғайласып, үйлесіп тұр. Буын үйлесуі былайша келеді: бірінші тармағының екінші және төртінші (соңғы) сөзі, үшінші тармағының екінші және төртінші (соңғы) сөзі бірдей болып (*жоқ-жоқ*), қайталанып тұрады. Сондай-ақ екінші және төртінші тармақтардың екінші (*қайтіп-қайтіп*) және үшінші, төртінші (соңғы) сөздері (*күн-күн*), (*көрер-көрер*) де бірдей болып, бір-бірімен үйлесіп, үндесіп тұр.

Бұл мысалдың буын үйлесуі мен үндесуі, және буын сандарының бірдей болуы оны бір шеңберде біркелкі ырғақта ұстап, оның көтеріңкі-бәсең интонациямен сипатталатыны. Синтаксистік құрылымы жағынан алып қарағанда, төрт тармақты өлең екі жайылма сөйлемнен тұрады. *Құйрығы жоқ, // жалы жоқ, // құлан қайтіп күн көрер. Аяғы жоқ, // қолы жоқ, // жылан қайтіп күн көрер.* Әр сөйлем үш семантика-интонациялық бірлікті (синтагманы) құрайды. Олар тиянақсыз және тиянақты интонемалармен сипатталады.

Кейде бір синтагма бунақпен үйлесіп отырады, кейде бірнеше бунақтардан тұрады. Синтагмаға кірген сөздер бір интонациялық құрылым түзеді де, ондағы синтагмалық (ырғақты) екпін осы топтағы бір сөзге түсіп тұрақты орынға ие болады.

Ырғақты екпіннен басқа мәтін ішінде ой екпінінің мәні зор. Ой екпіні сөйлемдегі бір сөздің мәніне айрықша көңіл аударып, оны күшейтіп тұрады.

Осыған байланысты ғалымның сөзін келтірсек: «Кейде баяндауышқа логикалық екпін түсіру керек болады. Ондайда баяндауыш дауыс ырғағы жағынан дара айтылады да, алдыңғы сөзбен үндеспейлді. Мысалы, «Еңлік-Кебек» пьесасында Кебек елден пана таба алмай, тау кезіп, тас кешіп кететінін білдіріп: *«Ал / біз / кеттік!»* дейді. Мұнда кеттік сөзіне ой екпіні түсу керек, сондықтан бастауыш, баяндауышпен қатар тұрғанмен, кеттік сөзі ырғақтық топқа кірмейді, демек, дыбысы ұяңдамайды», - деп түсіндіреді.

Ой екпіні сөйлемнің мазмұнымен және сөйлемді бөлшектеуімен тығыз байланысты. Қазақ тіліндегі сөйлем мүшеленуінің ең басты көрсеткіштері просодикалық тәсілдердің синтагма түйіскен жерде күрт өзгеруі. Келтірілген мысалда *біз кеттік* деген фраза бір деммен интонациялық бірлік құрмай, екінші сөз ой екпінінің арқасында оқшауланып тұр.

Ой екпініне байланысты ғалым тағы мысалдар келтіріп, салыстырады: 1) *Мен көрдім ұзын қайын құлағанын.* 2) *Мен қазақпын / мың өліп / мың тірілген.* Алғашқы өлең жолында бастауыш пен баяндауыш үндесіп айтылады (*меңгөрдім*), өйткені мұнда көрдім сөзіне ой екпіні түсіп тұрған жоқ, ал соңғы өлең жолында *мен / қазақпын* деген бастауыш пен баяндауыш екі бөлікте айтылуға тиіс, өйткені ой екпіні өзге ұлт емес *қазақпын* дегенге түсіп тұр, сондықтан *меңғазақпын* деп үндестірмей, мен *қазақпын* деп оқыған дұрыс, деп өте дәл түсіндіреді.

Интонация компоненттері синтаксистік бірліктерді мағыналық бөлшектерге бөліп, оларды маңыздылығына және ақпараттық сапасына қарай безендіреді және сөйлемді синтагмаларға, ырғақты топтарға бөледі.

Ырғақты топтың көлемі жайында Р.Сыздық былай дейді: «Ырғақты топ құрайтындар жеке жай тіркестер болып та (*қалқан құлақ, тас жол, Байқал көлі, оқып отыр, көк ала*), фраза, идиомдар сияқты тұрақты тіркестер болып та, (*ашық ауыз, құр қол, қас пен көздің арасында*), біріккен сөздер болып та (*кәсіп одақ, шекара, Жаңақорған*), қос сөздер болып та, (*қолма-қол, қилы-қилы*), мәнді сөз бен шылау, одағайлар тіркесі болып та (*о керемет, үйге қарай, желге қарсы*) келе береді. Көріп отырғанымыздай, ырғақты топтар көбінесе синтагмаға сәйкес келеді. Бұл, әрине, контекст пен сөйлеу жағдаятына байланысты.

Р.Сыздық орфоэпикалық ережелер немесе сөз сазын келтіру қағидалары жайында сөз еткен. «Бір ырғақпен айтылатын сөздердің алдыңғы сыңары **с, з** дыбыстарына аяқталса, келесі сөз **ж, ш** дыбыстарынан басталса, екі сөз аралығында қос **шш** және **жж** дыбыстары айтылады», - деп мысалдар келтіреді. *Досжан* [До**шш**ан], *сөзшең* [сө**шш**ең], *бос шылбыр* [бо**шш**ылбыр], *жас жаным* [жа**шш**аным]. Сол сияқты *Ғазиз жан* [Ғази**жж**ан], *тоғыз жерде* [*тоғы**жж**ерде*]. Мысалдарды фонема теориясы жағынан талдап көруге болады. *Досжан, сөзшең, бос шылбыр, жас жаным* деген сөздерде **с** және **з** фонемалары өзінің әлсіз позициясында бейтараптанып **ш** фонемасының қасиетін алып отыр. Демек, **с** және **з** фонемалары аталған сөздерде өзінің **ш** вариантында көрініс табады. Келесі *Ғазиз жан, тоғыз жерде* деген сөздерде **з** фонемасы сөздің соңыда **ж**

фонемасының қасиетін алып отыр. Әлсіз позицияда тұрғансоң **з** фонемасы да бейтараптанады. Сонымен **с** және **з** фонемаларының вариантты **ш** және **ж** дыбыстары болып табылады.

Осыған байланысты Р.Сыздық келесі өлеңді келтіреді.

Жазылуы

Бауырым жара, сөзім нала,
Дертпен келем мен бүгін.
Аямас жау мені айнала
Салды салмақ сұмдығын.
Қараңғыда жалғыз жарық
Әлсіз қолда өшер ме?
Айдарым жоқ, жеке қалып,
Зұлмат жаншып өтер ме?

Айтылуы

Бауұрұм жара / сөзұмнала /
Дертпеңгелем / мембүгүн /
Аямашшау / менайнала //
Салдысалмақ / сұмдұғұн //
Қараңғыда / жалғыжжарық
Әлсізголда / өшерме //
Айдарымжоқ / жекеғалып /
Зұлматжаншып / өтерме //

Бұл өлеңді айту үстінде кейбір фонемалар көршілес дыбыстардың қасиетін алып, өзгеріп, әртүрлі реңкте айтылады. Инвариант фонемалардың вариацияларда көрінуі, олардың түрленім себептері ассимиляция редукция құбылыстарына байланысты. Мысалы, өлеңде кездесетін езу дауысты дыбыстар қасында тұрған ерін дауыстылардың ықпалымен лабиализацианады. Демек, инвариант фонемалар өзінің вариацияларында реализацияланады. Дауыссыз дыбыстар көршілес дауыссыздардың ықпалы негізінде өзінің варианттарында көрініс табады. Сондықтан да Р.Сыздық орфография мен орфоэпия бір-бірімен сәйкес келмейтінін айтады.

Сөйлеу тілінің заңдылықтарын, сөз айту нормаларын бұзбай, дұрыс пайдалану, нормаларды көпшілікке үйрету жайында сөз етеді. Сөз мәдениетін үйрету: дұрыс дыбыстау, сөздердің мағыналық топтарына қарай айрықша бөлу, я болмаса ұластыра қосып айту, ой екпінін ескеру, логикалық паузаларды сақтау – мұның бәрі құлаққа жағымды естілуіне, сөз сазы деген ұғымға жатады.

Пауза, интонацияның бір компоненті ретінде, сөздерді мағынасына қарай әрбір сөйлем мүшелерінің айналасына топтастырады. Осы жөнінде ғалым: «Ырғақтық-мелодикалық топтардың ара жігінде әрдайым айқын сезінерліктей дауыс кідірісі (пауза) бола бермейді, анық пауза көбінесе сөйлемнің соңында, бірыңғай мүшелердің арасында, оңашаланған не айқындалған мүшелердің айтылуында, тағы сол сияқты синтаксистиік жіктердің аралығында болады».

Семантика-интонациялық бірліктер паузамен белгіленіп, сөйлеу тілінде функциональды мазмұнға ие болады. Олар сөз, сөз тіркесі және сөйлем көлемінде интонациялық келбетімен ерекшеленеді. Бірнеше синтагмадан тұратын мәтін интонациясын құбылтып, түрліше мән беріп оқыса, ондағы сөздер интонация арқылы түрліше топталуының арқасында шекарасы өзгеріп, басқаша стилистикалық мағынаға да ие болып кетуі мүмкін.

Мәтінді сегментерге мүшелегенде просодикалық тәсілдер бір-бірімен қатынасқа түсіп, бөлшектердің мазмұны мен формасынан хабар береді. Бірыңғай мүшелер, қыстырма сөздер пауза арқылы бөлініп, синтагмаларға сәйкес келеді. Олардың мазмұны мен көлемі әр түрлі бола береді. Сөз ағымының тоқтауы кідіріспен бірге әуеннің кенет өзгеруі және үдемеліктің азаюын да көрсетеді. Интонацияның қызметі сөйлем арасындағы құрал болғанымен қатар, ол тыңдаушыға әсер беріп, айтушының түрлі ой-сезімін, эмоциясының құбылуын, өзгеруін білдіреді. Жазба мәтіндерді мазмұнына қарай дұрыс, мәнерлеп оқығанда интонацияның барлық компоненттері қозғалысқа түседі. Мәтіннің интонациясын өзгертіп, қатар топтасып тұрған сөздерін жылжытып, кідірісті ескермей басқаша айтса, сөздердің грамматикалық мағынасы, мәтіннің жалпы мағынасы да өзгеріп кетуі мүмкін

Интонациялық құрылымдағы просодикалық өзгеріс ең алдымен сөйлеу актісінде болатыны белгілі. Әр халықтың сөйлеу мүшесіне тән дағдыланған артикуляциялық базасы ғана өзгеріске түспей, сондай-ақ интонациялық компоненттердің де қызметі айқын көрінеді. Сондай-ақ, сөйлеу тілінде де оның жазба мәтін түрінде де просодикалық тәсілдердің орны ерекше, себебі суперсегментті сипат дыбысталған мәтінде ғана емес, жазба мәтінде де көрініс табады және мазмұндалған лексика-грамматикалық, синтаксистік, стильдік экспрессиялық мағынаны береді.

Суперсегментті бірліктердің акустика-аудиторлық жағынан өзгеру сипатын, яғни олардың просодикалық өзгеріске ұшыраған себебін интонология саласы түсіндіреді. Интонацияны оқытуда оның әдіснамалық негіздерін, теориялық ұстанымдарын, берілетін білім көлемін, оның формалары мен әдістерін ескеру қажет.

Просодикалық тәсілдердің сөйлемнің құрылуы мен жасалуына ғана қызмет атқарып қоймай, сонымен бірге оның коммуникативтік мағынасын, эмоциялық-экспрессивтік түрлерін анықтайтыны, мемлекеттік тілін үйреніп жүрген өзге тілді ұлт өкілдеріне сөйлеу актілері жайында түсінік берілсе, еркін сөйлей алуына ықпал ететін фактілер интонология тұрғысынан анықталады. Қазақ интонациясын үйретуде просодикалық тәсілдердің сөзді дауыстың құлпыруына, өзгеруіне қарай түрлендіріп, мәнерлеп, көріктендіріп отыратынын мысалдар арқылы көрсетуге болады.

Қазақ тілін қалың жұртшылыққа үйреткенде эмоциональды-экспрессивті мағынаны білдірудің ең көркем амалының бірі – интонация екені көрсетіп, просодикалық тәсілдердің мәтінді бүтін объект ретінде біріктіріп, оны белгілі стиль мен жанрдағы мәтіндермен салыстыруға мүмкіндік беретінін эксперимент арқылы дәлелдеуге болады.

Білім берудегі негізгі танымдардың жіктелуі мен құрылымы дидактикалық теориялары суперсегментті фонетика аясында қарастырылып, тіл үйренушілеріне қазақ интонациясының оқыту жүйесі және үйрету жолдары, әдістері анықталып сипатталса, оны оқытудың әдіснамалық негіздері, теориялық ұстанымдары белгіленеді. Қазақ тілін үйреніп жүрген жұртшылыққа сөйлеу актілері жайын-

да түсінік беріліп, еркін сөйлей алуына ықпал ететін фактілер суперсегментті фонетика тұрғысынан айқын көрінеді. Экспериментті-фонетикалық талдаулар жүргізудің нәтижесінде интонема модельдерінің варианттары, вариациялары сипатталып, ұлт өкілдеріне үйретудің амалдары беріліп, қазақ интонациясының басқа тілді ұлттарға оқытудағы тілдік және танымдық материал мазмұны ғылыми тұрғыда қарастырылып, сөйлеу тілін үйрету үшін қажетті білім қорын сұрыптау, таңдау жолдары коммуникация теориясы және прагмалингвистика салаларына қатысты зерттелуі тиіс.

Басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретудің негізі ең алдымен ауызекі сөйлеу тілінің табиғатын танытып, үйретуден басталатыны белгілі. Оларды қазақша сөйлеп, өз ойын басқаға түсіндіре алатын, біреудің сөйлеген сөзін, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу үшін қазақша коммуникативтілік қажет. Ол үшін тілдік мәлімет беріледі. Өйткені үйренетін тілдің өзіндік ерекшеліктері мен интонациялық заңдылықтарын танып білмейінше, ол тілде сөйлеу мүмкін емес. Яғни сөйлеу дағдысын қалыптастыру қажеттілігі басшылыққа алынады. Интонация сөйлеу, сөйлесу негізінде пайда болатындықтан, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету үшін интонациялық тәсілдерді, интонема модельдерін пайдалану қажет. Осы орайда, бір-бірімен сөйлесіп, пікір алысуына прагмалингвистиканың тигізер әсерін ерекше атап айтуға болады. Өйткені интонация прагмалингвистика саласымен, тілдік коммуникациямен тығыз байланысты.

Сонымен, бұл мақаланы Р.Сыздықтың өз сөзімен бітіргім келіп тұр: «Ана тіліміздің ауызша қызмет ету өрісі кеңейіп, оған үлкен әлеуметтік мән беріліп жатқан бұл күндерде сөз сазына арналған мұндай анықтама құралдардың түрлерін көбейту және мол тиражбен жиі-жиі жарыққа шығару қажеттігі туып отыр».

Әдебиет

Сыздықова Р. Сөз сазы. Алматы, «Санат», 1995.

Резюме

В статье, посвященной работе Р.Сыздыковой «Сөз сазы», рассматриваются вопросы суперсегментной фонетики, показывается роль интонации в устной речи. Даются рекомендации по обучению казахской интонации носителям неказахской национальности.

ЛИНГВИСТИКА – ПРИЗВАНИЕ, НАУКА – ОБРАЗ ЖИЗНИ

«Побольше рождалось бы у казахов, дочерей похожих на вас...». Эти строки из песни замечательного поэта современности Касыма Аманжолова, посвященной академику НАН РК Сыздыковой Рабиге Галиевне, были написаны в 1946 году. Прослеживая долгую и яркую жизнь выдающегося ученого-феномена нашего времени, еще раз убеждаешься в правоте и точной оценке личности, которые стали лейтмотивом всей ее жизни и творчества.

Детство и юность Рабиги Галиевны прошли в один из самых трудных периодов в истории нашей страны: отца постигла участь многих представителей интеллигенции того времени, он подвергся репрессии и был расстрелян в 1937 году «как

враг народа». Все семейные тяготы легли на плечи матери. Видимо поэтому дети того поколения быстро взрослели. В шестнадцать лет Рабига Галиевна уже преподавала в школе казахский язык и литературу.

В 1945 году в Алма-Ату съехались учителя со всех регионов Казахстана для участия в конференции, посвященной столетию Абая. Среди них была и Рабига Галиевна. Выступление молодой и энергичной девушки не осталось без внимания. Возглавлявший в то время Казахский Педагогический институт профессор Ахмеди Ыскаков заметил в молодой девушке незаурядные способности и острый ум, пригласив ее сразу на третий курс филологического факультета.

Начиная с 60-х годов Рабига Галиевна работала в Институте языка и литературы Академии наук Каз ССР. На одной из научных конференций, в которой участвовала Р.Сыздыкова, присутствовал сам М.Ауэзов. Выслушав всех участников конференции, Мухтар Омарханович дал высокую оценку выступлению молодого ученого, отметив, что проблема, поднимаемая в ее докладе имеет важное значение как для лингвистов, так и для литературоведов. По совету М.Ауэзова Р.Сыздыкова принялась исследовать творчество Абая в лингвистическом аспекте. Выбрав тему, связанную с вкладом поэта в развитие и становление казахского литературного языка, в течение многих лет Р.Сыздыкова скрупулезно изучала язык произведений Абая. Наставления великого писателя принесли свои плоды. Появились такие капитальные труды как «Язык произведений Абая», «Словесные узоры Абая», «Синтаксис стихотворений Абая», которые были высоко оценены в научных и общественных кругах республики.

Рабига Галиевна Сыздыкова – блистательный ученый-филолог, единственная женщина, академик НАН РК. Ее исследования по целому ряду направлений в области тюркского и казахского языкознания, и в первую очередь по проблемам истории казахского литературного языка, являются бесценным вкладом в развитие лингвистической науки. В 1993 году была переиздана и дополненна монография «История казахского литературного языка XV-XIX веков». Начиная с 60-х годов Р.Сыздыкова исследовала проблемы формирования, этапы развития казахского литературного языка. У ученого имеется свой взгляд по принципу определения статуса литературного языка, согласно которому язык произведений акынов и жырау XV-XVIII веков представляет собой образец литературного языка дописьменного периода. На основе тщательного и кропотливого изучения исторических памятников, исследователь приходит к выводу, что унификация и развитие нормативных основ литературного языка происходит не только в письменной, но и в устной форме.

Проблемы развития и истории казахского литературного языка тесно связаны с тюркологическими изысканиями ученого. Р.Г.Сыздыкова анализирует лексико-грамматические особенности языка средневекового памятника «Жами ат-тауарих» Кадыргали би (XVI в.). В результате сопоставления огузских и кыпчакских элементов тюркских языков исследователь аргументированно доказывает, что письменный памятник является историческим достоянием духовной культуры казахского народа.

Большой научный интерес представляют также ее текстологические исследования языка хикметов Ходжа Ахмета Яссави (XII в.). В работах Сыздыковой редким образом сочетается глубина изучения проблем развития языка с широтой охвата материала, что обеспечивает достоверность и истинность суждений.

Значительное место в научных исследованиях Сыздыковой занимают теоретические и прикладные вопросы, связанные с культурой речи. Вопросы теории казахского литературного языка рассматриваются в плане развития его социальных функций и нормативных процессов. Она глубоко раскрывает такие лингвистические понятия как норма, кодификация, речь и др. Проблемы языковой нормы и ее кодификации, основные правила казахской орфографии и пунктуации, лексикографическое богатство современного казахского языка, вопросы стилистики и ораторского искусства нашли отражение в многочисленных монографиях, справочниках, учебниках, пособиях, словарях.

Особо хотелось бы отметить весомый вклад, который вносит Р.Сыздыкова в изучение и пропаганду трудов видных ученых, основателей казахского языкознания, как А.Байтурсынов, Х.Жубанов, Х.Досмухамедов, творчеству которых посвящены отдельные монографии, книги, а также брошюры и статьи.

Ее ученики – доктора и кандидаты наук стали известными специалистами, работают в вузах и в других научных и государственных учреждениях страны. Плодотворная научно-педагогическая и общественная деятельность академика Р.Г.Сыздыковой отмечены государственными наградами «Құрмет» и «Парасат». Она является лауреатом Государственной премии и премии имени Ч.Валиханова, Заслуженным деятелем науки.

Время не властно над ее светлым разумом и кипучей жизненной энергией. Академик Р.Г.Сыздыкова всегда находится в курсе научной и общественной жизни. Не могут не восхищать ее глубокая мудрость, колоссальная работоспособность, широкая эрудиция, а также активная гражданская позиция с искренней обеспокоенностью судьбой лингвистической науки. Бесценен ее вклад не только в науку, но и в национальную культуру и духовность казахского народа. Благодаря своей открытости, общительности и доброжелательности вокруг нее всегда много людей и особенно молодежи. Как заботливый и добрый наставник, она помогает молодым коллегам по широкому кругу вопросов, начиная с научных и кончая всякого рода житейских. Рабига Галиевна часто приглашает гостей, она отличная хозяйка, ее стрепне могут позавидовать самые знатные повара. Ее главное хобби – это спорт. Просматривает по телевизору спортивные состязания и конечно не пропускает олимпиады. И как ярый болельщик, всегда в курсе наших спотривных достижений.

Многие окружающие люди интересуются, как же она при всей своей занятости добилась таких колоссальных успехов в науке. Дело в том, что научная деятельность - это ее призвание, образ жизни. «Часто было так, что одной рукой приходилось снимать пену с кастрюли, в которой варилось мясо, а в другой держать книгу» говорила она. Занимаясь хозяйством обдумывает будущую статью, книгу, гуляя на улице в уме систематизирует свои мысли, чтобы потом это отразить на письме. Как всякая женщина она небезразлична к своей внешности. Видимо поэтому всегда прекрасно выглядит: прическа и любая одежда ей к лицу.

Свой юбилей Рабига Галиевна встречает с большим оптимизмом, хотя в последнее время появились проблемы со зрением, хочет закончить задуманную

книгу в срок. Высокая ответственность, профессионализм, сочетающиеся с интеллигентностью, духовным богатством снискали глубокое уважение коллег, учеников, друзей.

АКАДЕМИК ШОРА САРЫБАЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ИНТОНАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Соңғы кезде пайда болған қазақ тіл біліміндегі интонология саласының тарихы алыста жатыр. XVIII ғасырдан бастап интонация туралы жалпы мәліметтерді европа тілшілерінің еңбектерінде кездестіреміз.

Қазақ тіл білімінде интонацияның кейбір мәселелері тұңғыш рет XX ғасырдың 20 – 30 жылдарында А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбановтың еңбектерінде әңгіме болған.

Өткен ғасырдың 40 – шы жылдарынан бастап интонацияны зерттеу проблемасы жылдам үрдіс алып, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, І.Кенесбаевтардың еңбектерінде кездеседі. Бұл ғалымдардың еңбектерінде интонацияның сөйлемдегі ролі қысқаша айтылып, сөйлемнің басты белгілерінің бірі ретінде және екпінмен байланысты қарастырылады.

1959 жылы Ш.Сарыбаевтың «Междометие в казахском языке» деген кітабы жарық көрді. Бұл еңбекте одағай категориясы әр қырынан қарастырылған: мағыналық топтары, грамматикалық-құрылымдық ерекшеліктері, модальды-экспрессивті реңкі, этимологиясы, тағы басқа да жақтары.

Осындай терең де, жан-жақты сипаттаудың ішінде бізді одағай категориясының интонациялық көріністері қызықтырды. Себебі, бұл жұмыста алғаш рет қазақ тілтанымында интонация мәселелері эксперименттті әдістермен зерттелген. «Басқа сөз таптарымен салыстырғанда, әуезділік, ырғақ, эмоциональдық құбылмалыққа, интонацияға өте бай категория», - деп автор одағайларды дәл бағалаған.

Ш.Сарыбаев одағай бірліктері публицистика, ғылыми стильде жазылған шығармаларда сирек кездеседі, ал көркем шығарма тілінде көп кездеседі деп, біраз көрнекі мысалдар келтіріп, олардың интонация ерекшеліктерін сипаттайды. Жарты ғасыр бұрын жазылған еңбекте интонация туралы мәліметтер қазіргі күнгі интонация теориясымен үйлесетіні айқын көрінеді. Оны түсіндіру үшін біз автордың жазған ой-пікірлеріне назар аударып, цитаталар келтіріп (орыс және қазақ тілінде), оларды интонология тұрғысынан қарастырып көрейік.

Ең алдымен автор интонацияның монологтан гөрі диалогта, ауызекі тілде көрініс табатынын айтып кеткен: «Выразительно звучащая речь побеждает и увлекает сильнее самой совершенной письменной речи. Междометия – это такие слова, которые склонны ко всем эмоциональным обертонам интонации. (...) Олар көркем шығарма тілінде (әсіресе диалогтарда) көп кездеседі». Интонацияның сөйлеу тіліндегі атқаратын ролін дұрыс түсініп, автор оның сөйлеу процесіндегі қызметін, сөйленісте көрініс табатынына көңіл бөлген және интонация статикалық синтаксисте емес динамикалық синтаксисте қарастырылатыны айқын көрінеді.

Автордың бұл пікірінің қазіргі таңда дамып келе жатқан коммуникативті лингвистика, прагмалингвистикамен ұштасатынын көріп отырмыз. Тіл адамдардың қарым-қатынас орнату құралы (коммуникативтік) екенін ескере отырып, тілдік формаларды қарым-қатынас материалы ретінде зерттеудің коммуникативтік аспектісінде қарастыру қолға алынып жатыр. Осы бағытта тіл бірліктерінің коммуникативтік акт процесінде, контекст, ситуация және сөйлеудің диалогтік формасында қарастырылуы маңызды болып саналады.

Сонымен, одағай бірліктері сөйлеу актісінде, сөйлесімде, диалог жағдайында көрініс табатын функциональды грамматика тұрғысынан зерттелген екен. Интонацияның мағына ажыратушы қасиетіне назар аударып, автор контекстің, ситуацияның маңыздылығын баса айтқан. «Большое влияние в установлении значений междометий имеет контекст или ситуация речи. Конкретный смысл многозначного междометия становится ясным в связи с тем словесным целым, в состав которого междометие входит».

Қазіргі кезде тілдік категориялар контекст, мәтін, сөйлеу жағдаятымен байланысты зерттеліп келе жатыр. Себебі тілдің кайбір формасы, қандай аспектіде болса да, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас құралына қызмет етеді. Соңғы кезде тілдің функциональдық жақтары мен коммуникативтік аспектісіне назар аударылып, тілдік категориялар мен формалар оқшау, жекеленген сөйлем деңгейінде, формалдық жақтан емес, мәтін, контекст, сөйлеу жағдаятында, сөйлеудің диалогтік формасында, коммуникативтік акт процесінде қарастырылып, олардың күрделі функциональдық, прагматикалық жақтары зерттеледі.

Осындай тілдік қарым-қатынас құралының негізгі құрылымдық материалы болуымен байланысты, одағай бірліктердің табиғаты да сан қырлы және күрделі. Талдап отырған жұмыста одағай бірліктер құрылымдық, функциональдық, семантикалық жақтары мен қолданыс аясына қарай мәтін лингвистика, функциональды грамматиканың нысаны болып отырғаны көрінеді.

Одағай категорияның лексика-грамматикалық тәсілдер арқылы жасалған түрлері зерттеліп, олардың жасалу жолдары, интонация ерекшеліктері нақты тілдік фактілермен, эксперименталды-фонетикалық әдістермен дәлелденген. Одағайлар құрылымы, семантикасы жағынан да өздері түзілетін мәтінмен, контекстпен, сөйлеу жағдаятымен тығыз байланыста және оларға бағынышты болып, солардың құрамында ғана өз мағынасына толық ие бола алады. Адам факторы, тілдің коммуникативтік қасиеті, прагмалингвистика аспектілері тұрғысынан зерттелуі қазақ тіл білімі үшін маңызды болатыны анық.

Автор зерттеу барысында көп мағыналы одағайлардың семантикасы мен интонациясының байланысына аса көңіл бөледі. «Тіліміздегі көп мағыналы одағайлардың әрбіреуі жұмсалатын мағынасына қарай әр түрлі интонацияда айтылады. Біресе созылыңқы, баяу, біресе жұлып алғандай тез, жылдам айтылады. (...) Кейбір көп мағыналы одағайлардың мағынасының құбылуы олардың айтылу мелодикасына, интонациялық ырғаққа байланысты болады». Жұмыста жалпы ситуация, коммуникативтік акт процесіне, контекстке сүйеніп, автор одағай бірліктерін модальды-семантикалық топтарға жіктейді. Олардың коммуникативтік-

эмоциональды қызметі тек контекст құрамында ғана ашылатын болғандықтан, автор одағайлардың семантикалық ерешеліктерін диалог көлемінде беріп отырады. Сондай-ақ бір одағай бірлігі әр түрлі топтарға кіруі мүмкін, бұл жағдайда олардың мазмұны тек интонация тәсілі арқылы ғана ажыратылады. Одағай бірліктерінің көп мағынаның ішінен нақты да дәл мағынасы айтылымда интонация арқылы ғана анықталатынын, көрсету үшін экспериментальды-фонетикалық таладау жасалған. Сондай-ақ интонацияның мазмұн ажырататын қызметін автор экспериментті түрде дәлелдеген. Инструментальды талдаудың нәтижесінде, көп мағыналы одағайлардың интонациясы сипатталып, тілдік материалдардың интонограммалары ұсынылады. Интонограммаларда сөйлеу сигналының осциллограммасы, негізгі тонның жиілігі және уақыт белгілері көрсетіледі.

Көп мағыналы одағай сөздің интонациялық сызығы беріліп, мағыналық түрлерін ажыратудағы просодикалық айырым белгілері анықталады. Интонацияның мағына ажыратуда басты роль атқаратыны жүргізілген эксперимент нәтижелері арқылы көрсетіледі. Автордың өзіне жүгінейік: «Междометие *Пәлі//Бәлі!* во всех своих трех значениях имеет различную интонацию. При одобрении-восторге оно произносится с наибольшей напряженностью голосовых связок, при выражении укоризненно-отрицательного отношения к речи собеседника – с несколько протяжным произношением звука. В данном случае мы имеем циркумфлексную интонацию с более низким понижением тона на конце (- .). Диаметрально противоположное произношение получает оно при выражении удивления с оттенком ошеломленности. В этом случае оно произносится протяжно с равномерно нарастающим тоном на конце (Здесь мы имеем акутовую интонацию). (. -)». Сондай-ақ, кейде одағайлардың мағынасын күшейту үшін кейбір дыбыстар созылыңқы, айтылады екен. Мысалы: *Әттеген-е-е-е! Бәрекелде-е-е!* Сөйтіп, кейбір көп мағыналы одағайлардың мағынасының құбылуында просодикалық тәсілдер шешуші роль атқаратыны көрінеді.

Сонымен, интонацияның тональды және темпоральды параметрлері көп мағыналы одағайлардың мазмұнын құбылтып тұрады екен. Интонацияның негізгі компоненті болып табылатын екпіннің де ролі ерекше екені бұл жұмыста көрсетіледі. Автор екпінге өзінің көзқарасын білдіріп отыр: «Общепринято считать, что ударение в казахском языке является связанным, фиксированным на фонетически определенном слоге. Этим фонетически определенным слогом обычно считается последний слог слова. В целом это мнение не вызывает возражений, если даже принять во внимание имеющиеся отклонения. В лингвистической литературе в качестве таких отклонений указываются несколько групп слов, которые в последнем слоге не сохраняют ударения. Положение о фиксированном ударении в казахском языке не может распространяться также и на междометия, которые не характеризуются одноместным, постоянным ударением. Одно и то же многозначное междометие в одном случае может быть произнесено с ударением на конце слова, в другом случае – на первом, в третьем случае (если это многосложное междометие) – на втором или третьем слоге. Такая разноместность, подвижность ударения в некоторых случаях используется для дифференциации смыслового

значения слова. В этих случаях ударение, имея фонологическое значение, выполняет семантическую функцию». Екпін туралы автордың құнды пікірлерін ескеріп, қазақ тілінің акцентуация теориясының дамуына үлес қосқанына көңіл бөлу керек сияқты.

Көп мағыналы одағайдың мазмұнына қарай мелодикалық және темпоралдық көрсеткіштері өзгеріп тұрады: «Бірде одағайдың соңғы буыны жоғары интонациямен көтеріңкі айтылса, бірде басқы буыны ерекше екпінмен айтылып, соңы баяу ырғақпен тынады. Мысалы, *Ойбай!* Одағай үрку, шошыну мағынасында жұмсалса, онда екпін бірінші буынға түседі де, сөздің өзі жұлып алғандай, тез, жылдам айтылады *(Ойбай)*. Егер таңырқау, тандану мағынасында жұмсайтын болсақ, онда екпінді, керісінше соңғы буынына ауыстырып, соңғы а дыбысын мейлінше созып айтамыз *(ой-ба-а-ай!)»*.

Интонацияның мазмұн ажырататын қызметі эмоциялық реңктермен ұштасып жатады. Одағайлар адамның әр түрлі сезімдерін, көңіл-күйін білдіретін болса, семантикалық құбылу жағынан да өте бай. Интонацияның бір функциясы - әр түрлі эмоцияларды айқындау болып табылады. Сөйлемнің коммуникативтік мағынасымен бірге эмоциялық-экспрессивтік түрлерін анықтайды. Бұл функция адамдардың түрлі ой-сезімін, оның құбылуын, өзгеруін білдіреді. Интонация арқылы сөйлеп тұрған адамның бір белгілі жағдайға қалай қарайтынын да білдіреді: айтылған ойды, жағдайды қолдайтын-қолдамайтыны, оған қуаныш-ренішпен, не мысқыл сезіммен қарайтыны интонациялық компоненттердің құбылуынан байқауға болады. Интонацияның бұл ролі тілдегі модальдық категориямен шектесіп жатыр.

Одағайлар жағымды көңіл-күйді *(алақай, бәрекелді, nah-nah)* және жағымсыз эмоцияны *(әттеген-ай, әттең, қап)* білдіре алады және жағымды-жағымсыздығы просодикалық тәсілдер арқылы ажыратылады. Кейде одағайлар жағымды және жағымсыз эмоцияны білдірсе, кейде олар көп мағыналы болып келеді екен. Бұл жағдайда контекст пен сөйлеу ситуациясы шешуші роль атқарады және сөйлеу интонациясына мұрындық болады. «Контекстің, ситуацияның және белгілі бір жағдайда интонацияның қатыстығы болмаса, одағайлар көп мағыналық сипатынан айрылар еді», - дейді автор.

Одағай категориясы контекст, ситуацияда сөйлемнің әр түрлі коммуникативтік типтерінде кездеседі және сол сөйлемдердің интонемаларына сәйкес келіп, олардың интонациялық өзегі болады екен. Ш.Сарыбаевтың бұл пікірі интонация теориясының негізгі принциптеріне сәйкес келеді. Себебі интонемаларды сипаттағанда интонациялық өзектің орны сөйлемнің коммуникативті типтерін ажыратуда басты роль атқарады. Автордың өзінің сөзін келтірейік: «Междометия интонационно всегда связаны с предложением, в которое они включаются. Междометие – кульминационный пункт мелодии целой фразы. Как интонационное центральное слово, оно действует на интонационное движение целого предложения, требуя, чтобы данное предложение произносилось с аффектом».

Хабарлы сөйлемге одағайларды еңгізгенде сөйлемнің интонациялық кескіні өзгеріп кетеді де, олар лепті, бұйрықты, сұраулы интонемалармен ерекшеленеді.

Мысалы, сұраулы сөйлемнің құрамында одағайлар болса, олар предикативті (мағыналық) өзекке айналады да олардың интонациялық ерекшеліктері сөйлемнің мағыналық өзегіндегі одағай бірліктерінің функциясы мен орнына байланысты екен.

Сөйтіп, одағай енгізілген сұраулы сөйлемнің ерекшелігі олардың тональды динамикалық, темпоральды параметрлерінің максимальды көрсеткіштерінің әрқашан мағыналық өзегінде (одағайларда) болуы. Бұл жағдай одағай категориясының өзіне тән интонациялық ерекшелігін көрсетеді және басқ оқшау сегменттердің, мысалы көмескіленген қыстырма сөздердің интонациялы сипатына қарсы келеді. Құрылымдық жағынан одағайлар мен қыстырм бірліктер сөйлемдегі басқа сөздерден бөлектеніп, оқшауланып тұрса да, олардың интонациялық көріністері бір–біріне сәйкес келмейді. Сөйлемнің сегменттер болып табылатын одағай мен қыстырма сөздердің интонациясын салыстыры қарағанда байқағанымыз – біріншіден, одағай сөздің қарқынына қарағанд қыстырма бірліктердің қарқыны жылдам да көмескі болатыны. Екіншіден одағайлардың тональды және динамикалық диапазоны қыстырма сегменттер мен салыстырғанда, біраз мол болатыны. Үшіншіден, одағаймен салыстырғанд қыстырма сегменттердің ұзақтылығы мен интенсивтілігі шамалы болатынын Сондықтан одағай бірліктері қыстырма интонемаларға сәйкес келмей, қазақ тілін басқа интонемаларының варианттарымен сипатталады.

Одағай сөздердің интонациясын қаратпа сөздердің интонациясымен салыстырып көрейік. Кейде одағайлар қаратпа сегменттердің ролін атқарады екен Олардың интонациясы жөнінде Сарыбаев былай дейді: «В функции обращени допускается двойная интонация: протяжная *(Ә-ә-әй)* и быстрая, мгновенная *(Ә бала)*. Протяжное произношение связано с расстоянием между говорящим и слу шающим: чем больше расстояние, тем с большим напряжением сил и с больше долготой и интенсивностью будет произноситься это междометие. Но долго *Ә-ә-әй!*, допускаясь в начале предложения *(Ә-ә-әй, Шеңгелбай, бері кел!)*, не возможно в остальных позициях (разрядка наша З.Б.) *(Қой, әй, Сұркиі Не боп қапты, айтшы, әй?!)*».

Одағай сөздер қаратпа сөздердің қызметінде қолданса, сол қаратп сөздердің интонациялық ерекшелігімен сипатталады және жоғарыд айтылғандай, олардың интонациясы одағайлардың сөйлемдегі алатын ор нына байланысты. Сөйлемнің басындағы одағайлар әр уақытта бөлек синтагма құрап, сөйлемнен пауза арқылы бөлініп, көтеріңкі тонмен айтылады Сөйлем мен оған кірген одағай сөздің жік арасында әуеннің негізгі тон кенет өзгереді. Одағай сөздердің динамикалық және уақыт параметрлер айтарлықтай мол болып келеді. Сондай-ақ олар едәуір жігермен, баяула қарқынмен айтылады. Мұндай интонация сипаты сөйлем басындағы одағай сөздің мол информативтік мазмұнын байқатады.

Сөйлемнің ортасындағы одағай сөздер бір фонетикалық сөзді құрап оларды жік аралықтарындағы тональды интервалы шамалы болады және негізгі тонны бәсеңдейтін бірсыдырғы түрімен айтылады. Сөйлемнің басында тұрған одағ

сөздердің интонациясымен салыстырғанда, соңғылардың интонациясы қай жағынан болса да солғын да кемсін болып келеді. Сөйлемнің ортасындағы одағай сөздер тар тональды және шамалы динамикалық диапазонмен, орташа тональды деңгейде айтылады.

Сөйлемнің соңындағы одағай сөз интонацияның төменгі тональды деңгейінде тұрып тар диапазонмен жылдам қарқынмен және шамалы интенсивтілікпен айтылады. Өзінің алдындағы синтагмадан кейде пауза арқылы бөлінбей де айтыла беруі мүмкін.

Ш.Сарыбаев өзінің жұмысында одағай сөздерді мағынасына қарай үш топқа бөлген: көңіл-күй одағайлар, императивтік одағайлар және тұрмыс-салт одағайлары. Императивтік одағайларға «адам не хайуанатқа бағышталып айтылатын шақыру, жекіру, тыйм салу, бұйыру мақсатымен қолданылатын одағай сөздер жатады» деген. Бұйрықты сөйлемнің мағынасында қолданған одағай бірліктер қазақ тіліндегі қатал бұйрық және сыпайы бұйрық интонемалармен сипатталады. Одағайлардың осы аталған интонемаларға сәйкес келуі әрине контекст пен ситуацияға байланысты. Автордың өзінің көз қарасын келтірейік: «Все междометия волеизъявления характеризуются императивной интонацией. Для подавляющего большинства их характерно быстрое, мгновенное произношение *(Стоп! Тәк! Тек! Марш!)*. Те слова-обращения к животным, которые служат для подзывания животных, произносятся иначе, чем междометия, которые служат для отгона, отпугивания, удаления животных. Междометия первого типа обычно произносятся плавно, ровным тоном, а междометия отпугивания и удаления имеют резкое, мгновенное, отрывистое произношение».

Одағайдың екі түрі қазақ тіліндегі сегіз интонеманың екі (қатал бұйрық, және сыпайы бұйрық) инвариант интонемаларының вариантарына сәйкес келетіні айқын көрінеді. Бұйрықтың бірінші түрі – орындалуға тиісті, жалтаруға болмайтын қатал бұйрық болса, екіншісі – тілек, қалау не сыпайы түрде айтылған бұйрық. Қатал бұйрықтын интонациялық ерекшілігі – оның көбінесе жоғары тонмен басталып, соңына қарай бәсеңдеуі. Сыпайы түрде айтылған бұйрықты сөйлемнің интонациялық ерекшелігі оның көбінесе біркелкі, орташа тональды деңгейде айтылуы. Бұйрықты сөйлемдердің екі түрі де баяу қарқынмен мол интенсивтілікпен айтылады, ал акценттелген буыны мазмұндық өзек болып, максимальды тональды мағынаға ие болады. Қатал бұйрықтың тональды диапазоны едәуір мол, тональды интервалы да көлемді. Қалау не сыпайы түрде айтылған бұйрықты сөйлемдердің тональды диапазоны мен интервалы орташа болып келеді.

Одағай категориясы көңіл-күймен, сезіммен, қуанышпен, өкінішпен, таңданумен т.б. эмоциялармен байланысты болғансоң лепті сөйлемнің интонациямен айтылады. «(...) введение в них междометий уже меняет мелодическую окраску предложения, в известной мере осложняя ее своеобразной вопросительной или, в большинстве случаев, восклицательной интонацией. Например: *Алақай, апам маған базарлық әкелді!* Наличие *Алақай* (выражение радости, ликования) в этих предложениях, которые произносятся с наибольшей силой экспирации, исключает возможность произношения их с повествовательной интонацией».

Лепті сөйлемдердің эмоциялық мағыналары олардың құрамындағы одағай сөздер арқылы көрсетіледі. Одағай сөздер ең көтеріңкі тонмен, максимальды интенсивтілікпен созылыңқы айтылып, сөйлемнің бірінші мағыналық өзегі болып табылады да, екінші мағыналық өзегі сөйлемнің соңында болады. Лепті сөйлемдердің бәрі эмоциялық-экспрессивті мағынаға ие болғандықтан, баяу қарқынмен, нық, айрықша тембрмен айтылып, лепті интонеманың варианттарына жатады.

Сонымен, одағай сөздердің интонациялық ерекшеліктері басқа грамматикалық категориялармен салыстырғанда өте күрделі және құбылмалы. Олар айтушының көңіл күйін, әр түрлі эмоциялық сезімін көрсетіп, адамның ашуын, қуанышын, күмәнін, аянышын т.б. білдіреді. Одағайлардың интонациясы өте бай болғандықтан, әр түрлі тональды контурмен ерекшеленеді: көтеріңкі, көтеріңкі-бәсең, бәсең-көтеріңкі т.б. Одағай бірліктердің интонациясының әуені, қарқыны, ұзақтылығы, күші, тональды диапазоны мен деңгейі одағайдың мазмұнына тікелей қатысты болады. Одағай бар сөйлемдегі мазмұн мол да салмақты болса, соған байланысты интонацияның компоненттері жоғары мәндермен сипатталады. Ал олардың мазмұны шамалы не көмескі ғана роль атқаратын болса, интонацияның компоненттеріне кіретін әуен, тональды диапазон, тональды деңгей, қарқын, ұзақтылық, үдемелік төмен көрсеткіштермен ерекшеленеді. Контекст пен сөйлеу жағдайяты интонациямен бірге мазмұнды ажыратуда шешуші роль атқарады. Одағай сөздер семантика мен интонацияның тығыз байланыстылығын дәлэдейтініне көзіміз жетті.

Сезімнің әр түрлі көріністері: қуаныш, өкініш, қорқыныш, ашу, мысқыл кейбір тілшілердің айтуынша, экспрессивті-эмотивтік мағына ажыратушы интонемаларға сәйкес келеді. Олай болса, эмотивті интонемалар (қуаныш интонемасы, реніш интонемасы, ашу интонемасы) өзіне тән просодикалық тәсілдермен сипатталады. Бірақ эмотивті интонемалардың ажыратушы просодикалық қасиеттерін табу өте қиын, себебі адам сезімдерінің шек арасын айқындау оңайға соқпайды. Осындай жұмыстарды атқару үшін психолингвистика факторларына сүйену қажет. Одағай категориясы «басқа сөз таптарымен салыстырғанда, әуезділік, ырғақ, змоциональдық құбылмалыққа, интонацияға өте бай категория» болғандықтан бұл проблеманы жас тілшілердің алдына қойып, нысан ретінде одағайларды алып, экспериментті әдістер арқылы шешуге болатын сияқты.

Сөйтіп академик Ш.Сарыбаевтың жарты ғасыр бұрын жазылған еңбегі соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан интонология саласының өзекті проблемаларымен ұштасып, қазақ тілінің интонация теориясының аясын кеңейтуге үлес қосатынына сенеміз.

Әдебиет:

1. Сарыбаев Ш.Ш. Междометие в казахском языке. Одағай // Қазақ тіл білімі мәселелері. Вопросы казахского языкознания. Алматы, «Арыс». 2000. 621 б.

2. Базарбаева З.М. Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. Алматы, «Ғылым». 1996. 224 б.

АКАДЕМИК ШОРА САРЫБАЕВТЫҢ ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ КӨЗҚАРАСЫ

Қазақ тіліндегі терминологияның теориясы және практикалық мәселелерінің зерттелуі А.Байтұрсыновтың еңбектерінен басталатыны бәрімізге мәлім. Қазақ тіл білімінің фонетика, морфология, синтаксис саласында Ахаңның жасаған филологиялық терминдері қазіргі күнде де пайдаланылып жүр. Өткен ғасырдың бірінші жартысында-ақ қазақ терминологиясының негізгі принциптері мейлінше жолға салынған болатын. Терминжасамның ғылыми принциптерін, әдіс-тәсілдерін анықтауда Қ.Жұбановтың да еңбегін айта кету керек: ғалым оның он бір принципінің басын ашып, оқырманға ұсынған болатын.

Байтұрсынов, Жұбановтармен бірге сол уақыттағы қазақ қоғамының басқа да зиылылары терминология мәселелерімен шұғылданған: мысалы, Мағжан Жұмабаев педагогика саласында, Жусіпбек Аймауытов психология, Халел Досмұхамедов медицина, Жұмахан Кудерин ботаника, Әлімхан Ермеков математика салаларында біраз еңбек еткен.

Қазақстан республикасы тәуелсіздік алғаннан бері қоғамда көптеген жаңалықтармен бірге тілдің де демократиялануы орын алды. Саяси-әлеуметтік және экономикалық қатынастар өмірге өзгерістер әкеліп, тілімізге тың түсініктер мен терминдерді енгізді. Жаңа саяси қоғамдық жағдайымызға – егеменді ел болуымызға, жаңа қоғамдық қатынастарға көшуімізге байланысты тіліміздің қолданыс аясы кеңейді. Өмірімізге енген соны идеялар, жаңа ұғымдар, тың түсініктермен бірге жаңа сөздер мен сөз тіркестері пайда болды. Тілдегі инновациялық процестер қазақ тілінің терминология жүйесіне әсер ететіні күмән тудырмайды. Тілдің терминологиялық қоры жаңа ұғымдармен, сөздермен, қазақша баламалармен толықтырылып жатыр.

Соңғы кездері біздің қоғамызда терминология мәселелері өте жиі талқыланады. Тіл - әр халықтың өмірінің айнасы болғандықтан, өмірдегі болып жатқан құбылыстар мен жаңалықтар сол халықтың тілінен көрініс табатыны анық. Қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік өзгерістердің қатарына жаңа терминдердің де пайда болуы жатады. Терминология қорының қылыптасуы мен дамуы ұлттың ренессансының көрінісі болып табылады. Сырттан енген техникалық не кәсіби мамандыққа байланысты айтылатын әр сөздің баламасын ана тілімізде қолданар болсақ, оны әбден саралап отырғанымыз абзал.

Жаңарған қоғамымыздың терминология саласының дамуына ерекше үлес қосып келе жатқан ғалымдарымыздың бірі – академик Шора Сарыбаев. Ғалым терминдерді жасау, қалыптастыру, оларды жүйелеу, қабылдау, аудару мәселесінде көптеген құнды ой-пікірлерді ғылыми мақалаларда және баспасөз беттерінде жариалаған болатын. Бұқаралық ақпарат құралдары тіліндегі жаңа қолданыстар жөнінде сөз болғанда Сарыбаев былай дейді: «Терминдерді жаппай аудару үрдісінің шылауында, яғни пуризм бағытымен кетпей, жаңа қолданыстарды мөлшер деңгейінен асырмай, байыптылық, үлкен жауапкершілік танытып, әсіресе, халықаралық әлем тілдеріне ортақ, тілімізде баламасы жоқ атауларды

жаппай аудару жолымен кетпей, оларды сол қалпында сақтап қолдану тәжірибесі құптарлық».

Тоқсаныншы жылдардан бастап тілдің инновациялық құбылыстары жаңа сөз жасау әрекетімен жандана түсті. Кейде орыс тілінен келген барлық интертерминдерді аударамыз, қазақыландырамыз деген желеумен қазақ әдеби тілінің нормасына, мәдениетіне қарсы шыққан неологизмдер пайда болғаны рас. Аударылған терминдер сәтті болу үшін теңдес толық келетін аударма қажет. Ондай болмаса халықаралық термин ретінде сол қалпында қолданған дұрыс сияқты, себебі кейде қолданылатын халықаралық терминдердің қазақша баламаларын табу, қалыптастыру барлық уақытта сәтті бола бермейді. Жаңа жасаған терминдердің бәрі лингвистикалық және әдеби нормаларға сай келе бермейді. Қалыптасқан халықаралық термин сөздерді әркім өз білгенінше аударуы дұрыс емес. Терминжасау процесінде қатаң және терең ғылыми көзқарас болуы керек. Сініп кеткен, халықаралық мәртебеге сай келетін, интертерминдерге тиіспегеніміз жөн секілді.

Академик Ш.Сарыбаевтың айтуынша, «қазіргі таңда терминология саласында бейберекетсіздік, иесіздік, бақылаусыздық, белең алып отырғанын мойындауымыз керек. Қазір шет тілінен енген интернациональдық сөздерді жаппай аударуды қолдайтын мақала, үсыныстар пуризммен ұштасып жатқан теріс пікірлер айтылып та, жазылып та жүр. Мысалы, «Қазақ әдебиеті» газетінде басылған «Дәрі атаулары» деген шағын мақаланың бір авторы төмендегі баламаларды ұсынған, *түйме дақ (таблетка), лайша (микстура), допшалар (тилюли), жасалым (техника), жасалымшы (техник)».*

Шынында да осындай «опустарды» көргенде, оны күлкісіз оқи алмайсыз. Терминжасам процесіне әрқашан сыни көзқараспен қарап, тілдің әдеби нормасын сақтау керек қой. Тілдің тағдырымен тек тәжрибелі тілші-ғалымдар айналысу қажет, әркімнің өзінше термин жасауына тиім салу керек. Қазіргі терминжасамдағы негізгі принциптен – *қазақ тілінің өз сөз байлығын сарқа пайдалану* дегеннен кетпей отырып, әдеби тіл нормасына қайшы болған сәтсіз жасалған неологизмдерден қашуымыз керек.

Осыған байланысты орыс тіліндегі сөзжасам, терминжасам тарихын еске салайық. Орыс терминология тарихында да пуризм деген ағым болған. Орыс «лжепатриоттары» кезінде барлық латын және грек тілдерінен келген терминдерді аударамыз деп әрекет жасаған болатын: *галоши* дегенді *мокроступы* дейтіні соның дәлелі. Қоғамның даму процесінде, демократизациянуында осындай «ауру» болады екен, бірақ бұл демократизация емес - нағыз анархизация, себебі бұл екі процестың шек арасы өте құбылмалы (две стороны одной медали). Сондықтан тек ғылымда ғана емес, саяси-әлеуметтік аясында да кейде анархистер демократия лозунгтарымен өздерін ақтайды, мысалы Жириновский сияқтылар. Осыған байланысты Ленинның «Детская болезнь левизны в коммунизме» деген жұмысы есімізге түседі.

Осыған байланысты 1792 жылғы француз революциясын есімізге салайық, оның негізінде жаңа календарь енгізген болатын. Римдік императорлардың есімімен байланысты барлық айлар аттарын өзгертіп, табиғаттың ерекшеліктеріне

сәйкес қойылған болатын. Мысалы, көктем айлары: жерминаль – көктеу, флореаль - гүлдену, прериаль – шалғын; жаз айлары: мессидор - масақ, термидор – шыжыған ыстық, фруктидор – жеміс, тағы осындайлар. Бірақ бұл календарь 13 жыл – ақ өмір сүріп, 1805 жылы григориан календарымен ауыстырылған болатын.

Орыс тілінің терминология тарихына көз салсақ, орта ғасырларда орыс тілінің лексика қоры түркі сөздерімен толықтырылған болатын. XIX ғасырда ғылым мен техниканың дамуына сәйкес француз және неміс терминдері басым болды. Ал енді глобализация процесіне сәйкес, және бизнестың дамуына байланысты ағылшын тілі өмірдің барлық сферасына (саласына) кіргені бәрімізге мәлім. Соңғы кезде жарық көрген орыс тілінің «Большой академический словарь современного русского литературного языка» деген сөздігі 150 мың шетел сөзін қамтыған екен, ал орыс поэзиясының гениі Пушкин 26 мың сөз қолданған екен. Орыс тіліндегі қолданылатын атаулар латын, грек, француз, ағылшын, араб, түркі тілдерінен алынып, жұрнақ, жалғау қосумен жасалған болатын. Сондықтан қай тіл болса да, олардың қорына жат сөздер кіруі қорқынышты емес, өмірге сай, заңды құбылыс, және тілге нұсқан келтірмейді, қайта оны байытады.

Академик Ш.Сарыбаевтың сөзімен айтқанда, «ел болып, еңсемізді көтеріп, төрткүл дүниеге танылып отырғанда, халықаралық аренаға шығып, мемлекетімізді 100-ден аса ел танып, интеграция процесі қызып жүріп жатқан шақта, әлемдік ғылым-білім деңгейінде қарым қатынасымыз күшейіп, әлемдік қауымдастыққа бет алған шақта біздің пуристік бағыттағы әрекеттеріміз алаңдаушылық туғызып отыр. (...) Ел мен ел, мемлекет пен мемлекет интеграцияға түсе бастаған тұста халықаралық лексиканың маңызы ерекше болмақ. Қазақ тіл мемлекеттік тіл мәртебесін алғаннан кейін оның сөздік қорында халықаралық терминдердің елеулі орын алуы заңды нәрсе».

Кейбір псевдопатриоттар батыс тілдерінен келген терминдерді шығыс терминдеріне ауыстыруға әрекет жасайды. Мысалы, классты сыныпқа ауыстыру соның айғағы. «70 жыл бойы қолданылып келген гректің класс сөзін қолданудан шығарып тастап, арабтың сынып сөзімен кластың 9 мағынасының біруін ғана аудардық, ал басқа мағыналарына дәл келіп жатыр ма, жоқ па, онда шаруамыз болмады» дейді Шөкең.

Біздіңше, қалыптасқан европалық терминдерді азиялық терминдерге ауыстыру тілдің байлығын арттырмайды және біз евразия халқы екенімізді есімізде сақтауымыз керек. Ал өсіп жатқан жаңа ұрпақты алсақ, бүгінгі өмірімізге сәйкес, олар ағылшын тілін таңдағаны бәрімізге мәлім. Бұл жөнінде Ш.Сарыбаевтың пікірі көңілге қонымды: «Нужно признать, что история Казахстана необычна. Ориентирование на Европу длится более 100 лет. И термины как европейского, так и тюркского происхождения в казахском языке устоялись давно и прочно».

Терминология саласындағы жұмыстарда жүйелілік жетіспейді, мысалы, біртүбірлі сөздердің кейбіреулері аударылады да, кейбіреулері аударылмайды, дұрыс аударылмаған терминдер де баршылық. Осындай ерсіліктерге академик Ш.Сарыбаев аса назар аударған: «*Телеграмманы* аударып, *телефонды* аудармай алуды қай принципке жатқызамыз» дейді ғалым. (...) *Музыка* деген халықаралық

сөзді шығарып тастап, оның орнына *саз* сөзін қолдана бастадық, композитор дегенді *сазгер* деп алдық. Ал *саз* дегеннің мағынасы мелодия емес пе? *Сазгер* деген сөз *мелодистің* баламасы емес пе? Осыны ұсынған жолдастар тілді байытудың орнына кедейлендіріп отырған жоқ па?» *Композитор* деген халықаралық сөздің *сазгерге* қарағанда мазмұны кеңірек екенін ескеру қажет.

Кейбіреулер велосипедті *шайтан арба* деп жүр. Сонда бұл арба тек шайтандарды тасу керек қой. Сонда *велоспорт, велогонка - шайтан спорт, шайтан жарыс* деп аталады ғой. *Сейфті зіл жәшік, коммерсантты пайдақор, балконды салбырақ, душты бүрікпе монша, пианиноны күй сандық, мармеладты қызыл алма, поезды отарба, министрді уәзір, архивты айғақтама, директорды мүдір, ваннаны былау, редакторды сарашы* дегендер де әдеби тіліміздің шұбарлайды және қазақ тілінің енді жандана бастаған қызметіне нұқсан келтіретіні анық. «Кейбір адамдар *регбиді қауындоп,* сол ойынды ойнайтын адамды *қауындопшы* деп, *футболды аяқдоп* деп алайық дейді. Онда спорттың басқа түрлері атауларын да (*волейбол, баскетбол бокс, хоккей,* т.б.) аудару керек болады» дейді ғалым. Сонымен, терминдердің көпшілікке түсінікті, көзі үйренген мағынасында қолданылуы шарт. Термин қарапайым, түсінікті, нақты, дәл, адамның ұғымына қонымды болуы керек.

Академик Ш.Сарыбаев өзінің еңбектерінде терминжасамның сәтті жолдарын да көрсетіп отыр: араб-парсы тілінен енген *бей* деген префиксты болымсыздық мағынада қолданып жүрген *мемлекеттік емес оқу орны, органикалық емес химия, әдеби емес* сөздер сияқтылардың орнына *бейресми, бейберекет, беймаза* сияқты модельдердің үлгісімен беруге болады, мысалы *беймемлекеттік, бейорганикалық, бейтұрғын, бейкоммерциялық* т.б.

Ғалымның пікірінше, *нама* деген жұрнақты да толық пайдалану керек: «Кейінгі жылдары баспасөз бетінде *тарихнама* (историография), *есімнама* (персоналии), *жаднама* (памятка), *мақалнама* (мақалдар жинағы) сияқты сәтті жасалған сөздер кездесіп жүр. Сол сөздерді кең, дәйекті түрде қолданып, тіліміздің актив қорына айналдыруымыз керек». Орыс тілінен келген *самолет, вертолет* дегендерді *ұшақ, тікұшақ* деп аударылуын да ғалым орынды деп есептейді. Сонымен бүгінгі күннің эстетикалық талабына сай келетін терминдерді жүйелеп, қайтадан саралау, іріктеу керек екені анық.

Соңғы уақытта қазақ тіл білімінің жаңа бағыттары - суперсегментті фонетика, яғни интонология саласы қарқынды дамып келеді. Интонологияның өзіндік ұғымдарына, түсініктеріне, әдіс-тәсілдеріне, бірліктеріне қазақ баламалар табуға әрекет жасалып жатыр. Қазақ терминологисының негізгі принципін – *қазақ тілінің өз сөз байлығын сарқа пайдалану* дегенді басшылыққа ала отырып және интертерминдерді аударғанда сақ болуымызды ескеріп, академик Ш.Сарыбаев айтқандай, пуризмнен аулақ болуға тырыстық.

Интонология терминдерінің жасалуы және қалыптасуы көп ізденудің, ойланудың нәтижесі. Бір ғылым саласындағы терминдерді қалыптастыру өте күрделі мәселе. Интонология ұғымдарына қазақша балама табудың ең негізгі принципі олардың мазмұнын, қызметін дәл беру болып табылады. Ең алдымен интонацияның компоненттерін алайық. *Әуен* (мелодика) интонацияның ең

басты да универсалды компоненті. Қай тілдің болса да басқа басқа тілдерден айырмашылығын білдіруде әуеннің ролі ерекше және ол тілдің бірден-бір өзгешелік белгісі бола алады. Акустикалық жағынан қарағанда, әуен сипаты әр уақытта өзгеріп тұратын *негізгі тон жиілігіне* (частота основного тона) сәйкес келеді. Сөйлеу тіліндегі әуеннің жалпы бағытын сипаттағанда (восходящая, нисходящая, восходяще-нисходящая, нисходяще-восходящая, ровная) қазақ тіліндегі келесі терминдер қалыптасқан: *көтеріңкі, бәсең, көтеріңкі-бәсең, бәсең-көтеріңкі, бірқалыпты*. Негізгі тон жиілігінің ең үлкен және ең кішке мөлшерінің арасындағы айырмашылығы *диапазон* деп аталады. Бұл барлық тілдерде кездесетін халықаралық терминге балама іздемей сол күйінде қалдыруға болады, себебі бұл терминнің фонетикалық бейнелеуі қазақ тіліне бөтен емес және қазақ адамының артикуляциялық аппаратына икемделіп тұр: дыбыстар жағынан да, соңғы буынға түсетін екпін жағынан да. Синтагма, фраза арасындағы негізгі тон жиілігінің өзгеруі болымды және болымсыз *интервалдармен* сипатталады. Интервалдың ана тілімізде табылған баламасы *аралық* болғандықтан, сол аударма арқылы қабылдауға болады. Сөйлеу тілінде фраза, синтагманы бейнелуде негізгі тон деңгейінің де мәні зор. Сондықтан *тональный (мелодический) уровень* дегенге (бұны тональный регистр деп те атайды) *тон (әуен) деңгейі* деп алдық, ал *регистр* сол күйінде қалады.

Интонацияның уақытқа байланысты сипаты *ұзақтылық* (длительность) деп аталады. Сөйлемнің не сөйлеу тіліндегі басқа да синтаксистік сегменттердің іске асуы үшін олардың уақытпен байланысты болуы ақиқат, яғни олардың тілде орын алуы және тыңдаушының құлағына жетіп, оған түсінікті болуы үшін біршама уақыт қажет. Сөздегі, синтагмадағы, сөйлемдегі, яғни сегменттегі ұзақтылықтар - бәрі жиналып келіп жалпы сөйлеу тілінің *қарқынын* (темп) бейнелеуге қатысады.

Сөз ағысында болатын кідірісті *пауза* дейді. Паузаны қазақшалап *іркіліс* деп атауға болады, бірақ бұл жерде төл терминмен кірме терминнің екуін де пайдаланамыз. Іркіліс (пауза) бүтін мәтінді фраза, синтагма ырғақты топқа бөліп қана қоймай, интонацияның басқа компоненттерімен қосылып, сөйлемдердің түрлі мазмұндық, эмоциялық т.б. қарым-қатынастарын анықтауға қатысады. Іркіліс (пауза) мағынасына қарай әр түрлі болуы мүмкін: *алдамшы* (мнимая), *күшейткіш* (усилительная), *сезімді* (эмоциональная). Іркілістің (паузаның) басқа түрлеріне қалыптасқан халықаралық терминдер болғандықтан қазақ жұрнақтарды қосып алуға болады, мысалы: *физиологиялық* (физиологическая пауза), *ситуациялық* (ситуативная пауза), *интеллекттік* (интеллектуальная пауза).

Тілтанымында қай тілде болса да жоғарыда айтылған кірме терминдермен бірге төл терминдер де тепе-тең қолданылып жүр, мысалы *вокализм – дауысты дыбыстар жүйесі* – система гласных – systeme vocalique; *консонантизм – дауыссыз дыбыстар жүйесі* – система согласных – systeme consonantique; *лингвистика – тілтаным* – языкознание; *лабиал – еріндік* – губной т. б.

Интонация компонентінің бірі *интенсивтілік* (интенсивность). Интенсивтілікке *үдемелік* деген баламаны ұсынып отырмыз. Дауыс үдемелігі көбінесе

дыбыстардың негізгі тон жиілігімен қосылып, сөйлемдегі сөздердің акценттелуіне қатысады.

Интонацияның компоненттерінің бірі *тембр* деп аталады. Тембр, басқаша айтқанда дауыс *реңкі* адамның әр түрлі көңіл күйін, эмоциясын білдіретін интонациялық тәсіл. Дауыс реңкі арқылы қуаныш пен реніш, ашу мен ирония, көңілдену мен мейірлену, сықақ пен мысқыл т.б. сезімдер беріледі.

Сөйлеу тілінің интонациясы екі әдіс арқылы зерттеледі. Орысша оны глобальный метод и структурный метод дейді. Осыларды терминдердің мазмұнына қарай, *тұтас әдіс* және *құрылымдық әдіс* деп аударған жөн.

Интонация сөйлемдегі қызметіне қарай түрлі-түрлі аталады. Біз оларды қазақшалап беріп отырмыз. Мысалы: *санамалау* (перечислительная) интонация, *қарсылықты* (противительная) интонация, *салғастыру* (сопоставительная) интонация, *түсіндірмелі* (объяснительная) интонация, *жалғастыру* (присоединения) интонация, *мақұлдау* (утвердительная), *бағыныңқы* (подчинительная) интонация. Анықталған қазақ тілінің барлық интонемаларына қазақша балама табылды: *тиянақты* интонема (интонема завершенности), *тиянақсыз* интонема (интонема незавершенности), *жалпы* сұрақ интонемасы (интонема общего вопроса), *арнаулы* сұрақ интонемасы (интонема специального вопроса), *қыстырма* интонемасы (интонема парантезы) т. б.

Сөйлем интонациясының мазмұнына байланысты, просодикалық ерекшеліктерін көрсетуде орысша интонационный центр дегенді қазақшалап *интонациялық өзек* деп алдық. Интонемаларды сипаттайтын просодикалық формаларды *ойыс сызық* (вогнутая кривая), *дөңес сызық* (выпуклая кривая) деп алған жөн.

Баяғыда қалыптасқан, қазақ тілінің сөз қорына енген кейбір халықаралық терминдерді қазақшалаудың жөні жоқ, себебі олар қазақ тілінің артикуляциялық базасына икемделген, оларды дұрыс айту қиындыққа соқпайды, мысалы, *интонация, фонетика, фонология, морфонология, интонема, фонема, аллофон сияқтылар.*

Сонымен, термин сөздерге мүмкіндігінше қазақша балама тауып, халың оқырманға ұсынуымыз керкек, ал бұрыннан қалыптасқан және қазақшамен толық мағынасы ашылмайтын халықаралық терминдерді осы күйінде қалдыру керек деп ойлаймыз.

Әдебиет:

1. Сарыбаев Ш.Ш. Лексикология, терминология // Қазақ тіл білімі мәселелері. Вопросы казахского языкознания. Алматы, «Арыс», 2000. 621с.

2. Базарбаева З.М. Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. Алматы, «Ғылым», 1996. 224б.

РАЗНОСТОРОННИЙ ТАЛАНТ УЧЕНОГО

Среди ученых-языковедов, представителей казахской интеллигенции он выделяется особо. Дело в том, что его самобытная личность и разностороннее

творчество никак не вмещаются в обычные рамки ученого-исследователя. Шора Шамгалиевич – редкий, незаурядный человек, совмещающий в себе самые разные замечательные качества. В сфере его интересов всегда была не только наука. Помимо исследовательских способностей и дарований его отличает талант рассказчика, даже анекдотчика, а еще – артиста. Он большой любитель музыки, пения (поет на нескольких языках), спорта.

Династия Сарыбаевых также занимает особое место в культурной жизни нашего общества. Младший брат Шоры Шамгалиевича - Болат Шамгалиевич Сарыбаев – известный ученый-коллекционер, который под влиянием Шоке, стал собирать древние музыкальные инструменты, оставив богатейшее наследие, коллекцию старинных музыкальных инструментов. Возродившиеся к жизни многие казахские музыкальные инструменты, получили широкое распространение в наши дни и активно используется в музыкальной практике. Многим слушателям полюбились песни молодого композитора, поэта и аранжировщика Талгата Сарыбаева, племянника Шоры Шамгалиевича, стоявшего у истоков создания отечественных вокально-инструментальных ансамблей. К сожалению оба они рано ушли из жизни, оставив свой след в истории и духовности казахского народа.

Сын Шоры Шамгалиевича – Кайрат Сарыбаев, известный государственный деятель, дипломат. Помнится, на одном из юбилеев Шоке он очень благодарил своего отца за то, что тот невзирая на трудности и расстояния водил его через весь город в казахский детский сад, потом и в казахскую школу. Благодаря этому он кроме нескольких иностранных языков в совершенстве владеет родным языком. Дочь – Майра Сарыбаева, кандидат филологических наук, доцент, пошла по стопам отца, занимается научно-педагогической деятельностью.

Главное увлечение академика Ш.Сарыбаева – коллекционирование, причем его увлеченность распространяется на разные сферы: науку, литературу, историю, культуру, спорт. Он собирает марки, значки, монеты, материалы о выдающихся людях, знаменитых женщинах, народной медицине, анекдоты и многое другое. Кстати любовь к коллекционированию передалась ему от отца - Шамгали Харесовича, ученого-методиста и просветителя, одного из основоположников народного образования в Казахстане. Он собирал книги, у него в доме была прекрасная библиотека. Кроме отца на Шору Шамгалиевича повлиял Чокан Валиханов, представивший учёному миру и широкой общественности величайшего памятника киргизского устного творчества – эпос «Манас». Чокана Валиханова Шоке считает первым казахским коллекционером. Высоко ценя его творчество, Шора Шамгалиевич часто обращался к его работам, собирал по крупицам лингвистические идеи, наблюдения, высказывания, рассеянные в многочисленных статьях. Вот что он пишет: «Ч.Валиханов владел несколькими западно-европейскими и восточными языками. Успешному овладению этими языками способствовали его исключительная способность к языкам и феноменальная память. Его по праву можно считать ученым, который одним из первых применил в своих исследованиях сравнительно-исторический метод. Знание многих языков, обращение к трудам ученых иноязычных народов позволило

ему широко использовать параллельные факты из других языков, сопоставлять, сравнивать данные тюркских языков и других, особенно неродственных языков». Лингвистическому наследию Чокана Валиханова, анализу его трудов Ш.Сарыбаев посвящает серию научных статей.

Если простоту в общении, добрый нрав Шоке впитал с молоком матери, то интерес и любовь к исследовательской работе он, конечно, перенял у своего отца. Творчество академика Ш.Сарыбаева позволяет говорить о нем, как об ученом с широким научным кругозором. Тематика его трудов охватывает такие отрасли казахского языкознания, как лексикология, лексикография, грамматика, диалектология, история языка...

В кандидатской диссертации Ш.Сарыбаев впервые в казахском языкознании исследует категорию междометия, выявляет функции, семантические типы междометий, на основе экспериментального анализа описывает их интонации, показывает роль просодических средств в дифференциации разных значений, определяет отношение подражательных слов к междометиям, показывает переход разных частей речи, различных экспрессивных словосочетаний в междометия. Такое разностороннее, всеобъемлещее исследование того времени было большим событием не только в казахском, но и в тюркском языкознании.

Докторская диссертация ученого посвящена проблемам диалектологии казахского языка. Многолетний опыт Ш.Ш. Сарыбаева в полевых исследованиях, составление диалектологического атласа и словаря, теоретический анализ диалектных единиц получили резонанс в тюркологии. Особенно нелегко было ученому доказывать наличие региональных особенностей разговорного языка казахов, когда ставилось под сомнение само существование диалектов и говоров в казахском языке. Приходилось ездить в дальние экспедиции по всей территории Казахстана и собирать по крупицам лингвистический материал.

Огромный вклад Ш.Ш. Сарыбаев внес в развитие алтаистики. Он опубликовал серию статей по сопоставительной грамматике монгольского и казахского языков, что легло в основу целого направления в языкознании. Научная общественность проявила большой интерес к его работам по казахско-монгольским языковым связям.

Шора Шамгалиевич – один из тех, кто стоял у истоков библиографической науки в нашей стране. Профессия ученого предполагает знания основ библиографии как особой отрасли знания. Сюда входит умение находить необходимые сведения о публикациях, потреблять библиографическую информацию, грамотно оперировать ею. Все это позволило Шоре Шамгалиевичу стать основателем библиографии казахского языкознания. В 1960 году был опубликован первый том лингвистической библиографии. Как вспоминает сам Шоке, его уничтожили, так как в книгу вошли 150 трудов «врагов народа» А. Байтурсынова, М. Жумабаева, Ж. Аймаутова М. Дулатова, Х. Досмухамедова, Т. Шонанова. Позже было издано еще 6 томов библиографии. В 2010 году данный труд был переиздан на турецком языке в Турции. Благодаря кропотливой деятельности ученого,

уникальный библиографический труд, охватывающий все публикации по казахскому языкознанию XX века, служит бесценным лингвистическим справочником для широкого круга читателей.

Ш.Сарыбаев - автор более 300 монографий, учебников, научных и публицистических статей, составитель словарей, редактор научных журналов по языкознанию. Вот неполный перечень его трудов: «Междометие в казахском языке» (1959), «Современный казахский язык» (1962, один из авторов), «Казахская региональная лексикография» (1976), «Библиографический указатель литературы по казахскому языкознанию в 6-ти томах» (1965-1987), «Историческая грамматика казахского языка» (1989, один из авторов), «Казахская диалектология» (1967, 1991), «Новые слова в казахской лексике» (1992. Ч. 1), Вопросы казахского языкознания (2000), «Библиография авторефератов и диссертаций по казахскому языку» (2003), «Казахский региональный словарь» (2005), «Русско-казахский словарь» (2005), "Kazak turkcesi bibliografyasi" в 3 томах (2010)...

Как видим тематика его научных работ чрезвычайно разнообразна, это проблемы общего и прикладного языкознания, истории языка, грамматики, теории и практики перевода.

В течение многих лет Ш.Ш. Сарыбаев принимал участие в подготовке научных кадров Кыргызстана, расширяя казахско-кыргызское сотрудничество в области филологической науки и был удостоен правительственной награды, медали «Кыргызский язык» за вклад в развитие государственного языка Кыргызской Республики (2012). За выдающиеся достижения в науке государство высоко оценило творчество Ш.Сарыбаева. Он заслуженный деятель науки РК (1985). Награжден орденом «Құрмет»(2000) и «Парасат» (2006).

Как говорилось выше, У Шоры Шамгалиевича много разных увлечений, но среди них особое место занимает футбол. С 1955 года он - болельщик казахстанской команды «Кайрат». Старался не пропускать ни одного матча, а если игра проходила за границей, кайратовцы привозили газеты с репортажами. Даже любимого сына он назвал Кайратом в честь популярной футбольной команды. В течение сорока лет он собирал материалы о ней, позже увлек своего подросшего сына и уже вместе они посвятили этой команде около 100 альбомов. Дружба с кайратовцами сохранилась навсегда: к 70-летию Шоры Шамгалиевича известный футболист, бессменный капитан команды того времени Тимур Сегизбаев подарил футбольный мяч с автографами всех кайратовцев.

Феномен спорта находится в центре внимания специалистов разных научных направлений, в том числе лингвистов, для которых особый интерес представляе, в частности, его терминология. Благодаря увлечению спортом появились труды Шора Шамгалиевича о терминах спорта. В своих тематических статьях он дает рекомендации по систематизации и переводу спортивных терминов на казахский язык. Например, он предлагает заменить суффиксы *смен* в словах *спортсмен* и *рекордсмен* на казахский суффикс *шы* (спортсмен-спортшы, рекордсмен-рекордшы). Говоря об успешном переводе таких терминов как *полуфинал* (жартылай

финал), *вольная борьба* (еркін күрес), *современное пятиборье* (қазіргі бессайыс), *личное первенство* (жекелей біріншілік), *академическая гребля* (академиялық есу), *толкание ядра* (ядро серпу), *призер* (жүлдегер), *чемпион мира* (әлем чемпионы), ученый ратует за сохранение интернациональных терминов: *бокс, футбол, бадминтон, гандбол, рекорд, финал, хоккей, чемпион, шайба, кубок* и др., которые пришли через русский язык.

Под руководством и консультацией ученого издан уникальный словарь футбольных терминов на казахском, русском и английском языках. Как вспоминает Шора Шамгалиевич, не все термины с легкостью переводились на казахский язык. Например такие сочетания как *сухой лист, плотная опека, персональная опека* представляли большую трудность для перевода.

Следует отметить большой вклад академика Ш.Сарыбаева в развитие казахской терминологии, особенно в период становления молодого государства. У него имеется свое видение процесса терминотворчества. По мнению ученого, «не надо бояться заимствовать в казахский язык элементы международной лексики». Введение в словарный запас заимствованных слов следует рассматривать как обогащение родного языка: «Нужно реально исходить из современных условий международной интеграции, так как термины как европейского, так и тюркского происхождения в казахском языке устоялись давно и прочно». Ш.Сарыбаев считает, что можно переводить слова, которые не относятся к интернациональной лексике и следует признать использование интертерминов. Перевод таких терминов как *бизнес, менеджер*, ученый считает неприемлемым. «Такой процесс чистки языка считаю регрессивным», - пишет он. В трудах академика Ш.Сарыбаева нашли отражение не только проблемы терминологии, но и другие вопросы языковой политики.

Самое главное для каждого ученого, это воспитание своих последователей. Ш.Сарыбаев создал большую школу, плеяду ученых, своих воспитанников, которые продолжают сегодня идеи академика. Среди многочисленных учеников хотелось бы отметить члена-корреспондента НАН РК, профессора К.Курманалиева, который всегда находится рядом со своим научным руководителем, показывая пример беззаветной преданности своему учителю.

Секрет долголетия Шора Шамгалиевич видит в хорошем расположении духа, в активном труде, и в доброжелательном отношении к людям. На каждый случай жизни у него имеется анекдот или какая-то присказка. Он собрал около двух тысяч анекдотов. Смех для него - это залог здоровья. Всякие болезни, говорит Шоке, лечатся смехотерапией. Не случайно он коллекционирует различные виды смеха, которых насчитывает около 70 типов и дает им соответствующие названия. Особенно ему нравится звонкий смех академика, ученого-лингвиста Рабиги Галиевны Сыздыковой (сыңғыр күлкі).

В эти предмартовские дни с пробуждением природы, наступлением тепла и первой весенней капели, Шора Шамгалиевич вслед за своими современниками, друзьями по работе и жизни - Рабигой Галиевной Сыздыковой и Абдуали Туганбаевичем Кайдаровым отметит свой 90-летний юбилей. По-своему и как всегда

оригинально. Ученый собирается пригласить своих близких людей и коллег... на концерт. Пожелаем академику творческого долголетия, активной, счастливой жизни в кругу родственников и друзей.

ПРОФЕССОР С.ОМАРБЕКОВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АКЦЕНТУАЦИЯ МӘСЕЛЕСІ

Профессор С.Омарбековтың ғылыми мұрасы диалектология, фонетика, грамматика, ономастика, тіл мәдениеті проблемаларын қамтиды.Солардың ішінде акцентуация мәселесінің орны ерекше. Ғалымекпіннің табиғаты, қызметі, түрлері жайын сөз етіп, оның қазақ және түркі тілдеріндегі ерекшеліктерін көрсетіп кеткен. Ғалым екпінге мынадай анықтама берген: «Сөз ішіндегі бір буынның өзге буындардан дауыстың сөзылыңқылығы, тегеурінділігі, әуезділігі арқылы оқшауланып айтылуын екпін немесе буын екпіні, яки сөз екпіні дейді». Екпінді буын мен екпінсіз буынның айтылуындағы айырмашылықты байқату үшін ғалым дыбыстық құрамы тепе-тең екі буыннан тұратын сөздерді мысалға келтіреді, екі буынды сөздердің бір-бірінен ажыратудың бірден-бір өлшемі – екпінділік пен екпінсіздік: *шеше* сөзіндегі *ше-ше* деген бір-біріне егіздің екі сыңарындай ұқсас келетін буындардың арасындағы айырма тек алғашқысының екпінсіз, соңғысының екпінмен айтылуында ғана дейді ғалым.

Сөз екпінін ғалым үш түрге бөледі: *тегеурінді, әуезді, мөлшерлі*. Іштен шыққан фонациялық ауаның күштірек қарқынмен айтылуынан пайда болатын екпінді тегеурінді екпін дейді ғалым. «Өзге тілдердегі сияқты қазақ тіліндегі тегеурінді екпін де сөйлеу мүшелерінің бұлшық еттеріне физикалық күштің молырақ түсуіне байланысты іштен сыртқа тепкен фонациялық ауаның күштірек, әлдірек шығуынан пайда болады. Сондықтан сөз құрамындағы екпін түскен дауысты дыбыс сөздің өзге дауыстыларынан анағұрлым қаттырақ дауыспен айтылып, құлаққа анағұрлым айқынырақ шалынады», - деп түсіндіреді.

Бұл жерде айтып кететін жайт: ғылыми әдебиетте екпіннің бұл түрін динамикалық екпін деп атайды, себебі акустикалық сипаты бойынша екпін түскен дыбыстың интенсивтілігі (үдемелігі) молырақ болады, яғни динамикалық параметрдің мәндері ұлғаяды.

Үдемелік әдетте сөйлем әуенімен бірігіп, сөздердің акценттелуіне қатысады. Сөйлемдегі кейбір бөліктеріне екпін түссе, сол жердегі үдемелік күшееді. Үдемеліктің күшеуі көбінесе құлаққа қатты шыққанындай болып естіледі. Негізгі тон жиілігінің көтерілуі мен үдемеліктің ұлғаюы дауыстың қатты шығуына әсер етеді. Сөйлемнің екі бөлігінің біреуі қаттырақ естілсе және олардың негізгі тон жиілігі бірдей болса, үдемелігінің жоғары болуы. Сөйлемнің негізгі тон жиілігі бірдей екі сегменттің біреуінің құлаққа қаттырақ естілетіні оның үдемелігі жоғары мәндермен берілуі.

С.Омарбеков қазақ екпіні әрі тегеурінді, әрі мөлшерлі, тегеурінділік – басты қасиеті, мөлшерлілік – үстеме қасиеті деп қазақ тілін басқа тілдерімен салыстыра

қарастырады. «Типологиялық тұрғыдан алғанда қазақ екпінінің созылыңқылығын орыс тіліндегі динамикалық екпін түскен дауыстының созылыңқылығымен салыстыруға болады. Орыс тілінде де екпінді буын созылыңқы келеді. Бұл жағынан қазақ екпінінің типі орыс тілі екпініне жақындайды. Дегенмен мұндай салыстырудың қазақ екпіні барлық белгілері жөнінен орыс тілі екпінімен бірдей екен деген қорытынды тумасқа тиіс. Тіптен басқасын былай қойғанда, осындағы өзіміз ұқсас деп отырған орыс тіліндегі екпіннің динамикалық, созылыңқылық белгілері мен қазақ екпінінің осындай белгілерінің шама-шарқы бір-бірімен тепе-тең емес. Бірақ осы екі тілдегі екпіннің аталған белгілерінің арасында олардың типі жағынан ұқсастық бар екені бар, оны бекер дей алмасақ керек», - дейді.

Демек, сөздің акценттелуі үдемелігімен тығыз байланысты болады. Алайда акценттелген сөздер басқа да просодикалық тәсілдер арқылы белгіленеді. Оларға дауыс әуенінің көтерілуі мен ұзақтылығы жатады. Эксперименттi-фонетикалық жұмыстардың нәтижелері осындай пікірді дәлелдеген. Көбінесе екпін түскен сөз мол үдемелікпен, көлемді ұзақтылықпен және көтеріңкі тонман ерекшеленеді.

Дауысты дыбыстардың интенсивтілігінің (үдемелігінің) абсолюттік мәніне олардың артикуляциялық ерекшеліктері де әсер етеді. Сондықтан да ғылымда динамикалық екпінді кейде артикуляциялық екпін дейді. Сонымен мол интенсивтілікпен сипатталған екпінді С.Омарбеков **тегеурінді** екпін дейді.

Дауыстың әуенділігіне (мелодияға) байланысты жоғары тонмен сипатталған екпінді әуезді екпін дейді. Ғалым айтқандай, «әңгіме музыкаға байланысты болғандықтан оның кейде тон екпінді деп аталу жайы да түсінікті. Музыкалық тонның жоғары болуы, ә төмен болуы мүмкін. Сол сияқты музыкалы екпіннің жоғары тонды, төмен тонды түрлері болады». Акустикалық жағынан қарағанда, әуен сипаты әр уақытта өзгеріп тұратын негізгі тон жиілігімен сәйкес. Сөйлеу тілінің негізгі тон жиілігінің бір өзгешелігі - абсолюттік мазмұны сөйлеушінің дауысының жоғары не төмен болуымен байланысты.

Акценттелген буынның ұзақтылығы әдетте молырақ болады. «Мөлшерді екпін, мұны ғылыми әдебиетте көбіне квантитатив екпін деп атап жүр. Квантитатив деген сөз тура мағынасында «сан» деген ұғымды білдіреді. Екпіннің бұл түрінің «сан» ұғымына байланысты болатын себебі екпінді буындағы дауыстыны айтқан кезде оның сол сөздің өзге дауыстылардан анағұрлым созылыңқы дыбысталуынан. Осы тұрғыдан алғанда екпіннің бұл түрі *мөлшер екпіні* деп атау арқылы танылатын түсініктің мазмұнына дөп келеді». Екпін түрлеріне сипаттама бере отырып, ғалым екпіннің аталған түрлері бірімен-бірі астас, сабақтас күйінде ұшырайды және созылыңқылықты қазақ екпіні үшін тегеуріндiлікпен қатар қолданылатын егіз ең-таңба дейді ғалым.

Алайда кейбір тілдерде екпін созылыңқы дауыстыларға емес келте дауыстыларға түседі. Мысал ретінде ғалым чехтіліндегі «көбелек» дегенді білдіретін *мотиил* деген сөзді алады. Бұл сөзде екпін созылыңқы дауыстыға емес, келте дауыстыға түседі.Қырғыз тілінде де солай: дауысты дыбыстардың созылыңқылығы екпінге қатысы жоқ. Мысалы *саамай*, *саанчылар* деген

сөздерде екпін соңғы буындағы келте дауыстыларға түсіп түр. Ғалымның өзі сөзімен айтқанда, «тегі жағынан қаншалық жақын тілдер болғанымен, бұл жағдай қырғыз тілі мен қазақ тіліндегі сөз екпінінің арасында елеулі айырма барын көрсетеді. Созылыңқылық белгісі жөнінен қазақ екпіні қырғыздан гөрі жүйесі мүлдем бөлек тіл – орыс тіліне көбірек ұқсайды». Демек, генетика жағынан туыстас емес тілдерге универсалды типологиялық процестер тән.

Екпіннің қызметіне келгенде С.Омарбеков оның кульминатив, делимитатив, сигнификатив, экспрессив секілді қызметтерін атайды. Ғалымның айтуынша, **кульминатив** қызметтің мәні сөз ішіндегі буындар мен буын құрайтын дыбыстардың басын лебіздік (просодиялық) тұрғыдан бір ортаға кіндіктестіріп, сөзді біртұтас әрі өз алдына дербес құрылым етіп алу, яғни сөз ішіндегі буындар мен дыбыстардың басын бір арнаға түйістіріп, олардың бәрін бір ғана буынның құзырына шоғырландырудың ұйымдастырушылық қызметі.

Екпіннің **делимитатив** қызметі жайында ғалым сөз ағымындағы сөздердің тізбегін, бір-бірінен шекарасын ажыратады дейді. «Тыңдаушы өзі естіп отырған ұзын-сонар әңгіменің ішінде бірінен соң бірі іле-шала айтылып жатқан сөздердің бір-бірінен жігін ажырата алмаса, не естіп, не қойғанын біле де, түсіне де қоймас еді. Мұндайда тыңдаушыға қолғабыс тигізіп, көмекке келетін нәрсе – екпін. Тек осы екпін арқылы ғана тыңдаушы сөйлеу тізбегіндегі бірімен-бірі мидай араласып жатқан сөздердің бір-бірінен аражігін айыра, саралай алады». Басқаша айтқанда, екпін мәтіндегі сөйлемдерді бөлшектеп, мүшеленген сегменттердің бір-біріне қатысын ашып, анықтайды және айтқан ойды түсіндіреді. Бұл жағынан екпін басқа да просодикалық тісілдермен бірге мәтіндегі сөйлемдерді бір-бірінен ажыратып, олардың жігін белгілейді. Бұл қызметінің маңызы қазіргі замандағы өркендеген радио мен теледидардан сөйлеушілердің сөйлем түрлерін дұрыс мәнерлеп, олардың жіктерін ажыратып, және қосып, сөздерін анық айтуында мәні зор. Екпіннің бұл қызметі көбінесе интонацияға тән, себебі просодикалық тәсілдер арқылы сөйлемдер синтагмаларға бөлінеді, оның ішіндегі сөздер мағынасына қарай әрбір сөйлем мүшелерінің айналасына топтастырылады. Сөйлемдегі пауза арқылы бір бөлек топтасатын сөздердің қай семантика-интонациялық бірлікке жататындығын, яғни ол сөйлемді аяқтайтын соңғы я басты синтагма ма - осының бәрін тек просодикалық тәсілдер арқылы ғана айқындауға болады.

Қазақ тіліндегі екпіннің **сигнификатив** қызметі грамматикалық формалардың мағынасын ажырату қабілетіне байланысты деп, С.Омарбеков мысалдар келтіріп дәлелдейді. «*Біз бала**м**ыз – біздің бала**м**ыз* деген мысалдарды салыстырып қарастырады. Біріншісі жіктік жалғаумен айтылса, екіншісі тәуелдік жалғауымен айтылады. Оларды ажыратып тұрған екпін. «Бұлай болатыны жіктік жалғауы қазақ тілінде екпін қабылдамайтын қосымшалар тобына жатады да, тәуелдік жалғауы керісінше, үнемі екпінмен айтылады» дейді ғалым. Осы жолмен ажыратылатын сөздерді де қоса береді: *біз – ана**м**ыз – біздің ана**м**ыз, біз жылықыш**ы**мыз – біздің жылқышыма**ы**з.*

Грамматикалық формалардың мағынасын ажырататын сөздер – омоформалар. Мысалал ретінде ғалым келесі сөздерді келтіреді: *біздің атамыз* бен *мылтық атамыз*. «Омоформалы екі тұлғаның (омоформалардың) бөлек-бөлек грамматикалық категорияларға жататынын көрсететін негізгі белгі – екпін екеніне көз жеткізу қиын емес. Мұнда да тәуелдік жалғауы екпінмен, жіктік жалғауы екпінсіз айтылған» дейді ғалым. Сондай-ақ *баратын жер* мен *ол жыл сайын ауылына баратын* деген сөйлемдерде алғашқысында *баратын* деген сөз анықтауыш, екпін соңғы буынға түсіп тұр, соңғысында *баратын* баяндауыш, екпін екінші буынға түсіп тұр. Омографтардың жайы да осыған ұқсас дейді ғалым. Мысалы, *шөлі қанады* және *тісі қанады* деген сөйлемдер де екпін арқылы ажыратылып тұр.

Екпіннің бір қызметі жөнінде С.Омарбеков оның сөзге экспрессиялық өң беру жайында айтады. «Экспрессивтілік деп коммуникациялық акт кезінде сөйлеу процесіндегі айтылған ойға сөйлеушінің көзқарасын, эмоциясын, әртүрлі сезімін, көңіл күйін, түйсігін білдіретін тілдік белгілердің жиынтығын айтады. Осындай белгілердің бірі – екпін. Сөз екпінінің де қолданылу ыңғайына қарай құбылатын кездері көп» дейді ғалым. Мысал ретінде екі буыннан тұратын *қойшы* деген сөзді келтіреді. Екпін бірінші буынға түссе, онда ол экспрессиялы өңге ие болып тұр және етістік бұйрық райды көрсетеді. Ал екпін соңғы буынға түссе, қой бағатын *қойшы* деген сөзді білдіреді. Мұнда біріншісі – *қойшы* дегені бұйрық райда тұрған сөйлем. Екпіннің бұл қызметі түрлі просодикалық тәсілдермен бірге әртүрлі эмоцияларға қатысты. Сөйлемнің коммуникативтік мағынасымен бірге эмоциялық-экспрессивтік түрлерін де айқындайды, адамдардың түрлі ой-сезімін, оның құбылуын, өзгеруін де білдіреді.

С.Омарбеков қазақ тіліндегі екпіннің бірқатар грамматикалық формаларын ажырататын қызметін көрсетіп, оның лексикалық-семантикалық формаларын ажырата алмайтынына назар аударады. Орыс тіліндегідей *замок-замок, мука-мука, хлопок-хлопок* сықылды сөздерқазақ тілінде ешбір грамматикалық өзгеріске түспей тек екпін арқылыажыратылмайды.

Қазақ екпінінің сөз ішіндегі орны жайында С.Омарбеков А. Байтұрсынов, Н.Ильминский, В.Радловтардың пікірлеріне сүйеніп: «Түркі тілдеріндегі сөз екпінін тануда әлі күнге елеулі пікір алалығының барын ескерте отырып, түркі сөзі екпінінің сөздің аяғына тәндігі жөніндегі байырғы түркологтар айтып келген концепцияны үзілді-кесілді теріске шығарарлықтай, оған балама боларлықтай көзқарас дәл қазірбар деп айта алмаймыз» дейді.

Екпіннің тұрақтылығы және еркінділігі жөнінде айту үшін оның грамматикалық формаларды ажырату қызметіне назар аудару керек дейді ғалым. *Біздің ағамыз. Біз сізге ағамыз.* деген сөйлемдерде екпін соңғы буынға және қосымшаға таяу тұрған буынға түседі. Ғалым *салма – салма, кеспе – кеспе* деген зат есім мен етістікті мысалдар ретінде келтіріп, етістіктің алғашқы буынға түскен екпінді етістіктердің экспрессиялы реңмен айтылғанына көңіл бөледі. Бұл жерде айта кететін жайт: француз тілінде осындай екпінді екінші қатарлы

екпін дейді (accent secondaire, вторичное ударение).Алайда поэтикалық мәтінде, ғалымның айтуынша, *алма, кеспе* тәрізді тұлғалар өлең жолдарының соңындағы ұйқастарда келсе олар етістік, я есім мәнінде жұмсалуына қарамастан, ұйқас тәртібіне бағынып, бірінші жолдағы ұйқас сөздің екпін ыңғайымен айтылады. Мысалы:

Екі ағашта бір алма,
Мен де алмаймын, сен де алма.

Мұнда **ма** қосымшасы етістік түбірге жалғанып, бірде зат есім тудыратын сөзжасам қызметін, бірде етістікің болымсыздық түрін тудыратын форма жасам қызметін атқарады. Сондай-ақ *алма, салма, жарма, жаппа, баспа, қоспа, қақпа, соқпа, тұңба,* деген есім-етістік омоформалар екпін арқылы ажыратылады.

Сөз ішіндегі екпіннің құбылып тұруы ғалым оның экспрессия-эмоциямен және адамның көңіл-күйінебайланыстылығын айтып, мысал ретінде одағайларды келтіреді: *Мәссаған! Бәрекелді! Әттегенай!* «Мұндайлардың өзі, түптеп келгенде, сөйлемнің интонациясымен астасып жататын құбылыс» деп дәл айтады. Рас, келтірілген сөйлемдер лепті сөйлем интонациясымен айтылады. Эмоциялық мағыналы сөздер ең көтеріңкі тонмен, максимальды үдемелікпен созылыңқы айтылады. Лепті сөйлемдердің бәрі дерлік эмоциялық-экспрессивті мағынаға ие болғандықтан, баяу қарқынмен, нық, айрықша реңкпен айтылып, лепті интонемамен беріледі.

Сондай-ақ С.Омарбеков *энклиза, проклиза, элизия* құбылыстарындағы екі сөзге ортақ түсетін екпін жөнінде де өз пікірін білдіреді. Бұл құбылыстарды ғалым ырғақты (ритмикалық) екпінмен байланысты қарастырады. «Энклиза, проклиза, элизия құбылысы нәтижесінде акцентуациялық бірлік құрайтын сөздердің тобы ритмикалық топ деп аталады. Осындай топқа кіретін сөздерге тән ортақ екпін түрін ритмикалық екпін немесе фразалық екпін дейді. Демек, тек энклиза, проклиза, элизия құбылысы бар жерде ғана ритмикалық екпін болады. Екпіннің бұл түрінің де табан тірер дәйегі – екпін жағынан жетекшілік қызмет атқарып тұрған сөздің құрамындағы екпін түсетін буын» дейді ғалым. Мысал ретінде *ақ төбел, көк аспан* деген сөз тіркестерін келтіреді. Ырғақты (ритмикалық) екпін ырғақты топта көрініс табады.

Әдетте сөз ағымы фонетикалық тұрпаты жағынан тиянақталған ырғақты топтар мен семантика-синтаксистік-интонациялық бірлік болып табылатын синтагмаларға мүшеленеді. Қазақ тілінде сөздердің бәрі үнемі дербес екпінге ие бала алмайтыны мәлім. Орыс тілінде сөз екпінің мәні едәуір болса, қазақ және басқа түркі тілдерінде ырғақты, синтагмалық, фразалық екпіннің қызметі зор. Олар сегменттің аяқ жағында орналасады. Синтагмалардың көлемі үлкенрек болғасын, олар бірнеше ырғақты топтардан тұруы мүмкін. Синтагмалар синтагмалық екпінмен жіктеледі. Екпін түскен бөліктің просодикалық параметрлері: негізгі тон жиілігі, ұзақтылық, үдемелік өзінің жоғары мәндерімен

сипатталады. Сегменттердің жік аралығында интонациялық көрсеткіштердің кенет өзгеруі байқалады.

Ырғақты топтар өзі орналасқан сөйлеу жағдаяты немесе контекске байланысты белгілі бір мағыналық тұтастық ретінде сөз тіркестерін кейде жеке сөздерді қамтиды. Олардың шекаралары ритмикалық екпін арқылы ажыратылады. Мелодикалық, динамикалық және темпоральды құралдар қосылып синтагманың интонациялық өрнегін сызады. Ырғақты топтарды біріктіріп, синтагмалар түрлі-түрлі интонемалармен сипатталады. Интонемалар бірнеше сөйлемді қамтып мәтінді безендіруге қатысады. Мазмұнына қарай мәтін семантака-интонациялық бірліктерге мүшеленеді, сонда синтагмалық (ырғақты) екпін жіктеуші қызмет атқарады.

С.Омарбеков айтқандай, «тіліміз агглютинация тіл болғандықтан, қосымшалардың түбір мен туынды түбірге бірінің үстіне бірі үстемеленіп жалғана беретіндігі – белгілі жай. Мұндай жағдайда сөз соңындағы екпін өз орнын өзгертіп, сөзге үстемеленіп жалғанған қосымшаға, сөздің аяғына қарай жылжып отырады: *кітап-кітаптар-кітаптарымыз-кітаптарымыздан, айтыс-айтыстар-айтыстыру-айтыстырушы*. Осы мысалдардан байқап отырғанымыздай, айтылымдарда сөз саны көбейген сайын екпінсөздің соңына қарай ығыса береді. Сонымен, профессор С.Омарбековтың екпін жөнінде ой-пікірлері қазақ сөзінің акцентуация проблемасының дамуына зор үлес қосатыны сөзсіз.

Әдебиет:

Омарбекұлы Сапарғали. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. Алматы, 2007.

Резюме

В статье рассматривается проблема акцентуации в трудах профессора С.Омарбекова. На обширном лингвистическом материале анализируются такие вопросы как функции, место, типы ударений в казахском языке.

ПРОФЕССОР ҚАЙЫРБОЛАТ ЕСЕНОВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ СИНТАКСИС МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қайырболат Есенов қазақ тілінің грамматикалық құрылысын, соның ішінде құрмалас сөйлем және күрделенген сөйлем синтаксисін жүйелі түрде зерттеген ғалым. Құрмалас сөйлемнің құрамын, ерекшелігін ғалым үш кезеңнің төңірегінде қарастырып: (1930-1940 жылдардың арасы, 1940-1950 жылдардың арасы, 1950 жылдардан басталады) әр кезеңге сипаттама береді.

1930-1940 жылдардың арасындағы құрмалас сөйлемнің зерттелу аясы мектептерге арналған қазақ тілі оқулықтарынан орын алды. Сонымен қатар кейбір оқу бағдармалары да осы мәселе жайында елеулі роль атқарды. Құрмалас сөйлемге байланысты бұл кезеңдегі зерттеулерден профессорлар – Қ.Жұбанов, С.Аманжолов,

Н.Сауранбаев, М.Балақаев, С.Жиенбаев, Х.Басымовтардың еңбектерін атауға болады дейді ғалым. Бірінше кезеңде ғалымдар оқулықтар мен оқу құралдарын дайындаған, яғни қазақ синтаксисін практикалық тұрғыдан қарастырған.

1940 жылдардан бастап құрмалас сөйлемдердің синтаксисі жайында ғылыми мақалалар мен еңбектер жарық көре бастады. Осы жылдарды К.Есенов «елеулі жылдар» деп бағалайды. Себебі құрмалас сөйлем синтаксисі жайында практикалық тұрғыдан зерттелген мәліметтер «ғылыми арнаға» түсе бастады. Бұл кезеңде С.Аманжолов, С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, А.Ысқақов, Ғ.Бегалиевтердің еңбектерін атауға болады.

Құрмалас сөйлемнің зерттелу барысындағы үшінші кезең – 1950 жылдардан басталады дейді ғалым. 1954 жылы жоғары оқу орындарына арналып қазіргі қазақ тілінің ғылыми курсы «Қазіргі қазақ тілі» шықты, онда профессор Н.Сауранбаев жазған «Құрмалас сөйлемнің синтаксисі» жарық көрді.

К.Есеновтың пікірінше, құрмалас сөйлемді тани білудегі басы ашылмаған мәселелердің бірі – оның құрамындағы бастауыш мәселесі. Құрмалас сөйлемнің әр компонентінде өзіндік айырым бастауышы болады. Дегенмен, кейде бастауыштың әр компонент сайын бола бермей, ортақтасып келуін де тілшілер теріске шығармайды. Осы мәселеге ғалым баса назар аударған. Құрмалас сөйлемде, әсіресе сабақтас құрмаласта, ортақ бастауышқа жол беру – осы категорияның өзін кей уақыттарда жай сөйлемнен ажыратуда қиындыққа әкеліп соқтырады дейді Есенов.

Сабақтас құрмалас сөйлемді әңгіме қылғанымызда, оның бағыныңқы компонентінің табиғатына тоқталмай кету мүмкін емес. Ойткені осы жайдың өзі де күні бүгінге дейін өз шешімін дұрыс таба алмай келеді дейді ғалым. Соның салдарынан сабақтастың құрамындағы бағыныңқы компонент кей уақыттарда өз дәрежесінде танылмай, басыңқының бір мүшесі ретінде ғана қарастырылады. Сабақтас құрмаластың бағыныңқысы қаншама тиянақсыз болса да, ол өз бойындағы сөйлемдік қасиетін сақтай алады. Бағыныңқыдағы тиянақсыздық – тұлғалық тиянақсыздық. Ал мағыналық жағынан бағыныңқы дербес ойға ие болады. Мұның өзі бағыныңқы компоненттің басыңқыға кірігіп кетпей, жалпы сөйлем тәріздес, тең дәрежелі бөлшегі екендігін айқындай түседі. Бағыныңқы компонетті осындай дәрежеде түсінетін болсақ қана, жалпы сабақтас құрмалас сөйлемнің табиғаты дұрыс ашылатын болады. Бұл жайдың өзі бағыныңқы мен басыңқыны тығыз қарым-қатынаста қараудың қажеттігін аңғартады дейді ғалым.

Есенов құрмалас сөйлем жайында өз көзқарасын білдіріп, оның пікірі мынадай тұжырымға саяды: Кез келген сабақтас құрмалас сөйлем – тұтас бір бүтін күрделі синтаксистік категория. Мұндай категорияның тұтастығы ондағы жеке синтаксистік компоненттердің болуымен айқындалынады. Бағыныңқы сөйлем – тиянақсыз сөйлем, дейді ғалым. Мұндай тиянақсыздық сөйлемнің әлі аяқталмағанын, келесі жалғасы екінші сөйлем (бағыныңқы) тиянақты сөйлеммен (басыңқы) ұласа айтылып, құрмаласқан бір тұтас сөйлемнің басын құрайды. Ғалымның айтуынша, сабақтас құрмаластың қарамағында болатын бағыныңқы, басыңқы компоненттерді тең дәрежеде бірдей қарап, оларды *тиянақсыз* және

тиянақты сөйлем ретінде түсінуіміз қажет. Сонда ғана сабақтас сөйлемнің табиғи жаратылысы дұрыс танылып, оның синтаксистік компоненттерінің мазмұны дұрыс ашылатын болады.

Ғалымның бұл тұжырымы эксперименттi-фонетикалық әдістер арқылы дәлелденген болатын. *Тиянақты* және *тиянақсыз* интонемалар басқа да грамматикалық бірліктермен бірге құрмалас сөйлемдердің құрылымын сипаттап бере алады.

Тілдік таңбаларды коммуниканттардың арасында тек өзара түсінісу үшін ғана емес, оқырманға (сөз тыңдаушыға) әсер етіп, оның реакциясын тудырып, сөйлеу жағдаятына сай үйлесімді де ұтымды жұмсай білу керек. Сөйлеу коммуникациясында тіл бірліктерінің функциональды-семантикалық ерекшеліктерін, прагматикалық мақсатын жеткізуде **құрмалас сөйлемдердің** мәні зор. Мәтіннің элементі ретінде олар арқылы ауқымды және терең ойларды көрсетуге болады.

Құрмалас сөйлемдердің қай түрінде болсын оның компоненті саналатын сөйлемдер мағыналық жағынан өзара байланысты болып тұрады. Олар бірбірімен не мезгілдес, не себептес, не қарсылықты т. б. мағынада байланысатыны белгілі. Ешбір мағыналық байланысы жоқ сөйлемдер өзара салаласып тұра алмайды. Салалас сөйлемдердің семантика-синтаксистік және интонациялық байланысы бір-біріне симметрия түрде сәйкес болмайтыны алғашқы жұмыстарымызда эксперимент арқылы дәлелденген болатын. Аталмыш синтаксистік бірліктердің интонациялық ерекшеліктері анықталып, олардың интонациялық транскрипциясы берілген. Мысалы:

Күн салбырап еңкейген, күзге салымғы жылы күн азырақ салқын тартқан (Сейфуллин).

Суы ашылған теңіз де бір, жайылымы азған жер де бір (Нұрпейісов).

Қамыс қос кенет жым-жырт бола қалды, жаңа ғана дастархан басында дабырлап отырған кісілер сөзден тиылып, бәрі де бір сәтте дәл кешегідей демін жұтып тына қалғанды (Нұрпейісов).

<Күн салбырап еңкейген,↑// <күзге салымғы жылы↑//< күн азырақ салқын тартқан.↓>

<Суы ашылған / теңіз де бір,↑// <жайылымы азған / жер де бір.↓>

<Қамыс қос кенет / жым-жырт / бола ғалт,↑// жаңа ғана / дастархан басында / дабырлап отырған кісілер↑// <сөзден тиылып,↑//<бәрі де бір сәтте↑ // дәл кешегідей / демін жұтып / тына ғалған-ды.↓>

Кейде жалғаулықсыз салаластың алдыңғы компонентінің баяндауыштары *емес, еді, екен,* етістіктерін көмекшіге алып тұрады. Мысалы:

Тегінде, ақын біткеннің бәрі мықтыны, бай біткеннің бәрін мақтай берген емес, шын ақындар өздерінш/ мақтауға тұрарлығын ғана мақтаған (С.Сейфуллин).

Сол уақытта оның пері жары келеді екен, Ақанға пері қызын қосқан оның пері шешесінің өзі екен (Жұмабаев).

Тегінде,↑//<ахын біткеннің бәрі мықтыны,↑//<бай біткеннің бәрін мақтай берген емес,↑//<шын ахындар өздерінше↑//<мақтауға тұрарлығын ғана махтаған.↓>

Сол уахытта↑//<оның пері жары келеді екен,↑//<Ақанға пері қызын қосқан ↑//< оның пері шешесінің өзі екен.↓>

Сабақтас сөйлемдердің коммуникативті-модальдық, функциональды-прагматикалық жақтары ескеріліп, олардың интонациялық-просодикалық ерекшеліктері жан-жақты сипатталды. Сөйлеу жағдаятына байланысты мәтіннің элементі ретінде аталмыш сөйлемдер функциональды грамматиканың әдісі бойынша мағынадан тұлғаға қарай қарастырылды. Эксперимент жүргізудің нәтижесінде сабақтас құрмалас сөйлемдердің тональды, динамикалық және темпоральды параметрлерінің көрсеткіштері талданып, сөйлемдердің жалпы интонациялық тенденциясы анықталған.

Суперсегментті фонетиканың әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып семантика-просодикалық талдаудың негізінде сабақтас сөйлемдердің интонациялық транскрипциясы ұсынылды:

Ондайда әлдебір асығыс, қауырт шаруа алқымнан алып, амалы құрып тұрған біреу болмаса, басқармадан басқа кісі бұның машинасына міне қоймайтын.

Теңіз қайтып, су қатынасы тоқтағалы, бұрын сонау теңіздің арғы бетіндегі Қоңырат, Үргеніш, Мойнаққа қатынайтын ірі-ірі кемелер қазір дауылда жағаға шығып қалған дәу балықтай, жиекте теңкиіп жатқалы қашан.

Қылдай кінәң болмаса да, жаны күйген жігіттердің тілі саған тиіп жатыр (Нұрпейісов).

<Ондайда әлдебір асығыс,↑//<қауырт шаруа алқымнан алыб,↑//< амалы құрып тұрған↑//<біреу болмаса,↑//<басқармадан басқа гісі↑//<бұнұң машинасына міне ғоймайтын.↓>

<Теңіз ғайтып,↑//<су ғатынасы тоқтағалы, // бұрұн сонау теңіздің арғы бетіндегі↑//<Қоңырат, Үргеніш, Мойнаққа ғатынайтын↑//<ірі-ірі кемелер↑//< қазір дауылда↑//<жағаға шығып қалған↑//<дәу балықтай,↑//<жиекте теңкиіп жатқалы ғашан.↓>

<Қылдай гінәң болмаса да,↑//<жаны гүйген жігіттердің тілі↑//<саған тиіб жатыр.↓>

Сонымен бағыныңқы мағынаны білдіретін сөйлем компоненттері синтагмаларға бөлініп, көтеріңкі әуенмен сипатталады. Интонацияның динамикалық параметрлері әуеннің сызығын қайталайды. Бағыныңқы сөйлемнің соңғы синтагмасы акценттеліп, басыңқыдан кідіріспен бөлінеді. Сөйлемнің басыңқы компоненті көлемді болса, синтагмаларға бөлініп, толқынданып, соңғы синтагмасы төмендеп барып тынады.

Сөйлемнің ара жігі болымсыз интервалмен сипатталады. Сөйлемдердің басыңқы компоненттері бағыныңқыларға қарағанда кең тоналды диапазондарымен сипатталады. Бұл көрсеткіш тәуелді-тәуелсіз мағынамен байланысты. Сабақтас сөйлемдердің бағыныңқылары тиянақсыз, қыстырма интонемалардың варианттарымен, ал басыңқысы тиянақты интонемамен өрнектеледі.

К.Есеновтың пікірі бойынша, қазақ тіліндегі бағыныңқы сөйлемдердің көпшілігі басыңқыда айтылған ойды тұтасымен айқындап тұрады. Ғалымның бұл көз қарасы эксперименттi әдістер арқылы дәлелденген. Сөйлемнің аяқталған-аяқталмағаны әуеннің көтеріңкі-бәсең өрнектері көрсетеді. Мағынаның тәуелді-тәуелсіздігі просодикалық тәсілдер арқылы көрінеді. Интонация параметрлердің мол көрсеткіштері басыңқыларға тән болса, олардың төмен мәндері бағыныңқы мағынаны білдіреді.

Қ.Есенов сабақтас құрмалас сөйлемдегі бағыныңқы компоненттің басыңқымен ара қатынасын сөз қылғанда, оның (бағыныңқының) өз басыңқысымен мағыналық байланыса айтылатынын ескерген. Бағыныңқы сөйлемнің басыңқыны түрлі жақтан айқындап, соның мазмұн желісін ашып отыруының өзі де осының айғағы болса керек. <...> Бұдан, әрине, бағыныңқының өзіндік салмағы, өзіндік қызметі әлсіремейді, қайта керісінше айырым ойға ие болған сөйлем ретінде оның екінші басыңқы компоненттің мазмұнын түрлі жақтан ашып отыратындығын дәлелдей түседі. Мұндай заңдылық кез келген сабақтас құрмалас сөйлемнен айқын байқалып тұрады дейді ғалым. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің ішінен Есенов қарсылықты бағыныңқы сөйлемдерге айырықша көңіл бөледі.

Қарсылықты бағыныңқылы сөйлем басқа бағыныңқылардан өзінің арнаулы заңдылығымен ерекшелене алады. Ол заңдылық компонеттердегі оқиғалардың өз алдарына жеке дара баяндалып, бірі екіншісіне қарсы қойыла айтылу негізінде болып тұрады дейді. Сонымен бірге Есенов қарсылықты бағыныңқы сөйлемнің интонациясына назар аударып, олардың айтылу ырғағында, басқаларға қарағанда, аз да болса өзгешелік бар, бағыныңқы мен басыңқы компоненттерді бір-бірімен байланыстырып тұратын баяндауыш сөздері ерекше әуенмен көтеріңкі айтылады дейді.

Шынында да эксперименттік-фонетикалық талдау көрсеткендей, қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер интонациялық көрсеткіштері мол мәндермен сипатталады. Олар көтеріңкі-бәсең толқынды интонациямен безеңдіріледі. Бағыныңқы компонент басыңқыдан кідіріспен бөлініп, олардың ара-жігі айқын көрініп, болымсыз тональды интервалмен сипатталады. Ал, қарсылықты көрсетіп тұрған баяндауыштар көтеріңкі әуенмен өрнектеліп, динамикалық және темпоральды параметрлер арқылы сипатталады.

Сонымен интонация мен синтаксистің ара-қатынасы күрделі және құбылмалы болғанын көреміз. Олар бір-біріне кейде тікелей және жанамалы түрінде байланыста болады. Сөйлемдердің семантика-синтаксистік мағыналарын интонация компоненттері арқылы көруге болады. Құрмалас сөйлемдердің барлық майда типтерін инвариант интонемалардың вариант-вариациялары ажыратады. Сөйлемдердің семантика-құрылымдық топтары, олардың бір-бірімен байланысуы просодикалық тәсілдер арқылы сипатталады. Интонацияның бірліктері, компоненттері өзара түрлі қатынастарға түсіп, өрнектеліп, кез келген мәтінді безендіріп, коммуникативтік және эмоциялық қызмет атқарады.

Құрмалас сөйлемдермен бірге К.Есенов күрделенген сөйлемдердің синтаксисін қарастырған болатын. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдерді өзінің бұрынғы-кейінгі еңбектерінде жете зерттеп, сыр-қырларын жан-жақты айқындап ашқан, олардың жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнен құрылымдық және мазмұндық айырмашылықтарының бар екенін дәлелдеп, сондықтан оларды жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнен бөліп алып қарау керек екенін Қ.Есенов өзінің зерттеу еңбектерінде үнемі айтып кеткен.

Күрделенген сөйлемдер есімше және көсемшелі оралымдардан тұратыны белгілі. Есімшелі оралыммен күрделенген сөйлемдердің әуені көтеріңкі-бәсең өрнектерімен сипатталады. Динамикалық параметрлер көбінесе әуеннің өрнектеріне сәйкес келеді. Синтагмалардың арасы болымсыз интервалмен ерекшеленіп, кідіріспен бөлінеді.

Қ.Есенов есімшелі оралыммен күрделенген сөйлемдердің ерекшелігі ретінде олардың кідіріс арқылы екі синтагмаға бөлінетінін айтады және оралымның қабысқан есімімен бірге бір синтагма болатынына назар аударады. Қабысқан сөз есімшелі оралымды анықтап, сипаттап тұрады және олар бірігіп семантика-интонациялық топ құрайды.

Қ.Есенов есімшелі күрделенген сөйлемдерді актуальды мүшелену тұрғысынан да қарастырған. Мысалға келесі сөйлемдерді келтірген. *Оқуға, шаруа жабдықтарына шорқақ Рақия // кішкене күнінен ыржаң-қылжаңға әуес болатын* (Мұқанов). *Ақшаның алмайтыны жоқ, деген сенімдегі Малтабардың // ол құрғырға бірінші рет өкпелеуі осы ғана (Мұқанов).* Көрсетілген сөйлемдер екі бөлшекке бөлінеді: негізгі тақырыпқа (тема) және жаңа тақырыпқа (рема). Тема бұл сөйлемдерде бастауыш және толықтауыш қызметтерін атқарады.

Қ.Есенов есімшелі қабыспалы оралыммен қатар көсемшелі жанаспалы оралым жайында да өз пікірін білдіреді. Көсемшелі жанаспалы оралым сабақтас құрмалас сөйлемдердің компоненттеріне ұқсас дейді. Ғалым шартты рай тұлғалы оралымдарды да талдап, оларды жанаспалы оралымдарға жатқызады. Бұл күрделенген сөйлемдерде ортақ бастауыш болу керек деп мысал келтіреді. *Мектептен оқу оқысаң, білім алсаң адам боласың (С.Сейфуллин).*

Түрлі оралымдармен күрделенген сөйлемдердің сызығы, өрнегі біркелкі болып келеді. Сөйлемнің басында, ортасында келетін оралымдардың әуен қозғалысы толқындана келіп, синтагманың соңына қарай көтеріледі және паузамен негізгі сөйлемнен бөлініп тұрады. Одан әрі сөйлемнің басқа мүшелері де өзінің толқынды әуенімен айтылып, соңында төмендеп барып тынады. Күрделенген сөйлемдердің жалпы интонациялық ерекшеліктері ұқсас болғанымен есімшелілі оралымдардың көсемшелі оралымдардан айырмашылығы бар.

Есімшелі тіркестер өздері анықтап тұрған анықталушы сөзбен қабысып, бірігіп, онымен ортақ синтагма құрайды және сөйлемнің басқа мүшелерінен мол кідіріспен бөлініп тұрады. Сондықтан бұлар анықтауыш - анықталушы мүшелер ретінде біртұтас семантика-интонациялық тұлға болып табылады. Эксперименттік-фонетикалық нәтижелер бойынша, синтагма ұзақ не қысқа болсын, оның ай-

тылуына кететін уақыт бірдей болады. Ұзақ синтагманың айтылудағы қарқыны жылдамырақ, ал қысқа синтагманың қарқыны баяулау келеді. Бұл қарқын мен сегмент көлемінің ара-қатынасын көрсететін интонацияның бір заңдылығы.

Күрделенген сөйлемдер деп аталатын құрылымдардың интонациялық модельдері бір-біріне ұқсас келеді. Көбінесе сөйлемнің басында, ортасында келіп, оны күрделендіріп тұратын оралымдардың әуен сызығы дөңгеленіп келіп, синтагманың соңында көтеріліп, негізгі сөйлемнен пауза арқылы бөлініп, толқынды интонациямен төмендеп барып тынады. Динамикалық көрсеткіштері де көбінесе тональды өрнектерінің суретін қайталайды. Мысалы, келесі сөйлемдерді қарастырайық:

Қара қазаңды // қоршай отырған кісілер // жалма-жан / кейін серпіліп, // шегініп отырды.

Кешеден бері / теңіз түбінен // толқын көтерген томарлар // ауға оралып, // қара торды / дал-дұл ғып жыртып // тастап жатыр.

Бір кезде / өздері қонған түстенген үйлердің орнында // қазір ошақтан / от өшіп, // опыр-топыр құлаған / үйінділер жатыр. (Ә.Нұрпейісов).

<Қара ғазаңды↑//<қоршай отырған кісілер↑//<жалма-жан / кейін серпіліп,↑//< шегініп отырды.↓>

<Кешеден бері / теңіз түбінен↑//<толқын көтерген томарлар↑//<ауға оралып,↑//<қара торды / дал-дұл ғып жыртып↑//тастаб жатыр.↓>

<Бір кезде / өздері қонған түстенген үйлердің орнында↑//<қазір ошақтан / от өшүп,↑//<опыр-топыр құлаған / үйінділер жатыр.↓>

Келтірілген күрделі сөйлемдер есімшелі және көсемшелі оралымдарды қамтыған. Бұл сөйлемдердің синтаксистік және семантикалық құрылымдарының арасында тығыз байланыс болатыны байқалады. Синтаксистік оралымдар әдетте бір синтагманы құрастырып, сөйлемнің ортасында келсе, ойдың аяқталмағанының белгісі ретінде тиянақсыз және қыстырма интонемалардың варианттарымен сипатталады. Негізгі тон жиілігінің контуры өрнектеліп, көтеріңкі, көтеріңкі-бәсең-көтеріңкі әуенмен ерекшеленеді. Оралымдардың синтагманың соңында тұрған соңғы сөзі синтагмалық екпінмен белгіленіп, тональды, темпоральды және динамикалық параметрлердің жоғары көрсеткіштеріне ие болып тұр.

Эксперимент жүргізудің нәтижесінде күрделенген сөйлемдердің интонациясының акустикалық көрсеткіштері: негізгі тон жиілігі, интенсивтілігі, ұзақтылығы мен паузаның сандық өлшемдері анықталып, тональды, динамикалық, темпоральды параметрлердің сөйлемнің семантика-синтаксистік құрылымдарына қатысты диапазондары, деңгейлері, интервалдары, қарқыны сипатталды. Прагматикалық мақсатына сәйкес күрделі ойды көрсетуде просодикалық тәсілдердің мәні зор. Мәтін бөлігі ретінде оралымдардың коммуникативтік-семантикалық түрлері сөйлеу жағдаятына байланысты өзіне тән интонациялық өрнектелерімен сипатталады.


Интонацияның компоненттері қозғалысқа түсіп, контекст пен сөйлеу жағдаятына байланысты сөйлемдерді мүшелеп, сегменттердің бір-бірімен қандай

қатынасқа түсетінін көрсетеді. Сөйлеушінің мақсатына қарай просодикалық тәсілдер құбылып, сөйлемнің коммуникативтік-прагматикалық мағынасын білдіреді. Сөйлемнің функциональды-коммуникативтік аспектісі сөйлеуші мен тыңдаушы арқылы көрінеді. Оралымдардың мазмұнына және сөз тұтынушының сөйлеу ерекшеліктеріне сәйкес интонациялық пауза синтагманы көмкеріп тұрады. Есімше оралымдар мен көсемше оралымдар көбінесе кең тональды диапазонмен ерекшеленеді, бұл көрсеткіш синтагма мазмұнының маңыздылығымен байланысты болады. Динамикалық параметрлердің көрсеткіштері тональды орнектеріне параллель келіп, маңызды болып саналатын сөздерді белгілеп, ой екпіні арқылы көрінеді. Интенсивтіліктің диапазоны да кең мәндерімен ерекшеленеді. Күрделенген оралымдар мен жалпы сөйленімнің тоғысы болымсыз тональды интервалмен сипатталады.

Тиянақсыз әуенді контурмен өрнектелген оралымдардың мазмұны сөйлеушіге мол да салмақты болып саналғанына, ал тыңдаушының ақпараттың семантикалық-коммуникативтік салмағы едәуір болып түсінгеніне қарай, күрделенген оралымдардың қарқыны баяудау болып келеді. Кейде оралымдар бірнешеу және бірыңғай болғандықтан, олардың әрқайсысы жеке синтагма болып, өзара кішірек паузамен бөлініп, біркелкі әуендік контурымен сипатталып, соңғысы ғана негізгі сөйлемнің өзіне қатысты мүшесімен байланысып тұрады. Олардың арасында кейде азын-аулақ кідірістері бар ырғақты топтар кездеседі.

Әр оралымның коммуникативтік мақсаты, мағынасы контекст, сөйлеу жағдаятымен байланысты екені белгілі. Интонация компоненттерінің бәрі қозғалысқа түсіп, синтагмалардың синтаксистік құрылымдарының үстінен келіп өрнектеледі.

Күрделенген сөйлемдердің интонациясын көтеріңкі-бәсең өрнегімен беруге болады.



Күрделенген сөйлемдердің интонациялық схемасы

Сонымен, профессор Қ.Есенов күрделенген сөйлемдерді жеке синтаксистік категория ретінде қарастырып, олардың түрлерін, ерекшеліктерін анықтап берген. Жалпы Қ.Есенов қазақ тілі грамматикасына, соның ішінде құрмалас сөйлем мен күрделенген сөйлем синтаксисінің дамуына зор үлес қосқан ғалым.

Әдебиет

Есенов Қ.М. Қазіргі қазақ тіліндегі шартты және қарсылықты бағыныңқы сөйлемдер. Алматы, 1969.

Есенов Х.М. Синтаксис осложненного предложения в казахском языке. Алма-Ата, 1992.

Резюме

Статья посвящена вопросам синтаксиса казахского языка в работах К.Есенова. Рассматриваются грамматические и интонационные характеристики сложных и осложненных предложений. На основе экспериментальных данных анализируется связь синтаксиса с интонацией.

Article is devoted to questions of syntax of the Kazakh language in K.Esenov's works. Grammatical and intonational characteristics of the difficult and complicated offers are considered. On the basis of experimental data communication of syntax with intonation is analyzed.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАНАШЫРЫ

«Мен бар өмірімді қазақ деген халықтың ең киелі де асыл мұрасы – қазақ тіліне арнап келе жатқан жанмын. Аз ба, көп пе, жақсы ма, жаман ба біраз ойларымды хатқа түсіріп жас ұрпаққа ұсынып жүрген жайым бар. Көрген, оқыған, түйген нәрселер неше алуан ойға жетелейді. Әсіресе, ана тілдің тағдыры түнде де, күндіз де мазалай береді»,- дейді академик Омірзақ Айтбайұлы. Омекең ұлттық рухтың, өз халқының мәдениетінің нағыз қамқоршысы болып табылады. Ол ғылым мен өнерді қатар алып келе жатқан ғалым. Оның сазгерлігін танытатын бірнеше, атап айтқанда, белгілі «Жар сәлемі», Жас ойшыл», «Ана тілі», «Тіл өнері дертпен тең», «Ақ қоян», «Өренім» тағы да көптеген әндері жұртшылыққа мәлім.

Өмекең халық әндерінің және опералық ариялардың шебер орындаушысы және виртуоз домбрашы, ол өнермен шұғылданса, нағыз атақты әртістің өзі болар еді. «Ыстық-көлдің алқызыл гүлдері» деген көркем фильмде Өмекең орындаған өлеңде қазақтың кең байтақ даласы көзге елестеп, туған жерге, отанға деген өзінің сүйіспеншілігі көрініп тұрар еді. Өнерге деген ынтықтығына қарамастан О.Айтбаев лингвистика ғылымдарының жолына түсіп, тілтанымның ең жоғары сатысына көтерілді.

Қазақ алладан бала сұрайды, бала сұраса дана сұрайды «Бала берсең, дана бер, баланың жақсысын, адалын бер» - деген мәтел содан қалса керек. Дана бала әкесінің атын, халқының салтын, Отанының даңқын асырады. Жаман бала әке атына кір келтіреді, Отанын қорғай алмай сағынды сындырады, «Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді», - дегендей, намысыңды келтіреді. Міне осының бәрінен тәлім алған қазақ атамыз «бала» дегенді екіге бөлген: бірі - әкесінің баласы, екіншісі – ел баласы. Әкесінің баласы түтін түтеткенмен ауыл арасынан, елдің қарасынан ұзамай жүреді. Қазақтың «әкеңнің баласы болма, елдің баласы бол», - деп бата беруі де көп дүниені аңғартады. Өз замандастары Өмеке деп атаған Өмірзақ Айтбайұлы – міне осындай ұлт перзенті, ел баласы. Осы арада толассыз жарға соғып, аласапыран замананы дабылдатқан XX ғасыр ұлысы Әлихан Бөкейхановтың өзін «Қыр баласы» деп атауы ойыңа еріксіз оралады.

Әлекең бастаған ұлы шоғыр Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев «Еліма-ай», - деп зарлап өмірден өтті. Кейін совет Қазақ Республикасында даналылықтарын танытып, білім, өнер көгіне құлаш ұрған Мұхтар, Қаныш ағалар «құйрықты» жұлдыздай аспан әлемін қақ жарып, таңдандырып олар кетті.

Міне солардан кейінгі ұрпақтың аяғын баса Өмекең келді. Мұқаң, Қанекеңдерге ере шыққан ұрпақтың өкілі академик апамыз Рабиға Сыздықованың Өмірзақ ағаның мерейтойында айтқан сөзін келтірейік. «Жақсы жанның ізгі қасиеттерін алдымен оның ұшқан ұясынан, алған тәрбиесінен, өткен өмір мектебінен іздеген жөн, деген. Өмекеңнін әкесі Қаратау, Сыр өңіріне белгілі ақын әрі мәдениет қайраткері болған. Ол Айтбай мекеніндегі Қарнақ медресесінде Айтжан атты моллдадан оқып, мұсылманша жақсы білім алған. Өз бетімен ізденіп, Бұхараға барып, білімін толықтырып, араб, парсы тілдерін меңгерген, шығыс әдебиетін жақсы білген зиялы адам болған екен, бірнеше поэма-дастандар жазған, айтыстарға қатысқан. Оқуын бітірген соң Ташкент қаласында мұғалім бола жүріп, атақты Майлықожа, Мәделіқожа, Молда Мұса, Шәді төрелермен сыйлас, дәмдес болған. Олардың жырларын жатқа айтып, жалпақ жұртқа жаюшылардың бірінен саналады.

Әкесі Өмекеңді бір елі қасынан тастамай, ертіп жүріп тәрбиелейді. Поэзия мен ән-күй - әсемдік әлемі болса, сол сұлулыққа баулиды.

Дін – имандылық мектебі болса, діни жоғары білімді әкесі Өмекеңді адамгершілікке тәрбиелейді. Сірә, ғалым, қайраткер Өмекеңнің өмір жолын баяндауға көшпес бұрын, ұлан Өмекеңнің жан дүниесіне үңілсек, оған табиғат, дәлірек айтсақ ата-анасы бойына өнер мен иман дарытыпты. Әкесі ғана емес, анасы Жұмагүл Нарымбетқызы да әнші әрі домбырашы болған, тіпті ақындықтан да құр алақан емес екен. Бірде қосағы Айтекеңмен айтысып, оны жеңіп те кеткен көрінеді. Халқымыздың осындай ән-күй, ақындық өнерінің қос иесінің шаңырағында Өмекең дүниеге келді. Өмекеңнін шыққан тегі, өскен ортасы, ата-анасынан дарыған асыл қасиеттері туралы, оның мерейтойында академик апамыз Рабиға Сыздықова өте жақсы айтқан.

Сол Өмірзақ-ағамыз бүгін міне сексеннің табалдырығынан аттап отыр. Сондай өнерлі ортадан шыққан Өмекең өнерге деген ынтықтығына қарамастан лингвистика ғылымымен шұғылданып, тіл білімі проблемаларының дамуына зор үлес қосқан.

Өмірзақ Айтбайұлы Айтбаев 1936 жылы 5 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Балтакөл (бұрын Түркістан ауданына қараған) ауылында ағартушы-мұғалім отбасында дүниегс келді. Өмір жолын Өмекең 1953 жылы Кентау қаласындағы Мырғалымсай «Сантехмонтаж» мекемесінде темір шебері болып бастайды. 1954-59 жылдары әл-Фараби атындағы КазМҰУ – нің филология факультетінде оқиды. Ол студенттік жылдардың өзінде ғылыми, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, сонымен бірге, әндерінің қайсыбірі республикалық газеттерде жарияланады. 1959-62 жылдары «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкер, 1962 жылдың көктемінде Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл білімі институтына кіші ғылыми қызметкер болып ауысады. Міне, осы-

дан былай қарай ол табан аудармай ғылыми жұмыстармен түбегейлі айналысады.

1971 жылы «Максим Горький фразеологизмдерінің қазақ тілінде берілу жолдары» деген тақырып бойынша кандидаттық диссертация қорғайды, 1992 жылы «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қалыптасуы мен дамуы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды.

Академик О.Айтбайұлының зерттеулерінің тақырыбы әралуан және санқырлы. Дегенмен терминология және аударма мәселелері ғалымды көбірек қызықтырды. 1975 жылы жарық көрген «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» деген еңбегі кең тарап, қалың оқырманға танымал болды. Бұл монографияда терминология мәселелері және мақал-мәтелдердің дұрыс қолданылуы, олардың семантика-стилистикалық және этнолингвистикалық ерекшеліктері туралы сөз болады. Аударма теориясының лингвистикалық мәселелерімен біраз шұғылданып, ғалым қазақ терминологиясының өзекті проблемаларына көбірек назар аударады. Қазіргі таңда ұлттық терминологияның дамуы мен қалыптасуы жайында сөз болғанда, академик О.Айтбайұлы еңбектерін ерекше атамай өтуге болмайды.

Жиырма бес жылдан астам Тіл білімі институтының бөлім меңгерушісі ретінде Өмекең терминология мен аударма теориясына қатысты іргелі тақырыптарға басшылық жасап, терминология саласының негізгі принциптері мен қағидаларын және оның негізгі бағыттары мен әдістерін зерттеп анықтап берді. Терминдерді қалыптастыру, жүйелеу, қазақ тілі заңдылықтарына икемдеу жолдары жайында көптеген еңбектер жариялады. Бұл еңбектерде тілдің жалпы лексикалық жүйесі мен терминдердің ара-қатынасы, олардың бір-бірінен айырмашылықтары, қазақ тіліндегі термин жасау тәсілдерінің түрлері және олардың лексика көздері, терминология теориясының даму жолдары мен кезеңдері қарастырылады. Өмекеңнің айтуынша, «қазіргі қарастырып жүрген терминдер теңіз астында жатқан алып мұздың аздаған үстіңгі жағы ғана», дәлірек айтқанда, терминология мәселелері әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді деп түсінеміз.

Академик Өмірзақ Айтбайұлы қазақ терминологиясы туралы зерттеу жұмыстары мен проблемалық тақырыптарға жетекші болып, бірнеше ұжымдық ғылыми кітаптарды жарыққа шығарады. Бұлармен қатар Өмірзақ Айтбайұлының «Тіл мәдениеті және баспасөз» (Алматы: «Ғылым», 1968); «Өрелі өнер» (Алматы: «Ғылым», 1976); «Сөз өнері» (Алматы: «Ғылым», 1978); «Қазақ терминологиясының мәселелері» (Алматы, 1986); «Аударманың лексика-стилистикалық мәселелері» (Алматы: «Ғылым», 1987); «Терминдер және олардың аудармалары» (Алматы: «Ғылым», 1990), «Ана тілі ардағым» (1990, Н.Уәлимен бірге), «Тіл майданы» (Ә.Қайдармен бірге), «Основы казахской терминологии» (2000) «Ана тіл, ана сүтім, арым менің» (Арыс, Алматы, 2007), «Қазақ тіл білімінің мәселелері» (Арыс, Алматы, 2007) монографиялық еңбектері, және 500 – жуық ғылыми мақалалары басылып, жарық көреді. 2015 ж. 5 томдық таңдамалы еңбектердің тұсау кесері өтті.

Ғалымның тіл білімі ғылымына қосқан үлесі жоғары бағаланып, Президент жарлығымен «Құрмет» (1998) пен «Парасат» (2006) ордендерінің иегері болды.

Өмірзақ Айтбайұлы термин жасаудың басшы ұстанымдары мен әдістәсілдерін негіздеп, ұлттық терминдердің қалыптасуындағы қиыншылықтар мен қарсылықтарды анықтады және салалық терминдердің жасалу жолдарын сипаттап берді. Өмекең қазақ терминологиясын тарихи аспектіде қарастырады, олардың қалыптасу жолдарын, даму кезеңдерін, ғылым тілін байытудағы ролін анықтап көрсетеді. Ол қазақ терминологиясы – тіл білімінің басқа да салалары сияқты өзінің күрделі тарихи даму сатыларынан өтті дейді. Қазақ терминологиясын дамытуда Ахмет Байтұрсынұлының ғылымға қосқан үлесін зерттегенде, ғалым оны қазақтың ғылыми терминологиясының негізін қалаушы деп бағалайды. Қазақ тіл білімінің тарихында Ахмет Байтұрсынұлының қосқан үлесін Абайдың әдебиетке қосқан үлесімен салыстырады.

20-30 жылдары қазақ терминологиясысның жасалуы мен қалыптасуында А.Байтұрсынұлы пен Қ.Жұбанов елеулі роль атқарған болса, бүгінгі күндері қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуында Өмірзақ Айтбайұлының қосқан үлесі елеулі. Ахмет Байтұрсынұлыны Өмекең қазақ терминологиясының «атасы» деп бағалайтын болса, бүгінгі күндері академик Өмірзақ Айтбайұлыны қазақ терминологиясының «ағасы» деп айтуға болады. Ұлттық терминологияны дамыту жайында ғалымның өз сөздерін келтірейік: «Терминология – ғылым мен техника тілін дамытатын лексиканың бірден-бір күрделі қабаты. Қазақ тілі терминологиясы жазу сауаттылығын арттыратын емле ережеліріне тікелей тәуелді. Ендеше емле ережемізде термин сөздерді жасау, қабылдау жөнінде жіберілген қатені түзеу. Терминжасамның жаңа үлгілерін баспасөзде жариялай отырып, соның негізінде жыл сайын пікір сайысын өткізіп отыру. Терминолог кадр дайындау жолдары қарастырылып, мамандарды шетелге тәжірибе алмасуға дейін жіберуді ойластыру. Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері жөнінде радиохабарларды үздіксіз жүргізіп, екі жылда бір ғылыми практикалық конференция өткізіп отыру. Бүкіл түрік тілдеріне ортақ терминологиялық қор жасау ісімен шұғылдану» дейді академик-ғалым.

Академик Ө.Айтбайұлының еңбектерінде терминологияның қалыптасу кезеңдері, оның басым бағыттары айқындалған. Ғалымның пайымдауынша, терминология әдеби тілдің бір бөлігі ретінде лексикологияның нағыз өзегінде тұр. Терминологияның жалпы теориясын жасауда, оның ғылымдар қатарындағы орнын айқындау жағдайында Өмекеңнің қосқан үлесі зор. Термин жасау процесінде ғалым ең алдымен қазақ тілінің потенциялын мүмкінінше кеңірек пайдалану керек дейді, басқаша айтқанда - ұлт тілінің өз байлығын сарқа пайдалану керек деген сөз. Термин жасау процесінде ұлттық тілімізге тән дайын схемалар негізге алынады. Кірме сөздерді ана тіліне икемдеу мақсатында жаңа модельдер құрастырылады. Дегенмен, басқа тілдерде қолданылатын терминдерді өз тіліне қабылдауда және барлық халықаралық терминдерді аударғанда сақ болу керек дейді ғалым. Бұл процесстың жауапкершілігі мол, себебі ұлттық тіліміз қоғамның қарым-қатынас ролін атқарып, сол қоғаммен бірге дамиды.

Республикамыз егемен алғаннан бері терминология мәселелері қарқын дамыды. Соңғы кезде ғылым мен техниканың дамуына байланысты бір жаңа ұғым пайда болса, бір жаңа термин дүниеге келеді. Сондықтан терминология проблемаларымен тек тілші мамандар емес, басқа да салалық мамандар шұғылданып жүр. Тілші

ғалымдармен бірге жалпы зиялы қауым өкілдері де термин жасаумен айналасатын болды. Соның нәтижесінде неше түрлі терминология сөздіктер құрастырылды. Әр автор өзінше термин шығаратын болды. Жаңа терминдер жасалып, айналымға енгізіледі. Айта кететін жағдай, жаңа жасалған терминдердің бәрі бірдей лингвистикалық нормаларға сай келе бермейді. Олардың ішінде сәтті жасалған терминдермен қатар сәтсіз берілгені де бар. Жүйесіз жасалған терминдер және терминдердің негізгі заңдылықтарына жауап бере алмайтындары да баршылық.

Кейбір құрастырушылар пуристердің несиелерімен жүрген. Олардың пікірінше, барлық терминдерді қазақшалау керек, дейді. Оның нәтижесінде тілдің заңдылығына қарсы, термин жасау қағидаларына жауап бермейтін, құлаққа жағымсыз естілетін терминдер пайда болды.

Бұларға қарама-қарсы пікірді ұстанатындар қазақ орфоэпиясы және орфографиясы заңдылықтарын есепке алмай, терминдерді сол күйінде аудармай қалдыру керек дейді. Бұған байланысты академик Өмірзақ Айтбайұлы нейтральды позицияны ұстанады. Ғалымның пікірінше, қазақ терминологиясы екі жолмен қалыптасады: ұлттық тілдің байлығы арқылы және кірме сөздер арқылы. Жат тілдерден келген кейбір терминдерді, дәлірек айтқанда, қалыптасқан интертерминдердің бәрін аудару қажет емес, себебі бір ғылым саласында қолданылатын халықаралық терминдердің қазақша баламаларын табу, қалыптастыру барлық уақытта сәтті бола бермейді. Термин жасаудың жауапкершілігі мол, себебі рухани, мәдени, әлеуметтік және басқа да қалықтың байлықтары тіл арқылы танылады дейді, ғалым.

Термин жасаудың негізгі жолдары, әдіс-тәсілдері қандай дегенде, ғалымның пайымдауынша, олар семантикалық, морфологиялық, синтаксистік және калька тәсілдері арқылы жасалып, олардың қолданылуы контексте тексеріледі. Бұл жағдайда қазақ тілінің жалғамалы тілдерге қатыстылығы есепке алынады.

Академик Өмірзақ Айтбайұлының еңбектерінде терминологияны зерттеуде оның тіл тарихымен, грамматикамен, тіл мәдениетімен байланысы сезіледі. Себебі ғалымның пайымдауынша, термин жасау процессі тіл тарихы дамуының негізгі бағыттарынан тыс қарастырылмайды. Ұлттық тіл даму барысында кейбір сөздер қолданыстан шығады, олардың орнына жаңа сөздер, соның ішінде терминдер туады. Кейде ескі сөздер жаңа қызмет атқарады. Соның нәтижесінде тіл баиды, нақтыланады. Тілде орныққан ежелден келе жатқан белгілі тәсілдер арқылы жаңа сөздер пайда болады.

Қазіргі өмір талабына сай, саяси-экономика-рухани өзгерістерге байланысты терминдену процесі, қарқынды жүріп жатыр. Қазақ тілінің терминжасау процесінің барлық мүмкіндіктері әлі толық зерттелмегеннен соң, жаңа терминдерді қабылдау барысында олардың семантикасында, ұғымның дәл берлуіне тырысу қажет, және оған жаңа сөзді белгілегенде, оның этимологиясын ескеру керек. Сондай-ақ жаңа термин ұсынғанда, оның алғашқы ұғымына тереңірек үңіліп, сол ұғымның мазмұнын дәлірек ашатын сөзді таңдаса, сонда ғана термин мен ұғым бір-біріне сәйкес келіп тұрады. Терминдердің өзіндік критерийлері бар, олар қысқалық, семантикалық нақтылық, жүйелілік, сезімдік реңктерісіз болу тиісті. Терминдердің өзіндік қасиеттеріне қатысты талаптарына сай сөздерді таңдау, ғалымның интуициясына, біліміне және жауапкершілігіне негізделеді.

Қазақ тілінің төл сөздері мен халықаралық сөздер мен бірге термин жасау процесінде араб-парсы сөздерін де пайдалануға болады дейді ғалым. Бұл сөздерді қабылдауда, ана тіліміздің дыбыс заңдылықтарына икемделіп, құлаққа жағымды болып, тез қабылданатын, түсінікті болғаны жөн.

Сонымен академик Ө.Айтбайұлы ғалым және қоғам қайраткері ретінде термин жасау процесін кең және ауқымды қарастырады. Термин шығармашылығы қоғам өмірінде болған өзгерістермен тікелей байланысты және одақтың тіл саясатына сәйкес. Терминдер, әдетте, тілші ғалымдар мен әр саладағы мамандардың осы бағытта істеген жұмыстарының нәтижесі болып табылады. Ғалым қазақ терминологиясын әдебиет тілінің ең күрделі де қызықты да саласы ретінде таниды, оның өзіндік даму жолдары мен қалыптасуы, құрылымдық модельдері, жасалу әдістері мен заңдылықтары бар екенін мәлімдейді.

Терминология проблемаларымен қатар, академик Өмірзақ Айтбайұлы сөз мәдениеті, стилистика, лексикология, ономастика, диалектология, әдеби тіл, орфография проблемаларымен де шұғылданып жүр. Ғалымның халықаралық ғылыми конференциялар мен конгрестерде тіл білімінің өзекті мәселелері, тіл саясаты, терминология проблемаларына байланысты жасаған баяндамалары әрдайым үлкен қызығушылықпен қабылданады. Ұзақ жылдар бойы Өмекең ғылым кадрларын даярлау ісіне үзбей ат салысып келеді. Жалпы тіл білімі мен қазақ тіл білімінен республиканың жоғары мекемелерінде дәріс оқыды және Қайнар университетінің деканы ретінде үлкен жұмыс атқарды.

Академик Өмірзақ Айтбайұлы Жоғарғы Аттестациялық Комитет Президиумның мүшесі, сонымен бірге институт жанындағы ғылыми дәреже беретін ғылыми Кеңестің көп жылдан бергі мүшесі ретінде, ғылымның жас мамандарының өсіп, жетілуіне қолғабыс етіп келеді. 1998 және 2005 жылдары лингвистикалық комиссияның төрағасы ретінде президенттікке үміткерлерден емтихан қабылдады.

Ғылыми-ұстаздық жұмыстарымен қоса, академик Өмірзақ Айтбайұлы ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік терминкомның мүшесі, ғалым хатшысы ретінде терминологияның практикалық мәселелерін шешуде көп жұмыс атқарды. Мемлекеттік терминкомның осы заман сұранысына лайықты ережесін қайта жазып, құрылымын нақтылай түсуінде де Ө.Айтбайұлының қосқан үлесі зор. Сондай-ақ Өмекеңнің қайраткерлік қабілетінің айқын көрінген тұсы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамындағы жұмыстарымен тікелей байланысты. Республикадағы тіл саясаты мәселесінің шиеленісіп қазақ тілінің қиын жағдайда тұрған шағында ол академик Ә.Қайдармен бірге ана тілінің мүддесі, мұнмұқтажы үшін күрескен Республикалық «Қазақ тілі» қоғамын ұйымдастырушылардың көш басында болды.

Қазіргі кезде Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы деп аталатын бұл ерікті ұйым кезінде жалпыхалықтық сипат алып, ұлттық, тілдік сананы оятуға түрткі болған көптеген шаралар ұйымдастырғаны күллі жұртшылыққа мәлім. Өмірзақ Айтбаевтың өз сөзімен айтқандай, «Мемлекеттік тіліміздің өрісін бақылайтын халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын құрып алдық. Республика зиялылары осы қоғам маңайына топтаса білді. Қуанышта шек болған жоқ. Тіліміздің қолданыс аясы кеңейіп, қазақ тілі мен әдебиетін, тарихын зерттейтін ғылыми

институттар,мекемелер өзгеше өоіс ашып, тәуелсіз еліміздің рухани тірегін негіздейтін зерттеу жұмыстарын жандадыра түсті».

Өмекең ұйымның тұңғыш «Ана тілі» деп аталатын ән-ұранын өзі шығарып, өзі орындады. Республика оқырмандары сүйіп оқитын басылымдардың қатарындағы «Ана тілі» газетінің ұйымдастырылуы академик Әбдуали Қайдар мен бірге белсене араласуымен жүзеге асырылған игі шаралардың бірі болды. Қазіргі кезде Өмекең халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті ретінде елеулі жұмыс атқарып жүр.

Тағы айта кететін бір жағдай бар. Соңғы кезде А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының тағдыры белгісіз болып отыр. Оптимизация мақсатында бұл ғылыми мекемені басқа оқу-әдістеме орталықтарға қосу жоспарланып отыр. Бұл мәселе Өмекеңді өте толғандырады. Себебі әлемде қазақ тілін зерттейтін жалғыз институт бар, ол Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. «Қазақтың ұлттық санасын негіздеп, рухани жан дүниесін асқақтататын, тәуелсіз еліміздің рухани тірегі болып саналатын бұл ғылыми мекеменің тағдыры ауырлай түсіп отыр. Тіл институты – ұлттық институт емес пе? Оған немқұрайды қарау елдігімізге мін болмас па? Осы мәселені ойлана, ойласа жүрелік, ағайын», - деп Омекең баспасөз беттерінде ұлтты толғандыратын ойларын білдірген.

Көңілі жарық, жүрегі жылы Өмекеңнін достары – сыйласы мен қимастары көп. Ондай адам әмбеге амандық, саулық, жақсылық пен жемістілік тілейді. Ондай адам жасы үлкен жақсыға айнымас іні, жасы кіші жақсыға айнымас аға, солардың бәріне пана. Сондай-ақ ғалым, педагог, қоғам қайраткері ретінде академик Өмірзақ Айтбайұлы өзінің творчестволық потенциалымен, адамгершілігімен келесі ұрпаққа үлгі-өнеге болатыны сөзсіз.

ДОСТОЙНЫЙ СЫН СВОЕГО НАРОДА

Президент Международного общества «Қазақ тілі» академик О. Айтбаев в течение долгих лет ведет плодотворную работу на благо развития и функционирования государственного языка, занимаясь проблемами казахского языка, перманентно борется за его чистоту и сохранение.

Еще в далеких 80-90-х годах прошлого столетия, когда впервые было создано общество «Қазақ тілі» Айтбаев написал гимн «Ана тілі» и сам его исполнял в сопровождении домбры. Совместно с академиком А.Кайдаровым Омирзак Айтбаевич активно участвовал в разработке и принятии государственных документов в области языковой политики: «Закона о языках», «Государственной программы функционирования и развития языков» и др.

Неоценим его вклад в появлении ячеек Общества за пределами республики. Вместе с учителем и наставником академиком А.Кайдаровым были созданы филиалы Общества в Москве, Санкт-Петербурге, Астрахани, Омске, Оренбурге, Саратове, Кургане, а также в странах дальнего зарубежья: Монголии, Турции, США, Китае, Англии, Франции и др.

Международное общество «Қазақ тілі» имеет уже 25-летнюю историю и за время его существования было 5 курултаев. В 1992 году прошел второй курул-

тай, в котором участвовал Нурсултан Назарбаев, присвоивший Обществу статус международного. Омирзак Айтбаев ратует за повышение статуса казахского языка на мировом уровне с переходом на новые, более действенные методы расширения сферы его применения, используя при этом передовые технологии.

Как недремлющий публицист О. Айтбаев печатается на страницах газет и журналов по актуальным вопросам развития государственного языка, выступает на радио и телевидении. Его незаурядный талант оратора и организаторские способности по защите казахского языка и повышению его роли в жизни граждан нашей страны были признаны широкой общественностью. Омирзак Айтбаевич неоднократно подчеркивал, что решение языкового вопроса, вставшего перед суверенным государством, является одним из важных элементов общественного развития. Необходимо обеспечить всестороннее развитие государственного языка, укрепление его авторитета и создание необходимых условий для свободного и бесплатного обучения всех граждан государственному языку.

О.Айтбаев в своих выступлениях и статьях выступал за постепенное овладение казахским языком. «Отличительной особенностью наших реформ в области языковой политики был и остается относительно умеренный, щадящий по отношению к населению, характер» говорил Айтбаев. «Требования по знанию государственного, предъявляемые государственным служащим, касаются только самих казахов. К представителям других национальностей это не имеет никакого отношения. Это говорит о том, что языковое законодательство Казахстана, в отличие от многих других стран, самое либеральное».

Вместе с тем, Омирзак Айтбаевич обращает внимане на то, что Конституция и Закон о языках должны учитывать национальтные интересы казахского языка, так как этническим центром казахов является Казахстан, и нигде больше казахи не обладают другой государственностью, которая проявляла бы заботу о сохранении и развитии их как этноса, об их культуре и языке.

В этой связи О.Айтбаев выступает за соблюдение закона о СМИ, который предусматривает, что объем передач по телерадиовещательным каналам, независимо от форм собственности, на государственном языке по времени не должен быть менее суммарного объема передач на других языках.

Как настоящего патриота, любящего свой народ, О.Айтбаева беспокоит судьба казахской диаспоры, составляющей более 4 млн. человек. «Тысячи моих соотечественников-казахов, приезжая в крупные города Казахстана, испытывают дискомфорт из-за языкового барьера». Он предлагает поднять деятельность Общества «Қазақ тілі» на международный уровень, устанавливая связи с ЮНЕСКО и другими организациями, стоящими на защите прав человека, для организации работы по развитию казахского языка как родного для казахской диаспоры.

Говоря о необходимости возрождения языка обретшего статус государственного, О.Айтбаев любит цитировать Шарля Монтескье, который говорил, что «язык есть опора национального духа».

Сам же Омирзак Айтбаев является истинным хранителем национального духа, культуры своего народа. Прирожденный оратор, исполнитель народных песен и оперных арий, виртуозный домбрист, он мог бы посвятить себя искусству, кон-

курируя с самыми именитыми артистами своего поколения. Его проникновенное исполнение песни «Темиртас» композитора Биржана из художественного фильма «Алые маки Иссыккуля давно полюбилось широкой публике. Его песни и стихи, посвященные родной земле, природе, родному языку, людям, в которых чувствуется трепетная страстная поэтическая душа, не могут оставить равнодушным читателя: «Көкше келбеті» (Пейзажи Кокше), «Жар сәлемі» («Сердечное послание супруге»), «Ана тілі» («Родной язык»), «Тіл өнері дертпен тең» («Искусство речи, подобно мукам душевным»), «Ақ қоян» («Белый заяц»), «Жас ойшыл» («Юный мудрец»), «Өренім» («Мои потомки») и др.

Несмотря на свою любовь к искусству и всесторонние таланты, О.Айтбаев пошел по тернистому пути языковедческой науки, достигнув самых высоких вершин лингвистического познания.

Родился Омеке в семье известного акына Айтбая 5 апреля 1936 года в ауле Балтаколь Отырарского района Южно-Казахстанской области. После окончания средней школы им. Джамбула в районном центре Шаулдер, Айтбаев поступает на филологический факультет Казахского государственного университета. После окончания университета молодой выпускник работает в газете «Социалистік Казахстан» (1959-62 гг), затем с 1962 года Айтбаев начинает свой творческий путь с должности младшего научного сотрудника в Институте языкознания Академии наук. С 1973 по 1980 годы Айтбаев работал старшим научным сотрудником Отдела терминологии и теории перевода, с 1981 по 2006 год являлся заведующим данного Отдела, в настоящее время по собственному желанию перешел на должность главного научного сотрудника.

В 1971 году Айтбаев успешно защищает кандидатскую диссертацию по проблемам перевода, в 1992 году в результате многолетних изысканий в области казахской терминологии блестяще защищает докторскую диссертацию.

Тематика исследований ученого отличается широтой и всесторонностью поднимаемых языковедческих проблем. В 1975 году выходит его монография «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс», в которой исследуются вопросы терминологии на материале словосочетаний и образных выражений, а также пути перевода пословиц и поговорок с одного языка на другой с описанием их семантико-стилистических и этнолингвистических особенностей. Занимаясь лингвистическими вопросами теории перевода, ученый постепенно углубляется в актуальные проблемы казахской терминологии, во многом зависящей и от переводческой деятельности. Кроме проблем терминологии О.Айтбаев занимается также вопросами культуры речи, стилистики, орфографии, по которым опубликованы монографии: «Тіл мәдениеті және баспасөз» (Алматы: «Ғылым», 1968); «Өрелі өнер» (Алматы: «Ғылым», 1976); «Сөз өнері» (Алматы: «Ғылым», 1978); «Қазақ терминологиясының мәселелері» (Алматы, 1986); «Аударманың лексико-стилистикалық мәселелері» (Алматы: «Ғылым», 1987); «Терминдер және олардың аудармалары» (Алматы: «Ғылым», 1990) «Тіл майданы» (совместно с А.Қайдаровым), «Основы казахской терминологии» (Алматы, 2000), «Ана тіл, ана сүтім, арым менің» (Арыс, Алматы, 2007), «Қазақ тіл білімінің мәселелері» (Арыс, Алматы, 2007) и около 500 статей. В 2014 году прошла презентация избранных трудов в 5 томах.

Из всей многогранной творческой деятельности академика О.Айтбаева – научной, общественной особо следует обратить внимание на его роль и заслуги в развитии и становлении казахской терминологии. О.Айтбаев внес значительный вклад в научную разработку актуальных проблем современной терминологии. Он концептуально разработал основные принципы и методы терминотворчества, выявил трудности и противоречия в становлении национальных терминов, указал наиболее приемлемые пути создания специальных терминов.

Терминология является наиболее уязвимой и тонкой отраслью языкознания. Несмотря на это в последние годы вопросами терминологии занимаются не только лингвисты, но и специалисты других областей наук. Появились многочисленные терминологические словари по разным отраслям наук, но к сожалению, незнание основ терминологической науки, его основных принципов, бессистемность в терминообразовании неблагоприятно сказываются на качестве словарей.

С обретением страной независимости под флагом всего национального и отрицания мировых достижений современной терминологии появились так называемые «пуристы», ратующие за поголовный перевод всех терминов интернационального происхождения на казахский язык, в результате чего появлялись такие термины, которые не могли восприниматься без недоумения и резали слух самих казахов. В противовес этим тенденциям «интернационалисты» крепко держались за противоположную точку зрения: термины европейского происхождения, пришедшие через русский язык, оставлять без изменений, не принимая во внимание орфографические и орфоэпические нормы современного казахского языка. В противовес этим полярным точкам зрения, академик О.Айтбаев занимает умеренную позицию: «формирование казахской терминологии, отмечает ученый, - должно вестись двумя главными путями: первый – за счет богатства самого национального языка; второй – за счет заимствованных слов, интертерминов».

О.Айтбаев рассматривает казахскую терминологию в историческом аспекте, выявляя пути его формирования, периоды становления и развития; его современное состояние и направление, а также определяя его роль в обогащении научного языка. В создании казахской терминологии большая роль отводится А.Байтурсынову, которого автор называет «родоначальником» казахской терминологии, отмечая, что в истории казахской культуры и языкознания Ахмет Байтурсынов занимает такое же место как великий Абай в истории казахской литературы.

Если в 20-30 годы в создании и формировании казахской терминологии большую роль сыграли такие ученые как А.Байтурсынов и К.Жубанов, то в наши дни в развитие и становление казахской терминологической науки внесли труды академика О.Айтбаева. Его по праву можно назвать «отцом» сегодняшней казахской терминологии, которая особенно быстро стала развиваться с обретением республикой независимости. В течение двадцати пяти лет, являясь заведующим Отделом терминологии Института языкознания Академии наук, Айтбаев руководил фундаментальными темами в области терминологии и теории перевода, заложив основные принципы и пути развития терминологической науки, его главных направлений и методов исследования. В работах О.Айтбаева описаны периоды становления терминологии как науки, выявлены приоритетные направления развития казахской терминологии как части литературного языка и самостоятельного,

ключевого раздела лексикологии. «Если в основе государственного языка лежит письменный литературный язык, то его сердцевиной является терминология и научный язык», - пишет ученый.

Академик Айтбаев ратует за широкий универсальный подход при создании казахской лингвистической терминологии, с использованием различных методов образования терминов сугубо национального происхождения. Наиболее распространенными способами создания терминов ученый считает семантический, морфологический, синтаксический и калькирование, при этом новые термины, как правило, реализуются в контекстуальной ситуации с обязательным привлечением наиболее подходящих языковых примеров, выпукло выявляющих лингвосемантическую сторону уже знакомого носителя слова. При различных способах образования терминов плодотворно используется специфика тюркских языков, основанная на особенностях их строя, т.е. агглютинации.

В работах О.Айтбаева прослеживается связь терминологии с историей языка, с грамматикой, культурой речи, поскольку не зная истории развития языкознания, его основных направлений трудно судить о процессе терминообразования. «Необходимо иметь в виду, - отмечает ученый, - что язык находится в постоянном изменении и развитии. В нем отмирают одни слова, появляются новые, в том числе и термины. Нередко старые слова выполняют новую функцию. В результате этого язык обогащается, конкретизируется. Новая лексика образуется на базе исконных способов словообразования, имеющихся в языке».

При образовании новых терминов во главу угла О.Айтбаев ставит максимальное использование внутренних ресурсов и возможностей казахского языка, поскольку основным источником образования терминов, обогащения терминологического состава, упорядочения терминологической системы является в первую очередь словарный состав данного языка, общелитературный язык. В процессе терминообразования национальный язык использует готовые схемы способов словообразования, а при заимствовании слов из других языков, опираясь на них, создает собственные модели. Однако ученый предостерегает, что недопустимо переносить все термины, употребляемые в других языках, так же, как и необосновано, во что бы то ни стало, переводить международные термины. Терминообразование предполагает глубоко осознанный и ответственный процесс словотворчества, ибо духовное, культурное, экономическое и другие богатства народа узнаются через бытие языка. В связи с тем, что язык развивается вместе с обществом и служит основным средством общения членов этого общества, бесспорна особенность значения этого процесса.

Учитывая то, что в казахском языкознании еще не до конца исследованы все терминообразовательные возможности казахского языка и пути преодоления некоторых трудностей при освоении и принятии заимствованных слов, особенно при их употреблении в качестве терминов в процессе освоения и раскрытия их семантики, О.Айтбаев исходит из положения, что терминообразование не всегда представляет собой перевод терминов с одного языка на другой с использованием любых слов. В процессе терминообразования необходимо глубже вникать в содержание значения первоисточника и из различных вариантов использовать наиболее точный, раскрывающий терминологическую сущность слова. Такой подход

требует от специалиста знаний и интуиции, так как термин, обозначающий новое понятие, новое представление должен обладать точностью, конкретностью, однородностью, краткостью и отличаться от других слов. В качестве лингвистических терминов, по мнению О.Айтбаева, могут выступать также слова арабо-персидского происхождения, которые бы имели органическую связь с первичным значением опорного слова, что способствовало бы его быстрому запоминанию, усвоению его значения, легкому восприятию.

Таким образом, в своих трудах О.Айтбаев как общественный деятель широко и масштабно оценивает процесс терминообразования, как результат сознательных действий членов общества, сознательная творческая работа для удовлетворения потребностей общества. Будучи ученым – лингвистом, он отмечает, что казахская терминология является самостоятельным, самым сложным и интересным разделом литературного казахского языка, имеющим свои собственные пути развития, становления, свои структурные модели, способы образования и законы.

Ученый – филолог широкого диапазона академик О.Айтбаев выступает с докладами и сообщениями на Международных конференциях и съездах по актуальным проблемам лингвистики, языковой политики, терминологии, по развитию роли и повышению статуса государственного языка.

Много сил отдает ученый воспитанию научно-педагогических кадров. Под его руководством защищены десятки кандидатских и докторских диссертаций, он читает лекции по общему и казахскому языкознанию в высших учебных заведениях республики, по совместительству являлся деканом филологического факультета университета «Кайнар».

В разные годы академик О.Айтбаев являлся членом терминологической комиссии при Кабинете Министров, членом Президиума ВАК при МОН РК, дважды возглавлял экзаменационную комиссию по казахскому языку у кандидатов на пост Президента Республики Казахстан. Его заслуги в науке и общественной жизни были высоко оценены, в 1998 году указом Президента он награждается орденом «Құрмет», в 2007 году – орденом «Парасат».

Успешно совмещая научно-педагогическую и общественную работу, в канун своего 80-летия академик О.Айтбаев находится в рассвете творческих сил и имеет активную гражданскую позицию ко всем событиям, происходящим в обществе. В последнее время Омирзака Айтбаевича тревожит судьба Института языкознания им. А.Байтурсынова. Дело в том, что в целях оптимизации, это научное учреждение хотят присоединить к учебно-методическому центру развития языков. Эта проблема очень беспокоит О.Айтбаева, поскольку это единственный в мире национальный институт, разрабатывающий основные направления развития казахского языкознания. Наука о языке в Казахстане достигла больших успехов благодаря самоотверженному труду высококвалифицированных ученых института и его научным традициям. Это признанный исследовательский институт, имеющий высокий научный потенциал, который высоко ценится в странах СНГ и за рубежом. Омирзак Айтбаевич призывает задуматься над судьбой единственного научно-исследовательского института, занимающегося проблемами развития государственного языка.

5 КАЗАХСКО-РУССКИЙ СЛОВАРЬ-СПРАВОЧНИК ДЛЯ ШИРОКОГО КРУГА ЧИТАТЕЛЕЙ

Бұл оқу құрал үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім (тілашар) карым- катынастағы ең көп колданылатын такырыптарды қамтиды. Екінші бөлім (казакша-орысша сөздік) қазіргі қазақ әдеби тілінің 5000 сөзі мен сөз тіркестерінен тұрады. Үшінші бөлімге қазак тіліндегі жиі кездесетін мақал-мәтелдер орыс тіліндегі баламаларымен енді. Оку құрал казак тілін үйреніп жүрген оқырман қауымға арналған.

Данное пособие состоит из трех разделов. Первый раздел (разговорник) охватывает наиболее употребляемые темы общения. Второй раздел (казахско-русский словарь) содержит более 5000 слов и словосочетаний современного казахского литературного языка. В третий раздел включены распространенные пословицы-поговорки казахского языка с их эквивалентами в русском языке. Пособие предназначено для широкого круга читателей, изучающих казахский язык.

ПРЕДИСЛОВИЕ

С приобретением Казахстаном независимости казахский язык постепенно стал внедряться в общественную жизнь страны. С каждым годом увеличивается роль государственного языка в научно-технической сфере, делопроизводстве, образовании, культуре. Это веление времени. Поэтому представители разных национальностей, работающие и проживающие в Казахстане все больше интересуются казахским языком, стремясь найти наиболее приемлемые пути его освоения. В свою очередь специалисты-языковеды ведут в этом направлении огромную работу: разрабатываются учебники и пособия по изучению казахского языка, издаются двуязычные словари. Опыт составления этих словарей и разговорников послужил подспорьем в составлении нашего небольшого пособия по изучению казахского языка.

Данное пособие состоит из трех разделов. Первый раздел представляет собой разговорник, включающий наиболее употребительные слова и словосочетания, касающиеся знакомства, приветствия, пожелания, встречи. Даются наиболее распространенные выражения, необходимые для общения малознакомых людей, гостей, пребывающих в незнакомом городе, в чужой стране. Диалоги построены из простых реплик, высказываний, необходимых в разговоре между прибывшими гостями и горожанами. При этом учтены обычаи и традиции казахского народа, основывающиеся на гостеприимстве, уважении, вежливости. С помощью предлагаемых слов и выражений приезжий может изъясняться по-казахски на самые простые и необходимые темы, как знакомство с городом, пребывание в гостинице, на почте, посещение музея, выставки, магазинов, ресторана, знакомство с национальными казахскими блюдами и т.д.

Казахско-русский словарь, включающий более 5 ООО слов и словосочетаний представлен во втором разделе пособия. В него вошли общеупотребительные слова и выражения, распространенные термины. По своему содержанию словарь является универсальным, включающим слова и понятия, относящиеся ко всем отраслям знания общественной и бытовой жизни. Многозначные слова представлены наиболее употребительными значениями. При этом разные значения слова в переводе отмечаются арабской цифрой со скобкой. Например, ақтау - 1) белить 2) оправдывать. Такие многозначные слова даются в сочетании с другими словами для передачи прямого или переносного значения. Например: бөлмені ақтау - побелить комнату, сенім ақтау - оправдать доверие. Синонимы, а также слова близкие по значению даны через запятую. Например: адамгершілік - человечность, гуманизм. Разные части речи отмечаются одной косой линией. Например: жақсы - хороший / хорошо. Глаголы даны в виде инфинитива, т.е. корень или основа + аффикс инфинитива у или ю, что соответствует инфинитиву в русском языке.

Большинство однозначных слов, не требующих контекстуального раскрытия значения, не сопровождаются иллюстративным материалом. Фразеологические и идиоматические выражения даны в самом ограниченном объеме. Диалектизмы, вульгаризмы, просторечные и устаревшие слова в словарь не вводились. В реестр не вошли также легко опознаваемые интернациональные слова, имеющие

идентичную орфографию.

В третий раздел пособия включены наиболее употребительные пословицы и поговорки, представляющие собой меткие и образные выражения казахского языка, пришедшие из далекого прошлого в виде вечно живых духовных ценностей, передающихся из поколения в поколение. По каждой казахской пословице-поговорке приведены их русские соответствия. Но надо отметить, что не всегда было возможным подобрать идентичные по содержанию эквиваленты казахских пословиц-поговорок в русском языке, поэтому их перевод большей частью представлен в широком смысловом диапазоне.

Пособием могут пользоваться представители всех специальностей и профессий, различные категории людей, изучающие казахский язык, зарубежные специалисты, заинтересованные в овладении государственным языком.

При составлении данного пособия использовался большой казахско-русский словарь, изданный в 2002 году Интститутом языкознания им. А.Байтурсынова МОН РК под редакцией Р.Г.Сыздыковой, К.Ш.Хусаина, а также казахско-русский словарь Х.Махмудова, Г.Мусабаева (1989), краткий казахско-русский словарь (1990), русско-казахский разговорник (1989) под редакцией Р.Нургалиева, англо-русско-казахский разговорник А.Есентемировой и Ж.Калиева, паремиологический словарь Т.Баймаханова, А.Байтелиева и др.

ТІЛАШАР

Танысу. Сәлемдесу

Хош келдіңіз!
Қайырлы таң!
Қайырлы күн!
Кеш жарық!
Рақмет!
Сәлеметсіз бе! (Амансыз ба!)
Сізді көргеніме қуаныштымын!
Хал-жағдайыңыз қалай?
Үй-ішіңіз тегіс аман ба?
Рахмет, жақсы
Көңіл-күйіңіз қалай?
Денсаулығыңыз қалай?
Хал қалай?
Тамаша!
Жаман емес
Не жаңалық бар?
Қалай жеттіңіздер?
Рахмет, ойдағыдай
Қазір қайда істеп жүрсіз?
Зауытта инженер болып істеймін
Сіз ... (оны) танисыз ба?
... таныстыруға рұқсат етіңіз
- бірге жұмыс істейтін жолдасымды
- досымды
- зайыбымды (жұбайымды)
Өте жақсы!
- Танысқаныма қуаныштымын!
Мына...
- жолдасыңызбен
- бойжеткенмен
- қонақтармен таныстыруыңызды өтінемін
Рақмет сізге!

Тілдесу

Азамат (тар)
Жолдас (тар)
Мырза (-лар)
Қымбатты дос
Қымбатты достар
Жас жігіт

РАЗГОВОРНИК

Знакомство. Приветствие

Добро пожаловать!
Доброе утро!
Добрый день!
Добрый вечер!
Спасибо!
Здравствуйте!
Очень рад (-а) вас видеть!
Как поживаете?
Как поживает ваша семья?
Спасибо, хорошо
Как вы себя чувствуете?
Как ваше здоровье?
Как дела?
Отлично!
Неплохо
Что нового?
Как вы доехали?
Спасибо, благополучно
Где вы работаете сейчас?
На заводе инженером
Вы знакомы с ...?
Позвольте представить...
- моего товарища по работе
- моего друга
- супругу
Очень приятно!
- Очень рад!
Будьте добры, познакомьте меня, пожалуйста, с этим...
- товарищем
- девушкой
- гостями
Благодарю вас!

Обращение

Гражданин (-е, -ка)
Товарищ (-и)
Господин (-а)
Дорогой друг
Дорогие друзья
Молодой человек

Бикеш, бойжеткен
Балалар
Қадірменді қонақтар
Әріптестер
Аты-жөніңіз кім болады?
Жасыңыз нешеде?
Қай жақтан келдіңіз?
Сізді бізге кім жіберді?
Сіз Бекжанов мырзасыз ба?
Иә, мен Бекжанов боламын
Мен Астанадан келдім
Ыстық ықыласпен қарсы алғаныңызға рақмет айтуға рұқсат етіңіз!

Сіз ...
- қазақша
- орысша
- французша
- ағылшынша
- немісше
- украинша
- ұйғырша сөйлей аласыз ба?

Иә, мен...
- жақсы
- аздап
- нашар сөйлеймін

Жоқ мен сөйлей алмаймын
Кешіріңіз, сіз тым жылдам сөйлеп тұрсыз
Кешіріңіз, қалай дедіңіз?
Қайталап жіберіңізші
Сәл баяулау сөйлеңізші
Сіз мені түсінесіз бе?
Түсінемін
Түсінбеймін
Мына сөз қалай оқылады?
Мұны қалай түсінуге болады?
Мен дұрыс айтып тұрмын ба?
Бізге аудармашы керек
Мына сөзді ағылшын тіліне аударып беріңізші
Мына жерде не жазылғанын түсіндіріп жіберіңізші

Есіміңіз кім?
Өзімді таныстыруға рұқсат етіңіз
Менің есімім ...
Сізбен танысқаныма қуаныштымын
Сіз қай жақтан
- қай республикадан
- қай қаладан келдіңіз?

Девушка
Ребята, дети
Уважаемые гости
Коллеги
Как ваше имя (отчество, фамилия)
Сколько вам лет?
Откуда вы приехали?
Кто вас направил к нам?
Вы господин Бекжанов?
Да, я Бекжанов
Я приехал из Астаны
Разрешите поблагодарить вас за радушный прием!

Говорите ли вы ...
- по-казахски
- по-русски
- по-французски
- по-английски
- по-немецки
- по-украински
- по-уйгурски?

Да, я говорю...
- хорошо
- немного
- плохо

Нет, я не говорю
Извините, вы говорите слишком быстро
Извините, как вы сказали?
Повторите пожалуйста
Говорите немного медленнее
Вы меня понимаете?
Понимаю
Не понимаю
Как произносится это слово?
Что это означает?
Правильно ли я произношу?
Нам нужен переводчик
Пожалуйста, переведите это слово на английский язык
Объясните, пожалуйста, что здесь написано

Как вас зовут?
Разрешите представиться
Меня зовут ...
Рад (-а) с вами познакомиться
Откуда вы приехали?...
- из какой республики
- из какого города?

Мен ...
- Қырғызстаннан
- Москвадан
- Ташкенттен келдім
Сіз қай мекеменің өкілі боласыз?
Мен министрліктің өкілімін
Мен Прагадан келген туриспін
Біз ...
- партиялық
- кәсіподақтық
- спорттық
- ғылыми делегацияның құрамында келдік
Сізге Астана ұнай ма?
Сіз мұнда бірінші рет келдіңіз бе?
Біз қай жерде және қашан кездесе аламыз?
Маған қонақ үйге соғасыз ба?
Қай кезде қайтып ораламыз?

Я приехал из ...
- Кыргызстана
- Москвы
- Ташкента
Какую организацию вы представляете?
Я представитель министерства
Я турист (-ка) из Праги
Мы приехали в составе ...
- партийной
- профсоюзной
- спотивной
- научной делегации

Нравится ли вам Астана?
Вы здесь впервые?
Где и когда мы встретимся?
Зайдете ли вы за мной в гостиницу?
К какому времени мы вернемся?

Өтініш. Тілек

Рұқсат па?
- Кіруге
- сұрауға
- өтіп кетуге рұқсат па?
Менің сізге өтінішім бар еді
Көмек көрсетуге әзірмін
Сізді тыңдап тұрмын
Сізге қызмет көрсетуге қуаныштымын
Қандай көмегім қажет?
Рақым етіңіз ...
- айтыңызшы
- маған беріңізші
- аударып беріңізші
- көрсетіңізші
Үлкен ықыласпен ...
- орындаймын
- өтінішіңізді орындаймын
- өз мойныма аламын
- сізге көмектесемін
- қол ұшын беремін
Өкінішке орай, көмектесе алмаймын
Кешіріңіз, мүмкіндігім болатын емес
Рақым етіңіз ...
- осы жерге тоқтаңызшы
- мені вокзалға жеткізіп тастаңызшы
- мені күте тұрыңызшы
- мені сағат жетіде оятыңызшы
Сіз ...
- мынаны жазып бере аласыз ба?

Просьба. Желание

Можно?
Разрешите ...
- войти
- спросить
- пройти
У меня к вам просьба
Пожалуйста, я к вашим услугам
Слушаю вас
Буду рад оказать вам услугу
Чем могу быть полезен?
Будьте любезны ...
- скажите
- дайте мне
- переведите
- покажите
С удовольствием ...
- сделаю
- выполню вашу просьбу
- возьму на себя
- помогу вам
- окажу услугу
Очень жаль, помочь не могу
Простите, никак не могу
Будьте добры ...
- остановитесь здесь
- отвезите меня на вокзал
- подождите меня
- разбудите меня в семь часов
Вы не могли бы ...
- написать это

- мені шығарып салар ма екенсіз?
- менімен ертең кездесе аласыз ба?

Оны көре алар ма екенмін?
Менің ...
- қаланы аралағым
- киноға барғым
- театрға барғым келіп еді?

Сіз маған көмектесе алар ма екенсіз?
Сіздің өтінішіңіз орындалады

Менің сізбен әңгімелескім келіп еді
Қарсы емессіз бе?
Сізбен қалай да кездескім келеді
Сізбен тағы да кездесемін деген үміттемін
Бүгін не істемек ойыңыз бар?
Біз көрмеге барсақ деп едік
Маған Абайдың өлеңдер жинағы керек
Менің қазақ операсын тыңдағым келеді

Біз балет көрсек деп едік
- Уақытыңызды
- демалысыңызды
- мерекеңізді

жақсы өткізуіңізге тілектеспін!
Сізге ...
- табыс
- сәттілік
- бақыт
- денсаулық тілеймін!

Приглашение

Сізді ...
- театрға
- қонаққа
- киноға шақыруға рұқсат етіңіз

Таңғы асқа
- түскі асқа
- кешкі асқа біздікіне келіңіз

Бізбен бірге ...
- клубқа
- стадионға
- киноға жүріңіз

Бүгінгі кешті бізбен бірге өткізуге қалай қарайсыз?
Шақырғаныңызға рақмет!
Шақырғаныңызға қуана-қуана барамын (мыз)

- проводить меня
- встретиться со мной завтра?

Могу ли я увидеть его?
Мне бы хотелось ...
- осмотреть город
- пойти в кино
- пойти в театр

Вы не могли бы мне помочь?
Ваша просьба будет удовлетворена

Я хотел бы поговорить с вами
Вы не возражаете?
Очень хочется встретиться с вами
Надеюсь встретиться с вами снова

Что вы собираетесь делать сегодня?
Мы хотели бы посетить выставку
Мне нужен сборник стихов Абая
Я хочу послушать казахскую оперу
Мы хотели бы посмотреть балет
Желаю вам хорошо провести ...
- время
- отпуск
- праздник!

Желаю вам ...
- успеха
- удачи
- счастья
- здоровья!

Шақыру

Разрешите пригласить вас ...
- в театр
- в гости
- в кино

Приходите к нам на ...
- завтрак
- обед
- ужин

Пойдемте вместе с нами ...
- в клуб
- на стадино
- в кино

Не могли бы вы провести сегодняшний вечер с нами?
Спасибо за приглашение!
С удовольствием принимаю (ем) приглашение

Өкінішке қарай, ...
- мені шақырып қойған еді
- бізді шақырып қойған еді
Кіріңіз
Отырыңыз
Бізбен бірге ...
- түскі асқа
- кешкі асқа қалыңыз
Тағы да келетін боларсыз?
Тағы да келіңіз

Келісу. Алғыс

Иә
Иә, әрине
Иә, бұл осылай
Солай ғой, әрине
Жақсы, мақұл
Ойымыз бір жерден шықты
Қарсы емеспін
Сіздікі жөн
Жөн-ақ
Тамаша ой
Ықыласпен
Күмән жоқ
Біз бұған сенімдіміз
Мен осыған ризамын
Маған бұл өте қолайлы
Меніңше, осылай ...
- дұрыс
- түсінікті болады

Рақмет!
Үлкен рақмет!
Сізге шексіз рақмет!
Өтінемін!
Алғыс айтамын!
Мен сізге өте ризамын!
Шын жүректен алғыс айтамын!

- Ықыласыңызға
- құттықтауыңызға
- көмегіңізге
- шақырғаныңызға
- кеңесіңізге рақмет!

- Қонақжайлылығыңыз
- жылы қабылдағаныңыз
- қызметіңіз үшін алғыс айтамын

Сіз өте қайырымды екенсіз
Пейіліңізге рақмет

К сожалению, ...
- я уже приглашен (-а)
- нас уже пригласили
Войдите
Садитесь
Останьтесь ...
- на обед
- на ужин с нами
Надеюсь, вы еще зайдете?
Приходите еще

Согласие. Благодарность

Да
Да, конечно
Да, это так
Разумеется, конечно
Хорошо, ладно
Я согласен (-на) с вами
Не возражаю
Вы правы
Совершенно верно
Прекрасная мысль
С удовольствием
Несомненно
Мы уверенны в этом
Меня это устраивает
Мне это очень удобно
Думаю, что так ...
- правильно
- понятно

Спасибо!
Большое спасибо!
Огромное вам спасибо!
Пожалуйста!
Благодарю вас!
Я вам очень благодарен!
Искренне вас благодарю!
Спасибо за ...
- внимание
- поздравление
- помощь
- приглашение
- совет!

Благодарю вас за ...
- гостеприимство
- теплый прием
- услугу

Вы очень добры
Это очень любезно с вашей стороны

Алғыс айтуға тұрмайды
О не дегеніңіз!

Не стоит благодарности
Не за что!

Түсінісе алмау. Өкініш. Кешірім сұрау

Не?
Қалай?
Ал, сонда?
Бұл не дегеніңіз?
Мен сізді түсінбедім
Бұл осылай ма екен?
Шынымен бе?
Мүмкін емес!
Бұл қызық екен
Жоқ!
Рақмет, қажет емес!
Зауқым болмай тұр
Мен сізбен бұл жөнінде келісе алмаймын
Өкінішке қарай, бас тартуға мәжбүр болып отырмын
Сіздікі дұрыс емес
Болмайды!
Бұл мүмкін емес
Мен бас тартамын
Сіз қателесесіз
Басқа нәрсе туралы сөйлесейік
Кешіріңіз, менің қолым бос емес

Өкінішті-ақ!
Мен ол туралы қатты өкінемін
Қолайсыз жағдай екен!
Қандай өкінішті!
Мен қатты қапаланудамын
Мен қатты қынжылудамын
Қайғыңызға ортақпын
Өткен іске қатты өкінемін
Қайғыңызға ортақтасуға рұқсат етіңіз
Кешірім өтінем
Ғафу етіңіз
Сіздің ...
- сөзіңізді бөлгеніме
- мазалағаныма
- жұмысыңызды бөлгеніме кешірім сұраймын

- Кешігіп қалғаныма
- күткізіп қойғаныма
- осынша әуреге салғаныма кешірім өтінемін

Мен сізді ренжіткім келмеп еді
Ашуланбаңыз

Непонимание. Сожаление. Извинение

Что?
Как?
То есть?
Что это значит?
Я не понял вас
Так ли это?
Неужели?
Не может быть!
Это странно
Нет!
Спасибо, нет
Я не хочу
Я (в этом) с вами не согласен (-на)

К сожалению, я вынужден отказаться
Вы не правы
Нельзя!
Это невозможно
Я отказываюсь
Вы ошибаетесь
Поговорим о чем-либо другом
Извините, но у меня есть дела

Очень жаль!
Я очень сожалею об этом
Какая неприятность!
Какая досада!
Я глубоко опечален
Я крайне огорчен
Я вам сочувствую
Я очень сожалею о случившемся
Разрешите выразить сочувствие
Извините, пожалуйста
Прошу прощения
Извините, что я вас ...
- прерываю
- беспокою
- отрываю от дела

Извините, что я ...
- опоздал (-а)
- заставил (-а) вас ждать
- причинил (-а) вам столько хлопот

Я не хотел (-а) вас обидеть
Не сердитесь

Өкпелемеңіз (сөге жамандамаңыз)
Бұл менің кінәм
Кешіріңіз мен асығыспын
Келе алмай қалам ба деп қорқамын

Не обижайтесь
Это моя вина
Извинтите, я спешу
Боюсь, что я не смогу прийти

Құттықтау

Сізді
- мерекеңізбен
- мерей тойыңызбен
- туған күніңізбен
- Жаңа жылыңызбен
- Жеңіс күнімен құттықтаймын!

Жаңа жылда амандық тілеймін!
Бейбітшілік пен достық жасасын!

Поздравление

Поздравляю вас с ...
- праздником
- юбилеем
- днем рождения
- Новым годом
- днем Победы!

Желаю благополучия в Новом году!
Да здравствует мир и дружба!

Қоштасу

Көріскенше!
Кешікпей кездескенше!
Қош болыңыз!
Мен көп ұзамай қайтып ораламын
Жақсы жатып, жайлы тұрыңыз!
Көріскенше күн жақсы!
Барлығына сәлем айтыңыз
Қош болыңыздар, қымбатты достар!
Жолыңыз болсын!

Прощание

До свидания!
До скорой встречи!
Прощайте!
Я скоро вернусь
Спокойной ночи!
Всего хорошего!
Передайте всем привет
Прощайте, дорогие друзья!
Счастливого пути!

Адрес. Кездесетін жер

Мен сіздің қалаға алғаш рет келіп тұрмын
Мынау қай көше?
Сіздің адресіңіз қалай?
Мен «Алатау» қонақ үйінде тұрып жатырмын
Менің қай жерге келуім керек?
Қай жерде кездесеміз?
Менің үйімде
Ресторанда, кафеде, театрда...
Мені ...
- театр фойесінде
- қонақ үй киреберісінде
- Абай ескерткішінің жанында күтіңіз

Адрес. Место встречи

Я первый раз в вашем городе
Какая это улица?
Какой у вас адрес?
Я живу в гостинице «Алатау»

Куда я должен прийти?
Где мы встретимся?
У меня в доме
В ресторане, кафе, театре...
Ждите меня ...
- в фойе театра
- у входа в гостиницу
- возле памятника Абаю

Қаладағы бағыт-бағдар

Сізде қаланың картасы (жоспары, сұлбасы) бар ма?

- Орталыққа
- көшеге

Ориентация в городе

Есть ли у вас карта (план, схема) города?
Скажите, пожалуйста, как дойти (доехать) до ...
- центра
- улицы

- вокзалға
- қонақ үйге
- поштаға қалай баруға болатынын айтпайсыз ба?

- Музейдің
- театрдың
- магазиннің қайда екенін айтпайсыз ба?

- Көрмеге
- Министрлікке
- Кітапханаға қалай тезірек жетуге болады?

Мен...
- сарайға
- концерт залына
- алаңға дұрыс келе жатырмын ба?

Мен адасып қалдым
Мен ...
- көшені
- үйді таба алмай жүрмін

Қай бағытта жүрүім қажет?

Ол алыста ма?
Оған жаяу баруға бола ма?
Мен түсіне алмадым
Қайталап жіберіңізші
Жол сілтеп жіберіңізші
Картадан (схемадан) ...
- мына жерді
- біздің тұрған жерімізді көрсетіп жіберіңізші

- Тура (жүре беріңіз)
- оңға қарай
- солға қарай
- кейін қарай
- мына жаққа жүріңіз

Сізге ...бұрылу қажет
Сізге ...
- автобусқа
- трамвайға
- троллейбусқа
- таксиге отыру керек

Мына ...
- көше
- алаң
- даңғыл қалай аталады?

Мен сізді шығарып салайын
Иә, сіз дұрыс келе жатырсыз

- вокзала
- гостиницы
- почты

Скажите, пожалуйста, где находится...
- музей
- театр
- магазин?

Как быстрее пройти (проехать) к ...
- выставке
- министерству
- библиотеке

Я правильно иду к ...
- дворцу
- концертному залу
- площади?

Я заблудился
Я не могу найти ...
- улицу
- дом

В каком направлении мне нужно идти (ехать)?
Далеко ли это?
Можно ли туда дойти пешком?
Я не понял (-а)
Повторите, пожалуйста
Покажите, пожалуйста
Покажите, пожалуйста, на карте (схеме)
- где это место
- где мы находимся?

Идите ...
- прямо
- направо
- налево
- назад
- в эту сторону

Вам нужно свернуть ...
Вам надо сесть на ...
- автобус
- трамвай
- троллейбус
- такси

Как называется ...
- эта улица
- эта площадь
- этот проспект?

Я провожу вас
Да, вы идете правильно

Алыс (жақын)
Шамамен 10 минут
- жаяу
- автобуспен
- трамваймен жүресіз

Далеко (недалеко)
Приблизительно 10 минут
- ходьбы
- езды на автобусе
- езды на трамвае

Қала транспорты

Ең жақын автобус аялдамасы қай жерде?
Бұл қай аялдама?
Институтқа дейін канша аялдама бар?
Маған қай жерден түсу керек екенін айтып жіберіңізші?
Сіз түсетін аялдамаңыздан өтіп кеттіңіз
Билетке беріп жіберіңізші
Келесі қай аялдама?
Сіздің аялдамаңыз қазір болады
Сіз қазір шығасыз ба?
Өтіп кетейінші
Рұқсат етіңіз
Такси қай жерде тұрады?

Такси шақырып жіберіңізші
Такси бос па екен?
Мені ...
- қонақ үйге
- әуежайға
- мына мекенжайға
- вокзалға жеткізіп салыңызшы

Мен тым асығыс едім
Мүмкін болса, тездетіңізші
Мен осы жерден түсіп қалайын
Мені күте тұрыңызшы
Сізге қанша төлеуім керек?

Городской транспорт

Где ближайшая остановка автобуса?
Какая это остановка?
Сколько остановок до института?
Скажите, где мне нужно выходить?

Вы проехали свою остановку
Передайте, пожалуйста, на билет
Какая следующая остановка?
Сейчас ваша остановка
Вы сейчас выходите?
Разрешите пройти
Разрешите
Где стоянка такси?

Вызовите, пожалуйста, такси
Такси свободно?
Пожалуйста, отвезите меня ...
- в гостиницу
- в аэропорт
- по этому адресу
- на вокзал

Я очень спешу
Если можно, пожалуйста, поскорее
Я здесь сойду.
Подождите меня, пожалуйста
Сколько я вам должен (-жна)?

Қаламен танысу

Қаланы көрсем деп едім
Мен (біз) бұл қалаға бірінші рет келіп тұрмын (мыз)
Мен (біз) Ригадан келдім (келдік)
Маған (бізге) аудармашы керек
Қала қашан салынған?
Қаламен танысуды неден бастасақ екен?
Мені (бізді) ...
- тарихи орындар
- музей
- сәулет өнерінің ескерткіштері

көбірек қызықтырады
Экскурсияға қанша уақыт кетеді?

Знакомство с городом

Я хотел (-а) бы осмотреть город
Я (мы) впервые в этом городе

Я приехал (-а) (мы приехали) из Риги
Мне (нам) нужен переводчик
Когда основан город?
С чего лучше начать осмотр города?
Меня (нас) интересуют ...
- исторические места
- мұражай
- памятники архитектуры

Сколько времени займет экскурсия?

Біз жаяу барамыз ба, әлде автобуспен барамыз ба?
Біз қашан ораламыз?

- Орталық көше
- орталық алаң
- мына алаң
- мына көше қалай аталады?

Мынау қандай ...
- ғимарат
- ескерткіш
- мүсін?

Мына ...
- үй
- сарай
- мавзолей қашан салынған?

Бұл ...
- шығыс сәулет өнерінің
- орта ғасыр мәдениетінің
- көненің ескерткіші

Мына ескерткіш кімге арналып қойылған?
Бұл атау қайдан келген (енген)?
Мұның ...
- сәулетшісі
- мүсіншісі
- авторы кім?

Даңқ мемориалы қай жерде?
Қалаңыз маған ұнайды
Менің ...
- зауытқа
- университетке
- консерваторияға барғым келеді

- Абайдың
- Жамбылдың
- Пушкиннің ескерткіші қай жерде орналасқан?

Мы пойдем пешком или поедем на автобусе?
Когда мы возвратимся обратно?
Как называется ...
- главная улица
- центральная площадь
- эта площадь
- эта улица?

Что это за ...
- здание
- памятник
- скульптура?

Когда построен ...
- этот дом
- этот дворец
- этот мавзолей?

Это один из памятников ...
- восточной архитектуры
- средневековой культуры
- старины

Кому поставлен этот памятник?
Откуда произошло это название?
Кто ...
- архитектор
- скульптор
- автор?

Где находится Мемориал Славы?
Мне нравится ваш город
Я хотел (-а) бы посетить ...
- завод
- университет
- консерваторию

Где находится памятник ...
- Абаю
- Джамбулу
- Пушкину?

Қонақ үй

Біз қай қонақ үйге түсеміз?
Ресей делегациясы қай қонақ үйге түсті?

Ол қонақ үй қай жерде?
Маған ...
- қала орталығына
- көрмеге
- Ғылым академиясына
- университетке жақын орналасқан қонақ үй керек еді

Гостиница

В какой гостинице мы остановимся?
В какой гостинице остановилась российская делегация?
Где находится эта гостиница?
Мне нужна гостиница недалеко от ...
- центра города
- выставки
- Академии наук
- университета

Бір бөлмені (екі бөлмені) менің атыма алдын-ала әзірлеп қойыңызшы
Менің фамилиям ...
- Иванов
- Мамедова

Менің атыма алдын-ала әзірленіп қойылған бөлме бар еді
Мінеки, менің төлқұжатым
Маған бланкыны толтыруға көмектессеңіз
Маған (бізге) ...
- люкс
- бір кісілік
- екі кісілік бөлме керек еді

Терезесі ...
- көшеге
- аулаға
- теңізге қараған бөлме керек еді

Бөлмеде
- кондиционер
- телевизор
- телефон
- тоңазытқыш бар ма?

Бөлме үшін тәулігіне қанша төлеу керек?
Қонақ үйде буфет бар ма?
Менің бөлмем қай қабатта?
Сіздің бөлмеңіз ...
- үшінші
- бесінші қабатта

Мұнда тым ...
- тар
- шулы екен

Бұдан гөрі ...
- кеңдеу
- тыныштау бөлме бар ма екен?

Қанша уақытқа келдіңіз?
Мен ...
- үш күнге
- бір аптаға
- екі аптаға
- бір айға келдім

Мен бөлмені бір тәулікке аламын
Бөлменің кілтің беріңізші

Забронируйте, пожалуйста, номер (два номера)
Моя фамилия...
- Иванов
- Мамедова

Для меня забронирован номер

Вот мой паспорт
Помогите, мне, пожалуйста, заполнить бланк
Мне (нам) нужен номер ...
- люкс
- одноместный
- двухместный

Я хотел (-а) бы номер с окнами ...
- на улицу
- во двор
- с видом на море

Есть ли в номере
- кондиционер
- телевизор
- телефон
- холодильник?

Сколько стоит номер в сутки?
В гостинице есть буфет?
На каком этаже мой номер?
Ваш номер на ...
- третьем
- пятом этаже

Здесь слишком ...
- тесно
- шумно

Есть ли номер более ...
- просторный
- тихий

На какой срок вы прибыли?
Я прибыл на ...
- три дня
- неделю
- две недели
- месяц

Я беру номер на сутки
Дайте, пожалуйста, ключ от номера

Үй (Шаңырақ)

Сіз қай жерде тұрасыз?
Мен Алматыда Жамбыл көшесінде тұрамын
Адресіңізді айтыңызшы?
Сіз өз меншік үйіңізде ме, әлде мемлекеттік үйде тұрасыз ба?

Дом

Где вы живете?
Я живу в Алматы на улице Джамбула
Скажите, пожалуйста, ваш адрес?
Вы живете в собственном доме или в государственном?

Мемлекеттік үйде
Үйіңіз жұмыс орныңыздан алыс па?
Үйіңізде қай кезде боласыз?
Сағат алтыдан кейін
Үйіңізге телефон шалуға бола ма?
Әрине, болады
Сіздің хабарласуыңызды күтемін
Пәтеріңіз қанша бөлмелі?
Төрт бөлмелі
Пәтеріңіздің жалпы аумағы қандай?
Жүз шаршы метр
Бөлмелердің орналасуы қалай?
Өте қолайлы
Бөлмелері бір-бірінен оңаша, ас үй мен дәлізі де кең
Ауданыңыз ұнай ма?
Иә, бұл жер өте тыныш, көгалы да көп
Нешінші қабатта тұрасыз?
Үшінші қабатта
Бұл жерде көптен тұрасыз ба?
Жоқ, біз жаңа пәтерге өткен жылы көшіп келгенбіз

В государственном
Далеко ли ваш дом от работы?
Когда вы бываете дома?
После шести вечера
Могу ли явам позвонить домой
Пожалуйста, звоните
Я буду ждать вашего звонка
Сколько комнат в вашей квартире?
Четыре комнаты
Какова общая площадь вашей квартиры?
Сто квадратных метров
Какая у вас планировка?
Очень удобная
Все комнаты изолированные, просторные кухня и коридор
Вам нравится ваш район?
Да, здесь очень тихо, много зелени
На каком этаже вы живете?
На третьем
Вы давно здесь живете?
Нет, недавно, мы переехали на новую квартиру в прошлом году

Отбасы

Отбасыңыз үлкен бе?
Иә, үлкен
Отбасыңызда қанша адам бар?
Жетеуміз: ата-анам, әйелім, және үш балам бар
Мен ата-анаммен бірге тұрамын
Сіздің ...
- әкеңіз
- шешеңіз кім?

Екеуі де пенсияда
Мен бөлек тұрамын
Менің
- ағайым
- інім
- әпкем
- қарындасым (сіңілім)
- атам
- әжем өзіммен бірге тұрады

Үйленгенсіз бе?
Иә, үйленгенмін
Жоқ, бойдақпын
Ол тұрмыс құрған ба?
Жоқ, тұрмысқа шықпаған
Иә, мен тұрмысқа шыққанмын
Жолдасыңыз кім болып істейді?
Жолдасым – сәулетші

Семья

У вас большая семья?
Да, большая
Сколько человек в вашей семье?
Нас семеро: мои родители, жена и трое детей
Я живу вместе с родителями
Кто ваш ...
- отец
- мать?

Оба на пенсии
Я живу отдельно
Мои ...
- старший брат
- младший брат
- старшая сестра
- младшая сестра
- дедушка
- бабушка живут со мной

Вы женаты?
Да, я женат
Нет, холост
Она замужем
Нет, она незамужем
Да, я замужем
Кто ваш муж?
Мой муж – архитектор

Бұл менің қалыңдығым
Той қашан болады?
Балаларыңыз бар ма?
Қанша балаңыз бар?
Менің төрт балам бар
Мынау сіздің кенжеңіз бе?
Жоқ, бұл немерем ғой
Кішкентайыңыз қанша жаста?
Сіздің ...
- ұлыңыздың
- қызыңыздың аты кім?
Ол балабақшаға бара ма?
Жоқ, ол мектепке барады
Неше ағайындысыз?
Төрт ағайындымыз. Аға, інім және қарындасым бар
Бұл менің ағайым
- немере ағайым
- нағашы ағайым
Бұл менің апайым
- немере апайым
- нағашы апайым
Бұл менің жиенім
- қайын атам
- қайын енем
- қайынаға
- күйеу балам
- келінім
Қанша жастасыз?
Елу бестемін
Сіз жас көрінеді екенсіз
Сіз екеуіміз құрдас екенбіз
Сіз менен бес жас кіші (үлкен) екенсіз
Сіздің туған күніңіз қашан?
Сізбен танысқаныма қуаныштымын

Это моя невеста
Когда будет свадьба?
Есть ли у вас дети?
Сколько у вас детей?
У меня четверо детей
Это ваш младший?
Нет, это - внук
Сколько лет вашему ребенку?
Как зовут вашего ...
- сына
- дочь?
Он посещает детский сад?
Нет, он уже ходит в школу
Сколько у вас братьев?
Нас четверо. У меня два брата и сестра

Это мой дядя
- по отцу
- по матери
Это моя тетя
- по отцу
- по матери
Это мой (-я) племянник (-ца)
- тесть
- теща
- шурин
- зять
- сноха
Сколько вам лет?
Мне пятьдесят пять лет
Вы выглядите моложе своих лет
Мы с вами ровесники
Вы моложе (старше) меня на пять лет
Когда ваш день рождения?
Я рад нашему знакомству

Мамандық

Кім болып істейсіз?
Мен ...
- жұмысшымын
- шахтермін
- металлургпін
- шофермын
- токарьмын
- малшымын
- шопанмын
Оның қызметі қандай?
Ол ...
- ғылыми қызметкер
- бөлім меңгерушісі
- завод директоры

Профессия

Кем вы работаете?
Я ...
- рабочий
- шахтер
- металлург
- шофер
- токарь
- животновод
- чабан
Он ...
- научный сотрудник
- заведующий отделом
- директор завода

Сіз бұл қызметіңізде көптен бері істейсіз бе?
Мен бұл қызметте он бес жыл істеймін
Жұмысыңызға ризасыз ба?
Иә, маған өз жұмысым өте ұнайды
Мамандығың қандай?
Мен ...
- инженермін
- сәулетшімін
- журналистпін
- заң қызметкермін
- экономистпін
Мен – студентпін
Мен үй шаруасындамын
Мен заводта жұмыс істеймін, әрі университеттің кешкі бөлімінде оқимын
Пенсиядасыз ба?
Иә, мен пенсионермін, бірақ заводта істеп жүрмін

Давно ли вы работаете в этой должности?
Да, я работаю пятнадцать лет

Вы довольны своей работой?
Да, я очень люблю свою работу
Кто вы по профессии?
Я ...
- инженер
- архитектор
- журналист
- юрист
- экономист
Я – студент
Я – домашняя хозяйка
Я работаю на заводе и учусь на вечернем отделении университетеа
Вы на пенсии?
Да, я пенсионер, но продолжаю трудиться на заводе

Байланыс құралдары

Сіз ...
- орталық постаның
- жақын арадағы байланыс бөлімшесінің
- телеграфтың қайда екенін айтып жіберіңізші?
- Почта
- телеграф қай кездерде істейді?

- бандерольді
- сәлемдемені қай жерде қабылдайды?

Мен сәлемдеме жіберсем деп едім
Қабылдай қойыңызшы

- Мәскуаға
- Киевке дейін сәлемдеме қанша уақыт жүреді?
Тапсырысты хаттың бланкасын қалай толтыру керектігін айтып жіберіңізші?
Тапсырысты хаттың маркасы қанша тұрады екен?
Мен ...
- Мәскуаға
- Бішкекке
- Минскіге бандероль жіберейін деп едім
Талап ету жүйесімен алынатын хат-хабар беретін жер қайсы?

Средства связи

Вы не скажете, где находится ...
- центральный почтамт
- ближайшее почтовое отделение

- телеграф?
В какие часы работает ...
- почта
- телеграф?
Где принимают ...
- бандероли
- посылки?

Я хотел (-а) отправить посылку
Примите, пожалуйста
Сколько времени идет посылка в ...
- Москву
- Киев?

Объясните, пожалуйста, как заполнить бланк заказного письма?
Сколько стоит марка для заказного письма?
Я хочу послать бандероль в ...
- Москву
- Бишкек
- Минск

Где выдается корреспонденция до востребования?

Менің атыма келген хат бар ма екен?
Мінеки, паспортым

Телефон

Сізде ұялы телефон бар ма?
Смартфонның қай түрін пайдаланып жүрсіз?
Екі жыл бойы «Самсунг» смартфонын қолданып жүрмін
Қазіргі кезде ең қолайлысы - «Самсунг» смартфоны
Анықтама бюросына қалай телефон шалсам екен?
Бұл қалааралық станция ма?
Мен ...
- Москвамен
- Таллинмен
- Ригамен шұғыл түрде сөйлесейін деп едім

Мен ...
- үш минут
- бес минут сөйлесемін

Бес минут сөйлескенге қанша төлеуім керек?
Маған ...
- Семейдің
- Ташкенттің
- Тараздың кодын беріңізші

Желі бос емес
Желі бұзылыпты
Номеріңіз жауап бермейді
Қайтадан шақырыңызшы
Сөйлесу кабинасы қайсы?
Мен номерімнен (үйімнен) сөйлесемін
Алло. Бұл мен ғой
Бізді үзіп жіберді
Мені дұрыс байланыстырмады
Мен Азатпен сөйлесейін деп едім
Бұл кім екен?
Азатты шақырып жіберіңізші
Нашар естіліп тұр
Қаттырақ айтыңызшы
Номерді қате теріпсіз
Серік телефон соқты деп айта салыңыз
Мен ...
- (сағат) үштен кейін
- бірде
- жеті кезінде
- кейінрек хабарласармын

Телефонымды жазып алыңыз

Есть ли письмо на мое имя?
Вот мой паспорт

Телефон

У вас есть сотовый телефон?
Какой маркой смартфона вы пользуетесь?

Два года как пользуюсь «Самсунгом».

На сегодня самый удобный – это смартфон «Самсунг»
Как позвонить в справочное бюро?

Это междугородная станция?
Я хочу заказать срочный разговор с ...
- Москвой
- Таллином
- Ригой

Я буду говорить ...
- три минуты
- пять минут

Сколько платить за пять минут переговоров?
Дайте мне код ...
- Семейя
- Ташкента
- Тараза

Линия занята
На линии повреждение
Номер не отвечает
Повторите вызов
Где переговорная кабина?
Я буду говорить из номера (дома)
Алло. Это я
Нас разъединили
Меня неправильно соединили
Я хотел (-а) бы поговорить с Азатом
Кто у телефона?
Попросите Азата
Плохо слышно
Говорите громче
Вы ошиблись номером
Передайте, что звонил Серик
Я позвоню ...
- после трех (часов)
- в час
- около семи
- позже

Запишите мой телефон

Сізді телефонға шақырады
Күте тұрыңыз. Мен оны қазір шақырамын
Кешіріңіз, ол қазір жоқ еді
Оған не дейін?
Сізден телефон соғуға бола ма?
Телефон-автоматпен сөйлесу үшін ақшамды ұсатып беріңізші
Телефоныңыздың номері қандай?
Мынау сіздің телефон ба?
Сіздің хабарласуыңызды күтемін

Вас просят к телефону
Подождите. Я его (ее) сейчас приглашу

Извините, его (ее) сейчас нет
Что ему (ей) передать?
Разрешите позвонить от вас?
Разменяйте, пожалуйста, деньги для телефона-автомата
Какой у вас номер телефона?
Это ваш телефон?
Я буду ждать вашего звонка

Дүкенде

Мен біраз нәрсе сатып алсам деп едім ... қайдан сатып алуға болады?

Жақын маңда ...
- универсал (әмбебапты)
- азық-түлік
- кітап
- тәтті тағамдар дүкені бар ма?

Маған ... керек еді
Маған ... көрсетіңізші
Маған берсеңіз
Мынау қанша тұрады?
Сізге төлейін бе, әлде кассаға ма?
Касса қай жерде?
Мынаны орап беріңізші
Бұдан арзанырағы жоқ па?
Мына затты ауыстырып алуға бола ма?
Мен мынаны аламын
Барлығын бірге орап беріңізші
Мынаны пакетке салып беріңіз
Шығатын есік қайда?

В магазине

Мне бы хотелось сделать покупки

Где можно купить ...
Где находится ближайший магазин...
- универсальный
- продовольственный
- книжный
- кондитерский?

Мне нужен (-на)
Покажите мне ...
Дайте мне
Сколько это стоит?
Платить вам или в кассу?
Где касса?
Упакуйте это, пожалуйста
Нет ли подешевле?
Можно поменять эту вещь?
Я беру это
Заверните все вместе, пожалуйста
Положите это в пакет
Где здесь выход?

Азық-түлік дүкені

Маған ...
- бір батон
- тоқаш берсеңіз

- Бір қалта шекер
- Бір қорап кәмпит беріңізші

Бір килограмм ...
- алма
- алмұрт
- апельсин
- томат
- қияр өлшенізші

Продовольственный магазин

Мне, пожалуйста ...
- один батон
- булочку

Дайте, пожалуйста ...
- пачку сахара
- коробку конфет

Взвесьте, пожалуйста, килограмм...
- яблок
- груш
- апельсинов
- помидоров
- огурцов

Сізде ...
- ет
- балық
- тауық еті бар ма?

Бір шөлмек ...
- сүт
- кілегей
- шырын
- қымыз
- минеральды су беріңізші

Универмаг

Аяқ киім қайда сатылады?
Екінші қабатта

- пальтоны
- матаны қайдан алуға болады?

Мен ...
- ерлердің пальтосын
- әйел көйлегін іздеп жүрмін

Маған ...
- бұдан тәуірлеуін
- басқа үлгідегісін
- реңі басқашасын көрсетіңізші

Мұны аламын (алмаймын)
Маған мынау ұнайды (ұнамай тұр)
Маған мынау жарасады (жараспайды)
Киіп көруге бола ма?
Киіп көретін орын қайда?
Мынау қандай размер?
Маған ...
- кеудеше
- ерлер көйлегін (жейдесін)
- шалбар беріңізші

Мынау тым ...
- ұзындау (қысқалау)
- кеңдеу (тарлау) екен

Мынау костюм ...
- мақта матасынан
- лавсаннан
- жүн матадан тігілген бе?

Маған ...
- костюме
- көйлекке
- пальтоға неше метр мата керек?

Мына матаның ені қанша?
Маған ...кесіп беріңіз
Метрі қанша тұрады?
Сатып алған затты басқасына ауыстыруға бола ма?

У вас есть ...
- мясо
- рыба
- курица?

Пожалуйста, бутылку
- молока
- сливок
- сока
- кумыса
- минеральной воды

Универмаг

Где продается обувь?
На втором этаже
Где можно купить ...
- пальто
- ткани

Я ищу ...
- мужское пальто
- женское платье

Покажите мне что-нибудь ...
- получше
- другого фасона
- другой расцветки

Я это (не) беру
Мне это (не) нравится
Мне это (не) подходит
Можно ли примерить?
Где примерочная?
Какой это размер?
Дайте мне ...
- куртку
- сорочку
- брюки

Это слишком ...
- длинно (коротко)
- широко (узко)

Этот костюм ...
- хлопчатобумажный
- лавсановый
- шерстяной

Сколько метров ткани мне нужно на...
- костюм
- платье
- пальто

Какая ширина у этой ткани?
Отрежьте мне ...
Сколько стоит метр?
Можно ли поменять купленную вещь?

Сіз мынаны ...
- денеме шақтап берсеңіз
- қайта жасап
- ұзартып
- қысқартып бересіз бе?

Қашан дайын бодады?
Мынаны ...
- тезірек
- кешке дейін
- сағат үшке (екіге) дейін
- мамырдың бесіне дейін істеуге бола ма?

Сізде басқа үлгі жоқ па?
Маған ...
- туфли
- бәтеңке
- етік керек еді

Маған ...
- қара
- қоңыр бәтеңке керек еді

Мынау бәтеңке қанша тұрады?

Вы можете это ...
- подогнать по фигуре
- переделать
- удлинить
- укоротить?

Когда будет готово?
Нельзя ли это сделать ...
- побыстрее
- к вечеру
- к трем (двум) часам
- к пятому маю?

У вас нет других моделей?
Мне нужны ...
- туфли
- ботинки
- сапоги

Мне нужны ботинки ...
- черные
- коричневые

Сколько стоят эти ботинки?

Шаруашылық заттары

Сізде бау-бақша құралдары бар ма?
Қандай слесарлық құралдар бар?

Ағаш шеберлеріне арналған құралдар комплект түрде сатыла ма?
Маған ...
- гайка кілтін
- құлыпты көрсетсеңіз

Сізде ...
- бояу, сыр
- эмульсия
- лак бар ма?

Сізде электр бұрғысы бар ма?
Иә, бар

- Шайға
- тағамға арналған сервизді көрсетіңізші

Хрусталь бокалдарыңыз бар ма?
Мынау миксер жергілікті өнім бе?
Жоқ, бұл миксерді Қытайда жасаған.
Бұл фарфордан жасалған тәрелке ме?
Иә. Бұл тәрелке фарфордан жасалған
Сізде борлама құмыра бар ма?

Хозтовары

У вас есть садовый инвентарь?
Какие слесарные инструменты есть в продаже?
У вас столярные инструменты в комплекте?
Покажите, пожалуйста, ...
- гаечный ключ
- замок от двери

У вас есть ...
- краски
- эмульсия
- лак?

У вас есть электродрели?
Да, есть
Покажите, пожалуйста, ...
- чайный сервиз
- столовый сервиз

У вас есть хрустальные бокалы?
Этот миксер местного производства?
Нет, этот миксер произвели в Китае
Эта тарелка фарфоровая?
Да. Эта тарелка фарфоровая
У вас имеется керамический кувшин?

Галантерея. Парфюмерия

Әтірдің қандай түрлері бар?
Бізде ...
- «Живанши»
- «Шанель№5»
- «Нина Ричи» әтірлері бар.

Мынау әтірлер қанша тұрады?
Маған ...
- әтір
- иіс су
- далап
- шаш түйреуіш
- кірпік тушын
- тарақ
- бір қорап ұстара берсеңіз

Музыка заттары, компьютерлер, телевизорлар, фото заттары

- Телевизорлар
- компьютерлер
- радиоаппараттар
- фототоварлар сататын бөлім қайда?

Маған ...
- флешка
- дискета берсеңіз

Ұлттық музыка аспаптары бар ма?

Бізде ...
- домбыра
- қобыз
- сыбызғы бар

Маған ...
- компьютер
- принтер
- планшет керек еді

- Түрлі-түсті телевизор
- магнитофон
- электоронды кітап сатып алайын деп едім

Қалай жұмыс істейтінін көрсетіңізші

- Дыбыс күшейткіш
- микрофон қанша тұрады?

Құлақілдіргін қай жеріне қосады?

Галантерея. Парфюмерия

Какие у вас есть духи?
У нас есть духи ...
- «Живанши»
- «Шанель»
- «Нина Ричи»

Какая цена у этих духов?
Дайте мне, пожалуйста ...
- духи
- одеколон
- губную помаду
- заколку для волос
- тушь для ресниц
- расческу
- пачку лезвий

Музыкальные товары, компьютеры, телевизоры, фото товары

Где отдел ...
- телевизоров
- компьютеров
- радиоаппаратуры
- фототоваров

Дайте мне ...
- флешку
- дискету

Какие национальные музыкальные инструменты есть у вас?
У нас есть ...
- домбра
- кобыз
- сыбызгы

Мне нужен ...
- компьютер
- принтер
- планшет

Я хотел бы купить
- цветной телевизор
- магнитофон
- электронную книгу

Покажите, пожалуйста, как он работает
Сколько стоит ...
- усилитель
- микрофон?

Куда подключаются наушники?

Басқа аппараттан қалай жазып алуға болады?

- Қосымша бөлшектер
- акустикалық колонкалар сатыла ма?

Схемасын қарауға бола ма?
Мен мұны аламын
Мен тәуір фотоаппарат сатып алсам ба деп едім

Кеңсе тауарлары

Маған ...
- түрлі-түсті қарындаш
- фломастер
- қалың дәптер
- сурет салатын альбом
- портфель беріңізші

- Автоқалам
- қойын дәптер
- папка
- акварель бояуы
- күнделікті дәптер?

Мен ...
- қылқалам
- бояу
- сомсоқта таңдап алайын деп едім

Зергерлік дүкені. Сувенирлер

Мынау ...
- сақинаны
- сырғаны
- білезікті көрсетіңіз

Мен ...
- березелі сақина
- күміс білезік
- інжу маржан ... сатып алайын деп едім ...

... жастағы әйелге қандай тарту ұсынғаным жөн болады?
Мынау ...
- алқа
- балдақ қанша тұрады?

Қол өнерінің туындылары бар ма?
Мынау тарту-таралғыны көрсетсеңіз?
Ұлттық киім киген мынау қуыршақ қанша тұрады?

Как сделать запись с другого аппарата?

Продаются ли ...
- запасные детали
- акустические колонки?

Могу ли я посмотреть схему?
Я это беру
Я хотел бы купить хороший фотоаппарат

Канцелярские товары

Дайте мне, пожалуйста
- цветные карандаши
- фломастеры
- общую тетрадь
- альбом для рисования
- портфель

Сколько стоит (-ят) ...
- авторучка
- блокнот
- папка
- акварельные краски
- ежедневник?

Я хочу выбрать ...
- кисть
- краски
- пластилин

Ювелирный магазин. Сувениры

Пожалуйста, покажите мне ...
- это кольцо
- серьги
- браслет

Я хочу купить ...
- кольцо с бирюзой
- серебряный браслет
- ожерелье из жемчуга

Что вы посоветуете выбрать для женщины ... лет?
Сколько стоит ...
- кулон
- перстень?

Есть ли у вас изделия народных ремесел?
Покажите мне, пожалуйста, этот сувенир?
Сколько стоит эта кукла в национальном костюме?

Оптика

Мына ...
- көзілдірікті
- көзілдірік кенересін көрсетсеңіз?

Мен ...
- алыстан
- жақыннан көрмейтін едім

Қандай көзілдірік кенерелері бар?
Маған күнқағар көзәйнек керек
Сізде ...
- көзәйнек кенересін жөндетуге
- әйнегін ауыстыруға бола ма?

Тері бұйымдары

Мен ...
- дайын үлгілірді
- тон, бас киімді
- сән журналын көрсем деп едім

Бұл түлкі терісі ме?
Мына пальтоның астары теріден салынған ба?
Мен мынадай үлгіні ұнатар едім
Менің мөлшерім ...

Қай жерде киіп көруге болады?
Тон ...
- ұзындау
- қысқалау
- тарлау
- кеңдеу екен

Маған ...
- қалтасыз
- қалталарымен болғаны дұрыс еді

Темекі

Қай жерден темекі алуға болады?
Темекіңіз бар ма?
Темекінің қандай түрлері бар?

Маған бір қорап ...
- «Парламент»
- «Кент»
- «Мальборо» темекінін берсеңіз

Маған ...
- бір қорап сіріңке
- бір қорап темекі берсеңіз?

Бұл ащы темекі ме?

Оптика

Покажите, пожалуйста ...
- эти очки
- эту оправу

У меня
- близорукость
- жақыннан көрмейтін едім

Какие оправы у вас имеются?
Мне нужны солнцезащитные очки
У вас можно ...
- починить оправу
- заменить стекла?

Меха

Я хотел (-а) бы посмотреть ...
- готовые модели
- шубу, шапку
- журнал мод

Это лисий мех?
Это пальто на меху?

Я бы хотел (-а) такой фасон
У меня ...размер

Куда пройти на примерку?
Шуба ...
- длинна
- коротка
- узка
- широка

Мне бы хотелось ...
- без карманов
- с карманом

Табак

Где я могу купить сигареты?
У вас есть сигареты?
Какие есть сорта сигаретов?

Дайте мне пачку сигарет...
- «Парламент»
- «Кент»
- «Мальборо»

Пожалуйста, ...
- коробку спичек
- пачку сигарет

Это крепкий табак?

Маған ...
- оттық
- най
- мүштік
- күлдеуіш берсеңіз

Дайте ...
- зажигалку
- трубку
- мундштук
- пепельницу

Гүл

Гүлді қайдан сатып алсам екен?
Маған ...
- раушан
- қызғалдақ
- қалампыр гүлі керек еді

- Мынау гүл шоғы
- себет қанша тұрады?

Маған туған күнге раушаннан гүл шоғы керек еді
Қандай гүлді таңдауға кеңес бересіз?

Цветы

Где можно купить цветы?
Мне нужны ...
- розы
- тюльпаны
- гвоздики

Сколько стоит ...
- этот букет
- эта корзина?

Мне нужен букет роз ко дню рождения

Какие цветы вы посоветовали бы выбрать?

Қоғамдық тамақтандыру

Қандай тәуір ресторанға баруды ұсынар едіңіз?
Ол қашан ашылады (жабылады)?
Жақын жерде диеталық асхана бар ма?

Қай жерде ...
- тезірек тамақтануға
- қымыз, шай ішуге болады?

Мынау стол бос па?
Біз ...
- ансамбльден алысырақ
- бұрыш жаққа
- терезе алдында
- террасада отырсақ деп едік

Қарным қатты ашып тұр
Тамақ ішкім келіп тұр
Сіз тамақтаныңыз ба?
Сіз әдетте таңғы асыңызды (түстігіңізді, кешкі асыңызды) қай жерден ішуші едіңіз?
Ресторанан (кафеден, асханадан, дәмханадан)
Жандарыңызға отыруға бола ма?
Не алдырамыз?
Тәбетіңіз ашылсын!
Бұл жерге кім қызмет етеді?
Сұйық, қою (ет тағамдарынан, көкөністен, балық) тағамдарынан не бар?

Общественное питание

Вы можете порекомендовать хороший ресторан?
Когда он открывается (закрывается)?
Где здесь поблизости диетическая столовая?
Где можно ...
- быстро перекусить
- выпить кумыс, чай?
- Этот столик свободен?

Мы хотели бы сесть ...
- подальше от ансамбля
- в углу
- у окна
- на террасе

Я очень голоден
Я хочу есть
Вы уже кушали?
Где вы обычно завтракаете (обедаете, ужинаете)?

В ресторане (кафе, столовой, закусочной)

Разрешите мне присесть рядом
Что мы будем заказывать?
Приятного аппетита!
Кто здесь обслуживает?
Какаие у вас имеются первые, вторые (мясные, овощные, рыбные) блюда?

Сіз қандай тағам алдырғыңыз келеді?	Что вы хотели заказать?
Мен (біз) тым асығыс едім (-к)	Я (мы) очень спешу (-им)
Дайын тағамнан неңіз бар?	Что вы можете подать сразу?
Қалайсыз ба?	Желаете ...?
Мен ...алайын	Я возьму ...
Түстігіңіз (кешкі асыңыз) қанша тағам түрінен тұрады?	Из скольких блюд состоит обед (ужин)?
Даяшы, дастархан мәзірін әкеліп беріңізші	Официант, принесите, пожалуйста, меню
Қандай тағамдарды ұсынасыз?	Что вы можете нам порекомендовать?
Өзіңіз таңдаңыз	Сами выбирайте
Мен (біз) ұлттық тағамдардан дәм татсам (-к) деп едім (-к)	Я хочу (мы хотим) попробовать блюда национальной кухни
Мен ... бір сыбыға алдырсам деп едім	Я хочу заказать порцию ...
Сізде балық тағамдары бар ма?	У вас есть рыбные блюда?
Пышақ (қасық, шанышқы, бокал, тәрелке) беріңізші	Дайте, пожалуйста, нож (ложку, вилку, бокал, тарелку)
Тұз (қыша, бұрыш, тұздық) беріп жіберіңізші	Передайте, пожалуйста, мне соль (горчицу, перец, соус)
Сізге тағам салайын ба?	Положить вам?
Қажеті жоқ, рақмет!	Нет, спасибо!
Мен сорпа, кеспе (борщ) алайын	Я хочу сурпу, лапшу (борщ)
Ақ (қара) нан әкеліңізші	Принесите, пожалуйста, белого (черного) хлеба
Десертке не қалайсыз?	Дайте мне мороженого
Балмұздақ беріңіз	Дайте мне крепкого чая, пожалуйста
Маған қою шай беріңізші	Вам чай с молоком или без молока?
Сізге сүт қатқан шай ма, әлде қара шай әкелейін бе?	
Қандай салқын сусындарыңыз бар?	Какие прохладительные напитки у вас имеются?
Бізде қымыз, шұбат, түрлі шырындар бар?	У нас есть кумыс, шубат, разные соки

Қазақша дастархан мәзірі

Салқын тағамдар

қазақша салат	салат по-казахски
қазы-салат	салат из казы
ет салаты	мясной салат
алма салаты	салат из яблок
көкөніс салаты	салат из овощей
пияз қосылған жылқы еті	копчености из конины с луком
құйрық-бауыр	печень с курдючным салом
шұжықтаған тауық	фаршированная курица
қабырға	рулет из бараньей грудинки

Сұйық тағамдар

еті бар тұздықты сорпа	солянка мясная по-казахски
қазы-қарта сорпасы	солянка с конскими копченостями
құрт-сорпа	бульон с куртом

Казахское меню

Холодные блюда

Первые блюда

жарма-сорпа	бульон с крупой
бауырсақ-сорпа	бульон с баурсаками
кеспе көже	лапша по-казахски
ет кеспе	тонкая лапша с мясом
тұшпара-сорпа	пельмени с бульоном
сүт көже	молочный суп

Қою тағамдар	*Вторые блюда*
қазақша кәуап	шашлык по-казахски
қой еті кәуабі	шашлык из баранины
төстік	грудинка
тартылған жауырын еті	баранья лопатка фаршированная
бұқтырған ет	тушеное мясо
қуырдақ	казахская поджарка
бал қуырдақ	казахский бефстроганов
әсіп	казахская колбаса
қазақша палау	плов по-казахски
қуырылған қырғауыл	жареный фазан

Ұн тағамдары	*Мучные блюда*
қазақша ет	мясо по-казахски
мәнті	манты
тұшпара	пельмени
бүктеме ет	пирожки с мясом
тандыр самсасы	самса тандырная
орама ет	пирог с мясом
тұщы құймақ	пресные оладьи
бу-күлше	пампушки, варенные на пару
құймақ	блины

Қазақтың дәстүрлі тағамдары	*Традиционные казахские блюда*
қазы	конская колбаса
шұжық	колбаса из конины, говядины
жая	полуфабрикат из конины
жал	полуфабрикат из конины
қарта	полуфабрикат из конины
сұр ет	мясо копченое
жент	казахский шоколад-ассорти
талқан	толокно

Сүт тағамдары	*Молочные блюда*
қойыртпақ	сгущенный айран
айран шалап	айран, разбавленный водой
іркіт	сыворотка
быршыма	кислый айран
қаймақ	сметана
уыз	молозиво

сүзбе	казахская брынза
ірімшік	творог
құрт	курт
қымыз	кумыс
шұбат	шубат

Нан тағамдары — *Хлебобулочные изделия*

таба нан	хлеб, испеченный на сковороде
бауырсақ	баурсаки
күлше	хлеб, испеченный на углях
шелпек	лепешка
күлшетай	лапша, с нарезанным мясом
бәліш	беляши
шиыртпақ	вертушка
дәмді нан	сдоба
самса	самса
чак-чак	чак-чак

Балық тағамдары — *Рыбные блюда*

піскен балық	рыба отварная
бұқтырма балық	рыба тушеная
қатық құйылған табан балық	лещь с катыком
қатық құйылған көксерке	фаршированный судак с катыком
іле котлеті	котлеты илийские
шоқыр котлеті	котлеты из севрюги
бекіре балықтың еті	осетрина

Шаштараз — **Парикмахерская**

Жақын маңдағы шаштаразды көрсетіп жіберіңізші?	Скажите, пожалуйста, где здесь поблизости парикмахерская?
Косметикалық салон қайда екенін білмейсіз бе?	Вы не знаете, где косметический салон?
Осында, қонақ үйде бар	Здесь, в гостинице
Не қажет еді?	Что вам угодно?
Шашымды қидырайын (қырынайын) деп едім	Я хочу подстричься (побриться)
Шашыңызды қалай алайын?	Как вас подстричь?
Қысқа. Бірақ тым қысқартып жібермеңіз	Коротко. Не слишком коротко.
Мұртымды, сақалымды түзеп жіберіңізші	Поправьте, пожалуйста, усы, бороду
Шашыңызды жуайын ба?	Вам голову помыть
Шашымды ...	Прошу помыть голову ...
- сусабынмен	- шампунем
- қынамен жусаңыз	- хной
Көп қиюдың қажеті жоқ, тек түзеп жіберіңіз	Много не снимайте только подравняйте
Мына жерге отырыңыз	Садитесь сюда, пожалуйста
Желке тұстағы шашты сәл қысқалау қиыңыз	Остригите мне волосы на затылке немного короче

Самай шашым сол қалпында қалсын
Осылай жақсы ма?
Шашымды бұйралап беріңізші
Шашыңызды осылайша қойсаңыз жарасады
Шашыңызды былай қойсаңыз сізге жараспайды
Шашымды боятсам деп едім
Шашымды қандай түске боятқаным жөн?

Шашыңыз жұмсақ (қайратты) екен
Маникюр (педикюр) жасатасыз ба?
Тырнағымды ашық (күлгін, құңгірт) түсті лакпен боясаңыз
Тырнақтарыңыз ұзын күйінде қалсын ба?
Қандай крем жақсам екен?
Сізге құрғақ (майлы) теріге арналған, түнде (күндіз) пайдаланатын крем керек
Әжімнен қалай арылуға болады?
Бетке массаж жасаймыз ба?
Опа жаққаныңыз жөн болар
Қандай әтірді ұнатасыз?
Күтіп қалмас па екенмін?
Қашан келгенім дұрыс?
Сәл күте тұруыңызға тура келеді
Жоқ. Қазір сіздің кезегіңіз
Қазір менің кезегім
Шашымды тарап жіберіңізші
Құлағымның ашық (жабық) тұрғанын қалаймын
Қанша төлейін?
Ақшаны кассаға төлеңіз
Мінеки, чегіңіз

На висках оставьте как есть
Так хорошо?
Сделайте, пожалуйста, завивку
Эта прическа вам к лицу
Эта прическа вам не подходит

Я хотела бы покрасить волосы
Какую краску для волос вы мне посоветуете?
У вас мягкий (жесткий) волос
Вы делаете маникюр (педикюр)?
Покрасьте мне ногти светлым (темным) лаком
Оставить вам длинные ногти?
Каким кремом мне намазаться?
Вам следует употреблять крем для сухой (жирной) кожи, ночной (дневной) крем
Как избавиться от морщин?
Вы делаете массаж лица?
Я советую вам употреблять пудру
Какие духи вы любите?
Долго мне придется ждать?
Когда я могу прийти?
Вы должны немного подождать
Нет. Сейчас ваша очередь
Сейчас моя очередь
Прошу меня причесать
Я хочу, чтобы уши были открыты (закрыты)
Сколько с меня?
Деньги уплатите в кассу
Пожалуйста, чек

Театр

Театрдан нені көруге кеңес берер едіңіз?
Біздің қалада театр көп
Қайсысына барғыңыз келеді?
Мен ...
- драма
- опера
- қуыршақ театрына барайын деп едім

Алматыда ...
- Абай атындағы академиялық опера және балет театры
